

TÜRKiSTAN

– RUХANIYAT BEŞİĞİ

TÜRKiSTAN – MANEVİYAT BEŞİĞİ

TURKESTAN – THE CRADLE OF SPIRITUALITY

ТУРКЕСТАН – КОЛЫБЕЛЬ ДУХОВНОСТИ





ТҮРКІСТАН

– РУХАНИЯТ БЕСІГІ

TÜRKiSTAN – MANEVİYAT BEŞİĞİ
TURKESTAN – THE CRADLE OF SPIRITUALITY
ТУРКЕСТАН – КОЛЫБЕЛЬ ДУХОВНОСТИ

ЛИНГВО-ӨЛКЕТАНУ
ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

НҰР-СҰЛТАН 2019

Halkımız için tarihi zengin, tanımı büyük Türkistan – ülkemiz için çok farklı bir konuma sahiptir. Orta Asya'daki en eski şehirlerinden biridir. Türkistan, Kazak halkının manevi kalbi. Pek çok Kazak şahsiyetinin huzur bulduğu kutsal şehir. Buraya gömülen 164 kişinin 21'i ülke yönetmiş ünlü liderler, 30'dan fazlası asker yöneten bahadırılar ve ağzı dualı bi'lerdir. Türkistan tarihi, bütün Kazak halkının tarihidir.

Kutsal Türkistan gururu, her Kazak'ın kalbinde yer almaktadır. Türkistan sadece bize değil tüm Türk halklarına kutsal ve değerli bir mekandır. Halkımız «Medine'de Muhammed, Türkistan'da Yesevi» demiştir. Buna benzer çeşitli faktörler Türkistan'ı bütün Türk halklarının ruhani merkezi haline getirdi. Türkistan'ın yeni bölgesel merkez olarak gelişmesinde, uluslararası alanda itibarını sistematik olarak artırmak gerekiyor. Kazakistan'ın eski başkenti sadece halkımızın manevi merkezi değil, aynı zamanda tüm Türk dünyası için kutsal bir mekandır.

Nursultan NAZARBAYEV
Kazakistan Cumhuriyeti İlk Cumhurbaşkanı

Turkestan has a special importance for our country. It is one of the ancient cities in Central Asia. Turkestan is the spiritual center of the Kazakh people and many famous representatives of our people rest here. 164 famous personalities buried here: 21 rulers of the country, more than 30 batyrs and biis. In general, the history of the city is the history of all Kazakhs.

A sense of pride in sacred Turkestan is in the heart of every Kazakh. Turkestan is a sacred and respectable place not only for us, but also for all Turkic peoples. People say: «In Medina Muhammed, and in Turkestan Yassawi». Such a multitude of factors turned Turkestan into the spiritual center of all Turkic peoples. In the framework of the promotion of Turkestan as a new regional center, it is necessary to strengthen its positioning on the international arena. The ancient capital of Kazakhstan is not only the spiritual center of our people, but also a sacred place for the entire Turkic world.

The First President the Republic of Kazakhstan
N.A. Nazarbayev

Туркестан имеет особое значение для нашей страны. Это – один из древнейших городов во всей Центральной Азии. Туркестан – духовный центр казахского народа, здесь покоятся многие известные представители нашего народа. Из 164 похороненных здесь знаменитых личностей, 21 правителя страны, более 30-и батыров и бийев. В целом, история города – это история всех казахов.

Чувство гордости за священный Туркестан находится в сердце каждого казаха. Туркестан – священное и почтенное место не только для нас, но и для всех тюркских народов. В народе говорят: «В Медине – Мухаммед, а в Туркестане – Ясауи». Такое множество факторов превратили Туркестан в духовный центр всех тюркских народов. В рамках продвижения Туркестана в качестве нового областного центра, необходимо системное усиление его позиционирования на международной арене. Древняя столица Казахстана является не только духовным центром нашего народа, но и сакральным местом для всего тюркского мира.

Первый Президент Республики Казахстан
Н.А. Назарбаев



Халқымыз үшін тарихы бай, тағылымы терең Түркістанның еліміз үшін орны өте бөлек. Ол бүкіл Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Түркістан — қазақ елінің рухани жүрегі, қазақтың көптеген аяулы перзенттері мәңгіге жай тапқан қасиетті қала. Осында жерленген 164 әйгілі тұлғаның 21-і ел басқарған қырандар, 30-дан астамы қол бастаған батырлар, ауқымды сөз бастаған билер. Түркістан тарихы — күллі қазақтың тарихы.

Қасиетті Түркістанға деген мақтаныш сезімі әр қазақтың жүрегінде ұялаған. Түркістан — тек бізге ғана емес, күллі түркі жұртшылығына қасиетті әрі қадірлі мекен. Халқымызда «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Ясауи» деген сөз бар. Осындай сан алуан факторлар Түркістанды тұтас тұран додасының, түбі бір түркі жұртының рухани орталығына айналдырды. Жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет. Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады.

Н.Ә. Назарбаев
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

УДК 908 (031)
ББК 26.89.02
Т 90

«ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ

Түркістан облысы әкімдігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың «Рухани қазына» кіші бағдарламасы «Туған жер – Туған ел» базалық бағыты бойынша

«TÜRKİSTAN – MANEVİYAT BEŞİĞİ» PROJESİ

Türkistan Bölgesi Valiliği «Manevi Yenilenme» programını gerçekleştirme amaçlı «Manevi Hazine» alt programının «Tuğan Jer – Tuğan El» temel yönü kapsamında

ПРОЕКТ «ТУРКЕСТАН – КОЛЫБЕЛЬ ДУХОВНОСТИ»

По реализации программы «Рухани жаңғыру» акиматом Туркестанской области по базовому направлению «Туған жер – Туған ел» малой программы «Рухани қазына»

PROJECT «TURKESTAN – THE CRADLE OF SPIRITUALITY»

In the framework of the program «Rukhani zangyru» by the akimat of the Turkestan region in the direction «Tugan zher – Tugan el» of sub-program «Rukhani Kazyna»

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ф.д., профессор Ж.Түймебаев

Жоба жетекшісі: ф.ф.д., профессор Г.Сағидолда

Ғылыми кеңесшісі: т.ғ.д., профессор М.Қожа

Kurul Başkanı: Prof. Dr., profesör J.Tüymebayev

Proje Yöneticisi: Prof. Dr., profesör G.Sagidolda

Bilimsel danışman: Prof. Dr., profesör M.Koja

Под общей редакцией: д.ф.н., профессор Ж.Түймебаев

Руководитель проекта: д.ф.н., профессор Г.Сағидолда

Научный консультант: д.ист.н., профессор М.Қожа

Under the general editorship: doc.ph.s., professor Zh.Tuimebaev

Project Manager: doc.ph.s., professor G.Sagidolda

Scientific consultant: doc.hist.s., professor M.Kozha

ISBN 978-9965-23-503-0

Т 90 ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ БЕСІГІ. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші кітап. – Нұр-Сұлтан: Нұрнама. КЗ, 2019. – 504 бет.

TÜRKİSTAN – MANEVİYAT BEŞİĞİ. Bölgesel dilbilim ansiklopedisi. İkinci kitap. – Nur-Sultan: Nurnama. KZ, 2019. – 504 sayfa.

TURKESTAN – KOLYBEL' DUKHOVNOSTI. Lingvokraevedcheskaya ensiklopediya. Tret'ya kniga. – Nur-Sultan: Nurnama. KZ, 2019. – 504 str.

TURKESTAN – THE CRADLE OF SPIRITUALITY. Local Linguistic encyclopedia. Fourth book. – Nur-Sultan: Nurnama. KZ, 2019. – 504 page.

Құрастырушылар: М.Қожа, Х.Тұрсұн, Г.Сағидолда, М.Ескеева, Ш.Құрманбаева, З.Жандарбек, М.Миразов, Д.Мұстапаева, Н.Мансұров, М.Ахметова, Л.Еспекова, Қ.Сарекенова, М.Тастанбеков, Ж.Өмірбекова, М.Амантуров, Г.Байсариева

Tasanm ekibi: M.Kozha, H.Tursun, G.Sagidolda, M.Eskeeva, Zh.Kurmanbaeva, Z.Zhandarbek, M.Mirazev, D.Mustapaeva, N.Mansurov, M.Ahmetova, L.Espekova, K.Sarekenova, M.Tastanbekov, Zh.Omirbekova, M.Amanturov, G.Baysarieva

Составители: М.Қожа, Х.Тұрсұн, Г.Сағидолда, М.Ескеева, Ш.Құрманбаева, З.Жандарбек, М.Миразов, Д.Мұстапаева, Н.Мансұров, М.Ахметова, Л.Еспекова, К.Сарекенова, М.Тастанбеков, Ж.Өмірбекова, М.Амантуров, Г.Байсариева

Compilers: M.Kozha, H.Tursun, G.Sagidolda, M.Eskeeva, Zh.Kurmanbaeva, Z.Jandarbak, M.Mirazev, D.Mustapaeva, N.Mansurov, M.Ahmetova, L.Espekova, K.Sarekenova, M.Tastanbekov, Zh.Omirbekova, M.Amanturov, G.Baysarieva

Аударма жасағандар: қазақ тілінен түрік тіліне – Қ.Кенжалин; қазақ тілінен орыс тіліне – Ш.Әбдрашова; қазақ тілінен ағылшын тіліне – Г.Қожахметова

Tercümanlar: Kazaqçadan Türkçeye – K.Kenzhalin; Kazaqçadan Rusçağa – Zh.Abdrasheva; Kazaqçadan İngilizçeye – G.Kozhahmetova

Перевод: с казахского на турецкий – Қ.Кенжалин; с казахского на русский – Ш.Әбдрашова; с казахского на английский – Г.Қожахметова

Translation: from Kazakh to Turkish – K.Kenzhalin; from Kazakh to Russian – Zh.Abdrasheva; from Kazakh to English – A.G.Kozhahmetova

© Түркістан облысының әкімдігі, 2019

© «Нұрнама. КЗ» баспасы, 2019

© Türkistan Bölgesi Valiliği, 2019

© «Нұрнама. КЗ» Yayınevi, 2019

© Акимат Туркестанской области, 2019

© Издательство «Нұрнама. КЗ», 2019

© Akimat of Turkestan region, 2019

© Publishing house «Nurnama. KZ», 2019

ISBN 978-9965-23-503-0

КІРІСПЕ ОРНЫНА

ТҮРКИСТАН АТАУЫ – әртүрлі тарихи дәуірде өзгеше мазмұнға ие болған көп мағыналы топоним. Т. «түркілердің жері» деген мағына береді, «түрк» этнонимі және «стан» (иран. «жер») сөздерінен жасалған. Дереккөздер «түрк» этнониміне әртүрлі түсініктемелер береді. Махмұд Қашғаридің пікірінше Аллан оларды түрк деп атады: «Менде ат-түрк деп аталатын және шығыста орналасқан әскер бар. Егер мен кез келген халыққа ашуланып жатсам, соларға бағындырамын». Н.Я.Бичурин «түрк» этникалық атауын «Ашын» руы басқарған ерте түркілердің мекен-жайынан алынды деп санайды: «Алтай тауларының табиғи жағдайы дулығаға ұқсайды, сондықтан олар «дулыға» сөзін монғ. Тукюе үйінің аты етіп алды. Этногенеал. аңыздар негізінде этноним түркілердің бірінші билеушісінің атынан шықты. Билік құрушы рудың ұрпақтары Ичжини-нишыду, Надулу шад атты қасқыр ұлы, тылсым қабілеттерінің арқасында халқын суықтан құтқарғаны үшін «ортақ келісім арқылы Тукюені өздерінің аға әміршісі етіп көтерді», яғни Түрк». Ойконимнің екінші бөлімі «стан» иран тілінде «ел, жер, аймақ» дегенді білдіреді. Ойконим 7 ғ-да иран тілінде сөйлейтін ортада пайда болды. Орта Азиядағы, Ирандағы иран халқы түркілер тұратын аумақты Т. деп атады. Бұл атау біртіндеп араб-парсы кітаби дәстүріне араб және парсы геогр. және тарихи әдебиеттер арқылы



18 ғ. Түркістанның сызбасы

енді. Саяси жағдайға байланысты Т-ның шекаралары өзгеріп отырды. Т. сөзінің ең ескі атауы 639 жылғы құжатта соғды тілінде жазылған. 7 ғ-ға қарай армян тарихшысы Себеос «Түркістаннан ағып жатқан өзенді Вехрот» деп көрсетеді. 6-7 ғ-ларда Батыс Түрік қағанаты тұсында және оның құлдырауынан кейін де түркілер Орта Азияны Амударияға дейін иемденді. Кейіннен арабтардың жеңіске жетуіне байланысты түріктер солт-ке қарай ығысты. 8 ғ-дың 1-ширегінде Т. деп Талас, кейінірек Испиджаб саналды. 9-10 ғ-лардағы араб географтары үшін Т. Мавераннахрдың солт-нен, яғни Сырдарияның солт-нен, басталған. Т-ның геогр. мәні ортағасырдағы түрлі тарихи кезеңдерінде өзгеріп отырды. Т. аймағы қалаларының 14 ғ-да әл-Омари жасаған тізіміне қарасақ, түрк елінің аум. Орта және төм. Сырдария, Батыс Моғол-

стан, Қашқария, Бадахшан аймақтарын қамтыған. 15-17 ғ-лардың дереккөздері бойынша Сырдарияның орта ағысындағы бассейнге Т. геогр. атауы берілген. Т-ның тарихи аймағына Сырдарияның сол жағалауы бойымен созылып, оңт-де кеңейіп, солт.-шығысында Қаратау тауымен және Шыршық пен Бадам су қоймаларының аңғарларымен шектелген, Сайрамнан оңт-ке қарай орналасқан тар алқап жатады. 18 ғ-да Т. деп Сырдария маңындағы қалалар аталды. П.И.Рычков пікірінше: «Түркістан немесе түркістандықтар – Түркістанда тұратын шағын халық. Тұрғындарының айтуынша, бұл иелікте бұрын отызға жуық қалашыққа дейін болған екен, ал қазір оннан көп емес. Қазір бұл қалалар мен халықтар қырғыз-қайсақтардың билеушілері Абулмамет хан мен Барак сұлтанға тиесілі». 18 ғ-дың аяғынан бастап Орта Азия туралы ағылшын тілді әдебиеттерде Т. термині пайда болды, кейіннен бұл термин неміс және орыс ғыл. әдебиеттеріне де енді. Т. топонимін еуропалықтар Орта Азия физика-геогр. терминімен, сондай-ақ қолданыстан шыға бастаған Бұхария терминімен бірге қолданады. Т. терминін қолданған кезде: Бұхаралық Т. және қытайлық Т. (Кіші Бұхария, Қашқария, қыт. Шыңжаң) түсіндірмелерін қолданды. Н.Я.Бичурин бұл атауларды Батыс және Шығыс Т-мен ауыстыруды ұсынды. Шыңжаңға (Қытай Халық Республикасындағы қазіргі СУАР) қатысты Шығыс Т. термині орыс әдебиеттерінде жиі кездеседі, дегенмен, қытай ғалымдары саяси себептерге байланысты оны қолайсыз деп санайды. Орта Азияны Ресей империясының жаулап алған сәтінен бастап, Т. (Ресей

Т., Т. аймағы) топонимы аймақтың жартылай ресми атауы, Т-ның ген.-губернаторлығының, басқаша айтқанда Ресейге қосылған Орта Азия аумақтарын (яғни, Хиуа хандығы мен Бұхар эмиратынан басқа бүкіл Орта Азия) біріктіретін әскери-әкімш. ұйымы атауы болды. Оңт. Қазақстан аум. Т. ген.-губернаторлығының құрамына кірді. Т. термині Кеңестік өкімет кезінде де сақталды, себебі Т. ген.-губернаторлығының орнына РСФСР құрамындағы Т. Автономды Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды (Кеңестік Т). 1924 ж. Орта Азияның ұлттық-аумақтық бөлінуінен кейін бұл термин Т. әскери окр. атымен сақталды.

Әдеб.: Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – А.: «Дайк-Пресс», 2005. – С.337; Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – А., 1998. – С. 225, 226; Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984. – С. 520; Попова В.Н. Топоним «Туркестан» // Культурное наследие Южного Казахстана. – Шымкент, 2002. – С. 150-153; Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – М., 2006. – С. 60; Бартольд В.В. Туркестан // Соч.: В 9-ти тт. Т. III. – М., 1965. – С. 518; Зув Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А.: «Дайк-Пресс», 2002. – С. 199; Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ин-та истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – А.-А., 1960. – С. 72-92; Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан в XV-XVIII веках. – А.-А., 1969. – С. 5-49; Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. IV т. – А., 2007. – С. 77; Джандосова З. Туркестан I. // Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана. – А., 2014. – С. 412-419.

М.Қожа

ТҮРКІСТАН – ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ АСТАНАСЫ. Орта Азия мен Қазақстан аумағында тарих түкпірінде пайда болып, түрлі шапқыншылық кезеңдерде басқа елді-мекендер сияқты өшіп кетпей, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан қалалардың бірі – Түркістан. Қазіргі Түркістан қаласының байырғы тарихын тереңдеп зерттеу – тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Әуелі Йасы, кейін Түркістан атанған қаланың тарихы тереңде жатыр. Ертедегі Йасының орны – Күлтөбе, қазіргі Түркістан айналасындағы Сидак ата, Шойтөбе, Қарашық I, II, Төрткүлтөбе I, II тәрізді басқа да көне және ортағасырлық көне қала жұрттары археологиялық тұрғыдан зерттелу үстінде.

Қазақ хандары XVI ғасырда Түркістан аймағын, яғни Сыр өңірін түпкілікті өзіне қаратты. Бұл өңір о баста қазақ хандарының бабасы Жошы ұлысының құрамында болған. Әмір Темірліктер басып алғаннан соң, қазақ ханы Жәнібектің әкесі Барақ Ұлықбектен өз иелігін қайтаруды талап етіп, арнайы елшілік жіберіп, бұл өңірді оның ата-бабалары иеленгенін және қалалардағы құрылыстарды солар салдырғанын тілге тиек ете отырып, шарифат пен ата-баба дәстүріне сәйкес бұл қалалар ата мұрасы ретінде өзіне қайтарылуы тиіс екенін мәлімдеген болатын. Ақыры көпғасырлық талас қазақтар пайдасына шешіліп, Түркістан қаласы Қазақ хандығы астанасына айналады.

XVIII және XIX ғасырдың басындағы қазақ хандарының ресми резиденциясы Түркістан қаласы болды. Есім хан (1598-1614 жж., 1627-28 жж.) Түркістан қаласына өз ордасын орналастырған алғашқы қазақ ханы болып есептеледі. Әйгілі та-



Ескі Түркістан қаласы

рихшы Әбу-әл Гази Түркістандағы Есім ханға барған үш айлық сапары туралы жазды. Түркістанға билігін жүргізген қазақ хандарының бірі – Тұрсын-Мұхаммед хан (1613-27) болды. Шығыстанушы П.Лерх 1867 жылғы Түркістан қаласына сапары кезінде түркістандық әулиеге әртүрлі меншік иелерінен жіберілген он бес грамоталарды қарап шықты, олардың арасында Тұрсын ханның 1035 х.ж. / 1625-26 жылы жазылған грамоталары болды.

Голландиялық бургомистр әрі саудагер Н. Витсеннің кітабында Түркістан «қазақ аудандарының билеушісі Тәуке ханның тұратын орны» екені айтылды. Ресей мемлекеті елшілігінің архивтерінде XVII ғасырдың аяғындағы Түркістанға сипаттама беріліп, қалада Тәуке ханмен бірге 1000 қазақ ерлері мен әйелдері тұратыны айтылады. Тәуке хан билігі кезінде (1672-1715 жылдардың басына дейін) қазақтардың билігіндегі Сырдария бойындағы қалалардың саны 32-ге жетті.

Н.Витсеннің айтуынша, Тәукенің билігі кезінде Созақ қаласында билеуші «Абла-сұлтан» (Абылай сұлтан, болашақ хан – Абылайдың атасы), Сауран қаласында – Қаз сұлтан (Қажы, болашақ хан – Әбілхайырдың әкесі) Сырнақта

(мүмкін Сығанақ) – Есім сұлтан, Қарнақта – Қайып сұлтан, Иқанда – Болат сұлтан» (болашақ хан - Әбілмәмбеттің әкесі), Отровада (Отырар) – Тұрсын хан, Сайрамда - Қарабас -Сұлтан болды. Хандар Түркістан мен Ташкент қалаларынан кеткенде, «дятьки», яғни, хандардың сеніміне енген адамдар басқарды. Ташкентте Жолбарыс хан (1720-39) тұсында мұндай адам «Үлкен Орданың белгілі қайсағы Төле би болды, ол Ташкентте ханнан да үлкен дәреже иесі болып есептелді».

Санкт-Петербург қ. Ресей Ғылым академиясына қарасты Шығыс қолжазбалар институтындағы А.Кун мұрағатында Әбілғазы Мұхаммед Тәуекел баһадүрханның (Тәуекел Шығайұлы) Ташкент қаласында дайындалған хижра бойынша 1006 жылдың құрбан айында, яғни 1598 ж. тамыз айында Қожа Ахмет Ясауи мазарының мұтавалли етіп тағайындау туралы жарлығының көшірмесі бары анықталды. Бұл қазақ хандары тарапынан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қызметкер тағайындау туралы жазған бізге белгілі алғашқы тарихи құжат. Мұнда қазақ ханы Әбілғазы Сұлтан Тұрсын Мұхаммед баһадүрханның хижра бойынша 1033 ж. сапар айында, яғни 1623 ж. қараша-желтоқсан айында шығарған жарлығында бір кісіні шайх ал-ислам етіп, ал екінші адамды Қожа Ахмет Ясауи мазарының мұтавалли етіп тағайындауы туралы айтылады. Қазақ хандарының кеңселерінен шығып, бізге аман жеткен тарихи құжаттар – хан жарлықтары тікелей Йасы-Түркістан қаласына қатысты болып отыр.

Қазақ хандығының астанасы ретінде Түркістанға небір елшілер келіп-кетіп

жатты. 1694 ж. Түркістандағы Тәуке ханға Ресей императоры I Петрден елшілер келеді. Елшілерді қабылдау барысында 1694 ж. 22 шілдедегі Тәуке ханның сөзі сол кездегі қазақ билеушілерінің биік рухын танытады. Елшілер ә дегеннен қыр көрсетіп, орыс патшасының хаты оқылғанда ханның орнынан тұрып, бас киімін шешіп тыңдауын талап етеді. Тәуке оларға бас киімін Құдайға мінажат еткенде де шешпейтінін мәлімдейді.

Түркістан қ-да қазақ билеушілерінің жоғары дәрежелі жиындары, мәслихаттары болып тұрды. XVIII ғ. 60-шы жылдары Қазақстан мен Орта Азия аумағына қытай әскерлерінің еніп, жаулап алу қаупі пайда болды. 1762 ж. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға қытай елшілері келіп, қытай билеушісі көктемде арнайы әскер жіберіп, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып, құрбандық шалу ойы барын жеткізеді. Осыған байланысты Түркістан қаласында 1763 ж. Қазақ даласының ықпалды деген билеушілері бастаған 6 мың адам қатысқан құрылтайы өтеді. Онда Қытай империясы тарапынан Орталық Азия елдерін жаулап алу қаупі төнуіне орай көрші мұсылман мемлекеттерімен, әсіресе, Ауғанстан патшасы Ахмет шаһпен бірге әскери одақ құру мәселесі қаралып, мақұлданады. Халықаралық қатынастар жөніндегі әдебиетте қалыптасқан пікір бойынша, бұл мәслихат Орталық Азия халықтарының тағдырында айтулы оқиғаларының бірі болды. Қазақ билеушілерінің осы кеңесі мұсылман халықтарына қуат берді, Қытай империясын Қазақстан мен Орта Азия жерлерін басып алу ниетінен бас тартуына мәжбүр етті. Қазақ ханда-

рының астанаға келу рәсімі кейбір деректерде нақты көрсетіледі. Мәселен, Әбілмәмбет ханның 1744 ж. Түркістан қаласына келуі құжат бетіне түскен. Онда Түркістан тұрғындары Әбілмәмбет ханды ұзын кернейлерде ойнап, дабылдар қағып қарсы алғаны, Әбілмәмбет алдынан үш сиырды айналдырып өткізгені жазылыпты: «Как Абулмамбет хан к городу стал подъезжать, то ему такая от онога встреча учинена, что почти ни одного человека в городе не осталось, в которой был и имеющийся тут Сеит-хан, определенный от зюнгарского владельца Галдан Чирина, Шемахи хан сын, а ему Абулмамету, брат двоюродный. Причем и церемонию сделали игранием в медные трубы, и имеющиеся у них, по их манеру, которые длиною больше сажени ... так и битьем в бубны глиняные, подобие горшкам с кожанними покрышками. А сверх того, подвели ему на поклон три коровы, кои обернув по их манере, круг его...».

XVIII ғ. хан сайлау салтанаттары Түркістан қаласында өткенін жазба деректер ағақтайды. Әбілмәмбетті орта жүздің ханы етіп сайлау рәсімі осы қалада 1737-1738 ж. өткен. Орыс деректерінде Әбілмәмбетке қатысты мынадай мағлұмат бар: «сын бывшего Пулат хана и будучи-де он в прошлом году в Туркестане от знатнейших киргиз-кайсацких родов, яко Аргинского, Актайского и Увактерейского и от других удостоен в ханы».

1771 ж. Түркістанда Абылайды қазақтың бас ханы етіп көтеру рәсімі де өтті. Оған Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз хандары, сұлтандары, билері, батырлары, «тәшкендіктер мен түркістан-

дықтардың таңдаулы өкілдері» қатысады және бұл салтанат Түркістандағы Қожа Ахмет кесенесінде болады. Онда құран оқылып, жиналған халық ертеден келе жатқан дәстүрге сай Абылайды ақ киізге отырғызып, жоғары көтеріп, үш жүздің ханы етіп жариялайды. Осы оқиғаны Абылайдың аузынан естіген орыс капитаны Брехов мынадай жазба қалдырыпты: « ... 1771 ж. ... біздің барлық атақты және даңқты адамдарымыз, Үш Алаш қазақ жұртының хандары, қалалар мен далалық аймақтар және Түркістан жұртының атақты кісілері мені хандардың басшысы етіп қоюды келісті. Өз дәстүрімізге сай және алдыңғы хандардың жолымен, әулие әзірет Қожа Ахмет Ясауи дүние салған Түркістан қаласында, оның қабірінің басында Фатиха сүресі оқылып, мені хан етіп көтерді ...».

Түркістан қаласы білім мен ғылымның орталығы болды. Көшпелі қазақ балаларының сауатын ашуда Түркістанның орны ерекше. Мысалы, 1747 ж. деректе: «үшінші күні Жәнібек тарханға, отаны Түркістан болып келетін және ордада қазақ балаларын оқытумен айналысатын Бердіш молда келді», - деп жазылған. Абд әл-Ғафур Түркістани жазып кеткен шығармаға қарағанда Түркістанда бір топ мектеп пен медресе қызмет істеген. Түркістанда XIX ғ. басында хан болған Тоғайдың інісі Әліақбар сұлтанның тапсырысымен 1813 ж. Абд Рахим Узканди Түркістан қаласында «Шыңғыс хан рисаласы» атты тарихи шығармасын жазған.

Түркістандағы Қожа Ахмет кесенесінде ескі кітаптар, жәдігерлер көп болған. Ресей және Кеңес зерттеушілерінің жазғандарына қарағанда Қожа Ахмет

Ясауи кесенесінде көне кітаптар арнайы жасалған ағаш қобдишаларда сақталған. Кесенеде болған біраз кітаптар қазіргі кезде Алматыдағы Ұлттық кітапханада сақтаулы тұр. Түркістанда көне кітаптар қоры болғаны туралы қосымша мәліметтер әдебиеттерде кездеседі. 1866 ж. саяхатшы П.И. Пашино Түркістан қаласында бір дін иесінің үйінде болғанын, «оның кітапханасында парсы тіліндегі Аристу мен Афлатун (Аристотель мен Платон) кітаптары барын» айтады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің 1882 ж. сызбасында ғимараттың бір бөлмесі «кітапхана» деп белгіленгені де тағы бір тарихи айғақ. Бұл кітапхана бөлмесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты басқа да ескі сызбаларда көрсетіледі.

Түркістан қаласындағы Әзірет Сұлтан кесенесі қазақтың ежелден зиярат жасайтын орны болды. Мысалы, Әбілмәмбет хан Орынбор губернаторына 1745 ж. жазған хатында Түркістанға «Құдайға құлшылық ету үшін» барғанын айтады. XVIII ғ. аяғында И.Г.Андреев қазақтар «киелі жер» деп тек Түркістан қаласын мойындайтынын, онда әулие тұтатын Әзірет Сұлтан мазары бар екенін, оған зиярат етуге кейбір қазақтар жаяу баратынын жазады. Мысалы ретінде, үйленгелі 8 жыл болғанымен перзент көрмеген Уақ ұлысының қазағы 1779 жылы жарты жыл жол жүріп, Түркістанға жеткені, Әзірет Сұлтан кесенесіне зиярат етіп, сапардан келген соң бір ұл, бір қызды болғаны баяндалады.

Түркістан қаласының XV-XVIII ғ. тарихына қатысты қолда бар санаулы деректердің өзі бұл қаланың Қазақ хандығы тарихында орны ерекше екенін, қала, шын мәнінде астаналық дәрежеде

болғанын айғақтайды. Мұны сол кезде де көрші елдер өкілдері мойындаған. 1734 ж. 11 шілдедегі Орынбор экспедициясының бастығы И.Кириллов сыртқы істер коллегиясына жазған хатында: «Туркестан, где была их старинная столица», - деп атап көрсетеді.

Түркістан қаласы Қазақ хандығының негізгі саяси, рухани, сауда орталығы болды. Қазақтың Жәңгір, Тәуке, Абылай және басқа да белгілі хандары, батырлары мен билері Ахмет Ясауи кесенесінде және оның айналасындағы мазаратта жерленді.

Әдеб. Муминов А.К., Кумеков Б.Е. и др. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави. – Астана, 2017; Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т.У. – А., 2006; Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. – С.-Пб, 1870; История Казахстана в западных источниках XII – XX вв. Т.6. – А., 2006; История Казахстана в русских источниках. Т.1. – А., 2005; Материалы по истории Казахской ССР. – А.-А., 1948. – С. 97; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – А.-А., 1961; Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. – А.-А., 1999; Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара: (Записки бухарского гостя). – М., 1976; Кожа М.Б., Жандарбек З.З. Навершие знамени и рукопись хана Алиакбара // Казахи Евразии: история и культура. Сборник научных трудов. – Омск-Павлодар, 2016; Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы, 1998; Собрание литературных трудов А.К. Гейнса. Т.2. – СПб, 1898; Маллицкий С. Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Яссавийского в гор. Туркестане // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год 12. – Ташкент, 1908; Исмагулов О., Кожа М., Исмагулова А. Абылай-хан. Историко-антропологическое исследование. – Туркестан, 2016; Записки генерал-майора С.Б. Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. Ч.40-42. СПб., 1830; Тұякбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. – А., 2000.

М.Қожа

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – Қазақстан Республикасының оңт. өңірінде орналасқан әкімш.-аумақтық бөлік. Т.о. еліміздегі рухани-мәдени, экон., көлік-логистик., демограф. әлеуеті зор, туризмді дамытуға, инвестиция тартуға қолайлы аймақ. Оңт-нде Өзбекстан Республикасының аум-мен, солт-нде Қарағанды, шығысында Жамбыл, батысында Қызылорда обл-тарымен шектесетін Т. о-ның аум. 117,3 мың шаршы км². Облыс орт. – Түркістан қ. 1932 ж. 10 наурызда құрылған әкімш.-аумақтық бөлік 1962-92 ж. Шымкент обл., 1992-2018 ж. Оңт. Қазақстан обл. деп аталды, орт. Шымкент қ. болды. 2018 ж. 19 маусым күні «Қазақстан Республикасының Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 9-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесін беру және облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру, Оңтүстік Қазақстан облысын Түркістан облысы деп қайта атау туралы» Жарлыққа қол қойды. Т. о. әкімш.-аумтық құрылымы құрамында 13 әкімш. ауд. – Бәйдібек ауд., Келес ауд., Қазығұрт ауд., Жетісай ауд., Мақтарал ауд., Ордабасы ауд., Отырар ауд., Сарыағаш ауд., Сайрам ауд., Созақ ауд., Төле би ауд., Түлкібас ауд., Шардара ауд.; 3 қалалық әкімдік; облыстық бағыныстағы 3 қала – Арыс, Кентау, Түркістан, 13 кент, 171 а. округ, 932 ауыл бар. Т. о-ның халқы 2018 жылғы дерек бойынша екі миллион адамды құрайды. Т. обл-да Қазақстан халқының 15%-ы мекендейді, тұрғындардың орташа тығыздығы 1 км²-ге 18,6 адам. Өңір тұрғындарының жиі қоныстанған аймағы – Мақтаарал, Шардара,



Елбасы Түркістан қаласының жаңа әкімшілік орталығын дамыту жобасымен танысуда

Сайрам, Сарыағаш ауд-дары. Халықтың 47%-ы қалада, 53%-ы ауылда тұрады. Облыста 100-ден астам этнос өкілдері өмір сүреді. Т. о. тұрғындарының басым бөлігін қазақтар (74%), 17% өзбек, 4% орыс, 1% тәжік, 1% татар халықтары және 3% әзірбайжан, түрік, грек, шешен, ингуш, кәріс, украин, белорус, т.б. ұлт өкілдері құрайды. Диаспора өкілдерінің мәдениеті мен тілін, салт-дәстүрін сақтау мақсатында мәдени орт-тар жұмыс істейді, өзбек мектептері бар.

Т. о. климаттық жағдайы континенттік. Қысы жұмсақ әрі қысқа, қар жамылғысы жұқа, тұрақсыз, тез ериді. Тұрмысқа және шаруашылыққа қолайлы, қаңтар айының орташа температурасы -2-9°C шамасында. Жазы ұзақ әрі ыстық, қуаң және аңызақты болып келеді. Шілде айының жылдық орташа температурасы 25-29°C. Шөлді аймағында жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100-150 мм, тау баурайларында 300-500 мм, биік таулы аймақтарда 800 мм. шамасында. Т. о-ның жер бедері негізінен жазық болып келеді, орташа

биіктігі 200-500 м шамасында. Далалы жазық бөлігінде топырақ жамылғысы сұр, сортаңды сұр, бозғылт сұр, құмды, құмдақты болып келеді. Тау баурайларын шалғындық, тау дың қызыл қоңыр топырағы құрайды. Облыс аум-ның орт. бөлігін Қаратау жотасының сілемдері солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай екіге бөліп жатыр. Оның ең биік жері – 2176 м шамасындағы Бессаз тауы. Халық арасында Бессаз тауын Мыңжылқы деп те атайды. Қаратаудың оңт.-шығысында Боралдай жотасы орналасқан. Т. о. аум-ның солт. өңірінде тасты-сазды Бетпақдала шөлінің оңт.-батысы, Ащыкөл ойысы, Тоғызкентау жоны, Шу өзінің төм. ағысы және Мойынқұм құмды алқабының батыс бөлігі орналасқан. Облыс жерінің оңт.-шығыс өңірін Батыс Тянь-Шаньның сілемдері – Өгем жотасы, Қаржантау, Қазығұрт тауы, Талас Алатауының батыс сілемдері – Кіші Ақсу, Алатау таулары қамтиды. Облыс аум-ның ең биік жері теңіз деңгейінен 4299 м биіктіктегі – Сайрам шыңы. Т. о-ның оңт.-батысын Қызылқұм құмы, Қарақтау тауы, оңт.-нде Шардара даласы, Ызақұдық құмы, Қауынбай молда дөңі, Белтау жотасы, қиыр оңт.-н Мырзашөл даласы алып жатыр. Халқы тығыз орналасқан Т. өңірінде жер асты суының мол қоры бар. Облыс аум-нда шаруашылық маңызы зор бірнеше өзен-көлдер, жасанды бөгендер мен каналдар орналасқан. Табиғи өзен-көлдердің таралу аум. біркелкі емес. Өңірдегі ең ірі өзен – Сырдария. Т. о. жерінің оңт.-нен солт.-батысына қарай ағатын Сырдария өз-не Арыс, Келес, Құркелес өзендері құяды. Арыс өз-нің бірнеше салалары бар: Бадам, Сайрамсу, Ақсу, Жабағылы,

Машат, Дауылбаба, Боралдай. Қаратау жоталарынан басталатын Бөген, Шаян, Арыстанды, Шылбыр, Байылдыр, Көкса-рай, т.б. өзендер ірі мегаполис Шымкент қ-н сумен қамтамасыз етеді. Төм. ағысының суы аз, қар суымен толығып отыратын Шу өз. Созақ ауд. ш-тарына пайдаланылады. Облыс аум-нда Ақжайқын (48,2 км²), Қызылкөл (17,5 км²), Қалдыкөл, Шүйнеккөл, Тұздықдүме, т.б. ұсақ көлдер бар. Т. о-ндағы көлдер негізінен таяз және суы тұзды болып келеді. Шардара (ауданы 400 км², су көл. 5200 млн м³), Бөген (су көл. 377 млн м³), Бадам (су көл. 61,5 млн м³), т.б. жасанды су бөгендері мен Арыс – Түркістан, Достық, Қызылқұм магистралды каналдарының да маңызы зор. Өңірдің өсімдік және жануарлар әлемі аса бай. Негізінен шөлді аймаққа тән өсімдіктер кең таралған. Шөлді далаларда сексеуіл, қаңбақ, бұйырғын, еркекшөп, жантақ, жүзгін, жусан, күйреуік, ши; өзен жағалауларында жиде, жыңғыл, тал, бұта түрлері, гүлді өсімдік түрлері; тау баурайларында шалғын, бетеге, бәйшешек, қызғалдақ, т.б. гүлді өсімдіктер; тауларында бетеге, жабайы жеміс ағаштары мен түрлі жидектер, арша өседі. Жануарлардан елік, арқар, таутеке, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, жабайы шошқа, қоңыр аю, барыс, сусар, борсық, шөлді аймақтарда бауырымен жорғалаушылардың бірнеше түрі тіршілік етеді. Құстардан бүркіт, шіл, ұлар, кекілік, торғайдың бірнеше түрі мекендейді. Табиғи өсімдіктерді, жануарлар дүниесін сақтап қалу үшін табиғаты әсем – Төле би, Түлкібас ауд. аум-нда 1926 жылдан бері мемл. Ақсу-Жабағылы қорығы жұмыс істейді. Облыс аум-ның геолог. құрылымы

негізінен кембрийлік, девондық, тас көмірлік жыныстардан, таулы бөлігі төменгі палеозойлық жыныстардан тұрады. Т. о-ның жер қойнауында полиметалл, қоңыр көмір, темір, уран кентастары, фосфорит, вермикулит, тальк, барит, гипс, отқа төзімді саз, әктас, гранит, мәрмәр, кварц, т.б. кен байлықтары бар. Қаратауда Ащысай, Мырғалымсай, Байжансай қорғасын-мырыш кеніштері жұмыс істейді. Т. о. республика бойынша уран кентасы қорынан бірінші орын, фосфорит және темір кентасы қорынан үшінші орын алады. Т. о. өнеркәсібі мен а. ш. дамыған, еңбек ресурстары жеткілікті аймақтар қатарынан орын алады. «Кентау трансформатор зауыты» ААҚ, «Түркістан-насос» ААҚ, т.б. ірі кәсіпорындар, асфальт, цемент з-ттары, тамақ өнеркәсібі саласындағы жетекші кәсіпорындар қатарында «Әсем-ай», «Алекс» ЖШС-тері, т.б. жұмыс істейді. Облыс мақта, тері шикізаты, сүт өнімдерінің,

жеміс, көкөніс, бақша, нан-макарон өнімдерінің, минералды және газды сулардың ірі өндірушісі болып табылады. Т. о-ның негізгі жұмыс көзін құрайтын агроөнеркәсіптік өндіріс қарқынды дамуда. Облыста өндірілетін а. ш. дақылдарының егіс көл. – 833,2 мың га. Жылыжайлар аум. – 1358 га. Тамшылатып суару алқабының көл. респуб. үлестің 72 % құрайды. Дәнді дақылдар мен бау-бақша өнімдерінің бірнеше түрлері өсіріледі. Т. о. көкөніс өндіруден респуб. көрсеткіштің 25%, жүзімнен 70%, басқа жеміс түрлерінен 37% үлесін құрайды. Облыста мақта ш. жақсы дамыған. Қазақстан бойынша мақта дақылы тек осы өңірде ғана өсіріледі, яғни мақта өндіруден респуб. көрсеткіш 100%-ды құрайды. Сондықтан еліміздегі үлкен табыс әкелетін мақта дақылының сапалы сорттарын дамытып, инновац. технологияларды өндіріске ендіру арқылы «ақ алтын» өндірудің тиімділігін арттыруға



Түркістан облысы. Қазақ дамбырасының үні.


айрықша мән берілуде. Шитті мақта-ны өңдеумен жылдық қуаты 650 мың тонналық 19 мақта з-ты айналысады. Олар облыстың Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара ауд-нда және Түркістан қалалық әкімдігі аум-нда орналасқан. Өңірде 704 а. ш. кооперативі жұмыс істейді. Мал ш-ның барлық салалары жақсы дамыған, төрт-түліктің саны жыл сайын еселеп артуда. Құс ш-ғы, балық ш-ғы ол өнім береді. Шағын бордақылау алаңдары 12,2 мың бірлікті құрайды, жанұялық сүт фермаларының саны – 2,7 мың. Мемл. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының жүзеге асырылуы бойынша Т. өңірі алдыңғы қатарда. Т. о-нда білім беру жүйесінің, орта және кәсіптік-техн. мектептер, колледждердің, мектепке дейінгі мекемелердің жұмыс сапасын арттыру, материалдық-техн. базасын жетілдіру жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Өңірде 1 ун-т, бірнеше арнайы кәсіптік және кәсіптік-техн. орта оқу орындары мен орта мектептер бар. Т. о. аум-нда алыс және жақын шетелдерге белгілі Сарыағаш минералды суына негізделіп ашылған «Сарыағаш», «Арман», т.б. шипажайлары орналасқан. «Манкент» профилакториі, «Шымған», «Денсаулық», «Мейірім» сауықтыру орт-тары жұмыс істейді. Көркем табиғатымен, тарихи орындарымен, киелі жерлерімен, шипалы су көздерімен ерекшеленетін Т. обл-сы туризм индустриясын дамытуға

аса қолайлы өлке. Т. о. аум. түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы ұйымының «Заманауи Жібек жолы» туристік бағытына енген. Өңірде бірнеше туристік нысандар жұмыс істейді. Облыс аум-нда Ұлы Жібек жолы бойындағы Исфиджаб, Йасы, Сайрам, Сауран, Отырар, т.б. көне қалалардың орындары мен қорымдар сақталған. 802 тарихи және мәдени ескерткіш, оның ішінде 582 археол., 42 тарихи, 11 монументтік өнер ескерткіштері бар. Дүние жүзіне белгілі қасиетті Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қ-нда, Арыстан баб кесенесі Отырар ауд-нда, Қарабура әулие кесенесі Созақ ауд-нда, Бәйдібек ата, Домалақ ана, Қарабатыр кесенелері Бәйдібек ауд-нда, Қарашаш ана күмбезі, Ибраһим ата күмбезі, Қажымұқан Мұңайтпасұлының кесенесі мен мұражайы Ордабасы ауд-нда орналасқан. Қазақ Елі мемлекеттілігі тарихының куәсі болған Ордабасы, Мәртөбе, Күлтөбе нысандары да Т. о. аум-нда.

Әдеб.: Тамыры терең Түркістан. Ғылыми-танымдық альбом. – Аст.: «Нұрнама», 2018. – 312 б.; Оңтүстік Қазақстан – 2017: Айшықты оқиғалар. – А.: «Қазығұрт», 2018. – 272 б.; Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи орындары мен киелі жерлері. Фотоальбом. – Шымкент, 2017. – 266 б.; Түркістан облысының ресми сайты: <https://ontustik.gov.kz/kk>; https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/kazakstan-respublikasynyn-akimshilik-aumaktyk-kurylysy_nyn-keibir-maseleleri-turajy; https://www.inform.kz/kz/turkistan-oblysy-kuryldy-kr-prezidentinin-zharlygy_a3293841.

М.Ескеева, Г.Сағидолда

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КАРТАСЫ





АБД ӘЛ-ХАЛЫҚ ХАН (т.-ө.ж.б.) – Қарахандық билеушілер ішінен алғашқылардың бірі болып Ясауи жолын қабылдаған Отырардың билеушісі. А.Х. 12 ғ-дың ортасында Отырар қ-нда билік жүргізген. Сол кезеңдерге тиесілі А. Х-тың ұлы Хасан хан атынан шығарылған теңге бар. Ол теңгеде «Хасан ибн Абд әл-Халық» деп жазылған. Бұл оның тарихта болғандығын және Отырарды билегендігін көрсетеді. «Насаб-нама» нұсқаларындағы деректерге қарағанда, А.Х. Қожа Ахмет Ясауиден әр кез батасын алып, ақылдаса отырып, елін басқарған. Қарақытайлар тарапынан шабуыл басталғанда А.Х. Ясауиге келіп, болған жайтты хабарлағандығы жазылды. Мұны естіген Қожа Ахмет Ясауи: «Сіздер бұл істің жайын менен дұрысырақ білесіңдер, сондықтан жағдайға қарай әрекет жасаңдар», деп кеңес береді. Қожа Ахмет Ясауи қайтыс боларында А.Х-қа арнайы хабар жібереді. А.Х. келіп, қылуетханаға кіргенде, Ясауи Ата: «Бізден кейін сопы Мұхаммед соңымызды, А.Х. пен әмірзада Тайиб су құйсын», - деп, жанындағылармен қоштасып, жан тапсырады. А.Х. Қожа Ахмет Ясауи басында жеті күн болып, еліне қайтады.

Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік. Насап-нама. 166 том. – А., 2014; Кочнев Б.Д. Караханидский чекан Параба // Средневековая культура Казахстана и Средней Азии. – А., 1983; Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002.

З. Жандарбек

АБДУЛ – ӘЗИЗ ИБН ШАРАФ-АД-ДИН ТАБРИЗИ, Сәруар ад-дин (14 ғ-дың соңы - 15 ғ-дың басы) – табриздік ұста, шойын құюшы. Түркістандағы Тайқазанның басты ұстасы. Қарнақ – 14 ғ-дың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап тайқазанды құйған шебер А.Ә.Ш. а.-д. Табризи өмір сүрген мекен. Ұрпақтарының айтуынша, олар Қарнаққа 14 ғ-да келген. Дерек бойынша, 1965 ж. қайтыс болған шебердің ұрпағы Мұхаммед Халық ата өзінің ата-бабасын 14-15 атаға дейін таратып айтып беріп отырған. Жергілікті ақсақалдардың 1960ж. жазып қалдырған жазба деректерінде Қарнақ мекенін қоныстанған ел, ру тарихы сөз болады. Осы деректерде шебер Әбдул Әзиз ұрпақтарының «қазаншы тобы» деп аталып кеткені айтылады. Қазанда «Табризи» деп жазылған жазуға сүйеніп, ғыл. әдебиеттерде шеберді «табриздік» деп көрсетеді. Тайқазанның сыртында 1399 (801 х.б.) ж. деп уақыт көрсетілген. 1999 ж. Қарнақ тұрғындары – А.Ә. Т-дің ұрпақтары қазанның құйылуының 600 жылдық мерей тойын атап өтті. Шебердің ұлы Абдулжалилдің баласы Абдул Әзиз ұстаның (аты атасының құрметіне Абдул Әзиз деп қойылған) екі ұлы болған. Олардың есімі шежіреде Нарқозы және Аққозы деп аталады. Нарқозыдан өрбіген ұрпағы Гамлет Хасанұлы Байбұллаевтың бабасы А.Ә-дің ұрпақтарының ішінде 101 жас жасаған Әбдіқалық және Шамеддин есімді кәсіпкер ұсталар болғанын айтады. Ұсталық

ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ БЕСІГІ

кейінгі ұрпақтарына да дарып, ұласқан. Қазіргі кездегі А.Ә. ұстаның тікелей ұрпағы Ахмаддин Шамшиевтің қолындағы ұсталық төс – үш жүз жыл бойы қолданылып келген ұсталықтың белгісі, ата-бабасынан мұра болып қалған қадірлі зат. Әмір Темірдің парсы жорықтары 1380 жылдан (х.б.782 ж.) басталады. Осы жорықтың бірінші ж-нда тайқазанды құйған шебердің әкесі Сәруар ад-дин Ясыға баласы А.Ә-бен бірге Табризден келуі немесе Самарқандтан Йасыға жіберілуі мүмкін. Шебер ұрпақтарының дерегінше «А.Ә.Т.» деп аталған бабасының қазанда жазылған аты-жөні «Абдул Әзиз Саруар ад-дин ұлы Табризи» тіркесіндегі «Табризи» сөзі тек Саруар ад-дин бабасының шыққан жеріне қатысты айтылады, яғни әкелі-балалы әулеттің басты шыққан жері бейнеленген. Кейін ұста А.Ә-дің әкесі Саруар ад-дин еліне қайтып, ал баласы осы жерде қалған деген деректер де өріс алып отыр. Тарихи деректерде Әмір Темірдің Табризге жорықтары 1385-86 жылдармен мерзімделген. Табризді 1386 ж. жаулап алған Әмір Темір әрбір кәсіптің шеберлерін, ғалымдарды Самарқандқа жіберді. Ортағасырларда қолөнер-өндірістік цехтарда шебер негізгі бейне болып табылды. Ұстаз немесе шәкіртсіз Орта Азиядағы қолөнер шеберханасын елестету мүмкін емес. Тайқазанның сыртындағы екі текшеге түсірілген «Жасаған Алланың құлы Абд әл-Азиз ұста Шараф ад-дин ұлы Табризи» деген жазулар тайқазанды құйған шебердің ортағасырлық қолөнер шеберханаларында негізгі орын алған, «ұста» атағына ие болғанын айқындап тұр. Қазанды құюшы А.Ә. және оның әкесі Сәруар ад-дин «ұста» дәрежесін игерген шеберлер болды. Ортағасырлық шеберханалардың жарғыларында «ұста»

және «шәкірт» атаулары қатар кездеседі. Тайқазанның Қарнақ а-нда құйылғаны белгілі. Тайқазанды құйған шебер А.Ә. ұстаның жерленген жері – Қарнақ пен Созақ қ-ның арасын байланыстыратын аймақ арқылы керуен жолдары өтеді. Ел аузындағы Созақтағы Қазаншы ата мазары – осы тайқазанды құйған ұста А.Ә-дің мазары деген тұжырымдар мен аңыздар бар. А.Ә. ұстаның лақап аты – Қазаншы ата болып, Созақта жерленген дейді (Қазаншы ата кесенесі). Ортағасырларда, кейінгі замандарда ел бұл қашықтықты арнаулы тау соқпақтары, керуен жолдары арқылы жүріп отырған. 14ғ. соңы 15 ғ-дың бірінші жартысында өмір сүрген ұста А.Ә. Қарнақтан Созаққа Сауқым ата, Бабай қорғанды басып өтетін Бәжі асу жолы арқылы өткен. Елдің айтуынша, аталған қалаларда мал сататын ірі мал базарлары болған. Осы базарларға Қаратаудың Солт. сілемдерінен, Орт. Қазақстаннан ел малдарын сатуға айдап келген екен. Керуен жолдары ортағасырларда елдің бірден-бір байланысының негізі болған. Осы аталған керуен жолдарымен Қарнақтан Созаққа жеткен.

Әдеб.: Гаврилов М. О ремесленных цехах Средней Азии и их статутах-рисоля //Известия Средне-Азиатского к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. – Таш., 1928; Елеуов М. Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары. – Түркістан, 2007; Иванов А.А. О бронзовых изделиях конца XIV в из мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви // Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье. – М., 1981; Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті Тайқазан. – А., 2008; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А.-А.; Хильда Хукхэм. Властитель семи созвездий. – Таш.: «Адолат», 1994. – 320 с.

Д. Мұстапаева

АБДУЛЛА ХАН (т.ж.б. – 1719 ж. ш.) – қазақ хандарының бірі. 17 ғ-дың соңында Тәуке үш жүздің ханы болған кезінде, А. Ұлы жүзге хан болады. А-ның туған ж. туралы нақты дерек жоқ. А. Ташкентке хан болған Тұрсын Мұхаммедтің баласы. Ақназар ханның немере інісі Тұрсын Ташкентке хан болып тұрған кезінде ант аттап, ағасы Еңсегей бойлы ер Есім ханның қолынан қаза тапқан. Есім хан інісі Тұрсынды өлтіргенімен, оның баласы А-ны далаға тастамайды. Есім хан жас А-ны өз баласы Жәңгірдің (Жинангер) тәрбиесіне береді. Осы А-дан Әбілхайыр және Жолбарыс туылады. Тарихта «қарт Әбілхайыр» атанған атақты сұлтан – осы А-ның ұлы. Ташкенттік Нурмұхаммед Алимовтың қазақ хандары туралы 1735 жылғыхабарында мынадай мәлімет бар: «А нынешний Жолбарыс-хан, лет пятнадцать ханом, отроду ему около сорока пяти лет, а с отцом его Абдуллою-ханом и с Рустамом-ханом был дядя его родной Карабак первым салтаном. У Жолбарыс-хана два сына» делінеді. Жиангер ханның ұлы Абақ сұлтанды А. хан қарсы алып құрметтеп, сый-сияпат жасағаны жөнінде мәлімет бар. А. ханның билігі Ұлы жүз Дулат ұлысының жаныс, сиқым, шымыр руларына, сондай-ақ албан, суан, сары үйсін және шанышқылы руларына жүрді. А. ханның иелігінде Түркістан мен Ташкент аралығындағы Шыршық, Шу, Талас, Арыс жазықтықтары мен Ташкентке қарасты Ферғана бөлігі болды. Хан ордасы Ташкент қ-на орналасты. А. ханның билігі тұсында оның бауыры Қарабақ сұлтан саяси маңызды рөл атқарған.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре

Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С.77, 111-112; ИКРИ. Т.6 – Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX в.в. Т.6. – А., 2007. – С.25.

М. Миразов

АБДУЛЛА ХАН (1533/34, Самарқанд обл. Африкент қ. – ө.ж.б.) – Өзбек ұлысының ханы Әбілхайырдың ұлы Қожа Мұхаммедтің ұрпағы.



АБДУЛЛА ХАН II

Шайбан әулетінің өкілі. Абдулазиз хан өлген соң Мауараннахрдағы тақ таласы өршіп, шайбанилер арасында өзара қырқыс басталады. 1556 ж. Самарқандты билеп отырған Наурыз Ахмет өлгеннен кейін 1557 ж. сопылық шайхтардың қолдауымен Бұхара қ-н басып алып, оның билеушісіне айналады. 1561 ж. А. хан II күш жинап алған соң, өзін өзбектердің бас ханы деп жариялайды. Ол 1582 ж. Бұхара мен Самарқанд, Ташкент, Балх жерлерін біріктіріп, Шайбанилер мемлекетін қалыптастырады. 1583-98 ж. әкесі қайтыс болған соң, А. хан II барлық өзбектердің бас ханы болып жарияланды. Осы кезеңде Шығай хан мен оның ұлы Тәуекел

Мұхаммед А. хан II-нің билігін мойындап, қызметінде болады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бас порталындағы ойық «А. хан ойығы» деп аталады. Олай аталу себебі, Әмір Темірден кейін құрылысты жалғастырған А. х. II деген сөз бар. Алайда, ол туралы нақты тарихи дерек жоқ.

Әдеб.: Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. – А.-А., 1968; Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. – А., 2009; Ёлгин Ю.А. Ниша Ильяс-Хана. Известия АН РК, №311, 2017.

З. Жандарбек

АБЫЛАЙ УӘЛИБАҚЫҰЛЫ (17 ғ.)

«қанішер – жолбарыс жүректі» деген атпен белгілі қазақтың сұлтаны. Салқам Жәңгірдің Тәукеден үлкен екі ұлы болды. Олар – Үргеніштегі Қайып ханның қызынан туған Уәлибақы және Тәукемен анасы бір Абақ. Шығыстанушы ғалым В.П. Юдин А. Сұлтанды Ферғана, Сауран билеушісі деп көрсетеді. 1621 ж. Имамқұлы мен Тұрсын хан арасында ең ірі шайқас болады. Тұрсын 100 мың әскер шығарады. Оның 10 мыңы – қырғыздар. Имамқұлы әскері 160 мың. Тағы оларға Әндіжанның билеушісі және Имамқұлыны хан қойғызған қазақ сұлтаны А. өз әскерімен келіп қосылады. А. бастаған жауынгерлер шайқас алаңын тастап кетеді де, содан Имамқұлы шегінеді. Махмут ибн Уәли «Бахр әл-асрарда» қазақ сұлтандары мен Тұрсын ханның қаза табуын егжей-тегжейлі суреттейді. Тұрсын Есім ханға шабуыл жасағанда, Әндіжанның әміршісі А. Бұхара әмірі Имамқұлы ханмен бірігіп, Ташкентке қарайтын Пскентке шабуыл жасайды. Қаланы Үшқара сұлтаннан тартып алады. Содан соң Шахрухияға шабуылдап, қазақтың Мұрат сұлтанын қуып шыққан. Шығыстанушы ғалым М.Әбусейтова өз монографиясында Есім хан өлген соң, оның замандасы А.


сұлтан Ташкент пен Әндіжанды қатар биледі деп мәлімет береді: «...После Ишим хана Казахское ханство раздирали усобицы, Ташкентом и его окрестностями правил Абулай султан, казах, владевший Андиганом. Власть перешла к сыну Ишима Джангиру». Есім хан заманында қазақ рулары Ташкент, Ферғана өлкесіне де иелік жасады. Есім хан тұсында Ташкентте – Келді Мұхаммед, Әндіжанда – А. сұлтан билік жүргізген. 1768 ж. патша әкімшілігіне А. ханның хатшысы М. Мамедовтың мәлімдеуінде А. ханның әкесі мен атасы (көркем Уәли, А. сұлтан) Ташкент қ-н билеп тұрған деген мәлімет бар. А. сұлтан туралы деректердің жұтаңдығына қарамастан, оның зор абырой-беделге ие болып, ақыл-парасатымен, алғырлығымен, қайсарлығымен, өрлігімен, қайраткерлік қабілетімен танылып, ел басқарғанын аңғарамыз.

Әдеб.: Утемиш-Хаджи. Чингиз-наме. – А., 1992; Әбусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVIII вв (история, политика, дипломатия) – А.-А., 1988; Сулейменов Р., Мойсеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века. – А.-А., 1988.

М.Миразов

АБЫЛАЙ ХАН УӘЛИҰЛЫ (1710/1711 - 1780, Ханқорған) – қазақ ханы. Бала кезіндегі есімі Әбілмансұр. Аңыздарда бозбала кезінде ата-тегін жасырып, бақташы болған уақыттағы аты – Сабалақ. А. сұлтан кезіндегі мөрінде «Абулай баһадүр сұлтан» деп, хан болып сайланған соң ұстаған мөрінде «Абулай хан бен баһадүр Уәли сұлтан» деп өз аты, лауазымы, әкесінің есімі жазылған. Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» атты еңбегінде Болат хан Тәукеұлының А-ды біртоп тайпаларға басшы, яғни сұлтан етіп тағайындағаны жазылған. Ақ киізге көтеріп, үш жүздің ханы етіп, 1771 ж.

Түркістан қ-нда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сайлаған. Алайда үш жүздің ханы болмай тұрып-ақ 1768 жылғы 7 мамырда ген.-майор П.А.Девице жазған хатында «хан» деп жазылған мөрін басқанына қарағанда, ол 1768 ж. не одан біршама бұрын Орта жүздің ханы болып сайланған деп санауға негіз бар.



Абылай хан мүсіні. М.Герасимов зертханасында жасалған.

Құрбанғали Халид: «Абылай өз қабілетімен орта жүздің бәріне, ұлы жүздің көбіне, кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым келген себепті үш жүздің ханы атанған», - деп жазады. А.Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулетке жатады. А-дың әкесі – сұлтан Уәли (Көркем Уәли), атасы – сұлтан Қанішер Абылай, арғы бабасы – атақты Салқам Жәңгір хан. А. ханның 12 әйелі, 30 ұлы және 40 қызы болған. Алғашқы әйелі, яғни бәйбішесі Қарашаш ханым – Әбілқайыр ханның туысқаны, екінші әйелі Сайман ханым қарақалпақ бегі Сағындық-Шуақбайдың қызы, Бабақ ханым – қашғарлық бай Кенженің қызы, төртінші әйелі – қазақтың қожасы Сарғалдақтың туысқанының қызы, алтыншы және жетінші әйелдері Тобыш

ханым мен Тоқта ханым – жоңғарлық хан Галдан Цереннің ықпалды нояндарының қыздары, қалғандары – Өрес ханым, Тулақ ханым, Саинкөбен ханым, Шаған ханым, Мунтыш ханым – қалмақтық торғауыттардың қыздары. Ұлдарының ішінде есімдері белгілілері – Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім, Шеген, Рүстем, Оспан, Сыздық, Әбетай, Абдулла (Әбілда), Тоқ, Қосым, Арық, Қамбар, Қасым, Сығай, Тоғым (Тоғай), Сүйік, Шама. А. бала кезінде жаугершілік шапқыншылықтан әке-шешеден ерте айырылып, панасыз қалады. Жас кезде жұпыны тіршілікте өмір сүрді. Ол қиыншылықтарға мойыған жоқ, өмір оны шынықтырды, жігерін шыңдады. Күн көру үшін өзінің тегін жасырып, бай адамдардың малын бақты. Бірнеше мәрте ажал аузында болды. Ата-анасынан айырылған, ағайын-туысқансыз, жападан-жалғыз қалғанда, жоңғарларға тұтқынға түсіп, жекпе-жекте өлтірген қалмақ батырының ағайын-туыстары басын алуды талап еткенде, қытаймен болған шайқаста қара саннан ауыр жарақат алғанда тірі қалуы тегін емес-ті. Шоқан Уәлиханов жазғандай, қазақтар А-ды «ұлы істер атқаруы үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі» деп ұғынды. Ол қазақ даласына Жоңғар хандығы, Циндік Қытай, Ресей Империясы, Орта Азиялық көршілер көз тіккен қиын нәм күрделі заманда өмір сүрді. А. хан жорықтарға алғаш қатардағы жауынгер болып қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетті. Ол орта жастан асса да әскери жорықтар ұйымдастыруымен қатар өзі де шайқастарға тікелей араласып отырды. Мұны соғыста алған жарақаттары туралы хабарлар айғақтайды. А. 1756 ж. Қытай әскерлерімен болған шайқастан соң көргендер: «Сұлтан санына найза тиіп, қатты жарақат алған. Содан біз кеткенше жүре

алмай, денсаулығы әлсіреген күйде қалды», «салтан в ледвею (бедро – М.К.) копьем так сильно ранен, что от того и по отъезду их ходить не мог и в крайней слабости здоровья своего остался», - деп хабарлайды. 1765 ж. қоқандықтармен болған шайқаста Абылай «ис турки в бок и спину был бы убит, но только за одеждою колчужною и стежника получил чувствительные контузии» деген мәлімет бар. А-дың адамгершілігінің бір айғағы ретінде орыс әкімшілігінің 1760 ж. Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің көзі тірісінде Орта жүздің ханы болу ұсынысынан оның бас тартуын айтуға болады. Осы ұсыныспен А-да болып қайтқан орыс эмиссарлары өз іссапар есебінде сұлтанның келіспегенін және осыған орай «бұл мәселе ұсақ мәселе емес ...өзі әкесіндей көретін Әбілмәмбет ханның келісімінсіз мұндай қадамға бармайтынын және мұндай ұсынысқа жауап бермейтінін, «Сие дело не малое, то-де и сделать его скоро не можно ... и он, А. - салтан, без согласия дяди своего Абулмамбет - хана, коего-де он себе вместо отца почитает, поступить на то собою и им на то никакого ответа учинить не мо-

жет», - деген сөздерін келтіреді. Сұлтан ордасында болып қайтқан орыс әкімш. өкілдері А-дың Ресей көмегімен хан болуға құмбыл еместігін тұжырымдайды. А-дың ұстанған кейбір принциптерін оның орыс патшасы ІІ Екатеринаға жазған хатынан байқауға болады. Оның адамдарды алалап, қорлау мен қысым көрсетуге қарсы екенін мына сөздерінен аңғаруға болады: «Жоғары мәртебелі патша барлығымызды – орыстарды, қазақтарды, басқа да халықтарды тең көрсін және сіздің шекаралық бекіністеріңіздің басшылары әділ болып, қысым мен озбырлық көрсетпесін». Әскери қолбасшылықпен, асабілікті дипломаттық шеберлікпен, жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен қатар А. ерекше интеллект иесі болды. Қазақстан тарихының 1943 жылғы тұңғыш басылымында А. хан «өз заманының ең ақылды адамдарының бірі» – «умнейший человек своего времени» деп көрсетілген. Жоңғар тұтқынында болған сұлтандардың арасында ойрат тілін үйреніп алған жалғыз А. болды. Хан ордасына барып қайтқан капитан И.О. Бреховтың жазуынша: «Абылайдың өзі қытайша оқи



Қ.А. Ясауи кесенесіндегі Абылай қабірі үстіне қойылған тас.

да, жаза да, сөйлей де біледі». Шығыстың басқа да тілдерін білгені жөнінде дерек бар: «Абылай и Юлбарс салтаны, толкуя то письмо на калмыцком и персидском разговоре, киргизцам сказывали». А. от-қаруы бар отырықшы әлемге көшпелілер ойдағыдай төтеп беру мүмкіншілігі жоқ замандағы қазақ халқының жағдайын және алдындағы міндеттерін қазақ элитасының көптеген өкілдерінен артығырақ түсінді. Сондықтан жоңғар тұтқынында өлім күтіп отырған жас А. сұлтан халқын отырықшы етуді армандайды: «Қазақ орнықпай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып, отырықты өмірге кіргізіп өлсем, арманым жоқ», - деген екен. А-дың қазақтар арасында егіншілік пен отырықшылықты дамытудағы нақты әрекеттері ерекше атап өтуді қажет етеді. 1763 ж. қазан айында орыс әкімшілігіне, түрлі деңгейдегі өкілдеріне Қылшақты өз. бойына егістік салу жөнінде хат жаза отырып, егіншіліктен хабары бар өзінің 2 адамы барын, оған қоса 10 орысты құрал-саймандарымен қазақтарды егіншілікке үйретуге жіберуді өтінеді. Алайда өтінген орыс мамандарын жібермеген соң, 1764 ж. Көкшетауда тұрған А. өз адамдарымен егін еккені туралы мәлімет бар. 1762-63 ж. Іле өз. аңғарында егіншілік ошағын жасауға әрекет еткен. 1780 ж. М. Бекчуринның хабарлауынша, А. хан Ташкент қ-нан алты күндік жерде тұрып, егіншілікпен айналысып жатады. Капитан И.Г. Андреев Есіл өз-нің үстіңгі жағындағы қазақтардың шаруашылығы туралы әңгімелей отырып, онда егіншілікті марқұм А. хан кезінде бастағанын атап өтеді. А-ды 18 ғ-дың екінші жартысында Қазақстанның солт. мен оңт-нде қазақ егіншілігін көтеруші нәм ұйымдастырушысы деп санауға негіз бар. Қазақтың жоғары элита өкілдері ол көрсеткен үлгімен далалық аймақта егін-

шіліктің дамуына үлес қосты. 18 ғ-дың аяғында қазақтың егіншілік аймағы едәуір кеңейіп, Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай мен Қалба, Қарқаралы тауларының етегінде, оңт-те Көкшетау, Арыс аңғарларында, Көкшетау етегінде, солт-те Есіл, Нұра, Торғайға құятын өзендер бойын қамтыды. 19 ғ-дың басында орыс зерттеушісі Г.И. Спасский егіншілік саласында Сібірдегі бірде-бір көшпелі халық қазақтармен теңесе алмайтынын атап өтеді. А-дың мал ш-н дамытудағы жаңалығы жылқыларды асылдандыру бағытында болды: «Кенесарының дана атасы А. қырғыздарға жорық жасауды ойластырғанда жарлық шығарып, әрбір 10 үйден оған арғымақ тұқымдас ат жеткізуді талап етті. Қанарлы ханның бұйрығы орындалды. Бұлар қатал бақылауда ұсталған «хандықтың гауһары» деп аталған бір табын жылқы болды делінеді. Жоңғарлармен соғыс аяқталған соң А. хан Ресей және Қытай мемлекеттерімен сауда қатынасын дамытуға барлық күшін салды. Қазақстанның солт. мен оңт-н байланыстырған жол «Абылай хан жолы» деп аталды. А. хан Жоңғар шапқыншылығы барысында жойылып кеткен саяси басқару ин-ттарын қалпына келтіреді. Ол мемлекеттің маңызды саяси, экон. және әскери-стратег. орт-тары ретінде қалалардың маңызын түсінді. А. хан Қоқанға қарсы бірнеше сәтті жорықтар ұйымдастырып, Ташкент пен Сырдарияның Орта ағысындағы қалаларды қайтарады. А. хан Оңт. Қазақстандағы бұзылған қалаларды қалпына келтіруге ат салысты, жаңа бекіністер салды. Созақ қ. жоңғар шапқыншылығы кезінде қатты бұзылған болатын. Шәді төренің хабарлауынша, Созақты қалпына келтіру үшін Оңт. Қазақстанның басқа аймақтарынан отырықшы халықтың бір бөлігін көшіріп әкеледі. 1781 ж. орыс құжатында оның

басқа қалпына келтірген қ. ретінде Итнеент (Жетікент) аталады: «Прочие ж его дети – Адиль, Урустям и Ток солтаны – остались по здешнюю сторону города Туркестанта во вновь построенном им, Облаем, не в дальнем разстоянии городке Итнеенте». Жетісу аймағында А. бекініс салады: «Ұлы жүз қазақтарының өтініші бойынша баласы Әділ сұлтанға Талас өз. бойында үй салып, оның айналасына қорған көтеріп береді, сол жерге егіншілікке бейім қарақалпақтардан елді мекеннің негізін қалайды». Оның бір ордасы Көкшетауда болған. Екінші ордасы Ханқорған деп аталады, ол Көкшетау облысындағы Қарабұлақ а. қасында болған. Қазақтың аға ханы, яғни үш жүздің ханын сайлауға да жаңа өзгерістер енгізілген. Құжаттарға қарағанда А. ханды үш жүздің ханы етіп көтерудің салтанатты рәсіміне Түркістан уәлаятының беделді қала тұрғындары да қатыстырылған: «... в 1771 г. ... все наши знатные и именитые люди, ханы казахского юрта Уч-алач, города и степные окраины, а также знатные люди Туркестанского юрта согласились в том, чтобы поставить меня главным над всеми ханами». Тарихи құжаттар А-дың отырықшы халықпен қатар көшпелі қазақ руларынан да алым-салық жинағанын көрсетеді: «Абыдай хан, будучи в живых собирал с поданных своих алым, с волостей атагайской, караульской и канжегалинской лошадыми, рогатым скотом и баранами, считая аулами и кибитками, но весьма малую подать, а редко, когда с прочих отдаленных волостей». А. хан мемл. билікті нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Абылайдың кезінде тіке ханға бағынышты ұланы – төлеңгіттері болды. Олардың саны бірнеше мыңға жеткен. Төлеңгіттерді тұрақты әскер және мемлекеттің жазалаушы аппараты болған деуге

негіз бар. А. жоғары билікті нығайтты. 19 ғ-дың бірінші жартысындағы орыс зерттеушісінің пікірінше: «Бұрынғы хандардың, мысалы, Есім мен Абылайдың билігі қуатты болды, қол астындағылардың өмірі олардың қолында болды, бір сөзбен сотсыз-ақ өлім жазасына кесіп, мүлкін тәркіледі», - делінеді. Биліктің нығаюы халықтың жағдайын жақсартты. А-дың тірі кезінде көне заңдылықтардың баптары бүге-шегесіне дейін орындалды, ұсақ қылмыс үшін қылмыскер жазаланды, қазақтар арасында барымта болмады, ең кедейінің малы сол кезде 500-ге жетті, ал байларының мал саны 5 мыңнан асып, 15 мыңға дейін жетті. А. қазақ музыкасының дамуына да өзіндік үлес қосты. Қазақ музыка үлгілерін жинаушы А.Затаевич «Терісқақпай» атты шығарманы Орта жүздің ханы А-дың салтанатты шеруі кезінде ат үстінде отырып домбырашылар ойнаған дейді. А-ға деген құрметті ол қайтыс болған соң Ахмет Ясауи кесенесіндегі ең құрметті орынға – Хазірет Сұлтан жатқан қабірхананың босағасына қойылуынан байқауға болады. Археол. антропол. зерттеу жұмыстары осыны айғақтап берді. А.хан енгізген жаңалықтар қазақ мемл-н нығайтты, қазақ қоғамының дамуына ықпал етті, шаруашылықтың прогрессивті үлгілерін – егіншілікті, сауда-саттықты, асылдандырылған мал ш-н, қолөнерді дамытуға алғышарттар жасады.

Әдеб.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері). – А., 1993; Абылай хан. Тарихи жырлар. Бірінші том. – А., 1993; Абылай хан. Тарихи жырлар. Екінші том. – А., 1995; Абылай хан. Энциклопедия. Бас редактор Қ.Қ.Әбуев. – Көкшетау, 2013; Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразаққызы А. Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу. – А., 1999; Смағұлұлы О., Қожа М., Оразаққызы А. Абылай хан. Тарихи-антро-

пологиялық зерттеу. Түркістан, 2016; Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII в. (о внешней и внутренней политике Абылая). – А.-А., 1988. Kozha M.B. Zholseitova M.A., Bakhtbaev M.M., Murgabaev S.S. Akymbek Y.Sh. The innovations of Abylay-khan // Life Science Journal, 2014. 11 (11). P. 275-277; Қазақ хандары. – А., 2015.

М. Қожа

АГЕЕВА Евгения Ивановна (1916, Семей қ. – 1965, Алматы қ.) – археолог, тарих ғыл. канд.



Ленинград мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1941) бітірген. Студент кезінде Материалдық мәдениет тарихы ин-тының Ленинградтық бөлімінің Жетісу археол. экспедициясының жұмыстарына белсене араласты. Оның алғашқы жұмыстары Шу аңғарындағы Сарық, Якалық қалажұрттарындағы қазбаларға арналды. 1941 жылдан бастап қорықтар мен байырғы ескерткіштерді қорғау басқармасында және Қазақстанның орт. мұражайында қызметте болды. 1947 жылдан Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография ин-ында жұмыс істеді. Ол көптеген ж-дар бойы Оңт. Қазақстан, Павлодар, Жетісу археол. экспедицияларын басқарды. Баба ата мен Тараз қалажұрттарында жүргізген

қазбалары ортағасырлық Қазақстанның қала мәдениетіне қатысты көптеген жаңа материалдар берді. Ол оншақты обалы мазараттарды тауып, зерттеді. Далалық зерттеу жұмыстары негізінде Қазақстан үшін маңызды отырықшы мен көшпенділер арасындағы қарым-қатынастар мәселесін қарастырды. 1953 ж. Эрмитажда «Оңтүстік Қазақстан керамикасы. Тарихи-археол. кезеңдеу тәжірибесі» деген тақырыпта канд. диссертация қорғады. Жетісудың үйсін кезеңіндегі жерлеу ескерткіштері туралы ақпар жинау, оларды жүйелеу, талдау жасауда көптеген жұмыстар атқарды. Ол библиогр. жұмысқа да көп назар аударды. «Қазақстан тарихының библиографиясы (революцияға дейінгі кезең)» атты кітаптың телавторы. Жалпы 42 ғыл. еңбек жазып, Қазақстанның ежелгі және ортағасыр тарихы мен археологиясының көптеген қырларын ашты.

Шығ.: Археологические исследования на северных склонах Каратау. ТИЯЭ, Т.ХІУ. – А.-А., 1962; Археологическая карта Казахстана. – А.-А., 1960; Библиография по истории Казахстана. (Аннотированный указатель.). – А.-А., 1964; Древние памятники Казахстана. – А.-А., 1958; Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИЯЭ, Т.У. – А.-А., 1958; Керамика Южного Казахстана. Автореф. канд. диссертации. – Л., 1953; К истории изучения археологических памятников среднего течения Сырдарьи и Каратау // ИАН Каз ССР, №67. Сер. археолог. – 1950.

Г. Байсариева

АЙДАРЛЫ ТӨБЕ – көне қала орны. Түркістан обл. Созақ ауд. орт-нан солт.-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. 1970 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы (жетекшісі К.Байпақов) зерттеген. Айдарлы төбенің қазіргі

көрінісі дөңес, ұз. 60 м, биікт. 3,5 м. Қазба жұмысы жүргізілмеген. Төбе үстінен жинастырылған қыш ыдыстардың жасалу тәсілдері б. з. б-7 ғ-ларда болған қала орны екенін көрсетеді.

 Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш. Құрманбаева

АЙДАРОВ Тұрап (20.11.1933, Келес ауд. Ғ.Мұратбаев а. – 7.03.1994, Ташкент қ.) – ақын, филол. ғыл. докт. (1982), проф. (1985). Қазақ мемл. ун-тін бітірген (1956). 1956-57 ж. орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 1957-85 ж. Ташкенттің Низами атынд. мемл. пед. ин-тының аға оқытушысы, доценті, 1985-94 ж. қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1981 ж. «Өзбекстан қазақтары лексикасының ареалдық сипаты» деген тақырыпта докт. диссертация қорғады. Негізгі еңбектері қазақ тілінің диалектологиясы мен лингвистикалық географиясына арналған. Бұл салада Өзбекстанды мекендейтін қазақтардың тілі жөнінде бірнеше моногр. еңбектер мен зерттеулер жариялады. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» (1975), «Лингвистикалық география» (1977), «Проблемы диалектной лексикологии и лингвистической географии» (1991) атты ғыл. еңбектері, сондай-ақ «Жайнай бер, жұлдызым» (1974), «Қоңыр жел» (1977), «Ашық аспан» (1980), «Шие» (1981), «Көңіл салтанаты» (1989) деген жыр жинақтары жарық көрген.

 Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – Б. 17-18.

М. Амантуров, Ж. Әкімбек

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889 ж.т. қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабы – 1931 ж. 7 сәуірде ж.қ.б.) – көрнекті қазақ жазушысы, Алаш қозғалысының қайраткері.



Жас кезінде ауыл молдасынан сабақ алып, сауат ашқан. Он бес-он алты жасында Павлодарда екі сыныпты орыс-қазақ мектебінде оқыған. Үй жағдайында балаларды оқыта жүріп, оқуын 1914 ж. бітіреді. Семейдегі мұғалімдер семинариясында Қ.Сәтбаев, М. Әуезовтермен бірге оқып, 1919 ж. аяқтайды. Ж.Аймауытов 1911-14 ж. ауылда мұғалім болып қызмет етті. 1917-19 ж. Алаш партиясына мүше болып, қызметіне араласты. 1919 ж. Семейде кеңестік билік орнаған кезде губерниялық рев. к-тке мүше болып нген. 1921 ж. Семей губерниясы оқу бөлімінің меңгерушісі, облыстық «Қазақ тілі» газетінің редакторы және журналистер бюросының хатшысы болып қызмет істеді. 1922-24 ж. Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-26 ж. «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер, газеттің қосымшасы болып шығарылған «Сана» (Ташкентте барлығы 4 саны жарық көрген) журналының редакторы болды. Қазақ Ағарту ин-тында дәріс берді. 1926-29 ж. Шым-

кент пед. техникумының директоры қызметтерін атқарды. 1929 ж. 20 мамырда «Голощекинге қастандық ұйымдастырды» деген жалған айыппен Д. Әділовпен бірге қамауға алынып, кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргініне ұшырады. 1931 ж. 7 сәуірде Мәскеудің Бутырка түрмесінде атылды. Ж. Аймауытов қысқа ғұмырында артына аса бай әдеби, ғыл. мұра қалдырды. Бірқатар ғыл.-пед. еңбектер мен көркем туындыларды қазақ тіліне аударды. Пед., психол., әдістемелік, эстет. тәрбие туралы зерттеулер жазды. Әдебиет, эстетика, сын саласына араласты, сан алуан тақырыптарда мақалалар жазды.

А. «Қартқожа», «Ақбілек» романдарымен қазақ әдебиетіндегі алғашқы көлемді эпикалық шығармалардың озық үлгісін қалыптастырды. А. – қазақ көркем прозасына алғашқы болып лиризм тәсілдерін, пейзаж бен психологизмнің терең иірімдерін енгізген стилист суреткер. 1918-19 ж. М. Әуезовпен бірге Семейде «Абай» журналын шығарып, «Екеу» деген бүркеншік атпен (Әуезовпен бірлесіп) «Абайдың өмірі мен қызметі» (1918, №2), «Абайдан кейінгі ақындар» (1918, №3) деген мақалалар жазды. Оның пед., психологиялық, әдістеме саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) т.б. еңбектері осы бағыттағы ғылымның бастауында тұрған ірі ғыл. еңбектер. Көрнекті жазушы, ағартушы-педагог ретінде қазақ мәдениеті мен руханиятына өлшеусіз үлес қосқан А. Ташкент және Шымкент қалаларындағы қызметі кезінде оңтүстік өңірінің мәдени өміріне белсене араласты.

Шығ.: Сылаң қыз. Пьеса. – Ташкент, 1922; Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924; Тау елінде-

гі оқиға. – Ташкент, 1925; Мансапқорлар. – М., 1925; Ел қорғаны. Пьеса. – Ташкент, 1925; Рабиға. Пьеса. – М., 1926; Қартқожа. Роман, – Қ.-О., 1926; Шернияз. Пьеса. – Семей, 1926; Жан жүйесі және өнер таңдау. – М., 1926; Ақбілек. Роман. – Қ.-О., 1928; Күнікейдің жазығы. Повесть. – Қ.-О., 1928; Психология. – Қ.-О. – Ташкент, 1926; Шығармалары. Роман, повесть, әңгімелер, пьесалар. – А., 1989.

Х. Тұрсұн

АЙТБАЕВ Өмірзақ (1936, Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Балтакөл а.) – филол. ғыл. докт., ҚР Әлеум. ғыл. акад. акад. Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ-дың (бұрынғы С.М. Киров атын. ҚазМУ) филол. ф-тін (1959) бітірген.



1959-62 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінде, 1962-99 ж. Қазақ ҒА Тіл білімі ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері, бөлім меңгерушісі, аға, бас ғыл. қызметкері. 1997-98 ж. аралығында Қ.А. Ясауи Халықар. қазақ-түрік ун-тінің проф., 1999 жылдан «Қайнар» ун-тінің қазақ тілі мен әдебиеті ф-тінің деканы, ҚР БҒМ Тіл білімі ин-тының Терминолог. орт-ның директоры қызметтерін атқарды. 2004 жылдан «Қазақ тілі» халықар. қоғамының президенті. Зерттеу бағыты – қазақ тілінің лексикологиясы мен терминологиясы. 450-ден аса ғыл. еңбектер мен мақалалардың авторы. «Құрмет» (1998), «Парасат» (2007)

ордендерімен, «Ы. Алтынсарин» (1996), «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011) медалдарымен марапатталған.

Шығ.: Қазақ терминологиясының мәселелері. – А., 1986; Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – А., 1988; Терминдер және олардың аудармалары. – А., 1990; Основы казахской терминологии. – А., 2000; Тіл майданы (оқулық). – А., 2004; Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А., 2007.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., 2005; Отырар. Энциклопедия – А., 2005.

Н.Мансұров

АЙТБАЙ Елібайұлы (1702, Жамбыл обл. Шу өңірі - 1755, Талас бойы) – Қазақ қалмақ соғысының батыры, мәмілегер елші. Әкесі Елібай отыз жеті жасында қаза болыпты. А-дың азамат болып қалыптасуында ағалары Ақбота мен Төленің еңбегі зор болған. А. Ташкенттегі жасақталған әскердің аға батыры болған. Ол 1735-45 ж. аралығында болған шайқастар мен келісім мәмілегерліктің ортасында жүріп, Ханкелді, Қойгелді, Қабанбай, Наурызбай, Өтеген батырлардың үзеңгілес серігі атанды, өмірлік тәжірибе жинақтады. А. батырдың өмір жолы Түркістан қ-мен тығыз байланысты өрілді. Ол Түркістан қ-ндағы Елшібек батыр сарбаздарының сапында қызмет етті. Әбілқайыр хан өлген соң, Барақ сұлтанды сақтауға Ұлы жүз биі Төле белсене араласты. Төле би Барақ сұлтанды үлкен ордаға хан сайлау үшін 1749 ж. А. мен Жолдас батыр бастаған елшілерді Орынборға И. Неплюевпен келіссөздер жүргізу үшін аттандырды. А. өз заманында Әлібектің қара шаңырағында отырып, Төлемен бірге «жүйелі сөзбен дауды алған, ақылымен жауды алған» шешен, әрі батыр адам болған, ел қорғаған батырлармен тізе қоса отырып, бүкіл Ташкент жұртының келелі істерін шешіскен, елдің елдігін қорғаған, көпте-

ген батырларды баулып, тәрбиелеген. Ел басына күн туған шақтарда А. батыр атасы Төле бимен тізе қоса соғыса отырып, Талас бойындағы шайқастардың бірінде қаза тапқан.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – А.-А., 1961; Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. – А., 1991

М.Миразов

АҚАЙТӨБЕ – көне қала орны. Отырар ауд-ның Шәуілдір а-нан оңт-ке қарай 7 км жерде, Арыс өз-нің төм. ағысының сол жағалауында орналасқан. Алғаш 1969-70 ж. К. Ақышев басқарған Отырар археол. экспедициясы зерттеген. Қаланың қазіргі орны 25 м аумақты алып жатыр. Орт. қорғанның биікт. 8 м, шахристанның ұз. 80 м, қоршай салынған рабадтың ұз. 150-200 м. А. т-ден қыш құмыра, қол диірмен, темірден жасалған ыдыстар, күбі көзелердің қалдықтары табылған. Археол. зерттеулерге қарағанда, қала б.з.б. 1 ғ. - б. з. 7-8 ғ. аралығында болған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – Ал.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

АҚАРЫҚ – 14 ғ. аяғы - 15 ғ. басында салынған канал, археол., тарихи ескерткіш. Түркістан обл. Отырар, Арыс ауд-дарының аум-нда орналасқан. Каналдың бірінші басы Арыс ауд-ндағы Ақдала мен Дермене а-дары ортасынан басталады. Арық басталар орынның геогр. координаты – 42Т 486695 UTM 4706102. Арықтың басталар жеріндегі ені 25 м, тереңд. 9 м. Арыстың көне арнасының бөлігін бөеген тоғаны бар бастауы тамаша сақталған. Дермене а-ның қасынан өтіп, Қостүйін ст-сына таяу жерге дейін


Арыс бойымен жүреді. Төрткүл (Қостүйіндік) маңында, Арыстың ескі арнасынан басталатын екінші басы орналасқан. Екінші басының геогр. координаттары – 42Т 477765 UTM 4710608. Оның табанының ені 7-8 м, тереңдігі 4 м-дей, борттарының ені 17-18 м, биікт. 2 м. Қостүйіннің қасында шығысқа қарай бұрылып, жазық даламен, оңт.-шығыстағы қырдың етегімен Бөген өз-не бет алады. Бөген өз-не жақын жатқан биіктікке келгенде арық арнасы тереңдей түседі. Бөген өз-не екі тармағы қосылады. Бірінші тармақтың геогр. координаттары – 42Т 486013 UTM 4733616, екіншісінікі – 42Т 485806 UTM 4733569. Каналдың жалпы ұз. – 38 км. Бұл ерекше каналдың құрылысы туралы аңыз бар. Бөгеннің төм. жағында орналасқан Бұзық қ-ның тұрғындары судың жетпеуінен зардап шеккен. Өлкенің Бұрындық атты билеушісі Дүр немесе Дүрия атты жалғыз қызын Арыстан Бөгенге су әкелген адамға беремін дейді. Темірдің соғыстағы ерлігі үшін босатылған Шәміл атты құлы болады. Батыр Шәміл билеушіден уәдесін алған соң, Арыстан Бұзыққа қарай канал қаза бастайды. Бестораңғыл деген жерде оның кетпенінің сабы сынып, сол саптан тораңғыл өсіп шығады. Алайда, Арыс пен Бөгенді жалғаған канал біткен шақта, Бұзық билеушісі уәдесінен айнып, көшіп кетеді. Батыр Шәміл соңынан қуып, өткелде қуып жетеді де, қызын беруге мәжбүр етеді. Бірақ, бақыты ұзаққа бармай, хан екеуін де өлтіреді. Шәміл тағы бір канал бастау алатын жердегі бір төбеге жерленеді. Ол канал да, кесіп өтетін ауыл да «Шәміл» және «Дүр» аттарының қосындысымен Шәуілдір аталады. Шәміл құлы болған Темірдің және Бұзық қ-ның аталуы аңыздың сюжеті тарихқа сүйенетінін көрсетеді. Бұзық – Бұзықтөбе қалажұрты. Оның жоғ. қабаты

15 ғ-ға жатады. А. Бөгеннің төм. ағысында ғана емес, Түркістан оазисіндегі де су тапшылығын шеше алатын ирригац. жүйенің негізгі элементі болды. Бұл жүйе 20 ғ-да қазылған Арыс-Түркістан каналын тұрғызуға үлгі болды. А. туралы алғаш хабар Сырдария обл-ның статистика к-тінің мүшесі, хатшысы Е.Т. Смирновтың мақ-нда кездеседі. 1904 ж. Отырартөбегі археол. қазбаларды басқарған А.К. Кларе Е.Т. Смирновтың ирригац. жүйе жөніндегі пікірін қоштап, ол жөнінде жаңа мәліметтер береді: Арыс пен Бөген өзендерін жалғаған арықтың Арыс өзеннен басталатын басы тастан қаланғанын, оның Бұзықтөбеге жетпей Бөгенге құйылатынын және Шіліктің тұсында солт.-батысқа қарай бұрылып, Түркістанға дейін барғанын хабарлайды. А.К. Кларе бұл арықтың А. деп аталатынын көрсетеді.

Әдеб.: Смирнов Е.Т. Древности на среднем и нижнем течении р. Сыр-Дарьи // Протоколы заседаний и сообщения Туркестанского кружка любителей. Год. II. – Таш., 1897. – С. 1-14. Кларе А.К. Древний Отрар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 г. // Протоколы заседаний и сообщения Туркестанского кружка любителей. Год IX. – Таш., 1904. – С. 13-42; Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археол. деректер негізінде. – А., 2017.

М.Қожа

АҚБУРА ӘУЛИЕ – хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауидің замандасы, әрі муррид-шәкірті. Әулие атаның рухани силсиласы хазірет Әбу Бәкір Сыддыққа (р.а.) барып тіреледі. Ясауи силсиласы бойынша өрнектегенде, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бастау алатын рухани тізбек шежіресі хазірет Ақбура әулиеге қатысты былайша өрбиді: Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хазірет Әбу Бәкір Сыддық, хазірет Салман-и Фарис (р.а), Қасым ибн Мұхаммед ибн Әбу Бәкір Сыддық (р.а.),



Ақбура әулие

хазірет имам жағфар Саддық (р.а.), Әбу Иазид Бистами (р.а.), хазірет қожа Әбу-л-Хасан Қарахани (р.а.), хазірет Шейх Әбу-л-Қасым Куркани (р.а.), хазірет Шейх Әли Фармади (р.а.), хазірет Шейх Әбу Йусүб Хаммадани (р.а.), хазірет Жахан қожа-сы Абд ал-Халық Ғиждуани (р.а.). Оны хазірет Қызыр ғаләһни-с-салам бала кезінен оқытып, тәрбиелеумен шұғылданады. Әкесі Имамәлі баласы Мұхаммедәліге (Ақбура) бес жастан бастап намазды үйретеді. Имамәлі мен Нұржамиланың отбасынан дәулет арылмапты. Олар түйені көбейтіп өсірген екен. Бірде Мұхаммедәліге түсінде аян беріліпті. Аянда: «Түйенің арасында бір аруана аппақ еркек бота боталайды. Соны өзің өсіргін. Кейін оған керемет қасиет қонады, киелі ақ бура болады. Сол кезде оған өзің мініп жүретін боласың» депті. Көп ұзамай аруана аппақ бота боталапты. Оны Мұхаммедәлі өзі жетелеп өсіріпті. Он алты жасқа толғанда Мұхаммедәлінің көздеріне сәуле кіріп, ашылыпты. Бойына емшілік қасиет қонып, түрлі шөптерден дәрілер дайындапты. Отыз жеті жасын-

да ілімін жетілдіру үшін, ұлық пір іздепті. Төрт тарапты кезіп, соңында Йасыға келіп тұрақтапты. Қожа Ахмет Ясауиді өзіне ұстаз тұтып, оған тәлиб болыпты. Қырық жасында өз заманындағы ілім-білімді толық игеріп, әулиелік мақамға жетіпті. Оның емшілік қасиеті мен ақ бурасының даңқы шартарапқа жайылып, А.ә. атаныпты. Әулие мекен еткен жер де, ондағы бұлақ та А.ә. аталыпты. Осы жерге 1991 ж. әулие ата рухына арналып тұрғызылған кесене 2011 ж. қайта жөндеуден өткізілген. Қазығұрт тауы бауырындағы А.ә. кесенесі – ел-жұрт тәу етіп, зиярат жасап баратын киелі орындардың бірі.

Әдеб.: Оңтүстіктің қасиетті орындары: Аңыз-Әпсаналар. – А., 2018; Ергөбеков Қ. Ақбура Ата әулие. – Шымкент-А., 2013; Қазағымның киесі Қазығұртым. – Түркістан, 1995.

М.Миразов

АҚҚОЖАЕВ Сұлтанбек (1876, Ақмола обл. Теңіз ауд. Құланөтпес а. – 1965, Оңт. Қазақстан обл, Түркістан ауд.) – ақын, жыршы. Құлыншақ, Молда Мұса, Майкөт, Майлықожа, Мәделі ақындардан үлгі алып, олардың жырларын жаттап айтуға машықтанған. Майкөт ақыннан «Алпамыс» жырының толық нұсқасын жаттап алып, кейін оны Т.Сыдықовқа жаздырған. Ақынның өмірі мен шығарм. туралы «Қазақ совет энциклопедиясында» (1-т., 1972), «Ақын жыраулар» (1979) жинағында жазылған.

Әдеб.: ҚР БҒМ ұсынған «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна», 2010.

М. Амантуров

АҚМЕШІТ ӘУЛИЕ ҮҢГІРІ – Қаратаудың оңт.-шығыс беткейінде, Бәйдібек ауд. Бірлік (Көктерек) а. маңындағы

үңгір. Ақ (сын есім), мешіт (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Ол – оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай созылып жатқан, әктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ. Ұз. – 254 м, ені – 65 м, биікт. – 25 м. Үңгір ішіне күн сәулесі батыстан тек кешқұрым уақытта ғана түседі. Ақмешіттің тура ортасында орманды елестететіндей тұт ағаштары бар. Төбеден бірнеше жерден жыл он екі ай су тамшылап тұрады. Үңгірдің бір кереметі, ондағы ауа температурасы қысы-жазы 18-20 градус жылықты көрсетіп тұрады. Үңгірдің туризм үшін танымдық маңызы зор. Ішкі жағынан қарағанда, ернеуі киіз үйдің шаңырағына ұқсайды. Жалпы үңгірге, оның А. аталуына қатысты ел арасында көптеген аңыз-әңгімелер таралған: 1) Бұл жерде бір кездері айдаһар өмір сүргендіктен, «Айдаһар үңгірі» деп аталыпты. Айдаһар мал-жанға тыныштық бермегендіктен, Сүлеймен пайғамбар оны осы үңгірде шынжырлап, байлап тастапты; 2) Бұл жерде орт. күмбезге келетін төрт

жер асты жолы бар үлкен мешіт болған. Мешіт – мұсылман қауымының намаз оқуға жиналатын, құдайға сиынатын орны. Тектон. өзгерістер нәтижесінде жер асты жолдары жабылып қалған. 20 ғ.-дың басындағы зерттеулерден кейін күмбезді орын қалпына келтірілген (20 ғ.-да күмбездің бір бөлігі опырылып, содан үңгірге кіретін саңылау пайда болыпты); 3) Бір кездері онда бір әулие отбасымен тұрыпты. Үңгірге сатымен түсіп, көтеріліп жүріпті; 4) Қалмақтармен соғыс кезінде Есіркеп Қойгелді батыр үңгірді паналап, әскерлерімен селдетіп жауған жаңбырдан қорғанып, таңғы намазға жығылады. Сарбаздардың бірі осы жерді Есіркеп не Қойгелді деп атауды ұсынғанда, батыр: «Бұл үңгір қасиетті болмаса, он мыңнан астам адам – бізді жаңбырдан қорғаштамас еді. Таңғы намазымызды оқуға мүмкіндік берді. Тастары да аппақ күйінде жарқырап, ерекше әсер сыйлады. Бәріміз жиналып, он мыңымыз бір жерде сәждеге бас қоя алдық. Бұл жерді



Ақмешіт әулие үңгірі

енді Ақмешіт деп атайтын болайық. Бұл киелі жер екен», – депті. Демек, А. атауындағы ақ сөзін 1) үңгірдің әктастан түзілуіне қатысты, оның ақшыл түсімен, 2) халық танымындағы киелі, қасиетті, таза ұғымдарымен байланыстыруға болады. 1973 ж. Мәскеуден келген геологтар үңгір метеоридтың түсуінен пайда болған деген жорамал жасаған. Тарихшылардың зерттеуінше, үңгір тастары Энеолит дәуірінде қалыптасқан әктастан тұрады. Ол Орта Азиядағы ең үлкен үңгірлердің қатарына еніпті. Ғалымдар табиғаты ерекше орынды зерттеу жұмыстарын әлі де жалғастырып келе жатыр. Айта кетерлігі, үңгірдің қай ғ-да пайда болғаны туралы әлі күнге дейін нақты дәлел жоқ. Үңгірге перзент көрмеген ерлі-зайыптылар, ауру адамдар түнеп, мінәжат етеді. Бүгінде үңгірдің түкпір-түкпірінде зияратшылар жинаған тас төбелер пайда болған. Үңгірдің туристік мәні бар. Ақмешіт әулие үңгірі ел аузында киелі аталып кеткен, мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындардың қатарында саналады. Үңгір «Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері тобына жатқызылып», «Қазақстанның қасиетті орындары» тізіміне алынды.

 Әдеб.: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 1-том. – Б. 190; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 66; Түркістан. Халықар. энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 656 б.; Парманқұлов С. Ақмешіт әулиенің тылсым үңгірі // «Егемен Қазақстан» газеті, 30 шілде 2014 ж.; Түркістан облысының әкімдігі // URL: [https://](https://www.facebook.com/ontustik.gov.kz)

www.facebook.com/ontustik.gov.kz; Қазақ тілінің сөздігі / Ред. басқарған Т. Жанұзақов. – А., 1999. – Б. 25; 462.

М.К. Ахметова, М.Тастанбеков

АҚСЕЙІТТӨБЕ – көне қала орны. Түркістан обл. Отырар ауд.-нда Арыс өз-нің Сырдарияға құяр сағасында. Қаланы 1970 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. К.Байпақов) зерттеген. Сыртқы көрінісі солт-тен оңт-ке қарай созылып жатқан (ұз. 90 м, көлденеңі 40 м, биікт. 5,5 м) жұмыртқа тәрізді шоқы. Төбесінде аум, 18 м келетін орт. қорғанның сұлбасы сақталған. Қазба жұмысы жүргізілмеген. Жинастырылған көзе сынықтары А.Т. тұрғындарының б.з. 4-6 ғ-ларында өмір сүргенін көрсетеді.

 Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ – Қазақстандағы тұңғыш қорық. Түркістан обл.-ның Түлкібас ауд.-мен Жамбыл обл.-ның Жуалы ауд. аум.-нда, Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солт.-батыс бөлігі мен Өгем жотасында орналасқан. Қорықтың екі шетінен Ақсу және Жабағылы атты екі өзен ағып өтеді. А.-Ж. М.Т.Қ. 1926 ж. құрылған. Құрамында Қаратаудағы «Қарабастау» (126 гектар) және «Әулие» (100 гектар) телімдері бар. Жерінің ауданы 128118 гектар. Қазір А.-Ж. М.Т.Қ. ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген. Қорық бірнеше биіктік белдеуде жатыр. Тау өңірінде бидайық, түрлі шөптер, боз жусан, жоғарысында селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Одан жоғарысын мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан. А.-Ж. М.Т.Қ.-ның жерін Ақсу



Ақсу шатқалы

өз-нің аңғары (тереңд. 500 м-дей) жарып өтеді. Өсімдіктер дүниесі әралуан. Онда мүктің 61, қынаның 58, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1400 (дәрі-дәрмектік өсімдіктерден: қылша, сасыр, иманжапырақ, түйежапырақ, сарыағаш, шәйқурай, талас ұқорғасыны; техн. өсімдіктен: арша, рауғаш, итқұмық, таран, жеміс-жидектерден: жабайы алма, шетен, шие, қарақат, бүлдірген; жем-шөптік өсімдіктен: жоңышқа, кекіребас, бедебас, түлкіқұйрық, көде; сондай-ақ эндемик өсімдіктерден: майысқыш қияқ, талас қайыңы, ақшыл сары жоңышқа, қаратамыр, томағашөп, қандыгүл; реликті өсімдіктерден: жалған масақша, Минквиц кендіршесі, Қаратау сетені түрлері бар. Қорықтың жануарлар әлемі де өте бай:

сүтқоректілердің 42 (арқар, таутеке, елік, марал, барыс, Тянь-Шань қоңыр аюы, борсық, сусар, т.б.); құстардың 238 (гималай ұлары, кекілік, сақалтай, бүркіт, қара құтан, бозторғай, сарыторғай, ителгі, шымшық, т.б.); бауырымен жорғалаушылардың 9 (алай жалаңкөзі, сарыбауыр кесіртке, қалқантұмсықты қара шұбар жылан, сұржылан, т.б.), қосмекенділердің 2 (жасыл құрбақа және көлбақа) және балықтың 2 түрі тіршілік етеді. А. Ж. М.Т.Қ. – табиғаттың нағыз ғыл. зертханасы, онда ғыл.-зертт. жұмыстары үзбей жүргізіледі. Ақсу-Жабағылы Қазақстанның ең көне қорығы, сонымен қатар Орт. Азиядағы ЮНЕСКО биосфера қорығы дәрежесін алған ең алғашқы қорық. Теңіз деңгейінен 1000 м-ден 4280 м аралығындағы биіктікте Тянь-Шань тауларында орналасқан. Негізгі биік аймақтары өзінің таңқаларлық бейнелерімен айшықталып, жартылай шөлейттер ылғалды жазықтармен алмасып, аршалы ормандарына өтеді. Ылғалды даладағы бай жазықтар аршалармен астасып жатқан жіңішке бұталардың өсуіне қолайлы жағдай туғызған. Көздің жауын алатын қатаң қарлы шыңдардың бөктерінде түрлі түсті альпі гүлдері жайқалып өскен. А.-Ж. М.Т.Қ – сирек кездесетін, тек осы аймақтарға ғана тән өсімдіктер мен жануарлардың отаны. Бұл жерден тау ешкісін, маралдарды және еліктерді, сілеусіндер мен қар қабыландарын, қасқырлар мен түлкілерді, аюлар мен тағыландарды, ақкүмістерді таба аласыз. Осы жерлерде сарышұнақтарды да көруге болады. Құстар әлемі өте бай. Тасты жартастардың арасынан тау кекіліктерінің ұяларын, қар арасынан тылсым қар әтештерін кездестіресіз. Тоқылдақтың ысқырған дауысы сыбызғының әнін еске салады. Күн сәулесі ойнаған жазық далаларында кө-

белектер ойнайды, арасынан сирек кездесетін Аполло көбелектерін де көруге болады. Өсімдіктер әлемі таңқаларлық. Кішкентай тас ағашы өзінің тамыр жаюымен белгілі. Амарантус Грандифолия өсімдігі бағалы майға толы. Грейг қызғалдақтары тау алаңқайларында қызыл жалындай жарқырайды. Қызғылтым флокулаларға Қоқанд Моринасының жеңіл гүлдері жиналады. Түпсіз көгілдір мұздай тау көлдерінде аспан айнадай шағылысады. Теңіз деңгейінен 3000 м биіктікте орналасқан қол жеткізбес ұңғымаларда тастарға ойылып түсірілген көптеген бейнелерден тұратын «сурет галлериясын» табуға болады. Оларда үй және жабайы жануарлар, ежелгі адамдардың аң аулауы бейнеленген. Ақсу-Жабағылының сазды топырағында палеонтологтар тасқа айналған өсімдіктердің, жәндіктердің, балықтардың және кесірткелердің іздерін тапқан. Ақсу-Жабағылы атауы жайлы халық арасындағы бір аңызда баяғы өткен заманда Ақсу өз-нің жағасын үш басты айдаһар мекен етіпті деп баяндалады. Ол маңайындағы ел-жұртқа тыныштық бермей, талабы бойынша күніне үш қой, екі қыз, екі жігітті жеп отырыпты. Сол елде бір жалғызбасты кемпір жалғыз қызымен өмір сүріп жатқан екен. Қыздардың бәрі таусылып, кезек жаңағы кемпірдің қызына келіпті. Жұрт жиналып үш қойды, қызды айдаһарға апара жатады. Енді бір жігітті қайдан табамыз деп келе жатқанда жабағыға мінген бір жас бозбала қарсы жолығады. Мән-жайды түсінген жаңағы жігіт қызға: «Үш қойды сойып, сен айдаһарға бара бер, мен де көп ұзамай артыңнан жетермін», - дейді. Айдаһар үш қойды жеп болып, енді қызды жұтуға оқтала бергенде, жүгіре басып жеткен жігіт қолындағы қылышымен айдаһардың ішіне еніп кетеді. Сөйтіп, жүре-

гін жарып, айдаһарды да өлтіреді, өзі де өледі. Жиналған жұрт қараса, жаңағы өлген жігіттің жабағысы өзеннің жиегінде жайылып жүр екен. Ерлік көрсеткен жігітті еске сақтау үшін, көпшілік сол жерді «Ақсу-Жабағылы» деп атаған екен.

Әдеб.: Жердің төрі – Түлкібас // <https://aikyn.kz/2017/07/13/20315.html>; Қазақстан балалар энциклопедиясы. – А., Қазақ энциклопедиясы, 2011; Абылаев С. Қазақстанның көрікті жерлері: Ақсу-Жабағылы қорығы // https://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-korikhti-zherleri-aksu-zhabagyly-korygy-foto_a2856556; Бабалар сөзі: «Ақсу-Жабағылы» атауы қайдан шыққан? // https://www.inform.kz/kz/babalar-sozi-aksu-zhabagyly-atauy-kaydan-shykan_a2767636.

Ш.Құрманбаева

АҚСҮМБЕ – көне қала орны. Түркістан обл. Созақ ауд. Қаратаудың терістік жағында, Ақсүмбе өз-нің сол жағалауында орналасқан. Қаланы 1946 ж. академик Ә.Х. Марғұлан басқарған Оңт. Қазақстан археол. экспедиция, 1947 ж. археологтар Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич зерттеген. Қазіргі кездегі көрінісі тік төрт бұрышты төбе, биікт. 1 м, солт-тен оңт-ке қарай 75 м, шығыс-батысқа қарай 60 м. Қала топырақ дуалмен қоршалған. Төрт бұрышында қарауыл мұнараларының орыны байқалады. Оңт.-шығыс жағында бұрышта орт. қорғаны сақталған. Оның көл. 25x25 м. Қазіргі кездегі биікт. 0,5 м, төрт бұрышында мұнара орыны көрінеді. Қала орнынан жинастырылған қыш ыдыстардың жасалуына қарап, ғалымдар қала тұрғындарының 10-15 ғ-да өмір сүргендігін анықтады.

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: “Аруна Ltd.” ЖШС; Тәшен Т. Қарауыл мұнара құлағалы тұр // <https://aikyn.kz/2017/03/11/6526.html>

Ш.Құрманбаева

АҚСҮМБЕ (АҚБИКЕШ) МҰНАРАСЫ
– Түркістан обл. Созақ ауд. Ақсүмбе а. шетінде орналасқан 13-14 ғ-дағы сәулет өнер ескерткіші.



Ақсүмбе (Ақбикеш) мұнарасы

Оны 1946 ж. Ә.Х. Марғұлан басқарған Орт. Қазақстан археол. экспедициясы, ал 1947 ж. А.Н. Берштанның жетекшілік етуімен Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы зерттеді. Жоғ. жағы конус түрінде жіңішкеріп келетін қарауыл мұнарасы шикі кірпіштен қаланған. Ғимараттың іргесіне тас пайдаланылған. Мұнараның жаңбыр суы көп тиетін оңт. бөлігі көбірек мүжіліп, ойылған. Қазіргі кездегі құрылыстың сақталып қалған бойы шамамен 10 м. Табанының диаметрі 12 м. Солт.-шығыс бөлігінде төбесі кірпіштен өрілген ойық есік орыны сақталған. Мұнараның ішіндегі айналма текпішек құрылыстың үстіңгі бөлігіне апарады. Жергілікті аңыздар мұнараның пайда болуын жоңғар шапқыншылығы дәуірімен байланыстырады. Алайда ол Ақ Сүме деген атпен одан бұрынғы 14 ғ-дағы дереккөздерде аталады. Мұнара мен бұл жер Низам ад-Дин Шами мен Шараф ад-Дин Әли Йездидің «Жеңістер кітабы» атты шығармаларында 1389-90 ж. Тоқтамысқа қарсы Әмір Темір жорығын сипат-

тауында кездеседі. Соңғы жазбагердің Әмір Темір әскерінің Қамар ад-Динге қарсы әрекеті туралы әңгімесінде 1376 ж. Әділшахты ұстауға адамдар жіберілгендігі айтылады. «Отырарға жеткен соң олар қаладан әскери жасақ алып шығып, сол таулардан Әділшахты іздеумен айналысты. Оны Ақ Сүме деген жерде ұстап алып, олар [оны] өлтірді. Ақ Сүме – Дешті Қыпшақты бақылап тұратын қарауылға арнап Қарашық [Қаратау] тауының басына салынған мұнара». «Тарихи Рашидиде» Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазған: «Ақ Сүме Қарашық тауына қарауыл мұнарасы ретінде тұрғызылған бағана тәрізді құрылыс; осыдан Дешті Қыпшаққа бақылау жүргізілген». 16 ғ-дың тағы бір жазбагері Хафиз Таныш «Шараф-наме-ий шахи» атты шығармасында бұқар әміршісі Абдоллахтың жорығы туралы сипаттай келе, ханның 1582 жылдың 16 сәуірінде Ақ Сүме арқылы өткендігін атап өтеді. Әдебиетте «Ақ Сүме» мұнарасының атауы «Ақ пұтхана» дегенді білдіреді. Ескерткіш қалайда будда дінімен байланысты деген жорамал айтылған болатын. Алайда дереккөздерде мұнараның о бастан-ақ Қыпшақ даласындағы қозғалысты бақылауға арналған күзет орны ретінде тұрғызылғаны баса айтылады. Сондықтан оны буддизммен байланыстыру әрекеті дәйексіз болып табылады. Қазақ тілінде «сүмбе, сүмбі» деп «мылтықтың ұңғысын тазалайтын әрі майлайтын ұзын, жіңішке, жұмыр темірді немесе тобылғы таяқшаны» айтады. Төбенің басына салынған биік мұнараның сыртқы пішіні сүмбеге ұқсағандықтан ол «А.» аталған деп болжауға болады. А-нің бірінші «ақ» буыны оны басқа қатардағы күзет мұнараларынан бөлектеу, ерекше, дара құрылыс екенін көрсетеді.

Әдеб.: Маргулан А.Х. Оседлые поселения VIII-XIII в.в. на северных склонах Каратау // ИАН Каз ССР, серия археологическая. Вып. 1, №46. – А.-А., 1948; Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИЯЭ, Т.У. – А.-А., 1958; Кожа М. Башня Аксумбе (Акбикеш) // От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы, истории и культуры Казахстана. В 3 т. – А., 2011.

М. Қожа

АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ (1675 - 1768, Шығыс Қазақстан обл., Абай ауд., Жүрекжота) – қазақтың атақты жырауы, қолбасшы батыр, елші, қоғам қайраткері. 18 ғ-дың аласапыран кезеңінде өмір сүрген. А. 17 жасынан атқа қонып, қалмақтармен болған ұрыстарға қатысып ерлігімен елге танылады. Ол – жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушылардың, жеңісті жорықтарға дем берушілердің бірі. Ақтамберді Ақтабан шұбырынды сұрапылынан бастап, Аңырақай шайқасына дейін от пен оқтың ортасында жүрген нар тұлға. А. туралы тарихи зерттеулерге сүйенсек батырдың үш үлкен шайқаста («Қалмаққырған», «Шүршітқырған», «Талқы» соғысы) жеңімпаз атанғанын білеміз. 1739-40 жылдардың қысында 30 мың қолды басқарған Септен мен Сары Манжы оңт. (Сырдария) және солт. (Ертіс) бағыттардан шабуылдап, қазақ жеріне баса-көктеп кіреді. Ұрыс қимылдары 1741 жылдың күзіне дейін жалғасады. Осы шайқастың бел ортасында Ақтамберді батырдың аты шығып, даңқы өрлеген. 1742 ж. тамыз айында Ақтамберді бастаған Жолым Құбайұлы, Қалдыбай, Ақтабан қостаған елшілер Орынборға барып Ресей қол астына алу туралы Үлкен Орда халқы атынан ант етеді. Ресеймен одақтас болудың, ынтымақтастықты арттарудың маңызды екендігін А-ді жете

түсінген. Талқы шайқасын көзбен көрген француз суретшісінің суреттеуіне сүйеніп, тұжырым жасасақ (Мәскеудің Тарих музейінде фото көшірмесі сақтаулы) Ақтамберді 1757 ж. Жоңғар тауындағы Талқы қамалында қытайлармен болған соғыста ерлік көрсетеді. А. сол аласапыран ж-дары Абылай сұлтанның бірден бір тірегі, сүйеніші, кеңесшісі болды.

Көптеген жеңісті жорықтарда оның жанынан табылды. Абылайдың ұйғарымымен елшілік қызметін атқарды. 1759 ж. Абылайдың бауыры Орыс сұлтан, Доскей және Ақтамберді батырлар Наванға еріп (Қытай елшісі) Қытайға елшілікке барады. Оларды Қытай тарапы зор құрмет көрсетіп қарсы алып, Пекинде (Бейжің) қонақасы береді. Онда жоңғардан босатылған жер мәселесі, сауда қарым-қатынасы туралы мәмілегерлік жасалады. Тарих бетінен ысырылған Жоңғар хандығынан босатылған шығыс облыстарға қазақтардың қайта қоныс аударуы кезінде А. жұртшылықты атамекенге біржола орнықтыру жолында елеулі рөл атқарады. Өзіне қарастыларға арықтар, тоғандар қаздырып егіншілік жұмысқа бейімдейді, отырықшылық өмірге үндейді. 1768 ж. 17 қыркүйекте Омскіге Әбілпейіз сұлтанның баласы Бопы, оның екі інісі Ағатай мен Шамахмет, сонымен бірге Ақтамберді мен Байқара бастаған жүз адам барған. Бұл А-нің елді ынтымақ, бірлікке шақырған соңғы елшілік қызметі болатын. А. – артында аталы, үлгілі сөз қалдырған атақты жырау, өзінің даналық, тапқырлық биліктерімен, шебер, көркем сөздерімен халық әдебиетін дамытқан өнер қайраткері. Ол – қазақ хандығының тағдырына ерекше ықпал еткен тұлға. А. шығармалары негізінен нақыл, афористік толғаныстар түрінде келеді. Олар ұлы дала қазақтарының

ой-арманынан, мақсат-мүддесінен елес береді. Жыраудың кей толғауларынан («Түйе мойнын тұз кесер», «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Жылқыдан асқан мал бар ма?») халқымыздың мінез құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарасы аңғарылады. Жылқының көшпелілер өміріндегі орны жайлы А-дей толғаған қазақ ақыны жоқ. А. жырларындағы негізгі сарын – елдікке үндеу, дұшпаннан тайсалмай шабуға жігерлендіру. От жалында туған Ақтамберді жырлары қазақтардың 18 ғ-дағы жаугершілікке толы өмірінің шынайы суреттерін елестетеді. Қазақ халқының басына ауыр күн туғанда өзінің маңызды істерін тамаша атқарып, қазақ елінің қуатын арттыруға бар күш-қайратын жұмсаған А. дала элитасының өкілі екендігін дәлелдейді.

Шығ.: Ертедегі әдебиет нұсқалары. Құраст.: Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев т.б. – А., 1967.

Әдеб.: Халидұғлы Қ., Тауарих хамса-и-шарки. – Қазан, 1910; Мағауин М. Қобыз сарыны. Монография. – А., 1968; Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. – А.-А., 1971; XV-XVIII ғғ. қазақ поэзиясы. – А.-А., 1982; Казахско-русские

отношения в XVI-XVIII вв. – А.-А., 1961; Андреев И.Г. Описание средней орды Киргиз-Кайсаков. – А., 1998.

М. Миразов

АҚТАС ӘУЛИЕ – киелі жер. Түркістан обл. Түлкібас ауд. Керейт а-ның солт-нде орналасқан. Ақтас әулие бұлағының күншығысы қатпар тасты төбемен ұласады, оңт.-батысы егістік алқаппен, батысы ауылдың ескі қорымы мен ескі мешіт үйі арқылы тегістеле келген ауыл басындағы төбемен шектеледі. Ақтас әулие бұлағында терек пен тал ағашы бар. Айнала қамыс басқан, диаметрі шамамен 150-160 м алқапты алып жатыр. Ақтас әулие бұлағынан басқа тоғай ішінде бірнеше бұлақ көзі бар. Ақтас әулие бұлағы үш қайнар бұлақ суынан құралады. Бұлақ суы үлкен қатпар тастың астынан шығып жатыр. Айналасын бүлдірген, киікоты, жалбыз, қоға, көкжапырақ басқан. Бұлақ суы шығыстан батысқа ағады. Бұлақ суы ені 0,50-0,55 м арықта 0,20-0,22 м тереңдікте толып ағады. Бұлақ суының оң қапталдағы көзі тастың астынан атқылап шығады, диаметрі – 0,10-0,12 м. Тесік-



Ақтас әулие бұлағы

тен қайнап емес, атқылап шығып жатыр, ортаңғы бұлақ көзінің суы екі жерден тас астынан қайнап шықса, сол қаптал бұлақ көзі басқаларына қарағанда бөлекше, суы да мол. Су үлкен қатпар тастың астынан қайнап та, атқылап та шығады. Судың көзі бірнеше, ортаңғы және оң қапталдағы бұлақ суларының қосындысы әлдеқайда көптеу және ағысы да жылдам, бұлақ көзінен шығып, алдындағы алқапқа жиылған судың тереңд. 0,70-0,75 м келеді. Алғашқы екі бұлақ көзінің суы жайылып ақса, бұл көздің суы толып, жинала ағады. Бұлақ көзінің оң қапталынан басталған ағаш жиілей түсіп, қалың тоғайға айналып, ауылмен шектеседі. Солт. ашық, төбелі;батысы қамысты тоғаймен жалғасады. Бастау суының оңт.-шығысында 13-14 м-дей жерде құраған жуан ағаштың қаңқасы бар. Ағашқа майда шүберектер байланған. Бұл кезінде осы араға келіп, Ақтас әулие бұлағын күтіп-баптаған, әрі шырақшылық еткен Пернебек Дүйсенбаевқа қойылған белгі екен. Ол кісі құран оқып, ем-дом алушыларға жөн сілтеп, бұлақтың тазалығын сақтаушы болған екен. Оның отырған орны (тапшаны) әлі бар. Ақтас бұлақ суының аты бұлақ көзі шығып жатқан жердегі тас қабаттарының ақ түсті болып жатуына байланысты аталған. Оның суының қасиеті – көз, асқазан, бауыр, бүйрек сияқты ішкі ағза мүшелеріне ем.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998; <http://www.tulkubas.gov.kz/index.php/kz/bas-m-zir/23-khabarlandyru/2804-kieli-oryndar>.

Ш.Құрманбаева

АҚТӨБЕ – ежелгі қала орны. Түркістан обл. Шардара қ-ның оңт.-батысында 3 км. жерде, Сырдарияның ескі арнасы-

ның бойында орналасқан. Қала орнында 1962-63 ж. Шардара археол. экспедициясы (жетек. С. Мерциев) қазба жұмыстарын жүргізген. Төбе үш бөліктен: цитадель, шахристан және рабадтан тұрады. Шахристанның жобасы трапеция тәріздес. Цитадельді терең ор мен қорғаныс қабырғалары (көл. 70x60 м) бөліп жатыр. Шахристанның солт.-батыс жағындағы рабадтың орнын жартылай құм басып қалған. Цитадельдің (қазба көл. 17x20) жоғ. қабатынд. үйлердің қабырғасы (көл. 30x15x6 см) саз (шым) кірпіштерден соғылған. Жоғары бетінен 2,4 м тереңдіктен тағы да құрылыс қалдығы табылған. Ол қабырғалары 49x25x10 см келетін кірпіштермен қаланған. Табылған заттар 12 ғ-ға жатады. Төм. құрылыс қабатынан төрт бөлмеден тұратын бекініс сарайының орны аршылды. Осы сарайдың сыртқы қабырғасына салынған қимадан қабырғаның қалған бөлігінің биікт. 3 м, төм. жағындағы ені 7 м болғаны анықталды. Жиналған қыш ыдыстар мен шыныдан, металдан жасалған бұйымдар қала тұрғындарының 4-13 ғ-лар аралығында өмір сүргенін көрсетеді.

Әдеб.: Агеева Е.И., Пацевич Г.И., Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Труды ИЯЭ АН КазССР. – А.-А., 1958, Т. 5; Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. – А.-А., 1966, 120-173 с.

Қ.Сарекенова

АҚЫНЖАНОВ Сержан Мұсатайұлы (3.9.1939, Алматы қ. – 16.8.1991, Жамбыл обл.) – археолог, тарих. ғыл. канд. М.В. Ломоносов атынд. Мәскеу мемл. ун-тін «археология» мамандығы бойынша тарих ф-тін (1964) тәмамдады. 1965-68 ж. Қаз. КСР-ның ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этногра-

фия ин-тының аспирантурасында оқыды. 1973 ж. «11-13 ғ-дағы Қыпшақтар және олардың Хорезммен саяси қарым-қатынасы» деген тақырыпта канд. диссертациясын қорғады.



1977 жылдан Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының археология бөлімінің аға ғыл. қызметкері, 1984 жылдан археол. технология зертханасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. Ол көшпелілерді танудың ғыл. теор. негіздерін белгіледі. Бұл саладағы жұмыс нәтижелері оның монограф. еңбектерінде көрініс тапты. Көптеген жылдар бойы ол Оңт. Қазақстандық кешенді археол. экспедицияның бір тобын басқарды. 1982-86 ж. аралығында Шығыс Қазақстандағы Шульба археол. экспедициясы мен Орт. Қазақстан археол. экспедициясы жұмыстарын басқарды. 1989 ж. Германиядағы Ганноверде өткен халықар. «Еуразия далаларының көшпенділері» атты көрмеде Қазақстанның тарих ғылымының жетістіктерін таныстырды. А. Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен археологиясына қатысты 50 шақты ғыл. және ғыл.-көпшілік зерттеу жұмыстарының авторы.

Шығ.: Раскопки на западных склонах Каратау // Археологические открытия 1975 г. – М., 1976; Раскопки гончарной мастерской на рабаде Отрара // Археологические открытия 1980 г. – М., 1981; Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – А., 1995; К вопросу о происхождении канов на Сырдарье. // Известия АН Каз. ССР., Серия общественных наук. – А.-А., 1972, № 2.

Әдеб.: Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция. – А., 2014.

Х. Тұрсұн, Г. Байсариева

АҚЫШЕВ Кемел (23.5.1924, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 10.8.2003, Алматы қ.) – археолог, тарих ғыл. докт., Қазақстанның археология мектебінің негізін қалаушы, Германияның археол. ин-тының мүше-корр. (1982). Алматыдағы №25 мектепті бітіре салысымен әскер қатарына шақырылған. Самарқанда қысқа мерзімді уч-щені бітірген соң, 1943 ж. 230-сталиндік атқыштар дивизиясының батальондық радиостанциясының басшысы болып тағайындалды. 1944 ж. Днестрді алудағы шайқаста ауыр жарақат алып, соғыстан қайтқан. 1945 ж. С.М.Киров атынд. КазМУ-дің тарих ф-тіне түсіп, оны аяқтайды. Студенттік кезінде проф. А.Н.Бернштам басқарған Оңт. Қазақстан археол. экспедициясының құрамында жұмыс жасады. Аспирантураны бітірген соң, 1953 ж. Эрмитаждың ғыл. кеңесінде «Орт. Қазақстанның қола дәуірі» тақырыбында канд. диссертациясын қорғады.

1955-89 ж. аралығында Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының археология бөлімін басқарды. 1987 ж. «Оңтүстік Қазақстан мен Солтүстік Қырғызстанның сақтар мен үйсіндер дәуіріндегі экономикасы және қоғамдық құрылымы» атты тақырыпта докт. диссертация қорғады. 1989-2001 ж. бас ғыл. қызметкер, 1991

ж. Ә.Х.Марғұлан атынд. Археология институты құрылған кезінен бастап оның бір бөлімін басқарды.



2001 ж. Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ұлттық үн-тінің археол. реконструкциялау зертханасын басқарды. А. – Алматы, Москва, Ленинград, Германия, Жапония, АҚШ, Италия, Венгрияда басылған 10 монография мен 200-ге жуық ғыл. мақалалардың авторы. Оның басшылығымен КСРО-да алғаш рет археол. карта жасалды. Ол – 20 ғ-дағы әлемдік ашылымдарының бірі – Есік обасынан табылған атақты «Алтын адамның» бас зерттеушісі. 1971 жылдан Оңт. Қазақстан археол. кешенді экспедициясын ұйымдастырды және оны басқарды. Оның зерттеу объектілері Отырар аймағының ескерткіштері және тұтасымен алғанда Оңт. Қазақстанның ескерткіштері. А. басқа да ғалым-ав-

торлармен бірігіп, Сыр бойындағы ірі қала орт. – Отырарға арналған үш монография жазып шығарды. 1997-2003 ж. аралығында Есіл археол. кешенді экспедициясын басқарды. Оның негізгі мақсаты – «Евразияның далалық цивилизациясы» концепциясы төңірегінде Астана қ-ның жанындағы ортағасырлық Бұзық қалажұртын зерттеу. А-тың ғылым саласын басқарудағы және жас мамандарды тәрбиелеудегі үлесі зор. А. Қазақстанның археол. мектебінің негізін қалаған. Оның көптеген шәкірттері ғылым канд., ғылым докт. болған. А. Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. иегері, Қазақ ССР Мемл. сыйл. лауреаты, «Парасат» ордені, «1-дәрежелі Отан соғысы», «Знак Почета» ордендерімен, «Ерен шайқасы үшін», «Ұлы Отан соғысы ж-дарындағы Германиядағы жеңіс үшін» медальдарымен марапатталған.

Шығ.: Археологическая карта Казахстана. – А.-А., 1960; Древние памятники Казахстана. – А.-А., 1958; Древние и средневековые государства на территории Казахстана. – А., 2013. Древняя культура Центрального Казахстана. – А.-А., 1966; Ертедегі ескерткіштер елесі. – А.-А., 1976; Курган Иссык. – М., 1978; Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – А.-А., 1963; Древний Отрар. – А.-А., 1972; Отрар в XIII-XV в. – А.-А., 1987; Позднесредневековый Отрар. – А.-А., 1981; Ақышев К. Сексен қала құпиясы қол бұлғайды // Білім және еңбек. 1972. № 6, – 26-27 б.; Ақышев К. Күтер жаңалық көп // Білім және еңбек, 1972, № 9, – 12-14 б.; Ақышев К. Он бес ғасыр – бес жыл // Білім және еңбек. 1976. № 1; Ақышев К. Алты ай және алты күн // Білім және еңбек. 1977. № 2.

Әдеб.: Мобилизованный археологией. – Аст., 2004; Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция. – А., 2014.

М.Қожа

АЛА АД-ДИН ЖУАЙНИ (1226-1283) – тарихшы, мемлекет қайраткері.



Ала ад-Дин Жуайни

Толық аты – Ала ад-Дин Ата-Мәлік Баха ад-Дин бин Мұхаммед Жуайни. Тегі – Жувейн ауд-на қарасты Азадвар елді мекеніндегі парсылық танымал лауазым иелері. Жастайынан мемл. қызметке араласып, қаржы министрі, билеуші лауазымды қызметтер атқарған. Хулагу хан Иранды басып алғанда Аргунның баласымен бірге Хорасанды биледі. Кейін Хулагу хан Иракты бағындырғанда Бағдадты басқарды. Мәдениет пен әдебиетке деген жақындығы оның қанша лауазымды қызметтер атқарса да моңғолдар жаулаған кезде бұзылған елді мекендер мен қалаларды қайта қалпына келтіруге атсалысқан. Тіпті Хулагу хан әмірімен ассасиндерден Аламуттағы кітапхананы қорғап қалған. Оның Бағдад шаһарын қалпына келтіріп, тыныштық пен мәдени дамуына қосқан үлесі үлкен еңбек саналады. А. ад-Д. Ж-дың тарихи шығармасы «Тарихи джахангушай» («Әлемді билеушінің тарихы»). Өзі куә болған оқиғалар мен тарихи құжаттарға негізделіп жазылған шығарма үш бөліктен тұрады: 1. Гуюк хан өлгенге дейінгі моңғолдардың тарихы мен жаулауы; 2. Жазба деректер негізін-

дегі хорезмшахтардың династиялық тарихы; 3. Моңғолдар тарихының жалғасы және Ирандағы исмаилиттер тарихы. Ол өзінің әдеби білімі болмауы жайлы айтқанымен, замандастары оны жоғары білімді адам ретінде танып, ақындар мен ғалымдардың жігер берушісі ретінде мадақтайды. Ал тарихи жұмыстары стиліне байланысты айтылған пікірлері қол жеткісіз үлгі болып саналады. Еңбек – шығыстағы тарихи дәстүрге айтарлықтай әсер еткен аса құнды тарихи дереккөздің бірі. Өйткені ол – Моңғолияға барып, Шығыс Азия елдері туралы өз жазбаларын қалдырған бірден-бір парсы тілді тарихшы. Оның Шыңғыс ханның жаулап алғандары туралы жазғандары еш жерде дәл бұлай жинақталмаған. Онда Түркістан, Сырдария, Жетісу өңірлеріндегі түркі тайпаларының мәдениеті, жағрапиясы мен саяси өмірі нәм оларды Шыңғыс хан империясының жаулап алуы жайлы мәліметтер молынан кездеседі. Сырдарияның төм. жағы мен Отырардың жоғ. жағындағы әйгілі Ходженттің қоршауымен әскери әрекеттерінің көріністері де осы Тарих-и джахангушайдан белгілі.

 Әдеб.: История Ирана с древнейших времен до конца XVIII в. – Л., 1958; Бартольд В.В. Сочинения. VIII т. – М., 1973; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, I т. – А., 1998; Ата-Мелик Джувейни. Чингисхан. История Завоевателя Мира. – М., 2004.

Н.Мансұров

АЛАТАУ БЕСАЙДАРҰЛЫ (16 ғ-дың ортасы, Түркістан қ. 17 ғ-дың бірінші жартысы, қазіргі Отырар ауд. Мұрын-Қарақ тауы) – Тәуекел ханның Самарқан-Бұхара жорығында бас қолбасшы болған батыр. Кейін Есім ханның құба-қалмақпен шайқасқан жорықтарының кезінде қазақ жақтарының құрметті қарт ағасы атанған.

Сол ұрыстарда есімі қоңырат тайпасының, кейіннен Орта жүздің ұранына айналған батыр-қолбасшы. Самарқанд шаһарына «қала-мемлекет» статусын әперіп, оған Жалаңтөс баһадүрді әмір етіп қоюда Бұхара, Хиуа хандары алдындағы беделінің көмегі тиген. Оның есімі деректерде Әз-Ғар-Аб-Жиенәлі – А. батыр болып айтылады.



Алатау батыр ескерткіші

Әкесі Бесайдар жаугершілікте қайтыс болған, анасының есімі – Бағара. Тәуекел хан мен Есім ханның билігі тұсында Қазақ хандығы іргесін бекітіп, Түркістан қ-сы қазаққа түпкілікті астана болады. 16 ғ-дың соңы 17 ғ-дың бас кезіндегі осы тарихи оқиғалар шежірелік аңыздармен, тарихи жырлармен тұлғаланады. Сыр бойындағы қалалардың Қазақ хандығының иелігіне өтіп, Жоңғар хандығының жойқын шабуылдарына тойтарыс берген осы оқиғалардың барысында шешуші

рөл атқарған тарихи тұлғалардың бірі – А. батыр. А. батыр туралы тарихи дерек көзі «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп аталатын тарихи дастанды жыршы, ақын Қазанғап Байболұлы қағазға түсірген. А. батырдың төңірегіне танылып, ел ісіне араласуына септігі тиген – Сәбилан шешен. Қойтас қажы шежіресінде Ер Тәуекелдің қолдауымен Шымғанның билігіне қол жеткізген Дулаттың Шымыр-Шілмембетінің Досмұхамед биі күйеу баласы, түркістандық Сәбилан шешенді өзіне кеңесші етіп алады. Ол Йассы қ-нда бала күнінен қолында өскен А-дың тәрбиесіне бас-көз болған. Ташкент қ-ндағы қазақтар иеленген үш қақпаның бірі – Күнгейдің сақшыларына бас болған Сәбилан шешен, бозбала шағында батырды Тәуекел ханның қызметіне жегіп, әскери жорықтарына қатыстырған. А.Б-ға қатысты шежірелік аңыздарды бүгінгі ұрпаққа жеткізуші Әлиасқар Байғұтұлының (1898-1981) деректерінде батырдың Иранның Исхаф Шахының тұтқынына түсуі және одан қашып шығуы туралы мәліметтер 1598 ж. Тәуекел ханның Орта Азияға жорығына тұс келеді. Осы жорықтан 12-13 ж. өткен соң 1611 ж. Имамқұли ханмен одақтасқан Есім хан Ташкентте жасақталған бес мыңдық қазақ қосынын Иранға жорыққа аттандырады. А. батырдың тұтқынға түсіп, одан қашып шығуы – осы жыл. Бұхара ханы Имамқұлиға жасаған көмегіне қарамастан ол 1611 және 1613 ж. Ташкентті билеп тұрған қазақтарға шабуыл жасайды. Нәтижесінде қазақ сұлтаны Тұрсынды Ташкентке билеуші етіп тағайындайды. Кейіннен саяси жағдайын нығайтып алған Тұрсын хан Бұхараның билігін мойындаудан бас тартып, өз теңгесін соғып, дербес билік құрады. «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырында: «Сол күнде үш жүздің баласында төрт атақты

батыр бар еді. Ұлы жүзде бөгежейлі елінен Шабайұлы Жақсығұл деген мерген еді. Қоңыраттан Алатау деген батыр еді. Кіші жүз алшын жаппаста Бөртоғашұлы Жиёмбет деген еді. Үйсіннен Сүлеймен батыр»,- деп баяндалады. А. Б-ның қайтыс болған уақыты мен жерленген жері туралы түрлі деректер кездеседі. Бір деректе Алатау батыр 1646 ж. 80 жасында Мұрынқарақ тауына әруақтарға зиярат етіп барған сапарында қайтыс болып, сонда жерленгендігі айтылады. Ал «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырында А. Б-ның жорықта қайтыс болғандығы жөніндегі деректі қуаттай отырып, Сәрсен Бек Сахабат батырдың қайтыс болған ж.н 1628 ж. деп тұжырымдайды. Дәстүрлі деректерде А. батырдың Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазанды көтергендігі жөнінде де деректер айтылады. Қазақ қолын басқарған А. батыр жөнінде шежірелік деректерде Дулаттың Шымырынан шыққан Қойгелді батыр А. батырға жиен әрі күйеу болып келетіндігі айтылады. Қойгелдінің ағайындары Шынқожа балаларының Аңырақай шайқасына дейінгі ұраны «А.» болған. «А.» – қоңырат елінің жауынгерлік ұраны. Қойгелдіні де, оның інілері Қожық пен Ақша батырларды да батырлыққа тәрбиелеген нағашылары – атақты А. батырдың ұрпақтары болатын. Үзеңгілес серігі, батыр, жырау Бөртоғашұлы Жиёмбет:

«Ай, Алатау, Алатау, Осы сен бұрын кім едің? Тоқсан баулы қоңыраттың, Аузындағы пірі едің. Тозығы жеткен еліңнің, Бөз шапанын асылдап, Терезесін тең етіп, Арқаға апарып тіредің», - деп жырлайды. Жекпе-жекке жиі шығып, ежелгі ата-бабасының ұраны «А-лап» жауға шабу – тарихи жадтың жаңғыруы. Қазақ хандығының айбатын асырған Есім ханның Бұқар хандықтарына, Тұрсын ханға қарсы жо-

рықтарында бас сардар болған Жиенәлі Бесайдарұлының абырой-беделі, хандықты нығайтудағы еңбегі оның А. есімін иемденуіне ұласып, Қазақ хандығының тұтас кезеңінде халықтың жауынгерлік рухын көтерген кең қолданысқа айналды.

Әдеб.: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1.Т., – А., 1998; Қазанғап Байболұлы. Еңсегей бойлы ер Есім (Есім хан туралы жыр). Қ.А. Ясауи атынд. ХҚТУ Түркология ин-тының қолжазба қорынан; Сахабат С. Қоңырат этножағрафиясы (тарихи-филогенездік зерттеу) – Шымкент, 2011; Тұрабаев А., Байғұтов А., Әбдіков Т. Алаштың Алатау батыры. – А.: «ҚАЗАқпарат», 2011. – 416 бет; К.Рысбайұлы, Е.Дадабайұлы, Б.Әбділдаұлы. Қойгелді батыр. «Егеменді Қазақстан», 21 қараша, 1992.

Х.Тұрсұн

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ҚАНАТЫ – 1917–24 ж аралығында орт. Ташкент қ. болған Алаш қозғалысының құрамды бөлігі.



Ресей империясының құрамындағы қазақтың саяси-демократиялық қозғалысының геогр. аум-н нақтылау мақсатында қалыптасқан ұғым. Алаш қозғалысының қызметі орынборлық, семейлік, қызылордалық, ташкенттік және алматылық деп кезеңделсе, ұйымдық құрылымы бойынша бірнеше бөлікке бөліп қарастырылады. Қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты 1918 ж. Уфа Директориясын құруға арналған мәжілісте Алаш автоно-

миясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім қабылданған. Ал Түркістан өлкесінде ресми түрде бұндай ұйымдық құрылым қалыптастыру туралы шешім қабылданған жоқ. Содан да Алашорданың Батыс бөлімі Алашорда үкіметінің құрылымдық бөлімі болса, А.қ.Т.қ. жалпы Алаш қозғалысының құрамды бөлігі ретінде қарастырылады. 1917 ж. 2-5 тамыз аралығында Ташкент қ-да өткен Түркістан өлкесіндегі қазақ халқы өкілдерінің съезі қозғалыстың алаштық саяси тұғырнамасын айқындады. Дегенмен, 1917 ж. күзіндегі саяси қарбалас тірліктер өлкеде ұйымдық құрылым қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Өлкедегі алаштық қайраткерлер дербес саяси құрылым ретінде емес, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы құрамында Түркістан Мұхтариятын құру мен қалыптастыру қызметіне қызу араласты.

А.қ.Т.қ. туралы тұжырым алғаш рет Түркістандағы партия-кеңес органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен аттас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 ж. маусымынан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың «тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді», - деп сипатталды. Түркістандағы Алаш қозғалысының тарихи дерегін қалыптастырған Т. Рысқұловтың Түркістандағы Алаш қозғалысының қызметі туралы ойлары мен тұжырымдары 1923 ж. маусымда «Советская степь», 1935 ж. 18 мамырда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған және т.б. еңбектерінде одан әрі өрбітілген.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ зиялыларының рөлі туралы К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев, К. Есмағам-

бетов, Х. Тұрсұн О. Қоңыратбаев, С. Шілдебай және т.б. ғалымдар, сол сияқты ресейлік Д. Аманжолова, өзбекстандық С. Ағзамқожаев, Р. Абдуллаев, Д. Алимова, А. Голованов, С. Тілеуқұловтар ұлт зиялыларының Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы орны мен рөліне шынайы баға беруде тың тұжырымдар жасады. Кезінде Г. Сафаров Түркістан Мұхтарияты үкіметін құруда қазақ зиялылары белсенді рөл атқарғандығын атап көрсеткен. 1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген саяси дайындығы мол М. Тынышбаев, М. Шоқай, С. Лапин, Ә. Оразаев, С. Ақаев, Қ. Қожықов және т.б. этноэлита өкілдері 1917-1918 ж. Түркістандағы тарихи оқиғалардың алдыңғы сапына шықты.

Қазақ зиялыларының саяси күрестің алдыңғы сапына шығуының алғашқы тарихи тәжірибесі ретінде өлкедегі «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесінің қызметін атауға болады. Үйірме қызметінің өзегі ұлт-азаттық күресте саяси тәсілдерге сүйенуімен ерекшеленеді. Үйірмеде Мұстафа Шоқайдың саяси-идеялық көшбасшылығы айқын аңғарылады. Оның басшыларының саяси қызметі қазақ облыстарына да танымал болды. Ә. Бөкейханов бастаған зиялылар Минск қ-нан «Қазақ» газеті арқылы елдегі игі жақсыларға жолдаған бағдарламалық жеделхатта «Кеңес» үйірмесінің мүшелері Түркістан қ-ндағы С. Өтегенов, Андижандағы Қ. Қожықов, Ташкенттегі Ә. Көтібаров, Қоқандағы С. Ақаевтар аталады. А.қ.Т.қ. қызметінде Сырдария облысы қазақтарының съезі ерекше орын алады. Сол сияқты кеңестік билік орныққаннан кейінгі кезеңде өлкеде жартылай жария, жартылай жасырын жағдайда қызмет істеген қозғалыс әрекеті арқылы «Ақ жол» газеті

бастаған ұлттық басылымдардың жарық көруі, Әулиеата қ-нда өткен қазақ съезі, мәдени-ағарту саласындағы реформалар, Жетісу облысындағы жер-су реформасы алаштық идеяның жалғасы бола алды.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының құрамында өлкедегі жергілікті ұлт зиялыларымен тығыз бірлікте жұмыс жасағандықтан А.қ.Т.қ. саяси қызметінің мазмұнында аймақтық, конфессиялық және идеялық сипаттағы ерекшеліктері болды. Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отарлыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысымен байланыста болған М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқай, Қ. Қожықов, С. Өтегенов және т.б. қайраткерлердің саяси көзқарастары мен қызметтерінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты. М. Тынышпаев, М. Шоқайдың өлкедегі саяси қозғалыстың және Түркістан Мұхтарияты ұлттық мемлекетінің басшылығында болуы Алашорда үкіметімен тығыз байланыс жасауына мүмкіндік беріп, олар қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Алашордашыларға кешірім жасалғаннан соң Түркістанда билік басындағы ұлттық саяси элита өкілдері Н. Төреқұлов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Асфендияровтар алашшыл қазақ зиялыларын түрлі қызметтерге тартты. Өлкедегі қазақ облыстарында жер-су реформасын жүргізуде алаштық идея жарқын көрініс тапты. Олардың басшылығымен Ташкент қ-на топтасқан қазақтың саяси, шығармашылық элитасы өкілдерінің қызметі мәдениет тарихындағы аса бір сәтті де шығармашылық тұрғыда жемісті кезең болды. А. Байтұрсынов, М. Дулатов. Х. Досмұхамедов, Ж.

Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Асфендияров, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Қ. Кеменгеров т.б. қайраткерлердің 1924 ж. ұлттық-аум-тық межелеуге дейінгі мәдени-ағартушылық қызметі кеңестік билік жағдайында Алаш қозғалысы көтерген ұлттық идеяларды батыл іске асыруымен ерекшеленді. А.қ.Т.қ. қызметі арқылы Алаш қозғалысының геогр. ауқымы кеңейді және оның уақыттық шегі ұзара түсті.

Әдеб: Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 бет; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 бет; Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движение Алаш. – М.: «Россия молодая», 1994. –216 с.; Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ., 2013.

Х. Тұрсұн

АЛДАБЕРГЕНОВ Нұртаза Орынханұлы
(20.11.1947, Оңт. Қазақстан обл. Арыс қ.)
– археолог, «ҚР Мәдениет қайраткері».



Ташкент ун-тінің тарих ф-тінің археол. бөлімін (1970) тамамдаған. 1970 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының Отырар археол. экспедициясы құрамында ежелгі Отырар қ-нда

жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарына қатысуды бастады. 1970-71 ж. Шымкент обл-ның Қызылқұм ауд. оқу бөлімінің инспекторы, 1971-73 ж. Қазақ КСР Мәдениет мин-нің Респ. ғыл. қайта қалпына келтіру шеберханасында археолог болып қызмет атқарды. Осы ж-дары Түркістан қ-нда жүргізілген қазба жұмыстарына қатысты. 1973 жылдан С.М. Киров атынд. Қазақ мемл. ун-тінде (казіргі ҚазҰУ) аға зертханашы, оқытушы болып қызмет жасады. 1980-83 ж. Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасында оқыды. 1974-2004 ж. Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе қалажұртында жүргізілген қазба жұмыстарына қатысты. Ортағасырлық Ақтөбе қ-на қатысты көптеген мақалалар жариялады. 2006 ж. оның проф. У.Х. Шәлекеновпен бірігіп жазған «Ортағасырлық Ақтөбе» атты кітабы Анкарада шықты. 2004-11 жылдан – Отырар мемл. археол.-мұражайының директоры, 2011 жылдан – директордың ғыл. кеңесшісі.

Шығ.: Отырар алқабы. – А., 2005; Ортағасырдағы Ақтөбе. – Анкара, 2006. Свод памятников истории и культуры РК. Жамбылская обл. – А., 2002.

Әдеб.: Алдабергенов Н. Библиографиялық көрсеткіш. – А., 2017.

М.Қожа

АЛДАБЕРГЕНОВ Серікұл (1883 ж. Түркістан төңірегіндегі Жаңақорған болысы Төменарық а. – ө.ж.б.) – Алаш партиясының мүшесі, Түркістан ұлттық элитасының өкілі. Әкесі Алдаберген қажы қажылық сапарында дүние салған. А. сегіз жасында Жөлек орыс-бұратана мектебінде білім алады. 1893 ж. Ташкенттегі ер балаларға арналған сегіз ж-дық гимназияға оқуға түскен. Оқу орынын он сегіз жасында «Суды пайдалану және жерді игеру» мамандығы бойынша бітірді.

Туған жеріне келіп, егістік жерлерді суландырумен айналысады. А. 1904-12 ж. Перовскіде уезд бастығының орынбасары қызметін атқарды. Сыр бойындағы тұрғындардың әлеум.-экон. дамуына өз мүмкіндігінше үлес қосты. 1912 ж. Төменарық болысының басқарушысы болып сайланды. Ташкентте Мұстафа Шоқай арқылы «Кеңес» үйірмесінің жұмысына қатысып, саяси жұмыстарға тартылды. Сол кезде С.Өтегенов, Қ.Қожықов, С.Қожанов С.Ақаев, А.Оразаев, және т.б. ұлт зиялыларымен араласады. Өтегенов пен А. 1917 ж. Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақ съезіне М.Шоқаймен бірге қатысып, съезд аяқталған соң Түркістанға бірге қайтқан, ежелден дос-сырлас адамдар болған. Бірінші Жалпықазақ съезінде көтерілген қазақ даласындағы ұлттық бірлік, ұлттық мемл. түріндегі алаштық идеяны Түркістанда іске асыру – өлкедегі Сырдария және Жетісу обл-тарын қазақ еліне қосуға бағытталды. Түркістан өлкесінде осы идеяны насихаттаған қайраткерлердің бірі А. еді. Қазақ ұлтының тәуелсіздік мәселесін қараған 5-13 желтоқсан 1917 ж. Орынбор қ-нда өткен Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысында Сырдария обл-нан қатысқан делегаттарының қатарында А-та болады. Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қ. жаңа жағдайда ұлттың рухани орт. болып танылған тарихи миссиясын осы жолы да атқарды. Алаш зиялылары съезде ұлттық мемл-тің аса маңызды белгісі – терр. тұтастыққа қол жеткізу идеясын алғаш рет көтерді. Осы съезді шақыруға байланысты Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың «Қазақ» газетінде жарияланған «Сырдария облыстық съезін шақыру туралы» жеделхатында «съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылды» деген тізімде А. есімі кездеседі.

Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан төңірегінде туып өскен Өтегенов, Қожанов, Қожықов және А. белсене қызмет жасаған. Бұл съезд өзінің мәртебесі бойынша Алаш қозғалысының съезі болды. Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесін күн тәртібіне қойған бұл съезге негізін Сырдария обл-ның делегаттары құраған 82 өкіл қатысты. М.Тынышпаев пен Шоқай арнайы шақырылғанымен Түркістан автономиясындағы үкіметтік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Алашорда үкіметі атынан Б.Құлманов, М.Дулатов, Т.Құнанбаевтар қатысқан съездің қабылдаған шешімдері біртұтас қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ұлттық элита қызметін айшықтай түсті. А. Ташкенттегі ерлер гимназиясында Жорабек Есеновпен қатар оқыған. 1918 ж. А. пен Ж. Есенов Перовск уездік атқару к-тінде бірге қызмет істеген. А. жер бөлімінің бастығы болса, Ж. Есенов уездік милицияның бастығы болған. Жергілікті халыққа өте жайсыз тиген уезд бастығы шовинист И. Гержод қызмет істеген жылдары билікке араласқан ұлт зиялыларын террорлық жолмен қуғын-сүргінге ұшыратқан. Есеновтың көмегімен атылудан аман қалған А. ағайын-туыстарымен Қызылқұмға, одан әрі Өзбекстанға көшіп кетеді. И. Сталиннің Қырғыз өлкелік партия к-ті бюросының мүшелеріне 1925 жылдың мамырында жазған «Ақ жол» газетін қайта құру туралы хатында эмиграцияда жүрген Шоқайдың Қазақстандағы интеллигенциямен байланысы сөз болып, оларды партиялық және баспасөз қызметінен аластау мәселелері көтеріледі. Осы хаттың ықпалымен Қазақстандағы Шоқаймен араласқан зиялылардың бәрі де қара тізімге алынып, құқық қорғау органдары тарапынан қуғындауға түсті.

Осы хаттың ызғарымен А. Алаш қозғалысына қатысқандығы және Шоқаймен байланысы үшін қуғындалды. 1934 ж. 28 маусымда А. Самарқанд қ. төңірегіндегі Қаражантақ деген жерде ұсталып, қамауға алынды. Оған контррев. ұйымның басшысы болды, жергілікті халықты ауа көшіруге әрекет жасады деген айып тағылып, 1935 ж. 25 наурызда КСРО ІІХК Айрықша кеңесінің шешімімен Красноярск өлкесіне 5 жылға жер аударылған. Оның кейінгі тағдыры белгісіз. 1959 ж. толық ақталған. Туған жері Байкенже ауылдық окр-нде көшеге есімі беріліп, 2018 ж. А-қа ескерткіш белгі орнатылған.

Әдеб.: Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. – А.: «Алаш, 2005, -т.2. – 496 бет; Бибасарұлы А. Бәйтеректің қос бұтағы. Деректі баян. –А.: «Арыс», 1999. – 172 бет; Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. А.: «Алаш, 2005 – 3-т., 1-кітап; Шоқай Мұстафа. Таңдамалы шығармалар. 3-т. // Бәкірұлы Ә. М. Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы.

Х.Тұрсұн

АЛДАБЕРГЕНОВ Тілеулі, Алла-Бергенов Телеули (1856, Түркістан қ. – ө.ж.б., Түркістан қ.) – 2-Ресей Мемл. Думасының депутаты. Депутат болып сайланғанға дейін Түркістан қ-ның арық ақсақалы (қала басы – городской начальник) қызметінде болған. Үй жағдайында мұсылмандық білім алған, кейін Түркістан қ-дағы бастауыш орыс-бұратана мектебін бітірген. Мал ш-мен айналысқан ірі бай. Ешқандай партияда жоқ. 1907 ж. 2-Ресей Мемл. думасына Сырдария обл-ның көшпелілері (қазақтар) атынан сайланған. Думаның мұсылмандар фракциясына енгенімен Дума комиссияларына енбеген және дума мінбесінен сөз сөйлемеген. Жоғары білімінің және саяси дайындығының болмауы депутаттық

мандаттың құқықтарын пайдалануға мүмкіндік бермеді. А. Думаға депутат болып сайланғанға дейін Түркістан қ. төңірегіндегі Қаңлы-Сапар болысында болыс басқарушысының орынбасары болып та қызмет істеген. Мұрағат деректерінде А. осы кезде Түркістандағы өсімқор бұхаралық еврейлерге 40 мың рубль қарыз болғандығы жазылған. Түркістан уезіндегі еврейлердің әрекетін тексерген титулярлық кеңесші Карцев Түркістан қ-ның ақсақалы А. өсімқор еврейлерге 10 мың рубль, Түркістан ақсақалдығының өзі 30 мың рубль қарыз болғандығын жазады. Бұл деректер қайраткердің өз кезінде белсенді қаржы-ш. жұмыстар жүргізгендігін танытады. Думадағы қызметінен соң кеңестік билік орнағанға дейінгі кезеңде Түркістан қ-ның басшысы ретінде қаланың әлеум.-экон. инфрақрылымын жаңарту бағытында жұмыстар жүргізген. Түркістан қ-нда оның есімі көшеге берілген.

Әдеб.: Мусульманские депутаты Государственной думы России 1906-1917 гг. Сб. Документов и материалов / сост. Л.А.Ямаева. – Уфа, 1988. С.277; ЭРОМА, 1 қор, 27 –тізбе, 1594-іс, 3 –п (на ру. ЦГА РУэ).

Х.Тұрсұн

АЛПЫСБАЕВ Хасан (6.11.1928, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 30.4.1978, Алматы қ.) – Қазақстандағы тас дәуірі археологиясының негізін қалаушы, археолог ғалым. 1935-45 ж. Алматы обл-ндағы Қаскелең балалар үйінде тәрбиеленді. Ташкент Орта Азия мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1950) бітірген. Өмір бойы Қазақстан ҒА Ш.Уәлиханов атынд. Тарих, археология және этнология ин-тында қызмет атқарды. 1957-60 ж. Қаратау палеолит отрядын басқарды. Оңт. Қазақстанның ежелгі адамдардың қоныстану орт.

болғаны туралы тұжырым айтты. 1958 ж. «Позднепалеолитическая стоянка Костенки-II» тақырыбында канд. диссертация қорғады. 1974 ж. тас дәуірін зерттеумен айналысқан Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясын басқарды. А-тың Қазақстан археологиясындағы маңызды жетістіктерінің бірі 20 ғ-дың 50 ж. ортасында Оңт. Қазақстандағы Қаратаудан көне палеолит орындарын табуы болды. Ол орындарды А. және геолог Г.Я.Ярмак тапты. Бұл ашулар Қазақстан археологиясындағы жаңа бағыт – палеолитті зерттеуге бастама болды.



Қаратау өңірінен 200-ден аса тас дәуірі тұрақтарын тауып, ғыл. айналымға енгізген. Ш.Уәлиханов атынд. көп қабатты палеолит тұрағын (Оңт. Қазақстан Обл. Бәйдібек ауд.) және ерекше неолиттік үнгір тұрақ Қараүңгірді (Түлкібас ауд.) алғашқы ашушы ғалым. Қазақстан терр. ежелгі адамдардың қоныстанған жері деген алғашқы пікірді айтушы болды. Отырар алқабындағы Жаңашілік, Маятас, Шілік, Тасқотан, т.б. көптеген ескерткіштерді ашып, зерттеген. Оңт. Қазақстан өңірі ежелгі адамдар мәдениетін сипаттайтын ірі ошақтардың бірі болғандығын ғыл. тұрғыдан дәлелдеген. А. Оңт. Қазақстандағы Қаратау шатқалдарында, Сырдария аңғарларында тас дәуірі ескерткіштерін

жүйелі зерттеді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 1979 ж. монография ретінде Бөріқазған, Кемер, Қызылрысбек, Тоқалы, Дарбаза палиолит тұрақтарының материалдары жарияланды. «Қазақстан тарихы көне заманнан қазіргі кезге дейін» атты жариялымның (Тас дәуірі бөлімі) авторларының бірі. Көптеген ғыл. зерттеулер авторы.

Әдеб.: Алпысбаев А.Х. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. – А., 1979; Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. – А., 2006; Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Казах. сов. энц. – А.-А., 1972; Г. П. Старушенко Шимырбаева Г. Общие темы ученых ЭЛЕКТ // <http://www.kazpravda.kz>; <http://www.farsah.kz/rus/res/5>.

Д.Мұстапаева

АЛТАЕВ Адасқан (1920, қазіргі Түркістан обл. Отырар ауд. Балтакөл а. – 2.10.1989, сонда) – өлкетанушы, халық мұрасын жинаушы, ұстаз, құсбегі. ҚазМУ-дың тарих ф-тін (1961) бітірген. 1937-1980 ж. Балтакөл а-нда пед. қызмет атқарған. 3000-нан астам археол.-этногр. жәдігер жинап, 1958 ж. мектеп-интернат жанынан өлкетану мұражайын ашқан.



Мұның құнды бөлігі – ортағасырлық теңгелер жиынтығы болды. Оның

жинаған археол. коллекциялары негізінде Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық-мұражайының жанынан «Археология мұражайы» құрылды. Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық-мұражайында және Отырар мемл. археол. қорық-мұражайында қызмет атқарды. А. жинаған жәдігерлердің бір тобы Балтакөл а-ндағы мектептің өлкетану мұражайында сақталуы. А-тың құсбегілік өнерін КСРО ҒА этногр. ин-ттың ғыл. қызметкерлері зерттеген (Қ. Сарыбаев. «Құсбегіде қонақта болды». «Социалистік Қазақстан». 12.III. 1987). А-тың өлке тарихына қатысты бірнеше танымдық мақалалары жарық көрген.

М.Қожа

АЛТЫНТӨБЕ – ортағасырлық көне қала орны. Отырардың солт.-батысында 7 км жерде орналасқан. 1947-49 ж. А. (Отырар маңы) қ-ның орнынан табылған құмыра және шырағдан 7-8 ғ-ға жататынын көрсетті. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. А.Н. Бернштам), 1969-70, 1986 ж. (жетек. К.А. Ақышев) зерттеген. Қала орны – солт-тен оңт-ке қарай созыла орналасқан төртбұрышты төбе. Сыртқы қорғаныс қабырғалары солт-тен оңт-ке қарай 950 м, батыстан шығысқа қарай 500 м. Цитаделі мен шахристаны орта тұсында орналасқан. Цитадельдің биікт. 12,5 м, көл. 100x100 м. Оңт. шетінде орналасқан шахристанның сыртынан қоршаған дуалдың әр жерінде күзет мұнараларының орындары сақталған. Қабырғаларының көл. 100x160 м, биікт. 6,5 м. Жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қыштан, шыныдан жасалған ыдыстар, темір заттардың қалдықтары табылды. Бөлмелердің бірінің еденінен табылған түргеш дәуірінің теңгелері қаланың уақытын анықтауға көме-



Алтынтөбе

гін тигізді. Ол Оңт. Қазақстан мен Жетісу жерінде 8-10 ғ-лар аралығында пайдаланылған. А. Құйрықтөбе, Көкмардан, Марданкүйік, т.б. қалалар секілді Отырардың серігі болған. Қазба кезінде алынған заттай деректер қаланың б. з-дың басында қалыптасып, 11 ғ-ға дейін болғанын көрсетеді.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

АМАН БИКЕ ЖӘНІБЕК ХАН ҚЫЗЫ (т.ж.б. – 1518, хижр. 925 раджаб) – қазақ ханшайымы. А. Б. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген. Кесенеде А.Б. құлыптасы сақталған. 1895 ж. П.Н.Ахмеровтың



Аман бике Жәнібек хан қызының құлыптасы.

16 ғ.

Лутфулла қожа ата Қазиевтің қолжазбасынан жасаған аудармасында «Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи мешітінің үлкен күмбезіннің құдықханаға кірер есігінің алдындағы құлыптастағы жазуды да аударды. Қабіртаста «бұл зират кешірілген, ізгілікке толы, адамдар назарынан жасырын, Барақ ханның ұлы Жәнібек ханның қызы Аман Бике ханшаға тиесілі. Қасиетті раджап айында хижра жыл санағы бойынша 925-ші ж.» деген жазу мәтіні түсірілген. А. Б. ханшаның қайтыс болған ж. хиджра бойынша 925 раджаб айы – 1518 жылдың маусымы (кейбір деректерде 1519 ж.) деп көрсетілген. Исламды қабылдаған түркі халықтарында қабіртастарда Құран аяттары немесе хадистер, марқұмды бейнелеген, оның ізгі істері, өмірі туралы жазылатынына назар аударсақ, Жәнібек ханның қызы А. Б. қабіртасындағы жазулардың мәтіні ханшаның жақсы, игілікті іс әрекеттің иесі болғанын, адамдар көзінен тыс, сыпайлығы мен инабаттылығын бейнелегендей. А. Б. ханымның құлыптасы 1894 ж. П.Н.Ахмеровтың Лутфулла қожа ата Қазиевтің қолжазбасын Ә.Диваевтың ұсынуымен жасаған аудармасына қарағанда қазандық бөлмесінің құдықхана бөлмесінің есігінің алдында тұрғанын, ал 1928 жылғы М.Е.



Аппақ Ишан мешіт-медресесі

Массонның жазған зерттеуінен Кіші Ақсарайда тұрғанын байқауға болады. 1974 жылғы М.Д.Галкинаның қабіртастардың орны берілген жоспарында А. Б. ханымның құлпытасы Қазандық бөлмесінде, Үлкен Ақсарайға және Кіші Ақсарайға баратын дәліз есігінің сол жақ тұсында орналасқаны көрсетілген. Құлпытастар да өз иелеріне қатысты ақпараттарды ала отырып, көп уақыт саяси-әлеум., т.б. өзгерістер мен іс-әрекеттердің тезіне кезігіп, өзіндік жағдайды кешкені байқалады. А. Б. ханшаның өмір сүріп, қайтыс болған кезеңдері қазақ хандығының өзінің ең жоғары қуаттылығына жеткен уақытпен тұспа-тұс келеді. А. Б.-нің жерленген уақыты Қасым ханның Түркістанға билік еткен тұсымен сәйкес келеді.

 Әдеб.: Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясеви // Известия общества археология, истории и этнографии при Казанском ун-те. Т.13, вып. 6. 1896; Ажигали С.Е. Мемориальные камнерезные памятники кочевников Арало-Каспия как историко-этнографический источник // Интеграция археологических и этнографических исследований. Сб. научных трудов. /под.ред. А.Г. Селезнева, С.С. Тихонова, Н.А. Томилина. – Нальчик: – Омск, 2001.; Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Таш., 1930.; Тарихи-и Абулхайрхани. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских

и тюркских сочинении). – А.-А., 1969; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – А., 2000.

Д.Мұстапаева

АППАҚ ИШАН МЕШІТ-МЕДРЕСЕСІ – сәулет кешені, ХІХ ғ. 80 ж. - ХХ ғ. басында Қазақстан жерінде салынған ең ірі медресе құрылыстарының бірі. Түркістан обл-ның Бәйдібек ауд., Шаян а. орналасқан. Бұл құрылыстарды салғызуды ХІХ ғ. екінші жартысында Қасым ишан қолға алған. Кейіннен оның ұлы Сабыр жалғастырған құрылысты немересі Аппақ ишан ХХ ғ. басында аяқтаған екен. Кешен күйдірген кірпіштен соғылған жеке-дара медресе, мешіт және дәрісханадан тұрады. Бұлардың қасында қыштан өрілген мұнара болыпты. Кеңестік дәуірдің басында (ХХ ғ. 30-шы ж.) мұнара арнайы бұзылған. Медресе ғимараты жоспарда П үлгісінде салынып 32 бөлмеден тұрады. Оның 4 бөлмесі дәріс оқуға арналып, 25 бөлмесі талапкерлер тұратын құжыраханалар етіп тұрғызылған. Медресеге іргелес солтүстікте мешіт тұрғызылған. Мешіттің орталық михрабы бар бөлмесі үлкен және биік күмбезбен көмкерілген. Басқа бөлмелер 10 шағын күмбезбен жабылған. Мешіттің шығыс бөлігі бастырма іспетті етіп салынып қыштардан өрілген бағандардан тұрады. Бағандардың төбесі 20

күмбезбен жабылған. Сәулет кешенінің бізге жеткен үшінші бөлігін дәрісхана құрайды. Оның ауданы 11 x 9 м. үш бөлмеден тұратын бұл ғимараттың төбесі де күмбездермен өріліп жабылған. Аппақ ишан медресе-мешіті кешеніне тең келетін Қазақстанда басқа XIX-XX ғғ. сәулет құрылыстар жоқ десе болады. Шаян а. осы кешенмен қатар Аппақ ишан кесенесі (ауданы 5,3 x 5 м), көрхана құрылыстары сақталған.

Әдеб.: Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия АН Каз ССР. Серия архит. 1959. Вып 2. Елгин Ю.А. Архитектурный комплекс в Чаяне // Архитектура и строительство Узбекистана. 1990, №5. С.37-39. Тұяқбаева Б.Т. Архитектурный комплекс // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы, 1994. С.67-70.

М. Қожа

АРАЛБАЙ / АРАЛ БИ (1702, Түркістан обл. Бәйдібек ауд. – 1754, Шу өңірі) – қазақ-қалмақ соғысының батыры, елші. Әкесі Жолымбет Қаратауды жайлаған Сіргелі атасының биі болған. Ол 1684 жылғы Сайрам соғысында ересен ерлігімен танылған, сол шайқаста ауыр жарақат алған. А. орыс құжаттарында Шұлымов (Жолымов-М.М.) болып бұрмаланып жазылған. Би-батырлардың қатарында А-дың қоғамдағы орны жоғары екенін 1734 ж. Ұлы жүз атынан жүргізілген бодандық келіссөз құжаттарынан да көреміз. Жолбарыс ханның (атынан) елшілері А. мен Оразкелді Кіші жүздегі Ералы сұлтанмен бірге Ресейге (Петербургке) барып, патшайым Анна Йоановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар, Сатай, Ханкелді, Бөлек сынды батырларының атынан жазылған хатын тапсырады. 1739 ж. Түркістанда Әбілмәмбет Үлкен хан сайланғанда сайлау шараларына қатысқан

орыстың зерттеушілеріне А. тілмаштық қызмет атқарған. 1741 ж. жоңғарлар 30 мыңдық әскермен үш жақтан шабуылға шыққан. Түркістан өңіріне Сары Манжы басқарған әскерлер ат қойды. Қазақтар бұл шайқасты «Сүзекінің қолы» деп атаған. Осы аласапыран шайқаста А. батыр бастаған үлкен орданың сарбаздары қалмақтарға ойсырата соққы береді. А. жоңғарларды Қазақ жерінен ығыстыруда да жаужүректік танытады. А. батыр Әбілпейіз сұлтанды қолдап, жоңғарлардан босаған шұрайлы өлкеге қазақтарды қоныстандырудың басы-қасында болды. Түркістан сияқты қалалық алқаптан ажырап қалған қазақтың шығыс бөлігіне қытаймен екі арада сауда қатынасын ашуға көмектесті. А. батырдың жерленген жері туралы әзірше нақты мәлімет жоқ.

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Материалы по истории Росии. Т. 2. – Оренбург, 1910; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сб. док-в и матер-ов. – А.-А., 1961; П.И. Рычков, Н.П. Рычков. Капитан жазбалары. – Аст., 2002; Салғараұлы Қ. Қазақтар. – А., 1995.

М. Миразов

АРҒЫНБАЕВ Халел (21.9.1924, Павлодар обл. Баянауыл ауд. 17-а. – 8.8.1998 Алматы қ.) – кеңестік және қазақ этнографы, археолог, тарих ғыл. докт., проф. Этнографтардың қазақ мектебінің негізін салушы. Петропавловск қ-нда мектеп талдырығын аттап, 1934 ж. 2 сыныпты бітіріп, осы ж. отбасы Новосібір қ-на қоныс аударып, 3 сыныпты аталған қалада аяқтайды. 1935 ж. Талдықорған обл-ның Қаратал ауд-на, 1938 ж. Қапал ауд-на қоныс аударады. 1938-39 ж. А. Қоңыр орта мектебін бітіріп, Қапал пед. үч-щесін (1942) аяқтайды. 18 жасында Ұлы Отан соғысының майданында күрескен. Қатардағы жауынгер А. ерліктері елдің ерекше

марапатымен лайықты бағаланды. Абай атынд. Мемл. пед. ин-тының тарих ф-ін (1951) бітіреді.



Осы жылдың тамыз айында Панфилов қ-ндағы пед. уч-щеге оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметіне жіберіледі. Осы қызметті атқарумен қатар, ол тарих пәнінен сабақ береді. А. қазақ халқының заттық және дәстүрлі рухани мәдениетіне және көршілес орыс-украин халқы мәдениетінің өзара әрекет етуіне назар аудара бастайды. 1954 ж. Қазақ КСРО ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атынд. Тарих, археология және этнография ин-тының этнография бөлімінің аспирантурасына оқуға түседі. А-тың ғыл. жетекшісі этногр. бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарған И.В.Захарова болды. Осы кезеңде көптеген экспедициялар жұмыстары басталады. А. және И.В.Захарова 1958 ж. Оңт. Қазақстан обл-нда этногр. экспедиция ұйымдастырып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл экспедиция жұмысының қорытындысы 1961 ж. жарияланды. Аспирантура мерзімі аяқталған соң А. диссертациялық жұмысын Шығыс Қазақстан бойынша кеңейтіп жалғастырады. 1960 ж. 19 мамырда «Орыс және қазақ халқының тарихи-мәдени байла-

нысы және олардың 19 ғ-дың ортасы мен 20 ғ. басындағы қазақтардың заттай мәдениетіне ықпалы (Шығыс Қазақстан материалдары бойынша)» тақырыбында диссертация қорғайды. А. көптеген жылдар бойы әр облысқа, аудандарға Шығыс, Солт., Орт., Батыс, Оңт. Қазақстан және Жетісу жерлеріне ғылымдағы аға әріптестерімен – академик Ә.Х.Марғұлан, тарих ғыл. канд. И.В.Захарова, жас ғалым М.С.Мұқанов және Р.Д.Ходжаевамен жасалған экспедицияларының нәтижесінде ел арасынан қыруар мәліметтер жинады. Бұл мәліметтер Орта Азия және Қазақстанның тарихи-этногр. Атласына, екі томдық «Орта Азия және Қазақстан халқы» этнографиясына, «Қазақ колхоздық ауылдарының мәдениеті мен тұрмысы», сонымен қатар Ин-ттың этнология бөлімі қызметкерлерінің болашақтағы ғыл. зерттеулеріне құнды мәліметтер болып табылды. 1960 ж. А. қазақтың дәстүрлі мал ш-ның қалыптасуы және тіршілік қамы жүйесінің өзекті мәселелеріне көңіл аударады. А. 1975 ж. республикамыздың ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих, археология және этнология ин-тының Диссертациялық кеңесінде «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты докт. диссертациясының қорғауына негіз қалады. Ғалым түрлі антропологтар мен этнографтарға арналған ғыл. форумдарға: 7- (Мәскеу, 1964) және 9- (Чикаго, 1973) халықар. конгресс, Бүкілодақтық сессия және симпозиумдар Ашхабад (1967), Ташкент (1969), Алматы (1972), Мәскеу (1974) белсене қатысады. А-тың 7 монографиясы, 167 мақ., солардың ішінде докт. диссертациясын қорғаған уақыттан бері қарай 2 монография және 102 мақ. жарық көрді. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. ТАЭИ ғыл. өміріндегі ерекше құбылыс ретінде 1995 ж. «Қазақтар. Тархи-этнографиялық

зерттеу» атты ұжымдық монографиясы жарыққа шықты. А. жетекшілігімен «этнография» мамандығы бойынша Алматы және Мәскеу қ-ларында 15 докт. және канд. диссертациялар қорғалды. Ғалымның шәкірттері арасында құнды жұмыстарымен республикамызда танымал тарих ғыл. докт. Ү.Қыдыралын, С.Е.Әжіғали, Ж.О.Артықбаев, Ш.Ж.Тохтабаева, А.У.Тоқтабай, А.Б.Қалыш және т.б. атауға болады.

Әдеб.: Арғынбаев Х.А. Қазақтың мал шаруашылығы хақында. – А.-А., 1969; Арғынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и начале XX вв. // Труды ИЯЭ АН КазССР. – Т.6. – А., 1959; Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана // Труды ИЯЭ АН КазССР. – Т.12. – А.-А., 1961; Аджигалиев С. Халел Арғынбаев // Наука Казахстана. – А., № 23 (34), 1994; «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. – А., 1998; Калыш А. Б., Исаева А. И. Халел Арғынбаев — идный казахстанский этнолог. История. rusnauka.com (Октябрь 2012); Калыш А.Б., Исаева Ә.И. 1945-2000 жылдардағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атынд. тарих және этнология институтындағы этнография ғылымының дамуы // Отан тарихы, 2003; Казах. Историко-этнографическое исследование. – А., 1995;

Д.Мұстапаева

АРИСТОВ Николай Александрович (1847 – ө.ж.б.) – этнограф, түрколог. Қазан ун-тінің заң ф-тін (1864) бітірген. 1864-1868 ж. Тобыл губерниясының басқармасында қызмет атқарды. 1868-1881 ж. Жетісу обл-нда түрлі әкімш. қызметтер атқарды. 1881-1889 ж. Жетісу обл. Әскери губернаторының көмекшісі, 1893 ж. Ресей геогр. қоғамының мүшесі, Қоғамның Орта Азиялық мүшесі болды. «Живая старина» журналымен ынтымақтастықта жұмыс жасады. Түркология

ғылымына қазіргі уақытқа дейін маңызын жоғалтпаған түркі халықтары туралы еңбегі арқасында келді. «Түркі тайпалары мен халықтарының этник. құрамы жайлы және олардың адам саны жөнінде мәліметтер», деп аталатын еңбегінде Якуттардан Осман түріктеріне дейін бір-бірін түсінетін бір тілде сөйлейтіндігі және жалпы түркілердің саны 20 млн адам деп көрсетеді. Сондай-ақ, түркі тайпалары мен халықтарының әлемдік тарих сахнасына шығу кезеңінен бастап, 19 ғ-дың аяғына дейінгі тарихы, этник. құрамы, орналасуы, халқының саны, Қазақстанның Ресеймен, басқа да елдермен қарым-қатынасы туралы деректер береді. «Ұлы жүз қырғыз-қазақтар мен қарақырғыздардың этникалық құрамын анықтау тәжірибесінен ...» атты еңбек «Үлкен Орданың» этникалық құрамы; «Қара-қырғыздардың рулары мен шығу тегі»; «Қара-қырғыздардың түрлері және антропологиялық зерттеулердің бастамасы» атты тараулардан құралған. А. халық шежіресіне сүйеніп, рулық бірлестіктердің ұраны мен таңбаларын, ұлы жүз руларының бір-бірімен және басқа жүз руларымен араласуын зерттеді, тарихи деректер мен сол кезде жаңадан дамып келе жатқан антропол. зерттеулерді негізге ала отырып, Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардың этник. құрамының тарихын этнограф. және антропол. зерттеу нәтижелері тұрғысынан жазды.

Шығ.: О земле половецкой. – «Изв. Истор. филол. ин-та им. А.А.Безбородко в Нежине», №1. – Нежин-Киев, 1874. – 26 с.; Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и каракиргизов, на основании родовых сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований. – СПб., 1895. (отд.

отт. из Живая страна, вып 3-4, 1894); Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 182 (отд. отт. из Живая страна, вып 3-4, 1896).

Әдеб.: Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. – М.: «Наука», 1989; «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 720 бет; Түркістан. Халықар. энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 656 б.

М. Тастанбеков

АРПАӨЗЕН ПЕТРОГЛИФТЕРІ – Түркістан обл. Созақ ауд. аум-нда таралған петроглиф жазбалар, сақ мәдениетінің іздері. Қошқар ата моласы мен Бөген су қоймасының аймағында жүргізілген археол. зерттеулер нәтижесінде табылған тақтатаc, жартастарға салынған суреттер мен бейнелер ежелгі сақтардың материалдық мәдениеті туралы түсінік береді. Бұл өнер туындылары б.з.д. 8-3 ғ-да өмір сүрген адамдардың ш-нан, тұрмыс-салты, діни наным-сенімдері мен жол-жоралғыларынан, дүниетаны-



Арпаөзен петроглифтері

мынан хабар береді. Басты сюжеттері адамдардың ш. салаларын (аңшылық, балықшылық, т.б.), наным-сенімдерін сипаттайды. Бұл өнердің мәні терең, бейнелері мазмұнды болып келеді. Оларда аңыз әңгімелер, мифтік сюжеттер, қоршаған ортамен байланысты ш.тұрмыстық қаракеттер бейнеленді.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Проблемы изучения нематериального культурного наследия народов Казахстана и Центральной Азии: топонимика, эпиграфика, искусство. – А., 2014; Мириманов В.М. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер / Ауд. Н.С. Сыздықов. – А.: «Өнер», 1989; Мананенко Г., Рүстемов А. Оңтүстік Қазақстан облысының тарихы // <http://oknews.kz/1358/ot-stik-aza-stan-obly-sy-ny-tarihy>.

Ш. Құрманбаева

АРХЕОЛОГИЯ ӘУЕСҚОЙЛАРЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІ – Орта Азия, Қазақстанның оңт. мен Жетісудың өткен дәуірлері жөніндегі тарихи деректер жинаумен айналысқан ғыл. бірлестік. 1895 ж. 11 желтоқсанда Ташкентте құрылған. Оған әскери әкімш-тің басшылары, әскерилер, оқу орындарының оқытушылары, шенеуніктер мүше болды. Кейбір ж-дары мүшелер саны 100-ден асты. Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінде И.В.Аничков, В.В.Бартольд, Ә.Диваев, В.А.Каллаур, А.К.Кларе, Н.П.Остроумов, Н.Н.Пантусов сынды ғалымдар белсенді жұмыс атқарды. Үйірме қызметі археол. материалдарды жинауға, ескерткіштерді тіркеуге, сипаттауға бағытталды. Сыр бойынан Алтайға дейінгі ежелгі қалалар, қамал-бекіністер, обалар, архит. ескерткіштер мен мазарлар алғаш рет зерттеу нысанасына алынды. Ескерткіштердің тізімі жасалып, біршама жүйеленді. Алғашқы археол. карталар жасалды. Эпиграф., нумизмат. мұралар жиналды. Ди-

ваев Қожа Ахмет Ясауидің мөрін тапты (1895), Каллаур Талас тас жазуын ашты (1896). Жекелеген үйірме мүшелерінің ашқан жаңалықтары, өлкетануға енгізілген өзіндік үлес болды. Бірақ, үйірме Ресейдің импер. мүддесін ұстанып, көне Түркістан тарихының жазылуын мақсат тұтпады, археол. қазба жұмыстары жоспарсыз жүргізілді, табылған бағалы мұралар талан-таражға ұшырады. Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі 1917 ж. қызметін тоқтатты.

Әдеб.: Гейнс А.К. Путешествие в Туркестан. Дневник 1866г. // Собрание литературных трудов А.К.Гейнса. – Т.2. – СПб, 1898. –742стр; Кларе А. Поездка развалины Отрара // ПТКЛА, XIII в. –Таш., 1903. – С. 71; АН в XVII в. и XIX в. Хронологический обзор и описание архивных материалов // Труды архива. – 1940-Выпуск 4. – С.26; Бақтыбаев М.М. Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің мақсаты мен міндеттері // «Алаш» тарихи-этнографиялық ғыл. журнал. –2009.Т.24.№3. – С.128-134.

М.Амантуров

АРЫС – өзен, Түркістан обл. аум-ндағы. Ақсуат тауының солт.-батысы, Сырдария-

ның оң ағыны. Түркістан обл. Жуалы ауданының, Түлкібас, Сайрам, Ордабасы, Арыс, Отырар ауд-дарының аум-ны арқылы өтеді. Арыс гидронимі арыш сөзінің өзгертілген түрі. Шығыстанушы Ю.А. Зуваның мәліметі бойынша aris – арыш «таза», «қасиетті» дегенді білдіреді. Ол ежелгі иранның gusa – «ақ»: авестаның augusa, осетиннің ugs сөздерінен шығуы мүмкін. В.К. Шуховцованың пікірі бойынша, бұл сөз соғды тілінде болмаған, бірақ авеста, скиф, осетин және памир тілдерінде анық байқалады, бұл скиф, сақтарға тән изоглоссалар. «Ақ» семантикасы Арыс өз-нің басты тармағы түркі тіліндегі Ақ-су атауының барымен расталады. Гидроним Арыс өз-нің қасиеттілігін білдірді. Белгілі болғандай, ежелгі наным мен сенімдер жүйесінде өзен сулар өте үлкен маңызға ие болды. Осетиялық Нарта эпосының қаһармандары Урузмаг пен Шайтан «су әйелден» туылады. Скифтердің ең көне тайпалық табынуы су элементімен байланысты болды. Антик. авторлар Зевстың Борисфенның (немец Днепрдің) қызымен некелесуі туралы



Арыс өзені

аңызын келтіреді, бұл скифтер жерінің алғашқы тұрғыны Таргитайдың туылуына әкелді; оның үш ұлы болады – Липоксай, Арпоксай және Колаксай – үш скиф тайпасының негізін қалаушылары. Осы атауды түсіндіретін басқа нұсқалары да бар. Археологтар Арыс гидронимінің мағынасын «аорс» немесе «ассы» сияқты ежелгі тайпаның атауларымен байланыстырады. Е. Койчубаевтың айтуынша, «Түркілердің үлкен тайпалық бөлімі арыстан бастау алады, одан ондаған тайпалық топ пен ру ажыраған». К.К. Рысбергенованың айтуынша, гидроним екі компоненттен тұрады: мұнда ар «су, өзен, үлкен өзен» түсінігінен бастау алады. Гидроним алғаш рет 16 ғ-дың соңында жазылған Шибанилердің Абдулла хан мен Баба-сұлтан арасындағы соғыс әрекеттерін суреттеген «Шараф-наме-йи шахи» шығармасында аталады. А. өз. Ра' түрінде Орта Сырдарияның қожаларының ген. грамоталарында кездеседі. Моғолстанның Ариш немесе Арис жерлері Мирза Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармасында моғолдардың өзбек-қазақтарымен шайқасының орны ретінде айтылған. 1718 жылғы Ресейлік құжаттарда Арс өз. деп жазылған және сол жерде аталған жылдың көктемінде жонғарлар мен қазақтар арасына шайқастар болған. 18 ғ-дың соңындағы құжатта «Арыс өз-нің бойында Үйсіндердің Үлкен Ордасының қонысы бар, онда көптеген жерлерінде шағын бекіністер салынған, олар жау шабуылына ұшыраған жағдайда өздерінің әйелдері мен балаларын алып, бекініс құрады», - деп атап көрсетілген. Орт. Қазақстанда Арыс көлі, Арысура өз. бар. А. сөзі қазақ жүздерінің халықтық белгілерінде кездеседі. Осылайша, Ұлы жүзді – Ақарыс, Орта жүзді – Жанарыс, Кіші жүзді – Бекарыс деп атады. Шежіренің бір нұсқасында

Қазақтың үш ұлы - Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс болған делінген. Олар үш жүздің негізін құрады.

Әдеб.: Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А.: «Дайк-Пресс», 2002. – С. 144; Шуховцов В.К. Сакская топонимия на территории Южного Казахстана в домонгольское время // Валихановские чтения. – Кокшетау, 1992. – С. 261-262; Агеева Р.А. Происхождение имен рек и озер. – М., 1985. – С. 110; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – А.-А., 1972. – С. 185-188; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А.: «Наука Казахской ССР», 1974. – С.39; Рысбергенова К.К. К вопросу о происхождении гидронима Арысь // Валихановские чтения. – Кокшетау, 1992. – С.256-258; Материалы по истории казахских ханств XV - XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 268; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008. – С. 199-202, 212; Мирза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Таш.: «Фан», 1996. – С.157; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – А.-А., 1961. – С. 24; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 162; Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – А., 1985. – С. 52; Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 15 т. – А., 1979. – 31-бет.

М.Қожа

«АРЫС Қ-НЫҢ МҰРАЖАЙЫ» МКҚК-мәдени ғимарат. Оңт. Қазақстан обл. Арыс қ., Қазыбек би көшесі №7 үйде орналасқан. Мұражай ғимаратының іргетасы 1900 ж. қаланған. Бұл ғимаратта әр ж-дары станция бастығының үйі, Андреев атынд. жеті жылдық мектеп, №21 теміржол мектебі, 1954 жылдан жұмысшы жастардың кешкі мектебі, жол техн. мектеп, музыка мектептері орналасты. 2001 жылдан «А.қ.м.» қарамағына берілген. «А.қ. м.» облыс әкімінің 2001 жылғы 6 қазан күнгі №191 қаулысымен құрыл-

ды. 2003 ж. 1 сәуірде обл. әкімш. «Арыс қ-нда орналасқан мемл. коммуналдық қазыналық кәсіпорындарды қайта атау және олардың жарғылары туралы» №151 қаулысына сәйкес Оңт. Қазақстан обл. әкіматының «А.қ.м.» МКҚК-ы болып обл. Мәдениет басқармасының басқаруына өтті. Мұражай директоры Айгүл Абдрайымқызы Сарбасова.



Штат кестесі бойынша мұражайда 10 қызметкер жұмыс істейді. Оның 4-еуі жоғары білімді. Мұражай ғимараты бір қабаттан тұрады. Жалпы ауданы 272,93 м². Мұражай қоры жыл сайын жаңа құнды экспонаттармен толығып отырады. Жалпы экспонаттар саны: 4330; Негізгі қордағы экспонаттар саны – 3298; Көмекші қордағы экспонаттар саны – 1032; Мұражайдың бейімдік бағыты қала тарихымен жан-жақты таныстыру болып табылады. Мұражайда қала тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен қатар, өлке дамуына өз үлесін қосқан тұлғалардың өмірнамалық құжаттары мен қолданған бұйымдары қойылған. Мұражайда 8 зал қызмет көрсетеді. Олар: Көне Арыс тарихы; Теміржолдың қалыптасу және даму тарихы; Ұлы Отан соғысы ж-дарындағы Арыс стансасы; Этнография залы; Мәдениет саласының қызметкерлеріне арналған зал; А.ш. саласының қызмет-

керлеріне арналған зал; Ұлағатты ұстаздарға арналған көрме залы келушілерге қызмет жасайды. Мұражайда мәдени іс-шаралар, дөңгелек үстелдер, дәрістер мен экскурсиялар, тақырыптық көрмелер тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.

М.Тастанбеков


АРЫСТАН БАБ (т.ө.ж.б.) – Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы, Пайғамбар аманатын тапсырған тұлға. А. б. туралы деректер Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтерінде, 15-16 ғ. жазылған «Рашахат айн ал-Хайат», «Садр ад-дин шайх рисаласы» сияқты қолжазба деректерде кездеседі. Ол деректердің барлығында А. б. Мұхаммед Пайғамбардың сахабасы екендігі баяндалады. Кейбір жазба деректер мен аңыздарда А. б. аты тарихта белгілі сахаба Салмани Фарси еді деген де дерек кездеседі. Салмани Фарсидің А. б. еместігі тарихи деректерде бар. Салмани Фарси 644-656 ж. аралығында Мада’ина қ-нда қайтыс болып, сол жерге жерленгендігін жазады. Зерттеушілердің көпшілігі А. б-ты аңыздық кейіпкер ретінде бағалайды. Бірақ, 10 ғ-да Наджм ад-дин ‘Умар ибн Мухаммад ибн Ахмад ан-Насафидің «ал-Канд фи зикр ‘улама’ Самарканд» атты шығармасында Исфиджаб уалай-атының Бараб деген жерінде Пайғамбардың бір сахабасы бар екен, аты Абу Жа’фар Мухаммад ибн Настур (Нестор) ар-Руми екендігі, оның Пайғамбармен Табук соғысына бірге барғаны жазылған. Ол Пайғамбардың бірнеше хадисін айтып береді. Бұл дерек А. б. шындығында Пайғамбар сахабасы екендігін дәлелдей түседі. Бірақ әзірге бұл тарихи дерек біреу ғана. Мүмкін тағы да қосымша деректердің табылу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды.

Әдеб.: Қ.А.Ясауи. Диуани Хикмет. – А., 2000; Наджм ад-дин 'Умар ибн Мұхаммад ибн Ахмад ан-Насафи. «ал-Канд фи зикр 'улама' Самарканд» // Ясауи тағлымы. – Түркістан, 1996; Ибн Са'д. Табақат ал-Кубра. Т.У; Абу Салам қожа ибн Файзаллах қатиб жазбасы. – Түркістан; Садр ад-дин шайх рисаласы // Ясауи тағлымы. – Түркістан, 1996; Сапабекұлы Мұхаммедсадық. Түркістандағы тарихи зиярат // Ясауи тағлымы. 1996.

3. Жандарбек

АРЫСТАНБАБ КЕСЕНЕСІ – Түркістан обл-ндағы киелі орын, сәулет өнер ескерткіші. Отырар ауд-ндағы Қоғам а-нан солт-ке қарай, байырғы Отырар қ-ның орт. бөлігінен 4 км қашықтықта орналасқан. Арыстанбаб Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған. «Тарих-и Джадидайи Ташканд» авторы Мұхаммед Салихтың айтуы бойынша: «Әзірет Арсланбабтың қасиетті моласы – Дешті Қыпшақтағы барлық түркілердің зиярат ететін жері. Әсіресе, бұл аймақтың саудагерлері осы әулиеден бата алып, көмек сұрау үшін тоқтап, зиярат ететін болған». Әулиенің моласындағы қабір басына қойылған ескерткіш әлденеше рет бұзылып, бірнеше күрделі жөндеулер мен қайта жөндеулерден өтті. Арыстанбаб қабірханасының едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Тігінен көтерілген қабырғалары бір биіктікте сәулет өнерінде «желкен» деп аталатын өріммен иіліп барып, күмбезге ұласады. Күмбез ауқымы кең, нәм биік етіп тұрғызылған. Қабірхананың есігі күн батысқа, дәлірек айтсақ, Меккеге бағышталған. Бұл қасиетті қабірлерге тағзым етудің мұсылмандық ережелерінен туындайды: зиярат етушінің беті сағанаға, арқасы құбылаға қарауға тиіс болған. Бөлменің қақ ортасында Арыстанбабтың қабірі орналасқан. Оның ұз. 3 м. 90см., ені 1 м. 30см., биікт. 1м. 20см. Қабаттас, көл. 5,4м x 5,4м бөл-

меде үш қабір бар. Ол да биік күмбезбен жабылған. Алайда күмбездің ұшы алебастрмен сыланып, геометр. үлгідегі өрнектермен нақышталған. Әулиеге кірер есіктің екі жағында екі қабыр орналасқан. Шырақшылар бұларды Лашынбаб пен Қарғабаб дейді. Олар әулие қабырымен салыстырғанда аса шағын болып келген. Лашын баб қабырының көл. 1,63 м x 0,92 м, Қарғабабтікі 1,70 м x 0,90 м. Бұларды кейде Арыстанбабтың шәкірті болған деп таныстырады. Алайда олардың өмірі мен дін жолындағы қызметі жайлы ешқандай әңгіме айтылмайды. Осы қабырханаларға оңтүстік-батыс жақтан бірнеше бөлмелер қосылған. Екі қанаттағы бөлмелерді біріктіріп байланыстырып тұрған дәліз-бастырма бар. Ол әдеттегі бастырма-айвандардан өзгеше, тұтасымен қыштан өріліп, төбесі иіліп жабылған. Оның көл. 7,60 м x 4,35 м (2). Қабырханалар дәліз қышпен қаланып күмбезделсе, мешіт бөлігі негізінен қам кесектен тұрғызылып, төбесін жабуда ағаш кең пайдаланылған. Мешіттің ортасында В.В. Константинова жасаған жоба бойынша алты ағаш тіреу болған (3). Олардың үстіне қары қойылып ағаштан қырлы күмбез қиыстырылған. Мешіт қабырғасында Мекке бағытын көрсететін ойық-михраб бар. ХХ ғ-дың басында жүргізілген қайта құру жұмыстарынан кейін бұрын сыртта тұрған көне ұстындар мешіт ішіне қойылған. Бұл көне тіреулердің табаны сегіз қырлы, орта белінен бастап жоғары қарай кеңейе түскен. Бірінші тіреудің жалпы биікт. 3,49 м., екіншісі одан 1,5 см қысқа. Олардың бас жағы, мойны жұлдызша, торкөз тәрізді өрнектермен безендірілген. В.Л. Воронинаның пікірінше, дәл мұндай пішінді, қатаң геометр. тәртіптегі ұстындар Қазақстанның, не Орта Азияның бірде-бір ескерткішінде кездеспейді



Арыстанбаб кесенесі

(4). Аты-жөні белгісіз Отырар шеберінің қолымен сомдалған бұл ұстындар – алты ғ-дың куәсі. Бұған қатысты аңыздар да ертедегі ұғым-түсініктерден хабардар етеді. Аңыз бойынша бұл тіреулер өсіп, діңгектеп кеткен мақтаның қозапасынан жасалыныпты. Ортағасырда «мақта ағашынан» жасалған ұстындардың емдік қасиеті бар деп есептелінген. 2004 ж. реставрация жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде қабірхананың қазіргі қыш төселген едені бұзылып, оның деңгейінен тереңдету барысында қыштан тұрғызылған ертедегі құрылыс қалдықтарының бары анықталды. Байырғы қабір белгісі 18 x 9 x 3,5 см, и 19,5 x 15,5 x 4,5 см қыштан қаланыпты. Осындай қыштар қарахандықтар дәуіріне тән. Бұл Арыстанбаб қабірі үстіндегі қабір белгісі 12 ғ-да тұрғызылған деген болжамды қуаттайды. «Насаб-нама» атты деректердің бірінде әулие Арыстанбаб қабірінің аяғында қарахандық әулеттің бір мүшесі жерленгені айтылады. Арыстанбаб кесенесін қалпына келтіру жұмыстарының барысында XIV-XV ғ-ларға жататын қалдықтар да табылды. Еден астынан ұз. 0,7 м, биікт. 22 см – 4 қатар қыштан тұратын қабырға

бөлігі табылып отыр. Қыштың форматы шаршы -24 x 24 x 4,5 см. Осымен қатар қыш төселген еден қалдықтары бар (5). Бір қызығы, бұл ғимарат қай жерде орналасқанына қарамастан, қай нүктеден болмасын, тіпті таяудағы Құйрық төбеден қарасаң да, еңсесі биік, алып болып көрінеді. Сонымен қатар Арыстанбаб кесенесіне қай қырынан қарасаң да бірін бірі қайталамайтын пошымына таңданбасқа болмайды. Күн шығысынан қарағанда, үлкенді-кішілі күмбездермен ерекшеленеді, ал қас беті тұтып қойған кілем тәріздес. Ол азанда, түсте және күн батарда күн сәулесінің түсуіне қарай өзгеріп, құбылып тұрады. Сәулетші Түркістандағы Әзірет Сұлтанның кесенесіне ұқсатып, екі шетіне мұнаралар қойып, кіре-беріс есік жағынан төбесін үштіктеу етіп айван-бастырма жасаған. Бұл Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қас бетін айнытпай қайталау емес, бұны біз қазақ ақындарының кең қолданған назиралық дәстүріне ұқсатымыз. Арыстанбаб кесенесінің 20 ғ-дың басында өңдеп, қайта салушы Әзірет Сұлтан сәулетшісі жолымен жүре отырып, өздігінше ізденіп, жаңа өнер туындысын дүниеге әкелген. М.Сембин Арыстанбаб

туралы мақ-нда О. Дастановтың «Әулиелі жерлер туралы шындық» атты кітабындағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Арыстанбаб кесенесінің сәулетшісі ташкенттік Ескендір қажы болған деген болатын (6). Алайда бұл пікірді өзгертуге негіз табылып отыр. Жақтаудың тура ортасында нижра бойынша 1327 ж. (1909 ж.) деген жазуы бар мәрмәр тікбұрыш тақта орнатылған. Ғимараттың бір ерекшелігі мұнда осындай бітімі бөлек құрылысты салған ұстаның есімі жазылып қойылуында. Ғимарат қасбетінің оңтүстік бөлігінің жақтауларындағы бір ойықша ішінде үш қатар араб әріптерімен: «Ұста Қалмырза бен Мүсәпір Түркістани» деп жазылып, нижра бойынша 1327 ж. көрсетілген (7). Бұл жазу аса құнды дерек болып табылады. Біріншіден, бұл осы құрылыстың ұстасының кім болғанын айғақтап отыр. Біз енді Арыстанбаб кесенесінің кейінгі жөндеушілерінің ішінде Ескендір қажымен қатар Қалмырза бен Мүсәпір Түркістанидың де болғанын атап өте аламыз. Осы екі құрылысшының қайсысы басшы болғаны және Ескендір қажы есімінің қыш бетіне неліктен түспей қалғаны бізге беймәлім. Екіншіден, шебердің аты-жөні мен туған жері көрсетілген ғимараттардың Қазақстанда саусақпен санарлық екенін ескерсек, онда Арыстанбаб кесенесіндегі жазу сәулет өнері тарихын тануда баға жетпес дерек болып табылады. Нақ осы жазу Қазақстанның оңтүстігіндегі 19-20 ғ-дың басында тұрғызылған мешіт пен медреселерді тек сырттан келген сәулетшілер ғана жасаған деген бір жақты пікірді жоққа шығарады. Арыстанбаб ескерткішінің қасбетіндегі қышты нақыштап қалау әдісі 20 ғ-дың басында Қазақстанда арнайы салынған теміржол бойындағы ғимараттарға ұқсайтынын байқау қиын

емес. Теміржол станцияларын, вокзалдарын салуға жергілікті ұсталар атсалысқан. Сондықтан, айталық, мысалға, Түркістан вокзалының жалпы архитектурасында, нақыштау тәсілдерінде шығыстық үлгі басым. Жергілікті шеберлер осындай ғимараттарды салуда көріп білген европалық үлгілерді де орынды пайдалана алған.

Әдеб.: Воронина В.Л. Колонны из Отрара // Древности Казахстана. – Алма-Ата, 1975. – С. 70-76; Константинова В.В. Некоторые архитектурные памятники по среднему течению р. Сырдарьи // Известия АН КазССР. Серия архитектурная, вып 2, 1950. – С. 37-41; Қожаев М. Арыстанбаб және оның кесенесі. – Шымкент, 1996; Кожа М.Б., Акылбек С. Мавзолей-мечеть Арыстанбаба // Свод памятников истории и культуры Южно-Казахстанской области. Отрарский район. – Алматы: Издательство «Баур», 2007. – С. 319-323.

М. Қожа

АРЫСТАНДЫ – өзен. Айуантөбе қ-ның солт.-шығысынан бастау алады, солт.-шығыс каналдар желісіне бөлінеді. Төрткөл а., Сарысу (Жамбыл обл.), Бәйдібек (Түркістан обл.) ауд-дары аум-нда орналасқан. Арыстаны бар деген мағынаны білдіреді. Қазақ ұғымында арыстан батылдығымен ерекшеленеді. Махмуд әл-Кашқаридің жазған «Диуани-лұғат-ат түрік» кітабында «арслан» түрінде кездеседі, ол сөз де «арыстан» деп аударылады. Гидроним Арыстан + ды «арыстандар өмір сүретін орын» деп түсіндіріледі. Алайда, бұл арыстанның Қазақстан фаунасына белгісіз болғандығына қайшы келеді. Парсы арыстандары мекенінің солт.-шығыстағы шегі Соғды болды. Ерте түріктердің таралу аймағында ешқандай арыстан болмады. Сондықтан, Ю.Зуевтің пікірінше, түркі тілдерінде оның ең алғашқы атауы орта парсылық шир болды. Оның түрікше атауы кейіннен пайда



Арыстанды өзені

болды. Дерек көздерінде арыстан – арслан атауын білдіретін түрік сөзі жазбаларда алғаш 6 ғ-да жазылған деп атайды. Түркі билеушілері манихейлік мағынасы бойынша аты – дәрежесі Арслан деп аталды. Бұл аттың иесі рухани және зайырлы билікті білдірді. Түркілерде арыстан бейнелі мотиві металда да, керамикада да кеңінен тараған. Отырардың ертедегі ақшасында оң жаққа қарай жүретін арыстан бейнеленген. Қарлұқ билеушісінің аты Арслан Иль-Тиргүк болды. Қарахан мемлекетінің билеушісі жоғары қаған Арслан Кара Хакан деген лауазыммен белгілі. Бәлкім, түркі билеуші элитасы үшін маңызды жерлер арсландық (билеушінікі) деп аталған шығар. А. гидронимі 16 ғ-дың соңында жазылған Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» шығармасында Арсланлық түрінде кездеседі. А. өз. Қаратау жотасының төм. бөлігінде орналасқан, онда Сырдария қалаларын Қаратаудың солт. беткейлеріндегі елді мекендерімен, Шу алқабына, әрі қарай Сары-Арқаға дейін жалғастыратын ең маңызды асу – Тұрлан бар. А. өз. аңғарынан 1829 ж. хорунжий Н.Д.Потанин де өткен. Қазақстан аум-нда осыған ұқсаған

гидронимдер болған. Сығанақтан келген үшінші хатта Арсланды каналы туралы айтылады. Осы аттас өзен Қызылорда облысының Жаңақорған ауд-нда да бар.

Әдеб.: Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – А.-А.: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1982. – С.131; Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – А.: «Дайк-Пресс», 2005. – С. 1050; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А.: «Наука Казахской ССР», 1974. – С. 39; Лившиц В.А. Согдийские документы из Самарканда // Центральная Азия. Новые памятники письменности и искусства. – М., 1987. – С. 55; Зув Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А.: «Дайк-Пресс», 2002. – С.192-193; Сенигова Т.Н., Бурнашева Р.З. Изобразительный мотив льва в прикладном искусстве древнего Казахстана // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – А.-А., 1980. – С. 65-81; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 269; С.315.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – А.-А., 1961. – С. 486; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С.288; 296; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010. – С. 601.

М.Қожа

АРЫСТАНДЫ-ҚАРАБАС ЖЕЛІ – Бәйдібек, Ордабасы, Отырар ауд-дары, Түркістан аум-нда байқалатын табиғат құбылысы. Қаратау жотасынан басталып, Арыстанды өз-нің аңғарымен соғады. Қаратаудың батыс және шығыс биік жоталары аралығындағы тар асудың әсерінен үдеп, атмосфераның ауа ағынымен қосылып, күшейе түседі. Жылд. – 35 м/с. Жел Арыстанды өз. алабының климатына әсер етеді. Қыста ауа райы күрт салқындайды, жазда аңызак болады. Жел солтен үзбей соғып тұрады. Мойынқұмның үстімен өткенде құм түйіршіктерін суырып, құмды қара бұрқасын тұрады, жолдың көріну қашықтығы азаяды. Халық желдің осы ерекшелігін дәл ашып көрсету үшін «А.-Қ. ж.» деп бейнелі түрде атайды. Ел адуын мінезді сипаттауда осы табиғат құбылысымен теңестіріп: «Ашуың қатты, мінезің Арыстанның желіндей дүлей екен», – деп те қолданады.

Әдеб.: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 1-том. – Б. 469; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005; Қазақстан табиғаты: Энциклопедия. – 1-том / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2008. – Б. 162; Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы. – А., 2014. – Б. 260-261; Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – А., 2000. – С. 70-71.

М.Ахметова

АТАИ МӘУЛАНА ШЕЙХ ХУСЕЙН (т. ө.ж.б.) – лирик ақын. 15 ғ-да өмір сүрген. Қазығұрт маңында дүниеге келген. Өмірі жайлы толыққанды мәліметтер жоқ. Шығыстың бірнеше шаһарларында Самарқанд, Балх, т.б. тұрған. А. өз заманында танымал болған сарай ақындарының бірі. Шахрух, Ұлықбек, оның ұлы Әбду

Латиф билігі кезінде өмір сүрді. Әлішер Науаи ол жайлы өзінің еңбектерінде жақсы айтып өтеді. Еңбектері араб, шағатай тілдерінде жазылған. Жазылған дүниелері фольклорлық поэтиканың элементтерімен, өлең жолдарындағы буынның талғамымен ерекшеленеді. Сондай-ақ жыр жолдарында қазақ халқының ауыз әдебиеті жанрлары айтыс, жар-жар, т.б. үлгілері жиі қолданылады. 15 ғ-да өмір сүрген өзбек жазба әдебиетінің негізін салушы Ә.Науаидің ұстазы болған. Ол Балх шаһарында қайтыс болып, сонда уақытша жерленіп, арада біршама уақыт өткен соң атасының қасына, яғни Ысқақ атаның жанына сүйектері жеткізіліп, қайта жерленіп, оған арнайы кесене салынған. А. өлеңдері Ресей ҒА Санкт-Петербургтің Шығыстану ин-тында сақтаулы. Шығармалары көп ретте өзбек тіліне тәржімаланып жарық көрген. Ақын туралы алғаш пікір білдірген А.Н.Самойлович (1880-1938) 1927 ж. «Диуани Шайхзада» деген атаумен ұсынады. Шығарманың құрылысы, тілі мен басқа да ерекшеліктері жайлы мәліметтерді келтіреді. Фитрат 1928 ж. ғазалдарын Ташкентте жария етеді. Э.Р.Рустамов (1958), Н.М.Маллаев (1963), т.б. жарыққа шығарады. Соңғы ж-дары А. өлеңдері қазақ тілінде жарияланып, тегі мен шығарм-на орай біршама мәліметтер жазыла бастады. Ол жайлы кеңірек мәліметтер ұсынған «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық» жобада дайындалған жинақта жазылды. Онда көптомдықтың 41, 42-томдары толығымен А-ға арналды. Ақынның 260 ғазалы қазақ тіліне аударылды.

Әдеб.: Краткая литературная энциклопедия, I том. – М., 1962; Қазақ әдебиеті. Энциклопедия

диялық анықтамалық. – А., 2010; Қазыналы оңтүстік. 41, 42 т. – А., 2012.

Н.Мансұров

АТ-ТАБАРИ (839, Табаристан – 923, Бағдад қ.) – тарихшы, жазушы. Толық аты – Әбу Жафар Мұхаммед ибн Жарир ат-Табари. Ол Иранның танымал отбасынан шыққан. Ерте жастан оқуды бастаған. Жеті жасында Құранды толық жатқа білген, сегіз жасында құлшылықты бастап, тоғыз жасында хадистерді жаза бастаған. Арабтың класс-лық дәстүрлі білімін алған.



Саяхаттап жүріп белгілі мамандардан да сабақ алған. Рей қ-нда білімін толықтыруы оның ғыл. қызығушылығын арттырды. Онда ол діни ілімін кеңейтіп, жүз мыңнан аса хадистерді жазған. Содан кейін Бағдадқа барды. Мақсаты Ислам әлеміне танылмал болған Ахмад бин Ханбалдың сабақтарын алғысы келді. Алайда танымал ғұлама ол келген мезгілде дүниеден өткен еді. А.-Т. сол кездері білім беруде орны бар Куфа, Басра, Шам, Мысырда болып білімін толықтырды. Осы сапарларында өзін де танытып үлгерді. Бағдад шаһарында ғыл. ізденістермен айналысып, мектебін де қалыптастырды. Шәкірттер тәрбиелеп, ілімін таратты. Сонда 923 ж. қайтыс болды. Оның қаламынан шыққан 20-дан аса ең-

бегі бар. Қолжазбалары шәкірттері арқасында ұқыпты күтіліп, күні бүгінге дейін көпшілігі сақталған. 20 томдық «Тафсир ал-Куран» («Құран түсініктері») – ауқымды еңбектерінің бірі. Ал «Тарих ар-расул уә-л-мулук» («Әулиелер мен патшалар тарихы») атты еңбегі тарихи мәліметтерімен маңызды саналады. Әлемнің жаратылуынан бастау алып, мәдениет пен өркениеттің дамуын сөз ететін аталмыш еңбекте Рим, Византия, Иран тарихы жайлы мол мәліметтер берілген. Сондай-ақ Араб халифаты тарихынан өзге Кавказ бен Орта Азия елдері жайлы мағлұматтар да жетерлік. Түркі халықтарының саяси-әлеум. жағдайлары мен соғыс қимылдары да молынан қамтылған. Түркістан өңіріне байланысты түркі тайпаларының Ислам дінін қабылдауы, этнографиясы мен елді мекендері жайлы да кеңірек тоқталып өтеді. Мұндай мәліметтер өз кезегінде түркі халықтарының заманындағы маңызды дереккөздер ретінде танылады.

Әдеб.: Материалы по истории туркмен и туркмени. Т. I. – М.-Л., 1939; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т. I. – А., 1998; Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Үшінші том. – Аст., 2005.

Н.Мансұров

АХМАТ ӘЛ-ИСФИДЖАБИ (т.ж.б. – 1087, Сайрам а.) – ғалым, исламтанушы, Әбу Ханифа мектебінің өкілі. Толық аты – Ахмет бин Мансұр аз-Зафарми әл-Худжанди әл-Исфиджаби. Өзінің аты – Ахмет, әкесінің аты – Мансұр аз-Зафарми. Әл-Исфиджаби – туған жері. Әл-Худжанди – әкесінің тұрған жері. Сондықтан әл-Исфиджаби өз есіміне, ал әл-Худжанди әкесінің есіміне тіркеліп жазылған. Ходжент шаһарында өмір сүрген. Тарихи және өмірбаяндық әдебиеттерде ол жай-

лы толыққанды мәліметтер берілмеген. Бірақ мысырлық Ахмад Салама әл-Аз-дидің «әл-Мұхтасар» еңбегіне жазылған «әл-Хауи шарх Мұхтасар ат-Тахауи» шығармасы арқылы жеткен мәліметтер бар. Араб тілі мен әдебиетін, философия мен логика, дін салаларын жақсы меңгерген. Алғаш білімін Исфиджабта алған, кейін өмірінің көбісін Самарқанд шаһарында өткізген. А.И. Әбу Ханифаның жергілікті діни және заң мектебінің өкілі ретінде танылады. Оның танымал әрі кең тараған еңбегі «Зад ал-фукаха» атты шығармасы. Ол Орт. Азия қоғамында орын алған өмірдің нақты көріністері жайлы мәліметтерді ұсынады. Еңбектің бірнеше нұсқасы бар. Алғашқы нұсқасы «Жаңа мешіт 466» қоры Сүлеймания кітапханасында 184 беттен тұратын қолжазба. Екіншісі, «Бірінші Серез 722» қоры Сүлеймания кітапханасында, 169 бет. Үшіншісі, «Фейзулла ефенди 795» Жалпы Ұлттық кітапханасының қолжазба қорында, 281 бет. Төртіншісі, Сүлеймания кітапханасы «Laleli 1001», 233 бет. Бесіншісі, «Уәлиуддин ефенди 1176» қоры, Баязит Дәулет кітапханасында, 169 бет. Алтыншысы, «Хафид ефенди» Сүлеймания кітапханасында, 286 бет. Үш тізім 14 ғ-да қайта жазылған. Бір қолжазба 16 ғ-да қайта жазылған. Ал бесіншісі жанама түрде белгіленген болуы мүмкін. Жалпы, еңбек ханафит мазһабына қатысты «Мұхтасар ал-Кудри» еңбегіне өз көзқарасы мақсатында жазылған. Сондықтан бұл еңбекке тарихи библиогр. әдебиетте екі атау берілген: «Зад ал-фукаха» және «шарх Мұхтасар әл-Кудри».

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары – А., 1995; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2010.

Н. Мансұров

АХМЕРОВ Павел Николаевич, Ахмеров Шабхаз-Гирей (1853-1900) – орыс-татар мектебінің мұғалімі, 1884 ж. Қазан губерниясының халық үч-щелерінің инспекторы болды. 19 ғ-дың 80-90 ж. Императорлық Қазан ун-тінің қасындағы Археология, тарих және этнография қоғамының ғалымы. А. өз кезеңінің жан-жақты білімді ғалымы, сол кездегі Апанаяев мешітінде дәріс алған. А. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, кесенедегі, заттардағы жазуларды зерттеген. Ә. Диваев 1895 ж. Әзірет Сұлтан кесенесінде болып, қараша айында Қожа Ахмет Ясауи ғимаратынд. жазулардың көшірмесін, олардың түсініктемесі мен ғимараттағы дүние-мүліктер жайындағы жазуларды, «Қожа Ахмет Ясауи мөрі» деп аталған мөрдің қағазға түсірілген баспасын Қазан Императорлық ун-тінің қасындағы Археология, тарих және этнография қоғамына, ғалым А-ке жіберді. А. 1896 ж. Ахмет Ясауи мөріне, кесенедегі жазулар, құлыптастағы жазулар т.б. туралы зерттеуін жариялады. А. қабырғастардағы, кесенедегі заттардағы, қабырға беттеріндегі, мөрдің қағаздағы көшірмесіндегі жазуларды қамтыған отыздай жазулардың аудармасын жариялаған. Жасаған аудармалары оның сол кезеңнің білімді ғалымы болғанын айғақтайды.

Шығ.: Синтаксический разбор глагола в казанско-татарском наречии / (Сост. Ш. Ахмеровым). – Казань: «типо-лит. Имп. Казан. ун-та», 1895; Надписи мечети Ахмеда Ясеви // Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском ун-те. – Казань: «Типо-литография Императорского Казанского ун-та». – вып. 6, 1896;

Әдеб.: Мурадов В. Ефимий Малов о Ш. Марджани, К. Насыри и В. Радлове // «Ғасырлар авазы – Эхо веков». – Казань. 1/2. 1999.

Д. Мұстапаева

АХМЕТОВ Шеген – (1914, Бәйдібек ауд. Көксаяқ а. – 1980, сонда) – филол. ғыл. докт. (1980).



Қазақ балалар әдебиетін, оның тарихын, тәрбиелік, танымдық маңызын зерттеген. А. Манкенттегі балалар үйінде тәрбиеленген (1922-30). Шымкент а. ш. техникумын (1937), Абай атынд. Қазақ пед. ин-тын бітірген. 40 жылдай ағартушылық қызметпен айналысқан. Жоғары, орта арнаулы оқу орындарының білім алушыларына балалар әдебиеті оқулығы мен хрестоматиясын, 6-сыныпқа арнап «Әдебиеттік оқу кітабын» жазды. «Кеңестік дәуірге дейінгі қазақ балалар әдебиетінің даму тарихы» (1937), «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» (1965) атты монографиялары бар. А. «балалар фольклоры» терминін алғаш қолданып, түсініктеме берген, жанрлық түрлерін, жалпы балалар әдебиетінің ерекшеліктерін саралаған. Әдебиеттің бала тәрбиесінде, олардың ақыл-өрісін

кеңейтуде алатын орнын ғыл. негіздеген. Қаламынан балаларға арналған шығармалар туған («Еңбек және махаббат», «Жайнаған бақ», «Шеберлік мектебі», т.б.). А. еңбектерінің әдебиеттану, психология, педагогика салаларында алар орны ерекше. А. 2-дүниежүз. соғысқа қатысып, бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. Б. 93; Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – А.: Мектеп, 1965; <https://www.google.com/search?q=шеген+ахметов&tbm=isch&source>.

М. Ахметова

ӘБДӘЛИЕВ Қарақозы (1908, Төле би ауд. – 22.10.1943, Мелитополь қ.) – Кеңес Одағының Батыры (1943), гвардия лейтенанты. 2-дүниежүз. соғысы кезінде 126-горловтық дивизияның 690-атқыштар полкінің құрамында ұрысқа қатысқан.




Мелитополь қ. үшін болған ұрыста өз взводымен дұшпан бекінісіне шабуыл жасап, 17 үйді жаудан босатқан, фашистердің оқ жаудырып тұрған 23 ұясын, 60-тан астам гитлершілді жойған. Көше бойындағы жекпе-жек шайқаста сол қолынан жараланғанына қарамастан, қаптап келе жатқан жау танкілеріне пулеметтен оқ жаудырып, тұтанғыш гранаталар лақтырып, олардың бірнешеуін істен шығарған. 20-дай автоматшыны өлтірген. Осы ұрыста Ә. қол созым жерден жау танкісіне гранат лақтырып, қаһармандықпен қаза тапқан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011; Абдалиев Каракозы. www.warheroes.ru. 2018-01-31.

Ш.Құрманбаева

ӘБДІЛ ӘЗІЗ БАБ КЕСЕНЕСІ – 19 ғ-дағы сәулет өнер ескерткіші. Сайрам а-ның солт. бөлігінде, үлкен мазарат ортасында орналасқан. Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-намасында» көрсетілуі бойынша Ә. Ә. 8 ғ-да өмір сүрген және мұсылман әскерлерінің жалау ұстаушысы болған. 9 ғ-дың ортасына дейін ислам елдерінде қабір үстіне күмбез тұрғызуға тыйым салынғандықтан Ә. Ә. қабірі үстіне алғашқы кесене тұрғызу қарахандықтар дәуірінде, яғни, 10-12 ғ-да бой көтеруі мүмкін. Авторы беймәлім «Рисоля» атты шығармада Ә. Ә-тың ескі кесенесі қираған соң, Әмір Темірдің қолбасшысы Наурызахмет жаңа құрылыс тұрғызыпты. Алайда Әмір Темірдің қолбасшылары арасында мұндай есімді шен иесі жайында дерек жоқ. Деректерде Барақхан деп аталған Ташкентте және Сырдарияға



Әбділ Әзізбаб кесенесі

жақын аймақтарда билік еткен Наурызахмет (1550–1556) атты тарихи тұлға белгілі. «Тарихи-и Қашғар» атты тарихи шығармада оны қазақтардың ханы деп атайды. Осы мәліметтерді негізге ала отырып, кесене құрылысы 16 ғ-дың бірінші жартысында салынған деуге негіз бар. Ескерткіш айналасында кездесетін сырлы қаптаулар да жобамен аталған кезеңге жатады. Уақыт өте келе Наурызахмет салғызған ғимарат тозып, бұзылғандықтан, оның орнына 1860 жылдың аяғында бізге жеткен қазіргі кесене салынған. Ә.Ә. к. күйдірген кірпіштен салынып, үш жоспарда шаршы келген және бір-бірімен құма етіп байланысқан бөлмелерден тұрады. Ортада орналасқан бөлменің алды салтанатты қасбеті мен төбесі биік цилиндрлі барабан үстіне орнатылған сфероконустық күмбезбен белгіленген. Оның екі бүйіріндегі биікт. әрқилы бөлмелері күмбездермен аяқталады. Бөлмелердің ішкі қабырғасы сыланған, олардың бетінде көк түсті жазулары бар.

Шығыстанушы З. Жандарбек онда Құранның Ықылас сүресі, ғимаратты салған Мұхаммед Қасым Марғилани, ұста Молла Жалил Марғилани, Қожа Хүсейін аттары жазылғанын анықтады. Сонымен қатар басқа қабырғаларында «Қарахан қожа әзізлер», «Бәлегәрден» деген жазулар ажыратылды. Кесене қабырғасында Дүкенбай Досжановтың көрсетуінше, мынадай суреттер болған: «... оймыштап жасалған жылқылардың бейнесі салынған... Аспанға шапшып тұрған тұлпардың қара жалы, күмбездің иір иінімен симметрия жасап тұрған бөкселері – суретшінің асқақ қиялының куәсіндей. ... Бірінші аттың арандай ашылған аузы өзінің жалына жармасқан қайдағы бір хайуанаттан шошынғанын аңғартады». Өкінішке қарай, жазулар мен суреті кейінгі кезде тұрпайы жасалған сылақ астында қалып қойған. Орт. бөлмеде есікке қарама-қарсы орналасқан ойық бар. Ол солт.-шығысқа бағытталған соң михраб қызметін атқармаған. Ғимаратқа кіре-беріс есік оймышты өрнекпен нақышталған. Кесене бөліктері өз-ара үйлесімді композицияда орналастырылған, сыртқы бітімі сымбатты. Екі бүйіріндегі бойлары аласа ауқымдар ғимараттың орт. бөлігін айшықтап тұрғандай. Ғимаратқа кіру жағы үстіңгі бөлігі сүйір етіп өрілген терең ойықты еңселі П-үлгідегі қасбетімен (пештакпен) белгіленген. Қасбеті қырлары мен сүйір етіп аяқталатын төбесі гипстен құйылған құмыра тәрізді табанға орнатылған шағын ұстыншалармен, бұрама жапсырмалармен өрілген.

Әдеб.: Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. – Таш., 1928. – С. 23-42; Досжанов Д. Құм жұтқан қалалар. – А., 1967; Елгин Ю.А. Мавзолей Абдель-Азиз-баб (К историко-архитектурному анализу.

– Шымкент: «Атамұра». 1995. – С.118-124; Из «Трактата о святых Испиджаба» (пер. Ж.М.Тулибаевой) // История Казахстана в персидских источниках. V том. – А., 2007. – С.393-410; Қожа М. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009.

М.Қожа

ӘБДІЖАППАРОВ Садық – (15.07.1925, Бәйдібек ауд. Шақпақ а. – 31.07.2004, Алматы қ.) – Кеңес Одағының Батыры (22.07.1944), Ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагері.



1943 ж. өз еркімен майданға аттанып, 219-гвард. атқыштар полкінің мергені болды. Калинин, 1-Балтық жағалауы майдандарында Великие Луки, Невель, Витебск, Полоцк, Шяуляй, Клайпеда қ-лары үшін болған шайқаста ерлік көрсетті. 1944 ж. 24 маусымда Батыс Двинадан жалғыз өзі жүзіп өтіп, жау пүлеметінің ұясын талқандады және 30 шақты неміс солдатын өлтірді. Ә. «Багратион» әскери операциясына қатысқан. Мәскеу мемл. ун-тін (1954) бітірді. 1961 ж. мемл. қауіпсіздік органдарына шақырылып, мемл. қауіпсіздік к-ті (МҚК) Оңт. Қазақстан обл. бойынша Тергеу тобының тергеушісі, одан кейін жедел уәкіл, аға уәкіл, бөлімше бастығының орынбасары, бөлімше бастығы қыз-

меттерін атқарды. 1971 ж. Киев қ-ндағы КСРО МҚК басшылық және құрам білімін арттыру курсы аяқтады. Ол сондай-ақ Қазақ КСР-інің Әділет мин-нде, Түркімен КСР-інің Ашғабад қалалық 3-учаскелік халық соты, Түркімен КСР-і Әлеум. қамсыздандыру мин-нің бөлім бастығы, Петропавл, Шымкент қ-лары прокурорының көмекшісі болып қызмет істеді. Ленин, 3-дәрежелі «Даңқ», Еңбек Қызыл ту ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. 2005 ж. Алматы қ-нда ескерткіш орнатылды. Шақпақ елді мекенінде батыр атынд. саябақ ашылып, бюсті қойылған. Шаян а-нда №1 жалпы орта білім беретін мектеп-интернатқа Ә. есімі берілген. Жеңістің 70 ж-дығы қарсаңында шыққан А. Әділбековтің «Шаяннан шыққан қос батыр» атты кітабында Ә. пен Қ. Сыпатаевтың ерліктері баяндалады. Оған естеліктер мен мақалалар енгізілген. «Хабар» агенттігі түсірген «Батырлар елі» деректі фильмінің бір бөлімі Ә-қа арналады.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Аяған Б.Ғ. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 97; Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Жақып Б.Ө. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – Б. 104-105; Қалаубай Б. Түрленген өлке Бәйдібек (Танымдық-анықтамалық жинақ). – А.: «Нұрлы әлем», 2018. – Б. 38; (<https://www.google.com/search?biw=1536&bih=>)

М.Ахметова

ӘБУ ИБРАҺИМ ИСХАҚ ИБН ИБРАҺИМ ӘЛ-ФАРАБИ (т.ж.б. – 961 ж.ш.) – ақын, тіл білімінің ғалымы, Фараб қ-ның тумасы. Толық аты Әбу Ибраһим Исмаил бин Ибраһим. Алғашқы екі есім лақабы, яғни куниясы. Араб халқындағы кісіні ұлының атымен қосып айту дәстүрі негізінде қалыптасқан Әбу Сама – Саманың әкесі,

Әбу Таууаб – Таууабтың әкесі, Әбу Насыр – Насырдың әкесі, т.б. Одан кейін өз аты, әкесінің есімі, соңынан туған жері қоса айтылады. Бұл ретте ғалымның есімі Исхақ, әкесінің есімі Ибраһим, туған жері Фараб болып шығады. Ғалымның туған ж. белгісіз, ал өлген ж. нжри 350 біздің жыл санауымыз бойынша 961 ж. деп көрсетіледі. Белгілі шығыстанушы К. Брокельман тұлғаның Фарабта туып, араб елдерінде білім алып, өз отанына оралып, сонда қызмет еткенін әрі туған жерінде қайтыс болғанын айтады. Ә. И. И. б. И. жас кезінен білімге құштар болып, алғаш туған жерінде білім алып, кейін араб елдерінде оқыған. Ол Иеменнің тарихи қ. саналатын Забид шаһарында тұрып, сонда білімін толықтырған. Забид шаһары 13 ғ-дан 15 ғ-ға дейін Иеменнің астанасы болған. Ол көптеген ғ-лар бойы елдің мәдени, тарихи һәм экон. тұрғыда дамуына маңызды рөл атқарған. Ал ондағы оқу орындары өз заманында бүкіл араб елдері мен ислам әлемінің негізгі білім беру орт-тарының бірі болған. Шығыстанушы, ғалым Ә. И. И. б. И. ә.-Ф-дің қолжазбалары Париж, Лондон, Фес, Каир қ-ларында сақтаулы. Оның қолжазбаларына толық зерттеулер жасалынбаған. Ғалымдардың назарына ілігіп, біршама зерттеу нысаны ретінде қаралған құнды еңбегі «Диуан әл-адаб». Еңбек араб тілінің сөйлем мүшелері, сөздердің категориялары, есімдер мен етістіктер, сын есімдер, масдар жайлы сөз етеді.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995; Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2010.

Н.Мансұров

ӘБУ-Л-ҚАСЫМ ӘЛ-ФАРАБИ (1130, Фараб қ. – 1210) – ғалым, ойшыл. Фа-


раб шаңарында дүниеге келген. Толық аты – Имад ад-Дин Әбу-л-Қасым әл-Фараби. Өз есімі – Имад ад-Дин, Әбу-л-Қасым (Қасымың әкесі) – лақап аты. Алғаш туған жері Фарабта білім алып, кейін Йасы, Шаш, Самарқанд, Бұқара қ-ларында білімін толықтырған. Философия, логика, этика, тарих, география, астрономия салалары бойынша білімі жетік. Бүгінгі күнге дейін жеткен еңбектері – «Таза шындық», «Пайғамбарлардың қасиеттері туралы әулиелер сөзі», «Уағыз үлгілері». Ғалымның қолжазбалары Сауд Арабиясы корольдігі, Үндістан, Түркия, Мысыр, Ватикан кітапханаларында және Ресей, Өзбекстан елдеріндегі шығыстану ин-тарында сақталған. «Халисату-л-хақаиқ» деген еңбегі жайлы Қазан ун-тінің проф. И.Ф.Готвальд кезінде сөз етіп, ол шығарма 1851 ж. Қазанда басылғанын айтады. Жалпы, әділдік пен адамгершілікке толы еңбектердің сипаты да олардың аталуына сәйкес келеді. «Таза шындық» еңбегі рухани тазалыққа, ізгілікке, әділдікке жетелесе, «Уағыз үлгілері» имандылық пен ғибратқа толы. Сондықтан оны кейде Қ.А.Ясауидің хикметтерімен үндеседі деп санайды. Өйткені оның діни, тарихи филос. жазбаларына Қ.А.Ясауи еңбектері көп әсер еткен.

 Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2010.

Н.Мансұров

ӘБУ-Л-ҚАСЫМ ҰБАЙДАЛЛАҢ ИБН ХОРДАДБЕХ (820 – 890 ж.ш.) – географ, тарихшы. Негізінен хорасандық болған соң сонда туылған деп келеді. Толық аты «Әбу-л-Қасым Ұбайдаллаһ ибн Абдаллаһ ибн Хордадбех». Әкесі заманындағы белді адамдардың бірі, жоғары деңгейдегі

қызметтерді атқарған, Табаристанның билеушісі болған. Бұл өз кезегінде оның жан-жақты білім алуына септігін тигізген.



Музыка, әдебиет, география, тарих салаларын меңгерген. Жибал аум-нда мемл. хат-хабар жүйесінің бастығы болды. «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап») атты еңбегі бар. Кітап 9 ғ-дағы ерте сақталған арабша геогр. трактаттардың бірі. Еңбектің 1889 ж. голландиялық арабтанушы М.Я. де Гье тарапынан зерттелуі шығыстану ғылымында маңызды оқиға болды. Қолжазба ежелгі әрі өңделген Мысырда швед арабтанушысы де Ландбергтің тапқан нұсқасы негізінде қарастырылды. Бұл – авторлық нұсқадан шамамен үш жүз жылдан кейін табылған ең көне көшірме. Еңбек әкімш., геогр. анықтамалық ретінде кең танымал. Онда Оңт. пен Жетісу аралығынан өтетін Ұлы Жібек жолы, оның бойындағы қалалар, елді мекендер мен қоныстардың арақашықтығы сөз етілген. Алынған мәліметтер көп ретте халифаттың ертедегі байланыс қызметтері мұрағатына сүйенген. Еңбекте Қазақстан мен Орта Азияда түркі тайпаларының көп шоғырланғандығын айта келе, қимақтар, түр-

гештер, оғыздар мен қыпшақтар т.б. орналасуы жайы сөз етіледі. Ол: «Фараб шаһарында мұсылмандар мен түрік қарлұқтардың жасақтары қатар орналасқан. Жалпы түркі қалалары – 16», деп жазады. Кітап барлық кейінгі араб, парсы авторлары басшылыққа алатын еңбек ретінде ғылымда кең айналымға енді. И. Х-тің бұдан өзге де еңбектері бар: «Китаб ал-адабу-с-самаи» («Книга о культуре музыкального восприятия»), «Китаб джамхарат ансаб ал-фурс ва-н-навакил» («Книга собрания генеалогий персов и их колоний»), «Китаб ал-анва» («Книга об ориентации по звездам»), «Китаб ан-нудамаи ва-л-джуласаи» («Книга о собеседниках и приятелях»).

Әдеб.: Ибн Хордадбех. Книга путей и стран, – Б., 1986; Отырар. Энциклопедия. – А., 2005.

Н.Мансұров

ӘБУ-Л-ХАСАН ӘЛ-ИСФИДЖАБИ (т.ж.б. – 989) – ғалым, педагог. Толық аты – Әбу-л-Хасан бин Мансур бин Абд Аллаһ бин Ахмад әл-Муаддиб әл-Муқри әл-Исфиджаби. Сайрамдық ғалым білім мен өнердің бірнеше саласынан тәлім-тәрбие алған. Ол жайында бүгінде толық мәліметтер берілмеген. Иақұт әл-Хамауи ар-Руми сияқты белгілі арабтың саяхатшысы өзінің еңбегінде Сайрамнан шыққан Ә.-Х. ә.-И. жайында айтып, оның 989 ж. қайтыс болғанын жазған. Ал педагог болғанын оқытушы, тәрбиеші деген мағынадағы арабтың «муаддиб» сөзі аңғартады. Осыған орай оның Сайрам медреселерінің бірінде ұстаздық еткендігі айтылады.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ (870, Отырар – 950, Шам) – философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, ақын, музыкатанушы. Ежелгі Фараб (Отырар) қ-нда туған. Толық аты – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ Тархан әл-Фараби.



Өз есімі – Мұхаммед. Әбу Насыр (Насырдың әкесі) – лақап аты. Тархан екі түрлі ұғымды береді. Бірі, ру-тайпаның аты. Екіншісі, ата-бабалары дәулетті отбасылардан болғандығын аңғартады. Әл-Фараби оның Фарабтық екендігін танытады. Бұл елдімекен кезінде көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен әрі отырықшы егіншілікпен айналысатын түрлі түркі ру-тайпаларын өзара байланыстырып тұрған қала болған. Шаһар көне жазбаларда Фараб деп аталған. Сондықтан ғалым, ұлы ұстаз әл-Фараби атанған. Алғашқы білімді өзі туған жерде алып, кейіннен Шаш, Саманқан, Бұхара одан Бағдат, Дамаск, Каир шаһарларында білімін толықтырған. Ол көрнекті ғалымдардан дәріс тыңдап, тәлім-тәрбиені, сөз зергерлік шеберлігін, музыкалық ілімін жетілдірген. Түркі тілімен бірге араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жақсы білген. Өлең жырларын өз

заманының рухани ғыл. тілі әрі кең қолданысқа түскен араб тілінде жазды. Әл-Ф. зерделеп зерттеу жүргізбеген сала да кем болса керек. Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы, т.б. жайлы қалам тартты. Алайда оның жазған еңбектері толығымен бүгінгі күнге жетпеген. «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» («Поэтика», «Риторика», «Софистика») т.б. еңбектері оның есімін әлемге танытты. Әл-Ф. – бүкіл түркі әлемінің ғұламасы. Орта Азия, парсы, иран, араб елдері қалаларына сапар жасап, көптеген ғұламалармен танысып, сұқбаттасқан. Әлем ғалымдары мен ізбасар шәкірттері ол жайында көптеген естеліктер мен пікірлер айтқан. Ұлы ойшыл Ибн Сина, тарихшы ғалымдардан Захир ад-Дин әл-Байхакий, Жамол ад-Дин ибн әл-Кифтий, Ибн Әби Усайба, Ибн Халликон сияқты атақты ғалымдар өз шығармаларында ол жөнінде мәлеметтер келтірген. Белгілі шығыстанушы ғалым А. Ирисов солардың бірқатарын араб тілінен өзбекшеге аударып жариялаған. Оның әлеум. қоғамдық және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әсіресе, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемл. қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген сияқты еңбектерінің мәні ерекше зор. Түрлі салада қалам тербеген ғалым өз заманының әлеум.-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, гуманитарлық (философия, логика, этика, эстетика, саясаттану, әлеуметтану, поэзия, музыка) және жа-

ратылыстану (астрономия, астрология, физика, химия, жағрапия, математика, медицина) ғылымдарын меңгеріп, құнды материалдар жариялады. «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен бес салаға бөліп қарастырады: 1) тіл білімі; 2) логика; 3) математика; 4) физика; 5) азаматтық ғылым. Оның осындай салаларға топтастыруынан еңбектерінің зерттеп-зерделеу бағытын анық көруге болады. Айталық, «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактаттар» еңбегі Аристотельдің философиясын меңгеруде қажетті болатын шарттар жайлы өз пікірін танытса, азаматтық, саяси, адам қоғам жөніндегі ойлары «Фусул ал-мадани» («Мемл. қайраткерлердің нақыл сөздері») трактатында айтылады. Ондағы тақырыптар негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналады. «Ғылымдардың шығуы» деп аталатын трактаты математикалық шығу тегі мен себептерін ашуға бағытталған. Риторика, поэзия, т.б. арналған трактаттары этика, эстетика мәселелерін сөз етеді. Онда көркемдік, сұлулық, бақыт категорияларын талдап, солардың негізін айқындайды. Химия, медицина, жағрапия, минералогия, т.б. жаратылыстану ғылымдары бойынша да еңбектері жетерлік. Сондай-ақ тұлғаның келесі әрі көлемді саналатын танымдық нәм әмбебаптық сипатын танытатын бір саласы – музыка. Оның «Музыканың ұлы кітабы» туындысы – музыка жайлы. Саз аспаптарында ойнап, ән салған, өзі ән шығарған. Еңбекте музыкалық акустика мәселелері барынша кеңірек қамтылған. Дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы жайлы құнды пікірлер келтірілген. Әл-Ф. зерттеулері елімізде соңғы ж-дары жақсы жолға қойылып, кең қамтылып, барынша тереңірек қаралып келеді. Алғашқы

қатарда А.Машанов (әл-Машани), Қ.Сәтбаевтардың ізденістерін атаған жөн. Ғалымның мерейтойлары ескеріліп, конференциялар ұйымдастырылып, оны жан-жақты саралау қолға алынды. 1975 ж. ЮНЕСКО шешімі бойынша ғалымның 1100 ж. орай халықар. конференция өткізілді. ҚР ҒА филос. ин-тында шығыс философиясы және фарабтану бөлімі жұмыс істейді. Қаз ҰУ-ге 1991 ж. ұлы ойшылдың есімі берілді. Онда да фарабтану орт. бар. 2001 ж. туған жері Отырарда 1130 ж-дық мерейтойына арналған халықар. ғыл.-теор. конференция ұйымдастырылып, материалдары жинақ болып шықты. 2005 ж. «Мәдени мұра» мем. бағдар. аясында жинақталған «Қазақ халқының философиялық мұрасы» атты жиырма томдық еңбектің 2-томы «Әл-Фараби философиясына» арналды. Кітапқа ғалымның ең маңызды саналатын еңбектері енгізілді. Ал 1145 ж-дық мерейтойына орай әрі Әл-Фараби атымен аталатын уни-ттің 80 ж. қарсаңында Халықар. Абай Клубы «Книга об аль-Фараби» (орыс тілінде) 2014 ж. және «Бақыт туралы кітап» атты төрт кітаптан тұратын таңдамалы трактаттарын жарыққа шығарды (2015).

 Әдеб.: Аль-Фараби. Избранные трактаты. А., 1994; Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. А., 2001; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. А., 2005; Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. А., 2005; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. А., 2010; Бақыт туралы кітап: Таңдамалы трактаттар/Әбу Насыр әл-Фараби. Жид. 2015.

Н. Мансұров

ӘБУ НӘСІР ӘЛ-ФАРАБИ ҚАБІРІ – Сирия еліндегі, Дамаскіде «Баб әс-Сағир» қорымында. Араб жылнамашысы Ахмад Ибн Халикан (12 ғ.) «Китаб уафайат әл-ағнан уа анба абна аз-заман» («Ұлы



әл-Фараби қабірі

адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағлұматтар туралы кітап») атты еңбегінде: «Әл-Фараби... хижраның 339 ж. раджаб айында Шамда дүниеден қайтқан. Алла тағаланың рахымы түсіп, оған Сайф ад-Дауала серіктерімен бірге оны жерлеуге келген... Оны Шам шаһарының сыртындағы «Баб әс-Сағирда» жерленген» деп жазған. Әл-Фарабидің Дамаскідегі мазаратын 1968 ж. фарабитанушы А.Машанов іздеп тапты. 1991 ж. қазақстандық гидрогеолог Н. Қошқарбаев баба құлпытасын суретке түсіріп, музейге тапсырды. 2006 ж. ҚР Діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ә. Дербісәлі, «Білім» баспасының директоры Ж.Нұсқабайұлы, Әбу Нәсір әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің ректоры Т.Қожамқұлов, Отырар ауд. әкімі Ә.Құртаев, А.Жұмашевтар Әбу Нәсір әл-Фарабидің туған жері – Отырардан бір ұыс туған жер топырағын Дамаскідегі «Баб әс-Сағир» – «Кіші Қақпа» мазаратындағы қабіріне салды және баба зиратының бір ұыс топырағын туған жерге жеткізіп Арыстанбаб мазаратына салды.

Әбу Нәсір әл-Фараби қабірінің ұзындығы – 2 м. 27 см; биіктігі – 73 см; ені – 1 м. 26 см; үстіңгі бетінің ұзындығы – 2 м.; ені – 90,5 см. шамасында. Қабір цемент қоспамен сыланған. Ал, қабірдің

аяқ жағындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қас бетіне ұқсас көне жазулы құлпытастың ұзындығы – 44 см; ені – 37 см; қалыңдығы – 11,5 см. Кейінгі ғасырларда осы құлпытастағы көмескіленіп өше бастаған жазулар ақ мәрмар тақта тасқа көшірілген. Оның ұзындығы – 83 см; ені – 60 см; қалыңдығы – 3 см. Тастағы алты қатар мәтін астынан 3 см; үстінен 4 см; бірінші жол екі жағынан 32 см; екінші жол 14 см; үшінші жол 4 см; төртінші жол 4 см; бесінші жол 20,5 см; алтыншы жол 10 см азат жол қалдырылып, терең бәдізделіп жазылған. Соның араб және қазақ тіліне аударылған нұсқалары мынау: Фатиха (1-жол), Бисмиллани иррахман ир-рахим (2-жол), Һаза зарих аль-файласуф уа аль-адаб уа аль-мусики аль-ислами (3-жол) Мұхаммед бин Мұхаммед бин тархан бин Узлах (4-жол) аль-машһур Абу Наср аль-Фараби (5-жол), улиғам 260 хижра фи Фараб уа туффари фи Димашқ 339 хижра (6-жол). Аудармасы: Фатиха (1-жол), Рахманлы рахымды Алла атымен бастаймын (2-жол), бұл зират мұсылман ғалымы және философы және әдебиетшісі және музыканты (3-жол) Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ (4-жол), мәшһур Әбу Нәсір әл-Фарабидікі (5-жол), хижраның 260 жылы Фарабта туды және хижраның 329 жылы Дамаскіде опат болды (6-жол).

Әдеб.: Айиаханов Қ., Жұмашев А. Отырар жәдігерлері. – А., 2004; Отырар энциклопедиясы. – А., 2005; Әбу Нәсір әл-Фараби және Отырар өркениеті // Конференция материалдары. – А., 2010; Қазақ жерінің ортағасырлық ғұламалары және олардың ислам өркениетіндегі орны // Конференция материалдары. – А., 2012.

А.Жұмашев

ӘБУ РАЙХАН ӘЛ-БИРУНИ (973, Өзбекстан Респубикасы, Хорезм аум. Қият –

1048, Ғазни) – ғұлама, энциклопедист, ойшыл. Толық аты – Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмет әл-Бируни. Бируни – лақап аты. Сөздің мағынасы «қала сыртында» дегенді білдіреді. Қала сыртында туылғандарды «белгісіз-бируни» атаған деп Абдулкерим әл-Самони «Китаб әл-Ансаб» еңбегінде айтады. Ал осы лақап атпен ол кең танымал болды. Қият Ә. Р. Б. заманында өнеркәсіп пен сауданың орт. саналатын. Сонда алғаш жан-жақты білім алды. ғұламаның балалық шағы туралы деректер сақталмаған. Өзінің айтуынша, әкесін, атасын білмеген, жетім өскені жайында көзқарастар бар. Жас шағынан ғылымға қызығушылығының арқасында жаратылыстану ғылымдарына назар аударған. Ұстазы хорезмшахтың туысқан ағасы, белгілі астроном әрі математик Абу Наср Мансур ибн Ирак. Осындай ұстазының арқасында тәлім алып, астрономия, жағрапия, медицина, минералогия, геодезия, картография салалары бойынша көптеген зерттеулер жүргізді. 150-ге жуық ғыл. мақалалар мен 15-тен аса еңбектің авторы. Ғалым ретінде қалыптасуының басты танымы – астроном. Алғаш астрон. құралдарды жасап, көптеген елді мекендердің координаттарын анықтау үшін пайдаланды. Оның бай мұра саналатын ғыл. еңбектері бізге толық жетпеген, жеткендерінің өзі әлі жарияланбаған. Орта ғасырлық ғылымның энциклопедиясы саналатын «Әл-Асар әл-Бақияя ән әл-Құран әл-Халиия» («Бұрынғы ұрпақтар ескерткіші») атты әйгілі еңбегі бар. Астрономия, математика салаларына арналған еңбектері күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Ә. Р. Б. анықтаған жағрапиялық белгілер сол замандағы әйгілі жерлердің барлығын қамтиды. Онда мемлекеттер, тау, теңіз, өзен, көл, сондай-ақ халықтар-

дың атаулары келтірілген. Орта Азиялық көшпелі тайпалардың батысқа, шығыс Еуропаға қоныс аударулары, Қазақстан жағрапиясы, оны мекендеген тайпалардың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері жөнінде деректер беріледі. Ол түрлі өсімдіктерді, сан алуан жануарлар тіршілігін де зерттеген. Сондықтан ғұламаның ғыл. еңбектері барлық білім салаларын қамтитын энциклопедия ретінде танылады. «Китаб әл-мусомара фи ахбар Хорезм» («Хорезм тарихы»), «Үндістан» жинақтары тарихи-этногр. еңбек болса, «Геодезия» еңбегі топографияға байланысты, ал «Канон Мас'уда» – жұлдыздар жайлы зерттеулер жасалған астрон. шығарма. Денсаулығы нашарлап жатқан кезде жазған еңбегі – «Фармакогнозия» «Медициналық дәрі-дәрмектер жайлы кітап». «Ат-Тафхим» – тарихи деректемелік еңбек. Бұл парсы тілінде, Хусейн Харазмидің қызы Рейханның өтініші бойынша жазылған. Еңбек сұрақ-жауаптан тұратын төрт бөлімнен құралған. Онда оғыздар мен түркімендердің жерлері жайлы сөз етіледі. Түркілердің таулары мен қорғандары айтылғанда каилар, хундар, қимақтар, тоғыз-ғұздар, түркімен, фараб елдері мен хазар елінің солт. бөлігін атайды. Бұл түркімен елінің Фараб пен шығыс Түркістан жеріндегі халықтар жайлы мәліметтен мол хабар береді. Еңбек жарияланғаннан кейін бір жылдан соң «Ат-Тафхим ли-авайле сана'ат ит-танджим» деген атпен араб тілінде жарық көрді. Ағылшын тіліне де аударылды. Бүгінде кітап ЮНЕСКО-ның «Әлемнің естелігі» атты жоба бойынша құжаттық мұра ескерткіштер тізіміне енгізілген.

 Әдеб.: Агаджанов С.Г., Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашх., 1969; Розенфельд Б.А., Рожанская М.М., Соко-

ловская З.К., Абу-р-Райхан ал-Бируни, М., 1973; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А., 1998; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2010.

Н.Мансұров

ӘБУ САИД АБД ӘЛ-ХАЙЯ ГАРДИЗИ (т.ө.ж.б.) – тарихшы, ғалым. Толық аты – Әбу Сайид Абд әл-Хайя ибн әз-Заххак ибн Махмуд Гардизи. Оның өмірі жайлы толыққанды мәліметтер жоқ. Газныдан Индияға барар жолдағы Гардизи деген жерде дүниеге келген. Қала Ауғанстанның шығысында, Кабулдың оңт-нде орналасқан. Оның Гардизи аталуы соны танытады. Ғалымның танымал еңбегі – «Зайн әл-ахбар» («Баяндау көркі») атты тарихи шығарма. Шығарманың әйгілі нұсқасының бір көшірмесі Оксфордтың Бодлеян кітапханасында сақтаулы. Парсы патшалары мен Иран, Үнді, оған қоса Хорасан, Жетісу өңірінің тарихы жайлы мол мағлұматтар келтіреді. Сондағы халықтардың хронологиясы, діни мерекелері және Орт. Азияның жағрапиясы жайлы мәліметтер де берілген. Оның ішінде Түркістан өлкесіндегі түркі тайпаларының тарихы, геогр. орналасуы кеңінен сөз етілген.

 Әдеб.: Бартольд В.В., Сочинения VIII т., М., 1973; Казахстан. Национальная энциклопедия, I т. А-В. – А., 2004.

Н.Мансұров

ӘБУ ШАМА ӘЛ-МАҚДИСИ (1203, Дамаск – 1267, сонда) – тарихшы, жазушы, хроникашы. Өмір деректері жайлы толыққанды мәліметтер берілмеген. Белгілі еңбегі – «Китаб әр-Раудатәйн фи ахбар әд-дәулетәйн ән-нурийа уә-с-салахийа» («Екі әулеттің хабарлары туралы екі бақ»). Нур ад-Дин Махмұд пен Салах ад-Дин әулеттерінің биліктері жайлы жа-

зылған. Түркістан өлкесіне қатысты көне қалалар Исфиджаб, Фараб шаһарлары жөнінде мәліметтер келтірген. Онда Исфиджабтың көне шаһарлардың бірі болғанын, оның тұрғындары, жеміс-жидектері, өмір сүру дағдылары, сондай-ақ жағрапиялық жағдайы сөз болады. Әл-М. мәліметтерінде Отырар өңірінің бас қ. уалаяттың атын иемденген, яғни оның Фараб деп аталатыны көрсетіледі. Бұл аса ірі қала, ол қажетті жағдайда 70 мыңдай әскер қоя алады, шахристанда жұма мешіті бар, негізгі базарлары рабадта, қалалық қорған ішінде кейбір дүкендер болған делінеді.

 Әдеб.: Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. I том. – М., 1963; Мұхтар Қожа. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006; Байпақов К. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. – А., 2007.

Н.Мансұров

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН / ӘБІЛҚАЙЫР МҰХАММЕДҚАЗЫ БАҒАДҮР ХАН (1693 – 12. 8.1748) – қазақтың атақты ханы, қолбасшы, мемлекет қайраткері. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ әскерлерінің бас қолбасшысы болып сайланып, өзін білікті басшы ретінде көрсете білген. Ырғыздың төм. ағысында ордасы болды. Қайып хан қайтыс болған соң 1719-24 ж. аралығында Түркістанда тұрды. Бұл кезде Түркістан Ә-дың тұрақты мекендеген ордасы болды. Ә. елдің басына қиындық түскен замандарда, «Ақтабан шұбырынды» кезеңінде халықтың абыржуы мен қиындығын саябырлатуға ат салысты. 1723 ж. қазақтар мен қарақалпақтардың 20 мың қолын бастап Еділ қалмақтарына жорық жасады. Ә. өз әскерлерін оңт. жаққа бұрып, Сыр өңірінде жоңғарлардың жасақтарын

бұзып-жарып, 1724 ж. Түркістанға жетеді. Жоңғар әскерінің Қаратаудың теріскей бетіне өтуін мәжбүрлеп, Түркістан қ-н бір жылдай өз бақылауында ұстады. 1725 ж. Бұхар хандығы аум-на көшеді, біраздан соң Қазақстанның солт.-батысына қоныс аударып, Жайық казактары мен Еділ қалмақтарына бірнеше жорықтар жасап, жеңіске жетеді. 1726 ж. қазақтардың оңт. қонысына қайта оралды. Ә. жастайынан батылдығымен танылған, дарынды әскербасы және білгір саясаткер болды. 1726 ж. үш жүздің қазақтары бас қосқан құрылтайда билер мен батырлар бірауыздан Ә-ды Қазақ хандығы әскерінің бас қолбасшысы етіп сайлады. Ә. 1727-29 ж. қазақ жасақтарын бастап, 1727 ж. Бұланты өз-нің маңында, 1729 ж. Балхаш өз-нің оңт.-шығыс тұсында болған атақты «Аңырақай шайқасында» ерекше жеңіске жетті. Ә. х. басшылық еткен Аңырақай шайқасына үш жүздің жасақтары қатысып, ерен ерлік көрсетті. Көршілес елдермен, Ресеймен қарым-қатынаста өзіндік ұстанымдарды ұстанды. Сол кездегі сыртқы елдердің жаулап алуға тырысудағы мақсаттары мен саяси құйтырқы іс-әрекеттеріне қарсы тұра білді. Дербес саясат жүргізуге тырысып, ел тәуелсіздігін сақтау бағытындағы шаралары отаршылдықтың барлық көріністеріне қарсылығын байқатады. Мемлекет қайраткері, көрнекті қолбасшы, әскери істің шебері, батыр, ел бірлігін, өрлеуін мақсат тұтқан өз заманының ерекше тұлғасы болды.

 Әдеб.: Аңыз адам. 2 (38) Қаңтар – 2012; Ерофеева И. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. – А., 1999; Қазақ хандары. – Түркістан, 2015; Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А., 1998.

Д.Мұстапаева

ӘБІЛМӘМБЕТ ХАН (1690-1771 ж.ш.) – 1739-1768/69 ж. аралығында билік құрған Орта жүздің ханы, қазақтың бас хандарының бірі, Болат ханның баласы, Тәуке ханның немересі. Еуропалық деректерде есімі Абдулмамет, Абулмамет, Абульмагмет, Оболмамет, Abul Mamet үлгісінде кездеседі. Ә. Орыс деректерінде 1739 жылғы 22 қазанындағы құжатта Ә. сұлтан алғаш рет хан аталады. 1740 жылдардың аяғына дейін оның билігіне қараған халық арғын тайпасының бір бөлігі, қыпшақ пен уақ тайпасының кейбір бөлігі, 1750 жылдан бастап керей, найман тайпасының кейбір рулары, қоңырат тайпасының әртүрлі руларынан 5 мың шаңырақты құрады. Ол Түркістан, Сауран, Отырар, Созақ қ. мен т.б. елді мекендерге 1743-45 ж. Сәмеке ханның үлкен баласы Сейіт ханмен, 1749 жылдың аяғы мен 1750 жылдың басында Барақ ханмен, 1750 жылдың екінші жартысынан бастап өмірінің соңына дейін Сәмеке ханның екінші ұлы Есім ханмен бірлесіп иелік етті. Оның билігі Солт.-Шығыс, Орт. және Сырдарияның орта ағысы, Қаратау, Түркістан қ. мен оның солт. бөлігіндегі жапсарлас аймақтарға тарады. 18 ғ. 20-30-ж. аралығында Жоңғар шапқыншылығына қарсы бас көтерген қазақ билеушілерінің бірі. Арғын, уақ, керей тайпасының кейбір ру ақсақалдары, Барақ, Абылай сұлтандар, Жәнібек, Бөгенбай батырлар мен Түркістан қ-ндағы Нияз батырдың тікелей ықпалымен хан сайланды. 1740 жылдың 28 тамызында Ор бекінісінде Ресей бодандығын қабылдады. 1743 жылдан хан ордасын Түркістан қ-на көшіреді. Өз заманында жаулап алушылық саясат ұстанған елдер Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Ә-ті қазақтың Бас ханы деп таныды. Оның тікелей қатысуымен Жоңғария түпкілікті жеңіледі. Цин пат-

шалығы Қазақ хандығын таныды, оңт-тегі қалалар, соның ішінде Түркістан кері қайтарылып, қазақтың астанасы ретінде қайта түледі. Ресей И.И. Неплюев арқылы Әбілқайырды тарих сахнасынан кетіргенімен, Ә. пен қазақтың өзге хан, сұлтан-дары арасында арандату саясатын жүргізе алмады. Керісінше, Ә. хан қазақтың ендігі үміті Абылайды қолдап, Орта жүз ханы етіп қана қоймай, оның төңірегіне барша төре тұхымдарын, би, батырларды жинады, көзі тірісінде түбінде барша қазақ мойындайтындай тұлға ретінде тәрбиеледі. Абылайдың да оған құрметі мен сенімі өзге қазақ билеушілеріне қарағанда аса жоғары болды. Ә. хан 1768 жылдың соңында немесе 1769 жылдың басында қайтыс болған. Өйткені, 1769 ж. Цин патшалығынан Ә. асына арнаулы адамдар жіберілген. Ол 18 ғ-дың 70-жылдарына дейінгі ұлан-байтақ аум-ты иеленіп, Ресей, Иран, Жоңғария, Қытай, Ауған елдерімен қарым-қатынаста ұлт мүддесін жоғары қойып, қазақтың бірлігін сақтауда көзге түседі. Қазақ тарихында өз орны бар, қиын-қыстау, аласапыран заманда ел алдына шығып, халқының тыныштығын сақтауға өлшеусіз үлес қосқан атасы Тәуке, немере бауыры Әбілқайырдың азаттық идеясын жалғастырған дара тұлға.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – Алматы.: ИД «Аркаим», 2001; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы). – А., 1997; Мұқтар Ә.Қ., Сыдықов Е.Б. XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы. –А., «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Мереке баспасы, 2015. – 688 бет; Әбілмәмбет хан туралы жаңа пайым

// Егемен Қазақстан. – 15 қараша, 2012; Мұхамбетқанұлы Н. Тарихи зерттеулер. – А., «Жалын», 1994.

Х.Тұрсұн

ӘБІЛПЕЙІЗ ХАН (т.ж.б. – 1783) – Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің ұлы. Деректерде «Әбілпейіз», «Әбулфаиз» деп жазылады. Әбілпейіз сұлтан 1743 ж. жоңғарларға аманат ретінде тұтқында болды. Билік құрған уақыты 1771-83 ж-дар деп көрсетіледі. Зерттеулерде Галдан Церенге Абылай сұлтанның орнына Жоңғарияға «Әбілмәмбет хан және Барақ сұлтан екі ұлын бала-шағаларымен және басқа да қырық отбасын аманатқа жібереді» деп жазылады. Жастайынан қазақ қоғамының саяси-әлеум., экон. қалыптасқан жағдайына қарай көптеген жауапты тапсырмаларды орындады. Жоңғарға қарсы соғыста атағы шықты. Абылайдың көмекшісі, мүдделес әскери серігі болды. 1757 ж. қазақтардың қалмақтарға қарсы соғысына, қытайлармен Тарбағатай, Алтай таулары үшін күреске қатысып, аты шықты. Ресейге, Қытайға елшілер жіберіп, көрші елдермен сауданы нығайтуға тырысқан. Қазақ арасында «найманға Әбілфаиз хан болғаны, заманында ел Құлжа, Шәушек қолтығы, Жайсан көлінің жоғ. жағына, Ертістен өтіп, Алтай етегіне дейін барғаны» деректерде жазылған. Шығыс Қазақстан аймағында билік жүргізген. 17 ғ-дың екінші жартысындағы 1765 ж. Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттарда «қазақ Әбілпейіз жіберген елшілер» туралы деректер көп кездеседі. Қытаймен диплом. байланыстар орнатып, қазақ-қытай, қазақ-орыс қатынастарының дамуына зор үлес қосты. 1760 ж. орыс деректерінде Әбілмәмбет ханның ұлдары Болат, Ә. ту-

ралы айтылады. «Бірі – Алтай арғын, екіншісі – қаракерей найманда билік етеді» деген. Орта жүз қазақтарының сауда жасауына рұқсат беруге қатысты құжаттарда Аягөз, Көкжол, Жанғыздан Шыған өз-дері бойымен көшкен қазақ жұрты Троицк бекінісінен алыста болғандықтан, наймандар және үйсіндер және барлық Үлкен орда Троицк бекінісінде сауда жасай алмағандықтан, Семей бекінісінде сауда жасауы қажеттігін айтады. Ә. сұлтанның орта жүз қазақтарының Семей қорғанында сауда жасауға қатысты 1762 жылғы 21 қаңтарында жазған құжаттары бар. Көрші елдермен сауданы нығайтуға тырысқан. Ресей мен Орт. Азия (Қытай, Ташкент, Бұхара) елдерінің арасында сауда-саттықтың Шығыс Қазақстан арқылы өтуінде белсенді іс-әрекеттер жасады. 1764 ж. орыс көпестері мен қазақтар арасында сауда жасауда Семей бекінісінде сауда айырбас бекетінің ашылуына жағдай жасап, сауда жасаушы тараптарға сауда керуендерін қорғап, алып жүруге ықпал жасады. Әбілмәмбет ханның екінші ұлы 1771 ж. найман руының қаракерей және басқа да тармақтарын басқарды. И.Г.Андреев өзінің жазған дерегінде Ә. сұлтан туралы «Он был в рассуждении тихого своего нрава весьма в почтении, и 1783 году умер, и тело его в 1784 году отвезено сыном его Пупы – салтаном в город Туркестан...» деп жазылған. Шыңғыстаудың солт. беткейінде Әлпейіз өз-нің жоғ. жағында, Әбілмәмбет ханның баласы Ә. сұлтан бейітінің басына салынған Ә. (Әлпейіз) кесенесі 18 ғ-дан сақталған. Диаметрі 9 м шикі кірпіштен тұрғызылған бұл кесене Ә. ханның уақытша қойылған жері болса керек. 1783 ж. жайлауда қайтыс болып, Түркістанда, Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген.

Әдеб.: Моисеев В.А. К вопросу об ойрато-казахских отношениях в 30-40-х гг. XVI-XVIII вв. –А.: «Наука», 1983; Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. –А.: «Ғылым», 2001; 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – А.: «Санат», 1998; Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздік. Бас ред. Б.А-яған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2005; Казахско русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). – А.-А.: «изд. Ан. Каз ССР», 1961; Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – А.: ИД «Аркаиым», 2001; Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. 2-е изд. – Аст.: «Алтын кітап», 2007; Қазақ мәдениеті (Энциклопедиялық анықтама). – А.: «Аруна», 2005.

Д.Мұстапаева

ӘЖІ САПА АТА КЕСЕНЕСІ – 19 ғ. сәулет өнер ескерткіші. Түркістан. обл. Созақ ауд. Созақ а-ның оңт.-шығыс бөлігінде орналасқан. Кесене – сегіз қырлы бір камералы құрылыс. Сыртқы пошымы мұнара іспетті. Сыртқы диаметрі 6 м. Ішкі бөлмесінің диаметрі 4 м. Кесенеге кіретін есік оңт.-батыс қабырғада. Іргетасы тастан қаланған. Үстіңгі бөлігі шикі қам кесектен қаланған. Конус тәрізді күмбезі биік емес сегіз қырлы пішін үстіне тұрғызылған. Сырты лаймен сыланған. Аңыз бойынша, мұнда жерленген адам Меккеге қаж-қ сапармен жаяу барып кел-



Әжі сапа ата кесенесі

ген кісі екен. Сол себепті оның есімінің алдына «қажы» сөзінен шыққан «әжі» деген құрметті атау қосылып айтылған. Сырт жақтан кесененің күмбезді бөлігінде шеңберлеп үш қатар ағаш кесінділер орналастырылған.

Әдеб.: Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия АНКаз ССР. Серия архит. – 1959. Вып 2; Камалова Г.М. Мавзолей Аже-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. С.252; Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент. 2014.

М.Қожа

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫ – республикамыздағы іргелі мұражайлардың бірі. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Ясауи (Әзірет Сұлтан) құрметіне арнап, 14 ғ-дың соңында Әмір Темір салдырған кесене негізінде Түркістан қ-нда 1978 ж. 30 қыркүйекте «Респ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты мұражайы» ретінде ашылды. 1989 ж. 28 тамызда Қазақ КСР Министрлер кеңесінің №256 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайы» болып құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.07.2015 ж. «ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің респ. мемл. мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы» №585 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық мұражайы» РМҚК болып қайта құрылды. Қаржы министрінің Мемл. мүлік және жекешелендіру к-ті 2015 жылғы 28 қыркүйектегі №1188 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт мин. «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайы» респ. мемл. қазыналық кәсіпорны (РМҚК) болып қайта құрылды. Қорық-мұражайда тарихи-мәдени мұра ескерткіштерді



«Дзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі

қорғау және есепке алу, қор сақтау және есепке алу, ғыл.-зертт., экскурсия және насихат, қызмет көрсету және эксплуатация бөлімдері жұмыс атқарады. Қорық-мұражай аум-нда тарихи-мәдени ескерткіштердің жалпы жер көл. 2306,383 га. Құрамында 99 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Олардың ішінде 1-еуі халықар., 19-ы респ., 7-еуі жергілікті маңызға ие. Алдын-ала есепке алынған ескерткіштер саны – 72. Түркістанның бас жәдігері болып табылатын Халықар. дәрежедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдессіз сәулет туындысы ретінде 2003 ж. ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің ұлттық пантеон ретіндегі алар орны да айрықша. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат (жер асты мешіті, 12 ғ.), Әулие Құмшық Ата қылуеті (12-14ғ.), Сегіз қырлы кесене (14-16 ғ-лар), Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның зайыбы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (15 ғ.), Шығыс моншасы (16-17 ғ-лар), Есім хан кесенесі (17 ғ.), т.б. археол., тарихи-сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды. Түркістан тарихы мұражайы да келушілерге қызмет көрсетеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің төңірегіне 300-ден

аса тарихи тұлғалар жерленген болса, қорық-мұражай мамандарының зерттеулері нәтижесінде сол тұлғалардың бүгінде 214-і анықталды. Қорық-мұражайдың қорында 24421 дана құнды тарихи жәдігер жинақталған. Олардың арасындағы археол., этнограф., нумизмат. және жазба ескерткіштер тобына жататын жәдігерлердің талапқа сай сақталуы үшін соңғы үлгідегі арнайы құрылғылар орнатылған. «Ә.С.» м.т.-м. қ.-м. РМҚК еліміздегі барлық респ., обл. мұражайлармен әріптестік орнатқан және солардың арасында келушілері ең көп мұражай болып табылады. Келушілерге көрсетілетін қызмет түрлері де талапқа сай жүйелі жолға қойылған. 2018 жылдың 5-15 мамыр аралығында Түркия Республикасының Кастамону, Бурса, Анкара қалаларында халықар. көрме ұйымдастырылды, 9-11 қарашасында Грекияның Салоники қ-нда «Филоксения-2018» халықар. көрмесі, 21-23 қараша күндері Ресейдің Сочи қ-нда «Сочи-2018» халықар. туристік көрмесі болды. 2019 ж. Өзбекстан Республикасы ҒА-ның «Темуридтер тарихы» мемл. мұражайында көрме ұйымдастырылды. Осындай атқарылған іс-шаралар нәтижесінде қорық-мұражай 2015 ж. халықар. ICOM одағының «Жыл мұражайы» дипломына ие болса, 2016 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық бизнес-рейтинг бағдарламасының «Өрлеу қарқыны» номинациясында Қазақстан мұражайлары бойынша «Сала көшбасшысы» атағына, «Алтын» рейтингісіне ие болып, Халықар. сертификатпен және арнайы «Алтын қыран» медалімен марапатталды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Тарихи-мәдени туризмді дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясына ие болды.

Әдеб.: «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайына 40 жыл. Жинақтап құрастырушы: Б. Байболов. – А.: «Изд. Золотая Книга», 2018. – 167 бет; «100 Аңыз» альбом кітап. Жинақтап құрастырушы: Ә. Манапов. – А.: «Изд. Золотая Книга», 2018. – 223 бет; «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық мұражайы РМҚК қорындағы Зергерлік бұйымдар топтамасы. Каталог материалдарын дайындаған: Н.Әшірбекова. – А.: «Изд. Золотая Книга», 2018. – 208 бет; М.Туякбаев, А.Егеубаева. «Түркістан жазирасының қыш ыдыстары» альбом-кітап. – А.: «Изд. Золотая Книга», 2018. – 175 бет.

М. Тастанбеков

ӘЙТЕКЕ БИ БАЙБЕКҰЛЫ (23.03. 1644, Өзбекстан, Қазбибі тауы, Қызылшам – 1700, Өзбекстан, Нұрата ауд. Сейітқұл қорымы) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері, кемеңгер ойшыл. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр тәрбиесін алған. Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған «Тіллә-кари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құқық, аспан әлемі, жағырапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Ә. б. Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға жаттығады. Жиырма бір жасында бүкіл Бұқара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарқалпақ, құрама жұртының бас биі, жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқының бас биі болды. Тәуке хан тұсындағы «Хан кеңесінде» Кіші жүз жұртының атынан кеңестің мүшесі болды. Осы кезде бұрынғы «Қасым салған қасқа жолдың» «Есім салған ескі жолдың» заман өзгерісіне орай кей-

бір тұстарының ескіруіне байланысты жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі тұды.

Тәуке хан кезеңінде 1684 ж. «Жеті жарғы» қабылданды. «Жеті жарғыға» ұсынған баптарының ішінде белгілілері – «Сүйек құны», «Өнер құны». Бұл Ә. б-дің ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге өнерге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді. Ә. б. шешендігімен, «қара қылды қақ жарған» әділдігімен бірге жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр болды. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтының он мың жасағына бес мың қол әскерімен қарсы аттанады. Қара қылды қақ жарған би, саясаткер, батыр, ел қамын ойлаған тұлға ретінде көптеген саяси оқиғалар, шайқастар мен тартыстарға қатысты. Өз заманының білімді, кемеңгер, ел басқарған тұлғасы ретінде белгілі. Қазақ елінің бодандықтан тыс, тәуелсіз ел болып өмір сүруін мақсат тұтқан тұлға. Ә. б. 1698-99 ж. Түркістанда өткен үлкен екі жиында Ресеймен, Қытаймен не басқа бір елдермен одақ жасаудың қазақ елі үшін зиянды жақтарын айта отырып, бодандықтан тыс елдің іргесі мықты ел бола алатынын айтады. Ел бірлігі мен тұтастығын сақтау қажеттігін айта отырып, өзіндік шараларды ұсынады. Әскери істі жетік білетін жасақтар ұстау, ел қауіпсіздігін сақтау, сыртқы жауға қарсы тұра алатын қару-жарақты жаңарту мәселелерін ұсынады. Осы бағытта әскери істі жетік білетін, шешен, батыр, көпті көрген, елшілік жұмысты жетік білетін қолбасшы болу керектігін айтады. Ә. б-дің бұл ұсыныстары Төле, Қазыбек секілді ел басқарған билер тарапынан қолдау тапқанымен, сұлтандар мен төрелер, әскерге жиналатын мол шығынды ауырсынған байлар қарсы шығып, түрлі себептер айтылып, ақырында қабылданбайды. Ә. б.

қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері, Әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Кіші жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодексін шығарушылардың бірі. Ә. б.: «Елінен айырылған ер бақытсыз, жерінен айырылған ел бақытсыз. Құдайым ондай күнді маған көрсетпегей!», деген екен. Ақтөбе обл-ның бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір Ә. б. ауд. аталады. Қазақстанның ірі қалаларында Ә. б. аты көшелерге берілген. Ташкенттен 75 шақырым жердегі Қауыншы және Шыназ ауылдарының маңында жерленді.

 Әдеб.: Досмұхамедұлы Х. Әйтеке би. – А., 1998; Тоғысбаев Б., А.Сужикова. Тарихи тұлғалар. – А., 2011; Толыбеков С. Әйтеке би. – А., 1992; Есламғалиұлы М., Әйтеке би. – А., 1998; Бисенбаев П. Әйтеке би мұрасы туралы әңгіме. – //http://edq.kz/2017/05/13.; Құрманбек Е. Әйтекедей әділ би. – // http://www.aktobegazeti.kz/.

Д.Мұстапаева

ӘЙТПЕНОВ Қайыпназар (1900, Түркістан обл. Шардара ауд. 1977) – халық ақыны. Ауыл мектебінен сауатын ашады. Ә. өлеңді жазбаша да, ауызша да шығарған. 1964 ж. Шымкентте өткен өлкелік ақындар айтысына қатысқан. Ақын шығыс аңыздарының, қазақ ертегілерінің сюжетін дастан етіп жырлаумен қатар Мырзашөл тыңын игерушілерге, мақташыларға, замандастарына арнап көптеген өлеңдер шығарды. Сықақ, мысқыл, мысал жанры ақын шығармнан елеулі орын алады. Бірқатар өлеңдері «Шұғыла» (1977) жинағында жарияланды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Қызылқұм ауд. НКВД бастығы болған. Ақынның «Өсиет» деген

жыр-жинағы жарық көрді. Д.Қонаевпен дастархандас болған жолдасы. Ә. қазақ әдебиетінің 20 ғ-дағы жыраулық дәстүрін лайықты жалғастырған сөз өнерінің қасиетті шырақшысы, сондай-ақ, халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі. Ақын айтты деген маржан сөздер мәйегі, яғни ақыл мен нақылға тұнып тұрған өлең жолдары оқырманды тәнті етеді. Ел ішіндегі жақсылық пен жамандықты көбірек аңғарған, көппен араласқан ақынның маңдайдағы қос шырағы ешнәрсені қалыс қалдырмаған, баршасын дерлік анық байқаған. Дүние – көштің басы да, соңы да бір ғана күнмен, бір ғана сәтпен бітпесін аңғарған данагөй ақын өлеңдеріндегі «Тойсаң, тоба қыл», «Алтын алма, ақыл ал», «Дәулет бітсе, мастанба», «Жалғыздық көріп қор болар, қадірін көптің білмеген», «Абайлап сөйле сөзінді, Дұшпанның бірі – тіл деген», «Жерге қонбай кетпейсің, ұшсаң да биік аспанға» және де көптеген өлеңдері мен жыр тармақтарында қорғасындай салмақ бар, терең мазмұн мен мағыналы мән жатыр. 2004 ж. Шымкент қ-нда «Ақын Қайыпназар Әйтпеновтің өмірі мен шығармашылық әлемі» атты кітап жарық көрген.

 Әдеб.: Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. Мақта ордасы – Мақтарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран», 2003. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 224.

Қ.Сарекенова

ӘЛАМ АД-ДИН ӘЛ-ЖАУҒАРИ (т. ө.ж.б.) – ғалым, ойшыл, ақын. Белгілі тіл білімінің ғалымы Исмаил ибн Хаммад әл-Жауғари әл-Фарабидің ұлы. Толық аты – Әлам ад-Дин Әбу-л-Хасан

Әли ибн Исмаил әл-Жауһари әл-маңғұт әл-Бағдади. Әбу-л-Хасан (Хасанның әкесі) – лақабы, одан кейінгі Әли өз есімі. Оның ныспысындағы әл-Бағдади оның Бағдатта туылғандығын аңғартады. Өйткені әкесі Исмаил әл-Жауһари Бағдатта тұрған кезінде дүниеге келген. Сол себепті тегі Фарабтық, яғни жауһарлық, бірақ Бағдат шаһарында туылып, сонда білім алған. Бағдад ойшылдары мен ғұламаларынан дәріс алған. Ә. Д. – жан-жақты білім иесі. Ол астрономия, математика, геометрия, филология салаларын меңгерген. Тек қана ғылым саласын емес, соғыс әдістерін де меңгерген әскербасы деген сөздер де бар. Алайда бұл туралы нақты мәліметтер кездеспейді. Неміс ғалымы Г.Зутер «Математики и астрономы арабов и их произведения» атты еңбегінде математика саласы мен астрон. аспаптар жасауда және пайдалануда оның шеберлігін сөз етеді. Мұндай пікірді орыс, шығыс зертеушілерінен де кездестіреміз. Жақсы тәрбие мен үлкен білім иесі атанған ғалым сарай ақындары қатарынан да көрінген. Шешендік өнерге бейім, сөз өнерінде озық танылған ақын ретінде танымал болған көркем сөз шеберінің даналық сөздерін Бағдат шаһарында кең пайдаланған. Олардың жинағы бүгінгі күнге жетпеген. Бұл жайлы өз замандастары саналатын ақындар аш-Шариф ар-Ради (970-1016), әл-Мағарри (973-1057) еңбектерінде айтылып әрі сөз орамдары афоризмдер, нақыл сөздер жиі кездеседі. Ә. Д. өмірі мен шығарм. жайындағы деректер әлі де болса жеткіліксіз. Десе де, түпкі аталары мекені жауһарлық болған соң, оның да әдебиет пен тарихқа, жаратылыстану ғылымына қатысты еңбектері қазақ ойшылдарының қатарынан көрінгені орынды.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995; Отырар. Энциклопедия. – А., 2005.

Н.Мансұров

ӘЛИ ӘЛ-ИСФИДЖАБИ (т.-ө.ж.б.) – ғалым, дін қайраткері. Толық аты – Әли ибн Мұхаммед әл-Исфиджаби. Әкесінің есімі – Мұхаммед. Исфиджаби оның Исфиджабтық (Сайрамдық) екенін танытады. Ғалым туралы деректер жоқтың қасы. Оның есімін 12 ғ. ғұламасы Зайн ад-Дин Әбу Ахмет ибн Мұхаммед ибн Омар әл-Уттабидің «Фатауа әл-Уттабийя» («Уттабидің бәтуасы») атты еңбегінен көреміз. Соған орай дін ғұламасының еңбектері ислам дінін негіздеуге арналған. Алайда ортағасырлық Зайн ад-Дин Әбу Ахмет ибн Мұхаммед те исфиджабтық оқымыстының өмірі мен еңбектері жайында мәліметтер келтірмеген. Бүгінде Ислам әлемінде, оның ішінде елімізде де Ә. И. жайында зерттеулер қолға алына бастады. Ғалымның мұсылман дінінің тарихында атқарған қызметтері мен еңбектері кеңінен қаралып, ғыл. жұмыстар жүргізілуде. Сонау араб елдерінде Суданда, Иракта Ә. И. еңбектері жөнінде докт. жұмыстар қорғалған. Ислам әлеміне әйгілі «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының қолжазбасына берілген түсініктежелер, оған салыстырмалы түрде жасалған талдаулар осындай бастамаларды алға тартады. Соның бірі Б. Манабаевтың «Орт. Азия мұсылман құқығы тарихында Әли ибн Мұхаммед әл-Исфиджабидің орны мен маңыздылығы» атты докт. диссертациясы бар. Ғыл. жұмыста «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасының қолжазба нұсқаларына сараптама жасай келе Ә. И-ге тиесілі екендігі айтылады. 11-12 ғ-дағы Исфиджаб және Самарқанд қ-ларындағы әлеум., саяси-діни өмір

көріністері барынша айқындалады. Сондай-ақ Ә. И. «Баһа ад-Дин» куниясымен (лақап аты) аталғаны ғыл. тұжырымдармен нақтыланып, өмірі мен шығарм. жайында да кеңінен мағлұматтар келтіріледі.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995; Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Манабаев Б. Орт. Азия мұсылман құқығы тарихында Әли ибн Мұхаммед әл-Исфиджабидің орны мен маңыздылығы, филос. ғыл. докт. (PhD) дисс. – А., 2018.

Н.Мансұров

ӘЛИҰЛЫ СҮГІР (1882, Созақ ауд. – 1961, сонда) – қазақтың күйші-композиторы. Созақ а-ндағы Қарабура зиратынд. қабірінің басына кесене тұрғызылған. Қобызшы Ықылас Дүкенұлы (1843-1916) мен домбырашы Әлшекей Бектібайұлының (1847-1932) шәкірті. Қазақ күй өнерінің Арқа мен Сыр бойы мектептерінің дәстүрін біріктірген өнерпаз. Сүгір бала кезінен күй өнеріне бейім болып, 15 жасынан Ықылас, Тәттімбет, Әлшекейдің және көптеген халық күйлерін меңгерген. Ел ішінде жастай «домбырашы Сүгір» атанып, өзі де күй шығара бастады. Тұңғыш туындысы «Тел қоңыр» күйінен соң кең шығарм. жолға түсіп, «Тоғыз тарау», «Кер толғау», «Шалқыма», «Ыңғай төк», «Бес жорға», «Боз інген», «Ілме», «Қосбасар», «Аққу», «Ақ желең», «Амангелдіге арнау», «Жолаушының жолды қоңыры» (екі нұсқада), «Жайлау күйі» сияқты көптеген күйлер шығарды. Ә. күйлері әр түрлі әлеум. тақырыптарға арналып, тіршілік, тағдыр, табиғат жайлы терең лирик.-филос. мазмұнға құрылады. Ол өз заманының виртуоз орындаушы ретінде төкпе күй мен шертпе күйдің үздік шебері болды, шертпе әдістері мен күй сарындарында Арқаның шертпе күйлеріне ұқсамайтын бөлекше стиль қалыптасты. Домбырамен

орындалатын күйлерге қобыз үнін қосуы Ә. шертпелеріндегі қайталанбас өрнек, өзіндік қолтаңба. «Аққу» күйі композитор туындылары ішінде ерекше орын алады. Оның күйлерін халық арасында кеңінен таратқан қобызшы Жаппас Қаламбаев, күйлерін насихаттаушылар Төлеген Момбеков, Уәли Бекеновтер. С. 200-ге жуық күй шығарды, оның ішінде 70-ке жуығы кейінгі ұрпаққа жетті. С. күйлері 1968-69 ж-дары алғаш рет нотаға түсіріліп, халық аспаптар оркестрінде орындала бастады. Ә-ның өмірі мен өнері туралы жазушы Т.Әлімқұлов әңгімелер («Тел қоңыр», т.б.), ақын Б.Батырбекова поэма («Күйші Сүгір») жазды. Оның есімі Созақ ауд-нда көшелерге, Шолаққорғандағы саз мектебіне берілген.

Әдеб.: Қазақ халқының аспап музыкасы. – А., 1964; Қаратау шертпелері. – А., 1975; Бекенов У., Күй көтерер көңілдің көкжиегін. – А., 1975; Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Аст., 2002. – 832 бет.

Х.Тұрсұн

ӘЛҚОЖА-АТА КЕСЕНЕСІ – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші (15-20 ғ.). Түркістан қ-ның ішінде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен шығысқа қарай шамамен 2 км қашықтықта орналасқан. «Насаб-нама» деректеріне қарағанда, Қожа Ахмет Ясауидің ағасы Садр шайхтың немересі, Ясауидің қызының ері Абд ал-Мәлік Ата, лақап аты Әл-қожа-ата. Қазіргі күні өз шежірелерін осы Абд ал-Мәлік Атадан бастайтын қожалар әулеті бар. Бұл әулеттің қолында 1517-18 ж. Түркістанда әкім болған шайбанилік Көшім ханның ұлы Абдуллаһ сұлтанның мөрі соғылған «Насаб-нама» бар. «Насабнама» бір нұсқасында Қожа Ахмет Ясауидің қызының есімі Джамия биби еді, лақап аты Гауһар Қоштәжі деп көрсетеді. Ә.-Қ. атаның



Әл Қожа ата кесенесі

жерленген жері Рах-и Калан деп аталады екен, Дарбаза қауымының аумағында және ол орын қастерлі және зияратқа адамдар жиі келеді деп көрсетеледі. Ә.-Қ.-а. қабірі туралы мәлімет Ахмет Кенесаринның Ташкентте орысша аударылып басылған 1889 ж. «Султаны Кенесары и Сыздық» атты шығармасында кездеседі. Онда 1864 ж. Сыздық сұлтанның орыс әскерлерімен болған соғыстағы әрекеттері туралы әңгімеде Түркістан қ. қасындағы Ә.-Қ.-а. мазарының бауына барып тоқтағаны айтылады. Ә.-Қ.-а. күмбезді кесенесінің фотосуреті А.И.Добросмысловтың «Города Сырдарьинской области» атты Ташкент қ-нда 1912 ж. басылған кітабында берілген. Ә.-Қ.-а. сәулет құрылысын 1948 ж. В.В. Константинова зерттеп, Сырдария бойындағы ескерткіштерге арналған мақ-нда алған нәтижелерін жария етті. Ол сәулетті кешеннің бір уақытта салынған құрылыс емес екенін, ең көне бөлігі – әулие қабірі үстіне тұрғызылған күмбез кірпіштерінің көл. Қ.А.Ясауи ханакасының кірпіштеріне сай келгендіктен және де басқа белгілерге қарап, 15 ғ-ға жататынын, ал жапсарлас бөліктері кейін, 18 ғ-да салынғандығын болжаған. 1948 ж. құрылыстың сызылған жоспарынан онда 6 ұстын болғанын байқау қиын емес. Осы алғашқы сәулеткерлік тұрғыдан жасалған зерттеуде

ұстындар, басқа да ғимараттың бөліктері мүлде сиппалталмаған. Әзірет Сұлтан мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайында сақтаулы тұрған көл. 58 x 37 см, қалыңдығы 5 см мәрмер тақтадағы жазуға қарағанда Ә.-Қ.-а. к-нде 1917 ж. тағы бір жөндеу немесе бір жапсарлас құрылыс салу жүргізілген. Шығыстанушылар Б.М. Бабаджанов пен Ә.К. Муминов жасаған аударма бойынша мұндай жұмыстарды ташкенттік құрылысшы Мир Усман жүргізген. Ә.-Қ.-а. к. 20 ғ-дың 50-ж. жермен жексен етіліп, оның кірпіштері басқа мақсатта пайдаланылған. Осы жабайылық әрекеттен кейін онда қараусыз қалған ұстын-тіреулердің бірі Әзірет Сұлтан кесенесіне әкелінгендіктен сақталып қалған. Ә.-Қ.-а. ғимаратының ұстыны – Қазақстанда 18 ғ-да жасалған бізге белгілі бірден-бір ұстын. Бұл – Түркістан қ-ның қазақ хандарының ордасы болған кез. Қазақ хандығы дәуірінің сәулет өнері, қолөнері әлі де зерттелмей келе жатқанын ескерсек бұл ұстынның құндылығы арта түседі. Қазақы өрнектердің тарихын зерттеуде де бұл ұстынның орны бөлек болмақ. Кеңестік дәуірде талқандалған Ә.-Қ.-а. ғимаратынан бізге аман жеткен жалғыз байырғы бөлігі болып тұр. Ұстын 18 ғ-дың соңғы ширегінде жасалған.

Әдеб.: Дастанов О. «Әулиелі» жерлер туралы шындық. – А., 1967; Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002; Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздық. – А., 1992; Константинова В.В. Некоторые архитектурные памятники по среднему течению реки Сыр-дарья // Известия АН Казахской ССР. Серия архитектурная. 1950. Вып. 2. – С. 37-53. Кожа М. Новые данные об архитектурных памятниках г. Туркестана // Роль Туркестана в истории Казахского ханства. – Туркестан, 2015. – С.9-18.


М.Қожа

ӘЛІАҚБАР ХАН (т.-ө. ж.б.) – Түркістан қ. азат ету үшін қоқандықтарға қарсы көтерілісті басқарған қазақ ханы. Ханның мұсылманша аты – Али Ақбар. Оны Майлықожа, бірде Әліакбар, бірде Әлібек деп атайды. Кейбір орыс деректерінде Аликен, Джакелен деген атпен белгілі. Туған ж. белгісіз, қайтыс болған ж. 1859 ж. кейін. Билік құрған уақыты 1858 ж. мамыр айынан шамамен 1859-1860 ж. аралығы. Ә. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулетке жатады. Ә. әкесі 18 ғ-дың соңғы ширегінде қоңырат тайпаларын басқарған Қарабас Мұхаммед сұлтан. Ә. атасы Сейіт – Семекен ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Сейіттің өзі хан сайланып, 1741-45 ж. Түркістан қ. мен оның айналасындағы аймақта билеуші болған. Арғы бабалары – атақты Салқам Жәңгір хан, «Еңсегей бойлы Ер Есім» хан. Ақын Майлықожаның мәліметі бойынша «Әліақбар інісі Тоғай ханмен атасы бір, анасы басқа болған». Ә. қазақ халқы үшін



Қазақ ханы Әліақбардың туының басы. 19ғ.

қиындығы мол 19 ғ-да өмір сүрді. Оның әкесі 18 ғ-дың соңғы ширегінде қоңырат тайпаларын басқарған Қарабас сұлтан екен. Туған ағасы Тоғай Түркістан қ. 19 ғ-дың басынан, яғни 1800 жылдан 1816 жылға дейін билік жүргізген соңғы қазақ ханы болды. 1816 ж. кенеттен соғыс бастаған Қоқан хандығы Түркістанды басып алады. Тоғай хан Түркістаннан, кейін Түркістан аймағынан Бұқараға кетуге мәжбүр болады. Қоқандықтар жергілікті халықты аяусыз қанап, зекет төлей алмаған қазақтардың балаларын тартып алып құлдыққа сатты. Мұсылмандыққа жат осындай езгіге шыдай алмаған жергілікті халық көтеріліске шықты. Орта жүздің қоңыраты және қыпшақтардың бір бөлігі, Ұлы жүз сарыүйсінінің кейбір топтары 1858 жылдың мамыр айында Тоғай ханның туған інісін – сұлтан Ә-ды хан етіп көтереді. Осылай Ә. қоқандықтарға қарсы оңт. қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісін басқарады. Ә. басқарған әскер қоқан әскерлерімен бірнеше мәрте соғысып, 1858 ж. Түркістан қ-н қоқандықтардан азат етуге әрекет жасайды. Жаңа сайланған хан өзінің туған ағасы Тоғайдың Түркістанда хан болғанын, қаланы 35 ж. бұрын қоқандықтар оның ағасынан тар-



Түркістан қаласында 1813 ж. қазақ сұлтаны Әліақбардың тапсырысымен хандар шежіресі берілген қолжазбаның беті

тып алғанын алға тартып, Түркістан қ-н қазақтарға қайтаруды талап етеді. Алайда қаланы тіке басып алуға Түркістан ішінде қазақтың белгілі азаматтарын аманатқа алу да кедергі етті. Қоқандықтар Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат жасауға келген қоңыраттың билері Қоныс датқа мен Ақсақ датқаны, Ұлы жүзден келген Қарақұл датқаны, қыпшақтың Тубақабыл атты жақсыларын аманат ретінде ұстап отырды. Ә. басқарған көтерілісшілер 15 мамырда қала бекіністеріне шабуыл жасады. Алайда қоқандықтар әскери тұрғыдан басым болды. Зеңбіректерден от шашып көтерілісшілерді атқылап отырды. Қазақ әскері бір айдай Түркістанды қоршап тұрды. Бірақ оны басып ала алмады. 3 маусым күні Мырза Нияз басшылығымен Түркістандағы қоқан әскері қазақтарды жарып өтуге әрекет етеді. Алайда қоқандықтар үлкен шығынға ұшырайды. Кейбір мәліметтерге қарағанда қоқандықтар жағынан 500-800-ге дейін адам шығын болады. 1858 жылғы 20 маусымдағы орыс хабарламасында «хан конградский с своим ополчением и стоит еще под стенами Туркестана», яғни «қоңырат ханы» Ә. әлі де Түркістанды қоршап тұр деген хабар кездеседі. Таяу арада қоқандықтарды жеңіп, олардың қамалдарын басып алуға мүмкіншілігі жоқ екенін түсінген Ә. хан өзіне қарасты халықпен Сырдарияның төм. ағысына көшіп барып одақтастар іздейді. Орыстың ген.-губернаторы М.А.Катенинмен келіссөздер жүргізеді. Ал 1858 жылдың тамыз айында Бұқара әмірі Насрулламен кездесіп, одан көмек сұрайды. Алайда Бұқара билеушісі көмек беремін деген бос сөзбен ғана шектеледі. Өкінішке орай, Ә-дың кейінгі өмірі тарихшыларға беймәлім болып отыр. Кейбір тарихшылар ол бір-екі жылда дүние салды деп санайды. Қалай дегенде оның есімі

1859 жылдан кейінгі тарихи құжаттарда кездеспейді. Ә. хронол. тұрғыдан алып қарағанда қазақ тайпаларының сайлаған ең соңғы ханы болып тұр. Оның құлпытасы Арыстың жағасындағы Шайбантоғайда. Ә. сұлтан тапсырысымен 1813 ж. Абд Рахим Узканди Түркістан қ. «Шыңғыс хан рисаласы» атты тарихи шығарма жазған. Онда басқа деректерде кездеспейтін қазақ хандары мен сұлтандарының шығу тегі, шежіресі туралы тың мәліметтер бар. Ә. ханның ұрпағы Әміре Бекайдар Төлжанұлының отбасында ту басы сақталған. Ту басы металдан жасалған зат, түсі қою қоңыр, кейбір қырларында сарғыш түсті болып келеді. Жалпы биікт. – 22,5 см. жоғ., үстіңгі бөлігі құмбез үлгісінде жасалған. «Құмбез» тарылып барып, тудың ағаш сабына киілетін етіп жасалған ұңғыға отырғызылған. Осы арада жік те байқалады. Ұңғы пошымы цилиндрге немесе кесілген конусқа жақын, оның диаметрі 5,2 – 5,3 см. Ұңғының төм. бөлігі деформацияланған. Сөз жоқ, хан туының басы – аса қастерлі құнды тарихи мұра. Қазақ хандарынан жеткен жалғыз ту басы.

Әдеб.: Сұлтанқожаұлы М. Терме. Арнау. – А.: «Атамұра». 2010; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С. 95, 142-143; Қожа М., Жандарбек З. Шыңғыс хан мен қазақ хандары туралы жаңа қолжазба // Түркология. – 2015, № 1. – 63-71 бб.; Қожа М., Жандарбек З.З. Навершие знамени и рукопись хана Алиакбара // Казахи Евразии: история и культура. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 300-летию города Омска и 150-летию А. Н. Букейханова. – Омск. 19-20 октября 2016 г. – С. 150-154; Қазақ хандары. – А., 2015.

М. Қожа

ӘЛІМҚҰЛОВ Қалдыбек (1928, Келес ауд. Абай а. 1982) – ақын. Ел аузындағы қисса-жырларды Майлықожаның, Нұралының, Молда Мұсаның өлең-термелерін домбыраға, гармонға қосылып айтып, өзі де өлең шығарған. Өлең-жырлары облыстық, аудандық газеттерде жарияланып тұрған. Көп ж-дар бойы қызыл отау, автоклуб меңгерушісі болып қызмет еткен. Өмірінің соңғы ж-дары аудандық тұрмыс қажетін өтеу мекемесінде қызмет істеген. 1964 ж. Шымкентте облысаралық, 1972 ж. Алматыда респ. айтыстарға, 1976 ж. Ұзынағашта өткен Жетісу ақындарының айтысына қатысқан. Надежда Лушниковамен айтысы деректі фильмге («Айтыс» реж. Т.Дүйсенбаев, 1964) түсірілді. Асылқұл Бұрбаевпен айтысы «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы» (1975) жинағында жарияланды.

 Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. б. 92.

М.Амантуров, Ж.Әкімбек

ӘЛІМҚҰЛОВ Тәкен (Тәңірберген) – (22.11.1918, Созақ ауд. Бабата а. – 13.4.1987, Алматы қ.) – ақын, жазушы, әдебиет сыншысы. Мәскеудегі Әдебиет ин-тын (1953) бітірген. 1936-41 ж. Шымкент қорғасын з-тында жұмыс істей жүріп, мақалалар жаза бастаған. 1941-45 ж. Донецк обл-нда жұмыс істеген. 1945-49 ж. «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жауапты хатшы, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бөлім меңгерушісі. 1956-74 ж. КСРО және Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметтерін атқарды. 1974 жылдан өмірінің соңына дейін шығарм. жұмыспен айналысты. Шығармалары 1945 жылдан жариялана бастады. Алғашқы өлеңдер жинағы «Са-

пар» 1950 ж. жарық көрді. «Жазғы жаңбыр» (1964), «Қаратау өрнектері», «Туған ауылда» (1968), «Боз жорға» (1969), «Күрең өзен» (1971), «Кертолғау» (1973, 1990), «Шежірелі сахара» (1976), «Көкек айы» (1982) атты әңгімелер мен повестер жинағы, «Ақ боз ат» (1962, орыс тілінде 1968), «Тұлпардың тағдыры» (1975), «Ел мен жер» (1978), «Замана екпіні» (1982) романдары шықты.



Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы – ауыл тіршілігі, адам тағдыры, өнер қайраткерлерінің өмірі. Абай Құнанбаев туралы «Жұмбақ жан» (1978) атты зерттеу еңбегін жазды. «Өткен мен қазіргі» (1958), «Ақбоз ат» (1968), «Көк қаршыға» (1972), «Бар өмір алда» (1974), «Сырлы наз» (1984) кітаптары орыс тілінде жарық көрген. Орыс қаламгерлері Ю.М. Лермонтовтың «Измаил бей» поэмасын (1951), П.Павленконың «Бақыт» (1950), Г.Николаеваның «Орақ үстінде» (1952) романдарын, француз жазушысы Э.Сент-Экзюперидің «Кішкентай шаһи-зада» ертегісін, сондайақ орыс ақындары А.С. Пушкиннің, В.В.Маяковскийдің, Әзірбайжан ақын Низамидің өлеңдерін қазақ тіліне аударған. «Халықтар достығы» орденімен марапатталған (1978).

Шығ.: «Сапар» Өлеңдер. 1950; «Жемісті жолда» Әдеби-сын макалалар. 1958; «Ақ боз ат» Роман. 1962; «Жазғы жаңбырлар» Өлеңдер. 1962; «Жазғы жаңбыр» Өлеңдер. 1964; «Сейтек сарыны» Повесть. 1966; «Туған ауылда» Әңгімелер. 1968; «Бозжорға» Өлеңдер. 1969; «Күрең өзен» Повесть және әңгімелер. 1971; «Жұмбақ жан» Абай туралы деректі хикая. 1972; «Кертөлғау» Повесть және әңгімелер. 1973; «Вся жизнь впереди» Повесть және әңгімелер. 1974; «Тұлпарлар тағдыры» Роман. Повестер мен әңгімелер. 1975; «Шежірелі сахара» Повестер мен әңгімелер. 1976; «Жұмбақ жан» Зерттеу. 1978; «Ел мен жер» Роман. 1978; «Қаратау өрнектері» Өлеңдер мен поэмалар. 1980; «Көкек айы» Әңгімелер мен повестер. 1982; «Замана екпіні» Роман. 1982.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010; Ботпайұлы С. Тәкен Әлімқұлов және абайтану ілімі // <https://abai.kz/post/12190>; Болатбекұлы А. Жазушы Тәкен Әлімқұловтың туғанына – 100 жыл // <http://okg.kz/article/?id=13089&slug=zhasushy-taken-alimklovty-tu-nyyna-100-zhyl>.

Ш.Құрманбаева

ӘЛИМОВ Асантай (11.02.1929, қазіргі Түркістан обл. Отырар ауд. Мыңшұқыр а. – 18.01.2002, Түркістан обл. Темір ст.) – өлкетанушы, Түркістан обл. аум. бойынша археол., этногр., фольк. жәдігерлерді жинаушы, Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауд. өлкетану мұражайын ұйымдастырушы. ҚР еңб. сің. қызметкер, Отырар ауд.-ның құрметті азаматы. Мыңшұқыр а. мектебін бітірген. Шымкент пед. ин-тын (1951), ҚазПИ-дің тарих ф-н (1957) бітірген. 1957-73 ж. Темір ст.-ндағы орта мектепте мұғалім қызметін атқара отырып, ел арасында сақталған жәдігерлерді жинап, 1967 ж. мұражай ұйымдастырады. Осы жұмыстарының негізінде 1973 ж. Қызылқұм ауд. тарихи-өлкетану мұражайы құрылады. 1980 жылға дейін мұражай директоры, 1980-89 ж. Отырар мемл.

археол. қорық-мұражайының қор бөлімі меңгерушісі қызметтерін атқарды. Өлкетанушының мұражайлық коллекциялары Б.Сарыбаевтың «Қазақтың музыкалық аспаптары» (1978), Ә.Марғұланның «Қазақ халқының қолөнері» (1986), К.Байпақов пен Л.Б.Ерзакович құрастырған «Орта ғасырдағы Отырар керамикасы» (1990), О.Бейсенбекұлының «Сазды аспаптар сыры» (1994), Ө.Жәнібековтің «Ежелгі Отырар» (1997), Қ. Айтаханов пен А. Жұмашевтың «Отырар жәдігерлері» (2004, 2017), Майлықожа шығармалары (2005), А.Жұмашевтың «Отырар алқабындағы қолөнер» (2017) кітаптарында пайдаланылды. Ә. тарихи бейнелерді ой елегінен өткізіп, қылқаламмен кескіндеген әуесқой суретші. Оның Әбу-Нәсір әл-Фараби, Қажымұқан, Ыбырай, Шоқан, А.Жармұхамедов, Мұхтар, Бауыржан, Саттар, т.б. портреттері, «Отырар қорғанысы» полотносы бар. 100-ден аса ғыл.-танымдық мақалалары жарық көрген. Шығармаларының негізгі тақырыбы тарихи аңыз, ғылым, білім, мәдени мұралар, сын-сықақ, т.б. Жинаған жәдігерлері негізінен Отырар мемл. археол. қорық-мұражайында сақтаулы.

Шығ.: Зұлымдық. Әлімов А. – Шымкент, 1993.

Г.Байсариева

АЛИМОВ Жантемір (8.9.1937, Серт, Түркістан обл.) – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің реставраторы. Серт, Кентау, Түркістан елді мекендерінде 1955 ж. орта білім алды. 1955-1960 жж. Ташкенттегі Орта Азиялық политехника институтында гидротехника кафедрасында инженер, гидроқұрылысшымамандығы бойынша білім алды. 1960-1967 жж. Оңтүстік Қазақстан обл.Шардара ГЭС және Шардара су қоймасы құрылысында мастер,

прораб, участок бастығы, аға инженер қызметтерін атқарды. Түркістан облысындағы түрлі құрылыс мекемелерінде басшылық қызмет атқарды.



1981-1984 жж. Қаз. КСР мәдениет министрлігіне қарасты Түркістандық арнайы ғылыми реставрациялық шеберхананы басқарды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің, оның айналасындағы жәдігерлерді, жалпы Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы біртоп тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруге үлес қосты. Отырар ауданындағы Арыстанбаб кесенесінде, Қазығұрт ауданындағы Тұрбаттағы кесенелерді, Бәйдібек ауданындағы Шаян медресесінде, Түркістан ауданы Қарнақтағы Шәмет ишан мешіт-медреседе реставрациялық жұмыстарды басқарды. Түркістан қаласындағы арнайы ғылыми қалпына келтіру шеберхана мекемесін басқарған кезде ғылыми-техникалық сараптамасыз, жобасыз жүргізіліп жатқан жұмыстарды айтып сынаған, кеткен кемшіліктерді түзеткен. Реставрациялық жұмыстан қол үзе дебілікті, тәжірибелі маман ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жұмыстарды үнемі қадағалаумен келеді. 2010 ж. бері «Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қорғау» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Шығ.: Кесене үшін күрес. – Алматы, 2019.

М. Қожа

ӘУЕЗОВТИҢ ОҢТҮСТІК ӨЛКЕСІНЕ САПАРЫ – жазушының жазбалары. Қазақ әдебиетін әлемдік биікке көтерген М. Әуезовтің «Оңтүстік сапарлары» жазушының өмірі мен шығарм. қызметінде көрнекті орын алады.



Шығармаға өзек болатын халық өмірімен тың материалдар жинау мақсатын көздеген ғұлама қаламгер өмірінің соңғы кезеңінде 1959 ж., 1960-61 ж. Оңт. өлкесіне 3 рет сапар шекті. Бұл сапарларында жазушы Шаян, Созақ, Түркістан, Қызылқұм, Бөген, Леңгір, Сарыағаш, Мақтарал ауд-дарында және Кентау мен Шымкентте болды. Ел мен жер табиғатын, тау мен дала өңірін мекендеген халықтың өткені мен бүгінін зерттеді, жас өскін, зиялы қауым өмірімен танысты. Жас қаламгерлермен, өнерлі қауыммен кездесулер өткізді. Жазушы күнделігінде кең қамтылған сапарлары кезінде туындаған (үлкен шығарманың алғышарты ретінде) «Оңтүстік сапарынан» атты көлемді очерктері (жолжазбалары) «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») «Оңтүстік Қазақстан»

газеттерінде жарияланды. Осы үлкен дайындықпен Ыстықкөлдегі «Шолпан ата» мекенжайында жазуға кіріскен жаңа романын жазушы аяқтай алмады. Шығарманың алғашқы тараулары (жоба ретінде бастапқы стенограф. нұсқасы) қайтыс болғаннан кейін «Өскен өркен» («Племя младое») деген атпен қазақ, орыс тілдерінде жарыққа шықты. Жазушы бұл көлемді естелігінің бір тараушасын «Талапта, тақырыпта – тек мақта» деп атаған. Мұнда еңбекші қауымның қызу жарысқа түскен сәті сөз етіледі. Жазушы: «Ай бойына аттарын дамылсыз естіп, келе жатқан мақталы үш ауданның өзіне келдік. Ильич (қазіргі Жетісай), Киров (қазіргі Асықата), Мақтаарал аудандары мәні жөні бөлек: шөлді – шүлен еткен, жоқты – бар, болымсызды – мол еткен, бір-біріне сай, ырыс өлкелері. Алғашқы кеш біз дәл осы күндерде атақ-абыройы ең алдымен шығып тұрған «Үшінші Интернационал» колхозында болдық. Үш ауданның көп колхоз – совхоздарының бәйгесінде, осы бір кезеңінде, мақта жоспарын елден бұрын 100%-ға толтырып отырған осы колхоз», – деп оңтүстік өлкеге өз бағасын береді. Бұл естелігінде жазушы Алтынбек Садық, Қаржаубек Жарқынбеков, Тәңірберген Жәйлібеков, Ахмет Арысланов, Еңбек Ерлері Егемқұл Тасанбаев, Нұрмағамбет Есентаев пен Мұқатай Жармұқамбетов сынды ел қамын жеген азаматтармен кездескен сәтін, олардың еткен еңбегіне деген құрметін де хатқа түсірген. Ары қарай сапар туралы ойын жазушы: «Біз Мырзашөлдің Оңтүстік Қазақстанға қараған ұзын өлкесін түгел шолдық. Бәрінде өнерлі еңбек тудырған: тоғайлы, сулы, мақталы, қалалы, қыстақты, берекелі жемісті, мәдениет орнатқан өлкелер танысың. ...Сол өлкелер аралығында көп колхоздардың, бірнеше совхоздардың мақталы далалары жатыр.

Олардың биік, зәулім, тығыз өскен ағаш қорғаушыларының араларындағы квадраттары, атводтары, карталары, барлық оңтүстік шартарапынан аттанып келген көмекшілерге және әсіресе осы колхоздың, совхоздардың өздерінен шыққан мақта терушілер топтарына толы. Мұнда жалғыз облыс қана емес, Алматының да және т.б. көрші облыстардың да, үлкен коллективтері жіберген көмекшілер леклек, тұман-тұман дегендей. Қауырт еңбек шағында Ильич ауданы мен Киров ауданының арасында жоспарды бұрын толтыру жолында күн санаған, сағат сайын алма-кезек тайталасқан, бәсеке жарыс бар. Әр аудан өз ішінде колхоз бен совхоз арасында, совхоз бен совхоз арасында және ыстық жалын жанталаста», деп жалғастырады. Осынау еңбек жарысының нәтижесі жайын: «Біз үш ауданды аралағанда қай аудан жеңерін, озарын өз бетімізбен байлап болжай алмай кеткен едік. Бірақ Кировшылардың сенімі басымырақ сезіліп еді. ...Кейін біздің сапарымыз бар жарыс, бар ақпардың сарқылар сағасы – білгір қала Шымкентке қарай оралды. Мұнда жеткен күні ең әуелі Киров ауданының озып шыққанын естідік. Алғашқы онкүндікті 50 ғана емес, 52%-ға жеткізіп, облыс өзі де атаған жерінен шығыпты. Сонымен қатар Шымкенттен біз аттанар 11 октябрь күні бар облыс бойынша мақта теру жоспары 80,07 %-ға жетіпті. Туысқан, көршілес мақталы бір Республика бұл күнге 66,33%, оның ең жақын көрші облысы 65,14 %-да жүр еді...», деп мақтаныммен өз ойын түйіндейді.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 224; Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999; Мақта ордасы – Мақтарал

(Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран», 2003; Жерінің аты – Елімнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd». ЖШС, 2006. – 808 б.

Ж.Өмірбекова

ӘУЛИЕ ҚҰМШЫҚ АТА (12 ғ.) – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңт.-батысында 1 км. жерде орналасқан жер асты діни ғимараты. 1973 ж. археол. қазба жұмыстары нәтижесінде ашылып, зерттелді. Жерден 3,5 м тереңдікте орналасқан діни құрылыс. Ә. Қ. а. – діни ғимарат, ирелеңдеген ұзын дәлізден, дөңгелек және төртбұрышты бөлмелерден құрылған. Жоғ. бөліктен төм. тұсына сатының көмегімен дәліздің бас жағынан түскен. Ирелеңдеген тар дәліздің, жер асты жолының ұз. 10 м., төбесі жабылған. Дәліздің орта тұсында жарық түсетін 0,9 м, ойық жасалған. Дәлізден бірінші бөлмеге кірер тұстағы биікт. 1,2 м. Бұл бөлменің диаметрі 3,1 м. дөңгелек формада жасалған. Бөлменің, күмбез ғимараттың биікті 2,5–2,7 м. болған. Қабырғаларында шырағандар қойылатын кішігірім ойықтар табылды. Бөлменің дәлізге қарама-қарсы тұсында ені 0,5 м. есік ойығы бар. Бұл бөлме 1,75x1,6м., шатырмен жабылған кішігірім бөлмеге алып келеді. Бөлменің биікт. –

2,2 м., бұрыштарының бірінде шырақ қоятын ойық бар. Еденіне күйдірілген кірпіштер төселген. Кезінде мұнда ораза ұстау, оңашалану, т.б. діни рәсімдер жасалған. Діни ғимарат 13-19 ғ-дың өзінде діни маңызын жоймаған. 1958 ж. Н.Б. Немцева, 1972-73 ж. Т.Н. Сенигова археол. зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1980 ж. ескерткішке реставр. консерв. жұмыстар жүргізілді.

Әдеб.: Сенигова Т.Н. Уникальное культовое сооружение аулие Кумчик–Ата в районе г.Туркестана //Прошлое Казахстана в археологических источниках. – А.-А., 1976; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Очерки по истории и археологии средневекового города Туркестана. – А., 1998; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994.

Д.Мұстапаева




Әулие Құмшық ата кесенесі

ӘУЛИЕ МӘЛІК – Мұхаммед Данышманд Зарнуқидың шәкірті Сүксук Атаның шәкірті. 13 ғ. басында Қазіргі Түркия жеріне Ясауидің сопылық жолын апарған, ол жақтағы түріктерді қайтадан түрік мәдениетіне бет бұрғызған тұлғалардың бірі. Қабірінің басында Мұхаммет Данышманд Зарнуқи шәкірттерінен екендігі жазылған. Қабірі Түркия Республикасы Кайсери қ-ның маңындағы Қаратай медресесі атты жерде жерленген.

Әдеб.: Оңтүстік қазынасы, 56 том. Насап-нама. – А., 2013

З.Жандарбек

БАБА АРАБ - БАБА МАЧИН (Баба Ғариб) – Хорасаннан 400 шәкіртімен келіп, Қожа Ахмет Ясауидің қателігін түзетіп, жөнге салмақ болған шариғат ілімінің білгірі. Білім сайысында Ясауиден жеңіліп, Ясауиге шәкірт болған. Қожа Ахмет Ясауидің ел аңыздарында «жеті қорғаушының бірі» деп аталатын шәкірттерінің бірі. Жерленген жеріне күмбезді мазар орнатылған. Ел Б.А. қабіріне барып, зиярат



Баба араб мешіті

етуді әдетке айналдырған. 20 ғ-дың басында Түркістанға зиярат етуге келген ел Әзірет Сұлтан кесенесінің батыс жағында орналасқан Б.А-қа да зиярат еткен. Ахмет Ясауи кесенесінен 300 м жерде орналасқан қабірді ел Б.А. әулиенікі деген. Қалаға кіретін көпірлердің бірі – «Бабырат» көпірі деп аталды. 20 ғ-дың 1910-14 ж. Б.А. көпірі мен Үндемес ата мен Б.А. кесенелері, олардың арғы бетіндегі Б.А. мешітінің күмбезі, мешіті сақталған. Б.А. есімі мазар, кесенесі, мешіт, көпір ретінде ғасырлар бойы сақталып, 20 ғ-дың басында кесенесі ел зиярат етілетін орын болған.

Әдеб.: Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. – А., 2009; Ясауи тағылымы. – Түркістан, 1996; Тұяқбаев М. Төрт қақпалы Түркістан//Ясауи мұрасы. Респ. газет. N1(13). Қаңтар. – 2018.

З.Жандарбек, Д.Мұстапаева

БАБАТА (6-15 ғ.) – ортағасырлық қалажұрты. Үйінділері Түркістан обл. Созақ ауд-на қарасты Бабата а-ның шетінде жатыр. Ортағасырлық деректерде Қарғалық деп аталады. Кейінгі ортағасырда қалада тіршілік тоқтап қирандыға айналған соң, осы жерде жерленген 8 ғ-да Қазақстанның оңт-н басып алған мұсылман жасақтарының қолбасшысы болған Ысқақ бабтың лақып атымен Б. деп атанған. Оның қызметі шежіреде былайша баяндалады: «...Ысқақ баб Түркістанға кіретін Йасы, Сүйірі, Қарнақ, Иқан, Темірқұфқан, Бағыстан, Жетікент,

Алтмыш пен Отырар, Сығанақ және басқа да аймақтар мен ауылдарды, Теңіз деп атайтын теңізден келесі теңізге дейін қоныстанған халықтардың барлығын мұсылман етті. Осыдан соң кейін... (ол) жеті жұма мешіт салды, сексен жыл бойы мұғкапірлермен соғысты». Қазақ қожаларының шежіресінде Ысқақ баб Қожа Ахмед Ясауидің арғы аталарының бірі болып табылады. Аңыз бойынша жауынгерлік өмірдің ауыртпалығынан шаршаған ол қалған өмірін бейбіт тірлікке арнады. Қаратаудың көркем, орманды шатқалын таңдап алып, ағып жатқан мөлдір тау өзінің жағасына қорған тұрғызып, өзіне қараған халықты ақылмен басқарып, ұзақ уақыт билік жүргізді.



Баба ата қалажұрты



Баба ата қалажұрты. қазба барысында табылған 8 ғ. құрылысы

Аңыз бойынша Ысқақ баб жерленген кесене қасындағы көне қамал үйіндісі оның салдырған қорғаны болып саналады. Археол. зерттеулер ежелгі Б. қа-

лашығы 7-15 ғ-ларға жататынын көрсетті. Қалажұрттың орт. бөлігі – шахристан жоспарда тік төртбұрышты: өлшемдері 182x145 м, биікт. 7-8 м төбеге айналған. Шахристанның оңт.-шығыс шетінде билеуші тұрған орын – цитадель жартылай сопақ төбешік үлгісінде сақталған. Оның биікт. 10 м, іргесі 42x61м, үстіңгі бөлігі 12x17 м. Қалажұрттың орт. бөлігінің айнала биікт. 1,5 м дуалмен қоршалған. Оның бойында 15 мұнараның орны байқалады. Дуал сыртында терең ор іздері бар. Қала іргесіндегі аймақта биікт. 1-2 м жалмен қоршалған. Оның бедерінде биікт. 1 м мұнаралар қалдықтары анық көрінеді. Қазба жұмыстары мұнда Ысқақ баб бастаған араб жасақтары келгенге дейін айналасы қабырғамен қоршалған төбесі күмбездермен көмкерілген зәулім ғимарат болғанын анықтады. Археологтар сәулеткерлік жағынан да, сақталуы жағынан да бірегей ғимарат ашты. Бұл шикі кірпіштен (40-41x20-22x9-10 см) тұрғызылған биікт. 6 м жоспарда төртбұрышты (15x16 м) сәулетті құрылыс еді. Солт.-батыс қабырғада есігі болған. Дәліз сегіз қырлы диаметрі 5,8 м, биікт. 5,38 м орт. бөлмеге апарады. Оның қақ ортасында диаметрі 1,1 м құдық аршылды. Орт. бөлмесінен сақталған таза күл қабаты мен құдық орны және екінші қабатта бір тізбекте орналасқан үш бөлме бары анықталды. Барлық бөлмелер күмбезбен, дәлізбен галереялар қышпен өріліп жабылған. Фортификация элементтері, ошақ орындары, ыдыс-аяқ пен басқа да тұрмыстық заттардың болмауы мұның діни құрылыс екендігін білдіреді. Зерттеушілер ескерткішті 7-8 ғ-ға жатқызды. Қамалдың іргесінен төмен жатқан аморфты топырақтан трапеция түріндегі сурет салынған адамның бас сүйегінің табылуы

ескеретін жағдай. Бұл табылым буддистердің ел мен халқына береке шақыру мақсатында адамның бас сүйегін жерге көміп тастау салтына ұқсас келеді. Б. қ-ның тұрғындары арасында ислам дәуіріне дейін буддистер де болуы мүмкін. Б. ғимараты үйлесімдігімен, шағын ауданы бола тура композицияда әр элементінің сәтті орналастыруымен таңғалдырады. Оны салу барысында сол кездегі барлық дерлік құрылысшыларға белгілі әдіс-тәсілдер пайдаланылған. Ғимарат аса көрікті тұлғасымен және үлкен күмбез айналасына кішілері топтастырылған көпкүмбезді жүйесімен ерекшеленеді. Б. ғимараты Орт. Азия сәулет өнері тарихында ерекше орын алады, айналма галереялы ортаазиялық-қазақстандық мұсылман кесенелерінің атасы болып табылады. Алайда 8-9 ғ-да исламға дейінгі діни құрылыстың іші кірпішпен қаланып, осыдан пайда болған биік платформа үстіне жаңа ғимарат тұрғызылған. Бұл бұрыштарында жартылай доғал келген мұнаралары бар жоспарда тік төртбұрышты құрылыс болған. Оның айналасында шалаш іспетті жеңіл үйлерде адамдар тұрған. Қамал мен оған іргелес жатқан шахиристан аум. саз балшықтан соғылған қалың дуалмен қоршалған. Сыртқа шығыңқы сегіз қырлы мұнаралары қуатты қабырғалармен қоршалған рабад аум. да сол уақытта игеріліп оған құрылыстар түсті. Тұтастай алғанда Б. қалашығы – аса мықты фортифик. Бекініс – қорған болды. Онда қорғаныс үшін барлығы жасалған: мықты дуалдар мен биікт. 7 метрден асатын мұнаралар, бұрыштарында тұтас мұнаралары бар қамал мен су толтырылатын ор. Археологтар қамал маңынан тапқан наубайхана, су жинайтын жүйе, құдықтар да ұзақ уақыттық қорғанысқа дайындалған. Б. қа-

лашығы деректерде аталатын Ысқақ баб резиденциясының қалдығы болса керек. Қалажұрттың соңғы кезеңі 13-14 ғ-ға жатады. Бұл кезеңде шахристанда қосымша құрылыстар пайда болады. Цитадельде қайта жөндеу, кейбір қайта құру жұмыстары жүріпті. Осылардан басқа жаңа құрылыс жұмыстары байқалмайды.

Әдеб.: Агеева Е.И. Из истории развития городской культуры Казахстана // Известия АН Каз ССР. Серия археологии и этнографии. Вып 2. – 1960; Агеева Е.И., Сенигова Т.Н. Памятники средневековья (раскопки на городище Баба-ата) // ТИЯЭ, т.14. – А.-А., 1962; Ходжаев М.Б. К генезису мавзолея Саманидов // Архитектура и строительство Узбекистана. – 1984, 4. – С.6-8.

М.Қожа

БАБАТА КЕСЕНЕ-МЕШІТІ – сәулет өнер ескерткіші. Түркістан обл. Созақ ауд. Бабата а-ның маңындағы Бабата қалажұрты аймағында. Қиратылған ортағасырлық құрылыс орнына 1893 ж. Түркістандағы Қожа Ахмед Ясауи кесенесіне (14 ғ-дың соңы) ұқсатылған Б.к.-м. тұрғызылды. Жаңа Б. к.-м-н тұрғызуды 19 ғ-дың аяғындағы аймаққа танымал діни қайраткер Аппақ ишан ұйымдастырды. Оның жоспарлау шешімі мен көлемдік-кеңдік композициясы дәстүрлі және ол қарапайымдылығымен, әрі көріктілігімен тәнті етеді. Ғимараттың бас қақпа бөлігінде бұрыштарында мұнаралар орналасқан үлкен портал бар. Оның жоғ. бөлігі 20 ғ-дың 30-ж-дарында Шолаққорған а. әкімш. ғимаратын тұрғызуға алынған. Ғимарат жоспарда төртбұрышты, сыртқы өлшемдері 24,42 x 13,25 м. Б. к.-м. бес бөлмеден: намаз оқуға арналған өлшемдері 11,52 x 11,36 м залдан, әулие бейіті орналасқан өлшемдері 7,45 x 7,44 м көрханадан, өлшемдері 1,4 x 3,17 м зияратханадан және қосалқы 2 бөлмеден

тұрады. Бірінші және үшінші бөлмелерде михрабтар жасалған. Қабір астында сағана орналасқан. Оң жақтағы пилонда ғимарат үстіне, күмбездерге көтерілуге арналған баспалдақ жасалған. Ғимараттың үстіңгі бөлігі текпішекті. Биіктеу бөлігінде сегіз қырлы барабан үстінде үлкен күмбез орнатылған. Күмбез ұшы жер деңгейінен 14,50 м биіктікте. Төмендеу текпішекте шағындау күмбез өрілген. Мешіт пен қабірхананың ішкі көркінде аркалы текшелер мен аркалы желкендер көзге түседі. Қабырғалар арабша жазулармен өрнектелген. Күмбез астындағы барабанда «қырма» әдісімен салынған геометр. және өсімдік тектес өрнектерден белдеулер жүргізілген. Сағанада қабірхана мен зиаратхана арасындағы үлкен ойықты бөліп тұрған, өңделген ұсақ ағаш қиындыларынан құрастырылған ағаш тор – панджара бар.

Әдеб.: Колосовский В. В Каратавских горах Чимкентского уезда (археологическая заметка). // ПТКЛА, 1901, год 6; Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия АНКаз ССР. Серия архит. – 1959. Вып 2.; Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – А., 2007. – С. 272-273. Камалова Г.М. Мечеть-мавзолей Баба-ата. // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С.238-239.

М. Қожа

БАБАТА КЕСЕНЕ-МЕШІТІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ – Түркістан обл. Созақ ауд-нда орналасқан Әзіреті Әлінің (Әли ибн Әбу Талиб) жетінші ұрпағы Ысхақ Бабтың, яғни Баб Атаның құлаған мазарының орнына күйдірілген шаршы кірпіштен 19 ғ-дың соңында қайта тұрғызылған кесене жөнінде ел аузында аңыз-әңгімелер сақталған. Соның бірі қазақтар мен қалмақтар арасындағы жаугершілік заман-

мен байланыстырылады. Бір шапқыншылықта Баб ата басына тұрғызылған мазар қасақана қиратылады, айналасында отырған халық та тоз-тоз болып, жан-жаққа босып кетеді. Қайтадан бейбітшілік заман орнап, халық басы құралған кезде Баб Ата мазарының анық қай жерде екенін жұрт таппай қалады. Кесенені қайта көтермек болған халық орны қайда екенін тап баса алмай әбігерге түседі. Сол кезде ауылдың бір көнекөз қариясы: «Баб Атаның анық қай жерде жерленгенін білудің бір ғана жолы бар. Түнде сол жерге барып жасырынып жатып, бақылау керек. Таң таянып, шолпан жұлдызы туған кезде, Ысхақ баптың қабірі үстінде қабылан пайда болады. Қабылан тұрған жерді дәл белгілеп алса, сонда жерленген болып шығады», дейді. Жұртшылық ақсақалдың айтқанын істеп, түнде сол маңды бақылауға шығады. Айтқанындай, таң саз бере қабылан пайда болады. Қабыланды өз көздерімен көрген адамдар Ысхақ баптың әулиелігіне тағы да көздері анық жетіп, сол жерді белгілеп алады. Келесі күні, қабылан тұрған жерді қазғанда Ысхақ Баб (Баб Ата) сағанасына кіретін есіктің тұра үстінен түседі. Ішке кіргенде, жерленген кісі сүйегі мен Ысхақ



Бабата (Ысхақ баб) кесенесі

бабтың туы, найзасын көреді. Қабірдің анық Ысхақ баптікі екеніне көз жеткізген халық, бүгінгі күнге дейін жеткен кесенені тұрғызады. Ысхақ бабтың қабірінің орнын нақты дәл анықтау үшін, келесі аңыздың бірінде, Ысхақ бабтың Қарғалық (Бабата) қалашығындағы мекеніне түйе шөгеріпті деп те айтылады. Түйе – қазақтың да, арабтың да қастерлі малы. Жануар Темірқазықты бетке алып шөгіпті. Мінер үзеңгілігі жағы құбыла жаққа қарапты деседі. Түйе шөккен жерге Ысхақ бабтың сұпасын (қабір үстілік бөлігін) тұрғызып, кесенесін салған екен.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005; Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/region/south_kazakh_oblast/memorial/baba_atahttp://www.balkhashlib.kz/kk/resurs_16/id/2924https://baq.kz/kk/news/all/ishak_bab_bab_ata_kesenesi.

Ш.Құрманбаева

БАБАТА МЕДРЕСЕСІ – сәулет өнер ескерткіші.



Баба атадағы медресе

Түркістан обл. Созақ ауд. Бабата а-ның маңындағы Бабата қалажұрты аймағында. Құрылыс бір қабатты және онда дәстүрлі сәулеткерлік 19 ғ-дың соңын-

дағы орыс архитектурасының элементтерімен үндескен Қазақстанның оңт-ндегі кейінгі діни сәулетшілік өнерінің қызықты үлгісі болып табылады. Өкінішке қарай, Б. м-нің бұл құрылыстары бізге үлкен өзгерістермен жетті. Ғимарат жоспары бастапқыда П – үлгісінде болған. 20 ғ-дың 90 ж. бұзылып, жоспары Г – үлгісінде болып қалған. Көне көздердің айтуынша, 30-ж. Созақ ауд. к-ті құрылысына кірпіш алу үшін Бабата кесене-мешітімен қатар 16-18 ғ. кесенесінің басым бөлігі және медресенің бірқатар бөлмелері бұзылып алынды. Шамамен қырықтан астам арба күйдірілген кірпіш әкетілген. Жұмысшылар Бабата кесене-мешіті порталының жоғ. бөлігін бұза бастағанда жергілікті тұрғындар билік орындарына шағымданып, ескерткіштердің одан әрі қиратылуын тоқтатты. Бәрінен бұрын 16-18 ғ. кесенесі зардап шекті, одан тек бір қабырғасының қаңқасы ғана қалды. Кейіннен медресе мен мешіт жергілікті ұжымшардың қоймасы ретінде пайдаланылды. 20 ғ-дың екінші жартысында медресенің 11 бөлмесі ш. қажеттіліктер үшін бұзылыпты. 20 ғ-дың 90-ж. бұзылмаған 8 құжыраhana мен бұрышта орналасқан дәрісhana ғана аман қалған. Құжыраханалар төбесі сырт көзге ілінбейтін күмбездермен жабылса, дәрісhana аса биік күмбезбен көмкерілген. Күмбез басы шошақша етіліп әспеттелген. Дәрісхананың қасбеті көрікті етілген. Кіре берістері арка қыштары ерекше қалау тәсілімен және жоғары жағы көркемдеуші мұнаралармен нақышталған. Қазақстан өз тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін ғана ескерткішті алғашқы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді және оларды байырғы діни мақсатта пайдалану қолға алынды. Құдайға сенетін адамдардың қаражатына медреседе қайта өңдеу жұмыстар, Бабата кешенін туризм

мен зиярат орны орт-на айналдыру үшін ескерткіштер аймағын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Әдеб.: Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия АНКаз ССР. Серия архит. – 1959. Вып 2.; Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – А., 2007. – С. 272-273.

М.Қожа

БАБА ТҮКТІ ШАШТЫ ӘЗІЗ ӘУЛИЕ (т.ж.б. – 14 ғ-дың бірінші жартысы) – Жошы Ұлысындағы Өзбек ханның ислам дініне толығымен бет бұруына ықпал еткен төрт Ясауи жолы өкілдерінің бірі. Азан шақырып қойған аты-Садр-ад-дин Мұхаммед. Денесінде түгінің көп болуына байланысты Баба-Түклас – Б. т. ш. Ә. аталып кеткен. Шығу тегі жағынан қарахандық билеушілер әулетінен. Отырардың соңғы ханы Білге ханның төртінші ұрпағы. Б. т. ш. Ә. ұрпақтары Өзбек ұлысы ыдырап, Ноғай Ордасы жеке мемлекет болып құрылғаннан кейін өздерін Әбу Бәкір Сыддық ұрпақтарымыз деп атай бастайды. Ол тарих Ресей патшалығының қол астына кірген Юсуповтар әулетінің шежіресінде баяндалады. 1320 ж. Б. т. ш. Ә. пірлері Зеңгі Атаның сілтеуімен қасындағы серіктері Саййид Ата, Ұзын Хасан Ата, Бадр Аталармен бірге Өзбек ханға барып, оны ордасымен Ислам дініне бет бұрғызады. Сол кезеңнен бастап, ислам діні Жошы ұлысында мемл. идеология дәрежесіне көтерілді. Жошы ұлысындағы осы діни-идеол. реформаның ықпалымен қазігі қазақ жүздері мен ру-тайпалары қайтадан жасақталып, қалыптастырылды. Осы реформа кезеңінде Садр шайх-Б.т.ш.Ә. орта жүздің пірі болып тағайындалады. Б. т. ш. Ә. ұрпақтары Алтын Орда тарихында елеулі рөл атқарды. Немересі – атақты Едіге би.

Әдеб.: Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – 1992; Devin DeWeese. Islamization and Native Religion in the Golden Horde. – Pennsylvania. 1994; Трепавлов В.В. Нурадины Ногайской Орды // Историко-географические аспекты Развития Ногайской Орды. – Махачкала. 1993; Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2001. З.Жандарбек. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. – А., 2006.

З. Жандарбек

БАБА ТҮКТІ ШАШТЫ ӘЗІЗ АҢЫЗ КЕЙ-ІПКЕРІ РЕТІНДЕ – қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейне. Ол туралы аңыздардың бірінде шын есімі Баба Түклас деп көрсетілген. Әкесі – Керемет Әзіз. Баба Түклас Меккеде патша болған, мұсылмандар арасында әулие саналған. Меккеге қаж.қ сапармен барушылар, ең алдымен, Мұхаммедтің, онан кейін Әлем Мүзтазы Сейіттің, содан соң осы Б. т. Ш. Ә. қабіріне барып тәу еткен. Келесі бір аңыздарда Б. т. Ш. Ә. – Қожа Ахмет Ясауидың арғы бабалары, ислам діні Орт. Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі, Қорқыттың замандасы делінеді. Баб Ата күмбезі сол кісінің қабірінің басына салынған. Академик Ә.Марғұлан осы аңыздың тарихи негізі бар деп санайды. Үшінші аңыз бойынша, Баба Түкластың баласы Еділ-Жайыққа дейін келген, оның Құтлубек атты ұлынан Едіге батыр туған.



Баба түкті Шашты Әзіз кесенесі

Ал «Едіге батыр» жырында Б. т. Ш. Ә. сол батырдың тікелей әкесі ретінде суреттеледі. Халық арасындағы аңызда ол су жағасында намаз оқып отырып, үш пері қызын көреді. Намазын бітірген соң, әлгі үш қыздың біреуінің қолынан ұстайды. Қыз суға сүңгиді, әулие де сүңгиді. Ақырында Б. т. Ш. Ә. соған үйленеді. Қыз үш түрлі шарт қояды: аяқ киімімді шешкенде, аяғыма қарама, киімімді шешкенде, қолтығыма қарама, шашымды жуғанда, төбеме қарама дейді. Алайда, Б. т. Ш. Ә. әлгі үш шартты бұзады. Оны сезген пері: «Ішімде алты айлық балаң бар! Соны мен Көк дария жағасындағы Құмкент деген жерге тастап кетем, іздеп тауып ал!», дейді де, аспанға ұшып кетеді. Б. т. Ш. Ә. уәделі жерден құндақтаулы нәрестені тауып алады. Айдалада туғандықтан, есімін «Едіге» қояды. Қазақ шежірелерінің кейбір нұсқаларында ол Маңғыт руынан деп айтылады. Едігенің осы рудан шыққандығы негіз етіледі. Б. т. Ш. Ә. нақты болған адам деген бұлтартпайтын дерек жоқ. Сондықтан ғылымда ол мифтік бейне ретінде қабылданған. Қазақ фольклорында ол әулие кейпінде суреттеледі. Батырлар жырында бас кейіпкерлер қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мысалы, «Алпамыс батырда» Байбөрінің түсіне Б. т. Ш. Ә. кіріп, әйелінің бір ұл, бір қыз табатыны туралы аян береді, кейін Алпамыстың демеушісі болады. Басына қиындық түскенде Б. т. Ш. Ә-ге сыйынып, жалбарыну дәстүрі халық арасында күні бүгінге дейін сақталған.

Әдеб.: Орлов А.С. Казахский героический эпос. – М.-Л., 1945; Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., 1972; Диваев Ә. Тарту. – А., 1992; Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – А., 1992; Қазақ фольклорының тарихилығы. – А., 1993; «Қазақстан»: Ұлттық

энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 1998; Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс», 2005; Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010; Боранбай Ж. Бабай түкті Шашты Әзіз // <https://qazaquni.kz/2009/04/17/59.html>.

Ш.Құрманбаева

БАДР АД-ДИН ӘЛ-ФАРАБИ (т.-ө.ж.б.) – хаттат. Толық аты – Бадр ад-Дин Нур ад-Дин әл-Фараби. Өз аты – Бадр ад-Дин. Әкесінің есімі – Нур ад-Дин. Ал әл-Фараби оның Фарабтық екендігін танытады. Б. Д. алғаш білімді өз жерінде алады. Содан кейін Бұхара, Самарқанд шаһарларына барады. Ол Гератта да білім алып, сонда ұстаздық етеді. Хаттаттық өнерді меңгереді. Көркем жазу шеберлігін меңгерген хаттат Мысыр ақыны Шараф ад-Дин Мұхаммед бин Саид әл-Бусиридің Мұхаммед пайғамбарға арналған дастанына Фахр ад-Дин аш-Ширази жазған «Шарх әл-Бурда ли-л-Бусири» атты еңбегін хатқа түсіреді. Кітапты көркемдеу ісі Б. Д. өміріндегі Гераттағы ерекше дамуына сәйкес келуі еді. Өйткені сол кезде Гератты Әмір Темірдің ұлы Шаһрух, белгілі астроном Ұлықбектің әкесі басқарды. Ол көп ретте соғыстан гөрі мәдениеттің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан билік өкілі болатын. Сол себепті де осы шаһарда оқымыстылар, білімпаздар мен ғұламалар көп мекен етті. Сол ғұламалардың бірі де біз сөз еткен хаттат Б. Д. Оның өмірі мен атқарған қызметтері жайында толыққанды мәліметтер жоқ. Қайда қайтыс болғаны да күні бүгінге дейін белгісіз.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров


БАЙМЫРЗАҰЛЫ Төлеш (Төлеген) (1889, Түркістан обл. Қазығұрт ауд. Сырлы қыстауы – 19.12.1946. Түркістан обл. Қазығұрт ауд. Қаратас а.) – ақын, сазгер. 21 жасында өнерімен танылған. Жігіттік шағы Кеңес өкіметінің билік басына келген кезбен тұспа-тұс келеді. Б. жеткен шығармаларына қарағанда отызға толмаған албырт ақын бастапқыда жаңа биліктің ел жағдайын жақсартамыз деген уәделеріне сеніп қалады. Біршама уақыт өткен соң зерек ақын Кеңес өкіметінің сөзі мен іс әрекеті қарама-қайшы екенін байқайды. «Ақ жолы дұрыс па деп саясаттың, жүріпін ықпалында саясаттың. Зұлымдық екеніне көзім жетіп, оралдым құшағына ар-ұяттың» деген жолдар ақынның билік ықпалымен жүрмейтін өзіндігі бар азамат екенін көрсетеді. Тұрашылдығы үшін құдалауға ұшырап, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болады: «Саясаттың айтамын деп бұрыстығын, іліктім қаһарына белсендінің. Қудалап қоймаған соң кетіп едім, жеріне сыймағандай туған елдің». Өзбекстандағы тіршілігі беймәлім. Шамамен 1930 жылдың басында Қазақстанға қайта оралған. 1931-35 ж. аралығында ауыл фельдшері қызметін атқарған. Таршылық заман, туған жер туралы «Құдай-ау, кедейшілік көзімді ашпа», «Ақ жолы дұрыс па деп саясаттың», «Біразырақ сөз қылып», т.б. өлеңдері бар. Даналық-фәлсафалық сарындағы «Өтеді жалған бейопа», «Ал, халқым, құлақ сал ғазалыма», «Опасыз, ойлап тұрсаң, мына жалған», т.б. шығармалары сақталған. Шежірелік-тарихи сипатта жазылған «Сөз айтам он екі ата – Сіргеліден» атты толғауында қазақ халқының азаттығы үшін жоңғар-қазақ соғысының батырлары Қарабатыр Тілеуке мен Елшібек, Кенесарының серігі Малқара, Қоқан езгісіне қарсы қол

бастаған Сапақ пен Пошан батырлар, жалпы алғанда алпысқа жуық тарихи тұлға аталады.

Әдеб.: Батырбай Б. Төлеш ақын. – Шымкент, 2017; Тәжиев Қ. Қазығұрттың жеті ақыны. – Қазығұрт. 1992.

М. Қожа

БАЙПАҚОВ Карл Молдахметұлы (17.11.1940, Алматы обл. Талғар қ. – 23.11. 2018, Алматы қ.) – акад., тарих ғыл. докт., проф., Қазақстанның еңб. сің. ғылым және техника қайраткері.



Ленинград мемл. ун-тін «тарихшы-археолог» мамандығы бойынша (1963) бітірді. Аспирантураны бітірген соң 1966 ж. «Жетісудың YI-XII ғғ. қалалары мен елдімекендері» деген тақырыпта канд. диссертация қорғады. Қорғаған соң Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының кіші ғыл. қызметкері, кейін аға ғыл. қызметкері (1966-89), ортағасыр археология бөлімінің менгерушісі болды. 1986 ж. «6-18 ғғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық қалалық мәдениеті (Динамикасы мен негізгі кезеңдері)» деген тақырыпта докт. диссертация қорғады. 1989-91 ж. археол. орт-тың басшысы, ИЯЭ

ҚР ҒА директорының орынбасары (1989-91), 1991-2010 ж. Ә.Х.Марғұлан атынд. археология ин-тының директоры, 2010 жылдан археология ин-тының құрметті директоры, урбанизация және номадизм бөлімінің меңгерушісі, 1991 жылдан Германиядағы археология ин-тының корр. мүшесі, 1994 жылдан Қазақстан ҒА корр. мүшесі, 1995 жылдан проф., 1998 жылдан Қазақстан Республикасы ғылым мен техника саласы бойынша еңб. сің. қайраткері болды. 1971 жылдан ОҚКАЭ басшысының орынбасары, 1989 жылдан басшысы қызметін атқарды. Археол. табысты қазбалары – Отырартөбеде, Құйрықтөбе, т.б. нысандар. Б. Қазақстан мен Орт. Азияның ортағасырлық археологиясының алдыңғы қатарлы мамандарының бірі. Сонымен қатар ол қаңлылар проблемасын зерттеуде, көшпенділер мен отырықшылар цивилизациясын зерттеуде, археол. ескерткіштерді сақтауда өзіндік үлесін қосты. Б. ғыл. бағыттарының бірі – Ұлы Жібек жолы зерттеуі, ортағасырдағы рухани мәдениет мәселелері. «Ұлы Жібек жолы – мәдени байланыс жолдарын» зерттеуі үшін және әлем ғылымына қосқан үлесі үшін ЮНЕСКО-ның медалімен марапатталды. Оның жетекшілігімен 17 канд. диссертация мен 5 докт. диссертация қорғалды. Қазақстан Республикасының Мемл. сыйлығын тағайындау комиссиясының мүшесі (2006-2011), ЮНЕСКО-ның халықар. expertі. «Орт. Азия цивилизациясының тарихы» деген бес томдық еңбектің телавторларының бірі болды. 2002 ж. ҚР «Ғылымды дамытудағы ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2003 ж. «Парасат» орденімен, 2010 ж. III дәрежелі «Барыс» орденімен, ҚР А.Байтұрсынов атынд. жоғары оқу орындары ассоциациясының күміс медалімен марапатталды. 2017

ж ғылым мен техника саласында мемл. сыйл. иегері атанды. 1966-2011 ж. аралығында 17 авторлық монография, 11 телавторлық, археологиядан жоғары оқу орындарына арналған 7 оқу құралын шығарды. Одан да бөлек 6 мектеп оқу құралы, 15 альбом, 600-ге жуық орыс, қазақ, ағылшын, француз, неміс, итальян, түрік, жапон, қытай, корей, тілдерінде еңбектері Алматы, Москва, Санкт-Петербург, Ташкент, Бішкек, Сеул, Токио, Исламабад, Берлин, Рим, Милан, Лондон, Кембридж, Үрімші, Париж, Анкарада басылды.

Шығ.: Древний Отрар. – А.-А., 1972; Ортағасырлық Отырар керамикасы. – А., 1990; Отрар в XIII-XV веках. – А.-А., 1987; Позднесредневековый Отрар. – А.-А., 1981; Ұлы Жібек жолы және Қазақстан. – А., 1992; Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. – А.-А., 1986; Средневековые города Казахстана на Великом Шёлковом пути, – А., 1998; По следам древних городов Казахстана. – А.-А., 1990. Қазақстан археологиясы. – А., 2011; Қазақстанның ежелгі қалалары. – А., 2005, Батыс түрік және Түргеш қағанаттары. Түркілер және соғдылар. Дала мен қала. – А., 2010.

Әдеб.: Байпаков К.М. Библиография ученых Казахстана. – А., 2010; Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция. – А., 2014.

Г.Байсариева

БАЙЫЛДЫР – көне мекен. Түркістан обл. Отырар ауд. Отырар төбенің оңт.-шығысында 4 км жерде орналасқан. Ескі тұрақтың орнында тұрған Байылдыр ауылының атымен аталады. 1972 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының палеоэтнограф. отряды (С.Ж. Жолдасбаев) зерттеген. Шашыраңқы жатқан, биікт. 0,2-0,8 м болатын, 20-дан астам шағын төбеден тұрады. Төбелер бір-бірінен 20-60 м қашықтықта шашырай орналасқан. Мекенжұрттың оңт. жағынан

30-ж. қазылған канал өтеді. Қазба барысында Б. м. екі құрылыс деңгейінен тұратыны анықталған. Жоғ. құрылыс қабаты 14-16 ғ-ларға тән болса, төм. құрылыс қабаты 12 ғ-ға жатқызылған. Қазба барысында бұл жер 14 ғ-да мешіт-медресе ретінде пайдаланылғаны белгілі болды. Бұнда 1-2 дәрісхана, зияратшыларды қабылдайтын жеке бөлмелер мен шәкірттер тұратын шағын құжыралар болған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

БАЙЫМБЕТҰЛЫ ОМАР (1898, Түркістан обл. Созақ ауд. Қозмолдақ-Сызған а. – ө.ж.б. Көксарай ауылы) – ақын. Жастайынан ақын бала атанған. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, Құлыншақ, Мыңбай, Айдарша, Мырзабек, Ергөбек, Балтабай, т.б. ақындардың өлең, терме, толғауларын, Санбайдың Наркүміспен, Бекжанның Әлимамен, Қамыспай мен Іңкәрдің, Жамбыл мен Досмағамбеттің, т.б. айтыстарын жатқа білген. Оның «Екі заман», «Жасымда әркім айтты баласың деп», «Құрмет», «Өз өмірім жайлы толғау», «Кәрілік бұл уақытта буынды алды», т.б. өлеңдері, Маржан, Теңгеш ақындармен айтыстары Отырар руханияты мұражай-кітапханасында фольклор жинаушы И.Ақыловтың кітапхана-мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2005.

Ш.Құрманбаева

БАЙЫРҚҰМ – ежелгі қала орны. Түркістан обл. Шардара ауд. Байырқұм а-ның маңында, Сырдарияның сол жақ жағалауында орналасқан. Алғаш 1900

ж. О.А.Руднев зерттеген. 1948-49 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. А.Н.Бернштам) қазба жұмысын жалғастырды. Қаланың орны тік бұрышты биік алаңға ұқсас. Аум. Солт.-шығыстан оңт.-батысқа қарай 300 м., солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 400 м., биікт. 1,5 м-ге жуық. Ол биікт. 3 м-ге жуық үйме топырақпен қоршалған, оңт.-шығыстағы қабырғаның орта тұсында тік бұрышты 5 мұнаның қалдығы сақталған. Қаланың сырты тереңд. 2 м., ені 20 м. ормен қоршалған. Алаңның ортасына таман цитадель орналасқан. Ол биікт. 9 м. тік бұрышты төбе. Оның іргесінің аум. солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 80 м. Қамалдың шетінде 8 мұнаның қалдығы бар, биікт. 1 м. үйме топырақпен және ені 10 м-ге жуық ормен қоршалған. Оның солт.-батыс және шығыс жағында су хауызының орны анық көрінеді. Жиналған археол. материалдарға қарағанда, қала б.з.б. 1 ғ. мен б. з. 8 ғ. аралығында болған.

Әдеб.: Археологическая карта Казахстана. – А.-А., 1960.

Қ.Саркенова

БАҚБЕРГЕНОВ Сәуірбек (1920, Созақ ауд. – 1997, Алматы қ.) – Қазақстанның халық жазушысы (1996). «Талғат» повесі (1950), «Қайран шешем» (1963), «Адам және көлеңке» (1969), т.б. 20-ға жуық романдар мен повестер жинағы жарық көрген. Түркістан қ-ндағы балалар үйінде тәрбиеленіп, осындағы теміржол, кейін пед. үч-щесінде оқиды. 1939 ж. Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Подольск жаяу әскер үч-щесін бітірісімен Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысады. И.В. Панфилов атынд. №8 гвардиялық дивизияның офицері – атқыштар взвод-ы

ның командирі болған. Әскер қатарынан босаған соң «Социалистік Қазақстан» газетінде еңбек етті.



1950 ж. Т. Бигелдинов жайында жазылған хикаятын бастырады. Ш. Уәлиханов ғұмырынан «Қоян көлге құлаған жұлдыз», «Мен сізді сүйемін», «Тараз көгершіндері» атты үш хикаят жазған. Соғыс тақырыбына жазылған «Қарға тамған қан», «Алтын күрек», «Адам және көлеңке», «Көлеңке» романдары, «Талғат», «Белгісіз солдат», «Жанғожин», «Барлаушылар», «Атжалында» хикаяттары мен көптеген әңгімелері оқырманға жақсы таныс. Ол «Мейірімді анам», «Адам және көлеңке», «Кентау» романдарының, «Бозторғай», «Әнші бала», «13-нөмірлі ойыншы» хикаяттарының, «Біздің жігіттер», «Біздің колхозда болған еді», «Жол Алтынемел арқылы өтеді» атты әңгіме жинақтарының авторы. М. Горькийдің бірқатар әңгімелері мен ертегілерін қазақшаға тәржімалаған.

Шығ.: «Алтын күрек» Повесть. А., ҚМ КӨБ, 1958; «Біздің колхоз» Повесть. А., ҚМКӘБ, 1960; «Бозторғай. Повесть. А., ҚМ КӨБ, 1960; «Алтын емелден асқанда» Повесть. А., ҚМКӘБ, 1961; «Қайран шешем» Роман. А., ҚМ КӨБ, 1963; «Қоянкөзге құлаған жұлдыз» Повесть. А.; «Жазушы»,

1965; «Қасиет» Повесть. А., «Жазушы», 1966; «Қарға тамған қан» Роман. А., «Жазушы», 1967; «Адам және көлеңке» Повесть. А., «Жазушы», 1969; «Белгісіз солдат» Повесть. А., «Жазушы», 1977; «Он үшінші ойыншы» Повесть. А., «Жалын», 1979; «Шығармалардың екі томдығы» А., «Жазушы», 1980; «Қан тозақ. Роман. А., «Жазушы», 1983; «Ақбоз атты ару» Повесть. А., «Жазушы», 1986; «Запасной игрок. Роман, повесть, әңгімелер. «Жазушы», 1990; «Смерть Тамерлана» Повесть. «Қазақстан», 1992; «Берте-Шыңғысханның жұбайы» Повестер мен әңгімелер. «Жазушы», 1993; «Қарға тамған қан», «Алтын күрек» Романдар. «Елорда», 2000; «Қайран шешем» Роман. «Ерен», 2000.

Әдеб.: Қазақстан жазушылары: Анықтамалық. – А.: «Аң арыс» баспасы, 2009; Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011; «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; II том; Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2005.

Ш.Құрманбаева


БАҚИ МҰХАММЕД ТҮРКІСТАНИ (т. ө.ж.б.) – ғалым. Өзінің аты – Б. М. Әкесінің есімі – Садық сопы. Ал Түркістани оның түркістандық ғалым екендігін танытады. Әкесі сауатты болған. Есіміне қосылған сопы сөзі соны аңғартады. Ол араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген. Құранды оқып, тәпсір жасаған. Осындай білім иесінің ұлы да өз заманында білімді болып, соның арқасында Б. М. Зийа әд-Дин Наншабидің «Тотынамасын» хатқа түсірген. Қолжазба бірнеше рет көшірілген. Қазіргі кезде оның бір нұсқасы Ташкент ин-тының қолжазба қорында сақтаулы.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров

БАЛА БИ МАЗАРЫ (Тамабай) – Түркістан қ-ның оңт.-шығыс шетіндегі көне мазарстанда орналасқан. Әл-Қожа ата

кесенесінен 500 м. қашықтықта тұрғын үйлер жанында Б. м. орын тепкен. Күйдірілген кірпіштен қаланған Б. м. ертеден келе жатқан сәулет өнері дәстүріне негізделіп салынған. Күмбезді, қасбетті, бір бөлмелі, төрт қабырғалы құрылыс. Б. м. күйдірілген кірпіштен қаланған, іші сыланбаған. Б. м. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының қорғау аймағына енеді, жергілікті маңызы бар ескерткіш. Б. б. Қожа Ахмет Ясауи ілімін жалғастырушы ретінде белгілі. Мазар көл-нің ені мен ұз. 4,7 м күмбезді құылыс болып табылады. Б. м-ның биікт. – 4,5 м.



Бала би мазары (Тамабай)

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994; Бала би мазары-сәулеттік ескерткіш маңызына ие//<http://oqsyz.com/kk/12.11.18>.

Д.Мұстапаева

БАЛАҚАЕВ Мәулен Балақайұлы (1907, Шаға а. – 1995, Түркістан қ.) – тіл маманы, филол. ғыл. докт. Қазақ ҒА-ның корр. мүшесі. Қаз. пед. ин-тын (1933) бітірген. 1937-41 ж. Алматы журналистика ин-тының, 1941-42 ж. шет тілдері ин-тының директоры, 1943-45 ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде референт, 1945-95 ж. Қазақ ҒА бөлім меңгерушісі,

ғыл. кеңесші қызметтерін атқарды. 942 ж. «Қазақ тіліндегі көмекші сөздер» тақырыбында канд. диссертация, 1950 ж. «Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисінің негізгі мәселелері» тақырыбында докт. диссертация қорғады.



Зерттеу бағыттары қазақ тіл білімінің емле, терминология, тіл мәдениеті, қазақ әдеби тілі, стилистика мәселелері жайлы. 150-ге жуық мақалалардың, 20-ға жуық моногр. еңбектердің авторы. Қазақ тілінің сөз тіркестері, қазақ әдеби тілінің тарихы, нормалары және көркем әдебиет тілін зерттеу нысаны ретінде қарастырылған тіл маманы.

Шығ.: Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – А., 1965; Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис, II том. – А., 1967; Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – А., 1989; Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А., 2008.

Әдеб.: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А., 1999; Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., 2005.

Н.Мансұров

БАЛҒАЕВА Фатима Жұмағұлқызы (5.5.1926, Түркістан обл. Түлкібас ауд. – 2005, сонда) – қобызшы, Қазақстанның халық артисі (1981).



Алматы консерваториясын (1950) бітірген. 1942 жылдан Қазақ халық аспаптар оркестрінде өнер көрсетті. Б. аса шебер қобызшы ретінде халықтың ән, күйлерімен бірге Қазақстан композиторлары (Е.Г. Брусиловский, А.Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, Қ. Мусин, т.б.), Батыс Еуропа классиктерінің шығармаларын төрткүл дүниеге таратты. Б. Ф. – Берлинде өткен бүкіл дүниежүз. жастар мен студенттердің фестивалі байқауының лауреаты (1951). Бухарестегі жастар мен студенттердің фестиваліне қатысты (1953). Мәскеуде өткен фестивальде Мәскеудің Үлкен театрында симфон. оркестрдің сүйемелдеуімен А. Жұбановтың қобызға арнаған «Көктем вальсін» орындап, лауреат атанады (1957). 1960 жылдан Алматы консерваториясында ұстаздық қызмет атқарды (проф., 1978). Сексенге жуық шәкірттер тәрбиелеген, олардың ішінде М. Қалембаева, Г. Ізтілеуова, Р. Нұртазина, З. Бисембаева, Н. Сиражев, К. Ахметова, т.б. бар». Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

БАПЫШЕВ Оспан (1881, Түркістан обл. Жаушықұм а. – ө.ж.б.) – Орта Азия мен Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату мен нығайту ісіне, Азамат соғысына белсене қатысушы. 1917 жылдың мамыр айынан коммунистік партия мүшесі. Оның үйі түрлі жасырын жиындар өтіп тұратын мекен болды. Б-тің саяси көзқарасы осы жерде қалыптасты. 18 жасар жігіт Ташкент теміржол жұмысшыларының революц. үйірмесіне мүше болып алды. Ол саяси қызметін халықтың көп жиналатын жерлеріне листовкаларды ілуден бастады. 1905 ж. Закавказия ревалюционерлерімен тәжірибе алмасу мақсатымен Бакуге жіберілді. Онда жергілікті революц. ұйымдардың бірінде белсенді мүше болады. Полицияның назарына түсіп, қамауға алынады. Екі жылға сотталған жерінен Бабаев құтқарып алады. Көп ұзамай Самарқан, Сырдария, Ферғана өңіріне мұсылмандар арасында рев. саяси жұмыс жүргізуге жіберілді. Ұлы Қазан төңкерісі қарсаңында-ақ дүниежүзі жұмысшылар қозғалысының алдыңғы сапына шыққан көзіқарақты өкілдерінің қатарына қосылған еді. 1916 жылғы қазақтардан жұмысшы батальонына әскер алудың зардабын, одан бүкіл қазаққа келген қасіретті, сондай-ақ қазақ даласын жайлаған аштық, жалаңаштықты көзімен көрген Б. 1917 жылдың қаңтарында мемл. Думада осы жайлы айтып, бұратана халыққа жағдай жасау жөнінде хат жазады. Сол 1917 жылдың басында солдаттардың қатарында жүрген Б. Өзбекстанға жіберіледі. Мұнда ол әйгілі ревалюционер П.Г. Полтарцкиймен танысады. Қазақ төңкерісі жүзеге асқан соң Шымкент қ-на келеді, онда белсенді қызмет жасайды. Кейін Ферғанаға жіберіледі. Мұнда ол Кеңестер құру жұмысына белсене араласады. 1-еңбекшілер

сьезінде Әндіжан қалалық және уездік Кеңесі құрылып, оның төрағасы болып сайланады. 1918 ж. шілдеде Түркістан Орт. Атқару к-ті мен халық комиссарлары Кеңесінің бірлескен мәжілісі өтіп, әскери-саяси штаб құрылады. Оған П.Г. Полтарцкий, Н.В. Шумилов, Б., т.б. енеді. Штабқа Закаспийдегі революц. күреске басшылық жасау жүктеледі. Б. сонда Закаспий майданы әскери-саяси штабы бастығының орынбасары етіп жіберіледі. Кейін Ашхабаттағы бүлікті басуға белсене қатысады. Осы үшін әскери-саяси штаб төрағасының орынбасарлығына тағайындалады. Осы 1918 ж. Ферғана басмашыларына қарсы отряд басшысы ретінде аттанады. Түркістан өкіметі төтенше комиссиясының басшысы Т. Рысқұлов та осында болатын. Қызыл командир Б. қазақ халқының көрнекті перзенті Т.Рысқұловпен бірге жұмыс істейді. 1919 ж. Ташкенттегі Осипов бастаған бүлікшілерді талқандауға қатысады. Жалпы қызылдардың қатарында жүрген Осиповтың арам пиғылын алдын-ала байқап, Турцик пен халық комиссарлар Кеңесіне хабарлайды. 1920 ж. Түркістан Республикасы ішкі істер комиссарының №4607 мандатымен Б. далалық халықты жаңа өмірге бейімдеу, саяси түсініктерін дамыту мақсатымен Черняев, Жызақ уездеріне жіберіледі, онда партиялық ұйымдар құрады. Әсіресе Шардара өңірінде коммунистік ұйымдардың қалыптасуына көп күш-жігер жұмсайды. 1930 ж. қазіргі Шардара ауд-на қарасты өңірде «Қызыл партизан» ұжымшарын ұйымдастырды. «Мақтарал» кеңшарының құрылуына белсенді ат салысады. «Мақтарал» кеңшарының алғашқы директоры болған, Социалистік Еңбек Ері, кейін Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының 1-орынбасарлығына көтерілген А.С. Ораловтың 1952

ж. Б-ті Алматыға алдырып, көзін емдетіп, басы-қасында болуы осыған дәлел. 1933 ж. Қызыл Армияның 15 ж-дығына байланысты Өзбекстанның бірінші басшысы Юлдаш Ахунбабаев Б-қа Құрмет грамотасын тапсырып, оның Орта Азия халықтарының кәсіби армиясының қалыптасуына сіңірген еңбегін атап айтты. Сол ж. Респ. деңгейдегі дербес зейнетақы тағайындалған еді. Б-тің өмірінің соңғы кезі Жетісай өңірінде бұрынғы «Жетісай» кеңшарының үшінші, төртінші бөлімшелерінде (Куйбышев, Жамбыл ұжымшары) өтті. Жетісай өңірінде Б. атынд. мектеп бар.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 224; Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999; Мақта ордасы – Мақтарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран», 2003.

Ж.Өмірбекова

БАРАҚ ХАН (т.ж.б. – 1751) – қазақ сұлтаны, Шыңғыс ханның ұрпағы, Тұрсын ханның ұлы. Қайып ханның 1717 жылдың күзінде жазған хатында «Құдайдың әмірімен Тұрсын хан өлді, оның елі иесіз қалды» делінеді. 1734 жылғы Ұлы жүз елшілігінің материалдарында Тұрсын «Шымыр дулат елінің ханы еді» деп жазылған. Ағасы Күшік Орта жүздің ханы болған. Б. сұлтан Орта жүздің қоңырат, найман, қаракесек руларын, кейін Ұлы жүздің Дулат бірлестігінің бір бөлігін билеген. 1720 ж. Жоңғар және Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда қолбасы болып, ерекше көзге түскен. Ген. губернатор И.Неплюевтің тапсырмасымен келген М. Арапов Б. сұлтанды Ташкент, Иқан, Отырар, Өгізтау, Созақ қ-ларының иесі деп атайды. Тек қана ие емес, сол қа-

лалардан үй салған, елдің шаруашылық жұмыстарын басқаратын адам болғанын, бұл өлкенің бәрі Б-қа әкесі Тұрсыннан мұраға қалғанын айтады. Б. Түркістанға да өз ықпалын жүргізуге ұмтылды. 18 ғ-дың 30-ж-дарынан бастап Кіші жүз ханы Әбілқайырдың басты бақталасына айналды. Шыққан тегі жағынан Әбілқайыр ханнан артықшылықтарын алға тартқан ол Шыңғыс хан ұрпақтары өкілдерінен билікке өзін ғана лайықты деп санайды. Оның Әбілқайырмен тақ үшін таласын Орынбор ген.-губернаторы И.И. Неплюев Ресейдің отаршылдық мақсатына пайдаланды. Б. сұлтан екі жақты саясат жүргізді. Ол 1742 ж. қарашада өзінің Ресейге бодандығын мойындап, ант бергенімен, жоңғар хандарымен байланыс жасап, үлкен ұлы Сығай сұлтанды аманатқа береді. 1742 ж. Б. сұлтан бастаған қазақ әскерлері түркімендерді шабады. Мыс., М. Арапов Б. сұлтанның немере інісі Ескендірді Санкт-Петербургке дейін алып барып қайтқан, кейіннен (1747) И. Неплюевтің тапсырмасы бойынша Б. сұлтан «ақ үйліні» алып, Орынборға келген. Осы сапарда М. Араповтың керуені Бекболат бидің шабуылына ұшырайды. Бұл шабуылды «ақ үйліні» беруге қарсылықтың түрі деп бағалаған елші Б. сұлтан 1748 ж. 1 тамызда Әбілқайырды күші басым жасақтарының (Сырымбет батыр алғаш жарақаттап, аттан аударған дейді) көмегімен өлтіреді. Бұған наразы болған рубасылар мен балаларынан именген ол билер сотына жүгінуге мәжбүр болады. Қазақ хандығының дәстүр-талабы бойынша Өсектің ұрпағы қазақ сұлтандарының кіші буыны деп есептеліп, оларға хан тағына мұрагер болу құқы берілмеген. Ауызша шежіре де, тарихи деректер де Б. сұлтанның Әбілқайырды өлтіру себебін, өлтірген соң билер талқысында

ақталып шығу себебін осыдан деп айтады. Төле бидің Неплюевке жазған өз хатында Ұлы жүз қазақтарының Б. сұлтанды хан жариялап, оған мойынсұнғанын және Әбілқайыр ханды өлтірген Б. сұлтан емес деп жеткізгенін білеміз. Б. сұлтан Сыр бойындағы қарақалпақтан аманат ұстап отырды. Қазақ-қалмақ саясатына белсене араласты. Жоғары беделі мен ықпалының арқасында баласын Башқұрт еліне хан сайлатты. Ханды өлтіргеннен кейін біраз уақыт Жоңғариямен шектес аймақта көшіп жүрді. 1748-49 ж. Төле бидің кеңесімен Ұлы жүзге хан болды. 1751 ж. Қарнақ қыстағында Әбілқайырдың ұлдары Нұралы мен Ералының тапсырысы бойынша қожалар Б. пен оның екі ұлына у беріп өлтірді. Б-тың ұлдарының ішінде хан лауазымын Бөкей мен Қанқожа алды.

Әдеб: Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. – А-А., 1964. 3-том; Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о царях и царевичах. Часть вторая. – СПб., 1864.

М.Миразов

БАРҚЫ АТАЛЫҚ (1620–1715) – Салқам Жәңгір ханның маңында қызмет еткен Арыстан аталықтың ұлы. Тәуке ханның тәрбиешісі болып, оның хан тағына отыруына ықпал еткен және «Жеті жарғы» заңын қабылдауда белсенді рөл атқарған саяси қайраткер. Оның ұлдары Тантай батыр, Нияз батырлар дипломат. қызметпен айналысты. Б. а-тың Түркістанда қалған ұрпақтары толығымен өзбектеніп, өзбек ұлтының құрамына енген. Арқаға кеткен Б. А. ұрпақтары Жаңарқа ауд-нда тұрады.

Әдеб.: Омаров Ж. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. – Аст., 2011.

З.Жандарбек

БАРТОЛЬД Василий Владимирович (03.11.1869, Петербург – 19.08.1930, Ленинград) – шығыстанушы, орыс шығыстанушылар мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ресейлік неміс отбасынан шыққан. Орыс, неміс, француз тілдерінде сөйлеген. 1887 ж. гимназияны алтын медальмен бітіріп, Санкт-Петербург ун-тінің араб-парсы-түрік-татар тілдері бойынша шығыс тілдері ф-тіне қабылданды және оқытушылық қызмет атқарды. Шығыстанушы Н.В. Веселовский, арабист В.Р. Розен, түрколог В.В. Радлов және иран зерттеуші В.А. Жуковский, т.б. Б-тың ғыл. көзқарастарын қалыптастыруға үлкен әсер етті. 1900 ж. Б. «Түркістан Моңғол шапқыншылығы дәуірінде» атты тақырыпта магистрлік диссертация қорғап, Шығыс тарихының докт. дәрежесін алды. 1906 ж. Санкт-Петербург ун-тінің проф., 1910 ж. корр.-мүшесі болып сайланды. 1913 ж. Санкт-Петербург ғылым академиясының акад. 1917 ж. Ресей ғылым академиясының акад., 1925 ж. КСРО Ғылым Академиясының акад. болды.



Оқуын бітіргеннен соң сол жерде ғыл1905-13 ж. Орыс археол. Қоғамының Шығыс бөлімшесінің хатшысы, «Ислам әлемі» (1912-13), кейін «Мұсыл-

ман әлемі» журналдарының редакторы (1917), 1918 ж. Орыс археол. Қоғамының Шығыс бөлімінің меңгерушісі, Ресей ҒА антропология мен этнография ғыл.-зертт. жанындағы Радлов үйірмесінің төрағасы, 1921 ж. Азия ғыл.-зертт. жанынан құрылған Шығыс зерттеушілерінің алқасын және оның «Шығыстанушылар коллегиясының жазбалары» атты баспасөз органын басқарды. 1926 ж. Бакуде 1-Бүкілодақтық түрколог. съезді ұйымдастырушылардың бірі болды. КСРО-дағы мұсылман халықтардың әліпбиін араб әрпінен латын әрпіне көшіру жөніндегі комиссияның жұмысына, Орта Азия үн-тін құруға, шығыстану кітапханаларын ұйымдастыруға, шығыс қолжазбаларын жинауға қатысты. Б. еңбектерінде ислам саясатының тек найзаның ұшымен ғана емес, ұлы ғимараттар салып, ілім-білім, миссионерлік, қожалық, сопылық жолымен жүргізілгенін жазады. Б-тің зерттеу бағыттары: Орт. Азия тарихы, Иран, араб халифаты, ислам және шығыстану тарихы. Орта Азия мен қазақ өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектердің ғыл. маңызы зор. Бұл еңбектерін жазуда араб, парсы және жергілікті авторлардың материалдарын пайдаланды. Негізгі ғыл. еңбектері: «Моңғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы» (1894), «Шыңғыс хан империясының орнауы» (1896), «1893-1894 ж. ғыл. мақсатпен Орта Азияға саяхат туралы есеп» (1897), «Жетісу тарихының очерктері» (1898), «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» (1898-1900), «Ежелгі заманнан 17 ғ. дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төм. бойы туралы деректер» (1902), «Ресей мен Еуропада Шығысты зерттеу тарихы» (1911), «Түркістанды суландыру тарихына» (1914), «Ұлықбек және оның

заманы» (1918), «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» (1922), «Қырғыздар. Тарихи очерк» (1927), «Түркі-моңғол халықтарының тарихы» (1928), «Түрікмен тарихының очерктері» (1929), «Орта Азиядағы түркі халықтарының тарихы жөніндегі он екі лекция» (1935). Б. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап-ақ өзінің тарихы, мәдениеті болғанын ғыл. түрде негіздеді. Б. орыс әскерилерінің Түркістан аймағын жаулау кезеңінде хан дардың мұрағат ісі мен кітапханасын сақтауға ешқандай шара қабылдамағандарын өкінішпен айтады. Себебі, бұл хандықтардың құжаттары мен жарлықтары қазірде тек жеке адамдардың қолында ғана кездеседі дейді. Түркістан тарихының орыстар жаулағанға дейінгі құжаттары орыс мұрағатшыларының, әсіресе жер гiлiктi мұрағаттық комиссиялардың орыстық билеп-төстеушiлердiң дәуірінің құжаты ретінде комиссия қорына жинап, қарауға толық құқы бар еді деген назын білдіреді. Б-тің Түркістан өлкесіне келіп кетуі өлкеде археология мен шығыстанудың дамуына үлкен үлес қосты. Өзінің «Орта Азияға ғыл. мақсатпен бару туралы есеп» (1893-94) атты еңбегінде ортағасырлық Қазақстан археологиясының көптеген бағыттарының негізін қалады. Б. Йасы-Түркістан-Шавгар қалаларын бір-бірімен байланыстырып қарады. Б. ірі тарихшы ғана емес, филология саласында түрколог ретінде де танымал болды. «Қорқыт ата кітабын» орыс тіліне аударуы – филология бойынша ерекше орын алатын еңбектерінің бірі. Б. ислам зерттеулеріне үлкен үлес қосты. «Ислам» (1918), «Ислам мәдениеті» (1918), «Мұсылман әлемі» (1922), «Мү-сей-лима» (1925), т.б. еңбектерін жазды. Б ғыл. қызметінің 42 ж.нда 400-ден аса ғыл. еңбек:

монография, мақала, пікірлер мен жазбалар, сондай-ақ «Ислам энциклопедиясына» 246 мақала жариялады. 1963-77 ж. аралығында Б-тің шығармалар жинағы 9 том, 10 кітапта жарық көрді. Жинақта «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан», Орта Азия тарихы бойынша жалпы еңбектер, Орта Азия тарихының жекелеген мәселелері бойынша еңбектер, Орта Азияның археологиясы, нумизматикасы, эпиграфиясы мен этнографиясы бойынша еңбектер, Түркі және моңғол халықтарының тарихы мен филологиясы бойынша еңбектер, т.б. жеке том тақырыптары болып жарияланды. Б-тің көптеген еңбектері ағылшын, француз, неміс, түрік, араб, парсы, т.б. тілдеріне аударылған.

Шығ.: О христианстве в Туркестане в домонгольский период // Записки Восточного Отдела Императорского Русского Археологического Общества. Т. VIII. – 1893-94; Образование империи Чингисхана // Записки Восточного Отдела. Т. X. – 1896; Отчет о поездке в Среднюю Азию в 1893-94 гг. – СПб., 1897; Очерк истории Семиречья // Памятная книжка Семиреченской области. Т. II. – Верный, 1898; Отчет о командировке в Туркестан // Записки Восточного отдела Археологического Общества. Т. XV. – 1902-03; Историко-географический обзор Ирана. – СПб., 1903; Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII в. – Ташкент, 1902; О некоторых восточных рукописях в библиотеках Константинополя и Каира // Записки Восточного Отдела. Т. XVIII. – 1908; Обзор деятельности ф-та в 1855-1905 гг. // Материалы для истории ф-та восточных языков. Т. IV. – 1909; К истории Мерва // Записки Восточного отдела. Т. XIX. – 1909; Персидская надпись на стене Анийской мечети Мануче // Анийская серия. № 5. – 1911; История изучения Востока в Европе и в России. – СПб., 1911; Из прошлого турок. – Пг., 1917; История изучения Востока в Европе и России. – Л., 1925; Иран: Исторический обзор. – Таш., 1926; История культурной жизни Туркестана. – Л., 1927; Киргизы: Исторический очерк.

Фрунзе, 1927; Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос. – М.-Л., 1962; Собрание сочинений. В 9 т. – М., 1963-77.

Әдеб.: Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. – М.: «Наука», 1989; Российская историческая энциклопедия. Т. 2. – М., 2015; История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – М., 1997; Түркістан. Халықар. энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 656 б.; Милибанд С. Д. Востоковеды России. Биобиблиографический словарь. – М., 2008. – С. 107-110; Гогоберидзе Г.М. Исламский толковый словарь. – Ростов-на-Дону, 2009.

М.Тастанбеков

БАТЫРБЕК РЫСБЕКҰЛЫ (т.-ө.ж.б.) – 19 ғ-да өмір сүрген би, атақты датқа. Әкесі Рысбек – 18 ғ-дың 2-жартысындағы ірі оқиғалардың қалың ортасында болған жаужүрек батыр. Ол даңқы озған Төле бидің күйеу баласы Шінеттің немересі болып табылады. Б. датқа 19 ғ-да Оңт. өңірде билік жүргізіп, өзінің әділдігімен, халқына қамқорлығымен ел құрметіне бөленген жан. Есімі аңызға айналған тарихи тұлға. Әсіресе датқаның есімін Жамбыл обл-ндағы Жуалы ауд., Түркістан обл-ндағы Түлкібас, Сайрам ауд., Шымкент төңірегінің (билік жүргізген өңірі) көнекөз қариялары ардақтап еске алады. Б. датқа өз елінің бейбіт өмірін, болашағын Қоқан хандығымен ынтымақтастықтан іздейді. Б. Ресейге де бет бұрмады, Кенесарыға да қосылмады. Ол еліне тірек болар, қорған болар күш Қоқанда деп түсінді. Содан ол Кенесарыға мойын бұрмады. Б-тің Байзақ датқамен де арасы салқындады. Екі датқаның арасына от жағып, бір-біріне айдап салған Черняев екендігін дәлелдейтін құжаттар табылып отыр. Оның өз ел-жұртының тәуелсіздігі мен дербестігі туралы ойларының негізінде діни, жалпы

мұсылмандық белгі жатты. Б. ислам дінін берік ұстанған, мұсылмандықтың бес парызын өтеген кісі. Ол өзінің қыстауының жанынан күйдірілген кірпіштен әшекейлі етіп үлкен мешіт салдырған, жанынан медресе тұрғызған. Б. датқа Қасымбек датқамен Меккеге қаж-ққа барған. Екі датқаның қаражат шығарып Меккеде қонақ үй (тәқия) салдырғаны туралы жазбаша дерек Ташкент мұрағатынан табылып отыр. «Қазақтардың Меккедегі қонақ үйі (тәқия) 1874 ж. Ұлы жүзден Батырбек, Қасымбек датқалар, орта жүзден Құнанбай мырза, Аңдамас, кіші жүзден Мырқы, Нұрпейіс байлар Меккеге қаж-ққа барған кездерінде, қаж-ққа келген қазақтардың үйсіз-күйсіз панасыз жүргендерін көріп қынжылады, өзара пәтуаласып, қаржы шығарысып, Мекке шахарының Хакімінен қонақ үй (тәқия) тұрғызатын жердің рұқсатын алып, құрылысшылар жалдап, екі жылдың ішінде үш қонақ үй (тәқия) тұрғызарды» делінген мұрағаттық жазбада. Б. датқа әрқашан Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб кесенелеріне зиярат жасап, құдайы ас беріп, ондағы жетім-жесір, мүгедек-мұқтаждарға көмектесіп тұрған, қарамағындағы елдің тарықпай өмір сүруін қадағалаған. Б. датқаның Меккеден алып келген қанжар, кездік, бас киім, шапандары ұрпақтарында бертінге дейін сақталып келген. 1864 ж. шілдеде Әулиеатаны зеңбірек оғының астына алған Черняевқа атақты ғалым Ш.Уәлиханов наразылық білдіргенде, оның жанында Б. датқа да болған дейді қария сөз. Халық құрметіне бөленген датқаны кезінде Қаратау шайырлары Майлықожа, Мәделі, Арқаның атақты ақыны Шөже мадақтап, жырға қосқан. Б. датқаның қайраткерлігі, даналығы, қазақ халқын, елін бірлікке татулыққа, қажет болған жағдайда бір-біріне көмек

беруге үндеп отыратындығы С.Бақбергеновтың «Алтын құс», Ә.Жылқышиевтің «Дауылдан кейінгі жорық» атты кітаптарында баяндалған. Б. датқа дүниеден өткен соң, денесі өзі салдырған Жуалы ауд. Күреңбел ауылындағы мешітінің жанына қойылып, басына үлкен күмбез тұрғызылған.

Әдеб.: Дәдебаев Ж. Атыңнан айналайын. Тараз тарихы туралы толғаныстар. – А., 2002; Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – А., 1992; Майлықожа. Нақылыят. – Шымкент, 1993.

М. Миразов

БАУЛЫҚ / Бавлук, Бавлун, Байлақ, Бауырық, Бағұл) – көне мекен. А.И.Добросмысловтың айтуынша, Түркістаннан 4 шақырым жерде орналасқан. 20 ғ-дың басында Базарлық атауымен белгілі болды. Кейінірек, кәріздің құрылысына байланысты ауыл Кәріз деген атпен атала басталды. Қазіргі уақытта ол «Бірлік» деп аталады. Геогр. координаттары: 42Т 439448, 4796621. 17-18 ғ-дың басындағы картада Бавлун деп белгіленген. Байұлұқ (Баулюк) 1735 ж. шыққан Н.Алимовтың қазақ хандары туралы, Ташкент және Түркістан қ-лары туралы айтқан әңгімелерінде Түркістан қ-ларының тізімінде келтірілген. Урбоним Орта Сырдария қожаларының генеалог. грамоталарында Бағұлук түрінде кездеседі. Мұхаммед Рузбихан Исфханидің «Михман-нама-йи Бұхара» атты шығармасында Шайбани-хан демалған «Йасы қ-ның сыртындағы Чахар-Баг» деп айтылған аймақ пен Б. екеуі бір болған. Осы деректерге және топонимнің этимологиясына қарап, көрсетілген елді мекен бастапқыда қабырғамен қоршалған сарайы бар саябақ болған деп айтуға болады. Жергілікті аңызға сәйкес, саябақ Әмір Темірдің жарлығымен

салынды. Қазіргі Түркістан маңындағы үйлер салынған аумақта археол. зерттеулер жүргізілген жоқ.

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Города Сырдарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Таш., 1912. – С. 110; Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011. – С. 338; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 28; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008. – С. 216; История Казахстана в персидских источниках. Т.5. – А., 2007. – С. 211; Анарбаева Т. Каризликлар. Тарихий қисалар. – Туркистон, 2008. – С. 5.

М.Қожа

БӘЙДІБЕК АУДАНЫ СӘУЛЕТ-КӨРКЕМ МҰРАЖАЙЫ – Түркістан обл. Бәйдібек ауд-ндағы мәдени кешен. Шаян мешіт-медресесі тарихи-мәдени сәулет кешенінің базасында 1981 ж. 31 желтоқсанда Қазақ КСР Министрлер кеңесінің №600р қаулысымен Мемл. «Кілем және кілемнен жасалынған бұйымдар мұражайы» болып ашылды. Мешіт-медресе республика көл-нде тарихи жәдігер ретінде Бәйдібек ауд. сәулет-көркем мұражайы Мемл. коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып өзгертілді. Жалпы



Бәйдібек ауданы сәулет-көркем мұражайы

ғимарат 29 бөлме, 1 мешіт, 1 дәрісханадан тұрады. Жер учаскесінің көл. – 0,9045 ш.м, оның ішінде пайдалану алаңы – 546,6 ш.м. Мұражай ғимараты 2001 ж. аудан әкімшінің бастамасымен, Мемл. мәдени ескерткіштерді ғыл. зерттеу, жобалау ин-тының Түркістан қ. сәулет рестаур. мамандарының рұқсатымен аудан мекемелерінің көмегімен мұражай бөлмелері қайта қалпына келтірілді. 2017-19 ж. мұражайда жоспарланған күрделі қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Мұражай басшысы – Бақытжан Сапарбекулы Байсары. Мұражайда штат бойынша 13 қызметкер жұмыс атқарады. Б. а. с.-к. м-нда Бәйдібек ауд-ның тарихын, табиғатын, қазба байлықтарын, өнері мен мәдениетін, ғылымын және спортын насихаттайтын жәдігерлер қойылған 27 экспозициялық бөлме жабдықталған. Қазіргі таңда мұражай қоры 4650 жәдігермен толығып отыр. Негізгі қордағы экспонат саны – 3666. Көмекші қорда – 984. Мұражайда мерейтойларға, атаулы күндерге мәдени іс-шаралар, конференциялар ұйымдастырылады. Бәйдібек ауд. тарихи-мәдени мұрасын көрсету, тарихи орындарды зерттеу-зерделеу мақсатында Бәйдібек ауд-ндағы «Домалақ ана» кесенесі, Ақмешіт үңгірі, Аппақ Ишан мешіт-медресесіне, «Теректі әулие», «Шақпақ ата», «Жеті отау» үңгіріне экспедициялар ұйымдастырылып отырады.

М.Тастанбеков

БӘЙДІБЕК ҚАРАШАҰЛЫ – 14 ғ. тұлғасы, қазақтың тарихи шежірелерінің кейіпкері. Ш.Уәлихановтың «Ұлы жүз аңыздары» атты жазбасында Майқы бидің немересі ретінде Б. аталады. Содан соң Б-тен өрбитен ұрпақтың шежіресі беріледі: «старший сын Сары, второй же

Джоркчи быт сын второй жены, по-киргизскому - аулие, святая. От Джоркчиевых трех детей произошли: от первого Албана – адбаны (албаны), от второго Дулата – дулаты и Сувана – суваны». Осы шежіреге қарағанда, Бәйдібек Ұлы жүздің едәуір бөлігін құрайтын албан, суан, дулат, сарыүйсін, шапырашты, ыстының бабасы болып табылады. Ә.Х. Марғұлан-ның тәпсірлеуі бойынша, бұл «қазақтың тарихи аңыздарының алғашқы жазбасы» және ол шамамен қағазға 1855 ж. түскен. Н.А. Аристовтың көрсетінше, 1876 жылдан бұрын жазылған Диқанбай батырдың шежіресінде Б. Майқы бидің шөпшегі – Қараша бидің перзенті болып келеді. Шежірелер бойынша Майқы би Шыңғысханның замандасы екенін ескерсек Бәйдібек 14 ғ-да өмір сүрген тарихи тұлға. Мұхаммед Хайдар дулаттың көрсетуінше Шыңғысхан әскер мен әмірлерін ұлдарына бөліп бергенде, дулаттар Шағатайға тиген. Шағатай хан дулаттарға Маңлай Субе деген аймақты басқаруға беріпті. Бұл жердің бір шеті Ташкент, бір шеті Ыстықкөл болыпты. Осы аймақты алғаш иеленген Байдаган деген әмірші екен. Мұхаммед Хайдардың жазуынша бұл иелік «атадан атаға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға» мұрагерлікпен өтіпті. Қазақ шежірелеріндегі Б. Мұхаммед Хайдар айтып кеткен Байдаган әмірші болса керек. Б-ті кейбір авторлардың 6-7 ғ-да өмір сүрген тұлға етіп көрсетуі еш қисынға келмейді. Түркі дәуіріндегі билеушілерге кесене тұрғызбаған, олардың сүйектерін өртеген, белгі ретінде тас мүсіндер қойған. Мұндай белгілер Б. моласында жоқ. Б-тің сүйегі Балабөген өз-нің жағасында. 1998 ж. Б-тің бұрынғы кесенесінің орнына жаңа ескерткіш кешені салынды. Өкінішке орай байырғы кесене археол. тұрғыдан зерттелмей бұ-

зылды. Түркістан обл-ндағы Алғабас ауд-на Б. есімі берілді. Б. биге Шымкент қ-нда көше аты беріліп, еңселі ескерткіш орнатылған.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В 5 т. Т.1. – А.-А., 1984. – С. 274; Мирза Мұхаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Таш., 1996. – С. 366.

М.Қожа

БЕЙНЕ-МОЛЛА КЕСЕНЕСІ – архит. ескерткіш. Түркістан обл. Созақ ауд. Тасты а-нан 3 км жерде орналасқан. Негізгі қабырғасы шикі кірпіштен тұрғызылып, сырты күйдірілген кірпішпен бедерленген. Кесененің оңт. қабырғасының бір бөлігі және күмбез толығымен күйреген. Шаршы пішінде тұрғызылған қабырғаның ішкі бөлігі дөңгелек тәріздес. Кірпіштен қаланған еденнің қалдықтары сақталған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

БЕКАСЫЛ БИБОЛАТҰЛЫ (1882, Түркістан обл. Төле би ауд. – 1915, сонда «Кіші Қапшағай») – Дулат бірлестігінің Жаныс руынан шыққан атақты әулие. Есім ханның кезінде жасаған Құдайберді бидің үрім бұтағы. Б-дың арғы бабасы Түгелбай батыр Еңсегей бойлы Ер Есім мен оның баласы Жәңгірдің әскербасы болған. Б. әулиенің әкесі Биболат 1782 ж. Тұрбатты дүниеге келіп қоқандықтардың зұлымдығы салдарынан қырық тоғызға толған шағында көз жұмыпты. Оның жұбайы үш ұл, үш қызымен жесір қалыпты. Нақ сол уақытта Биболаттан қалған ер балаларының үлкені Байшымыр он бесте, Бишымыр он екіде, кенжесі Б. тоғызда екен. Б. әуелі Қарамұрт қыстағындағы

Бұхарада оқып «Хафис» атағын алған Қарамолданың медресесіне шәкірт болып қабылданады. Ол кезде Сайрам мен Қарамұртта медреселер көп болатын. Бұл қыстақтарға жан-жақтан оқыған, білімдар жандар келіп-кетіп жататын. Төле би ауд. Сертас а-ның тұрғыны, Шежірелі Қарт ерген Ағыбайұлы (марқұм): «Бекасыл Қарамұраттағы Кәлен баб деген әулиеге түнеген. Сол жерде оған ілім дарыған»,

дейтін. Б. медреседе хат танығаннан кейін ол өз бетімен жатпай-тұрмай ізденіп, үздіксіз білімін жетілдіру жолына түскен. Б. әулие өзінің білімге деген зор ынта-жігерінің арқасында Сайрам, Қарнақ, Ташкент медреселерінен тәлім алып, білімпаз болғандығының және сол ұшан теңіз білімінің пайдасын халқына молынан тигізгенінің шарапатынан көзі тірі кезінде-ақ әулие атанып, аты аңызға айналған. Соншама жылдар бойы жинаған ілімі мен бай тәжірибесінің нәтижесінде «Зикзал» атты баға жетпес аса құнды еңбегін жазып қалдырған. Б. жұлдызшылық өнерді меңгерген, өз кезіндегі ілім-білімге жетік, тәпсірлер жазатын ауызы дуалы ғұлама болған кісі екен. Ол кезінде өзі жасаған Қарасора а-нда (қазіргі Төле би ауд. Кенесары елді мекені) медресе ашып, бала оқытқан. Б. ғұлама Түркістан өлкесіндегі игі мұсылман баласына еншілік қасиетімен, әсіресе қасидахандығымен аты шығып, әйгіленген. Ілімді жандар былай дейді: «Қасида деген ілімнің күші албастыны қашырып, жын перінің бетін қайтарады. Ол ілімді оқып, меңгерген адамды қасидахан деп атайды». Б. сондай жын періні қайтарып оқитын жан болған. Б. Бұқара қ-ндағы үлкен медреселермен байланыс жасап, олардан көптеген әдеби, тарихи, һәм ғыл. кітаптар алдырып отырған. Шығарм-пен айналысып бірнеше кітап-

тар жазған. Бірақ ол зұлмат заман (1917-40 ж. арасындағы кеңес дәуірі) келе жатқанын сезіп, үй толы кітаптарын түйелерге теңдеп, таудағы үңгірге апарып жасырған. Бұл қазына іздеусіз жатыр. Б-дан әзірге жеткені тек «Зигзал» кітабының қол жазбасы. Бұл қол жазбаны Б-дың шәкірті Қазанғап Байболұлы көздің қарашығындай сақтап, баласы Оңғарға аманаттап кеткен екен. Б. ұстаздықпен бірге шығыс ғұламаларының еңбектеріне пікірлер жазып, оны қолжазба түрінде таратып отырған. Б. дүниеден кетерін білген соң батасын Пошатай Бишымырұлы деген иманды Алла жолын ұстанған ауыл имамына берген екен. Қазақ жерінде көріпкелдік қонған қаншама әулиелер болған, бірақ солардың ішінде шоқтығы биік қасиетті жанның бірі Б. болды. Оның болашақты болжап айтқан әңгімелері қазіргі кезде расқа айналып отыр. Б. адам ғұмыры алпыс, жетпіс жылдай ғана болғанымен ол өзіне екі жүз жылдық тас баспана салады, теңге жол болады деген екен. 1864 ж. Шымкент қ-н жаулап алуға келген М.Г.Черняев Б-мен кездесіп сөйлесіп, оның көрегендігі мен білімдарлығын мойындаған екен. Б. араб, парсы, шағатай тілдерін жетік менгерген ғұлама. Ол ұсталық өнерін, ағаш шеберлігін меңгерген. Оның жасаған заттары бүгінге дейін жеткен. Диқаншылықпен айналысқан 1887 ж. Мәшһүр Жүсіп екінші рет Бұхараға сапарлағанда Түркістан қ-нда Б-мен кездесіп сұхбаттасады. «Бекасыл хазіретті көргенде жол азабын ұмытып, бірге туғанымды көргендей күйде болдым. Бұл кісінің аузынан шыққан дүрлері, елге берген бата тілегінің қабылдығына таң қ-ң» деп толғанады. Б-дың «Зикзал» атты шығармасында баяндалған барша ғыл. мәліметтер, келтірілген дұғалар, тылсымдармен оларды қолдану тәсіл-

дері, пайғамбарлар мен әулиелер туралы деректер және басқа да көптеген салаларды қамтыған мәселелермен олардың шешімдері Құран мен хадистердің ұстанымдарына негізделген. Б-дың қол жазбасы толық аударылып «Жұлдызнама» деген атпен 2005 ж. бір том болып, 2011 ж. екінші том болып, 2017 ж. екі том болып Астанада жарық көрді. Б. 1915 ж. 93 жасында дүниеден озған. Басына күмбезді мазар тұрғызылған. Төле би ауд. Кенесары а-ндағы орта мектеп Б. атымен аталады.

Әдеб.: Мамытбек Қалдыбай. Бекасыл әулие. – А., 2001; Қазақстан музейлері. – Аст., №8, 2006; Қазыналы оңтүстік. 3-ші кітап. 22-том. – А., 2011.

М.Миразов

БЕКЧУРИН МИРСАЛИХ МИРСАЛИМОВИЧ (1819/20, Орынбор губ. – 1903, Орынбор қ.) – Башқұрт ағартушылығының өкілі, ғалым, лингвист, аудармашы, публицист, педагог, фольклорист. Орынбор Неплюев әскери үч-щесін (1838) бітіріп, колледж тіркеушісі атағын алды. 1841–78 ж. үзіліспен Орынбор Неплюев әскери мектебінде және басқа да оқу орындарында жұмыс істеп, араб, башқұрт, татар және парсы тілдерін оқытты. Бекчурин башқұрт тілі туралы мәліметтерді жүйелеп, башқұрт тілін ғыл. зерттеушілердің алғашқысы болды. Башқұрт, қазақ, татар тілдерін араб, парсы, орыс тілдерімен салғастыра талдады. Башқұрт фольклорын жинады. 1846 ж. колледж хатшысы дәрежесін алды, 1853 ж. титулды кеңесші, 1857 ж. колледж бағалаушысы, 1861 ж. қадағалаушы-кеңесші, 1865 ж. колледж кеңесшісі, 1869 ж. мемл. кеңесші, 1868 ж. Орыс геогр. қоғамының Орынбор бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды және оның жұмысына белсенді қатыса-

ды. 1878 ж. мемл. кеңесші қызметінен зейнетке шыққанымен, губер. кеңседе арнайы тапсырмалар үшін штаттан тыс лауазымды тұлға ретінде қызмет атқарады. Б. Орыс геогр. қоғамының Орынбор бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. 1890 жылдан Орынбор ғыл. мұрағат комиссиясының төрағасы болды. 19 ғ-дың 60-ж. аудармашы ретінде Б. Орыс әскерлерінің Орт. Азиядағы акцияларына қатысты. Армияда 1865 жылдың 10 тамызынан 30 қазанына дейін және 1866 жылдың 11 шілдесінен 30 қарашасына дейін. Орынбор әскери окр-нің әскерлері қолбасшысы Н.А.Крыжановскийдің аудармашысы болды. Әскери аудармашы ретінде Орт. Азия мемлекеттерімен дипломат. келіссөздер жүргізді. Аудармашы ретінде жұмыс жасай жүріп, осы жылдары көптеген тарихи және этногр. мақалалар жазды. Журналистік мақалаларында діни фанатизмді айыптап, мұсылман қыздардың білім алуы мен көпшілікке зайырлы білім беруді, еуропалық ғылым жетістіктерін өнеркәсіп пен а.ш-қа енгізуді қолдайды. 1872 ж. Қазан қ-нда жарық көрген «Түркістан аймағы. Мемл. кеңесші Бекчуриннің жазбалары..» атты жинаққа кейбір тарихи, этногр. және журналистік мақалалары енгізілді. «Түркістан аймағы. Мемл. кеңесші Бекчуриннің жазбалары..» атты еңбектің толық атауы «Мемл. кеңесші, империялық орыс геогр. қоғамының мүшесі және сол қоғамның Орынбор бөлімшесінің толық мүшесі; жараланған және науқас сарбаздарға көмек көрсету қоғамының негізін қалаушы, Орынбор провинциясының статистикалық к-тінің толық мүшесі және Орынбор қ-ндағы кедейлерге көмектесетін ең жоғары бекітілген Оренбург қоғамы; Орынбор қалалық Думасының басты к-тінің мүше-

сі Бичуриннің жазбалары» деп аталады. Кітаптың алғашқы беті автордың кішігірім кіріспе сөзімен басталған.

«1865 және 1866 жылдары Түркістан аймағына екі сапарым маған ол туралы кейбір фрагменттік ақпаратты жинауға мүмкіндік берді», - деп жазды. Осы сапар мен алған әсерлері, дәл ақпаратпен бірге мұқият зерттеу нәтижесі «Түркістан аймағы» кітабында көрініс тапты. «Әзірет мешітінің сипаттамасы» атты мақ-на Б. кесенеге, кесене маңындағы басқа құрылыстарға көңіл аударды: «Әзірет мешітінің ауласында ерекше жерде бөлек тұрған кішігірім доңғалақ куполы бар ғимаратты көресің,.. Рабиа Султан-Бегім қорымынан басқа, Түркістанды басқарған Әбілқайырдың барлық ата-бабалары, белгілі хан Абылайдың, белгісіз елдің ханы Баба-Самұд Жолбарыс-Аты сияқты басқа қырғыз сұлтандарының қорымы Орта және Кіші ордада орналасқан». Олардың кейбіреулерінің үстінен ескерткіштер орнатылған, кейбіреулерінің үстіне әр түрлі форма мен көлемдегі мрамор тастар орнатылған, онда өлгендердің аттары араб әрпімен жазылған, бірақ өлген жылдары көрсетілмеген», деп жазады. Б. алғашқылардың бірі болып Қ.А.Ясауи кесенесінде жерленгендердің жатқан орнын көрсетеді. Кесененің тарихы мен эпиграфикасы туралы маңызды еңбек жасады. Б. алғашқылардың бірі болып кесененің қабырғалары мен босағаларындағы, шамдалардағы, есіктің тұтқаларындағы жылдар мен шеберлердің аты жазылған арабесқа жазуларды, Тайқазандағы және Рабия Сұлтан Бегім мазарындағы жазуларды аударып жарыққа шығарды. Бекчурин өз еңбегінде Ахмет Ясауидің өлген ж.н «1120-1121 ж.» ретінде көрсетеді. Сонымен бірге ол 16 ғ-дағы Бұхар ханы Абдолла Түркістанды

билеп тұрған уақытта кесенеге жүргізілген жөндеу жұмыстары туралы жазды. Мақала соңына кесене қабырғаларында сақталған араб және парсы тілдеріндегі жазбалар енгізілген.

Шығ.: Туркестанская область: заметки статского советника ... – Казань, 1872; Описание мечети Азрета. – Военный сборник. 1866. № 8 // Туркестанский сб. 1869. Т. 5. – С. 185-195.

Әдеб.: Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. – М.: «Наука», 1989; Вильданов А.Х., Кунафин Г.С. Башкирские просветители-демократы XIX в. – М., 1981; Башкирская энциклопедия. В 7 т. Т.1. – Уфа: «Башк. энцикл.», 2009.


М.Тастанбеков

БЕЛАРЫҚ, 18-19 ғ-дағы (тарихи) арық. Ескі Шілік а. ішімен өткен. Ұз. шамамен 6 шақырымдай. Бөген өз. аяғындағы соңғы арық болған. Бөген суы толығымен бөгіліп су осы арықпен жіберілген.

Әдеб.: Захарова И.В. О земледелии у казахов Чимкентского уезда в конце XIX – начала XX в. // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975. – С. 174-178.

М.Қожа

БЕРДИЯРОВ Тоқаш (19.10.1925, Келес ауд. Абай а. – 29.7.1988, Алматы қ.) – ақын.



Алматы көркемсурет үч-щесінде оқыған. «Бес құбыр» а. кеңесінде хатшы болып жұмыс істеген. Он жеті жасында соғысқа аттанып, 4-Украин майданы шайқасына қатысқан. Соғыстан кейін түрлі әскери бөлімшелерде қызметте болған. 1958-62 ж. «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет еткен. 1962 жылдан шығарм. жұмыспен айналысқан.

Алғашқы өлеңі 1950 ж. жарық көрді. «Шалқар теңіз» өлеңдер жинағы 1952 ж. басылып шықты.

Шығ.: «Бейбітшілік көшесі» (1960), «Мен өмір сүремін» (1965), «Тораңғы» (1965), «Оқ және гүл» (1967), «Дауылдан кейінгі тыныштық» (1970), «Көгілдір ымырт» (1972), «Бозторғай» (1973), «Күндер, күндер, күндерім» (1974), «Ескі паровоз» (1976), «Жаңа дала» (1979), «Сөнбейтін оттар» (1980), «Есіктің алды – көк терек» (1983), «Шынар» (1985). Әңгімелер мен повестер жинақтары: «Жастық кешуі» (1966), «Солдат сыры» (1968), «Фарида» (1978).

Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – Б. 129.

М.Амантуров, Ж.Әкімбек

БЕРДІ ӘУЛИЕ – қорым, Түркістан обл. Арыс-Шардара жолы бойында, Арыс бағытынан келе жатқанда Сырдариядан өтетін көпірге бір шақырымдай жетпей сол қапталда, жол бойында орналасқан. Аталған қорым орнында Б. ә-нің мешіті мен бала оқытатын құжыраханасы болған екен. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда ол кісі осы өңірге Ислам ілімін таратып, шәкірт тәрбиелеген көзі ашық, көңілі ояу адам болған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

БЕРДІБЕК САРАЙЫ (14 ғ.) – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші. Түркістан обл. Отырар ауд. ортағасырлық Отырар қалажұртында орналасқан. 20 ғ-дың аяғында және 21 ғ-дың басында Отырардағы археол. зерттеулер барысында бір бөлігі қазып алынды. Шараф ад-дин Әли Йаздидің 1425 ж. аяқталған «Зафар-намесінің» жазбаларында мынадай сипаттама бар: «Сейхун жағасынан аттанған Темір сәрсенбі 12 раджаб күні Отырардағы Б-тің с-на (Отрарский дворец Бердибека) келіп тоқтады. Барлық ханзадалар, әмірлер және Темірге жақын болып саналатындардың әрбірі жеке бөлмелерге орналасты. Бір таңғаларлығы, патшаның ордасына айналған сарайда келген күні ғимарат төбесінен от шығып, өрт болады. Өрт тез арада өшірілгенмен, сол күндері патша айналасындағылар қорқынышты түстер көріп, оны жамандыққа жорып үрейленіп, көңілсіз күйде жүрді. Тағдырға жазылған болмай қоймайды». Осы сипаттама сарайдың бөлмелері көп болғанын, өрт болғанға қарағанда оның кейбір бөліктерінің төбесі ағаштан жабылғанын көрсетеді. Сарайда арнайы қабылдау бөлмесі – көрінісхана болыпты: «Осы кезде Темірге көптен бері Дешті Қыпшақ даласында бір жерге қаңбақтай тұрақтай алмай жүрген Тоқтамыстың ескі қызметшісі – Қарақожа келді. Сол күні Темір көрінісханаға салтанатты түрде кіріп, биік таққа жайғасты. Оның оң қол жағына Үгедей қағаннан тараған Танзи оғлан, Жошы ханнан тараған Бастемір оғлан мен Шекіре оғлан, сол жағына ханзадалар Ұлықбек, Ибраим сұлтан, Айджеля отырды. Тоқтамыс елшісін әмірлер Бердібек, оның ағасы Шайх Нұр ад-дин, Шах Мелик, Қожа Жүсіп алып кірді». Отырартөбенің үстінде жүргізілген археол. қазбалар оның оңт.-шығыс бөлігінде күйдірген

қыштан өрілген сәулетті архит. кешеннің бір бөлігін ашты. Ол қыш қабырғамен қоршалған екі ғимараттан тұрады. Осылардың қасында болған тағы бір сәулетті құрылыс орны 20 ғ-дың 60-ж.нан белгілі болған. Бұл деректерде аталатын Әмір Темір қайтыс болған Б. с. деп санауға негіз бар. 1980 ж. Отырартөбедегі қазба жұмысы барысында жалпы ауданы 60x22 м мешіт орны табылды. 1995 ж. қазба жұмыстары барысында мешітпен ортақ қабырғасы бар жаңа сәулетті құрылыс табылды. Отырардағыдай ірі архит. кешен Қазақстан археологиясында алғаш рет қазылып жатыр. Кешеннің жалпы қызметін анықтауда осы арада табылған заттарды талдау, осы ғимараттардың жалпы қалалық қорған жүйесінде орналасуы, қазылған ғимараттардың құрылымы көрсетіледі. Жалпы Отырардың осы бөлігі қазбасынан аса сирек кездесетін қытай мен таяу шығыстық бұйымдар, піл сүйегінен жасалған шахмат тасы, зергерлік бұйымдар мен алтын дайындамалар, алтынмен жалатылған сырлы қыштардың табылуы аршылған құрылыстарды Б. с. деуге негіз береді. Б. с-ның көрінісханасы – салтанатты түрде қабылдау жүргізетін зал әлі де табылған жоқ. Кешеннің солт. құрылысынан батысқа қарай 20 м қашықтықтағы орнынан 20 ғ-дың 60-ж. трактормен ойылып кірпіш алынған. Бұзып алушылардың бригадирі Е. Бронның айтуынша, 2 м тереңдікте күйдірген кірпіштен соғылған қабырғаларға тап болған. Қабырға беттері көк түсті өсімдік өрнектерімен безендірілген екен. Осы құрылыс Б. с-ның көрінісханасы болуы ықтимал. Осы сарайда Әмір Темір 1405 ж. 18 ақпан күні көз жұмған.

Әдеб.: Қожа М. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: «Тұран»,

2006.; Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археол. деректер негізінде. – А., 2017; Қожа М. Дворец Бердибека в Отраре // Сохранение и развитие историко-культурной среды в природных и городских условиях современной Центральной Азии: Труды международной научно-практической конференции. – А.: «Принт S», 2004. – С. 50 – 52.

М. Қожа

БЕРДІҚОЖА БАТЫР (1708, Шыршық өз. – 1786, Шығыс Қазақстан обл. Қарқаралы, Дағанделі өз.) – қазақ батыры. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Абылай заманындағы ең атақты, сенімді батырлардың бірі болған» деп сипаттайтын Б. 18 ғ-дың 20-50 ж. қазақ-жоңғар соғысының бел ортасында жүрген. Қазіргі зерттеу еңбектерге сүйенсек, Б. б. 18 ғ-да жоңғар басқыншыларына қарсы көптеген шайқасқа қол бастап кіріп, жеңісті күндерді жақындатқан. 1723-25 ж. Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерлерді, Шыршық бойын қорғап, жаудың ішкерілей енуіне жол бермеген. Б. Қабанбай, Елшібек, т.б. батырлармен бірге Түркістан қ-н жаудан ерлікпен қорғаған. Түркістан өңірінде болған алапат шайқастардың бірінде қолбасшы Қабанбайдың астындағы аты өліп, жаяу қалғанда Б. астындағы ақ боз атын түсіп беріп, қолбасшыны жау қолынан құтқарып қалған деседі. 1729 ж. мамыр-маусым айларында Балқаштың оңт. жағасынан 120 шақырым жерде Итішпес, Алакөл жағасында өткен Аңырақай шайқасында үш жүздің бірлескен қолы Әбілқайырдың бас қолбасшылығымен қалмақтарды ойсырата жеңген. Осы шайқаста шанышқылы-қатаған қолына басшылық жасаған Б. б. болатын. Б. Қазығұрт, Ордабасы, Қаратау аймағындағы, Әулиеата, Меркі өңіріндегі болған қанды соғыстардың басында болып, қазақ әскерлеріне қолбасшылық

жасады. 1735 ж. Жетісу, Шу, Талас, Арыс бойларында болған ұрыстарды, 1745 ж. Ташкентті азат етуде ерен ерлігімен көзге түсіп, даңқы асқақтай түседі. 1755-58 ж. Цинь империясы жоңғар ойраттарды жойғаннан кейін қазақ даласында аздап тыныштық орнағанымен іргедегі қырғыздардың шапқыншылығы күшейеді.

Қырғыздар Садыр батырдың басшылығымен қазақ даласына шабуылды үдетеді. Алғаш сабыр сақтаған қазақтар шыдамай Төле биге барады. Төле би Талас жақтан шағым айта келген үйсіндерді қосып алып Абылай ханға барады. Абылайдың ордасы ол кезде Әзіреттің Қаратауында екен. Абылай бұлардың сөзін қос көрмейді. Жәпек пен Б. Абылай мен Төлені тыңдамай, орта жүздегі Барақ ханға барады. Олар үйсін мен арғыннан 4000 қол жиып, қырғызға аттанады. Осыдан екі елдің арасына сызат түсіп, кезекпе-кезек бір-бірін шауып, малдарын олжалап кете береді. Садыр бастаған қырғыздар Шымкенттен бергі қазақты шауып, Шолаққорған мен Созақты талап, қоңырат, сіргелілерді қырғынға ұшыратады. Мұндай бассыздыққа шыдамаған Б. сарбаздарын жинап қырғызға қарсы атқа қонады. Шанышқылы Б., тарақты Байғозы және қоралас Жауғаш -батыр басқарған әскерлер ерекше қайрат көрсетіп, қырғыздарды Алатау асырып, сүргінге салады. Қырғыздармен болған бірнеше шайқастарда Б. б. қаһармандық танытады. Б. б. туралы орыс офицері И. Андреев өзінің «Қырғыз-қазақтың орта жүзінің сипаттамасы» деген еңбегінде шынайы шындықты ашқан еді. Мәшһүр Жүсіп те Б. жөнінде құнды мәліметті жеткізген. Б.-ның дипломат, елші болғандығын қытай тарихшысы Уан Чилуннің еңбегінен көреміз. Ол: «Пекинге 1757-1809 жылдар аралығында 27 қазақ ел-

шілігі келгені, бұл сапарларында олар жер, шекара, сауда-саттық мәселелерін қозғағаны, сондағы айтулы елшілердің бірі – Бердіқожа батыр болғаны ақиқат», - деп жазады. Оның бұл дәлелдемелерін қытайтанушы, профессор К. Хафизова да негіздей түседі. Ш. Уәлиханов шығармаларының 3-томында Б. б-дың кейінгі қоныс тепкен жері Аягөз бен Қарқаралының ортасы екені сипатталады. И.Г. Андреев өзінің еңбегінде: «Шанышқылы руының ағасы Бердіқожа 1783 ж. шілде айының 13-і күні Семей қамалына келді. Орыс шекарасына алғаш шығуы екен, бұрын қонысы шалғай болған. Ақыры жаужүрек Бердіқожа өзі талай рет қиратып жеңген қырғыздан ажал тапты», - деп жазады. Б. б. 1786 ж. қаңтарда қырғыздар қолынан қаза болыпты. Батырдың артында інісі Секлоян және төрт ұл қалды. Үлкені – Лепес, енді бірі – Шоқ, қалғанының есімдері белгісіз. Б-ның соңынан ерген шанышқылы руының бір бөлігі бас батырынан айырылған соң, Шығыс Түркістан жаққа өтіп, Абақ Керей арасына барып, Керей ішіндегі Шанышқылы атаны құрайды.

Әдеб: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығ. жин., 8-том. – Павлодар, 2005; Андреев И. Описание сред. Орды киргиз-кайсаков. – А., 1998; «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. 2-том. – А., 1999; Мұқтар Мағауин. Шығ. жин., 13-т. – А., 2002.

М.Миразов

БЕРНШТАМ Александр Натанович (10.9.1910, Керчь қ. – 10.12.1956, Ленинград қ.) – Орта Азия мен Орт. Азияны зерттеген археолог, тарихшы-шығыстанушы ғалым, тарих ғыл. докт. 1931 ж. Ленинград ун-тінің этнография бөлімін аяқтап, өзінің ғыл. жолын ол түркі халықтарының этнографы ретінде бастады. Мемл. ма-

териалдық мәдениет тарихы академиясында, 1935-38 ж. КСРО ҒА Шығыстану ин-тында жұмыс істеді.



Оны түрік халықтары мен тайпаларының шығу тегі мен дамуы қызықтырады. 1935 ж. «6-8 ғ-дағы орхон-енисей түріктерінің экон. құрылысы» тақырыбында канд., 1942 ж. «Көне дәуірден монғол шапқыншылығына дейінгі қырғыздар мен Қырғызстан тарихы» тақырыбында докт. диссертация қорғады. Б. жыл сайын археол. қазбаларды басқарып Талас, Шу, Іле бойындағы, Ыстық көл бассейнінде көшпелі және егін ш-мен айналысатын халықтардың қола дәуірінен бастап 18 ғ-ға дейінгі жүздеген әртүрлі ескерткіштерін тапты. Осының қатарында ол Сарық, Баласағұн, Тараз, Қысмычи сияқты ірі ортағасырлық тұрақтарда қазба жұмыстарын жүргізді. Оның «Талас өңірінің көне ескерткіштері» деген жұмыстарында Берікқары және Кенкөл қорғандарынан табылған материалдар негізінде кангюй мен кенкөл заманының мәдениеті сипатталады. Бірақ негізінен археол. зерттеулердің қорытындысы ірі қала орт. болып табылатын ортағасырлық Таразға назар бөлінді. Б-ның археол. зерттеу жұмыстарында қазіргі Түркіс-

тан обл. аум-нда атқарған жұмыстары маңызды болып табылады. Ол (1949-51 ж.) Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография институты жасақтаған Оңт. Қазақстан археол. экспедициясын басқарды. Зерттеулерінің негізгі дені – Отырар және Отырар аймағы, Сырдария даласы, Арыс, Бадам, Қаратау бөктері. Экспедиция құрамында қазақстандық зерттеушілер – Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, И.И.Копылов және Алматының жоғары оқу орындарының студенттері – К.Ақышев, Н.И.Подушкин болды. Археол. маршруттар бұрыннан белгілі ескерткіштердің қатарында жаңа қалалар мен көптеген обаларды тапты. Ескерткіштердің біразында барлау қазбалары жүрді. Жиналған материал көптеген мақалаларына арқау болды.

Шығ.: Древний Отрар // Известия Академий наук Казахской ССР. Серия археологическая. – 1951. Вып. 3; Очерки истории гуннов. – Л., 1951; Памятники Таласской долины. – А.-А., 1941; Бернштам А.Н. Некоторые итоги археологических работ в Семиречье // КСИМК, 1946, Вып. XIII. – С. 118; Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия Академий наук Казахской ССР. Серия археология. – 1950. Вып. 2.

Әдеб.: Заднепровский Ю.А., Подольский А.Г. Александр Натанович Бернштам (К семидесятилетию со дня рождения) // Народы Азии и Африки, – 1981, №2. – С. 170–177; Нұржанов А. Археологические исследования А.Н. Бернштама в Таласской долине // Вестник КазНПУ. – 2016.

Г.Байсариева

БЕСТОРАҢҒЫЛДЫҢ ӘУЛИЕ АҒАШТАРЫ – Түркістан обл. Отырар ауданының аум-нда, Түркістан мен Арыс қ-ларының аралығындағы Қарақоңыр темір жол стансасынан тоғыз шақырым жерде, суызы сортаң далада Бестораңғыл атты киелі орын бар. Мұнда, расында, Қа-

зақстанда өзендердің бойындағы тоғайларда ғана кездесетін терек тұқымдас ағаш – тораңғы (*Populus diversifolia*) өседі. Тораңғы Бестораңғылдағыдай суызы жазық далада кездеспейді. Мүмкін, бұл ерекше табиғи нысананың киелі орындар қатарына жатуының да себебі осында шығар. Қартайған, өзегі шіріген үлкен ағаштармен қатар жас ағаштар өсіп жетіліп келеді. Олардың айналасында ең көнесі құлпытастары 18-ғ-ға жататын ескі мазарат орналасқан. Өткен ғ-дың 60-ж. Бестораңғылда болып қайтқан этнографтың жазбаларына қарағанда, мұнда ағаш бұтақтарына байланған шүберектер көп кездескен. Ағаштардың біреуінің қуысындағы кішігірім ойықта қар мен жаңбырдан жиналған су тұрады екен. Ойықтың қасында судан ішсең, дертіңнен айығасың деген тілекпен болса керек, кішкентай ағаш қасық қалдырылған. Сол жерде киелі белгі ретінде жылқының бас сүйегі сырықтың басында ілулі тұр. Қазір ағаштарға жақын үлкен жер аум. тор



Бестораңғыл әулие ағаштары

темірмен айналдыра қоршалған. Қоршау ішіне бұдан он жыл бұрын шағын ғана мешіт ғимараты салынған. Ағаштарға байланған шүберектер, мата қиындылары қазір көрінбейді. Бестораңғылдан оңт-ке қарай ортағасырлық Ақарық каналының арнасы жатыр. Бұл далада тораңғының қалай пайда болуын аңызда осы Ақарық каналын қазған адамның іс-қимылымен байланыстырады.

Аңыз нұсқаларының бірі былай деп баяндайды. Бөген өз-нің сағасындағы бүгінде үйінді төбе болып қалған Бұзық қ-ның тұрғындары судың тапшылығынан азап шегеді. Өлке билеушісі Бұрындық егер кімде-кім Арыс өз-нен Бөгенге су бұрып алып келсе, соған жалғыз қызым Дүрді (немесе Дүрияны) берем деп уәде етеді. Темірдің Шәміл есімді құлы болады. Ол жаумен болған шайқаста ерлік көрсетіп, басына бостандық алады. Сол Шәміл батырға билеуші қызымды берем деп уәде еткен соң Арыс өз-нен Бұзық қ-на канал қаза бастайды. Бестораңғыл шатқалында Шәмілдің кетпенінің сабы сынып, сол жерде қалған саптың сынығынан «бес тораңғыл» ағашы өсіп шығады. Шәміл Арыс пен Бөген өз-н жалғаған каналды қазып бітеді, алайда Бұрындық өз уәдесін бұзып, көшіп кетеді. Шәміл батыр соңына түсіп, судан өтетін жерге келгенде ханды қуып жетеді және оны қызын беруге мәжбүр етеді. Бірақ жас жұбайлардың бақытты өмірлері ұзаққа бармайды. Зұлым хан екеуін де өлтіреді. Осы аймақтағы екінші бір каналдың басталатын жеріндегі дөңеске Шәмілді жерлейді. Шәміл мен Дүрдің есімдерінен біріккен атпен канал және осы канал бойындағы Шәуілдір а-ның атауы шыққан. Аңыздың басқа нұсқасында керісінше, канал қазушы осы жерде кетпенінің сабын жонып, содан түскен жаңқадан бес тораңғы

ағаштар өсіп шығыпты делінеді. Бестораңғылдың бір өзеннен екіншісіне су апару үшін қазылған ерекше каналдың қасында болуы әдеттен тыс табиғи нысананы ғажайып канал қазушы қызметімен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Әдеб.: Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы. – А., 1996. 21-бет; Қожа М.Б. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006.

Г.Байсариева

БОЛАТ ХАН (т.ө. ж.б.) – 18 ғ. аяғындағы қазақ хандарының бірі. Еуропа тілдерінде жазылған тарихи деректерде есімі Булат, Полад, Полат, Пулад, Пулат, Pulat үлгілерінде кездеседі. Б. Әбілмәмбет ханның үлкен ұлы, Болатханның немересі, Тәуке ханның шөбересі. Жәдік ұлынан тарайтын қазақ хандар әулетіне жатады. Билік құрған жылдары шамамен 1771-1798 ж. арасы. 1798 ж. ташкенттік билеуші Жүнісқожаның Оңт. Қазақстан аймағын өзіне бағындыруына орай Б. ханның Түркістан қ. мен оның айналасындағы отырықшы елді мекендерге жүрген билігін тоқтаты. Бір баласының есімі Тоғым. Б. хандық билікті мұрагерлік жолмен өз әкесінен иеленді. Хан болмай тұрып Орта жүздегі арғынның қуандық руын сұлтан лауазымында басқарды. Әкесі Әбілмәмбет хан қайтыс болған соң арғын мен қоңырат билері хан етіп сайлағаннан кейін Түркістан қ-на орнығады. Түркістан қ. мен оның айналасындағы отырықшы елді мекендерге, Сауранға, Сығанаққа және сол айналада көшіп жүрген көшпелілерді Сәмеке хан ұлы Есім ханмен бірге билік құрды. Деректерде Абылай ханның қырғыздармен соғысында қолдаушысы болған. Қытайға елші етіп жібергенін Әбілпейіздің хатынан білуге болады. Онда: «Боғда Ежен хан-

мен жүздескелі Жошы гун бара жатыр. Өзіңмен қоса Болат ханның елшісін де ала бара жатыр», - делінеді. 18-ғ-дың 80-ж. Абылайдың ұлы Әділ сұлтанмен бірге сарыүйсіндерге билік жүргізді. Ордасы Түркістан қ. болды. Оның билігі Қаратаудың солт. бөлігіне, Талас пен Шу аңғарына, Сырдарияның орта ағысына жүрді. Жаз жайлауы Торғай өз-нің жоғары бөлігі, Телікөл айналасы, Сарысу аңғарлары болды.

 Әдеб.: Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III том. – А., 2006; Қазақ хандары. – А., 2015.

М. Қожа

БОРАЛДАЙ (БУРЫЛТАЙ) ПЕТРОГЛИФТЕРІ – Түркістан обл. Бәйдібек ауд. Терек өз-нің сағасынан жоғары, Бурылтайдың тарауы – Қарабасты бұлақ пен Қызылбұлақ су айрығындағы жартаста көне замандарда салынған түрлі сурет пен таңба. Таста жылқы, арқар, бұғы, тазы, қасқыр, таутекені қуып келе жатқан



Боралдай петроглифтері

салт атты, садақты адамдар бейнеленген және көне түркі жазуларына ұқсайтын белгілер мен таңбалар қашалып салынған. Садақ пен жебе, ритуалды жекпе-жек суреттері де бар. Петроглифтер 2 топқа бөлінген: 1-сі дәл Боралдай өз-нің жағасында, 2-сі – таудың биіктеу жерінде. 1905 ж. оны алғаш тапқан – П.А.Комаров. Жазулар туралы осы жердің тұрғыны Молда Темірден естіп білген. Б. ж-н қазақстандық археологтар М.К.Қадырбаев, А.К.Марьяшев, А.Мырзабаев, А.Грищенко, т.б. зерттеген. Сурет, таңбалар қола дәуіріне жатады, қазақ жерін мекендеген тайпалар туралы мәлімет береді. Б.Байтанаев, С.Потапов, А.Грищенконың «Боралдай петроглифтері» атты еңбегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрді.

 Әдеб.: Мирзабаев А.С. Петроглифы Боралдая // Археологические открытия 1986 г. – М.: «Наука», 1988. – С. 486-487.; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 158; Байтанаев Б.А. Потапов С.А., Грищенко А.Н. Боралдайдың петроглифтері. – А.: Күмбез, 2007. – 112 б.; Петроглифы Боралдая (Боралдайские петроглифы) // URL: <http://dostoyanieplaneti.ru/4662-etroglyfy-oraldaya-oraldaya-petroglyfy/>; Каменные книги Боралдая // URL: http://www.pr.kz/cultura/723-kamennye_knigi_boraldaya.html.

М. Ахметова

БОРАЛДАЙ ҚОРЫҚШАСЫ – респ. мәні бар мемл. табиғи кешенді қорықша. 1967 ж. Түркістан обл-ның Түлкібас ауд-нда ашылған. Қорықша Батыс Тянь-Шань өңіріндегі өсімдіктер мен жануарлардың эндемик түрлерін қорғау мақсатында ұйымдастырылған. Қорықшада сирек кездесетін Түркістан аршасы, Согдиан шағаны, алша, т.б. өсімдік түрлері өседі. Қорықша жерінде Ақсу-Жабағылы қо-

рығының Қарабастау (жеміс-жидектерді аудандастыру) телімі орналасқан. «Боралдай» атауы осы аттас өзен атауымен байланысты. Бұл атау қалмақ тілінде «лай су» деген мағынаны білдіреді.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

БӨГЕН (Боген, Бугун) – өзен. Үлкен тауларының солт.-батысында Үлкен Бөген және Бала Бөген өзендерінің бірігуінен басталады. Оңт.-шығыста Сонақкөл көлінің тұзды батпақтарында аяқталады. Ұз. – 164 км. Алабы – 4680 км². Түркістан обл-ның Бәйдібек, Ордабасы, Отырар аудандары аум-нда жатыр. Б-нің төм. ағы-

сында бөген бар. Одан Түркістан каналы тартылған. Бәйдібек, Ордабасы, Отырар ауд. өзен суын ауыз суға, ауыл ш-на пайдаланады. 1967 ж. пайдалануға берілген канал күрделі жөндеуден өтті. Б. – «бөгет», «қоршалған» деген мағына береді. «Бөге» сөзден – «қоршау», бөгет+н жұрнағы (етістіктен есім жасау жұрнағы). Б. өз-нің төм. жағалауында, Бұзықтөбе көне қалашығының маңында, ежелгі су қоймасының алаңы мен аграр-ирригац. жоспарлау іздері сақталған. Бөгеттердің қалдықтары гидронимнің пайда болуына негіз болды. Гидроним моңғолдың богино «қысқа» сөзіне негізделген, «қысқа, таяз, тар өзен» дегенді білдіреді деген сөздер сенімді емес. Себебі Б. Қаратаудың оңт.-батыс баурайындағы ең үлкен өзен болып есептеледі. Бөген өз-нің ұз. – 212 км, сондықтан оны қысқа және таяз өзендерге жатқызу қиын. 1886 ж. өзеннің шатқалы арқылы өту үшін ұз. 15 сажын темір көпір салынды және ол бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Алғаш рет 16 ғ-дың соңында жазылған. Хафиз Таныш «Бәрі» түрінде «Шараф-ат-ши-шах». 1718 ж. орыс документінде Бөкан түрінде Түркістанға жалғасатын үш өзеннің бірі ретінде аталған, сол жылдың көктемінде джунгарлар мен қазақтар арасында шайқастар болған. Гидроним Қазақстанның түрлі аймақтарында орналасқан көлдер мен өзендердің атауы ретінде қолданылады.

Әдеб.: Абдрахманов А.А. Этимология некоторых древних топонимов Чимкентской области // Тезисы докладов научно-практической конференции, посвященной 70-летию организации Чимкентского областного историко-краеведческого музея. – А.-А., 1990. – С. 58; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – А.-А., 1972. – С. 165; Койчубаев Е., 1974 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов



Бөген өзені

Казахстана. – А.-А.: «Наука Казахской ССР». 1974. – С. 68; Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – А.: «Қазақстан». 1991. – Б. 113; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 269; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – А.-А., 1961. – С.24; Государственный каталог географических названий республики Казахстан. Т.9. – А., 2007. – С. 73-74; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010. – С. 20; 87; 363.

М.Қожа


БӨКЕЙ ХАН (1737–1819 ж.ш.) – сұлтан, хан. Тұрсын ханның немересі, Барақ ханның баласы, Әлихан Бөкейхановтың 4-атасы. Бөкей ханның шығу тегі жайында мәліметті алғаш рет 1905 ж. «Қазақтардың жер пайдалану құжаттары» деген еңбектің 6-томында Ә. Бөкейханов жариялады. Ол бойынша Б. хан Барақ сұлтанның баласы, Барақ Тұрсын ханның, Тұрсын хан Құдаймендінің, Құдайменді Бөкейдің, Бөкей Қайнаркөшектің, Қайнаркөшек Ондан сұлтанның, Ондан сұлтан Шығай ханның, Шығай хан Жәдік ханның, Жәдік хан Жәнібек ханның баласы деп жазылған. 1749 ж. Б. әкесінің тапсыруымен өзінің төлеңгіттерімен бірге Түркістан аймағынан солт.-шығыс Қазақстан өңіріне қоныс аударып, қаракесектің бигелді аталығына сұлтан болып сайланды. 18 ғ-дың 50-жылдарының басында Коряков бекінісі (қазіргі Павлодар қ.) маңын қоныстанып, Орта жүз қазақтарының жоңғар басқыншыларына қарсы шайқасына қатысты. Б. 18 ғ-дың 80-90-жылдарында Ресейден Орта Азияға бағытталған сауда керуендерінің қазақ даласы арқылы өтуіне, сауда жолы торабын Петропавлдан Ямышев бекінісіне ауыстыруға ат салысты. Осы мақсатта Б. 1785 ж. атақты би Сарыбағыш Атаке батыр басшылығымен Ресейде болған бірінші қырғыз елшілігіне белсенді түрде

қолдау көрсетті. 1786 жылғы 2 тамыз бен 1787 жылдың қаңтары аралығында Б-дің тапсыруымен құрамында баласы Батыр сұлтан, 2 старшын мен 2 төлеңгіті бар қазақ өкілдігі 18 ғ-дың 90-жылдарының басында Ташкент билеушісі Жүнісқожамен тығыз қарым-қатынаста болып, одан 1740-50 ж. әкесі Барақ ханның иелігінде болған Иқан қонысын қайтарып алды. Ол жерде Түркістан өңірі Бұхар хандығының қол астына өткенге дейін Б-дің қысқы ордасы болды. Б. 1816 жылдың басынан орта жүздегі қаракесек, төртуыл руларына Уәли ханмен бірге билік жүргізді. Орыс патшасының грамотасында: «Уәли ханда бұрыннан адал 9 болыс қалды, ал 13 болысқа Бөкей Барақұлы бекітіледі», - деп жазылған. 1817 ж. маусымда Коряков бекінісінен 180 шақырым жердегі Жайылма өз-нің бойында хан болып жарияланды. Билік құрған уақыты 1816-19 ж. Б-дің 5 әйелінен 11 баласы болған: Көксала, Шыңғыс, Батыр, Бөрі, Уәли, Есім, Тәуке, Сұлтанғазы, Әбілғазы, Асике және Абет. Балаларының бірқатары Ресей императорларының арнайы жарлығымен 19 ғ-дың 20-30-ж. Ресей империясының дворяндар сословиесіне кірді. Б. хан Түркістанда жерленген.

Әдеб.: Жолсейтова М.А. Қазақ хандары. Бөкей Барақұлы. – А.; «Қазығұрт», 2015; Ерофеева, 1997 – Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Материалы к Летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы). – А., 1997.

М.Тастанбеков

БӨРИЖАР ҚОРИМЫ – Түркістан обл. Ордабасы ауд-нда орналасқан оңт. өңірдегі ең ірі археол. ескерткіш, б.з. 1-8 ғ-ларынан жеткен қорым. Ол – Арыс өз-нің бойын жайлаған отырықшы егіншілер



Беріжар қорымы

мен көшпелі малшылардан қалған көне мұра. Б. қ. Қараспан а. окр-не қарасты Көлтоған а-ның маңында, Арыс өз-нің сол жағалауында, 5-7 км-ге созылып жатыр. Ені 1-2,5 км. Нысан ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген. Алғаш рет 1893 ж. Түркістан өңіріндегі Ресей археол. комиссиясының өкілі Н.П. Остроумов бірнеше жерлеу орындарын қазып, ішкі камерасы бар, саз балшықтан жасалған жер үстіне салынған құрылыс екенін анықтаған. 1949, 1951 ж. Оңт. Қазақстан (А.Н. Бернштам, Г. Агеева, Е. Пачевич), 1966-68 ж. Жетісу (К. Ақышев, Б. Нұрмаханбетов), 1969-75 ж. Оңт. Қазақстан обл. тарихи-өлкетану мұражайының, Оңт. Қазақстан кешенді (К.М. Байпақов, А. Грищенко, А. Ержігітова) археол. экспедициялары қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеді. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы аясында ізденіс одан әрі жалғасып, жер бетіндегі сағаналар, катакомбалар, жер асты шұңқырлары туралы маңызды мәліметтер анықталды. Керам., мыс, темір бұйымдары табылып, жәдігерлер қоры толықты. Қорымдар мен мазарлар әр кезге тиесілі болса да, уақыт өте келе біріне-бірі қосылып, жалғасып кеткен. Барлық оба үйінділері топырақтан тұрады. Осы қорымнан қа-

зылып алынған заттар қауыншы мәдениетіне жататын Ташкент өңірінің және шекаралас аймақтардың ескерткіштерінен табылған бұйымдармен (соның ішінде керам. жәдігерлер) ұқсастығы анықталды. Бержар қорымы Қорымнан табылған заттар

Әдеб.: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. 2-том. – Б. 410; Ордабасы: Энциклопедия / Бас ред. Н. Бегалыұлы. – Шымкент: «Ордабасы», 2008. – Б. 259; 2009 ж. Беріжар қорымында жүргізілген археол. қазба жұмыстарының нәтижелері // URL.: http://www.archaeolog.kz/index.php?option=_

М.Ахметова

БӨРІБАЙ БАТЫР САРЫҰЛЫ (1694 – 1756/1760) – қазақ руларының бірінің ұранына айналған Қаптағай батырдың бесінші ұрпағы. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қол бастаған мыңбасы. Ол өз заманында әйгілі батырлығымен, әділ билігімен, қолбасылық өнерімен көзге түскен, ел басқарған көрнекті тұлға. Б. б-дың айтулы ақын-жырауларының жырларынан орын алғаны – соның айғағы. Мыс., Сегіз сері, Дәстем сал, Жанкісі жыраулар дастандар шығарған. Сонымен қатар Толыбайұлы Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырында және «Бабалар сөзі» атты шежірелік жыр-аңыздар дастанында айтылады. Б. б-дың есімі алғаш рет 19 ғ-дың жартысында Қазақ елінің жерін, тарихын этнографиясын, жалпы қазақтың болмысын зерттеген орыс оқымыстыларының жазбаларында, есімі ұранға айналған Б. б. туралы мәлімет Н.И. Горедковтың еңбегінде көрсетілген. Одан кейін М.Тынышбаев, Б. Сырттанов, С.Аманжолов, Н.Мыңжан, М.Мұқановтың зерттеулері бар. Жазушы Қ.Жұмаділов, Төребай ақын, ҚР ҰҒА

корр. мүшесі Б.Кәрібаев, тарих, археология, этнология ф-ті Қазақстан тарихы кафедрасының проф. Т.Бірбаланов, балалар ақыны, Жазушылар одағы мүшесі Өтепберген Ақыпбеков, Марат Алыбаев, Жемісбек Дулатұлы секілді көптеген ғалым-тарихшылар, өлкетанушылар, жазушы-журналистер т. б. мақалалары ғыл. еңбектерде, газет-журнал беттерінде жарияланып жүр. Текті әулеттің өкілі болуы және арқалы батырлығы мен шешендік өнері оны өз руының басшысы етті. Ә.Хасеновтың материалдарына сүйенсек, ол Б. б-ды 1723 жылдан бастап Матай руын басқарды деп жазады.

«Батыр қан майданда шыңдалады» демекші, Бөрібайдың батыр атануы 1723 жылға дейін жоңғарларға қарсы ұрыстарда болған. Матай руының батыры атанған Б. б. «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларына дейін Қабанбай, Ақтамберді, Алдияр, Барақ, Қасабай, Шыңқожа секілді т. б. бірталай найман батырларымен бірлесіп, бүкіл қазақ жасағының құрамында жоңғарларға тойтарыс беріп отырады. Қажет кезінде өздері де жоңғар жеріне жорыққа аттанып отырған. Деректерде 1713-1714 ж. қазақтардың жоңғарларға жорық жасап, көп олжамен кері оралғанын, Жоңғарияда болған қытай елшісі мәлімдейді. Б. б. – тек қана жасақ басқарған қолбасы ғана емес, сонымен қатар жоңғарлармен болған ұзақ соғыста Найман руының, сондай-ақ Жалайыр мен Қоңырат руларының үлкен бір бөліктеріне басшылық жасаған данагөй билеуші. Ол – өмірінің соңғы кездерінде Қытай елімен болған арақатынасты жақсарту ісіне Абылай хан тарапынан тапсырма алған рубасыларының бірі. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы ресми қарым-қатынас Жоңғар хандығы ыдырай бастаған кезде

бірте-бірте орнаған. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары Абылай, Әбілпейіз, Қабанбай сынды қазақ хандары мен көсемдері және Қытайдың Цяньлун патшасы мен оның батыстағы шекара аймағына жіберген ұлықтарының аталмыш саудада атқарған еңбектері зор. Қазақ хандықтары саяси жағдайлардың талабына сай Цин патшалығымен арадағы саяси-диплом. және экон. байланысты дамытты. Ал, Цин патшалығы болса, бағындырып алған жаңа өңірлердің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайту мақсатында осындай қарым-қатынастардың орнауын құптай отырып, сол өңірлердегі көршілерінің саяси, геогр., этностық және тағы басқа жағдайларын барлауға кірісті. Әсіресе, жаңадан басып алған өңірлердегі билікті нығайту мақсатында сонда жіберетін ең жоғары лауазымды Іле цзянцзюнін (билеушісін) болсын, оның көмекшісі ретіндегі Тарбағатай (Шәуешек), Үрімжі, Қашқар және тағы басқа жерлердегі амбандары болсын, тіпті Үрімжідегі қазақтармен арадағы («жылқыға жібек») сауда ұйымдастырушысының өзін Цин патшасы Цяньлун (1735-1795 ж. Цин патшалық тағында отырған) өзі тікелей тағайындаған. Оларға өзіне тікелей мәлімдеме жазып, сондағы жағдайларды хабарлап тұруды тапсырған, сондай-ақ өзі де сол ұлықтарға тиісті мәселелер туралы өзінің пікірі мен бұйрығын жазба түрде жіберіп тұрған. Сонымен қатар цин ұлықтары патшалық орт-ндағы кейбір уәзірліктермен де әр түрлі жағдай жөнінде хат-хабар алысып тұрған. Әсіресе, осы кезеңдегі екі ел арасындағы жүргізілген «жылқыға жібек» саудасы ежелден бері келе жатқан Ұлы Жібек жолындағы осындай сауда қатынастарына Б. б. да қатынасқан. Қазақ хандығы үшін де өз

экономикасының тірегі есептелетін мал ш-ның өнімдерін сырт елге экспорттау өзекті мәселеге айналған еді және оны шешу үшін бұрынырақта қалыптасқан қазақ-орыс сауда қарым-қатынасы жеткіліксіз болды. Міне, осындай жағдайлар 1750 жылдардан бастап екі ел арасында сауда қарым-қатынасының орнығуына себеп болып, бұл қарым-қатынас екі елдің тарихында «жылқыға жібек саудасы» деп аталып кетті. Б. б-дың осындай сауда қарым-қатынасына қатысып, елінің экон. жағдайын нығайтуға ат салысқаны тарихи құжаттардан мәлім болды. Қытай деректемелеріндегі мағлұматтарға қарағанда, аталмыш сауда қазақтың Б. б. сияқты рубасылары мен көсемдерінің бастамашылығымен басталған. Цин армиясы соғысып жатқан жоңғар әскерлерін қуалап Қазақ даласына енген шақта Абылай хан әуелі оларға қарсы шығып, кейін бітімге келмек болып, сонымен бірге Цин өкілдеріне «сауда байланысын орнатсақ» деген ниетін білдірген еді. Соған байланысты тек қана қазақтарға арналған сауда жәрмеңкелері әуелде Ерен қабырғаның түбіндегі Үрімжі жерінде, кейін Іле (Құлжа) мен Тарбағатай (Шәуешек) жерлерінде ашылып, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы халықар. сауда қарым-қатынасын жарты ғасырдай жандандырып тұрды. Қазірге дейін сақталған Қытай уәзірі Әнтайдың 1760 ж. 26 қарашада жазған жазбаларына қарағанда, ол кезде Б. б. тірі болған. Ол сауда жасату үшін Үрімжіге келген. Б. б-дың қаза болуы 1760 ж. дегенге толық негіз бар. Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Ясауи мазарында Б. б-дың сол жерге жерленгені туралы дерек те, әрі құлпытасы да бар. Қазақ хандығы тұсында Түркістан топырағына жерленген ел бастаған біршама батырлар тарихтан

белгілі. Солардың арасында Б. б. да бар. Б. б-дың Түркістан қ-ндағы Ахмет Ясауи кесенесіне жерленуі, оның сол кездегі айтулы батыр, ірі тұлға, көрнекті қолбасы екендігінің бір белгісі. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1994 ж. 11-18 маусымындағы санында «Қазақтың рухы жаңғырды» деген айдармен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Ақ сарайға қазақ халқының ел билеген хандары мен билерінің, елі мен жерін қорғаған батырлардың, жақсы мен жайсаңдардың қасиетті, екінші Мекке атанған топырақта жерленгендері туралы ақпаратпен бірге, кесенеді сақталған құлпытас иелерінің тізімі берілген. Сол тарихи тұлғалардың қатарында 44 санының тұсында: «Матай Бөрібай 1699-1756/60 ж. а.», – деп Б. б-дың аты тайға таңба басқандай етіп жазылған. Өз халқының қамын ойлап, ерлігімен елге танылған Б. б-дың еліне еңбегі сіңген, қазақтың маңдайына біткен игі жақсыларымен бірге Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Ақсарайға қойылуының мәні осында.

Әдеб.: Омаров К. Ұранға айналған Бөрібай батыр // Ақсу өңірі. – 2013. – 5 қыркүйек. Бабалар сөзі. 100 томдық. Ред.: Әлібеков Т., Қасқабасов С., Қирабаев С. – Т. 82. – 2005. – Б. 349-350; Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – А., 1996; Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы. Роман–эссе. – А.: «Жалын», 1992. – 253 б.; Естенов А. Бөрібай көтерілісі және Қызылағаш қорғанысы // Түркістан. 2019. – N 21; Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай құжаттары (қытай тілінен аударған Еженханұлы Б.). – А., 2009 ж. 1-том. – Б. 93–95; <http://old.el.kz/blogs/entry/Бөрібай-батыр>.

Қ.Сарекенова

БУДУХКЕНТ – көне қаланың орны. Түркістан обл. Түлкібас ауд. Балықты а. окр-нің құрамындағы Шарафкент



Будухкент көне қаланың орны

а-ның орнында орналасқан. Аудан орт. Т. Рысқұлов а-нан батысқа қарай 11 км-дей жерде. Тарихи деректерге сүйенсек, 5 ғ-да ұлы Жібек жолының бойындағы осы жерде көне Б. қ. орналасқан. Археологтар 1950, 1987 ж. екі рет қазба жұмыстарын жүргізген. Шарафкент а-ндағы әл-Фараби атынд. шағын жинақты жалпы орта мектепте 1988 жылдың мамыр айында ашылған мұражайға жергілікті ауыл тұрғындары құрылыс жүргізу кезінде жер астынан тапқан археол. құнды дүниелерді әкеліп табыстайды. Бұл жиналған заттардың барлығы 10-13 ғ-лардың куәсі болып табылады. Бүгінде мұражайда мыңға жуық экспонат жиналған. Олардың ішінде Сәлік а-нан шыққан 17-18 ғ-ларда өмір сүрген Қазанғап бақсының қобызы, 13 ғ-ларда қала ішінен жүргізілген су құбыры, т.б. заттар сақталған.

 Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Жұмабайқызы Г. Түлкібас түлеп, түрленіп келеді // <http://old.aikyn.kz/ru/articles/show/>.

Ш.Құрманбаева

БУЛАТОВ Мидхат Сагадатдинович (18.3.1907, Тобыл губерниясы, Бухар болысы, Юрт Исен а. – 2004) – Орта Азия

және Шығыс елдері архитектурасының тарихы мен теориясы бойынша еңбектердің авторы. Архитектура докт. Ленинградта архитектор мамандығы бойынша білім алып, шығарм. жолын Мәскеуде бастады. Барлық ғұмырын Орта Азияны зерттеуге арнаған. 1923 ж. суретші, көркемдеуші, қоғамдық, тұрғын үй құрылыстары, қала құрылысы архитекторы мамандығымен жұмыс істеді. 1940-62 ж. Ташкент АПУ, 1964-91 ж. Хамза атынд. өнертану ин-тында жұмыс атқарды. 1991-2004 ж. дербес зейнеткер болды. Халықар. архитектура академиясының құрметті акад. Б. сәулет өнері туындыларын зерттеді, Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазан, кесене туралы зерттеулерін жариялады. Б. тайқазанды зерттеу арқылы кесенені салуда орта ғасырлық сәулетшілер эллипс қисығын қолданғанын дәлелдеді. «Шедевр мастера Абдль Азиза» (1969 ж.), «Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX-XV в.в.» (1988 ж.) атты мақала, монографиясында зерделеді.



Қазанның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архит. өлшемдерімен үйлесіп жасалғанын дәлелдеп, зерттеулерінде ғыл. мәнді тұжырымдар жасады. Тайқазанның сыртындағы екінші белдеудегі қатар

орналасқан төрт бұрышта жазылған шебердің есіміне байланысты кезінде ғыл. пікір таластар болып, баспасөз бетінде жарияланды. Б. 1969 ж. «Советская археология» журналында жарияланған «Шедевр мастера Абдль Азиза» мақ. қазанды жасаған шебердің әкесінің есіміне қатысты тұжырымдар айтады. Б. 85-тен аса жобалар дайындап, көптеген конкурстарда жеңіске жетті. 90-нан аса ғыл. еңбектер жариялады.

Әдеб.: Булатов М.С. Шедевр мастера Абдль Азиза (Из истории художественного литья в эпоху среднеазиатского Ренессанса) // Советская археология. – №2. – 1969; Булатов М.С. Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX-XV веков. – М.: «Наука», 1988; Булатов Мидхат Сагадатович // <http://www.kzportal.ru/>

Д.Мұстапаева

БУРНАШЕВА Райхан Закиевна (22.9.1936 ж.т, Құлжа (СҰАР ҚХР) – ғалым. КСРО ҒА Археология ин-тының Ленинград бөлімінде аспирантурада (1962-66) оқыды. 1966 ж. «Бұхар хандығының XVIII ғ. – XX ғ-дың басындағы ақша ісі мен ақша айналымы» атты «нумизматика» мамандығы бойынша канд. диссертация қорғайды. 1967 жылдан Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. ТАЭ ин-тында қызмет етеді. Қазіргі таңда Ә.Х.Марғұлан атынд. археология ин-тында өзінің еңбек жолын жалғастыруда. Отырар, Йасы, Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Жент, Ташкент қ-ларының ақша айналымы және ақша ісі мәселелері бойынша 80-нен астам ғыл. мақаланың авторы. Б. – Орта Азия мен Қазақстандағы нумизматика саласының бірден-бір кәсіби маманы.

Шығ.: Бурнашева Р.З. Каталог монет из раскопок и сборов на городище Отрар-тобе (1971-1977) // Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович

Л.Б. Позднесредневековый Отырар (XVI-XVII вв.). – А.-А., 1981. – С. 289-342 (в соавторстве); Бурнашева Р.З. Каталог монет городища Отырар-Тобе (1979-1985) // Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отырар в XIII-XV вв. – А.-А., 1987. – С. 224-251 (в соавторстве); Бурнашева Р.З. К вопросу об экономическом положении позднесредневекового города Туркестана и области (XV-XIV вв.) // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. – А.-А., 1983. – С. 52-60; Бурнашева Р.З. Отырар, Отырарский оазис и Южный Казахстан Нумизматическое исследование по денежному делу южноказахстанских городов VII-XVII веков. – А.-А., 1989; Бурнашева Р.З. Некоторые сведения о денежном обращении в средневековом Саурани XV-XVII вв. // Байпаков К.М., Смагулов Е.А. Средневековый город Сауран. – А., 2005. – С. 96-110; Бурнашева Р.З. Денежное обращение в городах Южного Казахстана в XV-XVIII вв. (историко-нумизматическое исследование). – Туркестан, 2005; Бурнашева Р.З. Клады и монеты средневекового Туркестана. – А., 2005 (в соавторстве); Самашев З.С., Плахов В., Бурнашева Р.З., Напил Б. Монеты Сарайчика. – А., 2005; Бурнашева Р.З., Аитова С.М. Монеты с территории древнего Казахстана. – А., 2005.

М.Амантуров

БУРҢАН АД-ДИН АХМЕТ ӘЛ-ФАРАБИ (т.-ө.ж.б.) – ғалым. Толық аты – Бурһан ад-Дин Ахмет бин Әби Хафс бин Иусуф әл-Фараби. Өз аты – Бурһан ад-Дин Ахмет. Әкесінің есімі – Әби Хафс. Әл-Фараби оның Фарабтық екенін танытады. Алғашқы білімді өзі туып-өскен жерде алған. Ғалымдар, соның ішінде К. Брокельман оның «Заллат әл-Қари» («Қаридің қатесі») еңбегін айтады. Екінші бір еңбегін белгілі ғалым, шығыстанушы Ә. Дербісәлі ұсынады. Ол – «Манзума фи-л-муаннасати-с самайя» («Тіл ережелеріне бағынбайтын әйел тегіне (ж.р.) қолданылатын қалыптар») атты еңбек. Түркия Республикасы Сүлеймания кітапханасында сақтаулы тұрғанын айтады. «Заллат әл-Қари» («Қаридің қатесі») қолжазбаның бір нұсқасы қазір Ресей ҒА

Шығыстану ин-тының қолжазба қорында сақтаулы. Еңбек қасиетті Құранды дұрыс оқуға арналған. Осы мәліметтерге қарағанда Б. Д. араб тілін, әдебиетін, дін тарихын және Құран мен суннаны жақсы білген болса керек. К. Броккельман ғалымды 1174 ж. қайтыс болған деген мәлімет келтіреді. Алайда қайда жерленгені әзірге белгісіз. Ғалымның өмірі мен атқарған қызметтері жайлы толыққанды мәлімет жоқ.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров

БҰЛАҚКӨГАЛ – Сайрам ауд-ндағы Ақсу өз-нің сол жақ жайылмасы үстіндегі тепсеңде, осы өзенге Б. бұлағының құяр сағасында ортағасырлардан сақталған көне қала орны (8-12 ғ.). Қала орнын ең алғаш 1940 ж. Жамбыл археол. экспедициясы анықтаған болатын. Кейін 1979 ж. зерттеу ісі қайта қолға алынады. Қала батыстан шығысқа қарай созылып жатқан, төрткүл орт. төбешіктен және оған шығыс жағынан жанасып жатқан, төрткүл бұрыс алаңынан тұрады. Алаңның шығыс жағында төбешік тәрізді қырат бар. Ежелгі қаладан ірі керамикалық ыдыстардың (хұм, хұмша, су құятын қыш құмыра), сондай-ақ ас құмыралардың, саптыаяқтардың бөліктерінен тұратын едәуір материал табылған. Ескерткіш батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Шығыс бөлігінен басқасында судан қорғайтын тоспалары бар. Ескерткіштің кейбір бөлігі жол төсеуге, а. ш. жұмыстарына байланысты бұзылған.

Әдеб.: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 1999, 2-т.: Түркістан / халықар. энциклопедия/. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2000.

Л.Еспекова

БҰРЫНДЫҚ ХАН – қазақ хандарының бірі. Шейбанилік деректер оның лауазымын хан-и бұзург, яғни үлкен, ұлы хан деп көрсетеді. Есімі ортағасырлық шығыс деректерінде Бурундук деп жазылады, қазіргі ана тіліміздегі әдебиетте Мұрындық, Б. х. деген үлгімен беріліп жүр. Б. х-ның туған ж. белгісіз. Зерттеуші К. Өскенбай тарихи деректерді саралап, оны 1420-30 ж. туған деп санайды. Қайтыс болған уақыты – 16 ғ-дың 20-ж. Жерленген жері – жобамен Самарқанд жағы. Билік еткен жылдары – 1473/74-1509 ж. Б. х. – Керей ханның үлкен ұлы, Шыңғыс ханның ұрпағы, оның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайтын әулеттен. Ал одан кейінгі шежіресі көне қолжазбаларда екі түрлі етіп көрсетілген. Осыларға сүйене отырып ғалымдардың бір тобы қазақ хандарын Жошы ханның Тоқай-Темір (Рашид ад-Дин мен Қадырғали Жалаир бойынша, Тоқай-Темір Жошының он үшінші ұлы, ал Махмұд ибн Уали бойынша, төртінші ұлы, оның есімі кейде Тоқа-Темір үлгісінде жазылады) атты перзентінен таратады. Бұл нұсқа бойынша Б. х-ның арғы бабалары – Жошы хан, одан Тоқай-Темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бәдіғұл (Бадик), оның ұлы – атақты Орыс хан. Орыс ханнан – Тоқтақия – Анике-Булад сұлтан – Керей – Бұрындық болып келеді. Екінші нұсқа бойынша, қазақ хандары Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен бастау алады, оның ұлы Сасыбұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Орыс хан болып таралады. Б. х-ның төрт ұлы және бірнеше қызы болған. Оның үш ұлының аты мәлім: Шайқым (Шайхим), Санжаржахан (Санжар-Джахан), Жаханбақты (Джахан-Бахти). Қыздарының ішінде аты белгілері – Дадым ханым, Михрсұлтан ханым. Өмірінің соңында Самарқанда тұрған. Шығыстанушы Т. Сұлтан

новтың пікірінше, Б. х. 1473-74 жылдардан бастап билік жүргізген. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіне қарағанда, Б. х. өз әкесінің тікелей мұрагері еді. 15 ғ-дың 70- жылдарының ортасындағы, яғни әкесі өлген уақыттар шамасындағы оқиғаларды сипаттайтын барша деректерде Б. х. – қазақтардың ұлы ханы. Б. х-ның таққа келу жолы өте күрделі болды. Ол Жәнібек ханның тұсында Қазақ хандығының қалың әскерін бастап, алғаш Әбілхайырдың ұлы Шейх Хайдарға, одан кейін Әбілқайырдың басқа баласы Шах Будақтың ұлы Мұхаммед Шайбаниге қарсы күресте ержүректігімен көзге түседі. Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Өзбек ұлысын басқарып отырған Шейх Хайдарға қарсы Сібірдегі Төмен жұртының билеушісі Ибақ, Қазақ ханы Жәнібек және маңғыт билері Аббас пен Мұса билер бірігіп қарсы шықты. Осы соғыста, яғни Шайх-Хайдарға қарсы Қазақ хандығы тарапынан күресті басқарушы Жәнібек хан болса, ал оны іске асырушы Б. х. болады. Бұл жағдай жөнінде деректерде былай деп баяндалады: «Жәнібек хан адамдары ішінен Б. х. өз ұлысын жиып, Әбілқайыр хан ұлдарына тарпа бас салды. Олардың қарсыласуға күштері келмей, жан-жаққа бытырай қашты. Б. кейін қайтқан соң, олар қайта жиналып бас қосты», – деп баяндайды. Қыпшақ даласындағы хандық билік қазақ сұлтандары қолына көшуіне төзгісі келмеген Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани тоз-тозы шыққан әскерлерінің қалғанымен қазақтардан кек алуға көшеді. Әмір Темірдің мұрагерлерін жағалаған ол солардың көмегімен Сыр бойындағы бірнеше қамалдарды қазақтардан тартып алады, ноғай (маңғыт) мырзаларымен құдаласу арқылы жақындасып, Қыпшақ даласына қайта хан болуға әре-

кеттенеді. Маңғыттардың Мұхаммедті хан көтермек болып жатқанын естіген Б. х. қасына Жәнібектің ұлдары Қасым мен Әдік сұлтандар бастаған 50 000 әскермен маңғыттардың мекеніне шабуыл жасайды. Б. х. Қазақ хандығының жауларымен аяусыз күреседі. Б. х. таққа отырғаннан кейін батысындағы Ноғай ордасымен, оңт-ндегі Сырдың орта бойы үшін Темір әулеті билеушілерімен болған соғыстар нәтижесінде Қазақ хандығының этник. аум. қалыптасты. 1480-1490 жылдардағы Темір әулетіне қарсы соғыстардан соң, Түркістан аймағының солт. өңірі Қазақ хандығының қарамағына қаратылады. Белгілі тарихшы Т. Сұлтанов деректерге сүйене отырып, Б. х. туралы былай дейді: «Бұрындық ханның билігі ең бір мазасыз, талас-тартысты, аумалы-төкпелі кезеңге дөп келген еді. Ол сол қиындықтардың бәріне төзіп, өз әкесі мен оның сенімді серігі Жәнібек ханның өсиетіне адал болды, олар құрған хандықты сақтап, күшейте беру жолында аянып қалмады. Ол іскер де батыл еді. 15 ғ-дың соңғы ширегіндегі хандықтың үлкен-кіші оқиғаларының бәріне тікелей араласып, әскер басында да өзі жүрді, шайқастарда әлденеше рет жараланды. Мұсылман тарихшылары Б. х-ды Дешті қыпшақ билеушілерінің ішіндегі ең белгілісі және құдіретті әмірші», – деп сипаттайды. Б. х. тағында отыз жылдам астам уақыт отырады. Оның билік құрған кезеңінің соңына қарай Жәнібек ханның ұлдары (Қасым, Жәдік сұлтандар) ықпалының күшеюіне байланысты Б. х. өзінің қарсыласы болған Шайбани ханмен одақтасуға мәжбүр болады. Бұл одаққа қарсы тұру үшін Жәнібек ханның ұлдары Моғол билеушісі Сұлтан Махмұд ханмен жақындасады. Екі жақ та одақтасуды туысқандық қатынастармен нығайтады. Б. х. қатарынан үш бірдей аяулы

қызын шайбанилік сұлтандарға тұрмысқа ұзатты. Олардың бірі Мұхаммед Шайбанидің өзіне әйелдікке берілсе, екіншісі – оның інісіне, ал үшіншісі – Мұхаммед Шайбанидің ұлы Темір сұлтанға ұзатылады. Осылайша 15 ғ-дың соңына қарай қазақ қоғамында бір-біріне қарама-қарсы екі топ пайда болады. Қартайған Б. х-ның Шайбани ханның қазақтарға жасаған бірқатар жорықтарына (1506-1510) қарсы шығудан бас тартуы, Жәнібек ханның баласы Қасымның Шайбани әскерлерін талқандауымен қазақ қоғамындағы беделінің артуы Б. х-ды жайсыз жағдайға қалдырды. Ол 1512 ж. Сарайшық қ-нда тұрды. Б. х. Орта Азияда 16 ғ-дың 20-ж. дүние салды. Қызы Михрсұлтан жасатқан «Вакф-наме» атты құжатта ханым «марқұм болған, аса қадірлі хан, Шығыс пен Қытайдың патшасы, атақты хақан Б. х-ның ұрпағы» екені жазылыпты. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабында Б. х. Самарқанға қоныс аударып жат жерде қайтыс болғаны жайлы айтылады. Б. х. өмірінің саналы бөлігі Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы кезеңдерімен тығыз байланысты болды.

 Әдеб.: Атыгаев Н. Хронология правления казахских ханов (XV – XVI в.) // Тюркологический сборник – 2006. – М., 2007. – С. 50-62; Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – А., 1995; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; Пищулина К.П. Казахское ханство в XV в. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней в 5 томах. Т.2. – А., 1997; Ускенбай К. Становление Казахского ханства и политической организации казахов (середина XV – начало XVII в.) // Историко-культурный атлас казахского народа. – А., 2011; Сұлтанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингисхана. – А., 2001; Сұлтанов Т. Қазақ хандығының тарихы. – А., 2003; Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002.

М.Қожа, Л.Динашева

БІЛГЕ ХАН (т.-ө.ж.б.) – Отырарды билеген Хасан ханның үлкен ұлы. Әкесі өлген соң Б. х. Отырар тағына отырды және Отырарды билеген Қарахандық билеушілердің соңғысы болды. 1210 ж. Хорезмшах Мұхаммед Отырар ханы Б. х-ға: «Мен сенің еліңді қарақытайлардан азат етуіңе жәрдем беремін», – деп алдап, әскерін кіргізіп, жергілікті халықты қысымға алады. Б. х. бастаған халық көтеріліске шығады. Бірақ жеңіліп, Хорезмшах Б. х-нды тұтқындап, Нисаға аттандырады. «Насаб-нама» нұсқаларында: «Үргеніш сұлтаны Мұхаммед сұлтан келіп, Білге ханды тұтып, Нисаға әкетіп, сол жерде өлтірді. Қайыр ханды хан қойды. Қайыр ханның нәсілі қаңлы еді», – деп жазылған. «Насаб-намада» жазылған осы деректі парсы тарихшысы Насави да қайталайды.

 Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік. Насап-нама. 166 том. – А., 2014; Кочнев Б.Д. Караханидский чекан Параба // Средневековая культура Казахстана и Средней Азии. – А., 1983; Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002.

З.Жандарбек

«БІРЛІК ТУЫ» газеті –1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айының ортасына дейін Ташкент қ-нда шығып тұрған Түркістан өлкесіндегі алғашқы тәуелсіз қазақ газеті, Түркістан Мұхтарияты Уақытша Үкіметі мен Халық Кеңесінің қазақ тіліндегі баспасөз органы. Ташкент қ-нда 1917 ж. көктемде құрылған қазақ зиялыларының «Кеңес» астыртын үйірмесі газетті шығаруға ұйытқы болды. «Кеңес» үйірмесінің мүшелері К. Төгісовтің редакторлығымен Ташкентте шығып тұрған «Алаш» газетінің негізінде жаңа басылым шығаруды ойластырып, С.Қожановты К.Төгісовпен келіссөз жүргізуге

жіберді. Бірақ К.Төгісов «Алаш», «Бірлік туы» газетінің 1918 ж. 20 ақпанда жарық көрген 22-саны газетінен айырылғысы келмейтіндігін танытқан соң ұйым мүшелері серіктік ашып, «Б. т.» атты жеке газет шығару жөнінде шешім қабылдап, оның шығарушысы етіп С. Өтегеновті белгіледі. Кейіннен үйірме бюросының ұйғарымы бойынша газеттің шығарушысы Қ.Болғанбаев болды. Газетті шығару ісіне М.Шоқай редактор ретінде атсалысты. «Б. т.» аптасына бір рет шығып тұрды.



Бірлік туы газеті

Газеттің жарты жылға жазылу бағасы 5 сом деп белгіленді. 1917 ж. 2-5 тамыз аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі қазақтары съезінің күн тәрібіне «Б. т.» ұйымы туралы арнайы мәселе қойылған, бірақ ол газетке емес, осы аттас саяси

ұйым құруға қатысты еді. Оның алдында Орынборда Алаш партиясының құрылуына байланысты бұл мәселе күн тәртібінен алынып тасталған. Дегенмен съездің «Баспасөз» туралы қаулысында: «Б. т.» барша қазақ халқына ортақ болсын, газетке Түркістан өлкесіндегі қазақтар жәрдем берсін, жәрдемге деп жиналған қаражат уездерде ашылған к-ттер арқылы газет редакциясына жіберілсін, газетті шығаруға заман талабына сай жаңа баспахана ашу қолға алынсын», деген шешім қабылданды. Газет беттерінде Уақытша үкімет тұсында қалыптасқан әлеум.-саяси жағдайдың ерекшеліктерін ашып көсетуге баса мән берілді. 1916 ж. көтерілістен соң орын алған Жетісудағы қазақ-қырғыз босқыншылығы жөнінде бірқатар мақалалар жариялап, қазақтар мен қырғыздардың бұл қасіретіне көпшілік назарын аудартуға күш салды. Осыған орай 1917 ж. 15 тамызда Ташкентте «Бітсін зорлық, жасасын туысқандық», «Бітсін Жетісу қырғыны» деген ұрандармен өткен мұсылмандар демонстрациясы жайлы мақала шығарып, Уақытша үкіметтің Түркістан к-тін Жетісудың жергілікті халқының ауыр жағдайын тез арада шешудің жолын қарастыруға үндеді. Газет жанынан босқыншылыққа түскен және аштыққа ұрынған қазақтар мен қырғыздарға деп көмек ұйымдастыратын, жылу жинайтын к-т ашылды. «Б. т.» газетінде Ақмола, Семей, Торғай және Орал обл-тарындағы орын алған оқиғалар мен түрлі жағдайлар көрініс тапты. Газетте қырғыз қайраткерлері де өз мақалаларын шығарып тұрды. Мыс., газетте қырғыз халқын жаңа саяси жағдайда белсенділік танытуға шақырған Т. Жанұзақов пен Х.Әлімбековтің «Ақ қалпақты қырғызға» атты мақ. жарық көрді. Түркістан өлкесіндегі жергілікті халық

өкілдерінің өткізген іс-шаралары, сондай-ақ өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметі жайында газет беттерінде молынан мәліметтер берілді. «Б. т.» 1917 ж. 26 қарашада Қоқан қ-нда өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының 4-съезі жариялаған Түркістан Мұхтариятының өзбек тіліндегі «Ұлуғ Түркистон», орыс тіліндегі «Голос Туркестана» газеттерімен бірге қазақ тіліндегі баспасөз органы болып бекітілді. Алашорда үкіметі мен Түркістан Мұхтариятының саяси одағын қуаттап «Түркістан шаһарінде Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі» атты мақала жариялады. Кеңестік биліктің Қоқанда қанды қырғын жасап, Түркістан автон-сын құлатуын барынша айыптап, «Тұла бойлары қан сасиды» атты мақалалар жариялады. С.Қожанов «Түркістанда орыс сиездері», «Түркістаннан» атты мақалалар жариялады. «Б.т.» газеті 1917 ж. 24 маусым шыға бастады, алғашқы екі санына М. Шоқай, одан кейінгі он үш санына Х. Болғанбаев, он алтыншы санынан бастап С.Қожанов редакторлық жасады. Барлығы 29 саны жарық көрді. Газет кеңестік биліктің орнығуымен қысымшылыққа түсіп, жабылды. «Б. т.» газетінің төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары кеңестік биліктің қызметіне тартылған соң, онда көтерген идеяларды «Ақ жол» газетінде жалғастырды. Газет Түркістан өлкесіндегі ұлт зиялылары үшін тәуелсіздік жолындағы саяси-идеологиялық күрестің тәжірибе мектебі болды.

Әдеб.: Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917-1922 гг. – Таш.: Издания Комиссии СНК, 1923. С.1-5; «Алаш» қозғалысы. Құраст: Тілешов Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет И. – А.: «Сардар» баспа үйі, 2008. – 324 бет; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж. – А.: «Ел-шежіре», 2007. Т.3. Кн.1. – 304 с.; Тұрсұн Х. Алаш нәм Түркістан. – А.: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. – 400 бет; «Қазақ» газеті. – А., 2004.

Х.Тұрсұн, А.Махаева

ВАЙНБЕРГ Бэлла Ильинична (12.12. 1932 – 8 ақпан 2010, Мәскеу қ.) – кеңестік және Ресей тарихшысы, археолог. Тарих ғыл. докт., ежелгі Хорезм бойынша маман. Оңт. Қазақстан аум-ндағы археол. нысандарды зерттеп, ғыл. айналымға енгізуде еңбегі сіңген ғалым. МГУ-дың тарих ф-тін (1954) бітірген. Археолог С.П. Толстовтың шәкірті. Хорезм археол.-этнogr. экспедициясына қатысты, бірқатар археол. экспедициялардың жетекшісі болды.



Соның ішінде Оңт. Қазақстан археол. ескерткіштерін зерттеуде еңбектері бар. Шардара су қоймасын салу аймағында жүргізілген археол. зерттеулерге ат салысты. 1959 ж. Шардара экспедициясына қатысып, 1959-1963 ж. Сырдың орта ағысындағы Ақтөбе-2 қонысын қазды. Екі қазба кезеңінде қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеулерін жариялады. 1966 ж. Отырар өңірінің солт. бөлігінде Хорезм археол.-этногр. экспедициясының В. пен Б.В. Андрианов басшылық еткен бір отряды барлау-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Көптеген мақала мен жарияланым, монография авторы.

Шығ.: Вайнберг Б.И. Монеты древнего Хорезма. – М., 1977; История и культура Средней Азии в древности (VII в. до н. э. – VIII в. н. э.): Учеб. пособие. Вайнберг Б.И., Ставиский Б.Я. – М., 1994.; Этногеография Турана в древности: VII в. до н. э. – VIII в. н. э. – М., 1999; Калалы-гыр 2: Культурный центр в Древнем Хорезме IV-II вв. до н. э. / Отв. ред. Вайнберг Б.И.; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая; Гос. музей Востока. – М., 2004; Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). – А.-А., 1968.

Д. Мұстапаева

ВЕСЕЛОВСКИЙ Николай Иванович (12.11.1842, Мәскеу қ. – 12.04.1918, Санкт-Петербург қ.) – орыс шығыстанушысы, тарихшы-археолог. Вологда гимназиясын (1867) бітіріп, 1869-1873 ж. Санкт-Петербург ун-тінің шығыс тілдері ф-тінің араб-парсы-түрік-татар тілдері бөлімінде оқыды. 1877 ж. «Хиуа хандығы туралы тарихи-геогр. очерк» атты диссертация қорғап, Шығыс тарихының магистрі ғыл. атағына ие болды. 1878 ж. Санкт-Петербург ун-тінің шығыс тілдер ф-тінің проф., Санкт-Петербург ҒА-ның корр. мүшесі (1914), Ресей ҒА корр. мүшесі (1917),

Орыс археол. қоғамының мүшесі. Ол 1884 жылдың күзінде Орта Азияға саяхат жасап, орта және төм, Сырдария аум-ндағы бір топ археол. және сәулет өнер ескерткіштерін, тарихи орындарды зерттеді.



«Қазалыдан Ташкентке баратын жол бойындағы көне қала қирандыларының сипаттамасы» атты қолжазбасында Жанкент, Сығанақ және қазіргі Түркістан обл. аум-ндағы Сауран, Міртөбе, Түркістан, Отырар, Сайрам қ. орындарын және археол. ескерткіштерін, Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін және басқа да тарихи орындарды сипаттап жазды. Бір топ қалажұрт орындарында археол. қазба жұмыстар жүргізді. Ол тарихи орындар туралы халық арасында тараған аңыз-әңгімелерді жазып алды. 1897 ж. В. Түркістан қ-на Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен ондағы сақталып келген металл бұйымдарды құжаттау үшін ұйымдастырылған арнайы императорлық археол. комиссияның экспедициясын басқарды. Экспедиция материалдары Мемл. Эрмитаждың Шығыс бөлімінің мұрағат бөлімінде сақтаулы. Ол 1904 ж. Ш. Уәлихановтың алғашқы шығармалыр жинағын кітап етіп шығаруды ұсынған және сол кітаптың редакторы болған.

Шығ.: Веселовский Н.И. Экспедиция в Туркестан для снятия планов и зарисовок в красках местной мечети // Известия Русского к-та для изучения Средней и Восточной Азии в историческом, археологическом, лингвистическом и этнографическом отношении. – СПб., 1906. Вып.6.; Веселовский Н.И. О древностях Южного Казахстана. Veselovskiy on Antiquities of South Kazakhstan // Вестник Международного ин-та центральноазиатских исследований ЮНЕСКО. – Самарканд, 2008. № 8.

Әдеб.: Бартольд В.В. Николай Иванович Веселовский. Некролог. Соч.: в 9-ти томах. – М., 1977. – Т. 9; Лунин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. – Таш., 1958; Қожа М. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: «Тұран», 2006; Қожа М. Шығыстанушы Н.И. Веселовскийдің Оңтүстік Қазақстан ескерткіштері жөнінде жазбалары // Ясауи әлемі, – 2012, № 3-4.

М.Қожа

ВИННИК Дмитрий Федорович (1927 ж. Қырғызстан, Талас обл. Қызыл-Адыр а. – 10.07.2007 ж. Бішкек қ.) – Қырғызстан тарих ғылымының, археологиясының ілгері дамуына, зерттелуіне ерекше еңбек етіп, үлес қосқан ғалым-археолог.



Өз ғұмырын археол. қазба жұмыстарына арнаған ғалым, археологтардың жаңа толқынын тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Қырғызстанның барлық аймақтарын-

да археол. зерттеулер жүргізіп, Тас-Рабат, Ыстықкөл, Өзген мұнарасын, Бурандағы археол. зерттеулерді жүргізген. Барлық саналы ғұмырын Қырғыз археологиясына арнаған. В. алғашқы еңбек жолын 1950 ж. Қырғыз мемл. үн-тінің тарих ф-тінде студенттерге дәріс беруден бастаған. Орта Азиядағы су асты археологиясының негізін салған археолог. В. Ыстықкөлді зерттеуде еңбегі зор. 1959 ж. В. Ыстықкөлдің су асты ескерткіштерін жоспарлы зерттеуге кірісті. 1960 ж. Ыстықкөлде, Чолпан атаның жартастағы суреттерін, Қажы-сай қалашығын зерттеді. В. Ыстықкөлдің тарихын және мәдениетін зерттеуді, сақтауды, оны ғыл. зерттеуде, оқу процесінде қолдануды қолдаған ғалым. Су асты археологиясының негізін салушы проф. В.Д. Блаватскийден тағылымдамадан өткен В. 1959 ж. Ыстықкөлді зерттеген су асты археол. отрядын басқарды. 1997-2006 ж. аралығында Түркістанда, Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік үн-тінің Археология ғыл.-зертт. орт-нда ғыл. жұмыстармен айналысты. Түркістан аум., Қаратаудағы археол. нысаналарға археол. барлау жүргізіп, қазба жұмыстарына қатысты. Түркістан аум-ндағы ортағасырлық қалаларды қазу, зерттеу жұмыстарына, профессор М. Елеуов басқарған Тұран археол. экспедициясына, ғыл.-зертт. жұмыстарына белсене қатысты. Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік үн-ті тарих ф-тінің студенттеріне дәріс оқып, семинар жүргізді. В. болашақ археолог, тарихшылардың, жастардың маман ретінде қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Ортағасырлық Қарашық, Сығанақ т.б. қалашықтарды зерттеген археол. зерттеулерге қатысты. «Қырғызстан археологиясы туралы тарихи очерктің», жүздеген ғыл. мақалалардың авторы.

Шығ.: К историко-топографическому изучению урочища Кой-Сары // Известия АН КирССР, 1969; Второй Каракольский клад Киргизии (в соавт. Кузьминой) // Археология Сибири, Средней Азии и Кавказа. КСИА. вып. 167. – М., 1981; Пятьдесят лет советской археологии и Киргизии // СА. №4. 1967; Работы в Узгенском оазисе // АО, 1969; Археологическая карта Тонской долины // Археологические памятники Прииссыккуля. – Фрунзе. 1975; Катакомбные могильники в местности Ничке / (соавт. Кубатбеков М.). – Фрунзе, 1977.

Әдеб.: Белгилүү археолог Дмитрий Винник сөөгү жерге берилди // <http://www.azattyk.org/a/11-июль, 2007>; Василий Плоских. История и проблемы исследования затонувших памятников Иссык-Куля // http://kghistory.akipress.org/unews/up_post:1436; Зюков Б. Под волнами Иссык-Куля. – М., 1962.

Д. Мұстапаева

ВИТСЕН Николаас Корнелий (1641-1717) – голланд саяхатшысы, Амстердам бургомистрі. 1664 ж. Нидерланд елшілігімен бірге Мәскеуге келді. 4 ай Ресейдің шығыс аудандарын аралады. Осы уақыттан бастап ол Мәскеудің шеткері аймақтары жөнінде түрлі мәліметтер жинай бастады. 1692 ж. «Солтүстік және Шығыс Татария» атты еңбек жазып шықты. Оның бұл еңбегінде Қазақстанның климаты мен тарихына қатысты мағлұматтар берілген. Кітапта Тәуке ханның астанасы болған Түркістан қ-ның сипаттамасы беріледі. Еуропалық әдебиетте алғаш рет Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы ақпар бар. Қазақ хандығының астанасын төмендегідей суреттейді: «... қазақ жерінде отыз екі қалашық бар және олардың ішінде ең

атақтысы Түркістан қ.. ... Бұл қалада бір ғимарат бар және оның аты «астана» ... оның қабырғалары әртүрлі бояулармен әшекейленген, кейбір бөліктеріне алтын жалатылған, ғимараттың үстінгі жағында екі мұнара бар. Бұл астананың ішінде жүзден аса бөлме бар. Бір бөлмесінде биікт. адам бойындай қазан бар. Қазанның тоғыз құлағы нақышталған ... Астанада Әзіретқожа атты әулие кісінің моласы бар». В-ның мәлімдеуінше, қазақтарға бағынышты қала саны 32-ге жеткен. Автор Тәуке кезінде қалаларды басқарған төмендегі сұлтандарды көрсетеді: «Созақ қ-н «Абла-сұлтан» –Абылай сұлтан (болашақ Абылай ханның атасы), Сауран қ-н «Қаз-сұлтан» (болашақ Әбілқайыр ханның әкесі Кажы), Сырнак қ-н (Сығанақ болса керек) Есім сұлтан (Қаип-сұлтанның әкесі), Иканды «Булат-сұлтан» (Әбілмамбет ханның әкесі), Отровты (Отырар қ. болса керек) Тұрсон хан, Сайрам қ-н Қарабас-сұлтан билеген».

Шығ.: Noord en Oost Tatarie, Amsterdam, 1692, 1705, 1785; Витсен Н.С. Северная и Восточная Тартария // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.6. – А., 2006.

Әдеб.: Есмағамбетов К. Көне Қазақстанды көргендер. – А., 1979.

М. Қожа

ГАУҢАРА АНА – Қожа Ахмет Ясауидің екі перзентінің бірі. «Насаб-нама» деректерінде Гауһар хуштаж деп аталады. «Насаб-нама» нұсқаларында Гауһар хуштаждың тұрмыс құруы туралы екі түрлі дерек



Гауһар ана кесенесі

бар. Бірі – Садр шайхтың немересі әл-Қожа Ата. Екіншісі – Сүлеймен Уәлиге бергендігі туралы дерек. Бұл екі деректің қайсысы дұрыс екендігін қазір анықтау мүмкін емес. Әл-Қожа Атаның қабірі, үстіне орнатылған кесенесі бар. Ұрпақтары белгілі. Түркістанда, Түркістанның айналасында тұрады. Атақты Бәйдібек Атаның кіші әйелі Домалақ Ана – Нұрилә осы Г. А-ның ұрпақтарынан деген аңыз бар. Г. А-ның бейіті Түркістанның оңт. бөлігінде орналасқан.

Әдеб.: Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А. -Берн-Таш.-Блумингтон, 2008; Оңтүстік қазынасы. 56-том. Насап-нама. Үшінші кітап. – А., 2013; Жандарбек З. Насап-нама нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002.

З.Жандарбек

ГОРДЛЕВСКИЙ Владимир Александрович (25.09.1876, Финляндия, Свеаборг – 1956, Мәскеу қ.) — Кеңестік шығыстанушы, түркітанушы, түрік тілі, әдебиеті, фольклоры және Түркия тарихының маманы. Филол. ғыл. докт, проф., КСРО. ҒА акад. Гельсингфорстегі гимназияны күміс медальмен (1895), Шығыс тілдерінің Лазарев ин-тын (1899), Мәскеу үн-тінің тарих-филология ф-тін (1904) бітірген. 1904-07 ж. Лазарев ин-тында проф. атағын алу

үшін Стамбулда түрік және араб тілдері бойынша тәжірибеден өтті. Сирияда болып, Францияда Коллеж де Франстың дәрістерін тыңдады. 1921-25 ж. қоғамдық ғылымдар ф-тінің жалпы және салыстырмалы тілтану кафедрасының проф. болды. 1925-29 ж. этнология ф-тінің түркі тілдер кафедрасының проф. қызметін атқарды. 1921-25 ж. қоғамдық ғылымдар ф-тінің жанындағы Тілтану және әдебиет тарихы ҒЗИ мүшесі болды.



1908-18 ж. аралығында Лазарев ин-тында (кейін Мәскеу Шығыстану ин-ты) түрік тілі және әдебиеті тарихынан дәріс оқыды. Сонымен бірге Г. саяхат кезінде жинаған этногр. материалдарын зерттеп, өңдеді. Орыс әдебиеті туындыларын түрік тіліне аударды. Бірінші дүниежүз. соғыс кезінде тілші және әскери аудармашы ретінде Кавказ майданында болды. Г. селжұқтар тарихына қатысты көптеген қолжазба құжаттарды сақтап қалды. 1917 жылғы сәуір–желтоқсан айларында Орынбор оқу окр-н басқарды. 1919-33 ж. В.И. Ленин атынд. Мемл. кітапхананың шығыс бөлімінің меңгерушісі болды. 1921-31 ж. М.В. Фрунзе атынд. Әскери академияның шығыс ф-тінде дәріс


берді. Зерттеулеріне қарағанда, Г. 1929 ж. қыс мерзімінде Түркістанда болған. 20 ғ-дың бірінші ширегіне дейін қылуетке мыңдаған (жиырма мыңға дейін) зияратшылар жиналғаны туралы баяндайды. Зияратшылар үшін жасалған орындар, бөлмелер, атқора, қонақ үйлер, жер асты бөлмесі «Ғар» туралы деректер береді. Еңбегінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанындағы Қылуеттегі, Ғардағы рәсімнің өтуі туралы айтады. Г. 1929 ж. КСРО ҒА-ның корр.-мүшесі, 1934 ж. әдебиеттану докт. дәрежесін алды. 1946 жылдан акад. болды. 1938-56 ж. КСРО ҒА Шығыстану ин-тының Таяу және Орта Шығыс елдері тілі мен әдебиеті бөлімінің аға ғыл. қызметкері, меңгерушісі қызметін атқарды. 300 ғыл. зерттеу еңбектің авторы.

Әдеб.: Гордлевский В.А. Избранные сочинения. Т-3. История и культура. – М., 1962; Академику В.А. Гордлевскому к его 75-летию. – М., 1953; Бертельс Е.Э. В.А. Гордлевский // Краткие сообщения Ин-та востоковедения. № 22. – М., 1956; Гордлевский Владимир Александрович // Большая советская энциклопедия. – М., 1969, 1978.

Д. Мұстапаева

ГРИЩЕНКО Александр Николаевич (01.07.1948 ж.т., Шымкент қ.) – археолог. Шымкент пед. ин-тының тарих ф-тін (1975) бітірген. Оқу орнын бітіргеннен қазіргі уақытқа дейін негізгі қызметі Оңт. Қазақстан обл-ның тарихи-мәдени мұрасын қорғау болды. Ол Оңт. Қазақстан обл. ескерткіштерді қорғау қоғамында, обл. тарихи-өлкетану мұражайында және обл. әкімш-тің мәдениет басқармасында қызмет істеді. 1984 жылдан Оңт. Қазақстан археологиясының ескерткіштерін белсенді түрде зерттей бастады. Оңт. Қазақстан обл. тарихи-өлкетану мұражайының археол. экспедицияларына қатысып,

Жуантөбе қалашығын зерттеді. Жүзімдік, Жуантөбе, Шымкент қ-лары, Боралдай және Бөріжар қорымы, Мазараттөбе қалашығы, Қаратау жотасының жартастағы өнер ескерткіштері және т.б. ғалымның қызығушылығын туғызып қана қойған жоқ, бірқатар еңбектеріне арқау болды.



А.Н. Грищенко «Мәдени мұра» аймақтық бағдарламасын жүзеге асыруға тікелей атсалысты. Бірнеше жылдар бойы Г. ОҚКАЭ-ның далалық зерттеу жұмыстарына қатысып, Отырартөбе, Құйрықтөбе және Мардан-Күйік қалашықтарына қазба жұмыстарын жүргізді.

Шығ: Грищенко А.Н. Раскопки городища Жуантөбе // Новости археологии. МКТУ им. К.А. Ясауи. Научно-Исследовательский центр археологии этнологии. – Туркестан. 1997. № 1. – С. 84-88 (в соавторстве); Грищенко А.Н. Археологические исследования Южно-Казахстанской комплексной Археологической экспедиции // Известия МОН-АН РК. – 1999. № 1. – С. 8-17 (в соавторстве).

М. Амантуров

ГРОДЕКОВ Николай Иванович (1843 -12.12.1913 Ресей, Санкт-Петербург қ.) – Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын зертте-

ген Патшалық империяның қызметкері. Александров кадет корпусында білім алған, кейін Константинов әскери учщесін, Николаев академиясын үздік бітірген. 1873 жылға дейін Кавказда әскери қызметте болған. 1873 ж. Хиуа жорығына қатысады.



1879 ж. ген. К.П. Кауфман басқарған экспед. корпус штабының құрамында болып, Ауғанстанның солт. мен Иранның шығыс аудандарына барлаушылық мақсатта сапар шеккен. 1883-1908 ж. Орта Азияда әскери әкімш. қызмет атқарды. Сырдария обл-ның әскери губернаторы (02.06.1883-12.06.1892), Түркістан әскери окр-нің қолбасшысы (1903-08), 1902 ж. Ресей мемл. Кеңесіне мүше болды. Г. отарлық саясаттың тізгінін ұстаса да, қазақ және Орта Азия халықтарының өмірін зерделеген тамаша еңбек қалдырды. Оның «Сырдария облысының қырғыздары мен қара қырғыздары» атты еңбегінде әдеттік құқық мәселелеріне байланысты материалдармен қатар, этногр. мәліметтер, тарихи аңыздар, батырлық дастандар жинақталған. Түркістанда болған сапары кезінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттеп, маңызды деректер жинады. Г. Орта Азия

халықтарының байырғы әскери өнері, этнографиясы мен мұсылмандық құқық заңдарын зерделеу арқылы жергілікті халықты басқарудың жүйесін негіздеді.

Әдеб.: Статистический сведения Сырдаринской области. 1870-1913 г.г. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Том первый. Юридический бытъ. – Таш., Типография С.И. Лехтина, 1889.

М.Миразов

ГРОШЕВ Виктор Андреевич (10.09.1940, Қарағанды обл. Балқаш қ. -2006) – ғалым, археолог, тарих ғыл. докт. (1997). Оңт. Қазақстан және Жетісу аум-нда б.з.б. 5 ғ-дан бастап 18 ғ. аралығында суару және суармалы егін ш-ның пайда болуы мен дамуы мәселесі бойынша маман. С.М.Киров атынд. Қазақ мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1970) бітірген. Ғыл. еңбек жолын 1970 ж. Ш.Ш. Уәлиханов атынд. Тарих, археология және этнография ин-тында кіші ғыл. қызметкер ретінде бастаған. Ұзақ жылдар Ә.Марғұлан атынд. Археология ин-тында бас ғыл. қызметкер болды.



1971 ж. К.А.Ақышев, Л.Б.Ерзакович, К.М.Байпаков, Б.Н.Нұрмұханбетов, С.М.Ахинжанов, В.А.Грошев, А.К.Ақышев, Е.А.Смағұлов, С.Жолдасбаев, Э.Ф.Кузне-

цова, Т.М.Тепловодская, Р.З.Бурнашева, Ю.А.Мотовтардың қатысуымен Оңт. Қазақстанда кешенді археол. экспедициясының жұмысы жалғасып, Қаратаудың аңғары мен тау бөктері және Отырар, Қуыртөбе, Көк-Мардан учаскелерінде ұзақ мерзімді ірі қазба жұмыстары басталады. Г. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының иррагац. отрядтың жетекшісі (1973-90) қызметін атқарды. «Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ежелгі және ортағасырлық ирригациясы» тақырыбының басты орындаушысы болды. 1973-93 ж. Оңт. Қазақстан мен Жетісуда б.з.б. 5 ғ. мен б.з. 18 ғ. аралығында суландыру және суармалы егістіктің қалыптасуы мен дамуын зерттеді. Қола және ерте темір дәуіріндегі жасанды суару мәселелерін көтерді. Отырар мен оның төңірегіндегі ортағасырлық қоныстар мен қалаларды сумен қамтамасыз ету, құлақарық ғимараттары (үлестіргіш каналдар, су қоймалары, құбырлар, бөгетшелер, т.б.) мен жер суландыру техникасының (шығыр, т.б.) ерекшеліктерін анықтаумен айналысты. Ежелгі Отырардың агроирригац. жоспарын анықтаған. Отырар алқабындағы Теміарарық, Ақарық, Алтынарық, Саңғыларық, т.б. магистральды каналдардың жоспарын түсіріп, пайдаланылған уақыттарын белгілеп берді. 1997 жылғы 22 желтоқсанында Оңт. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы ирригациясы бойынша жүйеленген материалы ғыл. айналымға енгізілген «Оңтүстік Қазақстан мен Жеті-

суда ежелгі және орта ғасырларда б.з.б. 5 ғ. 18 ғ. аралығындағы ирригация (суармалы егін ш-ның пайда болуы мен дамуы тарихымен байланысы)» тақырыбындағы докт. диссертациясын қорғады. Г-ның көне егіншілік пен қалалардың дамуына жер суландырудың тигізген әсерін саралаған 80-дей ғыл. еңбектері жарық көрген. Оның ізденістерінде Қазақстан аум-ндағы байырғы отырықшылық мәдениеттің түрлі мәселелері басты тақырып ретінде зерттеледі.

Шығ.: Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық ирригациясы. – А., 1985; Оңтүстік Қазақстанның көне суару жерлерін археол. зерттеу. – А.-А., 1986; Оңтүстік Қазақстанның ежелгі суару жерлерінің тарихи динамикасы. – А., 1991; Оңтүстік Қазақстанның су ресурстары мен археол. ескерткіштерінің тарихи динамикасы. – А., 1992.

М.Тастанбеков

ДАСТАНОВ Орынбай (1924-2003) – ақын, прозаик, драматург, Қазақстанға еңб. сің. мәдениет қайраткері. Еңбек жолын 1940 ж. Қызылқұм аудандық тұтынушылар одағында хатшы болып бастады. 1943-47 ж. Шәуілдір, Түркістан ауд. комсомол к-ттерінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Комсомол жарнасына самолет жасатқаны үшін И.В.Сталиннен құттықтау жедел хатын алған. 1947-58 ж. Шаян ауд. тұтынушылар одағының директоры, «Ачполиметалл» комбинаты сауда мекемесінің бастығы болып еңбек етті. Д. 1958 жылдан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі ортағасырлық

ғ-да өмір сүрген) «Әл-Әуамил әл-майа» атты еңбегіне жазылған түсіндірмеде аты аталады. Ғалымның еңбегі «Джами' әл-қауаид» фи шарх әлә «Ауамил әл-майа» («Жүз демеулік шылау арқылы меңгеру») деп аталады. Араб тілі грамматикасына орай жазылған еңбекке түсіндірме жазу тіл маманына ғана оңай болса керек-ті. Бұл ретте ғалым араб тілін жақсы білген деуге болады. Жалпы алғанда, әл-Джуржанидің аталған еңбегіне жазылған түсіндірмелер көп. Олардың дені Ресей ҒА Шығыстану ин-тының қорында сақтаулы. Ал Д. Т. түсіндірмесі солардың бірі болып саналады.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров

ДИВАЕВ ӘУБӘКІР АХМЕТЖАНҰЛЫ (3.12.1855, Орынбор қ. – 5.2.1932, Ташкент қ.) – этнограф-ғалым, лингвист-түрколог, фольклортанушы.



Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін (1876) бітіреді. Д. өзбек, парсы, қазақ тілдерін меңгерген. Ташкенттегі Әскери-халық басқармасында аудармашы болып, кейін Сырдария

әскери губернаторы жанында жұмыс істеген. 1883 жылдан фольк. және этногр. материалдар жинай бастайды. Түркістан өлкесінің барлық уездеріне барып қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақтардың, т.б. тұрмыс-салтын, дәстүр-рәсімдерін зерттеді, ауыз әдебиетін жинақтады. Тұрақты түрде «Туркестанские ведомости» газетіне ғыл.-зертт. мақалаларын жариялап отырды. Түркістан археология әуесқойларының және Орыс Геогр. қоғамының мүшесі болды. 1917 жылға дейін Д. 100-ден аса тарихи-этногр. жұмыстарды жариялайды. Д. басқа ғалымдармен бірге 4000-дай қазақ халқының мақал-мәтелдерін жинады. 1895 ж. қараша айында ғалым Қожа Ахмет Ясауи ғимаратынд. жазулардың көшірмесін, олардың түсініктемесі мен ғимараттағы дүние-мүліктер жайындағы деректерді, «Қожа Ахмет Ясауи мөрі» деп аталған мөрдің қағазға түсірілген баспасын Қазан Императорлық унтінің қасындағы Археология, тарих және этнография қоғамына, ғалым А.Н.Ахмеровке жіберді. Зерттеу нәтижесінде 1896 ж. «Надписи мечети Ахмеда Ясеви» атты мақала жарияланды. 1895 ж. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, жазуларды зерттеуде өзіндік ғыл. үлесін қосты. 14 ғ-дың екінші жартысында жазылған Әзірет Сұлтан кесенесіне Әмір Темірдің берген уақыптық грамотасын парсы тілінен аударып, сол кездегі ғыл. басылымдарда жариялады. Д. 1896 ж. 22 қаңтарда Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесіне мүше болып қабылданды. Д. «Шора батыр», «Бекет батыр», «Алпамыс батыр», «Кобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Айман-Шолпан» жырларын, көптеген ертегілер, шешендік сөздерді жинап, олардың кейбіреуін орыс тіліне аударды. 1918 ж. Ташкенттегі Орта Азия ун-тінің негізін салушылар-

дың бірі Д. осы ун-те проф. болып жұмыс істеп, көптеген түркітанушы ғалымдарды дайындады. 1920-32 ж. Түркістан Автоном. Республикасы Қырғыз (Қазақ) Халық Ағарту комиссариатының ғыл. комиссиясының мүшесі ретінде Сырдария және Жетісу обл-тарын зерттеген экспедициялардың ұйымдастырушысы болды. 1922 ж. Түркістанның қазақ-қырғыз білім комиссиясы Д. баспаға дайындаған жеті эпосты – «Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Бекет батыр», «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Алпамыс батыр» және «Мырза Едіге» жырларын жариялады. 1958 ж. Қазақ ССР ғылым академиясының М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты Д. жинаған материалдардан жинақ құрастырып шығарды. Қорқыт ата бейіті су басып, жоғалып кету алдында тұрғанын айтып, жергілікті әкімш-тен адамзат мәдениеті тарихындағы қымбат ескерткішті қорғауға алуға ықпал етті. Д. аты Қазақстан қалалары – Астана, Алматы, Шымкент, Түркістандағы көшелерге берілген.

Шығ.: Киргизская былина о Бикет-батыре. – 1897; Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. вып. I. Отд. I. – 1891; Исчисление времени года по киргизскому стилю с обозначением народных примет // Туркестанские ведомости. № 5. – 1892; Призыв ветра. Киргизское поверье // Туркестанские ведомости. № 41. – 1892; Этнографические материалы // Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. вып. II. – 1892; Киргизский рассказ о звёздах // ИОАИЭ. Т. XIV. вып.3. 1897; Киргизский сал // Туркестанские ведомости. № 222. – 1916.; Шура, сын Нарик батыра // Туркестанское слово. № 54, 55. – 1917; Диваев А.А. Жалованная грамота, данная Тимуром Туркестанской мечети Азрета Ясави / перевод с персидского/. –Туркестанские ведомости, N39 и 41, – 1901.

Әдеб.: Тұрысбек Р. Әбубәкір Диваев және Орхон мұрасы // Ана тілі. сәуір, 2017.; Смирнов

Н.С. Диваев А.А. – фольклорист // «Вестник АН КазССР», N1. – 1957; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.

Д.Мұстапаева

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» – Қожа Ахмет Ясауидің бізге дейін жеткен басты шығармасы. Ясауидің «Д. Х-ті» жазғандағы мақсаты – адам рухын жетілдіру. «Д. Х-тің» бірінші шумағында-ақ «Екінші дәптер сөзін аштым, міне» деп ашық айтады. «Екінші дәптердің» негізгі мағынасы – рух, рухани әлем. Ясауи өзінің шығармасы арқылы Ислам әлемінің рухани тұрғыдан қайта түлеуіне мүмкіндік берді. «Д. Х-те» барлығы 4000 хикмет жазылғанын айтады. Қазіргі бізге белгілісі, жарияланып жүргені 150 хикмет шамасында. Тәуелсіздіктен кейін жасалған ізденістер нәтижесінде тағы да біраз «Д. Х.» қолжазбалары табылды. Өзбекстанның қолжазба қорларынан 175 «Д. Х.» қолжазбасының бары анықталып, ол «Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің қолжазба каталогы» деген атпен жарияланды.



Бұл қолжазбалардың біразы өзге шығармалармен бірге тігілген. Олардың ішіндегі ең көне қолжазба 1718 жылдың 18 мамырында көшірілген. Қазіргі

таңдағы белгілі ең көне қолжазба Ахмад Махмұд Хазинидің 1593/94 жазылған «Жавахиру-л Абрар мин амуажи бихар» атты шығармасында келтірілген «Д. Х.» болып табылады. Бірақ бұларды әлі толық деп айтуға келмейді. Қазақстанның қолжазба қорлары мен мұражай қорларында «Д. Х.-тің» қазіргі күні 30-дан аса қолжазбасы бар. Бірақ оларға әлі күнге дейін кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілген емес. Тәуелсіздіктен кейін елімізде де, өзге туысқан түркі республикаларында да «Д. Х.» бірнеше рет жарияланды.

Әдеб.: Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ. – А., 1998; Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – Тегеран, 2000; Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Ясауидің ақындық әлемі. – А., 2007; Хасан Н. Ахмад Махмұд Хазини. – Тош., 2001.; Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің қолжазба каталогы. – Түркістан, 2006.

3. Жандарбек

ДОБРОСМЫСЛОВ Александр Иванович (1854 – 1915) – қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеуші. Орыс геогр. қоғамы Орынбор бөлімшесінің және ғыл. архив комиссиясының мүшесі. Д. семинарияны, малдәрігерлік ин-тын бітірген. 1888-1901 ж. Орынборда, Торғай обл-нда мал дәрігері болып қызмет істеген. Қазақ ауылдарын аралап, қазақ халқының сан қырлы ш. өмірімен, әдет-ғұрпымен танысқан. Торғай обл-нда жергілікті мерзімді басылымдармен бірлесіп жұмыс істейді («Орынбор аум.», «Торғай аймақтық бюллетені», «Торғай газеті», «Орынбор епархиясы бюллетені»). Жарияланған мақалаларында қазақтың тарихы туралы ақпарат қамтылған. «Торғай облысындағы халықтың қоныстануы туралы» (1893), «Торғай облысы қырғыздарының XVIII-XIX ғасырлардағы

сот құрылысы» (Қазан, 1904), т.б. қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты еңбектер жазған. Кейін Орынборда тұрып, жергілікті губ. мұрағат қорын зерттеді. Нақты құжаттар негізінде 18 ғ-дың 1-жартысындағы Орынбор өлкесі тарихына қатысты құнды құжаттар жинаған («Ресей тарихы туралы материалдар», 1, 2-т, 1900) және 18-19 ғ-лардағы Батыс Қазақстан тарихы жөнінде «Торғай облысы» (1–3-т., 1900-02) аталатын 3 томдық ғыл. еңбегі жарық көрді. 1895 жылдан Орынбор ғыл. мұрағат комиссиясының мүшесі. 1899-1900 ж. «Торғай аймақтық бюллетені» газетінің редакторы. Империялық орыс геогр. қоғамының Орынбор бөлімшесінің қызметтеріне қатысты. Орынбордың тарихы мен географиясы бойынша бірқатар жұмыстар жариялады. Торғай обл. мұрағатын пайдаланып, 1734-36 Орынбор экспедициясының қызметі туралы деректері енгізілген «Ресей тарихы туралы материалдарды» (2 томдық) құрастырды. Башқұрт көтерілісіне арналған «1735, 1736 және 1737 ж. Башқұрт көтерілісі» еңбегінің авторы. «Торғай облысы» еңбегінің тарих бөлімінде Кіші жүз қазақтарының Ресей құрамына қосылуы туралы жазылады. Д. өмірінің соңғы жылдары Түркістан өңірін, соның ішінде Қазақстанның оңт. қалаларын зерттеп, сол өлкенің тарихына «Ташкенттің бұрынғы және қазіргі тарихы» (1912), «Сырдария облысының қалалары (Қазалы, Перовск, Түркістан, Әулиеата, Шымкент)» (1912) атты еңбектерін арнады. Д. Сырдария обл-ның қалалары туралы жазған моногр. еңбегінде Түркістанға байланысты өзіне дейінгі әдебиеттерді топтап, шолу жасайды. Д-тың жұмысы Түркістан қ-ның революцияға дейінгі кезеңдегі тарихы жайлы толыққанды мәлімет беретін алғашқы моногр. зерттеу


болып табылады. Түркістан қ-ның әлеум.-экон. және саяси-мәдени өміріндегі ерекшеліктерді алғаш рет біршама толық күйінде баяндады. Зерттеуші, әсіресе, Ахмет Ясауидің түркітөкес халықтар ішінде жергілікті қазақтар арасында ерекше құрметтелетін себебін «Қазақтардың Әзірет Сұлтанدى қандас туысымыз» деп санайтындығымен байланыстырады.

Шығ.: Города Сыр-Дарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент / Добросмыслов А.И. – Таш.: «Эл. пар. типо-лит. О.А. Порцева», 1912. – 204 стр.; Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX веках. – Казань: «Типо-литография Императорского Казанского Ун-та», 1904; Ташкент в прошлом и настоящем – Ташкент: «Электро-паровая типо-литография О.А. Порцева», 1912; Этнографические очерки. – Туркестанские ведомости. 1909. № 258 // Туркестанский сб. – 1909, Т. 520. – С. 158-160.

Әдеб.: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. III том. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2001. – 720 бет; Оренбургская биографическая энциклопедия / [авт. проекта и гл. ред.-сост. Л. Н. Большаков]. – Оренбург: «Оренбург. кн. изд-во»; – М.: «Рус. кн.», 2000. – 335 стр.

М.Тастанбеков

ДОМАЛАҚ АНА (НҰРИЛА) – 14 ғ-дың тарихи тұлғасы, есімі ел ұранына айналған әулие аналардың бірі, түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Халықтық шежіреде әкесінің есімі – Әли Сылан, анасының есімі Нұрбике болған делінеді. Әке мен анадан ерте айырылған ол ата тәрбиесін көріп өседі. Түркістан өңіріне танымал Мақтым Ағзам иманды, адамгершілігі мол жан болған екен. Ол немересінің бойындағы ерекше қасиетті ерте танып, өзі үйден оқытып, ислам құндылықтарынан үзбей ілім үйретеді. Атасы Мақтым Ағзамның өсиетімен он тоғыз жасында Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Бәйдібек би Түркістандағы Қожа



Домалақ ана кесенесі

Ахмет Ясауи мазарына жиі келіп жүргенде, оған бір көріпкелдігі бар кісі: «Осында төңірегі нұрланып, жарық шашып тұратын бір қыз бар, тегін ару емес. Кие мен құт дарыған сол қызды асыл жар қылып, некелеп алыңыз», – деп ақыл берген көрінеді. Д. А. ел аузында жаудан тоғыз ұлы опат болып, құсадан күйген Бәйдібек бабаның тұқымын өрбіткен алтын құрсақты ана атанды. Рубасылық ататек пен анатек туралы ел аузынан жазылған, ұрпақтары сақтаған дереккөздерін этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбек шежірелік аңыздар арқылы баяндайды. Онда қыдыр дарып, бақ қонған Нұрила қызға бірде түсінде әулиелердің бірі аян беріп: «Кімде-кім алғаш білегіңнен қос қолдап ұстаса, тағдыр қосқан жарың сол болады», – депті. Д. А-ның даналығы, әулиелігі, тапқырлығы жайындағы әңгімелер ел

арасына кең тараған. Бәйдібек би сыртта жорықтарда жүргенде, Д. А. ел-жұрт арасындағы даулы мәселелерге араласып, бітімгершілікпен шешімін табуға өз үлесін қосып отырған. Атақты ғалым Шоқан Уәлиханов: «Жорықшы, ол екінші әйелінен туған, Қырғызша әулие, киелі болған. Жорықшының (Жарықшақ) үш ұлынан: біріншісі Албаннан – албандар, екіншісі Дулаттан – дулаттар және Суаннан – суандар тараған», – деп Д. А-ның әулие, киелі жан болғандығын атап өтеді. Д. А-ның өмірінің соңғы жылдары Ташкент өңірінде өтеді. Алайда ері Бәйдібектің түсінде берген аяны бойынша, өздерінің ескі қонысы Қаратауға келіп орнығады. Д. А. Балабөген өз-нің жағасында көз жұмған деседі. Өзінің тілегі бойынша Д. А. сол жазыққа жерленеді. Ұрпақтары Бұхарадан ұсталар алдырып, Д. А-ның басына төрт қанатты, төбесі күмбезбен көмкерілген кесене тұрғызады.

Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік. 4 – кітап, 26-том. – А., 2012; Дүйсенбаев Д. Домалақ ана. – А., 1991; Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. 1 – том. – А., 2010.

М.Миразов

ДОМАЛАҚ АНА КЕСЕНЕСІ – киелі орын. Түркістан обл. Бәйдібек ауд-нда Қаратаудың күнгеі бетінде, Балабөген өз-нің аңғарында орналасқан. Қазақ халқының абыз аналарының бірі, халық арасында Д. а. атанған Нұрилла Әли Салынқызы зиратының басына тұрғызылған. Д. А. к. 1456 ж. күмбездері бар 4 қабырғалық мазар түрінде салынған. Д. А. к. бірнеше рет жаңартылған, қазіргі уақытқа оның бастапқы кейпі жетпеген. Кесене 1957, 1996 ж. қайта жөндеуден өткізілді. Кесене 1996 ж. Маңғыстаудан арнайы әкелінген ақ таспен өріліліп, жаңартылған. Жерден 12 м. биіктікте се-

гіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігінің үстіне күмбез орнатылған. Д. А. к. – елдің арнайы келіп зиярат ететін киелі орындарының бірі. 2017 ж. кесене жанынан келушілерге қызмет көрсететін орын салынған.

Әдеб.: Свод археологических памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994; Әбділда Аймақ. Домалақ ана кесенесі. – А., 1997.

М.Миразов

ДОСАЙ БӘЙГЕЛҰЛЫ – (1692, Бәйдібек ауд. Алғабас а. – 1790, сонда) – би, шешен. Тегі – ұлы жүз құрамындағы үйсін тайпасы. Ерте жасынан-ақ ауыл ішіндегі дауларға төрелік жасап, шешендігімен, тапқырлығымен танылған. Кейін қалың көпшіліктің қалауымен би сайланған. Елді жаудан қорғау мәселелерін басқа да билермен, ел ағаларымен бірлесе шешкен. Халық аузында Д. бидің нақыл сөздері сақталған. Мыс., «Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар, Екі баласы бардың болар-болмас халі бар, Үш баласы бардың үш рулы елде малы бар, Төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар, Бес баласы бардың дес бермейтін жөні бар. Сегіз баласы бардың сергелдеңге салар кәрі бар, Тоғыз баласы бардың толғандырар жолы бар. Он баласы бардың орда бұзар қолы бар».

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 184.; Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. 9-том. – Аст.: Аударма, 2007. – Б. 250-254.

М.Ахметова


ДОСБАЙ ЕСАЛЫҰЛЫ – (1838, Түркістан обл. Бәйдібек ауд. Досан а. – 1916, сонда) – би, шешен. Досбай жалқы есімі досқа кең, досы көп бай адам деген мағынаны

білдіреді. Д-дың шыққан тегі – ұлы жүздің ысты тайпасы. 1873 ж. ел басқарып би болған. Әділдігімен, шыншылдығымен, шешендігімен халық құрметіне бөленіп, ел-жұрты би етіп сайлаған. 1901 ж. Меккеге барып, қажы атанады. Д-дың даналық сөздері ел ішінде сақталған. Нақылдарының бір парасы атбегілікке, ат сынына қатысты. Мыс., «Жапалақты сипағанмен, Сұңқар болмас, Жабыға жалпош жапқанмен, Тұлпар болмас».

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 184. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. 9-том. – Аст.: «Аударма», 2007. – Б. 331; Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – А.: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. – Б. 261.

М.Ахметова

ДУЛАТОВ МІРЖАҚЫП (21.11.1885, Торғайдың Қызбел а. 5.10.1935, Сосновец лагері) – көрнекті жазушы, публицист, Алаш қозғалысы көшбасшыларының, Алашорда үкіметі басшыларының бірі.



1897-1902 ж. Торғайдағы орыс-қарғыз (қазақ) мектебінде оқиды. 1902-04 ж. Торғай уезінде мектептерде мұғалым болып қызмет істеді. 1904 ж. Омбы қ-н-

да Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлымен кездесіп, олардық ықпалымен саяси күреске араласады. Әйгілі Қарқаралы петициясынан соң 1906 ж. кадет партиясының мүшесі ретінде Петербургқа барып, Еділбойы, Кавказ қайраткерлерімен араласады. 1907 ж. Петербургтегі «Улфат» татар газеті қосымшасы «Серке» атты қазақ ұлттық рухтағы газетті шығарысады. Газет Түркістан мен қазақ облыстарын Ресей мемл. думасына сайлау және сайлану құқынан айыруына қарсы материалдар жариялағандығы үшін жабылып қалады. 1908 ж. татардың «Уақыт» газетіне «Ибраһим ибн Құнанбаев» атты мақ-мен Ресейдегі түркі жұртына ұлы ақынның өмірі мен шығарм-н танытады. 1909 ж. «Оян, қазақ!» атты кітабы жарық көреді. 1909-11 ж. Қызылжарда сот кеңсесінде қызмет істеп, мұғалімдігі мен шығарм-н одан әрі жалғастырады. 1910 ж. «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. 1911 ж. Семей қ-на келген сапарында отарлық билік тарапынан тұтқындалып, абақтыға жабылады. 1913 ж. «Азамат», 1915 ж. «Терме» өлеңдер жинақтары жарық көреді. 1913-18 ж. «Қазақ» газетін шығаруға атсалысады. 1917-18 ж. Д. Алаш қозғалысына белсене араласып, Жалпықазақ съездеріне қатынасады. Кеңестік билік орнағаннан соң біршама уақыт Орынбордағы газет-журналдарда қызмет жасап, 1921 ж. Ташкентке қызметке ауысады. Түркістандағы ұлттық саяси элита өкілдері Н.Төреқұлов, Т.Рысқұлов, С.Қожановтар алаш зиялыларын Ташкент қ-на шақырып, түрлі қызметтерге тартты. Олардың басшылығымен Ташкент қ-на топтасқан қазақтың саяси, шығарм. элитасы өкілдерінің қызметі мәдениет тарихындағы аса бір сәтті де жемісті кезең болды. Солардың арасында Д-тың саяси және шығарм. қызметі Түркістанмен тығыз бай-

ланыста дамыды. Ол 1912 ж. Семей түрмесінен шыққаннан соң ізін аңдыған патша охранкасынан бой тасалап, Түркістан қ-н паналаған. Ол Түркістан қ-ндағы қазақ, өзбек байлары мен қырғыз манаптары қаржы жинап бергендігін, Орынборға келіп «Түркістанда жиналған мол қаржыны, Уфадағы «Ғалия» медресесі шәкірттерінің қосқандарын «Қазақ» газетін шығаруға бағыштағандығын» жазады. Түркістан өлкесін тарихи қазақ жері деуден танбаған Д-тың Түркістан қ-нда болуы оның шығарм-нда терең із қалдырған. Ол 1913 ж. мамыр айында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне алғаш рет зиярат етіп, «Қазақ» газетінде «Хазірет Сұлтан» атты көлемді мақала жариялаған («Қазақ», 1913ж. №16). Мақалада ғыл. деректер мен аңыз әңгімелерге сүйеніп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы толық мағлұмат береді. Кесененің баға жетпес құндылық екендігін таныған Д. оның аянышты халін «енді біраз жылдарда бес-алты жүз жыл өмір сүрген Ясауи мешітінің орнында үйілген бір оба томпайып қалуы ғажап емес» деп күйзеле жазады. 1918 ж. қаңтар айында Алаш Орда үкіметі атынан Түркістандағы Сырдария обл. қазақтарының съезіне қатысады. Ташкентте жолдары түйіскен С.Қожанов пен Д-тың «Ақ жол» газетіндегі қызметінде алаштық идеялар жалғасын тапты. Д. пен С.Қожановтың арасында ұлттық мүдде төңірегінде терең түсіністік орнаған. 1920 ж. ТКП ОК және Түркаткомның баспасөз органы ретінде «Ақ жол» газеті жарық көрді. С.Қожанов редактор, Д. жауапты хатшы болып қызмет істеді.

Түркістанда «Ақ жол» газетінің халыққа кеңінен танымал болуы оның «Қазақ» газетінің ұлттық бағыттағы идеялық дәстүрін жалғастыруына байланысты. «Қазақ» газеті 1918 жылдың 16 қыркүйе-

гінде ең соңғы 265 санынан соң кеңестік биліктің қысымымен шығуын тоқтатты. Ал 1920 ж. 18 сәуірден бастап жарық көре бастаған газет «Қазақ» көтерген алаштық идеяның жығылған туын іліп әкеткендей еді. Д-тың «Ақ жол» газеті арқылы Түркістанда ұлттық идеяның орнығуы, кеңес өкіметінің мемл. билік құрылымдары туралы қоғамдық пікір қалыптастыруы «Қазақ» газетіндегі қызметінің жаңа жағдайдағы жалғасы болды. Т.Рысқұлов «Ақ жол» – Дулатов еңбегінің нәтижесі, «алашордашыл» «Қазақты» жалғастырған оның перзенті» деп баға берген. Д. қызметін Орынборда Қазақ ағарту ин-тында, кейін Қызылордада «Еңбекші қазақ» газетінде жалғастырды. 1928 ж. бір топ Алаш қайраткерлерімен бірге тұтқындалып, 1930 ж. Ақтеңіз-Балтық каналының жұмысына жер аударылды. 20 ғ-дың 30-ж. Т.Шағатай алғысөз жазған «Оян, қазақ!» кітабы М.Ататүріктің қолдауымен Түркияда жарық көрді. Д. қоғамдық-саяси қызметі мен шығарм. – ұлт руханиятында азаттыққа ұмтылған ұлтжандылықтың жарқын өнегесі.

Шығ.: Оян, қазақ! – Петербург, 1909; Азамат. – Орынбор, 1913; Терме. – Орынбор, 1915; Есеп құралы. – Таш., 1922.

Әдеб.: Міржақып Дулатұлы. Шығармалары. Бес томдық шығармалар жинағы 5-т. – Алматы: «Мектеп», 2004. – 614 бет; Бердібай Р. Түбі бір түркіміз. – Астана: «Фолиант», 2004. – 344 бет; «Ақ жол», 4 ақпан, 1923 ж.; Х.Тұрсұн. «Ақ жол» газетін жапқан кім, жапқызған кім? // «Жас қазақ» 2008, 26 қараша.

Х.Тұрсұн

ДІЛДӘБЕКОВ Мұхтархан Қабыланбекұлы (19.3.1976 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд.) – боксшы, Қазақстанның еңб. сің. спорт шебері (1997), аса ауыр салмақта Олимпиада ойында-

рының (2000) және әуесқой бокстан әлем чемпионатының (1999) күміс жүлдегері, «Парасат» орденінің иегері (2000).



Шымкент гуманитар. ун-тін (1994), М.Әуезов атынд. Оңт. Қазақстан мемл. ун-тін, Қ.А.Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тін тамамдаған. Алғашқы жаттықтырушысы – Н.Сафиуллин. 1996 ж. Ташкент қ-нда өткен С.Джексон атынд. халықар. турнирде ауыр салмақта (91 кг-нан жоғары) жеңіс тұғырына көтеріліп, спорт шебері атанды. Үш рет Қазақстанның (1997, 1998, 1999), Бангкокте өткен 13-Азия ойындарының (1998) чемпионы, Қазақстан-Куба боксшыларының жолдас-тық кездесуінің (1998) және Варшавада (Польша) өткен Ф.Штамм атынд. халықар. турнирдің (1999) жеңімпазы, дүниежүз. чемпионаттың (1999, Хьюстон, АҚШ), 18-Олимпиада ойындарының (2000, Сидней, Австралия) күміс жүлдегері.

28-Олимпиада ойындарына (2004, Афины, Грекия) қатысқан. Оңт. Қазақстан

обл-ның құрметті азаматы. 2006 жылдан Шымкент қ-ның №5 бокстан олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры, 2008 жылдан осы уақытқа дейін «Оңтүстік Қазақстан облысының бокстан олимпиада резервін дайындайтын балалар мен жасөспірімдердің мамандырылған спорт мектебінің» директоры қызметтерін атқарып келді. Атақты боксшының көкпарға қызығушылығы басым. Д. Респ. көкпар федерациясының президенті болып қызмет атқарды.

Әдеб.: Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ.Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 270; Мақта ордасы – Мақтарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран», 2003; http://alashainasy.kz/omir/muhtarhan-kabyil_anbekulyi-dldabekov-49830/; <http://ernur.kz/>.

Ж. Өмірбекова

ЕЛЕУОВ Мадияр (3.5.1946, Қызылорда обл. Шиелі ауд. Еңбекші а.) – археолог, тарих. ғыл. докт., проф. С.М.Киров атынд. Қазақ мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1975) бітірген. 1975-76 ж. аралығында Қызылорда обл. тарихи-өлкетану мұражайында аға ғыл. қызметкер, 1976-99 ж. аралығында ҚазМУ-да зертханашы, ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды. 1991 ж. «6-13 ғ. басындағы Шу аңғарындағы қалалар мен елді мекендердің ортағасырлық

мәдениеті» деген тақырыпта канд. диссертация қорғады. 1999 ж. «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендері (VI-XIII ғ. басы)» тақырыбында докт. диссертация қорғаған. 1999-2001 ж. аралығында Л.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті археология және жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі болды.



2001-02 ж. Қ.А.Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің археология, этнология және мұражай ісі кафедрасының меңгерушісі, 2002-08 ж. осы ун-тің Археология ғыл.-зертт. орт-ның директоры, 2008 жылдан әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық ун-тінің археол. және этнология кафедрасының проф. қызметін атқарып келеді. Ұстаздыққа қосымша Археология халықар. ғыл.-зертт. орт-ның директоры. Ол басқарған Археология ғыл.-зертт. орт. 2001–08 ж. аралығында Қызылорда, Түркістан, Жамбыл обл-тарында кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 2000-нан астам әртүрлі тарихи кезеңдерден сақталған археол. ескерткіштерді ашып, ғыл. айналымға енгізді, олардың қатарында 300-ден аса ортағасырлық елді мекендер мен қалалар бар. 400-ден аса ғыл. мақаланың, бірнеше монография мен мемл. тілде жоғары оқу орны студент-

теріне арналып жазылған оқу құралының авторы. Е. жоғары оқу орнында табысты еңбек еткені үшін 2006 ж. ҚР Білім және ғылым мин-нің «Құрмет грамотасымен», 2009 ж. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2009» төсбелгісімен марапатталып, 2010 ж. ҚР Президентінің Жарлығы бойынша «Қазақстанның еңб. сің. қайраткері» құрметті атағына ие болған.

Шығ.: Ыдыс – археол. дерек. – Түркістан, 1997; Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары. – А., 1998; Оңтүстік Қазақстан облысының археол. картасы. Түлкібас ауданы. – Түркістан, 2004; Археол. зерттеулердің әдістері. – Түркістан, 2006; Ескерусіз қалған ескерткіштер. – Түркістан, 2005.

Әдеб.: Елеуов Мадияр // Қазақстан ғалымдары. – А., 2012; Елеуов Мадияр: биобиблиографиялық көрсеткіш. – А., 2016.

М.Қожа

ЕЛШІБЕК БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – 18 ғ-да өмір сүрген қазақтың атақты батыры. Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте айбарымен, айбатымен ерекше көзге түскен қаһарман. Шыршық, Келес алқаптарын мекендеген Сіргелі руынан шыққан. Е. б-ның туған және қайтыс болған жылдары белгісіз. Жазушы І. Есенберлин «Көшпенділер» тарихи трилогиясында батырды «жиырма бестер шамасындағы ақ сары жігіт» деп суреттейді. Демек, Е. б. Түркістанды қорғаған кезде 23-25-тер шамасында болған. М. Жұмабаев 1923 ж. жарық көрген «Батыр Баян» шығармасында: «Сіргелі, шапшаң оқтан ер Елшібек», – деп, қазақ қаһармандарының қатарында Е. б-ны жырға қосады. Жырда Е. б-ның көз ілеспес жылдамдықпен өте шапшаң қимылдайтын батыр екендігі баяндалады. Ел аузындағы әңгімелерде: «Ол жекпе-жек шайқаста ешкімге дес бермеген, қарсыласын адам таңғаларлық ұшқырлығы арқасында

қағып түсіретін», – деп айтылады. Шоқан Уәлиханов ел аузынан жазып алған «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздардың» ішінде Е. б. туралы да аңыз бар. Е. б. Түркістан қ-н қалмақтардан қорғауда әскерлерге қолбасшылық жасаған. Е. б. туралы І. Есенберлин өз кітабында құнды мәліметтер қалдырған. «Қазір Сіргелі Елшібек батырға, Дулаттың қос бөрісі Бөкен мен Сағырға хабар беріңдер. Бар қолдарымен осы Қазығұрттың етегіне тез жетсін. Албан мен Суанға да, жақын жатқан Бестаңбалыға да, бергі етектегі Жалайыр батырларына ат шаптырыңдар. Бәрі осы Қазығұрт маңына жиналсын!» – дейді. Мұнда Е-ні бірінші атап отыр. Бұқар жырау «Тасқорған» жырында Е. б-ны жырлағаны айтылады. Ш. Уәлиханов «Абылайдың батырлары» еңбегінде Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, т.б. батырлардың ішінде Е-нің тапқырлығын, ерлігін бөліп-жара суреттейді. Бұлантыдағы шешуші шайқас 1727 ж. Бұланты мен Білеуті өзендерінің ортасындағы кең жазықта өтеді. Екі жақтан 70 мыңдай сарбаз қатысқан айқаста қазақ жасағы қалмақ әскерін ойсырата жеңеді. Е. б. осы қанды қырғынның бел ортасында болып, сайыпқыран саңлақтар қатарында ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен. Е. б-ның дәл қай ж. қайтыс болғандығы белгісіз. Белгілісі – асыл азаматын, біртуар батырын ардақтаған елі оның сүйегін Түркістанға, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанына жерлеген. 1940 ж. сұлбасы тегістеліп кеткен, басындағы құлпытас та ізім-қайым жоғалған. Бүгінде із қалмаған. Бірақ Е. б-ның тарихта мәңгі аты қалды. Шымкент қ-нда Е. атында көше бар. Қазығұрт ауданы Жаңабазар а-ндағы орта мектеп Е. атымен аталады, батырға ескерткіш орнатылған.

Әдеб.: Есенберлин І. Көшпенділер. – А., 2002; Хасенов Ә. Қазақ тарихының 5 мыңжылдық баяны. – А., 1996; Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. – А., 1985; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Таш., 1994.

М.Миразов

ЕЛЮЙ ЧУЦАЙ (1190-1244) – өз аты Цзинь Цин, ұлты қидан (қидан немесе қарақытай – ортағасырдағы моңғол тілдес этнос) ақсүйегі, Пекинде туып өскен.



Цзинь мемлекеті тарапынан жоғары міндеттер атқарған. Е-ді 1218 ж. Шыңғысхан өз ордасына шақыртып, қағанның жұлдызнамашысы еткен. 1219 ж. моңғолдармен бірге Орта Азия мен Қазақстанға жасалған жорыққа қатысқан. 1227 ж. бастап Моңғол империясындағы билеушілердің бас кеңесшісі. Оның ұсыныстары негізінде Қытай жерінде ш-тың тез оңалуы мен моңғол хандарының билігі түбегейлі орнауына көп көмегі тиді. Ол – «Батысқа саяхат естелігі» атты еңбек-

тің авторы. Кітап «алғы сөзден» және бірінші, екінші тараулардын тұрады. «Алғы сөзді» 1229 ж. жазған. Қазақ даласы туралы мәліметтер кездеседі. Отырар жөнінде құнды мәлімет қалдырды: «Ходжент қ-ның солтүстік-батыс жағында 500 ли жерде Отырар қ. бар, қаланың айналасында елді мекендер мен шағын кенттерден он шақтысы бар». Бұл – Отырар иелігінің орт. бөлігінде, Отырардың айналасында серіктес қалалар болғанын көрсететін құнды дерек.

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I т. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Еженханұлы Б., Ошан Ж., Сұңғытай С. – А., 2005.

М.Қожа

«ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ» – жыр. Жырдың ірі жыр үлгісіндегі көп нұсқалары бүгінгі күнге жетпеген. Ең толық нұсқасын белгілі халық ақыны Қазанғап Байболұлы шежіреден өлеңге айналдырып, ұзақ дастан ретінде хатқа түсіреді. Қазанғаптың жырлауындағы «Еңсегей бойлы ер Есім» дастанын жазып алып, 1938 ж. Орт. ғыл. кітапхананың сирек қорына тапсырған – Иманәлі Ырсымбетов. Қазанғап Байболұлы жеткізген «Е. б. е. Е.» жыры араб қарпімен хатқа түсірілген, оқиғалары көркем, шұрайлы тілмен баяндалған. «Е.б.е.Е.» жырынан жоңғар шабуылына тойтарыс беруде ерекше көзге түскен бөгежелі Шабайұлы Жақсығұл мерген, қоңырат Алатау, жаппас Бөртуғашұлы Жиёмбет, үйсін Сүлеймен тәрізді қазақ батырларының аттарын кездестіреміз. Қазанғап Байболұлының «Е.б.е.Е.» тарихи дастанында Шыңғыс ханның тарихынан аздаған мағлұматтар беріліп, Тәуекел хан мен Есім ханға қатысты тарихи оқиғалар баяндалады.

«Е.б.е.Е.» жыры тек тарихи мағлұматтарды бойында мол сақтаумен ғана емес, эпос өнерінің ғасырлар бойғы дамуы барысында қалыптасқан ғажайып типолог. мотивтерді жеткізуімен де құнды. Жеті мың жолдан тұратын көлемді де күрделі эпик. туынды нақты тарихи шындықты бұлтартпай жеткізген дерекнама емес, ол – ауызша жеткен тарихнама үлгілерінің бірі. Өзге де көркем шығармадағыдай мұнда да тарихи шындық эпостық жырлардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлеріне сай поэтик. өңдеуден өткізілген. Дей тұрғанмен, «Е.б.е.Е.» – 16 ғ-дың соңы 17 ғ-дың бас кезіндегі қазақ мемлекетінің тарихынан, қазақ халқының тарихи ұстанымынан мәлімет беретін құнды шығарма.


Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік. 4-ші кітап. 26-том. – А., 2012; Дулат. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. XI-том, 2-кітап. – А., 2008.

М.Миразов

ЕРДӘУІТ ҚАДАМ ЖАЙЫ – киелі мекен. Сарыағаш ауд. Дарбаза а-нан 36 шақырымдай жерде, Шаймерден (Шажимардан) кесенесі маңында қазылған шұңқыр үңгір үйлер ғана бар. Кезінде сол жерлерде өмір сүрген, ұрпақ өсірген қасиетті адамдар болған. «Ер Дәуіт» Дарбаза елді мекенінен 9 шақырым болса, «Шаймерден әулие» содан кейін 2 шақырым жерде. Келушілер алдымен «Ер Дәуіт әулиеге» мінажат етіп, содан кейін «Шаймерден әуленің» басына барып, құрбандық шалады. Екі әулие аралығында және «Көзбұлақ», «Дәретбұлақ» сынды бұлақтар бар. Халық киелі санап, зиярат ететін орын. Мұнда түрлі дерттерге шипа емдік бұлақтар бар.

М.Амантуров, Н.Сұлтанбек

ЕРЗАКОВИЧ Лев Борисович (8.12.1936, Алматы қ. – 18.9.1993, сонда) – археолог, тарих ғыл. канд. Қазақ мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1959) бітірді. 1956 ж. КСРО ҒА Археол. ин-тының Шығыс-Қазақстандық археол. экспедициясының далалық зерттеулеріне, 1957 ж. Қазақ КСР-ның ҒА Оңт. Қазақстан археол. экспедициясының құрамында қазба жұмыстарына қатысты.



1959 ж. Қазақ КСР-ның ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археол. және этногр. ин-тының археол. бөлімінде зертханашы, 1965 ж. аға зертханашы, 1966 ж. кіші ғыл. қызметкер, 1973 ж. аға ғыл. қызметкер, 1987 жылдан ортағасырлық археология бөлімінің жетекші ғыл. қызметкері болды. 1959-60 ж. Қазақ КСР-ның ҒА Орт. Қазақстандық экспедициясында, 1961 ж. Тараз экспедиция қатарында далалық зерттеулерге қатысты. Е. Түркістан обл-ндағы Созақта археол. қазба жұмыстар жүргізді. 1966 ж. «Оңтүстік Қазақстанның моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде (13-18 ғ.)» атты тақырыпта канд. диссертация қорғады. 1966-68 ж. Қазақ КСР-ның ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының Жетісу археол. экспедициясына, 1969-

70 ж. Отырар археол. экспедициясына, 1971 жылдан Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы отрядтарының жұмыстарына басшылық етті. 1987 жылдан экспедиция бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. 1988 ж. Қазақстандық жаңақұрылыс экспедиция бөлімінің меңгерушісі болды. Е-ның 72 еңбегі жарияланды. Е-ның Аспара мен Созақтағы археол. қазба жұмыстары Қазақстандағы кейінгі ортағасыр қабаттарын зерттеуде алғашқылардың бірі болды. Түркістан алқабындағы зерттеулері аталған аймақтағы кейбір қалашықтарды баламалау, Шойтөбе мен Ескі Түркістан қалажұртында археол. қазбалар және Ахмет Ясауи кесенесі қасындағы көрхананы қазу сияқты жұмыстар атқарды. Е-ның бұл жұмыстары, сөз жоқ, Созақ қ-ның тарихын тереңдетумен қатар, жалпы Қазақстан археология үшін аса маңызды болды. Е. Оңт. Қазақстан аум-нда арнайы Қазақ хандығы заманы қабаттарын қазып зерттеді. Созақтағы қазба материалдары негізінде жүйелі түрде кейінгі ортағасырлық керамика, құрылыс қабаттар, тұрғын үй элементтері сипатталды, нақты қазба барысында табылған археол. материал тарихи дерек ретінде қаралып көшпелілердің ықпалы туралы мәселелер қойылды.

Шығ.: Древние города Казахстана. – А.-А., 1971; Древний Отрар. – А.-А., 1972; Ортағасырлық Отырар керамикасы. – А., 1990; Отрар в XIII-XV веках. – А.-А., 1987; Позднесредневековый Отрар. – А.-А., 1981.

М.Қожа

ЕРОФЕЕВА Ирина Викторовна (22.07.1953, Өскемен қ.) – белгілі тарихшы, тарих ғыл. канд., доцент, Орталық Азия зерттеушілернің Еуропалық қоғамы

мүшесі (2000 ж.) Париждің әлеуметтік ғылымдардың жоғары мектебінің визитинг-проф. (2004 ж.), Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің құрметті проф. (2015 ж.). Қазақстанның 17-20 ғғ. көшпенділер мәдениеті мен тарихы, жаңа заманның деректану мен тарихнамасы салаларының маманы. 1976 ж. Өскемен мемлекеттік педагогикалық институтты тәмамдаған. Қазақ ССР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атын. тарих, археол., этнография институтының аспиранты (1976-1979 ж.), кіші ғылыми қызметкері (1979-1983 ж.), аға ғылыми қызметкері (1983-2003 жж.), жетекші ғылыми қызметкері (2003-2006 ж.).



2006 ж. бастап ҚР Мәдениет министрлігінің Көшпенділердің мәдени мұрасы мәселелері жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры, 2014 ж. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қазақтың ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері жұмыстарын атқарды. 1978-2014 жж. аралығында Қазақстанда және шет елдерде тарих пен мәдениет бойынша 300 астам орыс, қазақ, ағылшын, неміс, француз, түрік, қытай тілдерінде еңбектері жарияланды. 8 ғылыми моногра-

фиялар авторы. «История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв.» (Алматы, 2005-2007) атты 10 томдық тарихи құжаттар жинақтарының кураторы, Ш.Ш.Уәлихановтың бестомдық шығармаларының екінші басылымының екі итомының құрастырушысы, «История Казахстана в западных источниках XII-XX вв.» (Алматы, 2005-2007) атты 10 томдық тарихи құжаттар жинақтарының 4 томының құрастырушысы, «Историко-культурный атлас казахского народа» (Алматы, 2011) және «Атлас памятников и достопримечательностей природы, истории и культуры Казахстана. От Алтая до Каспия». Т.1-3. (Алматы. 2011) атты еңбектердің редакторы және бір авторы, «Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана» (Алматы. 2014) құрастырушысы және бір авторы. Түркістанда билік еткен хандар мен Түркістан қ. тарихына қатысты деректер туралы зерттеулер жүргізіп келеді.

Шығ.: Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999; Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). Алматы, 2001; История Казахстана: народы и культуры. Алматы, 2000; Родословная казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. Алматы, 2003. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. Алматы, 2007; Аныракайский треугольник: историко-географический ареал и хроника великого сражения. алматы, 2008; «Между всеми старшинами знатнейший». Первый казахский тархан Жанибек Кошкарулы. Алматы, 2013; Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана». Алматы, 2014; Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в двух томах. Алматы, 2015.

Әдеб.: Guide to Scholars of the History and Culture of Central Asia. Cambridge, Massachusetts. Harvard Central Asia Forum. 1995. P.86; Международные исследования в России и СНГ. Научно-а-

налитические и образовательные центры, ученые и специалисты в области международных отношений, внешней политики и безопасности. Справочник. Москва, 1999. С. 202; Қазақстанның тарих ғылымы. Ш.Ш.Уәлиханов атын. Тарих және этнология институтының 60 ж. арналады. Алматы, 2005. 446-447 бб. Кто есть кто в Казахстане: биографическая энциклопедия. Алматы, 2002. С.160; Абылай хан. Энциклопедия. Көкшетау. 2013. 136-137 бб.

М.Б. Қожа

ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ Ханбибі (30.6.1949 ж.т., Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. Сарыағаш ауд.) – ақын, Қазақстан Республикасына еңб. сің. қызметкер. Еңбек жолын туған жерінде ұстаз болып бастады.



Шымкент пед. ин-тының филология ф-тін (1972) тамамдаған. Ин-тта оқып жүріп Макаренко атынд. мектепте мұғалім, 1968-1972 ж. Сарыағаш ауд. «Қызыл ту», «Красное знамя» газеттерінде әдеби қызметкер, 1973-1980 ж. обл. халық шығарм. орт-нда бас маман болып қызмет атқарған. 1987 ж. обл. «Қайырымдылық және денсаулық қорын», 1989 ж. обл. «Қазақ тілі» қоғамын басқарған. Бұл салада ол мемл. тілдің кең ауқымда өмірге енуіне ат салысып, «Тіл туралы» Заңның жобасын жасауға қатысады.

2003 жылдан обл. саяси құғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры қызметін атқарады. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. 11 кітаптың авторы. Өлеңдері орыс, украин, өзбек, якут тілдеріне аударылды. Әнге айналған «Алтынай», «Нұрикамал», «Қадиша», «Дос іздедім», «Көңілгүл», «Махаббат өмірлері» шығармалары халық арасына кеңінен таралды. Оңт. Қазақстан обл. әкімінің және обл. мәслихатының, Ақмола облысы, Астана, Шымкент қалалық әкімдерінің алғыс хатына ие болды. М. Әуезов бейнесі бар ЮНЕСКО, «Астана қ-на 10 жыл», Түркістанның 1500 жылдығына, Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған және Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ун-ті медальдарымен марапатталған. Сарыағаш ауд-ның Құрметті азаматы. «Парасат» орденімен (2008) марапатталды.

Әдеб.: Аяшев Ж. Сарыағаш-Келес. Ауыл анықтамасы. – Шымкент: «Ғасыр-Ш», 2005. – Б. 296.

М.Амантуров, Н.Сұлтанбек

ЕСІМ ХАН (т.ж.б.,-1628) – қазақ хандарының бірі. Шығай ханның 12 ұлының бірі. Шешесінің аты – Жанымбике. Ол 1598 ж. ағасы Тәуекел қайтыс болған соң хан тағына отырған. Е. х-ның саяси қарсыластарының арасында Әбд әл-Ғаффар мен Тұрсын Мұхаммед сұлтандар ерекше аталады. 1603 жылдың күзінде Түркістан қ-нда қарақалпақ халқы Әбд әл-Ғаффарды таққа отырғызды. Ташкент пен Сайрамнан оралған Е. х. мен Бахадүр сұлтандар және басқа да қазақ сұлтандары Әбд әл-Ғаффармен он екі күн ұрыс салады. Осы шайқаста жеңіске жеткен Әбд әл-Ғаффар кейіннен Түркістанмен бірге Сайрам, Ташкент, Ақсикент, Андуганға иелік етіп, Ташкентті астана етеді. 1605 ж. Ташкент түбіндегі Қарақамыста

жатқан Әбд әл-Ғаффар қосынына Е. х. мен Бахадүр сұлтандар шабуыл жасап, оны Е. х. өлтіреді. Е. х. жеке өмірінде және қоғамдық қызметінде қарсыласы Тұрсын хан сияқты интрига, құпия келісімдер және екіжүзді әрекеттерге бармай, ашық және адал әрекет жасаған. Е. х. тәкаппарлық пен астамшылықтан таза, меймандос және қарапайым, даңқты және мемлекетшіл билеуші болды. Ол қалыптасқан жағдайларға байланысты он екі жыл мемл. басқару ісінен шеттетілді. Осы жылдардың жартысынан астам уақытын қырғыздар мен моғолдардың арасында өткізеді. Бір таңқаларлығы, ол жат жерде қиындық жағдайда жүрсе де өзінің сұлтандық абыройын сақтап, адамдардың құрметіне бөленді. «Бахр ал-асрар» авторының деректеріне қарағанда, Е. х. Шығыс Түркістаннан 1623-24 ж. Ташкентке оралып, Тұрсын ханның Андижанға жасаған жорығына қатысды. Е. х. осы кезде Тұрсын ханның бөліп берген иелігі – Түркістан қ-нда тұрады. Әбілғазы 1625 ж. Е. х-да үш ай қонақ болғандығын жазады. Тұрсын хан көптеген себептермен Е. х-нан қатты сескенді, сол үшін де оған үнемі тұзақ құрып жүрді. 1626-27 ж. Тұрсын хан туыстық байланыстар дәстүрін және ар-ұят кодексін ысырып тастап, екіжүзділікпен Түркістан төңірегіндегі Е. х-ның ордасын шауып, оның бала-шағасын тұтқындап, Ташкентке алып кетеді. Тұрсын ханның бұл әрекетіне жауап ретінде Е.х. оған қарсы шығады. Сайрам төңірегінде кездесіп, соғыс ашады. Осы соғыста жеңілген Тұрсын хан Ташкентке шегінеді. Қазақтың екі билеушісінің ақтық шайқасы Ташкент қ-ның жанында өтеді. Осы шайқаста Тұрсын ханды өз жақтастары жауыздықпен өлтіреді. Осы соғыста қазақ рулары (найман, арғын, қоңырат, дулат және т.б)

қақ жарыла бөлініп, бір-бірімен аянбай соғысады. Тұрсын хан қаза тапқан соң, екі жүз мыңдай қатағандар Е. х-ның қатал үкіміне кесіліп, рудың аты біржолата өшеді. Осы уақытқа дейін ортақ жауға бірлесіп шапқан қазақтар, осы соғыстан соң «Тұрсын ханды қолдаған қазақтар» және «Е. х-ды қолдаған қазақтар» болып екіге бөлінеді. Әбілғазының айтуынша, Е. х-ның кезінде Тұрсын ханның тірегіне айналған қатаған тайпасының едәуір бөлігі қырғынға ұшыраған. Қатағанның аман қалғандарының бір бөлігі Ауғанстанға көшіп кетсе, енді бір бөлігі қырғыз жеріне өтіп, кейіннен қырғыз халқының құрамына сіңіп кетті. Қазақ тарихындағы тұңғыш азамат соғысы болған бұл оқиға туралы М. Мағауин: «Қатаған қырғыны – Есім ханның жеңісі емес, бүкіл Қазақ Ордасының үлкен жеңілісі болды. Іргелі елдің туын көтеріп отырған сегіз ұлыстың екі бөлшегі түнекке батыпты. Содан былай қазақ мемлекетін құраған қауым алты алаш аталады. Келесі бір сілкіністе қырғыз және қарақалпақ пен құрама іргесін бөледі. Қазақ халқы деген атауды ұстап үш алаш – үш жүз ғана қалады. Екі сан қатаған аман болса, бес алаш – бес жүз болар едіңіз», – деп тұжырымдайды. Тұрсын ханның өлімінен соң, 1626-27 ж. Е.х. Қазақ хандығының билігін қолына екінші рет алады. Қазақ хандығы тарихында Е.х-ның жүргізген құқықтық реформалары «Есім ханның ескі жолы» аталатын заңдар жинағының қабылдануымен есте қалды. Оған Қыпшақ, Шағатай, және басқа ұлыстарда қолданылатын әртүрлі жарғыларының қағидалары енгізілді. Е.х-ның мемл. билікті нығайту мақсатында жүргізген реформаларының мазмұнынан оның абсолюттік билікке ұмтылғаны аңғарылады. Ағасы Тәуекелмен бірге Бұхара қ-нда нақшбандий пірлеріне қол тапсыруы

арқылы оның діни бағдары ауысты. Осы жағдай Е. х-ның билер ин-тына басымдық беру арқылы ханның билігін шектейтін Ясауи тариқатынан ауытқуына негіз болды. Осы фактор оның реформаларынан көрініс тауып, «Есім ханның ескі жолы» заңдар жинағы Қасым хан тұсында қабылданған заңдардағы түркілік негіздерден ауытқу болып шықты. Е. х. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленеді. Қабірінің үстіне «ерекше, кішкене, қазіргі кезде мүлде қирап қалған кесене тұрғызылған». 1987-89 ж. ол кесене қалпына келтірілді. Е. х-ның әйелдері көп болғанымен, оның неше ұлы болғандығы жөнінде нақты деректер жоқ. Үлкен ұлы Жәнібек, келесі ұлы Жәңгір (Жахангир) сұлтандар мұрагерлік жолмен хан сайланған. Ал енді бір ұлы Сырдақ сұлтанның шөбересі Қайып хан 1718 ж. І Петрге хат жазған. Е. х. тұсында Қазақ хандығының ресми астанасы Йасы Түркістан қ. болып орнықты. Сыр бойындағы қалалар Қазақ хандығының құрамына түпкілікті қосылды, Ташкент қ-нда қазақтардың билігі қалпына келтірілді. Е.х. ел іргесін бекіткен қуатты билеуші болуымен бірге, жорықтарда қол бастаған қолбасшы-билеуші ретінде қазақ тарихынан берік орын алады. Түркістан қ-н мемлекеттің астанасы етіп орнықтырған еңбегі үшін қаланың орт. алаңы оның атымен аталады.

Әдеб.: Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – А., 2001; Массон М. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Таш., 1930; Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингисхана. – А., 2001; Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – А., 1995; Тұрсұн Х. «Есім ханның ескі жолы» заңдарының жинағы // Қазақстан прокуратурасының қалыптасуы мен дамуы. Кітап-жинақ. – Көкшетау, «Әрекет» жарнамалық-баспа компаниясы, 2015. – 432 бет.

Х.Тұрсұн

ЕСІМ ХАН – 18 ғ-дың екінші жартысында билік құрған қазақ хандарының бірі. Сәмеке ханның кіші ұлы, Тәуке ханның немересі. Тарихи деректерде есімі Есім, Ишим үлгілерінде кездеседі. Е. х-ның туған және қайтыс болған жылдары белгісіз. Билік құрған жылдары – шамамен 1756 ж. мен 1798 ж. арасы. 1798 ж. ташкенттік билеуші Жүнісқожаның Оңт. Қазақстан аймағын өзіне бағындыруына орай Е. х-ның Түркістан қ. мен оның айналасындағы отырықшы елді мекендерге жүргізген билігін тоқтатады. Е. х. Қазақ хандарының Жәдік әулетіне жатады. Оның перзенттері арасынан танымалдары Шаңхай, Айшуақ, Құдайменде сұлтандар. Түркістан қ. төңірегіндегі елді мекендер мен көшпелі қазақ ауылдары басшыларының қолдауымен Әбілмәмбет ханға қарсы әрекет ретінде хан сайлаған. 18 ғ-дың 50-60-ж. Әбілмәмбет ханмен Түркістан үшін таласып, 1758 ж. өз қарсыласын қаладан қуып шығады. 1762 ж. Абылай сұлтан мен Қаздауысты Қазыбектің ара-ағайындығымен бәсекелес жақтар келісім жасап, Түркістан қ. мен оның аймағындағы қалашықтарға Әбілмәмбет пен Е. х-ның билігі қатар жүретін болды. Бейбіт келісімге сай екі ханға Түркістан қ. және оған қарасты елді мекендер екіге бөлініп берілді. Түркістан қ-ның бір бөлігі қақпаларымен және осы бағытта орналасқан елді мекендер Әбілмәмбетке тиесілі болды. Қаланың екінші бөлігі және оған тиесілі қақпалар, сыртқы қалашықтар Е. х-ға қарады. Әбілмәмбет қайтыс болған соң, оның бөлігін баласы Болат иеленгенде, Есім Түркістан қ-н сонымен бөлісіп басқарды. Е. хан мен Болат хан арасында жасырын бәсекелестік, көре алмаушылық ушыққаны Д. Телятников пен А. Безносиковтың 1796-97 ж. Ташкентке жасаған саяхаты

есебінде айқын көрініс тапты: «...владеющие ныне Туркестаном – Ишим и Булат ханы. Жестокость помянутых владельцев к бедным туркестанцам весьма велика. Ханы, ревнуя один к другому, вели между собою несогласие, а потому один из них – Ишим-хан – просил бухарского владельца Шасират-бека о принятии города в покровительство свое, который, охотно приняв предложение сие, прислал с 20 человеками воинских людей чиновника, кой, прибыв, город без сопротивления, да и окрестные местечки взяв в подданство, управляет оными. И Ишим же хан, узнав свою ошибку, остался в опасных обстоятельствах» Е. хан өз қателігін түсініп, Ташкент билеушісі Жүністің көмегіне жүгінеді. Әйтсе де, оның тарапынан ешқандай көмек болмайды. Осылайша хандардың алауыздығы, билікке таласы арқасында Түркістан қ. Бұқараға, кейін біраз уақыт Ташкентке тәуелді болып шыға келеді. Қазақ хандығы тарихында Е. хан Сәмекеұлының билігі даңқты істерімен емес, сеператистік әрекеттерімен есте қалды. Мүрдесі Ахмет Ясауи кесенесіне қойылған.

 Әдеб.: Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – А.: ИД «Аркаим», 2001; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века // История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Қазақ хандары. – А.: «Қазығұрт» баспасы, 2015.

Х.Тұрсұн

ЕСІРКЕП ЖАМАНҚАРАҰЛЫ (1696, Қазығұрт тауы – 1764, сонда) – қазақ-жоңғар және қазақ-қоқан соғысына қатысқан батыр. Ұлы жүз құрамындағы сіргелі руының байжігіт атасынан шыққан. Анасының есімі – Ақторғын. Ел аузында Е. батырдың Төле биден бата алғандығы туралы аңыз сақталған. Е-ні батырлыққа, бес қаруды жете меңгеруге, ат үстіндегі шайқасқа Тоғанас батыр баулыған. Сіргелі қолын бастаған Ер Тоғанас қаза тапқанда (1723), Е. батыр сіргелілердің қолбасшысы болып сайланады. Бөгембай батырдың қол астында мыңбасы болған Е. Түркістанды қорғауға (1724-1725), Ордабасыдағы құрылтайға (1726), Қалмаққырған (1728), Аңырақай т.б. үлкен шайқастарға қатысқаны туралы деректер сақталған. Оның есімімен бірге Елшібек, Қойгелді, Саңырақ, Қасқара, т.б. батырлардың аттары аталады. Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Ағыбет а-нда Е-ке ескерткіш орнатылып (1999), орта мектепке аты берілген. Денесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанындағы Кіші ақсарайға жерленген.

 Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. III т.; https://kk.wikipedia.org/wiki/Есіркеп_Жаманқараұлы.

Л.Еспекова

ЖАБАЙ ҚАЗЫБЕКҰЛЫ (1728, Ташкент өңірі – 1810, Сарыағаш ауд. Әлімтау) – ел аузында Жабай әулие атанған, 18 ғ-да өмір сүрген тарихи тұлға. Ол қара қылды

қақ жарған әділдігімен, бітімгер шешендігімен кеңінен танылған, жастайынан ел басқару ісіне араласқан би және батыр адам болған. Ж. батырдың ел бірлігі үшін күрес жолының алғашқы кезеңі Абылай сұлтанмен бірлесе дала демократиясының жүзеге асуына бел шеше ат салысуында жатыр. Тарихи деректерге ден қойсақ, Ж-ның жорықтары 1745 жылдан басталады. Оған қазақ батырлары туралы мына мәлімет айғақ болады. Шамамен 1744-45ж. Қойгелді батыр рубасылары Мәлік, Тоқсанбай, Кетен, Ж-ның басшылығымен наразы халық Қалдан Цереннің Шымкент жанында орда тіккен өкілі Баршаханды, оның көмекшісі Саңғалды өлтіреді. Бұл жағдай қалмақ ханының үлкен орда қазақтарын жазалау мақсатында шабуыл жасау қаупін туғызады. Бірақ ханның көп ұзамай (1745) қайтыс болуы, оның артынан қалмақ хандығында басталған бұлаң кезең бұл жоспарды іске асыртпай тастайды. 18 ғ-да көршілес қырғыз, өзбек елдерімен жасалатын сауда-саттық қатынастарында ең бір жауапты адам сиқым Мәлік би мен сіргелі Ж. батыр болғандығын бізге жеткен көптеген куәліктер растайды. «Төле бидің тарихы» жыр дастанында әзіз Төле бабаның айналасында 12 кеңесші сенімді серіктері болғаны айтылады. Соның бірі Ж. батыр. Ж. әуелі ауыл молдасынан қадимше хат танып, ілім алады. Сонан кейін әкесі оны Ташкенттегі Көгалташ медресесіне береді. Ер жігітке ерекше қабілет бітірсе, өзге де жарқын қасиеттерді үйіп-төгіп қоса беретін дархан Алла Жылғақаһарманға лайық алып бітім сыйлап, білегіне орасан қара күш құйып қана қоймай, сырбаз мінез, әулие атандырған терең ақыл, үлкен парасат дарытқан. Ж. батырдың «көріпкелдігі», «әулиелігі» оның сардар ретінде майдан

даласында стратег., тактик. өте дәл де ұтымды шешімдер қабылдай алатын даналығында жатыр. «Әке балаға сыншы» демекші, Қазыбек Ж-ны 9-10 жасында Шыназдағы Мұхаммед пайғамбардың ту ұстаушысы болған Сайд Баттал Қазының басына апарып құран оқып, дұға жасаған екен. Осыдан шығар Алланың құдіретімен Жылғабатырлықпен бірге, әулиелік те қонған екен. Ж-ның қан майданда ерен ерлігімен алғаш көзге түсуі – 1745 жылғы қалмақтарға қарсы Қоқан бегі Абдулкерим мен қазақтың биі Төленің арасындағы келісім бойынша жүзеге асқан соғыс майданы. Осы шайқаста Ж. қазақ әскерінің мыңдығына қолбасшылық жасап, жаудың бетін қайтаруға зор үлес қосады. Жоңғарлар бұл соғыста ойсырай жеңіледі. 1757 ж. Қазақ пен қытай арасында шайқас орын алады. Бұл соғыстың ортасында Қабанбай батыр, Қабан бимен бірге Ж. батыр да болады. Нәтижеде Цин императорымен қазақ хандығы арасында қатынас орнығады. Осындағы мәмілегерлікте Ж. баба үлкен рөл атқарған. Бұл соғыс туралы Тәтіқара жырау да толғана жырлаған. 1760 жылдың қарсаңында Абылайға Түркістандағы Әбілмәмбет ханнан: «Мына құрама деген елді не істейміз? Не елшіні, не сауда керуенін өткізбейді. Елді тонап бағынбай, өз бетімен кетіп барады», – деген шағым хат келеді. Абылай кеңесе отырып, Құрамаға сөйлесуге шанышқылы Қараменде батыр бастаған би, батырларды аттандырады. Бұл топтың құрамында 32 жасар Ж. да бар еді. 1762 ж. Төле бидің, Абылайдың ұйғарымымен Ж. бастаған елшілік Қоқан биі Ердананың қабылдауында болады. Бұл келісімде мәмілегерліктің нәтижесінде Ташкенттің оңт-н Ердана би, солт. тарабын Төле би басқаруға алады. Қырғыздарға қарсы соғыстың ортасын-

да Ж. батыр да болған. Оған Абылайдың 1761 ж. жазған хаты дәлел болады. «1760 ж. Ташкент тарапынан Ұлы жүзге бардық, содан қырғыз деген жауымызды шаптық, жаманын қырдық, қалғанын ел қылдық. «Ақ үйлі» аманат алдық нәм Ташкент, Бұқара, Самарқанд шаһарларының елдері бір атаның баласындай тұруға уағдаластық». Міне, осынау Абылай бастаған әскердің бір қанатында алтын зерлі шашақты ақ туды желбіретіп Ж. батыр жүрген. 1744 ж. Әбілмәмбет сұлтанды хан сайлау рәсімі салтанатты жағдайда өтеді. Бұл кезде Түркістан қ-н жоңғар ханы Қалдан Церен тағайындаған Сейіт хан билеп тұр екен. Сейіт наразылық танытып, Түркістан іргесіндегі Қарашық қалашығындағы жақтастарын жинап, үш түн бойы Түркістанды шабуылдады. Жоңғар ханынан елшілер келгенше, қазақтың билері, ақсақалдары, батырлары Әбілмәмбет пен Сейітті татуластырып, ынтымаққа шақырады. Халық аңызында осы даулы мәселенің шешілуіне Ж. батырдың да үлес қосқандығы туралы айтылады. Ж. батыр Түркістан мен Ташкент арасында сауда қарым-қатынасының өрістеуіне зор үлес қосқан. 1760 ж. қаңтардағы орыс армиясының полк. Т. Томастың Сібір әскерінің бригадирі фон-Фрауендорфқа берген рапортында 1759 ж. Орта жүз сұлтандары Әбілфейіз бен Ханбабаның 15000 қазақ әскерімен қырғыздарға жорық жасағандығы және бұл жорыққа қазақтардың малдарын қырғыздардың айдап кетуі, Қытай және Ташкентпен сауда айырбас қарым-қатынастарын жасауға кедергі жасауы себеп болғандығы туралы айтылған. Ж. батыр Ханбабаға қазақ-қырғыз арасындағы бұл соғысты мәмілегерлік жолымен шешіп, ағайын арасындағы отты өшіру керектігін жеткізген. Төле би өмірден өткен соң, Ташкенттің билігі-

не Жүнісқожа келді. Ол ғасырлар бойы осы өлкеде жасап келе жатқан Дулаттар мен Сіргелілерді билік тізгінінен айыруды тікелей қолға алды. Осы қуғын-сүргін салдарынан Ж. өз руластарын соңынан ертіп, Сарыағаш өңіріне ат басын тірейді. Ж. батыр 82 жас ғұмыр жасап 1810 ж. Әлімтауда өмірден өтеді. Әулиенің басына ұрпақтары мазар-кесене тұрғызған. Ж. батыр әулиенің сүйегі өзі көп жыл қызмет еткен Ташкент қ-ндағы Көкше мазарына, ардақты тұлғалар қатарына жерленген.

Әдеб: Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – А., 1979; Казахстан в XV–XVIII веках. – А., 1969; Айтбаев Е.М. Жабай тоқсаба әулие. – А., 2012; Майлықожа шығармалары. – А., 2009.

М.Миразов

ЖАБАЙ ТОҚСАБА ӘУЛИЕ – киелі мекен. Сарыағаш ауд. Әлімтау елді мекенінен 3 шақырым батыста орналасқан. «Ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама» жылдарында бас сауғалап қашқан ел Қазығұрт тауынан асқан соң, Сырдария өз-не барып паналаймыз дегенмен, халықтың алдында тағы да тау жалғасыпты. Сонда «Әлі тау» бар деп, «Әлімтау» болып кеткен дейді. Осы таудың баурайында Әлім деген батыр әрі бай жігіт өмір сүрген екен. Жерін қорғаған батыр жекпе-жекте жауын астына басып алып



Жабай тоқсаба әулие кесенесі

өлтiрмекшi болғанда, астында жатқан жау қонышындағы пышағы мен Әлімнің қарнын жарып өлтiрiптi. Тау сол батыр жiгiттiң атынан қалған деген сөз бар. Осы таудың баурайында кiшi жүздiң Әлім руы қоныстанып отырғандықтан, тау «Әлім» руының атынан қалған дейдi. Содан осы атау өзгерместен 1975 ж. Дарбаза кеншарынан бөлініп «Әлімтау» кеңшары құрылған. Халық киелi санап, зиярат ететiн орын.

М.Тастанбеков, Н.Сұлтанбек

ЖАҚСЫҒҰЛ ШАБАЙҰЛЫ (т.ө.ж.б.) – 17 ғ-да өмір сүрген қазақ батырларының әрi қолбасшыларының бiрi. Ә.Диваевтың «Этнографические материалы. сб. матов для статистики Сырдариянский обл.» (Т. 1-15, спб., 1891-1955) деген еңбегінде мынадай дерек бар: «Қазығұрт ауд-ндағы Тұрбатта өмір кешкен Ысмайыл ата Әмір Темірден бiр ғасырдан артық бұрын өмір сүрген. Өмір сүрген жері – Ташкент пен Сайрамның арасындағы Хозьян деген кент. Ол кезде бұл жердiң басқарушысы – «Бога Джиль» руының (Бөгежiлi) «Жақсығұл» атасынан тарайтын Құтан батыр. Ол өз мөрiн (Құтан батыр) Хазiрет Ысмайыл атаның атына шығарылған вакуфтық құжаттарға басқан». Ә.Диваев бұл деректердi шежiрешi Көбей Тасболатовтан алғандығын әңгiмелейдi. Мұнда мәлімет берушiнiң қателiгiнен уақыт мерзiмiнiң дұрыс берiлмеуi салдарынан үлкен кемшiлiк кеткен. Анығы Ж-дың бөгежiлi руынан екендiгi. 17 ғ-да жоңғарларға қарсы соғыста халықты ұйымдастыру, басқару және батырлық қасиеттерiнiң арқасында Ж. мерген әскерге басшылық етiп, жауды күйрете жеңуде ерен ерлiктер жасаған. Ж. мергеннiң аты Қарасай, Ағынтай, Жиeмбет, Сарбұқа, Көксерек, Елтiндi, Құдайбердi, Алатау, Табай, т.б

батырлармен бiрге Орбұлақ шайқасында шықты. Бұл жеңiстi алғаш хабарлап, тарихи айналымға түсiрген – Г.Ильин деген казак-орыс. Ол туралы мәліметтi тарихшы И.Я.Златкин «История Джунгарского ханства» деген кiтабында толық баяндайды. Г. Ильин 1644 ж. ақпанда Тобылға келiп, Батыр қонтайшыда болып қайтқанда, көрген-бiлгенiн әскербасы Куракинге жазбаша баяндайды. Сол жазбасында Батырдың қазақ ордасы Жәңгiр сұлтан мен Алатау қырғыздарына қарсы 50-мың қолмен соғысқанын айтады. Ал Жәңгiр оларға қарсы 600 адаммен шығыпты. Сол жерде алапат соғыс болып, Жәңгiр хан әскерi қонтайшының 10-мың адамын жер жастандырып, үлкен жеңiске ие болады. Әскерiнiң қалғанын (40-мың) шегiндiрiп, қайта екiншi рет тиiскенде Жәңгiр хан бастаған қазақ ордасының күшiне Самарқанд бегi Жалаңтөс 20-мың әскермен көмекке келiп, дұшпан арманына жете алмай, тағы да жеңiлiс табады. Мiне, осы Орбұлақ шайқасында Ж. мерген 600 жауынгердiң қатарында қалмақтарды қапы қалдырып, жер қайысқан қолды тас-талқан етуде ержүректiк танытады. Орбұлақ шайқасы жайлы мәліметтi алғаш айтқан тарихшы И.Э.Фишер. Осы соғыс жайында орыс тарихшылары А.И.Лешин, И.Я.Златкин, А.П.Чулошников қазақ ғалымдары М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Асфендияров жазғанымен, бiрақ олардың бiрде-бiрi ұрыс өткен жердi нақтылап айтпайды. Тау қойнауында өткен шайқас туралы тұңғыш деректi жазып қалдырушы – Тобыл әскербасшы Р.С.Куракин. Ж-ның ұрпағы Құтан батыр Тұрбатта (Қазығұрт ауд.) өмір сүрген. 19 ғ-да Жүнiс қожаның, кейiннен Қоқан хандығының әскер сапында қызмет еткен. Ол Ысмайыл ата мешiтiнде де қызмет жасаған. Тұрбаттағы «Бөгежiлi соқпақ», Созақ ауд-ндағы

«Бөгежіл құдық» пен «Бөгежіл төбе» атауларын көне көздер Ж. мергеннің атымен байланыстырады. 1993 ж. 3 шілдеде Алматы обл. Панфилов ауд-ндағы Белжайлау алабында Орынбұлақ шайқасының 350-жылдығына арналған той өткізіліп, гранит тастан белгі қойылды. 2017 ж. Қазығұрт баурайындағы Шарапхана а-ның жанында саябақ ашылып, Жәңгір хан мен Жалаңтөс баһадүрге ескерткіш қойылып, жанындағы тақтаға Орбұлақ шайқасына қатысқан батырлардың аты жазылды. Онда Дулат Ж. батырдың аты да бар.

Әдеб.: Жақсығұл мерген. құрыс. Аймақ Ә. – Шымкент, 2002; Жалаңтөс баһадүр-тарихи тұлға. – А., 2018; Досмұхамедұлы Ч. Аламан. – А., 1991; Қазанғап Байболұлы. Төле би. – А., 1991; Қыдырбекұлы Б. Қазақтың Қарасай батыры. – Көкшетау, 1998.

М.Миразов

ЖАЛПАҚТӨБЕ – ортағасырлық қала орны. Түркістан обл. Отырар ауд. Шәуілдір а-ның солт.-батысына қарай, Отырар төбеден 10 км жерде орналасқан. Алғаш 1948 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. А.Н.Бернштам) тапқан. 1966-70 ж. Отырар археол. экспедициясы (жетек. К.Ақышев) зерттеу жүргізген. Ж-ның ежелгі атауы белгісіз. Бұрыштары – дүниенің төрт құбыласына сөйкес келетін төртбұрыш тәріздес, екі деңгейден тұратын төбе. Негізгі бөлігінің ауданы – 240х200 м. Оның шығыс шеті едәуір биік және трапеция тәріздес келген, табанының ауданы – 100х90 м, биікт. – 6 м. Әрбір бұрышында орналасқан мұнараларының қираған қалдығының биікт. – 7,5 және 10 м. Батыс қабырғасының орта тұсында орналасқан қос мұнара қала қақпасының екі жақтауын қорғау үшін салынған құрылыс болуы мүмкін. Батыс жағынан келіп қосылатын алаңша аса биік емес,

ауданы – 140х100 м, биікт. – 4 м. Төбенің беткі жағынан табылған ыдыс сынықтары қаланың 1-13 ғ-лар аралығында болғанын көрсетеді.

Әдеб.: Агеева Е.И., Пацевич Г.И., Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИЯЭ АН КазССР. – А.-А., 1958, т. 5.

Қ.Сарекенова

ЖАМАЛ АД-ДИН САИД ТҮРКІСТАНИ (т.-ө.ж.б.) – ортағасырлық ғұлама, математик. Толық аты – Жамал ад-Дин Саид ибн Мұхаммед ибн Мусаддық ас-Соғди ат-Түркістани. Өз аты – Жамал ад-Дин Саид. Әкесінің есімі – Мұхаммед. Түркістани оның Түркістандық екенін танытады. Алғашқы білімді өзі туып-өскен жерінде алған. Содан кейін Бұхара, Самарқанд шаһарлары мен алыстағы Бағдад, Дамаскіде білімін толықтырған. Математика саласында танымал болған ғалым заманында кеңінен пайдаланылған «Китаб әл-Әлайя» («Жоғары математика кітабы») атты трактат жазып қалдырған. «Ортағасырлардағы мұсылман математиктері мен астрономдары және олардың еңбектері» атты жинақта (1983) бұл трактат 1312 ж. жазылған делінген. Математиканың мәселелерін сөз ететін аталмыш еңбекке ғалымдар түсініктеме жазған. Міне, осындай түсіндірмелер ғалымның ойын пайдаланудың жолын жеңілдету мақсатында құрылған. Оның бір нұсқасы бүгінде Ресей ҒА Санкт-Петербургтегі Шығыстану ин-тының қолжазба қорында сақтаулы.

Әдеб.: Матвиевская Г.П., Розенфельд Б.А., Математики и астрономы мусульманского средневековья и их труды. – М., 1983; Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995; Казахстан. Национальная энциклопедия. – А., 2005.

Н.Мансұров

ЖАМАНТОҒАЙ ОБАЛАРЫ – Қола дәуірінен сақталған зират. Шардара ауд. Сырдарияның оң жағалауында, бұрынғы «Шардара құрылыс» кентінен 38 км. жерде орналасқан. Кейін Шардара су қоймасының астында қалған. 1959-63 ж. Шардара археол. экспедициясы (жетек. А.Г.Максимова) зерттеген. Топырақтан дөңгелектеп үйген 22 оба аралары 150 м. болатын 3 топқа бөлінеді. Обалардың диаметрі – 5-30 м, биікт. – 0,5-2 м. Барлығы 9 оба қазылды. Бұлар – мерзімі жағынан 4 тарихи кезеңнің ескерткіштері. Ең көнелері кейінгі қола дәуірі (б.з.б. 1-мыңжылдықтың басы) мен сақ дәуірінің алғашқы кезеңіне (б.з.б. 7-6 ғ-лар) жатады. Кейінгілері б.з.б. 1-мыңжылдықтың соңы – б.з.б. 1-мыңжылдығының басы және 3-5 ғ-ларға жатады. Ж. о-дан табылған заттай деректер тобында көптеген қыш ыдыстар, қола, темір, сүйектен жасалған қару-жарақтар, әшекейлер бар. Бұлардың ішінде мыстан құйылған қазан, темір қанжар мен қылыштар, сүйек садақ бөлшектері сирек кездесетін олжалар қатарына саналады. Зираттың 5, 9, 12-обаларында мүрделердің катакомбалы әдіспен жерленгені анықталды. Жерлеу ғұрпының бұл түрі Қазақстанда аз зерттеліп отыр. Бұл өлкеде көне дәуірден бері халық үнемі тығыз қоныстанып отырған. Тұрғындар, негізінен, мал, егін ш-мен, балық аулаумен шұғылданған. Сондай-ақ Орта Азия, Үндістан елдерімен экон. байланыстарды көрсететін деректер де бар.

Әдеб.: Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). – А.-А., 1968.

Қ. Саркенова

ЖАМАНТӨБЕ – ортағасырлық қоныс орны. Түркістан обл. Отырар ауд-ндағы



Жамантоғай обалары

Отырар қ-ның орнынан шығысқа қарай 7 км жерде орналасқан. 1969–77 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. К.Ақышев) зерттеген. Кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілмеген. Ортағасырлық қалалық мекендердің ғыл. жүйесі бойынша Ж. қонысы «алаңқайлы төбелер» түріне жатады. Ғыл. сипаттамасы сыртқы ерекшеліктері мен жер бетінен жиналған қыш үлгілеріне негізделген. Ескерткіш – пішіні жағынан диаметрі 60 м, биікт. 5 м, үсті тегіс төбешік. Осы төбені айнала өтетін төм. алаңның пішіні дөңгелек, диаметрі – 160 м, биікт. – 2,5 м. Зерттеу барысында табылған қыш ыдыстардың дені ернеуі созылыңқы жасалған құмыра сынықтары. Көршілес Отырар қ-ның қышымен салыстыра отырып, ғалымдар Ж. қонысын 8-10 ғ-ларға жатқызады.

Әдеб.: Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б., Древний Отрар. – А.-А., 1972.

Қ. Саркенова

ЖАНЫС БАБА КЕСЕНЕСІ – Сайрам ауд-ның Қарамұрт а-ндағы сәулет өнер ескерткіші. Ескерткіш 2004 ж. тұрғызылды. Жаныс баба 758-834 ж. аралығында өмір сүрген тарихи тұлға. Кесене авторы – Асқар Әзімбаев. Ел аузында «Жаныс бабаның ақжал арыстандары болған»



Жаныс баба кесенесі

деген сөз бар. Сондықтан кесененің кіре берісіне айбатты қос арыстан бейнесі орнатылған. Кесененің биікт. – 27 м, шаңырақтағы күмбезінің шеңбері – 9 м. Кесененің ішкі жағы сегіз қырлы болып келеді. Бұл Жаныс бабаның сегіз баласының болғанын меңзейді және әр қанатта сол аталарының шежіресі жазылған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., 2005; <http://kerekinfo.kz/2017/08/22/otstik-azhauyptaryzhanys-baba-kesenesi.html>.

Л.Еспекова

ЖАҢАҚОРҒАН – Түркістан обл-ндағы көне елді мекендердің бірі. Орыс деректерінде Янкурған, Бабан Елган деген атаулармен белгіленген. Оның орны Түр-

кістан қ-нан солт-ке қарай 40 км жерде орналасқан Бабайқорған елді мекені ішіндегі Төрткүл-Бабайқорған төбесімен сәйкес келеді. Алғаш рет 16 ғ. жазбагері Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атты шығармасында Сауранның бір елді мекені ретінде аталады. «Книга Большого чертежа» атты деректе Янгурган деп көрсетіледі. Бабайқорған елді мекенінің шығыс шетінде орналасқан Төрткүл-Бабайқорған төбесіндегі археол. зерттеулер оның 15-18 ғ-ға жататынын анықтады. Оның үстінде қазір мешіт ғимараты бар. Бабайқорған а. ортасында тұрған Айнакөл-Бабай атты төбедегі қазбалар оның 9-14 ғ-ға сәйкес келетінін көрсетті. Ескі бекініс Бабайқорған деп аталса, 15 ғ-да жаңа тұрғызылғаны Жаңақорған деп аталған. 1691 ж. орыс құжатында Баба Елган деп аталған елді мекен – Бабайқорған атауының бұрмаланған нұсқасы.

Әдеб.: История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.6. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.1. – А., 2005; Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII–XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А., 2014. – С. 621-642; Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII–XIX вв.). – А., 2009.

М.Қожа

ЖАҢАШІЛІК ТҰРАҚТАРЫ – мезолит дәуірінен сақталған ескерткіштер. Түркістан обл. Отырар ауд. Жаңашілік а-ның маңында орналасқан. Бір-бірінен ара қашықтығы 600-800 м болатын 3 тұрақ табылған. Ж. т-ны Қазақстан ҒА-ның Тарих, археология және этнология ин-тының Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының тас ғасырымен шұғылданатын

отряды (жетек. Х.А. Алпысбаев) 1974 ж. зерттеген. Ж.т. 1, 2, 3-ескерткіштерінде қабыршақтар, тас жаңқалары, тас тілікшелері, өндіріс қалдықтары көптеп кездескен. 3 сегмент және 3 трапеция табылған. Күл, хайуанаттар сүйектері мен құмтас пен кварциттен жасалған жұмыртастар ұшырасқанымен, құралдардың көбі халцедоннан дайындалған. Тас жаңқалары өте көп. Призма тәріздес, призмалық және диск тәріздес нуклеустер де бар. Бұлар көрші жатқан Орта Азия аймақтарынан жиналған нуклеустерге ұқсас. Қырғыштардың бір бөлігі кескіштер рөлін атқарса керек. Ал кескіштердің кейбіреулері пышақ ретінде пайдаланылуы мүмкін. Шағын тас тілікшелері (1,3-4 см аралығында) аса ыждағаттылықпен қашалған. Ж. т-ны мекендеушілер садақты қолданғандығында шүбә жоқ. Оны табылған құрал-жабдықтар растап отыр. Құралдардың жаңа түрі де кездеседі. Пышақ тәріздес тас тілікшелері мен сүйірлер, шеті иірімделген тас тілікшелері мен қырғыш-кескіштер, ұзынша трапециялар мен долото секілді бұйымдардың жасалу техникасында кейінгі палеолит дәуірінің әсері бар.

Әдеб.: Алпысбаев Х.А. Мезолитические и неолитические стоянки Южного Казахстана // Археологические исследования в Отраре. – А.-А., 1977; Байқонақов Д.С. Қазақстанда мезолиттің зерттелуінің кейбір мәселелері // ҚазМҰУ хабаршысы, Тарих сериясы. – 1994, №14. https://www.inform.kz/kz/babalar-sozi-shauildir-atauy-turaly-anyz_a2816787.

Қ.Саркенова

ЖАУҒАШ ҚЫРБАСҰЛЫ (1731, Алматы обл, Қарасай ауд. – 1782, Жамбыл обл. Меркі ауд.) – Абылай ханның әскери қолбасшысы, елші. Ұлы жүз құрамындағы Ботбай руының Қоралас атасынан

шыққан. Абылай хан оның ерлігін жоғары бағалап, «Жаралы жолбарыс» деп атаған. 1731 ж. күзде қазақтар жеңіске жетіп, жоңғарлар қашқан Шу мен Талас маңындағы шайқас кезінде туғандықтан әуелгі қойылған есімі Жауқашты екен, анасы Қоңырбике еркелетіп, Ж. атанып кеткен. Әкесі Қырбас 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғарлармен болған бірқатар шайқастарға қатысқан, Аңырақай шайқасында Ботбай қолын басқарған. Сәмен батыр әскерінде мыңбасы болған. Ж. 17 жасында атқа қонып, қасындағы Қарлық, Майлыбай сияқты серіктерімен ел еркіндігі жолында Абылай ханның орда сарбаздарының қатарын толықтырған. Ж-ның Абылайға қай ж. келіп қосылғаны туралы нақты дерек жоқ. Оның Абылай ордасындағы қызметі туралы архив құжаттары көрсеткен уақыт – 1756 ж. Әмірсана қазақтардың арасына, Абылайға келіп пана тапқаннан кейін болған қақтығыстарда қазақтың бірнеше батырлары Цин жағының қолына түсіп қалады. Сол батырлардың ішінде Ж. да болады. Цин жағы батырлардың бірнешеуін кепілдікте ұстай отырып, Ж. бастаған бір-екеуін Абылайға хабар беруге жібереді. Онда Абылайдың Әмірсананы ұстап беруі туралы талап айтылған еді. Орт. Азиядағы халықар. қатынастарды зерттеп, көп еңбек жазған В.С. Кузнецов «Әмірсана» атты моногр. жұмысында Ж-ның қытай әскерінің қолбасшысы мен Абылай арасында елшілік сапармен екі рет барып-келгенін көрсетеді. Қытай императорының Абылайға 1765 ж. шілде айында жолдаған хатында қырғыздардың қазақ жеріне көп қолмен кіріп, қыруар адам қырғынға ұшырағаны, мол олжа түсіп, талан-тараж болғаны баяндалады. Хат мазмұнына қарағанда Абылай императорға елші жіберіп, одан әскери көмек

сұрағанға ұқсайды. Осы 17 адамнан құралған елшіліктің басында Ж. батыр болған. Ж. батыр 1771-74 ж. қырғыздармен қақтығыстардың мәмілегерлікпен аяқталуына ат салысқан. Қырғыз Момахан батыр мен Жайыл батырдың баласы Итекеге ара түсіп, Абылай ханның кескен өлім жазасынан аман алып қалып, қазақ-қырғыз арасындағы бауырластықтың сақталуына үлес қосқан. 1769 ж. Абылайдың тапсырмасымен қырғыз манаптарына ынтымақ туралы ұсыныспен бірнеше рет елші болып келген. Баяндалған жайлар Ж. батырдың тікелей араласқан істерінен мәлімет береді. Тарихи жырлар мен аңыздарда, құжаттарда ұшырасатын деректер мен мәліметтерде Ж., негізінен, белгілі би ретінде елшілік қызметтерді атқарады. Ж. – Қытаймен мәмілегерлік байланыстар орнатып, қазақ-қырғыз қатынастарының дамуына, елдер арасындағы қайшылықтардың шешім табуына зор үлес қосқан қайраткер. Ж. батырға Абылай аманат етіп тапсырған, жоңғарларға қарсы соғыстарда көтерген қасиетті жеңіс туы батырдың ұрпақтарының қолында күні бүгінге дейін сақтаулы екен. Ж. батырдың сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде, дәліздің Ақсарай жағына, Абылай ханның қасына жерленген. Қазіргі Жамбыл обл. Меркі ауд. Папанин а-на Ж. батыр есімі берілген.

 Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. Т.1. – А.-А., 1984; Салғараұлы Қ. 100 құжат (қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – А., 1998; Әбілдаулы Б. Жауғаш батыр – Абылай ханның елшісі (тарихи-деректі роман). – А., 1999; Дәдебаев Ж. Атыңнан айналайын Әулие ата: тарихи-филологиялық зерттеулер. – Алматы, 1998.

М.Миразов

ЖӘБІРЕЙІЛ АТА КЕСЕНЕСІ – сәулет ескерткіші. Түркістан. обл. Қазығұрт ауд. Тұрбат а-нда орналасқан. Аңыздар Жәбірейілді Ысқақ перзенті деп таниды. Ысмайыл ата ортағасырлық сәулет өнер кешені құрамында. Күйдірілген «еуропа» үлгісіндегі қыштан көтерілген. Байырғы кесене орны 19 ғ. аяғы мен 20 ғ. басында жаңартылған. Біркамералық порталды күмбезді кесене. Ішкі бөлме шаршы үлгіде. Бір қабырғасының ұз. 4 м шамасында. Есігі оңт. жақтағы терең ойықты П-үлгісіндегі порталды қабырға ортасында орналасқан. Портал бұрыштары төрттен үш үлгісіндегі ұстын әсемделген. Кесененің батыс қабырғасы да архит. тұрғыдан ойықтармен әспеттелген. Ортаңғы ойықта терезе орны қалдырылған. Ескі күмбезі мен портал парапеті бұзылып кеткен.

 Әдеб.: Тұяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н. Архитектурный комплекс Исмаил-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 184-187.

М.Қожа

ЖӘНІБЕК Өзбекәлі (28.8.1931, Түркістан обл. Отырар ауд. Сарықамыс а. – 22.2.1998, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Шәуілдірдегі Жамбыл атынд. орта мектепті (1948) ж. бітіріп, Алматыдағы Абай атынд. қазақ пед. ин-тының тарих ф-тін (1952) бітірген. Оңт. Қазақстан обл-ның Келес ауд-ндағы «Ленин жолы» орта мектебінде еңбек жолын бастап, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1955 ж. тамызда ауд. партия к-тінің штаттағы насихатшылығына бекітілді. Осы ж. 19 қарашада ауд. комсомол к-нің бірінші хатшысы болып сайланды. 1956 ж. обл. комсомол к-тінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы, 1959 ж. 27 желтоқсанда Оңт. Қазақстан обл. комсомол к-тінің бірінші хатшылығына сайланды. 1961 жыл-

дың қыркүйегінен Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Орт. К-тінің аппаратына үгіт және насихат жөніндегі хатшысы болып қызметке ауысты. 1962 ж. 27-28 ақпанда Қазақстан комсомолының 10-съезі өтті. Съезден кейін 1 наурызда өткен Орт. К-тің Ұйымдастыру Пленумында Ж. Қазақстан Комсомолының бірінші хатшысы болып сайланып, 1970 жылдың аяғына дейін осы қызметті атқарды. 20 ғ-дың 60-жылдарындағы рухани өрлеу жастардан басталды. Ж. сол кездегі жастарға ерекше қамқор болып, олардың шын мәніндегі рухани жетекшісіне айналды.



Қазақстан комсомолы мемл. сыйл. белгіленіп, алғашқы лауреаттық С. Ерубаевқа берілді. 1970 ж. 23 қарашада Торғай обл. ұйымдастырылып, Ж. жаңа облыстың партия к-тінің хатшысы болып сайланды. Ол Торғай обл-н құруда, оның әлеум. құрылымын қалыптастырып, мәдениет саласының кеңінен өркен жаюына ерекше еңбек сіңірді. 1975 ж. жазда Қазақстан Компартиясы Орт. К-тінің аппаратында сыртқы елдермен байланыс бөлімі құрылып, оған меңгерушілікке Ж. бекітілді. Екі жылда бөлімнің жұмысын жолға қойып, Қазақстанның шетелдер-

мен түрлі салада байланыс орнатуына өзіндік үлес қосқан Ж. 1977 ж. Қазақ КСР Мәдениет Министрінің орынбасары болып тағайындалғанда оған: «...халықтың мәдени мұрасының әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемл. есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіру, мұражай ісіне басшылық ету, т.б.» міндеттер жүктелді. Осы мәселелер екі рет үкіметте, бір рет Орт. К-те қаралып, он облыста тарихи жәдігерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Осы салада Ж-ның Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи сәулет ғимаратына сіңірген еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ең алдымен, құрылыстың ауытқи бастаған, опырылып қалу қаупі төнген бөліктері – Бас портал мен мешіт анықталды. Кең ауқымды жұмыстардың нәтижесінде кесене-мешітінің негізгі 8 залында, сол сияқты 15-16 ғ-ларда тұрғызылып, 1972 жылға дейін жұмыс істеген Шығыс моншасында, 19 ғ. жұма мешітінде ж-на 450-500 мыңға жуық келушілер тамашалайтын мұражай экспозициясы орналастырылды. Бұлардан басқа Есімхан кесенесі, Шілдехана ғұрыптық орны, Қылует жертөле ханакасы, ныспысыз сағана, қам кірпіштен тұрғызылған қамал қорғанның шығыс бөлігі қалпына келтірілді. Рабия Сұлтан Бегім күмбезі қайтадан тұрғызыла бастады. Осылай Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1977 ж. 8-желтоқсанда қабылданған «Түркістандағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратында қайта ұқсату жұмыстары жөнінде» №559 қаулысында қаралған іс-шаралар негізінен жүзеге асырылды. Бірақ барлық жұмыс өз дәрежесінде жүргізілмеді. Мысалы, 1982 ж. 26 наурызда үш күн бойы жауған жаңбырдың әсерінен қам кірпіштен қайта қаланып жатқан бекіністің 19 м.

опырылып қалады. Себебі жұмысшылар қорғанның ішін топырақпен толтырып, тек сыртын қам кірпішпен қаптаған. Кездескен көп қиыншылықтар ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде жолға қойылды. Ж-ның осы қызметте жүріп ерекше көңіл бөлген істерінің бірі қасиетті Тайқазанды Түркістанға қайтару болды. 1930 жылдары Түркістандағы қасиетті Ахмет Ясауи кесенесінен әкетіп, Ленинградтағы Эрмитажға қойылған Тайқазанды қайтарып беруді сұрап, Қазақстанның мәдениет министріне бірінші болып хат жазды. 1989 ж. қыркүйек айында қасиетті Тайқазан Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық бөлмесіне, өзінің құтты орнына келіп қонды. Әрине, бұл қазанның қайтып келуіне көп адамдар ат салысты, дегенмен бұл істі бірінші болып мемл. деңгейде көтерген Өз-аға болатын. Ж-ның ұйымдастырушылық еңбегінің арқасында кесене 1978 ж. қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи респ. мұражайы, 1989 ж. 28 тамызда Қазақстан Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» болып ашылды. Ал 2003 ж. 23 маусымда Парижде ЮНЕСКО-ның 27 сессиясында кесене дүниежүз. «Мәдени мұра» тізіміне енді. Ж. 1984 ж. сәуір айында Алматы обл. кеңесінің сессиясында обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1987 ж. қыркүйекте Ж. Мәдениет министрі болып бекітілгенде мәдениет пен өнер саласында шешімін күтіп жатқан мәселелер көп болатын. Өзіне таныс қызметке белсене араласып кеткен ол бұл орында көп отырмады. Ж. 1988 ж. 9 ақпанда Қазақстан Компартиясы Орт. К-тінің хатшысы болып тағайындалды. Бұл мезет Желтоқсан оқиғасы, жаңа басшы мен Орт-тың қазақтарға деген көзқарасын өзгерткен «Қазақ ұлтшылдығы» туралы қаулы шыққан кезең

еді. Екі оттың ортасында қызмет атқарған Ж. ұлт мүддесі үшін істің пайдалы жолын таба білді. Тарих пен қазіргі кезеңге, ұлтаралық қарым-қатынас және интернационалдық тәрбие тақырыптарында респ. ғыл. конференциялар ұйымдастырды. Алашорда қозғалысын жаңаша бағалау, Наурыз мерекесін жандандыру, Желтоқсан оқиғасына оң баға беру, Қазақ тілінің статусын көтеру, т.б. көптеген игі істердің жанашыры болды. М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. 1991 ж. 7 қыркүйекте компартияның кезектен тыс төтенше съезі өтті. Съезде Қазақстан компартиясы өзінің КОКП құрамынан шығатынын мәлімдеді. Осылай Қазақстан компартиясы таратылып, Ж. зейнеткерлікке шықты. Зейнеткер Ж. тарихи-этногр. бағыттағы ғыл. еңбектерін жалғастырды. Депутат ретінде тәуелсіз Қазақстанның алғашқы тарихи заңдарын талқылауға, қабылдауға ат салысты. Өз өмірі жайлы «Тағдыр тағылымы» (1996-97) атты екі кітаптан тұратын мемуарлық еңбегін жазды. Үшінші кітабын бастады. Өкініштісі, кітап аяқталмай қалды. Жарық дүниедегі өмірі тұйықталар тұста да, Ж. тарих тұңғышына үңіліп, Әмір Темірдің Ахмет Ясауи құтхана-мешітіне кепілдік (вакуф) бұйрығын қазақ тіліне аударды. Ол «Қазақстанның тұңғыш этнографтары жинағында жарияланды». Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінде 2009 жылдан бері жыл сайын дәстүрлі «Өзбекәлі Жәнібек оқулары» атты респ. ғыл.-практ. конференция өткізіліп келеді. Өз аманаты бойынша туған жері Отырарға – Арыстан бап кесенесінің жанына жерленді. Қабірінің басына қазіргі заманғы сәулет талпаптарына сай кесене тұрғызылған. Ж-тің бастамасымен Қазақстанның көптеген

қалаларында этногр. мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды. Ж. «Шертер», «Адырна», «Алтынай», т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемл. тұжырымдамасын жасауға қатысты. «Қазақтың ұлттық қол өнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, 1-кіт., 1997, 2-кіт.) атты еңбектері жарық көрген. 3 мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Әдеб.: ОҚ ОММ 362-қор, 1-тізбе, 142-іс; ОҚ ОММ 362-қор, 1-тізбе, 443-іс; Первые руководители комсомола Казахстана. (192-1991): биографический справочник. Составители: Ашимбаев Д.Р., Дегитаева Л.Д., Касенов Б.А. (отв.). – А.: ТОО РПИК «Дәуір»; ҚР ПМ 812-қор, 26-тізбе, 20-іс; Жәнібек Ө. Тағдыр тағылымы (Естеліктер). – А.: «Рауан», 1997; ҚР ПМ 812-қор, 34-тізбе, 1-іс; ҚР ОММ 1890-қор, 3-тізбе, 2001-іс; Тұяқбаев Қ. Өз-аға – Өз-ағам // Өзбекәлі Жәнібек Жарияланбаған жазбалар мен ол туралы естеліктер. – А.: «Арыс», 1999. – Б. 225-232; Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс», 2005, – 456 бет; ҚР ПМ 708-қор, 139-тізбе, 3033-іс; Әмір Темір көрегеннің Ахмет Ясауи құтхана-мешітіне кепілдік (вакуф) - бұйрығы // Первые этнографы Казахстана (Автор предисловия и составитель Узбекали Жанибек). – А.: «Білім», 2002. – Б. 131-135.

Б.Адырбек, Х.Тұрсұн

ЖӘНІБЕК ХАН БАРАҚҰЛЫ (т.-ө. ж.б.)

– Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған тұлға. Керей мен Ж. хан қос билеуші ретінде билік құрған жылдары 1465-66 - 1473-74. Жәнібектің төл аты Абу Саид (Бу-Саид, Мәшһүр Жүсіпте Әбусәғит үлгісінде жазылған), Ж. – лақап аты. Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде оны Кіші Ж. деп атайды. Ж. хан жас жағынан

Керей ханнан кіші болған. Кейбір зерттеушілер оны кем дегенде 58-60 жыл жасаған, ол Керей ханнан бұрын дүние салған дейді. Алайда әкесі Барақ ханның 1428 ж. қайтыс болғанын ескерсек, Ж. 1429 жылдан кейін туылмаған. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде келтірген мәліметтер бойынша Ж. х-дан бұрын Керей хан қайтыс болған делінеді. «Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі» деген мәлімет және басқа да дереккөздер оның Шу-Қозыбасы аймағына 15 ғ-дың 50-60 ж. көшіп келмей тұрып-ақ Шығыс Дешті-Қыпшақ аум-ндағы өз ұлысында хан болғанын көрсетеді. Кейбір зерттеушілер Ж. Керейден кейінгі Қазақ хандығын басқарған хан деп санайды, оның билік мерзімі деп 1471-80 жылдарды белгілейді. Шығыстанушы Т.И. Сұлтанов Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» жазбасына сүйеніп. Ж. күллі қазақтың ханы болмаған, ол кіші хан болса керек, Керейден кейін таққа Бұрындық ие болған да Ж. соған бағынышты болған деген пікір айтады. Бұл тұжырымға аталған деректегі мына хабар негіз болған: «Бір кезде өз әкесі Жәнібек Керей ханның билігіне бас ұрғаны сияқты, Қасым да Бұрындық ханды ұлық тұтты». Ж. ханның әкесі атақты Барақ хан, атасы Құйыршық хан, бабасы Орыс хан – Ақ Орданың тағын иеленген кісілер. Қадырғали Жалайыр жазбасында мынадай мәлімет бар: «Оның (Барақтың) ұлы Кіші Жәнібек хан деп атанған. Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі». Тарихи деректер қазақ хандарының шығу тегіне байланысты екі түрлі нұсқа ұсынады. Қазақ хандарын Жошының ұлы Тоқай Темірден тарататын ортағасырлық деректер бойынша, Ж. арғы бабалары – Шыңғыс хан, одан Жошы хан, одан Тоқай-Темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бәдіғұл (Бадик),

оның ұлы атақты Орыс хан. Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен тарататын деректер бойынша Ж. арғы бабалары Орда Ежен, оның ұлы Сасыбұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай, оның ұлы Орыс хан болып келеді. Ж. ханның тоғыз ұлы болған. Олардың есімдері төмендегідей: үлкен ұлы – Иренджі (М. Мағауин бойынша – Еренші), Махмұд, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Таныш, Өсек, кенжесі – Жәдік. Шығыс қолжазбаларында Ж. ханның басқа перзенттері аталмайды. Тоғыз ұлға қоса Ж. ханның Аман бике атты қызы болғанын біз Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде тұрған 1519 ж. құлпытастағы жазудан аңғара аламыз. Құлпытастағы жазу оның иесі – Мастура Аман бике ханым Барақ ханның баласы Ж. ханның қызы деп көрсетеді. Сондықтан Ж. ханның ұрпағын айтқанда оның 9 ұл және бір қызы бар деп белгілеуіміз керек. Ж. хан мен Керей хан жақтастарымен Моғолстандағы Шу-Қозыбасы аймағына 1459-60 ж. көшіп келіп орныққан соң, ордаларын іргелендіре бастайды. Ж. х. мен Керей хан 1465-66 ж. Моғолстан билеушісіне тәуелсіз жеке дара мемлекет – Қазақ хандығын құрады. Айналасында ыдырап, бір-бірімен соғысып тозып жатқан елдерден өз туыстарын, қандастарын жинайды. Осының арқасында қол астындағы халық саны өседі. Ж. хан Жетісу аймағында нық орнығып алған соң, Шығыс Дешті-Қыпшақты, Түркістан аймағын қайтарып алу үшін күрес жүргізді. Осы аймақтардағы соғыс барысында әскер бастаған Ж ханның ұлдары жиі аталады. Ж. тұңғышы – Еренші сұлтан Сауран қ-ның билеушісі болып бір шайқаста Шибанилер әскерін тас-талқан етеді. Екінші ұлы – Махмұд сұлтан Созақ қ-ның әміршісі болып Қазақ хандарының жауларымен болған шайқастарға қатысады.

Әдеб.: Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – А., 1997; Қожа М. Йасы-Түркістан тарихы. История Йасы-Түркістана. – А., 2000; Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1995; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; Пищулина К.А. Казахское ханство в XV в. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней в 5 томах. Т. 2. – А., 1997; Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингисхана. – А., 2001; Қазақ хандары. – А., 2015.

М.Қожа

ЖӘНІБЕК ХАН – 18 ғ-дағы қазақ хандарының бірі, Есім ханның үлкен ұлы. Орыс деректері оны «царь» лауазымында атайды. Шығыс деректерінде есімі Джанибек, орыс деректерінде Яныбек деп жазылған. Туған ж. белгісіз. Шығыстанушы Т.И. Султановтың пікірінше, Ж. х. 18 ғ-дың 40-жылдарының басында ойраттармен болған шайқастардың бірінде қаза тапқан. Ж. хан, тарихшылардың болжамы бойынша, қазақ хандарының Жәдік әулетінен тарайды. Деректерде оның балалары туралы мәлімет кездеспейді. И.В. Ерофееваның пікірінше, Ж. х. Қазақ хандығында 1628 ж. мен 18 ғ-дың 40-шы ж. жоғары билікті иеленген. «Бахр ал-асрар» атты шығыс дерегінде 1611 ж. Есімхан Орта Азияның бір бөлігін басып алғанда Жәнібек сұлтанды Маураннахрдағы алты иеліктің бірінің бас қ. Сағарджа шахарына әкім етіп тағайындаған. Жәнібек ханның есімі Қазақ хандығына шығыстан үлкен қауіп төндірген ойраттармен көп соғысқандығымен тарихта қалды. Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген.

Әдеб.: Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингисхана. – А., 2001. – С. 222.

Х.Тұрсұн

ЖӘҢГІР ХАН (Салқам Жәңгір хан) – Ж. х-ның есімі – Жахангер (парсыша «әлемді бағындырушы, билеуші») болған. Жәңгір болып айтылуы парсыша есімнің қазақ тілінің ерекшелігіне сай өзгертіп айтылуынан қалыптасқан. Қазақ ханы Есім ханның ұлы Ж. хан билік еткен уақыт жоңғарлардың қазақ жерін жаулап алуға бағытталған үздіксіз жорықтар кезеңі болды. 16 ғ. соңы 17 ғ. басында Есім хан Түркістанда, Қазақ хандығының орт-нда өмір сүрді. Ж. хан осы Түркістанды мекендеді. Ханның ордасы Түркістанға таяу маңда орналасқан еді. Ж. ханның туған ж. мен қайтыс болған жылдары туралы бірнеше пікір кездеседі. Бір деректерде туған ж. 1629 ж., өлген ж. 1680 ж. деп көрсетілсе, келесі мәліметтерде туған ж. белгісіз, қайтыс болған ж. 1652 ж. деп берілген, тағы бір деректе 1610-1652 ж. өмір сүрген делінеді. Ж. ханды халық «Салқам Жәңгір» деп атаған. Бұлай аталуын ханның ерекше батырлығымен, сыртқы келбетімен байланыстырады. Ханның бойы аласа, мол денелі, шымыр кісі болған деседі. Ж. хан билік еткен жылдары жоңғарларға қарсы күрес, жорықтар толастамаған кезең болды. Ғұмыры елді шапқыншылықтан қорғау жолында өткен Ж. ханға қатысты қазақ елінің ерекше мақтана айтар ерлік істері аз емес. 17 ғ-дағы қазақ хандығының саяси жағдайы әскери жорықтар мен жоңғарлардың шапқыншылығына қарсы күреске толы болды. Жоңғар билеушілерінің көшу-қону, жерлерін ұлғайту, Сыр бойындағы сауда орт-тарын басып алуға негізделген шапқыншылық жорықтары елдің шырқын, бейбіт өмірін бұзып, көптеген шығындарға алып келді. Тарихта Ж. хан елдер арасында елшілік қатынастарды жүргізген, соғыс өнерін жақсы игерген тұлға ретінде белгілі. Сол кезеңде Ж. хан Бұхар



Орбұлақ шайқасы

хандығымен келісімге келуге ұмтылады. Ж. ханның тұсында қазақтар мен ойрат жоңғарлар арасында үш ірі шайқас: бірінші шайқас – 1635 ж., екінші шайқас – 1643 ж. (Орбұлақ шайқасы), үшінші – 1652 ж. болды. 1635 жылғы шайқаста қазақтарға жоңғарлардың жер қайысқан қолы қарсы шықты. Осы ж. қазақтардың ойраттармен болған соғысында, бірінші қақтығыста қазақ қолдары жеңіске жетеді. 17 ғ-дың бірінші жартысындағы орыс деректерінде Ж. хан есімі «Жәңгір сұлтан», «Салқам Жәңгір» деп кездеседі. 1635 ж. Ж. хан әлі де «сұлтан» аталды. Жауға қарсы ел үшін шайқасқа жастайынан қатысқан Ж. хан өзінің жаужүректігімен елге белгілі болды. 17 ғ-дағы жоңғар әскеріне қарсы жойқын соғыстардың бірі – Орбұлақ шайқасы болды. 1643 ж. қыста Батыр қонтайшы қазақ жеріне 50 мың әскерімен шабуыл жасап, Жетісу өңірінің үлкен бөлігін жаулап, он мыңға жуық адамды тұтқынға алады. Осындай әрекетті тойтару үшін болған ірі шайқас туралы дерек Орыс мемлекетінің жоңғар хандығымен байланысына қатысты құжаттарда да кездеседі. 600 адамнан жасақталған әскермен Ж.х. 50 мың қолдық жоңғарларға қарсы тұрып, ерекше әскери айла-тәсіл көрсетті. Осы шайқаста жаужүрек қол-

басшы әскері отты қаруларды қолданады. Тарихта шайқастың аты Ор атты тау өз. жанында болғандықтан «Орбұлақ» шайқасы деп аталды. Көмекке 20 мың әскерімен келген Самарқанд билеушісі Жалаңтөс батырдың әскери көмегінің арқасында қонтайшы 10 мың әскерінен айырылып қашты. Ж. хан, Жалаңтөс батыр бастаған қазақ қолдарының жеңіске жеткен Орбұлақ шайқасы батырлық, ерлік, отаншылдықтың ерекше үлгісі болып қазақ тарихына енді. Орбұлақ шайқасында Батыр қонтайшының көп әскермен аз қазақ әскерлерінен жеңілуі оның беделін түсірді. Ж.х. ерекше ерлігін халық қолдап, 1643 жылдан кейін «Салқам Жәңгір хан» аталады. 1928 ж. археолог М.Е. Массон, 1958 ж. Н.Б. Немцева жүргізген зерттеулерде көне кесенелер қалдығы табылғаны айтылады. 1958 ж. Н.Б. Немцева табылған кесенені зерттеп «Есім хан немесе Жәңгір хандікі болар» деген болжам айтады. Қазақ халқының тарихында өзінің ерекше батырлығымен қалған хандарының бірі – Ж. хан. Ол өз елінің шынайы жанашыры, өз дініне берік тұлға ретінде көріне білді. Тарихи деректерде көрсетілгендей Ж. ханның жоңғар тұтқынында ламаизмді қабылдауға байланысты қиын кезеңдерді өткізіп, өз дініне беріктігін сақтап қалуымен ерекшеленеді. Хан аталуы 1743 жылғы атақты шайқастан кейінгі кезеңдерден басталады. Ж. хан қазақ тарихында атақты қолбасшы ретінде қалды. Ж. ханның нәтижелі әскери шабуылдары мен жорықтары, батырлығы ел санасында өшпес орын алды. Ж. хан – ел басқарған саясаткер, елін жаудан қорғаған батыр, дініне, діліне берік қазақ ретінде көрінген тұлға. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте одақтасу жұмыстарын алға ілгерілетті. Қазақ батырларының ел үшін, жер үшін күре-

суіндегі бірлігі мен ынтымақтастығын, жоңғарларға қарсы шайқастағы бір-біріне көмегін тарихи деректер дәлелдейді. Ж.х. саяси билікті басқарып, қан майданда жауға қарсы тұрып, жеңе білген батыр ретінде ұрпақтар санасында қалды. Қайтыс болған соң, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңайына жерленеді.

Әдеб.: Салқам Жәңгір хан. –Түркістан, 2011; Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 2-т. – А., 1998; Түркістан. Халықар. энциклопедия. – А., 2000; Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. – А.-А., 1991; Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана. – А., 2001; История Казахстана в русских источниках. I том. Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв). – А., 2005; Тынышпайұлы М. XVI-XVIII ғасырдағы қазақтар // Қазақ тарихынан. Құрастырған Е. Аққошқаров. – А., 1997; Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – Алматы, 1999; Казахи. 1 т. Исторические события. – А., 1998; Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – А., 1994; Пищулина К.А. Присырдаринские города и их значение в истории казахских ханов в XV-XVII веках // Казахстан в XV-XVIII веках. – А.-А., 1969; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. – Туркестан, 1998; Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. –Изд. 3-е. Исправленное и дополненное. – А., 2007.

Д. Мұстапаева

ЖӘҢГІРОВ ШӘДІ (1855, Сырдария губерниясы, Түркістан уезі, Ж.бұлақ болысы, (қазіргі Созақ ауд.) - 12.11.1933, Өзбекстан, Сырдария обл. Қаратөбе мекені) – қазақ ақыны. Төре әулетінен шыққан. Әкесі – Жәңгір (Жаһангер) момын мінезді, шаруаға икемді, ал анасы – Мәуті әнші, домбырашы кісі болған. Шәді сауатын ерте ашады. Шаян (1865-67), Қарнақ (1868-70), Бұхарадағы Көкелташ (1871-76) медреселерінде оқып білім

алды. Араб, парсы, түрік, шағатай тілдерін үйреніп, Шығыс шайырларының, философтарының, тарихшыларының еңбектерін түпнұсқадан оқып сусындады. Орта Азияның көптеген шаһарларын аралайды, өзбек, тәжік, қарақалпақ, түрікмен ақын-жырауларымен, әнші-күйшілерімен танысады. 1877 ж. туған мекені Қызылкөлге оралады. Ж. – Шығыс класс. әдебиетінің назиралық үлгісін жете меңгерген, гуманистік, ағартушылық бағытта дәстүрлі тақырыптарды жырлаған, мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желісі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума төл шығармалар жазған ақын. Ол ұлы орыс халқының ерлікке толы тарихынан реалистік поэма («Ресей патшалығында Романов нәсілінен хұқымыранлық қылған патшалардың тарихтары нәм ақтабан шұбырыншылық заманнан бері қарай қазақ халқының ахуалы». – Орынбор, 1910) жазды. Ж. бұл шығармасында Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивтік мәнін нақтылы тарихи деректермен, білгірлікпен көрсеткен. Оның әдеби мұрасы мол. 30-ға жуық дастан және көптеген өлеңдер жазып, кітап етіп бастырып шығарған. Көлемді шығармаларынан әзірге табылғаны – 18 дастан. Олардың көбі Ташкент қ-ндағы Ғ.Х. Ғарифжанов баспаханасынан әр кезде басылып шыққан: «Шәр дәруіш» («Төрт дәруіш», 1913, 1914), «Хикаят Қамарзаман» (1914), «Назым Сыяр Шәриф» (1913), «Хатымтайдың хикайасы» (1914), «Хикаят Халифа һарон-ар Рашид» (1914), «Хикаят Орқа-Күлше» (1917), «Қарунның жер жұтқан оқиғасы» (1917), т.б. «Тарихнама» атты тарихи дастаны қолжазба күйінде сақталған. Шәдінің сүбелі шығармасының бірі – «Шер дәруіш» («Төрт дәруіш»). Бұл дастан бір басылымында (1913) «Назым шәр дәруіш»

деп те аталған. Шығарма сюжеті «жеті ықылым жер жүзінің бәрін кезген» төрт жиһангездің басынан кешкен оқиғалары арқылы өрбиді. Ақын дастанында адамның рухани мүмкіндігіне, күш-құдіретіне шексіз сенім білдіреді, адам бойындағы ең асыл қасиеттерді, ақыл-ойды, махаббатты, әділдікті, бауырмалдықты мадақтайды. Бұл дастан сюжеті бұрын да өзге түркі халықтары арасына қисса болып кең тараған. Ж. «Хикаят Халифа һарон-ар Рашид» дастанын да Шығыс аңыз әңгімелерінің сюжетін пайдалана отырып жазған. «Атымтай Жомарт хикаясы» деген атпен қазақ арасына тараған әңгіме сюжетіне құрылған «Хатымтайдың хикаясы» атты дастанда мазмұны жағынан өзара сабақтас төрт хикая бар. Ақын бұларда жұртты адамгершілікке, мейірімді, бауырмал болуға үндейді. Сараңдық пен дүниеқұмарлықты тәркі етеді. Ал «Хикаят Орқа-Күлше» атты лиро-эпик. дастанында екі жас арасындағы мөлдір махаббатты жырлады, шынайы достық, ізгі адамгершілікті мадақтады. Бұл дастан оқиғасы да ертеректе шығыс халықтары арасында кең тараған әңгіме сюжетінен алынған. Оның қиял-ғажайып ертегілері мен аңыз-әңгімелер негізінде жазған «Хикаят Қамарзаман» дастанында қиял-ғажайып оқиғалар адамдардың өміріндегі әдеттегі реалдық істерімен, күнделікті тұрмыста кездесетін көріністерімен ұштасып, тығыз байланысып жатады.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ЖӘУДІР МЕШІТІ (Жәудір ана мешіті) – Түркістанда 20 ғ-дың бірінші жартысында жұмыс істеп, ел жадында қалған мешіттердің бірі. 19 ғ-дың 40-ж. Түркістан мешітінде сауатын ашып, емші атанған Жәудір ана (1810-1918) туралы К.Сармолдаев пен С.Байдәулетовтың зерттеулерінде баяндалады. Ж. Қара Қағай батырдың ұлы Ораздың қызы болған. 1710 ж. Ұлытау өңірінде дүниеген келген, жастайынан балуан, қамшыгерлік кәсіппен айналысқан Қара Қағай батырдың тоғыз ұлы болған. Тоғыз ұлдың үлкені Көккеннің ұлы Ораздан Шоң, Ж. туған екен. 1810 ж. дүниеге келген Ж. аяқ-қолы кеміс болып туылып, он жасқа келгенде жазылып, он бес жасында атақты сұлу атанады. Он сегіз жасында Жаппас деген үңгіт жігітімен тұрмыс құрады, бір қызы болады. Жауынгершілік соғыста жолдасы, кейін қызы қайтыс болып, осындай қайғыдан кейін Түркістанға келеді. Түркістанда сауатын ашып, емші атанады. Сармолдаевтың дерегінде Қожа Ахмет Ясауи бабаның мешіт-медресесін шамамен 1840 ж. ұстаған. Екі рет Меккеге барып қайтқан. 1914 ж. Сәтбай, Самұрат болыстар Түркістанға келіп, Ж. а-ға «мешіт ашып, үлгі көрсетіңіз» деп еліне алып барады. Ж. а-ның мақсаты бала оқытып, мешіт салу болған. Ж. а. Қостанай жерінде, Қамысты ауданында Қарасу, Кіндікті өзендері аралығындағы қамысты жердегі Әзім әулиенің жанына мешіт салдырады. Телеу тайпасының Әжі Ахмет руы Қостанай уезінде көп қоныстанған екен. Тарихта «Ту ұстаған Толысбай батыр» деген атпен белгілі, Кеңесары Қасымұлының көтерілісінде бас қолбасшының бірі ретінде ту ұстау құрметіне ие болған Толысбай батырдың ауылында Ж. ана 1918 ж. дүние салады. 100-ден асқан шағында қайтыс болған Ж. а. Әзім әулиенің жанына қойылған. Себебі 1918 жылдардағы саяси-экон.,

т.б. жағдайлар Ж. а-ны Түркістанға алып келіп жерлеуге мүмкіндік бермеген. Ж. а-ның Қамыстыда салдырған мешіті, мазары 1932 жылға дейін Қамысты ауд-нда болған. Жоңғарларға, қалмақтарға қарсы қол бастап соғысқан, елін, жерін қорғаған батырлардың бірі Қара Қағай батырдың шөбересі Ж. а. 1840-1914 ж. Түркістанда мешіт, медресені басқарып, дәріс беріп, елді емдеп, қызмет еткен. Н. Абдуллаев дерегі бойынша, Хан көшенің бір жақ шетінде Ж. м. орналасқаны айтылады. «Жәудір мешіті биік, зәулім, шошақ етіп салынған. Мешіті, медресесі Әзірет Сұлтан алдында күншығысқа таман орналасқан» деп баяндайды. Осы дерек бойынша «Қаракөз» бауы, «Мола» 50-60 га жүзімі бар Ж. бағы болған. Мешіт 1914 ж. туылған, осы медреседе оқыған Е. Сүлейменовтың дерегінде «Жәудір Әжі Ахмет» мешіті деп аталған. Осы деректерге сүйенгенде, мешіт 1929-30 жылдарға дейін жұмыс істеген. Үш-төрт бөлмелі, керемет нақышты, биікт. екі үйдей, едені күйдірілген кірпішпен жалтыратылған, төбесі ағашпен өрнектелген мешіт болған. Жанында алыстан келіп оқитын шәкірттер үшін жатақханасы орналасқан. Сүлейменов 1929-30 жылдарға дейін осы мешітті көріп, медреседе дәріс алған. Тәттімбет қари 1996 ж. 11 шілдеде: «3 әлде 4 бөлмелі керемет нақышты, шығысқа тән салтанатты, өте биік зәулім сарайдай мұнаралы еді. Биікт. екі үйдей. Естуімше, осы мешітті Ж. а. жөндетіп салдырған. Табаны күйдірген қыштан жалтыраған, төбесі ағаштан өрнектеліп жабылған... Мешіттің орны Әзірет Сұлтанның түстік жағында болатын...» деп сипаттайды. Осы айтылған деректерді соңғы жылдары Мемл. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі археологтарының зерттеулері, тапқан археол. материалдары нақтылап отыр. Та-



Жәудір мешіті орны

рихи және геогр. көп сипатына сай мешіттер құрылысы бірқатар ортақ ережелерді қатаң сақтайды. Ж. м-ның орнында табылған михраб, мұнаралар орны, өрнекті құрылыс материалдары осы ережелердің бәрін сақтап салынғанын айғақтайды. 2008-2013 ж. Ж. м-ның орнында жүргізген археол. қазба жұмыстарының негізінде шырақшының үйі, михраб, мұнара орындары табылған. Мешіт эстетикасына тән ғимараттың төрт ұстынға тірелген күмбезі болғаны анықталды. Жергілікті жердің сәулет ерекшелігіне сай күмбез ағашпен жасалып, қаңылтырмен қапталған. Мұнарасының биіктігі осы мешіт-медреседе оқып, дәріс алған Ерханбет қари «салтанаты зәулім сарайдай мұнаралы» деген. Қазба жұмыстарының негізінде 14 ғ., 17 ғ., 20 ғ. құрылыс қабаттары табылды. Қазба жұмыстарының нәтижесі осы жерде 14 ғ-да екі мұнаралы мешіт болғанын айғақтайды. Мешіт бөлмесіндегі михраб, қабырғалар геометрияланған өрнектермен нақышталған. Кезінде өте көркем нақыштармен әрленгені байқалады. Михрабтың көл. – 1,5-2 м. Ел арасындағы деректерде Ж. м-нің 1930 жылдарда қиратылғаны айтылады.

Әдеб.: Байдәулетұлы С. Алтын киімді ханзада ұранды қарт қазақтар. – А., 2000; Қазақтың ру-тайпаларының тарихы. VI т. – А.: «Алаш тарихи зерттеу орт.», 2006.; Всеобщая история искусств. В 6-ти томах. – М., 1956–1966; Тұяқбаев

М., Мұсабаев Қ. Жәудір мешітінің орнында 2013 жылдың сәуір-мамыр айларында жүргізілген археол. зерттеу жұмыстарының есебі. – «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының архиві. Қолжазба. 2013.

Д. Мұстапаева

ЖӘУҺАРИ ҒАББАС ибн САИД (т.-ө.ж.б.)

– 9 ғ-да өмір сүрген Орта Азиялық астроном, математик. Отырар атырабындағы «Жәухарана» немесе «Гәуһарана» деп аталатын қалашықтан шыққан. Бағдадқа шақырылып, атақты Орта Азия математиктері және астрономдары Хорезми, Ферғани, Мервизилермен бірге Бағдад обсерваториясы мен «Даналық үйінің» негізін қалаған. Ол 829-830 ж. Бағдадта және 832-833 ж. Дамаскіде жүргізілген астроном. бақылауларға қатысады. Осы бақылаулар негізінде «Мамунның астрономиялық кестелері» деп аталатын еңбек жазылды. Ж. математикамен де шұғылданған. Ол – Евклид «Негіздерін» түсіндіруге, толықтыруға арналған бірнеше трактаттардың авторы («Евклид кітабына түсініктеме», «Евклидтің бірінші кітабына қосылған сөйлемдер туралы кітап», «Евклидтің бесінші кітабына қосымшалар»). Ол Шығыс математиктері ішінен ең бірінші болып Евклидтің параллель түзулер теориясын сынға алды. Өзінше ұйғарым (жору) қабылдап, Евклидтің бесінші постулатын дәлелдеуге әрекеттенді. Дәлелдеу барысында үшбұрыштың орта сызығы туралы теореманы және бұрыш ішіндегі кез келген нүктеден бұрыштың екі қабырғасын да қиып өтетін түзу жүргізуге болатынын дәлелдеді. Ж-ның параллель түзулер теориясы туралы идеяларын кейіннен Әзербайжан математигі ат-Туси (1201-1284) дамытты.

Әдеб.: Көбесов А. Әл-Фараби. – А., 1971.

Қ. Саркенова

ЖЕЗБИКЕ АНА – тарихи ескерткіш. Ж. а. басына қойылған кесене Түркістан обл. Шардара ауд. Ұзын ата а. әкімш. Орт-нан 8 шақырым солт., Шардара-Арыс автомобиль жолының оң беткейіндегі қорымдағы «Ұзын ата кесенесінің» күнбатысында 20-22 м-дей жерде. Ж. а-ның қабірі ұмытылғандықтан, үш бөлмеден тұратын кесене-ескерткіш ретінде салынған. Кесене алды цементтеліп, алаң жасалған. Алаңға баратын жол бойында бірнеше адамға құлпытас қойылып, олар туралы деректер жазылған. Ескерткіш-кесененің есігі солт.-батысқа қараған және үш бөлмеден тұрады. Есіктен кірген беттегі 7,5x7,5 м бөлме «Тілеуетхана» аталады. Бөлменің оң және сол қабырғаларына есік қойылып, қарама-қарсы екі бөлме соғылған. 3,5x3,5 м шаршы бөлменің оң жағындағы бөлмеде Ж. а. мен Жығалымырзаға (алғашқы қосағы), қарама-қарсы бөлмеде екеуінің баласы Құлшығашпен оның жұбайы Қалампырдың есімдері жазылған көк тас қойылған. Үш бөлменің төбесі күмбезделген, бөлмелердің қабырғалары силикат, ал күмбезі күйген қышпен өрілген. Едені мәрмәр, оның үстіне кілем мен алаша төселген. Ұлы бабалары Жығалымырза Құлшығашқа, ұлы ана Ж-ге арнап Бүрида Тоқбергеновтің басшылығымен Хиуадан шақырылған шеберлер небәрі алты ай ішінде 1992 жылдың 16 қарашасында сағананы салып бітіреді. Одан кейінгі жылдары сағананың жан-жағы, іші мәрмәр тастармен безендіру жұмыстарында Сәтбек Қожамұратов іскерлік танытады. Мешіт, шырақшы, күзет үйі салынды. Электр жарығы тартылып, аула гүл-баққа айналды. 1995 жылдыңтамызында бабалар әруағына арнап ас берілді. Ж. а. – қоңырат руының Көктің ұлы тармағынан тарқаған қасиетті ана. Ұлы жүздің кызы Ж. өте

көрікті, іскер, ақылды болған екен. Әулие ана – халық дәстүрі бойынша жолы кіші болғанымен, рухани күштілігі жағынан өз замандастарын мойындатқан адам. Осынау ана әулиелігін паш ететін аңыздарда оның атын Ж., Тәуіркөз, Жезетек, Бегім ана деп атайды. Ж. а-ның көрінісі – көбіне үлкен үкі құс болып кездессе, оның кереметі – қиналған жетім-жесірдің жолын ашып, мол рақым жасайды.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ЖЕЛКІЛДЕК БӨЛТЕКҰЛЫ (1723, Жаңақорған ауд. Шалқия кентінің жанындағы Құттықожа-Қарасүйір – 1796, Түркістан қ.) – 18 ғ-дағы ел қорғау жорықтарында қол бастаған батыр. Мүрдесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген. Шежірелік деректер батырдың туған-өлген жылдарын айқындауға мүмкіндік береді. Шежірелік аңыздарда: «қонтайшы Қалдан Сереннің шабуылы кезінде Арқадан ығысқан елмен бірге Қаратау бойындағы Жаманбай ұрпақтары да Сырдың сол жағына, Қызылдың құмына көшкенде Ж. жаңа туған бала еді», – дейді. Бұл оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұласқан 1723 ж. Демек, Ж. батырдың туған ж. деп осы уақытты айта аламыз. «Алты мүшелде қайтыс болды» деген деректерді негізге алсақ Ж. 73 жасында 1796 жылдардың шамасында қайтыс болған. Сырды қыстап, Қырды жайлаған бір рулы елге тұтқа болған батырдың мүрдесін кесенеге қою билердің шешімімен ұйғарылған. Зерделенген шежіре бойынша батырдың ата-тек тізбегі былайша таратылады: Құрбан – Киікші – Бекбаулы – Бөлтек – одан Ж. батырдың Беркінбай, Мөңке, Құттыбай, Сәлімбай

деген ұлдарынан өрбіген ұрпақтар қазіргі кезде жүз шаңыраққа жуық. Олар ата қоныстары Құттықожа, Шалқия, Сүттіқұдық а-дары мен Жаңақорған кенті, Қызылорда қ-нда тұрады. Ж. жоңғар шапқыншылығында қоңырат Жаманбай руларының қолына қолбасшылық жасаған. Шоқан Уәлиханов Түркістан қ-ның төңірегін мекендеген қоңырат тайпасы Абылай ханның тұрақты әскерінің негізін құрағандығын айтады. Ж. ат жалын тартып мініп, отан қорғаушы жасақтың қатарына енуі Абылай ханның саяси билікке араласа бастауымен тұспа-тұс келеді. Абылай қазақ жерін басқыншылардан қорғау және өзінің саяси билігін нығайтуда жасаған реформалық өзгерістеріне байланысты «Абылай ханның қатысуымен қазақ жасақтары тұрақты әскер сипатын алды. Орта жүз бен Кіші жүз руларынан шыққан қолбасшылар әскери іспен тұрақты айналысты». Ж. батыр Абылай ханның: «1760 ж. қырғыздар дулат және қоңырат руларының қоныстарына шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде Абылай әскер жинап, сол жылдың тамыз айында талас қырғыздарын жеңіліске ұшыратты», - делінетін жорықта қол бастаған. Абылай ханның Қазақстанның Оңт. өңірін қайтарып алу үшін қарақалпақтарға жасаған жорығында Желкілдек батыр бастаған қоңырат руларының қолы аса белсенді қимыл жасаған. Осындай әскери қимылдар барысында 1762 ж. «Ұлы жүз рулары мен қоңыраттардың ескі замандардан бері қазақтардың жері болып келген Сыр өңірі қоныстарын иеленуіне мүмкіндік берді». Ташкент пен Ходжентке, одан әрі Жызаққа дейінгі жорығында Абылай хан әскерінің негізгі бөлігі Орта жүздің ру-тайпаларынан, соның ішінде қоңырат тайпасынан құралды. Ж-ның Абылай ханның сенімді сері-

гіне айналғаны осы жорықтардың кезі. 1771 жылдың күзінде Түркістанда Абылайды ақ киізге көтеріп, хан сайлағанда Ж. оны қолдаушылардың бірі болды. Жасы ұлғайған соң ханның қасына еріп, оның жауапты тапсырмаларын орындайтын саяси өкіл қызметін атқарған. 1781 ж. Абылай хан қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде Түркістан – Жаңақорған атырабында билікке араласқан. Жаңақорған кентінде көшеге есімі берілген. А. Сопыбеков, Қ. Әбдуовтер Ж. батырды әдеби тұрғыда тұлғаландырды. Ж. – 18 ғ-да Сыр бойында, Түркістан қ. төңірегінде өрбіген тарихи оқиғаларға белсене араласқан батырлардың бірі.

Әдеб.: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 3-том. – 271 бет; Қоңырат тарихы мен шежіресі. – А.: «Курсив» баспасы, 2016. – 444 бет; Сопыбеков А. Желкілдек батыр: тарихи поэма. – А., 2012; Әбдуов Қ. Желкілдектің жемесі. – Қызылорда. 2012.

Х.Тұрсұн

ЖЕТІ АТА – Қожа Ахмет кесенесінің батыс тұсында орналасқан әулие мазары. Қожа Ахмет Ясауи құмар ойындарға әуесқой болған адамдарды дұрыс жолға салу үшін оларға өз ілімін, алдымен ақы төлеп үйреткен екен. Сол адамдары кейіннен ілімді игеру барысында білім көздері ашылып, ақысыз үйренуге бет бұрып, Ахмет Ясауи бабаның ілімдерін елге таратушы, мұридтеріне айналады. Ж.а. қайтыс болған соң, мүрделері кесененің батыс тұсына қойылған екен. 2009-11 ж. археолог ғалымдар Ж. а. қақпасының орнын анықтады. Бұл қақпа атауы қала сыртында оған қарама-қарсы орналасқан Ж. а. мазаратына байланысты шыққан. Мазаратта Қожа Ахмет Ясауидің бір молаға жерленген аталған жеті мұридінің кесенесі болған, оларды халық «Ж.

а.» деп атап кеткен. Қожа Ахмет Ясауи шәкірттері – Ж. а. жерленген жер уақыт өте, көп ғасырлардан соң қала қақпасы ретінде белгілі болды. Қалаға кіретін Ж. а. қақпасынан Ахмет Ясауи кесенесіне баратын жол Ж. а. көшесі деп аталған. Ж. а. әулие мазары 20 ғ-дың басында Әзірет Сұлтанға зиярат етіп келушілердің зиярат ете баратын орындарының бірі болды.

Әдеб.: Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар . – А., 2009; Ясауи тағылымы. – Түркістан, 1996; Смағұлов Е.А., Тұяқбаев М.Қ., Өсеров Т., Күмісбаева Ұ., Мұсабаев Қ., Мұташев Е. Ескі Түркістан қ-ның Жеті ата қақпасының тарихи орнында 2009 ж. жүргізілген археол. зерттеу жұмысының есебі. – Түркістан, 2009; Тұяқбаев М. Төрт қақпалы Түркістан (Аңыздан ақиқатқа дейін) // Ясауи мұрасы. Респ. газет. N1. (13) қаңтар. – Түркістан. 2018.

Д.Мұстапаева

ЖЕТИКЕНТ – ортағасырда қалыптасқан тарихи-геогр. ұғым. Ж. деп бір топ елді мекендер шоғырланған Моғолстанның батыс шекарасындағы Алатау іргесіндегі Бадам, Ақсу өз. жағасындағы бір топ ортағасырлық елді мекендерді, аймақты атаған. 16 ғ. жазбагері Мұхаммед Хайдар Дулатитің «Тарих-и Рашиди» тарихи шығармасында кездеседі. Онда Темір әулетінің бір өкілі Әбу-Саид Моғолстанға өз адамын қою мақсатында тақ мұрагері Жүніске шамамен 1457-58 ж. Ж-ті береді. Бұл аймақ Қадырғали Жалаири еңбегінде де аталады. Бұл атау 18 ғ-дағы орыс дерегінде кездеседі. 19 ғ. басына жататын қазақ даласы бейнеленген орыс картасында жеке қала болып белгіленген. Майлықожа шығармасынан Ж. ұғымына не кіретінін байқауға болады: «Жетікенттің біреуі Шымкент пенен Сайрамы» (Майлықожа. Шығармалар. – Алматы, 2005. – 141 б.). Шәдітөренің Абылайханға арналған жырынан оның Ташкенттен

солт-ке қарай орналасқанын байқауға болады (Тарихи жырлар. 1-т. Абылай хан. – А., 1995. – 270 б.). 19 ғ. зерттеушісі Ю.Д. Южаков жергілікті халық түсінігі бойынша, Жетікентке елді мекендер кіретінін жазады: Шымкент, Сайрам, Манкент, Қарабұлақ, Қарамұрт, Сұлтанрабат, Жанғақтық.

Әдеб.: Кожя М. Жетикент // Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана. – А., 2014. – С. 168–170; Южаков Ю.Д. Наши приобретения в Средней Азии. Ч.II. Чимкентский округ // Отечественные записки, 1867, № 7.

М.Қожа

ЖЕТИСАЙ ДРАМА ТЕАТРЫ – мәдениет ошағы. М. Әуезовтің естіліктерінде, сондай-ақ көптеген дереккөздерде: «Қ. Жандарбеков атынд. театр, Жетісай қ-нда 1968 ж. Өзбекстанның Сырдария обл-нда жергілікті халық театрының негізінде құрылған. Алғаш Сырдария обл. қазақ муз. драма театры (Өзбекстан Республикасы) деп аталды. 1969 ж. 18 қаңтарда Б.Майлин мен Е.Брусилловскийдің «Жалбыр» муз. драмасымен шымылдығы ашылды. Тұңғыш бас реж. – Қ.Шанин, директоры – Т.Бәйімбетов (драматург әрі композитордың театрға арнап жазған 7 спектаклі мен көптеген скечтері бар. Драматургтың қаламынан шыққан «Алпамыс» қойылымы қазірге дейін сахнада табыспен қой-



Жетісай драма театры

ылуда)», – деп жазылады. Бірақ театрдың тарихы одан әріректе жатыр. 1964 ж. Киров ауданының көркемөнерпаздары (ол кезде Жетісай ауданына қарайтын) Кремль сахнасында жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібегін» қойып, республикаға ғана емес, бүкіл одаққа танымал болды. Сол жолы өнерпаздарға Халық театры атағы берілген. Жетісай топырағында кәсіби театрдың бой көтеруіне сол кездегі обл. мәдениет басқармасының бастығы болып істеген Ханби Қожаұлы Апаев және аудан басшысы И.К.Морозовтың еңбегі орасан болды. Театр 1969-71 ж. муз. театр, 1971 ж. аудан қайтадан Қазақстан құрамына еніп, 1999 жылға дейін Шымкент обл. Жетісай қалалық муз. драма театры болып аталды. 1999 жылдан Ж. д. т. болып аталады. Театрда 1969-2001 ж. А.Оңалбаев бас реж. болды. Театрдың негізін қалаушы өнер иелері: Өзбекстанның еңб. сің. артисі Ж.Қарғабаев, Қазақстанның халық артисі Т.Қыстаубаев, Қазақстанның еңб. сің. артистері – М.Өтебаев, Ы.Иманқұлов, Ұ.Әкімова, Т.Бейімбетов, Ә.Жәбішев, С.Бәйімбетова, К.Молдағұлов, Ш.Қожамұратова, Ә.Омарова, Р.Қошпанқұлов, т.б. Театрда белгілі драм. шығармалар қойылып келеді. Әсіресе, театрдың қалыптасып, дамуына М. Әуезовтің шығармаларын қою ерекше ықпал етті. «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Қаракөз» бірнеше рет қайталанып қойылды. 1997 ж. өткен Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған фестивалда жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде қойылған (сахналық жүйесін түсірген Б.Рахимова) спектакль (реж. Т.Қыстаубаев) 3-дәрежелі сыйлыққа ие болды. Театрда бұдан басқа да Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді», Қ.Байсейітов пен Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай» мен «Ақсақал аң-таң», Т.Ахтановтың «Махаб-

бат мұңы», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», С.Адамбековтің «Аюбайдың ажалы» Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа», т.б. қойылымдары табысты қойылып келе жатыр. Театрдың қазіргі бас реж. Ә.Құлданов, директоры Ә.Мейірбекұлы, танымал актерлері: Ш.Қожамұратова, Р.Бейсебаева, К.Жолшыбеков, К.Молдаұлетов, Б.Сүлейменова, Б.Айдаров, К.Құлыншақов, Ұ.Базарбаева, А.Қарғабаева, Ғ.Қаппаров, О.Қалыбектен, З.Найзағараев, М.Жұмаділлаева, А.Төлеубаев, т.б. Бас суретші – Б.Срайылов. Театр ұжымы өзінің тарихындағы 32 маусым ішінде 100-ден астам түрлі қойылымдарды сахнаға шығарды. Кешегі кеңес өкіметінің тұсында театр 2 рет Бүкілодақтық театрлар фестивалінің дипломанты атанған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 224; Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – Б. 720; Мақта ордасы – Мақтарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран» баспасы, 2003; Жерінің аты – Елімнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd». ЖШС, 2006. – 808 бет; М. Әуезов энциклопедиясы / Бас редактор С. Қасқабасов. – А.: «Атамұра» баспасы, 2011. – 688 б. +48 б түрлі-түсті жапсырма.

Ж.Өмірбекова

ЖОЛАН ТӨЛЕҰЛЫ (т.-ө.ж.б.) – 18 ғ-да өмір сүрген қазақтың жаужүрек батыры, айтулы елші. Ж. Қазығұрт өңірінде, Ақбұрхан – Орда қонған жайлауында дүниеге келген. Қазақтың төбе биі Төле Әлібекұлының баласы. Қазақ жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде ересен ерлік көрсеткен біртуар тұлға. 1735 ж. қазақ халқының Жетісу мен Сыр бойын өзінен қуатты жаудан біржола азат етуге әлі де даяр емес екендігін түсінген Төле

би күш жинап алғанға дейін ойраттармен бейбіт қатынаста болуға тырысып, олардың талап еткен салығын өтеп отырады. Өзара ынтымақтастық табу мақсатында балалары Қожабек пен Ж-ны қонтайшыға «ақ үйлі» аманатқа жібереді. Халық арасында жазба түрінде тараған Әбдірайым шежіресі бойынша Ж. қалмақ ханы қолында 2 мәрте болады. Цин патшалығының Іледегі ақылшы әмбісі губернатор Фу-дэ қол бастап Ташкент қ-на барғанда, Ұлы жүздің билеушісі Ташкенттің бастығы Тұрғанжанмен Ташкенттің билігіне таласып соғысып жатыпты. Фу-дэ өзінің атқосшысы Мүңгіртай, Хышәнді оларға жіберіп, бір жағынан жөн айтып, бір жағынан сес көрсетіп, екі жақтың қақтығысын тоқтатады. Сонымен Төле би бірнеше адамын Цин патшалығының алдыңғы шептегі штабына жіберіп, ат тарту етіп, хат тапсырып, Цин патшалығына ел болатындығын білдіреді. Осы 1758 жылдың қазан айында Ұлы жүз Төле бидің баласы Ж-ды, Қойгелдінің аталас бауыры Пұсырманды (Мұсылман) және Ташкент отырықшыларының басшысы Қожа Молдашәмшінің

адамы Меңнияз қожаны елші етіп, Цин патшалығына сәлемге жібереді. 1758 ж. қазанда Цин патшалығы ордасы Ұлы жүзге жолдаған хатында: «Сендер Жолан, Пұсырман деген кісілерді Ордаға патшаға сәлем беруге жіберіпсіңдер, патша ерекше ықыласпен күтіп алды әрі астанаға ертіп барып тағы бір рет қонақасы берді» (Чэнлуң патша оларды өзінің жайлауында қабылдаған), деген. Бұл деректерден Ж-ның қазақ қоғамында, нақтылап айтқанда, Ұлы жүз ордасында аса беделді саяси тұлға болғанын көреміз. Ж. батырға қатысты құнды құжат Париж қ-ндағы ГИМЭ – Шығыс өнері мұражайының қорында сақтаулы тұр. Ал 1715 ж. Қытайға барып Цин патшасының сарай суретшісі болып, Циннің үшінші дәрежелі лауазым шенін алған католик миссионері Джузеппе Кастильонидің «Хасакэ гун ма ту» яғни «Қазақтардың Цин патшасына сәйгүлік сыйлауы» атты картинасы бар. Оның көшірмесін тарих ғыл. докт., проф. М. Әбусейітова 2004 ж. түсіріп әкелген. Картинада 1758 ж. Ташкент шаһарынан Төле бидің Цин императоры Цяньлунға жіберген елшілері Төле би ұлы Ж. (бас елші), Пұсырман би және Меңнияз қожа, сонымен бірге сыйлық ретіндегі 3 бөлік ат суреттелген. Ж. батырға Шымкент қ-нан көше аты беріліп, ескерткіш орнатылған. Ж. Сайрамның іргесіндегі Қарамұрт а-нда орналасқан Кәленбаб әулие мазаратының жанына жерленген.

Әдеб.: Аристов Н.А. Усуни и киргизы или каракыргызы. – Бишкек, 2001; Төле би – қазақ тарихының биігінде. – Шымкент, 2013; Мұқаметқанұлы Н. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ қытай байланыстары. – А, 1996; «Шинжиан үн-т журналы». – № 2, 1980; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері – тарихи-мәдени жәдігерлер. II том. – А, 2005.



Жолан батырға Шымкентте қойылған ескерткіш

М.Миразов

ЖОЛБАРЫС ХАН (1690-1739) – Ұлы жүздің ханы. Тарихи деректерде Жолбарс, Джолбарс, Йулбарс, Юлбарис, Dsholbars, Ж. хан деген есімдермен белгілі. Шамамен 1719 ж. қайтыс болған Ұлы жүздің билеушісі Абдулла ханның ұлы. Ж. х-ның арғы тегі беймәлім. Ұлы жүзге жүргізілген билікті тікелей өз әкесінен мұрагерлікпен алды. 1719 жылдан Ташкентті және аттас аймақты басқа билеушілермен ортақтаса басқарды. 1730-39 ж. оған Ташкентпен қатар Сайрам, Шымкент, Чадак, Ходжикент, Нушба, Намдак, Паркент, Заткент, Қарамұрт, т.б. Келес, Шыршық, Ахангаран өзендері бойындағы қалалармен елді мекендер тәуелді болды. Ол билік құрғанда Ұлы жүз биі Әлібекұлы Төлеге арқа сүйеді. Жоңғарлармен болған азаттық соғыста әскербасылардың бірі болды. Ташкенттік Нұрмұхаммет Әлімовтың қазақ хандары туралы 1735 жылғы хабарында мынадай мәлімет бар: «а нынешний Жолбарс-хан, лет с пятнадцать ханом, отроду ему около сорока пяти лет, а с отцом его Абдуллою-ханом и с Рустаном-ханом был дядя его родной Карабак первым салтаном. У Жолбарс-хана два сына», - делінеді. 1734 ж. 20 сәуірінде Ресей патшайымы Ж. х-ға грамота жолдады. Бірақ Ұлы жүз бен Ресей арасындағы бұл байланыс жер шалғайлығына байланысты жүзеге аспай қалды. 1738 ж. сол кезде Ташкентте болған Ресей өкілі К. Миллер арқылы Ресей бодандығын қабылдау ниетін білдіріп, Ресей патшайымына хат жолдады. 1738 ж. 19 қыркүйекте Анна Иоановна Ж. х-ның атына арнайы грамота жолдап, оның тілегін қабылдағанын мәлімдеген. Бірақ сол кездегі Орт. Азиядағы халықар. жағдайдың күрделілігі, патшалық шекара қызметкерлері Орынбор қ-нда хатты ұстап қалуына байланысты көрсетілген орынға

жетпеген. Ж. хан 1739 ж. Орта жүз сұлтаны Абылаймен тізе қоса отырып, Оңт. Қазақстанда жоңғар басқыншыларына қарсы күрес ұйымдастырды. Соның нәтижесінде Ташкент, Сайрам қ-лары жоңғар әскерлерінен азат етілді. Бірақ Ж. хан 1740 ж. сәуірдің 5 жұлдызында Ташкенттің мешітінде сарттар қолынан қаза тапты. Түркістан қ-нда жерленді. Ж. ханның барлық іс-әрекеті қазақ мемлекетінің құрылу, даму кезеңдерінде зор маңызға ие болды. Ол ташкенттік сарттың қызына үйленген. Басқа әйелдері туралы мәлімет жоқ. Ж. ханның екі ұлы болған. Бірі болашақ хан Әбілғазы (Абулғазы, Аблязи, Әбіліз хан), екінші ұлы Рустем хан, оның ұлы Есмандыр хан, Есмандыр ханның ұлы Мамұт хан, Мамұт ханның ұлы Ханбаба хан. Орыс деректері бойынша екінші ұлының аты Абылай болған. Бұл ұлы сұлтан дәрежесінде қалып Ұлы жүздің бір топ тайпаларын басқарды.



Жолбарыс хан моласы

Әдеб.: Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы). – А., 1997; ИКРИ-6 – Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; ҚТҚД- 3 – Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III том. – А., 2006; Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах. Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В.Ерофеева. – А., 2014.

М. Қожа

ЖОЛДАСБАЕВ Сәйден (1936 ж.т., Алматы обл. Ұйғыр ауд. Үлкен дихан а.) – археолог. С.М. Киров атынд. ҚазМУ-ды тарих мамандығы бойынша (1963) бітірген.



Еңбек жолын 1963-68 ж. Алматы обл. Ұйғыр ауд. Октябрь мектебінде мұғалім және оқу ісінің меңгерушісі қызметтерінен бастаған. 1972 ж. Қазақ КСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының аспирантурасын бітірген. Аспирантурада К.А. Ақы-

шевтың жетекшілігімен «Қазақтардың XV-XVIII ғ. материалдық мәдениеті» атты тақырыпты бекіткен. Ж. Отырар, кейін Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициялар құрамында Сырдария алқабында, Қаратаудың бойындағы аймақтарда, Созақ ауд-нда барлау және тұрақты қазба жұмыстарын жүргізеді. 1973 ж. академик Ә.Х. Марғұланмен Ұлытауға археол. экспедицияға шыққан. 1976 ж. тарих ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алған. 1972-1978 ж. осы ин-ттың ғыл. қызметкері, 1978-1980 ж. Абай атынд. пед. ин-ттың ұстазы, 1980-2002 ж. әл-Фараби атынд. ҚазМҰУ ұстазы қызметтерін атқарған. Ф-т партия ұйымының хатшысы болған. 1986 ж. доцент, 1999 ж. тарих ғыл. докт. атағы, 1999 ж. проф. ғыл. дәрежесі берілген. 2010 ж. «Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының» акад. болып сайланды. 2002-2008 ж. Қ.А. Ясауи атынд. ХҚТУ «Археология, этнология және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі, 2008-2015 ж. осы ун-ттің Археология ғыл.-зерт. орт-ның директоры болып қызмет етті. 2015 жылдан осы ин-ттың бас ғыл. қызметкері. Қазақстанда палеоэтногр. зерттеулердің басында тұрған Ж. Жетісу экспедициясын жасақтап, 250-ден астам қыстау қоныстарда қазба жүргізеді. Жинақталған үлкен материалдар негізінде моногр. зерттеу жазылды. 1971 ж. Отырар археол. экспедициясының (БАӘ) құрамында жұмыс істеді. Отырар оазисінде барлау жұмыстарын жүргізу барысында Сауран қалашығынан оңт.-батысқа қарай Ж. Жалғыз там, Бозақор, Шығырлы I, Шығырлы II, Ақбас қоныстарын тапты, одан әрі ол ғыл. ізденістер жүргізді. Қаратау барлау жұмыстары кезінде 1969 ж. Созақ ауд-ның аум-нда ортағасырлық Күлтөбе дәуіріндегі Тастөбе, Ран, одан батысқа қарай қалашықтар

табылды. Осы қалашықтарда археол. зерттеулер жүргізу Жылғатапсырылды. Ж. халқымыздың 15-17 орта ғасырлардағы мәдениетін және дәстүрлі ш-н зерттеген. Тарихымыздағы осы уақытқа дейінгі орын алып жүрген қазақ халқы жаппай көшпелі мал ш-мен айналысқан деген пікірді теріске шығарған. Қазақ қыстауларына археол. зерттеу жұмыстарын жүргізіп, халқымыздың жартылай көшпелі, жартылай отырықшы, мал өсірумен де айналысқанын дәлелдеген ғалым. Ж. 2003 жылдан Сығанақ археол. экспедициясын басқарды. 2009-2013 ж. «Ортағасырлық Сығанақ қ.» ғыл. жобасы, 2012-2014 жылға арналған «Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі ежелгі және ортағасырлық археол. ескерткіштерінің сабақтастығы» атты жоба, 2014 ж. «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы ортағасырлық Сығанақ қалашығына археол. қазба және зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғыл. жоба бойынша археол. зерттеулер жүргізді. Ж. 8 докт., 10 канд. диссертацияның ғыл. сараптамашы болып, 10-нан астам ғыл. канд-тына ғыл. жетекші болған. Мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған көптеген оқулықтардың авторы. 10 монография, 34 оқулық және 300-ден астам ғыл., ғыл.-көпшілік мақ. бар. 2004 ж. «Жыл оқытушысы», 2009 ж. ҚР БҒМ «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Шығ.: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Көмекші оқу құралы. – А.: «Ана тілі», 1995; Қазақтардың жартылай отырықшылық мәдениеті (XVI-XVIII ғғ.) (Жетісу аймағының материалдары бойынша). – А.: «Қазақ үн-ті», 1998; С. М.Х. Дулати және ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығы. – А.: «Қазақ үн-ті», 2000; Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы (хрестоматия). – А.: «Атамұра», 2003; Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ халқы-

ның тарихы. – Түркістан: «Тұран», 2006; Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақ елінің тарихы. – А.: «Кітап» баспасы, 2010; Орта ғасырлардағы Сығанақ қ. (X-XVIII ғғ.). – Түркістан: «Тұран», 2010.

М. Тастанбеков

ЖҰМА МЕШІТ – Респ. мәртебеге ие ескерткіш, мұражай. Ж. м. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 120-125 м жерде, «Қылует» мешітімен қатар орналасқан. «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайының құрамына енетін 19 ғ. тарихи сәулет ескерткіші. 19 ғ-дың екінші жартысында салынып, жергілікті тұрғындар пайдаланып келген. Мұражайдың экспозициясы орналасқан бұл құрылыс қазіргі уақытқа дейін сақталып жеткен ислам дінінің сопылық ағымының ірі орт. болғандығымен аса құнды. Аңызға сүйенсек, 12 ғ-да бұл құрылыс орнында ислам дінінің сопылық ағымының ірі өкілі және уағыздаушысы Қожа Ахмет Ясауи өз жанұясымен тұрған үй болды делінеді. Ол қайтыс болған соң, оның жолын қуушы шәкірттері, тұрғын үйді мешітке айналдырады. Ж. м. бір бөлмелі, шаршы пішінді, солт. және солт.-шығыс жақ қасбеттерімен іргелес бастырмасы бар құрылыс. Төбесінің биікт. 4 м-ге жуық, есік-терезелері үлкен, едені – ағаш. Шикі кірпіштен қаланған. Бөлменің ішкі қабырғалары мен қасбеттері сыланған. Төбесі



Түркістандағы Жұма мешіт

«васса» әдісімен жабылған, оның үстіне қалың қамыс қабаты салынып, қалың балшық құйылған. Бөлме ішіне ойық тіреуіштің көмегімен қабырғаға және орт-та тұрған сегіз қырлы діңгекке тіркелетін сәндік аркалық көрік береді. Ішкі жағынан биікт. – 4 м, михрабтың биікт. – 2,3 м. Мешіт қабырғаларының ені – 6,2 м. «Мешіт» – бөлмесі құрылымында төрт бұрышты, қабырғаларының өлшемі 6х6 м болып келген еңселі құрылыс. Қабырғалары күрделі сылақпен сыланған. Жиіктемелері мен қабырғаларындағы бедерлер мешіттің қаладағы елеулі құрылыс болғанын анықтайды. Бөлме мен бастырма қабырғалары саз кесектен қаланған, бастырманың ұз. – 30 м., ені – 5 м. Көптеген ағаш бағаналары құрылыстың жалпы шатырын көтеріп тұр. Биікт. – 4 м. Бастырма қабырғасында 4 ойық бар, олар сыртқы «Михраб» ролін атқарады. Ж. м-те бірнеше рет қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Соңғы құрылыс баспанасы 1878 ж. тұрғызылып, бастырмасы 1958 ж. қосылған. Діни орт. ретінде мешіт «Қылуәт мешіті» деген атпен 1960 жылға дейін жұмыс істеп келді. Бұл атау оған қарама-қарсы орналасқан 12 ғ-дың жер асты мешіті «Қылуәтке» байланысты берілген. 1982-1998 ж. «Ж.м.» орнында «Археол. табыстар» атты мұражай болған. «Ж.м.» 2000 ж. қайтадан өңделді, қазіргі уақытта мешіт экспозициясында мұражай қорында сақталып келген мешіттің заттары және т.б. жәдігерлер бар. 1994 жылғы «Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштер шежіресінің» Оңт. Қазақстан обл. бойынша жинағына №590.14 санды нөмірімен енгізіліп мемлекет қарауына алынған.

Әдеб.: Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер. – А., «Инфарм-Арна» баспасы,

2016. – 160 бет; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 560 бет.

М. Тастанбеков

ЖҰМАБАЕВ МАҒЖАН (Әбілмағжан) Бекенұлы (25.6.1893, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Бұлаев ауд. Сасықкөл а. – 19.3.1938) – қазақтың көрнекті ақыны, алаштық әдебиеттің өкілі.



Алғаш ауыл молдасынан сабақ алды. Кейін Қызылжардағы Бегішев медресесінде, 1910-13 ж. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Медресе қабырғасында «Садақ» журналын шығарысып, оған өзінің алғашқы өлеңдерін жариялайды. 1913-17 ж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды. Омбыда «Бірлік» әдеби үйірмесін құрып, оның «Балапан» атты қолжазба әдеби журналын редакциялайды. 1917 ж. желтоқсанда Алаш қозғалысының ІІ съезіне қатысты. Съезд шешімі бойынша халыққа білім беру комиссиясының мүшелігіне сайланады. Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде қызмет істей жүріп, халық ағарту жұмыстарына белсене араласады. 1922-23 ж. Ташкент қ-нда өлкедегі қазақ зиялылары ұйымдастырған «Ақжол» га-

зеті мен «Шолпан», «Сана» журналдарының жұмысына автор болып белсене араласты. 1923-1926 ж. Мәскеудегі әдебиет-көркемөнер ин-тында оқи жүріп, Н.Төреқұлов басқарған Шығыс халықтары Кіндік баспасының қазақ редакциясында аудармашы болып қызмет істеді. 1927-1929 ж. Бурабай, одан соң Петропавлда мұғалімдік, оқытушылық қызметтер атқарады. 1912 ж. Қазанда, 1923 ж. Ташкентте, 1924 ж. Мәскеуде жарық көрген өлеңдер жинақтары үшін оған ұлтшыл, түрікшіл деген айып тағылып, шығармаларының бұдан былай баспа бетін көрмеуі талап етілді. 1929 ж. ақын Бутырка түрмесіне қамалып, айдауға кесілді. 1936 ж. М.Горькийдің көмегімен босатылып, кейіннен қайтадан қамалды. 1938 ж. 19 наурызда Алматы қ.-да НКВД үштігінің шешімімен атылды. 1912 ж. Қазанда жарық көрген «Шолпан» өлеңдер жинағынан бастап саяси-әлеум. тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл идеяларды жырлады. Батыс және Шығыс рухани қазынасын тоғыстыру, сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты. Шығармашылықтағы алғашқы қадамынан бастап Ж. ұлт-азаттық идеясы мен ұлттық құндылықтарды өз поэзиясының өзегі етті. Шығармаларындағы романтикалық сарын, әсіресе, оның символикалық арнада жазған өлеңдерінен айқын көрінеді. Ж. поэзиясындағы басты тақырыптардың бірі түрікшілдік идеясы. Түрікшілдік тақырыбы Ж. дүниетанымына Қызылжардағы ұстазы, Стамбұл ун-тінің түлегі М.Бегішев ықпалымен қалыптасты. Түбі бір түрік халықтарына деген бауырмалдық сезім оның 1912 ж. Болгария, Сербия, Черногория мен Грекия бірлесіп, Османлы мемлекетінің жерін олжалау мақсатымен

соғыс ашқанда, бауырлас халықты қолдап Орт. Азиядан Ж. үн қосты. «Шолпан» жинағындағы «Орал тауы» өлеңінде «Қосылып батыр түрік балалары, Тапталпа, жолын кесіп тізгінге орал» деп жырласа, кейін түрік халқының шет ел басқыншыларына қарсы Ататүрік бастаған азаттық қозғалысына үн қосты. Ақын түрікшілдік тақырыбын ұлт-азаттық күрес идеяларына ұластырды («Алыстағы бауырыма», «Жер жүзінде», «Қазақ тілі», «Тез барам!», «Түркістан», «Тұранның бір сауында», «Орал»). Сондай-ақ Ж. «Пайғамбар» өлеңінде «Ғұн – түріктің арғы атасы» десе, «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деп асқақ рухпен жырлаған. Ол алғашқы болып Орта Азия ақындары арасында Тұранды, түрікшілдік идеясын жырға қосты. Түркі халықтарының ғұн заманынан басталатын ерлік істерін жас ұрпаққа өнеге еткен Ж. «Батыр Баян», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Өтірік ертегі», «Шын ертегі» сияқты шығармаларында жеке адам мен ұлт тағдырын драмалық сюжетте үйлестіріп, ширықтыруға жеткізіп, көркемдік қуаты зор байламдарға, жинақтауларға қол артты.

Ж. шығармашылығының 1922-24 ж. Ташкенттік кезеңі жаңа биікке көтерілді. Мағжантанушылар оның осы кезеңін Пушкиннің «Болдино күзі» сияқты аса жемісті болғанын айрықша атап көрсетеді. Оның бүкіл түркі жұртына танымал «Түркістан» өлеңі 1922 ж. алғаш рет «Ақжол» газетінде жарияланады. Ташкентте жарық көрген кітабына жазған алғысөзінде С.Қожанов «Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жасауға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын, бай, жатық, таза, өткір,

әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады. ...Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүниесі тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек, тарихи мәнісіне жете түсінуі керек» [«Қазақ әдебиеті» 1988 жыл] деп, Түркістан қазағына Абайдан кейін ұсынылып отырған ақын Мағжан екендігін еске салады. С.Қожанов 1923 ж. қыркүйегінде Ағарту халкомына жолдаған хатында: «Оның шығармашылығының сипаты және айналысатын жұмысының шарттары оған Кеңестік билік тарапынан ұқыпты қатынасты және қазіргі кездегі Түркістандағы қазақ көркем әдебиетінің бірден-бір өкіліне үлкен ықылас бөлуді қажет етеді», деп жазды [ЦГА РУз, ф.Р-25, оп.1, д.365. л.409.] (орыс тіліндегі текст - Характер его творчества и условия работы по его призванию требует бережливого отношения к нему со стороны Соввласти и уделения большого внимания этому единственному в наше время творцу киргизской народной художественной литературы в Туркестане.)

Ж. шығарманың бір саласы – педагогика. Оның мектеп оқушыларына, мұғалімдеріне арнаған «Педагогика» оқулығы алғаш рет 1922 ж. Орынборда жарық көріп, Ташкент қ-нда 1923 ж. қайта басылды. Оқулық жалпы педагогика, педагогика бөлімдері, жан көріністерін тап-тапқа бөлу, ішкі сезім, яғни көңіл көріністері деп аталатын бөлімдерден тұратын оқулықтан Ж.М.ның саясаттандырылмаған, бала жүрегін жараламайтын адамгершілікке құрылған пед. көзқарасын танылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ж. өзі білім саласында еңбек етіп, білім беруді теориялық және методикалық жағынан жаңалаған көрнекті ағартушы.

Ақан Сері, Базар жырау, Әбубәкір Диваев туралы мақалалар жазып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинады. Ж. аударма саласында да соңына үлкен мұра қалдырды. И.Гете, Г.Гейне, Әбу Фирас, А.В. Кольцов, М.Ю.Лермонтов, А.А.Фет, И.И.Дмитриев, И.П.Мятлов, А.А.Блок өлеңдерін, А.М.Горький, В.В.Иванов, Д.Н.Мамин-Сибиряк т.б. көркем дүниелерімен қатар көптеген саяси, әлеум. тақырыптардағы әдебиеттерді қазақ тіліне аударды. «Түркістан», «Алыстағы бауырыма» және басқа да өлеңдері Ж-тың есімін түркі халықтарының бірлігі идеясын жырлаған ақын ретінде әлемге танытты. «Түркістан» өлеңін 1931 ж. М.Шоқай «Йени Түркістан» журналына өз алғысөзімен жариялады. Өлең көптеген түркі тілдеріне аударылды. Түркістандық сазгер Сауранбек Елеуов Ж-тың осы өлеңіне ән жазды. Түркиялық ғалым Фейзуллах Будах «Алыстағы бауырыма» өлеңін түрік тіліне аударды және ақынға өлеңмен жауап жазды.

Ж-тың түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінің, арманы мен мұраттарының бірлігін Түркістан ұғымымен үлкен саяси-философиялық идеяға ұластырған шығармашылығы түркі халықтарының ортақ игілігіне қызмет етеді.

Х.Тұрсұн

ЖҰМАШЕВ Абдулла (10.4.1948 ж.т., Тәжікстан, Ходжент қ.) – өлкетанушы-әдебиетші, халық мұрасын жинаушы, «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайын» ұйымдастырушы. Шымкент педин-тын (1976) бітірген. 1976-80 ж. Отырар ауд-нда пед. қызметпен шұғылданды. 1980-2011 ж. Отырар мемл. археол. қорық-мұражайында бөлім меңгерушісі, 2011-16 ж. «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайы» МКҚК-ның директоры

қызметтерін атқарды. Қазақ әдебиеті тарихында аты аталғанымен өмірбаяндық деректері, сөздері жинаусыз жатқан не толық жиналмаған Сыр бойы, Қаратау, Қазығұрт атырабынан шыққан ондаған ақындардың мұрасын жинап жарыққа шығарды.



Дамаскідегі «Баб-ас-Сағир» мазаратында Әбу Нәсір әл-Фарабидің қабірін, құлпытасын суретке түсіртіп алдырып, ондағы жазудың араб тілінен қазақ тіліне ғыл. деректік аудармасын жасатып жариялады. Сирияға 2006, 2008 ж. барып, Әбу Нәсір әл-Фараби бабамыздың құнды жәдігерлерін елге жеткізді. Дамаскідегі мұражайының жобасын, тақырыптық-экспозиц. жоспарын жасауға және экспозициясын жасақтауға атсалысты. Оның ұсынысымен Әбу Нәсір әл-Фараби мен Әз-Захир Бейбарыс сұлтанның қабіріне туған жер топырағы салынып, қабір топырағы Арыстан бап мазаратына әкелінді. «Ұлы даланың тоғыз астанасы», «Әбу Нәсір әл-Фараби – әлем философы», «Ұлы ұстаздың оралуы», т.б. ғыл.-көпшілік деректі фильмдер түсіруге көмек берді.

Шығ: Отырар жәдігерлері. – А., 2018; Қалдақ ұста – Шәмшінің әкесі. – А., 2009; Есжан ата-

ның жуазы. – А., 2009; Отырар алқабының ақындары. – Шымкент, 2011; Отырар алқабындағы аңшылық. – Шымкент, 2011; «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайы» қорындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар каталогы. – Түркістан, 2013; Отырар алқабындағы қолер. – А., 2017.

М.Қожа

ЖҮЙНЕК – Түркістан обл-ндағы көне елді мекеннің орны. Оның орны Түркістан қ-нан солт.-шығысқа қарай 17 км Еркеөзен жағасында орналасқан Додвен-Жүйнектобеге сай келеді. Алғаш рет 16 ғ. жазбагері Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атты шығармасында Йунка елді мекені ретінде аталады. Орыс подпоручигі А.К. Кушелевтің 1739 ж. жазбасында Дибучен үлгісінде аталады. Онда 200-дей үй ауласы бары айтылады. Алғаш 1970 ж. Отырар археол. экспедициясы (К.А. Ақышев) зерттеген. Археол. зерттеулер көне қалажұртта 6-18 ғ-лар аралығында тіршілік болғанын көрсетті. Төбенің бір бөлігін су шайып кеткен.

Әдеб: Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – А.-А., 1972; История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т. 6. – А., 2007; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; Кожя М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII-XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т. I. – А., 2014. – С. 621-642; Түякбаев М.К.



Жүйнек - Жүйнектобе

Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.). – А., 2009.

М.Қожа

ЖҮНІС АТА КЕСЕНЕСІ – Созақ ауд. Мыңжылқы тауының бөктеріндегі Таукент қалашығының жанында орналасқан әулиелі жер. Қорымды жергілікті халық әулиенің атымен «Жүніс ата әулие қорымы» деп атайды. Әулиенің басына кейінгі кездерде қышпен кесене тұрғызылған. Кесененің ұз. – 10, ені – 7 м, биікт. 6,5 – 7 м. Төрт қабырғасының түйіскен жерлерінде биікт. 0,75 x 0,80 м шамасында биіктете өрілген. Үш бөлмелі, әр бөлменің үсті күмбезді болып келген. Есігі солт.-батысқа қараған. Алдыңғы жағы екі кіші күмбезді бөлме, біріншісі кіреберіс дәліз бөлме, екіншісі дәліз бөлмеден оң жаққа есік ашылып, екінші кіші бөлмеге кіреді. Ол бөлменің ұз. – 4, ені – 3 м. Дәліз бөлмеден үлкен бөлмеге кіреді. Оның ұз. мен ені – 5,5 м. Бөлменің орта бөлігінде Ж. а. қабірі орналасқан. Еденіне көк мәрмәр төселген. Кесененің сол қапталында үлкен тораңғы ағашы бар. Ел аузындағы аңыздарда Ж. а. жерленген жерге қалың ши аралас шеңгел өскен соң, оны «Жыныс ата» деп атап кеткен дейді. Ж. а. Ысқақ баптың шәкірті болған, диқаншылықпен айналысқан, емшілік жасаған екен. Қасиеті – адалдықтың, тазалықтың рухани иесі. Ұрпағын бәле-жаладан, жын-шайтаннан арылтады. Түрлі ауруға шалдыққандар, перзентке зар аналар түнейді. Ел қысылғанда, басына құрбандық шалып, құран оқып, жәрдем сұрайды.

Әдеб.: Жақсымбетов Е. Әзіреті Қаратау, әулиенің кені еді: танымдық еңбек. – Шымкент, 2000; Қазыналы Оңтүстік. Т. 22.: 5-кітап: Әз-әулиелер / Құраст. Қ.Т. Тәжиев. – А., 2011.

Д.Мұстапаева

ЖҮСІП АТА КЕСЕНЕСІ – Түркістан қ-нан 25 шақырым қашықтықта, Ескі Иқан ауылының орт-нда орналасқан сәулеттік құрылыс. Ж. а. туралы деректерге қарағанда, ұстазы Қожа Ахмет Ясауи оны Иқанға жібереді. Ол кезде Иқанда жүзімшілік жақсы дамыған екен. Жүзімнің он екі сұрыбы өсіріліп, Ж. а. Иқанға келгенде оған он екі түрлі жүзімнің сұрыбын сыйлаған. Мазар 14 ғ-дағы ескі қала аум-нда орналасқан. Негізгі кіретін қас беті солт.-батысқа, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталды. Ж. а. Қожа Ахмет Ясауи шәкірттерінің бірі болған. Түркістан маңындағы Иқан ауылындағы Ж. а. кесенесінің мәрмәрден жасалған бағана бөлшектері қазіргі кезде Мемл. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі қорында сақтаулы. 12 ғ-да Ж. а. кесенесінің ұстынын жасауда екі түрлі тас материалдар қолданылған. Иқандағы бұзылып кеткен Ж. а. ескерткішінен қалған заттай деректер осылар деуге болады. Аңыздардың бірінде: «Хазіреттің пірзадасы, ұстазы Йсуф Хамаданидің ұлдары келе жатқанда, алдынан қарсы алуға Мырза Жүсіп шығады. Қонақтарға жол ашып, Ясауи шәкіртінің кереметін көріп, мұны Мырза Жүсіп деме – ғашық Жүсіп деп шақыр дегенде, өзінен-өзі өртеніп күйіп кеткен екен», – деседі. Зерттеулерде Ж.



Жүсіп ата кесенесі

а. Ахмет Ясауидің рухани кемелдікке жеткен шәкірті болғаны баяндалады. Аңыздарда «Мырза Жүсіп»–«Ғашық Жүсіп»–«Ғашық Жүсіп бейдауи», «Баба Мәшінге дүре соғушы Мырза Жүсіп» деп аталған. Ж. а. 12 ғ-да өмір сүрген. Мырза Жүсіптің «Самал ата» деп аталған мүридi туралы С. Сапабекұлы жазып қалдырған аңыздарда келтіріледі. Ж. а. к. екі бөлмелі – (ұз. – 22-23 м, ені – 12,87 м.), зияратхана бөлмесінің ішкі өлшемдері 9,24 м x 9,21 м-ді құрайды. Ж. а. к. (18 ғ.) мерзімделген қос күмбезді, қас бетті, тікбұрышты 2 камералы құрылыс.

Әдеб.: Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Ясауидің ақындық мектебі // Ясауи әлемі. – N1 (1), 2009; Бейсембаева Л.С. Архитектурные особенности мавзолея Жунус-Ата // Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері. Ежелгі дәуір және орта ғасырлар. Түркістан археол. экспедициясының 10 жылдығына арналған ғыл. конференция материалдары. – Түркістан, 2006; Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. – А., 2009; Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006; Мемл. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі. Сақтау қоры. Жұма мешіт, Түркістан тарихы экспозициясы. Этнография бөлімі. Эсми. Кк-127,128,129,кк27, кк29.; Сапабекұлы С. Түркістандағы тарихи зийарат // Ясауи тағылымы. – Түркістан, 1996; Свод памятников Южного Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994; Хашимов М.А. Религиозные памятники Центральной Азии. – А., 2001.

Д.Мұстапаев

ЖҮСІПБЕК ШАЙҚЫСЛАМҰЛЫ/

Жүсіпбек қожа (1857, Түркістан обл. Отырар ауд. Қожатай мекені – 1937, Шыңжан өлкесі, Іле Қазақ автономиялы обл. Текес ауд. Шиеліөзек а.) – ақын, аудармашы, қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы, насихаттаушы, жыршы. Ауыл молдасынан оқып, кейін медреседе білімін жетілдірген. Араб, парсы, шағатай,

түрік тілдерін толық меңгерген. Оқуын аяқтаған соң ақындық, серілік жолға түсіп, ел аралайды. Сыр сүлейлерімен, Қаратау шайырларымен, Сарыарқа мен Жетісудың ақын-жырауларымен жүздеседі. Олардың шығармаларын жазып алып, ел ішінде насихаттаған. Шығыс тілдеріне жетік ақын олардың классик. әдебиетін, фольк. туындыларын оқыған. Фирдоуси, Хафиз, Жәми, Физули, Науаи жырларымен жете танысқан. Ол 19 ғ-дың 90-жылдарынан бастап Петербург, Қазан, Уфа, Ташкент баспаханаларында қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын, Шығыс сюжетіндегі қисса-дастандарды бастыру ісін қолға алады. «Қыз Жібек» (1900, 1903, 1905, 1908, 1909, 1910, 1911), «Айман–Шолпан» (1896, 1901, 1913, 1916), «Сара қыз бен Біржан салдың айтысы» (1898, 1900, 1901, 1902, 1907), «Алпамыс» (1899), «Кенесары-Наурызбай» (1903), т.б. ұлттық фольклордың асыл мұралары мен «Сал-сал», «Зарқұм», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат» т.б. шығыс сюжетіндегі хисса-хикаяттар Ж-ның бастыруымен алғаш рет жарыққа шықты. «Мың бір түн», «Кербаланың шөлі», «Тотының тоқсан тарауы», «Дариға қыз», «Қасым Жомарт», т.б. аңыздардың мазмұнын өз бетінше жырлады. Ж. хисса-дастандар жазумен қатар айтыстарға да қатысқан. Оның Шөкей (Уәзипа) қызбен, Жалайыр Бақтыбаймен айтысқаны белгілі. Алғашқы айтыстары жеке жинақ ретінде басылып (1897, 1910), кейін «Айтыс» томдарына (1964, 1965, 1988) енгізілді. Ж. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, кейін жеңіліс тапқан халықпен Қытай еліне қоныс аударуға мәжбүр болады. Сол өлкеде тұрақтап қалып, бала оқытумен, емшілікпен шұғылданады. Өмірі мен шығарм. туралы «Қа-

зақ совет энциклопедиясы» (4-т., 1974), «Ақын-жыраулар» (1979), «Үш үзік» (1993), «ХХ ғ-дың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1994) жинақтарында жазылды. Ақынның төл туындылары мен басылым көрген хисса-дастандарының қолжазбалары Қазақстан ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасының сирек қоры (ОҒҚ 170 д. 546, 570-бумалар) мен М. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты Қолжазба орт-нда (Ә-И, 901, 121-бумалар) сақталған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ЖЫЛАҒАН АТА – киелі мекен. Қаратау жотасының Ж. а. шатқалында, Абай елді мекенінің солт-не қарай Ж. а. өз-нің бойында орналасқан үңгір мен бұлақ. Түркістан қ-нан 80 км-дей қашықтықта. Үңгір аузының биікт. 3-4 м, ені 8-9 м, тереңд. 50-60 м шамасында. Ол бір кездері тау жартастарының құлауынан пайда болған. Шатқалдан төмен түскенде өзеннің сол жағалауында биікт. 10-12 м жартаста диаметрі 15-18 см болатын қуыс көрінеді. Осы қуыстан оқтын-оқтын су атқылап тұрады. Қазір Ж. а. жері, осы таулы үңгірден ағатын суымен құпиялы да киелі болып тұр. Себебі су тек қана құран оқыған кезде ғана ағады және жай ғана емес аяқ астынан, күтпеген жерден сарқырама секілді лақ ете қалады. Оның уақытын ешкім білмейді, кейде тіпті бірекі күндеп ақпай қалатын кездері де болады. Алыстан арнайы ат терлетіп келіп жатқан туристер (Зиярат етушілер) кейде осы жерде сарқыраманың ағуын тосып күндеп, апталап жатқан уақыттары болған.

Әдеб.: Добромыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области: Чимкент, Туркестан, Ташкент. – Ташкент, 1912; Дастанов О. Әулие жерлер туралы шындық. – А., 1967. – Б. 44-46.

М.Амантуров

ЖЫЛАН ҚАРАУЫЛ – Қаратау өңірінде сақталған ортағасырлық қала орны. Түркістан обл. Созақ ауд. Жыланқарауыл қыстағынан батысқа қарай 25 км жерде. 15-18 ғ-дағы жазба деректерде Ж. бекінісі деп аталған. Ел ішінде Күлтөбе деген атауы да кездеседі. Қала орнының қазіргі сыртқы көрінісі үшбұрышты. Батыс жағының ұз. – 70, оңт.-батысы – 40, оңт.-шығысы – 60, шығысы – 30, солт. – 30 м. Үстіңгі орт. қорғаны – ұзынша келген жалпақ төбешік түрінде сақталған. Оның оңт. жағында аласалау доға тәрізді жал болып жатқан құрылыстың көрінісі байқалады. Оның ұз. – 35 м. Зерттеу жұмысы қаланың батыс және солт. жағына, орт. қорғанға жүргізілген. Жалпы көл. 2000 м² жері аршылған. Сонымен бірге қаланың бекініс жүйесін тексеру үшін, батыс жағынан ұз. 25 м, кеңдігі 1 м ор қазылды. Тексеру нәтижесі қаланың сыртынан айналдыра салынған екі қатар (қалыңдығы 1 м) тастан қаланған дуалдың, оның сыртында кеңдігі 5 м, тереңд. 3 м ордың орнын анықтады. 54 бөлме, 2 көше ашылып, қаланың соңғы кезеңдегі (16-17 ғ-лар) тұрмыс-тіршілігі толық зерттелген. Тұрғын үйлер бір, екі, үш, төрт бөлмелі етіп салынған. Әрбір үйде тандыр ошақ, жанында күл-көмір, қоқыс салатын ұралар болса, ал шаруаға қажетті бөлмелерде және ауызғы кіреберіс дәліздерде міндетті түрде астық сақтайтын ұралар кездесіп отырады. Кейбір бөлмелерде қатар салынған ошақтар бар. Олардың түгін шығаратын мұржалары біріктіріліп,

қабырғаның бойымен үйдің төбесі арқылы сыртқа шығарылған. Үй қабырғаларының негізі тастан қаланып, екінші жартысы шикі кірпіштен тұрғызылған. Әрбір үйде өздерінің дәретханасы болған. Ол бөлменің түпкі жағынан есік шығарылып, жеке төртбұрышты етіліп жасалған. Дәрет суы ағатын күбі көздердің түбі жоғары қаратылып, оның үстіне төртбұрышты крест сызықша ойылып, қосылған жеріне су ағатын тесік жасалған. Бұл – ислам дінінің күшейе бастаған кезінің белгісі. Тұтыну бұйымдарының жиынтығы мыңнан асады. Басым көпшілігі – ас ішетін сырланған қыш ыдыстар. Олар әр түрлі ою-өрнектермен безендірілген. Шаруаға қажетті бұйымдардан сырланбаған күбі де көп кездеседі. Ыдыстардың іші-сыртына қазақ ру-тайпаларының таңбалары салынған. Сүйектен жасалған бұйымдар, әсіресе, ұршық басы, балалар шүмектері, ойын асықтарының үш жерден көмбесі ашылған. Ыдыстардың пішіні, ою-өрнегі, сырдың түр-түсі жағынан Түркістан, Созақ, Отырар, т.б. қ-лардың ыдыстарына өте ұқсас. Сондықтан да бұл ірі қалалар 16-17 ғ-ларда Ж. сияқты кіші қ-лармен тығыз қарым-қатынас жасаған деп тұжырымдауға болады.

 Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ЗАРЛЫҚ ЗИРАТЫ – Сырдария өз. жағалауындағы зират. Түркістан. обл. Шардара ауд. Байырқұм а-нан солт-ке қарай 40 км жерде орналасқан. 1903 ж. Н.В. Рудневтің картасында З. моласы деп белгіленген. Жергілікті көнекөз қариялардың айтуынша, ол мұнара іспетті болған. Күтімнің жоқтығынан құлаған. З. – «Мұңлық-Зарлық» қисса-хикаятындағы бас кейіпкердің бірі. Дастан оғыз-хазар дәуірінде болған тарихи оқиғаларға негізделген. Қайтыс болған тарихи тұлғаларға арналған мұнара іспетті құрылыстар Сырдарияның төм. ағысында сақталған. Олардың қатарында 10-11 ғ-ға мерзімделетін Бегім ана, Сараманқожа, Ұзынтам ғимараттары барын ескере отырып, З. мұнарасы да көрсетілген кезеңге жатады. Археол. тұрғыдан зерттеу жұмыстары жүргізілуі қажет.



Зарлыққа қойылған белгі ескерткіш


Әдеб.: Шілтерханов Ә. Мұңлық-Зарлық оқиғасы қайда өткен ? // Шығармалары. II т. – А., 2001; Жақып М. Түркістан өлкесі баспасөзінде патшалық Ресейдің қазақ даласын отырлау саясатының жазылуы. – Шымкент, 2005; Қожа М. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: «Тұран», 2006.

М.Қожа

ЗАХРИДДИН МҰХАММЕД БАБЫР (1483, Ферғана аум. – 1530, Агра) – реформатор, қолбасшы, мемлекет қайраткері, тарихшы, ақын. Әмір Темірдің ұрпағы. Одан Сұлтан Мұхаммед мырза, одан Омар шейх, одан Захриддин Бабыр тарайды. Әкесі – өз заманының белді кісісі, Ферғана өңірінің әмірі. Шешесі – Моғолстан ханы, Шыңғыс әулетінен болған Жүнісханның қызы – Құтлық Нигар ханым. Батырлығы үшін оны Бабыр-арыстан деп атаған. Сөздің парсы тіліндегі мағынасы да осыған сәйкес «арыстан, қолбасшы». Бала күннен білімге құштар болып, әдебиетке, тарихқа, өнерге, музыкаға, өзін қоршаған ортаға сүйсініп өседі. Араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. Билікке де жастайынан араласады. Әкесі қайтыс болған соң орнына таққа отырады. Алайда туыстардың арасындағы алауыздық билікті әлсіретіп, бөліске түседі. Толассыз тартыс пен күрес оның Самарқанд билеушісі Шайбаниден жеңіліп,



Захриддин Бабыр



Кабулдағы Бабыр мавзолейі

шаһарды тастап кетуіне әкеліп соғады. Кейін өзі туып-өскен Әндіжан шаһарынан да қуылған қолбасшы Ауған еліне жорық жасап, Кабулды алады. 1519-25 ж. бес рет жорық жасап, 1526 ж. Лахорды, содан кейін Аграны басып алады. Пәкістан, Үндістан аймағын жаулап, сонда мұсылман мемлекетін орнатады. Соның арқасында оның ұрпақтары Моғолдар династиясын құрып, үш жүз жылдай билік жүргізеді. Ірі қайраткер әрі қолбасшы 1530 ж. Агра шаһарында қайтыс болады. Өлген соң, бірнеше жылдан кейін өзінің өсиеті бойынша сүйегі Кабул шаһарына жерленеді. Қазір ол жер «Бабыр бақшасы» деп аталады. З. Б. құрған билік Үнді мемл. қоғамдық-саяси, экон. һәм мәдени тұрғыдан дамып, өркендеуіне зор ықпал етті. Бір орт-қа бағынған мемлекет құрылған соң жергілікті феодалдар жүргізіп келген ұзаққа созылған текетірестері тоқта-

тылды. Ел ішінде бейбітшілік орнап, шөл жерлерге су тартылып, егіншілік дамыды. Қалалар, ғыл. мәдени орт-тар салынды. Сәулет өнері Азиялық үлгіде қалыптасып, мешіттер, кесенелер бой көтерді. Соның бірі – Тәж-Махал. Үндістандағы танымал ғимарат, ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра нысаны. Бұл кесене Агра шаһарының Жанума өз-нің жағалауына салынған. Жакан шахтың 13 бала тауып, 14-ші баладан соң қайтыс болған әйелі Мұмтазға арнап салынған. Бүгінде махаббат символы саналатын алып кесене. З. Б. – шығарм-тың адамы, ғасырлар бойы талай оқырман тамсанып оқып келе жатқан лирикалық өлең-жырлардың авторы. Оның көптеген трактаттары бар. Мұсылман заңдарында көрсетілген нормаларға негізделген «Мубайин» еңбегі, оның үшінші бөлімі Орт. Азия, Ауғаныстан мен Үндістандағы салық жүйесіне арналған, «Аруз рисоласи» ақындық жайлы, ал «Хатт-и Бабури» әліппе жайлы, «Мусикий илм» музыка, «Харб иши» әскери әдіс-тәсілдерге арналған. Түркі халықтарына ортақ әрі энциклопед. туынды саналатын, тарихи танымал шығармасы «Бабырнама». Бұл еңбек ақын есімін тек көркем сөз шебері ретінде ғана емес, сонымен бірге тарихшы, географ әрі этнограф ретінде танытты. Тарихи сипатқа толы еңбек түркілерге тиесілі көптеген тарихи, әдеби, этногр. мәліметтер береді. Қала мен елді мекендер атаулары, ондағы тайпалардың ғұрыптары, мәдениеті, тіпті, жан-жануарлары жайлы да сөз етіледі. Автор өз ата-бабасының

шежіресін, олардың алған білімдерін, діни ұстанымдарын, кәсіптерін айтады. Сонымен қатар өлке атаулары, тау-тасы, бауы, бақшасы, жемісі, т.т. келтіріледі. Ал қазақ топырағына қатысты Сайрам, Отырар, Түркістан қ-лары мен Арыс, Сырдария өз-дерінің аттарын атайды. Еңбек түркі халықтарының бәріне ортақ саналатын әдеби тіл – шағатай тілінде жазылған.

Әдеб.: Бабыр Захриддин Мұхаммед. Бабырнама. – А., 1990; Маллаев Н. Узбек адабиети тарихи. – Тош., 1965; Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А., 1999; Түркістан. Халықар. энциклопедия. – А., 2000.

Н.Мансұров

ИБРАҒИМ АТА КЕСЕНЕСІ – кейінгі ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші. Түркістан. обл. Сайрам ауд. Сайрам елді мекенінің солт.-батыс шетіндегі дөң үстінде, Ақсукуентке баратын жол бойында орналасқан. Қожа Ахмет Ясауидің әкесі – Ыбрайым атаның кесенесі ретін-



Ибрагим ата кесенесіне апаратын қақпа

де танымал. Құрылыс күйдірген кірпіштен қаланған. Біркамералы ғимарат. Жоспарда шаршы іспетті 7,2x7,2 м. Кесене төбесі күмбезбен жабылған, екі терең қуысты порталдары бар. Порталдың беті ойық-қуыстармен нақышталған. Оңт. батыс ойықта есік жасалған. Ішкі бөлме сыланған, әктелген. Жер сілкіну, басқа да табиғи апаттардан бірнеше мәрте бұзылып, қайта бой көтерген. Ғимараттың соңғы қайта күрделі жөндеуден өткен кезі – 1880 ж. 20 ғ-да күмбез сырты қаңылтырмен қапталған.

Әдеб.: Иванов П.П. Сайрам. Историко-археологический очерк // Сборник Туркестанского Восточного ин-та в честь профессора А.Э.Шмидта. – Таш., 1923. – С.46-56; Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. – Таш., 1928. – С. 23-42; Қожа М.Б. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009.

М.Қожа

ИБРАҢИМ ШЕЙХ ӘЛ-ҚАУҒАНИ КЕСЕНЕСІ – сәулет ескерткіші. Отырар ауд-на қарасты Балтакөл а-ның оңт.-батысынан 1,2 км жерде, Қауғани қалажұртының солт. шетінде, рабад бөлігінде орналасқан. Ақ қыштан қаланған кесенені 1996 ж. Ибраһим шейхтың ұрпақтары салған. Ибраһим шейхтің нақты қашан туылғаны, қашан қайтыс болғаны туралы дерек жоқ. Бізге жеткен дерек бойынша, Ибраһим шейх өз заманында батыр, сері болған кісі екен. Сонымен бірге, ислам дінін таратумен қатар, астрономия ғылымымен айналысқан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ИВАНОВ Анатолий Алексеевич (3.7.1929, Ленинград қ.) – Орта Шығыс және Таяу Шығыс елдерінің өнері және мәдениеті саласы бойынша әлемге танымал маман, тарих ғыл. канд. Ленинград Мемл. ун-тінің Шығыс ф-тін (1953) бітірді. Мемл. Эрмитаж мұражайының Шығыс бөлімінің жетекші ғыл. қызметкері.



И. 1959 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі құнды жәдігерлерді зерттеп зерделеді. Оның нәтижесі ғыл. жарияланымдарда жарияланды. Ахмет Ясауи кесенесіндегі құнды заттар, тайқазан, шырағандар, кесене есіктерінің тұтқалары, т.б. заттардағы жазуларды, мәтіндерді, өзге де қырларын зерттеді. Әмір Темірдің бұйрығымен жасалған алты шырағандардың Ресейде, Эрмитаж мұражайында, Париждегі Лувр мұражайында тұрған нұсқаларына байланысты зерттеулер жариялады. Мемл. Эрмитаж мұражайында 60 жыл қызмет жасады. 70-тен аса ғыл. жұмыстардың авторы.

Әдеб.: Иванов А.А. О бронзовых изделиях конца XIV в. из мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви // Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье. – М.: «Наука», 1981; Иванов А.А. К чтению надписи на котле мастера Абд ал-Азиза (письмо в редакцию) // Советская археология. – №1 1971; Иванов А.А // <https://dic.academic.ru/>

Д.Мұстапаева


ИЗЗ АД-ДИН ЭБУ-Л-ХАСАН ЭЛИ ИБН МҰХАММЕД ИБН ЭЛ-АСИР (1160, Месопотами, Жазират ибн Омар – 1233/1234, Мосул) – тарихшы. Ислам тарихының білгірі. Әкесі билік басында болған, кейін отбасымен Мосулға көшкен. И. ад-Д. алғаш осында оқып, кейін Сирияға, Палестинаға саяхат жасап, тарих, аңыздарды зерттеуге көңіл бөлген. Өмірі негізінен Мосулда өткен, сонда дүние салған. Ғылыммен шұғылданған. Танымал еңбегі – 12 томдық «Әл-Кәмил фи-т-тарих» («Тарихтың толық жинағы»). Ол жылнама жүйесімен баяндау арқылы жалпы тарихи сипатта мәлімет береді. Еңбек тарихи оқиғалар жайлы зерттеулер үшін маңызды. Онда саяси оқиғалар, жорықтар, қақтығыстар мен шапқыншылықтар, сондай-ақ тайпалардың рухани мәдениеті мен тұрмысы сөз етіледі. Орта ғасырлардағы оғыздар, қарлұқтар, хазарлар мен қыпшақтар тарихы туралы да маңызды деректер келтірілген. Еңбекте Шыңғысханның Орта Азияда жүргізген саясаты кеңірек баяндалады.

Әдеб.: История Казахстана в арабских источниках. I том. – А., 2005; Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. III том. – Аст., 2005; Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006; Жамалова А.А. Ибн әл-Әсирдің «әл-Кәмил фи-т-Тарих» еңбегінде кездесетін Қазақстанға қатысты топонимдерінің транслитерациясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы, № 1. – 2015.

Н.Мансұров

ИКРАМ АТА МЕШІТІ – 20 ғ. басындағы архит. ескерткіш. Түркістан обл. Отырар ауд. Балтакөл а-ның шығыс шетіне таяу орналасқан. И. А. м. 20 ғ-дың басында қам кесектен тұрғызылған ескі мешіт орнына салынған. 1910 ж. Балтакөлдің халқы Ақтас (Қызылорда обл. Жаңақорған ауд.)

атты жерден Қасым Ишанды көшіріп әкелді. Сауат ашу мен дінді наисхаттау үшін дарияның жағасынан мешіт тұрғызады. 1914 ж. қайтыс болған Қасым Ишанның баласы – Икрам Ишанның жігіт кезінде ыза судан мешіт құлайды. Сыр бойына мәшһүр Икрам ишан балаларды оқытатын үй мен жаңа мешіт салу мақсатында жергілікті халықтан, дәлірек айтсақ, көтен, божбан, жетімдер, қаңлы руларынан қаражат жинайды. Мешіт ғимараты 1926 ж. төртбұрышты 27x13x6,5 см күйдірген кірпіштен, күмбезі шаршы кірпіштен өрілді. Мешіттің кіреберіс есігі солт.-шығыс қабырғада орналасқан. Кейін кесененің осы беткейіне төбесі күмбезбен көмкерілген екі шағын бөлме қосылды. Бұл бөлмелердің мешіттің ішкі бөлмесімен жалғаспаған өз алдына жеке-дара есіктері бар. Сәулетті ғимарат дәстүрлі бір бөлмелі мешіт үлгісіне жатады. Мешіттің ауданы – 10x10 м, бөлмесі күмбезбен көмкерілген. Мешіт қабырғалары желкендер арқылы үлкен күмбезге ұласады. Мешіттің ішкі оңт.-батыс қабырғасының ортасында Мекке бағытын көрсететін михраб ойығы жасалған. Қалған қабырғаларда үсті иілген ойықтар бар. Қабырға беттерінде құран жазулары сақталған. Мешіт ғимараты қасында медресе қалдықтары бар.



Икрам ата мешіті

Әдеб.: Камалова Г.М., Туякбаева Б.Т. Мечеть Икрама // СПИИКК ЮКО. – А., 1994. – С. 126; Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006. – Б. 41-42.

М.Қожа

ИҚАН – Түркістан обл-ндағы көне елді мекендердің бірі. Оның орны Түркістаннан оңт.-шығысқа қарай 30 км қашықтықта жатқан қазіргі аттас елді мекен ортасындағы И. қалажұртына сай келеді. Ол шығыс деректерінде Икан, Иткан, Икан-Канд үлгісінде, орыс деректерінде Гихан, Дихан, Ихан, Күхан атауларымен берілген. Алғаш рет 16 ғ. жазбагері Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атты шығармасында аталады. Алайда бұл атау бұдан да бұрын болғанын 1323 ж. қайтыс болған Ибн ал-Фувати шығармасында Камал ад-дин Абу Наср Йусуф ибн Аби-л-Касим ибн Исмаил ал-Иткани атты есімнің аталуы айғақтайды. И. 17 ғ. аяғы – 18 ғ. басындағы С.У.Ремезов жасаған орыс картасында – Гикан, 1755 ж. И.И. Красильниковтың атласында – Икан болып белгіленген. Н.Витсен жазбалары бойынша, 17 ғ. аяғында И. қ-ның билеушісі Болат сұлтан (болашақ хан Әбілмәмбеттің әкесі) болды. Ол 1735 ж. Н.Алимовтан жазып алынған Түркістан уәлаяты қалалар тізімінде келтіріледі. 18 ғ. басында (1694-1717 ж.) мұнда Тұрсын ханның ордасы



Иқан көне елді мекені

болды. 18 ғ-дың 40 ж. аяғында Орта жүз бен Ұлы жүз құрамындағы бір топ рулардың ханы болған Тұрсынұлы Барақтың (1749-1750) ордасы орналасты. Орыс деректері аталған ханды И. және басқа да қалашықтардан нағыз билеуші ретінде салық жинаумен қатар өзіне үй салып алғанын, басқа жұмыстарға тұрғындарын жұмсайтынын жазады. Бұл қала 1759 ж. қытай құжатында да аталады. И. туралы 18 ғ. аяғындағы Д.Телятников пен А. Безносиковтың елшілігі материалдарында аталған елді мекенді Барақханұлы Бөкей тұрғызғанын, әкесінің жаулап алған ташкенттік аймақтың әр қ. мен жерлерде тұрған 200-ге дейін отбасының жүз шақтысын И-ға, қалғандарын Түркістанға көшіріп апарғаны айтылады. Тұрғындар егіншілікпен күн көретіні, мал ұстамайтыны, мақта егіп мол өнім алатыны, одан киім тігіп, артығын сататыны жазылған. Қаланың аты Абылай ханның 1765-66 ж. Қоқан иелігіне жорық жасаған кезінде аталып өтеді. П.И.Рычковтың мәліметі бойынша, онда 18 ғ. ортасында 300-дей отбасы тұрған.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011. – С. 330-357; Қожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII - XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т. I. – А., 2014. – С. 621-642; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3-том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б. Еженханұлы. – А., 2006.

М. Қожа

ИҚАН ШАЙҚАСЫ - патшалық Ресейдің Оңт. Қазақстанды жаулап алушылық жорықтарына қарсы қазақ-қоқан біріккен

қолының 1864 ж. 4-б желтоқсанында Түркістан қ-ның жанындағы Иқан а. маңында жүргізген ірі әскери операциясы. Ресей әскерлері 1864 ж. жазда Түркістанға шабуыл жасағанда қала хәкімі тәжік Мырза-Дәулет қаланы тастап қашып кетті де, Түркістан-Созақ өңірін қорғауды Созақ өңірінің хәкімі Садық сұлтан Кенесарыұлы өз мойнына алған. 1864 ж. 27 жасар Садықты Қоқан ханы Мұқамед Сұлтан Сейіт Теріскейдің (қазіргі Созақ өңірі) хәкімі етіп тағайындады. Сол ж. маусым айында ол Түркістанды орыс әскерлерін бастаған полк. Веревкиннің отрядынан қорғауға қатысты. Орыс әскерінің Ташкентке шабуылын тежеу мақсатында Сырдария әскери шебінің маңызды буынына айналған Түркістан қ-н алып, қарсыласының негізгі күшінің жолын бөгеу мақсатында Қоқан әскерінің қолбасшысы Қыпшақ Молла Әлімқұл бастаған қоқандық 10 мың сарбаз, Сыздық Кенесарыұлы мен Телқожа Атығайұлының басқаруындағы Түркістан, Созақ өңірінен жиылған 400 сарбаз Иқан а-ның түбінде кескілескен шайқас жүргізген. Молда Нияз-Мұхамед Қоқандидің «Тарих-и-Шахрухи» (1871) еңбегінің деректерінде Қыпшақ молда Әлімқұлды орыс отаршыларының жолын кесуге қырғыздар мен қыпшақтар шақырғандығы айтылады. Осы шайқаста орыс деректерінде 69 казак әскері, қоқандықтар жағынан мыңнан аса (А. Кенесариннің дерегінде 400-дан астам) жауынгер қайтыс болған. Шайқасты ресейлік тарихшылар «Оңтүстік Қазақстанды Қоқан хандығынан құтқарып қалған жарқын құбылыс» деп бағалайды. Шын мәнінде, бұл шайқас оңтүстік өңірді отарлық жаулап алушылыққа қарсы қазақ-қоқан бірлескен әскерінің қарулы қарсылығы болатын. 1884 ж. Түркістан қ-ның әскери бастығы подполк. Головин-

нің қайырымдылық қаржысына шайқас даласына кірпіштен қаланған биікт. 4 м-ге жуық ескерткіш тұрғызылып, «Памяти воинов, павших под Иканом в 1864 году» деген жазумен шойын тақта орнатылған. Ескерткіш 20 ғ-дың бас кезінде күтімсіздіктен жойылып кеткен. Шайқаста ерлік көрсеткен Орал казактары өкілдері император тарапынан әртүрлі дәрежеде марапатталады. Отарлық билік орыс әскеріне көмек көрсеткені үшін қоқандықтардың тұтқынынан босатылған Иқанның ақсақалы Ибн Әминді 1967 ж. Түркістан депутациясының құрамына қосады. И. ш. туралы орыстың баталист-суретшісі В.Верещагин «Тұтқиылдан шабуыл» (Нападают врасплох), «Ізге түсіп, қоршап алды» (Окружили – преследуют) атты 2 картина жазды. Ол осы картиналардың желісі шайқасқа тікелей қатысқан қазақ сұлтаны Садық Кенесаринге қатысты әңгімелерден алынғандығын жазады. И. ш. Ресейдің әскери жаулап алу стратегиясына елеулі ықпал ете алмағанымен отаршылардың Қазақстанның оңт-не дендеп енуін біршама кешеуілдету алуымен маңызды.

 Әдеб.: Дело под Иканом. (Рассказ очевидца) Л.Алексеев // Исторический вестник. №3 1983; Верещагин В.В. Альбом репродукций. – Москва: «Сов.художник», 1965; Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – Алматы, «Жалын». 1992. 26-29 б. б.; Пленцов А.К. Иканский бой. – М.: Издательство «Перо», 2012. – 186 стр.; Верещагин В.В. На войне в Азии и Европе. Туркестанская кампания, китайская граница, русско-турецкая война. –Москва, Ленанд, 2016.

Х.Тұрсұн

ИМАМ МАРҒУЗИ (т.-ө.ж.б.) – Қожа Ахмет Ясауидің қателігін түзетпек болған шариғат өкілінің бірі. Ол Хорезмде имамдарды жинап, ақылдасып, үш мың



Имам Маргузи кесенсі

сұрақ дайындап, адасқан сопыны тура жолға салмақ болып, шәкірттерін ертіп Йасыға келеді. Йасыда Қожа Ахмет Ясауиге: «Елді аздырушы сенбісің?» дейді. Ясауи оған: «Біз болармыз» деп жауап береді. «Үш күн қонақсыз. Қонақтың хақын сақтаңыз. Одан соң бізден қызмет болса, белгі берерсіз» дейді. Одан кейін мүфтилер халайықты жинап, халық алдына шығып сөйлеңіз, уағыз айтыңыз дегенде, И. М. аузына сөз түспей, дайындап келген сұрақтарын айта алмай қалады. Қожа Ахмет Ясауимен сөз таластыруға шамасы келмейтінін түсінген И. М. серіктерімен бірге Ясауиге шәкірт болады. Қабірі Түркістанның солт.-шығысындағы 10 шақырым жердегі Шобанақ а-нда.

 Әдеб.: Исламизация и сакральные родовые в Центральной Азии. – А., 2002.; Қазыналы Оңтүстік, 56-т. 3-кітап. – А., 2013.

З.Жандарбек

ИМАНБЕКОВ Тұтқабай (2.1.1937, Түркістан обл. Түлкібас ауд. Куйбышев а. – 19.2.1995, сонда) – ақын, жазушы. Қазақ мемл. ун-ті филология ф-тінің журналистика бөлімін (1960) бітірген соң, респ. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеген. 1967-77 ж. «Жазушы» баспасында аға редактор,

1977-79 ж. ҚазМУ-дың журналистика ф-тінде аға оқытушы, 1980-83 ж. «Ара» журналының жауапты хатшысы, 1983-95 ж. «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болған.



Алғашқы өлеңдері 1957 ж. «Лениншіл жас» газетінде жарық көрді, сонан соң «Пионер» журналында әңгімелері жарияланды. 1967 ж. «Ақ кайың», 1970 ж. «Бұлақ күліп ағады» жыр жинақтары жарық көрді. 1976 ж. «Последняя охота», 1981 ж. «Тень тутовника» атты кітаптары орыс тілінде басылып шықты. Оның өлеңдері башқұрт тіліне аударылды. «Жетім қыран» повесі украин тілінде жарық көрді. «Араша» атты поэмасы «Жалын» альманахының бәйгесінде үшінші орынды алды. Жазушының «Соғыс деген ойыншық емес» атты хикайасы бойынша «Қазақфильм» студиясы қысқа метражды фильм түсірді. Чех жазушысы М.Майерованың «Кішкентай Робинзон» атты кітабын, А.Гайдардың «Тимур және оның командасы», С.Баруздиннің «Бірінші сәуір – көктемнің бір күні» атты повестер жинағын, адыгей халық ертегілерін «Нарттар» деген атпен қазақ тіліне аударды. «Ұлы ақындар кітапханасы» се-

риясы бойынша П.Ж.Беранженің бір топ өлендерін, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабын қазақшалаған.

Әдеб.: Қазақстан жазушылары: Анықтама-лық. – А.: «Аң арыс» баспасы, 2009; Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері. Анықтама-лық. – А.: «Білім» баспасы, 2005.

Ш.Құрманбаева

ИСА АТА (ЫСТЫҚ АТА ӘУЛИЕ) – дін таратушы. Түркістан обл. Сарыағаш ауд. Көктерек елді мекенінде Сарыағаш шипажайынан 6 шақырым жерде орналасқан. И. а. – негізі, араб ұлтының өкілі. И. а. алақанының ыстығымен елді емдеген екен. Аңыз бойынша осы маңда температурасы 56 градус болатын ыстық бұлақ болған. 14-тен аса ауруға ем қасиетті суды атамыз келешекте ұрпақтарымызға емдік орын болады деп көрегендікпен айтқан екен. 1946 жылдан Д. Қонаевтың тапсырмасымен 25 орындық ағаш үйлер тұрғызылып, қазіргі таңда 32-ден аса шипажай ашылған. Бұл И. а. әулиенің аманаты көрінеді. Сол маңда әулиеден төмен жерде «Асем-ай» минералды су з-ты әлемге Сарыағаш суын тасымалдаумен айналысады. Бабамыз Самарқант қ-нан келгенде діндарлығымен бірге емшілік қасиеті болған. Ағайынды төртеу болғандықтан, Самарқанда қалмай осы



Иса ата (Ыстық ата әулие) зираты

Сарыағаш ауд-на барлығын бірге көшіріп әкелген екен. Олар И. а., Пәрпі ата, Иік ата, Батыр ата. И. а. осы маңда – Көктерек а. Сарыағаш шипажайы маңында, Пәрпі ата Қазығұртта, Иік ата Өзбекстандағы Орта шыршықта, Батыр ата Шыршық каналының Сырға құяр оң жағында жатыр.

М.Тастанбеков, Н.Сұлтанбек

ИСАХАНОВ Берген (10.12.1922, Түркістан обл. Ордабасы ауд. Ермоловка (қазіргі Б.Исаханов) а. – 14.10.1970, сонда) – Кеңес Одағының батыры (1943). Арыстағы балалар үйінде тәрбиеленген. Білімі орта.



1939 ж. «Красная Нива» ұжымшарында мақташылардың бригадирі болды. 1942 ж. Қызыл Әскер қатарына шақырылып, осы жылдың сәуір айынан соғысқа қатысып, 1945 ж. Берлинге дейін барды. 1-Украина майданында Қызыл тулы 69-Сева атқыштар дивизиясының құрамында соғысқан. Днепр үшін кескілескен ұрыста ерлігімен көзге түсіп, Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. «Ленин», «Алтын жұлдыз», «Ерлігі үшін» ордендірмен, «1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. 1945 ж. туған жерге оралды. Соғыстан кейін

Шымкент, Алматы қ-нда Кеңес қызметкерлерін даярлайтын курстарда оқыды. 1946-52 ж. Найман а. Кеңесі атқару к-тінің төрағасы болып, 1952-64 ж. аудандық қаржы бөлімінде қызмет атқарды. И. ерлігі «Хабар 24» телеарнасы түсірген «Батырлар елі» деректі фильмінде баяндалады. Батырдың атында ауыл бар. Туған жерінде ескерткіш орнатылған, ал бейіт басында 1x3,7 м бетон тұғырға қойылған тас тақталарда (3x0,7x0,08 м) батырдың бейнесі бедерленіп, аты-жөні, қызметі, өмір сүрген жылдары туралы мәлімет берілген.

 Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 250.; Ордабасы: Энциклопедия / Бас ред. Н. Бегалыұлы. – Шымкент: «Ордабасы», 2008. – Б. 471.; <https://ru.wikipedia.org/wiki/%81%>.

М.Ахметова

ИСМАИЛ ӘЛ-ХУСАИНИ ӘЛ-ФАРАБИ (т.-ө.ж.б.) – ғалым. Фарабтық ғалым жайлы толыққанды мәліметтер жоқ. Тек Ә. Дербісәлінің Түркиядағы «Куприли» кітапханасындағы қолжазбалардың бірінде доктор Рамазан Шешен мен Джауад Ізгі Джамил Ақпинар Әбу Насыр әл-Фарабидің «Фусус әл-Хикам» («Кемеңгерлік меруерті») атты еңбекке түсіндірме жазғандығын атайды. Сонда оны 1489 ж. дүниеден өткен деп көрсетілгенін келтіреді.

 Әдеб.: Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров

ИСМАИЛ ИБН ХАМАД ӘЛ-ЖАУҒАРИ ӘЛ-ФАРАБИ (940, Фараб қ. -1002, сонда.) – тіл маманы, ақын. Толық аты «Әбу Нәсір Исмаил бин Хаммад әл-Жауғари». Фараб жерінде дүниеге келіп, жас кезінде

Ирак жеріне қоныс аударған. Бағдат қ-ндағы белгілі ғалымдар Әбу Али әл-Фариси (900-987 н.ж.) және Әбу Сайд ас-Сирафи (т.ж.б.-978 н.ж.) сияқты тұлғалардан тіл білімін меңгерген. Ол – араб тілі дыбыстарының ретімен орналасу тәртібін және дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін қарастырған тіл маманы. Сондықтан оны араб тілінің лексикография саласының білгірі деп біледі. И. и. Х. ә.-Ж.-дің танымал еңбегі «Тіл тәжі және араб тілінің ақиқаты» – Тәж әл-Луға уа саххах әл-арабия). Қолжазбаның бір нұсқасы Сауд Арабия Корольдігі Рияд қ-ндағы «Корол Абдул Азиз» кітапханасында сақтаулы. Кітапхана каталогында автордың аты И. и. Х. ә.-Ж. ә.-Ф. деп көрсетілген. Араб тілі мамандары тарапынан танымал болған еңбек қысқаша «Саххах» деп аталады. Еңбек – араб тіліндегі ең көне сөздерге түсінік берген класс. туынды әрі әріптері тармақтарға бөлініп реттік тәртібін сақтап жазылған алғашқы ауқымды сөздік. Сөздіктегі сөздерге араб тілінде түсінік беріліп, оның мағынасы мен мазмұны ислам тарихымен, тарихи оқиғалармен ұштастырылып жазылған. Ғалымның бұдан басқа «Аруд әл-Урқати», «Муқаддимат фи-н-наху» сияқты еңбектері бар. «Аруд әл-Урқати» еңбегі өлең теориясы жөнінде жазылған. Өйткені И. и. Х. ә.-Ж. ғыл. еңбектермен бірге поэзиялық туындыларды да жазған. Сан ғасыр бойы белгісіз болған бұл туынды ғалымды тіл маманымен қоса ақын ретінде де танытқан. И. и. Х. ә.-Ж. ең алғаш ұшақ қанатын жасаушы ретінде де танымал. Ол Бағдатта тіл білімін шыңдап болғаннан кейін, Нишапур қ-нда ұшатын қанат жасаумен айналысқан. Ұшақтың қанатын ағаштан жасағаны туралы деректер көп. Себебі ол өмірінің соңына дейін адам гравитациясын зерттеп, әуеде бірнеше уақыт болса да қалқып ұшудың жолда-

рын іздеген. Бұл жайында танымал Бағдат әдебиетшісі Иақут Хамауи (1178-1225 ж.) Әли ибн Фаддал «Шажарату заһаб фи ма'рифати а'иммати әл-Адаб» кітабына сілтеме жасап былай деген: «әл-Фараби – «Саххах» деген құнды еңбек жазған тұлға. Бұған қоса, ол – Нишапур қ-нда ең алғаш болып ұшақтың қанатын ағашпен жасап ұшуды тәжірибеден өткізген кісі».

 Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2010; Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

Н.Мансұров

ИСМАИЛОВ Әнуар (1938, Түркістан обл. Сарыағаш ауд. Қарабау а. – 2015, Шымкент қ.) – ғалым, саясаттанушы, тарих ғыл. докт, полк.



Орта мектепті Алтын медальмен бітіріп, Рига қ-нда (Латвия Республикасы) жоғары әскери-арнайы оқу орнында (1957-62) оқыды. Әскери қызметін 1962 ж. «Байқоңыр» космодромында бастады. 1968 ж. Семей обл-нда (ядролық полигонда) қызметін жалғастырды. 1971-73 ж. Орта Азия әскери окр-нің дивизия штабында болып, кейін Москвадағы Ленин атынд. Саяси-әскери академияның адыюнктурасына оқуға түсті. 1984

ж. Жоғары акад. жетілдіру курстарын бітірді. Әскери қызметі Түркістан әскери окр-нде (ТүркВО), Ташкент Жоғары танкі командирлерінің үч-щесінде жалғасын тапты. И. 1989 ж. тарих ғылымы бойынша докт. дисс. қорғап, 1990 ж. проф. атағына ие болған. 1991 ж. әскери қызметтен зейнеткерлікке шығып, ұстаздық еткен. 1991 жылдан Қазақ Химия-технол. ин-тының (КазХТИ) каф. меңгерушісі, проректоры. М. Әуезов атынд. Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі, 2011 жылдан Қ.А. Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінде «Халықар. қатынастар» кафедрасының проф. «Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихшылар мен саясаттанушылар ассоциациясы» қоғамдық ұйымының директоры қызметтерін атқарды. «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005), «50 лет космодрома Байконур» (2005, Российская Федерация), Қазақстанның Еңб. сің. қайраткері (2005), «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен марапатталған.

 Шығ.: Краснознаменный Туркестан. – М., 1988; Внешняя политика РК. Учебное пособие, – Шымкент, 2002; Страницы истории Южного Казахстана (1864-1917 г.г.). – А., 2003; Страницы русских исследований в Казахстане (XIX-нач. XX в.в.). – А., 2004; Война и Победа: (из истории Казахстана в 1941-1945 г.). – Шымкент, 2010; Ерлікке толы ғұмыр. – А., 2012.

Н.Мансұров

ИҮГІНЕКИ АХМЕТ (т.ө.ж.б.) – ақын, ойшыл. 12 ғ-дың соңы мен 13 ғ-дың басында өмір сүрген өз заманының білімпазы. Туып-өскен жері Түркістан маңындағы Жүйнек елді мекені. Толық аты – Әдиб Ахмет ибн Махмұд Иүгінеки. И. оның Жүйнек, яғни Түркістандық екендігін танытады. Жүйнек – Түркістан қ. маңындағы шағын ауыл. И. жасынан зағиптықтың


мехнатын көрген кісі. Осыған орай кейбір зерттеушілер ақын еңбектерін айтып отырып біреуге жаздырған деген пікірлерді айтады. Ол білімге құштар, түркі тілдері мен араб тілін жақсы меңгерген. А.Иүгінеки – билік үшін күрескен, бірақ басқаруды аңсаған саясаткер емес, өз дәуірінің мәдениетін жоғары бағалаған ойшыл. Заманының білімпазы әрі жазушы ретінде «Әдиб Ахмет» деген атақты иеленді. Бұл тәрбиелі, оқымысты, әдепті мағыналарын береді. Ақынның танымал әрі кең тараған еңбегі «Ақиқат сыйы» атты шығармасы. Еңбек адамгершілік, моральдік нормаларға негізделген дидактикалық үлгідегі шығарма. Аруз өлең өлшемімен түркі тілінде жазылған. Алғашқы тараулары Ислам дәуіріндегі дәстүр бойынша жаратушы Алланы, Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды, оның төрт сахабасын мадақтайды. Әрі қарай білім мен надандық, әдептілік пен тәртіптілік, жомарттық пен сараңдық, кішіпейілдік пен тәкаппарлық, достық пен дұшпандық жайлы тақырыптарда ой қозғайды. Оның мұндай ойлары кейінгі қазақ ақын ойшылдарына дәстүрлі философиялық жүйе салған бастама болып қалыптасты. Қазақ тілінде түпнұсқаның көшірмесі мен транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы Ә.Құрышжанов, Б. Сағындықов (1985ж.) дайындаған нұсқасы негізінде жарияланды.

Әдеб.: Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А., 1998; Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Аст., 2001.

Н.Мансұров

ИШАНБАЗАР МЕШІТІ – 19 ғ. аяғындағы сәулет өнер ескерткіші. Түркістан обл. Ордабасы ауд. Аққойлы а. қасындағы төбеде орналасқан. Бұл жер 19 ғ-да апта сайын базар болғандықтан И.

атанған. Кейін жергілікті тұрғындардың руы атымен Аққойлы мешіті деп аталған. Мешітті салу жобамен 1880 ж. басталған. Ел аузында сақталған деректер бойынша мешіт салуды 30 жыл Бұхарада оқып, кейін «ишан» деген атаққа ие болған Егемберді бастаған. Оның құрылысын ұлы Мади ишан жалғастырған. Жалпы мешіт құрылысы 30 жылдан аса уақыт жүрген. Ескерткіш айналасында кірпіш күйдірген екі пеш орны хұмдандар бар. Мешіттің іргесін салуға, қабырғаларын көтеруге ташкенттік ұсталар қатысқан. Ғимаратының ерекшелігі мешіт құрбан айт мерекесінің намазына жиналған жамағатқа арналып салынған. Мешіттің қасбеті шығысқа бағытталған. Ғимарат медресе қызметін атқарған. Мұнда халық ақыны Нұралы Нысанбайұлы, басқа да белгілі адамдар оқыған. Мешіт 9 бөлмеден тұрады, барлығы күмбезбен көмкерілген. Орт.қ бөлменің қабырғалары Құран сөзімен, геометр. үлгідегі өрнектермен нақышталған, оңт.-батыс дуалында михраб жасалған. Шеткі бөлмелер құжрахана қызметін атқарған. Онда мешіт имамы мен оқытушылар тұрған. Кеңестік дәуірде мешіт қараусыз қалып, қатты бүлінген. Күмбездің едәуір бөлігі опырылып құлаған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жөндеу жұмыстары жүргізілген.



Ишан базар

Әдеб.: Ходжаев М. В забвѣ // Южный Казахстан. – 1981. 11. 02; Қожаев М. Ескерусіз қалған ғимарат // Қазақ әдебиеті. – 1983. 04. 02; Байтанаев Б.А., Елгин Ю.А. Культурная архитектура. – А., 2013.

М.Қожа

ИІРСУ-ДӘУБАБА ҚОРЫҚШАСЫ – респ. маңызға ие зоолог. қорықша. Түркістан обл. Түлкібас ауд-нда 19000 га жерді алып жатыр. Талас Алатауының қиыр батысындағы тау жоталарында (биікт. теңіз деңгейінен 1800 м-ге дейін) орналасқан. Жер бедері адырлы-шоқылы болып келеді. Бетегелі далада астық тұқымдастары мен шалғындық шөптесін өсімдіктер және бұта (итмұрын, долана, ырғай және т.б.) өседі. Қорықшаның жер бедері сай-салалы, ойысты, құлама жарлы келеді. Сайлы жерлерде әртүрлі жеміс ағаштары (алма, шие және т.б.) мен шағын ормандар кездеседі. Жануарлардан – елік, қасқыр, түлкі, қызыл суыр, сібір таутекесі және т.б. мекендейді. Құстардан кекілік көп, ал өзендерінде көкбас пен қаяз балықтары кездеседі. Қорықшада сирек кездесетін Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген бүркіт, жұртшы, қара дегелек, Тянь-Шань қоңыр аюы, үнді жайрасы, әсіресе, Мензбир суыры қорғалады. 2006 ж. Сайрам-Өгем ұлттық паркінің құрамына кірді.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева



19 ғ. соң. - 20 ғ. бас казарма

КАЗАРМА ҒИМАРАТЫ (19 ғ.) – Түркістан қ-ндағы тарихи ғимарат. 19 ғ-дың екінші жартысында гарнизонды күшейту мақсатында салынған. Ғимарат күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. 1900 ж. әскери ғимараттардың бас жоспарында бұл к. ғ. төм. шенді әскерлерге арналып салынатын құрылыс ретінде жоспарланған. К. ғ. қала цитаделінің жанында орналасқан бір қабатты, кірпіштен қаланып, шатырмен жабылған. Қас беттері тепе-тең, қабырғалар терезелермен бөлінген. к. ғ. бағаналардың екі қатарымен безендірілген. Өзге де сол кезеңде салынған ғимараттар секілді к. ғ. еуропалық, ресейлік үлгіде салынған. Бұл ғимаратта 20 ғ-дың 70-80-ж. «Эластик» тігін фабрикасы жұмыс істеді. Қазіргі кезеңде Түркістан тарихы мұражайы орналасқан.

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А- А., 1994.

Д.Мұстапаева

КЕЛЕС – өзен. Солт-дегі Қаржан а. Желбұлақсай мен Талдысай өзендерінің қосылуынан бастау алып, Сырдарияға құяды; Түркістан обл. Қазығұрт, Сарыағаш, Шардара ауд-дары аймағынан өтеді. Ұз. 241 км., су жиналатын алабының ауданы 3310 км². Қаржантаудың батыс беткейі мен Қазығұрт тауынан бастау алады. Жоғ. ағысындағы арнасы тар және тік жарлы келген, төм. ағысындағы арнасы кең. Суы тұщы. Қар және жер асты суымен толығады. Қабыланбек а. тұсындағы көп жылдық орташа су ағымы 5,9 м³/с шамасында. Өзен суы бау-бақша, егін суаруға пайдаланылады. Жонарық а. тұсында өзенге оның ірі салаларының бірі Тасбұлақ өз. құяды. Ғыл. әдебиеттерде К. атауының этимологиясы әр сипатта болып келеді. Олардың біреуінде, гидроним «түрік-моңғолдың» келе/ «хел» «тіл» және түрік тіліндегі с, су сөзінің қысқарған түрі, демек «тіл-су». Сөздің негізі мен түбірі «келе» түркі және моңғол тілдеріне ортақ болуы мүмкін. Басқа нұсқа бойынша, гидроним негізін үлкен кесірткенің атауы – келес құрайды. Дегенмен, бұл болжам тарихи деректермен дәлелденбеген. Қазақстанның оңт-нде ерте темір кезеңінде өмір сүрген сақ тайпалары арасында кесіртке тотемі болуы негізді емес. Қазақтарда «келес» деп аталатын кесірткелер тек Қызылқұмда мекендейді, бірақ К. аңғарында олар жоқ: «Құмдар мен құмдардың маңында, сексеуілдер арасында, үлкен Psammosaurus arenarius Geoffr кездеседі, олар осы уақытқа дейін Түркістанның тек Хожент маңында ғана белгілі. Қырғыздар оларды келес деп атайды. Келес 10 ғ-дың геогр. шығармасында, 16 ғ-дың дереккөзі Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» шығармасында 1580 жылғы Абдулла ханның жорығын сипаттаған кезде алғаш рет

айтылған, автордың айтуынша, 19 ғ-да «Қаляс» түрінде «керемет ауылдар мен ғажайып жерлер болған». 1744 ж. Орынбордың танымал тарихшысы П.И.Рычковтың айтуы бойынша, Қаляс алқабы Шыршық және Арыспен қатар қазақтың Ұлы жүзінің негізгі тіршілік ету орталарының бірі болды.

 Әдеб.: Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А., 1974. – С. 132; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010. – С. 793; Федченко А.П. Путешествие в Туркестан. – М., 1950. – С. 183; Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ин-та истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – А.-А., 1960. – С. 78; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 255; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 344; Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. – СПб., 1762. – С. 27.

М.Қожа

КЕЛІНШЕКТАУ – Қаратаудың теріскей жағында, қазіргі Таукент кентінің жоғ. тұсындағы шатқалында тізбектеліп жатқан тау сілемдері. Тау сілемдері жүк артқан көшке ұқсайды. Көштің алдыңғы жағында атқа мініп, түйе жетектеген келіншек бейнесін байқауға болады. Шәмші Қалдаяқов жырға қосқан осы К. атауы жайлы халық аңызы бар. Сонау ерте заманда Қаратау етегінде өмір сүрген атақты бір байдың Айсұлу есімді өте сұлу жалғыз қызы болыпты. Қыздың сұлулығы жан-жаққа тез тарап, қыз 15 жасқа келгенде айттырушылар тұс-тұстан ағыла бастапты. Перзентін өте жақсы көретін бай қызының қалауы бойынша ғана тұрмысқа шығатынын қатаң ескертіпті. Жігіттерді

асықпай таңдаған қыз ақыры біреуіне тоқтап, әкесінен батасын сұрайды. Бай уәдесінде тұрып, қызына қырық күн тойын жасайды. Той өткен соң бай қырық түйеге жасауын артып, қызын жолға шығарады. Айсұлу ауылдан ұзап, Балдысу өз-не келген кезде көшті тоқтатып, сандықтардағы жасауларын тексере бастайды. Барлық бұйымдары таза алтыннан жасалыпты да, тек жалғыз итаяғы ғана ағаштан жасалған екен. Бұған қатты ренжіген Айсұлу әкесіне тез адам жіберіп, итаяқты да алтыннан жасатуды талап етеді. Қызының мұнысына қатты ашуланған бай: «О, жақсылықты түсінбеген қасиетсіз қызым, тас бол!» деп қарғаса керек. Сол замат Айсұлу да, шұбатылған көш те түгел тасқа айналып кеткен көрінеді. Сөйтіп, бұл жер «К» аталып кетіпті. Тау ортада бойшаң келген сәукеле киген келіншек, айналасында түйелер мен өркештері, жасауы тізбектелген осы көріністі береді. Оған табиғаттың әртүрлі түске бояуы ерекше әсемдік береді. Бұл аңыздың тәрбиелік мәні ашкөзді болмауды, барға қанағат қылуды, тойымсыз болмауды меңзейді.

Әдеб.: Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Тәжіризұлы С. Созақ өңірі. – А.: «Дәуір», 2007; Бимұрзаев Н. Келіншектау // <http://bilim-all.kz/article/5715-Kelinshek-tau>.

Ш.Құрманбаева

КЕМЕЛ Мырзақелді (15.1.1949 ж.т., Түркістан обл. Мақтарал ауд.) – жазушы, қоғам қайраткері. Ташкент ирригация және а. ш-н механикаландыру инженерлері ин-тының а. ш-н электрлендіру мамандығын (1971), 2000 ж. М.Х.Дуллати атынд. Жамбыл ун-тінің құқықтану ф-тінің заңгер мамандығын тамамдаған. Еңбек жолын 1971 ж. Мақтаарал ауд-ндағы «Октябрьдің 30 жылдығы» кеңшарында аға

инж. болып бастаған. 1975-92 ж. Мақтаарал ауданында партия, кеңес қызметінде болды. 1992-94 ж. кеңшар директоры, 1994-95 ж. Қазақстан Республикасы Жоғ. Кеңесінің депутаты, 1995 ж. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы шетел инвестициясы жөніндегі к-тінің сектор меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1995-2004 ж. 1 және 2-шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты. Руханият саласында ізгілікке, адамгершілікке үндейтін 10 кітап шығарған. Қытай ақылмандары Лао Цзы мен Конфуцийді, испан пәлсапашысы Бальтасар Грасиан, ежелгі үрім және грек ақылмандарының афоризмдерін, қазіргі ілімдерді насихаттаушы Луиза Хей, қазіргі кездегі ең атақты жазушыларының бірі Пауло Коэльолардың таңдаулы еңбектерін қазақ тіліне тәржімалаған. «Дүние» және «Экология и устойчивое развитие» журналдарын шығаруға ат салысқан. «Абзалдық әліппесі», «Өзіме сабақ» сияқты кітаптары оқырман қауымнан жоғары бағасын алған. 2004 ж. экономика ғыл. докт.болды. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемл. басқару академиясының проф., 14 монографияның, 100-ге жуық ғыл. мақалалардың авторы.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 224; Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999; Мақта ордасы – Мақтаарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран», 2003.

Ж.Өмірбекова

КЕНЕСАРЫ ХАН (1802-1847) – Ресейдің күшейе түскен отарлық саясаты жағдайында орт-танған хандық билікті

қалпына келтіріп, елдің тәуелсіздігі үшін он жылға созылған қарулы қарсылық ұйымдастырған тарихи тұлға. Ғыл. әдебиеттерде оның есімі Кенесара, Кенесарый, Кенесары, Кинесары нұсқаларында кездеседі. К. хан Қасымұлы Абылай ханның немересі. Билік құрған уақыты 1841-47 ж. Оның билігі үш жүздің басым бөлігін қамтыды. Билік аймағы Қазақстанның солт.-шығысы мен орт., Торғай өз-нің аум., Жетісудың бір бөлігі, Сырдария өз-нің төм. және Ташкентке дейінгі орта ағысы, Аралмаңының солт.-шығысына таралды. Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен К.х., Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай, Бопай туған. Тоқалынан Наурызбай дүниеге келген. Е.Бекмаханов: «... Кенесары Орта жүздің саяси өмірінде жүз жыл бойы басшылық рөл атқарған шаңырақта дүниеге келіп, тәрбиеленді. Саяси белсенді қызмет Кенесары Қасымұлының атасынан бастап, аға-інілеріне және әпке қарындастарына дейін әулеттік дәстүр болып есептелді, бұл жағдай болашақ көтеріліс басшысының мінезі мен саяси-идеялық көзқарасының қалыптасуына терең әсер етті», дейді. 19 ғ-дың екінші жартысында Н.А.Середа К. ханның көтерілісін далалық аймақты Ресейден бөліп алу, Бұхар хандығымен жақындасуын Қоқан хандығын бағындыруға бағытталған әрекет деп біржақты бағалаған. Дегенмен, К. х-ның ұлт-азаттық көтерілісінде қандай қолбасшы, тарихта қандай ұлы тұлға болғандығы туралы орыс тарихшысы: «Кенесары хан өз жасақтарының мәртебелі әміршісі бола білді. Оның рухы дем берген жауынгерлерге еуропалық әскер қолбасшыларының өзі қызығар еді... Кенесарының бойындағы күллі осындай қасиеттерді көшпенділер биік бағалап, оның қаракет-қимылына

қатысушылардың жүрегі басшысына деген шексіз сүйіспеншілікпен соғып, жанын пайда етуге дейін барғызады», - деп сипаттама береді. Ш.Ш.Уәлиханов хандық биліктің жойылуы мен қазақ даласын басқару үшін округтерге бөлу әрекеті 1825-46 ж. Қасым сұлтанның, кейін ұлдары Саржан мен К. хан бастаған қарсылықтарға негіз болғандығын жазды. Ресейге қарсы күресте одақтас болған Қоқан билеушілерінің екіжүзділігінен 1836 ж. Саржан сұлтан өлтірілді, 1840 ж. Қасым төре қаза тапты. Осы кезде К. хан мен Наурызбай саясат сахнасына шықты. Кенесары патша өкіметінің билеушілеріне жазған хатында «1825-1840 ж. олар (жазалаушы отрядтар) біздің жерімізге он бес рет тонаушылық шабуылдар жасады. Сондықтан біз, қазақтар, осындай қысымшылық, тонау мен кісі өлтіруге төзбей белгісіз бағыттарға көшіп кетуге мәжбүр болдық. Дегенмен, олар бізге бұл жерлерде де тыныштық бермеді. Сондықтан мен, Кенесары Қасымов, қолыма қару алып ұлы күресті бастадым» деп жазды. Заңды талап-тілегі орындалмай, өтініші аяққа басылып, елі мен жерінің біртұтастығына қауіп төнгендіктен, ту ұстап, қол бастаған саясаткер және дарынды қолбасшы ретінде соғысқа жан-жақты дайындалды. К. хан көтерілісте бұқара халықтың арасынан шыққан Ағыбай, Иман, Басығара, Аңғал, Жанайдар, Жәуке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай, Мыңжасар тәрізді батырларға арқа сүйеді. 1841 ж. қыркүйекте Торғай өз-нің маңында Орта жүздің және Кіші жүздің игі-жақсылары Кенесарыны қазақ халқына хан етіп сайлады. 1842-43 ж. Бұхара әмірі Насрулла хан (1842-60) оны қазақ ханы деп таныды. Кенесары тұсында «Хандық

билік ин-ты» қалпына келтірілді және оны реформалады. Бұрынғы Ақсақалдар кеңесін жойып, оны Хан кеңесімен алмастыруы К. Қасымұлының билікті ортандыруға ұмтылғандығын көрсетеді. Сол ж. К. х-ның әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі Кенесары ханға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. Соған қарамастан, К. х-ның әскері Ресей армиясы мен отаршыларды қолдаушы қазақ сұлтандарынан құралған күштерге бірнеше рет ойсырата соққы берді. Әсіресе, 1843 жылдың қыркүйегіндегі Орынбор жасағымен шайқас бір жұмаға созылды. 1844-45 ж. К. хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс шырқау шегіне жетті. Отаршылар әскерінің ығыстыруымен К. хан өз ордасын Жетісуға көшірді. Ұлы жүзден оған Байсейіт, Сұраншы, Саурық, Тойшыбек, Байзақ батырлар жасақтарымен қосылды. К. ханның орыс отаршыларына қарсы күресте одақтасу туралы қырғыз манаптарына жасаған ұсыныстары қолдау таппады. Патша әкімдерімен құпия байланыста болған қырғыз манаптары оған мойынсұнбады. Кенесары хан оларға шабуыл жасады. Өз жақтастарының опасыздық салдарынан К.Қасымұлы мен Наурызбай қолға түседі. 1847 ж. К. хан Қырғызстанның Қарасу өз. алабындағы Кекілік-Сеңгір жотасында қырғыз манабы Қалиғұл Әлібековтың қолымен өлтірілді. Ханның жеңіліс табуы мен қайтыс болуы орыс отрядтарының Іленің арғы жағалауындағы өлкеге және Солтүстік Қырғызстанға одан әрі тереңдей енуіне қолайлы жағдай жасап, аймақты Ресей империясына қосып алуды жеңілдетті. 1947 ж. Е.Бекмаханов көтеріліске: «Бұл көтеріліс қазақтың үш жүзін түгел,

барлық аймағын қамти отырып, он жыл бойына созылды, сөйтіп халықтың қалың бұқарасын күреске тартты. Бұл көтерілістің айрықша көңіл аударатын жері сол: оның барысында қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу мақсатында біртұтас қазақ мемлекетін құруға соңғы талпыныс жасалған еді», деп баға береді. К. х-ның Күнімжан деген әйелінен Жапар, Тайшық, және Ахмет, ал Жаңыл ханым атты әйелінен Омар, Оспан, Әбубәкір, Садық (Сыздық) және Сығай атты ұлдары болды. Оның ұлдары арасынан Тайшық сұлтан орыс әскерінің құрамында қоқандықтарға қарсы күресте қаза тапқан, ал Сыздық сұлтан қоқан әскерімен бірлесіп, отаршыларға қарсы күресте қол бастаған. Ол әйгіл Иқан шайқасына, Түркістан, Шымкент, Ташкент қ-ларының қорғанысына, К.П.Кауфманның Хиуа жорығына қарсы күреске қатысып, Қашғарда Якуб ханмен бірге азаттық күресті жалғастырған. К. хан Ресей империясының әскери жаулап алушылығы жағдайында дәстүрлі билік ин-ттарын қалпына келтірген және орыс отаршылығына қарсы қарулы күрес жүргізуі арқылы қазақ елінің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығына қызмет жасаған көрнекті тұлға.

Әдеб.: Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – А., 1992; История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. -2-изд., испр. и доп. –Т.1. –А.-А., 1945; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы). – А., 1997; История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Қазақ хандары. – А.: «Қазығұрт» баспасы, 2015.

Х.Тұрсұн

КЕНЕСАРИН ӘЗІМХАН АХМЕТҰЛЫ (19.6.1878. Шымкент қ. – 29.10.1937) – Кенесарының ұрпағы. Әкесі Ахмет сұлтан (1838-88) Кенесарының бәйбішесі Күнімжан ханымнан туған Жаппар, Тайшықтан кейінгі үшінші ұлы. Патшалық Ресей тарапынан 1864ж. күзде Шымкент уезді құрылды. Ахмет сұлтан Кенесарыұлы уезд басшысының үшінші жәрдемшісі әрі тілмәші қызметін 1867-87 ж. аралығында атқарады. 1888 жылдың қараша айында Ахмет сұлтан 50 жасқа қараған шағында ұзаққа созылған аурудан қайтыс болады. Ахмет сұлтанның бәйбішесі Муллабике ханым ерінің ақ патша алдындағы көп жылдық адал қызметін көрсете отырып, 1889ж. 15 ақпанда Сырдария обл. ген.-губернаторының атына 10 жасар Махмуд және 9 жасар Әзімханды Орынбор Кадет корпусына қабылдауға жолдама беруін өтініп хат жазады. 1889 ж. 16 қыркүйекте Сырдария обл. ген.-губернаторынан жауап хат келеді. Хатта екі ұлды да Кадет корпусына оқуға жолдамамен қабылдауға келісім берілгені туралы жазылады. Анасы ұлдарының өз тәрбиесінде Шымкентте қалуын мақұл көреді. Түркістан обл. мемл. мұрағатында Кенесарин Әзімхан Шымкент қалалық екі жылдық учщені 1897 ж. 30 мамырда аяқтағаны туралы және Әулиеата уезінде канцелярия қызметкері болып жұмыс істеп жатқаны туралы да анықтама сақтаулы. 1897-17 ж. аралығында Әзімхан Тараз қ-нда тұрады. Әулиеата уезінде төңкеріске дейін мұсылман балаларын оқытатын 21 мектептің салынуына Әзімхан белсене араласады. 1917 ж. ақпан төңкерісінен кейін Әзімхан елдің саяси өміріне белсене араласады. Ол жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында Әулиеата уездік ұлттық кеңесін құрып, оған төраға болып сайланады. 1917 ж. 21-28 шілдеде Орын-

борда өткен 1-жалпы қазақ съезіне делегат болып қатысып, Алаш партиясының қатарына қабылданады. Әзімханның тікелей ұйымдастыруымен 1917 ж. 12 қарашада Әулиеата уезі қазақтарының съезі өтеді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтың шақыртуымен 1917 ж. желтоқсанның 5-13 күндері аралығында Орынборда өткен 2-жалпы қазақ съезіне Сырдария обл. қазақтары атынан Әзімхан қатысады. Съезде ол жер-су мәселесі жөнінде баяндама жасайды. Әлихан Бөкейханұлы, Халел Досмұхамедұлы, ғұмыр Қарашпен бірге съезд төрағасының төрт орынбасарының бірі болып сайланады. Сырдария обл-ның Алаш партиясының өкілдері мен Түркістан автономиясының төрағасы М.Шоқаймен бірлесе отырып, 1918 ж. 5-9 қаңтарында Түркістанда өңірлік съезд өткізуді шешеді. Съезге 82 делегат қатысады. Бұл жөнінде «Қазақ» газеті: «...уақыт өте тар...Түркістан қазақтарының Алаш атономиясына қосылуы маңызды іс болды», деп жазды. Дегенмен, М.Шоқай бастаған топ аумақтық делегаттары Түркістан автономиясын қолдауға шақырады. М.Шоқайды қолдаған Әзімхан Түркістан автономиясын заңды мемлекет деп таниды. Ташкенттегі большевиктік билік Түркістан автономиясын 1918 ж. 5 ақпаннан қарудың күшімен тарата бастағанда, Әзімхан өз наразылығын білдіреді. 1921 жылдан бастап Әзімхан Сырдария обл. большевиктік төңкерістік к-тінің хатшысы қызметін атқарады. Ол уездің атқару к-тінде жер бөлімінің меңгерушісі болып 1923 жылға дейін істейді. Әзімхан 1924-37 ж. саяси-қоғамдық қызметтен қол үзіп, Бөген-Шаян каналында гидротехник болып жұмыс істейді. Ол 1930ж. «ұлтшыл» деп айыпталып, тұтқынға алынғанымен, көп ұзамай бостандыққа шағады. Әйтседе

Әзімхан «үштік биліктің» қармауынан құтыла алмады. Бұл жөнінде қызы Напұса Кенесарина: «НКВД-нің Оңт. Қазақстан обл. басқармасы 1937ж. тамыз айының 15-і күні әкемді Шымкент қ-ндағы үйінде тұтқындап, қамауға алды. Содан үш жарым ай өткенде «алашордашыл, Қоқан автономиясы үкіметінің мүшесі» деген айыптаулармен атылды...», деп еске алады. Алматы қ-нда ОГПУ-дің ерекше 3 бөлімі: «қазақ ұлтшылдарының контррев. ұйымын құрғаны үшін», деген баптары бойынша айыпталған 28 алаш ордашыл қайраткерлер қатарында Әзімхан да бар. Ол 1937 ж. 29 қазанда атылды.

Әдеб.: Бөкейханов Ә. Шығармалар/Құрастырған және алғы сөзін жазған Қойгелдиев М. – А.,1994; «Шымкент келбеті», №27. – 7 сәуір, 2017ж.

М.Миразов

КЕНЖЕБАЕВ Бейсенбай (4.10.1904, Түркістан обл. Ордабасы ауд. Бөген а. – 17.7.1987, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1959), проф. (1961).



Мәскеу қ-ндағы Күншығыс еңбекшілері коммунистік ун-тін (1925), М. Горький атынд. Әдебиет ин-тының 2-курсын, әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ды (1942) бітір-

ген. Жас қайрат», «Лениншіл жас» (1923-28), «Кеңес туы» (1929-30), «Оңтүстік Қазақстан» (1932-33), «Социалистік Қазақстан» (1928-29, 1931-32, 1933-35) және т.б. газет-журналдарда бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор, 1938-41 ж. КСРО Жоғ. Кеңесінің Ведомостарында аудармашы, 1941-44 ж. Қазақстан мемл. біріккен баспасының бас редакторы қызметтерін атқарды. «1961 ж. ҚазҰУ-де кафедра меңгерушісі, 1975-87 ж. проф. лауазымын атқарды. Докторлық диссертациясының тақырыбы – «XX ғ-дың бас кезіндегі қазақтың демократ жазушылары». Ол монография болып жарыққа шықты (Алматы, 1958). К. – қазақ әдебиеті мен қазақ баспасөз тарихына іргелі зерттеулерін арнады. Қазақ әдебиеті тарихының көне дәуірлерден, яғни Орхон-Енисей жазбаларынан басталатынын ғыл. негіздеп дәлелдеді. Сонымен қатар ғалым фольклор үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Абай, С.Торайғыров, Ж.Жабаев, М.Сералин, М.О.Әуезов, С.Шәріповтің өмірі мен шығармаларын зерттеді.

Ғалым сұлтанмахмұттанудың негізін қалады. К. – «Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы», «Сұлтанмахмұт Торайғыров (өмірі мен творчествосы)» (1957), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығы мен «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967), «Көне әдебиет туралы» (1969), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1986) және т.б. зерттеулердің авторы. К-тың көркем проза («Асау жүрек», 1928) мен аудармада да (Г.Мопассан, Э.Хемингуэй, Лу Синь, Я.Гашек, А.П.Чехов, А.Довженко, А.Сорокин, Е.Мальцев т.б.) алатын өз орны бар. М.М.Фетисовпен бірге А.С.Пушкин шығармаларының би-

блиограф. көрсеткішін, ақын шығармаларын (1935) қазақ тілінде жариялады. К. қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдері Р.Нұрғалиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, А.Қыраубаева сынды т.б. шәкірттерді тәрбиелеп, ғыл. мектебін қалыптастырды. К. ғыл. мұрасына қатысты диссертациялар қорғалды (Сартбаева Д.Қ., Бейсенбаева Р.Х., Мұсаханова Р.Ә.). Ол бірнеше орден, медальдармен марапатталған. К. атында көше, мектеп бар. Ғалымның қазақ әдебиеті тарихына қатысты айтқан көзқарас-пікірлері ғылым мен ұлт руханиятына қосылған қомақты үлес болды.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 264-265 Сартбаева Д.Қ. Бейсембей Кенженбаев – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Түркістан, 2002. – 27 бет; Бейсенбаева Р.Х. Бейсембей Кенженбаев – кеңес дәуірі әдебиетін зерттеуші: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – А., 2009. – 31 бет; Мұсаханова Р.Ә. Бейсембей Кенженбаев және сұлтанмахмұттану мәселелері: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – А., 2010. – 29; https://adebiportal.kz/kz/news/view/beisenbai_kenzhebae.

М.Ахметова

КЕНЖЕБАЙ АТА ҚОРЫМЫ – жер аты. Кенжебайдың шын аты Көлеген. Басына тұрғызылған кесенесі Түркістан обл. Шардара-Арыс автомобиль жолы бойынан 550-600 м-дей солт-те. Шардара бағытымен Сырдария көпірінен өтіп, 4,5-5 шақырымдай Арысқа жүргенде жол жиегінің сол қапталынан дала мен тоғай шекарасында ақ түнікелі кесене күмбезі алыстан жарқырап көрінеді. Сырдарияның солт.-шығыс жағалауына жақын бұл кесене өзінің қамал-қ-на жерленген әйгілі Қазаяқты Кенжебай батыр сағанасы. Бұл жер Мұңлық қорымына жақын, ара-

сын дария суы бөліп жатыр. Күмбез ескі қорымда орналасқан. Қорым айнала темір сыммен қоршалып, сыртына айналдыра топырақ үйілген. Қорымға бүгінде адамдар жерлей бастап, оны: «К. а.қ.», дейді. 7x8 м-лік. Кенжебай кесенесінің биікт. 4 м, одан ары 3 м күмбез орнатылған. Кесене толық күйген қыштан өрілген. Есігі оңт-ке қараған, күмбез сырты салынған. Кесене сыртына айналдыра 0,65 м-лік. ендікте цемент құйылған. Ішіне Кенжебай бабаның қабірі, оның солт.-шығыс жағына бетінде жазуы бар он бес көк тас қойылған. Бабаның қабірі кесенеге кіргендегі сол қабырғасына қойылған. Қабір үстінің ұз. 2,5 м, ені 1 м, биікт. 1 м-ге жуық, үстіне мата жабылған. Қабірдің оңт.-шығысына аты жазылған мәрмәр тас қойылған. Кенжебай бабаны «Қазаяқты Көлеген» немесе «Қоңырат қазаяқты Көлеген» деп те атайды. Жалпы Кенжебай батыр – келеген руынан тараған әйгілі әулие адам. Мұнда «Көлеген тоғайы» деген де жер бар. Жергілікті халық бұл жерді ежелден қасиетті санап, басына ақ байлап, құран бағыштайды. Ел арасындағы әңгімеге қарағанда, Ташкентте Тайлақ деген төре болады. Оның Тыныбай, Шыныбай, Жаңабай, Қазаяқты Кенжебай (Көлеген) деген батыр балалары болады. Үшеуі жоңғар-қалмақ заманында (Тыныбай, Шыныбай, Жаңабай) Шардарадан ары, дарияның күнбатысындағы Алтын құм деген жерде шейіт болса, Кенжебай алғашында тұтқынға түсіп, одан қашып құтылған соң, осы өңірде асқан ерлігімен ел есінде қалады.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

КЕНЖЕҰЛЫ Әшірәлі (6.12.1946, Келес ауд. Көлтоған а. – 19.9.2001, Алматы қ.) – актер, Қазақстанның халық артисі (1998), Қазақстанның еңб. сің. артисі (1982). Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) (1969) бітірген. Өнер жолын 1968 ж. Қазақ драма театры сахнасында бастаған. Актер өнері табиғи шынайылығымен, ұлттық бояуының молдығымен әрі айқындығымен ерекшеленеді. К. негізінен, өткір мінезді рөлдерді орындаумен көрермендер сүйіспеншілігіне бөленді. Осындай рөлдердің қатарында Сапар (Қ.Мұхамеджановтың «Белтірік бөрік астында»), Қозы (Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Алшағыш, Кеңгірбай би, Ақжелке (М.Әуезовтың «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Еңлік-Кебек», «Қилы заманында»), Жақсыбай (С.Досановтың «Дауылында»), Оразқұл, Қасым (Ш.Айтматовтың «Ақ кеме», «Ана – Жер анасында»), Иман (Ә.Әбішевтің «Белгісіз батырында»), Айтөре, Демесін (Д.Исабековтың «Ескі үйдегі екі кездесу» «Кішкентай ауылында»), Полковник (Эрвенің «Түлкі бикешінде»), Абай (Б.Римованың «Абай-Әйгерімінде»), Құнанбай (И.Сапарбайдың «Абай - Тоғжанында»), Ботахан (Ә.Кекілбаевтың «Абылай ханында»), Мард (Шахимарданның «Томирисінде») және т.б. атауға болады. К. ұлттық театр сахнасында қойылған шетел драматургтерінің шығармаларында басты кейіпкерлерді ойнап, Қазақ драма театры сахнасында көптеген ірі бейнелер жасады.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: ЭНЦИКЛОПЕДИЯ/ Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 266.

М.Амантуров, Ж.Әкімбек

КЕНТАУ ҚАЛАЛЫҚ МҰРАЖАЙЫ – Түркістан обл. Кентау қ-ндағы мәдени кешен. Мұражай 1970 ж. қала тұрғындарының қолдауымен ашылған. Мұражайды құруға қаладағы белгілі азаматтар өз үлестерін қосқан. 1977 ж. «Ачполиметалл» комбинаты жанынан жаңа типтегі арнайы жабдықталған тау-кен ісі тарихи мұражайы іске қосылып, қазіргі таңда облысымыздағы тау-кен ісі тарихына арналған бірден-бір орт-қа айналды. 2005 ж. 17 қаңтарынан бастап Оңт. Қазақстан обл. әкімш-нің шешімімен мемл. коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып құрылып, сол ж. облыстық мәдениет басқармасының қарамағына өтті. Мұражай қызметінің негізгі мақсаты, өлкемізден шыққан барлық қазба байлықтарымыз еліміздің экон. өркендеуіне үлесін қосқан және сол кен орындарынан табылған қазба байлықтардан тұратын жәдігерлерді мұражайға жинақтап, оны сақтап, тарихынан паш етіп, бұқара халыққа таныстыру, кеңінен тарату, болашақ ұрпаққа насихаттау болып табылады. К. қ. м. ғимараты екі қабаттан тұрады.



Кентау қалалық музейі

Жалпы алаңы – 1270 ш.м, бөлмелер саны – 34. Мұражайдың экспозиц. бөлмелерінің жалпы алаңы – 464,4 ш.м. Қор сақтау бөлмесі – 36,3 ш.м. Жалпы қордың саны – 12123 жәдігер. Мұражайдың экспозициясы 6 залдан тұрады: Тау-кен ісі тарихы залы; минералог. жәдігерлер залы; Ұлттық нақыштағы зал; ҰОС ардагерлеріне арналған «Даңқ» залы; Әшірбек Төребайұлы Сығайға арналған зал; Сақ Мауленқұловқа арналған зал. Мұражайда пайдалы қазбалардың өте құнды бай қорының жиынтығы да бар. Кезінде Бүкіл Одақтық геогр. қоғамның архивінен, Мәскеу, Ленинград қ-ларының әскери және тарихи мұрағаттарынан, Қазақ КСР мен Өзбек КСР және халық ш. Мемл. орт.мұрағаттарынан табылған баға жетпес, құнды құжаттар мұражайда сақталған.

М.Тастанбеков

КЕНТАУ ҚАЛАЛЫҚ МҰРАЖАЙЫНЫҢ «ШАММАТ-ИШАН» ФИЛИАЛЫ – Түркістан обл. Кентау қ. Қарнақ а. С.Абдуллаев №2 мекенжайда орналасқан мәдени мекеме. Ғимарат мұражай болып 2005 ж. 26 мамырда ашылып, 2008 ж. желтоқсан айында Оңт. Қазақстан обл. Мәдениет басқармасы келісімімен «К. қ. м.» МКҚК-на филиал болып қайта құрылды. «Шаммат-Ишан» мұражай ғимара-



Кентау қалалық мұражайының «Шаммат-Ишан» филиалы

ты 18 ғ-дағы шығыстық сәулет өнерінің тамаша бір туындысы болып табылады. 1789 ж. іргетасы қаланған ғимаратта кіші ақсарай құрылысы басталды. 1876 ж. үлкен ақсарай және қосымша сауат ашу бөлмелері салынып, 1896 ж. жалпы ғимарат құрылысы толығымен бітеді. Жергілікті халықтың сауатын ашу мақсатында құрылған медреседе оқу 1917 жылға дейін жалғасады. Сол жылдан бастап ғимарат жетім балалар үйіне беріліп, 1928 жылға дейін пайдаланылған. 1982 жылға дейін бұл ғимарат қараусыз қалған. Ауыл тұрғындарының арқасында қайта жөндеу жұмыстары қолға алынып, 1990 жылға дейін жалғасады. 2009 жылдан Үкіметтің қаулысына сәйкес «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қазақстан қайта жаңарту» респуб. мемл. кәсіпорын. көмегімен күрделі жөндеу жұмыстары басталып, 2011 ж. желтоқсан айында толығымен аяқталды. Қазіргі мұражайдың жалпы алаңы 320 ш. м. құрайды. Мұражай 9 бөлмеден, яғни негізгі қор сақтау бөлмесі, экспозиц. бөлмелер, үлкен және кіші ақсарайлардан және Қарнақ тарихы залы, Ескі қолжазбалар және медресе оқулықтары залы, а.ш. және қолөнер бұйымдары залы, Ортағасырлық қыш бұйымдар залы, Зергерлік бұйымдар залы, Қазақ хандығы залы және т.б. залдардан тұрады.

М.Тастанбеков

КЕҢЕСБАЕВ Ісмет (1907, Созақ ауд. Жанысата а. – 1995, Алматы қ.) – тіл маманы, ғалым. Алғаш ауылда мұсылманша хат танып, кейін Түркістан қ-нда орта мектепте, 1922-26 ж. Ташкент қ-нда Қазақ ағарту ин-тында оқыды. Ленинградтағы шығыстану ин-тының түркология бөлімшесіне ауысып, оны 1931 ж. бітірді. Осы ин-тут қабырғасында өзінің ғыл. бағытын

тапқан. Себебі осында белгілі ғалымдар А.Самойлович, В.Бартольд, С.Малов, И.Мещаницов, Л.Щерба, т.б. профессорлардың дәрісін тыңдап, лингвистика, түркология жайлы терең білім алды.



Кейін елге оралып, халық ағарту комиссариатында әдіскер әрі Алматыдағы қазақ пед. ин-тында қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. 1932-35ж. Қазақ мемл. баспасының редакторы, 1933-36ж. Алматы мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі (қазіргі Қазақ ҰМУ), 1936-39ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінде аға ғыл. қызметкер, 1943-51 ж. Қазақ ҒА вице-президент, 1951-61 ж. Тіл және әдебиет ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1961-78 ж. Тіл білімі ин-тының директоры, 1978-87 ж. осы ин-тта бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1988 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ ҒА Төралқасының кеңесшісі болды. 1939 ж. орыс мектептерінің жоғары сыныптарына арнап жазылған зерттеулері бойынша канд. дисс., ал 1945 ж. докт. дисс. қорғады. К. қазақ тілінің фонетикасы, лексикологиясы, лексикографиясы, этимологиясы, тіл тарихы, туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектері бар. Ғалымның қазақ тілі фонетикасы мен лекси-

кологиясын талдаған ғыл. монографиялары жоғары оқу орындарында негізгі оқулықтардың бірі ретінде күні бүгінге дейін оқытылып келеді. Көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2 томдық, 1959, 1961), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1961), т.б. жарық көрді. 150-ге жуық ғыл. еңбектердің авторы, бірнеше ғыл. жинақтардың редакторы. Филол. ғыл. докт. (1945), проф. (1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1946). К. бірнеше рет дүниежүз. түркітанушылар симпозиумдарына қатысып, ғыл. баяндамалар жасады. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Қазақ КСР Мемл. сыйл. иегері (1978). «Қазақ кеңестік социалистік республикасының еңб. сің. қайраткері» атағын алған алғашқы ғалымдардың бірі.

Шығ.: Қазақ тілі грамматикасы. – А., 1939; Қазіргі қазақ тілі. Лексика, Фонетика. – А., 1962; Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А., 1977; Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – А., 1977; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2 томдық, 1959, 1961); Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – А., 1961.

Әдеб.: Балақаев М.Б., О тюркологических исследованиях С.К. Кенесбаева, в сб.: Исследования по тюркологии. – А.-А., 1963; Сарыбаев Ш., Смет Кенесбаевич Кенесбаев, «Народы Азии и Африки», – 1967; Қазақстан Республикасының ғылым Энциклопедиясы; Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4-том.

Н.Мансұров

КЕРЕЙ ХАН (т.-ө.ж.б.) – Жәнібекпен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған тұлғаның бірі. Шығыс қолжазбаларында оның аты Гирей, Кирай үлгілерінде жазылады. Бұл есімнің негізінде монғолдың «гарай» сөзі жатыр, ол «лайықты,

құқылы, еңбегі бар» деген мағынаны білдіріп, Шыңғысхан ұрпағында, көшпелі элита өкілдері арасында ер есімі ретінде кездеседі. Тарихи деректерде екі ханның есімі қатар жазылады, бірде бірінші болып Жәнібек хан, бірде К. хан тұрады. Ортағасырлық тарихшы Махмуд ибн Уалидің К. ханды падишах (патша) деп атағанын ескере отырып, оны қазақтың алғашқы ханы деп санауға негіз бар. К. хан өмірі жайлы деректер көп емес. Сондықтан оның дүниеге келген ж. мен қайтыс болған жылдары жөнінде нақты мәлімет жоқ. Шығыстанушы К.А.Пищулина К. ханның қайтыс болған ж.н 1480 ж. деп санайды. Т.И.Сұлтанов пен Н.Атығәев К. ханның деректерде соңғы мәрте 1473-74 ж. аталуына орай ол шамамен аталған жылдарда қайтыс болған деген пікір білдіреді. Сонымен К. хан билік еткен жылдар 1465/66-1473/74. К. ханның шығу тегі деректерде нақты көрсетілген. Ол текті, арғы бабалары ел басқарған әулеттен шыққан. Оның әкесі Анике-Булад сұлтан (кей деректерде Болат). К. оның жалғыз ұлы болып табылады. К. атасы Тоқтақия, бабасы Орыс (төл аты Мұхаммед) хан тағын иеленген Шыңғысхан ұрпағы. Шығыстанушы Т.И.Сұлтановтың көрсетуінше, шашы қоңыр баланы орыс деп атау түркілерде кездесетін дәстүр. Қазақ хандарының бабасы Мұхаммедке Орыс деп лақап ат қою осыдан шыққан. Сондықтан қазіргі кейбір әдебиетте қазақ хандарының бабасы болып келетін Орыс ханды қазақшалағанда оны Ұрыс хан деу қате болып табылады. Барлық қазақ хандарының арғы атасы Шыңғыс хан, оның баласы Жошы екені белгілі. Ал одан кейінгі шежіресі көне қолжазбаларда екі түрлі етіп көрсетілген. Осыларға сүйене отырып ғалымдардың бір тобы қазақ хандарын Жошы ханның Тоқай-Темір (Рашид

ад-Дин мен Қадырғали Жалаир бойынша Тоқай-Темір Жошының он үшінші ұлы, ал Махмуд ибн Уали бойынша төртінші ұлы, оның есімі кейде Тоқа-Темір үлгісінде жазылады) атты перзентінен таратады. Бұл нұсқа бойынша К-дің арғы бабалары – Жошы хан, одан Тоқай-Темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бәдіғұл (Бадик), оның ұлы атақты Орыс хан болып келеді. Екінші нұсқа бойынша қазақ хандары Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен бастау алады, оның ұлы Сасыбұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Орыс хан болып табылады. К. ханның үш баласы болған. Бірінші ұлы Бұрындық, болашақ қазақ ханы. Екінші ұлының аты Қожа Мұхаммед, болашақ қазақ ханы және үшінші ұлы Сұлтан Әлі. К. хан Шу – Қозыбасына көшіп бармай-ақ тұрғанда хан лауазымына ие болған, оның өзі Дешті-Қыпшақта басшылық еткен төл ұлысы болған. Қазақ хандығы құрылған соң ондағы жоғары билік К-ге өткен деген пікір бар. К. хан мен Жәнібек хан басқарған бір топ халық Жетісу аймағына 1459-60 ж. көшіп барды, ал 1465/1466 ж. Қазақ хандығының негізі қаланды. 1465/1466 жылды Мұхаммед Хайдар Дулати көрсетеді. Бұл жеке қазақ ұлттық мемлекетінің басы болды. Қазақ хандығының алғашқы билеушілері Моғолстан ханымен жақсы қарым-қатынас орнатты, Әбілқайыр хан мен оның мұрагерлерінің билігіне, озбырлығына наразы топтарды өз қатарына қабылдап, Қазақ хандығының халық санының өсуіне, қуатының артуына ықпал етті. Әбілқайыр қайтыс болған соң оның қол астындағы халықтың үлкен бөлігі К. мен Жәнібек хандарға қашып барып қосылып, Қазақ хандығы халқының саны екі жүз мың адамға жеткені тарихи деректерде көрсетіледі. К. хан мен Жәнібек хан шығыстан шабуылдап отыр-


ған қалмақтарға қарсы жорықтар ұйымдастырып отырды, батыс бағытында Түркістан уалаятын, ондағы қалаларды темірліктер мен шайбаниліктердің билігінен қайтарып алу үшін күш-жігерін аямады, осы бағытта олар Түркістан қ-ның іргесіне дейін жетіп, қарсыласы – Мұхаммед Шейбаниді Бұқараға қашуға мәжбүр етті.

Әдеб.: Атыгаев Н. Хронология правления казахских ханов (XV-XVI в.) // Тюркологический сборник – 2006. – М., 2007. – С. 50-62; Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – А., 1995; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; Пищулина К.П. Казахское ханство в XV в. // История Казахстана с древнейших времен до наших дней в 5 томах. Т.2. – А., 1997; Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингисхана. – А., 2001; Юдин В.П. Центральная Азия в XIV - XVIII веках глазами востоковеда. – А., 2001; Қазақ хандары. – А., 2015.

М.Қожа

КӨКМАРДАН – Отырар өңірінде 1-7 ғ-ларда болған қала орны. Арыс өз-нің сол жағасында, К. жайлауында орналасқан. Отырар жазығындағы ортағасырлық қалалардың ең ірілерінің бірі. 1977, 1978-83 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек.. К.А. Ақышев) зерттеген. Қаланың орт. бөлігі қазір сол-тен оңт-ке қарай созылып жатқан биікт. 15 м және аум. 3,2 га төбе түрінде сақталған. Қаланың неғұрлым биік солт. бөлігінде биікт. 16 м қамал-сарай орны бар. Мұның үстінде аум. 25x25 м алаңқай орналасқан. Ормен қоршалған және қазір Арыс өз-нің жайылма суы толған орт. төбенің айналасында тік бұрышты және дөңгелек төбелер пішіндес рабад бар. Оның аум. 4 га. Ол ені 2 м тоған арқылы қаланың орт. бөлігімен жалғасып жатыр, ал тоған қаланың шығысындағы жалғыз кіреберісіне

келіп тіреледі. Осы кіреберістен қаланы шығыстан батысқа қарай көктеп өтетін орт. көше шығады. Ол қала топографиясын ені 2-3 м сұрғылт түсті үйінді түрінде көрсетеді. Қала құрылысының 6-7 ғ-ларға саятын бөліктері жақсы зерттелген. Қалада алаңдарға шоғырланған тұрғын үйлер құрылысы тығыз салынған, ал орамдардың әрқайсысы шеткі үйлерден тұтас қабырғалармен бөлінген. Үйден бастау алатын жол орам ішіндегі тұйық көшеге немесе сара жолдың өзіне шығарады. Барлығы 10-ға таяу жеке орамдар қазылды. «А». орамы 370 м² жерді алып жатыр. Мұнда 5 үй мен діни құрылыс бар. Үйге кіреберістер орам ішіндегі ұз. 15 м, «шеңберлі» сара жолға апаратын тұйық көшеден тараған. 6-7 ғ-дың 1-жартысындағы үйлер бір және екі бөлмелі, жобасы тікбұрышты. Екі бөлмеден тұратын үйлерде тұрғын бөлмеден басқа да қоймалар бар. Бұлар, әдетте, азық-түлік ыдыстары қойылатын шағын бөлмелер. Мұнда қол диірмені де бар. Үйдің ішкі құрылымы сұфы пішінімен ерекшеленеді. Олар қос қабырғаны бойлай Г тәріздес, ал үш қабырғаны бойлайтыны П тәріздес болып



Көкмардан көне қалашығының сызбасы

орналасқан. Кейбір үйлердің бұрышта-рының бірінде еден нен 0,5-0,7 м биікте, диаметрі 0,3-0,4 м доғал жапсырма медальон бар. Оның астында еденде күл басқан шағын сандықша орналасқан. Бұл үй ішіндегі тәңірге табынатын орын болуы мүмкін. «А» орамында осы мекеннің діни орны көл. 4x4 м бір бөлмелі құрылыс табылды, бұл 3 басқышты баспалдақпен жалғастырылған. Кіреберіс дәліздің қарсысында (оның деңгейі пұтхананың еденінен 1 м биік) қошқар мүйізді жапсырмамен көмкерілген тік құлама бұрышты қабырғасы бар. Оның астында күл басқан подиум орналасқан. Пұтхананың екі қабырғасы тұсына Г тәріздес сұфы қойылған. Қазу барысында темір бұйымдар: пышақтар, жебенің ұштары табылды. Қызыл тасты, өрнекпен көмкерілген алтын белбеу көз тартады. Сүйектен жасалған ілгектер, түйреуіштер, басқа да әшекейлер көп. Қыш ыдыстары, негізінен, су тасуға, азық-түлік сақтауға арналған ілмелі және сопақ тұтқалы құмыралар. Түрлі өрнекті құмыралардың қақпақтары жануарлар, негізінен, қошқар бейнесінде жасалған. Су таситын құмыралардың аузы кең, бүйірі шығыңқы болып келеді. Құмыраның сырты сұрғылт, қара саз жалатылған. Кейбір құмандардың ернеуі қырлы. Тұтқалары мен иықтарында таңба тәрізді белгілер бар. Табылған заттар Археология ин-тының мұражайы мен осы ин-ттың Шәуілдір а-ндағы археол. базасының қорында сақтаулы.

Әдеб.: А г е в а Е.И., Пацевич Г.И., Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана, Труды ИЯЭ АН. КазССР. т. 5, 1958; Археологическая карта Казахстана. – А.-А., 1960; Байпаков К.М., Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI начало XIII н.). – А.-А., 1985.

Қ.Саркенова

КӨКСУТӨБЕ – ежелгі дәуірден және ортағасырлардан сақталған қоныс орны (1-12 ғ-лар). Түркістан обл. Шардара ауд-на қарасты Көксу қосалқы ш-ның маңында орналасқан. К-ні 1949 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. А.Н.Бернштам) зерттеген. Кейін 1982 ж. Оңт. Қазақстан пед. ин-ты жанындағы археол. отряд (жетек. Н.П.Подушкин) зерттеу жұмысын жалғастырды. Қазіргі сақталған қалпы – тік төртбұрышты төбе. Өлшемі: солт. бағыттары бойынша 120 м, батыс-шығыс бағыттары бойынша 160 м. Биікт. 1,5-2 м. Төбенің ортасында ауд-ны 35x45 м², биікт. 8-9 м. жер бар. К-нің батыс іргесінен басқа іргелерінің сыртқы ені 35 м. ормен қоршалған. Табылған заттар (қыш ыдыстар) К-ні мекендеген халықтың 1-12 ғ-ларда өмір сүргендігін дәлелдейді. К. ескі керуен жолының бойында сауда-саттық қатынастардың қажетін өтеп отырған.

Әдеб.: Археологическая карта Казахстана. – А.-А., 1960; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А.-А., 1994.

Қ.Саркенова

КҮЛТӨБЕ (Йасы-Түркістан) – тарихи жер. Түркістан қ-ның пайда болуы, дамуы көптеген ғалымдар мен экспедициялардың назарында болғаны анық. К. 1973 ж. Т.Н.Сенигова ертеортағасырлық керамикалар бөлшектерін, 7-8 ғ-ға тән теңгелер тапты. Осы арқылы ерте Йасы қонысының орналасуы туралы алғашқы деректер жиналды. М.Е.Массоннан бастап археол. зерттеу жұмыстары кесененің маңында өрістетілген және ертеортағасырлық қабатты қаланың деңгейін қарастырмаған еді. 1979-84 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясының Е.А.Смағұлов басқарған Түркістан археол. отряды ар-

хеол. қазба нәтижесінде қызықты материалдар тапты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңт.-шығыс тұсындағы 350 м жердегі К-ге археол. қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл жерде 6 м деңгейдегі 19 ғ-дан басталатын мәдени қабат ашылып зерттелді. Ең төм. қабат б.д. 4-6 ғ-на тән болды. К-нің топогр. ерекшелігіне сай бұл ерте ортағасырлық кезең деген тұжырым жасаған. 1981-84 ж. археол. зерттеулер ерте ортағасырлық қоныс, 12-14 ғ-дағы «Йасы» деген атпен белгілі, б.д. 1-мың жылдарының ортасында пайда болды деген тұжырым айтылды. Ғалымдар К-нің 6 м мәдени қабатын зерттеп, таза материкке келді. Мәдени қабат 7 құрылыс горизонтына бөлінген. Бірінші құрылыс қабатынан керамикалық ыдыстардың сынықтары, тастан жасалған қайық сипатынд. дән үккіштер табылды. К-нің 1-2-құрылыс горизонтынан б.д. 1-мың жылдарының ортасы, 6-7 ғ-ға мерзімдел-

ген жылқымен, ат әбзелдерімен көмілген жерлеу орны табылды. 5-құрылыс горизонтында екі бөлме қалдығы, еденде ошақтар, қасында тандырлар орындалды болды. 6-құрылыс горизонтында (3 қабат) қазба аум. күйдірілген кірпіштен құралған. Осы жерден ангобалған ыдыстан 13 ғ-дың соңғы ширегі және 14 ғ-дың бірінші ширегіне тән күміс және қола шағатайлық теңгелерді табады. Археолог ғалымдар К. стратиграф. құрылыс қабатын келесі уақыттармен мерзімдеген: 1-құрылыс қабаты – б.д. 4-5 ғ.; 2-құрылыс қабаты – 5-7 ғ.; 3-құрылыс қабаты – 7-9 ғ.; 4, 5-қабаттар – 9-12 ғ.; 6-қабат – 12-14 ғ.; 7-қабат - 19 ғ.; Соңғы жылдарда К-ні көптеген жылдар бойы зерттеген ғалым Е.Смағұлов бастаған археол. отряд бұл жерден көне, сақталып қалған төртқұлақ сипатты көне құрылысты ашты. Қабырғалары үш қабатқа көтерілген, құрылыстың төрт ұшы доға сипатында, дүниенің төрт бұрышына бағытталған. К-де археол. зерттеулер жалғасуда.

Әдеб.: Смағұлов Е.А. Сколько лет Туркестану?//Памятники истории и культуры Казахстана. Вып.3. – А.,1988; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994;Смағұлов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. – Туркестан, 1998.

Д.Мұстапаева



Күлтөбе

КІНДІКТӨБЕ – ортағасырдағы қоныс орны. Төле би ауд. Кіндіктөбе а-нан солт-ке қарай 1 км. жерде, Қызылбілік өз-нің оң жағалауында орналасқан. 1979 ж. Оңт. Қазақстан пед. ин-тының археол. экспедициясының тобы зерттеген. Ескерткіш сопақша келген ортасы биік төбеден тұрады. Көл. – 100x110 м, төбенің жоғ. бөлігінің көл. – 25-30 м, жалпы биікт. – 10-12 м. Оңт., батыс, шығыс жақтарын таға тәріздес ені 10 м, биікт. 2-2,5 м ұзынша төбе қоршаған. Қоныстың шығыс жағы неғұрлым тік. Қоныстан қыш қалыппен жасалған ш.-тұрмыстық заттардың (құм, құмша, құмыра, саптаяқ) сынықтары жинастырылған. Ыдыстарды көркемдеуге қызыл ангоб пайдаланылған, саусақ арқылы қолмен із түсіріліп, әртүрлі саз жабыстыру тәсілдері қолданылған. Арнайы қазба жұмыстары жүргізілмеген. Табылған материалдар Кіндіктөбе тұрғындарының 6-8 ғ-ларда өмір сүргендігін көрсетеді.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994.

Ш.Құрманбаева

КІШІ ҚЫЛУЕТ – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 50-60 м жерде, сол.-батыс тұста орналасқан діни ғимарат. К. Қ. 1943 ж. бұзылып кеткен. 1972-73ж. Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография ин-ты кесене жанындағы қазған үш діни құрылыстардың бірі – К. Қ. болды. 1972-73 ж. археолог Т.Н.Сенигова қазған бұл діни ғимарат жоспары дөңгелек формада, диаметрі 12 м, төрт бұрышты күйдірілген кірпіштен салынған, қабырғалары

1 м. дейін жерге отырған. Конус секілді шатыры темірмен жабылып, аймен ұшталған кішігірім күмбезі болған. Ғимараттың ішінде қабырға бойында 30-40 см суфалар болған. Солт. қабырғасында суфа баспалдаққа бекітілген. Ол 3м. тереңдіктегі жер асты бөлмесіне алып барады. Ол бөлменің аум. 3x3 м, төртбұрыш формасында. Қабырғалары күйдірілген кірпіш тақталармен қаланған. Жер асты бөлмесі ораза ұстап, ғибадат етуге арналған. Қылует сыртында тахаратхана жалғасқан үлкен дәліз секілді ғимарат бір-қатар бөлмелерге бөлінген. Бұл жерде 1972-73 ж. ғалымдардың жүргізген зерттеулері бір метр қабырғаның жер астында сақталғанын анықтады. Диаметрі 12 м. дөңгелек бөлме, оған жалғасқан тахаратханадан тұратын жартылай жер асты діни құрылысы. Т.Н.Сенигова Дөңгелек шілдехана бөлмесінің ортасында жер астында орналасқан «Ғар» бөлмесі барын жазған. Ғимарат 1943 ж. бұзылған. 10-12 ғ. дәстүріне сай салынған.

Әдеб.: Сенигова Т.Н. Культурные сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави//Археологические исследования в Отраре. –А.-А., Наука, 1977.; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П. Итенов А.А. Очерки по истории и археологии средневекового города Туркестана. – А., 1998.; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – А., 2000.

Д.Мұстапаева

КІШІТӨБЕ – ортағасырдағы қоныс. Түркістан обл. Отырар алқабының шет жағында солт.-шығысқа қарай орналасқан. 1970 ж. Отырар археол. экспедициясы (жетек. К.Ақышев) зерттеген. Қазіргі аум. 40x40 м, биікт. 3 м, ұз. 60 м-ге созылып жатқан тікбұрышты төбешік. Оңт.-шығыс жағында жазық алаңқай бар. Қоныстан құм, көзе, кесе, саптаяқ, тостаған, құты секілді

ыдыс сынықтары шыққан. Олар Қостөбе материалдарына ұқсас. Табылған заттар К. тұрғындары б. з. 4-8 ғ-ларында өмір сүргенін дәлелдейді.

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994.

Қ.Саркенова

ҚАДЫРБАЕВ Мир Қасымұлы (1928-1980) – археолог, ғалым, тарих ғыл. канд. ж. туған. Ленинград Мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1955) бітірген.



Тарих, археология және этнология ин-тының аспирантурасын тәмамдаған. 1957 ж. Сарыарқа даласында Қ. басқарған Орт. Қазақстан археол. экспедициясы ерте көшпенділер ескерткіштерін зерттеді. Тасмола моласын қазу барысында табылған материалдардың ерекше маңызы болды. Нәтижесінде ерте сақтық Тасмола археол. мәдениеті ашылды. Қ. ерте темір дәуірі археологиясының

бірегей маманы. Тасмола мәдениетін ашқан ғалым. 1958 жылдан археология бөлімінің ғыл. қызметкері болды. 1959 ж. «Орт. Қазақстанның көшпелі тайпаларының ескерткіштері» атты тақырыпта канд. диссертация қорғады. 1975 жылдан археол. технология зертханасын басқарды.

1971-73 ж. Оңт. Қазақстандағы жерлеу ескерткіштері мен петроглифтерін зерттеген Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының отрядын басқарды. Қазақстандағы петроглифтерді зерттеудің негізін салушылардың бірі. 1975-80 ж. Қ. Орт. Қазақстан археол. экспедициясын басқарып, қола дәуірі, ерте темір, ортағасырлар ескерткіштерін зерттеуді жүргізді. Әлемде мойындалған монография, көптеген мақалалардың авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйлықтың иегері (1966).

Шығ.: Исследования курганов с каменными грядами// Вестник АН КазССР. N7,1959.; Древняя культура центрального Казахстана. – А.-А., 1966 (телавт.); Наскальные изображения хребта Каратау, – А.-А., 1977 (телавт.); Сокровища древнего Казахстана//Памятники мемориальной культуры. – А.-А., 1979.

Әдеб.: Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (ЮККАЭ): Научные биографии участников и библиография исследований: материалы международной научно-практической конференции, посвященной 40-летию работы Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Шаульдер. 18-19 октябрь. 2011; – Алматы, 2014; Отырар. Энциклопедия. – Алматы, 2005. e-history.kz/ru/contents/view/891

Д.Мустапаева

ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫРИ ҚОСЫМҰЛЫ (1555 ж.ш., Сыр бойы – 1605 ж.ш) – белгілі би, Жалайыр тайпасынан шыққан. Кейбір деректерге қарағанда ата-бабалары Қарахандық билеушілер кезеңінен бері сарай ісіне араласқан, уәзір, хан кеңесшісі қызметтерін атқарған. Шығай ханның ұлы Тәуккел Мұхаммед хан заманында ханның інісі әрі әскер басы болған Ондан сұлтанның қасында қызметте болады. Ондан сұлтан қаза тапқан соң, Қазақ хандығындағы саяси тұрақсыздықты сезген Қ. Ж. Ондан сұлтанның ұлы 13 жасар Оразмұхаммедті ертіп, ауыл-аймағымен Сібір ханы Көшімнің қол астына көшіп барды. Ол өзінің «Жылнамалар жинағында»: «Менің аталарым Ораз Мұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Мен өзім Ораз Мұхаммедтің атасы Ондан сұлтанға қызмет еттім. Одан соң Ораз-Мұхаммед қасында болдым», - деп жазады. Сібірге барған соң Көшім ханға да кеңесшілік қызмет атқарады. Көшім хан мен Ораз-Мұхаммед арасында келіспеушілік туындағанда, Сібірдің бір бөлігін билеп отырған Сейтекпен жақындасады. 1588 ж. аңға шыққанда Ораз-Мұхаммедпен бірге Сібірдегі орыс әскелерінің қолына түсіп, «аманат» ретінде орыс патшасының қол астында болады. 1598 жылға дейін Қ. Ж. Мәскеуде, патша сарайында тұрады. 1600 ж. орыс патшасы Борис Годунов Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығының ханы етіп қойғанда, ханның төрт уәзірінің бірі болады. Ол осы кезеңде өзінің атақты «Жамиғ ат-тауарих» атты атақты еңбегін жазады.

 Әдеб.: Даланың дара ділмарлары. – А., 2001; Қазақ энциклопедиясы. – А., 1998.

З.Жандарбек

«ҚАЖЫМҰҚАН АТЫНД. ОБЛЫСТЫҚ СПОРТ МҰРАЖАЙЫ» МКҚК – Түркістан обл. Ордабасы ауд-ның орт. Темірландағы мәдени кешен. Мұражай үйінің негізі 1976 ж. қаланды. 1981 ж. аудандық мәдениет бөлімі, 1985 ж. обл. тарихи өлкетану мұражайының бөлімі болып жұмыс жасады. 2001 ж. бір қабатты, төрт бөлмелі етіп салынған жаңа ғимаратқа көшірілді. Облыс әкімінің 20.06.2001 жылғы №78 қаулысымен «Қ. а. о. с. м.» мемл. мекемесі болып құрылып, халыққа кеңінен қызмет етіп келеді. Шаңырағы іштен қарағанда күмбез болып келеді де, сырттан хан, бектер мен батырлардың шатырындай үшкірленіп жабылған. Ішкі залдың дәл ортасында ойып түсірілген цирк аренасы іспеттес құрылысынан қазақы сал-серіліктің, спорттан балуандық өнердің символын байқауға болады. Мұражайда 4000-ға жуық жәдігерлер бар. Жалпы аум. 368,5 ш.м. болатын мұражай залы үш экспозиц. бөлімнен құралған.

Бірінші бөлім, Қ.Мұңайтпасовтың өмір жолын, тарихи деректерін айғақтайтын құнды құжаттар, фото суреттер мен бейне таспалар, жеке тұрмыстық заттар мен спорттық бұйымдармен жасақталып, «Алыптың өзі – киелі көзі» деп аталды. Бөлімде өзінің болмыс тағдырымен



*Қажымұқан атынд.
облыстық спорт мұражайы*

қазақ спортының дарабозы атанған ұлы тұлғаның өміріне, палуандығына, патриоттығына куә болар фото суреттерден басқа да тарихи қысқа метражды деректі фильмдер мен ресми құжаттар, кезінде пайдаланып тұтынған тұрмыстық заттары, киген киімдері, баға жетпес құнды жәдігерлері палуанның әлемдік сайыстардан ұтып алған 48 алтын-күміс орден-медальдары мен күрес өнерін хабарлап көрсеткен жарнамалық афиша қағаздарының түпнұсқалары жасақталып халыққа кеңінен таныстырылуда. Екінші бөлім, «Ұлт намысын ту еткен олимпиада жеңімпаздары» деп аталса, үшінші бөлім, «Қажымұқанның ізбасарлары» деп аталды. Бөлімдерден тыс мұражайдың ішкі қабырғаларына Қазақ балуаны Қ.Мұңайтпасовтың арғы ата тегі туралы шежіре мен отбасы ұрпақтары туралы, ірі атақ-дәрежелер мен ұтыс орден-медальдары қашан және қайдан иеленгені жөнінде тағы да басқа мәліметтер жазылған ақпараттық тақталар ілінген. Штат кестесі бойынша мұражайда 23 қызметкер жұмыс істейді. Оның 9-ы жоғары білімді маман.

М.Тастанбеков

ҚАЗАНҒАП БАЙБОЛҰЛЫ (1891, Түркістан обл. Төле би ауд. Ұзынарық а. – 1945, сонда) – халық ақыны. Ұстазы Бекасыл Биболатұлы ашқан мектеп-медреседе оқып, Сайрам, Шымкент медреселерінде білімін жетілдірген. Құдайбердіұлы Әлібектің жетінші ұрпағы боп келетін (Төле бидің бір құрсақтан шыққан інісі Елібайдан тарайды) Қ. осы Бекасыл әулиенің тікелей тәрбиесін алған төл шәкірті ғана емес, қолында тұрып ер жеткен өкіл баласы. Бекасылдың «Зикзал» («Жұлдызнама») еңбегін сақтап келген де Қ. Ол медресені бітірген соң, Төле

би ауд-ндағы Аққұм а-ндағы мектепте ұстаздық етеді. Жасынан халық ауыз әдебиеті үлгілерін бойына сіңіріп өседі. Әуелі жыршылық жолына түсіп, суырып салма ақындық өнеріне жетілу үстінде қисса-дастандарды жатқа айтып жүрген. 1914 жылдан өз жанынан шығарып айтқан өлеңдері ел арасына кең таралды. 1934 ж. Қазақстан жазушылар одағының тұңғыш съезіне халық ақыны ретінде қатысып, осы жылдан баспасөзде өлеңдері жиі жарияланады. Қ. ел ішінде айтылып жүрген халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен де айналысқан. Қ. қазақ халқының өткен заманалары кезінде бас кеткен тарихи оқиғаларын эпик. жанрда жырлау арқылы халықтың тарихи жадын жаңғыртуға үлес қосқан ақиық ақын. Оның ел ішінде кеңінен таралған «Еңсегей бойлы ер Есім» (орт. ғыл. кітапхананың сирек қорына тапсырған_И.Ырсымбетов), «Төле бидің тарихы», «Орта жүз Дауанасбай Өкірік Найман» тарихи қисса-дастандары 17-18 ғ-да қазақ елінде болып өткен тарихи оқиғалар желісін терең де көркем суреттейді. Бұл дастандарда айтулы хандар мен билер, айбынды батырлар туралы соны деректер мен мағлұматтар мол қамтылған. «Ешпет ханы Абдулланың қызы Сайыпжамал» дастанын 1934 ж., «Шеризат Күлшат» дастанын 1938 ж., «Төрт дәруіш» дастанын 1939 ж. тиісті орындарға қолжазба күйінде тапсырып отырған, ал «Біздің елдің даңқы туралы» дастаны «Оңтістік Қазақстан» газетінде 1941 жылдың 2 қарашасында, «Қарсыбай батыр» дастаны 1943 жылдың 7 қазанында жарияланған. Сәбит Мұқановтың: «Қазанқап Орта Азия халықтарының ауыз әдебиетін көп оқып, жаттаған. Көптеген аңыз-әңгімелер, тарихи дастандар, ертегілер білген» деген сөзі осы артында қалдырған

мұраларының нақты дәлелі. Есмағамбет Ысмайыловтың: «Қазанқап гармонмен өлеңді, жыр айтуды 16 жастан бастаған. Жазба ақындардың, Орта Азия халықтары ақындарының шығармаларын көп оқыған», деген пікірі де мәлім. Қ. ел қорғаған азаматтарды жырлауда халық ауыз әдебиеті дәстүріне сүйеніп, оған жаңа түр, мазмұн беруге ұмтылды. Бұл ретте оның Совет Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев ерлігіне арналған «Қарсыбай батыр» атты дастанын бөліп айтуды абзал. Қ. соғыс жылдары үгітші ақын ретінде көрінді. 1943ж. Алматыда өткен ақындар айтысында Қызылордалық саңлақ ақын Нартаймен (Бекежанов) сайысқа түсті. Осы айтыс 1996 ж. басылым көрген «Айтыс» кітабының үшінші томында басылды. Қ. респ. ақындар айтысына, олимпиада мен слеттерге қатысты. Оның шығармалары газеттерде, жинақтарда («Пернедей термелер», 1965; «Айтыс», 3-том. 1966; «Ленин деп халық жырлайды», 1969) жарияланды. Сондай-ақ Қ-тың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, ҚР ҒА-ның қолжазбалар қорына тапсыруда еңбегі елеулі. Бүгінде ақын құжаттарының көшірмелері, кино-фото мұрағатынан алынған суреттері, тіпті, деректі кино лентасындағы бейнесі де табылып ғыл. айналымға енгізілуде. Қ.-ты өз кезінде Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сияқты алыптар, Сәрсен Аманжолов тәрізді көрнекті тіл ғалымы да жоғары бағалаған.

 Әдеб.: Қазақ Совет энциклопедиясы. 6-том. – А., 1972; Қазыналы Оңтүстік. 4-кітап. 26-том. – А., 2012; Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екінші кітап. Кеңес дәуірі. – А., 1964; Қаһарлы сөз қамал бұзады. – А., 1995.

М.Миразов

ҚАЗАН ШҰҢҚЫР БАСТАУЫ – Түркістан обл. Түлкібас ауд. Балықты көліндегі су көзі. Бұл бастауды әулиелі, киелі жер деп тәу етуге келушілер көптеп кездеседі. Оған себеп, ел аузындағы аңыздар болса керек. Ертеректе Жамбыл обл-ндағы Билі көлден батқан жылқы осы «Қазан шұңқырдан» шыққан деген аңыз бар. Сондықтан бұл бастау «Қамбар әулие» деп аталады. Ал тағы бір аңыз бойынша, бір кездері шұңқырдан қазанның 4 құлағы көрініп, тұрыпты деп аңыз етеді. Соңғы кездері шұңқырдан қазанның екі құлағын көрдік дейтіндер де кездесуде. Ол үнемі көріне бермейді. Ал сол қазанның құлағын көрген адамның тілегі қабыл болады деседі. Тағы бір кереметі, су түбінен жарыса шығып жатқан бұл шұңқырдың суы жанды нәрсе тәрізді әсер етеді. Егер алыстан қарап тұрсаң тып-тыныш жатады. Ал адам жақындаған сайын бейне бір жан біткендей түбінен суы бұрқырап қайнап шыға бастайды. Сынамақ болып алыстай бастасаң, ол да ашуы қайтқандай момақанси қалады. Қ. Ш. Б-ның суын Шарафкент, Балықшы, Жаскешу а-дарының тұрғындары ауыз суға пайдаланады.

 Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Лес А., Мауленқұлова Г. Балықты көлінің орналасуы мен тарихы // <http://bilimdiler.kz/gilim/23337-balykty-kolinin-ornalasu-y-men-tarihy.html>.

Ш.Құрманбаева

ҚАЗАНШЫ АТА КЕСЕНЕСІ – 18-19 ғ. сәулет өнер ескерткіші. Созақ а-ның орт-ндағы қорымда орналасқан. 1994 ж. «Ескерткіштер жинағы. Оңтүстік Қазақстан облысы» бойынша Қазаншы ата кесенесінің сырты балшықпен сыланған, батыс тұсында кейінірек шикі кесектен

қоршау сағана салынған» деп жазылды. Күмбезді кесене биік, конус сипатты болып келеді. Күмбездің ортаңғы бөліктерінде дөңгелек, жарық түсіп тұруға негізделген ойықтары бар. Жергілікті халық қорымды әулиенің атымен «Қазаншы ата әулие қорымы» деп атайды. Кесененің жалпы мөлшері – 6 х 6, биікт. – 8-9 м. Астыңғы бөлігіндегі 6 х 6 м-лік қабырғасы төрт бұрышты болып келеді де, 2 м биіктіктен соң төбесі шошайма, конус сипатында күмбезді қаланып шыққан. Төбесіне қаланған кесек арасына ағаштар қойылған, ағаштың астыңғы жағында 65-70 см-ден соң тесіктер қалдырылған. Кесене есігі оңт.-батысқа қараған. Астыңғы қабырғасының қалыңдығы – 80-90 см. Төбесінің қалыңдығы – 35-40 см. Бір деректерде Қазаншы әулиенің азан шақырып қойған аты – Абдуләзиз Қашқарий десе, келесі деректерде 14 ғ-дың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап Тайқазанды құйған шебер Әбдул Әзиз Шараф ад-дин (Сәруар ад-дин) ұлы Тәбризи деп айтылады. Тайқазанды құйған шебердің есімі тайқазанның сыртындағы екі картушта жазылып түсірілген. Ол «Әбдул Әзиз



Қазаншы ата кесенесі

Шараф ад-дин (Сәруар ад-дин) ұлы Тәбризи», ал басына қойылған белгі тасқа «Абдуләзиз Қашқарий әулие XIV ғасыр» деп жазылған. Белгі тастағы жазу кейінгі ғасырларда болған оқиғалар мен өзгерістерден соң жазылған болар. Кесененің оңт.-батысында үлкен бірнеше түп қаратал бар. Созақтағы Қазаншы әулие мазары елдің айтуынша 14 ғ. соңында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне Әмір Темірдің әмірімен тайқазанды құйған ұста Әбділ Әзиздің мазары екен. Аңыз бойынша үлкен қазанды жасаудағы өнеріне риза болған Қожа Ахмет Ясауи аруағы шеберге елес береді. Дарынды өнері үшін ұстаны Меккеге зиярат еткізіп қайтпақшы болады. Әзірет Сұлтан баба ұстаға көзін жұмып, рұқсатынсыз ашпауды бұйырады. Ұста шыдамай көзін ашса, көк теңіздің үстінде ұшып келеді екен. Осы зияраттан оралғаннан соң Қожа Ахмет Ясауи баба шеберге «саған енді топырақ менің қасымнан бұйырмайды, Созақтағы Қарабура әулиенің жанында қалатын болдың» деп аян берген екен. Созақта мазары бар Қазаншы әулие – Әбдул Әзиз шебер деген аңыз осындай. Ортағасырларда ұста өмір сүрген Қарнақ пен Созақ аралығын керуен жолдары жалғастырып тұрған. Ел ерен еңбегі мен өнегелі ғұмырына сай қадірлеп, қасиеттеген көптеген кісілердің қатарында 14 ғ-дың екінші жартысында 15 ғ-дың басында өмір сүрген Әбдул Әзиз ұста да болды. Ел «Қ.а.» деп атаған, әулиелердің лақап атының болатынының әулиелі жерлерді зерттеген ғалымдар тұжырымы нақтылап отыр. Ұста Әбдул Әзиз көнеден келе жатқан салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтап, өрбіткені үшін «Қ.а.» деген есімге ие болды. Осы кезеңге дейін темірші, ағаш шеберлері Қ.а-ға түнеп, зиярат етіп келеді. Ежелден келе жатқан салт-дәстүр, наным-сенімдердің

үрдісін дамыта отырып, ата дәстүрін жалғастырып, жергілікті елдің рухани мұрасымен біте қайнасып кеткен ұста Әбдул Әзиздің тұлғасы елде Қ.а. ретінде белгілі болды.

Әдеб.: Жақсымбетов Е. Әзіреті Қаратау, әулиенің кені еді. – Шымкент, 2000.; Қазыналы Оңтүстік. 22 том, 5-кітап: Әз әулиелер / Құраст. Қ.Т.Тәжиев. – Алматы, 2011; «Көне де жаңа Созақ». Альбом- шежіре. – Телеарна баспаханасы; Қарғабай. «Туған өлке – жұмбақ өлке». – Алтын шаңырақ. 2017.; Елеуов М. Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары. – Түркістан, 2007; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А.-А.,1994; Мұстапаева Д. Асыл мұра-қасиетті Тайқазан. – А., 2008.

Д.Мұстапаева

ҚАЗЫ БАЙЗА КҮМБЕЗІ – Сайрам ауд.-нда орналасқан тарихи ескерткіш. Күмбез 18-20 ғ-ларда күйдірілген кірпіштен тұрғызылған архит. ескерткіш. Ескерткіш өзінің құрылысы жағынан ерекшеленеді. Бұл күмбездің ортағасырлық ескерткіштерге ұқсастығы бар. Зерттеушілердің айтуынша, күмбез қалануы, өрнектері жағынан Қарахан дәуіріне жақын болып келеді. Күмбездің кіре берісінде жеке ғибадатқа арналған екі кішкене бұрыштық бөлмелері бар. Ғимарат қаңылтыр жабынмен жабылған.

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. – А.: «Аруна», 2005.

Л. Еспекова



Қазы байза күмбезі

ҚАЗЫБЕК БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ (1667, Сыр бойы – 1764, Семізбұғы тауы, Теректі қыстағы) – қазақ халқының 17-18 ғ-лардағы мемлекет және қоғам қайраткері. Ол 1667 ж. Сыр бойында Келдібек бидің отбасында дүниеге келген. Бұл кезең қазақ-қалмақ арақатынасының шиеленіскен кезеңі болатын. Сол аумағы-төкпелі кезеңде дүниеге келген Қазыбек би ерте есейеді. Бозбала шағының өзінде қазақтың шешендік сөздері мен салт-дәстүрін, рәміздерін, ата жолы заңдарын игеріп үлгереді. 1680 жылдар басында қалмақтар келіп, қазақтың көп жерін шауып, халқын алдына салып айдап кетеді. Кеткен ел мен малдың есесін Тәуке хан соғыспен емес, бейбіт жолмен шешпек болады. Елшілікті Келдібек би бастап бару керек болатын. Бірақ Келдібек қартайып қалғандығын айтып, елшіліктен бас тартады да, өзінің орнына ұлы Қазыбекті қосады. Ондағы ойы ұлының білімін, өткірлігін осындай жауапты сапарда сынап көрмек болса керек. Қазыбектің саяси қайраткерлігін дәлелдеген де осы сапар болды. Келдібек баласының қасына бас-көз болып жүрерсің деп, жарамды бір жігітті қосады. Қазыбек хан сарайына келгенде, Тәуке хан: «Сен басшы болғың келеді ме, жоқ, қосшы болғың келе ме?» – деп сұрапты. Сонда Қазыбек: «Мен ағалардың қосшысы болсам жарар», депті. Онысына риза болған болған Тәуке хан: «Жарайды балам, барсаң бар. Тайың да жақсы екен, өзің де жақсы екенсің», – дейді. Тайкелтір би бастаған елшілерді Тәуке хан біраз жерге дейін шығарып салады. Қоштарда Тәуке хан, елшілердің ынтымақты болуын, кішілері Қазыбектің де ақылын тыңдауды тапсырады. Соған қарағанда, Қазбектің өткірлігін білетін Тәуке хан, оны елшілер құрамына бекер қоспаға-

нын байқаймыз. Елшілер қалмақ еліне келген соң Хонтәжінің алдына барады. Сөзді бастаған Тайкелтір би: «Өлеңді өзгеге бердік, Өрлікті төменге бердік, Алдияр тақсыр, өзіңе келдік. Берсең алдық, Бермесең қалдық, Сөзді өзіңе салдық!», - дейді. Сонда Қонтәжі хан Тайкелтірдің төменшіктеп сөйлегеніне мерейі үстем болып: «Олай болса, кешке шейін бір жауап қайтармын. Жауап қайтпай қалатын күн болса, ат-тоның амандығында елді тапқан теріс болмас», - дейді. Уәж айтпақ болған Тайкелтірді тыйып тастайды. Мұны көрген Қазыбек, елшілік құрамында келген хан Бертіске жетіп барады да: «Ерден ердің несі артық, Ептестірген сөзі артық. Малдан малдың несі артық, Бір-ақ асам еті артық. Жерден жердің несі артық, Бір-ақ уыс шөбі артық. Міндетіне алған сөзінен шегінген жігіттен, Өлген аюдың өті артық», - дейді. Сонан соң Қонтәжіге жетіп келіп: «Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат!» - дейді. Сонда хан: «Ой, өзің жөніңді айтшы, атың кім?» - депті. Сонда Қазыбек: «Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, халқым – қазақ, руым – Қаракесек», - дейді. Сонда хан: «Дауысың қаз дауысындай қаңқылдап тұр екен. Датыңды айтшы», - депті. Осыдан кейін Қазыбек не үшін келгендерін, елшіліктің талабы қандай екендігін ханға жасқанбай айтып салады. Қазыбектің жастығына қарамай, бар мәселені орнымен айтқанына риза болған хан, елшіліктің барлық талабын орындайды. Елшілік құрамын үлкен сыймен қайтарады. Хан Қазыбекке: «Жаным сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің. Сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп, тұра алмадым. Соңдықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің дауың қаздың дауындай қаңқылдап шығады екен. Бұдан былай атың «Қаз дауысты Қазыбек» болсын; екінші, - «қос

тоғыз жүлдені» саған арнап байладым. Бұдан былай екі сыбағалы бол!», депті. Осы кезден бастап Қазбек «Қаз дауысты Қазыбек» деп атала бастайды. Зерттеушілер бұл 1684 жыл шамасында болса керек деп жорамалдайды. Бұдан кейінгі кезеңде Қаз дауысты Қазыбек би мемл. істерге белсене араласады. Атақты «Жеті жарғы» заңының жазылуы мен қабылдануына белсене араласады. Орта жүздің бас биіне айналады. Төле, Әйтеке билермен тізе қосып, мемлекеттің тұтастығы жолында қызмет етеді. Тәуке хан кезінде Хан Кеңесінің мүшесі болады. Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хан тұсында мемлекетті басқару ісіне жиі араласып, ішкі, сыртқы саясатта ақыл-кеңес беріп отырады. Қаз дауысты Қазыбек би 1764 ж. 97 жасында Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында қысты күні дүниеден өтеді. Денесін аманатқа қойып, көктемде қар кете баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне әкеліп жерлеп, басына құлпытас орнатады.

Әдеб.: Әдеб.: Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек би. – Аст., 2000; Даланың дара ділмарлары. – А., 2001. Қаз дауысты Қазыбек би. Энциклопедия. – Астана, 2013. <https://www.zharar.com/kz/biography/2324-kazybek>.

3. Жандарбек

ҚАЗЫҒҰРТ (Қазығұрт, деректерде Қазқұрт-Ата, Қозуғұрт, Қозығұрт) – қасиетті тау. Шымкент қ-нан оңт-ке қарай 35 км-дей қашықтықта Түркістан обл. Төле би және Қазығұрт ауд-дарының тоғысқан жерінде орналасқан. Биікт. – теңіз деңгейінен 1768 м жоғары. Қ. тауы – Талас Алатауының оңт.-батыс сілемінің соңындағы аласа келген, 20 шақырымға созылып жатқан жота. Қаратауды қасиетті тау деген атауы жергілікті фольклорға негізделген. Ел аузындағы ежелгі аңыз

бойынша дүниені топан су басқанда, Нұх пайғамбар кемесі Қ. тауының шыңында тұрып қалған. 20 ғ-дың басында Ресейдің энциклоп. басылымында таудың көрнекті жерлері туралы: «... Қазығұрттың екі мүйізді шыңы – биікт.мен ғана емес (шамамен 5000 фут), ол мұсылман халық арасында Киелі Қазығұрттың жерленген жері және су тасқынынан кейін Нұх кемесінің тоқтаған жері болғандығымен кеңінен танымал. Осы Түркістан Арараты туралы бірнеше аңыздар жазылған, қырғыз (қазақ) әншілері, қобыз бен домбырада ойнап, Қазығұрттың жоғ. жағындағы кемеде аман қалған жануарларды өз жырларына қосқан», деп айтылған. Алғашқы рет Қ. топонимы 9 ғ-дағы араб географы Ибн Хордадбехтің еңбегінде Шаш (Ташкент) пен Испиджаб (Сайрам) аралығындағы жолда Газкерд кенті бар деп жазылған, ол 8 ғ-дың ортасы немесе соңына дейінгі деректерді пайдаланған деп есептеледі. Біраз уақыттан кейін Құдама ибн Жаффар Шаштан Исфиджабқа дейінгі жолды сипаттағанда бұл топоним кездеседі: «Шаш қ-нан әскери лагерге дейін қабырға ішінде 2 фарсах, одан Газкердке дейін 5 фарсах. Газкерден Ис-

пиджабқа дейін шөл даламен 4 фарсах» (1 фарсах, сол ауданның ландшафтына байланысты, 6-дан 8 км-ге дейін). 10 ғ-да араб географтары Әл-Истахри және Әл-Максиди Газкердті қоныс ретінде жазған. Газкерд кентінің атауы маңында орналасқан Газкерд тауының атына қарап қойылған деп болжанады. 4 фарсах (шамамен 32 км) қашықтығы шамамен Қ. тауының Испиджабпен (қазіргі Сайрам) арақашықтығына сәйкес келеді. Бұл мекен 14 ғ-дың ортасына жататын түрік қолжазбасында Қазғирт немесе Кадгирт деп те аталады. Бұл дереккөздерде Қ. тауы туралы танымал кеме тоқтаған жер ретінде ақпараттың жоқтығын атап өту керек. Этимологиясы анық емес. Зерттеушілердің көпшілігі ороним екі бөліктен тұратынына келіседі. Кейбір авторлар оны Қаз және Құрт тіркесімінде көне түркі тайпаларының есімдерімен байланыстырады. Басқалары айдаһар ұғымын білдіретін «кер» деген сөзден шықты деп атайды (Өмірәлиев, 1967) және тағы басқалары осы түсіндірмені негізге ала отырып, оронимді «айдаһардікі» деп аударады. Байтанаевтың пікірінше, тау христиандардың қасиетті орны деп танылып,




Қазығұрт тауы

«таудағы қос», «таулы елді мекен», «тау айлағы» формасында қайта қарастырылды (Байтанаев, 2003. Р.76-79). Алайда, бұл нұсқа Қазақстан аум-нда Қ. атты тағы екі таудың болуына қайшы келеді. Топан су тасқыны кезінде Нұх кемесінің тоқтағаны туралы қазақ және орта азиялық аңыз тек Түркістанның Қ. тауына ғана қатысты. Кем дегенде үш таудың бірдей аты Қ. болуы, Қ. – таудың ерекшелігін белгілеу үшін қызмет ететін көне геогр. термин деген болжамға әкеледі. Түркістандағы Қ. тау ретінде алғаш рет Зайн ад-дин Васифидің «Таң қаларлық оқиғалар» кітабында Ғұбайдолла хан жорығының сипаттамасында айтылады. Автор 1537 жылдың 10 маусымында хан Қ. тауының етегінде тоқтап, «қасиетті жерде дұға еткен» деп атап өтті. Ханның келесі жорықтағы жолын сипаттау кезінде, бірнеше рет таулар кездескенмен, басқа таулардың жанында орындалған кез келген салттық әрекеттер туралы ақпарат жоқ, соған қарап Ғұбайдолла хан мен оның айналасындағылар Қ. қасиеттілігі туралы аңыздармен таныс болған деп жорамалдауға болады. Сондықтан 16 ғ-дағы автордың жазғанын бұл таудың ғибадаты туралы алғашқы құжаттық дәлел ретінде қарастыруға болады. Түркістан тауы орыс дереккөздерінде алғаш лейтенант Карл Миллер мен геодезист А.Кушелевтің 1738-39 жылдардағы сапарының материалдарында кездеседі: «Ташкент қ-нан 50 шақырым жерде Қазғұрт-ата деп аталатын тау бар, таулардың әкесі дегенді білдіреді. Бұл тауда Нұх кемесі тұрғаны, ал енді осы тауда қатып қалған ұлы тақта жатқаны туралы айтылады». М.Миллердің бұл хабары кеш ортағасырдағы топан су туралы, ол Қ. таулар иерархиясында жоғ. деңгейге («таудың әкесі») ие болғаны туралы және ол тауда Нұх кемесінің тоқтағаны,

содан ол тауда «қатып қалған ұлы тақта» сақталғаны жайлы Түркістан аңызының болғанына дәлел болып табылады. Біраз уақыттан кейін К.Миллердің экспедициясының деректеріне сүйене отырып, 1777 ж. құрастырылған ресейлік картограф И.Исленьевтің картасында «Қазақұрт-ата қ.» пайда болды. 70 жыл өткеннен кейін жергілікті аңызды Филип Назаров атайды. Қ-тың «Козығұрт» түріндегі топонимы оның 1813 ж. Қоқанға саяхат туралы кітабында жазылған. Шымкенттен Ташкент бағытындағы керуен бағдарын сипаттағанда, келесі жолдарды табамыз: «келесі күні биік Қозыгұрт тауына жеттік, азиаттар оның басында Нұх кемесінің түбі бар деп айтады. Бұл тауда жыртқыштар жасырынған көптеген жартастар мен шатқалдар болғандықтан, мен онда бола алмадым». Бір қызығы, неміс натуралисті, географы және саяхатшысы А.Гумбольдттың (1769-1859) картасында Козурут тауы белгіленген. Тауда Қ. атаның тастан жасалған ұзын қабірі қойылған. Киелі орынның бірінші сипаттамасы 1874 ж. таудың басына барған геолог және географ И.В.Мүшкетовке тиесілі: «... онда сөзсіз қасиетті ағашпен бірге Қасиетті Қазығұрт қабірі бар. Қазығұртта бұл түрлі-түсті шүберек байланған жалғыз ағаш болып табылатын сияқты және бұл дінге сенетін адамдардың қабірге құрмет көрсетуінің символы болып табылады. Қырғыз Араратының шыңына көтерілемін деп мен ауру таптым, сондықтан Қазығұрттың батыс жағын толық өтпедім». Әдетте қаж.қ қылушылар Қ. атаның қабіріне тастар қойған. Қасиетті орынға қанша тас қойғанына қарамастан, қабір көл. өспейді деп айтады. Матаның қиықтары мен тастар – қажылардың қасиеттілерге арналған тартулары болуы мүмкін. Таудың басына ж.на кемінде бір рет кө-

терілуі мұсылмандар арасында тақуалық және діни іс деп саналады. Жергілікті тұрғындар осы күнге дейін тауға көтерілу күнәларды жояды деген ұғымға ие. Шыңның батыс жағында, тастар арасындағы аралықта жазық түпті шұңқыр бар. Аңыз бойынша, бұл «Кеме Қалған» – «кеме тұрған жер». 19 ғ-дың соңындағы жазба бойынша аңыз өлең түрінде айтылды:

«Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол «әулие» болмаса, неге қалған? Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсылқара жануар содан калған...», - деп келеді. Айта кету керек, аңыздарда малды сақтауға көп көңіл бөлінеді: малдардың иелерінің барлығы аталған – Ойсылқара, Жылқы ата, Зәңгі баба, Шопан ата. Қ. тауындағы ең ежелгі археол. ескерткіштер ежелгі көшпенділердің қорғандары болып табылады. Тас төселген, диаметрі 4 м-ден 6 м-ге дейін жететін, оңт. беткейге перпендикуляр жатқан Қ. аңғарының ортасында орналасқан тізбекті үш қорған көз тартады. Қ-тқа жақын жерде зерттелген осындай жерлеуге арналған ғимараттар ерте көшпелілердің кезеңінен бастап, б.з.д. 5-3 ғ-ларға жатқызылады. 1948 ж. Рабат а-ның маңында А.Н.Бернштам диаметрі 60 м және биікт. 3,5 м болатын үлкен қорғанды атап өтті. Қ. тауына табыну бастапқыда көшпелі малшылардың арасында қалыптасты, археол. ескерткіштерге қарағанда, олар осы аум-нты бірінші меңгерген. «Тамаша жайылымдар, салқын бұлақ суы және салқын ауа Қазығұрт жотасына көптеген көшпелілерді малдарымен бірге тартады; тіпті, шілде айында маған Қазығұрт шыңында болуға тура келген кезде, оңтүстікке және солтүстікке қарай түсетін барлық шалғайдағы шатқалдарды қаптаған қырғыздың (қазақтардың) ауылдары орналасып алған, ал бордақыланған



Қазығұрттың етегіндегі «Кеме қалған» ескерткіші

ірі мал, әсіресе, семіз түйелер Қазығұрт жайылымдарының жағымды әсерін көрсетеді» деп жазды И.В.Мүшкетов. Қорғандардың жанында қызықты ғимарат бар – тастармен қаланған, ені 4 м, ұз. 32 м крест. Кресттің пайда болуының түрлі түсіндірмелер болды. Бір нұсқа бойынша, бұл Заратуштра пайғамбардың жолын қуушыларының салттық құрылысы. Алайда енді кресттің ежелде шыққан деген көзқарасын жоққа шығаратын жаңа материалдар табылды: ол 20 ғ-дың 30-ж. салынған. Таудың оңт.-батыс бөктерінде – бұлақ пен Ақбасура атаның қабірі орналасқан. Мұнда баласыз немесе балалары жиі өлетін әйелдер келеді. Олар қасиетті орынға табыну рәсімін орындайды, мал-мүлікті құрбандыққа шалып, басына түнеп, ұрпақ беруді сұрайды. Ақбастау а-ның жанында үңгір – Әулие Қозды-атаның мекені. Үңгірдегі тас – Қозды-ата намаз оқыған жері. Үңгірлер мен қасиетті мазарының жанында бұлақ ағып жатыр. Бұл киелі орын соқырларға көмектеседі деп есептеледі. Шілтер-ата – қасиетті орын, аңызға сәйкес бұл жерде түнеуге

тоқтаған қырық әулие із-түзсіз жоғалып кеткен – «ғайып ерен қырық шілтен». Бұл аңызда мұсылмандардың «гаиб» (араб тілі – «жоқ, жоғалып кеткен, жасырылған») туралы суфистік нанымдарының елесі көрініс береді. Киелі жерде үш бұлақ көзі бар, олар емдік қасиетке ие деп саналады. Жанында қылқанды ағаш өседі, оның түбінде қажылыққа келгендер намаз оқиды. Жоғарыда шамамен 10 м биіктіктегі тау жотасы орналасқан, мұнда қажылар әдетте түнде қалады. Ол екі бөлікке бөлінеді, бір бөлігі Ата, екінші Ана деп аталады. қажылыққа келгендер олардың арасындағы тар жолмен жүреді. Күнәкар адамдар осы тар жолда қыстырылып қалады немесе онда өмір сүретін қасиетті жылан күнәкарлардың өтуіне жол бермейді деп есептеледі.

Әдеб.: Байтанаев Б.А. Древний Испиджаб. – Шымкент-А., 2003; Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ин-та истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – А.-А., 1960; ИКРИ-6 – Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007.; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. Том 1. – А.-Блумингтон, 2013; Керімбаев Е. Атаулар сыры. – А., 1984; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А.: «Наука Казахской ССР», 1974; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969; Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – М., 1968; Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – СПб., 1913; Өмірәлиев Қ. «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы (этнолингвистикалық очерк) // Қазақстан мектебі, № 4. – 1967. – 78-84 б.; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010.

М. Қожа

ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНДЫҚ МҰРАЖАЙЫ – Түркістан обл. Қазығұрт ауд-ндағы мәдени мекеме. Мұражай Қазығұрт ауд-ның 70 жылдығына байланысты, аудандық мәдениет үйі жанынан 1999 ж. 19 шілдеде ұйымдастырылды. Аудан әкімінің 2000 жылғы 30 қазандағы №95 санды шешіміне сәйкес дербес мекеме болып құрылды. Р.Темірбаев директор болып тағайындалды. 2011 жылдан Тәжиев Оралбек Оразбекұлы басқарып келеді. Мұражай екі ғимараттан тұрады. Бірінде көрме залдары болса, екіншісінде әкімш. бөлімі орналасқан. Көрме залдары бес бөлмеден тұрады: Ежелгі тарих залы, Табиғат залы, Әскерилер залы, Жаңа тарих залы, Мәдениет залы. Штат кестесі бойынша мұражайда 9 қызметкер бар. Оның 5-еуі жоғары білімді мамандар, 4-еуі қызмет көрсетушілер. Мұражай қызметкерлері жәдігерлерді жинақтап, алғашқы қалпына келтіру үшін қайта өңдеу жұмыстарын жүргізеді. Барша жәдігерлер құжаттандырылып есепке алынады, қажеттілері экспозицияларға қойылса, қалғандары қорда сақталады. Қорда тұрмыстық заттардан бөлек, халқымыздың атақты да абыройлы азаматтарының өмірдеректері, суреттері мен қолданған заттары-



*Қазығұрт аудандық мұражайы
көрме залы*

на дейін бар. Бұл жәдігерлер жергілікті халықтан жиналған. Чехословакияның халық батыры Әлихан Көшіков мұражай жәдігерлерінің толығына үдес қосып, өз қолымен жинаған көптеген тарихи жәдігерлерін тапсырды. Қордағы көпшілік жәдігерлер сыйға алынған. Аса құнды жәдігерлерге сыйақы беріледі. Мұражай ашылғанда 100-ге жуық жәдігерлер болса, бүгінде олардың саны 3000-ға жетті. Мұражай ғимараты Д.Қонаев көшесіндегі 111-үйде орналасқан.

М.Тастанбеков

ҚАЙУ ТЕГІН (12 ғ.) – Йасы өңірінің билеушісі. Мұхаммед Данышманд Зарнуқи Ханакасына Оғыз тау мен Қарашық (Түркістан қ-ның көне түрікше атауы. Араб-парсы жазбаларындағы Шавгар осы Қарашық қ-ның парсыша аты) арасынан уақфтың жер берген алғашқы билеушілердің бірі. Бұл туралы «Насаб-намада» мынадай жолдар бар: «Қайу тегін Суфи Мұхаммед Данышмандты «шайхым, атам тұрарсың» деп, Шеттің жер, суын берді. Тоғыз атамнан келе жатқан адал мүлкім. Басы Оғыз таудан, аяғы Қарашыққа дейін 200 қостық жер. Тәңрі ризалығы үшін, Мұхаммет пайғамбардың шафағаты үшін мына жерлерді уақыф қылдым».

Әдеб.: Исламизация и сакральные родовые в Центральной Азии. Том-2. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008.; Оңтүстік қазынасы, 56 том. Насап-нама. – А., 2013.

З.Жандарбек

ҚАЙЫП ХАН ҚОСРАУҰЛЫ (т.ж.б. – 1718) – қазақ ханы, Тәуке хан кезінде бір ұлыстың ханы болып сайланған. 1715-18 ж. билік құрған. 1715 ж. Түркістанды мекен еткен. Түркістан мен оның төңірегіндегі елді мекендерге, майда қалаларға

билігі жүрген. Қ. хан тұсында қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы күрделі болды. Шығыстан, батыстан келген қатерлер, оларға қарсы күресу мәселесі тұрды. Оған шығыстан жоңғарлар, батыстан қалмақ билеушілері қауіп төндіріп отырды. Осы жағдайға орай, өзіне одақтас іздеу Қ. ханның сыртқы саясатының басты шешуші саласына айналды. 1716 ж. Тобылға жіберілген қазақ елшілер Қ. ханның Ресей үкіметімен тығыз қарым-қатынас жасауға және Жоңғар хандығымен күресте қазақ-орыс әскери одағын құруға даяр екенін айтады. Қ. хан Сібір өлкесінде қазақтар үшін еркін сауда жасауға рұқсат сұрады. Өз тарапынан Сібір әкімш-не Қ. хан бұл тілектерін орындауға даяр екенін білдірді. Жоңғар хандығымен күрестің маңызды мәселелері Қ. ханды Қазан губернаторы Салтыковпен де байланыс жасауға мәжбүр етті. Қ. хан тұсында Қазақ хандығы мен Ресейдің арасындағы саяси қарым-қатынастың жандануы екі жақтың жоңғарға қарсы күресте күш біріктіру мақсатына байланысты болды. 1718 жылдың аяғында Қ. хан қайтыс болып, Түркістанда жерленді.

Әдеб.: Қазақ хандары. – Түркістан. 2015; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв. Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. – А., 1997.

Д.Мұстапаева

ҚАЙЫРХАН / ҒАЙЫР ХАН ИНАЛШЫҚ (т.ж.б. – 1220, Отырар қ.) – Отырар қ-ның билеушісі. Хорезмшаһтарға қызмет еткен, қыпшақ тайпасынан шыққан. Шыңғыс ханның Қытайға жасаған сәтті жорықтарынан кейін Хорезм шаһы Мұхаммед Қарақорымға жедел түрде екі елшілік аттандырды. Ол елшіліктерді қабылдаған Шыңғыс хан да өз тарапынан

Хорезмге елшілік аттандырды. Екі жақты келісімдерден кейін көп ұзамай 500 түйеден тұратын, құрамында 450 адам бар сауда керуені 1218 ж. Қарақорымнан Отырар қ-на келіп жетті. Саудагерлер арасында Шыңғыс ханның тыңшылары бар деп есептеген Қ. керуенді тонап, адамдарын қырып тастады. Шыңғыс хан Қ-ды ұстап беруді талап етті, бірақ Хорезмшаһ бұл талапты орындамай, келген елшілерді өлтірді. Нәтижесінде екі ел арасында соғыс басталып, 1219 ж. қыркүйекте Шыңғыс хан әскері Ертістен Жетісу арқылы Сырдарияға келіп жетті. Отырарға таяғанда Шыңғыс хан қаланы қоршауға ұлдары Шағатай мен Үгедей басқарған әскерлерді қалдырып, өзі Бұхараға аттанды. Қ. бар күшін салып қорғанды. Қорғаныстың 5-айы бітуге таянғанда хорезмдік әскербасы Қараша-Хаджиб 10 мыңдық қолымен беріліп, моңғолдарды қалаға кіргізіп жіберді. Соғыс қаланың ішінде жүрді. Қ. сенімді әскерлерімен қамалға берік бекініп, тағы бір ай соғысты. Қамалды қорғаушылар түгел қырылғаннан кейін ғана Қ. 1220 ж. ақпанда қолға түсіп, Шыңғыс ханның алдына апарылып, сол жерде өлтірілді.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ҚАЛАМБАЕВ Жаппас Қасымбекұлы (1.1.1909, Созақ ауд. – 2.12.1970, Алматы қ.) – қобызшы-композитор, Сүгір мектебінің өкілі, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1944). 1934 ж. Алматы қ-нда өткен халық өнерпаздарының Бүкілқазақстандық 1-слетіне қатысқан. 1934-37 ж. Қазақ халық аспаптар оркестрінде алыт-қобызшылар тобының концертмейстері және оркестр солисті

болды. 1944 ж. Ташкент қ-нда өткен Орта Азия және Қазақстан өнер шеберлерінің онкүндігінде Қ. бастап барған шәкірттері де Құрманғазы атынд. ұлт аспаптар оркестрінің құрамында өнер көрсетіп, көрерменін риза етеді. Сол жолы оркестр өзге республикадан келген өнер ұжымдары арасында жүлделі бірінші орынға ие болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және Құрманғазы атынд. ұлт аспаптар оркестрінің құрылғанына он жыл толу құрметіне бір топ өнер шеберлерімен бірге Қ. та Қазақ КСР-інің еңб. сің. өнер қайраткері құрметті атағына ие болады.



1968-70 ж. Алматы мемл.консерваториясында (қыл қобыз класы бойынша) ұстаздық етті. Оның репертуарында негізінен Ықылас Дүкенұлының «Қазан», «Қасқырдың ұлығаны», «Қоңыр», «Жез киік», «Ерден», «Аққу», «Қамбар», «Кер толғау», т.б. күйлері болды. Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Дәулеткерей күйлерін, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Естай Беркімбаев әндерін орындаған. Қ. көптеген күйлер мен әндердің («Кең өлке», «Күн толғауы», «Жұман күйі», «Қазақ маршы», «Еңбек маршы», «Амангелді маршы», т.б.) авто-

ры. Шәкірттері: қобызшылар Г.Баязитова, Ф.Балғаева, Қ.Құдабаева, А.Шәңгереева, музыкатанушы Б.Сарыбаев, т.б. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005; Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2005; Майшекин М. Жаппас Қаламбаев // Мұрагерлер, А., 1977; Қырғызбаев Ө. Қобызшы Жаппас Қаламбаев // <https://abai.kz/post/2253>; Қырғызбаев Ө. Қобызшы Жаппас Қаламбаев: Деректі повесть. – А.: «Арна-б», 2009.


Ш.Құрманбаева

ҚАЛАМТӨБЕ – ежелгі қала орны. Түркістан обл. Отырар ауд. Қоғам а-нан 3,5 км. оңт-ке қарай орналасқан. 1969-70 ж. Отырар археол. экспедициясы (жетек.. К.Ақышев) тауып, зерттеген. Қазіргі орны екі төбеден тұрады. Үлкен төбе тік бұрышты келген. Оның аум. 40x20 м, биікт. 4,3 м. Одан 30 м шығысқа қарай дөңгелектеу келген диаметрі 10 м, биікт. 2,4 м төбешік орналасқан. Зерттеу барысында ангобты өрнегі бар құмдар, т.б. қыш ыдыстар жинастырылған. Зерттеулер нәтижесінде қала тұрғындары мұнда б. з. 1-6 ғ-ларында өмір сүргені анықталды. Қ. тұрғындары егіншілікпен айналысқан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ҚАЛДАЯҚОВ Шәмші (15.8. 1930, Отырар ауд. Шәуілдір а. – 29.2.1992, Алматы) – композитор, Қазақстанның халық артисі (1991). Шымкент, Тараз, Жетісай қ-ларының құрметті азаматы.



Сарыағаштағы Қапыланбек малдәрігерлік техникумын бітірген (1950). 1951-54 ж. Қиыр Шығыста әскери борышын атқарды. 1955 ж. Ташкенттегі музыка училищесінің музыка теориясы ф-тіне қабылданды. 1956-62 ж. Алматы мемл. консерваториясының композиция ф-тінде (проф. В.В. Великановтың класы бойынша) оқыды. 1950 жылдан бастап шығарм. қызметпен айналысты. Қ. ұлттық муз. өнерінің ән жанрына аса айқын, соңғы леп ала келген сазгер ретінде көрінді. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Композитор шығарм-ның тақырыптық, мазмұндық ауқымы аса кең. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, жарға, дос-жаранға деген сүйіспеншілік – Шәмші шығарм-ның басты тақырыбы. Оның азаматтық лирикаға тұнған, республикамыздың кең байтақ жерін жырға қосатын: «Ақ ерке – Ақ Жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Жарқырайды Жезқазған», «Қарқаралы», «Фосфорлы Жамбыл», «Байқоңыр», «Талдықорған – әнім менің», «Ырысты өлке – Шардара», «Отан», «Теріскей», «Мойынқұмда», «Отырардағы той», «Көгілдір Көкше», «Өмір өзен», т.б. туындыларын жұртшылық ерекше ықыласпен қабылдады. Композитордың марш

екпінді, жігерлі, шаттықпен шырқалатын: «Менің Қазақстаным», «Теңізде – толқында», «Бақыт құшағында», «Бәрінен де сен сұлу» сияқты әндері халық арасына кеңінен тарады. «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», «Қайдасың», «Еркежан», «Ана туралы жыр», «Құшақ жайған қандай адам», «Қайықта», «Қыз сағынышы», «Ақ бантик», «Кешікпей келем деп ең», «Қуаныш вальсі», «Әнім сен едің», «Сағынышым менің» әндері Р.Бағланова, Р.Абдуллин, Б.Төлегенова, Р.Мұсабаев, З.Қойшыбаева, т.б. әншілердің репертуарынан берік орын алды. Қ. артында мол муз. мұра қалдырды. Республика жастар сыйл. иегері болды (1965). 1992 жылдан бастап сазгерлер мен әншілер үшін Қ. атынд. халықар. байқау-фестиваль дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Шымкент қ-нда обл. филармония, бір көше, Алматы қ-нда бір көше, композитор туған өлке – Шәуілдір а-ндағы музыка мектебі – Қ. есімімен аталады. Шымкент филармониясының алдына Қ. ескерткіші орнатылған. 1991 ж. Қ. жайлы ғұмырнамалық «Жылдарым менің, жырларым менің» (реж. Т.Ахметов) деген деректі телефильм түсірілді. «Шәмшіғұмыр» естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді (2002).

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ж.

Қ. Сарекенова

**ҚАНАЙ ДАТҚА МЕН ҚЫЗЫНЫҢ МА-
ЗАРЫ** – киелі орын. Қанай датқа қабіріне тұрғызылған кесене Түркістан обл. Шардара қ-ның солт-нде, қаланың Мелдеби мөлтекауданындағы қорымда орналасқан. Жаушықұм төбенің шығыс беткейінің етегінде орналасқан бұл ескі қорымды жергілікті халықтар «Мүлік ата

әулие қорымы» деп атайды. Шамамен 15 га қорымның солт-ндегі төбе Сырдария алқабымен шектеседі. Кесене қорымның дәл ортасында орналасқан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ. Сарекенова

ҚАРАБАТЫР (1694-1754) – батыр, мыңбасы. Қарабатырдың шын аты – Тілек – Тілеуке деп аталып кеткен (кей жазбаларда – Сіргелі Қара Тілек, яғни қарадан шыққан Тілек батыр деп атаған). Бұхар жырау жырларында «Сіргелі-Қара Тілеуке» атымен аталады. Тілеуке батыр Түркістан обл., Бәйдібек ауд. Қостұрадан бастау алатын Бөген өз-нің ойында өмірге келген. Тілеуке 16 жасында Қаратау етегіндегі Бөгенсайдың қалың қамысында бір үлкен жолбарысты жалаң қолмен жайратып, батыр атанады. Төле бидің күйеу баласы болған. 1717-18 ж. қалмақтар оңт. жерін шабуылдағанда соңына бес жүздей жігітті ертіп, басқыншы жауға айтарлықтай қарсылық көрсетеді. Осыдан кейін ол «Қ.» деген ныспыны иеленіп, құба қалмаққа қарсы талай соғыстарға қатысады. Қ. атақты «Аңырақай», Бұланты соғыстарына да қатынасқан. Жоңғарды оңт. жерінен түре қуғанда мыңбасы ретінде ерекше көзге түскен. 1726 ж. Ордабасы тауында өткен тарихи басқосу шешіміне сәйкес Бұланты шайқасында қазақ жасақтары жеңісін ұйымдастырушы қолбасыларының бірі болды. 1729-30 ж. Аңырақай, Іле шайқасында жеңісті жорықтарда қол бастады. 1754 ж. Торайғыр жазығында өткен шайқас «Ойран төбе қырғыны» деген атпен тарихта қалды. Қазіргі Еңбекші қазақ ауд-ның жеріндегі жоңғарларды Алатаудан ары

асыруға себеп болған шайқаста Сіргелі Қ-дың, Жалайыр Тәттібайдың, Албан Райымбектің және басқа да батырлардың ұлы жүз жасақтарына басшылық жасағаны белгілі. Қ. осы «Ойрантөбе» шайқасында қалмақ батыры Суренмен жекпе-жек айқаста, тасадан атылған ұлы жебеден жарақаттанады. Ауыр жараланған Қ. өзін Түркістанға жеткізуді тапсырған. Сіргелі Қара Тілеуке батыр есімі Түркістанда Ясауи кесенесі маңына жерленгендер тізімінде аталады. Белгі тасы сақталмаған. Батырдың ұрпақтары Қ-дың денесі шайқас өткен жерден алыс емес Торайғырдың етегінде, Сөгеті тауы баурайында жерленген деп біледі. Қазақта он екі руға бөлінетін Сіргелі деген үлкен тайпа бар. Он екі рудың бірі – Қ. деп аталады. Ал Қара Тілек батырдан тараған ұрпақ Сіргелі Қ. руы деп аталған. Ұрпақтары Жамбыл обл-ның Талас, Жуалы, Түркістан обл-ның Бәйдібек ауд-нда тұрады.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф.Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 560 б.; Әбдікерімұлы М. Сіргелі шежіресі. – А.: «Алтын алқа баспасы», 1997; <http://karabatr.kz> // Сіргелі Тілеуке батыр; Әбдәкімұлы М. Торайғырда жерленген батыр // Президент және халық. – 2016. 22 қаңтар (№ 2). – 5 б.

М.Тастанбеков

ҚАРАБУРА (т.ө. ж. белгісіз, шамамен 11-12 ғасырлар, Қаратаудың етегі, Созақ елді мекені) – оғыз-қыпшақ заманындағы мемлекет және дін қайраткері, әулие, Қожа Ахмет Ясауидің замандасы. Дәстүрлі деректерде Қ.б. Қожа Ахмет Ясауидің жаназасын шығарғандығы айтылады. Кіші жүз тама руының түпатасы (таксономы) болып саналады. Қ. Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өз-нің бой-

ында өмір сүрген, осы аумақтағы саяси және этникалық процестерде белсенді қызмет атқарған. Қ.б. сахара тұрғындарының арасында қалыптасқан түркілік салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды ислам дінінің қағидаларымен ұштастыруға негізделген Ясауи тариқатының ірі өкілі ретінде түркі халықтары арасында ислам дінін орнықтыруға қызмет жасаған. Оны Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілім жалғастырушы әрі ірі өкілі ретінде түркі жұрты құрмет тұтады. Оның Созақтағы кесенесіне түркі халықтары зиярат етіп, жыл сайын маусым айының ортасында ас беру дәстүрі қалыптасқан.

Дәстүрлі деректерде аңызға айналған Қ. есімі Түркістан, Шу, Талас сияқты ежелден отырықшылық мәдениеті дамыған, мемлекеттерге саяси-әкімшілік орт. болған өңірлердегі Қ., Бегім ана, Қарахан ата, Айша бибі сияқты сәулет ескерткіштері байланысты аталады. Тарихи аңыздар мен жазба деректерде аталатын Әмбар бибі мен Бегім ана осы Қарабураның қыздары болса, ортағасырлық ақын Сүлеймен Бақырғани, әулие Зәңгі баба оның күйеу балалары болып келеді. Айша бибі Әмбар бегімнің қызы, яғни Қарабураның жиен немересі. Бегім ана оғыз-селжүктердің билеушісі Санжар сұлтанға тұрмысқа шыққан. Бір сөзбен айтқанда Қ. Сыр бойындағы діни ілім мен ақындықтың, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты мен идеологиясының ортасында өмір сүрген тарихи тұлға.

Түркі халықтарының тарихында қарахандықтар мемлекетінің тарих сахнасына қашан шыққандығын зерттеушілер Сайрам ханы Білге Күл Қадыр хан деп есептейді. Қытайлық зерттеуші Гың Шыминнің «Қарахандықтар тарихына қысқаша шолу» атты мақ-нда қарлұқтардың Үлкен орда мен Кіші орда болып екіге бөлін-

генін, Үлкен орда Құз Ордада Арслан Қара қаған деп атанғанын, кіші бөлігі алдымен Таразда, кейіннен Қашғарға көшкенін, билеушісі Бұфра Қара қаған деп атанғанын және бұл бөліну қағанаттың екі тайпасының тотеміне байланысты болғанын жазады. Шігіл тайпасының тотемі – Арслан; яғма тайпасының тотемі – Бура деп аталған дейді.

2016 ж. 14 маусымда Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары: Қарабура әулиенің тағлымы мен өнегесі» тақырыбында халықар. ғыл.-практ. конференция өткізілді.

Әдеб.: Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент: «Восточное отделение Кирг.Гос.изд.», 1925; Ә.Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1985; Ғың Шымин. Қарахандықтар тарихына қысқаша шолу// Таным тармақтары. – Алматы, 1998. 205-223 бб.; И.Жақанов. «Қарабура» тарихи-танымдық жинақ. – Алматы: «Өлке» баспасы, 1997; М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. Қарабура «Елтұтқа» кітабы. – Алматы: «Kul Tegin» баспасы, 2001. – 53-55б.; «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары: Қарабура әулиенің тағлымы мен өнегесі» тақырыбында халықар. ғыл.-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Түркістан, 2016. -196 б.

Х.Тұрсұн

ҚАРАБУРА ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ – ортағасырлық кесене. Түркістан қ-нан солтүстікке қарай 150 км жерде орналасқан. 1997 ж. «Сарыарқа» акционерлік қоғамының президенті Құралбек Ержановтың тікелей басшылығымен және қаржысымен ескі кесененің сыртынан жаңадан силикат кірпіштен өріліп, сегіз қырлы екі бөлмелік ғимарат тұрғызылған. Төбесі күмбезді, бірінші бөлме 100м2, төбесі

ашық екінші бөлмедегі ескі кесене XIV ғ. салынған. Қарабура әулиенің зираты осы ескі кесенеде орналасқан. Ескі кесене шой тастан құралған, іргетас үстіне қам қыш қаланып, қабырғалары саз балшықпен сыланған. Пішімі текше көлемді құрылыстың төбесі күмбезге айналған. Күмбездің жоғ. жағында жарық кіретін 4 саңлау орнатылған. Алдыңғы беті тегіс, жылтыр. Солтүстік жағындағы кіре берісте екі қабырғасына төртбұрышты терең екі қуыс орнатылған. Төрт бұрышты бөлме ішіндегі белдеулеріндегі дуалға сүйір қуыс жасалған. Күмбез шатырлық әдіспен өрілген. Ортасына қам қыштан құлпытас орнатылған. Ескі кесененің оң жағында ізбасар шәкірті Құрбан ата сүйегі жерленген, басында белгі тасы бар. Оның жанында Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.), Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Ысқақ баб (Баба ата), Баба Түкті Шашты Әзіз бабалардың зираттары басынан әкелінген топырақтар қойылған қара мәрмәр тас белгілер бар. Ескі кесененің жанында Ақназар хан, Белгібай қажы, Шілмембет би, Құлтас би, Қожамқұл ғұлама, Дәулет Қарабура батыр, Шахасум-ахун (шырақшы) сияқты тұлғалар жерленген, олардың бастарына қара мәрмәр тастан ескерткіш белгі қойылған. Жаңғыртылған кесененің биікт. 17 м. Есігі күн батысқа – Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қаратылған. Биік күмбезі қышпен



Қарабура әулие кесенесі

өрілген. Кесененің төңірегіне түркі-ислам әлемінің әулие-ғұламалары, тарихи тұлғаларына құрмет, тағзым ретінде рәміздік мәнге ие пантеон (қорым) орналасқан. Онда түркі жұртының «сүйек қосу» дәстүрін жаңғыртып, бүкіл түркі елдерінің ортағасырлардан осы кезге дейінгі белгілі тұлғалары (барлығы) зираттарының топырағы әкелініп, олардың аты жазылған ескерткіш белгі қойылған. Кесененің шығыс жағында қазақ халқының белгілі күйші-композиторы Сүгір Әлиевке күмбез орнатылған. Сол жағында Қарабура әулиенің түйесі шөккен жерге түйе мүсінінің ескерткіш белгісі орнатылған. Кесененің жалпы аум. 240 м2. 2016 ж. кесененің шатыры жаңаланып, төңірегінде абаттандыру жұмыстары жүргізілген.

Қ. ә. к. түркі халықтарының бірлігі мен ынтымақтастығының киелі орындарының бірі ретінде киелі орынға айналған.

Әдеб.: Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент: «Восточное отделение Кирг.Гос.изд.», 1925; Жақанов И.. «Қарабура» тарихи-танымдық жинақ. – Алматы: «Өлке» баспасы, 1997; М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. Қарабура «Елтұтқа» кітабы. – Алматы: «Kul Tegin» баспасы, 2001. – 53-55б.; «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары. «Қарабура әулиенің тағлымы мен өнегесі» тақырыбында халықар. ғыл.-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Түркістан, 2016.

Х.Тұрсұн, Ш.Құрманбаева

ҚАРАБҰЛАҚ – Түркістан обл-ндағы көне елді мекендердің бірі. Байырғы Қ. қазіргі аттас елді мекендегі бұлақтар жанындағы Ішқорғантөбе қалажұртына (Түркістан обл., Сайрам ауд.) сай келеді. Алғаш рет 1759 ж. қытай елшісінің қазақ ханы Әбілмәмбетпен болған келіссөздері туралы хабарларында аталады. Мәшһүр

Жүсіп жазып алған аңыздарға қарағанда Қ. 18 ғ-дың 60-70 ж. Абылай билігінде болған. Ташкентке тәуелді жер ретінде 1796-97 ж. Д.Телятников пен А.Безносиковтың сапары туралы материалдарында көрсетілген. Сырдарияның орта ағысында тұрған қожалардың «Насабнаме» атты шежірелік қолжазбаларында да аталады. Ішқорғантөбе қалажұрты 10-18 ғ-ға жатады.

Әдеб.: Абылай хан. Тарихи жырлар. 1 т. – Алматы, 1993; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3 том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. – А., 2006; История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008; Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII - XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А., 2014. С. 621-642.

М.Қожа

ҚАРАМҰРТ – Түркістан обл-ндағы көне елді мекендердің бірі. Тарихи деректерде Қ. Харамурол, Карамурын, Карамут, Кара-Мурта, Хара-Мурут деген атаулармен кездеседі. Байырғы қала қазіргі Қ. елді мекенінің (Түркістан обл., Сайрам ауд-да) орт-нда орналасқан Ішқорған атты төбешік орнында болған. Қ. 1691 ж. жоңғар елшілері 17 ғ-дың 80-ші ж. басып алған қалалар тізімінде аталады. Жоңғарлар 1723 ж. «Хара-Мурутты» қайта басып алады. Ташкенттің тұрғыны Н.Алимовтың 1735 ж. берген мәліметінде Қ. Ұлы жүз билеушісі Жолбарыс иелігінде болғаны айтылады. 1759 ж. қытай елшісінің қазақ ханы Әбілмәмбетке тәуелді елді мекендер қатарында аталады. Елді мекен ретінде қожалардың шежіресі «Насабнама» қолжазбаларында көрсетіледі.

Кеңес дәуірінде этнограф А.Н.Жилин өз зерттеуінде қысқаша сипаттама берген. Қала орнында археол. зерттеулер жүргізілмеген. Байырғы кирандылар орны 20 ғ-дың 70-ші ж. тегістеліп кеткен.

Әдеб: Жилина А.Н. Традиционные поселения и жилище узбеков Южного Казахстана // Жилища народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1982. С.137-163; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3 том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. – А., 2006; Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII - XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А., 2014. С. 621-642; Моисев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. – А.-А., 1991.

М.Қожа

ҚАРАСПАН (ХАЛАДЖ-КАРАСМАН, КАРАСАМАН, КАРА-АСМАН) – көне қала орны. Түркістан обл. Ордабасы ауд-ндағы қазіргі Қараспан а-ның солт.-батыс шатқалында Бадам және Арыс өзендерінің қиылысында орналасқан Қараспантөбе қ-на сәйкес келеді. Геогр. координаттары: 42Т 503813, 4703913. Топоним алғаш рет 14 ғ-дың соңында Қарасаман деп аталды. Осы урбонимнің бұрынғы кезеңде болғанын Ибн әл-Фуатидің (1323) жұмысында аталып өткен нисба Кивам ад-дин Йахйа ибн Умар ибн Хадждадж ал-Карасмани дәлелдейді. «Насаб-нама» генеалог. грамоталарына сәйкес, Қара-Асман бекінісі 8 ғ-да мұсылман әскерлері тарапынан жаулап алу кезеңінде салынған. Ол 17 ғ-дағы 80-жылдардың басында жоңғар (1691) басып алған Қазақ хандығының қалалар тізімінде табылған. Тарихи әңгімелерге сәйкес, қаланы жоңғарлар бірнеше рет қиратады, тіпті Тауке ханның бұйрығымен оның тұрғындары қоныс та аударды. 2004-09 ж. Қараспантөбе

қ-ндағы орт. бөлікте археол. зерттеулер жүргізілді. Алынған керамик. кешеннің негізінде Қараспантөбенің үстіңгі қабаты жасалған уақыт 17 ға-дың аяғы 18 ғ-дың басы деп белгіленді. Төм. қабаттарда б.з.д. алғашқы мыңжылдықтың ортасындағы керамика кездеседі.

Әдеб.: Извлечения из сочинений XII-XVI веков / История Казахстана в арабских источниках. Составление, перевод с арабского языка, комментарии А.К. Муминова. Т. 3. – А., 2006. – С. 84; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008. – С. 112; С. 117–118; Моисев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. – А.-А.: «Гылым», 1991. – С. 52; Байпаков К.М. Шербаев Р.К. Археологические исследования на городище Караспантобе // Мемл. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археол. зерттеулер жайлы есеп. – А., 2005. – С. 311-312. – С. 311–312; Байтанаев Б.А., Сүлейманов Р.Х., Сүлейменова Ж., Ергешбаев А. Исследования на городище Караспантобе // Мемл. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009 жылғы археол. зерттеулер жайлы есеп. – А., 2010.

М.Қожа

ҚАРАТАУ – жота. солт.-батысында Тянь-Шань, оңт-нде Бетпақдала. Қызылорда обл-ның Шиелі, Жаңақорған ауд-дары, Түркістан обл-ның Созақ, Бәйдібек ауд-дары, Жамбыл обл-ның Сарысу, Талас, Жұалы ауд-дары аум-нда жатыр. Ороним сөзбе-сөз «қара таулар» дегенді білдіреді. Қаратау – «шөл, құрғақ таулар», белдеусіз биік таулы аймақты білдіреді және «қар жамылғысы» бар таудың түрі – Алатауға қарсы қойылады. Қаратаудың пейзажы шөл және шөлейт, жоғ. белдеуде тек дала орналасқан. Алғашқы рет 16 ғ-дың соңында Қара-Так түрінде Хафиз Таныштың «Шараф-аты-ши-шах» шығармасында айтылған. Орыс дереккөздерінде алғаш рет лейтенант Карл Миллердің және геодезист А.Кушелевтің 1738-39



Қаратау жоталары

жылдардағы сапарлары туралы материалдарында айтылған, олар Түркістан қ-н сипаттағаннан кейін: «Осы қаладан шығысқа қарай күн жүріп, Қаратау (Қаратау) тауына жетуге болады, онда алтын бар; бұған дейін олар оны іздеді, оны мешіт жазбаларына қолданды, тіпті сол тауда тау-кен құралдары да бар», дейді. 1796-97 ж. Д.Телятников пен А.Безносиковтың сапарлары материалдарында Ташкентке қарасты Қаратау жотасының қысқаша сипаттамасы берілген, онда фаунасы мен флорасы туралы алғашқы мәлімет бар: «Бұл жота тікелей созылып, ұз. 30 шақырымнан аспайды. Таулар мен шатқалдарда ормандар бар: қайың, қарағай, шоқ, жемістерден: алма, алмұрт, джигдовник. Тауда леопардтар, аюлар, түлкілер, қасқырлар сияқты жануарлар мекен етеді. Тастың табиғатына жататын мұнда басым бөлігі гранит, порфир және серпентин, мәрмәр бар». Алатаудан Қ. тауларының кейбір айырмашылықтары Я.П.Гавердовскийдің «Қырғыз-қайсақ елі мен халқының сипаттамасы» атты қолжазбасында көрсетілген: «Қаратаудың

шығыс батысқа қарай созылған таулары алғашқысына ұқсас болып келеді, тек олардан бірқатар төмен. Бір жерде олар әк тастан қорғасынды тапты, одан жергілікті тұрғындар қорғасынның кішкене бөлігін алады». Қ. оронимі Арал теңізі аймағында, Шығыс Қазақстан обл-нда, Маңғыстау обл-нда кездеседі.

Әдеб.: Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М.: «Мысль», 1974. – С.198; Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984. – С.259; Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 269; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII–XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 50; 160; Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. / История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 309; 273; Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. IV т. – А., 2007. – С.91; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А.: «Наука Казахской ССР», 1974. – С. 124.

М.Қожа

ҚАРАТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ – екі ауданнан тұратын – солтүстік және оңтүстік Қаратау ботан.-геогр. провинциясының Орт. Қаратау аймағының шегінде орналасқан (ең биік шыңы – Бессаз, 2176 м). Қорық көл. 34300 га құрайды, 2 учаскеден тұрады: Түркістан және Созақ. Қорғау аймағының көл. – 17490 га. Қорық заңды мәртебесі бар респ. мемл. мекеме. Қорықты бірегей провинцияға біріктірудің негізгі себептері жер бедерінің (төм. таулы-орта таулы) және өсімдік жабындысы құрамындағы эндемді қаратау элементтерінің белсенді қатысуы болып табылады (көбінесе фриганоидтар – тау бедерінің ксерофиттері), петрофиттік кешендердің негізін және шөлейтті-тау сілемдерінің, даланың, саванноидты және бұтақты типті өсімдік жабындысының біркелкі сипатына байланысты. Қаратау табиғи кешендерін сақтау әрекеттері 1 наурыз 2004 ж. ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі орман және аңшылық шаруашылығы к-тінің «Қаратау мемл. табиғи қорығы» мемл. мекемесін құру туралы» № 249 қаулысына сәйкес орындалуда. «Қаратау мемл.

табиғи қорығы» Респ. мемл. мекемесі Сырдария Қаратауы Қазақстанның қайталанбас әрі қызық аймақтары ретінде және өзіне тән өсімдіктер жамылғысымен, эндемді, сирек кездесетін өсімдіктерінің көптігімен ежелден белгілі. Бұл ежелгі Жерорта теңізінің ландшафтары таралған, тек өзіне тән теңдессіз флористикалық-фауналық және ценотикалық алуан түрлілігінен, ерекше құрамы бар қайталанбас табиғи экожүйелер жиынтығынан тұратын таулы мекен. Жойылып әрі сиреп бара жатқан арқарлардың түрі - Қаратау арқары тек осы Қаратауда кездеседі. Қаратау қорығының құрылуына дейін қаратау арқары жойылып кету қаупінде болған. Қаратау арқарының популяциясын және өсімдіктердің таркөлемді эндемді түрлерінің шоғырланған жерлерін сақтау мақсатында сырдариялық Қаратаудың орт. бөлігінде Қаратау мемл. табиғи қорығы құрылған. Мемл. табиғи қорық – табиғат қорғау және ғыл. мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аум-ндағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдік-



Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы



Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы

тер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экол. жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

Сырдариялық Қаратау флористикалық тұрғыдан Қазақстанның ең қызықты және бірегей табиғи-геогр. аудандарының бірі, сирек және эндемді өсімдіктер түрлерінің осы жерде шоғырлануы оны жеке ботан.-геогр. ауданға бөлуге септігін тигізді. Жота Таулы Орта Азияның Яксарт провинциясының Қаратау окр-не жатады. Соңғы ботан.-геогр. аудандастырудың жаңа жүйесі бойынша ол Сахара-Гобий шөл аймағының құрамындағы Таулы-ортаазиялық провинциясының құрамына кіретін Қаратау таулы провинция бөлігі болып табылады. Сырдариялық Қаратау флорасында қазір эндемді өсімдіктердің 53 түрі кездеседі. Жалпы өсімдіктердің 126 түрі қорық аймағы үшін және Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтары үшін де сирек кездесетін түр-

лер болып саналады, ал 43 түрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнген жануарлар мен өсімдіктердің тізбесіне енген.

Қ.м.т.қ. – Түркістан өңірінің дамуында үлкен ғыл. және экол. маңызға ие.

Х. Тұрсұн, Г.Сақауова

ҚАРАТАУ ШИМАЙЛЫ ТАСТАРЫ (Қаратау петроглифтері) – қола дәуірі мен ортағасыр аралығында тастарға шекілген суреттер. Қаратаудың шатқалдары мен сайларында (Қойбағар, Арпаөзен, Майдамтал, Үлкентұра, Қысан, Жыңғылшық, Ақсу-Жабағылы қорығы, Қошқарата, Габиевка, Ранг, Сүйіндіксай, Сауысқандық шатқалы, т.б.) көптеп ұшырасады. 20 ғ-дың басында Түркістан археол. әуесқойлары үйірмесінің мүшелері бастаған зерттеу жұмастары әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Оларды зерттеуге М.Қадырбаев, А.Н.Марьяшев, З.Самашев, т.б. археологтар үлес қосты. Ғыл. айналымға ен-



Қаратау петроглифтері

ген суреттер саны бірнеше мың. Қ.ш.т. тік, қия жартастар мен ірілі-ұсақты қой тастарға қашап салынған. Олар көшпелі тайпалардың салт-санасын, діни түсініктері мен ырымдарын, әдет-ғұрпын білдіреді. Қ.ш.т.-нда аңдар мен хайуанаттардың нобайлары, байлық пен күштің символын білдіретін түйе кескіні, аңшылық көріністері, батырлар жекпе-жегі басты орын алған. Қола дәуірі петроглифтері арасында соғыс арбасының бейнеленуі кеңінен тараған. Мұндай бедерлер Жетісудағы Таңбалы, Ешкіөлмес, т.б. жерлерде кездеседі. Олардың бәрі бір мәнерде, арба бөлшектеліп, доңғалақтары алынып, оның екі жағына қойылған тәрізді етіп салынған. Қаратауды мекендеген көшпелі тайпалар аң мен хайуанаттарды ерекше қадір тұтып, оларды киелі деп, тәңірі, пір санағандығын да аңғаруға болады. Қазақ халқының төрт түлік мал иелерін (Шопан ата, Зеңгі баба, т.б.) пір тұтуы да ежелден келе жатқан наным-сенім екендігі мәлім. Бұл өлкеде кездесетін көптеген суреттер мал өсірумен тығыз байланысты. Қ.ш.т.

жергілікті халықтың ежелгі рухани өмірін көрсететін ерекше мәдени ескерткіштер ретінде бағаланады.

Әдеб.: ҚР БҒМ ұсынған «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна», 2005. – 382; Самашев З. Петроглифы Казахстана. – А.: «Өнер», 2006, – 200с; Қадырбаев М.К., Марьяшев. Каратауские колесницы // Археологические исследования в Казахстане. – А.-А., 1973. – С 128-145.

М.Амантуров

ҚАРАУЫЛҰЛЫ Шілменбет, Шілменбет би (1836, Түркістан обл. Созақ ауд. – 1916, Мойынқұм жайлауы) – белгілі би, шешен. Қаратаудың теріскей бетін жайлаған қазақ рулары арасында оның шешендік, билік сөздері кең тараған. Қ-ның Досбай қажы, Көлбай, Бегалы және т. б. би, шешендер және Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Мәделі, Қызыл жырау, Зұлпықар ақындармен сөз жарысы, шешендік қағыстары сол атырапта әлі күнге дейін айтылып келеді.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ҚАРАШАШ АНА КЕСЕНЕСІ – кейінгі ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші. Түркістан обл. Сайрам а-ның орт-нда басты екі көше қиылысындағы ескі мазарат шетінде орналасқан. Аңыз бойынша ғимаратта Қожа Ахмет Ясауи анасы жерленген. Құрылыс күйдірген кірпіштен тұрғызылған. Біркамералы ғимарат. Кесене төбесі сфера үлгісіндегі күмбезбен жабылған, екі терең қуысты порталдары бар. Жоспарда шаршыланып келген 6,3х6,3 м. Жалпы биікт. 7,08 м. Порталдар беті П-үлгісінде жасалып

беті терең емес қуыстармен әспеттелген. Солт.-батыс портал ортасында есік ойғы жасалған. Оңт.-батыс порталдағы терезе іспетті ойық ағаштан жасалған тормен жабылған. Ғимараттың күмбезі ішкі жағынан сыланған. Жер сілкіну салдарынан бірнеше мәрте бұзылған. Қабырғалардың төм. бөлігінде кірпіш арасына ағаш бөренелер қаланып олардың бұрыштарда қиылысқан ұштары темір құрсаулармен шегенделген. Осылайша құрылысшылар жер сілкінуден, қабырғаға сыз бен тұз көтерілуден сақтанған. Қазіргі кесене 1851-52 ж. тұрғызылыпты.

Әдеб.: Иванов П.П. Сайрам. Историко-археологический очерк // Сборник Туркестанского Восточного ин-та в честь профессора А.Э.Шмидта. – Таш., 1923. – С.46-56; Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. – Таш., 1928. – С. 23-42; Қожа М.Б. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009.

М.Қожа

ҚАРАШЫҚ – Түркістан обл. көне елді мекендердің бірі. Жазба деректерде Каражук, Карачок, Карачюк, Харчук, Карачук-Кент, Кара-Чук атаулармен кездеседі.



Қарашаш ана кесенесі

Оның орны Түркістаннан солт. қарай 8 км қашықтықтағы Төрткүл II (Құмтүйін елдімекені қасындағы) қалажұртқа сай келеді. Қ. Каражук-Карачук үлгісінде алғаш рет XI ғ. шығармасында кездеседі. Бұл Шауғар (Шавгар) деген урбонимнің түркіше эквиваленті. 9-12 ғ. жазба деректердегі мәліметтерге сүйенсек Шауғар қ. Түркістан алқабының астанасы болған. 10 ғ. аяғының араб географы әл-Мақдидің жазуынша: «Шауғар – айналысы қоршалған кең рустағы бар үлкен қала. Мешіті базардың шетінде. Ол үлкен жолдан алыста». Тұрғындарының шаруашылығы туралы мәліметті біз 11 ғ. екінші жартысында жазылған парсытілді «Лугат-и фурс» атты сөздіктен табамыз: «Шауғар тұрғындарының басым бөлігі мата тоқумен айналысады». 12 ғ. бастап Шауғар урбонимінің тарихи-геогр. әдебиетте кездеспеуі бұл қаланың жермен жексен болуын білдірмейді. 12 ғ-дан бастап Шауғар атауының түркіше эквиваленті Каражук-Карачук орнығуын көрсетіп тұр. 10-12 ғ-да Шауғар-Карашық қарахандықтар иелігінде болды. 13 ғ-да қаланы Хорезмшах, кейін монғолдар билігінде болды. Ертедегі Шауғар-Каражук-Карашыққа сол кездегі Түркістан алқабының ең үлкен қалажұрты Қарашық өз-нің оң жағалауындағы археол. нысан – Төрткүл I сай келеді. Қала орт-ндағы 2001-02 ж. археол. қазбалар Төрткүл I негізі 7-8 ғ-да қаланғанын және онда тіршілік 13-14 ғ-да болғанын көрсетті. Кейінгімонғолдық Карашық өзеннің сол жағалауына ауысып оған Төрткүл II қалажұрты сай келеді. Армян патшасы Гетума I жолсапарында оны Харчук деп атайды. Қ. 16 ғ. жазбагері Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» атты шығармасында аталады. 17 ғ. аяғындағы орыстардың біртоп құжаттарында кездеседі. XVII ғ. аяғы 18 ғ. басында С.У.

Ремезов жасаған орыс картасында, 1755 ж. И.И. Красильниковтың атласында Карачок деп белгіленген. Ташкенттің тұрғыны Н. Алимовтың 1735 ж. берген Түркістан иелігі қалалар тізімінде Карачюк деген атаумен көрсетілген. 1759 ж. қытай елшісінің қазақ ханы Әбілмәмбетке тәуелді елді мекендер қатарында аталады. Археол. зерттеулер негізінде Төрткүл II қалажұрты 13-18 ғ. жатқызылады. Ескі қала орны қазіргі заманда жол салу және түрлі құрылыстар көтеру барысында бұзылған.

Әдеб: Елеуов М. Ортағасырлық Қарашық I қ-ның цитаделінде 2001-2002 жылдары жүргізілген қазбалар // IV халықар. түркология конгресі. Түркістан, 2011. С. 269-277; Елеуов. М.Е. Шауғар – Қаражұқ – Қарашық. Алматы, 2012; Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. Алматы, 2011. С. 330-357; Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII - XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. Алматы, 2014. С. 621-642; Кожа М. Йасы-Түркістан тарихы. История Йасы-Туркестана. Алматы, 2000; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3 том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертүлерін жазған Б.Еженханұлы. Алматы, 2006; Тұякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) Алматы, 2009.

М.Қожа

ҚАСҚАСУ – Қазақстандағы ең көне қорықтардың бірі. Ақсу-Жабағылыда орналасқан. Табиғатының әсем бұл таудың баурайына келіп демалатын қала тұрғындары өте көп. Тау қазіргі таңда Қазақстан мемлекетінің қолында емес. Арабия мемлекеті 49 жылға аймақты жалға алған. Бұл аймақта өсетін өсімдік-

тердің дәрілік қасиеті бар. Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктер мен жануарлар осы қорықта кездеседі. Тау өңірінде түрлі шөптер, боз жусан, жоғарысында селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Дәрілік өсімдіктердің 1300 түрі: қылша, сасыр, иманжапырақ, түйежапырақ; техн. өсімдіктердің 1500 түрі: арша, итмұрын, таран; эндемик өсімдіктерден: майысқыш қияқ, талас қайыңы, томағашөп, қандыгүл өседі. Тау өңірлерінде жануарлардың көп түрлері кездеседі. Қызыл кітапқа енген сүтқоректілердің 15-тей түрі (таутеке, елік, марал, барыс); құстардың 100 түрі (гималай ұлары, кекілік, т.б.); бауырымен жорғалаушылардың 3 (қалқантұмсықты, қара шұбар жылан, т.б.); қосмекенділердің 1 (жасыл құрбақа) кездеседі. Теңіз деңгейінен 2000-3000 м. биіктікте орналасқан.

Әдеб.: Мыңжасарқызы Д. «Қазақтың Швейцариясы» көркейіп келеді // <https://turkystan.kz/article/57627-aza-ty-shvejtsariyasy-k-rkejip-keledi>; Қасқасу табиғаты // <https://www.youtube.com/watch?v=8l6Zu1xV67g>.

Ш.Құрманбаева



Қасқасу қорығы

ҚАСҚАСУ ШАТҚАЛЫ — Түркістан облысының ең әсем жерлерінің бірі. Төле би ауданында, теңіз деңгейінен 1900 м. биіктікте орналасқан. Шымбұлақтың 5-еуін өзіне сидыра алатын әлеуеті бар. Қ. ш-нда өсімдіктің 1500-ден аса түрі өседі. Ағаштардың түрлері өте көп. Ең танымалы – түркістан аршасы. Бұл аршаның өміршеңдігі мен экожүйеге ықпалы өте зор, себебі қардың уақытында еруін қамтамасыз етеді. Жемісімен көптеген аңдар қоректенеді. Аршаның бойы ылдидан тау шыңына қарай төмендей береді. Өте жай өседі, ж.на бой өсімі 1 см-ден аспайды. Аршаның өмір сүру ұзақтығы 500-600 жыл, 4 мың жылға дейін жасаған аршалар бар. Жануарлар әлемі де әртүрлілігімен ерекшеленеді. Сүқоректілердің 59 түрі, құстардың 300-ге жуығы тіркелген. Аю, қасқыр, жабайы шошқа, тау ешкісін жолықтыруға болады. Өте абай, адамдардан үнемі жырақ жүруге тырысатын қар барысы (ілбіс) тау-тастың арасын мекен еткен. Мұнда жойылудың аз алдында тұрған Мензбира суырын кездестіруге болады. Бұл жануар халықар. Қызыл кітапқа енген. Кезінде бұл суыр-

лардың тіршілік ету аймағы бүкіл батыс Тянь-Шаньды қамтыған. Бірақ, бертін келе, саны күрт кеми бастады. Ауруды жазуға таптырмас майы мен бағалы терісі адам қорқаулардың жемтігіне айналып отыр. Қасқасу шатқалында өсімдіктің 1500-ден аса түрі өседі. Ағаштардың түрлері өте көп. Ең танымалы – түркістан аршасы.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ҚАСҚАТӨБЕ – ежелгі қоныс орны. Түркістан обл. Төле би ауд. Қызыләскер а-ның солт.-батыс шегінде, Бадам өз-нің оң жағалауында. 1979 ж. Шымкент пед. ин-тының (қазіргі Халықар. қазақ-түрік ун-тінің Шымкент ин-ты) археол. тобы ашып, 1982 ж. зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қазіргі орны табанының ауданы 100x60 м, үстіңгі бөлігі 40x20 м, биікт. 6-8 м, солт-тен оңт-ке созыла жатқан төбе. Қоныстың оңт.-шығыс бөлігінен аум. 6x3 м, тереңдегі 1 м жерде қазба жұмыстары



Қасқасу шатқалы

жүргізілген. Бұл жерден құрылыс орындары және ш-қа қажетті бұйым қалдықтары табылған. Тұрғын үй қабырғаларының қалыңд. 0,6 м-ге жетеді, олар құммен сыланған. Сондай-ақ, зерттеу барысында мал сүйектері (қой, сиыр, жылқы), қышыдыс қалдықтары, дән үккіштер қазып алынған. Ыдыстарға геометр. өрнектер салынған. Табылған заттарға қарағанда Қасқатөбені тұрғындар 1-4 ғ-ларда мекен еткен. Олар мал, егін ш-тарымен шұғылданған.

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

Ш.Құрманбаева

ҚАСЫМ ХАН (1445 – ө.ж.б.) – қазақ ханы, Жәнібек ханның ортаншы баласы. Қ.х. 1509-21ж. аралығында Қазақ хандығын билеген. Қ. х. есімі тарихта Қазақ хандығының күшеюі мен нығаюына байланысы аталады. 15 ғ-дың екінші жартысы мен 16 ғ. басында Қазақ хандығы өміріндегі негізгі тұлға болды. Қ. х. хан, қолбасшы, «Қасым ханның қасқа жолының» негізін салған тұлға, қайраткер. Хандық лауазымды 1509 ж. алады. Жазба деректерде Қ. х. 16 ғ-дың 70-90-ж. Қазақ хандығының Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізген күрестеріне белсене қатысып, басшылық етеді. Ол кезеңдегі оқиғаларды баяндаған деректерде Қ. х. «белгілі сұлтан және атақты баһадүр» деп аталады. Ширек ғасырға созылған Сыр бойы үшін күресте Қ. х. және Жәнібек ханның басқа да ұлдары Сығанақ, Сауран, Отырар, Сайрам түбінде бірнеше рет Шайбани хан әскерлерін тас-талқан етіп жеңеді. 15 ғ-дың 90-ж. келісім негізінде Сығанақ, Сауран Қазақ хандығына өтеді. Бұл қалаларда Қ. х., Жәнібек ұлдары билік жүргізеді. 1517-

21 ж. Қ. х. Қазақ хандығының батысында белсенді саясат жүргізді. Ноғайлардың бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекара Еділге дейін жетті. Хандықтың шекарасы оңт. Сырдарияға дейін, оңт.-шығысы Жетісудың едәуір бөлігі, солт.-батысы Жайық өз-нің аңғары, сол.-шығысы Ұлытау және Балқаш көлінен өтіп, Қарқаралы тауларының сілемдеріне дейін ұлғайды. Қ. х. Қазақ мемлекетінің күшті билеушісі болды. Саяси көрегендігі, білгірлігі арқасында қазақ мемлекетінің күш-қуатын арттыра түсті. Ел ішінде тыныштық, ынтымақтастық орнады. Қ. х. тұсында қазақ атты әскерінің саны 300 мыңға, халқының саны 3 млн-ға жетті. Шекара батысында Еділге, оңт-нде Ташкентке дейінгі жерлерді қамтыды. Қ. х. тұсында қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатығы көтерілді. Шығыс қолжазбаларында қазақ хандығына байланысты деректер Қ. х-ның атымен сабақтастықта аталады. Ол кезде қазақ халқының этник. аум. толығымен біріктірілді. Этник. аймаққа билік толық тарап, бұрынғы әдет-ғұрып заңы осы қалыптасқан жағдайға сай келмеді. Осы жағдайда бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде «Қасым ханның қасқа жолы» жасалды. Ол кездегі қоғамда қалыптасқан әлеум.

м.-

экон. жағдай, көзқарастар негізінде заң жасалып, қолданысқа енгізілді. Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы күшейді. Ішкі қырқыстар мен аласапыран тоқтатылды, тайпалық талас-тартысқа тыйым салынды. Ел ішінде бейбіт өмір, береке орнады. Бұл елдің шаруашылық жүйелерін бұрыннан қалыптасқан мерзім бойынша дұрыс пайдалануға, өріс-қонысын, жайлау-қыстауынына көшіп-қонуын, бейбіт өмір сүріп, өндіріспен айналысуын қамтамасыз етті. Осылай әлеум. күштерді өсірді. Мұхаммед Хайдар Дулати жазба-

ларында Қ. х. 1518 ж. қайтыс болған десе, Тахир Мұхамедтің «Раузат-ат Тарихирин» атты еңбегінде 1521 ж. деп көрсетеді. Қадырғали Жалайырдың айтуы бойынша Қ. х. Сарайшық қ-нда жерленген.

Әдеб.: Қазақ хандары. – Түркістан, 2015; Өсерұлы Н. Жеті жарғы. – А.: «Жеті жарғы», 1995; Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сүжикова – А.-А., 2009; Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтама-лық. – А., 2010.

Д.Мұстапаева

ҚАУАМ АД-ДИН ӘЛ-ФАРАБИ (1286-1357) – ғалым, діни қайраткер. Өз есімі – Қауам ад-Дин Әмір Кәтиб. Әкесінің аты – Әмір Умар әл-Әмид. Ал әл-Итқани әл-Фараби оның Фарабтық екенін танытады. Алғаш Отырар қ-нда білім алып, кейін Бұхара, Самарқанд шаһарларында жалғастырған. Отырар қ-нда ұстаздық еткен. Бағдад шаһарында қазылық қызмет атқарған. Ал өмірінің соңын Каирде өткізген. Белгілі діндар әрі ғалым Бурһан ад-Дин әл-Марганидің «Әл-Һидая» («Басшылық») еңбегіне «Ғаййа әл-байан уа надира аз-заман фи ахар әл-ауан – Түсіндірменің түпкі мақсаты және заманақырдағы дәуір жетістігі» деген түсіндірме жазған. Қ. Д. еңбектері әлі де болса толық зерттелуде. Оның қаламынан туындаған еңбектер көп. «Әл-Ғаят», «Әш-Шамил» фикһ саласын қамтиды, «Ат-Табиин» атты еңбегі екі том болып жарыққа шықты. Әсіресе, соңғы жылдары оның еңбектері арнайы зерттеліп, ғыл. жұмыстар тақырыбы ретінде қолға алына бастады. Бүгінде Сауд Арабиясы мен Мысырдың әл-Әзнар үн-тінде бірнеше диссертациялар қорғалды. Бұл жайлы белгілі ғалым, шығыстанушы Ә.Дербісәлі «Қауам ад-



«Қауам ад-Дин әл-Фараби ат-Түркістани» республикалық қарилар даярлау орталығы

Дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357): өмірі мен мұрасы» деген еңбегін жариялады (2013). Бұл кітап дін ғұламасы жайлы толыққанды жарияланған алғашқы құнды еңбек. Онда ғалымның өз ұстанымы Әбу Ханифа мазһабына шексіз берілгендігі баян етілген. Дін ғұламасының «Әл-Қасида маусуда би лалали әл-масунат фи сарф уа шархиһа» атты еңбегін Италияның Флоренция кітапханасында сақтаулы тұрған нұсқасын Нұр-Мұбарак ЕИМ үн-ті баспаға дайындап, жарыққа шығарды (2016). Оның алғашқы 24 беті қазақ тіліндегі түсіндірме, 136 беті араб тіліндегі мәтін. Мұндай мәліметтер тұңғыш рет айналымға ендірілуде. Дінді жетік меңгерген, ислам әлеміне танымал тұлғаның діни мәтіндері, Құран, хадис жайлы білімдері соңғы жылдары кеңінен насихатталуда. Ол араб тілін терең меңгерген, ондағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық сипатын жақсы түсінген. Сондай-ақ шариғаттағы түрлі мазһабтар негізін тани білсе де, өзі Әбу Ханифа мазһабын берік ұстанған. Қ. Д. діни еңбектерін негізге алған ҚМДБ 2010 ж. Астана қ. маңындағы Қосшы елді мекенінде «Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани» респуб. қарилар даярлау орт-н ашты. Орт-та

шәкірттерге Құран, тәпсір, тәжуид, ақида, хадис, т.б. пәндер, сонымен бірге бағдарламаларда құқық негіздері, тарих, жаратылыстану ғылымдары сияқты заман талабына сай дәрістер оқытылады.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995; Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы, V т. – А., 2003; Дербісәлі Ә. Қауам ад-Дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани: өмірі мен мұрасы. – А., 2013.

Н.Мансұров

ҚАУҒАН АТА – ежелгі қалашық орны. Түркістан обл. Отырар ауд. Балтакөл а-ның солт. жағында. 1900 ж. Н.В.Руднев, 1947 ж. Оңт. Қазақстан археол. экс-педициясы (жетек.. А.Н.Бернштам), 1970 ж. Отырар археол. экс-педициясы (жетек. К.Ақышев) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол ортағасырдағы Құнжан (Құнан) қ. деп есептеледі. 16 ғ-дағы тарихи деректерде де аталады (Хафиз Таныш). Қазіргі орны биікт. 10 м төбе. Орт. төбе диам. 160-170 м. Қалашық периметрі бойынша бекініс қабырғалармен қоршалған. Мұнара ізі де байқалады. Қабырғалардың айналасында аум. 10 м-дей, теренд. 2 м-дей ордың орындары бар. Қалашыққа кіретін қақпа оңт. жақта болған. Одан басталатын көше қалашықты екіге бөліп тұрған. Мұнда махалла орындары анық байқалады. Қ. а-дан 17-18 ғ-ларға жататын сырлы және жәй қыш ыдыстар (құм, кесе, тостаған, құмыра, саптыаяқ, т.б.) сынықтары көптеп табылды. Одан басқа да материалдарға қарағанда Қ. а. тұрғындары 6-18 ғ-ларда егін егіп, мал ш-мен айналысқан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ҚИССА-ДАСТАН ШЫҒҒЫС ХАН – қазақ хандарының тарихы мен шежіресіне қатысты Түркістан қ-нда жазылған бірден-бір тарихи шығарма. Бұл тарихи шығарманы Тоғай ханның інісі Әліакбар сұлтан 1228хж/1813 ж. Түркістан қ-нда Абд ар-Рахим Узканди деген кісіге жаздырады. Қолжазба Әліакбар сұлтанның ұрпағы, Шымкент қ-ның тұрғыны Жанысбек Оразханұлының қолында сақтаулы. Қолжазбада Шыңғыс ханның шығу тегі мен жорықтарына қатысты және Әмір Темірдің шығу тегі мен оның Алтын Ордаға жорығы, Еділ бойындағы қалаларды алуы жайлы аңызбен көмкерілген тарихи деректер бар. Сонымен бірге қазақ хандарының шежіресі мен Тәуке ханның парсы мемлекеті арасындағы диплом. қарым-қатынасы туралы деректер бар. Қазір бұл қолжазба қазақ тіліне толық аударылды. Баспаға дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әдеб.: «Қисса-дастан Чингис хан» қолжазбасы.

З.Жандарбек

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ (Ясауи, Йасауи) (т.ж.б. 1167) – сопы, алғаш сопылық ілімді тариқат дәрежесіне көтеруші, ғалым. Тариқат – сопылық ілімнің белгілі бір халықтың мәдениетімен тұтастырылған, доктриналық жүйесі. Ислам дінінің түркі халықтары арасына кеңінен таралуына ықпал еткен, ислам дінінде бола тұрып, түркілердің көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен мәдениетін сақтап қалуға мүмкіндік беретін жолды көрсеткен ұлы тұлға. Ясауи жолының тарихы болып табылатын Насаб-нама нұсқалары мен Ахметтің өзінің шығармасы «Диуани Хикметтегі» деректерге қарағанда 1040-42 ж. арасында көне Сайрам (Испиджаб)

қ-нда дүниеге келген. Әкесі – сопы Ибрахим шайх. Шығу тегі жағынан Али Абу Талибтің (661 ж.ө.) Хүсейн (680 ж.ө.) әулетінен тарайтын, Түркістан жеріне алғаш ислам дінін әкелуші Исхақ бабтың (8 ғ. соңында ө.) оныншы ұрпағы.

Ахметтің білім алған ұстаздары мен мектептері. Ахмет алғашқы білімді өзінің әкесі Ибрахим шайхтан алады. Жеті жасында Мұхаммед пайғамбар аманатын жеткізуші Арыстан бабқа шәкірт болады. Ахмет фиқх іліміне қатысты білімді Баха ад-дин Испиджаби атты ғұламадан алады, ал Ахметке Жүсіп Хамаданидың ұстаз болғандығы туралы деректер Насаб-нама нұсқаларында да, «Диуани Хикметте» де жоқ. Жүсіп Хамадани сопы Мауараннахрлық сопылық жол Ходжаганийа тариқатының бастауында тұрған Абд ал-Халық Ғыждуанидің ұстазы. Алғаш рет «Жүсіп Хамадани Ахметке ұстаз болды» деген дерек Хисамудди Сығанақидың «Сахибу-л Нихайа» атты еңбегінде кездеседі. Кейіннен бұл дерек нақшбандийа тариқаты өкілі Фахр ад-дин Али б. Хусейн Кашифи Ваиз (1531 ж.ө.) тарапынан жазылған «Рашахат айн ал-хайат» шығармаға тарихи дерек ретінде енді. Бұдан кейінгі нақшбандийа өкілдері жазған тарихи жазбалардың барлығында осы дерек қайталанып, түрленіп отырады. Осы жазылған тарих себебінен Ахметтің екі силсиласы (шежіре тізбегі) қалыптасып отыр. Бірішісі – Насаб-нама нұсқаларындағы Ахметтен Исхақ баб арқылы Али ибн Абу Талибке жалғанатын силсила. Ол тізбек былай беріледі: Али Мұртаза – Мұхаммед ибн әл-Ханафийа – Абд ал-Фаттах – Абд ал-Қанар – Абд ар-Рахман – Ысқақ Баб – Харун шайх – Мумин шайх – Мұса шайх – Исмайл шайх – Хасан шайх – Мумин шайх – Омар шайх – Мұхаммад шайх – Ифтихар шайх – Махмұд шайх –

Илияс шайх – Қожа Ахмет Ясауи. Екіншісі – Ахметтен Хамандани арқылы Абу Бакр Сыддыққа жалғанатын силсила. Ол тізбек былай беріледі: Хазіреті Мұхаммед – Абу Бәкір Сыддық – Салмани Фарси – шайх Абу-л Қасым Небри – Имам Жағфар Садық – Сұлтан ал-арифин (Баязит Бистами) – Шайх Абу-л Қасым Хаққани – Шайх Абу-л Қасым Гургани Шайх Абу ‘Ала Фармади – Жүсіп Хамадани – Қожа Ахмет Ясауи. Ахмет өз «Хикметтерінде» өзіне дейінгі көптеген сопылардың атын атайды. Ахмет Абу Ханифа мен Имам Матуридидің рухани мұрасын толығымен игереді.

Ахмет ілімінің негіздері және Ясауи жолын (Ясауийа тариқатын) қалыптастыруы. Ахмет өмір сүрген кезең – Қарахан мемлекеттері мен Ислам әлеміндегі рухани-мәдени және саяси дағдарыстар кезеңі болды. Діннің рухани негізінен бас тартып, тек шарифатты тұғыр еткен мұсылман мемлекеттері 11-12 ғ-да рухани-мәдени, саяси дағдарысқа ұшырады. Ғылым мен білім құлдырады. Ислам әлемінің батысы осы кезеңде крестшілер жорығына ұшыраса, шығысы қарақытайлардың шабуылына тап болып, Қарахан мемлекеттері түгелге жуық қарақытайлардың билігін мойындауға мәжбүр болды.

Ахмет өз ілімі – сопылық жолды тарату жолында отыз жыл бойы күресті. Соңында жеңіске жетті, сопылық жолдың түркілік бағыты – Ясауи жолын қалыптастырды. Ахметке өз жолын қалыптастыруда ғыл. негіз болған Абу Ханифа Нұғман бин Сәбиттің «Фихқ ал-Акбар» және «Китабу-л Алим уа-л мутаалим» атты шығармасы болды. Абу Ханифа (767 ө.) – ислам дініндегі төрт мазхабтың бірі – ханафи мазхабының негізін салған ғұлама. Абу Ханифаның шығармалары тек

құқықтық мәселелермен айналыспағанын, алдымен діндегі сенім мәселелеріне көңіл бөлгендігін көрсетеді. Мәселен, оның «Ал-фихқ ал-Акбар» атты еңбегі Исламның негізгі мәселесі – Иман негіздерін талдауға арналған. Ол кітапта Алла Тағаланың бірлігі мен Алла Тағаланың сипаттарына, Құранның қолдан жаратылмағандығы мен Пайғамбарлардың Алла тарапынан жіберілгендігіне, Пайғамбарлар мұғжизасының шындығы мен Алла Тағаланың бұл жаратылысты жаратпас бұрын да Жаратушы болғандығына, «Иман» мен «Исламның» мәні туралы мәселелерге талдау жасалады. Ал құқықтық мәселеде Абу Ханифа Құран аяттарына сүйене отырып, ислам дінін қабылдаған әрбір халық арабтың дәстүрлерін қабылдамай-ақ, Құранға қайшы келмейтін салт-дәстүрлерін сақтап қалуға құқылы деген ұстанымды ұстанды. Оның бұл тұжырымдары оның «Китабу-л Алим уа-л Мутаалим» деген кітабында баяндалды. Ең бастысы Абу Ханифа Құран аяттарын талдауда ақылға баса мән берді. Абу Ханифаның құқықтық мәселелердегі негізгі ұстанымдары оның «Ал-Алим уа-л Мутаалим» атты шығармасында көтерілген мәселе өте күрделі және ислам дінін қабылдаған халықтардың исламда бола тұрып, өздерінің рухани, мәдени болмысы мен өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалу мүмкіндігі барлығын Құран аяттарына сүйене отырып, талдап көрсетіп берген. Абу Ханифа Құранда жазылған діннің бір, шариғаттың көп екендігін алға тарта отырып, әр халықтың өзінің әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде қалу қажеттігіне мән берді. Ахмет Абу Ханифаның осы ұстанымдарын негізге ала отырып, алдымен иман негіздерін қалыптастырды. Ахмет өзіне дейінгі сопылық ілім тәжірибелерін жинақтап, сопылық ілімді жетілдіре оты-

рып, сопылықты тариқат дәрежесіне – кешенді доктрина деңгейіне көтерді. Ахметке дейін Абу Ханифа, Имам Матуриди Алланы тануда нақыл мен ақылды, сезім мүшелерін құрал етсе, Ахмет бұлардың қатарына рух мекен еткен жүректі қосты. Тариқат – мұсылман дінін қабылдаған халықтардың Исламның негізгі бес парызын қабыл етіп, қалған діни жол-жоралғыны сопылық жол-рухани таным негізінде қалыптастыра отырып, қоғамдық қатынастарды реттеуді толығымен әр халықтың өзінің табиғи ерекшелігіне қарай қалыптасқан салт-дәстүріне беру. Ахметке дейін сопылық жол жеке тұлғалардың немесе белгілі шайхтың айналасына шоғырланған топтың рухани жетілу тәжірибесі болса, Ахмет оны жалпы түркі қоғамының ортақ иман-сенім негізіне айналдырды. Ахмет өз тариқатын қалыптастырғанда алдымен Исламның рухани негіздеріне баса мән берді. Соларға арқа сүйеді. Бұл Ясауи жолындағы халықтың иман-сенімінің Исламдық негіздерден айнымауының кепілі болды.

Қоғамдық қатынастарды реттеуде Ахмет толығымен түркілердің көнеден келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына мән берді. Себебі, түркінің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің өзі Алла Тағаланың бұл халыққа берген нығметі болатын. Оның сақталуын Ясауиға тариқаттың басты шарты деп білді. Ахмет осылай түркінің ислам дініндегі жолын, шеңберін айқындап берді. Сол себепті, Ясауиді кезінде Алишер Новаи сияқты ғұлама «Түркі жұртының құбыласы» деп атады. Өзге ғалымдар Ясауиге «Қтуб ал-Ақтаб» деген ат берді. Ол да «түркі жұртының Темірқазығы» дегенді білдіреді.

Ясауи жолының ортағасырлардағы рөлі. Ахмет негізін салған Ясауиға тариқаты өкілдері Шыңғыс хан (1219 ж.)

шапқыншылығы кезеңінде Шыңғыс хан жағында болды. Ахметтің шәкірті Мұхаммет Данышманд Зарнуқи Шыңғыс ханның кеңесшілерінің бірі болды. Ясауиға тариқаты Жошы ұлысында мемл. идеология дәрежесіне көтерілген кезде, мемлекеттің басқару жүйесімен толығымен үйлесім тапты. Ахметтің сопылық жолды тариқат дәрежесіне көтеруі, түркілердің Исламдағы жолын айқындап беруі өзге халықтарға да өздерінің рухани-мәдени, құқықтық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін сопылық тариқаттарды қалыптастыруына мүмкіндік берді. Сопылық тариқаттар белгілі бір халықтың рухани-мәдени болмысы мен көне дәуірден келе жатқан салт-дәстүрлеріне негізделді. Осылай тариқаттар арасындағы ерекшеліктер қалыптасты.

Ахметтің шәкірттері және Ясауиға тариқатының таралу аймағы. Ахмет ұзақ жылдық өмірінде өзінің айналасына өте көп шәкірттерді топтастыра алды. Қ. А.Й-дің көзі тірісінде оның шәкірттері қатарында 12 мың сұлтан мен 99 мың жай халықтың болғаны айтылады. Ол өз шәкірттерін 12 ғасыр басында түркі дүниесінің бар тарапына аттандыра бастайды.

Өзінің немересі Ахмет сопыны Шығысқа, Қаялық қ-на аттандырады. Хакім Ата Сүлеймен Бақырғаниды (С.

Бақырғани 1186 ж.ө.) Үргенішке, Сопы Мұхаммед Данышманд Зарнуқиды Отырар қ-на жібереді (М.Данышманд Зарнуқи 1220 ж. шамасы ө.). Шопан Атаны Маңғыстау жеріне, (Шопан Ата 12 ғ. соңында ө.), Мансур Атаны (Мансур Ата 1197 ө.) Кіші Азия жеріне аттандырады. Ясауидің осы шәкірттері үш тармаққа бөлініп, Ясауиға тариқатының үш тармағын құрады.

Бірінші тармақты – Исхақ бабтан тарайтын әулет өкілдері; екінші тармақты – Абд ар-Рахим баб-Сатұқ Бұғра хан әулеті; үшінші тармақты – Исхақ бабтың інісі Абд ал-Жалил баб ұрпақтары құрады. Исхақ баб ұрпақтары 11 ғ-ға дейін таза діни мәселемен шұғылданған әулет өкілдері болса, Абд ар-Рахим баб-Сатұқ-Бұғра хан ұрпақтары 13 ғ. басына дейін Қарахан мемлекетінің билеуші әулет өкілдері болды. Ал Абд ал-Жалил баб әулеті деп 8 ғ-дың екінші жартысында Сырдың төм. ағысында Оғыз мемлекетінің негізін қалаған әулет өкілдерін айтады. «Насаб-нама» нұсқаларындағы деректерге қарағанда Қарахандық және Оғыздық билеуші әулет өкілдері қолдарындағы саяси биліктен айырылған соң рухани салаға көшкенге ұқсайды. Оған жоғарыдағы Ясауиға тариқатының үш тармағының екеуінің Қарахандық және Оғыздық билеушілер әулетінен бастау алуы дәлел бола алады.

Әдеб.: Abdüluhup Öztürk. İmam-ı Azam Abu Hanife Eserleri. – İstanbul, 2012; Абу Ханифа. Ал-фихқ ал-Акбар. – Түркістан, 2012; Hazini. Menba’ul-Ebhar fi Riyazati’l-Ebrar. – İstanbul, 2009; Жандарбек З. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002; Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. – А., 2006; Ибн ан-Надим. Ал-Фихрист // Ясауи тағлымы. – Түркістан, 1996; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Ташкент-Блуминг-



Қожа Ахмет Ясауи қабірі

тон, 2008; Каримов Э.Йасавийа и ходжаган-накшбандийа: история действительная и вымышленная. – Тош., 2000; Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет. – А., 2000; Тримингэм, Дж.С. Суфийские ордены в Исламе. – М., 1989; Фахруддин Али Сафий. Рашахоту айнил-хает. – Таш., 2004; Ясауи тағлымы. –Түркістан: «Мұра», 1996.

З.Жандарбек

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атынд. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ – Қазақстандағы халықар. жоғары оқу орны. Түркістан қ-ндағы Ясауи ат. ХҚТУ 1991 жылғы 6 маусымда Қожа Ахмет Ясауи атынд. Түркістан Мемл. ун-ті болып құрылды. 1992 ж. 1 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Түркия Республикасының Премьер-Министрі Сүлеймен Демирелдің келісімі нәтижесінде «Халықар. ун-т» мәртебесі берілді. 1992 жылғы 31 қазанда Анкарада Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында осы оқу орнын Ясауи ат. ХҚТУ етіп қайта құру туралы келісімге қол қойылды. Қазіргі таңда ун-т бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша кәсіби мамандар даярлайтын іргелі білім-ғылым ордасына айналды. Ун-т миссиясы – түркітілдес

мемлекеттер мен қауымдастықтардың жастарына бір шаңырақ астында терең тарихи құндылықтарға және демокр., зайырлы қоғам негіздеріне сүйене отырып білім беру. Заман талаптарын қанағаттандыратын деңгейде оқытып, оларды ұлттық және рухани құндылықтарға берік, адам құқықтарын құрметтейтін, төзімділік, достық, ынтымақтастық маңызын түсінетін маман ретінде қалыптастыру. Ун-тте қашықтықтан білім беру технологиясы жүзеге асырылады. Түркияның Анкара қ-нда орналасқан қашықтықтан білім беру орт.нда ТүрТЕП бағдарламасы айасында бірнеше мамандық бойынша мамандар даярланады. Ун-тте білім беру, гуманитар. ғылымдар, құқық, өнер, әлеум. ғылымдар, экономика және бизнес, жаратылыстану ғылымдары, техн. ғылымдар және технологиялар, қызмет көрсету, денсаулық сақтау және әлеум. қамтамасыз ету (медицина) бағыттары бойынша 54 бакалавриат, 30 магистратура және 11 докторантура білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

Әдеб.: Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің ресми сайты: ayu.edu.kz.

М.Ескеева



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ – тарихи-мәдени ғимарат. Түркістан қ-нда орналасқан. Сәулет өнерінің дара үлгісі ретінде ескерткіш «ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне» қосылған. «...құрылыс дүние жүзінде салынған керемет ғимараттардың және адамзат баласының таңғажайып туындыларының бірі», деп жазады 16 ғ-дың белгілі тарихшысы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани (1521 ж. дүние салған) Қ. А. Я. К. туралы. Қ. А. Я. К. әдетте діни кешендерде жеке-дара болып тұратын кесене, мешіт, ханака, медресе құрылыстарын, олардың қызметтерін сәулетшілердің бір ғимаратқа біріктіре білген аса ірі ғимарат. Оның құрамында аум. әрқилы ұзын-саны 35 бөлмесі бар. Оңт-тен шығысқа қарай бір жіпке тізілгендей алып портал, орт. залы – қазандық және әулие қабірханасы орналасқан. Ғимараттың биікт. 39 м. Кесененің ғажап архитектурасымен қатар мұнда 14-15 ғ-лардың шеберлері жасаған көркем дүниелер тобы: алып тайқазан, қола шырағдандар, қола лауhasы бар ту мен өрнекті есіктері сақталған. Қабірі үстінен алып кесене тұрғызылған Қожа Ахмет Ясауи аса атақты түркі ақыны, дін таратушы, сопылық бірлестіктің негізін қалаушы болды. Күллі түркі әлемінде

оның «Диуани хикмет» атты шығармасы кең тарады. 1928 ж. құрылысты зерттеген М.Е.Массон Қожа Ахмет Ясауидің алғашқы кесенесі болғанын болжаған болатын. 1957 ж. солт. порталдың тіреуінің іргесін жөндеу барысында Қожа Ахмет Ясауидің 12 ғ. кесенесінің қалдығы табылды. Темір (1370-1405) ескі кесене орнына жаңа алып ғимарат салуға бұйрық етіп, оның құрылысы 14 ғ-дың 90-ж. басталды. 1405 жылдың басында Темірдің дүние салуына орай кесененің қасбеті бітпей қалады. Кесененің құрылысы 15 жыл шамасында жүрген. Аңыз бойынша кесене үшін жасалған кірпіш пен сырлы қаптамалар Түркістаннан солт.-батыста 40 км қашықтықта орналасқан көрші Сауран қ-нда жасалған. Сауран мен Йасы арасында тізіліп тұрған адамдар құрылыс орнына дайын кірпіштерді бір-біріне қолма-қол беріп жеткізіпті. Кесенеге кіретін бас есік басқалардан биік, ені 18,2 м аркамен көмкерілген оңтүстік фасадта орналасқан. Биікт. қазіргі 10 қабат үймен тең Оңт. порталдың алып көл. таңғалдырады. Бас фасадтың және бұрыштардағы мұнаралардың ауқымды қабырғалары сыланбаған, олардың бетінде мозаикалық қаптамалар орналастыру үшін жасалған бекіткіштер қалды-



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

рылған. Портал ойығының кейбір бөлігінде ғимаратты салу барысында пайдаланылған ағаш бөренелер, тіреулер әлі де қаз-қалпында сақтаулы. Порталдың екі шетінде төм. бөлігі қырлы, үстінгісі – цилиндр үлгісінде қаланған мұнаралар да аяқталмай қалған. Ертеде зияратқа келген адамды порталдың дәл ортасындағы ғажап өрнекті ағаш есікті ашып кіргізген. Кесенеге еніп бара жатқан кісі есіктің қола жапсырмаларындағы айбынды арыстан бастарын көретін. Есіктің ағаш бөліктерінің беті өсімдік, геометр. және эпиграф. нақыштармен көмкерілген. Оның кейбір бөліктеріне сүйек, түрлі түсті ағаш, күміс жіптер мен алтын дәндер жапсырылыпты. Есік Орт. Азия аум-нда ең үлкен күмбезбен көмкерілген кең залға – қазандыққа апарады. Күмбездің диаметрі 18 м-ден шамалы асады, биікт. еден деңгейінен 36 м. Күмбез бен қабырғалар ортасындағы ойықтар сталактиттермен әшекейленген. Қабырға мен сталактиттер беті 19 ғ. аяғында жасалған ақтауға дейін көк бояумен салынған өрнектерге толы болатын. Қабырғаның төм. бөлігінде өсімдік ою түскен тас белдемше жасалған. Оның үстінде көк түсті алты қырлы сырлы қаптамалармен құрастырылған, мозаикалық бордюрмен қоршалған панель бар. Зал ортасында ұста Әбділ Әзиз ибн Шараф ад-дин Тебрездің қоладан құйған үлкен тайқазаны тұр. Кесененің үлкен бөлмесі осы қазан тұрғандықтан қазандық деп аталған. Оның екінші аты жамағатхана, яғни көпшілік жиналып мәжіліс өткізетін бөлме. Қазандықтан көрші он үш бөлмеге кіруге болады. Орт. зал бұрыштарындағы сегіз дәліз арқылы ғимарат басқа бөлмелермен байланысады. Жұма күндері қазандықта зияратшыларға «хәлім» немесе «аталакөже» деп аталатын құдайы тамақ

таратылатын. Қазандықта Қожа Ахмет Ясауи қабіріне апаратын есік орналасқан солт. ойық ерекше әспеттелген. Ойық қабырғасы төменде көк түсті алты қырлы сырлы қаптамалармен, аса көрікті мозаикалық медальондармен әшекейленген. Ойық қабырғасына биікт. шамамен 8 м, басында оймышты қоладан құйылған ұшы бар тү сабы сүйеп қойылған. 1885 ж. кесенені көрген Н.И.Веселовскийдің жазбаларына қарағанда ағаш сапта жасыл түсті жалау ілулі тұрған екен. П үлгісіндегі есік жақтауы темір қаңылтырмен қапталып, бетіндегі сопақша нақыштар ішіне Құран мәтіндері алтын әріптермен жазылған. Есік үстіне ғимарат Темірдің әмірімен тұрғызылған деген жазу түскен тас тақта орнатылған. Шаршы болып келген қабірхана ортасында төртбұрышты көл. 4,7 x 3,8 м, биікт. 46-50 см көтерме орын жасалған. Қабірхананың ортасында, көтерменің шығыс бөлігінде Қожа Ахмет Ясауи құлпытасы қойылған. Оның беті жылтыр, ақ, сары және қара жолақтары бар түсі бозғылт жасыл серпентинит тақталарымен көмкерілген. Құлпытастың биікт. 1,85 м. Оның кейбір бөліктерін үлкен шеберлікпен ойып өрнектеген. Шығыңқы бөліктері сталактиттермен, солт. қырлары бұрама бағаналармен, оңт. қырлары цилиндрлік бағаналармен әшекейленген. Ертеде құлпытастың беті қымбат жабулармен жабылып, жай адамға көрсетілмеген. Мұражай қорында сақталған осындай жабулардың бірі ою-өрнегіне қарағанда 15 ғ-ға жатады және ортағасырлық қолөнер туындыларының үздігі болып табылады. Құлпытастан оңт-ке қарай Қожа Ахметтің әйелі мен баласының қабірлері орналасқан. Қабірхана астында күмбезді сағана барын көрсететін белгілер бар. Бөлме үстіне екі қабат күмбез орна-

тылған. Ганчтан жасалған өрнекті әшекей қабірхана төбесін жауып тұрған төм. күмбезді жасырып тұр. Сырттай қабірхана төбесіне биік барабан үстінде тұрған сәнді көп қатпарлы (52 қатпар) күмбез орнатылған. Қ. А. Я. К-нің сыртқы күмбезінің диаметрі 10 м. Қабірханаға солтүстіктен байырғы заманда жоғары лауазым иелері кірген көркем безендірілген Мұхаммед Ханафия деп аталатын портал жасалған. Қабірхананың оңт.-батысында зиаратхана деп аталатын дәліз орналасқан. Бөлменің аталуынан-ақ оның зиарат жасауға арналғанын байқауға болады. Дәліздің есігі қазандық бөлмесінің солт.-батыс бұрышында орналасқан. Бөлме ішінде бірнеше құлпытастар жатыр. Зиарат жасауға келгендердің басым бөлігі ағаш тор арқылы әулие жатқан орынды көруге мүмкіншілік алған. Зиаратханадан кейін намаз оқитын бөлме – мешіт орналасқан. Оған қазандық бөлмесінен «жолбарысхан» атты дәліз арқылы өтуге болады. Ол 20 ғ-дың аяғында болған реставрация жұмыстарына дейін осы дәлізде бейіті жатқан ханның атымен аталған. Ертеде оның моласында жолбарыс терісі мен бір топ арқар мүйіздері жататын. Мешіттің бас есігі «жолбарысхана» дәлізінде орналасқан және оның ойығының жоғары бөлігі ганч сталактиттермен әшейленген. Мешіт іші кең, оның көл. 6,4 x 9,4 м. Мешіт төбесі биік күмбезбен көмкерілген. Күмбезге шаршы негіз жасау мақсатында Орта Азия сәулет өнерінде алғаш рет қиюластырылған аркалар жүйесі пайдаланылған. Бөлме ішіне жарық сталактиттермен әшекейленген күмбездің төм. белдемшесіндегі он алты терезеден түседі. Мешіттің батыс қабырғасының ортасында мозаика тәсілімен жасалған тамаша михраб бар. Михрабтың П-үлгісіндегі жақтауында,

маңдайшасында және сталактиттік төрт ойықшада жазулар орналастырылған. Әйнектелген панельдің мозаикалық шетінде ескі алтынмен аптау іздері сақталған. Жұма намаз атқарылған соң дәуріштер зікір салып, Қожа Ахмет Ясауидің өлеңдерін айтқан. Зікіршілерді көптеген халық тыңдап тамашалағанын орыс және еуропалық саяхатшылар жазады. Мешіттен «жолбарысхан» арқылы кітапхана мен қазандыққа шығуға болады. Ғимараттың солт.-шығыс бөлігінде Үлкен Ақсарай және оған қарама-қарсы Кіші Ақсарай орналасқан. Бөлмелердің осылай аталуы олардың түсіне емес, 16-18 ғ-ларда Түркістанда қазақтың Ұлы жүз бен Орта жүз хандарының ордалары орнығып, аталған бөлмелердің түрлі салтанаттар үшін пайдалануымен байланысты болған. Үлкен және Кіші Ақсарай залдарының жоғ. қабаттарында жүріп тұруға болар өтпелі дәліздер жасалған. Ғимараттың оңт.-батыс бөлігінде «халім» немесе В.А.Гордлевский бойынша «атала көже» деп аталған рәсім-жоралық тағам дайындайтын халімхана, яғни асхана орналасқан. Бөлмеде екі қазан орналасқан ірі пеш құрылған. Мұнда осы уақытқа дейін сақталып келген «шара» деп аталатын үлкен ағаш астау ішіне «атала көже» құйылып, астауды төрт кісі көтеріп, қазандық бөлмесіне жеткерген соң кедей-кепшік пен зияратқа келгендерге үлестірілетін. Ғимараттың оңт.-батыс бөлігінде орналасқан үлкен күмбезді бөлмеде құдық болғандықтан құдықхана деп аталыпты. Ғимараттың үш – шығыс, батыс және солт. фасадтары ғана әшекейленген. Олар кең түрде эпиграфика қолданылған геометр. және өсімдік өрнектермен айшықталған. Әсіресе, майоликалық және мозаикалық нақыштар солт. порталда көп шоғырланған. Олардың портал үстінде қа-

лықтап тұрған қатпарлы күмбезбен көршілес тұруы – бұл кесененің сыртқы келбетіндегі ең сымбатты және ою-өрнек шоғырланған орын етіп тұр.

Әдеб.: Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя) / Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. – М., 1976; Бәсенов Т. Ахмет Яссауи мавзолей-комплексі. – А., 1982; Маньковская Л.Ю. Исследование архитектурного комплекса-мавзолея Ахмада Яссауи в городе Туркестане и вопросы его реставрации. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – Таш., 1963; Маньковская Л.Ю. К изучению приемов среднеазиатского зодчества конца XIV в. // Искусство зодчих Узбекистана. Т. I. – Таш., 1962; L.IU. Mankovskaia. Towards the study of forms in Central Asian architecture at the fourteenth century: The mausoleum of Khvaja Ahmad Yasavi. Reprinted from Iran XXIII 1985; Қожа М.Б. Н.И. Веселовский о древностях Южного Казахстана // Вестник Международного Ин-та центрально-азиатских исследований (МИЦАИ). Вып. 8. 2008; Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. – А.: «Эффект», 2011; Ә.Қ. Муминов, М.Б. Қожа, С. Моллақанағатұлы, М.Ж. Садықбеков, Ж.М. Нұрбековтармен бірге.). – А.: «Эффект», 2011.

М.Қожа

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕГІ АСХАНА (Халім асы) – Әзірет Сұлтан кесенесінің негізгі сегіз бөлмелерінің бірі. А. бөлмесіне өзінің атқаратын қызметіне сай қазандар қойылып, ас әзірленген. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оң жақ тұсында дәліз арқылы жалғасқан А. бөлмесінде дайындалған халім жұма намаздан соң зияратшыларға үлестірілген. Кесененің оңт.-шығыс бөлігінде халімханада ас дүйсенбі мен жұма күндері әзірленетін болған. «Әлім», «халім» деп аталған діни рәсімдік астың дайындалуы және таратылуы көптеген ғасырларға ұласты. Оның заттай куәсі ретінде Мемл.

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайында, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің А. бөлмесінде тұрған ағаш астауларды айтуға болады. Қазақ халқының заттық мәдени туындыларына зер салсақ, ас салуға арналған ыдыстар ағаштан ойылып, жонып жасалған. Халім ботқасы салынған астау да осы дәстүрді дәлелдей түседі. Халім асы туралы деректер Әзірет Сұлтан кесенесіне Әмір Темірдің әмірімен берілген вакуфтық грамотасында көрсетілген. «Әрбір аптаның дүйсенбі мен жұмасында екі жарым батпан бидай және екі батпан ет, қажетті мөлшерде тұз бен отыннан әулиелердің аса ұлық Сұлтаны – Әзірет Сұлтанның ғимаратында, иә, бәрінен жоғарыдағы Алла оның жанын нұрландыра берсін, «халим аба» (ет пен бидайдан жасалған) дайындау керек, ал түстік аса қасиетті Құранды жатқа білетін қариларға, оқушыларға, бәрінен жоғ. Жаратушының есімін дәріптеушілерге, яғни «зікір» салушыларға, сол сияқты жергілікті кедейлерге, кембағал адамдарға, жетімдер мен мүскіндерге беріледі...», - деген. Бұл ас 19 ғ-да да әзірленген. 19 ғ-дың екінші жартысында Түркістанда болған Мір-Салих Бекчурин бұл туралы мақ-нда жазады. 1864 жылдан соң Әзірет Сұлтан кесенесіндегі А. бөлмесінде халім



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі: астау

(халим) асының әзірленуін Түркістанға арнайы келіп, дәуіріштер асын таратқанын көрген Н.С.Лыкошиннің зерттеуінен де көруге болады. 1929 ж. М.Е.Массонның зерттеуінде жұма намаздан соң ерекше ас «халим» таратылғаны айтылады. А-да әзірленген. Ол «халимхана» деп аталған. Бұл жерде екі қазандық үлкен пеш орнатылған. 19 ғ-дың екінші жартысында жергілікті тұрғындарға дайындалған халимге төрт қойдың еті, 5 пұт бидай салынған. Жабық қазанда 5 сағат қайнаған ет пен бидай, қою етті қойыртпаққа айналған. Жиналған зияратшыларға жұма намаздан соң халим таратылған. Елде ет тартуға арналған ағаш ыдыс «астау» деп аталған. М.Е.Массон өз еңбегінде ет пен бидайдан әзірленген халим ботқасын үлкен «шара» деп аталатын астауға салынып, төрт адам төрт тұсындағы ағаш тұтқасынан ұстап қазандыққа алып келгенін баяндайды. Осы жерде аспаздар халимді ағаш аяқтарға салып тарататын болған. Құдай ас ретінде дайындалып, таратылып отырған астың елдің өмірінде ерекше кезеңдерінде әзірленіп отырғаны және аса қадірленген. Қазіргі кезде осы халим асын салып, үлестірген астаулар мен тостаған, табақтарды «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының қорынан, экспозициясынан көруге болады.

Әдеб.: Диваев А.А. Жалованная грамота, данная Тимуром Туркестанской мечети Азрета Ясави/Пер.с персид.//Туркестанские ведомости. №3. – 1901; Диваев Ә. Тарту. – А., 1992; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков: Материалы к историко-этнографическому атласу. – А.; 1980; Массон М.Е. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сәрсен Бек Сахабтың ықшамдалған тәржімесі. – Шымкент, 2000; Мир-Салих Бекчурин. Ғажайып Түркістан қ-ндағы Әзірет Сұлтан мешітінің сипаттамасы. – Орынбор, 1866; «Әскери жинақ». №7-8 //Әзірет Сұлтан (таңдаулы мақалалар жинағы). –Шымкент, 2000; Лыкошин Н.С. Пол жизни в

Туркестане. Очерки быта туземного населения. Склад-т-ва В.А.Березовского. – Петроград, 1916.

Д.Мұстапаева

ҚОЖА (ҚОЖАЕВ) Мұхтар Баһадырұлы (5 шілде 1960 ж. Оңтүстік Қазақстан обл. (қазіргі Түркістан облысы) Қазығұрт ауд. Рабат ауылы) Археолог, тарих ғыл. докторы. (2009), Қазақстан жастар одағының ғылым мен техника саласындағы сыйлығының лауреаты (1994).



Қожа М.Б. 1960 ж. 5 шілдесінде Түркістан облысы Рабат ауылында туған. 1983 ж. С.М.Киров ат. Қазақ Мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби ат. ҚазҰУ) бітірген. 1983-1988 жж. Шымкент пед. ин-ында оқытушы, 1988 ж. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде меңгерушісі, 1997 ж. қорық-музей директорының ғылым жөніндегі орынбасары, 1997-2004 жж. аралығында археологиялық қорық-музейінің директоры қызметін атқарды. 2005-2006 жж. ҚР Орталық музейінің (Алматы қ.) археология бөлімінде, 2006 ж. бастап ОҚО Тарихи-мәдени мұраны қорғау, жаңғырту және пайдалану орталығында (Шымкент қ.), Көшпенділердің мәдени мұрасы мәселелері жөніндегі қазақ

ғылыми-зерттеу институтында (Алматы қ.) ғылыми қызметкер болды, 2006 ж. бері Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-да ғылыми қызметкер, оқытушы, 2011 ж. бастап «Қазақстан тарихы» кафедрасында профессор қызметін атқарып келеді.

Қ-ның зерттеу жұмысының үлкен бөлігі Отырар археологиясы мен тарихына арналған. 1996 ж. «Отырардың кейінгі ортағасырлық керамика өндірісі (XIII - XVIII ғғ.)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, 2009 ж. «Ортағасырлық Отырар: тарихи-археологиялық деректер негізінде» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ұлттық эксперт ретінде 2001-2005 жж. «Ежелгі Отырар» атты ЮНЕСКО/Жапон жобасына қатысты. Ортағасырлық Сарайшық, Түркістан, Тараз, Сығанақ, қалаларында, Маңғыстаудағы Белдеулі кереуен-сарайында қазба жұмыстарын жүргізді. 1996-1999 жж. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Абылайдың бейітін зерттеуге бағытталған тарихи-антропологиялық жұмыстарға қатысты, 2009 ж. Ақтөбе облысы Айтеке би ауданындағы қазақтың атақты ханы Әбілқайыр жерленген Хан моласы мазаратындағы археологиялық қазбаларды басқарды.

Марапаттары: «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медалі (2001); Мәдениет қайраткері (№ 0248) құрмет белгісімен марапатталған, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Шығ.: Ортағасырлық Отырар тарихы. – Алматы, 2017, Нұрсұлтан, 2019; Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. Святые места Южного Казахстана. – Шымкент. 2013, 2014; Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. – Алматы, 2010, 2011, 2013; Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006; Йасы-Түркістан тарихы. История Ясы-Туркестана. – Алматы, 2000; Абылай хан. Тарихи-антрополо-

гиялық зерттеу. – Алматы, 1999, 2016; Ясавийнинг устози Арслонбоб. – Чимкент, 1997; Арыстанбаб және оның кесенесі. – Шымкент, 1996; Отырардағы керамика өндірісі. – Түркістан, 1996; Арыстанбаб. Arystanbab. – Алматы, 1992.

М.Тастанбеков

ҚОЖАБЕКҰЛЫ ҚАСЫМБЕК (1833-1913) – 19 ғ-да ғұмыр кешкен би, датқа, болыс. Әкесі Қожабек те Түркістан мен Әулиеата өңіріне танымал адам болған. «Сиқымнан шыққан Қожабек ... Бәрінен асты оза кеп», - деп Майлықожа ақын жырға қосқан Қожабек баласын жастайынан шешендікке, ел тізгінін ұстауға баулиды. Қ. 19 жасында би деген атаққа ие болады. Ол Мәлік би, Босмойын би сынды аталарының ізбасары атанады. 1858 ж. Қ. Қоқан билеушілерінің қолынан датқа атағын алады. Рулар арасындағы тартыстар мен әлеум. жанжалдарды шешуде әрқашан әділеттілік танытқан Қ-ның беделі ел арасында күн санап арта түседі. Қоқандықтар Қ-ның атақ, абыройын пайдаланып жергілікті халықты тізгіндеп басқарудың жолын қарастырады. Бірақ олар аузымен құс тістеген, ақылды да көреген датқаны айтқандарымен жүргізе алмады. 1862 ж. шілдеде Қоқан тағына отырған Құдиярдың тұсында Қ. сиқым руының жерін кеңейтуге, ол жерлерді толық игеруге күш салады. Орыс отаршылдары 1864 ж. Әулиеата мен Шымкентті, 1865 ж. Ташкентті жаулап алған соң, 1868 ж. Сырдария обл. Әскери губернаторы пәрменімен Шымкент уезінде болыстық басқармалар ұйымдастыру шаралары қолға алынады. Жергілікті патша үкіметінің билеушілерінің тағайындауымен болыстар қызмет ете бастады. 1883 ж. болыс сайлауында Қарамұрт болыстығына Қ. болыс болып тағайындалады. 1887 ж. болған болыс сайлауында Қ. тағы да Қарамұрт аймағының

болысы болып сайланады. 1881 ж. Қ. өз қаражаты есебінен Қарамұрт өңіріне (Тумен-махалласы) мешіт салдырады. 1890 жылдың соңында Қарамұрт болысында Ақсу өз-нен тартылған үлкен арықтың құрылысы аяқталады. Осыған байланысты орыс зерттеушісі А.Дингельштедт Шымкент уезді (ояз) бастығының жоғары басшылыққа тапсырған рапортында ояз бастығы арықтың суымен қосымша 1500 десятинадан астам жерді суландыруға болатынын қуана хабарлап: «3500 сом қаражат жұмсап, Ақсу өз-нің жоғ. ағысынан тартылған арықты қаздырған Қоқан билігі тұсында датқа болған, 1883-1889 жылдарда Қарамұрт болыстығының болысы болған Қасымбек Қожабекұлы. Арыс, Бадам және Масаттың аралығындағы жерлер байырғы Ташкент хандығының сарқылмас астық қоры екені белгілі», деп жазғанын айтады. Меккеге қаж-ққа бара алмайтын болған Қ. онда тәкия үйін салуға Құнанбайға өз қаржысын ұсынады.

1913ж. Романов әулетінің патшалық құрғанына 300 жыл толуына арналған Петроградта болған тойға Қ. арнайы шақыртумен барады. Қ. датқа өзіне қарасты жерлерде боза ішу мен мал ұрлауды тыйдырады. Оның жомарттығын, әділеттілігін, ақыл-парасатын Майлықожа, Кейкі ақындар тамаша жырлаған. 1913ж. Әулиеатада қайтыс болған Қ. датқаның сүйегі туған жеріне жеткізіледі. Түркістан обл. Сайрам ауд.-нда датқаның атында Қасымбек а. (2010ж. берілген) деген елді мекен бар. Қ-ның өміріне байланысты зерделенуге тиіс мұрағат мұралары да аз емес.

 Әдеб.: Дәдебаев Ж. Атынан айналайын. – А., 2002; Гродеков Н.И. Киргизы и кара киргизы Сыр-Дарьинской области. Том первый. Юридический быт. – Таш., 1888; Майлықожа. Нақылат. – Шымкент, 1993; Мәделіқожа. – А., 2009.

М.Миразов

ҚОЖАМЖАРҰЛЫ БАПЫШ – (1860, Түркістан обл. Созақ ауд. Сызған а. – 1928, сонда) – күйші. Домбыра тартуды ауыл күйшілерінен үйренген. Ал орындаушылық өнері мен өз шығарм. Сарыарқа, Қаратау өңірінің домбырашылары дәстүрінде қалыптасқан. Оның туындыларынан Тәттімбет, Ықылас үлгілері байқалады. Қ. күйлері белгілі оқиғаларға арналған, мазмұны нақты, бірақ кезінде жазылып алынбағандықтан көбі ұмытылған. Оның «Қаратау», «Қара жорға», «Ыңғай төкпе», «Бес жорға» атты күйлерін немересі, белгілі домбырашы, күйші Т.Момбеков жеткізген. Бұл шығармалар пластинкаға («Қазақ күйлерінің антологиясы», 1970) жазылған.

 Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2005; <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/3756>.

Ш.Құрманбаева

ҚОЖАНОВ СҰЛТАНБЕК (10.9.1894, Созақ ауд. Ақсүмбе а. – 10.02.1938, Мәскеу қ.) – Қазақстан мен Орта Азияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист.



Түркістандағы 4 сыныптық орыс-бұратана мектебін (1910), 3 сыныптық қала-

лық мектепті (1913), Ташкент мұғалімдер семинариясын тәмамдаған (1915-17). Мәскеуде БК(б)П ОК марксизм-ленинизм курсы (1926-27) бітірген. Саяси қызметін Ташкент қ-ндағы қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси ұйымынан бастаған. 1917 ж. көктемде Ташкентте М. Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаевтармен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Осы газеттің 16-29 сандарына редакторлық жасады. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдаушылық танытып, мақалаларында оны кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқ асты етушілік деп бағалады. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. 1917-18ж. Ташкенттегі Қазақ пед. уч-щесінде (кейін Қазақ Ағарту ин-ты) оқытушы, Аштықпен күресетін орт. комиссияның мүшесі ретінде 1918 ж. қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырып, ел жадында «Сұлтанбектің шүлен көжесімен аштықтан аман қалдық» деген сөз сақталып қалды. 1919-20 ж. Түркістан уездік-қалалық атқару к-ті төрағасының орынбасары, Сырдария обл. рев.к-тінің төрағасы болды. 1920 жылдың соңына қарай Түркістан респ. Ішкі істер Халық комиссары, 1921 ж. қазанда Ағарту халық комиссары, кейін Жер істері Халық комиссары болып тағайындалды. ТКП ОК, Түркатком мүшесі, БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Түркістан ісі бойынша құрған Түркомиссияның мүшесі болып қызмет істеді. Ресейде іске асырылып жатқан коммунистік шараларды Түркістан өміріне күштеп енгізуге, таптық күресті шиеленістіре түсуге, сөйтіп, ұлттық мәселені кейінге ығы-

стырып тастауға бағытталған әрекетіне қарсы тұрды. Оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Петроград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Түркістанда баспасөздің және ұлттық театрдың өркендеуіне елеулі үлес қосты. «Ақ жол» газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болды. 1922 ж. Жер істері Халық комиссары ретінде Жетісу және Сырдария обл-тарында жер-су реформасын іске асыруда қоныстанушыларға берілген жерлерді жергілікті халықтарға қайтару жөніндегі алаштық идеяны іске асырды. 1922-24 ж. Түркістан Атқару К-ті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі болды. Қ. мемлекетшіл тұлға ретіндегі қайраткерлік болмысы Орта Азиядағы ұлттық-аймақтық межелеу кезінде (1924) айрықша танылды. 1924 ж. қарашада РК(б)П Қырғыз (Қазақ) обкомының (1925 ж. ақпаннан – Қазақ өлкекомының) екінші хатшысы қызметіне жіберілді. Қ-тың тікелей ұсынысымен Кеңестердің 1-съезі қазақ халқы тарихи атауын қайтарып, астаналық қала Ақмешіттің аты Қызылорда деп өзгертілді. 1925 ж. қарашада БК(б)П ОК-не шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымында қызмет істеді. 1927-28 ж. Мәскеуде марксизм-ленинизм курсына тыңдаушы, 1928 ж. желтоқсанынан Ташкентте БК(б)П ОК Орта Азия бюросы үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. Бүкілодақтық а.ш. Ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929-31 ж. Орта Азия мақта-ирригац. Политех. ин-тын (САХИ-

ПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1931-1932 ж. Орта Азия мақта дайындау орт. басқармасының төрағасы (Ташкент қ.), 1932-33 ж. Мақта дайындау Одағы басқармасы төрағасының орынбасары (Мәскеу), 1933-34 ж. Орт. Бақылау Комиссиясы – Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халкомының Мақта тобы жетекшісінің орынбасары, 1934 ж. Кеңестік Бақылау к-тінің мақта бойынша қадағалаушысы (Мәскеу), осы ж. Кеңестік Бақылау комиссиясының Орта Азия бойынша уәкілі, кейіннен осы комиссияның Өзбекстан бойынша уәкілінің орынбасары қызметтерінде істеді. Қ. қоғамдық-саяси қызметтерін ғыл. және шығарм. жұмыстармен ұштастырып отырды. Мектепке арналған «Есеп құралы» атты оқулығы (1924), «Түркістан Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеу еңбегі (1928) жеке кітап болып шыққан. РК(б)П ОК ұлт қызметкерлерімен өткізген 4-кеңесінде (1923), РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың басқаруымен өткен жеке кеңесте (1926) сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ И.В.Сталинге 1927 ж. жазған екі хатында Қ. ұлт мәселесіне қатысты саяси көзқарастары мейлінше айқын тұжырымдалған. Көптеген сыни, көсемсөздік мақалалары «Тоқпақ», «Замандас», «Тарпаң», «Қияқ» деген лақап есімдермен жарық көрді. Өзі де өлең жазды, орыс ақындарының өлеңдерін тәржімалады. Мағжанның Ташкентте жарық көрген кітабына жазған алғысөзінде Қ. қазақ тілі өнерге асатын, бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады деп бағалап, оны Мәскеу қ-на оқуға жіберуді ұсынды. Қ. 1937 ж. 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, 1938 ж. 10 ақпанда кеңеске қарсы ұлтшылдық ұйымның жетекшісі ретінде айыпталып, ату

жазасына кесілді. 1957 ж. ақталды. Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Орал, Кентау, Сарыағаш, Жетісай қ-ларындағы, Созақ, Сарыағаш ауд-дарындағы, Ақсүмбе а-ндағы көше, мектеп, саябақ, мекемелерге Қожанов есімі берілген. Қызылорда, Түркістан, Кентау, Жетісай қ-ларында ескерткіш қойылған. М.Шоқай «қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп тұған азамат» деп баға берген Қ. – кеңестік билік жағдайында алаштық идеяны іске асырып, ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұласып, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер.

Әдеб.: Раджапова Р.Я. Имя, возвращенное истории и народу (Султанбек Ходжанов) //Общественные науки в Узбекистане. – 1988. -№12. – С. 17-30; Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. –А.: «Қазақ ун-ті», 1992; Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – А.: «Қазақстан», 1990. –168 бет; Шәріпов А. Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші. – А., 1994; Әлмашұлы Ж. Сұлтанбек Қожанұлы (Түрмеде сөнген шырақ). – А.: «Қазақстан», 1994. – 128 б; Қойгелдиев М. Ұлттық элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. – А.: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.; Сұлтанбек Қожанов. Шығармалары мен материалдарының жинағы. I. Т. – А.: «Жалын», 2013.

Х.Тұрсүн

ҚОЖЫҚОВ ҚОҢЫРҚОЖА (20.7.1880, Перовск уезі, Хан а. – 15.2.1938, Алматы қ.) – Алаш қайраткері, ағартушы-педагог. Ауыл мектебінде ескіше сауат ашқан, Перовск қалалық уч-щесінде білім алған. Ташкент қ-ндағы Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі. Мамандығы мұғалім. 1905–06 ж. Перовск уезі №6 а-да жаңа тәсілді 4 сыныптық мектеп ашты. Одан кейінгі жылдары Андижан қ-нда мұғалімдік жасады. 1912 ж. Шымкент уезі Қарнақ а-нда жәдиттік мектептің меңгерушісі болып қызмет істеп,

қазақ оқушыларына арналған «Әліппе» жазып, Орынбор қ-нда Фатих Каримидің баспасынан жарыққа шығарды.



1912 ж. осы баспадан А.Қасымов, С.Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукіманлық қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді. 1916 жылдан саяси қызметке араласып, Ташкентте қызмет жасаған қазақ зиялыларының астыртын «Кеңес» үйірмесінің бюро мүшесі ретінде өлкедегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласады. Ресей Министрлер кабинетінің төрағасы С.Виттенің атына бірнеше петиция жазып, Түркістан өлкесіне ішкі басқару істерін өзі шешу құқын беруді өтінуі Қ-тың өз заманындағы саяси күрес тәсілін меңгерген кемелдігін танытады. Ол осындай тәсілді кейін де қолданған. Мыс., «генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттерін баяндап жазып жібердім. Сонымен бірге редакцияның ұсынысына (Ташкентте эсер В.Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті) қосылып, Түркістанға Мемлекет Думасының мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап

еттім. Осыған байланысты күз айларының бірінде (1916 ж. тамыз-қыркүйек айлары) Тевкелеев, Керенский және Шоқаев келді. Соңғы екеуіміз Чайкиннің үйінде кездестік, сөйтіп оларға қолымдағы бар құжаттарымды тапсырдым», - деп жазады. Ә. Бөкейхан бастаған бір топ ұлт зиялылары 1917 ж. 15 наурызда Минск қ-нан қазақ даласына қалыптасқан жағдайдың мән-жайын баяндап жолдаған жеделхатта Андижанда қызмет істеп жүрген Қ. есімі аталады. Қ. 1917 ж. 2-5 тамызда Ташкент қ-нда өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде съезд төралқасына сайланып, Құрылтай жиналысына Сырдария облысынан депутаттыққа канд. болып ұсынылады. 1917 ж. 26 қарашада жарияланған Түркістан мұхтарияты Халық Кеңесінің құрамына енген. Оның есімі Алаш қозғалысы тарихының деректерінде жиі аталады. Өзі: «1917 ж. мен екінші рет Ташкентте өткен қазақ съезіне қатыстым, Қоқан автономиясы талқандалғаннан кейін Тынышбаевпен бірге коммунистік отрядтардан қашып, тау ішінде жасырынған кезім де болды», - деп жазады. Қ. өмірбаянында 1918 ж. қаңтарда Түркістан қ-нда өткен Сырдария обл. қазақтарының съезі туралы «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесіді қойдым. Ол – Қазақстанның орт. ретінде Оңт-тегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді» деп жазады. 1918 ж. қарашада Ташкент қ-нда тұңғыш қырғыз пед. курсы ашылғанда Перовскіден Қ. оқытушылыққа шақырылған. Осы алғашқы оқу орнындағы оқытушылар құрамында «Кеңес» үйірмесінің С.Өтегенов, С.Қожанов сияқты мүшелері де аталады. Ташкенттегі Қазақ ағарту ин-тын ұйымдастырушылардың

бірі әрі осы оқу орнында дәріс берген. Халық ағарту комиссариаты жүйесінде балалар үйінің директоры, ашаршылықпен күрес к-тінде қызмет істеп, а.ш. банкінің меңгерушісі болады. Түркістан республикасы Халық ағарту халкомы алқасының 1920 ж. 21 тамыздағы хаттамасында Қырғыз ағарту ин-тының к-ті құрамында И.Тоқтыбаев төраға, Бабабек Есенов төраға орынбасары, мүшелері қатарында Х.Досмұхамедов, К.Көшербаевтармен бірге Қ. та аталады. Өлкелік Халық ағарту комиссариаты құрған Мемл. ғыл. комиссияның жанындағы «Талап» қоғамының мүшесі ретінде халық ағарту ісіне араласқан. С.Асфендияров пен П.А.Кунтениң редакциясымен 1936 ж. жарық көрген «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі. Түркіатком мүшелігіне сайланып, осы органның өкілетті өкілі ретінде «Қосшы» одағын құруға қатысты және оның Орт. к-тінің мүшесі болып сайланды. Жер істері халкомында бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. 1921 ж. Жетісу облревкомының мүшесі болып тағайындалды. 1921-22 ж. Әулиеата уезіндегі жер-су реформасына басшылық жасады. Ұлттық-терр. межелеу кезінде комиссия басқарып, қазақ жерінің мемл. шекарасын айқындауға үлес қосты. 1925 жылдан кейінгі кезеңде түрлі кеңсе жұмыстары мен ағарту саласында еңбек етті. «Ақ жол» газетінде мақалалары жарияланған. 1938 жылдың 27 қаңтарында ҚКСР ІІХК Мемл. қауіпсіздік басқармасы тұтқынға алып, 15 ақпанда ату жазасына кескен. Түркістан әскери окр. Әскери трибуналы 1957 ж. қылмыс құрамының болмауына байланысты толық ақтады. Қызылорда қ-нда Қ. есімімен аталатын көше бар.

Әдеб.: Букварь для киргизских школ в Туркестанском крае. Составилъ заведующий Карнакским русско-туземным уч-щем Конгыр Ходжа Ходжиков. Издание первое. – Оренбург. Типо-литография т-ов Каримов, Хусаинов и др. 1912. – 90 бет; «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукіманлық қылған патшалардың тарихлары» //«Қазыналы Оңтүстік» Том 26. 1-кітап: Тарихи жырлар. – 2011. – 296 бет; Тұрсұн Х. Алаш нәм Түркістан. – А.: «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013. – 400 бет; Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жиағы. Сәуір 1920-1928 ж. – А.: «Ел-шежіре». 2007. Т.3. Кн.І. – 304 стр; Ағзамходжаев С. История Туркестанской автономии: (Туркестон Мухторияти). – Т.: Изд.-полигр. Объединение «Тошкент ислом ун-ти». – 2006; Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің құғынға ұшырауы //М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т.3. – А.: «Қайнар». 2007. – 384 бет.

Х.Тұрсұн

ҚОЙГЕЛДІ САРТҰЛЫ (1688-1781) – Қазақтың жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресінің батыры, даңқты қолбасшы. Қ. батырдың 1688 ж дүниеге келгендігі жаңа деректер бойынша анықталып отыр. «Цин патшалығының орда естеліктерінің» «Сырттай тәуелді болғандар» деп аталған бөлімінің 44-томында Қойгелдінің жасын анықтауда көмек беретін аса құнды мәлімет айтылады. «Енді міне, біз ұлық патшамен қарым-қатынас орнатып отырмыз, осы орайда біз ұлық патшаға сәлем беріп, онымен жүздесек деген ойдамыз. Алайда Төле бидің жасы 83-ке келді. Қойгелді болса, ол да 70-жасқа толған, сондықтан олар өздері ұзақ жол жүре алмайды», деп, 1758 ж. Күзде қазақ билеушілері қытайлықтарға жауап қайтарған. Аталған құжатта Ұлы жүздің ханы Әбілпейіз: «оның үш батыры бар, олардың аттары Төле би, Қойгелді және Сасықбай», - деп ерекше атап көрсетеді. Әкесі Қ-ні жеті жасында Ташкенттегі Көкалташ медресесіне береді. Ол сонда жеті жыл білім алады. Бірақ

жаугершілік заман Қ-ні еріксіз хазіреттің сәлдесін тастап – дулыға киюге, шапанын тастап – сауыт киюге, тәспиғын тастап – найза ұстауға мәжбүр етеді. Қ-нің бүкіл өмірі Ұлы жүздің басшысы әйгілі Төле бимен тығыз байланыста өтеді. Төле биге он жеті жасында келіп, осы арада биікке өрлеп өседі. Қ. батырға тікелей қатысты жазба деректер алғаш рет 1738 жылғы орыс тіліндегі құжаттарда кездесе бастайды. 1738 ж. Түркістан мен Ташкенттің арасында 20 мың сом заты бар орыс керуенін Қ. батыр бастаған 113 адамдық топ тонаушылыққа ұшыратып, керуен басы К.Миллер мен оның адамдарын тұтқындаған еді. Бұдан Қ-нің орыс бодандығын қабылдауға ынталы болмағанын көреміз. Оның атын ант қабылдауда Ұлы жүз би-батырларының қатарынан көре алмайсыз. Қ. батыр 1730 ж. Аңырақай шайқасында дулаттардың қолын бастап Бөгенбай, Наурызбай, Малайсары, Өтеген, Тілеуке, Елшібек, Алдияр батырларымен тізе қосып, жоңғарлары ойсырата жеңуде ерлік көрсеткен. 1739 ж. жоңғар қалмақтары қырғын салу жөнінен ақтабан-шұбырындыдан кем түспеген екінші жойқын шабуылға көшті. Бұл жолы да Ұлы жүз қазақтары қатты қырғынға ұшырады. Соның салдарынан Үлкен Орда қазақтарының оннан жетеуі зар заманың зарын тартты. Төле би мен Қ. басыған халқын сақтау үшін оларды жиделі Байсынға жөнелтіп жатты. Қ-нің жоңғарларға қарсы күрестегі басшылық рөлі – оны сол тұстағы қазақ қоғамының саяси өміріндегі шешуші тұлғалардың біріне айналдырды. Қ. батыр Барақ сұлтанның Ұлы жүзге хан болуын қолдап-қуаттаған жан. «Төле би келмей жүріс жоқ, Қойгелді келми ұрыс жоқ» деген мәтел сол аласапыран замандағы Қ. батырдың ерлік істерінен жетсе керек. 1745 ж. ке-

неттен Қалдан Серен өліп, билікті оның артынша ұлы Доржи алады. Енді Абылай бастаған қазақтарға қарсы Севан Доржидің өзі тұрды. Бұл қанды майданда Қ. Сеңкібай, Қанай, Қылышбек бастаған әрмыңдық жау зеңбіректерін оқтап үлгергенше кезекпен кезек шабуылға шығып, олардың тас-талқанын шығарады. Қ. Шымкентті, Сайрамды мыңдаған жаудан босатады. Қалмақтарды Талас бойына дейін ығыстырды. Қ. батыр қоқан, қырғызға қарсы күресте әрқашан Абылай ханның жанынан табылған. Төле би қайтыс болған соң Ташкенттің билігін Қ-нің басты мұраты туысқан халықтар арасындағы жер дауы мен ел дауын мәмлегерлікпен, керегендікпен, қайраткерлікпен, шешу болған. Ташкент қ-ндағы Қойгелді базары, Қойгелді қақпасы деген атаулар 19 ғ-да Тілеубай деген ақынның Қ. мен қалмақ батыры Қарабұқамен жекпе-жегін жырлаған қисса болған. Қ. батыр 1871 ж. Шымкент өңірінде дүние салған. Батырдың сүйегін ел-жұртты арулап Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлеген. 19-ғ-дағы орыс зерттеушілерінің мәліметі бойынша Үлкен Орда батыры Қ. өмірден озған соң, бір жылдан кейін 2000 қой, 150 жылқы жұмсап ас беріп, ат шаптырған екен.

Әдеб.: Қазақтың ханы-Абылай. – А., 2011; Мұхаметханұлы Н. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ-қытай байланыстары. – А., 1990; Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. – А., 2002; Тынышбаев М. Материалы по истории киргиз-казахского народа. – Таш., 1925; Дәдебаев Ж. Атыңнан айналайын. – А., 2002.

М.Миразов

ҚОНАЙ БИ БАЛЫҚҰЛЫ (1687, Түркістан обл. қазіргі Түркібас өңірі. – 1769) – Төле би, Қазыбек бимен қызметтес болған атақты би және батыр. Дулаттың шымыр руынан. Әбілқайыр хан кіші жүз

аум-на орыс елшісі М.Тевкелевтің келгенін естіп, Қонай мырзаға хат жазып жібереді. К.Миллер бастаған сауда керуенін Ташкентке сауда жасауға шақырған, соған себепкер болған. Қ.б. болатын. К.Миллердің жазбаларындағы суреттеулер бойынша Қ. б. қазақтың адуынды да айтулы батыры. 1734 ж. жоңғар қалмақтары Ұлы далаға Ақтабан шұбырындыдан кем түспейтін жойқын шабуыл жасады. Осынау аласапыранда күрестің бел ортасында Қ.б. жүрген. Түркістан, Сайрам, Ташкент өңірі құлазып, қирандыға айналып жатты. Ендігі бар үміт – Ресейдің оңт. елдерімен жүргізетін саудада. Егер орыс үкіметі Қытай, Иран, Бұхара, Ташкентке сауда жүргізетін болса, ол қазақ жерінің үстімен өтпек. Сауданың ел игілігі үшін маңызды екенін түсінген Қ. б. Ресеймен сауда байланысын орнатуға күш салды. Қ. б. бастаған елшілік Петерборға жолға шығу қамына кіріседі. 1734 ж. Жолбарыс ханның шешімімен Нұрмағанбет пен Наурыз Бөкей бастаған елшілік аттанып, патшайымның қабылдауында болып қайтады. Сонан соң Нұрмағанбет ген. Татишевпен де сауда мәселесі бойынша тілдескен. Ген. Қ. б-дің өтінішіне қатысты флигель-адъютант К.Миллер бастаған керуенді жіберген. Керуенді Қойгелді батыр бастаған сарбаздар тонаған. Қ. б. К.Миллер мен М.Арапов басқарып келе жатқан керуенді бір түйе жүгімен тоналудан аман алып шығады. Ертесіне Қойгелді батыр келіп, Қ. б-ден К.Миллерді беруін сұрайды. Бұл талапқа Қ. б. көнбейді. Қ. б. қазақ-қалмақ соғысында да ерен ерліктер жасады. Тарихи деректер оның Абылай хан тұсындағы күрделі кезеңде қазақ елінің тіреуіне айналған кемеңгер болғанын айғақтайды. Шымкенттің солт. тарабында жаңадан салынған жол бойына жақын маңда Қ. төбе деп аталатын

төбе бар. Бұл Қ. б-дің жазғы жайлауда орда тіккен мекені екен. Қ. б-нің сүйегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына, ардақты би-батырлар, әулиелердің қатарына қойылған.

Әдеб.: Казахского-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов) – А.-А., 1961; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т. 6 Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям XVIII-XIX века. – А., 2007, Төле би қазақ тарихының биігінде. – Шымкент, 2013.

М.Миразов

ҚОСҚОРҒАН – Түркістан обл-ндағы көне елді мекендердің бірі. Қ. қазіргі елді мекеннің орт-нда орналасқан археол. нысан – Қосқорған қалажұртына сай келеді. Елді мекен ретінде қожалардың шежіресі - «Насабнама» қолжазбаларында аталады. Қ. қалажұртындағы стратиграф. кесінді оның 13-18 ғ-да өмір сүргенін көрсетті.

Әдеб: Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008; Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.І. – А., 2014. – С. 621-642; Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) – А., 2009.

М.Қожа

ҚОСҚОРҒАН – ШОҚТАС ПАЛЕОЛИТ ТҰРАҚТАРЫ – адамзат мәдениетінің палеолит-тас дәуіріндегі іздерін танытатын геолог.-палеонтолог. және арх. ескерткіштер. Қосқорған ескерт. Түркістан қ. 18 шақырым. солт. шығ.тұсындағы осы аттас ауылдың шетінде орналасқан. Қ. еск. палеонтологиялық нысана ретінде 1962-63 ж. ашылып, зерттеле бастады. Қосқорған І ескерткіштерінің зерттелу барысында

жирнақталған материалдарды арх. ғалымдар төрт топқа бөліп қарастырады: біріншісіне 1986 ж. О.А. Артюхова және 1987-88 ж. В.Г.Коченов тапқан материалдар, екінші және үшінші топқа 1993-94 ж, 1997ж. Ресей – Қазақстан арх. экспедициясы материалдары енеді. 1992-98 ж. Түркістан аум-ндағы Қосқорған I, II, Шоқтас I, III арх. ескерткіштерінде жүргізілген кешенді қазба жұмыстары нәтижесінде А.П.Деревянко, Ж.Б.Әубекеров, В.Т.Петрин, Ж.Қ.Таймағамбетов, Марсель Отт, А.Г.Рыбалко, т.б. ғалымдардың зерттеулері жарық көрді. Қ. ескерткіштеріне далалық зерттеулер 1993-97ж. жүргізілді. Қазбаның стратиграфиялық кесігінің оңт. батыс, оңт. шығыс қабырғасының сипаттамасын С.В.Николаев орындады. Қазба барысында тас құралдар жиынтығы, қырғыш, нуклеустар, бифастар табылды. Жасалған шикізатына қарай құралдар топтамалары да жан-жақты зерттеліп, ғыл. айналымға енгізілді. Арх. экспед. Қ. ескерт. тас өндірісінің техн.-түрлік сипаттамасын зерттеп талдады. Қосқорған II ескерткішінің материалдары да терең зерттеліп, жерден табылған тас құралдар сараланды. Шоқтас I ескерткіші Қосқорған ауылынан солт. шығ. тұста 12,7 шақырым жерде орналасқан. Ш. ескерткіші материалдарын 1993-95ж. жасақталған арх. экспедицияға қатысқан ғалымдар зерттеп, нулеустер, қырғыштар т.б. құралдар жасалған шикізат түріне талдап, тас өндірісінің техн.-түрлік сипаттамасын жасады. Төм. плейстоцендік 5 м. тереңдікте Қ. фауна кешені және еңбек құралдары сақталғанын анықтады. Қосқорған I және II, Шоқтас I III ескерткіштері Орта палеолит (мустье) дәуіріндегі (120 мың ж. - 35 мың жыл бұрын) алғашқы адамның отты қолдану, аң терісін пайдалану, киім, бас-

пана дайындау әрекеттерін айғақтайтын құнды материалдар беруімен маңызды.

Әдеб.: Деревянко А.П., Петрин В.Т., Таймағамбетов Ж.К., Исабеков З.К., Рыбалко А.Г., Отт М. Раннепалеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана. – Новосибирск: Изд-во ин-та археологии и этнографии СО РАН, 2000. – 300 с.; Археология Казахстана. – Астана: «Өнер», 2006. – 256 с.

Д. Мұстапаева

ҚОСТӨБЕ (Оңтүстік мекенжұрты 1-8 ғ.) – көне мекенжұрт. Түркістан обл. Отырар ауд. Көкмардан а-ның оңт.-батысынан 2,8 км жердегі Арыстың құрғап қалған тармағының сол жағалауында орналасқан. Алғаш рет 1969-80 ж. Отырар археол. экспедициясы, кейіннен 1970, 1982 ж. аралығында Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы (К. Ақышев) зерттеген. «Алаңқайлы төбе» түріндегі, екі қатпарлы төбе. Дөңгеленген жоғ. жағының диаметрі 70 м, биікт. 5 м. Оған бірнеше жерінде құрылыс іздері байқалатын алаң жапсарласады. Алаңның ортасында төбе бар. Оның ең үлкен көл. 50x80 м, биікт. 1,5-2 м. Орт. төбенің бір бөлігі қазылып, зерттелген. Табылған керамика үлгілерінде Ташкент оазисінің археол. материалдарымен, Жетіасардың керамик. материалдарымен ұқсастық бар және бүйірлерінде аша таңбасы салынған ыдыстар кездеседі. Керамиканы Отырар-Қаратау мәдениетінің 1- және 2-этаптарына жатқызуға болады.

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана, Южно-Казахстанская область. – А., 1994.

Қ. Сарекенова

ҚОСТӨБЕ (Солт. мекенжұрты, б.д 1-жартысы) – көне мекенжұрт. Түркістан обл. Отырар ауд. Шытты а-нан оңт.-ба-

тысқа қарай 2,1 км жерде, Арыс өзінің құрғап қалған ескі арнасының сол жағалауында орналасқан. 1948 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (А.Н. Бернштам), 1978 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы (К.М. Байзақов) зерттеген. «Алаңқайлы төбе» типіне жатады. Биік бөлігі төртбұрыштанып келген, табанының көл. 60x40 м, биікт. 5 м. Жоғ. жағында көл. 30x10 м болатын алаң бар. Төбеге солт.-шығыс жағынан ені 80 м, ұз. 100 м болатын үшбұрышты алаң жапсарласады. Оның биікт. 1,5 м-ден 3 м дейін. Көл. 5x8 м страграф. қазба жүргізілді. Қазба барысында дәліз тектес еңсіз бөлме аршылады. Бөлменің едені сазбен сыланған. Керамикадан Отырар-Қаратау мәдениетінің 2-этапына жатқызуға болатын, сыртына ангоб ағызылған құмдар, саптыаяқтар табылды.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ. Саркенова

ҚОШҚАРАТА – Түркістан обл. Бәйдібек ауд. және Жамбыл обл. Жуалы ауд. жерімен ағып өтетін өзен. Боралдай өзінің оң саласы. Қаратау жотасындағы Ақшоқы, Арқарлы тауларынан бастау алып, 78 км-ге созылып жатыр. Қ. а-ның жоғ. арнасы тау шатқалымен өтеді, төм. жағында арнасы тарылып, тік жарлы болып келеді. 10-км-де Бәйдібек ауд.-на қарасты Қаратас елді мекенінің солт.-нде Боралдай өз.-не құяды. Өзен бойында жабайы жеміс ағаштары өседі. Жаңбыр, қар, жер асты суларымен толығып отырады. Суы тұщы. 0,2-0,4 г/л минералдылығы анықталған. Тартылған ирригац. каналдар саны 10 шақты. Қ. а. өз. ауыз су, а. ш. мақсаттарына пайдаланылады. Қ. а. – қошқар (зат есім) және ата (зат

есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі атау. Елімізде Қ. а. гидронимімен қатар елді мекен, көше аттары да кездеседі. Қ. а. атауының этимологиясына қатысты бірнеше пікірлерді келтіруге болады. 1) Қ. а. атауы 11 ғ-да өмір сүрген аса дарынды, білгір, еліне мол шарапаты тиген Қошқар есімді кісіге байланысты қойылған. Қошқардың шын аты Қылыш болыпты. Оның атасы батыр Арқар деген кісі: «Сен, арқардай бола алмассың, қошқардай бол» деп, жанама ат беріп, содан Қошқар атанып кетіпті. 2) Қошқар атауы түркілердің бұғы, бұра, бұқа секілді ру-тайпа атын білдіреді. Қошқар руымен байланысты атау. 3) Халықтың мал ш.-мен айналысуы, тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру салтына жақын төрт түлік малға қатысты сөздерді өздері мекендеген жер-су аттарына да қолдануы ономастикада ерекше орын алады (Қошқарата, Көндөнен, Өгізсай, Ақсиыр, Қойбұлақ, т.б.). Мұндай ономаст. атаулар метафоралық тәсіл арқылы жасалып, ауыспалы мағынаға ие болған. 4) Қ. а. өз. атауындағы қошқар – реликт компонент. Сақ, қаңлы дәуірінде Шопан ата түлігі тотем ретінде танылған. Қошқардың бейнесі тайпалардың таңбасына айналып, өнер туындыларында көрініс тапқан. Ол молшылықты, денсаулықты, күш-қуатты, білдіріп, қауіп-қатерден, теріс күштерден сақтайтын символ мәнді иеленген. Сонымен қатар халық танымында «жылқы – желден, түйе – сордан, қой – бейіштен (оттан), сиыр – судан, ешкі – тастан жаралған» деген түсінік бар. Қазақтардың құрбандық ғұрпында қой ерекше орын алып, өлікке неғұрлым көп қой сойылса, марқұмның күнәсі жеңілдейді және марқұм жанының қияметтің қыл көпірінен өтуіне көмектесіп, кейін о дүниедегі кәдесіне жаратылады деген сенім болған. Әдетте, көк түсті қош-

қар құрбандыққа шалынған. Демек, Қошқардың тотем ретінде сакралды деп танылып, соған бас иіп, ерекше дәріптелуі өзеннің Қ. а. аталуына себепші болған.

 Әдеб.: Қазақстан табиғаты: Энциклопедия. – 3-том / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2008. – 304 б.; Су бетімен сырғып жүрген Қошқарата // Алаш айнасы 22.02.2015 ж. URL.: <http://alashainasy.kz/gazhaip/su-betmen-syirgyip-jurgen-koshkarata-63940/>; Жерінің аты – Елінің хаты: энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна», 2006. – Б. 618.; Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы. – А.: «Арыс», 2014. – Б. 763-764; Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – А.: «Мектеп», 1985. – Б. 174-175; Қосымова Г. Тарихи сөздердің этимологиясы. – А., 2010. – Б. 78; Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – А.: «Арыс», 2007. – Б. 175; Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – А., 2000. – С. 85-86.

М.Ахметова

ҚОШҚАР АТА МЕН ШІЛДЕХАНА – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіштер тобы. Түркістан. обл. Қазығұрт ауд. Тұрбат а-ндағы ескі мазаратта Ысмайыл ата кешенінің құрамдас бөлігі. Қ. а. кесенесі мен Ш. атты ғимараттар жапсарлас орналасқан. Қ. а. Ысмайыл атаның нағашысы болып саналады. Мешітпен Шілдехана аталатын құрылыс ортасында Қ. а. кесенесі орналасқан. Құрылыстар күйдірген кірпіштен қаланған. Қ. мазары екі камералы шағын ғимарат. Қасбеті шығысқа қараған. Портал ортасында есігі орналасқан. Алғашқы бөлме өлшемдері 4x4 м. Түпкі бөлме ауданы 3x2 м. Оның ортасында қабір орны белгіленген. Ғимараттың жалпы ұз. 10 м, ені 5 м-ден асады. Шілдехана Ысмайыл ата мен Қ. а. кесенелерінің арасында орналасқан. Шілдехана деп жаратушының мәнін ұғынуға қолайлы жағдай туғызатын, қырық күндік дү-

ниенің әбігерінен оқшауланып тұруға арналған діни орындардағы құжырахананы немесе басқа бір бөлмені атаған. Қырық күн зікір салып, діни жоралғылар өткізу Ясауидің сопылық жолын ұстағандарға тән болған. Ысмайыл ата кешеніндегі Шілдехана қос күмбезбен жабылған орт. залдың үш жақ қапталында текшелері бар порталды-күмбезді құрылыс. Құрылыс күйдірген кірпіштен қаланған. Сыртқы он алты қырлы күмбез аласа бойлы сегіз қырлы барабанның үстіне орнатылған. Қабырғалар мен күмбез астындағы барабан беттерінде ою өрнек қалдықтары және «қырма» тәсілінде түрлі түсті гипстен жасалған эпиграф. нақыштар сақталған.

 Әдеб.: Предание о Хазрети Исмаил ата (пер. А.Диваев) // Туркестанские ведомости. 1901. №20, 24, 25; Тұяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н. Архитектурный комплекс Исхак-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 186-187; Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент, 2014; Харзиян шаһары һәм Ысмайыл ата. – Шымкент, 2018; Тұрбат-Ысмайыл Ата: аңыз бен ақиқат. – Шымкент, 2017.

М.Қожа

ҚОШЫҚ БАЙТОҚҰЛЫ (1796, Ташкент аймағы, Дархан а, – 1884, сонда) – тарихта молла Қ. датқа деген атпен танымал тұлға. Азан шақырып қойған аты Қожық екен. Әкесінің есімі құжаттарда Байтоқ деп жазылған. Қ. Ташкенттегі Көкалташ медресесін тәмамдаған. Ислам шариғатын, әдет-ғұрып заңдарын, құран-хадис ұстанымдарын жетік білген. Ол Орта Азияға келіп сауда-саттықпен айналысып жүрген орыстың көпестерімен, іскер-саудагерлерімен аралас-құралас бола жүріп, орыс тілін жетік меңгерген. Қоқан хандығын Омархан билеп тұрған шақта молда Қ. датқа лауазымына ие болған.

Хандық дәурдің бұл кезеңі оңт. өлкеде рулық басқару жүйесінің қаймағы әлі бұзылмаған кез еді. Сонан дарынды жас шанышқылы елінің мыңбасысы қызметін де қоса атқарған. Тарихи деректерге қарағанда, молда Қ. 1844-46 ж. екі жыл Қоқан хандығының Ресейдегі елшісі, хан әскерінің Бас қолбасшысы (Әмір Ләшкер, яғни Батырбасы, 1859 ж.), Ташкент қ-ның даруғасы (басшысы), алғаш Түркістан ген.-губернаторлығы ұйымдастырған қалалық әкімш. деңгейіндегі «Мекемед» Ташкенттің бас биі қызметтерінде болған. Қ. датқа сарабдал саясаткер, мәмлегер елші ретінде екі-үш рет Бұхар әмірлері Насрулла мен Мұзаффардың тұстарында олардың қабылдауларында болып, Қоқан хандығының ұсыныс-тілектерін жеткізген, бауырлас халықтарды береке-бірлікке, ынтымаққа шақырған. Қ. датқаның Ташкентте билік жүргізгенін мына деректер де негіздей түседі. «Түркестанские ведомости» газетінің 1883 жылғы 8 қарашадағы № 44 санында: «Бұрынғы жағдайларға қарағанда Ташкент пен Құрамада екі халық – қазақтар мен сарттар әрқашан қақтығысып отырды. Анағұрлым өркениетті элементтер – сарттар қу, әрқашан рухани деңгейі жағынан басымдау еді. Алайда күшқуаты жағынан қазақтар үстем болды. Өйткені олардың жағында қазақ даласынан келген құрама елін құрайтын келімсек-кірмелер-жүздер, қарақалпақтар, қырғыздар, т. б. болды... Мұнда қазақтар басым түсіп отырды. Ташкентті басқарудың билігі Молда Қошық деген бір қазақтың қолында еді...», деп жазды мақала авторы Н.Ульянов. Ал орыс тарихшысы, патша үкіметінің өкілі А.И.Добросмыслов та 1912 ж. шыққан «Ташкент в прошлом и настоящем: исторический очерк» атты кітабында 1868 жылғы ұй-

ымдастыру комиссиясының ұйғаруы бойынша Ташкент қ. аум. 3 ақарық пен Шыршық өз-нің ағысынан Қойлыққа дейінгі аралықта, оң жағынан Күркілдек арықтан Бозеу бойындағы Қаратөбе сайына дейін, 3 ақарық пен Қаңлы елінің басшысы Құдабай бидің елі орналасқан Керегетас сайына, Шанышқылы биі Молда Қ-тың Шалта сайына дейін белгілегенін атайды. Кейіннен 1870 ж. осынау бір рулы елді бастап, қазіргі Сарыағаш шипажайы тұрған Дархан елді мекеніне орналастырған молда Қ. датқа екен. Мұрағат деректері молда Қ. датқаның мыңбасы, би болғанын алға тартады. Ресей мұрағат деректерінде М.Г.Черняевтің Ташкентке екінші жорығы кезіндегі шайқаста қыпшақ молда Әлімқұл қайтыс болып, қаланы қорғауға Сыздық сұлтан, молда Қ. датқа, сарт Рүстембек үштігі басшылық жасағаны айтылады. 19 ғ-дың екінші жартысында өмір сүрген ақын Қалыбай Мәмбетұлының «1853-1865 жылдары Түркістан өлкесіне Ресей орыс әскерінің жасаған басқыншылығы» атты академик Н.Веселовский жазып алған дастанында да Шымкент түбіндегі орыс басқыншыларымен болған сұрапыл соғыста Қайыт, саза, Шүкірәлі, Алашбай, Бұдабай, Темір, Исламқұл, Анарбай батырлармен бірге Қ. датқа қатысты деп көрсетеді. Қоқан әскерінің әмір-ләшкары Сыздық сұлтан молда Қ-ты бірнеше адаммен Бұхараның әмірі Мұзаффарға жіберіп көмек сұрайды. Қ. датқа Қанағатшах әскерінің құрамында Пішпек пен Әулиеатаны қайтарып алуға қатысқан. Бұл туралы құпия жазбаша хабардың 1860 ж. 23 қазанда тіркеліп, қабылданғаны жайлы кеңсе белгісі соғылған. М.Г.Черняев басқыншылары Ташкентті жаулап алған соң қазақ, өзбек билеушілері патша үкіметінің саясатымен санасуына тура келді. Оның дәлелі Түр-

кістан ген.-губернаторы ген.-м. Д.И.Романовскийдің өкімімен 1866 ж. жергілікті қазақтардан түскен әдет-ғұрып істерін қарау үшін Ташкент қ. мекемесіне төрт биді (қаңлы, шанышқылы елінде бұрыннан қызмет етіп келе жатқан молда Қ-ты – аға би, оған көмекші ретінде қаңлы елінен Қарабек биді, найман руынан Ерден биді, бестаңбалы руынан молда Құлмамбет биді) тағайындаған. Оларға еңбек ақы – аға биге 40 сом, қалған үшеуіне 25 сомнан жиыны 115 сом төлеу жөніндегі Құрама уезінің басшысы подполк. Карзаковтың 1868 жылғы 12 сәуірдегі №248 мәлімхаты сақталған. Түркістан аймағын уыстан шығармай басқару үшін патша үкіметі түрлі әдіс-тәсілдерді айлакерлікпен пайдалана отырып, отарлау саясатын жүзеге асырды. II Александр патша аймақтың атақты адамдарын, даңқты датқаларды Ресей астанасы Санкт-Петербургке шақырып, оларға сый-құрмет көрсетуді жөн санады. 1867 ж. Түркістан өлкесінен жиналған игі-жақсылар (барлығы 16 адам) Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде бас қосып, осы жерден Санкт-Петербургке аттанады. Осы депутацияны молла Қ. датқа басқарады. Бұл сапарнама жайында Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Датқалардың Петірборға баруы» тарихи жыры да үлкен маңызға ие. Ақын өзінің толғауында даңқты датқаның батырлығын еске алады. Молда Қ. датқа Ташкенттен қоныс аударып, Дарханға орныққан соң мешіт ұстаған. Мешіттің жұрнағы әлі бар, 3 рет бұзылып, төртінші рет тіктелген. 1880 жылғы мәліметтерде Ташкент қ-ның қақ ортасын жарып ағатын Дархан арық атты өзеннің сол жылдары «Қошық арық» аталғаны айтылады. Бұл арықты молда Қ-тың ұйымдастыруымен Дархан елінің адамдары қазып шығарған. Қ. аты 19 ғ-да

жазылған Қоқан хандығына байланысты көптеген шығармаларда кездеседі. Молда Қ. датқа қайтыс болған соң (1884) «Ыссы ата» көне зиратына жерленген.

Әдеб.: Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – А., 1992; Добромыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем: исторический очерк. – Таш., 1912; Қазыналы оңтүстік. 74-том 1-кітап. – А., 2012; ГАОО. Концепция Оренбургского генерал-губернаторства». Ф.б. опись 10, д. 8102; Б. Сманов. Молда Қошық датқа. – А., 2013.

М.Миразов

ҚҰЙҒАН – Түркістан обл-ның Сарыағаш, Шардара ауд-дарындағы өзен. Бұл «екі өзеннің суының бір арнаға құюы, өзен мен көлдің тоғысы, сағасы» дегенді білдіреді. Г.Қонқашпаевтың айтуынша, Қ. – халықтық геогр. терминдерінің бірі. Ол сондай-ақ геогр. атау түрінде де кездеседі. Е.Койчубаевтың сөзіне қарағанда, көптеген өзен сағаларының немесе екі өзеннің бір-біріне құйылуын, тоғысуын білдіретін геогр. термин. Қазақстан аум-нда Қ. геогр. терминінің қатысуымен жасалған гидронимдер көптеп кездеседі. Мыс., Алматы және Шығыс Қазақстандағы Қ., Ақтөбе, Жамбыл және Солт. Қазақстан обл-тарында Құйғанкөл, Оңт. Қазақстан обл-ның Сарыағаш, Шардара ауд-дарындағы Қ. Түркілік ареалда халықтық геогр. термин Қ. «суару кезінде қалдық суды ағызатын жер» деген мағынада да қолданылады (Хорезм, Өзбекстан, Түрікменстан).

Әдеб.: Государственный каталог географических названий республики Казахстан. Т.8. Южно-Казахстанская область. – А., 2007; Конкашбаев Г.К. Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР. № 99. Серия географическая. Вып.3. – 1951. – С. 3-47; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А.: Наука Казахской ССР. 1974;

Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – А.: «Дайк-Пресс», 2005; Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010.

М.Қожа

ҚҰЙРЫҚТӨБЕ – ортағасырлық қалашық. Түркістан обл. Отырар ауд. Қоғам а-нан солт.-батысқа қарай 3 км, ортағасырлық Отырар қ-нан оңт.-шығысқа қарай 5 км жерде, Арыс өз-нің Сырдарияға құяр сағасында орналасқан. Қаланы 1949-51 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек.. А.Н.Бернштам), 1981 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы (жетек. К.Ақышев) зерттеді. Қазіргі орнының биікт. 7,5 м, солт-тен батысқа 250 м, батысы 125 м, оңт.-батыс 225 м, оңт.-шығысы 180 м болып келген төбешік. Қ-нің оңт.-батыс бұрышында диаметрі 30 м, биікт. 15 м төбешік түріндегі цитадель орны бар. Цитадель айналасында 4 мұнараның қалдықтары сақталған. Археол. қазба жұмыстары нәтижесінде 7-12 ғ-лар аралығына жататын мәдени қабаттар аршылды. Бұл қабаттардан керамик. ыдыс, құмыра, көзе, тостаған, адам мен жануарлар мүсіндері, 7-8 ғ-лар теңгелері, т. б. ш-қа қажетті бұйымдар табылған. Зерттеу барысында күйдірілген және шикі кірпіштен салынған, қабырғаларының қалыңдығы 1,5 м, ауданы 36,5х20,5 м мешіт орны анықталған. Ішінен табылған заттарға қарағанда мешіт 11-12 ғ-ларға жатады.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ҚҰЛАҚ АТА КЕСЕНЕСІ – 16 ғ. сәулет өнер ескерткіші. Түркістан. обл. Созақ

ауд. Созақ а-нда орналасқан мемориалдық ескерткіштердің ең байырғысы. Бұл ескерткіш Көккүмбез деген атаумен де белгілі және ол 16-19 ғ. аралығына жатқызылады. Бұл кесенеге кім жерленгені жөнінде ешқандай аңыз-әңгіме сақталмаған. Кесене тас іргетастың үстіне шикі кірпіштен қаланып тұрғызылған, сырты лаймен сыланған. Жоспарда ол шаршы іспетті, 4,6х4,5 м, қабырғалары қалың, ғимараттың жалпы биікт. – 6,6 м. Параллелепипед тәрізді негіздің үстіне созыңқы, сылақ астында ескі өрнекті белдемше болған. Ол ойықшалар тізбегі мен параллель етіп жасалған екі бау үлгісінде жасалыпты. Әрбір ойықша жарты шеңбер қалпымен аяқталады. Белдемшеден жоғары саңылау мен шахматты қатарда орналасқан жіңішке екі қатар диаметрі 2-3 см, ұз. 30-40 см сырғауыл бар. Күмбездің төбесіне құбба – ашық көк сырмен боялған керамик. тұғыр орнатылған. Оңт.-батыс бұрышында екі есіктің болуын ескерткіштің алғашқы зерттеушісі



Құлақ ата кесенесі

Г.Г.Герасимовтың: «бұл кесененің айнала-сында қандай да бір құрылыстың үлкен үйінділері жатыр», - деп көрсетуі және ескерткіштің атауында «құрылыстың (бұрышы)» дегенді білдіретін «құлақ» сөзінің болуы бұл жәдігердің өзі бізге толық жетпеген аса ірі құрылыстың бір ғана бөлігі емес пе екен деп болжам айтуға негіз береді.

Әдеб.: Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия АНКаз ССР. Серия архит. 1959. Вып 2.; Камалова Г.М. Мавзолей Кулак-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С.252-253.

М.Қожа

ҚҰЛАНАРЫҚ – 18-19 ғ-ларға тән тарихи арық. Арықтың басы Ақтөбе а-нан оңт.-шығысқа қарай 10 км қашықтықта, Бөгеннен шығарылған. Ұз. – шамамен 10 шақырымдай. Қ-ты қыпшақтар қазған. Топогр. карталарда белгіленген Қ. құлан деген қыпшақтардың бір атасының атымен аталған.

Әдеб.: Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006.

М.Қожа

ҚҰЛТЕКЕ ӘУЛИЕ (т.-ө.ж.б.) – тарихи аңыз адам. Түркістан обл. Арыс бағытынан Шардараға өтер Сырдария бойындағы көпірге бір шақырым жетпей, автомобиль жолының оң қапталындағы қорымда жерленген, сондықтан ол жер «Құлтеке әулие қорымы» аталған. Ел арасындағы әңгімеге қарағанда, әулие атаның қабірінің үстіне жаңа адамдар жерлеп, орыны ұмытылған. Құлтеке әулие ілімді, сауатты, өз заманының әулиесі болған екен. Қ.А.Ясауимен замандас болыпты.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ҚҰЛЫНШАҚ КЕМЕЛҰЛЫ (1840, Түркістан обл. Созақ ауд. Жартытөбе а. – 1911, сонда) – ақын. Өз заманында, көзінің тірісінде-ақ атақ-даңқы алыс-алыс аймақтарға тараған Қ. – күнгейлік ақындық мектептің айтулы шайырларының бірі. «Көлбайға», «Дүйсенбі датқа», «Құдды мініп, құланды құрықтап жүр» толғаулары, «Шырын-Шекер» дастаны, «Оңдыбайға», «Майлыға», «Мәделіге», т.б. өлеңдері бар. Құланшақ Майлықожа, Шөже, Тама, Берекет, Молда Мұса, т.б. ақындармен айтысқан. «Алпамыс» эпосының толық нұсқасын жырлаған. Ж. Жаббаев Құланшақтың ақындық шеберлігін жоғары бағалаған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Р.Рысжан Құланшақ қолжазбаларын ҚР Ұлттық ғылым академиясының қолжазба қорына тапсырған. Құлыншақ ескіше сауат ашып, Шығыстың қисса-хикаяларын көп оқыған. Өлең шығарып, терме, жыр айтқан. «Көлбайға», «Дүйсенбі датқаға» дейтін толғауларында ел билеушілердің жүгенсіз іс-әрекеттеріне наразылық білдіреді, жауға қарсы күресте ел бастаған батырларды дәріптейді. «Шырын-Шекер» дастанында, «Оңдыбайға», «Майлыға», «Мәделіге», т.б. өлеңдерінде Құлыншақтың ақындық шеберлігі айқын көрінеді. Құлыншақ Сыр бойын, Жетісу өлкесін аралап, Майлықожа, Шөже, т.б. ақындармен айтысқан. «Алпамыс» эпосын толықтай жырлаған.

Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010; Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Бес ғасыр жырлайды. 2-т. – А., 1984.

Ш.Құрманбаева

ҚҰЛЫНШАҚҰЛЫ ЫСҚАҚ (1880, Түркістан обл. Созақ ауд. Жартытөбе а. – 1919, сонда) – айтыс ақыны. Әкесінің жолын қуып, көптеген ақындармен айтысқа түскен, терме, жыр айтқан. Өлеңді домбыраға, қылқобызға қосып айтатын өнерпаз болған. 1906 ж. Әулиеата жерінде ошақты руынан шыққан ақын қыз Қадишамен айтысы 1942 ж. шыққан «Айтыс» жинағында, «Айтыс» кітабының 1-томында (1965) басылды.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ҚҰМКЕНТ – ортағасырлық қаланың орны. Шолаққорғаннан Байқадам а-на баратын жолдың бойында 40 шақырым жерде. 1946 ж. Орт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек.. Ә.Марғұлан), 1947 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек.. А.Н.Бернштам) зерттеген. Марғұланның пікірінше, Құмкент араб деректерінде кездесетін Камукент қ-ның орны. Ол 13-14 ғ-ларда Таластан Сайрамға қарай өтетін керуен жолы бойындағы ірі сауда орт. болған. Құмкент айнала қорғаныс дуалмен қоршалған. Базары дуалдың сырт жағына орналасқан. 1253 ж. осы қала арқылы өткен В.Рубрук жолжазбасында қала аты «Кинчат» деп аталған. Ол: «Қала басшысы бізді шарап құйған саптаяқпен қарсы алды. Дәстүр бойынша Бату мен Мөңке ханның елшілерін ас-сүмен күтіп алу құрметі солардың үлесіне тиіпті», – деп жазады. Археолог Г.Н.Пацевичтің пікірінше, Қ-ке 1256 ж. Мөңке ханға бара жатқан армян патшасы Гетум тоқтаған. Қазіргі уақытта қаланың қираған орны төбеге айналған. Биікт. 20 м, солт.-шығыстан оңт.-батысқа қарай

450 м. Солт.-батыстан, оңт.-шығысқа қарай 300 м. Оның жоғ. бетіндегі алаңның көл. 200x160 м. Солт.-батыс және оңт.-шығыс қабырғаларын жағалай салынған дуалдың орташа биікт. 0,5 м. Алаңның оңт. шетіндегі тік бұрыштың ауданы 28x30 м, биікт. 0,5-1 м қамал орны бар. Қалашықтың сыртқы жағында 3 м жерден қаланы қоршаған биікт. 1,5-2 м дуалдың орны сақталған. Оның сыртынан қазылған ордың ені 10-20 м. 20 ғ-дың 50-ж. жүргізілген қазба кезінде түрлі ғимараттар орны ашылып, археол. материалдар: ыдыстар, мөрсәқина, ұршықтың бастары және т.б. заттар табылды. Солардың сипатына қарағанда қаланы халық 10-15 ғ-ларда мекендеген. Деректерге қарағанда шығыстан Талас өз., Қаратаудан Бүркітті мен Шабакты өзендері құйған кезде тасыған су Мойынқұмның күнгей бетімен, Шу өз-мен қапталдаса ағып, осынау «Ақжайқын», «Жабыкөл», «Телікөлге» құйған екен. Өзеннің арнасы күні бүгінге дейін сақталған. Қ-тің айналасы «Мыңкөл» аталып, олардың негізгілері Ақжар, Үйреkkөл, Қаракөл, Теспе, Домалақкөл, Бүйреkkөл, Егізкөл, Қоржынкөл деп аталған. Ну қамыс өскен көлдердің арасына орналасқан Қ. шаңырының ертеректе «Көкарал» аталуы да осыдан болса керек.



Құмкент қалажұртына апарар жол


Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd». ЖШС, 2005; Отырар. Энциклопедия. – А.. «Арыс» баспасы, 2005; Тәбірізұлы С. Созақ өңірі. – А.: «Дәуір», 2007.

Ш.Құрманбаева

ҚҰРБАН АТА ЖАМАНБАЙҰЛЫ – (1620 ж.ш., Түркістан төңірегі –1710, Созақ қ.) – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімін жалғастырушы, Ясауиһа тариқатының өкілі. Оның әулие сипатты болғандығы жөнінде дәстүрлі деректерде көптеген аңыздар сақталған. Бірге туған бауырлары белін қыл шылбырмен буып алып, алыс ағайындардың малын қумалап жүріп, «Қылбелбеу» атаныпты дейтін аңыз – солардың бірі. «Жаманбайдың Құрбаны бір төбе, Қылбелбеуі бір төбе», деген сөз де оның діни ұстанымдарға берік дәруіштік болмысынан хабар береді. Бауырларының ұрлық-қарлығын қойғыза алмаған Құрбан тау мен тасты сағалап, дәруіштер сияқты өмір сүрген екен. Бұл – астарына көп сыр бүккен аңыздың желісі. Қазақ хандығының рулық-тайпалық құрылымының қалыптасуында діни-рухани үдерістердің үлкен ықпалы болды. Қ.а. заманы жаңа мемл. құрылымның қалыптасуы (Қазақ хандығы), биліктің саяси-рухани ұстанымдарының реформалануы («Есімханның ескі

жолы»), рулар мен тайпалардың кірігуі, бірігуі, ыдырауына өзек болған. Қ. а-ға қатысты шежірелік деректерге жасалған тарихи салыстырмалы талдау осы рухани өзгерістерде Ясауиһа тариқатының өкілдері маңызды рөл атқарғандығын танытады. Дәстүрлі қоғамдағы діни элитаның өзегін құраған тариқат өкілдері мемл. басқару ісіне араласып, елдігі саяси билікті уысында ұстаған. Түркілік наным-сенімдер мен салт-дәстүрлерге басымдық берген сопылық ағымды қалыптастырған билік жүйесі қоғамдағы далалық демократияның негіздерін орнықтырып, ханның жеке дара билігін шектей алған. Ал жеке дара билікке ұмтылған Тәуекел, Есім хандар парсыланған отырықшы түркілердің идеологиясы – нақышбандиһа тариқатына сүйенді.

Қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттілігінің құрылымдық жүйесі – ру, тайпалар мен жүздік құрылымдарды ыдыратып, ханның жеке дара билікке ұмтылу процесі ру-тайпалық, жүздік құрылымның басында тұрған Ясауиһа тариқатының өкілдерін қуғындауға негіз болды. Құрбан атаның Түркістан төңірегінен қуылып, Теріскей асуы осындай діни идеологиялық үдерістер мен саяси қысымға байланысты болған еді. Қуғын көрген Қ.а.Ж. мүрдесі теріскейдегі Ясауиһа тариқатының көрнекті өкілі Қарабура әулиенің кесенесіне қойылуы соның айғағы. Қ.а.Ж.ның елден жырақ кетуіне қатысты оқиғалар тізбегі Есім ханның діни идеология саясатын Қазақ халқын діни ұстанымдарға қарай жіктелуге мәжбүр еткенінің бір мысалы. Ясауиһа тариқатына адалдығы үшін қуғындалған Жиёмбет батыр да Қ.а.Ж. замандасы болатын. 1991 ж. Арыстанбап кесенесі жанынан «Құрбан ата» кесенесі бой көтеріп, Қа-



Құрбан Ата кесенесі

рабура кесенесіндегі қабірінің топырағы «сүйек қосу» дәстүріне сай туған жеріне жеткізілді және есімі мен өнегесі ұлықталып, ас беру дәстүрі орнықты. Қ. а-ның тұлғасы Ясауи ілімін жалғастырушы, Ясауи тарихатының өкілі ретінде өз заманының этносаяси процестеріне қатысуымен маңызды.

Әдеб: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары. «Қарабура әулиенің тағлымы мен өнегесі» тақырыбында халықар. ғыл.-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Түркістан, 2016. – 196 б.

Х.Тұрсұн

ҚҰСАЙЫН СОПЫ НАҒАНАЙҰЛЫ (1320 ж.ш., Сарай Бату – 1372, Көне Үргеніш, Түркіменстан). Жошы ұлысының (Алтын Орда) ыдырау үдерісі басында Хорезм өңірі мен Сырдарияның төм. алабында ірге көтерген дербес Қоңырат ұлысын (1359-88) құрған, тарихта «Қоңырат сопылары династиясы» атымен белгілі билеушілер әулетінің негізін қалаушы тарихи тұлға. Хорезм аймағын ортағасырлық Түркістан өңірінің батыс бөлігімен қоса билеген әйгілі ұлысбектердің ұрпағы, Жошы ұлысының қарашы бегі, беклербегі болған Нағанай бидің ұлы. Нағанай бидің (1297-1361) одан өзге жазба деректерден белгілі Ақсопы, Жүсіпсопы деген балалары болған. Осы ағайынды бектер мен олардың ел басқарған ұрпақтарының есімдерінің соңына жалғанатын «сопы» (сұпы) қосымшасы, ғыл. дәйектер бойынша, сол кезеңдерде олар ұстанған діни-рухани ілімді емес, 18 ғ-дың орта тұсынан Хиуа хандығында билік жүргізген қоңырат көшбасшыларының лауазымы болған «инақ» (тайпа көсемі) дәрежесіне балама атақ ретінде бағамдалады.

Қ. – Қоңырат ұлысын құрғанға дейін де, Алтын Орданы 1357-59 ж. билеген Бердібек ханның мәртебелі бектерінің бірі болды. Қ. с-ның бауыры Ақсопының зайыбы – Өзбек ханның (1312-42) қызы Шекербике еді. Қ. с. негізін қалаған қоңырат сопылары (инақтары) әулеті мемлекеті (астанасы Үргеніш – қазіргі Көне Үргеніш қ.) өз кезінде қуатты ұлыс ретінде танылды. Хиуалық тарихшы Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» шығармасында «Хәрәзм уәлаятының нәкімі қоңырат Нағадайоғлы Аққұсайын» туралы да мәлімет бар. Онда Қ. с. әкесі Нағанай сияқты ел билеген беделді тұлға, шамына тисе хорезм әскерін жиып, сол кезде дағдарысқа малтыққан Сарай уәлаятының (Алтын Орданың орт. ұлысы) өзіне де жорыққа аттанып, Тайдулы бегім таққа отырғызған Базаршы ханды орнынан тайдыра алатын құдіретті қолбасшы ретінде сипатталады. Қоңырат ұлысы әбден нығайып күшейген кезеңде, соған дейін Шағатай ұлысының иелігінде болып келген Қият пен Хиуаны 1367 ж. өз қарамағына қосып алады. Алайда Шағатай иеліктерін билеуге тек өзінің ғана құқысы бар деп есептейтін Әмір Темір (Ақсақ Темір) сайыпқыранға бұл ұнай қоймайды. Қалаларды қайтарып беруді талап етеді. Қ. с. оған көнбегесін, Темір оған қарсы соғыс жариялап, 1372 ж. Үргенішті қоршайды. Сол қорғаныс шайқасы кезінде Қ. с. қаза табады. Оның орнына билікке келген інісі Жүсіпсопы, Әмір Темірмен келіссөзге шығып, Қият пен Хиуадан бас тартады. Сонымен бірге Ақсопының Шекербикеден туған қызы Сүйінбике (Өзбек ханның жиені) Темірдің баласы Жаһангерге ұзатылады. Әмір Темірдің төңірегіндегі жылнамашылар Сүйінбикенің есімін көбіне Ханзада деп жазады. Әмір Темір

туған құдасы болса да Жүсіпсопының Хорезм ұлысын басқаруына одан әрі көп ерік бере қоймайды. Қ. с. негізін қалған мемлекет тағы біраз мезгіл дербес өмір сүргенімен, Жошы ұлысын қайта қалпына келтіргісі келген Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір арасындағы кикілжің тартыстардың өтінде қалған аймақтың мазасы жылдан жылға кете бастайды. Ақыры Нағанай ұрпақтарының Темірге қарсылығының соңы – Әмір Темірдің 1388 ж. Үргенішке жойқын шабуыл жасап, Қоңырат әулеті мемлекетін жойып жіберуімен тәмамдалады. Темір Үргеніш жұртын өз астанасы Самарқанға көшіріп, шәһардың орнын тып-типыл тегістеп, орнына арпа егуге пәрмен береді. Ұлыс түгелімен Темір империясының құрамына қарайды. Нағанай бек пен Қ. с. ұрпақтары тек 1763 ж. ғана Хорезм өңірін басқаруға қайта оралып, 1920 жылға дейін ғұмыр кешкен Хиуа хандығын үзбей биледі. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде қойылған құлпытастардың бірінде: «қоңырат Құсайын әмірдің жұрағаты әмір Мансұр мырза Шуджа әд-дин», - деген жазу бар. Зерттеушілердің бағамдауынша, осы Мансұр мырза Қ. с-дан тараған ұрпақ.

Әдеб.: Тревер К.В., Якубовский А.Ю., Воронец М.Э. История народов Узбекистана. Т.1. С древнейших времен до начала XVI века. – Ташкент: изд. АН УзССР, 1950, – 474 с.; Веселовский Н. И. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. СПб., 1877. – 366 с.; Бартольд В.В. Сочинения. Т.3. Работы по исторической географии. М.: «Наука», 1965. – 712 с.; Вайнберг Б.И. К истории Кунградских Суфи. С.104-114 // Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1957 г. М., 1960. – 208 с.; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: «Наука». 1969. – 651 с.; Йазди, Шараф ад-Дин

Али. Зафар-наме. Книга побед Амира Темура. Ташкент: Изд. «San'at», 2008. – 486 с.; Григорьев А. П., Григорьев В. П. Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции. Источниковедческое исследование. СПб.: Издательство «СПбГУ», 2002 г. – 276 с.; Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1 т. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 400 б.; Фасих Хавафи. Муджмал-и Фасихи (Фасихов свод). – Ташкент : «Фан», 1980. – 346 с. Зайцев. К истории золотоордынских кунгратов в Хорезме и в Крыму: эмир Нангутай. С. 238-255 // Тюркологический сборник. 2013-2014. –М.: «Наука». Вост. лит –ра. 2016. Бейсенбайұлы Ж. Нағанай бек және оның заманы. 137-147 б. // «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары. Респ. ғыл.-тәжір. конф. мат. жинағы. – Түркістан: «Тұран», 2016. – 196 б.

Ж.Бейсенбайұлы

ҚҰСШЫ АТА – Қожа Ахмет Ясауидің тәлімін алған шәкірттерінің бірі. Құс баптаумен айналысқан. Құс баптау ерте кезеңнен айналысып келе жатқан кәсіп екені белгілі. Қ. а. ұстазының ілімін таратып, сонымен бірге құсбегілік өнермен айналысып, құс салған. «Қ. а.» деген есімі не лақабы бар тұлға міндетті түрде «құстардың иесі» не «құсбегілердің пірі» болуы тиіс деген тұжырым бар. Қ. а. тұлғаларымен байланысты Қазақстанда тарихи орындар бірнешеу. Үстірттегі екі Қ. а-мен сабақтасып жатқандығы анық. Бұл туралы ғалым Серікбол Қондыбай өз зерттеуінде жан-жақты зерделеген. 14 ғ-дың бірінші жартысында «Қ. а.» есімін иеленген суфийлік машайықтар тобы (басқа топтармен бірге) Оңт. Қазақстаннан Маңғыстауға келген, өздерімен бірге «Қ. а.» есімін де ала келгені туралы тұжырым айтады. Әзірет Сұлтан бабаның шәкірті болған Қ. а. ілімді таратумен қатар, құс баптаумен айналысады. Құстардан тек қаршыға ұстаған деседі. Ахмет Ясауи дүниеден өтер кезінде шәкіртіне

Түркістанның шығысындағы жеті бұлақ аққан тамаша жерді мекен етіп, ілімін таратуды, кәсібін жалғастыруды аманат еткен екен. Ел Әзірет Сұлтанның шәкіртін құрметтеп «Қ. а.» деп атады. Шын аты – Ахмет деседі. Құс салумен елді асыраған. Дүниеден өткен соң, ел оны әулие тұтып қадірлеген. Қазіргі кезеңде осы мекенді, бұлақты ел «Қ. а.» деп атайды. Түркістаннан 12 шақырым жерде, Кентауға қарай, жол бойында Қ. а. бейіті орналасқан. Әзірет Сұлтанға зиярат етіп, зиярат жолын 12 шақырым жердегі Қ. а-ға барумен жалғастырған. Бұл жерге де Қазақстанның түкпір-түкпірінен зиярат жасаушылар лек-легімен келеді.

Әдеб.: Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, эпсана, хикаялар. – А., 2009; Ясауи тағылымы. – Түркістан, 1996; Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 12-ші. том. – А., 2008.

Д.Мұстапаева

ҚЫЗ ӘУЛИЕ – киелі орын. Түркістан обл. Шардара қ-ның солт-ндегі Мелдеби мөлтекауданындағы «Мүлкіл ата қорымның» оңт.-батысындағы Жаушықұмтөбе баурайында 4x3 м-лік. темір шарбақты қоршау орналасқан бар. Қоршау ішінде диаметрі 2,5 м-лік. жұмыртқа үлгісіндегі ортасы ойыстау қабір бар. Осы қабірді жергілікті халық «Қыз әулие» моласы деп атайды. Қоршаудың айналасы ашық, әрі жазық. Мола үстіне түйежантақ өскен. Басына жазу жазылмаған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ҚЫЗЫЛ ЖЫРАУ / Мырзабек Байжанұлы (1870, Түркістан обл. Отырар ауд. – 1945, сонда) – ақын, жырау. Ташкент, Шымкент, Бұхара, Ақтөбе, Қызыл-

орда қ-ларында болып, Мәделі, Молда Мұса, Майлықожа, Нұралы, Нартай, т.б. ақын, жыраулармен кездескен, біразымен өнер жарысына түскен. Шығыстың аңыз-хикаяларын жатқа білген. Ауылдағы бай-манаптардың әділетсіздігін бетіне басып, ұятты жырымен әжуалаған (Батан байға, Әкімгереймен айтыс, т.б.). Қ. жылдың «Насихат жыр», «Әмзе қисса», «Аудан басшыларына хат», «Құмырсқа мен шегіртке», Е»шік сауда», т.б. шығармалары ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасы мен М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының қолжазба қорында сақтаулы.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ҚЫЗЫЛҚОРҒАН – ортағасырлық бекініс орындары. Түркістан обл. Созақ ауд. Шу өз-нің төм. ағысында орналасқан. 1948 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетекшісі Бернштам) зерттеген. Бернштамның пікірінше, Қ. бекініс орны 19 ғ-да керуен сарай қызметін атқарған. Шу арқылы Сарысу бойымен Орт. Қазақстанға апаратын сауда жолында маңызды байланыс бекеттері болған тәрізді. Қ. ауданы 32x32 м, биікт. 2 м төрт бұрышты төбе. Оны айналдыра қазылған ордың ені 4 м, тереңд. 0,5 м. Сыртынан айналдыра қоршаған ордың ені 3-6 м, тереңд. 1 м шамасында.

Әдеб.: Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Ал.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ҚЫЗЫЛҚҰМ – шөл дала. Сырдария өз-нің батысында, Қызылорда және Оңт. Қазақстан обл-тарында орналасқан. Қызыл және құм сөздерінен тұратын екі компонентті топоним. Мұнда топонимнің қызыл сыңары әрдайым құмның түсін бере бермейтінін ескеру қажет. Қ-ның кейбір жерлеріндегі құмның түсі қызыл емес, тіптен қызғылт та емес. Сондықтан Қ. атауы алғашында жекелеген қызғылт құмды массивтерге берілген де, кейіннен ортаазиялық шөл жердің тұтас атауы ретінде қалыптасқан. Қазақ тілінде «қызыл» сөзіне көп мағыналылық тән, ол тек түске қатысты қолданылмайды. Мыс., қызыл су, қызыл тер, қызыл тіл, қызыл шаян, қызыл шұнақ аяз, т.б. Айта кету керек, қазақтар «қызыл» деп жеткілікті жел күшімен тазартылған, ағаш күрекпен қырманға желпілген дәнді-дақылды да атайды. Қ-да құмды желпудің табиғи процесі жүреді. Бұған қарағанда Қ. «желпуден өткен құмдар» дегенді білдіреді. Қ-ның үйілген төбелері жиналған астыққа ұқсас болады. Сарапшылардың анықтамасына сүйенсек, «Қызылқұм солтүстік-шығысқа созылған айтарлықтай бөлшектерге бөлінуімен (40 м дейін) сипатталады және оның басым бөлігін қырқалы-ұялы, қырқалы құм төбелер мен қырқалы шағыл құмдар алып жатыр». Қ. шөлі атауы 1803 ж. шыққан журналда, содан кейін 1809 ж. ресейлік офицер Я.П.Гавердовскийдің «Қырғыз-қайсақ халқы мен еліне шолу» атты қолжазбасында кездеседі. Автор геогр. атауды «красные пески» деп аударды. Шолуда: «Чжан деп аталатын Сыр өз-н немесе өзен сағасын кесіп өтіп, ені 240 мильді құрайтын Қызыл құмның сусыз құмдарына енеді. ... құмдар мен жоталар өте жоғары және борпылдақ, сондықтан табиғат олардың арасында

шатқалдың қандай да бір түрін жасамаған болса, олардан өту мүмкін болмайтын еді, ол шатқалдар тегіс әрі ирең, Сыр өз. арқылы жүретін керуендер сол жерлерден үнемі өтеді», - деген мәлімет орын алады. А.И.Левшиннің 1832 жылғы «Қырғыз-казак, қырғыз-қайсақ, ордалары мен далалары сипаттамасы» атты еңбегінде атау «Қызылқұмның аумақты құмдары» деп кездеседі.

Әдеб.: Аубекеров Б.Ж., Нигматова С.А., Кузнецова Л.Л. Геоморфологическое строение и природные ландшафты Казахстана // Историко-культурный атлас казахского народа. – А., 2011; Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века/ История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – А.: «Ғылым», 1982; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – А.: «Санат», 1996; Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. – А.: «Дайк-Пресс». 2005; Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М.: «Мысль», 1974.

М.Қожа

ҚЫЗЫЛТӨБЕ – ортағасырлық қалашық орындары. Төле би ауд. Ынтымақ а-ның маңындағы Доңғызтау өз-нің оң жағалауында орналасқан. 1957 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетекшісі А.Г.Максимова), 1979 ж. Шымкент пед. ин-тының археол. экспедициясы (жетекшісі А.Н.Подушкин) зерттеген. Қалашықтың қазіргі орны екі бөлек төбешік. Біріншісі – қамал. Ол табаны 100х90 м, үстіңгі бөлігі 50х40 м, биікт. 9 м тік бұрышты төбешік. Оған солт. жағынан жалғасып жатқан екінші төбешіктің табаны 130х80 м, үстіңгі жағы 70х50 м, биікт. 5-6 м болып келген. Ескерткіштің едәуір бөлігі автомобиль жолы мен өзге де құрылыстар салу кезінде бұзылған. Қазба жүргізу барысында табылған матери-

алдарға қарағанда халық Қ-ні 5-8 ғ-ларда мекендегені аңғарылады.

Әдеб.: Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998; Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / бас редактор Б.Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2005; Қызылқұм ауылдық округі төлқұжаты. 2018ж.

Ш.Құрманбаева

ҚЫЗЫР ПАЙҒАМБАР МЕШІТІНІҢ МҰНАРАСЫ – 19 ғ. сәулет өнер ескерткіші. Түркістан. обл. Сайрам ауд. Сайрам қалажұрты орт-ның оңт.-шығыс бөлігінде орналасқан. Ол бізге жетпеген мешіт кешені құрамының бір элементі болған. Қазір оның айналасында құрылыс жоқ, ашық арақидік тал өскен алаңда тұр. Мұнара күйдірген кірпіш пен саз балшықты пайдалана қаланған. Оның ішінде айналмалы баспалдақтар бар. Мұнараның үстіңгі бөлігі 20 ғ-дың 20-ж. болған жер сілкіну кезінде құлаған. Алғашқы биікт. 10,5 м болған, іргесінің қалыңдығы 2,9 м. Қазіргі кезде оның жоғ. бөлігі қалпына келтірілген. Мұнараның жоғары жағы өрнектеліп қаланған кірпіштерден және жан-жаққа қаратылып салынған аркалы ойықтардан тұрады. Жоғары шығатын айналмалы баспалдақ ағаш тіреулер мен ортасындағы кірпіш тіректерге бекітілген. Мұнара бойы белдемшелермен сәнделген. 19 ғ-дың 80-ж. Сайрамда болған шығыстанушы Н.И.Веселовский мұнара белдемшелерінде парсы тілінде жазу болғанын жазады.

Әдеб.: Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. – Таш., 1928. – С. 23-42; Досжанов Д. Құм жұтқан қала-

лар. – А., 1967; Қожа М. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009.

М.Қожа

ҚЫРЫҚҚЫЗ – тас мүсіндер, көне тарихи-табиғи ескерткіш. Түркістан обл. Қазығұрт және Төле би ауд-дарының аум-нда табиғаттың өзі жаратқан киелі ескерткіштер үшеу. Қ. табиғаты ерекше Өгем асуында, төбеде, тау қойнауында, жол бойына жақын жерге орналасқан. Екіншісі, Тұрбат асуының солт.-шығысындағы Аққұм өз-нің бастау алар жерінде, ал үшіншісі жоғ. Қасқасу а-ның тауға көтерілер шатқалында орналасқан. Алыстан қараған адамға қазақтың етек-жеңі кең бүрмелі көйлек киген бойжеткендерін көз алдыға елестетеді. Аңызға құлақ түрсек: «Ертеде бір байдың қызына құда түскен жігіт жағы бір топ жолдастарын ертіп тойға дейін қалыңдығын көріп кетуге келе жатады. Қыздар жағы күйеу баланың келе жатқанын естіген соң құрметпен қарсы алу үшін алдарынан қырық қызды аттандырады. Екі жақ бір-біріне жақындап қалған



Қырыққыз тас мүсіндері

сәтте тұтқиылдан жау тап болады. Көп жауға тойтарыс бере алмайтындығын, ар-намысының тапталғанын қаламаған періште-қыздар Алладан тасқа айналдыруын сұрайды. Сол заматта Жаратқан ием қыздардың тілегін қабыл алып, сай ішінде топ-топ боп келе жатқан қыздарды және сай етегінде жақындап қалған күйеу баланы жолдастарымен бірге тасқа айналдырады», - дейді. Қаншама ғасырлар өткенін кім білген, әлі күнге табиғат дүлейіне төтеп берген тас мүсіндер, сол бір қасиетті күннің белгісіндей осы күндерге жеткені анық. «Қ.» оқиғасы қарақалпақ фальклоры И.Т.Сағитовтың «Қ.» туралы зерттеуіндегі уақиғалармен астасып жатыр.

Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік. 5-кітап. 26-том. – А., 2012; Т. Айнабекұлы. Қырық қыз. – А., 1998.

М.Миразов

ҚЫСТАУБАЕВ Төрегелді Асқарұлы (14.3.1948 ж.т., Мақтаарал ауд.) – Қазақ КСР-нің еңб. сің. артисі (1991 ж.), Қазақстан Республикасы Халық артисі (1998), Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері (2000). Алматы театр ин-тын, С.М.Киров атынд. Қазақ мемл. ун-тін және Москва Жоғ. реж. курсы бітірген. 1968-99 ж. Қ.Жандарбеков атынд. қазақ муз. драма театрында актер, реж., 1999-2001 ж. Қ.Қуанышбаев атынд. муз. драма театрында, 2001-02 ж. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нде қызмет атқарды. Жетісай драма театрының өркендеп, дамуына өз үлесін қосты. Бірнеше қойылымдарда басты рөлдерді сомдаумен қатар реж. де болды. Әсіресе, театрдың қалыптасып, дамуына М.Әуезовтің шығармаларын қою ерекше ықпал етті. «Еңлік – Кебек», «Айман – Шолпан»,

«Қаракөз» бірнеше мәрте қайталанып қойылды. 1997 ж. өткен Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған фестивальда жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесі негізінде қойылған (сахналық жүйесін түсірген Б.Рахимова) спектакль (реж. Қ.) 3-дәрежелі сыйлыққа ие болды. Бұдан өзге де театрда Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді», Қ.Байсейітов пен Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай» мен «Ақсақал аң-таң», Т.Ахтановтың «Махаббат мұңы», З.Ақышевтың «Жаяу Мұса», С.Адамбековтің «Аюбайдың ажалы», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», т.б. қойылымдарды қоюға өз үлесін қосты.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 224.; Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999; Мақта ордасы – Мақтарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ).– А.: «Тұран», 2003.

Ж.Өмірбекова

ҚЫСТАУБАЙ ЖИЕНӘЛІҰЛЫ (1814 – 1845 ж.ш.) – батыр. Шыққан тегі Кіші жүздегі шөмекей тайпасының құлан руынан. Сыр өңірі қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне қарсы күресіне, 19 ғ-дың 40-ж. Кенесары Қасымовтың Созақ жорығына Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас батырлармен бірге қатысқан. Қ-дың ерлігі туралы Балқы Базар, Т.Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, т.б. ақын-жыраулар көп жырлаған. Мәйіті Қызылорда обл. Сырдария ауд. Көктөбе деген жерге қойылған.

Әдеб.: Айбын. Энциклопедия. /Бас ред. Б.Ө. Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

Ш.Құрманбаева

ЛЕВИНА (Булатова) Вера Андреевна (1915-2014, Ташкент қ.) – тарих ғыл. канд., археолог, Орта Азия тарихы мен археологиясы, сәулет өнері бойынша көптеген жарияланымдардың авторы. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін 20 ғ-дың 50-ж. зерттеген археологтардың бірі. Л. 1955ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің цитадель аум-нда археол. қазба жұмыстарын жүргізді. Батыс беттен тахаратхана орнын қазып тапты. Осы тұстан 5,5 м. (10-11 қабат) 13-14 ғ-ға тән мәдени қабаттың керамикасы табылды. Л. зерттеу жұмыстарының нәтижесінде цитадельді айнала қоршаған қорғанның Қоқан кезінде салынғанын айғақтады. Л.Самарқандта археол. қазба жұмыстарын жүргізді. Ол Орта Азия тарихы мен археологиясына арналған көптеген кітаптар мен мақалалар авторы.

 Әдеб.: Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. – Туркестан, 1998.; Памятники зодчества Ташкента XIV-XIX вв. [Текст]: 2000-летию Ташкента посвящается / В. А. Булатова, Л. Ю. Маньковская. – Таш.: «Изд-во лит. и искусства», 1983.

Д. Мұстапаева

ЛЕВИНА Лариса Михайловна (1932 ж.т.) – археолог-ғалым, тарих ғыл. докт. 1959-63 ж. Шардара экспедициясына қатысып, Сырдың орта ағысындағы Ақтөбе 2 қонысын қазды. кі қазба кезеңінде археол. қазба жұмыстарын жүргізіп зерттеулерін жариялады. Ақтөбе 2 қонысын қазу барысында б.д. 1-мың жылдығында бұл аумақта көп салалалы шаруашылық,

еңбек бөлінісі болып, дамығанын тұжырымдады. Нәтижесінде 1968 ж. ұжымдық монография жарияланды. 1966 ж. Отырар өңірінің солт. бөлігінде Хорезм археол.-этнограф. экспедициясының Б.И.Вайнберг пен Б.В.Андрианов басшылық еткен бір отряды барлау-зерттеу жұмыстарын жүргізді.



Етабылған материалдарды Л. зерттеп-талдап, Сырдарияның басқа да алқаптарының керамикасымен салыстырып жариялады. Б.з. 1-мың жылдықтағы Сырдарияның төм. және орта ағысының керамикасы, Мәслихаттөбе, Ақтөбе (отырарлық), Шошақтөбе, Сумағартөбе ескерткіштері, олардың бетінен табылған керамика сипатталды. Л.Сырдарияның төм. және орта ағысындағы табылған материалдар негізінде 1967 ж. «Керамика нижней и средней Сыр-Дарьи в первом тысячелетии нашей эры» тақырыбында канд. диссертация қорғады. Л. кангюй –

қаратау мәдениеті (А.Н.Бернштам) деп аталған археол. мәдениеттің атын біршама өзгертіп, Отырар – Қаратау мәдениеті деп атауды ұсынды. Отырар – Қаратау мәдениетінің таралған аум. туралы және бұрынғы зерттеушілердің керамика жүйелеуіне өзіндік көзқарас білдірді, керамиканың жаңаша хронологиясын ұсынды. Л. пікірінше, Отырар – Қаратау мәдениетінің ескерткіштері хронол. тұрғыдан б.з. бірінші ғасырларынан ары тереңге бармайды. Зерттеуші Отырар – Қаратау мәдениетіне тән керамика белгілерін анықтап көрсетті. Отырар-Қаратау мәдениеті терминін алғаш рет қолданды. Керамикаларды зерттеу негізінде мәдениеттер хронологиясын ұсынды. Л. б.з. 1-мыңжылдықтағы Сырдарияның төм. және орта ағысының керамикаларын зерттеу жұмыстарының маңызы зор болды. Керамикаларды саралай отырып оларға жан-жақты жүйелеу жасады. Зерттеулері Хорезм археол.-этнограф. экспедициясының еңбектері жинағында жарияланды. 1996 ж. докт. диссертация қорғады. Монографиялар, көптеген ғыл. жарияланымдар авторы.

Әдеб.: Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). – А.-А., 1968; Левина Л. М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в 1 тысячелетии н.э. – М., 1971; Левина Л. М. Этнокультурная история восточного Приаралья. – М., 1996; Миливанд С.Д. Востоковеды России. XX-начало XXI века: биобиблиографический

словарь. В 2 кн. / Отв. ред. В. М. Алпатов. М.: «Восточная литература», 2008.

Д. Мұстапаева

МАЙЛЫҚОЖА Сұлтанқожаұлы (1835, қазіргі Отырар ауданы Қожатоғай ауылы – 1898, Бөген ауданы Бадам ауылы) – халық ақыны. Сыр бойы ақындар мектебінің көрнекті өкілі. Ауыл молдасынан сауат ашып, ескіше хат таныған М. өлеңдерін ауызша да, жазбаша да шығарған. М.ның сан қырлы әдеби мұрасын жанры мен мазмұнына қарай бес тақырыпқа бөлуге болады: ғибрат, нақылдар («Ер көтерер дұғамен», «Жолдас болсаң жақсымен», «Жақсы адам қартайса»), арнау өлеңдер («Ахмет төреге», «Тұрлыбекке», т.б.), дастан, мысалдар («Қасқыр», «Тотынама», «Аңқау мен қу», т.б.), айтыстар (Құлыншақ, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Күдеріқожа, Сүйінбай, Ұлбике, т.б. ақындармен), тарихи жырлар («Датқалардың Петірборға баруы» т.б.). Ақынның бір топ өлеңі алғаш рет Түркістан мұғалімдер семинариясының оқытушысы Я.Я.Лютштің құрастыруымен Ташкентте басылып шыққан «Қырғыз хрестоматиясы» кітабына енген. Майлықожа ауыз әдебиетін жақсы білген. Ол фольклоршы Ә.Диваевқа мол әдеби материал берген. Біраз өлеңдері «Үш ғасыр жырлайды» (1964), «Бес ғасыр жырлайды» (1964), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991) кітаптарында және «Нақыл» (1972) атты жеке кітабында жарияланды. «Айтыс» атты 2 томдық кітапқа (1988) айтыстары ен-

ген. Майлықожа танушы Ә.Оспанұлының жинақтауымен толық шығармалар жинағы жарық көрген. Қазіргі кезде ақынның шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихында лайықты бағасын алды. М. шығармашылық мұрасының танымдық, тәлімдік қырларының бірі – жырларының тарихилығы. М. Қазақстанның оңтүстігіндегі қоқан және орыс отаршыларының озбырлығына қарсы күрес тақырыбына арналған «Шалқып жатқан елім-ай», «Қабіріңе айтар зарым бар», «Қонысты орыс алғаны», «Заманың кәріп боп кетті», «Қараның өтті хандары», «Датқалардың Петірборға баруы» т.б. өлеңдері белгілі бір кезең мен қоғамдық ортаның баянын жырлаған тарихи жырлар. Осы кезеңге қатысты жырлары өлкедегі ұлт-азаттық қозғалыстың әдеби деректері қатарын толықтырады. М. шығармашылығы оңтүстік өңірдің 19 ғ-дың екінші жартысындағы саяси-әлеум. тарихының әдеби деректері және халықтың көркем мәдени мұрасы ретінде қабылданады. Дәстүрлі тарихи танымға сай сомдалған оқиғалардың халық жадынан берік орын алуында ақын шығармаларының құндылығы аса жоғары. М. нағашысы Мәделіқожаның ақындық дәстүрін жалғастырып, оңт. өңірдегі халықтық поэзияны түрлік және мазмұндық жағынан байытып, жаңа көркемдік деңгейге көтерді.

Шымкент, Түркістан, Арыс қалалары мен бірнеше ауданда М. есімі көшелерге берілген.

Әдеб.; Ә. Оспанұлы. Қаратау шайырлары. – А., 1991; Ә. Оспанұлы. Қаратау атырабының ақылдары. – А., 1983. – 86 б.; Майлықожа. Шығармалар. Жинап, зерттеп, жариялай жүріп құрастырған әдебиетші Ә.Оспанұлы. – А, 2005. – 864 б.


Х.М. Тұрсұн

МАЙЛЫҚОЖА АРЫҒЫ – 19 ғ-дың екінші жартысына тән тарихи арық. Қожатоғай а. қасындағы Қызылжарда орналасқан. Арықтың ұз. – 7-8 км. Арық Қызылжарды жағалап Саяқ тоғайына жеткен. Бұл арық туралы ғыл. әдебиетте алғаш жазған Ә.Оспанұлы мен Ә.Шілтерханов. Ә.Оспанұлының монографиясына сүйенсек, 19 ғ-дың екінші жартысында өмір сүрген көрнекті қазақ ақыны Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-98) арық қаздыртқан: «Сырдария өз-нің ернеуін жырып, алдын тоғандап тосқауыл жасап, арнайы арық тартылған».

Әдеб.: Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – А., 1991. – 40-б.; Шілтерханов Ә. Исабек те ер еді // Шығармалары. II т. – А., 2001. – 98-б.; Айтаханов К., Жұмашев А. Отырар жәдігерлері. – А., 2004. – 67-69, 107-б.

М.Қожа

МАЙЛЫҚОЖА ҮЙІНІҢ ОРНЫ – 19 ғ-дың 2-жартысына жататын тарихи орын. Түркістан обл. Арыс ауд. Қожатоғай а-ның оңт-ндегі Қызылжар атты жерде, арықтың бойында орналасқан. Ә.Шілтерханов келтірген мәліметтер бойынша, Майлықожа ақын өзінің палуан інісі Есеханды шақырып: «Күннің судай, жылдың желдей өте шығарын аңғармаған екенмін. Ен даланы атпен жортып, еркін аралайтын күнім өтіп барады. Кәрілікті де дайындықпен күтіп алмаса болмас, мынау Жарсуаттан маған там салдырт. Сол жерден арық алып, анау өзіміздің тоғайды суландырайық», - депті. 1984 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының археологі К.М. Байпақовтың басшылығымен М-ның мекенжайына археол-топограф. зерттеулер жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында тұрғын үй өлшемі 12,7 x 4,25 м екені, оның қам кесектен соғылғаны анықталды.



Майлықожа кесенесі

Әдеб.: Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – А., 1991. 406.; Шілтерханов Ә. Исабек те ер еді // Шығармалары. II т. – А., 2001. 98-б.; Айтаханов К., Жұмашев А. Отырар жәдігерлері. – А., 2004. 67-69, 107-66.

М.Қожа

МАКСИМОВА Анна Георгиевна (1923, Ресей, Кемеров обл. Новокузнецк қ. – 11.11.2002, Алматы қ.) – археолог, тарих ғыл. канд. М.Ломоносов атынд. Мәскеу мемл. ун-ті тарих ф-тінің археология бөлімін (1946) тәмамдаған. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография ин-тына жұмысқа шақырылды. 1946 жылдан палеолит бөлімінің меңгерушісі болды. 1960 ж. М.Ломоносов атынд. Мәскеу мемл. ун-тінде «Шығыс Қазақстан қола дәуірінде» атты диссертация қорғады. Аталған аймақ үшін қола дәуірі тайпалары тарихының кезеңденуін және ескерткіштерінің хронол. жүйесін жасады. «Қазақстанның археол. картасы» атты

моногр. зерттеудің телавторы, «Қазақ КСР тарихы» атты кітаптың 1 томның негізгі авторларының бірі.



Көптеген археол.экспедицияларға қатысты. 1957-59 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясының топ басшысы, 1960-61 ж. Шардара археол. экспедициясының басшысы, 1971-72 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының топ басшысы. Түркістан обл-ндағы көптеген археол. нысандарды зерттеп олар туралы құнды еңбектер қалдырды.

Шығ.: Археологическая карта Казахстана. – А.-А., 1960; Древности Чардары. – А.-А., 1968; Курумы хребта Каратау // Археологические исследования в Казахстане. – А.-А., 1973; Гробницы типа науса у с. Чага (Шага) // в глубь веков. – А.-А., 1974.

Әдеб.: Рогожинский А.Е. Петроглифы археологического ландшафта Тамгалы. – А., 2011; Рогожинский А.Е. Труженица археологии // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. – А., 2017. – С.146-148.

Г. Байсариева

МАЛЛИЦКИЙ НИКОЛАЙ ГУРЬЕВИЧ (18.9.1873, Орынбор губерниясы, Дедово с. – 30.10.1947) – кеңестік ғалым-географ. 1917 жылға дейін Ташкент қ-ның

басшысы болды. Санкт-Петербург пед. ин-тының тарих-филология ф-тін (1895) бітіріп, Ташкент қ-на қызметке барады. Ерлер семинариясында 1898 ж. тарих және география мұғалімі болып жұмыс істейді, кейін ерлер гимназиясына ауысады. Осы тұста ғыл.-зертт.лермен белсенді айналысады. Ташкент қ-на келген соң өзбек және араб, тәжік тілдерін үйренеді. М. өмірінің маңызды жақтарының бірі – Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің жұмысына белсене қатысуы болды. 1901-06 ж. «Туркестанские ведомости» газетінің бас редакторы болып жұмыс істейді.



Қазан төңкерісіне дейінгі Оңт. Қазақстанның сәулет ескерткіштерін зерттеуге 20 ғ-дың бірінші он жылдығында Түркістан археология әуесқойларының үйірмесімен, (ТКЛА) Түркістан өлкесінде жұмыс істеген архитектор, инженерлермен бірге зерттеп, жұмыс жүргізді. М. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы үлкен тарихи-архит. тұрғыдан қарастырып, оған тарихи-архит. талдау берген. 1907 ж. «Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Яссавийского в гор. Туркестане» деген мақала жариялады. Оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы мақ.

жергілікті жердегі сәулет туындыларын зерттеуде, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі зерттеу ретінде маңызы болды. Өз жұмысында тарихилық принципін негіздеуге, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің әлемдік сәулет өнеріндегі аналогтарын табуға тырысты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін Әлемдік деңгейдегі кесенелер қатарына қойды. М. Геогр. қоғамның 1897 жылдан мүшесі болып, бірқатар қызметтерде болды. 1899-1902 ж. ғалым-хатшы, 1902-06 ж. басқарма мүшесі, 1906-18 ж. төраға орынбасары, 1918 ж. төрағасы болды. М. Қазан төңкерісінен кейін ұстаздық қызметіне қайта оралады. Алғашында мектепте, кейін 1918 ж. ун-те, 1920 ж. шығыстанудың Жоғ. әскери мектебінде дәріс берді. 1926 ж. проф. атағын алды. 1919-31 ж тұтқындалып, 3 жыл айдауда өмір сүрді. М. Ташкент қ-нда география, этнография, тарих бойынша лекциялар оқып, жерлердің физик.-геогр. сипаттамасын жасады. 1945ж. ғыл. докт. дәрежесін алды.

Әдеб.: Маллицкий С.Г. Историко-архитектурное значение мечети Хазрета Яссавийского в гор. Туркестане//ПТКЛА. – Вып. XII – 1907; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология Туркестана. – Туркестан, 1998; Маллицкий Николай Гурьевич // <https://mytashkent.uz/2007/07/31/mallitskiy-nikolay-gurevich/>.

Д. Мұстапаева

МАНАТ ҚЫЗ / МАНАТ БЕКБЕРГЕНҚЫЗЫ (1858, Бәйдібек ауд. – 1890 ж. ш., сонда) – ақын, әнші. Он төрт жасынан бастап ақындығымен танылып, айтысқа түседі. М. қ-дың ақындық қабілетінің ұшталуына Жылқыбай деген немере ағасының ықпалы зор болған. Ол он жеті жасында Мұсабек ақынмен айтысып, көркем, бейнелі сөз саптауымен ерекшеленіп, айтыстың

озық үлгісін көрсеткен. М. қ. Күдері қожа, Бұдабай ақындармен де айтысқан, сөйтіп, суырып салмалығымен елге танылған. Мұсабек пен М. қ. екі рет хат арқылы айтысады. Мұсабектің үшінші хатына М. қ. жауап бермейді. Айтыс жиын-тойда бетпе-бет кездесуде жалғасын табады. «Айтыс» (1965 ж.) жинағында М. қ. бен Мұсабектің айтысынан үзінді, Молда Мұсаның (Мұсабектің) «Өткен күндер» (1987 ж.) өлеңдер жинағында толық нұсқасы жарияланды. М. қ. «Күләнда-ай», «Қаршыға», «Өтеді-ай жалған» секілді т.б. халық әндерін шебер орындауымен де елдің ризашылығына бөленген.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 369; Қалаубай Б. Түрленген өлке Бәйдібек (Танымдық-анықтамалық жинақ). – А.: «Нұрлы әлем», 2018. – Б. 126; Байзақұлы (Молда Мұса) М. Өткен күндер: өлеңдер, мысалдар, айтыстар. Құраст.: Тоққожаев Ә., Оспанұлы Ә. – А.: «Жазушы», 1987. – 128 б.

М.Ахметова

МАНКЕНТ – Түркістан обл-ндағы көне елді мекендердің бірі. Тарихи деректерде Мангент, Менкет, Ман-Кинд, Манкес атауларымен белгіленген. Қазіргі аттас елді мекенге жақын Ақсу өз-нің сол жағалауындағы археол. нысан – Төрткүлтөбе



Манкент қалажұрты

орнында болған. Алғаш рет 13 ғ-дағы Якуттың геогр. сөздігінде кездеседі. 1691 ж. жоңғар елшілерінің орыстарға берген жауаптарында қазақ қалалары тізімінде кездеседі. 1758–59 ж. қытай елшілерінің қазақ ханы Әбілмәмбетке тәуелді елді мекендер қатарында аталады. Мәшһүр Жүсіп жазып алған аңыздарда Абылай ханға бағынышты елді мекен болғаны айтылады. Елді мекен ретінде қожалардың шежіресі – «Насабнама» қолжазбаларында аталады.

Әдеб.: Абылай хан. Тарихи жырлар. 1 т. – Алматы, 1993; Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ин-та истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – А.-А., 1960. – С. 72–92; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А., -Берн-Таш.-Блумингтон, 2008; Кожя М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII - XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А., 2014. – С. 621-642; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3 том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. – А., 2006.

М.Қожа

МАНСҰР АТА КЕСЕНЕСІ (18 ғ.) – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші. Түркістан обл. Төлеби ауд. Бірінші мамыр а. әкімш-не қарасты Шахмансұр мешіті қасындағы ескі мазаратта орналасқан. Мазарат іргесінде археол. нысан Жарғарлық қалажұрты орналасқан. Құрылыс күйдірген өлшемдері 21,5-22,5 x 21,5-22,5x3-3,5 см, 22x11,5 x3-3,5 см кірпіштерден тұрғызылған. Біркамралы порталды ғимарат. Жоспарда төртбұрышты болып келген. Ауданы 5,3x4,35 м. Ішкі көл. 3,10x3,15x3,20x3,15 м. Жоспарда шаршы болып келген бөлме желкендер арқылы



Мансұр Ата кесенесі

сфераконустық үлгідегі күмбезге ұласады. П-үлгісіндегі порталды қасбетінің биікт. 5,3 м, ол сол-ке қарай бағытталған. Кесененің күмбездің ұшына дейінгі биікт. 6 м шамасында. Төртбұрышты бөлмеден іргесі дөңгелене келген күмбезге өту шеберлікпен жасалған. Ел аузында сақталған аңыз бойынша бұл кесенені Мансұр ата ұрпағы Мірқұрбан шайқы тұрғызыпты. Кесененің сәулеткерлік ерекшеліктеріне қарап оны 18-19 ғ. туындысы деуге болады. Мансұр ата туралы аңыз сақталған. Шамамен 13 ғ. жазылған Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-нама» атты шығармасында Сайрамда Мансұр Хумар хан билеушінің болғаны, оның 43 жыл патша болғаны, оның ұлы Чагри теганның Сайрамда 33 жыл билік құрғаны айталады.

Әдеб.: Қожа М.Б. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009. Қожа М.Б. Мавзолей Мансур-ата – малоизвестный памятник архитектуры Южного Казахстана. // Труды Центрального музея. Т.2. – А., 2009. – С. 184-188.

М.Қожа

МАНЬКОВСКАЯ Лия Юльевна (1932, Мәскеу қ. – 1988, Ташкент қ.) – Орта Азия мен Қазақстан сәулет өнері тарихының зерттеушісі, өнертану докт. Орта-азиялық политех. ин-тының архитектура бөлімін (1955) тәмамдады. Өзбекстан ғыл.-қалпына келтіру шеберхана қызметкері (1953-59), Құрылыс жөніндегі ғыл. зерттеу ин-тының қызметкері (1959-66), Хамза атынд. өнертану ин-тының қызметкері (1966-88) болды. Орта Азияның сәулет өнері саласы бойынша 150 еңбектің авторы. 1951-59 ж. Қазақтың құрылыс басқармасының ескерткіштерді қорғау бөлімінің тапсырысымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі реставрац. жұмысты Өзбек КСР-ның ғыл. қалпына келтіру шеберханасы жүргізген кезде 1955-59 ж. реставрац. жұмыстардың кураторы М. болды. 1958 ж. Қожа Ахмет Ясауи жөніндегі диссертациясы бойынша жұмыс жасады. Осы кезде 3 көлемді еңбек жазды. Олар кейін (1969-70) Қазақ КСР-ның мәдениет мин-не есеп ретінде тапсырылды. Олар: 1. 1957 жылғы реставрац. жұмыстар (фасадтар, панельдер) жөнінде. 2. Қожа Ахмет Ясауи жөніндегі библиография. 3. Деректерден кесенеге қатысты жиналған мәліметтер. Көл. екі том. 1959 ж. Өзбек КСР Министрлер Кеңесі жанынан жаңа құрылған Ескерткіштерді қорғау к-ті қасынан реставрац.-жобалау бюросы қалпына келтіріледі. М. соған қайта оралып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің М = 1:50-дегі өлшемдік сызбалар мен жоспарын жарты жылдай сызумен және бояумен айналысады. Бұл сызба-

лар сызылып болған соң оларды және Түркістанға қатысты құжаттарды Алматыға Қазақ мемл. құрылыс өкілі С.М.Иванов алып келді. Осы сызбалар Н.Б.Нұрмұхаммедовтың «Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясеви. Альбом. Алма-Ата: «Өнер», 1980» атты альбомында және басқа жарияланымдарда беріліп жүр. 1959-63 ж. аралығында Қазмемқұрылысқа Қ.А.Ясауи кесенесінің реставрациясы жөнінде кеңестер беріп отырды. 1967 ж. М-ға Алматыдан делегация келіп, Қазақстаннан үш архитекторды тәжірибеден өткізуді сұрайды. Олардың ішінде Баян Тұяқбаева мен Алексей Проскурин болды. Олар бір жыл бойы Ташкентте тұрды, М-ның басшылығымен үйретілді. М. басшылық жасаған жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің фундаменті жоқ қабырғалар астына фундамент апарылып, фасадтар мен күмбездер реставрациядан өтті, ғимарат айналасындағы көне тас панель қалпына келтірілді, қорғау аймағында жер деңгейі 2 м-ге дейін төмендетілді.

Шығ.: Некоторые архитектурно-археологические наблюдения по реставрации комплекса Ходжа Ахмеда Ясеви в г. Туркестане // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия истории, археологии и этнографии. 1960, вып. 3 (14), с. 52-69; О методике реставрации памятников архитектуры // Строительство и архитектура Узбекистана. – 1962, № 1. – С. 14-16; К изучению приемов среднеазиатского зодчества конца XIV в. // Искусство зодчих Узбекистана. Т. I. – Таш.: «Издательство Академии наук Узбекской ССР», 1962, с. 93-142; Восстановление декоративных облицовок мавзолея Ахмеда Ясеви в г. Туркестане Сборник научных трудов. Вып.3. Академия строительства и архитектуры СССР. НИИ по строительству в Ташкенте. – Таш., 1962. – с.109-117; Реставрация покрытия ребристого купола мавзолея Ахмада Яссави в г. Туркестане // Сборник научных трудов, вып.6. ЗНИИЭПГосстроя СССР в Ташкенте. – 1963. – с.106-110; Исследование архитектурного комплекса-мавзолея

Ахмада Яссави в городе Туркестане и вопросы его реставрации. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. Ташкент: «АН Уз.ССР». – 1963. – 18 с.; Возрожденный из руин // Казахстанская правда, № 7, 9 января 1972; Ремонт и реставрация мавзолея Ходжа Ахмада // Теория и практика сохранения памятников архитектуры ЦНИИТИА, Москва: «Стройиздат». – 1974. – с. 96-104; Toward the study of forms in Central Asian architecture at the fourteenth century: The mausoleum of Khwaja Ahmad Yasavi. Reprinted from Iran XXIII 1985. Published by The British institute of Persian studies. P.109-127.

Әдеб.: Қожа М. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруде Л.Ю. Маньковскаяның еңбегі // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. III халықар. ғыл.-тәжірибелік конференция. – Түркістан, 2010. – 10-14 бб. <http://sanat.orexca.com/2012-rus/2012-1-2/mankov/> 25.02.19; <http://www.biznes-daily.uz/ru/gazeta-birja/55515--duxovno-nasldi--btsnny-daruchnogo>.

М.Қожа

МАРҒҰЛАН Әлкей Хақанұлы
 (11.5.1904, Ақпетті болысы 2-ші а. (қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд.) – 12.1.1985, Алматы қ.) – Ұлттық археология мектебінің негізін салушы, әдебиеттанушы, өлкетанушы, шығыстанушы.



1920 ж. Павлодар қ-нда мұғалімдер курсын тәмамдап, Баянауыл ауд-ндағы

мектепте дәріс береді. 1921-25 ж. Семей пед. техникумының тыңдаушысы және «Таң» журналы және «Қазақ тілі» газетінің редакциясының қызметкері болып еңбек етті. 1929 ж. Ленинград қ-ндағы Шығыстану ин-тының филология ф-тін бітірді. 1930-31 ж. терминология комиссиясының ғалым хатшысы болды. 1931-34 ж. Мемл. материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасында оқыды (Ленинград). С.И.Руденко, А.А. Миллер (1931-32), Н.И.Ренников (1933), М.П.Грязнов (1935) басқарған археол. экспедицияларға қатысты. 1933-36 ж. КСРО ҒА-ның Материалдық мәдениет тарихы ин-тының стажеры, ғыл. қызметкері болды. 1939 жылдан КСРО Қазақ ҒА бөлімшесінде, кейін Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археология және этнография ин-тында жұмыс істеді. 1941 жылдан тарих секторының меңгерушісі, 1946-47 ж. және 1950-51 ж. археология секторының меңгерушісі, 1947 жылдан археология секторының палеолит бөлімінің меңгерушісі, 1951 ж. аға ғыл. қызметкер, 1958 ж. этнография бөлімінің меңгерушісі, 1976 ж. осы бөлімнің аға ғыл. қызметкері болды. 1943 ж. «Жарлықтар және пайцзалардың тарихи маңызы» атты тақырыпта тарих ғыл. канд., 1945 ж. «Қазақ халқының эпикалық жырлары» атты докт. диссертация қорғап, филология ғыл. докт. дәрежесін алды. 1946 ж. Қазақ КСР ҒА-ның корр. мүшесі, 1958 ж. Қазақ КСР ҒА-ның акад. болды. 1960 ж. профессор атанды. Заттай мәдениет ескерткіштерін және көне өнерді, қазақ халқының тарихи-батырлық эпостарын және әдебиет мәселелерін зерттеді. Орт. Қазақстандағы, Сырдария, Талас пен Шу өз-дері бойын зерттеген көптеген археол. және этногр. экспедициялардың ұйымдастырушысы мен жетекшісі болды. Академик М. тұрақты түрде ОҚКАЭ жұмы-

старымен, Отырар, Түркістан, Сауран зерттеулеріне үнемі назар аударып, кеңестерімен көмектесіп, құнды пікірлер беріп отырды. Ол тәжірибелі археолог ретінде қала мәдениетін зерттеуде көмектесіп отырды. «Қазақ ССР тарихы» көп томдығын шығаруда (көне заманнан қазіргі кезеңге дейін) ат салысты. Ш.Ш.Уәлихановтың 5 томдық еңбегін дайындап, басып шығарудағы еңбегі ерекше. Ориенталистердің 25 конгресіне (Москва, 1960), Антропология және этнография ғыл. Халықар. 7, 8-конгрестеріне (Москва, 1964, Токио, 1968), 7 Халықар. тарихи конгреске (Анкара, 1970) қатысқан. Оның жетекшілігімен 50-ден аса канд. және докт. диссертация қорғалды. Бүкілодақтық геогр. қоғамның мүшесі болды, қазақ халқының этногенезі бойынша Координац. кеңесті басқарды. Еңбек, Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, медальдермен, грамоталармен, Қазақ КСР-ның Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақ КСР-ның еңб. сің. ғылым қайраткері, Қазақ КСР-ның Мемл. сыйл. иегері.

Шығ.: Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – А.-А., 1950; Открытие новых памятников культуры эпохи бронзы Центрального Казахстана. – А.-А., 1966; Доисламская архитектура Казахстана. – М., 1968; Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – А.-А., 1979; Ежелгі жыр аңыздар. – А.-А., 1985; Казахское народное прикладное искусство, 1-3 т., 1986-90; Собрание соч., 1-4 т. – А., 1998 – 2003; Шығармалары. – А., 2007;

Әдеб: Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (ЮККАЭ): Научные биографии участников и библиография исследований: материалы международной научно-практической конференции, посвященной 40-летию работы Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Шаульдер. 18-19 октябрь. 2011; – А., 2014.

Д. Мұстапаева

МАРДАН – ежелгі қорым. Түркістан обл. Отырар ауд. Қоғам а-нан солт.-батысқа қарай 7 км жерде. 1971 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының обаларды зерттеуші тобы (жетек. Б.Нұрмұханбетов) ашқан. Қорым батыстан шығысқа тізбектеле созылған кіші-гірім 15 обадан тұрады. Әрбір тізбекте 2-ден 5-ке дейін үйінді бар. Тізбектегі үйінділер аралары өте жақын ұзынша төбешік пішіндес болып келеді. Жекелеген қабір шұңқырлары олардың қосылған жерлерінде әрең байқалатын ойыстармен және жоғ. қабатынд. ұсақ төбешіктермен ерекшеленеді. Қорым үстіндегі ескерткіштер құмдауыт төбешікке тұрғызылған пахсалық қабірлер негізінде жасалған. Бұлар ішкі жағы «ванна» секілді тік бұрышты келеді. Барлық обаларда мәйіттер басы оңт., оңт.-шығысқа бағытала орналастырылып, қыш ыдыстар, тұрмыс бұйымдары, әшекейлер мен тұмарлар бірге қойылған. Қыш ыдыстар барлық обаларда кездеседі. Олардан өзге бірнеше көзе, темір пышақ, моншақ, жүзік, тұмар ретінде пайдаланған түрлі хайуанаттар тістері мен сүйектері, қоладан құйылған тау ешкілерінің мүсіндері табылған. Обалардың бірінен ортасында төрт бұрышты тесігі бар 7 монет шықты. Олардың көпшілігі б.з.б. 118 ж., қалғандары б.з.б. 73-47 ж. құйылған. Табылған заттарға қарағанда М. қорымына б.з.б. 1 ғ-дан б.з. 2 ғ-ына дейінгі аралықта өмір сүрген адамдар жерленген. Олар отырықшы болып, жер өңдеумен және мал өсірумен шұғылданған. Заттай мәдениетінен ғұндардың ықпалы байқалады.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.


Қ. Саркенова

МАРДАНКҮЙІК – ортағасырдағы қалашық орны. Түркістан обл. Отырар ауд. Қоғам а-нан солт.-ке қарай 8 км жерде. 1949-51ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. Е.И.Агеева, А.Н.Бернштам), 1986 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы (жетек. К.Байпақов) зерттеген. Археол. қазбаларға қарағанда қалашық: қамалдан (ци-тадель), шахристан мен рабадтан тұрған. Тік төртбұрышты қамалдың биікт. 11 м, ауданы 70-40 м. Тіктөртбұрышты шахристан орнының биікт. 8 м. Оның солт. және оңт. қабырғалары 340 м. Шахристан мұнарасы дуалмен қоршалған. Шахристан оңт. жағында 8 га алаңды алған рабадпен жалғаса орналасқан. Ол биікт. 8 м дуалмен қоршалған. Қазба жұмысы кезінде қабырғалары шикі кірпіштен қаланған тұрғын үйлердің қалдықтары, құмыра, тегенелердің сынықтары табылды. Қаланың жоғ. қабатынан табылған мыс тиындардың бетінде арыстан бейнесі, ал сыртқы бетінде таңба секілді садақтың суреті бар. Бұл тиындар 8 ғ-ға жатады. М. шахристанынан балшық күйдіретін бірнеше пештердің орны табылды. Алмұрт тәрізді пештің от жағатын және күйдіретін екі бөлігі бар. Күйдіру камерасында от тіреу бағанасы арқылы барған, сонымен қатар бұл бағана пештің жоғ. күмбезін де тіреп тұрған. Пешті аршу кезінде табылған көзелер 12-13 ғ-ларға жатады. Зерттеу жұмыстары орта ғасырларда М-тің Оңт. Қазақстандағы қолөнер мен сауданың ірі орт-тарының бірі болғанын дәлелдейді.

Әдеб.: Археологическая карта Казахстана, Свод Памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А.-А., 1994.

Қ. Саркенова

МАРЬЯШЕВ Алексей Николаевич (4.12.1933, Алматы қ. – 12.3.2018, Алматы қ.) – археолог, тарих ғыл. докт., тастағы суреттер бойынша маман, альпинист, Қазақстан чемпионы. Қазақ пед. ин-тының тарих ф-тін (1957) тәмамдады. Оқу орнын бітірген соң Талдықорған обл. Қоғалы а-ның Қоғалы орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. 1958 жылдан Алматы мектептерінде мұғалім, 1977 жылдан Қазақ пед. ин-тында оқытушы ретінде еңбек етті. 1977 ж. канд. диссертация қорғады. 1980 жылдан Қазақ пед. ин-тында аға оқытушы, 1985 жылдан доцент қызметін атқарды.



1992 жылдан Ә.Х.Марғұлан атынд. Археология ин-тында аға ғыл. қызметкер ретінде еңбек етіп, 1995 ж. Новосибир қ-нда, Археология ин-тында докт. диссертация қорғады. 1972 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының құрамында Қаратау жоталарын зерттеген. Кейінгі ортағасырлық Түркістан қорғандарын зерттеп, ғылымға енгізді. Тастағы өнерге және қола дәуірі қоныстарына байланысты 16-дан аса кітаптың авторы және серіктесі болып табылады. Еңбектері: «Жетісудың ерте темір ғасыры петроглифтері», «Тараздың және Жамбыл

обласының ежелгі және ортағасырлық қазыналары», «Ешкіөлмес тауының тастағы суреттері».

Шығ.: Крепостные стены позднесредневекового Туркестана // Известия АН КазССР. Сер. общ. наук, 1982. № 1.; Наскальные изображения в горах Ешкиольмес. – А.-А., 1991; Наскальные изображения Южного Казахстана: диссертация ... кандидата исторических наук: 07.00.06. – А.-А., 1976; Наскальные изображения Средней Азии, Южного Казахстана и Семиречья: диссертация ... доктора исторических наук: 07.00.06. – А., 1995; Наскальные изображения хребта Каратау / М. К. Кадырбаев, А. Н. Марьяшев; АН КазССР. Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. – А.-А., 1977; Петроглифы в горах Кульжабасы / К. М. Байпаков, А. М. Марьяшев; [отв. ред.: В. А. Новоженов]; М-во образования и науки Респ. Казахстан, Ин-т археологии им. А. Х. Маргулана. – А., 2004;

Әдеб.: Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (ЮККАЭ): Научные биографии участников и библиография исследований: материалы международной научно-практической конференции, посвященной 40-летию работы Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Шаульдер. 18–19 октябрь. 2011. – А., 2014.

Д.Мұстапаева

МАССОН МИХАИЛ ЕВГЕНЬЕВИЧ (4.12.1887, Санкт-Петербург қ. – 2.11.1950, Ташкент қ.) – археолог, тарихшы, шығыстанушы. Тарих ғыл. докт. (1949), проф. (1949) Түрікмен ҒА-ның акад. (1951). Өзбекстан мен Түрікменстан Республикаларының еңб. сің. ғылым қайраткері. Орта Азия мен Қазақстанда жүргізілген 80-ге жуық экспедицияға қатысты, басшылық жасады. Қушан, Термез археол. қазба жұмыстарының кешенді экспедицияларын басқарды (1936-38). Орта Азия археологиясының патриархы болып табылады, ол ташкенттік археол. мектептің іргесін қалады. Орта Азияда алғаш археол. кафе-

дра ашуға атсалысып, оның тұңғыш меңгерушісі болды.



Осы кафедраны қазақтың белгілі археологтары Х.Алпысбаев, Н.Алдабергенов тамамдады. М-ның ізденістерінің нәтижесінде Оңт. Қазақстанның көптеген сәулет өнері мен археол. ескерткіштері жөнінде аса бағалы зерттеулер жазылды. Оның 1928 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Түркістанның басқа ескерткіштері жөніндегі жинаған материалдары, жазба деректердегі хабарлар мен аңыз әңгімелерге дейінгі мәліметтерді пайдалануы, оларды талдауы, салыстыруы археол.-тарихи зерттеудің тамаша үлгісі болып табылады. Ол осы аймақтағы ескерткіштерді кәсіби тұрғыдан алғаш сипаттаған ғалымдардың бірі. Сайрам қалажұрты туралы еңбегі түп дерек есебінде құнды болып табылады. Сайрам ескерткіштерін әлі де көп өзгеріске ұшырамай тұрғанда кәсіби маман ретінде өз көзімен көріп сипаттаған. Еңбекте бірнеше фотосуреттер, ескі қала бөліктері түсірілген сызбалар беріліп, қазіргі уақытқа дейін байырғы Сайрам туралы жазылған еңбектердің ең құндысы болып табылады. Тараз қ. Әулиеата қ. орнында болғанын алғаш анықтаған М. болды. Ол қалашықтан

бір топ археол. материалдар жинады. Талас өз. үстінде болған тас көпір орнын анықтады. Бесағаш қалашығын, осы қалашықтан табылған тас ұстынды, Айша бибі, Бабажы қатын кесенелерін зерттеді, Талас өңірінің кейінгі ортағасырлық тарихы жөнінде жаңа мәліметтер келтірді. Қазақстанның Оңт. пен Орт. аймақтарынан табылған теңгелерді зерттеп Қазақстан нумизматикасына өзіндік үлес қосты. Шымкенттегі мұражайдың ғыл. негізде қайта құрылуын және Тараздағы мұражайдың іргесін қалауға ерекше үлес қосты. Қызылорда айналасындағы Сырлытам кесенесіндегі жазуларды алғаш оқып ескерткіштің салыну мезгілін анықтады. Орта Азия аум-ндағы ескерткіштердің кейбірін зерттеуде қазақ халқының тарихына қатысты мәліметтер жинап ғыл. айналымға енгізді.

Шығ.: Старый Сайрам // Известия Средне-азиатского к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. – Таш., 1928. – с. 23 – 42; О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви в городе Туркестане // Известия Среднеазиатского географического общества. Т. XIX. – Таш., 1929. – с. 39-45; Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Таш., 1930.

Әдеб.: Қожа М., Есжан Е. М.Е. Массонның Тараз аймағындағы археол. ескерткіштер жөніндегі зерттеулері // Вестник Казахского национального ун-та им. Аль-Фараби. Серия историческая. – 2010. – № 2. – С. 208 – 210.

М.Қожа

МАУЛАНА САФИ АД-ДИН ОРУҢ ҚОЙЛАҚИ (т.ө.ж.б.) – «Насаб-намадағы» деректерге қарағанда, М. С. а.-д. О. Қ. Қожа Ахмет Ясауидің ағасы Садр шайхтың немересі Мұхаммед Данышмандтың ұлы. Оның туылған жері орта ғ-лардағы Оруң Қойлақи деп аталғанына қарағанда сол Оруң Қойлақ қ-нда дүниеге келген болуы керек. Қожа Ахмет Ясауи өзі қайтыс

боларында, орнына М. С-ді отырғызып еді деген дерек «Насаб-намада» жазылады. Алайда М. С. Ясауи бабамыздан кейін бір-екі ұрпақ ауысқаннан соң Ясауи жолына басшылық жасаған болуы керек. Өйткені М. С. 1291 ж. «Насаб-наманы» араб тілінен түркі тіліне аударып, соңында қалдырады. Сонымен бірге оның Зеңгі Атаның замандасы болғандығы туралы да дерек бар. М. С-дан Ясауи жолы өкілдерінің негізгі тармағы Аққорғандық қожалар әулеті мен Бақсайыс қожалар әулеті тарайды. Қабірі қазіргі Аққорған а. (Жаңақорған ауд.) жанындағы М. С. а.-д. О. Қ. зиратында.

Әдеб.: «Насаб-нама» қолжазбасы; «Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии». – А.. «Дайк-Пресс», 2002.

З.Жандарбек

МАШАНИ Ақжан Жақсыбекулы (1906, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Нұркен а. – 02.05.1997, Алматы қ.) – геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғыл. докт. (1946), проф. (1968), ҚР ҰҒА-ның алғашқы құрылтайшыларының бірі және академияның корр. мүшесі (1946), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1966).



Қазақстанда геомеханиканың негізін салушы, мектебін құрушы; жазушы. Қазақ тау-кен металлургия ин-ты (қазіргі ҚазҰТУ, 1999) бітірген. КСРО ҰА-ның Қазақстан бөлімшесінде 1939-43 ж., Геология ғылымдары ин-тында 1943-46 ж., Абай атынд. Қазақ пед. ин-ты (қазіргі ҚазҰПУ) 1946-50 ж., Қазақ политех. ин-тында (қазіргі ҚазҰТУ) 1950-88 ж. ғыл.-зертт. және пед. жұмыстармен айналысты. Негізгі ғыл. бағыты геомеханиканың құрылымы кристалдық заңдылықтарды зерттеуге арналған. М. жаратылыстану ғылымдарындағы ұлттық құндылықтарды сабақтастыра отырып, гуманист. сипатта дамытуда көп іс атқарды. Әбу Наср әл-Фарабидің Дамаскідегі Баб ас-Сағир қорымынан қабірін тауып, құлпытас орнатуға ат салысқан. М. фарабитанудың негізін салушылардың бірі ретінде де кеңінен танылды. М. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тайқазанның орналасуы туралы мәнді тұжырымдарын айтты. Ол Тайқазан бұрынғы кезде астрономиялық мәні бар қызмет атқарған деген пікір айтқан. М. тұжырымынша Қожа Ахмет Ясауи ғимараты жеті қат көкті, 12 мүшел мен жыл есебін бейнелейтін космос моделі сынды құрылыс, тайқазан соның ішінде үлгісі іспеттес болған. М-дың «Қайта оралған қазан» мақ. тайқазан туралы өте маңызды ойларды тұжырымдаған. 350-ден астам ғыл. еңбек, монография жазған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Машанов А. Әл-Фараби және Абай / А. Машанов. – А., 1994.; Машанов А. Табу. – А., 1982.; Машанов А. әл-Фараби және бүгінгі ғылым. – А., 2004. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – А., 1998.

Д.Мұстапаева

МАШАТ – ортағасырлық қоныс. Түркістан обл. Түлкібас ауд. Машат өз-нің сол жағалауында орналасқан. 1981 ж. бұрынғы Шымкент пед. ин-ты археол. тобы (жетекшісі А.Н.Подушкин) зерттеген. Қазіргі орны табаны 50x80 м, үстіңгі қабаты 30x50 м, биікт. 4 м төбешік. Оңт-тен солт-ке қарай созыла жатыр. Табылған қыш ыдыстар, құмыра, кіші хұм, тостаған, көзе, т.б. заттарға қарағанда тұрғындар қалашықты 6-10 ғ-ларда мекен еткен. Олар егін егіп, мал өсірумен айналысқан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

МАЯТАС – мезолит дәуірінен сақталған адамдар тұрағы. Түркістан обл. Отырар ауд. Темір ст-нан оңт.-шығысқа қарай 7 км жерде орналасқан. 1974 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының тас ғасырын зерттеумен шұғылданып отряды (жетек. Х.Алпысбаев) тапқан. Биікт. 20-25 м келетін дөңнің үстінен тас құралдар: өзектастар, пышақ тәріздес тас

тілікшелері, кескіштер, сүйіртастар, тас жаңқалары мен қабыршықтар табылды. Бұйымдар ашық-сұр халцедоннан және шақпақтастан дайындалған. Пышақ тәріздес тас тілікшелер арасында жұқаша келген, ұзын, кей жерлері жап-жақсы өңделген артефактылар да ұшырасады. Өңдеуі бір-біріне ұқсас жұқалау және кішірек тас жаңқалары да бар. М. тас құралдары осы маңдағы Жаңашілік тұрақтарынан (1-3) алынған бұйымдарға ұқсайды, М. секілді мезолит дәуіріне жататын тұрақтар Оңт. Қазақстанда өте аз зерттелген. Бұл ескерткіштен алынған материалдар тас дәуірі мәдениеті осы өңірде үздіксіз дамығандығын айғақтайды.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

МӘДЕЛІ Жүсіпқожаұлы (1816, Арыс өңірі – 1888) – Қаратау-Сыр бойы ақындар мектебінің көрнекті өкілі, айтыскер, Қоқан езгісіне қарсы күрескен жауынгер-ақын. Өлең-жырды ауызша да, жазып та шығарған М. тұстас талай ақындармен айтысқа түскен («Мәделінің



Машат ауылы

Айым қызбен жұмбақ айтысы», «Ұлбике мен Мәделінің айтысы», т.б.). Майлықожа ақынның нағашысы. Оның «Қанай датқаға», «Майлы ақынға», т.б. толғаулары бар. «Мәделінің елімен қоштасқаны», «Еш нәрсе бұл дүниеге болмас тұтқа», «Бәйтерек Байзақ едің мақтап жүрген», «Іліп алма», т.б. өлең жырларында өз кезеңінің шындығын көрсеткен. М. шығармалары алғаш рет «Түркістан уәлаятының газетасында» (1875), «Жас қайрат» журналында «Арыстанбайға» атты арнау өлеңі (1924) жарияланған. Еңбектері «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы», 1967, «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарына енген. Ақын шығармаларын әдебиеттанушы ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, Ә.Оспанұлы және т.б. зерттеген. Көптеген өлең-жырлары, толғаулары, айтыстары қолжазба күйінде Орт. ғыл. кітапхана қорында сақтаулы.

М. шығармалары ХІХ ғ. Қазақстанның оңтүстік өңірінің саяси-әлеум. тарихының әдеби дереккөзі ретінде қарастырылады. 1858 ж. оңтүстіктегі Қоқан езгісіне қарсы көтеріліске тікелей қатысты және жорық жыршысы болды. Көлемді еңбегінің бірі 1873 ж. ақпан-мамыр айларында ген.-адъютант К.П. фон Кауфманның қолбасшылығымен орыс әскері Хиуаға жасаған жорығына қатысты. Бейбіт жағдайда 15-16 күнде жүріп өтетін жолға орыс әскерлері 101 күн жұмсайды. Профессор Е.Желябужский «Очерки и завоевания Хивы» еңбегінде: «шөлден, індеттен және әскерге көрсетілген қарсылықтан 13 мың орыс солдатаның 7,5 мыңы ғана Хиуаға жетті», - деп жазды. Осы оқиғаны қазақ поэзиясында көркемдік тұрғыда баяндаған М.ның «Қиуа жорығы туралы» жыры. Жырдың «Түркістан уәлаяты газетасында» жарияланған толық атауы «Шымкент оязына қараған Мәделіқожа

деген ақынның Сырдария облысының уәенный гүбірнаторы Калауашевтың Хиуаға барғаны тақырыпта шығарған өлеңі» («Түркістан уәлаяты» газеті 1875 жыл, № 17, 18, 19) деп аталады. Жырдың жалпы көл. 325 жолды құрайды. Жырды С. Қосанов «кішігірім поэма» деп бағаласа, Ә.Оспанұлы «жолжазба саласындағы тарихи шежіре» деген анықтайды. Жыр сол кездегі Сырдария облысының әскери гүбернаторы Н.Н. Головачаевқа (1823-1887) арналған. «Туркестанские ведомости» ресми басылымның аудармасы болып жарық көрген «Түркістан уәлаятының газетасы» сұранысына сай М.ға А. Кенесарин тапсырыс берген. Шымкент, Түркістан, Арыс қалаларында есімі көшеге берілген.

 Әдеб.: Кенжебаев Б. Ертедегі әдетіет нұсқалары. Алматы, 1965; Сүйіншұлы Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967; Бердібаев Р. Замана бұлбұлдары. Алматы, 1970; Оспанұлы Ә. Майлықожа. Нақылл. Алматы, 1972; Оспанұлы Ә. Қаратау атырабының ақындары. Алматы, 1984.

Х.Тұрсұн

МӘДЕЛІҚОЖА КЕСЕНЕСІ – архитектуралық ескерткіш, тарихи тұлғаның бейіті. Түркістан. обл., Ордабасы ауд., Бадам өз. оң жағасы, Қарабастау а., «Мәліммола» мазаратында. Ақын нәм батыр тірі кезінде 1888 ж. дүние салардан бұрын кесене салғыздырған. Ғимарат жоспарда төртбұрышты, сыртқы өлшемдері 3,6 x 3,4 м күйдірген еуропа үлгісіндегі күйдірген кірпіштен салынған. Төбесі сүйір күмбезбен жабылған. Құрылыстың биіктігі 3,6 м асады. Есік орнына төртбұрышты ойық жасалған. Кесене қабырғаларының үстіңгі бөлігінде айнала қышты бұрышымен қою тәсілі арқылы өрнектеген белдемше жүргізілген. Жергілікті тұрғындар ке-



Мәделіқожаның ескі кесенесі. 19 ғ.

сене астында қыштан салынған көрхана барын айтады. Олардың пікірінше ақын мәйіті көрхана ішіне қойылған. Көрхана жобасы төртбұрышты, шамамен 3 x 3 м. 2007 ж. ескі күмбездің үстінен жаңа биіктігі 8 м асатын сырты әрленген құрылыс салынған.

Әдеб.: Оспанұлы Ә. Самигулин И.М. Могила Мәделикожи Жусипкожаулы // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А.-А., 1994. – С.67-70; Мәделіқожа. Жинап, зерттеп, жариялап жүріп құрастырғандар: Ә.Оспанұлы, Т. Айнабекұлы. – Алматы, 2009.

М. Қожа

МӘДУАН Сейтқали Мәдуанұлы (8.1.1948, Оңт. Қазақстан обл. Төлеби ауд. – 29.4.2012, Астана қ.) – тарих ғыл. докт., проф. Қазақ ұлттық ун-тінің тарих ф-тін (1969) бітірген. Ун-тті аяқтаған соң жоғары оқу орындарында 40 жылдан астам уақыт ұстаздық қызмет атқарды. Қ.Жұбанов атынд. Ақтөбе пад.ин-тында (1985-91 ж.) қызмет етті. 1991–2009 ж. Қ.А.Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-ті тарих ф-тінің негізін қалауға атсалысты. Кафедра меңгерушісі, ф-т деканы, Түркология ғыл. зерттеу ин-тының директоры

қызметтерін атқарды. 1997 ж. тарих ғыл. докт., проф. Х.Зияевтың жетекшілігімен «XVIII-XIX ғғ. қазақ халқының Орт. Азия халықтарымен қарым-қатынастарының тарихы» тақырыбында докт. диссертация қорғады. М. Қазақстан өлкесінің патшалық Ресейге қосылу тарихы, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары, 18-20 ғ-дың бас кезіндегі Қазақстанның Орт. Азия мемлекеттерімен арадағы халықар., саяси және сауда қарым-қатынастары, көшпелі, отырықшы халықтардың өзара байланыстары тақырыптарында ғыл.-зертт. жұмыстарын жүргізген. 2001 ж. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» ҚР ғылым мин-нің төсбелгісімен, 2004 ж. білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Білім Беру Ісінің Құрметті Қызметкері» төсбелгісімен, 2008 ж. «Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін» Ы.Алтынсарин белгісімен марапатталған. М. патриоттық қырықтан астам әндердің өлеңін жазған ақын. Оның сөзіне жазылған «Түркістаным-Тұраным» (әні: Ж.Даулет) әні Түркістан обл-ның орт. болған Түркістан қ-ның әнұранына айналды. Осы туынды үшін авторлар 2002 ж. Түркістан қ-ның құрметті азаматы атағына ие болды. «Қазақстаным-Айбарым», «Төлеби», «Абылай хан», Бауыржан және т.б. әндері жарық көрді. 2010 ж. Астана қ-нан «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» әндер жинағы жарық көрді.

Шығ.: «XIX ғасырдағы қазақ-өзбек халықтары байланыстарының тарихы». Түркістан. 1992; История казахско-узбекских отношений в XIX – начало XX вв.». Туркестан. 1992; XVIII-XIX ғғ. қазақ халқының Орт. Азия халықтарымен қарым-қатынастарының тарихы. Алматы, 1995; История взаимоотношений народов Центральной Азии в XVIII – нач.XX вв. Ташкент, 2004; XVIII-XX ғ-дың

бас кезі аралығындағы Түркістан халықтарының байланыстары (У.Х.Шалекеновпен бірге). – Түркістан, 2008; Қазақтар және түрік әлемі: мемлекеттіліктің бастаулары. Б.д.д. II мыңжылдықтың басы мен I мыңжылдықтың бірінші жартысы (С.Әбушәріппен бірге). – Астана, 2010; Мәдуан С. «Нұрсұлтанның нұрлы жолы». – Астана: Қазақстан Республикасының Білім Академиясы, 2010.

Х.Тұрсұн

МӘЛІК ҚАРАҰЛЫ (1698 – 1767) – қазақтың атақты батыры және биі. Қазақ-қалмақ соғысының қаһарманы. Ұлы жүз Дулаттың сиқым руынан. М. өз заманының ақылды, білімді, парасатты адамы болған. Ол Ташкенттегі Көгалташ медресесінде білім алып, ұлағатты ғұлама жандардан сабақ алған. М-тің әкесі Қараның Ташкентте беделі жоғары болған. Қара батыр қарт Әбілқайыр әскерінің қатарында болып, қалмақтар мен башқұрттарға қарсы талай шайқастардың ортасында отпен оққа түскен. М. Ханкелді, Қойкелді, Қаранай, Өтеген, Бердіқожа батырлардың үзеңгілесі, Төле би, Қазыбек би, Бұхар жырау, Нарынбай билердің тәлімін алған, билік-шешімдеріне араласқан шәкірті болды. Қазақ батырларымен бірлікте Түркістан қ-н қалмақтардан ерлікпен қорғады. М. батыр Елшібек батырдың шақыруымен Түркістан қ-нда әскерлерге басшылық жасап, олардың қару-жарақ, азық-түлікпен қамтылуына жауапты болды. Ақтабан-шұбырынды салдарынан босыған жұртты сақтау үшін олардың Жиделі-Байсынға орнығуына атсалысты. 1744 ж. М. батыр Қалдан Цереннің Шымкенттегі өкілі Баршаханды, оның көмекшісі Саңғалды өлтіруге қатысады. Бұл үлкен дауға айналады. Бірақ 1745 ж. Қалдан Цереннің қайтыс болуы бұл уақиғаның ушығуына жол бермеді. Сол сұрапыл жылдары қалмақтарға қарсы шайқастар-

да басқалармен қатар сиқым батырлары ерекше ерлік көрсеткен. Сиқымдар Ташкенттің Бесағаш бөлігіне (даха, ауданы) иелік жасап өз үстемдіктерін жүргізген. Оны қоқан, орыс жазбагерлерінің мәліметтерінен аңғаруға болады. «...Поскольку город Ташкент делился на четыре районы, то район Бесагача был отдан роду Шейхим (сиқым)...», - деп көрсетеді. Өз тұсында М. би шахардың бесағаш қақпасына иелік етіп, жарғы ережелері бойынша атақты билермен санаса отырып, елдік мәселелерге араласқан. М-тің әкесі Қара да, бұрынғы аталары да дәулетті, бай-бағландар қатарынан болған екен. М. би Ташкент пен Бұхара арасында керуен тартып, сауданың өркендеуіне атсалысқан. М-тің Бұхара тарапына жол салған төте жолы «Мәлік жолы» аталған. Өзбекстанның Ахангаран ауд-нда М. бидің атында бұлақта бар. 1764 ж. Абылай хан М. би бастаған елшілікті Қоқанға аттандырады. М. би Бердіқожа, Бәйткі, Қазы Мәмекпен бірге қырғыздарға қарсы күрестер жүргізді, мәмілегерліктер жасады. М. бидің қазақ-қырғыз-қоқан қарым-қатынасын орнықтыруда еңбегі зор болған. М. би Ташкент қ-ндағы Шағатай мазарына жерленген.

Әдеб.: Международные отношения Центральной Азии XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Кн: 1-2. – М., 1989; Солотоев Б. Кызыл Кыргыз тарихы. – Бишкек, 1993; Сапаралиев Д.Б. Взаимоотношения кыргызского народа с русским и соседними народами в XVIII в. – Бишкек, 1995; «Қазығұрт kz» жур. №5-6. 2016.

М.Миразов

МӘМБЕЕВ Сабыр Әбдірәсілулы (1.5.1928, Келес ауд. Абай а.) – кескіндемеші, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1963), Қазақстан халық суретшісі (1979). Алматы көркемсурет уч-щесін

(1946), Санкт-Петербургтегі Репин атынд. кескіндеме, мүсін және сәулет өнері ин-тын (А.Ефимов пен А.И. Авилов шеберханасынан, 1953) бітірген.



1956-62, 1968-82 ж. және 1998 ж. Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы болды. Ол өзінің шығармаларында ауыл өмірін, оның сұлу табиғатын өзгеше қырынан бейнелейді. Ол әр жылдары «Сұхбат» (1954), «Қара кимоно» (1956), «М.О.Әуезов» (1957), «Тауда» (1957, Мәскеудегі Шығыс халықтары мұражайы), «Киіз үйде» (1958, Мәскеу, Третьяков галереясы), «Қоныс аудару» (1959), «Менің қаламда» (1960), «Терезе алдындағы қыз» (1961), «Көктем» (1965), «Жастар» (1968), т.б. суреттер, пейзаждар мен портреттер жазған. Оның шығармалары, негізінен, Ә.Қастеев атынд. мемл. мұражайда сақтаулы. Еңбек Қызыл ту, «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 439 б.

М.Амантуров, Ж. Әкімбек

МӘРТӨБЕ / МАРТӨБЕ – қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын жер. Онда далалық элита өкілдері ж.на бір мәрте, әдетте күзде жиналып, өзекті

мәселелерді талқылаған. М. атты төбе Сайрам елді мекенінен солт.-шығысқа қарай 5 км қашықтықта орналасқан. Төбенің өзі дөң үстінде орналасқандықтан М. деп аталса керек. Араб тілінде бұл сөз жоғары дәреже дегенді білдіреді. М-де басқосулар Тәуке ханның қызметімен байланысты болған. М-дегі жиын туралы жазба әдебиеттегі хабар 1889 ж. Н.И. Гродековтың кітабында кездеседі. Ақпар беруші қазақ билері, үш жүз өкілдері жыл сайын жиналып «қайда қыстаймыз, қайда көшеміз, қалай соғысамыз» деген сияқты мәселелерді талқылап шығарған шешімді келесі мәслихатқа дейін бұзбағанын айтады. Тәуке ханмен қоса «жеті жарғышы» болғанын, олардың ішінде Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қаздауысты Қазбек, Кіші жүзден Айтеке би болғаны хабарланады. Бұл жиындар шамамен 1695-1710 ж. өткізілген деуге негіз бар. Бұқар жырау шығармасында мына жолдар: «Арманың бар ма, хан ием? Мәртебелі төбеге, Жауыңды алып, жайладың», кездескеніне қарағанда тарихи орын халық жадында үлкен жетістіктің символы ретінде танылған. Тарихи орын алғаш рет М.Е.Массонның 1925 ж. Сайрамның картасында белгіленген. 20 ғ-дың 70-ж. төбені жер қазатын техника бұза бастағанда белгілі археолог К.Ақы-



Мәртөбе тарихи орыны

шев араша түсіп, М-нің жартылай болса да аман қалуына ықпал етті.

Әдеб.: Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы сырдарьинской области. Т.І. Юридический быт. – Таш., 1889; Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия среднеазиатского к-та по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. 3. – Таш., 1928; Подушкин А.Н. Городище Мартобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 208.

М.Қожа

МӘУЛА МҰХАММЕД ӘЛ-ФАРАБИ (т. ө.ж.б.) – ғалым. Өз аты – Мәула Мұхаммед. Әкесінің есімі – Әл-Хасан әл-Хорезми. Әл-Фараби оның Фарабтық екенін танытады. Алғашқы білімді Фарабтың медреселерінің бірінде алған. Соңынан Шаш, Бұхара, Самарқанд шаһарларында толықтырған. Шаштың танымал ғалымы Низам ад-Дин бин Мұхаммед Азиз аш-Шашидің еңбегіне түсіндірме жазған. Оның еңбегінің аты «Усул» («Негіз») деп аталады. Кейде «Усул аш-Шаши» («Аш-Шашидің негіздері») деп те келеді. Ислам діні мен Алланың бірлігіне сену, Мұхаммед (с.а.у.) мен пайғамбарларын танып, мойынсұнуға негізделген. Бұл ретте Фарабтық ғалымның діни танымының да мол болғандығын атап өту керек. Бірақ ол жайлы мәліметтер бізге жетпеген. Оның қай ж., қай жерде қайтыс болғаны жөнінде де мәліметтер жоқ.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А.: 1995.

Н.Мансұров

МӘУЛӘНА ШӘМШІДІН УЗКАНДИ (т. ө.ж.б. шамамен 14 ғ-дың соңы – 15 ғ-дың басы) – Қожа Ахмет Ясауи негіздеген сопылық поэзияның өкілі. Насабнама деректері бойынша Әбу Бәкір Сыддықтың

27-ұрпағы. Арғы бабасы Әли Қожа (Әлқожа) баба Қожа Ахмед Ясауидің қызы Гауһар анаға үйленген, оның баласы Сүлеймен Уәлі ортағасырлық әдебиет тарихында Сүлеймен Бақырғани, Сүлеймен Хакім-ата, Хакім Қожа Сүлеймен есімдерімен белгілі. Қожа Ахмет Ясауидің дарынды шәкірттерінің бірі және ұстазының хикметтерін кейінгі ұрпаққа жетізуге қызмет істеген Сүлеймен Уәлінің баласы Әбділ Әзиз Мәуләна (Әбілғазы Өзгенттік), одан Яхия қожа, Айна қожа, сол Айна қожадан Мәуләна Шәмшідін дүниеге келген. Бұл кісі Шәмші Бүзірік деп те аталған. Жаңақорғанның Қыр Өзгентінде туылғандықтан оның есіміне «Өзгенди», «Узканди» атаулар тіркеседі. Ғұлама-ойшылдың есімі Шәмші қожалардың (Молда Шәмші) таксономына айналған. С.Дәуітов М.Узкандидің шығармаларына алғаш назар аударған. Ұрпағы Д.Шоманов М.Узкандидің 40 хикметін жинап, ғыл. айнылымға ұсынды. Ол хикметтердің көпшілігі Ясауидің хикметтері жинақтарына енген. Шәмшідін хикметтерінде соңғы шумаққа өз есімін қосып отырады. Мысалы: «Ай, таубасиз ғашықлар, майханада куб иатур, Дардиң тегди, Шамсуддин, майханаға кириб кур» немесе «Кел имди, Шамси ғаси, қой бу сузни, Дидар учун хақ иолына кирмайн му?», «Қожамсымай, ей, Шәмшідін өзің білгіл, Өзің білміш ілімің бірлә аман қылғыл», деген тіркестер ақынның авторлық қолтаңбасы. Оның соңына бүгінге жеткен аз мұрасының өзі сопылық поэзиядағы дәстүрлі сабақтастықты сақтаған орасан зор рухани байлық. М.Узканди Ясауи поэзиясының өлең-өлшемдерін, ой-орамдарын, оның әспеттеген түркілік-исламдық құндылықтарын жалғастырып, тарихи танымды жаңа көркемдік биікке көтере білген шығармашыл тұлға.

Әдеб.: Дәуітов С. «Көне мұра қамқорлыққа зәру» //«Қазақ әдебиеті». 1993. Дәумен қажы Шоманұлы. Ғибратнама. – А.: «Мұрагер», 2006. Дәумен қажы Шоманұлы. Мәуләна Шәмшідін (Шәмші Бүзірік) ұрпақтарының шежіресі және хикметтері. – Шымкент: «Азиат», 2016.

Х.Тұрсұн

МЕРКІШҰЛЫ МОЛЛА МӘДИ (1865, Түлкібас – 1924, Түлкібас) – ақын, қоғам қайраткері. Толық аты – Молла Медеу, Молла Мәди, Камина Молла Маңди Меркіш Майлыкенти. Ауыл мектебінде сауатын ашқан, сосын Манкент медресесінде оқып, Қ.А.Яссауидің ілімімен сусындаған. Ташкенттегі Көкалташ медресесінде діни сауатын жетілдірген. 1887-88 ж. ауылдық жердегі балаларды оқытады. Сондықтан ағартушылықты ақындықпен ұштастырып, халықты оқу-білімге, өнерге шақырады. Сол жайлы еңбектер жазып, оны «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы» газеттеріне жариялайды. Отаршылар саясатына қарсы күресте болады. М.М.Меркішұлы мұралары «Тухфа-и жумһурият» («Республикаға сый»), «Пірі едім жарлының» атты кітаптары арқылы танылды. Қолжазбалары ҚР ҰҒА ғыл. кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы. Соңғы жылдары ақынның шығармалары ғыл.-зертт. нысан ретінде кеңінен қарастырылып келеді. Өмірі мен шығармашылығы жөнінде белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы М.Мырзахметұлы көптеген мәліметтер ұсынса, оның шәкірті, ізденуші С.Өмірзақов «Мәди Меркішұлының әдеби мұрасы» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғап (2002), көлемді зерттеулер жасады әрі ауқымды материалдар жария етті. Өз заманының заңғары саналған Мәди Меркішұлының Түркістан өңірінде ұлт - азаттық күрестің рухани болмысын

жырға арқау еткен жазба әдебиеттің өкілі ретінде танылуы, оның ақындық сипатының шынайы көрінісін бейнелейді.

Әдеб.: Өмірзақов С.Д. Мәди Меркішұлының әдеби мұрасы. Филолог. ғыл. канд. ... дисс. – Түр., 2002; Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., - 2005.

Н.Мансұров

МЕРЦИЕВ Михаил Сергеевич (1918 ж.т.) – 1938 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің тарих ф-тіне оқуға түседі. 1941 ж. Кеңес әскері қатарына шақырылып, соғысқа қатысады. 1942 жылдың маусымынан 1945 жылдың сәуіріне дейін Германия концлагерлерінде тұтқында болады. 1946 жылдан Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінде оқуын жалғастырып, 1948 ж. бітіріп шығады. Орта Азия мемл. ун-тінің археология кафедрасында еңбек етіп, Түркімен КСРО ҒА-ның Түркіменстандық археол. экспедициясына қатысады. 1959 жылдан Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих, археология және этнография ин-тында жұмыс істеді. 1959-63 ж. Шардара су қоймасын салу аймағында жүргізілген археол. зерттеулерге қатысты. М.С.Мершиев Ақтөбе 1(4-13 ғ. басы) қалашығының цитадель, шахристанында және қорғаныс құрылыстарында қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл зерттеу нәтижелері ғыл. айналымға енгізілген. 1967 ж. «Қазақстанның Оңтүстігіндегі қоныс, қалалардың даму тарихы» атты кандидаттық диссертация қорғады. 1971 жылдан 1974 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан кешенді археол. экспедициясы құрамында жұмыс істеп, Отырартөбе, Қаламтөбе, Пышақтөбе қала қоныстарында қазба жұмыстарын жүргізді.

Шығ.: Городище Актобе1 (VI-начало XIIIв.). // Древности Чардары. – А., 1968. К вопросу о

стратиграфии нижних слоев Тараза // Новое в археологии Казахстана. – А.-А., 1968; Древности Чардары. – А.-А., 1968; Поселение Кзыл-Кайнар-Тобе I–IV вв. и погребение на нем воина IV–V вв. // По следам древних культур Казахстана. – А.-А., 1970.

Әдеб.: Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (ЮККАЭ): Научные биографии участников и библиография исследований: материалы международной научно-практической конференции, посвященной 40-летию работы Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Шаульдер. 18-19 октября. 2011. – А., 2014.

Д.Мұстапаева

МИЛЛЕР КАРЛ (т.ж.-ө.ж.б.) – Ресей империясы қызметіндегі ұлты неміс офицер, елші. Түркі тілдерін жақсы меңгерген. 18 ғ. 30-шы жж. Кіші мен Орта жүздердің шекаралық аймағына жіберіліп, қазақ даласындағы саяси жағдайды, қазақ халқының тіршілігі мен салт-дәстүрін зерттеген, қазақ тілін үйренген. 1738 ж. Орск қ. Ташкентке жіберілген бірінші орыс сауда керуенін басқарды. Ресейден Бетпақдала арқылы Орта Азияға барған алғашқы еуропалық саяхатшы. 1738 ж. 25 қазанда Түркістан қ. жеткен. Аталған елді мекенде Әбілмәмбет сұлтанмен, Сеит сұлтанмен, Нияз батырмен, Нақыпқожамен, Галдан Цереннің өкілі Кашка басқа да белді адамдармен жолыққан. Ташкентте Жолбарыс ханмен, Төле бимен кездескен. Жүздескен қазақтың тарихи тұлғалары туралы күнделігінде құнды ақпарат береді. Түркістан қ-сын да сипаттап, онда үш мешіт бар екенін көрсеткен. Ескі мешітте Әзірет Қожа атты ұлы әулие жатқанын жазады. Түркістан айналысында бидай, тары, арпа, мақта егілетіні айтылады. 1739 ж. жас офицер қызметі жоғарылап секунд-майор шенін алады. 1742 ж. 3 қыркүйегі мен

1743 ж. 2 мамыр аралығында майор шенінде болған ол Жоңғар ханы Галдан-Церенге елшілікке жіберіледі. Ол Орталық, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймағымен 4000 км аса жол жүрді деп саналады. 1743 ж. 27 наурызда тағы да Түркістан қ-на келіп, мұнда 2 сәуірге дейін болады. Сеит ханмен, анасын жерлеуге әкелген Шақшақ Жәнібек батырмен жолығып, Орск қаласына бет алады. Оның бізге жеткен күнделіктері аса құнды тарихи дерек болып табылады. Оның жолсапар бағытының картасы да сақталған. Ұлты неміс орыс офицерінің бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. Тарихшы И.В.Ерофееваның пікірінше, ол Түркістан қ-ның 18 ғ. жасалған сызбасының авторы болып табылады.

Шығ.: Материалы поездки поручика Пензенского гарнизонного пехотного полка Карла Миллера и геодезиста подпоручика Алексея Кушелева с торговым караваном из Оренбурга в Ташкент // Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 32-55; Журнал поездки майора Пензенского гарнизонного пехотного полка Карла Миллера к джунгарскому хану галдан-Церену // Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С.101-135.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Документальные материалы российских путешественников и исследователей XVIII- середины XIX в. О Жетысу и Южном Казахстане // Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С.5-21.

М.Қожа

«МИР`АТ АЛ-ҚУЛУБ» – Қожа Ахмет Ясауи бабамыздан қалған санаулы

шығарманың бірі. Бұл шығарманы жинақтап, кейінгілерге жеткізуші Ясауи бабамыздың шәкірті – Мұхаммед Данышманд Зарнуқи. Ол – Ясауи бабамыздың Отырарға «суфра тұту» (рухани ілімді тарату) үшін жіберген белді шәкірттерінің бірі. Бұл рисаланың жазылуына (М. қ.) деректеріне қарағанда, шәкірттерінің: «...шайхтық пен муридтік жайында және осы ұлы силсиланың сүлкі (метлды) мен тариқаты жайынан мәлімет берсеңіз, өзіңізден кейінгі шәкірттеріңізге мирас болып қалар еді», деген ұсынысынан кейін жазылып, хатқа түседі. Ясауи бабамыз кітаптың басталуында былай дейді: «жол бастаушы тұлғалар мен көсемдерді үш топқа бөліп қарастыруға болады. Шарифат көсемдері – ғұламалар мен қағандар; тариқат көсемдері – шайхтар (пірлер) мен сопылар; хақиқат көсемдері – арифтер мен әрқашан Хақтың жанынан табылатын шайхтар». Ясауи бабамыз осы «Мират ал Қулубта» «шарифат дегеніміз не? тариқат дегеніміз не? хақиқат дегеніміз не?» деген сұрақтарға былай деп жауап береді: «Шарифат – сыртқы ағзалармен амал ету; тариқат – қалб-жүрекпен, яғни көңілмен амал ету; хақиқат – сыр». Ясауи бабамыз діннің негізгі тармақтарын осылай топтастыра отырып, олардың әрқайсының ерекшеліктерін талдап көрсетеді. Сонымен бірге «Мират Қулубта» Мұхаммед Данышманд Зарнуқи мен куравийа тариқатының негізін қалаған Наджм ад-дин Кубраның да пікірлері орын алады. Жалпы Ясауи бабамыздың «Мират Қулуб» рисаласының қазіргі күні бірнеше қолжазбасы белгілі. Ол қолжазбаның бірі – Швецияның Упсала қ-ндағы үн-т кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы (14 ғасырда көшірілген). Бір қолжазба Алматы қ-ндағы Ұлттық кітапхананың қолжазба қорында, келесі бір

қолжазба Ташкент қ-ндағы Өзбекстан ҒА Абу Райхан Бируни ин-тының қолжазба қорында сақтаулы.

Әдеб.: Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи. Көңілдің айнасы (Мир'ат ал-қулуб). – Анкара: 2000. Ясауи мұралары, 5-кітап. – А., 2013.

З.Жандарбек

МОЛА ШАҢ ХӘКІМ ТҮРКІСТАНИ (т.-ө.ж.б.) – ғалым, оқымысты. Өзінің аты – Мола шаһ Хәкім. Әкесінің есімі – Молла Мансұр. Түркістани оның Түркістандық екенін танытады. Өмірі туралы нақты деректер жоқ. Алайда XIX ғасырда өмір сүрген деген мәліметтер бар. Өзінің және әкесінің есіміне «молла» сөзінің қосылуына қарағанда діни сауатты болған әрі араб, парсы тілдерін жақсы білген. 1880 ж. Нур ад-Дин Абд ар-Рахман Джамидің «Баһар Бустанын» («Көктемгі бақ») көшіріп, сосын XVII ғасырда өмір сүрген Амин ад-Дин хан бин Саид Әбу-л-Макарим Әмірхан әл-Хусаини әл-Харауи есімді ғұламаның «Дар байан данастин қиимат джауһари» («Асыл тастардың бағасын білу жайлы») еңбегінің «Ма'лумат әл-Афақ» («Мағлұматтар көкжиегі») асыл тастардың сапасы жайлы бөлімін қағазға түсірген. Бұл Ташкенттің Қолжазба ин-тының қорында сақтаулы.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А.: 1995. Отырар. Энциклопедия. – А.: 2005.

Н.Мансұров

МОТОВ Юрий Аркадьевич (26.2.1949, Алтай өлкесі, Троицкий ауд. Заводской поселкі – 2016) – археолог. Әскери теңіз флот қатарында әскери борышын өтеп келген соң 1973-77 ж. Абай атынд. Қазақ пед. ин-тының тарих ф-тінде жоғары білім алды. Ол студент кезінде бел-

гілі археолог И.И.Копыловтың Талғар қалашығында жүргізілген археол. зерттеулеріне қатысты. КазПИ-ді бітірген соң «Казпроектреставрация» ин-тына қызметке тұрып, А.Н.Марьяшевпен, А.С.Ермолаевамен бірге ортағасырлық Түркістан қорғанын зерттеуге қатысты. 1980 ж. Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тына жұмысқа тұрады. 1980-86 ж. Оңт. Қазақстан археол. кешенді экспедициясының зерттеулеріне қатысады. Түркістан обл-ндағы Құйрықтөбе қалажұртын қазу жұмыстарына қатысты, Отырар алқабының керамикасын зерттеді. 1986-91 ж. Қазақстанның мемл. орт. мұражайында археология бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1991 жылдан Ә.Х.Марғұлан атынд. археология ин-тының аға ғыл. қызметкері болып жұмысқа қабылданады. Неолиттен бастап ортағасырлық кезеңнің түрлі ескерткіштерін, олардың ішінде көне түркі мүсіндермен қатар обаларға қатысты зерттеулері белгілі. Көптеген археол. экспедицияларға қатысып, көшпенділердің мәдениеті тақырыбында маманданған ғалым.

Шығ.: Крепостные стены позднесредневекового Туркестана // Известия АН КазССР, серия общ. наук. Вып.1. 1982.– С.40-46; К интерпретации изображений на парных пластинах из «Сибирской коллекции Петра I» // РА. № 3; К изучению идеологии раннесредневекового населения Алтая (по материалам могильника Кудыргэ) // История и археология Семиречья. Выпуск 2. – А.: 2001. – С. 63-86.

М.Қожа

«МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ» – қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларының бірі. Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Алматы кітапханалары мен архивтерінде оның түрлі нұсқалары сақтаулы. Оның сюжетіне ұқсас болып келетін «Алтын Айдар», «Зар-

лық», «Шаншар», «Қисса-и Мұңлық-Зарлық» атты нұсқалары да бары белгілі. Алматыдағы Орт. ғыл. кітапхана мен М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған «Мұңлық-Зарлық», «Мұңлық-Зарлық дастаны», «Зарлық», «Шаншархан ертегісі» деп аталатын нұсқалары белгілі. Төрт нұсқа да Жүсіпбекқожа Шайхисламұлы нұсқасынан тараған. Шілтерханов «Мұңлық-Зарлық» қисса-хикаяттағы жер атауларына талдау жасап, онда аталатын атаулардың барлығы Сырдария бойында барын көрсетті. Сыр бойында ежелден айтылатын аңыздың ізімен Жүсіпбекқожа Шайхисламұлы 1895 ж. қарашаның онында оны нәзіралық дәстүрінде дастан етіп жазып бітірген. Ақынның көзі тірісінде 19 ғ. аяғы мен 20 ғ-дың басында он рет басылған. «Мұңлық-Зарлық» дастанының қысқаша мазмұнын келтірейік: «Ертеде Шаншар деген хан алпыс әйелі болса да, бір перзентке зар болады. Осы зарынан әулие аралайды, Құдайдан бала сұрайды. Бір күні шаршап, дәрмені құрып, құлап көзі ілініп кетсе, Қыдыр келіп аян береді: «үйіңе қайт, тағы бір әйел ал, ол саған бір ұл, бір қыз тауып береді», - дейді. Хан Барын уәзірі әкелген сұлудан да бала көрмейді. Ақыры балықшы Жәудір (Жаудыр) шалдың қызы Қаншайымға үйленеді. Қыздың аяғы ауырлап, босанатын күн келгенде, Шаншархан: «Мен нәресте даусын естіп көрмеп едім, жүрегім жарылып, өліп кетермін», – деп Шәгірлінің тауына аңға шығып кетеді. Қаншайым алтын айдарлы ұл, күміс айдарлы қыз табады. Бірақ, ханның алпыс әйелі күндеп, мыстан кемпірге алтын беріп, «балаларды өлтір» дейді. Қаншайым босанарда мыстан дем салып, есінен тандырып, тұған ұлы мен қызының орнына иттің екі күшігін салып қояды. Ұл

мен қызды дарияға тастайды. Ғайыперен қырық шілтен балаларды суға түсірмей қағып әкетіп, Шөгірлінің тауына алып барады. Екеуіне бір киікті ана қылып, тас-тан қалап үй тұрғызып, баспана жасап береді. Баланың атын Зарлық, қыздың атын Мұңлық қояды. Бала орнына күшік таптың деп, хан жарлығымен Қаншайымды екі күшігімен бір меңіреу аралға апарып тастайды. Екі бала мен Қаншайымның көрген азаптары, есейген Зарлықтың Күлмесханның елінде болғаны, ақыры Мұңлық пен Зарлықтың әке-шешесімен табысқаны, мыстан мен алпыс қатынның жазасын алғаны жөнінде баяндалады. Осы аңыздағы Шаншарханның ордасы Сырдарияның сол жағалауында орналасқан Асаршық-Шаншар қалашығы екенін кәріқұлақтар айтады. Дастанда «Ғазар деген дария» аталады. 10 ғ. ғалымы Сухраб (ибн Сарабийун) Яксарт-Сырдарияны Хазарлар өз. деп жазған. Араб тілді геогр. шығармалардың ең әуелгісі болып саналатын әл-Хорезмидің «Китаб сурат ал-ард» – «Жер суреттерінің кітабы» атты кітабында «ал-Хазар» қ. айтылады. Зерттеушілер Хазар қағанатынан басқа хазарлардың шығыстық – «түркістандық» тобы болғанын, хазарлар Сырдың орта ағысында орналасқанын айтады, бір топ ортағасырлық жазбагерлер Селжүк әулетін хазарлардан таратады. Сыр бойындағы хазарлар 9-10 ғ-ларда осы аймақта үстем еткен оғыздар құрамына еніп кеткен. Дастандағы кісілердің есімдері Шаншар (Санжар), Жәудір (Жаудыр), Барын дегендер түркі тілдерінің оғыздық тобына жақын. Қаншайымның әкесінің балықшы болуы, дастандағы басты оқиғалардың дария бойында болды деп баяндалуы аңыздың Сырдария бойында пайда болғанын тағы бір айғақтайтын жәйт деп қабылдауымыз қажет.

Дастан ішінде ескі наным-сенімдердің іздері ерекше назар аударарлық жағдай. Балаларды суға түсірмей алып қалған, екі балаға пана қылып, киікті ана етіп берген Ғайыперен Қаншайымды дарға асқанда «... келіп, дардың арқанын үш мәрте үзген» Хазірет Әлі, Ғайып ерен қырық шілтен ұлының атын Зарлық, қызының атын Мұңлық деп қояды. Шөгірлінің тауына аң аулай келген Шаншархан басы алтын, арты күміс киік Зарлықпен жолықтырады. Аңыз, дастан шамамен 9-10 ғ-ларда болған тарихи оқиғалар негізінде пайда болған.

Әдеб.: Шілтерханов Ә. Мұңлық–Зарлық оқиғасы қайда өткен? //Шығармалары. II т. – А.: 2001. Қожа М. Ортағасырлық Отырар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: 2006. Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археологиялық деректер негізінде. – А.: 2017.

М.Қожа

МҰСАБЕК ҚАЛДАРБЕКҰЛЫ (1815, Түркістан обл. Ордабасы ауд. Бірлік а. – 1882, Ордабасы) – Қазақстанның оңт-ндегі Қоқан езгісіне қарсы 19 ғ. ортасындағы көтерілістің басшысы. Мұсабек көтерілісі туралы Ә.Жылқышиев «Дауылдан кейінгі жорық» романын, Н.Сүлейменов 1967 ж. «Ордабасы», 1972 ж. «Мұсабек батыр» атты дастан жазды. Батырдың өмірі туралы Ш.Уәлиханов пен Қ.Мұса да Мұсабек батырды елге танытуда елеулі еңбек етті. 1996 ж. Д.Шерімқұлов «Мұсабек батыр, Сапақ датқа» кітабын жариялады. 2010 жылдың наурызында Шардарада Мұсабектің 195 жылдығы атап өтілді. Ж.Жаббаев «Хан мен ақын» атты дастанында Оңт. өңіріндегі осы көтеріліс туралы жырлаған. Онда Мұсабек батырдың Мырзаби ордасын төңкеріп, басын алғаны айтылады. Мұсабек батыр бастаған көтерілістен соң елдің жағдайы ерекше қиындап кет-

кені белгілі. Қоқан хандығының жазалау шараларынан қауіптенген ел орыс иелігіне өткен Сырдың төм. ағысына қарай үдере көшті. Қоқан хандығымен осы мәселелерді реттеу үшін келіссөз жүргізуде қоңыраттардың датқалары Қанай мен Сапақ елеулі қызмет атқарды. Қанай датқа ел жағдайынан хабардар болған соң, билерге басшылық жасап, тездетіп Қоқанға аттанып, Құдияр ханмен жүзбе-жүз кездесіп, Қоқан тарапынан болатын жазалау шараларын тоқтатады. Жазалау басталатын болса, Мұсабек батырдың бес мың қолмен Ташкентке шабуыл жасауға әзір тұрғанын, сондай-ақ Бұқара әмірінің 40 мың қолмен Оратөбеден Қоқанды жаулауға аттанғалы жатқанын да ескертеді. Бұл кездесу кезінде Құдияр бірқатар жеңілдіктер жасауға, Ташкент құшбегі Мырза-Ахметті орнынан түсіріп, оның орнына інісі Мұрат-Аталықты тағайындауға, бектердің өлтірілуіне байланысты жазалау әрекеттерін қолданбауға, 3 жылдан бері елден толық жиналмай келе жатқан алым-салықтың белгілі бөлігінен бас тартуға мәжбүр болады. Мұсабек батырдың ерлігі Мырзабиді өлтірумен шектелмейді, оның Қоқанға қарсы күрес бастаушы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемдерінің бірі болғаны патшаның отаршыл әскери өкімет орындарының өз басшыларына жазған мәліметтерінде ерекше атап көрсетіліп отырған. Мәскеудегі мемл. әскери-тарихи мұрағаттың құжаттарында Қоқан ханының өзара бітімге келу жөніндегі ұсынысын Бұқара әмірі Батырханның қабылдамағаны, сондай-ақ қоңырат тайпасынан Мұсабек пен Қоныс басқарған жасақтардың да Қоқанға қарсы ұрыс қимылдарына әзір тұрғаны баяндалған. Қоқан езгісіне қарсы бас көтерген көтерілісшілердің Орынбор ген.-губернаторына 1858 ж. 23

маусымда жазған хатында: «Көк ұлы, Көтенші қол басып, Көшік ұлы Әбілхайыр сұлтанды, Бибатыр ұлы Досмұхамет мырзаны, Жандарбек ұлы Сопыбек мырзаны жібердік. Біз Қоқанға қарайтын Қоңырат деген ел едік, қанша залымдық қылса да, қонысымызды қимай шыдадық. Енді бізді патша ағзам, қарауыңа алып, Қоқан зорлығынан құтқарып, қалауыңша жерге орналастыр», - деп жазды. «Мұсабек көтерілісі» аңызға айналып, оның дақпырты Арқа жеріне де кең таралған. Мәшһүр Жүсіптің шежіресінде осы айтулы оқиға әсерлі суреттеледі. Өзбекстандық тарихшылар 1858 ж. наурызда Ташкент бегі мен оны қолдаушы Құдиярханға қарсы бағытталған қазақ, өзбек, қырғыздардың көтерілісі туралы зерттеулер жүргізген. Солардың бірі Х.Н.Бабабеков көтерілістің шығуына Қанайдың Мырзабиді өлтіруі себеп болды деп, Мырзаби қазақ қыздарының есебін алып жүргенде, ер киімдегі қоңырат датқасы Қанайдың қызын байқап қалып, кейін жасырғаны үшін айыппұл талап еткендігін, ал ызаға бұлыққан Қанай Мырзабидің басын шауып өлтірді деген дерек айтады. Қазақ-Қоқан қарым-қатынасы тарихнамасына үлес қосқан шымкенттік тарихшы Р.Бекназаров көтерілістің ұйытқысы қоңыраттар болды деп көрсетеді. Т.Отарбаев жазбасында кейбір кісі аттары мен кісілік дәрежесі бөлектеу болғанымен Мырзаби, Қанай датқа күйінде кездеседі және Мырзабиді өлтіретін Қанай датқаның өзі емес, Мұсабек батыр. Орыс, өзбек тіліндегі жазбаларда кісі аттарына қатысты ауытқушылық болғанымен, оқиғалардың барысы сәйкес келеді. Ол деректердің бәрінде қоңыраттар, Мырзабиге еріп жүрген 150 адамды жайратып салғаны, оларға төңіректегі дулат, бестамғалы және шанышқылы рулары қосылғандығы

айтылады. Қоқан хандығына бағытталған осы көтеріліске қоңырат және басқа да тайпалардың белсене қатысқаны М.Жүсіпқожаұлы, М.Сұлтанқожаұлының шығармаларында жырланады. Мұрағат дерегінде Мырзабиді өлтірген Қанай датқа деп көрсетілсе, Майлықожаның «Қараның өтті хандары» атты толғауында Мырзабиді өлтіруге қатысқандар ішінде қоңыраттың көктің ұлыларынан Мұсабек, Тәнен, Байбақ батырларының аттары көрсетіледі. Майлықожа «Мырзабиді өлтіріп, Батырлығын даң қылған, Мұсабек батыр жандардан» деп жырға қосты.

Қоңыраттардың Мырзабиді өлтіруінен басталып, Құдиярхан билігіне қарсы бағытталған Оңтүстік қазақтары көтерілісін дулат, бестамғалы, шанышқылы рулары да қолдап, Түркістан мен Шымкент аралығын қамтыған ауқымды бас көтеруге айналды. Көтеріліс барысында шанышқылы руы 50 салық жинаушыны өлтірсе, бестамғалы руы сарттарды Шолаққорғанға қарай ығыстырады. 1858 жылдың наурызындағы мәліметте, Қоқан ықпалынан Бұхараға қашқан 500 түтін қоңырат ауылдарының хабарын естіген Ташкент билеушісі олардың соңына қуғынға әскер аттандырған. Бұхара шекарасына жеткен қоңыраттарды қоқандықтар аяусыз жазалады. Қуғыннан қашып құтылғандар бұл хабарды Бұхараға жеткізеді. Бұхарлықтар қоқандықтарға қарсы 600 адамнан тұратын әскер аттандырады. Мұндай әрекетті күтпеген қоқандықтар кері қайтады. Аталмыш құжаттағы мәліметтер қоңырат руларының Бұхарамен байланысын, сонымен бірге көтерілісті бұхарлықтардың да өз мақсаттары үшін пайдаланбақшы болғандығын айғақтайды. Қоқан хандығына бағытталған 1858 ж. көтеріліс барысында қазақтар наурыз-маусым

аралығында ашық шабуылға шықса, шілде-қыркүйек айларында Бұхара-Қоқан арасындағы саяси оқиғалардың барысында саябырлайды. Осы жылдың тамызында Ташкент билігіне қарсы шыққан қоңыраттар мен М. басқарған басқа рулар Бұхараның әрекетін күтіп, Ташкент, Түркістан тұрғындары барлық малын бекініс маңында ұстап отырған. Қоқан билігіне қарсы 1858 ж. көтеріліс Кенесары ханның оңтүстікке жасаған жорығының жаңғырығы болды. Кенесары бастаған көтеріліс жеңілгенімен, олардың көтерген тәуелсіздік мұраттары Мұсабек батыр бастаған көтерілістің барысында қайта жанданды. Көтерілісшілер әскери іс-қимылда елеулі жетістікке жетпегенімен, жат жерлік отаршылардың мәдени, рухани және діни ықпалына түскен елдің ұлттық рухын көтеріп, намысын оята алды.

Әдеб.: Жабаев Ж. Орыс тіліндегі толық жинағы. -1946; Қазақ ССР тарихы, III-том. Қазақ ССР Ғылым Академиясы баспасы, 1979; РГВИА. Ф.1443, д.9, л.218-220; ҚРОММ, 383 қор, 81-іс, 33 п; Жамбыл Омари. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз аталықтар. - 369-370 б.; Бабабеков Х.Н. Народные движения в Кокандском ханстве и их социально-экономические и политические предпосылки /XVIII-XIX вв/. Ташкент: ФАН, 1990. «Социалды шашу» ұжымдық жинағы. – Таш., 1935. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. –А., 1991. – 63-б.; ҚРОММ, 382- қор, 1-тізбек, 5-іс. 164 п.

Х.Тұрсұн, С.Сайфулмаликова

МҰСАЕВ Кеңесбай (24.3.1931 ж.т., Түркістан обл. Созақ ауд.) – филол. ғыл. докто., проф. (1972), ҚР ҰҒА акад. (2003), «Түрік тілі» ұйымының құрметті мүшесі. Түркістан пед. уч-щесін (1947), ҚазМУ-дың филология ф-тін (1952), Тіл білімі ин-тының аспирантурасын (1956) бітірген. «Қарайым тілінің құрылымы» (1963) тақырыбында докт. диссертация қорғады.



Қарайым тілінің фонетикасы мен морфологиясын жүйелі түрде қамтыған еңбегі «Қарайым тілінің грамматикасы» (1964) деген атпен жарық көрді. Онда Литва мен Украинада тұратын қарайымдардың тілдері туралы деректер жинап, тракай, галиция диалектілері жайында жазды. Мұсаев қыпшақ тобындағы тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеп, әліпби, лексика және орфография мәселелерімен айналысып келеді. Қазіргі кезде Орт. Еуразияда түркі тілдері, олардың тілдік, мәдени байланыстары туралы еңбектер жазып жүр. Басты еңбектері: «Грамматика караимского языка. Фонетика и морфология» (М., 1964), «Лексика тюрских языков в сравнительном освящении» (М., 1975), «Краткий грамматический очерк караимского языка» (М., 1977), «О глагольно-именных конструкциях в современном казахском языке» (АҚД., М., 1956).

 Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.; Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – б.; Қазақ тілі. Энциклопедия. – А.: Қазақстан Республикасы Білім,

мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму ин-ты, 1998.

Ш.Құрманбаева

МҰСА ШАЙХ – Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайхтың он бес жыл қызметінде болып, жетілген соң Йасы еліне «суфра тутуға» (рухани ілімді тарату) жіберген шәкірті. Кейіннен Ибраһим шайх ұлы Қожа Ахмет Ясауиді жасы жиырмаға толғанда Мұса шайхтың қолына, Йасы еліне аттандырады. Мұса шайх Қожа Ахметке қызы Айшаны қосып, өзіне күйеу бала етіп алады. Мұса шайх осылай Ибраһим шайхтың шәкірті, Қожа Ахметтің қайын атасы болады. Түркістанда жерленген. Қабірі белгісіз.

 Әдеб.: Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. Том-2. – А.: Берн-Таш.-Блумингтон, 2008.

З.Жандарбек

МҰХАММЕД БАҚИ ҚАРНАҚИ (т. ө.ж.б.) – хаттат. Толық аты – Мұхаммед Бақи Әбу Йүзбаки Баркаи Қарнақи. Өз аты – Мұхаммед Бақи. Әкесінің есімі – Әбу Йүзбаки Баркаи. Қарнақи оның Қарнақтық екендігін танытады. Қарнақ – ортағасырдағы қалалардың бірі. Мәдениеті мен әлеум. жағдайы өзгеше қалыптасқан бұл қалада кезінде оқу орындары, қолөнер шеберлігі, тіпті өнеркәсіптің де мықтап дамығандығын айтады тарихшылар. Міне, осындай қаладан шыққан Мұхаммед Бақидың өзінің есіміне туған жерінің атын қосып келген. Алғашқы білімді өзі туып-өскен жерінде алады. Кейін Түркістан, Бұхара, Самарқанд шаһарларында білімін толықтырады. 1358 ж. Джалил бин Мұхаммед ар-Ридауи есімді ғұламаның «Хашийа ала-л-мақала ас-санийа фи-л-қадайа аш-Шамсийа мин

шарх ар-Рази» еңбегін хатқа түсірген. Хаттаттың бұдан өзге де еңбектері болуы мүмкін. Алайда ол әзірге белгісіз. Оның өмірі мен атқарған қызметтері жайында да толыққанды мәліметтер бүгінде жоқ.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А.: 1995.

Н.Мансұров

МҰХАММЕД ДАНЫШМАНД ЗАРНУҚИ

– Қожа Ахмет Ясауидің Отырарға «суфра тұтмақ» үшін (рухани ілімді жаю) жіберген шәкірті. Қожа Ахмет Ясауиден қалған «Мират ал-Құлуб» шығармасының бір авторы ретінде осы Мұхаммед Зарнуқиды айтады. Мұхаммед Данышманд Зарнуқидың шәкірттерінің бірі – Сүксүк қожа. Ол Сүксүк қожа ешкінің пірі Сексек Ата ретінде белгілі. Оның шәкірті Әулие Мәлік Ата – Ясауи жолын Түркия жеріне апарған Ясауиша тариқаты өкілдерінің бірі болды. М.ұхаммед Данышманд Зарнуқидың өзі ұзақ өмір сүрді. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезеңінде Ясауи жолы өкілдері Шыңғыс ханды қолдады. Мұхаммед Данышманд Зарнуқи да Шыңғыс ханға қызмет етті. Шыңғыс әскері мен Зарнуқ қ. арасында елші болып, қала халқын қарсыласпай берілуге көндіруі, Шыңғыс ханның ол қалаға «Құтылығ балығ» деп ат беруі – соның айқын дәлелі.

Әдеб.: Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1. кн.2. – М., 1952; «Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии». – А., 2002; Қазыналы Оңтүстік, 56 т. 3-кітап. – А., 2013.

З.Жандарбек

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ (1499 – 1551) – тарихшы, қолбасшы, қоғам қайраткері. Толық аты – Мұхаммед Хайдар Мұхаммед Хұсайынұлы Дулати. Өз есімі – Мұхаммед Хайдар, әкесінің есімі – Мұ-

хаммед Хұсайын, ал Дулати – шыққан тегі. Кейде мырза сөзі де есіміне қосылып айтылады.



Ол текті әулеттен шыққандығын танытады. Әкесі Моғолстан ханы Жүністің күйеу баласы, кезінде билік жасаған. XV ғ-дың соңы мен XVI ғасыр басында Моғолстанның батыс бөлігін билеген Сұлтан Махмұд ханның серіктерінің бірі болған. Анасы – Хуб Нигар ханым. Ол белгілі тарихшы әрі реформатор Захриддин Мұхаммед Бабырмен бөле. М. Х. Дулати жастайынан әке-шешесінен айырылып біраз уақыт бөлесі Бабырдың үйінде тұрады. Белгілі тарихшы әрі қоғам қайраткерінің құнды деректерге толы еңбегі «Тарих-и Рашиди» деп аталады. Еңбек Моғолстан мен оның айналасындағы елдердің тарихын сөз етеді. Жетісу мен Дешті-Қыпшақ даласындағы оқиғалар феодалдардың соғысы, сыртқы жауларға күш біріктіріп қарсы тұру үшін қазақтардың қырғыздармен және өзбектермен өзара одақтасуы жайлы мәліметтер мол. Сондай-ақ Қазақстан жерінің жағрапиялық сипаты, ш. мәдениеті, әлеум. жағдайлары жайлы мәліметтер де кездеседі. Еңбектің тарихи мәліметтерінің дәйектемелері айқын болуы өзі сол ке-

зеңдегі саяси дүрбелеңдердің ортасында болды. Кей оқиғаларға өзі де қатысты. Сондықтан көптеген жайттарға куә болуы әрі қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы жайлы да ұсынылған мәліметтері қашан да құнды. Тарихшы әрі қолбасшы болған тұлға жайлы соңғы жылдары ізденістер мен зерттеулер көптеп қолға алынып келеді. 1999 ж. 500 жылдық тойы түркі халықтарының ортақ мұрасы ретінде Ташкентте халықар. деңгейде атап өтілді. Мүшелі тойы ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдер күнпарағына енгізілді. Оның құрметіне Тараз мемл. үн-тіне М. Х. Дулати есімі берілді. 2007 ж. Ш.Айманов атынд. «Қазақфильмде» белгілі кинорежиссер, документалист Қ.Умаров «Мұхаммед Хайдар Дулати» деректі фильмін түсірді.

Әдеб.: Қазақстан тарихы. II т. – А., 1998; Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди – А., 2003; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, VI т. – А., 2004.

Н.Мансұров

МҮЛКІЛ АТА ӘУЛИЕ – әулие адам. Мүлкіл ата қабірі Түркістан обл. Шардара қ-ның солт-нде, қаланың Мелдеби мөлтекауданындағы қорымда орналасқан. Жаушықұм төбенің шығыс беткейінің етегінде орналасқан бұл ескі қорымды жергілікті халықтар «Мүлкіл ата әулие қорымы» деп атайды. Шамамен 15 ғ-лық қорымның солт-ндегі төбе Сырдария алқабымен шектеседі. Осы төбедегі 18x14 м-лік алқапты қышпен жартылай соққан қоршау ішінде диаметрі 7,5 м-лік жұмыртқа үлгісіндегі үлкен шеңбер ішінде жақпар тастарымен қоршалған үйінді бар. Оны «Мүлкіл ата қабірі» деп атайды. Қабірдің айналасы таспен қоршалған, ортасы ойыстау, үсті таза, ешқандай ағаш жоқ. Кесененің батысы ашық, тегіс, екі-

үш-ақ қабір бар, қалған бөлігінде қалың қабір жайғасқан.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

МҮРДЕТӨБЕ – ортағасырлық қоныс орындары. 1) Түркістан обл. Түлкібас кентінен оңт.-шығысқа қарай 2 км жерде. 1940 ж. Жамбыл археол. экспедиция (жетекшісі Г.И.Пацевич), 1980 ж. Шымкент пед. ин-ты археол. экспедиция отряды (жетекшісі Н.П.Подушкин) зерттеген. Қазіргі орны – табанының диаметрі 80 м, үстіңгі бөлігі 35 м, биікт. 12 м дөңгелек төбе. Қазба жүргізу кезінде табылған қыш құты, құман, күбі ыдыстарының сынығына қарағанда тұрғындар қонысты 5-8 ғ-ларда мекен еткен. 2) Түркістан обл. Түлкібас кентінен оңт.-шығысқа қарай 1,5 км жерде. 1940 ж. Жамбыл археол. экспедиция (жетекшісі Г.Н.Пацевич), 1980 ж. Шымкент пед. ин-ты археол. экспедиция отряды (жетекшісі Н.П.Подушкин) зерттеген. Қоныс түрі – «алаңқай төбе». Орт. төбе табанының ауданы - 20x50 м, үстіңгі бөлігінің ауданы – 40x30 м, биікт. – 3-6 м. Оның солт. және шығыс жағында таға тәріздес ауданы 0,1 га, биікт. 1,5-2 м алаңқай төбешік оңтүстікке созыла орналасқан. Зерттеу барысында жиналған толқын сызықты өрнектер салынған заттарға (қыш ыдыстар – құм, тостаған, қазан, тағы басқа) қарағанда қонысты халық 8-10 ғ-ларда мекен еткен. Олар егін егіп, мал өсірумен шұғылданған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. ; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – б.

Ш.Құрманбаева

МҮСІРӘЛІ ТИКЕШҰЛЫ (1667, Бұхара хандығы, Тамдыбұлақ аймағы, Керізбұлақ а. – 1732) – 17 ғ-дың соңы мен 18 ғ-дың бірінші ширегінде өмір сүрген пір, діндар, хазірет. Мүсірәлінің тектік шежіресі «Родословное древо М.Ауезова» атты кітапта былайша жазылған: «Аллах-берди-шейх (имана его сыновей-Өтеш (Өтеген) – шейх, Тикеш-Ибрахимкул, среди сыновей Тикеш шейха известен (Мүсир-Али-шейх), духовный предводитель племени Алшын (Керейт, его сын Косым-шейх, основатель рода «Косым-кожа»)). Мүсірәлі Тәуке ханның жанында Бас әзіреті қызметін атқарған. Адалдығына, әділдігіне, парасатына сүйсінген көпшілік оны Әжіқожа, Мүсірәлі имам, Мүсірәлі Керейт атандырған. Алғашқы білімді ауыл мешіті жанындағы медреседе алған. Кейінірек орта Азия елдері үшін аса беделді оқу орны саналған Үргеніштегі медреседе оқиды. Үргеніштің бай кітапханасынан шығыстың мол мәдени мұралары – әлемге әйгілі шығармаларын оқып, ой-өрісін, білім көкжиегін кеңейтеді. Өзінің табиғи аса дарындылығы, тұма таланттылығы арқасында ақиқатты (Алланы) тану тағлиматының (ғылымының) ахуны деген мамандық алады. Мүсірәлі Тәуке ханның ұсынысымен Керейт руына пір сайланады. Оның бірден-бір себебі шашырап жүрген кіші руларды біріктіріп, Жетіру бірлестігін құруда жатқан болатын. 1697 жылдың шамасында Мүсірәлі өзіне жақын ағайындарымен бірге Жент қ-на жақын маңға көшіп келіп қоныстанады. Тәуке хан және қазақ билерінің шақыруымен Мүсірәлі «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заңдарын түзісуге ат салысқан қайраткер. Ол Керейт руының ортасында дін жолымен шешілетін мәселелерді, дау-жанжалды реттеп отырған. Керейттер

Мүсірәліні пір санап, қадірлеп «Керейт қожа» атаған. Әз Тәуке Қазақ хандығының саяси құрылымын бекіте түсу үшін дінді мемл. идеологияның бір тармағы ретінде пайдаланған. 1708 ж. рухани басшы Бас әзіреті (Пір) қызметіне кімді ұсынамыз деген үлкен мәселе көтеріледі. Сонда Мүсірәлі жеңіске жетіп, Үш жүзге пір сайланады. Бұл қызметті Мүсірәлі Тәуке ханнан соң, Қайып ханның тұсында да атқарады. Оны 1718 ж. Қайып ханның хаттарын дайындаған Мүсірәлінің (сопы Әзиз) мөрінен көруге болады. Мүсірәлі жөнінде 19 ғ-да өткен ғалымдар В.В.Радлов, Ә.Диваев, т.б. дәлелдеді мәліметтер қалдырған. М-нің сопылық ғылым жолында көп ізденіп, төтенше қайраткерлік әрекеттер жасап, ізгі істермен есімі жалпақ елге жайылып кеткеніне шүбә келтіруге болмайды. Мүсірәлі ақтабан-шұбырындының аласапыранымен Үргеніш тарабына ауады. Өмірінің 17-18 ж.н Түркістанда өткізген Мүсірәлі үш некелі болған. Олардан Сүгірәлі, Дербісәлі, Мұхамбетәлі, Сауранбай, Дос, Қосым деген балалары болған. Сауранбай атты ұлы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жерленген. Баба сүйегі Әбілқайырханның үлкен ұлы Нұралы ханның оң қапталында жатыр.

Әдеб.: «Родословное древо М. Ауезова». – А., 2017; Ашанұлы Қ. Мүсірәлі абыз. – А.: 2000. Есламғалиұлы М. Әйтеке би. – А., 2003.

М.Миразов

МЫҢБАЙ МЫҢБАСЫ (т.ж.б. – 1864). – Қоқан хандығының әскербасы, орыс басқыншылығына қарсы күрес жүргізген қаһарман. Қыпшақ руынан шыққан. Сұлтан Саидхан ибн Маллахан хижра есебімен 1280 ж. сафар айының жетісінде (1863 ж. 24 шілде) Қоқан тағына көтеріледі. Әлімқұл Ферғана амирлашка-

ры болып, барлығын өз қолына алады. Шадманқожа Ташкент және Түркістан уалаятына уәли болады. М. Әлімқұлдың орынбасары болып тағайындалады. Мыңбайды Хожанд қ-н басып алуға аттандырады, оған берілгендер қала қақпасын ашып береді. Мыңбай ерлігімен, ержүректігімен, сонымен қатар парасат білігімен аз уақытта билеушілердің көзіне түсіп, мыңбасы дәрежесіне көтеріледі. 1864 ж. 7 шілдеде Черняев Шымкентке шабуыл жасайды. Артиллериялық снаряд жетіспегендіктен, ол Шымкентті қорғаушыларды ығыстыра алмайды да, Әулие-Атаға кері бұрылады. Шымкенттегі Қоқан әскері, Сұлтан Саидхан мен Әлімқұл өздерінің жеңісін аспанға зеңбіректен оқ атып, сырнайлатып атап өтеді. Бұл соғыста Әулие-Атаны амалсыз Черняевқа қалдырған бестаңбалы Ниязәлі мен шымыр Әбдуәлі би, ошақты Арыстан батыр, шанышқылы Исламқұл пансат пен Темір пансат үлкен қайрат көрсетеді. Мыңбай Шымкентті қорғауда асқан ерлік жасайды. «Ер Мыңбай бір іс бастады, көп орысты жаныштады» деп ақындар жырға қосты. Екі айдан соң күш жинаған Черняев әскері Шымкентке қайта шабуылдайды. Қала қамалында қанды қырғын орын алады. Осындағы шайқаста Мыңбай мыңбасы Қошқар Ата түбінде қатты жарақаттанып қаза тауып, осы аймаққа жерленеді.

Әдеб.: Махдум хожи М.О. Тарихи Түркистон. – Таш., 2008. Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – А., 1992; Қазыналы Оңтүстік. 4-кітап. 26-том. – А., 2012.

М.Миразов

МЫҢҒЫТӨБЕ – бірнеше қорғандардан тұратын обалар. Түркістан облысы Шардара қ-нан оңт.-батысқа қарай 4 км жерде. Обаларды 1950 ж. Оңтүстік Қа-

зақстан археол. экспедициясының меңгерушісі Е.И.Агеева зерттеген. Обалар қырық-елуден топ-топ болып бір-бірімен жалғаса үйілген. Үш обадан мүрдені өртеп қойғандығы анықталды. Өліктерді өртеп жерлеу салты мен обаларды жасау әдісі олардың б. з. 7-9 ғ-ларында өмір сүрген тайпалардың қорымы екендігін дәлелдейді.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.– А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

МЫҢШЕЙІТ ӘУЛИЕ – Түркістан облысы, Төле би ауданы, Қасақасу ауылы әкімшілігінде орналасқан кесене. Мыңшейіттің жоғ. жағындағы төбе Қантөбе деп аталады. Төбенің қасында Қаруыл шоқысы бар. Мыңшейіт Қасқасу аулынан шығып, Сайрамсу өз-н бойлап автомобиль жолымен (Қасқасу Кемпинг) шығысқа қарай 7 шақырым жүргенде оң қапталда анық көрінеді. Әулиелі жер 18 гектар алқапты алып жатыр. Мұнда Мыңшейіт мешіті салынған. Әулиенің айналасы жеміс бағына оранған. Қорым ішіндегі төбешіктердің диаметрі әртүрлі, ең кіші деген қабірдің диаметрі 2,5 метрден



Мыңшейіт мінәжаты

бастап, кейбіреуі 2 тіпті 3 есеге үлкейіп жатыр. Ел арасындағы аңыз әңгімеге қарағанда, шейіт болғандарды бір қабірге бірнеше адамнан жерлеген дейді. 1960 ж. аңыздың анық-қанығын білгісі келгендер бір моланы ашқанда басы бөлек жатқан екі жауынгердің қаңқа сүйегі шыққан. Екеуінің жанында да тот басқан қару жарақтары сақталған. Мыңшейіт оқиғасының аңыз емес, шынайы шындықпен астарласып жатқанын ортағасырлық шығармалар мен аты әлі көпшілікке мәлім емес, білім иесі, ғұлама Б-дың «Зигзал» атты кітабынан аңғардық. Араб қолбасшысы Күтәйп ибн Муслим әскері Қазақстанның оңт-не 714 ж., яғни 7 ғ-да кіреді. Осы кезде Мәуренаһрдағы бауырластарына үнемі қолұшын беріп отыратын Түрікелі қағанаты орта Азиядағы арбтардың жаулап алған жерлеріне үлкен қауіп төндірді. Себебі олар Шаш (Ташкент) пен Ферғананың, Самарқанд пен Бұқараның автохонды тұрғындарын қолдау үшін әскер жіберіп отырды. Испиджабты (Сайрам) жоғ. түркештердің қолбасшысы Әбу Мырзақым, (Сүзеген) қаған араб басқыншылығына сәтті тойтарыс берді. Міне, осы тұста Мыңшейіттігі оқиға орын алған болатын. Әбу мырзақым сарбаздары араб әскерлерін тасталқан еткен. Мыңшейіттің қасиетті мекен болғандығын Б-дың «Зигзал» кітабының Испинджаб дұғасынан табамыз. Испинжабон – екі мың асыл кісілер шанид балған жер. Бұл оқиғаны естіген араб, парсы жазбагерлері Мыңшейітті тікелей атамағанымен, Испинджаб өңіріне қарасты болғандықтан сол атаумен оқиға барысын жеткізген. Мыңшейіт әулиені 1964 ж. қоршатып, басына шырақшы үйін салдырған Пошатай Бишымырұлы болған. Ал мешіт үйін ұзынарықтық Молберген Жамалбеков ұйытқы болып

тұрғызған. Мыңшейіт әулиенің басына сан тараптан зиярат етушілер мен туристер үздіксіз келіп жатады.

Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік 22- кітап, 3-том. – А, 2011.

М.Миразов

МЫРЗАХМЕТҰЛЫ Мекемтас – (9.5. 1930 ж.т., Түлкібас ауд. Майтөбеде а.) – Абайтанушы, филол. ғыл. докт., проф., «Абайтану» ғыл.-зертт. орт-ның директоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Абай атынд. Қазақ пед. ин-тының (қазіргі Абай атынд. Қазақ ұлттық пед. ун-ті) филология ф-тін (1953), оның аспирантурасын (1964) бітірген. 1953-61 ж. Низами атынд. Ташкент пед. ин-тында кафедра меңгерушісі, декан, проректор, 1969-75 ж. ҚазПИ-де доцент, 1975-91 ж. Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер, абайтану бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1991-2000 ж. Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің кафедра меңгерушісі, Ясауи ғылымдары зертханасының меңгерушісі, әдебиет және этнофилология ғыл.-зертт. орт-ның директоры, 2002-03 ж. Түркітану ғыл.-зертт. ин-тының директоры қызметтерінде болды. 2000 жылдан М.Х.Дулати атынд. Тараз мемл. ун-тінде қазақ әде-

биеті кафедрасының меңгерушісі және «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» ғыл.-зертт. орт-ның директоры, «Бауыржантану» ғыл.-зертт. орт-ның бас ғыл. қызметкері. М. Мырзахметұлының зерттеу еңбектерінде Абайтану мен Мұхтартану, Бауыржантану, Ясауитанудың, Абайдың ақындық зертханасының жайы, ақын мұрасының рухани нәр алған қайнар көздері. Абай мұрасының шығыспен байланысы 1965 жылдан бастап терең зерттеле бастады. Абай мұрасындағы мораль философиясының негіздері оның исламға, адамгершілік мұраттарына қатысты зерттеліп ашылды. Қараханидтер заманынан бастау алған кемел адам мәселесі Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» дастанында қамтылып, Ясауидің «хал ілімі» (камили инсани) арқылы негізделіп, Абайдың «толық адам ілімі» арқылы дәстүрлі жалғастық тауып даму жолдары жәуанмәртлік, яғни иманигүл (үш сүю) жайындағы Абай танымдары негізінде талданып, бір жүйеге түсірілді. М.Мырзахметұлы кеңестік кезеңде-ақ патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты негіздерін әшкерелеп («Қазақ қалай орыстандырылды», 1993), қазақ жеріндегі топонимдер мен антропонимдердің саяси-әлеум. сырларын ашып, қоғамдық ой-санаға ықпал етті. Абайтану мен Мұхтартанудың ғыл. негізді қарым-қатынасын зерттеді. Абай шығармаларын жаңа қырынан талдап, ондағы айтылмай келген шығыстық мәселелер мен танылмай келген ойларды, шығыстық термин сөздерді бүгінгі күн талабы тұрғысынан жаңаша қорытып, ғыл. айналымға түсірді. Сондай-ақ қазақ әдебиетінің түрлі салаларынан мамандар даярлап, отыздан астам кандидаттық диссертация қорғатты. Абайта-

нудың библиографиялық көрсеткіштерін құрастырып (1965, 1988, 1995) алғы сөздерін жазды. «Абай» энциклопедиясы мен М.Әуезовтің 20 томдық, 50 томдық шығармалар жинағын шығаруға ат салысты. «Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш» (1965), «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары (1982), «Абай жүрген ізбенен» (1985), «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш» (1988), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993), «Абайтану тарихы» (1994), «Восхождение Мухтара Ауэзова к Абаю» (1994), «Абай және Шығыс» (1995), «Әуезов және Абай (1996), «Түркістанда туған ойлар» (1998), «Түркістан, Тараз арасы...» (2002), т.б. монографиялар, кітаптардың («Абайды оқы, таңырқа», 1993; «Абайтану дәрістері», 1994; «Абайтану дәрістерінің дерек көздері», «Абайды білмек парыз, ойлы жасқа», 1997. 1996 ж. елбасының жарлығымен ғылым саласындағы ерен еңбектері үшін Қазақстанның мемл. сыйлығын алды. 2001 ж. «Құрмет» орденімен марапатталды. 2003 ж. «Түркі әлеміне сіңірген еңбекгі үшін» халықар. сыйлық лауреаты (Анкара); Бауыржан Момышұлының атынд. «Құрмет белгісі», «Парасат» ордені, 2008 ж. «Астанаға 10 жыл», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.; Дәдебаев Ж. Абайтанудың ұшар биігі // «Орт. Азия мен Оңтүстік Қазақстанның рухани мәдениеті: қалыптасуы, зерттелуі, жариялануы мен болашақ бағыттары» ф.ғ.д., профессор, ҚР Мемл. сыйлығының иегері Мекемтас Мырзахметұлының 80 жылдық мерейтойына арналған халықар. ғыл.-тәжірибелік конференция материалдары. – Шымкент: «Нұрлы бейне», 2011.

Ш.Құрманбаева

МІРӘЛІ БАБА КҮМБЕЗІ – Түркістан обл. Сайрам ауд-ның маңында орналасқан 19 ғ-дан сақталған ескерткіш. Аңыз бойынша кесене 11-12 ғ-ларда өмір сүрген қасиетті кісінің қабіріне 15-16 ғ-ларда тұрғызылып, кейінгі кезде жойылып кеткен мазардың орнында тұр. М.Е.Массонның мәліметі бойынша 1925 ж. күмбез әлдеқашан құлап қалған, ғимараттың соңғы қалдықтары мүлде бұзылған. Архит. ескерткіш көл. – 120x250x60 м. Ол күйдірілген кірпіштен қаланған. Күмбездің сырты сыланған. Қасбеті биік аркалы қуысы бар порталмен нақышталған. Қуыс ойығынан кіре беріс есік шығарылған. Ішкі құрылымы аркалы қабырғалары бар шаршы үй болып келеді. Қабырғалары мен едені сыланған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., 2005.; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна», 2005.

Л.Еспекова



Мірәлі баба кесенесі

НАҒАНАЙ БЕК (1298 ж.ш., Сарай Бату – 1361, Қарақалпақстан, Қият (қазіргі Беруни қ.) – Жошы ұлысының (Алтын Орда) билеушілері Өзбек (1313-42) және Жәнібек (1342-57) хандардың мәртебелі бектерінің (қарашы бектерінің, беклербектерінің) бірі болған тарихи тұлға, атақты би. Алтын Орда хандары ежелгі дәстүр бойынша ел басқару ісін мемлекет құрамындағы қуатты тайпалардың көшбасшы ұлысбектерінен іріктелген төрт қарашы бекпен кеңесе отырып атқарды. Ұлы ханнан кейінгі екінші лауазым – ұлұғбек (беклербек) те сол қарашы бектер арасынан тағайындалды. Нағанай бек Хорезм өңірін ортағасырлық Түркістан өңірінің батыс бөлігімен (Сырдарияның төм. алабымен) қоса билеген әйгілі ұлысбектердің мирасқоры. Жошы ұлысына қатысты деректерде оның есімі – Нағдай, Нағатай, Нангудай, Янгудай, қарақалпақ шежіресінде Нағдай би түрінде мәлім. Халқымыздың шежіре тарқату дәстүріне сәйкес қазақ қоңыраттарының түп атасы ретінде сипатталатын Нағанай бек тегі – Шыңғысханның бәйбішесі Бөрте шыққан әулетке барып сабақтасады. Ғыл. деректер бойынша Нағанай бек Жошы ұлысын билеген Мөңкетемір (1266-82) мен Тоқтай хандар (1291-1312) заманындағы дүмді нояндардың бірі Салжұдай Бұлағанұлының немересі. Салжұдай – парсы жылнамашысы Рәшид әд-диннің жазуынша, қоңырат көсемі Дай ноян (Бөртенің әкесі) мен оның інісі Дәрітайдан тарайтын ұр-

пақтардың бірі. Оның әкесі Бұлаған ноян өз уақытында қоңыраттар мен хан әулеті арасында әуелден қалыптасқан құдандалық дәстүрге сай, Шыңғысханның кенже ұлы Төле ханның немересі Келміш бикеге (Бекелміш) құда түсіп, оны Салжұдайға алып берген. Келміш екеуінен туған Олжай бике кейіннен Жошы ұлысының билеушісі Мөңкетемірге ұзатылып, бұл некеден болашақ хан – Тоқтай дүниеге келген. Жошы хан жеке еншісіне Дешті-Қыпшақ пен Хорезм аум. тигеннен кейін, өз ұлысының күнгейіндегі Хорезм (орт. Үргеніш) өңірі мен одан теріскейге қарай Сырдария алабын қамти жатқан аймақтарды Шыңғысхан әулетіне әуелден құдандалы жұрт болып келетін – қоңырат бектерінің басқаруына берген. Мұны қоңыраттан шыққан Байтемір бек, сондай-ақ Құтлықтемір, Нағанай секілді әйгілі беклербектердің Хорезм ұлысбектері атанғандарынан да байқауға болады. Рәшид әд-дин өз жылнамасында Салжұдай ноянның қонысы да сол «Хорезм жақта», яки соған іргелес аймақта екенін жазады. Зерттеушілердің пайымдауынша, ол өңір – Теріскей Хорезмнен Ұлы Дала кеңістігіне шығар бағыттағы Жанкент атырабы. Сырдың төм. алабындағы ірі сауда жолының өтінде тұрған осы иелікті Мөңкетемір хан өз билігі кезінде қайынатасы Салжұдай ноянға берген еді. Жанкенттен басқа Баршынкент сияқты қалалары бар бұл өңір шығысқа қарай Орда ежен ұлысына (Алтын Орданың сол қанатына) қарайтын Сығанақ, Өзгент, Сауран, Түркістан (Йасы), Отырар сияқты қанаттас шәнарлар тізбегіне ұласып жатты. Осы ретте XIII-XVII ғасырлардағы бірқатар араб-парсы тілді дереккөздерде («Тауарих и гузида – Нусрат-наме») «Түркістан» терминінің негізінен Сырдарияның ортаңғы және төм. ағысында жатқан атал-

мыш қалалар мен өңірлерге қатысты айтылатынына назар аударар едік. Демек, Салжұдай иелігі осы аумаққа енетіндіктен, оның немересі Нағанай да түп-тегі Нағанай бек ортағасырлық Түркістан уәлаятынан шыққан тұлға ретінде пайымдалады. «Жамиғ ат-тауарих» жылнамасында Салжұдайдың Байлақтан (Яйлақ) басқа баласының есімі аталмайды. Дегенмен, осы орайда американдық ғалым Ю.Брегельдің ортаазиялық қоңыраттардың әулеттік тарихын зерттеген еңбегіндегі Ағадай баһадүр туралы дерекке назар аударуға болады. Онда Ағадайдың 30 мың үйлі қоңырат пен 100 мың түтін басқа да түрік жұрттарын басқарып, Бұлғар, Шеркес, Қазан ұлыстарын билегені, оның баласы Нағанай бек Өзбек ханның Еділ дариясының төм. ағысындағы елге билік еткені, ол бектің Хорезмде жерленгені жазылған. Хиуа тарихшылары Ширмұхаммед Мунис (1778-1829) пен Мұхаммед Риза Агахидің (1809-74) қыпшақшаға жақын тілде жазылған «Фирдаус ал-Икбал» (Берекенің бейіш бағы) атты шығармасында Бұлғарды біраз жыл билеген Ағадай баһадүр туралы айтылады. Ол орыстар мен шеркестерге қарсы жорықтарға шығып, сол аум-нтағы Жошы хан заманынан бері қирап жатқан қалалардың қорғандарын қалпына келтіріпті. Мунистың жазуынша, Ағадай 1312-13 ж. соғыста қаза тапқан. Осы орайда Ю.Брегель еңбегінде Ағадайды әйгілі қолбасшы Ноғайдың баласы ретінде сипаттайды. Дегенмен Ноғай – Шыңғысханның тұқымы, Ағадайдың – қоңырат тайпасынан шыққандығын ескерсек, бұл қисын үйлесе қоймайды. Шамасы, бұл жерде оның Ноғайға «күйеу бала» екендігі меңзеліп тұрса керек. Осы реттен алғанда Салжұдай ұлының есімі парсылық дереккөзде Байлақ, Яйлақ деп

әртүрлі жазылуына қарап, оны хиуалық қоңыраттардың әулеттік шежірелерінде Ағадай немесе Яғадай түрінде қалыптасқанын шамалар едік. Дереккөздерден Ағадайдың өз әкесі Салжұдайға тиесілі жоғары дәрежелі ұлысбек, қарашы бек лауазымын атқарғаны байқалады (30 мың үйлі қоңырат пен 100 мың үйлі басқа руларды билейді). Рәшид әд-Дин шежіресінің мәліметі бойынша Салжұдай 1302 ж. дүниеден озған. Натанзидің «Бүркеншек Ескендірінде» Нағанай бек 1359 ж. шамасында дүниеден өтті деп есептеледі. Байлақтың (хиуалық дереккөздердегі Ағадайдың) 1300 ж. қайынатасы Ноғай қаза табардан үш-төрт жыл бұрын үйленгенін еске алсақ, оның өзін 1280 ж. шамасында дүниеге келді деуге болады. Демек, Салжұдай көз жұмғанға дейін де, оның жасы жиырмалардан асқан баласы Байлақтың (Ағадайдың) әкесі атқарған жоғары лауазым мен оның ұлысын басқаруды өз қолына алғаны пайымдалады. Оның бұл лауазымы соңыра баласы Нағанай бекке ауысты. Яки, оның ата-тек тізбесі: Бұлағаннан – Салжұдай, Салжұдайдан – Ағадай (Байлақ), Ағадайдан – Нағанай түрінде тармақталады. Оның 1290 жылдың екінші жартысында дүниеге келуі мүмкін екендігі 1334 ж. араб жиһангезі Баттута Жошы ұлысын аралаған кезде Нағадай бек қызы, Өзбек ханның екінші ханымы боп отырған Кебек бегімнің жасы сол шақта жиырмаларды шамалайтынына қатысты дәйекпен де орайласады. Нағанай бек – Өзбек және Жәнібек хандар кезінде беклербек лауазымын атқарды. Бұл оның «Жәнібек ханның венециялық көпестерге 1342 жылғы жарлығы» атты маңызды құжатқа қол қойған әйгілі сегіз бектің арасында бірінші боп тұрғанынан да аңғарылады. Ол бұл жоғ. дәрежеге қоңы-

раттан шыққан әйгілі беклербек Құтлықтемірден кейін ие болған. Нағанай бек осы лауазымына сәйкес, хан әулетімен байырғы тікелей құдандалық дәстүрді әрі қарай ұластырады. Оның қызы Кебек бегім – Өзбек ханның екінші ханымы атанса, баласы Ақсұпы – Өзбек ханның бәйбішесінен туған қызы Шекербикеге үйленеді. Араб жиһангезі Баттута Жошы ұлысына келген сапарында Кебек ханым туралы «Бұл Нағатай бектің қызы. Әкесін көрдім. Аяғы сүйек тасу дертімен (подагра) ауырады екен» деген дерек қалдырған. Әдетте мұндай науқаспен ауыратын адамдар, «өздігінен аяғын басып қозғала алмайды, көбіне арбамен жүреді. Нағатай да хан алдына кіруі керек болса, қызметшілері оны қолдарымен көтеріп әкеледі» деп жазады саяхатшы. Өзбек пен Жәнібек хандар билік құрған жылдар Жошы ұлысының ең дәуірлеген кезеңі. Әлбетте ұлыс мерейін көтеру жолында жүзеге асқан талай жарқын істерде қарашы бек, беклербек лауазымдарын атқарған Нағанай бек үлесі мол болған. 1350 жылдың соңында Нағанай бек биліктен тыс қалғанымен одан тараған ұрпақтың Жошы ұлысының жоғары дәрежелі бектері арасындағы орны әлсіремеген. 1358 ж. Жәнібек ханның баласы Бердібек ханның Венеция көпестеріне қатысты жарлығынан Нағанай бек бірінші боп тұрған орнына баласы Құсайын сопының жайғасқанын көреміз. Нағанай бектің билікке белсене араласқан Құсайынсопы, Жүсіпсопы және Ақсұпы деген үш баласы болған. Құсайынсопының да әкесі секілді биік лауазымға жеткенін осы жарлықта бірінші боп тұрғанынан байқау қиын емес. Ол бұл тізімде Бердібек ханның әйгілі бектері қият Моғұлбұғаның, бас уәзір Сарайтемірдің (Құтлықтемір беклербектің інісі) алдында

тұр. Бердібек хан өлгеннен кейінгі бір тақталасы кезінде Н. б. те басқа белгілі бектермен бірге қазаға ұшырады. Дағдарыс басталар қарсаңда оның балалары Құсайынсопы мен Жүсіпсопы Құтлықтемір ұлысбек боп басқарған, кейін Нағанай бек иелігіне ауысқан Хорезм ұлысын Сырдарияның төм. алабымен қоса Алтын Ордадан бөліп алып, дербес мемлекет етіп құрып та қойған еді. Қоңырат әулеті 1359 ж. іргесін қалаған бұл ұлыс 1388 ж. Әмір Темірдің жойқын шабуылына ұшырап, өмір сүруін тоқтатты. Содан Н. б. ұрпақтары тек 1763 ж. ғана Хорезм өңірін басқару ісіне қайта оралып, 1920 жылға дейін ғұмыр кешкен Хиуа хандығын үзбей биледі. Хиуа тарихшыларының дерегі бойынша, Нағанай бек көне Қият (қазіргі Беруни) шаһарындағы (Қарақалпақстан) әйгілі Аббас Уәли шейх мазаратынд. өзі салдырған кесенеге жерленген. Кесене 19 ғ-дың бас кезінде қираған. Оның жанындағы Аббас Уәли шейх кесенесі 20 ғ-дың 80 жылдары қалпына келтірілген. Нағанай бектен тараған әулеттің Хорезм-Хиуа өңірі мен Сырдың төм. алабына, ортағасырлық Түркістан аймағына талай ғасыр бойы танымал болған зор атақ-абыройы осы аймақтағы этносаияси үрдістерге өз ықпалын тигізді. Қазақ және қарақалпақ қоңыраттарының сабақтас тіршілік кешулері аясында Нағанай бекті өздерінің түп бабасы ретінде тану үрдісі жүйеленген.

Әдеб.: Трепавлов В.В. Золотая Орда в XIV столетии. – М.: «Квадрига». – 2010. – 72 с. (С.23); Рашид ад-Дин. Сборник летописей. т.1. кн. 1. М.-Л.: АН СССР. – 1952. – 221 с. (С.162); Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 2. – М.-Л. : АН СССР. 1960. – 253 с. (С.72, 73, 104); Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды // История Казахстана в арабских источниках. 1 т. – А.: «Дайк-Пресс», 2005. – 711

с. (С362); Григорьев А. П., Григорьев В. П. Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции. Источниковедческое исследование. – СПб.: «Издательство СПбГУ», 2002 г. – 276 с. (С.14-15, 71-77); Костюков В.П. Улус Джучи и синдром федерализма // Проблемы истории, филологии, культуры. Выпуск XVII. – М.: Магнитогорск; Новосибирск, 2007. – С. 454–489. (С.463); Сабитов Ж.М. Улусы Шибана и Шибанидов в административной структуре Золотой Орды в XIII-XIV веках. С. 31–38 // История, Экономика и Культура Средневековых Тюрко-Татарских государств Западной Сибири. Материалы Второй Международной Конференции (Курган, 17-18 апреля 2014 г.). – Курган, 2014. – 148 с.; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.: «Наука», 1969. – 651 с. (С.17, 494); Мустакимов И.А. Джучи и Джучиди в «Таварих и гузида – Нусрат-наме» (некоторые проблемы перевода и интеграции хроники)..//Тюркологический сборник. – М.: «Наука» – Восточная литература. - 2013. – С. 231-254. (С.244); Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды // История Казахстана в персидских источниках.. IY т. – А.: «Дайк-Пресс», 2006. – 619 с. (С.255); Исхаков Д.М. Исторические очерки. – Казань: «Фэн» АН РТ, 2009. – 164 с. (С.43); Зайцев И.В. Астраханское ханство». – М.: Вост. лит-ра. РАН, 2006. – 303 с. (С.14); Бейсенбайұлы Ж. Нағанай бек және оның заманы // «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары. Респ. ғыл.-тәжір. конф. мат. жинағы. – Түркістан: «Тұран», 2016. – 196 б. (Б.145-146); Йазди, Шараф ад-Дин Али. Зафар-наме. Книга побед Амира Темура. – Таш.: Изд. «San'at», 2008. – 486 с. (С.77, 381); Бартольд В.В. Сочинения. Т. 8. Работы по источниковедению. – М.: «Наука», 1973. – 723 с. (С.577)

Ж.Бейсенбайұлы

НАЙМАН ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ – 19 ғ-дағы сәулет өнер ескерткіші. Түркістан обл. Отырар ауд. Бөген өз-не таяу жерде Ақарыққа жақын жатқан, оңт-тегі қырда тұр. Кесене жоспарда төрт бұрышты, ауданы – 4,6 м х4,5 м х4,7 м х4,5 м. Биікт. шамамен 6 м. Төбесі күмбезді етіп қыштан

өрілген. Кесене қабырғаларының сырты күйдірілген кірпіштен, ал ішкі бөлігі қам кесектен тұрғызылған. Құбыла бағытындағы сыртқы қабырғада ені 60 см ойық есік бар. Есіктің үстіңгі жағы сопақша қыштардан иіліп өрілген. Кесене қабырғалары сыртынан қыштарды қырынан құлата қойып өрнектелген. Бұл кесенеге ерекше сымбат беріп тұрады. Өкінішке орай, ескерткішке ерекше сән беріп тұрған бұл өрнекті қалаудың едәуір бөлігі мүжіліп құлаған. Құрылыстың ішкі бөлігі сыртымен салыстырғанда жақсы сақталған. Найман әулиеге көрші орналасқан Бестораңғылда қазір шырақшы қызметін атқарып келе жатқан Отаровтар Найман әулиеде жерленген кісінің аты Наурызбай болған деген мәлімет берді.

Әдеб.: Кожя М. О забытых и новых памятниках Отрарского района ЮКО // Сохранение и использование объектов культурного и смешанного наследия современной Центральной Азии. – А.: 2005. – С. 27–28; Кожя М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: 2006. – 41-42-бб.

М.Қожа



Найман әулие кесенесі

НАЙМАНБАЕВ Қалдарбек (16.3.1939, Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд. Асықата а. – 22.9.2004, Алматы қ.) – жазушы, Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2011).



ҚазМУ-ды (1961) бітірген. 1960-92 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында бас редактор (1970-76), авторлық құқық жөніндегі агенттік басшысы (1986-87), «Ара – Шмель» журналының бас редакторы (1987-88), «Жазушы» баспасының директоры (1988-92), Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы (1991) болды. 1992 жылдан өмірінің соңына дейін Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы төрағасының 1-орынбасары қызметін атқарды. Алғашқы повестер мен әңгімелер жинағы 1965 ж. «Даңқ тұғырында» деген атпен жарияланды. «Біз сені күтеміз, Гүлзат» (1986), «Домалақ арыз» (1987), «Жаңа жыл алдында» (1988) атты пьесалары респ. және облыстық театрлар сахнасында қойылды. Ол «Көктөбе», «От пен ойын» романдарында жекеле-

ген адамдар қарым-қатынасы арқылы қоғамдық қайшылықтар сырын ашуға әрекет жасайды. Шығармалары шет тілдеріне аударылған.

Шығ.: Қоштасқым келмейді, А.: 1969. (орыс тілінде 1971); Үміт өтелі, А.: 1971. Сол бір түн, А.: 1972. – Таңдамалы шығармалар жинағы. II т. А.: 1991. «Даңқ тұғырында», «Қоштасқым келмейді», «Бастау», «Сол бір түн», «Үміт өткелі», «Беймаза қонақ», «Аптап», «Не хочу прощаться», «Ночная дорога», «Шілде» повестер мен әңгімелер жинақтары, «Ерлі-зайыпты екеуі және басқалары», «Біз сені күтеміз, Гүлзат», «Дома-лақ арыз».

Әдеб.: Нысанбаев Ә. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 8 б.; Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, 4-том Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 270 б.; Мақта ордасы – Мақтарал (Ауданның 75 жылдығына арналған жинақ). – А.: «Тұран», 2003.

Ж.Өмірбекова

НАЙМАНТӨБЕ – ежелгі қоныс орны. Түркістан облысы, Түлкібас ауданы бұрынғы Корниловка ауылының шетінде, Арыс өз-нің сол жағалауында. 1940 ж. Жамбыл археол. пунктінің экспедициясы (жетекшісі Г.И.Пацевич) тапқан. 1966 ж. Шымкент пед. ин-тының археол. отряды (жетекшісі Н.П.Подушкин) зерттеген. Қоныс «алаңқайлы төбе» түріндегі ескерткіш болып табылады. Орт. төбенің табаны 100х90 м, биікт. 9 м. оған оңтүстік-шығыс жақтан таға тәрізді келген алаңқайлы-төбешік жалғасады. Оның ауданы 30х50 м, биікт. 5 м. төбенің солт. беткейінен аум. 5х2 м тік қазба (шурф) түсірілген. Ол 2 м терендікке дейін жеткізілген. Қазба барысында үй қабырғаларының орны, қышыдыстар сынықтары, үй және тұз аңдарының сүйектері аршылып алынған. Құмыралар (хум, құмыра, саптаяқ, қақпақ, т.б.)

түрлері ас үйлік, ангобпен әшекейленген. Кейбіреулеріне тік, ирек сызықтар түсірілген. Табылған заттарға қарағанда, қонысты халық VIII-X ғасырларда мекен етіп, Арыс өз-нің төм. ағысындағы елді мекенмен мәдени-экон. байланыстар орнатқан.

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2005.

Ш.Құрманбаева

НАРЫМБЕТОВ Сатыбалды Жәлелұлы (1946 ж.т., Түркістан обл. Түркістан (қазіргі Созақ) ауд.) – қазақстандық кинорежиссер, жазушы, Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2005), Қазақстан мемл. сыйл. иегері (1996). Мәскеу қ-ндағы мемл. кинематография ин-тын (1969), Жоғары режиссерлік курсты (Г.Н.Данелияның шеберханасы бойынша, 1984) бітірген. 1969 жылдан «Қазақфильм» киностудиясында сценарийші әрі кинорежиссер ретінде қызмет етті. 2005 жылдан Ш.Айманов атынд. «Қазақфильм» АҚ «Дебют» бірлестігінің жетекшісі.



Жан Виго атынд. Халықар. клубтың мүшесі (Париж қ.). КСРО Жазушылар одағының, ҚР Жазушылар одағының мүшесі. Балаларға арналған «Шоқ пен

Шер» фильмінің сценарийін (1971) жазды. «Құрманғазы» атты деректі фильмі (1972), «Зауал» (1981), «Күзгі бұралаң жол» (1984) қысқа метражды фильмі, «Ұрын келген күйеу» (1987), «Созақтан шыққан Гамлет» (1990), «Көзімнің қарасы», «Жас аккордеоншының өмірбаяны», «Омпа» (1998) т.б. көркем фильмдерді қойды. «Ассалаумағалейкум, Атлантида!» (1981) атты повесть, әңгімелер жинақтары жарық көрген. Анапа қ-нда өткен 3-Бүкілресейлік «Кино-Шок» кинофестивалінің жүлдегері, 1995 ж. Францияның Анже қ-нда өткен Халықар. кинофестивалінің қазылар алақасы құрметті грамотасының иегері, Фрацуз кино өнері академиясының «Жорж Сэдүль» атынд. құрметті сыйлық иегері, 1996 ж. Қазақстан Республикасының Мемл. сыйл. лауреаты. 1996 ж. «Құрмет орденімен» марапатталып, 2000 ж. Тәуелсіз «Платинды Тарлан» сыйлық иегері атанды. 2005 ж. Қазақстанның еңб. сің. қайраткері құрметті атағын алды. 2011 ж. «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл», 2016 ж. «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен марапатталды.

Әдеб.: Нарымбетов С. Көзімнің қарасы. – А.: Хантаңірі, 2016. Зейнелғабетова Ж. Сатыбалды Нарымбетов // <https://www.oner.kz/tulgalar-cino/view/4851-satybaldy-narymbetov>; <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.

Ш.Құрманбаева

«НАСАБ-НАМА» – Ясауи жолынның тарихы және Ясауи жолының өкілі болып табылатын, өз шежірелерін Али ибн Абу Талибтің ұлы Мұхаммед ибн Ханәфийадан бастайтын қожа әулеттерінің шежіресі. «Насаб-наманың» алғашқы қолжазбасы 1988 ж. Қызылорда облысы, Түгіскен кеңшарының тұрғыны Қ. Сәруаровтан алынды. «Насаб-наманың» 70-тен

аса қолжазбасы табылды. «Насаб-нама» нұсқаларында ислам дінінің Түркістан жеріне таралу тарихына және Түркістан жеріне ислам дінін таратуға келген тұлғалардың шығу тегіне қатысты деректер мен Қожа Ахмет Ясауи мен Ясауиия тариқатының қалыптасу тарихына қатысты мәліметтер қамтылады. «Насаб-нама» нұсқаларының бізге белгілі алты нұсқасы бар: Маулана Сафи ад-дин Оруң Қойлақи Өсиет-намасы; «Насаб-наманың» Аркук нұсқасы; «Тарих-нама» Қайалық нұсқасы; «Тарджмайи Насаб-нама» Ташкент нұсқасы; Қараспан нұсқасы; Абд ал-Азиз ибн Катта қожа «Насаб-намай-и манзума. «Насаб-нама» нұсқалары 1980 жылдың соңынан бастап зерттеушілер назарына ілігіп, 1990 жылдың басынан алғашқы мақалалар жариялана бастады. Қазақстанда «Насаб-нама» нұсқаларына қатысты зерттеулер Қожа Ахмет Ясауи атандағы ун-ттің құрылған ж.нан басталады. Осы кезеңде америкалық зерттеуші Девин Дэвис тарапынан да зерттеулер жүргізілді. Түркістанда алғаш рет 1992 ж. қазақ тіліне аударылып, факсимиле, транскрипциясымен бірге «Маулана Сафи ад-дин Оруң Қойлақи «Насаб-намасы» деген атпен кітап болып жарияланды. 90-жылдардың соңына қарай «Насаб-нама» нұсқаларына деген шетелдік ғалымдардың қызығушылығы артып, 2000 ж. Швейцария мемлекеті арнайы грант бөлді. Бұл гранттық жобаны іске асыруға Қазақстан, Өзбекстан, Швейцария, АҚШ елдерінің зерттеушілері тартылды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде «Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии» деген атпен 2008 ж. және 2014 ж. екі томдық кітап жарияланды. Қазақстанда «Насаб-нама» нұсқаларына қатысты зерттеулер нәтижесінде «Насаб-нама» нұсқалары және

түркі тарихы» атты еңбек жарық көрді. «Насаб-наманың» төрт редакциясы түркі тілінде, екі редакциясы парсы тілінде жазылған. «Насаб-нама» нұсқаларында қолжазбалардың қашан жазылғандығы туралы деректер бар. Біріншісі – Қайалық нұсқасы Тарих-намада 14 раджаб 680/ 29 қазан 1281 ж. деп көрсетілген. Ал, Маулана Сафи ад-дин Оруң Қойлақи «Өсите-намасында» 1290/1291 ж. деп көрсетілген. Осы «Насаб-намалардағы» деректерге қарағанда қолжазбалар Қазақстанның Оңтүстік және Шығыс өңірлерін мекендейтін қожа әулеттері тарапынан жазылған. «Насаб-намаларда» қожа әулеттері Қожа Ахмет Ясауиге қай жағынан туыс болып келетіні баяндалады.

Әдеб.: «Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы». – А.: «Дайк-Пресс», 2002. «Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии». – А.: «Дайк-Пресс», 2002.

З.Жандарбек

НАУРЫЗБАЕВ Мырза (1900-1978) – Алаштың ардақты тұлғасы. Наурызбаевтың қайраткерлігі тарихи түркістан республикасынан бөлек Бұхара республикасында да өткен. Ол Бұхара кеңестік халық республикасы (1920-25) Нәзірлер шорасында (Министрлер кеңесі) жауапты қызмет атқарды. Туысы Жүніс Нұрымбетұлының естілігінде (1983) «М.Наурызбайұлы Файзолла Ходжаевтың орынбасары болған» делінеді. Шымкент аймақтық мемл. архивінде 1929 ж. қатталған «Мырза Наурызбаевтың жеке ісі» атты құжаттан мына деректерді оқимыз: «Ол – 1921-1922 жылдары бұқарада іс жүргізуші. 1922-1924 жылдары Орт. Қазақ бөлімінің меңгерушісі және Бұхара орт. атқару к-ті Төралқасының мүшесі, 1924-1925 жылдары осында жұмысшы жер-орман ұйымдастыру бюросының

төрағасы. М.Наурызбаев өз қолымен 1953 ж. бірінші қаңтарда жазған өмірбаянында: «1900 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданы №13 ауылында тудым», – деп көрсетеді және осы жазбасында: «ағайын-туысымның ешқайсысы репрессияланбаған», дейді. Н. ғұмырбаянында Самарқанд түзем гимназиясында оқығаны жазылған. 1917 ж. ақпан төңкерісінен кейін Бұқара қайраткерлері «Жас бұқаралықтар» атты к-т құрды. Оның құрамында Мырза Мұхиддин Мансуров (төраға), А.Фитрат (хатшы), Усман Ходжаев (қазынашы), Абду Вахит Бурқанов, Мұса Санжанов Ата Ходжаев, Ахмеджан Абдул Сайдов, Файзулла Ходжаев, Хамид Ходжаев т.б. болды. Осы оқиғалардың барысында Бұхара халқы арасында қазақтан шыққан жас қайраткер Н. жүрді. Н. – РКП (б) орт. к-тің қолдауымен және Бұхара коммунистік партиясы Орт. к-тінің 1924 ж. 10 сәуірдегі шешімімен әйгілі «Орта Азия мен Қазақстанды межелеу» тарихи шарасына осы республикадан қатысқан бес басшының бірі. 1924 ж. 12-17 маусым аралығында Орынборда өткен тұңғыш білімпаздар съезіне Бұқара мен Хорезм Қазақтары атынан қатысып сөз сөйлеген де Н. болатын. Ол көрнекті Алаш зиялыларымен тығыз байланыста болған. 1924-26 ж. Орынбордағы жұмысшы ф-тін (рабфак) бітіреді. Бұдан соң Қазақстанға келіп, Арыс ауданы жер бөлімін басқарады. 1929-32 ж. Орт. Азия мақта ирригация ин-тында оқып, 4-курста оқудан шығып қалады. 1932-35 ж. Түркістанда агроном, жер бөлімі, 1935 ж. жер халкомының шешімімен Қырғызстанның Жалалабадында агроном – жоспарлаушысы басшысы қызметіне тағайындалады 1943-49 ж. қырғыз КСР Мемл. бақылау саласында жауапты қызметтер атқарады. 1949-53 ж. КСРО Мемлекеттіу бақылау

органы Қырғызстан тобында «2-дәрежелі мемл. бақылаушы» болған. Н. 1929-30 ж. Мойынқұм және Түлкібас ауд. атқару к-тін басқарып, аяғында партиядан шығарылып қызметтен де босатылған екен. Ол 1953 ж. Оңт. Қазақстанға келіп, екі жылдай сол кездегі Киров ауд-ндағы Фрунзе кеңшарының директоры болған. Одан соң Ленин ауд. (Қазығұрт) тұтыну кооперациясының басшылығында қызмет еткен. Респ. басты газет – «Еңбекшіл қазақта» (1925 жылдан «Еңбекші» атын алды) жарияланған мақалалары қайраткердің ұлт тағдырына байланысты ойының ерекшелігін айқындай түседі. Оның 20-ж. БАҚ-та жарық көрген материалдары – қайраткер өмір сүрген кезеңнің айнасы, күрделі уақыттағы ұлт тағдырының жылнамасы дей аламыз. Ол 1963 ж. зейнет демалысына шығып, Шардара қ-на келіп қоныс тепкен.

Әдеб.: Ишанов А.И. Бухарская народная советская республика. – Таш.: 1969; История коммунистических организации Средней Азии. – Таш.: 1967; ҚР ОММ. Қ. Р-30. Тізбе. 4. Іс. 506.п. 43: Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Аст.,2015.

М.Миразов

НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ МҰРАЖАЙЫ – Түркістан қ-ндағы Ғабит Мүсірепов көшесі № 3 ғимаратқа орналасқан мәдени ғимарат. Мұражай 2006 ж. қараша айында ашылған. Алғашқы кезде қоғамдық негізде жұмыс істеп, оның жұмысын нәзіртанушы Нұрмахан Назаров басқарды. Мұражайдың ашылу салтанатына алыс-жақын шетелден ғылым, мәдениет қайраткерлері, соның ішінде Төреқұлов елшілікте болған Сауд Арабиясынан мемлекет қайраткерлері келіп қатысты. 2008 жылдың 25 наурызынан «Оңтүстік. Түркістан облысы саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының филиалы



Нәзір Төреқұлов мұражайы

Нәзір Төреқұлов мұражайы мемл. коммуналдық-қазыналық кәсіпорны» болып бекітілді. Түркістан облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық тарихи-мәдени-этнографиялық орт.» мемл. коммуналдық қазыналық кәсіпорынның «Нәзір Төреқұлов мұражайы» филиалы болып өзгерді. Мұражай меңгерушісі болып Шархан Байкенжеев тағайындалды. Штат кестесі бойынша мұражайда 6 қызметкер жұмыс істейді. Оның 5-еуі жоғары білімді. 2018 ж. мұражайдың 10 жылдығы туралы мерзімдік басылым беттерінде жазылды. Дегенмен мұражай тарихы 1997 ж. Төреқұловтың 105 жылдығын Түкістанда кең көлемде атап өтіп, Саттар Ерубаев мұражайында Мұражай-зал ұйымдастырылуынан бастау алады. Қайта жабдықталған мұражайдың экспозициясын құрастырған ҚР еңбегі сің. өнер қайраткері, дизайнер Аманжол Найманбай. Мұражай ғимараты бір қабаттан тұрады. Жалпы ауданы 221,5 ш/м. Мұражай үш залдан тұрады: «Н.Төреқұловтың өмірі мен қызметінің белестері, дипломатиядағы көшбасшылығы»; «Ұлы тұлғаға тағзым»; «Кино зал». Мұражай ұжымының атқарған бірқатар іс-шараларының арқасында қоры жыл сайын жаңа құнды экспонаттармен толығып келеді. Негізгі қордағы экспонаттар саны – 131; Көмек-

ші қордағы экспонаттар саны – 155; Экспонаттардың жалпы саны – 286. Қазіргі уақытта мұражай қорындағы экспонаттар саны 600-ден асады. Мұражай экспозициясын Төреқұловтың өмірі мен қызметі жайында мұрағат құжаттары, суреттері, ресми мәліметтері, қол қойған бұйрықтары, баспасөз бетіне жарияланған мақалалары толықтырып тұр. Экспонаттарының ішінде Төреқұловтың жұмыс столы мен орындығы, жұмыс кабинетінде қолданған сиясауыты, патефоны, салған суреттері сияқты жеке заттарымен бірге, әкесінің құманы және сол уақыттағы қолсандық та мұражайды тамашалаушылардың қызыға қарайтын бұйымдарына айналған. Мұражай экспозициясының негізгі бөлімі болып табылатын бұл құнды дүниелерді Әнел Төреқұлоадан алып, мұражайға тапсыруда белгілі нәзіртанушы Ыбырай Ысмайылдың еңбегі зор. Төреқұловтың өмірі мен қызметі, шығарм-на арналған Т. Мансұров, Х.Тұрсұн, Г.Батырбек, т.б. ғыл.-зертт. және құжаттық жарық көрген кітаптары да мұражайдың төрінен орын алған. Сондай-ақ, Төреқұловтың 1937 ж. ату жазасына кесілгендігі жөнінде жазылған құжат және түрмеге түскеннен кейінгі соңғы түскен суреті мұражай бөлімінен орын алған. Мұражай басқа да саяси қуғын-сүргін құрбандары жайында мәліметтер жинаумен де айналысады. Үшінші бөлімде кинозал орналасқан. Мұнда тарихи деректі фильмдерді тамашалаумен қатар, «дөңгелек үстел» мәжілісі, көрмелер, лекциялар және өзге де басқосулар өтеді.

М.Тастанбеков

НЕМЦЕВА Нина Борисовна (1929 ж.т., Уфа қ.) – ғалым-медевист, археолог және архитектор-реставратор, тарих ғыл. канд. Орта Азия Мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1950) бітірді.



Орта Азияны зерттеген белгілі археолог ғалымдар М.Е.Массон, Г.П.Пугаченкованың шәкірті. Көптеген жылдар бойы қарахандар дәуірінің сарай-кешені Рабат Мәлікті қазу жұмыстарына жетекшілік етті. Орта Азия сәулетінің архит.-археол. ескерткіштерін зерттеген. Шахи-Зинда, Афрасиаб (Самарқанда), Сайф-ад-дин Бохарзи (Бұхара), Қожа Ахмет Ясауи (Түркістан) кесенелерінде және басқа да нысаналарда археол. қазба жұмыстарын жүргізді. 1950 ж. Нина Борисовна Архитектура ісі бойынша Басқарманың ескерткіштерді қорғау бөлімінде археолог қызметінде еңбек етті. Осы тұста Гур-Эмир кесенесін археол. қазу жұмысын жүргізді. Бұхарадағы Ұлықбек медресесін қазды. 1957-69 ж. Арнайы ғыл.-реставрациялық өндірістік шеберханада, 1970-71 ж. Өзбек КСР ҒА Тарих ин-тының археология бөлімінде, 1971-88 ж. Өзбек КСР Мәдениет мин. Хамза атынд. Өнертану ин-тында еңбек етті. Нина Борисовна Орта Азияның архит.-археол. ескерткіштерін отыз жылдан аса уақыт зерттеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде археол. зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1958 ж. Нина Борисовна жүргізген зерттеулерде көне кесенелер қалдығы табылғаны айтылады. 1958 ж. Н.Борисовна осы табылған кесенені зерттеп «Есім хан немесе Жәңгір хандікі болар»

деген болжам айтады. 1956–59 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қорғау аум-нда жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ол кең ауқымда жүргізілген археол. зерттеулермен ұштасты. Бұл қазба жұмыстарының нәтижесінде бұрын беймәлім болып келген діни құрылыстар ашылды. 1958 ж. Нина Борисовна жүргізген археол. қазба жұмыстары ерекше нәтижелі болды. Бірден 16-17 ғ-ларға тән бірнеше ескерткіштерді тапты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қасбетінің маңынан екі кесене ашылды. Бірі оңтүстік-батыс мұнарадан 12,25 м. жерден табылды. Нина Борисовна бұл Қазақ хандарының кесенелерінің бірі екенін айтты. Екінші сегіз қырлы кесене бас қасбеттің оңтүстік тұсынан, 40 м. жерден табылды. Сол ж. Ахмет Ясауи кесенесінің ішіне және сыртына бірнеше шуруф салынады. Кесененің солт. ойығының тұсынан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің 12 ғ-ға тән ертеректегі қалдықтары табылды. Бұл жүргізілген қазбалар Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңы түрлі діни құрылыстармен тығыз орналасқан жер болғанын, некропольдің 16-17 ғ-ларда белсенді қызмет атқарғанын дәлелдеді. Нина Борисовна Қожа Ахмет Ясауи кесенесін археол. зерттеудегі еңбегі ерекше. Оның ерекше табыстарының бірі Сырдария және Жизақ облыстарында 1970-80 ж. басында Өзбекістан археология ескерткіштері жинағын құрау үшін жүргізген археол. зерттеулер маршруттары болды. Бұл экспедицияда 10-13 ғ-ларда Ұлы Жібек жолы жүйесіне енген толық бір сауда жолы ашылды. Осы жолдың бойынан көптеген археол. ескерткіштер, керуен сарайлар табылды. Н.Немцева көптеген ғыл. жобалармен жұмыс істеп, ғыл. конференцияларға қатысты. Ескерткіштерді реставрациялау және қорғау тарихына ерекше назар аударды. Бес кітап,

бірнеше брошюра және 150-дей ғыл. мақалалардың авторы.

Шығ.: Археологические раскопки у комплекса Ходжа Ахмада Яссави (1958) // Известия Академии Наук Казахской ССР, серия истории, археологии и этнографии. – 1961. – Вып. 1 (15); Раскопки на территории ансамбля Шахи-Зинда в Самарканде // Советская археология: журнал. № 1. – 1964; Стратиграфия южной окраины городища Афрасиаб // Афрасиаб. Вып. 1. – 1969; Раскопки архитектурного комплекса Ходжа Машад в Саяте на юге Таджикистана // Советская археология: журнал. № 3. – 1969; Медресе Тамгач Богра-хана в Самарканде // Афрасиаб. Вып. 3. – 1974; Новая интерпретация так называемого мавзолея Казы-заде Руми в ансамбле Шахи-Зинда // Советская археология № 4; Караванными дорогами Голодной степи // Вехи времён: альманах. – 1989; Царская крепость в Бухарской степи: (Рабат-и Малик, XI-XII в.) // История материальной культуры Узбекистана. Вып.33. – 2002; Ансамбль Шахи-Зинда (историко-архитектурный очерк). – Таш., 1979; Шахи-Зинда. – Таш., 1987; Ханака Сайф ад-дина Бахарзи в Бухаре (к истории архитектурного комплекса), подписи к рисункам, резюме на английском и французском языках. – Бухара, 2003; Рабат и-Малик, XI-XIII вв. (археологические исследования). – Таш., -2009;

Әдеб.: Смағұлов Е.А. Григорьев Ф.П. Итенов А.А. Средневековая археология Туркестана. – Туркестан: 1998; Немцева Нина Борисовна // wikipedia.org/wiki; Нина Немцева: о жизни и археологии // UzDaily.

Д. Мұстапаева

НИАЗ БАТЫР БАРҚЫҰЛЫ (1689, Түркістан қ. – ө.ж.б.) – қазақ батыры. Тәуке ханның бас уәзірі Барқы аталықтың ұлы Нияз батыр өмір бойы негізінен Тәуке хан ұрпақтарына қызмет еткен. Оның негізгі де басты қызметі Түркістан қ-ның әкімі болуы десе артық айтқандық емес. Түркістанда сайланған хандардың барлығы дерлік осы Нияз батырдың басшылығымен өткен. 1734 ж. қазақ жақсыларының Баянауыл кеңесін-

де Әбілмәмбет сұлтанды үш жүздің ханы етіп сайлау шешіміне сай хан сайлауын өткізу Нияз батырға тапсырылады. Нияз батырдың шақыруымен Түркістанға келген Әбілмәмбет сұлтан 1739 ж. үш жүздің ханы болып сайланды. 1743 ж. қалмақтардың қолына тұтқынға түскен Абылай сұлтанды босатып әкелу Нияз батырға тапсырылады. Ол аманатқа Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз сұлтан мен өзінің інісі Құлбарақты қалдырып, Абылай сұлтанды қалмақ ханы Қалдан Серен қолынан босатып әкеледі. Нияз батыр хан сарайында қызмет істей жүріп, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатына да қызмет атқарады. Ресей, Қытай мемлекеттерімен арада болған дипломатиялық қатынастарға белсене араласады. Сол қызметтерімен бірге, Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз сұлтанның аталығы-тәрбиешісі болады. Әбілпейіз сұлтанның қалмақтардан босаған шығыс өңірлерге жіберілуі осы Нияз батырдың тікелей араласуымен іске асады.

Әдеб.: Омари Ж. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. – Аст., 2011.

3. Жандарбек

НОҒАЙ ИШАН МЕШІТІ – сәулет өнер ескерткіші. 1902–03 ж. салынған. Түркістан обл. Созақ ауд. Созақ а-ндағы ең ірі сәулет ескерткіші болып табылады. Құрылыстың салынуына ұйытқы болған тұлға осы өлкеге Ноғай ишан деген атпен танымал болған дін иесі – шайқы Ахмет деген кісі. Ескерткіш негізінен күйдірілген кірпіштен тұрғызылса да оның көптеген құрылымдарына ағаш пен темір пайдаланылған. Құрылыстың жалпы ауданы - 32x15 м. Жоспарда төрт бұрышты болып келетін ғимарат бір-бірімен байланысқан бір қатар бөлмелерден және



Ноғай ишан мешіті



Ноғай Ишан мешіті төбесінің әрленуі

шығыс жағынан Құрбан айт кезінде дүйім жұрттың намазға жығылатын, Қыбланы бағыттайтын михрабы бар үлкен айван-галереядан тұрады. Бүйірінде шағын мұнаралары бар кіре-беріс порталы өте қызықты. Оның қуыс-дәлізінің үстінде ағаштан түйін түйгендей етіп аса шеберлікпен жасалған тор терезелі лоджиясы бар. Ғимараттың ортасында үлкен намаз оқу залы орналасқан. Ол шығысындағы айван-галереямен есік ойығы арқылы байланысады. Галерея төбесінің өрнектелген қарыларын ағаш бағаналар тіреп тұр. Намаз оқу бөлмелерінің үстіңгі бөлігі бай өрнектермен нақышталған. Ғимараттың орт. бөлігін пияз іспетті күмбезшемен аяқталатын шатырлы төбе бас залдың төрт қырлы пішіні асқақтатып тұр. Мешіт сәулетінде мұсылман әлеміне тән дәстүрлі пішіндер 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ. басына тән орыс азаматтық сәулет

өнері элементтерімен үйлесімді ұштастырылған. Кеңестік дәуірде ғимаратты клуб ретінде пайдаланғандықтан оған едәуір өзгерістер енгізіліп, кейбір қабырғалар ойылып терезелер орнатылған, бөлмелер іші бөлшектенген, басқа да өндеу жұмыстары жүргізілген. Ауылдың әр аймағында, әсіресе, Ноғай ишан мешітінің айналасында 19 ғ-дағы шикі кірпіштен қаланған дәстүрлі құрылыстар сақталған. Олардың қатарында кейбір бөліктері бүлініп бұзылған Ноғай ишанның екі қабатты тұрғын үйі бар. Бұл – осы өңірге тән құрылыс дәстүрінде салынған бай үй-жайлар біздің заманымызға дейін жеткен санаулы құрылыстарының бірі.

Әдеб.: Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры Каратау // Известия АНКаз ССР. Серия архит. Вып 2. 1959; Камалова Г.М. Мечеть Ногай-Ишана // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С.253.

М.Қожа

НҰРМҰХАММЕДОВ

Нағымбек

(6.11.1924, Павлодар – 16.12.1986, Алматы қ.) – кеңестік суретші, өнертану кандидаты (1961), Қазақ КСР халық суретшісі (1974). 1931 ж. әкесі қайтыс болып, жеті жасынан балалар үйінде тәрбиеленеді. 1940 ж. Алматы көркемөнер үч-щесінің студенті болады. 1942 ж. Мәскеу Авиация ин-тына оқуға түсіп, өз еркімен майданға аттанып, Кавказ үшін шайқасқа қатысады. Соғыстан соң Әскери-теңіз артиллерия үч-щесін бітіреді. Кейін Бүкілодақтық көркемөнер Академиясының орта көркемөнер мектебін аяқтайды. 1947-53 ж. Ленинградтағы И.Е.Репин атынд. көркемөнер, мүсін және архитектура ин-тын проф. Р.Р.Френцтің жетекшілігімен бітіреді. 1959 ж. Алматыға келеді. 1955 ж. Көркемөнер академиясы жанындағы

А.М.Герасимовтың шығарм. шеберханасының аспиранты болып, оны 1961 ж. аяқтайды. Н. көркемөнердің көптеген салаларында жұмыс істеді.



Қазақстан өнеріне арналған альбом шығарды. 1980 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арналған альбомын жариялады. Альбом Әзірет Сұлтан кесенесін жан-жақты сипаттап көрсеткен, кесенедегі құнды жәдігерлерді, кесененің өзін әр қырынан көрсете алған жұмыс болды. Кесененің негізгі бөлмелері, мешіт, қабірхана, қазандық, т.б. михраб, әрленулері, жиналмалы мозаикалар, майоликалар, сталактиттер, кесененің сырты, ішіндегі эпиграфтық жазулар, есіктер, қабіртас-тар, т.б. көптеген ғыл. мәні бар, көркемдік сипаты ерекше тұстары еңбегінде бейнеленді. Ол көптеген шетелдерде болды. Бірқатар өнертану бойынша ғыл. жұмыстардың және бірнеше альбомдардың авторы. Қазақ КСР Ш.Уәлиханов атынд. Мемл. сыйлықпен (1978), екі рет Құрмет белгісі орденімен, Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі орденімен марапатталған.

Әдеб.: Нурмухаммедов, Нагим-Бек. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясеви. Альбом. – А.: 1980. ; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама-

лық. – А.: 2005.; Искусство Казахстана. Альбом, – М.: 1970.; Мавзолей Хаджи Ахмеда Ясави. Альбом. – А.: 1980. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова. – А.: 2009.

Д.Мұстапаева

НҰРМҰХАНБЕТОВ Бекмұханбет

(17.5.1935, Алматы обл. Ақсу ауд. Қарасу а. – 12.6. 2016.) – археолог. 1954-57 ж. әскер қатарында болды. 1957-62 ж. ҚазМУ-да жоғары білім алды. 1962 ж. Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тында зертханашы болып қызметін бастаған. 1964 ж. аға зертханашы, 1967 ж. кіші ғыл. қызметкер, 1986-88 ж. ғыл. қызметкер, 1988 ж. аға ғыл. қызметкер, 1992 ж. Жаңақұрылыс экспедициялар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.



Ол Есік қ-ндағы Алматы облысы өлкетану мұражайын ұйымдастыруға ат салысты. 1993-2010 ж. Алматы облысы, Есік қ-нда ашылған облыстық өлкетану мұражайының директоры, қор сақтаушысы. 2010-16 ж. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қ. қорық-мұражайдың жетекші ғыл. қызметкері болып істеді. ҚазМУ-дың 1957 жылғы оқу ж-ның

1-курсынан бастап Іле, одан кейін Жетісу археол. экспедициясы жұмыстарына қатысады. 1971 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан археол. кешенді экспедициясы жұмыстарына қатысып, экспедициясының бір тобын басқарады. Отырар өлкесіндегі Бөріжар, Көкмардан, Мардан мазараттарында қазба жұмыстарын жүргізді. Ол атақты археолог К.А.Ақышевпен бірге аты әлемге белгілі Есік обасында қазба жұмыстарын жүргізді. Жетісуда археол. зерттеулер жүргізді. Бұрын белгісіз болып келген ежелгі обаларды тауып, 40 шақты мақалаларды жарыққа шығарды.

Шығ.: Раннемусульманское кладбище близ городища Куйрыктобе // В глубь веков. – А., 1974. – С. 85 – 94; Могильник Мардан – погребальный памятник ранних земледельцев Отрарского оазиса // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – А.-А., 1976. – С. 130 – 136; Погребение с монетами из могильника Мардан (Отрарский оазис) // ИАН Каз. ССР. Серия общественных наук. 1979, №5. – С. 28 – 35.

Г.Байсариева

НҰРТАС ОҢДАСЫНОВ АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ

– Түркістан қ-нда орналасқан мәдени ғимарат. Н.Оңдасынов мұражайы мемлекет және қоғам қайраткерінің 100 жылдық мерейтойына байланысты «Түркістан қ-ндағы тарихи-мемориалдық Мұражайы мемл. мекемесін» құру туралы «Оңтүстік Түркістан облысы Әкимиятының» 2004 жылғы 28 қыркүйегіндегі №466 қаулысы бойынша ашылған және 2007 ж. 11 маусымдағы №195 қаулысымен Оңт. Қазақстан обл. Әкімдігі Мәдениет басқармасының «Түркістан қ-ндағы тарихи-мемориалдық мұражай мемл. Коммуналдық қазыналық кәсіпорны» болып қайта құрылған. Түркістан облысы Әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық тарихи-мә-



Нұртас Оңдасынов атынд. Мұражай

дени-этнографиялық орт.» мемл. коммуналдық қазыналық кәсіпорынның «МЖҚҚ Н.О. атынд. м.» филиалы болып өзгерді. Мұражайда 20 ғ-дағы қазақ ұлтынан шыққан аса көрнекті мемлекет қайраткері, еліміздің, ұлтымыздың тарихында өзіндік орны бар асыл азамат, өз заманының дара тұлғаларының бірі, лингвист, жазушы, Оңдасыновтың ұлттық тарихи мұралары, жәдігерлері, өмірнамалары, қолжазбалары, жеке басы пайдаланған заттары жинастырылған. 2014 жылдан бастап Әзіретбергенова Ұлбосын Орынбайқызы мұражай меңгерушісі қызметін атқаруда. Штат кестесі бойынша мұражайда 9 қызметкер жұмыс істейді. Оның бесеуі жоғары білімді. Мұражай ұжымының атқарған бір қатар іс-шараларының арқасында қоры жыл сайын жаңа құнды экспонаттармен толығып келеді. Негізгі қордағы экспонаттар саны – 1565; көмекші қордағы экспонаттар саны – 795; экспонаттардың жалпы саны – 2360. Мұражай төрт экспозициялық залдан тұрады. «Н.Д.Оңдасыновтың пайдаланған заттары мен киілген киімдері

жинақталған зал»; «Н.Д.Оңдасыновтың кітаптары қойылған зал»; «Н.Оңдасыновтың өмірнамалары, қолжазбалары, үкіметтегі қызметін бейнелейтін құжаттары және қызмет еткен жерлерінде берілген куәліктері»; «Ғылым ордасы мен Абай атынд. балет және опера театрының макеттері орналастырылған зал». Жұмыс бөлмесі және кітапханасы, атақты ақын жазушылардың қолтаңба жазып қалдырған кітаптары, «Арабша-Қазақша», «Парсыша-Қазақша» ғыл. түсіндірме сөздіктер жазуға пайдаланған әдебиеттері орналастырылған зал. Мұражай экспозициясын Н.Төреқұловтың өмірі мен қызметі жайында мұрағат құжаттары, суреттері, ресми мәліметтері, қол қойған бұйрықтары, баспасөз бетіне жарияланған мақалалары толықтырып тұр.

М.Тастанбеков

НЫСАНБАЙҰЛЫ НҰРАЛЫ – (1857, Ордабасы ауд. Көктөбе а. – 1930, сонда) ақын. Сауатын арабша ашқан. Бала кезінен ақын-жыршылардың қасынан табылып, өлеңдерді жаттап өскен. Зұлпыхар, Шәкір, Бөпеқыз, Шәмшат сынды ақындармен ауызша, жазбаша сөз жарысына түскен. Н.Нысанбайұлы шығыс әдебиетімен, ертегі-аңыздармен жете таныс болып, «Мұңлы-Сейіл», «Жетім Құбыл», «Сауда Ишан», «Әмір Әмзе» секілді т.б. қиссаларды өзінше түрлендіріп жырлаған. «Байтұрсын болысқа» атты өлеңі үшін қудаланып, орыс зерттеушісі Я.Лютшпен танысқан. 1883 ж. «Киргизская хрестоматияға» (құраст. Я. Лютш) ақынның «Ханым сыры», «Қарақұл» атты дастандары енген. Н.Нысанбайұлы мен қазығұрттық ақын Мықан Балтекейұлының айтысы «Айтыс» жинағында шығарылды (1956). Ақынның шығармаларын Ш.Ахметов («Қазақ балалар әдебиеті»

оқулығы), Ә.Оспанұлы («Қаратау атырабының ақындары» монография) зерттеген. З.Балғабайұлы Н.Нысанбайұлы шығармаларын қағазға түсірген. Ақын мұрасы ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған. Туындылары: «Қарабатыр Құлшықтың үш қызына айтқаны», «Шежіре жыр», «Әби белсендіге», «Қуатбай», «Дүние – дөңгелек», «Дүние кезек», «Жасаған жақсылығың өз басыңа айналып келеді», «Қуаныш пен реніш алмасып жатады», т.б. 2017 ж. Н.Нысанбайұлының 160 жылдығына орай ауданда «Дастаншылдарын» атты оқушылар арасында жыр додасы өтті. Темірландағы «Ақындар аллеясында», Көктөбеде ақынға ескерткіш орнатылған. Н. атында мектеп бар.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 399 бет; Алиакбарұлы Ұ. Шығыс сюжеті негізінде жырлаған жырау Нұралы Нысанбайұлының «Әмір Әмзе» қиссасы // URL: <http://old.muslim.kz/kk/article/41-shygys->; Жас ақындар жыр додасына түсті // URL: <http://ordabasy.gov.kz/kz/201>.

М.Ахметова

НЫСАНҰЛЫ АЙНАБЕК – (1900, Бәйдібек ауд. Көктерек а. – 1972, сонда) – айтыс ақыны. Әкесі Нысан би – елге сыйлы, танымал адам. Н. үш жасында қызылшамен ауырып, екі жанарынан айырылған. 13-ке келгенде ақындығымен таныла бастайды. Халық ақыны Нұралы Нысанбайұлы оған ұстаздық етеді. Н. ақын Н.Нысанбайұлы жырлаған «Мұңлық-Зарлық», «Кербаланың шөлінде», «Шәкір-Шәкірат», «Орақ-Тағай» секілді қисса-дастандарды халыққа таратқан. Домбыра, сырнай тартып, ән салған. Уақыт өте келе төкпе ақынға ай-

налып, соғыс жылдарында елге атағы жайылады. Н. белгілі ақындар Манат қыз, Жылқыбай, Зұлпыхар, Италмас, т.б. өнеріне сүйінген, өнеге еткен. «Ой-салдың отыз ұлы», «Ілияс туралы жыр», «Өзім туралы», «Айнабек пен Орақтың айтысы», «М.Әуезовке арнау» секілді жырлары бар. Өлкелік, облыстық айтыстарда Қ.Төлеуов, М.Сұлтанбеков, К.Әлімбетов, Ж.Жақыпов, т.б. ақындармен айтысқа түскен. Қоғамдық-әлеум. салада да елге қызмет етіп, ауылындағы мектептің ашылуына қол ұшын берген (1960). Лениннің 100 жылдығына орай «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, өлкелік, облыстық атқару к-терінің дипломдарымен, мақтау грамоталарымен марапатталған. «Оңтүстік Қазақстан ақындарының айтысы», «Айтыс» (3-т.), «Қазақ өнерінің антологиясына», «Оңтүстік Қазақстан облысының заң ғылым және мәдениет қайраткерлері: Библиографиялық көрсеткішіне» өмірбаяны мен айтыстары енген. Ақын атында Бірлік а-нда мектеп, аудан орт. Шаянда көше бар.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан ақындарының айтысы. – Шымкент: 1958. – 37-57 бб.; Айтыс. III том. – А.: «Жазушы», 1966. – 318-331 бб.; Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 400 б.; Оңтүстік Қазақстан облысының заң ғылым және мәдениет қайраткерлері: Библиографиялық көрсеткіш // URL: <https://ukospecbib.kz/kz/tiflogiya/141-2013-07-14-20-57-59.html>; Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Айтыс. Т. III. (Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс) / Құраст. М. Жолдасбеков, С. Негимов. – Аст.: «Күлтегін», 2014. – 374-375 бб., 382 б.

М.Ахметова

ОБАНАС (Уванас) – Түркістан обл-ның Созақ ауд-ндағы Жуантөбе а-нан солт-ке қарай 80 км. жерде орналасқан құдық, кесене. Топоним Бетпақдаладағы жолдардың қиылысында орналасқан Уванас мазарының негізінде қойылған. Аңыз бойынша Обанас 18 ғ-да өмір сүрген, қазақ руларының бірінің басшысы болған. Кесене мұнараға ұқсайтын ғимараттың ерекше формасына ие, солтүстік-батыс бөлігіне қоршау бекітілген. Обанас арқылы өтетін ежелгі керуен жолы «Уванасская» атымен белгілі болған. Ә.Х. Марғұланның айтуынша, Обанас керуен жолы оңт-тен солт-ке қарай салыстырмалы түрде қысқа жол болған және сауда керуендері мен ауылдар көші-қонына осы жолмен өту тек көктемнің басы мен күзде ғана мүмкін болған, басқа уақытта бұл жолмен жүру, әсіресе ыстық жаз бен қауырлы қыс айларында үлкен қиындықтар туғызған.

Қазақ жерінің алғашқы тарихи-этнографиялық сипаттамасын жасаған ресейлік офицер Я.П.Гавердовский монографиялық зерттеуінде Поспеловтың 1800 ж. Ташкент қ-на дейінгі жолын сипаттайды, ол қайтар жолда «Уванас шатқалы арқылы жүретін жолды таңдады» деп жазады. Мұрағаттық мәліметтер негізінде А.И.Левшин «қырғыз-казак далалары арқылы өтетін маңызды жолдарды» сипаттады, онда ол Уванас кесенесі туралы атап өтеді: «Кукчатуз тұзды көлінен өткеннен кейін, саяхатшылар Уванас деп аталатын ежелгі кесене орналасқан сусыз

шөлге енді, одан әрі бір күндік жерде Цуй өз. бар».

Әдеб.: Байтенов Э. Мавзолей Уванаса // СПИИКК Южно-Казахстанская область. – А.: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1994. – С.242-243; Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – А.: «Санат», 1996; Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпақ-дала // Вестник АН Каз. ССР. № 1 (46). – 1949. – С. 68-78.

М.Қожа

ОБЛЫСТЫҚ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ МҰРАЖАЙЫ – мәдени мекеме. Түркістан обл. Шымкент қ-нда орналасқан. Мұражай 2001 жылдағы қараша айының 2 жұлдызында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 10 жыл толуына орай ашылған. Республикамызда



Облыстық саяси құғын-сүргін құрбандарының мұражайы


алғаш жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып ашылған бұл мұражай мемлекетіміз бен қоғамымызда әділеттілікті қалпына келтірудегі және өткен ғ-дың саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдырудағы қамқорының айқын дәлелі. Мұражайдың сыртқы сәулеті мен ішкі дизайны қуғын-сүргін құрбандарына арналып салынған. Сәулетші әрі дизайнері – Қазақстан Республикасына еңб. сің. өнер қайраткері А.Найманбай. Мұражайдың екі залы бар: экспозициялық зал және екінші қабатта орналасқан «Тағзым» залы. «Тағзым» залында 30-32-ж. атылған 2500 адамның аты жазылып тұр. Мұражай экспозициясының түп қазығы «Репрессия» атты мүсін орналасқан. Ол сол жылдары адамзат тартқан азап пен қайғыны бейнелейді. Нысан құрылысын архитектор А.Найманбай жобалаған. Сондай-ақ, мұражайдағы портрет галереясында А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Тынышпаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов сынды арыстарымыздың бейнесі ілінген. Мұражайдың басты мақсаты – кеңестік дәуірде қуғын-сүргінге ұшыраған алаш арыстары туралы тың құжаттар мен фото, видео-материалдар жинақтау болып табылады. Бүгінде мұражай қорында 15 мыңнан астам құжат бар. Олардың арасында көне суреттер мен хаттар да көптеп кездеседі. Жалпы, КСРО кезіндегі сталиндік қырғын құрбандарының саны жүз мыңнан асады. Олардың қатарында алаш қайраткерлері, ұлттың қаймақтары болды. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай аталған мұражай ұжымы алаш қайраткерлері басып шығарған «Ақ жол» газетін жинақтап, 10 томдық кітап етіп шығарды.

Әдеб.: Азалы кітап – книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан облысы бой-

ынша / Құраст. Оразбекұлы Қ. – Шымкент: Зерде баспасы, 1998. – 293 б.; Есенқарақызы Х. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағзым // Ғыл.-практикалық конференция материалдары. – Шымкент: 2006. – 9-11 бб.; Байғұт М. Қамалған, атылған, ақталған. //Егемен Қазақстан газеті. – №90 (25939). – 2010. – 12 наурыз; Оңтүстік Қазақстан облысының саяси қуғын-сүргін мұражайы. //Жолсерік. – Шымкент, 2006.

М.Тастанбеков

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ (қазір Шымкент қ. мұражайы) – мәдени мекеме. О. т.-ө. м-ның негізі 1920 ж. қаланған. Алғашқы уақытта оның міндеті қала мектептерін көрнекті оқу құралдарымен қамтамасыз ету болған. Сондықтан да, ол Сырдария халық ағарту бөлімінің пед. зертханасы және пед. мұражайы болып аталды. 1925 ж. мұражайда қайта құру жұмысы жүргізілді, оны іске асыру барысында ортаазиялық табиғат және көне ескерткіштерді қорғау Кеңесінің ғыл. қызметкері М.Е.Массон қызмет етті. Оның Шымкент мұражайы жұмысын қайта құру жөніндегі есебі мұражай қорында сақтаулы. Бұл құжат Шымкент мұражайының қалыптасып дамуын куәландыратын айғақтардың қатарына жатады. Мұражайдың әрі қарай қалыптасуына жергілікті өлкетанушылар Б.П.Тризна, И.К.Шпота,



Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы

Т.Шпота, Н.В.Руднев, Н.И.Мекленбурцев, М.А.Быков және басқалар көп ықпал жасады. 1938 ж. мұражай обл. тарихи-өлкетану мұражайы болып қайта құрылды. 1941-45 ж. мұражайдың барлық жұмысы әскери тақырыптар аясында жүргізілді. Соғыстан кейінгі кезеңде мұражай экспозицияларында, негізінен, өлкенің социалистік құрылысына үлкен көңіл бөлінді. Мұражайы жұмыстары да халық ш-н қалпына келтіру мәселелеріне арналды. Алғаш құрылған кезеңнен 1975 жылға дейін мұражай «Қазан төңкерісіне» дейін салынған, бұрынғы Шымкент уезінің әкімш. орналасқан ғимаратта орналасты. 1977 ж. мұражайдың жалпы көл. – 2367 ш.м. қамтитын ғимаратқа көшті. 2014 ж. Обл. тарихи-өлкетану мұражайы заман талабына сай салынған, жаңа ғимаратқа көшті. Мұражайдың жалпы ауданы 2541,81 ш.м. Оның ішінде экспозиция залдарының жалпы ауданы – 1060,12 ш/м. Мұражайда археология және этнография, қор сақтау, экспозиция, экскурсиялық қызмет және ақпараттандыру сынды бөлімдер жұмыс істейді. Мұражай «Табиғат, палеонтология, археология», «Этнография», «Қазақ хандығы және жаңа заман», «Тәуелсіз Қазақстан» деп аталатын төрт экспозиция залдарынан және 7000-ға жуық кітап қоры бар кітапхана мен мәжіліс залынан тұрады. Экспозиция залдары арнайы сенсорлық дүңгіршектермен жабдықталып, мәжіліс залында интерактивті тақта орнатылған. Сонымен қатар археол. қазба жұмыстары негізінде табылған жәдігерлерді қалпына келтіру шеберханасы жұмыс жасайды. Қазіргі таңда мұражай қорын 106206 жәдігер құрайды. Оның ішінде негізгі қорына 64604 және көмекші қорына 41602 жәдігерлері бар. Мұражайдың 8 филиалы халыққа қызмет көрсетіп ке-

леді. Олар, Шымкент қ-ндағы – «Ерлік», «Хакім Абай» мұражайлары, Түркістан қ-нда – С.Ерубаев атында. әдеби-мәдени мұражайы, Түркістан ауданының Ескі Иқан ауылында – Міртемір әдеби-мемориалдық мұражайы, Сайрам ауданында – Сайрам тарихи-өлкетану мұражайы, Түлкібас ауданында – Тұрар Рысқұлов атынд. тарихи-өлкетану мұражайы, Сарыағаш және Шардара аудандарының тарихи-өлкетану мұражайлары.

М.Тастанбеков

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ ФИЛИАЛЫ САЙРАМ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ – облыстық тарихи-өлкетану мұражайының Сайрамдағы филиалы. 1992 ж. сәуір айында қоғамдық мұражай негізінде құрылды. Мұражай жалпы көл. 800 ш. метрді құрайтын 2 қабатты ғимаратта орналасқан, оның ішінде экспозиция 360 ш. м, қор қоймасы 40 ш. м. жерді алып отыр. 2006 жылдың наурыз айынан бастап мұражайда жөндеу жұмыстары жүріп, 2008 ж. 19 мамырда салтанатты ашылу рәсімі өтіп, жұмысын бастады. Жалпы жәдігерлер саны – 8552, негізгі қорда – 6207, ғыл.-көмекші қорда – 2345



Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Сайрам тарихи-өлкетану мұражайы

жәдігер бар. Мұражай экспозициясы 13 бөлімнен тұрады: Археология бөлімі; Қазақ этнография бөлімі; Қоқан хандығы бөлімі; Өзбек этнография бөлімі; Табиғат бөлімі; Діни бөлім, т.б. . Мұражайда Сайрамның 3000 жылдық тарихы, көне арабша кітаптар, ислам дінін насихаттаған дәруіштердің аса таяғы, сондай-ақ Қ.А.Яссауидің мөрінің көшірмесі, Сайрам шежіресі (араб тілінде) қойылған.

Әдеб.: Мирхалдаров М. «Сайрам тарихи»; Мирхалдаров М. «Зиярат орындары»; Мирхалдаров М. «Хазрат Хожа Ахмад юртида».

М.Тастанбеков

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ ФИЛИАЛЫ САРЫАҒАШ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ – облыстық тарихи-өлкетану мұражайының Сарыағаштағы филиалы. Сарыағаш ауданында 2004-06 жылғы Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» бағдарламасына, Қазақстан Республикасындағы «Жергілікті мемл. басқару туралы» және «Мемл. кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Обл. әкімдігінің 2006 жылғы 28 шілдегі № 281 қаулысымен «Сарыағаш аудандық тарихи-өлкетану мұражайы» мемл. коммуналдық қазыналық кәсіпорыны болып құрылды. Мұражайдың жалпы көл. 125,5 ш. м, оның ішінде тұрғын алаңы 62,5 ш. м. Сарыағаш ауд. тарихи-өлкетану мұражайы Әділет басқармасына қарасты ғимаратты уақытша пайдалануда. 2007 ж. 24 мамырдағы облыстық әкімдігінің №188 қаулысымен Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының «Сарыағаш» филиалы ресми түрде құрылды. Мұражай экспозициясы 3 бөлімнен тұрады: Археология бөлімінде: Жүзімдік ауданында қазба жұмысы кезінде жер астынан табылған көне



Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Сарыағаш тарихи-өлкетану мұражайы

заманғы қыш бұйымдар, яғни қыш құмыралар, ыдыстар, еңбек құрал-жабдықтары өлкенің көне замандағы тарихы мен мәдениетінен сыр шертеді. Этнография бөлімінде: Қазақ халқының ерте замандардан келе жатқан руханияты мен салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігін және ата-бабаларымыздың тұрмыста қолданған заттары, түрлі әшекей-бұйымдары, киіз үйдің бөлшектері, киімдері, ыдыстары қойылған. 19-20 ғ-лардың бас кезінде қолданған әшекей-бұйымдар, үй жиһаздары, тұрмыстық заттары бар. Табиғат бөлімінде: Сарағаш өңірінің табиғатынан сыр шертер, көрініс беретін жәдігерлер табиғат бөлімінен орын алды. Өлкемізде кездесетін кейбір өсімдіктер әлемі, тау жыныстары орналасқан. Мұражай қорындағы жалпы жәдігерлер саны – 2720, негізгі қорда – 1130, ғыл.-көмекші қорда – 1590 жәдігер бар.

М.Тастанбеков

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ ФИЛИАЛЫ САТТАР ЕРУБАЕВ АТЫНД. ӘДЕБИ-МӘДЕНИ МҰРАЖАЙЫ – облыстық тарихи-өлкетану мұражай филиалдарының бірі. Түркістан қ-нда орналасқан. Мұражай орналасқан ғимарат 20



Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Саттар Ерубәев атынд. әдеби-мәдени мұражайы

ғ. басында ұлтаны фундаментсіз, қабырғалары күйдірілген кірпіштен өрілген. Ғимарат 1910-20 ж. орыс-түзем мектебі ретінде жұмыс істеді. Кейін Абай атынд. қазақ мектебі атанды. 1988 жылға дейін Ленин атынд. орта мектептің бастауыш сыныптар бөлімі болды. 1989 ж. Саттар Ерубәевтың жергілікті ведомстволық мемориалдық мұражайы ашылды. Мұражай 1991-95 ж. респ. бюджеттегі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттің қорық мұражайының қарамағында жұмыс істеді. 1995 ж. «Саттар Ерубәев атынд. әдеби-мәдени мұражайы» атанып, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының филиалы болып қайта құрылды. Мұражай орналасқан аум. 1573,8 ш.м. Экспозициялар орналасқан аум. 195 ш.м. Мұражай экспозициясы 4 бөлімнен тұрады: 1. Саттар Ерубәевқа арналған экспозицияда Саттардың өмірі мен қызметі, сыныптас, әріптес болған достары, ағайын туыстары, ақын жазушылардың пікірлері. 2. Түркістан өңірінен шыққан ортағасырлық тұлғалар, ақын-жазушылар, ғалымдар, өнер қайраткерлері, орналасқан. 3. Өлкетануға арналған бөлме. Мұнда ескі ағаш табақтар, мыс көзелер, самаурындар, құмандар орналасқан. 4. Түркістаннан

шыққан атақты спортшылар Х.Аққалиев, Б.Саттарханов, О.Жарылқаповқа, отанға еңбегі сіңген, Еңбек ерлеріне арналған экспозициясы орналасқан. 2004 ж. Түркістан қ. әкімдігінің №1732 қаулысымен Саттар Ерубәевқа арналған ескерткіш бюст Саттар Ерубәев атынд. мұражай алдында орнатылды. Мұражай ұжымының атқарған бірқатар іс-шараларының арқасында мұражай қоры жыл сайын жаңа құнды экспонаттармен толығып келеді. Бүгінгі таңда мұражай қорында 3257 жәдігер бар: негізгі қордағы экспонаттар саны – 840; көмекші қордағы экспонаттар саны – 2417.

М.Тастанбеков

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ ФИЛИАЛЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНД. ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ – облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалдарының бірі. Тарихи-өлкетану мұражайы қоғамдық негізде 1963 ж. құрылды. Алғашқы мұражайды құрушылар – М.В.Симченко, Д.Сәлібеков, П.Н.Левченко, Н.Сарыбеков. 1976 ж. мемл. мекеме мәртебесін алды. 1983 ж. облыстық тарихи-өлкетану мұражайының бөлімшесі болып қайта құрылды. 1994



Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Тұрар Рысқұлов атынд. тарихи-өлкетану мұражайы

ж. ірі мемлекет және қоғам қайраткері Т.Рысқұловтың 100 жылдығына орай аты берілді. 2004 ж. Т.Рысқұловтың 110 жылдық мерейтойына байланысты мұражай күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта өңдеу (реставрация) жұмыстары жүргізілді. Мұражай екі қабатты жалпы көл. 596 ш.м, оның ішінде 447 ш.м экспозиция залы, қор қоймасы 149 ш.м. Қазіргі кезде мұражай «Тұрартану», «Көне заман тарихы», «Аудан тарихы», «Табиғаттану» деп аталатын төрт экспозиция залдарынан тұрады. Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы мәліметтер беретін «Өмірдерек», «Тұрартану» бөлімі «Т.Рысқұловтың әулеті», «Т.Рысқұлов кемеңгер», «Т.Рысқұлов Түркісіб», «Алаштың ардақтысы Тұрарға тағзым» атты тақта және Тұрартанушы азаматтардың Т.Рысқұловтың Орт. Азия мен Ресейде әр саладағы атқарған қызметтері туралы дерек беретін шығармалары таныстырылады. Мұражай «Табиғаттану бөлімі» Түлкібас ауданының геогр. жағдайы, Ақсу-Жабағылы қорығындағы аңдар, құстар, қызыл кітапқа енген өсімдіктер, дәрілік шөптер және қазба байлықтар туралы деректермен көрініс береді. «Көне заман тарихы» бөлімінде Түлкібас ауд-ның археол. зерттелу тарихы В.В.Бартольдтің Орта Азия және Жетісуға келуінен басталады. Одан кейінгі зерттеушілер В.Д.Городецкий, Д.И.Қошқаров, М.Тынышбаев өз үлестерін қосқан. Шымкент пед. ин-ты экспедициясының археология тобы (1980-81) жетекшісі А.Н.Подушкин. 2002-2004 ж. А.Яссауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-ті археология ғыл.-зертт. орт-ның жетекшісі М.Елеуов «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасаған мұражай қызметкерлерінің қатысуымен археол. қазба және зерттеу жұмыстары тұрғысында негізделген. Түлкібас ауд-ның тарихы бөлімінде 1928 ж.

ауданның құрылған кезеңі, артель, колхоздастыру, сол кездегі а.ш. пен өндіріс, репрессия жылдары, Ұлы Отан соғысы батырлары мен ардагерлері, еңбек ардагерлері, білім және мәдениет қайраткерлері, ауданымызға танымал ақындар туралы мәліметтер және егемендік алғаннан кейінгі құрылыстар, өндіріс мекемелерінің жұмыстары көрсетілген. Сол кездегі және кейінгі аудан басқарған азаматтар туралы деректер қойылған. Мұражай алдында 4 мемориалдық ескерткіш бар. Олар «1932-33 ж. Ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш», «1937-38 ж. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш», «1979-89 ж. Ауған соғысының құрбандарына арналған ескерткіш» және Тәуелсіз елдің ұрпақтарына арналған «Аманат» ескерткіші. Мұндағы ақ бесік – жаңа өмірдің белгісі болса, ана білезігімен күміс қоңырау – бейбіт заманды білдіреді. Бұл композиц. шешімнің идеясын ұсынған – Д.Мыңбай, орындаушы – Смайыл Баялиев. Мұражай қорында 6000 мыңға жуық жәдігерлер жинақталған.

М.Тастанбеков

ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ ФИЛИАЛЫ ШАРДАРА АУДАНДЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ – облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалдарының бірі. Түркістан обл. Шардара елді мекенінде орналасқан. Мұражай 2007 ж. облыс әкімдігінің №188 Қаулысымен ресми түрде құрылған. Шардара ауд-нда ашылған тұңғыш мұражай демеушілер көмегімен тұрғызылып іске қосылған. 2006 ж. аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен мұражай алғашқы лентасын қиған сәттен бастап, көпшілікке қызмет ете бастады. 2006 ж. Шардара ауд. тарихи-өлкетану мұражайында 700-ден астам жәдігерлер жиналып, олар Қы-

зылқұм өңірі, аудан тарихы бағыттарында сыр шертер тарихи-мәдени құндылықтар есебінде қор құрамына ендірілді. Қазіргі уақытта мұражайда 2560 жәдігер негізгі және ғыл. көмекші қор құрамына тіркеліп, олар археология, этнография, табиғат, Шардара су электр стансасы, аудан тарихы бөлімдері бойынша аудан мен оның қонақтарының көрсетіліміне тұрақты түрде ұсынылады. Қазақ халқының ерте замандардан келе жатқан руханияты мен салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігін және Қызылқұм өңірінің табиғатынан сыр шертер, көрініс беретін жәдігерлер этнография, табиғат бөлімдерінен орын алған. Қор құрамына ендірілген тарихи құжаттар, обл. мұрағатпен байланыс нәтижесінде қорға қабылданып, 1958 жылдан бері бастау алатын Шардара су электр стансасы, Қызылқұм магистральді каналы, жаңа құрылған шаруашылықтар мен өндіріс, өнеркәсіп орындары тарихынан мағлұмат береді. Сонымен қатар Шардара ауданы тарихи-өлкетану мұражайы аудан аум-ндағы Сүткент, Жаушықұм қалашығы, Ұзын ата кесенесі секілді тарихи-мәдени нысандардан кездейсоқ табылған жәдігерлерді мұражай негізгі

қорына ендіру нәтижесінде, Қызылқұм өңірі, Шардара ауд. аум-ның ертеорта, ортағасырлардағы тарихынан мағлұмат берер ғыл. негіздегі талдау сараптамалық жұмыстарды бүгінгі күнге дейін жалғастырып келеді. Аудандағы ардагерлер, зиялы қауым, ұстаздар мен ресми тұлғалармен ұдайы байланыс орнатылуы нәтижесінде, жәдігер жинақтаудан бастап, көптеген ауқымды істер, іс-шаралар атқарады. 2012 ж. жергілікті атқарушы билік Шардара қ-нан жаңа мұражай ғимаратына қаржы бөліп, 2016 жылдың 5 шілдесінде толық аяқталған жаңа мұражай құрылысының ашылу салтанаты өтті. 2018 ж. Түркістан обл. Шардара ауд. әкімдігі ұйымдастырып, өткізген «Safari Shardara» халықар. деңгейде ұйымдастырылған шараға алғашқы болып мұражай ұжымы өз үлесін қосты. Халықар. фестивалде мұражай ұжымы, көрме экспозициясын жасақтап, қалың көпшілік және алыс-жақын шет елден келген қонақтар назарына аудан тарихын насихаттайтын кең көлемде көрме ұсынды.

Әдеб.: Шежірелі Шардара. Баспаға әзірлеген Шүкір Шахай. – А., 1999; Мұқанов Ж. Ширек ғасыр шежіре. – Шымкент: «Жібек жолы» баспасы, 1994.

М. Тастанбеков



Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Шардара аудандық тарихи-өлкетану мұражайы

ОЙСЫЛ – Алтын Орда беклербегі, қазақ шежіресі кейіпкері. 1313-41 ж. Алтын Орда ханы Өзбектің кезінде беклербек қызметін бірнеше мәрте атқарған, араппен басқа шығыс жазбаларында Иса немесе Исабек деп көрсетілген, ал ноғай жырларындағы – Айсыл би, татарда Айса, қазақ шежіресіндегі Ойсыл болып аталатын тарихи тұлға. Беклербек (бектердің бегі) Алтын Ордада ханынан кейінгі ең жоғары мемл. қызмет. Арабтың атақты саяхатшысы Ибн Баттутаның жазуынша

Ойсыл «ұлысбасы, яғни әмірлердің бастығы. Мен оны тірі кезінде көрдім, оның әйелі сұлтанның қызы». Ол империяның әскерін басқарды, көрші елдермен қатынастарды реттеп отырды, ислам дінін таратуға ат салысты. Жасы келген кезде аяғы ауырғанына қарамай маңызды мәжілістерге қатысу үшін қызметшілері көтеріп апарып әкеліп тұрды. Ол ханның қызын алып, ханға әйелдікке туған қызын берген. Өзбек хан қайтыс болған соң оның баласы Жәнібек хан тағын иеленіп біраз жыл патшалық құрған кезде Иса-Айсыл би-Ойсыл күллі отбасымен репрессияға ұшырайды. Құғын-сүргіннің себебін фольклортанушы-ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Отыз ұлды Ойсыл немесе Сіргелі ұрпақтары» деп белгілеген қазақ аңызында баяндалады. Аңыздың ондаған нұсқасы жарияланған. Солардың ішінде ғалымдар қағаз бетіне түсіргендерінің бірі – белгілі этнограф, проф. Х.Арғынбаев мәтіні. Оны зерттеуші 1958 ж. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл., Алғабас (қазіргі Бәйдібек) ауданы, Майбұлақ кеңшарының 70 жастағы тұрғыны Тәжібай Бердібаевтан жазып алған: «Жәнібек ханның замандасы, бақуатты Бақтиярдың ұлы Ойсылдың бірнеше әйелі және 30 ұлы болыпты. Олардың арасында ақылмандары да, көрікті еркетотайлары мен іскерлері де бар екен. Солардың бірі Жәнібек ханның сұлу қызына ғашық болып, ол қыз екіқабат болып қалады. Бұны білген хан ашуланып, Ойсылдың барша ұлдары мен келіндерін қонаққа шақырып қырып тастапты. Тек қана Ойсылдың қырда жылқы бағып жүрген ұлы Өтеп пен оның Ізбике атты екіқабат әйелі төркіндеп жүріп, аман қалып, Манат атты ұл туыпты. Ол ес жиып, ат жалын тартып мінуге жараған кезде оған сіргелі тай мінгізіп, еліне шығарып салыпты. Ол ата-жұртына жеткенде көкпардың үстінен

шығып, бұл додада өзінің епті әрі күшті екенін танытып, тайының да тұлпар тектес топжарғандығын көрсетіп, жиналған ел-жұртты таң қалдырыпты. Оны енді байқап, бір-бірінен сұрастырып, «сіргелі тай мінген мына мықты бала кім?» дегенге келеді. Ойсылдан қалған ұрпақ осылай сіргелі деп аталыпты. Сіргелі бірнеше түркі халықтарының құрамында: қазақта – Ұлы жүзде және Орта жүздің уақ руы құрамында, ноғайда, өзбектің юз тайпасы ішінде кездеседі. Сіргелі деп Ташкент қ-ның бір ауданы, әуежайы, ал Түркістан мен Жамбыл облыстарында бірнеше топонимдер – елді мекен, жер, ескі канал аттары аталады. Ноғай халқында сюжет жағынан «Отыз ұлды Ойсыл немесе Сіргелі ұрпақтары» атты аңызбен үндес «Айсылдың ұлы Амет батыр» атты жыр бар. Жырдың бас кейіпкерлері қатарында Жәнібек хан мен Айсыл би, олардың перзенттері. Айсыл бидің баласына хан қызын беремін деп бастапқыда келіскені, кейін уәдісін бұзғаны, батыр жігіттің хан қызын ұрлап әкеткені, бұған хан жаза-лаушылар жіберіп әскери қақтығыстар болғаны баяндалады. 1969 ж. басылған «Ноғай халк йырлары» атты жинақтың құрастырушылары «Айсылдың ұлы Амет батыр» деген жырда баяндалған оқиғалар Алтын Орда ханы Жәнібектің кезінде орын алған деп ашық жазады. Бұл жырдың бір нұсқасын В.В.Радлов 1896 ж. жариялаған. Қазақ аңызымен, ноғай жырымен сарындас сюжет 17 ғ. аяғына жатқызылатын «Дафтар-и Чингиз-наме» атты татар қолжазбасындағы Айсаұлы Аман туралы тарауда кездеседі. Үш түрлі түркі елдерінің әдеби туындыларында сипатталатын бір жағдай осы үш халықтың ортақ мұрасы – Алтын Ордада орын алған деп санауға негіз бар. Аңыз, жыр, қолжазба түбі бір тарихи оқиғаны, ондағы тарихи

тұлға Ойсылдың басына түскен жағдайды баяндайды.

Әдеб.: Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – А.: 2000.; Ногайские народные песни. – М.: 1969. С.8; Радлов В.В. Наречия северных тюркских племен. Образцы народной литературы. Ч. VII. – СПб.: 1896. – С.211-212; Золотая Орда в мировой истории. – Казань: , 2016. – с. 259-260; Усманов М.А. - Татарские исторические источники XVII-XVIII вв. – Казань: 1972. – С. 115; Қожа М. Алтын Орда беклербегі –Ойсыл // Егемен Қазақстан, 01.08.2018. №144, 5 б.

М.Қожа

ОМАРОВ Көпбай (3.1.1929, Түркістан обл. Созақ ауд. Сызған а. – 1989, Ташкент қ.) – айтыс ақыны. Шымкент қ-ндағы Мұхтар Әуезов атынд. пед. ин-тын (1950) бітірген. Ұстаздық қызметі 1950 жылдан басталып, осы салада үздіксіз 40 жыл еңбек еткен. Берен атынд. орта мектепте өмірінің соңына дейін ұстаздық етті. Бұл мектеп қазір О. есімімен аталады. 1964 ж. Жамбыл, Қызылорда, Оңт. Қазақстан обл-тарының ақындары қатысқан айтыста 1-орын алған. Бұдан кейін де талай айтыстардың жеңімпазы болды. Ол нағыз суырыпсалма ақын әрі асқақ үнді әнші. Тайжан, Нартай дәстүрін жалғастырып, жез сырнайға әсем үнін қосқан К.Омаров музыка аспаптарында шебер ойнайтын. Сүгірдің «Қаратау шертпесі» мен «Бозінген» күйлерін нақышына келтіре орындайтын. Ақын 1989 ж. мамыр айында Өзбекстан мен Қазақстан ақындары арасында өткен айтысқа қатысты.

Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – б.; Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ОҢТАЕВ Бейсен – (3.5.1922, Түркістан обл. Ордабасы ауд. Қараспан а. – 4.3.1991) – Кеңес Одағының Батыры. 1931-36 ж. Арыс балалар үйінде тәрбиеленген.



Шымкент а. ш. техникумын (1941) бітіріп, Отырар, Мақтарал ауд-дарында жер суландыру жұмыстарын атқарады. 1942-45 ж. Орт. майдан 65-армия 69-атқыштар дивизиясы 120-полк құрамында соғысқа қатысады. Шабуылдардың бірінде О. бастаған 13 жауынгер 10 танкіні қалқалаған 200-ден астам жау әскеріне тайсалмай қарсыласады. Нәтижесінде 4 танкіні талқандап, 80-нен астам жау әскерін жояды. 1943 ж. 15 қазанда Украинаның Радуды деревниасы маңында Днепрден өту кезінде көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғ. Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі (1943). Соғыстан кейін басшылық қызметтер атқарады. Еңбектен қол үзбей жүріп, Шымкент пед. ин-тын бітіріп, ұстаздық қызметке араласады. 22 жыл В.Маяковский атынд. мектеп директоры болады. Ауылдық, аудандық кеңестердің депутаттығына сайланады. I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жүл-

дыз» ордендерімен, т.б. медальдармен марапатталған. Б.Оқтаев атында ауыл, мектеп, көше бар. Оның ерлігі «Әскери барлаудың қаһармандары» және «Хабар 24» телеарнасы түсірген «Батырлар елі» деректі фильмдерінде баяндалады.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 406 б.; Ордабасы: Энциклопедия / Бас ред. Н. Бегалыұлы. – Шымкент: «Ордабасы», 2008. – 742 б.; Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 606 б.; «Әскери барлаудың қаһармандары» деректі фильмі // URL: <https://el.kz/kz/news/archive/>; https://www.inform.kz/kz/kazakstandyk-batyrlyar-beysen-ontaevev_a2654813.

М.Ахметова

ОРАЗОВ Мейірбек (1942, Шарапхана – 2004, сонда) – ғалым, тіл маманы, түрколог. 1964 ж. ТашМПИ бітірген. Низами атынд. ТашМПИ өзбек тілі кафедра оқытушысы, 1967-82 ж. ф-т деканының орынбасары, кейін деканы болды. 1993-99 ж. ХҚТУ Шымкент бөлімшесінде қазақ тілі кафедра меңгеруші, оқу ісі жөніндегі проректор, филология кешенінің директоры. 2000 ж. Оңт. Қазақстан пед. ун-тінің ректоры қызметтерін атқарды. О. алғашқы еңбек жолын Өзбек. республикасында бастаған. Ол тек қана жұмыс жасап қана қоймай, өзбек тіл білімінің зерттелуіне де өзіндік үлесін қосқан. Оның жасаған сараптамалары әлі күнге дейін өз құндылығын жойған емес. Сонымен қатар тіл маманы түркі халықтары тілінің тарихы жайлы да өте маңызды ізденістерін ұсынды. 1970 ж. академик А.Ысқақов пен Ш.Шабдурахмановтың жетекшілігімен «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» тақырыбында канд. диссертация, 1983 ж. «Семантика казахского глагола» тақырыбында докт. диссертация

қорғады. 230-дан аса ғыл. еңбектері жарық көрді. О. еңбектері тіл мамандары, түркітанушылар мен өз бетінше ізденіп, тілдің тарихы нәм тілдік ойлау жүйесін таныту мақсатында зерттейтін ізденушілерге рухани және бай ғыл. мұра болы саналады. Ғалым Түркітанушылардың Халықар. байқауында «Күміс алқа» (1980), «Жыл ғалымы» (Англия, 2002) медальдарымен марапатталған. Бүгінде оның тіл білімі саласындағы еңбегі ескеріліп, Шымкент SILKWAY Халықар. ун-ті (бұрынғы Оңт. Қаз. пед. ун-ті) арнайы дәрісхана ашып, жыл сайын «Оразов оқуларын» өткізіп, ғыл.-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырады.

Шығ.: Қазақ тіліндегі қалып етістіктері. - А., 1980; Семантика казахского глагола. А., 1983; Сөз теориясы. - Таш., 1985; Түркологияға кіріспе (қосалқы автор). А., 1985.; Қазақ тіліндегі дуративті қосымшалар.- А., 1987; Қазақ тілінің семантикасы. А., 1992; Көмекші сөздер. Таш., 1997.

Әдеб.: Қазақ тілі. Энциклопедия. - А., 1998; Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. - А., 2005.

Н.Мансұров

ОРАҢҒАЙ (Урайха, Уранга, Урухан) – көне жер атауы. Түркістан қ-нан 15 шақырым шығысқа қарай қазіргі Ораңғай ауданының аум-ндағы Күлтөбе-Ораңғай а-нда орналасқан. Геогр. координаттары: 42Т 449382, 4805508. 17 ғ-дың соңында 18 ғ-дың басында С.У.Ремезовтың картасында Урухуханы атымен белгіленген. 1696 ж. «Қазақ Ордасының қалаларын бейнелеуде» Уралхай атауымен аталған. 1735 ж. Н.Алимов шығарған Түркістан қалаларының тізімінде – Уранга деп жазылған. Ескерткішке қойылған стратиграфтық шурф 15-18 ғ-лардағы материалдарды берді.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011. – С. 330-357. – С. 338; Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв) / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв.Т.1. – А., 2005. – С. 379; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 28; Тұяқбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) – А. 2009. – С. 67.

М.Қожа

ОРДАБАСЫ – Шымкенттің батысында, Түркістан обл-ның Ордабасы ауд-ндағы төбе. О. «орда түріндегі шың, биіктік» дегенді білдіреді. Топоним орда және бас сөздерінің бірігуінен тұрады. Атаудың бірінші сыңары – орда. Көне түркі тілінің сөздігінде: орда «резиденция, хан сарайы». Орда сөзінің бастапқы мағынасы – киіз үй, ханның киіз үйі, сарай қызметіндегі киіз үйі, салтанатты киіз үй, осы мағынадан «ханның резиденциясы» екіншілік, жаңа мағына өрбиді. О. – төбесінде диаметрі 75-80 м, биікт. 14 м үлкен қорған орналасқан шоқы. Одан төмен диаметрі 6-12 м және биікт. 0,6-1 м болатын кішірек қорғандар орналасқан. Биіктікте үлкен қорған, ал төменге қарай



Ордабасы



Ордабасы монументі

кіші қорғандардың орналасуы ортағасырлардағы түркі-моңғол халықтарының арасындағы орда, ордо, орду атауымен белгілі билеушінің лагерь – ордасын еске салады. Мұндай орда – лагерьлер, әдетте, дәл ортасында үлкен ханның шатыры немесе киіз үйі – орда орналасқан дөңгелек шеңбер бойымен тізілген кішіректеу киіз үйлерден тұрады. Қазақ кедейлерінің тұрғын үйлері әдетте төрт-бес қанатты, ал феодалдық элита киіз үйлері он екі-он төрт қанатты болғаны белгілі. О. атауының екінші компоненті бас кең таралған халықтық геогр. термин ретінде шыңдарды, құзды шатқалдарды, даралана көрінетін жартастарды, өзеннің басталар тұсын, қайнарларды атауда қолданылады. О. төбенің топогр. ерекшелігіне байланысты қойылған атау деуге болады. Айта кететін жайт, «алтықанат киіз үйге ұқсайтын тас» деп түсіндірілетін Ордатас топонимі де кездеседі. Ороним алғаш рет А.Диваевтің «Қазығұрт кемесі туралы аңыз» атты мақ-нда кездеседі, онда «Урда-Башы төбесі Бадам өз-нің жағалауында, Қазығұртқа бетпе-бет қарап тұр» делінген. Урта-бась түрінде 20 ғ-дың басындағы статист. жинақта көрсетіледі.

«Қазақ КСР-нің тарихының» 3-томында А.И.Левшиннің топогр. деректеріне сілтеме жасалып, «Әбілқайырдың бүкіл қазақ қолының әскери қолбасшысы ретінде сайлануы Орда басы тауының жанында өтті» делінген. Алайда, А.Л.Левшиннің аталған кітабында О. топонимі туралы айтылмаған. Жоңғарлардан жерін азат ету мақсатында барлық қазақ жүздері өкілдерінің кездесуін өткізіп, Әбілқайыр хан бастаған ортақ әскер ұйымдастыруға шешім қабылдаған жерді анықтауды бірінші болып ұсынған М.Тынышбаев болды. М.Тынышбаевтың болжамы тек төбенің атына ғана негізделген: «бізде бұл кезеңге қатысты басқа аңыздар жоқ. Бірақ мұнда оқиғаларға тән геогр. атаулар бар. Көшпенділер, әсіресе қазақтар мен қырғыздар, сол жерде болған оқиғаларға байланысты мекен атауын беру тәрізді керемет сипатқа ие. Бірінші осындай нүкте – Орда басы төбесі (картада «Урта-бас» болып бұрмаланған), Бадам өз-нен 5 км және Шымкенттің батысына қарай 30 шақырым жерде... Біздің пікірімізше, үш шабуыл жасайтын топ Орда-Бас төбесінде қосылған, Орда басы, яғни «Орда басшысы» немесе «Негізгі орда» дегенді білдіреді ... біз бұл жерде «бірлескен одақ ... бір-біріне адал болуға ант бергеніне» сенімдіміз, осында Әбілхайыр хан «бас қолбасшы» болып сайланған және «халық әдет-ғұрпы бойынша ақбоз ат құрбандыққа шалынған», дейді. Алайда, О-мен қазақ-жоңғар қарсыласуымен байланыстыратын аңыздар жоқ. Сол уақытта Оңт. Қазақстан обл-ның аум., оның ішінде Түркістан қ. жоңғарлардың билігінде болғандығын ескерсек, Бадам өз-нің жағалауында орналасқан О-н қазақ өкілдерінің кездесетін жері деп айту күмән тудырады. Қазақстанның басқа бөліктерінде де осындай немесе осыған

ұқсас оронимдер бар. Қарағанды обл-ның Шет ауд-нда О. тауы, сол аймақтың Жаңаарқа ауд-нда Ордашақан тауы, Шығыс Қазақстан обл-ның Абай ауд-нда Ордатау тауы, Ақмола обл-ның Ерейментау ауд-нда Ордатас таулары бар. Жергілікті атауда орда сөзінің болуы 1726 ж. қазақ элитасының тарихи жиналысының өткізілетін жерін анықтауда айқындаушы фактор бола алмайды.

Әдеб.: Диваев А.А. Легенда о Казыкуртовском ковчеге // Сборник материалов для статистики Сырдарьинской области. Т.5. – Таш., 1896. – С. 1-11; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.: «Наука Казахской ССР», 1974; Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдарьинская обл. Чимкентский уезд. Т. II., вып I. – Таш., 1910; Муканов М.С. Поселение и жилище // Казахи. Историко-этнографическое описание. – А., 1995; Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984; Подушкин А.Н. Курганный могильник Ордабасы // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С.97; Сабырханов А. Годы великого бедствия // История Казахской ССР. – А.: «Наука Казахской ССР», 1979. – С.13-25; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010; Тынышбаев М. История казахского народа. – А.: «Қазақ үн-ті», 1993; Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – А.: «Наука», 1983. – С.106-165.

М.Қожа

«ОРДАБАСЫ АУДАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ» – Түркістан обл. Одабасы ауд-ның орт. Темірлан елді мекені Әубәкіров көшесі № 1/1 үйде орналасқан мәдени ғимарат. «О. а. т. ө. м.» мемл. коммуналдық кәсіпорны Ордабасы ауд-ның құрылуына 40 жыл толу мерекесіне орай облыс әкімінің №516 қаулысымен 2005 ж. 22 қыркүйек күні ашылған. «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР



Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану мұражайы

2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес, 2011 ж. 9 тамыз №919 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген. Кәсіпорында басқаруды жүзеге асыратын орган Обл. мәдениет басқармасы болып табылады. Мекеме ғимараты 1977 ж. қаланған. Ғимарат алғашқыда 2 бөлмелі мемориалдық «Қажымұқан үйі» болып ашылған. 2001 жылдан аудандық АХАТ мекемесі, 2005 жылдан бастап «О. а. т. ө. м.» қарамағына берілді. Мұражайдың алғашқы директоры ауданның Құрметті азаматы Мәрия Зәйтүнқызы болды. Штат кестесі бойынша мұражайда 8 қызметкер жұмыс істейді. Оның 4-еуі жоғары білімді. Мұражай ғимараты бір қабаттан тұрады. 2008 ж. ағымдағы жөндеу барысында ғимаратқа қосалқы бір бөлме қосылған. Мұражайдың жер аум. 0,0382га; ғимараттың ауқымы 456,9; Жалпы алаңы 132,2; Бөлме саны – 6. Мұражайдағы жәдігерлер Ордабасы өңіріндегі тарихи-оқиғалар туралы сыр шертеді. Мұражай үш бөлімнен тұрады. «Ғыл. бөлім»; «Этнографиялық бөлім»; «Археол. бөлім». Мұражай ұжымының атқарған бірқатар іс-шараларының арқасында қоры жыл сайын жаңа құнды экспонаттармен толығып келеді. Негізгі қордағы экспонаттар саны – 1348; Ғыл. көмекші қордағы экспонаттар саны – 155; Экспо-

наттардың жалпы саны – 1942. Мұражай экспозициясын этнографиялық, археол., қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан көне бұйымдар және ауданның тұрмыс-тіршілігі мен жеткен жетістіктері жайында мұрағат құжаттары, суреттері, ресми мәліметтері, қол қойған бұйрықтары, баспасөз бетіне жарияланған мақалалары толықтырып тұр. Аудан тарихы, ақын жазушылар, Кеңес одағының батырлары, ауданды басқарған хатшылар туралы деректер орналасқан. Қазақ халқының ерте заманда пайдаланған бұйымдары, салт – дәстүрге байланысты жәдігерлер кеңінен қойылған. Қараспан төбе, Алтынтөбе, Күлтөбе қалашықтарынан қазба жұмыстары кезінде табылған қыш бұйымдар орналасқан.

М.Тастанбеков

«ОРДАБАСЫ ОТТАРЫ» ГАЗЕТІ – Түркістан обл. Ордабасы ауд-ның апталық, қоғамдық-саяси газеті. Қазақ тілінде жарық көреді. Баспа Темірлан а-нда орналасқан. Газет 1935 ж. «Социалистік жол» деген атаумен шыққан. 1965 ж. Бөген ауд. және Арыс қалалық «Коммунизм таңы» – «Заря коммунизма» газеті аталды. 1992 жылдан «О. о.» деп шығарылып келеді. Газетте ауданның тыныс-тіршілігі туралы ақпараттар қамтылады. Сонымен қатар еліміздегі, облыстағы басты саяси-экон., мәдени, т.б. мәселелер жөнінде хабар беріледі. Газетте Н.Бегалыұлы, т.б. редактор болды. Басылымның қазіргі редакторы – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ордабасы ауд-ның Құрметті азаматы Нүридін Шәмшіұлы.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 415 б.

М.Ахметова

ОСПАНҰЛЫ Әсілхан (1924, Арыс ауд. Көмешбұлақ а. – 2005, Шымкент қ.) – ғалым, аудармашы, ғыл. кандидат. Шымкент мұғалімдер ин-тын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша (1944) бітірген. 1948-55 ж. ҚазМУ-ді журналист мамандығы бойынша сырттай оқыды. Журналистік еңбек жолын Шымкент қорғасын з-тының «Қорғасын» газетінің жауапты хатшысы болудан бастады. Кейін «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакциясында әдеби қызметкер, жауапты хатшы, мәдениет және тұрмыс бөлімінің меңгерушісі, Шымкент ауд. «Сталин туы», Сарыағаш ауд. «Ленин жолы», Шаян ауд. «Социалистік колхоз» газеттерінің бас редакторы болып, 1959-62 ж. Қазақ ҒА әдебиет және өнер ин-тының аспирантурасында оқыды. 1964 ж. канд. диссертация қорғап, Қаратау, Қазығұрт, Сыр бойындағы ақын-жыраулардың қазақ әдебиеті тарихына енгізілуіне мол үлес қосты. 1966-87 ж. Шымкент пед. ин-тында қазақ әдебиеті тарихы, антика әдебиеті тарихы пәндерінен дәріс берді. Қазақ халқының танымал тұлғалары Мұстафа Шоқай, Сабыр Рахимов сияқты арыстардың өмірі мен қызметтерін зерттеп, оқырманға кеңірек танытты. Әлішер Науаи, Абдулла Қаһар, Нодар Лумбадзе, Евгений Березиков сынды қаламгерлердің еңбектерін аударған. «Бауырмал» сыйл. иегері, «Еңбек ардагері» (1985) медалімен марапатталған.

Шығ.: Қаратау атырабының ақындары. – А., 1983; Қаратау шайырлары. – А., 1991.

Н.Мансұров

ОТЫРАР – Түркістан обл-ндағы ортағасырлық қала. Отырар ауд., Талапты а-ның шетіндегі Отырартөбе қалажұрты орнында болған. Араб халифатының бастапқы кезеңіндегі ғалымдардың еңбектерінде

Турарбанд, Тарбанд, Фараб деп аталды. Отырартөбенің ең төм. қабаты б.з. I ғасырына жатады. 7-8 ғ-ларда Отырар көне түркілердің бір иелігінің орт. болды. Қазақстан аймағында алғаш теңге соққан қала. Отырар 8 ғ-да мұсылман әскерлері басып алды. Қарахандар дәуірі О. үшін гүлденіп өсу дәуірі болды. Қала көл. ұлғайып, 200 га-ға жетті. 1210 ж. О. Хорезмшах мемлекетіне күштеп қосылды. 1219-20 ж. моңғол әскерлері басып алды. Бірақ О. жермен-жексен болған жоқ. 13 ғ. ортасына қарай қалалық тіршілік жандана бастайды. 13 ғ-дың 50-60-ж. О-да алтын, мыс, күмістелген теңгелер шығарылды. 14 ғ-дың бірінші онжылдықтарында қала жошылықтар қолында болды. Ол Моңғол империясындағы Еуропадан Қытайға апаратын Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды сауда қ-на айналды. Қала айналасында үй-жайлар, тұрғын орамдар, түрлі шеберханалар, моншалар бой көтерді. О. қ-н иелену үшін жошылықтар мен шағатайлықтар арасында күрес жүрді. 14 ғ-дың соңғы ширегінде О. Темір мемлекетінің құрамына кірді. Ол стратегиялық әрі экон. орт. болып қала береді. Қаланың орт. бөлігінде қайтадан құрылыстар тұрғызылды, рабад аум-нда



Отырар 15-17 ғ. тұрғын үй орамы



Ортағасырлық Отырырдың орталық бөлігінің әуефотосы

шеберханалар жұмысы қайта жанданды, қала айналасында жеке тұрғынжайлар салынды. 1405 ж. О-да Темір қайтыс болды. 15 ғ-дың басында және екінші жартысында О-да бүкілқалалық өрттер болды, осыған байланысты оқиғалар О. қ-н ойсыратып тастады. 15 ғ-да О. астаналық дәрежесінен айырылып, қатардағы қалалардың біріне айналды. 1415-16 ж. О-да ең соңғы теңге соғылды. 16 ғ-да О. қ-ның орны тек О-төбемен шектелді, ауданы 20 га-дан аспады. 16-17 ғ-ларда қалада шамамен 5500-6000 тұрғын болды. Қала 17 ғ-дың аяғында жасалған Ф.Скибинның елшілігі есебінде Қазақ ордасы қалаларының тізімінде, Ташкенттің тұрғыны Н.Алимовтың 1735 ж. берген мәліметінде аталады. 17 ғ-дың аяғы – 18 ғ-дың басында С.У.Ремезов жасаған орыс картасында, И.Красильниковтың 1755 жылғы картасында (Атрар) белгіленді. Н.Витсеннің жазбалары бойынша 17 ғ-дың аяғында О. билеушісі Тұрсын болды. Орынбор аудармашысы М.Араповтың ақпары бойынша 1749 ж. қала Барақ хан иелігінде болған. О. тарихының соңғы кезеңі

археол. қабаттарда соңғы бүкіл қалалық өртпен таңбаланады. О-дың соңы бүкіл қалалық өрт жоңғар ханының 1681-82 ж. жасаған жорығымен байланысты. О-дың ерлікпен қарсылық көрсетуіне орай қаланы жоңғарлар өртеді. Халқының бір бөлігін өзімен бірге айдап әкетті. Көптеген үйлер иесіз бос қалды. Алайда жоңғар ханы Галданның билігі ұзаққа бармады. 17 ғ-дың 80-жылдарынан кейін кейбір өртенген және тастап кеткен үйлер жөнделді, аса шектеулі аудандарда жаңа үйлер салынды. Бұл кезеңде қаладағы тіршілік құлдырады. 18-19 ғ-лардағы жазба мәліметтер шоғыры, археол. деректер (нумизматикалық және керамикалық кешен), жергілікті аңыз әңгімелер О-да 1750 ж. тіршілік тоқтағанын көрсетеді. Бұған бірнеше факторлар әсер етті. Біріншіден жоңғар шапқыншылығы кезінде арық-каналдардың бұзылуы және О. халқы санының күрт кемуі. О-да 18 ғ-дың бірінші жартысында 200-280 адам болған. Осындай аз қол күшімен көктемде суы мол арнасынан шығып жататын, жазда суы биік арнасының төменінде жататын Арыс өз-н

бөгеп арыққа су шығару, жер деңгейі жа-зық аймақта оман-арық қазып суды жүр-гізу көп күшті, көп шығынды қажет етті. О-ға су жеткізетін Темірарықты қалпына келтіруге отырарлықтарда шама болма-ды. Бұған қоса 18 ғ-да ауа райы өзгеріп, қуаңшылық үстем болып, өзендердегі су деңгейі төмендеп кетті. О-дың соңғы тұрғындары Түркістан, Шымкент, Шілік елді мекендеріне көшкен. О. қ. халқы-ның бір бөлігі басқа да қазақ жеріндегі ескі қалалықтардың ұрпақтары іспетті қа-зақ халқының құрамына кірді. 19 ғ-дағы А.И.Левшиннің, Н.А.Маевтың, Н.Дингель-штедттың, Е.Т.Смирновтың зерттеулерін-де О. қиранды, қала құландысы ретінде аталады. О. қалдықтарының алғашқы си-паттамасын жасаған және Отырартөбе-де тұңғыш қазба жұмыстарын жүргізген шығыстанушы Н.И.Веселовский болды. 1947 жылдан О. ескерткіштерін зерттеу-ді А.Н.Бернштам басқарған, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, А.Г.Максимова, басқа да зерттеушілер қатысқан Оңт. Қазақстан-дық археол. экспедиция жүргізді. 1969 ж. О. археол. экспедициясы, 1971 жылдан Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспеди-циясы (басшысы К.А.Ақышев) О. ескерт-кіштерін жаңаша тәсілдермен зерттеуді қолға алды. 20 ғ-дың 60-жылдарының аяғы мен 1991 жылдар арасында жүр-гізілген зерттеулердің нәтижесінде Оңт. Қазақстан мен Орта Азия аум-нда ең көп зерттелген кейінгі ортағасырлық ескерт-кішке айналды. О. ескерткіштерін зерт-теу барысында археол. ғылымының сол кездегі жаңа тәсілдері қолданылды. О. ескерткіштері алғаш рет ұшақтан фото-суретке түсірілді. Қазақстанда алғаш рет ортағасырлық қаланы кең көлемде қазу жұмыстары жүргізілді, палеознограф., ирригац., нумизмат. ізденістермен, кера-мик. ыдыстардың саз құрамын анықтау,

олардан тарихи мәліметтер алу жұмыста-ры қатар жүргізілді. О-ға арналған моно-графиялар, жүздеген мақала-хабарлар жарық көрді. Қазақстан егемендік алған соң мәдени мұраны зерттеу мен сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөліне баста-ды. 2004 ж. мемл. «Мәдени мұра» және «Көне Отырарды қалпына келтіру» атты бағдарламалар қолға алынды. Қарасты-рылған кезеңде О. тарихы мен археоло-гиясын зерттеу жаңа сатыға көтерілді.

Әдеб.: Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзако-вич Л.Б. Древний Отрар. – А., 1972; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневе-ковый Отрар. – А., 1981; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. – А., 1987; Қожаев М. Отырардағы керамика өндірісі. – Түркістан, 1996; Қожа М. Ортағасырлық Оты-рар. Аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006; Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археол. деректер негізінде. – А., 2017.

М.Қожа

«ОТЫРАР АЛҚАБЫ» – ауд. қоғам-дық саяси газет. Шәуілдір ауд. партия к-ті ұйымдастыру бюросының 22.3.1935 жылғы №3 қаулысы бойынша «Социа-листiк Шәуілдір» (редакциясы – Темір станциясында), 1962-63 ж. аудан аты Қызылқұм болып өзгеруіне байланы-сты «Қызылқұм» (редакциясы – Шәуіл-дір ауд-нда) деген атпен жарық көрген. Алғашқы редакторы – С.Боранбаев. 1991 жылдан газет аудан атымен жаңа-рып «Отырар алқабы» болып өзгертілді. 1935-40 ж. латын, 1940 жылдан кирилли-ца әрпімен шығады. Газет 1935-70 ж. қол-мен, 1970-89 ж. лнотиппен, 1989-99 ж. фото теріммен, 2000 жылдан электронды тәсілмен теріледі.

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2005.

Қ.Саркенова

ОТЫРАР-ҚАРАТАУ МӘДЕНИЕТІ – Оңт. Қазақстан өлкелерін мекендеген тайпалардың көне мәдениеті (б.з.б. I мыңжылдық соңы – б.з. I мыңжылдық ортасы). Ескерткіштердің негізгі тараған аум. Сырдарияның орта ағысын қамтиды. Қалалар мен қоныстар, зираттар жақсы зерттелген. Олардың аса ірі шоғырлану орт. Отырар оазисі Арыс өз-нің солт. жағасындағы Көк-Мардан, Пұшық-Мардан, Мардан-Күйік, Қостөбе, Шаштөбе, Сейтмантөбе, Ақайтөбе, Шөлтөбе, т.б. ірі қалалары белгілі. 1940 ж. А.Н.Бернштам жетекшілік еткен экспедиция барысында алғашқы деректер алынып, кангюй-қаратау мәдениеті болып аталды. Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, К.Ақышев, К.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, Л.М.Левина, А.Н.Подушкин зерттеді. Аса ірі ескерткіштерінің бірі – Көк-Мардан. Арыстың екі көне ағысының мүйісін үшінші жақтан қолдан қазған арнамен қоршау арқылы жасалған жасанды аралда тұрғызылған. Ауданы 4 га, ортада аум. 140х60 м, биіктагі 15 м сопақ пішіндес төбе үстінде негізгі бөлігі орналасқан. Жалпақтығы 30-50 м. су толы арналардан басқа терең ормен және биік қабырғамен күшейтілген. Шығыстан жалғыз қақпа шығарылып, бұған келетін



Ортағасырлық Отырардағы қыш жасау орны

жол жіңішке дамба үстімен өткен, екі үлкен мұнарамен қоршалған. Тұрғын үйлері орт. төбені айнала орналасқан. Мұндағы шығыс бөліктегі үйлер 1 га жерді қамтыса, батыс пен солтүстік-батыс бөліктің үйлері 3 га жерді алып жатыр. Тұрғын үйлер мен басқадай құрылыстар үлкен көше мен көптеген орамдарға бөлініп орналасқаны анықталды. О.-Қ. м. қалаларының үйлері ерте кезеңнен-ақ кварталдық жүйемен тұрғызылуы ерекше құбылыс. Әдетте 4-6 үй бір кварталды құрайды. Құнды ерекшеліктерге қыш ыдыстарға салынған 100-ге тарта таңба-белгілер жатады. Белгілердің негізгі тобы ру-тайпалық таңбалар. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша бұлар соңғы орта ғасырдағы таңбаларға өте жақын. Бір ерекшелігі, мұнда қазақтың үш жүзіне де кіретін ру-тайпалардың таңбалары бар. Отырар-Қаратау мәдениеті тайпалары мал шарушалығымен бірге жоғары дамыған егіншілік бағытты ұстанған, ұсталық және зергерлік қолөнер жақсы дамыған. Тұрғындар ата-баба рухына, Тәңірге табынған. Мәдениеттің негізін қалаған тайпалар сақтардың тікелей ұрпақтары болып табылады. Халқы Сыр бойының көршілес Жеті асар және Қауыншы мәдениеттерінің тайпаларымен бірге тарихи Кангюй (Қаңлы) мемлекетінің құрамына кірген. Б.з. 3-4 ғ-ларда О.-Қ. м-н жасаған тайпаларға ғұндар келіп араласқан. Әсіресе, заттық мәдениет ерекшеліктері мен антропол. деректер осыны көрсетеді. Осы кезеңдерде түркі мәдениеті мен тілі қалыптасады, түркі-соғды синтезі дамиды. Ғұн тайпаларының келіп қосылған кезеңінен бастап О.-Қ. м. тайпалары жетіасарлықтармен бірге Сырдың жоғ. ағысына, Орта Азияға қарай жылжиды. 6-7 ғ-ларда О.-Қ. м. дамуы тоқтайды, тайпалардың бір бөлігі жетіа-

сарлықтармен бірге Сыр мен Амударияның төм. ағысына топтасады да, Кедер мәдениетін құрайды. Қалған тұрғындар Отырар оазисінде құрылған Қаңғар бірлестігіне кіреді.

Әдеб.: Бернштам А.Н., Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Изв. АН КазССР. Серия археол., в. 2. 1949; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б., Древний Отрар. – М., 1972.

Қ.Саркенова

ОТЫРАР МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙ – мәдени мекеме. Түркістан обл. Отырар ауд.-ның орт. Шәуілдір елді мекенінде орналасқан. 1967 ж. Отырар ауд. Темір ст.-сында суретші және тарихшы Асантай Алимовтың мектептегі шағын мұражайы негізінде ашылған. 1973 жылдан бастап аудан мұражай қызметін атқарып, 1975-76 ж. мұражай обл. өлкетану мұражайының филиалы болып саналды. 1979 ж. 11 мамырда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімімен О. м. а. қ.-м. болып құрылды. Мұражай мәдени ағарту және археол. ескерткіштерді қорғау мекемесі ретінде жұмыс жүргізді. Қазіргі заманғы мұражай ғимараты 1982 ж. мұражайға келушілер үшін ашылды. 1998 ж. 25 желтоқсанындағы № 1335 Үкіметтің қаулысына сәйкес О. м. а. қ.-м. респ. бағыныстағы мемл. мекеме болып қайта құрылды. Ол заңды мемл. мекеме ретінде 1999 ж. 27 сәуірде қайта тіркелді. Қорық-мұражай мекемесі Шәуілдір ауылындағы Жібек жолы даңғылының бойында үш қабатты ғимаратта орналасқан. ОМАҚМ Қазақстан аум.-нда құрылған алғашқы археол. қорық-мұражай. Қорық-мұражайда бес мұражай бөлімі жұмыс істейді: Археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі; Қор сақтау бөлімі; Реставрация

және Консервация бөлімі; Этнография бөлімі; Әдебиет және өнер бөлімі және ғыл. кітапхана (оның қорында 1511 дана кітап) бар. Мұражай ішінде реставрация және консервация бөлімі жұмыс жасайды. Көпшілік көрермендерге Мұражай ғимаратымен қоса Арытан баб кесенесі, Отырар қалашығы, Отырар руханиятының филиалы, қазақтың қоржын үйі қызмет көрсетеді. Қоржын үйдің жалпы ауданы 3048,5 м, экспозиция ауданы 1052 м, қор бөлімінің ауданы 254 м. Археол. барлау экспедициясының барысында Отырар мемл. археол. қ.-мұражай есебіндегі археол. ескерткіштердің саны 220-ға жетті. Мұражайдың құрамына респ. маңызы бар 4 археол. ескерткіш, жергілікті маңызы бар 216 археол. ескерткіш кіреді. Оларға Отырар оазисінің: Отырартөбе, Құйрықтөбе, Көкмардан, Алтынтөбе, Ақтөбе, Жалпақтөбе, Арыстан Баб кесенесі және басқа да тарихи ескерткіштер жатады. Қорық-мұражайдың негізгі мақсаты – Отырар өңіріндегі археол., архит. ескерткіштерді қору, ғыл.-зертт. және насихаттау мен мәдени ағартушылық жұмыстарымен айналысу. Отырар мұражайы 200 жылдан астам уақыттан бері облыстың экон. және коммерц. орт.-ның рөлін атқарған ерекше тарихи ескерткіш Отырар қалашығының қазба жұмыстары



Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражай

кезінде табылған археол. қазыналардың ғыл.-зертт. орт. болып табылады. Мұражай экспозициясы екі бөлімге бөлінеді: археол. және этнографиялық. Археол. залда ең көне экспонаттар қола дәуіріне жатады. Негізінен бұларға Отырар қ., Отырар көне қалашығы мен Көкмардан мазарының қазбалары кезінде табылған керамика және басқа да тұрмыстық ыдыстар. Ең қызықты экспонаттар жануарлардың бейнесі түріндегі амулеттер болып табылады, көбінесе қошқар, ит, жылқы түріндегілер. Залда экспонаттардың ішінде ауыл шаруашылығының және көшпелі мал шаруашылығының дамуын көрсететін құралдардың көп қалдықтары бар. Көрме қыштан жасалған экспонаттардың кең ауқымын ұсынады. Олардың көпшілігі реставраторлардың қолымен қалпына келтірілді. Суды және азық-түлікті сақтау және тасымалдау үшін ыдыс-аяқ түрлері басым болып келеді. Сондай-ақ керамикадан жасалған 11-12 ғ-лардың шамдары, дастарханы, құмғандары, шелектері бар. Сүмен жабдықтау жүйесінің үзінділері қаланың инфрақұрылымын дамытудың жоғары деңгейін көрсетеді. Отырар дамуының соңғы кезеңі – 17 ғ-дың керамика, нәзік фарфор, темір құралдар, алтын, күміс және мыс тиындар жатады, бидай мен мақта қалдығы, ағаш тақтайшалар, терракоталық шыны, кірпіштер кездеседі. Этнография бөлімінде 19-20 ғ-лардың экспонаттары – тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптар, көшпелі мал ш., а. ш., балық аулау құралдары бар. Сондай-ақ, халықтың рухани мәдениетімен және киіз үйдің безендірілуімен тығыз байланыста жүретін аңшылық бұйымдары бар. Ең құнды экспонаттар – сүйек, күміс белбеу, алтыннан жасалған бұйымдар, зергерлік бұйымдар – сырғалар, сақиналар, аспалы ілгіштер.

Олар көрмені айрықша әдемілеп тұрғандай. Мұражайда Әбу Насыр әл-Фарабидің кітапханасы да бар. Мұнда 3000-нан астам басылымдар, әл-Фараби мен оның шәкірттерінің еңбектері сақталған. Этно-кешенге келушілер ата-бабамыздың өткен тұрмыс-тіршілігін көре алады. Этно-кешенде ортағасырлық тұрғынжайлар көрінісінен бастап қазақтың көшіп қонуға ыңғайлы уақытша тұрғынжайы – қос, тұрақты мекенжай түрі – жертөле, 19 ғ. соңы мен 20 ғ-лардағы қоржын үй түпнұсқа жасауымен көрсетілген. Сонымен қатар, мұнда ортағасырларда дамыған керамика өндірісінің шеберханасы, 20 ғ-дағы дүкен, яғни темірші ұстаханасы, киіз үйдің сүйегін жасайтын үйшінің шеберханасы құрал-саймандарымен көрсетілген. Мұнда ортағасырлық керамик. бұйымдар жасау әдісімен өндіріліп жатқан түрлі бұйымдарды да көруге болады. Сыр бойы халқы ерте заманнан-ақ ортасында дәлізі, қарама-қарсы екі бөлмесі бар қоржын үйлерде өмір сүрген. Ол халықтың өткен өмірін, әлеум. хал-жағдайын аңғартады. Отырартөбеге жүргізілген археол. қазба жұмыстарынан белгілі болғандай, ортағасырларда Отырар қ-ндағы үйлерде азық-түлік қоймасы болған. Оларда астық, ұн, жеміс сақталатын болған. Қоржын үй құрылысы Отырардағы тұрғын үйлерге ұқсас болып келген. Қоржын үйдің құрылысына келетін болсақ, бірінші іргетас, күйдірілген қыш немесе қамыс немесе тастан (қалақ тас) қаланады, екінші қабырға, қам кесектен, сондай-ақ шымнан ойылған шым кесектен және пахса, яғни нәмдалған топырақты нығыздап таптау әдісімен тұрғызылады, үшінші төбежабын – ортадан ұзына бойы қары ағаш салынып ши төсеп, көлденең қамыспен жауып оның үстіне бидай немесе тары сабандарын салып лай-

мен сылап тастайтын болған. Үйдің бір бөлмесінде үй иелері тұрады, оны жатын бөлме деп атаған, ал екінші бөлмесі қонақ үй деп аталады – қонақ күтетін бөлме. Бөлмелерінің арасы дәлізбен бөлінеді. Дәліз қойма мен асхана қызметін атқарған. Қоржын үйдің астықты бөлек-бөлек қоятын қамбалары, қақ, қауын құрт кептіретін жеміс, ірімшік, құрт, диірменге тартылатын ұн қоятын орындары, ет ілетін адалбақаны болған. Жазда үй алдына орналастырылған ағаш не құм кесектен тұрғызылған сәкілердің үстіне масахана орнатып, ашық аулада ұйықтайтын болған. Сәкінің қасында құрт, қауын құрт жаятын сөре болған. Жазда аулаға киіз үй тігеді. Үйдің қорасы шарбақталып, онда бау-бақша, жоңышқа, бидай, тары, жүгері егетін бірнеше атыздар болатын. Этно-кешенде орналасқан киіз үйдің кереге, уық, сияқты ағаштарын жасайтын «мор» деп аталатын пештің ұз. 3,5 метр, екі қабырғасының төбесін кірпішпен қалап, сыртын сылаған, бір басынан мойын шығарады. Осы мойынға үй ағаштарын жатқызып от жағады. Ағаштарды оттың жалынына емес, қызуына балқытады. Себебі оттың жалынына ағаштар қатты күйіп кетуі мүмкін. Сонымен қатар, Отырар қорық-мұражайының ауласындағы қазақ қайығы мұражайымызға келген көпшілік көрерменді ерекше қызықтырады. Су көбейген кезде 30 фарсақ жерге дейін үлкен аймақты басып төбелердегі ауылдар мен елді мекендерге тек қайықпен баруға болатын. (К.Ақышев). Отырар өңіріндегі

Үшқайық, Маяқұм, Шеңгелді, Ақжар өткелдерінде қазақ қайығын пайдаланған. Қазақ қайығы омыртқа, қарақұс, жақтау, беріктік секілді негізгі және шау, бұлқын сияқты қозғаушы, бағыттаушы бөліктерден тұрады. Қайықтың жарығын таза мата қиындысымен тығындап, сыртын ешкінің майымен майлаған. Осындай ұлттық құндылықтарымызға қарап халық өмірінің шежіресін аңғаруға болады.

Әдеб.: <https://www.astana-akshamy.kz/zattyq-muragha-muqiyat-qarajyq/>.

М.Тастанбеков, Қ.Саркенова

ӨГІЗТАУ – Түркістан обл-ндағы ортағасырдан сақталған бекініс орны. Тарихи деректерде Өгізтау атауы Августтау, Окуз, Угустау, Эгистан, Укуз-Таг, Хукуз-таг, Окуз-Таги деген нұсқалармен жазылған. Оның орны Түркістан қ-нан солтүстік-шығысқа қарай шамамен 50 км жерде Қаратаудың оңт. беткейінде орналасқан. 16 ғ-ға жататын «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» және басқа да тарихи деректерде Шайбани хан мен қазақ билеушілері арасындағы қақтығыстар баяны ішінде аталады. Ө. Түркістан мен Созақ қ-ның арасындағы жолда жатқан. Тарихи деректерде бекініс басшысы «Өгізтау жүзбегі» делінеді. 18 ғ-дың ортасындағы орыс деректерінде қазақ билеушісі Бараққа бағынышты қалашықтар ішінде көрсетіледі. 1755 жылғы И.И.Красильниковтың атласында Угустау деп белгіленген. Сырдарияның орта ағысын-

да тұрған қожалардың «Насабнаме» атты шежірелік қолжазбаларында Укуз-Таг деп көрсетілген. П.И.Рычков бойынша 18 ғ-дың ортасында Өгізтауда шамамен 40 отбасы тұрған. Қалажұрт бетінен алынған материал кейінгі ортағасыр дәуіріне жатады. Ертедегі Өгізтау кейінгі ортағасыр қалажұртынан оңт.-батысқа қарай 200 м жатқан төбешікте болған. Ол 10-12 ғ-ларға жатады. Жергілікті тұрғындар Өгізтауды Тасқорған деп те атайды.

Әдеб.: Елеуов М. Археологические памятники урочища Огузтау // Международный Казахско-Турецкий ун-т имени Х.А.Яссави. Новости археологии. – 1997. № 1. – С. 104-105; Кожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII-XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А.: 2014. – С. 621-642; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А., 1969; Исламизация и сакральные родовые в Центральной Азии. – А., Берн-Таш.-Блумингтон, 2008.

М.Қожа

ӨЛІКТӨБЕ (4-6 ғ.) – көне мекенжұрт. Көкмардан аум-ның оңт.-батысында 12,5 км, Сырдария өз-нің оң жағалауынан 3 км жерде орналасқан. 1969 ж. Отырар археол. экспедициясы (К.Ақышев) зерттеген. Ө. Көкмардан аум-тық окр-не қарасты Сарыкөл балық шаруашылық аум-нда, балық өсіретін қауыздардың қиылысқан тұсында қалып отыр. Жалпы төбенің диаметрі 96 м. солтүстік-шығысынан шамамен диаметрі 100 м алаң жапсарласады.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ӨМІРБЕКОВ Есіркеп (1920, Түркістан, Сарыөзен болысы Қаратау а. – 2001, Созақ ауд. Шолаққорған кенті) – шежіреші, ауыз әдебиетін жинаушы, өлкетанушы. 1930 ж. ауылдағы қызыл отаудан сауат ашады, 1939 ж. Шолаққорғандағы жеті жылдық мектепті бітіреді. 1941 ж. Түркістан пед. уч-щесінде, 1956 ж. Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы партия мектебінде, 1959 ж. жоғары партия мектебінде оқиды. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында жұмысшы болып істейді, Созақ ауд. «Социалистік шаруа» газетінің редакциясында әдеби қызметкер, редактор болады. 1952 ж. Созақ ауд. партия к-тінің Созақ зонасы бойынша хатшысы. 1959 ж. Энгельс атынд. кеңшардың партия хатшысы қызметін атқарады. 1959 ж. «Молшылық үшін» газетінің редакторы, 1964 ж. Созақ ауд. кеңесі атқару к-ті төрағасының орынбасары, халықтық бақылау к-тінің төрағасы болды. Ол Созақ елінің өткені мен бүгініне қатысты тарихи деректерді жинаумен қатар, өлең, поэмалар, очерктер жазды. Созақ өңірінің ақындары, домбырашылары, шешендері, бұрынғы билері, ел тағдырына із қалдырған тарихи адамдары, т.б. туралы аңыздар мен әңгімелер жинады. Ол Созақ өңірінің жиырмаға жуық (Құлыншақ, Шәді, Санбай, Айтжан, Тайжан, Бәйдібек, Мүсірәлі, Мәлік, Байсақал, т.б.) ақындарының әдеби мұрасы жөнінде, сондай-ақ Қаратау атырабына белгілі күйшілер хақында аса қызықты мағлұмат топтаған. Солардың қатарында Сүгір, Бапыш, Жаппас, Төлеген, т.б. жиырмадан астам күйші домбырашылар туралы деректері, Абақ, Жаманқара, Сейділда, Кәрібай тәрізді батырлар турасындағы қызғылықты мағлұматтары бір төбе. Созақ елінің тарихы, табиғаты, өсімдігі, жан-жануар-

лар дүниесі жөнінде танымдық мәні зор деректері де мол. «Дәулет пен сәулет» (1968), «Шежірелі өлке» (2002), «Бабалар соқпағы» (2003), «Өмір керуені» (2015) атты кітаптары шыққан.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

«ӨСКЕН ӨҢІР» – газет. Түркістан обл. Шардара ауд.-нда «Ө. ө.» газеті 2011 жылдан шығарыла бастады. Газетті ҚР Байланыс және ақпарат мин-нің ақпарат және мұрағат к-ті 2012 ж. 20 тамызда қайта есепке қойып, №12966-Г куәлігін берген. 1969 ж. Шардара ауданында «Өскен өңір» – «Возрожденная степь» болып шыға бастады. Газетті 1971-77 ж. Б.Тұрмағанбетов, 1977-81 ж. К.Үкібаева, 1981-83 ж. М.Аңламасов, ал 1983 жылдан Ж.Мұқанов басқарды. Газет қабырғасында Ә.Балқыбек, Ә.Шегебай сынды танымал журналистер еңбек еткен. Таралымы – 5000 дана. Орыс тіліндегі «Возрожденная степь» басылымы 1991 ж. таратылған. Меншік иесі: Шардара ауд. әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Ө. ө.» Шардара ауд. газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Әдеб.: <http://www.oskenonir.kz/index.php/2013-06-19-05-11-08.html>.

Қ.Саркенова

ӨТЕГЕН КЕСЕНЕСІ – архит. ескерткіш. 19 ғ-дың аяғында тұрғызылған. Түркістан обл. Созақ ауд. Шу а-нан солт.-шығысқа қарай 10 км жерде. Негізгі құрылысы шикі кірпіштен тұрғызылып, күмбезінің құрылысына күйдірілген кірпіш пайдаланылған. Кесененің оңт. бөлігінде кіре

беріс есік бар, маңдайшасы арка тәріздес етіп қаланған. Ішкі құрылысының жоспары дөңгелек болып келеді. Күмбезінің ұшар басында жарық түсетін ойық қалдырылған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ӨТЕГЕНОВ Садық Қалмұхамедұлы (1874, Түркістан қ. – 19.11.1937, Шымкент қ.) – Алаш қайраткері, халық мұғалімі, ағартушы. 1896 ж. Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген. Ташкенттегі қазақ зиялыларының «Кеңес» астыртын үйірмесі басшыларының бірі. Ә.Бөкейхан бастаған бір топ ұлт зиялылары Минск қ-нан қазақ даласына қалыптасқан жағдайдың мән-жайын баяндаған жеделхат Ө-ке де жолданған. Ташкенттегі Қазақ Ағарту ин-тының оқытушысы, С.Қожановтың ұстазы. 1918 ж. қаңтардағы Түркістан қ-нда өткен Сырдария облысы қазақтарының съезін ұйымдастырушылардың бірі. С.Алдабергенов екеуі 1917 ж. Орынборда өткен 1-Жалпықазақ съезіне М.Шоқаймен бірге қатысқан. М.Дулатов 1912 ж. Семей түрмесінен шыққаннан соң «Түркістан қаласында болып, Садық Өтегенұлы, Қоңырқожа Қожықов, оның жұбайы Латипа Лапина деген оқыған, мәдениетті кісілермен танысқандығын», Түркістан қ-ндағы қазақ, өзбек байлары мен қырғыз манаптары мол қаржы жинап бергендігін, Орынборда А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхандармен ақылдасып, ол «қаржыны Уфадағы «Ғалия» медресесі шәкірттерінің қосқандарын, «Қазақ» газетін шығаруға бағыштағандығын жазады. Ө. туралы Т.Рысқұлов: «Құрметті, бірақ айлакер, монархиялық

бағытты жақтайтын шал. Алашорда мен Қоқан автономиялық үкіметтерінің қайраткері. 1913 ж. Петербургке Романовтар отбасының тойына барған. Қожановтың барлық құпиясын біледі», деп мінездемесін берген. М.Шоқай Парижде жариялаған мақаласында досы Ө. туралы Петербургте оны күтіп алып, Түркияның елшісі Тұрхан пашаның қабылдауында болып, госпиталдағы түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы Түркістанда тұратын түрік қандастары жинаған қаржыны тапсырғандығын айтады. «Қазақ» газетін шығаруға ақша жиып берген, «Алыстағы бауырыма» деп Мағжан ақын үн қосқан түркілік бірлік идеясына қол көмегін аямаған ұлтжанды Ө. 1937 жылдың 19 қарашасында Ішкі істер халық комиссариаты ОҚО басқармасы «Үштігінің» шешімімен сотталып, атылған. 1957 жылдың 17 шілдесінде ақталған. Оған тағылған айыптың ең бастысы – оның Алаш қозғалысының белсенді қайраткері болғандығы. Мектеп, медреседегі ағартушылық қызметін ұлттың санасын оятуға ұластыра алған Ө-тің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттығына сайлануы, Алаш съездерін өткізуге атсалысуы оның қайраткерлігін танытады.

Әдеб.: Азалы кітап – Книга скорби. Атылғандар тізімі. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша. –А.: «Зерде». – 1998. – 293 б., (Б.265.); Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. 3-том. – 150 б.; Дулатұлы М. Шығармалары. Бес томдық шығармалар жинағы 5-т. – 298-299 бб.; Движение Алаш: сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. Т.3. – А.: ФФ «Ел-шежіре», 2011. – 440 с.

Х. Тұрсұн

ӨТЕП Батырбек Тұғанбайұлы
(19.10.1946, Түркістан обл. Түлкібас ауд. Жиынбай а. – 03.04.1992, сонда) – сурет-

ші. Алматы көркемсурет үч-щесін (1971), Львов мемл. қолданбалы өнер ин-тын бітірген. 1974 жылдан КСРО Суретшілер одағының мүшесі. 1971-74 ж. Ә.Қастеев атынд. Шымкент көркемсурет үч-щесінде және М.Әуезов атынд. ин-ттың көркемсурет-графика ф-тінде оқытушы болды. 1974 жылдан облыс суретшілер қорында қызмет атқарды. Ө.Тұғанбайұлы – Қазақстандағы қолданбалы өнер саласын, соның ішінде тоқыма саласын (гобелен) енгізген кәсіпқой суретші. Оның «Түркі эпосы», «Бозторғай», «Той» деген туындылары Халықар. көрмелерде жоғары бағаланып, түрлі дипломдармен марапатталған. Бұл туындылар Астана қ-ндағы Президент резиденциясына ілінген. Басқа да жұртқа танымал «Отбасы», «Шілде», «Өмір өрнегі», «Атамекен», «Өскен өңір», «Өркендер», «Біржан – Сара», т.б. көптеген туындылары бар. Олардың бірқатары гобелен, батик, текемет пен сырмақ түрінде орындалған. Шығармаларының алтын арқауы – туған жерге деген сүйіспеншілік. 1997 ж. Шымкент қ-ның орт. көшелерінің біріне суретшінің есімі берілді. 1994 жылдан Ө.Тұғанбайұлы атынд. қайырымдылық қор жұмыс істейді. Қордың басты мақсаты – талантты жас суретшілердің өнер туындыларын жарыққа шығару, ұлт-



Өтеп Батырбек Тұғанбайұлы ескерткіші

тық қолданбалы өнер саласын дамытуды насихаттау. Шымкент қ-нда Ө.Тұғанбайұлы атынд. дарынды балаларға арналған орта мектеп бар. Суретші туындыларының барлығы дерлік авторлық құқықпен қорғалған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ПАЦЕВИЧ ГЕРОНИМ ИОСИФОВИЧ (1893, Белорусия, Витев обл. Шатрово ауд. – 4.10.1970, Алматы қ.) – археолог, тарих ғыл. канд. 1910 ж. Смоленск реальды уч-щесін бітірді, 1910-14 ж. Мәскеу археол. ин-тында оқыды, ғалым-археолог деген мамандық алды.



1919-24 ж. Қызыл әскер қатарында болды. 1924-33 ж. инженер болып қызмет істеді. 1933-38 ж. Қазақстанның Орт.

мұражайының ғыл. хатшысы болды. А.Н.Бернштам басқарған Жетісу археол. экспедиция жұмысына белсенді араласты. Соғыс алдында Талас аңғарындағы археол. ескерткіштерді зерттеді. 1938 ж. Жамбыл қ. ортағасырлық Тараз ескерткіштерінің сақталуын қадағалайтын археол. мекеме ашылуына орай П. Жамбыл қ-на көшіп келіп, осы Респ. қорықтар басқармасына қарасты мекеменің директоры болып қызмет істеді. Арнайы жолсапарларға шығып, Оңтүстік Қазақстан аймағындағы керуен жолдар, байырғы қалалар орындарын, обаларды зерттеді. 1947 жылдан бұл мекеме Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының қарамағына өтіп, П. 1955 жылға дейін Қазақ КСР ҒА-ның аталған ин-тында жұмысын жалғастырды. 1954 ж. Мәскеуде «Қазақстанның оңтүстігіндегі 7-15 ғ-лардағы қалалар мен елді мекендердің тарихи топографиясы» атты тақырыпта канд. диссертация қорғап шықты. П. 1955 ж. зейнеткерлікке шыққанымен археол. зерттеулерге ат салыса отырып, Орт. Қазақстандық және Батыс Қазақстандық археол. экспедицияларға қатысты. 1956 ж. тың жерлерге, Қостанай облысына жіберілген экспедицияны басқарды. 1959 ж. Шардара су қоймасы орнындағы археол. нысандарды зерттейтін экспедиция құрамында зерттеулер жүргізді.


Шығ.: Археологическая карта Казахстана. – А., 1960; Из истории оседлых поселений и горо-

дов Южного Казахстана. Труды ИЯЭ АН Каз.ССР. – А., 1958. Памятники междуречья Талас -Арысь // Материалы и исследования по археологии Казахской ССР. Т. 1: Таласская долина. – А., 1949.

Әдеб.: Ақымбек Е.Ш., Нұржанов А.Ә. Жамбыл археол. пунктін ұйымдастыру мен қызметіндегі Г.И. Пацевичтің рөлі // ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Тарих және саяси әлеум. ғылымдар сериясы. – 2017, №2. – 309-319 бб.

Г.Байсариева

ПАШИНО ПЕТР ИВАНОВИЧ (1836 – 3.9.1891, Санкт-Петербург қ.) – зерттеуші, дипломат. 1836 ж. Ирбит қ-нда дүниеге келген. Санкт-Петербург ун-тінің Шығыс ф-тін бітіргеннен кейін Азия істері жөніндегі департаментте қызмет етті. 1861 ж. Персияға Ресей елшілігінің хатшысы ретінде жіберілді.



Пашино 1866 ж. ақпан айының соңында Ташкентке іс-сапарға барады. Бұл сапардың нәтижесі 1868 ж. шыққан «1866 ж. Түркістан аймағы. Саяхатшы жазбалары» (Санкт-Петербург, 1868 ж.) граф Илларион Иванович Воронцов-Дашковқа арналған кітабында жарияланды. Қолжазбаларын жинақтау барысында сырқаттанып қалуына байланысты еңбек кешігіп жарық көрген. Аталған кітап

жарық көргенге дейін орыс баспасында Түркістан аймағы туралы маңызды еңбек болмады деуге болады. Сондықтан Пашиноның кітабы жаңадан жаулап алынған жерлер туралы егжей-тегжейлі сипаттамасы бар еңбек ретінде қызығушылық туғызып, үлкен сұранысқа ие болды. Еңбекте Орынбордан Ташкентке Оркен, Қарабұтақ, Орал қалалары, №1 (Қазалы) және 2 (Перовский қорғаны), Жүлек, Түркістан және Шымкент арқылы саяхаты толық сипатталған. Автор жол жазбалары түрінде қырғыз даласы, форт, қорғаныс, қалалар, мешіт-кесене (Әзірет-Сұлтан) және базарлар суреттеледі. Бұдан басқа автор Түркістанның дала мен қала тұрғындарының өмір салтын сипаттады, қырғыздардың қызығушылығы, қоныс аударған орыстарға деген қатынасы; азық-түліктері, ауылдың қысқаша сипаттамасы; бала тәрбиесі дәстүрі; халықтың білімі; қабір тастарының сипаттамасы, қырғыздардың исламды не үшін қабылдағаны туралы түсініктеме; әндер мен ән айту (Минаев орыс тіліне аударған және нотаға түсірген және оған ескертетін өте ерекше қырғыз әні) сипаты, т.б. туралы мәлімет келтіреді. Жолаушы жазбаларының басым бөлігі Ташкенттің сипаттамасы болып табылады (9-18-тараулар). Кітап тамаша суреттермен (А.Гиненің 20 суреті), В.Крюков суретін салған және А.Даугель ағашқа кескіндеген 35 виньеткамен, К.В.Струваның картасымен көркемделген. Бірнеше суреттер Шымкент, Түркістан, қалғандары Ташкент, Ходжентке арналған.

П. очерктерінде жергілікті халықтың алғашқы кезде орыс әскерлеріне өздерін ортаазиялық хандықтар езгісінен құтқарады деген сеніммен қарағаны туралы, ал олардың Сыр бойы қалаларын басып


алу барысындағы қатыгездіктерінен кейін түңілгені туралы деректер мен авторлық пайымдаулар молынан кездеседі. Ол Ресей патшалығы әкімш-нің іс-әрекеттерін ашық сынағаны үшін «Түркістан өлкесінде жұмыс істеуге сенімсіз және кедергі келтіретін адам ретінде» Ресейге шұғыл кері қайтарылған болатын. Орыс география қоғамының мүшесі, жазушы ориенталист-ғалым П. Орта Азияны зерттемес бұрын 1861 ж. Иранда болған. П. Түркістандағы Ясауи кесенесі архитектурасын Аббас шах заманындағы Казвине, Тавриз және Ашреф ескерткіштерімен ұқсас деп дәлелдеуге тырысады. Сонымен қатар, Ахмет Ясауи кесенені өзі тірі кезінде салдырыпты немесе ескерткіштің құрылысына Ұлықбек те қатысыпты деген жаңсақ пікірлер айтады. 1869-70 ж. Орта Азияға екінші мәрте келіп парсы және тәжік тілдерінің аудармашысы қызметін атқарған. 1872 ж. П. «Азиялық Вестник» ғыл. журналының алғашқы санын басып шығарады. Дегенмен автордың көзқарастарына байланысты журналдың бұл санына тыйым салынып, тәркіленген. П. Үндістанға екі рет саяхат жасаған. 1873 жылдың қыркүйек айында Үндістанға жіберілді. Ол Бомбейден Үнді өз-не дейін дәруіш киімінде жүріп өтіп, Үнді өз-н бойлай Цейлонға сапар шеккен. 1874 жылы Үндістанға екінші сапары: Дели арқылы Лахорға дейін, содан кейін Түркістан арқылы Ташкентке дейін. Қайтып келгеннен кейін ол Ресей геогр. қоғамында Бирма империясы туралы баяндама жасады. Сапар соңында «Король патшалығында» кітабы жазылды. 1876 жылдың басында П. Мәскеудің ең бай саудагері А.Хлудовтың ұлы Егор Хлудовпен бірге жүруге келісіп, жер шарын айналу саяхатына шығады. Олар Египетте, Эфиопияда, Қытайда, Жапонияда, АҚШ-

та болады. П. барлық саяхаттары туралы жазба мен кітаптар қалдырған.

Әдеб.: Пашино И.И. Туркестанский край 1966 г. Путевые заметки П.И. Пашино. – СПб., 1868. – 176 с.; Непомнящий Н.Н. 100 великих русских путешественников. – М.: «Вече», 2013. – 415 с.; Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. – М.: «Наука», 1989.

М. Тастанбеков

ПОДУШКИН Николай Павлович (1.1.1929-2013) – Абай атынд. ҚазПИ-дің тарих ф-тін (1952) бітірді. 1952-55 ж. Абай атынд. ҚазПИ-дің аспиранты болды. Еңбек жолын 1953 ж. Шымкент қ-ндағы В.И. Ленин атынд. 10-орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі ретінде бастады. 1956-98 ж. аралығында Шымкент пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметінде еңбек етті.



1998 жылдан 2010 жылға дейін «Мирас» ун-тінде Қазақстан тарихы кафедрасының проф. болды. Қазақстан археологиясы саласында ғыл.-зертт. жұмысын студенттік кезден бастады. ҚазПИ археол. отрядының (И.И. Копылов жетекшілік еткен), 1949-52 ж. А.Н. Бернштам басқарған Оңт. Қазақстан археол. экспедициясында болды. 1954-55 ж. Е.И. Агеева жетекшілік

еткен Оңт. Қазақстан археол. экспедициясының Баба ата қалашығы және қола дәуірінің Тау–Тары қорымын қазған қазба жұмыстарына қатысты. 1966-68 ж. Шымкент пед. ин-тының археол. отрядын басқарып, Арыс өз. аңғарының ерте қоныстарын (Қарауылтөбе) қазды. 1968-79 ж. Оңт. Қазақстан ескерткіштерін зерттеген Шымкент пед. ин-тының археол. отрядын басқарды. 1970 ж. «Арыс аңғарының ерте қоныстары (1-8 ғ.)» атты тақырыпта канд. диссертация қорғады. Археол. ізденістерді жалғастыра отырып 20 ғ-дың 70-ж. Алтын төбе (Ордабасы ауд.), Ақтөбе – Шаян (Бәйдібек ауд.) қоныстарын зерттеді. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясының жұмысына қатысты. 1984-92 ж. «Қазақстан Республикасының ескерткіштер жинағын» дайындау үшін Оңт. Қазақстан археол. ескерткіштерін зерттеу және құжаттау бойынша отрядын басқарды. Көптеген мақалалардың авторы болып табылады. «Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштері жинағы. Оңтүстік Қазақстан облысы» еңбегінің авторларының бірі.

Шығ.: Новое поселение раннеземледельческой культуры на юге Казахстана // ИАН КазССР. Сер. общ. – А.-А., 1968. – Вып. 5.; К вопросу о керамике раннеземледельческих поселений верховий реки Арысь (I–IV вв.) // По следам древних культур Казахстана. – А.-А., 1970.; Ранние оседлые поселения Арыси (I–VIII вв.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – А.-А., 1970.; Ранние оседлые поселения Арыси (I–VIII вв.): Диссертация на соискание уч. степ. канд. ист. наук. – А.-А., 1970; Торткүлтөбе – памятник оседлой культуры долины Арыси V–VIII вв. // Материалы научной конференции Чимкентского пединта. – Чимкент, 1970; Гончарные печи раннеземледельческих поселений долины Арыси (Южный Казахстан) // Археологические исследования в Казахстане. – А.-А., 1973; О хозяйстве оседлого населения Арыси в I–IV вв. н.э. // В глубь веков. – А.-А., 1974; Археологическая разведка в Чим-

кентской области // АО-1980. – М., 1981; Раскопки поселения-убежища в ущелье Бургүлюк // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. – А.-А., 1983; Археологические памятники Чимкентской области. – Чимкент, 1990; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – Т. 1. – 367 с. (в соавт. с К.М. Байпаковым, А.Н. Подушкиным и др.).

Әдеб.: Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция (ЮККАЭ): Научные биографии участников и библиография исследований: материалы международной научно-практической конференции, посвященной 40-летию работы Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Шаульдер. 18-19 октября. 2011. – А., 2014.

Д.Мұстапаева

ПУГАЧЕНКОВА Галина Анатольевна (7.2.1915 – 18.2.2007, Ташкент қ.) – белгілі археолог, өнертанушы-акад. Ташкент қ-ндағы Орта Азия индустрия ин-тын архитектура мамандығы бойынша (1937) бітірген.



Орта Азия архитектурасының тарихы кафедрасына аспирантурасында (1938-41) оқыды. 1941 ж. архитектура канд. ғыл. дәрежесіне канд. диссертация қорғады. 1942-60 ж. Орта Азия мемл. ун-тінің археология кафедрасының доценті болып жұмыс істеді. П. Түркістан мешіттерінен 1928

ж. М.Е.Массон және Т.Миргиязов тапқан бес ағаш ұстындарды ғыл. мақ-нда жан-жақты зерттеді. Орта Азия көне өнерінің білгірі ретінде бұл ғыл. мақ-нда, 14-15 ғ-ларға мерзімделген, ойып, өрнектелген ағаш ұстындар туралы ғыл. жан-жақты тұжырымдар береді. Сауранның шайқалмалы мұнаралары туралы 1954 ж. мақала жариялады. 1960 ж. Хамза атынд. өнертану ин-ты өнер тарихы және архитектура бөлімінің меңгерушісі болды. Өзбекстан, Түркіменстан, Ауғанстанда жүргізілген археол. қазба жұмыстарына қатысты. 1946-61 ж. Оңт. Түркіменстан кешенді археол. экспедициясында отряд басшысы болып, қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция нәтижелері монография ретінде жарияланып, табылған сәулет құрылыстары өнертанулық көзқараста сипатталды. П. 1959 ж. Өнертану докт. дәрежесіне диссертация қорғады. 1962 ж. проф. атағын алды. 1968 ж. Өзбек КСР ҒА корр.-мүшесі, 1984 ж. акад. болып сайланды.

Әдеб.: Пугаченкова Г.А. О резных деревянных колоннах XIV-XV вв. в г. Туркестане //Известия АН Казахской ССР. – 1948. Серия архитектурная. Вып. 1; Известный археолог и искусствовед, академик Академии наук Узбекистана, жена известного археолога Михаила Евгеньевича Массона//Википедия; Кожа М. Новые материалы о культовых сооружениях г. Туркестана / XIII-XVIII вв. //Абай атынд. ПУнің Хабаршысы, «Тарих және саясиәлеуметтік ғылымдар» сериясы, № 1(48). – 2016; Смагулов Е.А. Застройка центральной площади города Сауран XIV-XVII вв. // Поволжская археология. N2(16). – 2016.

Д.Мұстапаева

ПЫШАҚШЫТӨБЕ – ортағасырдың алғашқы кезеңінен сақталған шағын қаланың орны. Түркістан обл. Отырар ауд-ндағы Темір ст-сының оңт.-батыс жағында 11 км жерде. 1947 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетекшісі А.Н.Бернштам) зерттеу жүргізген. Аумақ батыстан шығысқа қарай 138 м, солт-тен оңт-ке қарай – 110 м. Басқа жағына қарағанда батыс жағы аласа, тікбұрышты, биікт. – 7,5 м. Шығыс жағының биікт. – 11,5 м. Алаңның төңірегінде топырақ төмпешіктің ізі бар. 1949 ж. экспедиция батыс алаңның шығыс жағының орта шенінің үш қабатын қазды. Екінші қабатынан қабырғаға қаланған шикі кірпіш, қыш ыдыстарының сынықтары табылды. Бұған қарағанда қала 6-10 ғ-ларда болған.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

РАШИД АД-ДИН ФАЗЛУЛЛАХ ИБН ӘБУ-Л-ХАЙР ӘЛИ ХАМАДАНИ (1247, Хамадан – 1318, Тебриз) – дәрігер, энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері. Ол танымал отбасынан шыққан. Атасы Муваффик ад-Доулэ дәрігер болған, 1256 ж. исмаилиттер бекінісі құлаған кезде өз әулетімен монғолдың Хулагу хан билігіне қызметке өткен. Исламды қабылдамай тұрып Рашид ад-Доулэ атымен танылған. Мемл. қызметке Абака ханның

кезінде келді. Қаржы саласында қызмет етіп жүріп, дәрігерлікпен де айналысты. Медицина ол кезеңдерде өзге салалар сияқты жоғары бағаланатын. Сондықтан бұл қызмет өз кезегінде дәрігердің тиісті жағдайда беделін арттырды. Соның арқасында мамандық иесіне мемл. басқаруда ондаған жылдар бойы көп септігін тигізді. Тіпті «Рашид ат-Табиб» («Дәрігер Рашид») атағымен де аталды. Энциклопедист ретінде танылған тарихшының қаламынан шыққан бірнеше еңбек бар. Айталық, «Китаб ал-ахья уа-л-асар» агро-техника, құрылыс жайлы энциклопед. еңбек саналса, «Мифтах ат-тафасир» қасиетті Құранға түсіндірме жасалған жинақ. Ал Иран тарихына байланысты алмасқан хат-хабарлары «Мукатибат-и Рашиди» атымен танымал. Маңызды әрі құнды тарихи шығарма ретінде әйгілі болған еңбек «Джами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») деп аталады. Оның бір бөлімі «Тарихе Газани» («Газан тарихы») туралы. Ол 1298-1317 ж. Иранды билеген Газан хан кезінде уәзірі болып, оның реформаларын жүзеге асырған. Сонда билік басында атқарылған істерді сөз еткен. Ал екінші бөлімде Шыңғыс хан жаулап алғанға дейінгі мұсылман мемлекеттерінің тарихы, ежелгі иуда мен франктердің, рим императорлары мен папалары, Үндістан, Қытай және Шығыс Еуропа халықтары туралы мәліметтерді келтіреді. Міне осындай мәліметтерді қамтыған мемлекет қайраткерінің тарихи сипаттағы еңбегі ортағасырда Түркістан өңірінің де тарихын, мәдениетін, онымен бірге ондағы тайпалардың өмірі, шығармашылығы мен әдет-ғұрыптары нәм әлеум.-саяси әрекеттері жайлы құнды деректерді ұсынады.

Әдеб.: Рашид ад-Дин. Сборник летописей/ Пер. с перс. Л.А.Хетагурова. Т. I, кн.I. – М.-Л., 1952; История Ирана с древнейших времен до конца XVIII века. – Л., 1958; Бартольд В.В. Сочинения. VII т. – М., 1974; Түркістан. Халықар. энциклопедия. – А., 2000.

Н.Мансұров

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (т.ж.б. – 1485) – Әмір Темірдің шөбересі, Ұлықбектің қызы. Рәбия Сұлтан бегім Әбілқайырханға 1451 ж. ұзатылады. Рәбия Сұлтан бегім Йасы-Түркістанда отыз жылдан аса уақыт өмір сүрді. 1451 ж. Әбу Сайд Самарқандты алған соң Әбілқайырханға ұзатылған, қайтыс болғаннан кейін осы жерде жерленеді. Тарихи деректерге қарағанда Рәбия Сұлтан бегім әкесі Ұлықбекті Әмір Темір 1405 ж. Мұхаммед Сұлтаннның қызы Өте Бегімге үйлендірген. Р.С.б. туған ж.н зерттеушілер шамамамен 1430 жылдың ортасы, қайтыс болған ж. 1485 жыл деп тұжырымдайды. 15 ғ-да өмір сүрген Рәбия Сұлтан бегім Әбілқайыр хан мемлекетіндегі халықтар арасында өте абыройлы болғаны, саяси мәселелерді шешуге араласып, ықпал еткені туралы тұжырымдар бар. Зерттеулерге сүйенсек, өз әкесі Ұлықбекті өлтірген Әбу Саидтың саяси-іс әрекетіне қарсы әрекет жасайды. Рәбия Сұлтан бегім өмір сүрген уақыт билік үшін өзара талас, соғыс, саяси-әлеум. өзгерістер заманы болды. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң он алты жыл ғұмыр кешкен. Ол Әбілқайыр ханның екі ұлы Көшкінші мен Сүйініш қожаның анасы ретінде белгілі. Рәбия Сұлтан бегім мазары 1895 жылға дейін сақталған болатын. Бұл күмбезді, бірнеше бөлмелі сағана салыну үлгісі бойынша 15 ғ-да мерзімделген. Рәбия Сұлтан бегім кесенесін тарихи-библиографиялық тұрғыдан зерделеген ғалымдар салыну



Рәбия Сұлтан бегім кесенесі

мерзімі 1495 жылға дейін, немесе 1510-30 ж. арасында салынды деген тұжырым айтады. 1864 ж. Түркістанға орыс әскерлері кірген соң, кесене, оның жанындағы сағаналар шаруашылық мұқтаждықтарға пайдаланылған. Атап айтқанда, Рәбия Сұлтан бегім сағанасы оқ-дәрі қоймасы ретінде қолданылды. 1895 ж. сағана қирап, құлайды. Кесенеде Рәбия Сұлтан бегім қабіртасы сақталған. 1870 ж. А.Кунның альбомында мазардың суреті берілген болатын. 19 ғ-дың екінші жартысында, 1895 ж. Ә.Диваев П.Н.Ахмеровке Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың, солардың ішінде қабіртастардағы жазулардың көшірмесін жібереді. П.Н.Ахмеров өз кезегінде жазуларды аударған және солардың ішінде Рәбия Сұлтан бегім қабіртасындағы жазулар қамтылды. Рәбия Сұлтан бегім қабіртасындағы жазуларды 1867 ж. П.Лерх, 1896 ж. П.Н.Ахмеров, 1928-30 ж. М.Е.Массон, 1978-82 ж. А.Дербесәлиев, 1995 ж. Б.М.Бабажанов, А.К.Муминов оқып аударған. Қабіртастындағы жазуға қарағанда, Рәбия Сұлтан бегім «жақсы іс әрекеттерімен, мейірімді

істерімен, бекзаттығымен белгілі болған тұлға». 1952-55 ж. К.А.Шахрухин 1895 ж. құлаған Рәбия Сұлтан бегім кесенесін қазып тапты. Күйдірілген кірпіштен салынған, қас бетті, беті Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталған сағана болған. Қас беттің ені – 12,2 метр, ойығының тереңд. – 3 м. Кесененің оңтүстік-шығыс қабырғасында мүрдеханаға кіретін күмбезді, баспалдақты, ені – 1,1м. дәліз болған. Күмбес ернеулеріне түсірілген жазулар гүлденген куфи өрнегімен түсірілген. Рәбия Сұлтан бегім кесенесі маңынан түрлі әрлеуге арналған көк, аспан көк, ақ түсті көркем тақташалар табылды. Кесенені әрлеуде куфи жазуы, өсімдік, эпиграф. өрнектер қолданылғаны белгілі болды. Бұл өрнектер 14 ғасырда әрленген өрнектермен сәйкес келеді. Кесене күмбезінің ұшында үш шар сипатын бейнелеген кубба болған, оның төм. жақтарында шыңылтыр жазулар жақсы сақталған. Рәбия Сұлтан бегім кесенесі зерттеулер бойынша 12-15 ғ-лардағы Орта Азия мен Қазақстанда сегіз қырлы, қас бетті, күмбезді мавзолейлерді салудың дәстүрлері

қалыптасып дамыған үлгісін көрсетеді. Рәбия Сұлтан бегім кесенесі 1980 ж. қайта қалпына келтірілді.

Әдеб.: Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясеви // Известия общества археология, истории и этнографии при Казанском ун-те. Т.13, вып. 6. 1896; Ажигалиев С. К изучению архитектурного строя мавзолея Раби'и Султан-бегим // ВАН, – 1982; Байдәулетов С.С. Алтын киімді ханзада ұранды қарт қазақтар. – А., 2000; Бартольд В.В. Сочинения. Т.2., – М., 1964; Бекчурин М. С. Описание мечети Азрета находящейся в городе Туркестане // Военный сборник. -№8, – СПб., 1866; Гейнс А.К. Священный город Туркестан. Дневник 1866 года. – М.: «Кучковое поле», 2008; Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – СПб., 1870; Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Таш., 1930. Тарихи-и Абулхайрхани. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинении). – А., 1969; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.О. Средневековая археология города Туркестана. – Туркестан, 1998; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А., 2005; Тарихи-и Абулхайрхани. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинении). – А., 1969; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – А., 2000.

Д. Мұстапаева

РЕШЕТКИН Иван Семенович (10.10.1924, Мақтаарал ауданы – 14.12.1968) – әскери қайраткер, Кеңес Одағының батыры (1943). 1942 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылды. Түркістандағы пулеметшілер уч-щесін бітіріп (1943), 309-атқыштар дивизиясының 957-атқыштар полкінде пулеметшілер взводын басқарды. Днепрден өту кезіндегі көрсеткен ерлігі үшін Батыр атағын беру ұсынылды. Соғыстан кейін Кеңес армиясында әскери қызметте болды. 1967 ж. подполковник дәрежесінде запасқа шықты. Ставрополь өлкесінің Лермонтов қ-нда жұмыс істеді. Ленин, Қызыл

Жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған. Жетісай өңірінің құрметті азаматы.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Ж.Өмірбекова

«РУХАНИЯТ – ӘБУ НӘСІР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЖАЙЫ» – МКҚК Түркістан обл. Отырар ауд-ның орт. Шәуілдір елді мекенінде орналасқан мәдени ғимарат. Мұражай Оңт. Қазақстан обл. әкімдігінің қаулысымен 2011 ж. 18 наурызда ашылды. Мұражайдың тарихы 1980 ж. жергілікті өлкетанушы Абдулла Жұмашевтың қоғамдық негізде құрған «Әбу Нәсір әл-Фараби атынд. әдебиет және өнер» мұражайынан басталады. Мұражай ғимараты 1966 ж. салынған, бейімделген ғимарат. Жалпы алаңы – 675,1 шаршы м. Оның ішінде қызметтік бөлмелер – 96,2 шаршы метрді қамтыса, экспозиция - 493,6 шаршы м, кітапхана – 12,4 шаршы м, қор сақтау бөлмесі – 67,7 шаршы м-ді құрайды. Штат кестесі бойынша мұражайда 11 қызметкер жұмыс істейді. Оның жетеуі – жоғары білімді. Мұражай қорындағы жалпы жәдігерлер саны 3893 дананы құрайды, оның ішінде негізгі қор жәдігерлері 2962 дана, қосалқы қор – 1201 дана. Кітап қоры – 1380 дана. Ш.Айтматов, М.Қозыбаев,



Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайы

Ә.Кекілбаев, К.Ақышев, Ш.Қалдаяқов, Ө.Жәнібеков, М.Мырзахметов, М.Шаханов, т.б. ғылым мен өнер қайраткерлері мұражайға өз жәдігерлерін тапсырып, мұражай туралы пікірлерін қалдырған. Мұражай экспозициясы 12 тақырып бойынша құрылған. «Отырар аймағы Астана территориясындағы мәдениеттің дамуының ең ежелгі ірі ошағы»; «Ортағасырлық Фараб-Әбу Нәсір әл-Фараби Отаны»; «Әбу-Нәсір әл-Фараби шығыстың ұлы философ, энциклопедист ғалымы»; «Моңғол шапқыншылығына дейінгі Отырар өлкесінің мәдениеті мен өнері»; «Ислам және сопылық дүниетаным»; «Алтын Орда тұсындағы рухани мәдениет»; «Қазақ халқының ауыз әдебиеті»; «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет пен өнер»; «Астана, Қазығұрт атырабы мен Сыр бойының 19–20 ғ. бас кезіндегі мәдениеті мен өнерінің дамуы»; «Кеңестік кезеңде өлкедегі әдебиеттің, мәдениет пен өнердің дамуы»; «Оңтүстік өңірі әдебиеті мен өнерін зерттеушілер»; «Тәуелсіздік кезеңіндегі өлкенің мәдениеті мен өнерінің гүлденуі». Құндылығы жағынан рухани мәдениетіміздің көрнекті өкілдеріне қатыстылығымен ғыл.-танымдық мәні зор Отырар жәдігерлерінің бір парасы отандық және шетелдік мұражайлардың экспозициялық көрмелеріне қойылған. Мысалы, Сирия Араб Республикасының астанасы Дамаск (Шам) шаһарындағы Әбу Нәсір әл-Фараби атынд. этно-мәдени орт-та 9, Астана қ-ндағы ҚР Ұлттық мұражайында 22, Арыстанбаб кешеніндегі жұма мешітте 20 жәдігер тұрақты көрмеге қойылған. Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби мұражайының ғыл.-зертт. жұмыстары нәтижесінде жарық көрген кітаптар мен жинақтарын ерекше атауға болады.

М.Тастанбеков

РҮСТЕМ ХАН (т.ж.б. – 1712 ж. Ташкент қ.) – қазақ хандарының бірі. Тарихи деректерде Рүстем, Рұстам-хан, Рұстам Мухаммед бахадүр хан деген есімдермен белгілі. Билік құрған жылдары 18 ғ-дың басы. Ордасы Ташкент қ-на орналасты. Шайхантауыр мазаратында жерленген. Басына қойылған құлпытастың қайда кеткені әзір белгісіз. Рүстем ханның билігі Ташкенттегі Шайхантаур Сибзар, Бесағаш бөліктеріндегі жаныс, сиқым, шымыр, шанышқылы, сіргелі руларына жүрген дейді. Сонымен қатар Сырдарияның орта ағысы, Шыршық, Арыс өзендері аңғарлары аймағын басқарды. Әкесі Иман хан туралы Ташкенттік Нұрмұхаммед Алимовтың қазақ хандары туралы 1735 жылғы хабарында мынадай мәлімет бар: «Большой орды – Иман хан, с него Рұстам – хан», делінеді. Рүстем хан билік құрған кезде Қарабақ атты абыройлы сұлтанға арқа сүйеген. Тарихи деректерде Р. х-ның генеалогиясы көрсетілмеген. Иман ханның балаларының ішінде бізге аты белгілісі – Асфендияр. Ол қазақтың Ұлы жүзінде біраз уақыт билік құрған.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С.76,110-111; ИКРИ. Т.6 – Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С.25.

М.Миразов

РЫБАЛКО Иван Игнатьевич (1923, Түлкібас ауд. Балықшы а. – 1943, Украина) – Кеңес Одағының Батыры (1943). 1938 ж. тракторшылар курсы бітіріп,

«Заветы Ленина» ұжымшарында жұмыс істеп жүргенінде соғыс басталып, танкист болып ұрысқа кіреді.



Днепр өз-нен өткен кезде ерлікпен қаза тапты. Балықшы ауылындағы өзі оқыған мектепке есімі берілген.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы, «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

РЫСБЕКОВ Бердалы (17.5.1940, Келес ауд. Құрылыс а.) – педагог, публицист. Ташкенттің ауа-райын зерттеу техникумын (1963), Қазақ мемл. ун-тінің физика ф-тін (1970) бітірген. Екі жылдай сол ун-те қызмет атқарып, содан кейін Шымкент обл. Келес ауд-нда ағартушылық қызметте – Келес ауд. оқу бөлімінде әдіскер, мектеп директоры, 1979 ж. Абай ауд-нда Қазақстанның 50 жылдығы және жұмысшы жастарды сырттан оқу және кешкі мектебінде мұғалім болды. 1995 жылдан О.Есимов орта мектебінде оқушыларға физикадан сабақ берді. Қазір зейнеткер, Сарыағаш ауд-ның ұлағатты ұстазы. Шығарм-пен 1960 жылдан айналысады.

1966-67 ж. тұңғыш фантастикалық әңгімесі «Тасқа айналған қыз» 1967 ж. «Білім және еңбек» журналында, «Құс жолы» фантастикалық әңгімесі «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Содан бері респ. баспасөзде жарияланып келеді. 1968 ж. «Халық творчество үйі» жариялаған бәйгенің жеңімпазы атанды. 1985 ж. «Аппақ қар туралы ертегі» кітабы (ертегілер мен әңгімелер), 1987 ж. «Құмырсқа баласы, Құмыршақтың басынан кешкендері» (әңгіме) кітабы жарық көрсе, 1986 ж. «Қызыл сәуле» атты топтама жинақта фантастикалық әңгімелері шықты. 1989 ж. бір әңгімесі «Байғазы», «Өзіұшар» атты топтама жинақта басылды. Бүгінгі таңда «Жалын», «Парасат» баспаларынан төрт жеке кітабы: «Аппақ қар туралы ертегі», «Құмырсқаның баласы, құмыршақтың басынан кешкендері», «Тасқа айналған қыз», «Сиқырлы жүзік» атты кітаптары жарық көрді. «Қызыл сәуле», «Байғазы», «Өзіұшар», «Келес толқындары», «Сарыағашым сазды өлкем» атты әңгімелері ұжымдық жинақтарға енді. 15 шақты әні бар. «Ақ Келесім», «Алматыда бүгін жаңбыр», «Наурыз», «Алға достар», «Мектеп бітірушілер вальсі», «Тырнар» сынды т.б. әндері түрлі орталарда айтылып жүр. 1996 жылғы Облыс әкімш. және Телерадио компаниясы ұйымдастырған «Үкілі-ай» байқауының, 2004 жылғы обл. Мәдениет бөлімі ұйымдастырған ауыл жастарына арналған ән байқауларының дипломанты.

Әдеб.: el.kz ақпараттық танымдық сайт // URL: https://el.kz/news/archive/content_8500.

М.Амантуров, Ж. Әкімбек

РЫСҚҰЛОВ ТҰРАР (26.12.1894, Жетісу обл. Верный уезі Шығыс Талғар болысы – 10.02.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет

және қоғам қайраткері. Әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы 19 ғ-дың 80-ж. патша әкімш-нің озбырлығынан Сырдария обл-ның Черняев уезінен (қазіргі Түркістан обл. Түлкібас ауд.) Верный уезіне қоныс аударған.



Меркідегі орыс-бұратана мектебін, Пішпектегі 1-дәрежелі а. ш. мектебін (1910-14) бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша бітірген. 1915 ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясында оқумен қатар, Ташкент қ-ның іргесіндегі Красноводск тәжірибе алаңында бағбан болып істеді. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Меркіге барып, Аққөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілерге қосылды. Патша әкімш. тұтқынан босап, 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Меркіге оралып, «Қазақ жастарының рев. одағын» құрады. 1917 ж. коммунистік партия мүшесі болды. 1918 ж. сәуірде Әулиеата уездік кеңесі атқару к-ті төрағасының орынбасары болып сайланды. Уездік төтенше комиссия ұйымдастырып, қарулы отрядпен бірге уезді аралап, орыстар мен қазақтардың өзара қырқысын тыюға күш салып, тартылып алынған мал-мүліктерді иелеріне қайтарғызды. Уездік кеңестің қызметін

ашаршылықпен күрес ісіне бағыттады. 1918 ж. қыркүйекте Р. Түркістан автономиялы Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Бұл комиссариатқа денсаулық ісімен шұғылданумен қатар, аштықпен күресу міндеті де тапсырылған еді. 1918 ж. 28 қарашада аштықпен күрес жөнінде Орт. Комиссия ұйымдастырылып, оның төрағасы болып Р. тағайындалды. Комиссия ТАКСР 19 уезі мен қалаларында тамақтандыру орындарын ашты. 1919 ж. 14 наурызда Түркістан Республикасы кеңестерінің 7-съезінде ТүркОАК төрағасының орынбасары болып сайланды. 1919 ж. наурызынан ТКП Мұсылмандар бюросының төрағасы. 1920 ж. 21 қаңтарда Р. Түркістан Орт. атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. Шығыс халықтарының 1-съезіне (Баку қ.) қатысып, делегаттардың коммунистік фракциясын басқарды. РКФСР Ұлт істері халкомының екінші орынбасары, осы халкомның Әзірбайжандағы өкілі, 1922 ж. күзінен 1924 ж. қаңтарына дейін Түркістан АКСР Халкомкеңесінің төрағасы. Түркістан Республикасының саяси-мемл. мәртебесін нығайтып, республиканы түркі тілдес халықтардың біртұтас ұлттық мемлекетіне айналдыруға, саяси, экон., диплом., әскери және мәдени мәселелер бойынша дербестік құқықтарына қол жеткізуге күш-жігер жұмсады. ТКП Мұсылмандар бюросының басшысы ретінде Түркістандағы түркі халықтарының бірлігін сақтау мәселесін бірнеше рет көтерді. Түркістанның түркітілді халықтары – тарихи даму барысында бөлінуге ұшыраған біртұтас халық, Түркістан – Орта Азияны мекендеген түркітілді халықтардың ортақ үйі деген тұжырымға саяси мән берді. Оны осы идеясы үшін Ұлт республикалары мен облыстары басшыларының 4-кеңесінде И.Сталин оны М.Сұлтан-ға

лиевпен бірге пантүркішілікке айыптады. РК(б)П ОК мүшелігіне кандидат (1923-24) болды. 1924 ж. ақпанда РК(б)П ОК Саяси бюросының шешімімен Коминтерн Атқару к-тіне қызметке жіберіліп, Орт.-шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып бекітілді. 1924 ж. жазда Коминтерн атқару к-тінің Моңғолиядағы өкілетті өкілі болып тағайындалды. Моңғол Халық Республикасының мемлекет ретінде қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Моңғолия Конституциясының жобасын әзірлеуге ат салысты. Моңғолия астанасының атын Уланбатор деп қоюды ұсынды. 1926 ж. наурызда Р. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің Баспа бөлімі меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 19 сәуірде БК(б)П Қазақ өлкекомы қаулысымен «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы, 31 мамырда РКФСР ХКК төрағасының орынбасары болып бекітілді. Осы қызметінде (1926-37) Р. Түркісіб темір жолын салуға көмектесу жөніндегі үкіметтік комиссияның төрағасы ретінде құрылыстың 6 жылдың орнына 3 жылда пайдалануға берілуіне ықпал жасады. Маманданған қазақ жұмысшыларын қалыптастыруға, жастарды Ресей және шет ел оқу орындарында көптеп оқытуға көп көңіл бөлді. Р. «Үлкен террордағы» айыпталуы 1937 жылдың 8 маусымындағы КСРО Ішкі істер халық комиссариаты Мемл. қауіпсіздік Бас басқармасының «кеңеске қарсы пантюркистік ұлтшылдық ұйымдар туралы» циркуляр хатымен байланысты өрбіді. Ол хаттың жазылуына осы жылдың көктемінде Орта Азия мен Татарстан республикаларында ұлт зиялыларын тұтқынға алу науқаны негіз қалады. Осы хатта шығыстағы республикалар мен облыстарда кеңеске қарсы астыртын жұмыс жасайтын ұлтшылдық элементтердің белсенділігі артып отырғандығы айтылған. Олардың қызметі «Алашорда», «Мусса-

ват», «Милли-Фирка», «Милли-Иттихад» сияқты ұйымдармен байланыстырылды. Осындай айыптаулармен Р. 1937 жылдың 21 мамырында тұтқынға алынды. Оның тергеу хаттамасымен Сталиннің тікелей танысуы мәселенің аса маңызды сипат алғандығын танытады. 1938 жылдың 10 ақпанында ату жазасына кесілген, НКВД-ның Мәскеу қ-ндағы «Коммунарка» арнайы нысанына жерленген. 1956 ж. 8 желтоқсанда оның ісінде қылмыс құрамының болмауына байланысты КСРО Әскери коллегиясы Жоғ. сотының шешімімен ақталды. Оның қоғамдық-саяси қызметі барынша күрделі болып қалыптасты. Сталинге жазған хаттары түркі халықтарының ұлттық мүддесін қорғау, Орта Азия мен Қазақстанда жүргізілген саяси-әлеум. және экон. реформаларды жеделдетуге нақты ұсыныстар енгізуі, Ф. Голощекинді қызметінен босатып, ашаршылықтың салдарын жеңілдетумен бірге Алаш қозғалысы қайраткерлерін әшке-релеуге ықпал жасады. Р. есімі Жамбыл, Түркістан обл-тарында аудандарға, Тараз қ-нда демалыс паркіне, Алматы қ-дағы Басқару академиясына, республика аум-нда көптеген орта мектептерге, көшелерге берілген. Ұлт-азаттық қозғалыс тарихына қатысты бірнеше еңбектердің авторы.

Әдеб: Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – 1928 г. – А.: «Ел-шежіре», 2007. – Т. 3. Кн.1. – 304 б.; Хаустов В., Самуэльсон Л. Сталин, НКВД и репрессии 1936-1937 гг. / В.Хаустов, Л.Самуэльсон. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОСПЭН); Фонд первого Президента России Б.Н.Ельцина. – 2010. – 432 с. (История сталинизма). – С.148; Тұрсұн Х. Алаш нәм Түркістан. – А.: «Ел-шежіре» ҚҚ., 2013. – 400 б.

Х.Тұрсұн

РЫСЫМБЕТАРЫҚ – 19 ғ. аяғындағы тарихи арық. Маяқұм а. айналасында орналасқан. Ұз. шамамен 12 шақырымдай. Арықтың атына қарағанда оны қоңырат руы ішіндегі жетімдердің Рысымбет атынан тараған ұрпағы қазған деген болжам жасауға болады. Шеңгелді мен Маяқұм арасында бір топ ескі арықтар бар. Олар жөнінде 1900 ж. Н.В.Руднев жазды. Ол Рабат, Шеңгелді арықтарын атап өтеді. Этнограф И.В.Захарова Қызылқұм аудандағы «Овцевод» совхозы жеріндегі дәстүрлі суармалы жүйе деген атпен сызба берді. Онда Сырдариядан шығарылған судың Байрам, Соркөл және Табан атты көлдерге тоғандармен жиналғаны, аяғындағы Табанкөлден Құмкөл, Рабат, Бірлік, Мойынқұм, Рысымбет атты арықтардың тартылғаны көрсетілген. Бұл арықтар байырғы ортағасырлық ирригац. жүйе ізімен қазылған болса керек.

Әдеб.: Руднев Н.В. Заброшенный уголок // Туркестанские ведомости. – 1900. № 15; Захарова И.В. О земледелии у казахов Чимкентского уезда в конце XIX – начале XX вв. // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975. – С.178; Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006. – 64 б.

М.Қожа

РЫЧКОВ ПЕТР ИВАНОВИЧ [1(12).10.1712, Вологода–15(26).10.1777, Екатеринбург] – орыстың 18 ғ-дағы тарихшысы, географы және экономисі. Петербург ҒА-ның тұңғыш корр. мүшесі (1759), Орынбор өлкесінде ұзақ жылдар бойы қызмет істеген патша чиновнигі. Оның ғыл. жағынан өсуіне И.К.Кирилов пен В.Н.Татищев едәуір ықпал жасаған. Р. Орынборға келісімен Волга бойы, Оңт. Орал, Сібір, Орта Азия мен Қазақстан

жөнінде мәліметтер жинаумен шұғылданады. Оның қызмет бабына байланысты Орынбор әкімш. атынан орт. органдарға жазған хаттары, экстракттары, осы өлкедегі халықтардың саяси жағдайы туралы жазған мәлімдемелері тек орыс-қазақ қатынастарын баяндап қоймай, сонымен қатар қазақ халқының тарихи, экономикасы, этнографиясы, т.б. жайлы да құнды деректер береді.



Р-тың алғашқы еңбектері – «Орынбор қаласының сипаттамасы» (1744), «Татарлар туралы қысқаша мәлімет» (1750) еді. Одан кейінгі еңбегі – «Орынбор тарихы» (1759). Бұл Қазақ елінің тарихына, қазақтардың Ресей қол астына көшуіне, орыс-қазақ қарым-қатынастарының дамуына арналған тұңғыш еңбек. 1734-37ж. Ор өз. бойында елді мекендер орнату мақсатымен ұйымдастырылған экспедицияға қатысты. И.Красильниковтың Орынбор губерниясы карталарына (1755) түсініктеме ретінде жазған «Орынбор топографиясы...» (1762) атты еңбегінде Р. 18-ғ-дағы Түркістан қ-ның келбетін былай суреттейді: «Қарасу өзенінің жағасында тұрған қала. Көшелері қисық, әрі өте тар, ені бір сажынға жетпейді.

Қаладағы үйлер саны мыңнан асады. Үйлері кәдімгі құрылыспен салынған, бірақ Ташкенттік үйлерге жетпейді. Қаланың бекініс қорған құрылысы жоқ, бірақ үйлерді қоршаған қыш қорғаны, сырттан қазылған оры суға толтырылған. Үш мешіті бар, оның бірі мұсылмандардың әлгі әулиесінің кесенесі. «Жазбагер мұнда» «әулиесінің кесенесі» деп Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін атап отырғаны белгілі. Бұл еңбек – Р-тың 18 ғ-дың орта шеніндегі Қазақстан, Орта Азия туралы туралы жинаған мәліметтерін толық қорытындылаған құнды еңбек. Р-тың Қазақ тарихына қосқан үлесін бағалай отырып, оның патша үкіметінің қазақ даласындағы билігін нығайтуға бар өмірін арнаған қызметші уәкіл болғанын ұмытуға болмайды.

Әдеб.: Казахско-Русские отношения в XVI-XVIII веках. – А-А., 1961; Масанов Э.А Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – А-А., 1966; Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. – А., 2002.


М. Миразов

САҒЫНДЫҚ КЕСЕНЕСІ (19 ғ-дың аяғы – 20 ғ-дың басы) – архит. ескерткіш. Арыс ауд. Шәуілдір а-нан оңт.-батысқа қарай 40 км жерде. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, қабырғалары сыланған. Бес күмбезі бар тіктөртбұрышты кесененің қабырғасы әктелген. Күмбездердің барлығы көпқырлы болып келеді және ең ірісі – ортаңғы күмбез.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ. Саркенова

САЙРАМ – Түркістан обл-ндағы ортағасырлық қала. Ортағасырлық С. қ-ның қалдықтары Шымкент қ-нан шығысқа қарай 10 км жердегі аттас ауыл аум-нда жатыр. Тарихи деректерде Саирям, Сайран, Сайрян, Сосиран, Сейрам, Сарйам, Саран деген үлгілермен жазылған. Араб халифатының бастапқы кезеңіндегі ғалымдардың еңбектерінде Исбиджаб, Исфиджаб деп аталды. Махмуд Қашқари «Түркі тілдерінің лұғатында»: «Сайрам – Испиджаб деп аталатын Ақ қаланың (әл-Мәдинат әл-Байда) атауы. Оны сондай-ақ Сариям деп те атайды». Осы жазба негізінде 629 ж. Үндістанға сапарға шыққан қытай саяхатшысы Сюань Цзанның қолжазбасында аталатын «Ақ өзен»



Сайрам көне қыстағы

дегі қала» С-ға сай келеді деп саналады. С. – Испиджаб Ұлы жібек жолы бойындағы ірі қалалардың бірі, ол түрлі діндер: христиандық, зороастрлық және мұсылмандықтың тоғысқан орт. болды. Жазба деректердегі мәліметтерге қарағанда қаланың 7-8 ғ-ларда болғанын көрсететін мәліметтер бар. С. қ-ның орт.нда жүргізілген археол. зерттеулер 9 ғ-дағы ерте дәуірге жататын заттық белгілер табылмады. Ертедегі С. орны басқа орында болған деуге негіз бар. Қожа Ахмет Ясауидің жақын туысқаны болып келетін «Насабнаме» шежіресінің авторы Сафи ад-Дин Орын Қойлақы С-ды 8 ғ-да мұсылман әскерлерінің жаулап алғанын, кейін Ысқақ баб жаңа бекініс салғанын жазады. Қала Қазақстан жерінде мұсылмандық ене бастаған кезде ислам діннің тірегіне айналды. Ертеортағасырлық Қазақстанның тарихындағы көптеген саяси оқиғаларға бәйланысты С. аталады. Испиджаб бір кездері Тараз, Фараб, Шауғар, Сауран құрамында болған феодалдық иеліктің астанасы болған, оның төл ақша шығаратын теңгеханасы болды. Испиджаб 9 ғ-дағы белгілі математик және географ әл-Хорезмидің «бесінші климат қалаларының» тізімінде кездеседі. С. – Испиджаб атауы 9-10 ғ-лар деректерінде Оңт. Қазақстанның басқа қалаларымен салыстырғанда жиі кездеседі. Араб географы әл-Мақдиси шығармасында (985) ертедегі қаланың қысқа да нұсқа сипаттамасы сақталған: «Испиджаб – үлкен аймақтық қала. Оның рабады мен халық мекен ететін мединасы бар. Онда (мединада) жабық базарлар, мата базары және үлкен мешіт бар. Оның (мединаның) төрт қақпасы: Нуджакет қақпасы, Фархан қақпасы, Шақрана қақпасы, Бұқара қақпасы, әр қақпаның жанында рабаты бар. Рабаттар: нахшебтіктер рабаты, бұқарлықтар

рабаты, самарқандықтар рабаты, Қаратеган рабаты, ал оның ішінде оның қабірі және кедейлерге нан мен тамақ бергізуге өсиет еткен ай сайын 7000 дирһем табыс беретін базары бар. Онда (қалада) 1700 рабат бар деседі. Бұл атақты шекаралық қорған және дін үшін соғысатын орын». Бүгінде көне қала орнының орт. бөлігі жоспарда төбешік болып қалған. Байырғы С. қалашығының орт. қалдықтарының айнала беттерінде адам тіршілігінің іздері бар шағын төбешіктер сақталған. Қала айналасындағы елді мекендер мен егістіктер екі қатар сыртқы қорған-қабырғамен қоршалыпты. 13 ғ-дағы парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің хабарлауынша: «Кәрі Сайрам қ. өте көне және өте үлкен қала; оны көрген адамдардың айтуынша оның бір шетінен екінші шетіне дейін бір күндік жол; қырық қақпасы бар». 13 ғ-дың басында С-ды хорезмшах, кейінірек моңғолдар басып алды. Моңғол империясы құрамында ол аймақтың экон. Орт. бола берді. Осы кезеңнен С. немесе Испиджаб деп соғылған орны жазылған күміс теңгелер жеткен. 14 ғ-дың аяғы – 15 ғ-да құрылған Темір мемлекетінің құрамында болды. Кейінгі ортағасырлар кезеңінде С. Қазақ хандығының ірі экон., саяси және діни орт.тарының біріне айналды. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашиди» атты еңбегінде: «Қараталда қыстап шыққан Қасым ханға ерте көктемде Қаттабектен (С. әкімі) және С. басшыларынан өкіл келіп, Сайрамның кілтін сыйға тартты. Қасым хан оны қабылдап алды. Қаттабек оған С-ды беріп, Қасым ханға қызметке тұрды», - деп баяндалады. Тауке хан билік құрған кезде С-ның түбінде орналасқан Мәртөбеде қазақ жүздерінің өкілдері кеңеске жиналатын болған. 17-18 ғ-дың бірінші жартысында С. қазақ хандықтарының ірі қалаларының бірі болды. С.У.Ре-

мезов жасаған картада «Сайран», Й.Г.Ренаттың 1738 жылғы картасында «Сарам» (Saram), И.И.Красильниковтың атласында «Саран» деп белгіленген. Н.Витсенның жазбалары бойынша 17 ғ-дың аяғында С. билеушісі Карабас сұлтан болған. 1681 жылдың аяғы – 1682 жылдың басында Галдан-Бошохту хан басқарған жоңғар әскерлері С-ды жарты жылдай қоршап тұрды. 1683 ж. жоңғарлар С-ға жаңа жорық жасап қазақтың екі сұлтанын (біреу Тәуке ханның ұлы) тұтқынға алды. 1684 ж. жоңғар әскерлері басып алып қалаға едәуір нұқсан келтірді. Тұрғындардың бір бөлігін жоңғарлар шығыс Түркістанға өз ордасына көшіріп әкетті. 1723 ж. жоңғар әскері С-ды қайтадан басып алады. Алайда 1729 ж. жоңғарлар қазақ әскерінен жеңіліс тауып қаланы тастап шығады. 1735 ж. жоңғарлар Сырдарияға іргелес аймақты, соның ішінде С-ды қайтадан өздеріне қаратып, 18 ғ-дың ортасына дейін билігін жүргізді. Осы жорықтар нәтижесінде Сайрам қ-ның тұрғындар саны 18 ғ-дың 30-40 ж. едәуір кеми түсті. Орыс подпоручигі А.К.Кушелевтың 1739 жылғы жазбасында Сайрамда 200-дей үй ауласы бары айтылады. Қазіргі уақытта С. елді мекенінің түрлі аумақтарында алты кесене және бір мұнара орналасқан. Өкінішке орай, олардың бірде-бірі бізге өзгеріссіз өз қалпында жетпеген. С-ның кез келген ескерткішін алып қарасақ, олар көптеген жөндеу-өңдеуден өзгеріске ұшыраған.

Әдеб.: Байпаков К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы, 2005; Байтанаев Б.А. Древний Испиджаб. – Шымкент, 2003; Қожа М.Б. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009; Қожа М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII-XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А., 2014.

М.Қожа

САЙРАМДАҒЫ ТАС ҰСТЫН – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші (8-9 ғ.). Түркістан обл. Сайрам а-нда орналасқан. Сайрамдағы ең ерте исламдық ескерткіштердің бірі – тас ұстын. Алғаш бұл тіреуге 1866 ж. Сайрам арқылы өткен жазушы А.К.Гейнс назар аударды: «Мешіттің төбесі ішінен көптеген ағаш ұстындармен тірелген, олардың ішінде біздің назарымызға қатты құмтастан қашалған өте көне тіреу түсті. Оның сырт пішіні біздің байырғы шіркеулердегі орта беліне таман тарылатын шағын ұстындарына ұқсас. Онда беймәлім сына тәрізді әріптер бар. Г. және П. (А.К.Гейнстің жолсеріктері) оларды ескі славян әріптері деп таныды. Олар бұл жаққа қалай келген деген сұрағыма татар шапқыншылығы кезінде әкелінілуі мүмкін деп жауап қайтарды. Осы сұраққа жауап іздеп бізді қоршап тұрған құрметті сайрамдықтарға сауал салғанда олар: «Бұл ұстынды Адам атаның бір баласы жасаған және ол ешбір



Сайрамдағы ең ерте исламдық ескерткіштердің бірі – тас ұстын

жақтан әкелінбеген, бұл ертеден осы жерде тұр», деп айтты. Ыдырыс пайғамбардың осы айтулы жәдігері көптеген зерттеушілерді қызықтырды. Нақты осы ұстынға деген қызығушылық Орта Азия ескерткіштерінің айтулы зерттеушісі М.Е. Массонды Сайрам елді мекеніне барып оны жеке көруге ықпал етті. М.Е.Массон осы сирек жәдігерді 9-10 ғ-ға жатқызды және оның ғыл. сипаттамасын жасады. Ұстынның биікт. 2,56 м және оның іргесіндегі орташа диаметрі 62,3 см тең. Осы сары құмтастан қашалған. Тіреудің төменгі бөлігі жартылай шар мен шамалы қысылған толық шар іспетті етіп жасалған. Толық шар үстіне жоғарыдан төрт жапырақ іспетті сыналар түсірілгенге ұқсайды. Оларға қарама қарсы жарты шардан осындай сыналар жасалған-ды. Ұстынның бұдан жоғары бөлігі белбеуге дейін сығымдала түседі. Белбеуден жоғары ұстын кеңейе түседі. Ұстынның орта белінде және жоғары жағында әсем, нәм нәзік куфи үлгісінде жасалған жазулар ойылған. Онда ислам дінінің негізгі қағидалары жазылған. Оларды алғаш оқып аударған 1884 ж. Сайрам ескерткіштерін тамашалаған шығыстанушы Н.И.Веселовский болды. Ол өзінің жарияланбай қалған есебінде: «Сайрамның барлық мешіттері жақын арада қайта салынған және сондықтан оларда байырғы жазулар жоқ. Оларда тек зияратқа келгендердің жазбалары бар. Олардың тарих үшін маңызы болмаған соң көшірілмеді. Ыдырыс мешітінің бастырмасында құмтастан жасалған бір тіреу назар аударарлық. Онда кейбір өрнектер және арабша: «Алладан басқа Құдай жоқ», «Алла бір», деп көрсетеді. 20 ғ. басында ұстын киелі болып саналған, әр апта сайын өтетін зікір салу барысында кейбір зікірге қатысушылар оны екі қолымен

құшақтап айналған. М.Е.Массонның тумаған бір әйелдің ұстынды тәуба еткен рәсімін көріп жазғаны бар: «Менің көзімше мешіт қақпасына атпен келген салтанатты киінген, басында сәукелесі бар жас қазақ келіншегі көлігінен түсіп, жылдам қадамдармен ауладан өтіп, сыпа үстіне көтеріліп, ұстынға жақындады. Қолдарымен ұстынды құшағына алып оған жабысты. Екі рет оны айналып шығып, үш мәрте маңдайын ұстынға тигізді. Осыдан соң мешіттен жылдам шығып, зияраттан таяу арада нәтиже болатынына сеніммен далаға бағыт алды». 20 ғ-дың 1-жартысында Ыдырыс пайғамбар мешіті қиратылды, ал аталған ұстын қазіргі уақытта Сайрам а. мұражайының алдында тұр. Алайда ұстынның төм. бөлігі цементпен құрсауланғаннан оның тұла бойын тамашалау мүмкін болмай тұр. Аталған ұстын ортағасырлық Сайрамның тас өндеу өнерінің жалғыз туындысы емес. Санкт-Петербургтегі Эрмитажда осы Сайрамнан алынған тағы бір ұстын, ал Шымкенттегі обл. өлкетану мұражайында бетінде жазулары бар тас астау сақтаулы.

Әдеб.: Массон М.Е. Старый Сайрам // Известия комитета по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы. Вып. III. – Таш., 1928; Қожа М. Сайрам ескерткіштері. Памятники Сайрама. – Шымкент, 2009.

М. Қожа

«САЙРАМ-ӨГЕМ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ САЯБАҒЫ –Түркістан обл-нда орналасқан ұлттық саябақ. Бұл ұлттық саябақ 2006 ж. ұйымдастырылған. Ұлттық саябақ құрамына бірнеше аудандардағы көрікті жерлер кіреді. Олар: Қазығұрт, Түлкібас, Төле би ауд-дары. Саябақтың жер аум. 149053 га құрайды. 76573 га жері, яғни 51,37% Қазығұрт ауд-ның аум-нда жатыр. Саябақ құнды табиғат байлықта-



Сайрамсу шатқалы



*Сайрам-Өгем мемлекеттік
ұлттық табиғи саябағы*

рын қорғау, қалпына келтіру, табиғи мұраларды сақтау мақсатында құрылды. Саябақ 7 табиғи белдемді қамтып отыр. Саябақтың аум. Солт-тен оңт. бағыт бойынша 135 км-ге созылып жатыр.

Саябақ жануарлар, өсімдіктер әлеміне де өте бай. Құстардың 300-ге жуық, сүтқоректілердің 60-тан астам түрі мекен-

дейді. Өте сирек кездесетін жануардың бірі – көк суыр. Сондай-ақ арқар, жабайы шошқа, қоңыр аю, т.б. жануарлар да кездеседі. Өсімдіктердің 1635 түрі бар. Мұнда аршалы орман алқабы да кездеседі. Сонымен қатар саябақта дәрілік шөптер де көптеп ұшырасады.

Әдеб.: Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. 10 т. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. <https://massaget.kz/blogs/17652/>.

Л.Еспекова

САМАШЕВ Зайнолла (17.11.1947 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Бәйтерек а.) – археолог, тарих ғыл. докт., проф., ҚР ғылымына еңб. сің. қайраткер, жалпыұлттық тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйл. иегері, Германия археология ин-тының корр.-мүшесі. 1970 ж. Өскемен пед. ин-тын тәмамдаған. 1970-80 ж. ұстаздық еткен. 1980 жылдан Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-ның қызметкері, 1988 жылдан алғашқы қауымдық археология бөлімінің меңгерушісі, 1991 жылдан Ә.Х.

Марғұлан атынд. Археология ин-ты Ерте темір ескерткіштері мен байырғы өнерді зерттеу бөлімінің меңгерушісі. 2010 жылдан Ә.Х.Марғұлан атынд. Археология ин-ты Астанадағы филиалының директоры, 2012 жылдан ғыл. ұйымдастыру қызметі бойынша кеңесші.



Қазақстанның барлық аймақтарында зерттеу жүргізіп, археол. экспедицияларды басқарды. 2009 ж. қазақ-монғол тарихи-мәдени экспедиция басшысы болды. Берел обаларын қазып, әлемдік жаңалықтар ашты. Петроглифтер саласы бойынша бас мамандардың бірі. Түркістан обл. петроглифтеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Шығ.: Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – А., 1992; Изучения археологических памятников Западного Алтая. – СПб., 2000; Сарайчик. – А., 2001; Berel-Берел. Альбом. – А., 2000; Оңтүстік Қазақстан облысының археол. картасы. Түлкібас ауданы. – Түркістан, 2004. Қазақ петроглифтері (көне тамыры мен сабақтастығы) – А., 2005; Сокровища мерзлых курганов Казахского Алтая (по материалам могильника Берел). – А., 2005; Сокровища Устюрта и Манкыстау. – А., 2007; Древнетюркские тамги. – А., 2010; Наскальное искусство Казахстана. Сеул, 2011. (на корейском и русском языках); Древнетюркская графика. – Аст., 2013.


М.Қожа

САҢҒЫЛАРЫҚ – 19 ғ-дың аяғындағы тарихи арық. Мыңшұңқырдағы саңғыл а-дары Бөген суын арық қазып Ақшоқат арқылы, темір жолдың 36-шы разьезі мен Темірдің арасындағы тесік көпірден өткізіп, суды Мыңшұңқырға әкелген. Масштабы 1:100.000 топогр. карталарда (К-42-41; К-42-42) «сух. ар. Сангыл» деп белгіленген. Ұз. шамамен 30 шақырымдай. Арықты егін еккен қоңырат ішіндегі саңғылдар қазған. Сол уақыттың ақыны Тебеев Балтабай: «Саңғылдар қазып жатыр айдаланы, Мұнымен асырайды қай баланы. Қыпшақтар Сүйімбайды байлап қойса, Саңғылдардың сонда соры қайнағаны», - деген екен. Саңғыларықтың іздері осы уақытқа дейін Шілік пен Темір станциясы арасындағы далада сақталғанын 2002 ж. көрдік. Бөген суын Арыс өз-нің іргесіндегі егістіктерге жеткізген. С-тың аяғы ортағасырлық каналдар басталатын жерге барғандықтан Отырар ирригациясын зерттеуші В.А.Грошев байырғы бір арықты шартты түрде С. деп атап жіберген.

Әдеб.: Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006. – 60–63-бб.

М. Қожа

САҢҒЫЛ БИ КЕСЕНЕСІ – киелі жер. Түркістан обл. Созақ ауд. Қозмолдақ – Сызған елді мекенінде орналасқан. 3 га аумақты алып жатқан С. Б. к-нің айналасында бау-бақша жайқалып тұр. Жылда әр аймақтан жиналған Саңғыл атаның ұрпақтары оның әруағына бағыштап Құран оқу, ас беруді дәстүрге айналдырған. Тарихта қазақ хандарының атасы саналатын Жошы ханның уәзірі болған, 12-13 ғ-ларда өмір сүрген би, әулие, қоғам қайраткері. Бізге жеткен деректер бойынша Саңғыл руының түбірі мен тегін Шыңғыс-



Саңғыл би кесенесі

ты таққа отырғызып, хан көтерген тарихи қайраткерлердің бірі қоңырат Саңғыл биден таратады. Ескі аңыз бойынша Шыңғысты ақ кигізге көтеріскен қоңырат Саңғыл биге: «Ұраның – қоңырат, құсың – қыран, ағашың – алма ағашы, таңбаң – ай болсын», - деп бата берген деседі. Түрік, моңғол шежірелерінде аты қалғанына қарап тарихшылар Саңғылды 1180 ж. туған деп тұжырымдайды. Саңғылдың Шыңғыс ханға жақын жүруін оның бәйбішесі Бөртеге рулас туыстығынан деп жорамалдайды. Саңғыл руының ұраны «Мүлкаман» болуына қарап кейбір зерттеушілер Саңғылды Мүлкаман батырдың шөбересі деп те айтады.

Әдеб.: Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 7 т. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005; Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897; Құдайбердіұлы Ш., Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – А., 1991; Тарихи тұғыр. – А., 1998; Көне де жаңа Созақ. – А., 2004; Берікқараев Ә. Саңғыл би // <https://aikun.kz/2017/07/29/21892.html>.

Ш.Құрманбаева

«САРЫАҒАШ» – аудандық газет. 1929 ж. «Ақжол» атауымен шықты. Кейіннен атауы бірнеше рет өзгеріп, «Ленин жолы», «Қызыл ту» – «Красное знамя» деген аттармен жарық көрді. Бүкіл одақтық халық ш. жетістіктері көрмесінде төрт медаль алған. Газеттің жетпіс төрт жылдық тарихындағы редакторлары К.Ғабдуллин, С.Көшербаев, М.Мамаданов, Ә.Қалымбетов, М.Оспанов, Ә.Оспанұлы, Б.Дінәсілов, К.Балықбаев. Газет 12 бет болып аптасына екі рет шығады.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 448.

М.Тастанбеков, Н.Сұлтанбек

САТТАРХАНОВ Бекзат Сейілханұлы (4.4.1980 Түркістан қ. – 31.12.2000 Шымкент қ.) – халықар. дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанға еңб. сің. спорт шебері. Бокстан 2000 ж. Сидней олимпиадасының чемпионы (57 кг дейін). 1-дәрежелі «Барыс» орденінің алғашқы иегері.



1986-96 ж. Түркістан қ. Абай атынд. мектеп интернатта, кейін Жұмабек Еділбаев атынд. №18 орта мектепте білім алды. М.Әуезов ат. ОҚМУ дене тәрбиесі мамандығы бойынша, Қожа Ахмет Ясауи

атынд. ХҚТУ заң мамандығында оқыды. 1995 жылдан бокс үйрімесінде балалар бапкері Нұрлан Жұмабаевтан тәлім алды. 1996 ж. Қостанай қ-да өткен респ. біріншілікте алғаш рет чемпион атанды. Осы жылы шымкенттік бапкер Анатолий Визириякиннің қарамағына өтіп, облыс орт-ндағы мектеп-интернатта жаттығды. 1997 ж. Қарағандыда және Германияның Кельн қ-ндағы халықар. турнирлерді жеңімпаз атанып, ОҚО обл. олимпиадаға даярлау орт-на қабылданады. 1998 ж. Аргентинада жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында, 1999 ж. Ташкент қ-да өткен Азия біріншілігінде күміс жүлдегер атанып, Сидней олимпиадасына жолдама алды. Ол Сидней олимпиадасына дейін Қырғызстанда, Испанияда, Астана қ-нда, Мәскеудегі ТМД елдерінің біріншілігінде 4 жүлдемен қатар, сайыстың үздік боксшысы деген атақты еншілеген.

Қазіргі кезде Түркістан қ-нда С. атынд. ықшамаудан мен спорт кешені бар, кешеннің алдына ескерткіші орнатылған. Алматы, Шымкент және т.б. қалаларда оның есімі көшелерге берілген. 2002 жылдан бокстан Бекзатты еске алуға арналған дәстүрлі халықар. турнир өтеді. 2005 ж. Қыдырбек Рысбекұлы «Бекзат» кітабын жариялады, 2006 ж. Несіп Жүнісбайұлы мен баспагер Темірғали Көпбаевтың «Бекзат» фотоальбомы жарық көрді. 2009 ж. режиссер Сатыбалды Текеев «Бекзат» атты деректі фильм түсірді.

Х. Тұрсұн

САУРАН (Савран, Сараван, Саурар, Суран, Ясырван) – Оңт. Қазақстан және Қызылорда обл-тары шекарасында Түркістан қ-нан солт.-батысқа қарай 40 км жерде ежелгі С. қалашығы. Геогр. коор-

динаттары: 42Т 400642, 4819084. С-ның жазбаша дереккөздердегі алғашқы аталуы 10 ғ-ға жатады. Оларда: «Сауран – бұл бір-бірінен кейін орналасқан жеті қорғанның ортасындағы үлкен қала, онда рабат бар, собор мешіті ішкі қалада орналасқан. Ол гуз бен қимақтарға қарсы шекаралас бекініс ...». Қаланың исламға дейінгі кезеңде болуы туралы ақпараттар бар. «Насаб-нама» жазба генеалогиясында 8 ғ-дағы С-ды жаулап алу тарихы сипатталады. Исхак-баба бастаған мұсылмандардың әскерлері: «Содан кейін Туббат-Дар падишах Сулханға, түріктер тайпалары Сауран деп аталатын жаққа қашып кетті. Содан кейін Исхак-Баб Сулхан қаласын қоршап, бірнеше күн соғысып, қырық мың опасыз христиандарды өлтірді. Жеті мың мұсылман шәйіт болды. ... Содан кейін бір-бірінің сыртына тұрғызылған, бір-бірін қоршаған үш бекініс (қабырғалар) тұрғызылды ... ». Ерте кездегі С. бұрынғы Қаратөбе қалашығының орнында шектеледі, ол ортағасырдағы С-ның қираған орнынан 3 км оңт-ке қарай орналасқан. «Өте үлкен» қала ретінде 13 ғ-да армян патшасы I Гетумның жол нұсқаулығында айтылады. 14 ғ-дың бірінші жартысында С-да Ақ Орда билеушілерінің резиденциясы болды. 1320 ж. мұнда Сасы-Бұға хан жерленген. Оның ұлы Ерзен С. және басқа қалалардағы медреселерді, ханакилерді және мешіттерді салушы ретінде тарихта қалды. Кеш ортағасырлық мұсылман авторларының айтуынша, С-ға Орыс-хан, Тоқтамыс, Темір және оның ұрпақтары, сондай-ақ Шайбанилер кезектесіп билік жүргізді. 15 ғ-дың 80-ж. бірнеше жыл бойы С-ның билеушісі Иренші хан болды. Ол бірінші қазақ хандарының бірі, Жәнібектің (1465-1473/1474) ұлы. 1515 жылдың 1-жартысында Шайбанид Ғұбайдолла

хан (1512-39) С-дағы «әлемнің таңғажайыптарының бірі» мұнарасы шайқалып тұратын медресе салғызды, қаланы жер асты суларын кәріз – жер асты галереяларымен қамтамасыз етті, олар арқылы жерасты суы жоғары шығарылды. 16 ғ-да Хафиз Таныш «Сабран бекінісі – күшті бекініс» деп жазды, сондай-ақ, Абдулла ханның әскерлері оны қоршаған кезінде тас лақтыру машиналары мен зеңбіректерді пайдаланғаны туралы хабарлады. 16 ғ-дың аяғынан бастап, С. қазақ хандарының билігіне толығымен өтті. 17 ғ-дың басында қаланы және басқа да жақын қалаларды Абылай хан (Аблахан) иеленді. 1616 жылдан кешіктірмей оның орнына Тұрсын-Мұхаммед хан ие болды. 15-16 ғ-лардағы С. ақша сарайының өнімдері белгілі. С. ақшасында 995 х.ж. (1586/87) Әділ-хан аты көрсетілген. Қала ретінде С. 17 ғ.-18 ғ-дың 1-жартысында қызмет көрсетті. С.У.Ремезов картасында Севран деп көрсетілген, 1735 ж. Ташкент сарты Н.Әлимов оны Түркістан қалаларының арасында атайды. Археологтар С. қалашығы жерінде 1655-63 ж. соғылған патша Алексей Михайловичтің мыс монеталарын анықтады. Осы монеталардың Оңт. Қазақстан қалаларының нарығына ену уақытын сарапшылар 17 ғ-дың 2-жар-

тысына жатқызады. Н.Виценнің айтуы бойынша, 17 ғ-дың аяғында С-ның билеушісі Қажы сұлтан (Қаз-Сұлтан), болашақ Әбілқайыр ханның әкесі (1710-48) болды. 18 ғ-дың 40-ж. қалаға Барақ хан, одан кейін Әбілмамбет, ал 1762-70 ж. Есім II билік жүргізді. П.И.Рычков деректері бойынша, 18 ғ-дың ортасында С. қ-нда 100-ге жуық отбасы болған. С-ның құрылыс көкжиектері 14-15 ғ-лармен белгіленген. Онымен аттас қалашықта алғашқы қазбаларды П.Лерч және Н.И. Веселовский жүргізді. Мұндағы ортағасырлық бекініс қабырғалары мен мұнаралары бүгінге дейін сақталып тұр. 21 ғ-дың басындағы қазбалар арқылы кіру қақпасы, қала орт-ндағы монументалды ғимараттардың қалдықтары ашылды.

Әдеб.: Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т.1. – М., 1939. – С. 185; Муминов А. Кокандская версия исламизации Туркестана // Подвижники ислама. Культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. – М., 2003. – С. 140; Байпаков К.М. Городище Каратобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 307; Киракос Гандзакечи. История Армении. – М., 1976. – С. 224; Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.2. – М.-Л., 1941. – С. 129; С. 129, 135-136, 147, 153, 157, 160; Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их



Сауран қаласының қабырғалары

значение в истории казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан в XV-XVIII веках. – А.-А., 1969. – С. 17-19; С. 17-19; Болдырев А.Н. Зайнаддин Вассифи - таджикский писатель XVI в. – Сталинобад, 1957. – С. 160-161, 335; История Казахстана в персидских источниках. Т.5. – А., 2007. – С. 324-325; Материалы по истории русско-монгольских отношений: Русско-монгольские отношения. 1607-1636: Сборник документов. – М., 1959. – С. 43; Бурнашева Р.З. Денежное обращение в городах Южного Казахстана в XV-XVIII вв. – Туркестан, 2006. – С. 101-102; Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топографии Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011. – С. 330-357. С. 338; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 28; С. 67; Настич В.Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане XIII-XVIII вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. – А.-А., 1983. – С.143-152. С. 152; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3 том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. – А., 2006. – 73 б.; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С. 81; Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 77; Байпаков К.М., Смагулов Е.А. Средневековый город Сауран. – А., 2005. – С. 66, 81-84; Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. – СПб. 1870. – С. VIII-IX; Кожа М. Н.И. Веселовский о древностях Южного Казахстана. Veselovskiy on Antiquities of South Kazakhstan // Вестник Международного института центральноазиатских исследований ЮНЕСКО. – Самарканд, 2008. № 8. – С. 6-7.

М.Қожа

САУРАНЫҢ ШАЙҚАЛМАЛЫ МҰНАРАЛАРЫ. Қазақстандағы Сауранның шайқалмалы мұнаралары, көптеген діни және қоғамдық сипаттағы ғимараттар аталған талаптарға сай салынған еді. Ақ Орда билеушісі Сасы Бұқа жерленген Сауранда оның ұлы Ерзен басқа да қалалардағы секілді мешіт, медреселер, кесенелер салдырды. Зайн ад-дин Вассифидің деректері бойынша Сауранда екі мұнарасы бар медресе болды. Ортағасырлық қалалар аум-нда салынған мешіттер, медреселер жанындағы мұнаралар керемет таң қалаларлық сәулет өнерінің туындысы екенін әлі күнге дейін зерттеулерде танылуда. Сауран мұнараларының бейнесі 1866-72 ж. түсірілген Түркістан альбомында көрініс тапқан. Мұнара Орта Азиядағы мұнараларға тән дөңгелек, жоғарғы жағына қарай кішіреп түскен қос мұнара түрінде сақталған. Түркістан аум-ндағы осындай мұнаралар көп болып, уақыт тезіне шыдамай, әр түрлі жағдайда жойылғаны, кейбір орындары сақталғандары да бар. Осы аталған С. ш. м. туралы Вассифи жылнамаларында, 19-дың екінші жартысындағы П.И.Пашино-



Сауранның шайқалмалы мұнаралары

ның еңбегінде айтылады. Сауран медіреселері, оның жанындағы екі шайқалмалы мұнаралары сол кезеңдегі ғылым мен өнердің керемет жетістігі, үлгісі болды. Васифидің дерегінде көрсетілгендей мұнаралардың биіктігі 12 м., арнаулы бөренемен бұл мұнараларға әсер етіп, қозғалысқа түсірген. Олардың бірі 1867, екіншісі 1878 ж. құлаған. Сауранның екі шайқалмалы мұнарасы өзіне тән ерекше құрылыммен салынған. Мұны зерттеген археолог ғалымдар іргетасын құрған кірпіштердің ерекше өрілгенін және өте тереңде орналастырылғанын айқындады. Бұл діни құрылыстардың шайқалмалы болуы зерттеушілерді, жалпы адам баласынның қызуғушылығын туғызатыны анық. Аталған шайқалмалы мұнаралардың ішіндегі Сауран мұнарасын зерттеген археолог Б.Смағұлов бұл ескерткіштің құпиясын оның іргетасының қалыңдығы, кірпіштерінің сапасы мен өрілу ерекшеліктеріне байланысты болғанын тұжырымдайды. Шайқалмалы мұнаралардың құпиясы әлі күнге дейін беймәлім болып келеді. Зерттеушілер мұнараның кірпіштерінің ерекше құрамды болуында, кірпіштердің арасына жер сілкінуге қарсы арнайы ағаш бөренелер қойылуында деген пікірлер айтады. 14-15, 16 ғ-да салынған бұл діни ғимараттардың табиғи жағдай мен қажетті талаптарға сай әлі күнге дейін беймәлім болып келе жатқан әдістерді қолданып салынғаны анық. Әрқайсысы өзіне тән қызметін атқарумен қатар сол кезеңнің жетістіктеріне сүйене отырып, құрылды. Бұл кезеңдегі мұнаралар жеке тұрған дөңгелек немесе призма сипатындағы, қабырғалы немесе тегіс күмбезді болып келген.

Әлемде белгілі болып отырған мұндай шайқалмалы мұнаралардың салыну ерекшеліктері әлі де құпия болып қалуда.

Асқан шеберлікпен, ерекше білім негізінде салынған ғимараттар ислам өнерінің кереметтігін дәлелдейді.

Әдеб.: Байпаков К.М., Смағұлов Е.А. Средневековый город Сауран. – А., 2005; Болдырев А.Н., Зайнаддин Васифи. Таджикский писатель XVI в. Опыт творческой биографии. – Душанбе, 1957.; Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. – Санкт-Петербург; Смағұлов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. Туркестан, 1998; Түркістан альбомы. – Аст., 2005.

Д.Мұстапаева


СӘМЕКЕ ХАН (т.ө. ж.б.) – Түркістан қ-н астана еткен және осы жерде жерленген 18 ғ-дағы қазақ ханы. С. хан – атақты Тауке ханның баласы, Салқам Жәңгірдің немересі. Орыс деректерінде Шахмухаммед, Шамака, Шемахи, Шемяка, Шахмухаммет деген аттарымен белгілі. С. ханның туылған жылы нақты белгісіз, шамамен 1737-38 ж. қайтыс болған. Ол хан атағын иеленіп 1731-38 ж. ел басқарған. Ол қазақ хандарының Жәдіктен тарайтын әулетіне жатады. С. ханның тарихта аты қалған перзенттері деп Сейітті, Тәукені, Есімді айта аламыз. Түркістан қ. хижра жыл санауы бойынша 1228 ж., яғни біздің қазіргі санауымызша шамамен 1813 ж. Абд Рахим Узканди жазған «Шыңғысхан рисолясы» атты қолжазбасының мәліметі бойынша: «Жахангир хан, Тауаккал Мұхаммад Бахадур хан, Шах Мұхаммад Бахадур хан Түркістанда йатқан», яғни «Жәңгір хан, Тәуеккел Мұхаммет бахадур хан, шах Мұхаммет бахадур хан Түркістанда жатыр». Жоңғарлармен 1723-25 ж. болған соғыста С. хан өзін қолбасшылық жағынан көрсете білген. 1724 ж. орыс құжаттарында оны қарақалпақ ханы деп атайды. Соған қарағанда оның билігі қарақалпақтарға да жүргенге ұқ-

сайды. 18 ғ-дағы 20-жылдардың екінші жартысында қазақ әскерлерінің жоңғарларға, Еділ қалмақтарына, башқұрттарға қарсы жасаған жорықтарында басшылық жасағандардың бірі болды. 1727 жылғы дерек бойынша оны Хиуа хандығының тағына иелік етуге шақырған. 1730 ж. Әбілқайыр ханның Уфаға жазған хатында Түркістан қ-н С. хан иеленіп отыр деп көрсетілген. Аңырақай шайқасына қатысқан. 1733 ж. Орал башқұрттарына жорық ұйымдастырған. Алайда башқұрттарды Әбілқайыр ханның алдын ала ескертіп қоюына орай қатты соққы алғаны белгілі. Ұрыс барысында хан туы башқұрттардың қолына түскен және қазақ сарбаздарының едәуір бөлігі қырылған. Ордасы Түркістан қ. болды. Оның билігі Сырдария өз-нің сол жағалауына, Қарқаралы даласын, Торғай, Есіл, Елек өзендерінің бойындағы қазақ тайпаларына жүрген.

Әдеб.: Қожа М., Жандарбек З. Шыңғыс хан мен қазақ хандары туралы жаңа қолжазба // Түркология. – 2015, № 1. – 63-71 бб.; История Казахстана в русских источниках. Русские летописи и официальные материалы XVI – первой половины XVIII в. о народах Казахстана. – А., 2005; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С. 95, 142-143; Қазақ хандары. – А., 2015.

М. Қожа

СЕВЕРЦОВ Николай Алексеевич (1827–1885) – зоолог және саяхатшы. 1843 ж. Мәскеу ун-тінің жаратылыстану бөліміне оқуға түсіп, 1855 ж. магистрлік диссертация қорғаған. Қазақ даласын, Сырдария бойын зерттеуге экспедицияға жіберіледі. Саяхаты екі жылға (1857-58) созылады.



Экспедиция кезінде қоқандықтар шабуылына ұшырап, Түркістанда тұтқында болады. С. өзінің 1860 ж. жариялаған «Месяц плена у коканцев» атты мемуарлық еңбегінде Түркістан қ. жайында жазады. Әзірет Сұлтан кесенесі, оған жақындаған сайын керемет көркімен көріне түскен кесененің күмбезі туралы айтады. Бау-бақшада ағаштар өсіп, арықтарында сулар сылдырлап аққан, егін өскен жерлер туралы айтылады. С. Қаратаудың қазба байлықтарын зерттеп, таскөмір, темір рудалары мен қорғасын көздерін табады. С. зерттеуін 1858 жылдың қазанына дейін жалғастырып, бұл саяхат өте бай ғыл. материал берді. Зоолог., зоогеогр., бақылаулардан өзге, геолог. бақылаулар да енді. 1864 ж. ген. Черняевтың жорығына қатысып, Шу мен Сырдария өз-дері аралығына экскурсия жасайды. 1865- 67 ж. Тянь-Шань және Ыстық көл өз. Аум., 1868 ж. Ходжент уезін зерттеген. С. өз зерттеуіннің нәтижесінде зоолог., геогр., геолог. бақылаулар жасап, үлкен коллекция жинақтайды. Өткен жерлерінің нақты карталарын жасады. 1857-58, 1864, 1865-68, 1873 жылдардағы саяхаттарының нәтижесін жазған «Путешествия по Туркестанскому краю и исследования горной страны Тянь-Шаня»

тақырыптағы есебі жарық көрді. 1873 ж. «Природа» жинағында арқарлардың (тау текелердің) керемет топографиясын жариялады. Бұл Қаратау арқарларының негізінде жарияланған еңбек болар. Мәскеу ун-ті С-ке. Зоологияның құрметті докт. атағын берсе, париждік халықар. геогр. конгресс геогр. ашылымдар үшін үлкен алтын медальмен марапаттады.

Шығ.: Северцов Н. А. Месяц плена у коканцев. – СПб., 1860;

Әдеб.: Дальний Б. Н. А. Северцов – путешественник и зоолог. – Воронеж, 1950; Золотницкая Р. Л. Н. А. Северцов – географ и путешественник. – М., 1953.

Д. Мұстапаева

СЕЙІТ ХАН (т.ж.б. – 1745 ж.ш.) – 18 ғ. ортасында билік құрған қазақ ханы. Деректерде Шасеит-хан, Сеит-салтан, Шах Саййид бахадүр хан аттармен белгілі. Ол Орта жүздің бір бөлігінің ханы болса керек. С. хан – Сәмеке ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Түркістан қ-нда мұсылманша жыл санауы бойынша 1228 ж., яғни біздің қазіргі санауымызша шамамен 1813 ж. Абд Рахим Узканди жазған «Қисса дастан Чингиз хан» атты қолжазбада көрсеткен мәлімет бойынша: «Шах Саййид ат қою себебі, аналары Ташкенттің пірінің қызы еді. Саййид аты осыған байланысты қойылды», - делінген. 18 ғ-да Сейіт қожаның қызын алу үлкен мәртебе саналған. Сейіттер Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы ретінде ортағасырлық дәуірде қатты қастерленген. Қазақ хандарының Жәдік әулетіне жатады. Билік құрған жылдары: 1741-45 ж. аралығын қамтиды. Сейіт ханның балалары ішінен Қарабас Мұхаммет сұлтан белгілі. Жоғарыда аталған Абд Рахим Узканди қолжазбасында «...Шығай хан. Оның ұлы – Есім хан. Оның ұлы – Жәңгір хан. Оның

ұлы – Тәуекел Мұхаммет бахадүр хан. Оның ұлы – Әли шах. Оның ұлы – Шах Мұхаммет бахадүр хан. Оның ұлы – Шах Саййид бахадүр хан. Оның ұлы – Қарабас Мұхаммет сұлтан» деп көрсетіледі. Түркістан қ-нда С. хан 1738-39 ж. орыс өкілі Карл Миллермен бірнеше мәрте кездескен, орыс патшасының қоластына өтуге ниет білдірген. Ол 1742 ж. Түркістан қ. мен оның төңірегін жеке дара, 1743-45 ж. Әбілмәмбет ханмен бірлесіп иелік етті. Оңт. Қазақстан, Сырдарияның орта ағысы, Түркістан қ., Қаратаудың теріскейіне билігі тарады. Хан ордасы Түркістан қ-нда орналасты. Әкесі Сәмеке ханнан Түркістан қ. мен оның төңірегіндегі аймақты, Оңт. Қазақстанда көшіп-қонып жүрген қоңырат тайпасының бір бөлігін мұрагерлік етеді. Хан лауазымы мен басқару құқығын тікелей жоңғар ханы Қалдан Сереннен алды, оған тікелей бағынышты болды. Бұл жөнінде 1741-42 ж. Түркістан мен Ташкентте болған саудагер Шубай Арасланов жазады. 1741-45 ж. Түркістан қ. мен оның төңірегін иемдену үшін Әбілмәмбет ханмен тартысып, бірнеше рет жоңғар ханынан қолдау көрсетуін сұраған. Ордасы Түркістан қ-нда болған. Қажетті ұйымдастырушылық қабілеті мен басқару дағдысының аздығынан, мінезінің бұзықтыған, шарапқа құмарлығынан жергілікті халықтың арасында беделі төмен болды. 18 ғ-дың 40-жылдарының ортасына қарай белгісіз себептерге байланысты саяси биліктен айырылып қалған. Жазба деректерде хан жөнінде мәліметтер кездеспейді.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа

1997 г.). – А., 1997; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; Қазақ хандары. – А., 2015.

М. Қожа

СЕМЕНОВ Александр Александрович (1873, Тамбов губерниясы, Шацк уезі, Польное Конобеево с – 1958, Ташкент қ.) – шығыстанушы, тарих ғыл. докт., проф., Ташкент ун-тін құрушылардың бірі, Тәжікстан КСР ҒА акад. (1958), Өзбек КСР ҒА корр.-мүшесі (1943), Тәжікстан ҒА Тарих, археология, этнография ин-тының директоры (1954) болды.



С. Тамбов мұғалімдер мектебін бітірген соң, Мәскеудегі Лазерев шығыс тілдер ин-тына қабылданып, 1900 ж. үш шығыс тілін игеріп шығады. 1906 ж. С. Ташкент, Түркістан ген. губернаторының канцеляриясына ауыстырылды. 1906 ж. Түркістан көпшілік кітапхана және мұражай ісін жүргізу бойынша Бақылау к-тінің құрамына енгізілді. С. Шығыс қолжазба деректерінің ірі білгірі, Орта Азиядағы ислам тарихының, Орт. Азия археология, тарихи өлкетану бойынша белгілі маманы болды. 1906 ж. Түркістан археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі, үйірме

отырыстарында көне ескерткіштер туралы мәліметтер зерттеулерін баяндады. С. баяндамалары мен зерттеулері ғыл. айналымға еніп, көптеген зерттеулерді игеруге көмектесті. С. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Түркістан қ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі кешенін сақтап, реставрациялау мақсатында жүргізілген зерттеулерге қатысты. Жөндеу жұмыстары кезінде өлшемдер жасалып, суретке түсірілумен қатар, тарихи-археол. зерттеулер жүргізілді. 1920 ж. Ташкент қ. Мұражайлар және көне ескерткіштер, өнер туындыларын және табиғатты қорғау бойынша Түркістан к-ті (Туркомстарис) құрылды. К-тің негізгі мақсаты Түркістанның археол. картасын жасау болып, көне ескерткіштерді есепке алу, зерттеу, сақтаудың негізі қаланды. К-т құрылғаннан соң мүшелері, Түркістанды зерттеген шығыстанудың көрнекті өкілдері А.Э.Шмид, Д.И.Нечкин, С.К.Орлов солармен бірге С. экспедициямен Қожа Ахмет Ясауи кесенесін (4-5 қазан, 1922) зерттеуге келді. Бұл Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зерттеу жолындағы үлкен алға қадам болды. Кесененің жағдайы қарастырылып, көптеген жарылулар, құлаған тұстары, солт.-батыс бұрыштың шөгуге тіркелді. Кесенеде Қазандық бөлмесінің жағдайы ғана қанағаттанарлық деп танылды. С. мешіт михрабының қирау процесіне назар аударды. 1922 ж. экспедиция нәтижесінен С. Ахмет Ясауи кесенесі туралы моногр. мақала жазып жариялады. 1921 ж. Орта Азия ун-тінің Шығыс ф-тінің проф. болды. 20 ғ-дың 40-ж. Орта Азия ун-тінде Орта Азияның 16-19 ғ. ортасындағы тарихы бойынша дәріс берді. Орта Азия тарихының деректану, араб палеографиясы, ортағасырлық орта-азиялық метрология, Шығыс хронологиясы курстарын жүргізді.

Әдеб.: Лунин Б.В. Три памятные даты (К 100-летию со дня рождения академика АН УзССР М. С. Андреева, члена-корреспондента АН УзССР А. А. Семёнова, профессора Н. Г. Маллицкого) // *Общественные науки в Узбекистане* № 5, – 1973; Семёнов А.А. Мечеть Ходжи Ахмеда Есевийского в Туркестане. Результаты осмотра в ноябре 1922 г. // *Известия Средазкомстариса*. Вып.1. – 1926.; Семёнов, Александр Александрович // <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

Д. Мұстапаева

СЕНИГОВА Таисия Николаевна (22.7.1922 ж.т., Великие Луки) – археолог, тарих ғыл. канд. Москва мемл. ун-тін (1946) тәмамдады.



1946 ж. Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тына жұмысқа жіберіліп, кіші ғыл. қызметкер болып тағайындалды. 1954 ж. тарих ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алу үшін Алтын-Асар қалашығының керамикасы тақырыбында диссертация жазды. Хорезм археол. экспедициясы жұмыстарына қатысты. 1953-54 ж. Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының Батыс-Қазақстан археол. экспедициясы жұмыстарын басқарды. 60-ж. Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тының Жетісу археол. экспедициясы құрамында жұмыс істеді, Тараз қалашығында қазба жұмыстарын жүргізді. 1954-55 ж. «Археологияның негіздері» тақырыбында КазМУ-дың тарих ф-тінде арнайы курс оқыды. Қазақстан археол. «Археологическая карта Казахстана» деген еңбектің жазылуына ат салысты. 1972-75 ж. Оңт. Қазақстан кешенді археол. экспедициясы Ескі Түркістан қалажұртында зерттеулер жүргізген түркістандық топты басқарды. С-ның тікелей басшылығымен Түркістан қ. 1972-75 ж. Әулие Құмшық ата, Шілдехана, Кіші және Үлкен Қылуат орындары, цитадель мен қорған қабырғалары қазылды. Түркістанның 17-18 ғ-лардағы керамикасы туралы еңбек жазды.

Шығ.: Археологические исследования на северных склонах Каратау. ТИЯЭ, Т.ХІУ. А.-А., 1962.; Археологическая карта Казахстана. А.-А., 1960; Керамика городища Туркестан из верхнего строительного горизонта // Археологические памятники Казахстана. – А.-А., 1978; Культовые сооружения около мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави // Археологические исследования в Отраре. – А.-А., 1977; Уникальное культовое сооружение Аулие-Кумчик-Ата в районе Туркестана // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – А.-А., 1976; Средневековый Тараз. – А.-А., 1972.

Г. Байсариева

СМАҒҰЛОВ Оразақ (01.10.1930, Қостанай обл. Мендіқара ауд. Ұялысай а.) – антрополог, Қазақстандағы антропол. мектептің негізін қалаушы, тарих ғыл. докт., проф., ҰҒА акад. (2003), Италиядағы Болон академиясының корр. мүшесі, Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. иегері (1990), ҚР ғылым мен техникаға еңб. сің. қайраткері. 1950 ж. Мендіқара пед. уч-щесін аяқтаған соң С.М.Киров атынд. КазМУ-дің тарих ф-тін (1956) бітіріп, мектеп мұғалімі болып жұмыс істеді. 1957 ж. Қа-

зақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археол. және этнография ин-на жұмысқа қабылданды.



Осымен бірге Алматы мед. ин-ттың стажері. 1958 ж. М.Ломоносов атынд. Мәскеу мемлекет. Ун-ті антропология ғыл.-зертт. ин-ты мен мұражайында жұмыс істеді. 1958-61 ж. Ресей ҒА-ның Этнология мен антропология ин-тының аспиранты. 1965 ж. «Краниология деректері бойынша ежелгі Қазақстанның тұрғындары мен бүгінгі қазақтардың антропологиялық түрінің қалыптасу проблемалары» атты тақырыпта канд. дисс. қорғады. 1960 жылдан Қазақстан, Орт. Азия, Ресей аймақтырындағы антропол. экспедицияларға қатысып жетекшілік етті. Үнді-Қенес (1974-75), Қазақ-Моңғол (1965), Қазақ-Италия (1993-94) антропол. экспедицияларға қатысып жетекшілік етті. 1975 ж. Үндістанға ғыл.-зертт-ге барғанда премьер-министр Индира Гандидің қабылдауында болды. 1965 жылдан Қазақ КСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археол. және этнография ин-ның аға ғыл. қызметкері. 1984 ж. «Қазақстанның этникалық антропологиясы» тақырыбы бойынша докт. диссертация қорғады. 1984-86 ж. Қазақстанның тарихи ескерткіштер

жиынтығы мен Қазақстанның жаңа тарихы бөлімі меңгерушісі, 1989 жылдан ин-ттың этник. антропология зертханасының меңгерушісі, Алматыдағы ҚР орт. мұражайында физ. зертхана негізін қалады. Қазір Астанадағы Ұлттық мұражайдың физ. зертханасының меңгерушісі. 300-ден аса ғыл. еңбектің авторы. Мақалалары Жапонияда, Үндістан, Қытай, Түркия, Италия, Германия, Франция, Дания, АҚШ, Перу елдерінде жарық көрді. Археол. қазба барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі іргесіндегі бір мүрдехана ішінен табылған мәйіттерді зерттеп антропол. анықтамалар берді. С. жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген Абылай ханның мүрдесі анықталып, бас сүйегі негізінде оның шынайы мүсіндік бейнесі жасалды.

Шығ.: Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). – А.-А., 1970; Этническая география Казахстана (серологическое исследование). – А.-А., 1977, Этническая антропология Казахстана (соматологическое исследование.) Алматы, 1982; Этническая одонтология Казахстана». – А.-А., 1989; Абылай хан: тарихи антропологиялық зерттеу. Алматы, 1999; Алтай қазақтары. Алматы, 2003; Этническая антропология казахского народа. Алматы, 2007; Историческая антропология казахского народа. Алматы, 2008; Қазақ халқының антропологиялық тарихы. Астана, 2011; Происхождение казахского народа. Алматы, 2017.

М. Қожа

СОЗАҚ – Түркістан обл-ндағы көне елді мекен. Оның орны – қазіргі өзімен аттас ауыл ортасындағы төбешікте. Археол. зерттеулер елді мекеннің төм. қабаты 10-12 ғ-ларға жататынын көрсетті. Алғаш рет армян патшасы Гетум I 1256 ж. саяхатының сипаттамасында аталады. Қожалардың насабнамаларында

қарахандық билеушісі Таһир хан 12-13 жасында Созақта бекініспен мешіт тұрғызып арық омандар қазғаны жазылған. «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» атты тарихи деректе Созақ Жошы ұлысы құрамында болғаны және осы қалада Жошының ұлы Беркежар тұрғаны хабарланады. 1446 ж. шығыс Дешті Қыпшақ билеушісі Әбілқайыр хан түркістандық қалаларды басып алып С. қ-н «сұлтандардың сұлтаны Бақтияр сұлтанға иелік етуге берді». «Та'рих-и Кипчаки» атты тарихи деректе Әбілқайыр хан «Созақта Так-Ханада» жерленгені айтылады. Кейінгі ортағасырлық мұсылман деректерінде Мұхаммед Шайбани ханның қазақтармен Түркістан аймағындағы қалалар үшін күресінің сипаттамасында жиі аталады. Осындай ақпарларға қарағанда С. мықты қорған-қамал болып көп жағдайда қазақ хандарының арқа сүйер бекінісі болған. Қала 17-18 ғ-ларда тіршілік етіп, түрлі жазба деректер мен карталарда көрсетілген. 1735 ж. ташкенттік Н.Әлімовтың орыстарға берген хабарына қарағанда «ол шағын шаһар емес еді, қалмақтар оны талқандап тұрғындарын өздерімен бірге алып кеткен». Н. Витсен жазбаларында 17 ғ-дың аяғында болашақ қазақ ханы Абылайдың атасы Абылай сұлтан осы қаланың билеушісі болды. 18 ғ-дың 40-ж. Барақ сұлтанға тиесілі бол-

ды. П.И. Рычковтың ақпары бойынша 17 ғ-дың ортасында онда 40 отбасы болды. Шәдітөренің хабарлауынша қаланы қалпына келтіру үшін Оңтүстік Қазақстан аум-ндағы басқа елді мекендерден біраз тұрғындарды көшіріп әкелген. Христофор Барданестың ақпарларына қарағанда 17 ғ-дың екінші жартысында Созақта тұратын Ұлы жүз қазақтарының бір бөлігі жазда көшіп отырған, бір бөлігі қалада қалып қолөнер және егіншілікпен айналысқан. 1964-65 ж. Л.Б. Ерзаковичтың басшылық жасаған Жетісу археол. экспедициясының бір тобы Созақ қалажұртында қазба жұмыстар жүргізді. Соңғы археол. зерттеулер 2010 ж. жүргізілді.

Әдеб.: Ерзакович Л.Б. О позднесредневековом городище Сузак // Известия АН Каз. ССР. Серия общественная. 1966. № 3. – С. 66-69; Кожя М.Б. Города и аграрные селения казахских ханств. Последняя четверть XVII-XVIII в. // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т.1. – А.: 2014. – С. 621-642; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). –А.-А.: 1969.; Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан в XV-XVIII веках. – А.-А.: 1969. – С. 5-49; Талеев Д.А. Созақ қ-ның орнындағы 2010 ж. жүргізілген қазбаның нәтижелері // Мемл. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2010 жылғы археол. зерттеулер жайлы есеп. – А., 2011. – 61-64-б.

М.Қожа



Созақ – көне елді мекен

СОПЫ ДАРБАЗАСЫ – тарихи деректердегі Отырар қ-ның бір қақпасы. Жүвейнидің жазуы бойынша, хорезмдік Қараша сатқындық жасап, С. д-н (Дарваза-и-Суфи) ашып, өзі әскерімен Отырарды тастап шыққан. Кейінгі зерттеушілердің пікірінше, С. д. Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне қойылған. Себебі Отырардың батысында Қожа Ахметтің ұстазы Арыстан бабтың 12 ғ-да салынған мазары орналасқан. С. д. сілемі Отырар құландысында әлі күнге дейін сақталған.

Әдеб.: Акишев К.А., Байпакова К.М., Ерзакович Л.Б., Древний Отрар (топография, строптиграфия, перспективы). – А., 1972.

Қ.Саркенова

СӨК-СӨК ӘУЛИЕ – Сарыағаш ауд. Шеңгелді а-ның шығыс жағында 15 км қашықтықта орналасқан. Кесенесі маңында қырлы төбелер бар. Төбеден жоғары қарайтын болсаң, бір ойық үңгір бар. Онда үлкен кесіртке мекен етеді. Жергілікті халықтың аңызы бойынша Сарыкемер атауы берілген бұл жануарды бұрынғы дәуір кезеңдерге – сонау бор дәуірінде мекен еткен қанатты диназаврдың қалдығына жатқызады. Себебі әр көктемде ғана көзге көрініп қысы-жазы үңгірде өмір сүреді, құрбақа шаянмен қоректенеді. Ерте көктемде балалайды, оны көрген ауыл балалары ойнап кесіртке балаларын өлтіріп тастаған соң, көпке дейін шықпай қойған дейді жергілікті халықтар. Ал негізгі дәлел бойынша Жапон ғалымы Шимакики соғысқа дейінгі жылдары зерттеп келген осы маңнан Динозавр қаңқасын, тұмсық ұшынан құйрық ұшына дейін тапқан. Қазіргі таңда Санкт-Петербуркте Эрмитажда Дарбаза а-нан табылған деген этикетпен сақтаулы тұр.

М.Тастанбеков, Н.Сұлтанбек

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ – Созақ ауд-ның орт. Шолаққорған елді мекенінде орналасқан мәдени ғимарат. С.Қ. а. м. көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің 100 жылдығы құрметіне байланысты 1994 ж. 12 сәуірде ҚР Министрлер Кабинетінің № 304 қаулысымен және Созақ ауд. әкімінің 10 маусымдағы № 263 шешімімен тарихи-танымдық мақсатта ашылған. Мұражай 2003 жылдың 6 қазанынан Оңт. Қазақстан обл. әкімш-нің «С. Қ. а. м.» мемл. коммуналдық, қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды. Мұражайдың ашылуында алғашқы ұйымдастырушысы, директоры болған белгілі ақын, тарихшы, «Созақ ауданының Құрметті азаматы» Дулат Тұрантегінің еңбегі зор. Штат кестесі бойынша мұражайда 11 қызметкер жұмыс істейді. Оның төртеуі жоғары білімді. Мұражай ғимараты бір қабаттан тұрады. Жалпы ауданы – 168,64 ш.м. Мұражай қоры жыл сайын жаңа құнды экспонаттармен толығып келеді. Негізгі қордағы экспонат саны – 2128; ғыл.-қосалқы қор экспонаттарының саны – 345; жалпы экспонаттар саны – 2473 құрайды. Мұражай төрт экспозициялық залдан тұрады: «Табиғат бөлімі»; «Сұлтанбек Қожанов залы»; «Тарихи этнографиялық, археология бөлімі»; «Созақ ауданының тарихи тұлғалары, өнер саңлақтарына арналған



Сұлтанбек Қожанов атындағы мұражай

зал» қызмет көрсетеді. «Сұлтанбек Қожанов залында» қайраткердің өмірі мен қызметі туралы деректер, фотосуреттер, т.б құжаттық жазбалар жинақталған. С.Қожановтың өмірі мен қызметіне арналған «Ақсүмбенің ақ сұңқары», «Сұлтанбектің туыстары», «Ұлтын сүйген ұлы тұлға», «Кешеуілдеп келген құрмет» атты тақырыптық экспозициялар бар.

М.Тастанбеков

СҰЛТАНРАБАТ (Султанрабат, Султан Рабат) – көне елді мекен. Ол қазіргі аттас ауылдан оңтүстік-батысқа қарай 0,5 шақырым жерде орналасқан С. қалашығының орнында орналасқан (Түркістан обл. Төлеби ауд.). Геогр. координаттары: 42Т 568649, 4670258. Абылай сұлтанның 1765-66 жылдардағы Қоқан иелігіне қарсы жорығының сипаттамасында Салтан Рабат деп айтылған. Елді мекен ретінде Орта Сырдария ауд.-ндағы қожалардың генеалог. грамоталарында айтылады. М-Ж Копеев жазып алған қазақ аңыздарына сәйкес бұл елді мекен 18 ғ-дың 60-70-жылдарында Абылай ханның билігінде болған. Қалашық 8-18 ғ-ларда белгіленген. Оның аум.-нда қазба жұмыстары жүргізілген жоқ.

Әдеб.: Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII. – А.-А., 1988. – С. 111; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008. – С. 115; Абылай хан. Тарихи жырлар. 1 т. – А., 1993. – С. 324–327; Подушкин А.Н. Городище Султанрабат // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 170–171.

М.Қожа

СҮЙРИ (Саври, Суюри, Сюри, Сюрию, Сури-Канд) – ортағасырлық қала. С. қ-н анықтау қазіргі Түркістан қ-ның оңт.-шығысында С. каналы сақталған-

дықтан жеңілденді, оның жанында кеңестік карталарда «Төрткөлтөбе қорғаны» белгіленген. Алайда, кеңестік кезеңде мелиоративтік жұмыстар кезінде қалашық толығымен жойылды. I Гетумның жол бағытында С. Йассы мен Отырардың арасында Йассы-Түркістанның оңт.-нде орналасқан Саври қ. деген атпен айтылады. Түркістанның оңт.-ндегі Отырар бағыты бойынша Шойтобе қ. ашылды, ол бұрынғы С-ге сәйкес келеді. Қожа Ахмет Яссауи туралы аңызда С. – тұрғындары жер суаратын су үшін тартыс кезінде әулиенің ұлын өлтірген ауылдың аты. Ахмет Яссауи өз тұрғындарына қарғыс айтады, содан кейін олар өле бастайды да олардың ұрпақтары жойылады. 16 ғ-дағы Хафиз Таныштың «Шараф-ат-йи шахи» шығармасында С. туралы «Түркістанның белгілі бағынышты жері» деп жазылған. Сырдария аймағының қожалары шежірелерінде осы ауылдың атауы Сури-Канд түрінде көрсетілген. П.И.Рычковтың деректері бойынша «Сюрию – ең аз халқы бар, барлығы отыз шамасында отбасылар тұратын, Түркістан қаласынан 8 шақырым жердегі мекен». Солар айтқан Сюрие қалашығы «Төрткөлтөбе қорғанына» сәйкес келеді.

1743 ж. Қалдан-Церен Абылай сұлтанға Жоңғар тұтқындарынан босатылған кезде сыйлаған, «Сундук атты қалмақтар қиратқан ауыл, Түркістаннан алыс емес», ол Сури тарихи топониміне сәйкес келеді, ал Сундуки – осы елді мекеннің бұрмаланған атауы. 18 ғ-дың аяғында Д.Телятинов пен А.Безносиковтың сапарының материалдарында С. Иқанға барар жолда Түркістан қ-нан 10 шақырым жердегі аты жоқ «бос әрі кішкентай қорған» деп аталды. Бұрынғы С. қ. Түркістан қ-нан оңт.-батысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан ежелгі Сортобе қаласына сәйкес

келеді деген пікір бар. Бұл дұрыс емес, өйткені Сортобе қалашығы 15-16 ғ-дан бұрын пайда болды. Жазылған дереккөздерге сәйкес, С. Түркістан қ-ның оңт-не қарай сегіз шақырым жерде болған.

Әдеб.: Киракос Гандзакечи. История Армении. – М., 1976. – С. 224; Муминов А. Кокандская версия исламизации Туркестана // Подвижники ислама. Культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. – М., 2003. – С. 150; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 283; Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. – А.-Берн-Таш.-Блумингтон, 2008. – С. 231; Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 75; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 132; С. 161; Количество городов, топография и типология позднесредневековых городищ // История Казахстана. Т.2. – А., 1997. – С. 88; Байпаков К.М. Городище Каратобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 17.

М.Қожа

СҮЙІНБАЙАРЫҚ – 19 ғ-дың аяғына жататын тарихи арыық. Ескі Шілік а-нан оңт. және оңт.-батыста 2–4 км қашықтықта орналасқан. Арық Бөген өз-нен Ескі Шілік елді мекеніне жетпей шығарылған. Ұз. шамамен 7 км. Масштабы 1:100.000 топогр. картада ол «ар. Суюмбайозек» деп белгіленген. Осы арықты Бөген өз-нің аяғында тұратын арғындар қазып, бұл жұмыстарға Сүйінбай деген кісі басшылық жасаған. Осыған орай ол С. деп аталған.

Әдеб.: Қожа М. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан, 2006. – 60-63 бб.

М. Қожа

СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ (1091-1186) – сопылық дидакт. әдебиеттің өкілі, ойшыл, ғұлама. Қ.А.Ясауи шәкірттерінің бірі. Түркістанда білім алған. Орта Азияда ірі білім ордалары саналатын Самарқанд, Бұхара, Хорезм шаһарларында, кейін Шамда білімін толықтырған. Лақаб аты – Хәкім ата. Сопылық поэзияны дәріптеген ақынның даналық хикметтері көп. Оның қаламынан жүзден аса даналық сөз, «Миғражнама», «Исмаил қисасы», т.б. дүниелер жарық көрген. Еңбектерінің басым көпшілігі сақталмаған. Көшірмелерінің өзі 15 ғ-да «Хазіреті Мариям», «Ақыр заман» дастандары діни оқу орындарында кеңінен пайдаланылған. Аллаға құлшылық, Хаққа сенім, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) үмбетіне деген қамқорлықты негізге алған хикметтері адамзаттың ақыретін ұғындыруға бағытталған. ҚР ҰҒА Орт. кітапханасында Хәкім ата кітабының 1878 ж. Қазан ун-теті баспаханасындағы көшірмесі сақталған. «Ақыр заман» кең танымал туынды. Ал оның авторы ретінде «ей, жаратқандар бұл кітапты жазып қалдырған құл Сүлеймен» деп, Бақырғани есімімен танылған деп келеді. Ол жайлы Хәкім ата бала кезінде оқуға барғанда бар бала біткен қолына Құран алып, оны мойындарына асып жүрер еді, ал Хәкім ата болса басына қойып жүреді екен. Күндердің күнінде Қ.А. Ясауи есіктің алдында отыр еді, бір топ бала мектепке бара жатыр екен. Олардың арасында біреуі Құранды төбесіне қойып алғанын көріп, оның амалына сүйсінген ол баланы ұстазынан рұқсат алып бізге кел, біз саған Құран оқуды үйретеміз дейді. Бұл сөзді естіген С. Б. әдеппен тізе бүгіп сәлем беріп, ұстазынан рұқсат сұрайды. Ұстазы қабыл алып, рұқсатын береді, одан кейін ата-анасы да рұқсатын беріп, өздері ұлдарын

әдеппен Қ.А.Ясауиге тапсырады. Қ.А.Ясауи Құран оқытуды бастады. Аз уақыт ішінде барша шарттарын бітіріп, он бес жасқа жеткен соң ұстазына мурид болды, т.б. тарихат әдептерін үйреніп, кешке-күндіз әдеп шарттарымен қызмет етті. С. Б. Қ.А.Ясауи мектебінен терең білім алып, кемелденіп, муршид дәрежесіне жеткен, өзі сол жолда шәкірттер тәрбиелеген, сопылықты дәріптеген хикметтер жазған ақын, ислам діні арқылы адамгершілік пен имандылықты насихаттаған ғұлама.

Әдеб.: Бақырғани С. Мухаммеданское учение о кончине мира – Ахыр заман. Пер.Е.А.Малова. – К., 1897; Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991; Дәстүрлі Ислам жаунарлары, – Аст., 2016; Мәтбек Н.Қ. Сүлеймен Бақырғани – ортағасырлық ойшыл, ғұлама. Абай атын. ҚазҰПУ Хабаршысы. – А., № 2 (49), 2016.

Н.Мансұров

СҮЛЕЙМЕНОВ Асқар – (1938, Түркістан обл. Созақ ауд., Шорнақ елді мекені, – 1992, Алматы қ.) – жазушы, әдебиет сыншысы, драматург. Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл. лауреаты (1996). ҚазПИ-дің әдебиет-тарих факультетін (1959, қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ), аспирантурасын (1962) бітірген.



1961 ж. «Жол басы» атты алғашқы сын мақаласы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жарияланған. Шығармалары – «Бесін» (1970), «Адасқақ» (1988), «Бесатар» (1996) прозалық шығармалары, «Кек» (2001) драмалық жинағы, «Болмыспен бетпе-бет» (2001) сыни-эстетикалық, өнертанушылық жинағы, Төрт томдық шығармалар жинағы (2007-2009). «Арғымақтар мен адамдар» деректі фильмі (1977) мен «Ас» («Құлагер») көркем фильмінің (1976), «Баянел» («Қозы Көрпеш-Баян сұлу») сценарийін жазған. «Кек» драмасы Шымкент обл. драма театрында (1980, режиссері Қ.Жетпісбаев), «Төрт тақта-жайнамаз» (1989), «Жетінші палата» (1993), «Қыздай жесір – штат қысқарту» (1994) драма-диалогтары Қазақ Мемл. М.Әуезов атынд. академ. драма театрында қойылған (режиссері Ә.Рахимов). С. жасампаз идеяларымен қоғамға, ұлтқа қызмет етуге, идеяшылдықтан азат жаңа әдебиет жасауға ұмтылды, өз идеалы үшін күресті. С. шығармаларын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады. 1. **Сыншылық кезең.** Алғашқы кезеңде ол көркем сын жанрына жекелік сипат дарытуға ұмтылды, көркем шығарманы көркем мәтін қағидасынан тыс талдады. «Түр туралы бірер сөз» («Жұлдыз» журналы, 1963) мақаласымен әдеби ортада үлкен айтыс тудырған С.-тің көркемдік-эстетик. ұстанымдары негізінен осы кезеңде айқындалды. 2. **Прозалық кезең.** Прозалық кезеңде С. шығармаларында 20 ғ. прозасының қағидалары толығымен дерлік көрініс берді, ол модернист қаламгер саналды. Қазақ әдебиетінде құбылыс ретінде бағаланған «Бесатар» повесі 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс пен Созақ көтерілісін соны көзқараста зерделеді. 3. **Драматург.** кезеңіндегі шығармалық

жаңа өнер философиясы аясында талдауды талап етеді. Ол С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі», М.Булгаковтың «Жендеттер», Б.Брехттің «Сычуанның мейірі», Э.Хемингуэйдің «Бесінші колонна», Т.Уильямстың «Әйнек айуанхана», т.б. пьесаларын қазақ тіліне аударған. «Ситуациялар» ұштағаны үшін («Жетінші палата», «Қыздай жесір – штат қысқарту», «Төрт тақта жайнамаз» драма-диалогтары) С.-ке ҚР Мемл. сыйл. берілді (1996). С. есімі Созақ ауд.-ндағы өзі оқыған мектепке (1994), Сарыағаш қ.-ндағы бұрынғы Ильич атынд. мектепке (1999) берілген. Жазушының туған жері – Түркістан обл. Созақ ауд.-ның Шолаққорған а.-нда оның атынд. мектеп алдына 2011 ж. С.-ке арналған ескерткіш орнатылды. Шығарм. ғалымдар Р.Сыздықова, Б.Құндақбаев, М.Қойгелдиев, Г.Пірәлиева, Ж.Жарылғапов, т.б., сыншылар Т.Тоқбергенов, З.Серікқалиұлы, С.Жұмабек, Б.Сарбалаев, Ә.Бөпежанова, т.б. еңбектеріне арқау болды.

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010; «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Сүлейменов А. 4 томдық жинағы. – Қазығұрт, 2007-2009; Қырғызбаев Ө. Асқар ұшқан ұя. Деректі повесть. – А., 1997; Парасат падишасы. А.Сүлейменов туралы естеліктер кітабы. – А., 1998; Тұрантегі Д. Асқар әлемі. – А., 2004; Қалшабек А. А. Сүлейменов шығармашылығындағы рухани-көркемдік ізденістер. Зерттеу. – А., 2006; Рахимов Ә. Пьесадан спектакльге дейін. – А., 2011; Әсемқұлов Т. Кемеңгер өмірінен бір үзік сыр. Эсселер. – А., 2012.

Ш.Құрманбаева

СҮЛЕЙМЕНОВ Жолдас (1922 ж.т., Түркістан обл. Сарыағаш ауд.) – Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының

Батыры. Жаңақұрылыс жеті жылдық мектебін 1940 ж. бітіріп, «Қазақстанның 13 жылдығы» ұжымшарында жұмысшы болып еңбек жолын бастайды. 1941 ж. желтоқсанда Сарыағаш ауд. коммисариатынан армия қатарына шақырылды. Алғашқы әскери дайындықты Тула қ.-нда өтеді. 1942 жылдың ақпан айында 65-ші атқыштар дивизиясының 120-шы полкында қатардағы жауынгер болып ұрысқа кірді. Атақты Днепр шайқасынан соң 1943 ж. 30 қазанда КСРО Жоғ. Кеңесінің Жарлығымен 69-шы Қызыл Тулы Севскі атқыштар дивизиясынан 52 адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Соның ішінде 6 адам Түркістан обл.-нан. Барлығы да қазақ жауынгерлері еді. Солардың ішінде С. та болды. Қазан төңкерісі мерекесі қарсаңында 1-Беларусь майданының қолбасшысы Рокоссовский, армия ген. Батов майдан шебіне келіп, С.-тың төсіне Батырдың Алтын Жұлдызын тақты. С. сол жылы әскер қатарында жүріп партияға қабылданды. Елге оралған соң 1947 жылдың қаңтарынан партия, кеңес органдарында қызмет істеді. 1969-82 ж. аралығында Сарыағаш ауд.-на қарасты Амангелді атынд. мектепте әскери дайындық пәнінен сабақ берді. Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі атағымен марапатталған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 466-467.;

М.Тастанбеков, Н.Сұлтанбек

СҮТКЕНТ – ортағасырлық қала орны. Оңт. Қазақстан обл., Шардара ауд., Сүткент а.-нан шығысқа қарай 3км. жерде, Сырдарияның сол жағалауындағы Қаракөл сайында орналасқан. Ол – жартылай сопақшалау келген, биікт. 2 м алаң.

Оның көл. солт.-батысан оңт.- шығысқа қарай 800 м, солт.-шығыстан оңт.-батысқа қарай 900 м. Қаланың етек жағында мұнаралы дуалдың қалдығы, ал сырт жағында қазылған ор бар. Бекініс солт.-батыс жақтағы дуалдың аралығында орналасқан. Оның көл. 150x150 м, биіктігі 8 м. Зерттеу жұмыстарын 1900 ж. И.В.Руднев, 1951 ж. проф. А.Н.Бернштам басқарған Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы жүргізді. Қазба жұмыстары кезінде табылған заттар қаланың 6-15 ғ-ларға жататынын дәлелдейді. Солт-тен оңт-ке қарай 2 км. жерде екінші қаланың орны бар. Ол көл. 200x2580 м, биіктігі 2 м-лік бұрышты алаң. Табылған қыш ыдыстар 15-19 ғ-ларға жатады. Бұл қалалардың екеуі де 10 ғ-дың деректемелерінен белгілі. Махмұт Қашқари С-ті ғұз қалалары қатарында атаған. Содан бастап С. 15 ғ-ға дейінгі деректерде кездеспейді. 1405 ж. деректерінің бірінде С. Сырдарияның сол жағалауындағы Темір әскері басып өткен қалалар қатарында айтылады. С. 19 ғ-ға дейін өмір сүрген. С. қолөнер, сауда және егін ш-ның орт. болған.

Әдеб.: Агеева Е.И., Пацевич Г.А., Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана, «Тр. Ин-та истории, археологии и этнографии АН Каз ССР». – 1958, т.5.

М.Амантуров

СЫҒАЙ ХАН БАРАҚҰЛЫ (т.ж.б. – 1750) – 18 ғ-дағы қазақ хандарының бірі. Тарихи деректерде есімі Шигай, С. үлгілерінде кездеседі. Ахмад хан деген лақап атпен Наманған билеушісі болды. 1748-50 ж. аралығында хан болған. Ол Барақ сұлтанның үлкен ұлы, Тұрсын ханның немересі. Қазақ хандарының Жәдіктен тарайтын әулетіне жатады. С-дың бір әйелі 1744 ж. Галдан Цэрен сыйға тартқан ойрат қызы.

Басқа әйелдері және балалары жайында дерек жоқ. Жас кезінен С. хан қалмақ, башқұрттар арасында танымал болды. 1738 ж. 12 жасар кезінде көтеріліске шыққан башқұрттардың шақыруымен башқұрт жерінде хан сайланады. Бұл кез оралдық башқұрттардың өз еркіндігі үшін Ресейге қарсы көтеріліске шыққан уақыт еді. С. хан ол жақта ұзақ бола алмай еліне қайтады. 1744 ж. әкесінің бұйрығымен аманаттыққа Жоңғарияға жіберілді. Онда ол Галдан Цэреннің әйелімен сөзге ілініп, оның ұлы, тақ мұрагері Цэван-Доржи-Аджи-Намжилдің өшпенділігіне тап болады. 1745 ж. елге қайтарылады. Елге оралғаннан кейін әкесімен бірге біраз уақыт Қазақстанның солт-нде билік жүргізген. 1748 жылдың тамызында әкесімен бірге Әбілқайыр ханға қастандық ұйымдастыруға қатысты. С. хан әкесі Барақпен бірге қазақ жерінің оңт-не қоныс аударады, кейін Ферғанада Ұлы жүздің бір топ руларына билік етеді. 1748 ж. ферғаналық қыпшақтардың ұсынысымен Қоқан жеріне аттанады. Әндіжан мен Наманған қыпшақтарының ханы болады. 1750 ж. С. хан Қарнақ қ-нда әкесі, ағасы және өзі жергілікті қожалардың у беруі салдарынан қаза табады. Қастандықты жоңғар қонтайшысы Аджи-Намжил немесе әндіжандық сарттардың ұйымдастыруы, немесе Әбілқайыр балаларының қатысуымен болуы мүмкін. Мүрдесі Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген деген болжам бар. С. хан өмірі мен қызметі қазақ хандары әулетінің қазақ елінен басқа аймақтарға да билеушілікке шақырылуына деген сұраныстың болуын және соған сай олардың қазақтан өзге этностарға да билік жүргізуінің мысалы бола алады.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье

и новое время). – А.: ИД «Аркаим», 2001; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы). – А., 1997; Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. – А., 2001; Қазақ хандары. – А.: «Қазығұрт» баспасы, 2015.

Х.Тұрсұн

СЫПАТАЕВ Қарсыбай (15.4.1918 ж., Түркістан обл. Ордабасы ауд. Көктөбе (бір деректерде Төрткүл) а. – 26.11.1942 ж., Ресей, Қалмақ Республикасы, Сарпинск ауд. Шарнут кенті) – минометші, Кеңес Одағының Батыры. 1942 ж. әскер қатарына алынып, оңт. майдандағы 4-атты әскер корпусы, 61-атты әскер дивизиясы, 13-жеке атты артиллерия дивизионы құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.



Сталинград түбіндегі шайқаста ерлік көрсетті. «Красный герой» елді мекенінің маңында болған ұрыста жаудың бір взводқа жуық жаяу әскерін жойып, Шарнумовский маңында С-тың миномет расчеті 36 танкімен бетпе-бет келді. Кескілескен ұрыста минометтер істен шығып, С. қолындағы минаясымен танкінің астына түсті. Көрсеткен ерлігі

үшін С-қа қаза тапқаннан кейін Батыр атағы берілді (1943). Ленин орденімен марапатталған. Соғысқа дейін 1936-37 ж. ұжымшарда бригадирдің көмекшісі, 1938 ж. есепшілер курсы бітіріп, колхозда есепші болған. 1940 ж. КПСС мүшелігіне өтіп, ауд. партия к-тінде нұсқаушы қызметін атқарды. Туған жері мен Шымкент қ-нда С. атынд. мектептер, Алматы қ-нда, Шаян ауд-нда. көшелер бар. Қалмақ Республикасында батырға белгітас орнатылған. А.Әділбековтің «Шаяннан шыққан қос батыр» атты кітабында С-тың ерлігі айтылады. «Хабар» агенттігі түсірген «Батырлар елі» деректі фильмінің бір бөлімі С-қа арналды. Н.Төлегеновтің «Қарсыбай батыр» атты әні бар.

Әдеб.: Аяған Б.Ф. Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия.– А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 470.; Жақып Б.Ө. Айбын. Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 705-706 бб.; Қалаубай Б. Түрленген өлке Бәйдібек (Танымдық-анықтамалық жинақ).–А.: «Нұрлы әлем» , 2018. – 38 б.; https://www.inform.kz/kz/uly-otan-sogysynyn-batyrlary-karsybay-sypataev_a2760916.

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СЪЕЗІ – 1917 ж. қаңтардың 6-9 аралығында Түркістан қ-нда Алаш Орда үкіметі арнайы ұйымдастырған Сырдария облысы қазақтарының жиналысы. Оған 82 өкіл қатысты. Құрамында Перовск уезінен – 15, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Қазалы уезінен – 5, Черняев уезінен – 10, Түркістан уезінен – 20 өкіл болды. С.О.Қ.С-нде Алаш зиялылары ұлттық мемл-тің аса маңызды белгісі – терр. тұтастыққа қол жеткізу идеясын көтерді. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қ-нда өткен Жалпы қазақ-қырғыз съезінің Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу мәселесі

шешімін таба алмады. Осы съезді шақыруға шешім қабылданып, Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың «Қазақ» және «Бірлік туы» (№17 1917 ж. 14 желтоқсаны) газеттерінде жарияланған «Сырдария облыстық съезін шақыру туралы» жеделхатында «съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылды» деп арнайы тізім ұсынған. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан төңірегінде туып өскен С.Өтегенов, С.Қожанов, Қ.Қожықов және С.Алдабергеновтер белсене қызмет жасаған. Қожановтың съезге қатысқандығын оның С.О.Қ.С. сөйлеген сөзі «Бірлік туы» газетінің идеясы негізінде болды және оның большевиктермен бітіспестігін танытты» деген дерек айғақтайды. Съезге Алашорда үкіметі атынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатов қатысты. Сондай-ақ съезге Түркістан автономиясы атынан және Орал обл-ның Темір уезі мен Торғай обл-ның Ырғыз уезі қазақтарынан бірнеше өкіл келді. Съезге М.Шоқай мен М.Тынышбаев арнайы шақырылған болатын. Бірақ олар Түркістан Мұхтариятындағы кабинеттік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Съезде Сырдария обл. қазақтарының Алаш автономиясына қосылу жайы басты мәселе етіп қойылып, қызу талқыланды. Сөйтіп, бұл жөнінде қабылданған қаулыда Сырдария обл. осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясы құрамында қалады; Алаш автономиясы жарияланып, Түркістан автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен Алаш автономиясына қосылады; Сырдария қазақтары қосылғанда Алаш автономиясының астанасы Түркістан қ. болады деп көрсетілді. Осыдан соң Торғай обл-ның Ырғыз уезінен келген өкілдер сөз алып, олар 1917 жылғы 28-29 желтоқсанда

Ырғыз уезі қазақтарының съезі өткенін және онда Сырдария обл. қазақтары қайда болса, Ырғыз қазақтары да сонда болу туралы қаулы қабылдағанын, яғни Сырдария обл. қазақтарымен бірге Түркістан автономиясына кіруді қалайтындықтарын білдірді. Осыған орай съезде егер белгілі бір себептермен Алаш автономиясы жарияланбай қалса, онда Ырғыз қазақтарының Түркістан автономиясына қосылуына Сырдария обл. қазақтары көмек көрсетіні жөнінде шешім қабылданды. Съезде Ташкенттегі кеңестік биліктің өкілі комиссар П.Г.Полтарацкий кезектен тыс сөз алып, Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы халық тілегіне қайшы келеді деген мазмұндағы пікірін алға тартты. Мұндай пікірге съезге қатысушылар қарсылық танытып, П.Г.Полтарацкийді съезді тастап, шығып кетуге мәжбүр етті. Делегаттар халық арасындағы большевиктер озбырлығы мәселесін қарап, қазақтар большевиктер үкіметін мойындамайды және олардың айтқанына еріп, айдағанына жүрмейді деген қаулы қабылдады. Бұл қаулыда большевиктерге еріп, халық берекесін кетірген қазақ азаматтарына наразылық білдіру керектігі де айтылды. Делегаттар Түркістан автономиясына сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қолдау көрсету жайында шешім қабылдады. Съезде Түркістан автономиясының Ұлттық кеңесіне Ақмешіттен Шоқай, Әулиеатадан Ә.Кенесарин, Шымкенттен С.Сейітов, Ташкенттен Ә.Көтібаров, Түркістаннан Д.Алтынбаев, Қазалыдан М.Күзембаев ұсынылды. Бұл тізімдегі Шоқай Түркістан Мұхтарияты Уақытша Ұлттық кеңесінің мүшелігіне 28 қарашада сайланған болатын. Ал тізімдегі одан басқа қайраткерлер Ұлттық кеңес құрамындағы қазақтардың үлес салмағын арттыру мақсатында қосымша ұсынылған деп білеміз. Облыс



аум-нда қазақ милициясын құру мәселесі съезде арнайы қаралып, бұл істі жүзеге асыру Түркістан автономиясының Уақытша үкіметіне мүше болып сайланған азаматтарға және қазақ ұйымдарына тапсырылсын деген ұйғарым жасалды. Мұнан соң съезде делегаттар облыстың тұрғындары азық-түлік тапшылығынан аштыққа ұрына бастағанын талқылап, мұны тез арада шешудің жолдарын қарастыру жөнінде Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі атына өтініш жасалсын деген қаулы шығарды. Қожықов 1918 жылғы қаңтарда Түркістан қ-нда өткен С. О. Қ. С. туралы: «Орынбордағы алашордалықтар ұйымдастырған еді. Мен олардың саясатын мақұл көргенмін, бір мәселені өз тарапымнан үзілді-кесілді қойдым. Ол – Қазақстанның орталығы ретінде Оңтүстіктегі қалаларының бірі болсын деген ұсынысым еді», - деп жазады. С.О.Қ.С. нақты шешім қабылдай алмағанымен қазақ елі мен жерінің тұтастығы мәселесі Алаш Орда үкіметі тарапынан ресми талқылануы арқылы оның ұлттық идеяға айналуына негіз қалап, тарихи маңызға ие болды.

Әдеб.: Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. – А.: «Алаш», 2005 -т. 2. -496 б.; Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. – А.: «Ел-шежіре». 2007. Т.3. Кн.І. – 304 с.; Бәкірулы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы //М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т.3. – Алматы: «Қайнар», 2007. – 384 б.

Х.Тұрсун, А.Махаева


ТАЙҚАЗАН (14 ғ.) – Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің орт. бөлмесінде тұрған үлкен көлемді қола қазан. Т-ды 14 ғ-дың екінші жартысында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап, Қарнақ мекенінде құйылған. Т-ның жасалу уақыты 1393-99 жылдарды қамтиды. Құйылып аяқталған мерзімі – 1399 ж. (хижр.801ж). Сыртқы бөлігі бірнеше бөліктен құйылып, құрастырылып, араб әріптерімен көркем сипатта сульс, куфи қолтаңбаларымен жазулар түсірілген. Салмағы 2 т шамасында, 3000 литр су сыяды. Т-ның диаметрі – 242 см, тұғырының диаметрі – 60,7 см. Биіктігі – 162 см, ал тұғырының биіктігі – 54 см. Сырты бес бөліктен тұрады. Бірінші, жоғарғы бөлігіне қазанды айнала арабша құран сүресінен үзінді түсірілген және бұл жазулардың аудармасы М.С.Бекчуриннің (1872), П.Лерхтің, П.И.Ахмеровтың, Н.И.Веселовскийдің, М.Е.Массонның, А.А.Ивановтың, Н.Б.Нұрмұхамедовтың, т.б. зерттеулерінде берілді. Т-ның сыртындағы жазу құранның 9-шы сүресі, 19-аятты қамтиды, екінші бөлігі жиырма төрт бұрыштарға бөлінген. Осы бөлігінде өз ара бірдей қашықтықта он үлкен томпақ және он үлкен көркем тұтқа орналасқан. Екінші белдеудегі қатар орналасқан екі төртбұрышта «Істеген Алланың құлы Абд әл-Азиз ұста Шараф ад-дин ұлы Табризи» деген шебердің есімі жазылып, хиджра бойынша 801 шауал жыл деп көрсетілген. Үшінші белдеуде куфи қолтаңбасымен жазулар түсірілген. Зерттеушілер қазан

скиф-сақ, соңғы түрік тайпаларының отбасын, қазанды қадір тұтуын, түріктің «он оқ будун», қазақтың «он сан байтақ» – он тайпа елдің біртұтастығын бейнелейтін белгі екенін айтады. Т-ға ұқсас сақ және ғұн-сармат дәуірінде өріс алған, конус сипаттағы тұғырлы, тұтқалары бар қола немесе мыс қазандарды ғыл. әдебиеттерде «сақтық қазандар» деп атаған. Б.д.д. 6-4 ғ. қазандар, сақтар мен үйсіндердің кезіндегі қазандардың көбі үлкен көлеммен ерекшеленіп, технол. күрделі «жоғалған модель» әдісімен құйылған екен. Т-ды осындай әдіспен құйылған деуге болады. Қазанның Т. аталуын түркі тілдес халықтардағы тайлған (тайлга, тахил, тайх) сөздерімен «құрбандық шалу» деген мағынадан өрбіген, «құрбандық шалып сыйыну қазаны» деген түсінікпен ұштастыруға болады. Т-ның қойылу себебіне тоқталғанда, тайқазанға дейін ежелгі кезеңдегі, сақ, үйсін, сармат, ғұн тайпаларының жерлеу орындары мен қасиетті деп аталған орт-тарға қазандардың қойылуы археол., этногр., ауыз әдебиеті, тарихи деректермен нақтыланып отыр.

Бастауын Геродот сипаттап жазған сақтардың Ариант патшасының құйдырған үлкен қазанынан алып қарасақ, бұл дәстүрдің даму, толысу кезеңінен өтіп, орта ғ-ларда да сақталғаны айқындалып отыр. Т-ның сыртқы бөлігіндегі он үлкен тұтқа, төртінші белдеуіне түсірілген өрнектер б.д.д. сақтар кезеңіндегі мотивтермен, б.з. 1-мыңжылдығындағы Отырар, Қаратау, Қауыншы, Жетіасар мәдениеттерінің өрнектер мотивтерімен, ортағасырлық архит. құрылыс өрнектерімен үндестік табады. Т-ның үшінші бөлігінде он үлкен тұтқа және он томпақ сипатындағы әшекейлі өрнектер бекітілген, жиырма кішірек томпақтар орналасқан. Мұны ел «емшектер» десе,

ғыл. зерттеулерде «кубба» деп аталады. Аталған өрнектер өзінің даму кезеңдерінде заттарға түсіруде бірнеше кезеңдерден өтсе де негізгі формасын сақтады. Бірінші кезеңі – Ә.Х.Марғұлан Бегазы-Дәндібай мәдениетіндегі керамикаларды зерттеу барысында «емшек»сипатындағы өрнек деп атаған б.д.д. 1-мыңжылдықтағы өрнектер, археол. зерттеулерде «меруерт өрнегі» деген атпен белгілі. Екінші кезең – б.з.1-мыңжылдығында қолөнершілер керамикалық, т. б. ыдыстардың сыртына белгілі бір сазды жапсыру арқылы шошақтар, томпақтар түсіріп отырған, үшінші кезең – б.з. 10 ғ-нда керамикалық, т. б. да бұйымдардағы жапсырма томпақтар түрлене, қабырғалы сипатта түсіру белең алады. Архитектура теоретигі М.С.Булатов Т-ды зерттеу арқылы кесенені салуда орта ғасырлық сәулетшілер элипс қисығын қолданғанын дәлелдеді. Жоғарғы бөлігінің формасы элипс қисығының жартысы болып шыққан. Т. бұрынғы кезде астрон. мәні бар қызмет атқарған деген пікірлер кездеседі. Фарабитанушы, проф. Ақжан Машанидің тұжырымынша Қожа Ахмет Ясауи ғимараты жеті қат көкті, 12 мүшел мен жыл есебін бейнелейтін космос моделі сынды құрылыс, ал тайқазан соның ішінде үлгісі іспеттес болған. Ел аузындағы аңыздарда Т. жеті түрлі металл қоспаларынан жасалынған деп айтылады. Металл құрамын (жасалған физ.-хим. (спектр X-TEST) сараптау нәтижесі мынандай жағдайды анықтап берді. Тайқазанның тұтқасының металл құрамы 76,50% мыстан, 21, 47% мырыштан, 2,03% басқа металдардан тұрады. 1935 ж. Ленинградта өткен Иран өнері мен археологиясының 3- Халықар. конгресіндегі көрмеде Т-ды көрсетуге Эрмитаж мұражайына алып кеткен болатын. Т. 1989 ж. елге, тарихи орнына қайтарылды. Қазан

– қазақ халқының қалыптасып, ел ретінде өмір сүрген мемлекет басқару жүйесінде өз орнын алып, Қасым хан, Есім хан, Тәуке ханның тұсындағы әдет-ғұрып заңдарында маңызы бар зат болды. Қазақ қоғамының тарихи жағдайларына, қоғамның болмыстық мәніне сай келетін «Жеті Жарғыда» қылмыстық әрекетіне сай «қанға қан, жанға жан» принципі, яғни «қазан сындырып» кек алу орнына, «қара қазан» құн төлеумен алмастыру, қоғамдағы осы заттың қастерлі орнын көрсетеді. Қоғамның ілгерілей дамуы ежелгі дәстүрдің дамып, аса құнды адам өміріне деген адамгершілік көзқарастың толысуын туындатты. Қазан қоғамдағы, адамдар арасындағы құн дауын шешуде қолданылды. Біқылым заманнан келе жатқан дәстүрдің жалғасы, мыңдаған жылдар көлемінде шайқалмай өз тұғырында тұрған бірлік, билік, рухани құндылықтар өзегі. Қазанның елдің рухани және заттай мәдениетінде ерекше орын алғандығын біздің заманымызға дейін келіп жеткен мыс, қола қазандар, тастағы төңкеріліп салынған қазан суреттері, басқа да деректер айғақтап отыр. Орта ғасырлық көшпелілер мәдениетінде де ажырамас бір бөлігі болды. Орта ғасырлық көшпелілердің әлеум.-экон. қарым-қатынастарының заңдылықтарын зерттеу қазандардың отбасын басқару, әулеттің, ауылдың, рудың тағы басқалардың бірлік символы болғанын көрсетті. Орта ғасырлық қазақ қоғамында қазан – ерекше қызмет атқарған, ру, туыстық жүйеде біріккен үлкен әулеттің бірігуін, басқаруды бейнелеген символ. Ол қарапайым отбасынан бастап, әулет, ру, т.б. жүйесінде белгілі бір бірігу, басқару қызметін атқарды. Т. өз бойына сан ғасырлар бойы қалыптасып, өмір өзегіне айналған тарихи хабардың, дәстүрдің көзі



мен құпия сырларын жинақтап тұр. Ілгері замандардың айтар тарихын, сырларын бүгіп, түсінер ұрпаққа паш етер дерек көзі деуге болады. Ежелден келе жатқан тарихы мен дәстүрі қазанда бейнеленіп, көретін көз бен ұғар көңілге әрқашан сырын паш етуге даяр үлкен ойға толы асыл мұралардың бірі. Қазан – ел бірлігінің, отбасының беріктігінің, ұрпақтың өрбуінің, өмірдің дамуының, Анаға деген қасиетті сезімнің, молшылық пен берекенің, жаңа өмірдің символына айналды. Т. 14 ғ-дың екінші бөлігінде, сол уақыт-

тың, өнер мектептерінен шыққан шеберлердің тамаша өнерінің куәсі болумен қатар, ежелден келе жатқан қазанға деген барлық дәстүрлердің жиынтығын біріктірген, бір-бірімен үйлескен, тамырын тереңге жайлаған зат. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап құйылған Т. Қожа Ахмет Ясауидің көшпелі қоғамдағы алған орнын, қасиетті жер ретіндегі кесененің орнын, көлемі ұлан-ғайыр ел-жұрттың бірлігі мен үлкен көлемін бейнелеген, рухани басшыға қойылған белгі деуге болады. Бұл дәстүр қазақ халқы қалыптасқаннан соң да, өз сабақтастығын тауып, әдет-ғұрып заңдарында, тұрмыс-тіршіліктерінде өз көрінісін тапты. Табриздік қолөнер мектебінің тәжірибесін қолдана отырып ұста Әбдул Әзиз және жергілікті шеберлер оны жергілікті мектептің дәстүрімен ұштастырып, мән-мағынасы сан қырлы рәсімдерді негізге ала отырып, қоршаған ортадағы шикізат материалдарын игеру барысында тамаша өнер туындысын жасады.

Әдеб.: Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. – А.-А. «Жалын», 1979; Бекчурин М.-С. Описание мечети Азрета находящейся в городе Туркестане. – Казань, 1872; Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – СПб, 1870; Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясеви – Казань, 1896; Веселовский Н.И. Экспедиция в г.Туркестан для снятия зарисовки в красках местной мечети. – СПб., 1909; Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда в городе Туркестане. – Таш., 1929; Иванов А.А. О бронзовых изделиях конца XIV в. из мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви. – М., 1981; Н.-Б. Нұрмұхамедов Н.-Б.Ахмед Ясауи сәулет ғимараты. – А., 1988; Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры западного Казахстана. – А.: «Гылым», 1994; Михайлов Т.М. Из истории бурятского шаманизма (с древнейших времен по XVIII в). – Новосибирск, 1980.; Әбләсан Ә. Көне сөздердің құпиясы. – А., 1995; Маргулан А., Басенов Т., Мендикулов М.

Архитектура Казахстана. – А.-А.; Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – А.-А., 1979; Булатов М.С. Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX-XV веков. – М.: «Наука», 1988; Машани А. Эль-Фараби және Абай. – А., 2005; Созақбаев С. Жеті Жарғы. – А., 1994; Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті Тайқазан. – А., 2008.

Д.Мұстапаева

ТАЙМАНОВ ОРЫНБАЙ – (1867/74/84, Түркістан обл. Бәйдібек ауд. – 1946) – жыршы, орындаушы, халық ақыны. Т. жастайынан Нұралы ақынның дастан-термелерін жырлап, «Бозторғай» деген атқа ие болады.



Ақындармен сөз додасына түсіп, өнері елге танылады. Т-тың «Жәнібек батыр» дастаны ноғайлы кезеңінің батыры Жәнібектің ерлік жорықтарына арналса, басқа шығармаларында ауыл-аймақтағы егін, мал ш-н жырлап, оны дамытуға шақырып отырады. Ақын 2-дүниежүз. соғыс кезінде отансүйгіштікке үндейтін өлең-жырларын шығарған («Отан үшін жан пида», «Данышпанның сөзімен», «Аттаныңдар, ұл-қызым», «Біз жеңеміз», «Батыр ұлдарыма», т.б.). Оның туындылары «Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан» газеттерінде жиі жарияланып тұрды. «Дом-

быра» атты жыры орыс тіліне аударылып (П.Кузнецов) «Правда» газетінде жарық көрді (18.05.1936). Майлықожа, Нұралы, Кенжебай, Әлібек, т.б. ақындармен айтысқан. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Грамоталарымен (1939, 1944), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1945), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбегі үшін» (1946) медальдарымен марапатталған. Кезінде жыр алыбы Ж.Жабаев ақынға: «Оңтүстікте Орынбай, Өлең-жырдың қорындай», не «Уа, Орынбай, Шашубай, Сендер өзен тасындай», деп баға берген. Жамбыл оны «Тауқұдірет» деп атаған екен. Бәйдібек ауд-нда Т. атында жалпы орта білім беретін және өнер мектептері, ауыл (бұрынғы төменгі Боралдай ауылы), көше бар. Т. атынд. мектеп алдында ақынның мүсіні орнатылған. Көптеген айтыстары, толғаулары ел аузында сақталып, әдеби жинақтарда («Пернедегі термелер» (1965), «Айтыс» 3-т. (1966) жарық көрген. Ә.Кембаевтың «Боралдайдың бозторғайы» атты кітабы (2009), Б.Қалаубай жинақтаған ақынның жыр-жинағы шығарылды. «Қазыналы Оңтүстіктің» 222-томының 1-бөлімі Т-қа арналған (2010). Т. басына кесене орнатылған. Авторы әрі құрылысын жүргізген – суретші, сәулетші И.Имашұлы. Ақынның 150 жылдығы 2018 ж. кең көлемде аталып өтті. Соған орай Т. кесенесі қайта қалпына келтіріліп, көк күмбез орнатылды. Кесененің айналасын көріктендіру мақсатында 200 түп ағаш көшеті отырғызылды. Телеоператор А.Қазанбай ақын туралы бірнеше телефильм түсірді. 2018 ж. мамырда Бәйдібек ауд-нда Т. атынд. ақындар айтысы өтті. «Т-қа 150 жыл» медалі шығарылды.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.ф. Аяған. – А.: «Қазақ энцикло-

педиясы» ЖШС, 2005. – Б. 472; Мамырәлі Ж. Тайманов тасада қалған жоқ // «Оңтүстік Қазақстан газеті», 20.04.2018 ж.; Боранбаев Ж. Оңтүстікте Орынбай, сөздің асыл қорындай... // Мәдениет. – 2013. №5. – Б. 21-24. Қалаубай Б. Түрленген өлке Бәйдібек (Танымдық-анықтамалық жинақ). – А.: «Нұрлы әлем», 2018. – Б. 128, 153; Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Айтыс. Т. III. (Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс) / Құраст. М. Жолдасбеков, С. Негимов. – Аст., Күлтегін. 2014. – Б. 370.

М.Ахметова

ТАМШЫ ӘУЛИЕ – киелі жер. Түркістан обл. Түлкібас ауд-на қарасты Кершетас а-нан 12 шақырым жерде, Лагерь шатқалында орналасқан. Шатқал аңғарындағы Машат өз-нің сол беткейінде Шошқабұлақ тауларының сілемдері бар. Өзеннің екі аңғары биік қатпар тасты жота, бойында демалыс саябақтары орын тепкен. Өзеннің оң қапталында тау аңғарына сұғына кіріп, биіктігі 80-85 м-дей қатпарланған тас қабатты кездестіруге болады. Қож-қож жартастар, сан алуан желектер көмкерген, көргенде көз сүрінетін, әсері керемет көріністі қуыс қойнауында тастан тамшы тамып тұрады. Тас қабатының үстіңгі жағы 30-35 м-дей қара, орта тұсы 20-25 м-дей ақ-сұр, ал астыңғы қабаты ылғалданған. Судан көгеріп, мүк басқан, оның қалыңд. 20-25 м-дей келеді. Осы араны жергілікті халық «Т. ә.» деп атайды. Т. Ә-нің басындағы тастар өзге тастарға ұқсамайды. Мәңгілік толастамаған су астындағы тастар дымқыл, беттерін мүк басқан. Жартас арасынан үздіксіз аққан су тамшыларының өзі шипалы саналады. Аққан тамшылардың сипаты да әртүрлі: бірі сорғалай ақса, екіншісі сызылып ағады, келесісі тамшылап, үзіліп тұрады. Бірі сарқырап, тіпті көзге көрінбей намданып ағатын да түрлері бар. Тау суының дауысының өзі құлаққа

жағымды, бір сәт жүйкені тыныштандырады. Келушілер осы суға қарап, «тас жылап жатыр» деп айтады. Сондықтан Т. Ә. аталып кеткен. Ол жайлы аңыздар да, әпсана да, тіпті ертегіге айналған әңгімелер де көп. Осы орынды алыстан қараса, тамшы ағып жатқан аралықтан 7-8 м биікте арақашықтығы 8 м шамасындағы екі үңгір бар. Ол осы тастың екі көзі іспетті, сондықтан оны жергілікті халық «Т. Ә-нің екі көзі» деп атайды. Сырт көзге алыстан қарағанда, шындығында да, осы арадағы құбылыс жылап жатқан адамның бет бейнесін көз алдыңызға елестетеді. Тамшы ағып жатқан аралықтың асты ішке кіріңкі, қуыстау келеді. Осы қуыста биіктігі 170-180 см, ені 120-130 см болатын тас бар. Тастың төбесі тегістеу, онда диаметрі 35-40 см келетін ойманы көруге болады. Оны ауыл тұрғындары «Т. Ә-нің қазандығы» дейді. Осы жерге келгендер сол аралықтан су ішуге амалдайды. Ол аралыққа екінің бірі шыға бермейді. Өйткені онда шығатын тас беттері жылтырап, аяқ бастырмастай тайғақтанып тұрады. Сондықтан шығуға әрекет еткендер жарты жолда аяқтары тайып, еңіске құлап жатады. Қазір әулие басын іздеп келушілер көбейген. Келгендер тек әулие басына барып қана қоймай, таудың әсем табиғатын да тамашалап кетеді.

Әдеб.: Ақбаева А. Оңтүстіктегі «Тамшы әулие» атауы қайдан шыққан? // http://lenta.inform.kz/kz/ontustiktegi-tamshy-aulie-atauy-kaydan-shykkan_a3047708.

Ш.Құрманбаева

ТАҢБАЛЫТАС – Түркістан обл. Созақ ауд., Ақсүмбе а. солтүстікке қарай 155 км, Қыземшек ауылынан солт.-батысқа қарай 120 км қашықтықта, Боқтықарын өз. сол жағалауында, Таңбалынұра

көлінің оңт.-батыс жағасында, Таңбалы бұлағы қасында орналасқан археол.-тарихи ескерткіш. Тарихи орын туралы алғаш ақпар М. И. Иванин (1875), Ю. А. Шмидт (1894) еңбектерінде кездеседі. Алғаш рет 1895 ж. Л. И. Кузнецов и Х. Бекхожин зерттеді, Кеңестік кезеңде ескерткішті В. А. Селевин (1934), К. И. Сатпаев (1936) көрген, ал 1946 ж. Ә. Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеді. 2009 ж. ескерткішті тиянақты құжаттау мен зерттеу жұмыстарын археол. А. Е. Рогожинский жүргізді. Таңбалар мен жазулар Таңбалы бұлағы қасында орналасқан. Тастың үстіңгі бөлігі ХХ ғ. аяғында қатты зақымданған. Оның 15 бөлігі шашылып жатыр. Тастың тұтас сақталған бетінде оймыштау мен қыру тәсілімен түрлі таңба іспетті белгілер және араб әрпіндегі жазулар, қазіргі заманның жазулары бар. Ерте кезеңге ірі (7-25 см), терең ойылған (0,5-3,0 см) таңбалар жатады. 30 шақты таңбаны 6 түрлі топқа жатқызуға болады. Бір, параллельді екі, не үш сызық, «Т», «У» үлгідегі немесе дөңгелекшеден үш сызық шығарылған белгі көп кездесетін таңбалар қатарына жатады. Оларды А. Е. Рогожинский 9-12 ғғ. жатқызады. Араб әрпіндегі жазулар шығыстанушы Т.К. Бейсембиевтың анықтауынша 19 ғ. жатады. Олардың кейбірінің қасында адай, шөме-



Таңбалы тас



Таңбалы тас

кей, қыпшақ, уақ таңбалары бар. Қазіргі жазбаларды 1944-1997 жж. ескерткіште болғандар қалдырған. Бұған қоса 200 м аралығында құмтас бөліктері бетінде әр кезеңге жататын таңбалар мен жазулар кездеседі. Олардың бетінде он шақты ортағасырлық дәуірге жататын параллельді екі, не үш сызықты таңбалар, 3 араб әрпіндегі жазулар. Таңбалардың екінші шоғыры оңтүстік-шығысқа қарай төбешік басында және оң беткейде орналасқан. Ескерткіш ортағасырлық дәуір мен жаңа замандағы Дешті-Қыпшақ аумағындағы түркілік көшпелілердің тарихы мен этногенезі мәселелерін зерттеуде құнды дереккөз болып табылады.

Әдеб.: Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингис-хане и Тамерлане. – СПб. 1875; Кузнецов Л. О надписи на камне «Тамгалы-Тас» в пустыне Бетпак-дала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии // Записки Семипалатинского подотдела Западно-сибирского отдела РГО. 1927. Вып. 16. – С. 122-124; Шмидт Ю. А. Очерк Киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела в Акмолинской области // Записки Западно-сибирского отдела РГО. 1894; Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе // Народное хозяйство Казахстана. – А.-А., 1941; Маргулан А.Х., Агеева Е.И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР // Известия АН КазССР. Серия археологическая. Вып. 1. – А., 1948. – С.

129-135; Маргулан А.Х. Мир казаха. О значении эпиграфических памятников Казахстана. – А., 1997; Рогожинский А.Е. Удостоверительные знаки кочевников нового времени и средневековья в горных ландшафтах Семиречья, Южного и Восточного Казахстана // Наскальное искусство в современном обществе. К 290-летию научного открытия Томской писаницы. Материалы междунауч. конф. Т. 2. – Кемерово, 2011; Знаки и надписи «камня Тамгалытас» на окраине Бетпакдалы // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение // Сборник научных статей, посвященный 70-летию организации Центрально-Казахстанской археологической экспедиции Академии наук Казахстана. – А.: Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы-Тасмола», 2017. Т. 2. – С. 297-307.

М.Қожа

ТАРИҚАТ ӘДЕБИ ТУРАЛЫ РИСАЛА / ДАР АДАБ ТАРИҚАТ – Қожа Ахмет Ясауидің парсы тілінде жазылған шығармасы. Бұл шығарма бірнеше бабқа бөлініп жазылған. Әр бапта Ясауи бабамыз сопылық жолдың үкімдері мен негіздеріне, сүннеттеріне, т.б. талаптарына тоқталып, олардың арасындағы байланыс пен ерекшеліктерді ашып көрсетеді. Ұстазға (муршидке) қойылатын талап, шәкіртке қойылатын талап пен әдеп рет-ретімен берілген. Сонымен бірге, сопылықтағы ғашықтық, мағрифат, дәруіштік туралы мәселелер қозғалған. Бұл кітаптың кезінде сопылық жолға түсемін деушілерге жақсы жолбасшы болғаны байқалады.

Әдеб.: Ясауи мұралары, 5-кітап. – А., 2013. Ясауи

З.Жандарбек

ТАРСАТӨБЕ – байырғы мекен орны. Т. б.з.б. 3 ғ-да болған қоныс мекен. Түркістан обл. Созақ ауд. Созақ а-ның солт.-батыс шетінде орналасқан. Ол, тік төрт бұрышты, екі сатылы, аум-нты алаң.

Төбе биікт. 12 м, төм. алаңның ені 65 м, ұз. 170 м, айнала бекініс дуалдармен қоршалған

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ТАСҚОТАН – Түркістан обл. Отырар ауд.-ндағы Қожатоғай кеңшарынан оңт.-шығысқа қарай 47 км жерден табылған ежелгі қоныс орны. 1974 ж. Қазақстан ҒА-ның тас дәуірімен шұғылданатын отряды (жетек. Х.Алпысбаев) зерттеген. Тас құралдары бұлақтың шығысынан жиналған. Олар шақпақтастан, порфириттен және мүйізтастан дайындалған. Барлығы 1766 тас бұйымдары табылған. Арасында өзек тастар, қырғыштар, шағын қырғыштар, пышақ тәріздес тас тілікшелері, кескіштер, садақ ұштары, тескіштер, сүйіртастар көп. Барлығының сақталуы біркелкі. Қысқа тас жаңқалары мен қабыршақтары 1279 дана. Т-нан табылған тас құралдары Жебел және Қарауңгір тұрақтарынан алынған жабдықтарға ұқсас. Садақ ұштары – көне. Т. неолит қонысында шағын тас құрал-жабдықтарының элементтері басым. Т-ды мекендеушілерден солт.-ке, Хорезм өңіріне садақ жасау тарауы да мүмкін.

Әдеб.: Алпысбаев Х.А., Мезолитические и неолитические стоянки Южного Казахстана // Археологические исследования в Отраре. – А.-А., 1977.

Қ.Сарекенова

ТАУТАРЫ ШАРБАҒЫ – қола дәуірінің зираты. Түркістан обл. Созақ ауд. Бабаата а-ның оңт.-шығыс жағында 7 км жерде, Таутары сайында орналасқан. Бұл жерде тастан қаланған қола дәуірінің 28 бейіті

мен темір дәуіріне жататын үш оба бар. Таутары қорымының ғылым үшін, қола дәуірге көңіл қоюшылар үшін маңызы зор. Бұл жерде тастан қаланған қола дәуірінің 28 бейіті мен темір дәуіріне жататын үш оба табылған. Таутары қорымын 1953, 1957-58 ж. зерттеген археолог А.Г. Максимованың сипаттауынша, бейіттер жалпақ тастарды қырынан қойып төртбұрышты етіп жасалса, обалар жұмыр тастардан үйілген, обалардың көлемі 5 м-ден 20 м-ге дейін, биікт. 0,2 м-ден 1,5 м-ге дейін жетеді екен. Ал қабір үстіндегі ескерткіштер – жер бетіне қырынан қазылып орнатылған тақта тастармен немесе жерге қазылмай қойылған тастармен белгіленген, тік бұрышты, шаршы, сопақша келген, шеңбер түріндегі қоршаулар. Қазба жұмыстары нәтижелеріне қарағанда, жоғарыда ауызға алынған таспен қоршалған молаларға өлген адамдарды өртеп, күлін қою ғұрпы басым болған. Мәйіттер әдетте моладан тысқары жерде киімімен өртелген секілді, бірақ өртеуден бұрын оның әшекей бұйымдарын бөлек алып отырған. Мұны байырғы бейіттерден табылған түрлі заттардың от әсеріне ұшырамағанына қарап топшылауға болады. Таутарыда сонымен қатар өртемей-ақ жерленген адамдар да ұшырасқан. Олардың бастары батысқа қаратып қойылған. Таутарыдан табылған ыдыс-аяқ қалдықтарының көбі мола шұңқырының батыс жағына үйілген немесе бүкіл батыс бөлігіне тағам салынған 1–2 қыш ыдыс қойылып отырған. Ыдыстардың түбі жайпақ, бітімдері екі түрлі: көзелер және иіні дөңестеле дөңгеленіп шығарылған немесе мойны мен бүйірі ойықталып жалғасатын құмыралар түрінде болып келеді. Құмыралардың біразы биік, жіңішке, енді біразы бүйірлі, жатаған. Олар негізінен ирек қалып-

пен өрнектелген. Әдетте өрнек ыдыстың мойынына, иініне, кейде түбіне жақын жеріне және түбіне салынады. Тең бүйірлі шимақталған үш бұрыштар, сынық сызықтар, меандр, ойық үш бұрыштар түріндегі, ыдыстың мойынынан бүйіріне қарай кеннелюр түріндегі ою-өрнек салу кең тараған. Тостаған, аяқ-табақтар ою-өрнексіз болады, немесе тең бүйірлі шимақталған үш бұрыштармен өрнектеледі. Кейбір құмыра тәрізді ыдыстарда күйген тағамның қалдықтары сақталған, бұлар басқадан гөрі тары немесе бидай ботқасының қалдықтары деуге көбірек келеді. Қола мен алтыннан істелген ұсақ бұйымдар, әшекейлік заттар болған. Олардың арасында тесігі бар «тармақты» және сопақша салпыншақтар, шығыршықтар, сақиналар, тізбелер, моншақтар, сымнан иілген, алтынмен апталған самай сырғалары, ұнтақтан, шыны тектес заттан және сүрмеден жасалған моншақтар, киімге қадауға арналған қола қаптырмалар бар.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Қазақтың көне тарихы. – А., 1993; Акишев К.А., Байпақов К.М. Вопросы археологии Казахстана. – А., 1979; Қазақ ССР тарихы. Бес томдық, 1-том. – А., 1980.

Ш.Құрманбаева

ТАШАНАҚ (Тасианикак, Ташакан, Ташанак, Ташлиак) – көне мекен. Ол «Қазақстанның 30-жылдығы» (бұрынғы «Ташанақ», «Ынтымақ» а.) а-нда, Әбділ-Мәлік ескі қоныстың аум-нда орналасқан. Орналасқан жердің геогр. координаттары: 42Т 449891, 4789663. Алғаш рет 1735 ж. Н.Алимов шығарған Түркістан қалаларының тізімінде аталған. Оны 1759 ж. шыққан қытай құжатында да кездестіруге болады. П.И.Рычковтың айтуы бойынша, 18 ғ-дың ортасында Т. қ-нда 100-ге жуық

отбасы болған. 18 ғ-дың екінші жартысында Кристофер Барданестің айтуы бойынша, Т-ты мекендеген қазақтың бір бөлігі жазда жайлауға барды; ал қалған тұрғындары қалада қалып, қолөнер және а. ш-мен шұғылданады. Т. жеріндегі стратиграфиялық шұрф 15-18 ғ. материалдарын берді. 20 ғ. соңы - 21 ғ-дың басында қалашықтың көпшілік бөлігі жойылды.

Әдеб.: Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – Алматы, 2007. – С. 29; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 3 том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Қытай деректемелерін аударған, түсіндірмелері мен ескертулерін жазған Б.Еженханұлы. – А., 2006. – 73-б.; Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 77; С. 168; Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) – А., 2009. – С. 66; Елеуов М.Е. Ескерусіз қалған ескерткіштер. – Түркістан, 2005. – С. 74–77.

М.Қожа

ТАШМҰХАМЕДОВ Айбек Мұса (10.1.1905, Ташкент қ. – 1.7.1968, сонда) – әдебиет зерттеуші, аудармашы, қоғам қайраткері.



Өзбекстанның Халық жазушысы (1965), Өзбекстан ҒА. Акад. (1943). Ленинград халық ш. ин-тында оқыған (1927-29), Орта Азия мемлекеттері үн-тін (1930) бітірген. 1943-59 ж пед. қызметпен шұғылданды. «Шарқ юлдузи», «Өзбек тілі мен әдебиеті» журналының бас редакторы, Өзбекстан ҒА-ның қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы болды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Сезім» 1926 ж. жарық көрді. «Киелі қан» (1940), «Науаи» (1945; КСРО Мемлекет сыйл., 1946), «Алтын алқаптың желі» (1950), «Күн сөнбейді» (1958), «Ұлы жол» (1967) романдары, «Жарық іздеу жолы» (1956), «Әлішердің балалық шағы» (1974) повестері жарияланды. «Жүрек сырнайы» (1929), «Поэмалар» (1949), «Күн туралы ән» (1965), «Отты жылдар» (1965), «Жүрек әні» (1966), «Науаи» (1968), т. б. поэзиялық жинақтары жарық көрді. 1963 ж. жазылған «Балалық шақ» атты автобиограф. повесінде бала кезінде 1917 жылға дейін Түркістан обл. аймағында бірнеше мәрте болып, көрген-білгенін баян етеді. Қазақ даласы мен таулы жерлерінің әсем табиғаты, әсіресе Қазығұрттың тамаша көріністері суреттеледі. Повесте қазақ халқының салт дәстүрлері, қонақжайлылығы көрсетіледі. Жазушы Қышкөпір, Дербісек, Жаңабазар атты елдімекендерде, Қазығұрт тауы етегіндегі ауылдарда болып, оларды суреттейді. Кітапта Шымкент, Шарапхана, Тұрбат, Қаратас жайлы мәліметтер бар. Әсіресе Жаңабазардағы тіршілік, мешіт, базар жайында мол деректер берген.

Шығ.: Детство. – Таш., 1964.

М.Қожа

ТӘУЕККЕЛ МҰХАММЕТ БАХАДУР ХАН
– Шығай ханның ұлы. Жазба деректер-

де Шығай хан оның ұлдары Т. мен Есім сұлтандардың толығымен нақшбандийа тариқатын қабылдап, Абдулла II-нің қоластына барып кіреді. Шығай хан өлген соң оның тағына отырған Т. М. Б. 120 баласымен нақшбандийа шайхы Қожа Исхаққа мүрид болады. Абдулла ханның қызметінде жүріп, Түркістанды билеген Баба сұлтанды жеңгеннен кейін, нақшбандийа тариқатынан бас тартып, қайтадан Түркістандағы Ясауийа шайхтарының біріне мүрид болады. Қазақ хандығының тәуелсіздігін қайта қалпына келтірді. Шайбанилер арасындағы тақ таласына араласып, Шайбанилер мемлекетін толығымен иеленуге күш салды. 1598 ж. Т. М. хан Бұхара қ. үшін болған соғыста жарақаттанып, Ташкентке келіп, көп ұзамай қайтыс болды.

Әдеб.: Қожаев М. Йасы-Түркістан тарихы. – А., 2000.; Стюарт Д. Сведение агиографической литературы по истории и религии казахов. (Ходжа Исхак Вали). Шельковский путь и Казахстан. – А., Матер. Межд конф., 1998; Султанов Т. Поднятие на белой кошме. – А., 2001; Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. – А., 1968.

З.Жандарбек

ТЕЛҚОЖА БАТЫР АТЫҒАЙҰЛЫ (1840, Түркістан қ, Шоқтас а. – 1916, Өзбекстан Республикасы, Елликқала кенті) – орыс отаршыларының Қазақстанның оңт. мен Орта Азиядағы жаулап алуына қарсы қол бастаған батыр. Т. есімі Ресейдің «Инвалид», «Московские ведомости», «Голос», «Военный вестник», «Оренбург», «Туркестанский вестник» және т.б. газеттерде «Тельгомей», «Тилмурад», «Телгумар», «Тильходжа разбойник» деген нұсқаларда аталады. Т. батырды ғыл. тұлғаландыруды алғашқы болып акад. Рахманқұл

Бердібай бастады. 1999 ж. 5 қарашада Өзбекстанның Үргеніш қ-нда Жалаладдин Мангубердидің ескерткішінің ашылу салтанатында түркістандық Т. батыр туралы Өзбекстанның мұрағаттарынан деректер іздестіру және қабірін табу мәселесін көтерді. Осыған байланысты Өзбекстан ҒА акад. Сабыр Камалов (1925-2009) пен өлкетанушылар А.Тураев, О.Н.Салим-Гиреев, Ш.Матрасулов, Үргеніштегі «Авеста» музейінің директоры К.Нуржановтар Т. өмірінің ортаазиялық кезеңін қалпына келтіруге байланысты жұмыстар жүргізді. Түркістандық өлкетанушылар Н.Назаров, Т.Сүйінбаевтар өз тараптарынан Т-ны тұлғаландыруды қолға алды. Барқы батырдың немересі Т. жастай ауыл молдасынан хат танып, Түркістан қ-ндағы медреседе білім алған. Қазақ жеріне билік ету үшін 19 ғ. ортасындағы Қоқан-Ресей теке-тіресі стратег. мәні зор Түркістан қ. төңірегінде үлкен шиеленіс туғызды. Хан Кененің ұрпақтары Тайшық, Ахмет сұлтандар Қоқан хандығы «ендігі жерде өзін қорғай алатын түрі жоқ, орыстардың бұл хандықты алып болуын күтпей-ақ Русие жағына шығайық. Реті келсе, қызметіне кіреміз, болмаса солардың қол астында тыныш отырамыз» десе, Сыздық сұлтан «Ата-бабамыздың ұстаған жолын тастап, орыс жағына шықпаймын. Олар Қоқанды алса, Бұқарға барамын. Егер Бұқарды алса, онда, басқа да мұсылман мемлекеттер бар ғой, кез келген бір мұсылман еліне барамын. Қалай да ата-баба жолынан аумаймын» деп екіге жарылған. 1861 ж. Перовскдегі Сырдария әскери шебінің бастығы ген. Дебуге барып, Тайшық пен Ахмет сұлтандар өз қарамағындағы рулармен орыс бодандығын қабылдаса, қоқандықтардың қолын бастаған Сыздық сұлтан орыс отаршылығына қарсы күресте өз бауырларымен де талай

рет бетпе-бет келіп соғысқан. Т. Қоқан әскері жағында Түркістан қ-н қорғау үшін болған шайқасқа және Иқан шайқасына қатысады. 1864 ж. желтоқсандағы Иқан түбіндегі шайқаста қазақ тайпаларының бір бөлігі қоқандықтар жағында шайқасса, бір бөлігі орыстарға көмек жасады. Шымкент қ-н қорғаушылар қатарында соғысқан Т. 1864 ж. 21 қыркүйекте ген. Черняев әскері қаланы басып алған соң Қоқан әскерімен бірге Ташкент қ-ның қорғанысын ұйымдастыруға қатысады. Т. осы шайқаста қалаға бағыт алған орыс әскерінің тылында партизандық соғыс жүргізеді. Ташкент қ-нда Қоқан хандығының билігі құлаған соң Т. өз қосынымен Бұқара әмірлігіне өтеді. Бұқара әмірі Мұзаффар оны өз әскерінің қатарына қосады. Оның Бұқара әмірлігіндегі әскери қызметі туралы Сырдария обл-ның әскери губернаторына Жызақ отрядының бастығы 1867 ж. 13 желтоқсанындағы жазған хатында «Бұхар шенеуніктерінің басшылығымен Ата бекінісінде Т. тұрғындарды ұсыныда ұстайды» деп мәлімет береді. Орыс отаршыларына қарсы күресін жалғастырып, 1869 жылдың көктемінде өз қосынымен Хиуаға өткен Т. батырды II Мұхамед Рахым хан (Феруз) құшақ жая қарсы алып, қызметіне қабылдайды. 1869-72 ж. Түркістан ген.-губернаторы К.П.Кауфман Хиуа ханына орыс иелігіне өз еркімен қосылуды талап еткен. Талапты қабылдаудан бас тартқан II Мұхамед Рахым хан отаршылардың шабуылына тойтарыс беруге Сыздық сұлтан мен Т-ны пайдаланады. Хиуа хандығында Т. батыр қазақ, өзбек, қарақалпақ жігіттерін әскери өнерге дайындап, 400 нөкерімен Хиуа хандығының Дарған атадан Арал теңізіне дейінгі шекарасын күзетеді. 1873 жылғы ақпан-мамыр айларында К.П.Кауфман Хиуаға жо-

рық жасайды. Садық сардар мен Т. мың қаралы жасақпен орыс әскерінің жолын бөгеуге қатысады. Олар Ташкент–Хиуа бағытындағы керуен жолының бойында орналасқан 60 құдықты көміп тастап, оқтын-оқтын отаршылардың керуендеріне шабуыл жасайды. Осындай қарсылық әрекеті арқылы бейбіт жағдайда 15-16 күнде жүріп өтетін жолға орыс әскерлері 101 күн жұмсайды. Е.Желябужский «Очерки и завоевания Хивы» еңбегінде «шөлден, індеттен және әскерге көрсетілген қарсылықтан 13 мың орыс солдатаның 7,5 мыңы ғана Хиуаға жетті» деп жазды. Орта Азиядағы орыс әскери басқыншылығына қарсы күресушілерге патша рақымшылығы жарияланған соң Т. Ресей азаматтығын қабылдап, Петро-Александровскіге (қазіргі Төрткүл қ.) орнығады. Отарлық биліктің сеніміне ие болған Т. 1890 ж. Амудария бөліміндегі Сарыби болыстығының (қазіргі Еллікқала ауд.) басқарушылығына тағайындалады. Сарыби болысында арықтар қазылып, жолдар салынып, сауда дүкендері, мақта тазалау з-ты, май айыру цехы, темір ұстаханалары іске қосылады. Т. болыс тұрғындарының әлеум.-экон. дамуына қол жеткізіп, 1909 ж. қаж.қ сапарға барып келеді. Николай II патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығына наразылық кезінде өлтірілген Т-ның мәйіті «шахид болған адам» ретінде Ишандар зиратына қойылады. Батырдың қазасы, оның Үргеніште жерленуі жөнінде Майлықожа: «Үргеніште қалды сүйегі, Телқожа батыр алпының» деп жырлады. 20 ғ-дың бас кезінде қарақалпақ жырауы Құрбанияз Тәжібаев Орта Азия мен Қазақстанда орыс отаршыларына қарсы күрескен қазақ халқының даңқты ұлы Т. туралы дастанында «Алпамыс сынды ұланым, Телқожа батыр қайдасың?» деп жыр-

лаған. Т. 19 ғ-дың 2-жартысында патшалы Ресейдің отарлық басқыншылығына қарсы қол бастап, қазақ, өзбек, қарақалпақ, түркімен халықтарының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалардың бірі.

Әдеб.: Нуржонов К., Сотлиқов Х. Сорбий тарихидан лавхалар (Қорақалпогистон Республикаси Эллиқкальа туманидаги Сорбий қишлогининг қисқача тарихи). – Урганч, 2010. 119 б.; Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. / Қазақша аудармасы Ғ.Ахмедов. –А.: «Жалын», 1992. – 48 б.; Серебренников А.Г. Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания... – С.287; ҚРОММ, 383-қор, 1-тізбек, 206-іс., 65-67 пп.; Желябужский Е. «Очерки и завоевания Хивы» – М., Типография А.И.Мамонтова и К, 1875 – с.128; Майлықожа. Шығармалар. Жинап, зерттеп, жариялай жүріп құрастырған әдебиетші Ә.Оспанұлы. –А., 2005. – 864 б.

Х.Тұрсұн

ТЕНТЕК ТӨРЕ (т. - ө.ж.б.) – Түркістан обл-да Қоқан басқыншылығының езгісіне қарсы ұйымдастырылған көтеріліс (1821) басшысының лақап есімі. Шын есімі – Рүстем Аспандиярұлы, Тоқтамыс ханның ұрпағы деген мәлімет бар. 1821 ж. Қоқан феодалдары мен шенеуніктерінің зорлық-зомбылығы мен тонаушылығына шыдамы таусылған Түркістан, Шымкент, Сайрам, Әулиеата төңірегін мекендеген қазақтар арасында көтеріліс жаппай бұрқ ете түсті. Көтерілістің басты ұймдастырушысы сұлтан Т. т. болды. 12 мыңдық әскер Сайрамды басып алып, оны өзінің басқару орт. етті. Қоқан ханы көтерілісті басуға арнайы әскер жіберді. Олардың жақындағанын естіген көтерілісшілер екі топқа бөлінеді: 1-ші топ Т. т-мен Сайрамда қалып, ал, 2-ші топ Шымкентте орналасты. Т. т. бастаған қазақтардың азаттық қозғалысына Бошан, Ақпан, Тоқабай, Шымырбай, т.б. қазақтың таны-

мал, беделді тұлғалары қатысты. Мақсат Т. т-ге қосылып, Шымкентті, Түркістанды, Сайрамды қоқандықтардан азат ету болатын. Халық көтерілісін жаншу үшін Омар хан Әбу-Қасым аталық және басқа да Әмірлердің басшылығымен 10 мыңнан аса әскер жөнелтеді. Хан әскерлері көтерілісшілер қолындағы Шымкент пен Сайрамды қоршауға алады. Қоршаудағы қазақтар табан тірескен қарсылық көрсетеді. Дегенмен, күш тең емес еді. Оның үстіне халықтың қаһарлы қозғалысынан қорыққан қазақ феодалдары сатқындық жолға түседі. Т. т. де көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң Омар хан билігін қолдап, өзінің баласын аманатқа береді. Дәл осындай мәліметтерді «Тарихи жаханнома» қолжазбасында Р.Н.Нәбиев те атап өтеді. Көтеріліске 12 мың сарбаздың қатысқанын, олардың негізінен, осы аймақтың тұрғындары екені, қоқандықтардың қазақтарды тонауы мен шапқыншылығы тек жылдың қыс мезгілінде болатын нақты дәлелдермен айғақтай отырып, көтерілістің жеңіліске ұшырау себептерін ашады. Көтеріліс дайындықсыз, стихиялы, дұрыс ұйымдастырылмау салдарынан талқандалды. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанымен, қоқандық әскербасшылар Т. т-мен келісімге баруға мәжбүр болды. 1821 жылғы Т. т. бастаған көтеріліс барысы туралы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романының бірінші бөлімінде: «Мәделі ханның әкесі Омар хан кезінде де ауыр салық, орынсыз қиянатқа көнгісі келмеген Сыр, Сарысу, Шу бойының қазақтары сан рет бас көтеріп ереуілге шыққан. Соның ең үлкені Тентек төре атты кісі басқарған көтеріліс болды. Тентек төре Сайрамды босатып, сол жерге туын тіккен. Сайрамға Шымкент, Әулиеата қалалары қосылған. Бұларға қарсы Омар хан қалың қол шығарған. Тентек

төре әскерін екіге бөліп, Сайрам мен Шымкентке бекініп алып ұзақ соғысқан. Ақырында азық-түліктері таусылып, амалсыз қарсыласуларын доғарған. Омархан ләшкерлері жеңілген елді қанға бояп, мал-мүліктерін талап, ойына келгендерін істеп, екі жүзге таяу адамды дарға тартқан. Сайрам жерін қан сасытқан», - дегені көп мәселенің басын ашып тұрғанын көруге болады. Т. т. бастаған бұл көтерілістің тарихи маңызы зор. Көтеріліс жөнінде қысқа да болса тарихшы, зерттеушілер мәліметтер қалдырған. В.П.Наливкин, Р.Н.Нәбиев, Ш.Ш.Уалиханов, т.б. көтерілістің маңыздылығын айқындауға тырысқан. Көтерілістен кейінгі Т. т-нің ғұмыры белгісіз күйінде қалып келеді.

Әдеб.: Наливкин В.П. Краткая история Кокандского ханства. – Казань, 1886; Нәбиев Р.Н. Ташкентское восстание 1847г. и его социально-экономическое исследование. – Таш., 1950; Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XIXғ.ғ.). – А., 1976.

М.Миразов

ТЕРІСКЕЙ ТАЛАНТТАРЫ – Түркістан обл. Созақ ауд-нда 20 жылдан бері дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан халық өнері фестивалі. 1998 ж. Созақ ауданының 70 жылдығына орай сол кездегі Оңт. Қазақстан обл-ның Құрметті азаматы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Қуаныш Айтахановтың бастамасымен өмірге келген. Фестивальдің мақсаты – ауылдық жерлердегі жас таланттарды тауып, оларға қолдау көрсету, отансүйгіштікке баулу. Төл өнерді төрге шығарып, дәстүрді дәріптеуге бағытталған фестиваль «Сырлы саз әуендері» – эстрада жанры, «Зерлі қалам» – бейнелеу өнері, қыл қалам шеберлері жанры, «Күміс керуен» – қолөнер шеберлері жанры, «Сырлы дүние» – жыр мүшәйрасы және көркемсөз

оқу жанры, «Гауһартас» – халық әндері жанры, «Сәукеле» – би жанры, «Сахна иірімі» – драма жанры, «Халық – өнер қайнары» ұжымдық көркемөнерпаздары сынды сегіз жанр бойынша өз дарындарын түлетіп келеді. «Т. т.» байқауынан ҚР Мәдениет қайраткері, әнші Жұбаныш Жексенұлы, Сәкен Майғазиев, Кенжебек Жанәбілов сынды елімізге танымал өнер жұлдыздары қанат қақты.

Әдеб.: Сабыр М. «Теріскей таланттары-2018» XX-шы халық өнер фестивалінің гала-концерті өтті // <https://massaget.kz/blogs/24752/>; Жұмабайқызы М. «Теріскей таланттары» әнінің тұсауы кесілді // <https://kz.otyrag.kz/2018/03/teriskej-talanttary-festivali-20-shy-ret-%D2%B1jymdastyryluda/>; Созақ ауданы әкімдігінің ресми сайты. <http://sozak.gov.kz/index.php?option=com>.

Ш.Құрманбаева

ТОҒАЙ ҚАРАБАС МҰХАММЕДҰЛЫ (т.ж.б. – 1826, Бұқара қ.) – Түркістан қ-нда шамамен 19 ғ. басы мен 1820 ж. аралығында билік жүргізген қазақ ханы. Міржақып Дулатовтың көрсетуі бойынша – Тоқай төре, Майлықожа бойынша – Тоғай хан, қоқандық деректе – Тоқай төре деген атпен белгілі болған. Бұл есім орыс деректерінде Токай, Тугай, Тукай үлгісінде жазылады. Т. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулетке жатады. Әкесі 18 ғ-дың соңғы ширегінде қоңырат тайпаларын басқарған Қарабас Мұхаммед сұлтан. Қарабас сұлтан туралы бір хабар казак атаманы Дмитрий Телятников пен сержант Алексей Безносиковтың Ташкент билеушісі Жүнісқожаға 1796 жылдың мамыр айы мен 1797 жылдың шілде айында барғаны туралы журналында кездеседі. Журналда 1797 ж. 15 маусым күні Созақ елді мекені қасында Ташкент кереуенінен Қарабас сұлтан

бастаған 30 шақты қарулы қазақтар келіп, алым-салық талап еткені жазылады. Қарабас қоңырат болысының сұлтаны деп көрсетіледі. Т. ханның атасы Сейіт – Семейке ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Сейіттің өзі хан сайланып, 1741-45 ж. Түркістан қ. мен оның айналасындағы аймақта билеуші болған. Арғы бабалары – атақты Салқам Жәңгір хан, «Еңсегей бойлы Ер Есім» хан. Т. ханның әкесі Қарабас сұлтан 18 ғ-дың соңғы ширегінде қоңыраттарды басқарды. Әкесі қайтыс болған соң шамамен 19 ғ-дың басында әкесінің орнын басады. Қай уақытта хан болып көтерілгені туралы деректерде нақты мәлімет жоқ. Міржақып Дулаттың айтуынша, «сол кезде Бұқара үкіметінің сайлауы бойынша Түркістанды қазақ төресі Тоқай төре билеп тұр екен...». Шамамен 19 ғ-дың басы мен 1820 ж. аралығында билік басында болған. Т. әмірі Түркістан қ.мен қатар оның айналасындағы елді мекендерге, Ұлы жүздің сарыүйсін тайпасының бір бөлігіне және Орта жүздің қоңыраттарына жүрді. Ол туралы атақты ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Осы елдің ескі уақытын айтты Майлы» толғауында айтылады. 1816 ж. кенеттен соғыс бастаған Қоқан хандығының әскеріне Т. хан қатты қарсылық көрсеткен деген пікір бар. Бұл жөнінде орыс тілінде басылған «Обзрение Кокандского ханства в нынешнем его состоянии» деген еңбекте: «Түркістанды жаулап алуға қатысқан және бір кездері Ташкентті де билеген қазақ хандарының соңғы үрім-бұтақтарының бірі Тоғай төре аса қажырлы және табанды қарсылығына қарамай, елінен кетуге мәжбүр болды», - деп айтылады. Қоқандықтар Түркістанды жаулап алған кезде қала қатты өртенген деген пікір әдебиетте кездеседі. Т. хан Бұқара әмірінен көмекке әскер алса да

Түркістан қ-н қайтара алмаған, Түркістан қ-нан қуылғанымен қоңыраттарға хан болып қала берген. Сырдарияның төм. ағысын мекен еткен Арынғазы ханмен достық қатынаста болған. Оған кек алу үшін Хиуамен соғысқан жағдайда көмек көрсетуге дайын екенін мәлімдеген. 19 ғ-дың 20-жылдары қоқандықтар Т. ханның соңына түсіп алған соң, ол Бұқара қ-на кетуге мәжбүр болып, Бұқара әмірі Хайдардан саяси баспана табады. Кейін ол Бұқара хандығының ішкі саяси өміріне араласады. Әмір Хайдар қайтыс болған соң хандықтың ішкі тартысына араласып, билік үшін күресіп жатқан топтардың біріне қосылады. 1826 ж. хан сарайын болашақтағы Бұқара хандығының әмірі Насрулла жақтастарымен басып алуы барысында оққа ұшып қайтыс болды деген мәлімет бар.

Әдеб.: Дулатов М. Хазірет сұлтан // «Қазақ» газеті. – А., 1998; Сұлтанқожаұлы М. Терме. Арнау. – А., 2010, Бейсембиев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. – А.-А., 1987; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С. 95, 142-143; Қожа М. Тоғай Қарабас Мұхаммедұлы // Қазақ хандары. – А., 2015. – 149-151 бб.

М.Қожа

ТОҒЫСБАЕВ Тоқболат Төлепбайұлы (5.10.1940, Түркістан обл. Төле би ауд. – 11.8.1996, Алматы қ.) – кескіндемеші, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1989). Алматы көркемсурет үч-щесін (1965, қазіргі Алматы сәндік қолданбалы өнер колледжін) бітірді. Т. туған ел табиғатын бейнелеуде өзінің қайталанбас қолтаңбасын айқын аңғартты; заман мен

адамды асқақ жырлаумен ұлттық бейнелеу өнері тарихында терең із қалдырды. Т. қылқаламынан туған туындылары Респ., Бүкілодақтық және Халықар. көрмелерінде қойылды, «Гүлмен қыз» (1965), «Дала әуені» (1966), «Соғыс триптихы» (1968), «Дала балладасы» (1972), Құрылысшылар сөзі», «Әншіл таулар» (1973), «Жас дәурен» (1975), «Ақын М.Шахановтың портреті» (1977), «Аспанда» (1978), «Жаңғырған дала» (1982 - 1986), «Жұмыстан кейін», «Әңгіме» (1984), «Ойын-сауық», «Думанды күндер» (1987) атты кескіндемелік шығармалары айшықты да арайлы әсемдігімен ерекшеленді. 1997 ж. кескіндемешінің туған ауданындағы орта мектепке (бұрынғы Блинков атынд. мектепке) оның есімі берілді

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

Ш.Құрманбаева

ТОҚАЙТӨБЕ – ежелгі бекініс орны. Түркістан обл. Отырар ауд. Шәуілдір а-ның түбінде, Отырар қ-ның оңт.-шығыс жағында. Т-ні және оның маңындағы тұрақты жайларды 1948 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (А.Н.Бернштам) зерттеген. Оның жалпы көрінісі трапеция тәрізді, бір жақ қабырғасы ішіне иілген, оңт. жағы 280 м, солт.-батысы 260 м, батыс жағы 240 м, солт.-шығыс жағы 380 м. Т. айналдыра тереңдігі 2 м, кеңдігі 20 м ормен қоршалған. Бекіністі мекеннің батыс жағындағы бұрышында орт. қорғаны бар, оның биікт. 5 м, көл. 80x80 м. Т. аймағында үш жерде осындай бекініспен салынған тұрақты мекендердің орны байқалады. Алайда олар жартылай бұзылып, егістік жерге айналған. Қазбадан табылған заттарға қарағанда мекен 1-8 ғ-ларда болған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ТӨБЕТТӨБЕ – ежелгі бекіністі мекен. Түркістан обл. Созақ ауд. Созақ а-ның оңт. жағынан 11 км жерде орналасқан. Оны 1947 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедиция (жетекшісі – А.Н.Бернштам) зерттеген. Төбеттөбе мекенінің көрінісі – сопақша келген төбешік. Оның ауданы 110х90 м, биікт. 4,5 м. Зерттеу жұмыстары барысында төбешік үстінен жинастырылып алынған көзелердің сынықтарына талдау жасала келе, Т. б.з.б. 1 ғ. мен б.з. 3 ғ. аралығында өмір сүрген жергілікті халықтың жұрты екені анықталған.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ (1675, қазіргі Жамбыл облысы, Шу өңірі, Жайсаң жайлауы – 1768, қазіргі Түркістан обл., Төле би ауд., Ақбұрқан Орда) – қазақ халқының қоғам қайраткері, данагөй шешен. Т. б. Орта жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлымен, Кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлымен бірге әз Тәуке ханның басты кеңесшісі болды. «Жеті жарғы» әдет заңын шығарушылардың бірі. Тоғыз ұлды Құдайберді әулетінен билік те, білік те үзілмеген. Т. би – атақты Еңсегей бойлы ер Есімнің замандасы, Жәңгір ханның кеңесшісі болған Әлібек бидің ұлы. Т. би – көзіқарақты, оқыған, араб, шағатай тілдерін еркін меңгерген жастайынан халқының ақындық-шешендік, ділмарлық өнерінен тәлім алған адам. Ол 15-17 жасында билікке араласып, әділдігімен, даналығымен, елге танылды. Ол кезде

қазақ пен жоңғар хандықтары ұдайы жауласуда еді. Тәуке хан қайтыс болған соң қазақ халқының ыдырай бастауына байланысты Т. би ендігі жерде Ұлы жүзді билеп, Ташкент қ-н орт. етті. Ақтабан шұбырындының апатты салдарынан босыған жұртты сақтау үшін ересен еңбек жасады. Олардың Жиделі-Байсын жеріне қоныс аударуына тікелей ықпал етті. Жоңғар басқыншыларына қарсы күрестің белді ұйымдастырушыларының бірі болды. Тарихи деректерге назар салсақ Т. б-дің 1738-41 ж., сонан кейін 1746-64 ж. аралығында Ташкент қ-нда билік жасап, қала мен оның айналасынан алым салық жинап отырғанын көреміз. Абылай сұлтанның ер жетіп, азамат болып көтерілуіне Т. б. ерекше ықпал жасаған. Тәуке мен Абылайдың Түркістан қ-н орт. етіп, үш орда ұлыстарын бір орт-қа бағындыруға, сөйтіп бірегей Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар-ойрат шапқыншыларына қарсы бауырлас қазақ, қырғыз, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шаралардың басы қасында болып, оларды жүзеге асыруға қатынасады. Т. би Ресей мен Үлкен Орда арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңірді. Т. би жоңғар басқыншыларымен күресте Ресей сияқты қуатты мемлекетпен одақ құру кежеттігін тура түсінген қайраткерлердің қатарында болды. 1733 ж. Т. бидің орданың көрнекті адамдары Қодар би, Сатай, Қангелді және Бөлек батырлармен бірігіп жазған хатын Аралбай мен Оразгелді елшілер Ресей патшасына тапсырады. Ол хатта Үлкен Орда қазақтарының орыс мемлекетімен достық қатынаста болуды көздеп отырғаны айтылады. Т. би өмірінің соңына дейін Орынбордағы жергілікті орыс әкімш-мен байланысын үзбеген.

Т. би 1949 ж. Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке Айтбай бастаған елшілік жіберіп, Ресей қол астына қарауға дайын екенін білдірді. Неплюев Т. биге жолдаған жауап хатында (1949 ж. 26 қыркүйек) оның Ресейге қосылу ниетін мақұлдап, екі елдің арасындағы сауда-саттық байланыстарын дамытуға күш салуын өтінген. Т. бидің 18 ғ-дағы қазақ хандығының саяси элитасында аса маңызды рөл атқарушы тұлғалардың бірі болғанын Қытайдың жазба құжаттары да анықтайды. Мұндай материалдарды біз 18 ғ-да қазақ даласына барған, барғанда да Ташкентке дейін жетіп, қоғамдық саяси жағдайды көзбен көрген Цин империясының әскери шонжарларының мәліметтерінен де және жалпы қазақ туралы жазылған тарихи-геогр. дерек көздерінен де көре аламыз. Т. би жоңғарларға қарсы күресте Қохан бегі Абдулкериммен бірге қарым-қатынасты орнықтыруға күш салды. 1745 ж. болған бірлескен қазақ-қоқан күшінің жоңғарларды Ташкент өңірінен ығыстырудағы ерлік күресте Т. бидің еңбегі ересен. Т. би мен Абдулкерим би бірлестікте ұйымдастырған күрес жоңғарлардың Орта Азияға ішкерілей енуіне мүмкіндік бермеді. Қоқан хандығының билігіне Ердана би келген соң ол Түркістанның Ташкентпен байланысына сауда-саттықтың дамуына кедергі жасай бастады. Т. б. Ерданамен мәмілегерлік жасап, даналықпен қарым-қатынас мәселесін де шешуге ұмтылды. Т. би өзінің Ташкенттің билеушісі екенін орысқа да, қытайға да, көрші түркі халықтарына да таныта білді. Ол Тауке хан, Әбілмәмбет хан, Сәмеке хан, Әбілқайыр хан, Жолбарыс хан, Қайыпхан, Рүстем хан, Барақ сұлтан сынды тұлғалармен қызметтес болды. Т. би туралы деректермен қатар көптеген тарихи аңыздар сақталған.

Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, насихат сөздер, билік кесімдер халық арасында кең тараған. Т. би өзі билік еткен Ташкент, Шымкент, Сайрам, қ-ларында көпшілік пайдаланатын ғимараттар (Керуен сарай, мешіт, медресе, көпір т.б) Ташкент қ-ның Көкше бөлігінде, би, қазы, имамдар отыратын Орда-Кремлін салдыруға тікелей ықпал еткен. Бозсудың жоғ. жағынан қамал салдырған. Т. бидің есімі қазақ хандығындағы ірі-ірі тарихи оқиғаларымен тығыз байланысты. Т. би өз заманының тұлғасы. Әз Т. би ғұмырының көп жылдарын Ташкентте өткізіп, қоғамдық қызметін жеңіске арнады, өзі басқарған осы қаланы ұлттық идеология ордасы етті. Т. бидің денесі өзі көптеген жыл билеген Ташкент қ-ндағы Шайхантаур мазаратында Бабырдың нағашы атасы Жүніс ханның және Еңсегей бойлы ер Есімханның жанына қойылған. Онда Т. биге Түркістан архитектурасымен үлкен кесене тұрғызылған.

Әдеб.: Левшин А.И. описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. Ч. 2. – СПб, 1832; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – А.-А., 1961; Төле би – қазақ тарихының билігінде. – Шымкент, «Кітап», 2013; «Үш пайғамбар». – А., «Дәуір», 1992; «Қазақстан», Ұлттық энциклопедиясы. 3 том. – А., 2001; Зияев Х.З. Ценные материалы о истории Ташкента, общественные науки Узбекистана. – 1971, № 4.

М. Миразов

ТӨЛЕ БИ АУДАНДЫҚ МҰРАЖАЙЫ – Түркістан обл. Төлеби ауд-ның орт. Ленгір қ. Әйтеке би көшесіндегі «Ғарыш» кино-театрының 2-қабатында орналасқан мәдени мекеме. Т. а. м. Қазақстан халқының мәдени-тарихи мұрасын сақтау, архит. ескерткіштерді жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында «Т. а. м.» МКҚК обл. әкімдігінің 2001 ж. 26 қарашадағы №226 қаулысымен Төлеби ауд-ның 70



Төлеби аудандық мұражайы

жылдығына орай, Оңт. Қазақстан обл. әкімінің қолдауымен ашылған. 2010 ж. ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы мен «Азаматтық кодексіне» сүйене отырып Тасарық а-ндағы сурет галереясы ашылып, оған меңгеруші, күзетші шататтық бірліктері берілді. Мұражай ашылған жылдары Төлеби ауд. мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қарамағында жұмыс жасады. Мұражай меңгерушілігіне алғаш Тортаева Эльмира Қалмұратқызы тағайындалды. 2004 ж. Ташев Зетбек тағайындалды. Мұражай 2004 жылдан Оңт. Қазақстан обл. мәдениет басқармасы қарамағына өтті. 2007 жылдан бері «Т. а. м.» МКҚК-ны Заурбеков Құрасбек Құралбекұлы басқарып келеді. Штат кестесі бойынша мұражайда 12 қызметкер жұмыс істейді. Оның 6-ауы жоғары білімді. Мұражайдың жалпы көл. 200 шаршы м. құрайды. Есепке алынған жалпы жәдігерлер саны – 3173; Оның ішінде: Негізгі қор – 2300; ғыл. көмекші қор – 873 жәдігер. Мұражай үш бөлімнен тұрады: «Археология бөлімі»; «Табиғат бөлімі»; «Этнография бөлімі». Мұражайдың қызметі өткен тарихымызды жинақтап, зерделеп, келешек ұрпақ үшін сақтау және оларды дәріптеу болып табылады. Қызметкерлер ел аралап, көненің көзі болған жәдігерлерді жинақтап, олардың кейбіреулеріне алғашқы қалпына келтіру үшін реставрация жұмыстарын

жүргізеді. Барша жәдігерлер құжаттандырылып есепке алынады, қажеттілері экспозицияларға қойылса, қалғандары қорда сақталады. Қорда тұрмыстық заттардан бөлек, халқымыздың атақты да абыройлы азаматтарының өмірдеректері, суреттері мен қолданған заттары бар. Бұл жәдігерлер Төлеби ауд. тұрғындарынан жиналған. Қордағы көпшілік жәдігерлер сыйға алынған.

М.Тастанбеков

ТӨЛЕН КЕСЕНЕСІ – 19 ғ. аяғындағы архит. ескерткіш, Түркістан обл. Кентау қалалық әкімдігіне қарасты Қаратаудың бөктеріндегі Бабайқорған а-нан шығысқа қарай 25 км, Укаша ата зиратынан 10 км жердегі Өгізтау қалажұрты қасында орналасқан. Құрылысты Қоқан билігі кезінде болыс болған Төленұлы Көбелек (Мұса) 1893 ж. салдырған. Ғимарат екі камералы порталды кесене. Кесененің ұз. 10 м, артқы қабырғасының өлшемі 6 м. Кесененің қасбеті оңт.-батысқа бағытталған, өлшемі 7 м. Порталдың бұрыштарында мұнаралар жасалған және оның ортасында есік бар. Бірінші камера төртбұрышты 2, 6x4,2 м. Екінші бөлме едені біріншіден жарты м төмен. Екінші камера 3, 7x3,80x3,6 x3,8 м. Төбесі күмбезделіп жабылған. Есігі 180 см. Артқы жағы 6 м.



Төлен кесенесі

екінші бөлме ішінде Қарабайұлы Төлен және оның ұлы Төленұлы Тауасар қабір үстіне қаланған белгілері бар. Кесененің осы бөлігі күмбезделіп жабылған. 20 ғ. ортасында жақын елді мекендердің тұрғындары кесененің кірпіштерін сөгіп алғандықтан құрылыстың біраз бөлігі зақымданған. 1999 ж. Төлен ұрпақтары жөндеу жұмыстарын жүргізген.

Әдеб.: Ұржық (Қарашор) божбан ұрпақтары. – Шымкент, 2013.

М.Қожа

ТӨЛЕПБАЕВ Бәйдібек Ахметұлы – (10.10.1921, Түркістан обл. Ордабасы ауд. Төрткүл а. – 15.6.2011 ж. Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1967), проф. (1968), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975 ж.), КСРО ҒА-ның корр. мүшесі (1983 ж.), Қазақстан Халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстанның еңб. сің. ғылым қайраткері (1982). Орта Азия мемл. ун-тінің жұмысшылар ф-тін, Қазақ пед. уч-щесін (1939) бітірген соң, Шаян ауд.-на қарасты Орлов орталау мектебінде мұғалім болды. 1939 ж. әскерге шақырылып, Украинадағы Гасин, Самбур қ-ларында 189-атқыштар дивизиясында жауынгерлік борышын өтеді. 1941-45 ж. 2-дүниежүз. соғыста «Оңтүстік», «Батыс», «Карелия» майдандарында ұрысқа қатысты. Бронепоездардың 7-бөлек дивизионында бронепоезд командирі болды. 1946-47 ж. Ташкент өнеркәсіп уч-щесінде оқытушы, директор орынбасары қызметтерін атқарды. Өзбекстан Компартиясы ОК жанындағы 2 жылдық партия мектебін, Ташкенттегі Низами атынд. Мемл. пед. ин-тын экстерн бітірген (1949). 1949-60 ж. Өзбекстан КП ОК партия, кәсіподақ, комсомол органдары бөлімінде орынбасар болды. 1960-73 ж. Мәскеуде КОКП ОК партиялық ұйымдастыру бөлімінің

нұсқаушысы, 1969-72 ж. КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аға оқытушысы қызметінде жүріп, ғылыммен айналысты. Елге оралғаннан кейін 1974-76 ж. Алматы обл. партия к-тінің хатшысы қызметін атқарды. 1976 ж. ғыл. жұмысқа біржолата бет бұрып, 1978-91 ж. Қазақстан ҒА Тарих, археология және этнография ин-тында бөлім меңгерушісі, 1984 ж. Қазақстан ҒА-ның вице президенті, 1985-91 ж. КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы – Партия тарихы ин-тында директор, 1991-94 ж. Қазақстан ҒА төралқасының кеңесшісі, 1994-2011 ж. Ш.Уәлиханов атынд. тарих және этнология ин-тының бас ғыл. қызметкері болды. Т. 1977-91 ж. Қазақ КСР «Білім қоғамының» төрағасы ретінде қоғамдық жұмыспен айналысты. Т. Қазақстан тарих ғылымының жаңа және қазіргі замандағы даму тарихын зерделеуге үлес қосты. Чехословакия (1971), Египет (1974), Румыния (1980), Жапония (1981), Швеция (1986), т.б. мемлекеттерге ғыл. іссапарлармен барды. Ғалым бірнеше ғылым докт. мен канд. дайындады. Көптеген ғыл. еңбектердің авторы: «Қазақ КСР тарихы. Көне дәуірден бүгінге дейін», «Д.А. Қонаев – көрнекті мемлекет және саяси қайраткер», т.б. Ғалымның атында орта мектеп бар. ҚР ҒА акад., тарих ғыл. докт. Б.Көмеков, тарих ғыл. канд. К.Төлепбаеваның құрастыруымен «Бәйдібек Төлепбаев – аса көрнекті ғалым және саяси қайраткер» (Алматы, 2009) атты кітап шықты. Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-тының ұйымдастыруымен ғалымның 95 жылдығына орай «Академик Б.А.Төлепбаев және ұлттық тарих» атты респ. ғыл.-тәжірибелік конференция өткізілді (2016). «Құрмет белгісі» (1957), 1-дәрежелі «Отан соғысы» (1968), «Еңбек

Қызыл Ту» (1976), «Ленин» (1981), «Парасат» (2006), т.б. орден, медальдардың иегері, Ордабасы ауд-ның Құрметті азаматы (1991).

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – Б. 487; Сүлейменова Ә.Т. Б.А. Төлепбаевтың жеке қорының құжаттары Қазақстан тарихы кезеңдерін зерттеудің дереккөзі ретінде // Ақпаратты-әдістемелік бюллетень, № 1 (21) 2016. – Б. 76-79; Б.А. Төлепбаев: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар / құраст. З.М. Төлєнова, Д.Ж. Омарбекова. – А., 2006. – 78 б.; Справочник по архивным фондам личного происхождения // Сост. Ш.О. Түлеуова / Под общей ред. проф. Б. А. Джапарова. Издание 3-е, дополненное. – А., 2017. – С. 292-297.

М. Ахметова

ТӨРЕҚҰЛОВ НӘЗІР (10.1892 ж., Қоқан қ. – 3.11.1937 ж., Мәскеу қ.) – Түркістанның мемлекет және қоғам қайраткері, баспагер, публицист, алғашқы қазақ кеңес елшілерінің бірі, дипломат.



Әкесі Төреқұл Түркістан қ-ның жанындағы Қандөз а-нда туған, Қоқан қ-на көшіп барып, мақта саудасымен айналысқан ауқатты адам болған. Т. Қоқан қ-ндағы жәдидтік мектепте және екі жылдық орыс-бұратана мектебін-

де бастауыш білім алған. 1913 ж. Қоқан қ-ндағы 8 сыныптық коммерц. үч-щені бітіріп, 1914-16 ж. Мәскеудегі коммерция ин-тында (қазіргі Г.П.Плеханов атынд. экон. ун-т) оқыған. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша майданның қара жұмысына алынған жерлеріне көмек көрсету мақсатымен оқуын тастап, Батыс майданға барып, Минскі земство одағында Ә.Бөкейханның қарамағында нұсқаушы болып жұмыс істеген. Сонда жүріп қазақ жастарының «Еркін дала» атты астыртын ұйымын құруға жетекшілік етті. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Торғай обл-на оралып, «Еркін дала» ұйымының алғашқы құрылтайын ұйымдастырады, облн ревкомның баспасөз органы «Қазақ мұңы» газетін шығарады. 1918 ж. жазда Қоқанға оралып, сонда жұмысшы, диқан және солдат депутаттары кеңесінде хатшы, солшыл эсерлер ұйымының төрағасы қызметтерін атқарған. Осы жылдың қыркүйегінен коммунистік партия мүшесі, қаладағы «Халық газетасын» ұйымдастырады. Түркістан коммунистік партия Орт. К-тінің баспасөз органы «Инқилоб» (Революция) журналын шығаруға атсалысты. 1919 ж. Ферғана облревкомының мүшесі, ағарту комиссары, халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі, 1920 ж. Өлкелік Мұсылмандар бюросының баспасөз органы «Иштракюн» (Ташкент қ.) газетінің редакторы және Түркістан Орт. Атқару К-тінің төрағасы болды. 1920-22 ж. ТАКСР Ағарту халкомы, ТүркОАК төрағасы, ТКП ОК хатшысы, БОАК және РК(б)П ОК Түркістан бюросының, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі, Түркістан майданы рев. әскери кеңесінің мүшесі қызметтерін атқарды. Ол осындай лауазымды қызметтерде жүріп дін мәселесіне көп көңіл бөлді. Түркістан

өкіметінің төрағасы ретінде республиканың құқықтық-заңнамалық негізін қалыптастырса, саяси қызметтерінде елдің идеологиясының бағыттарын орнықтыру, оған ұлттық мазмұн беруге бастамашы болды. Жергілікті тілдердің қолданылу аясын кеңейту, мешіттердің иелігін өздеріне қайтару, барлық мекемелерде демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру туралы, Құрбан айттың үш күнін демалыс күндері деп жариялау, елді мекен атауларын отарлық сипаттан тазалау, ұлттық баспасөзді ұйымдастыру, білім беру жүйесін реформалау сияқты жұмыстарды жолға қойды. 1921 ж. «Қызыл байрақ» журналында «Ислам және коммунизм» атты мақала жариялап, исламның қоғамдағы атқарып отырған рөліне оң баға берді. 1922-28 ж. Мәскеуде Бүкілодақтық Орт. Атқару К-ті (БОАК-ВЦИК) жанындағы Шығыс халықтары Орт. баспасы басқармасының төрағасы қызметін атқарды. В.И. Лениннің қабылдауында болып, автономия алған халықтардың тілін мемл. тілге айналдыру мәселесін көтерді. БОАК Жаңатүрік әліпбиін жасау жөніндегі Орт. комиссия төрағасы ретінде түркі халықтарының жазуын араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшудің ғыл. және ұйымдастырушылық жұмыстарын атқарды. Кириллицаға негізделген жаңатүрік әліпбиінің жобасын дайындады. Бүкілодақтық 1-түркітанушылар съезіне қатысып, баяндама жасады. Тіл білімінің емле, әліпби, терминология салаларына арнап ғыл. мақалалар жазды. Орт. баспа басқармасының төрағасы қызметінде түркі халықтарына арнап оқулықтар, оқу құралдары, ғыл. көпшілік және аударма әдебиеттерді бастырды. Баспа жұмысына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтармен бірге көптеген түркі зиялыларын тартып, олардың

шығарм. қызметіне бағыт-бағдар беріп, қамқорлық жасады. Осы баспада қазақ тілінде «Темірқазық» атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оның жұмысына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтарды қатыстырды. 1927 ж. 15 желтоқсанында КСРО-ның Хиджаз және Недж королдігі мен біріккен облыстарындағы бас консулы болып тағайындалды. 1932 ж. 23 қыркүйекте аталған мемлекеттің Сауд Араб корольдігі болып өзгеруіне байланысты КСРО-ның осы мемлекеттегі өкілетті елшісі болып қызмет етті (1932-36). 1932 ж. маусымда Сауд Арабиясы королінің мұрагері Фейсал әл-Саудтың КСРО-ға ресми сапарын ұйымдастырды. Осы елдегі шетелдік елшілер корпусы арасында 1930 ж. «дуайен» құрметті қызметіне сайланады. Төреқұлов Нәзір елші болған жылдары араб тілін жетік меңгеріп, бірнеше мәрте кіші және үлкен қаж.қ рәсімін орындады, Сауд Аравиясының королі Абдель Азиза аль-Сауда және оның төңірегіндегілермен жақсы қарым-қатынаста болды. 1936 ж. Ленинградта Шығыс халықтары ин-тында, кейін КСРО Ұлттар кеңесінің жанындағы Орт. тіл және жазу ғыл.-зертханалық ин-тына қызмет істеді. 1937 ж. шілдеде «халық жауы» ретінде айыпталып, осы жылдың 3 қарашасында ату жазасына кесілді. НКВД-ның Мәскеу қ-ндағы «Коммунарка» арнайы нысанына жерленген. 1958 ж. 28 қаңтарда оның ісінде қылмыс құрамының болмауына байланысты КСРО Жоғ. сотының шешімімен ақталды. Қайраткер ғалым ретінде отандық тіл білімі саласына үлкен үлес қосты. Өзбектің «Инқилоб» атты журналына жазған ислам діні, жәдитшілдік, Түркістан тарихы туралы мақалалары ғыл. нақтылығымен көзге түседі. Қаламгердің әдебиет туралы пікірлері де ерекше. Ол С.Сейфуллиннің

«Асау тұлпар», «Бақыт жолына» шығармаларына, өзбек қаламгері А.Қадыридің еңбектеріне сын жазды. Қазақ, орыс тілдерімен бірге өзбек тілінде мақалалар, өлеңдер жазған. Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінде 2017 ж. Т-тың 125 жылдығына арнап халықар. ғыл.-практ. конференция өткізілді, ун-тте Т. аудиториясы жұмыс істейді. Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия Ұлттық ун-ті Халықар. қатынастар ф-тінде Т. аудиториясы бар. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Жетісай, Түркістан қ-ларында, Созақ, Отырар ауд-дарында Т. есімімен орта мектептер мен көшелер аталады. Түркістан қ-нда мұражай, Сауд Аравиясының демеушілігімен салынған Т. атынд. мешіт жұмыс істейді.

Шығ.: Социально-политический словарь русско-узбекского языка. Ташкент, 1922; Туркестанская Автономная Республика // ЖН. 1923. Кн. 1. С. 86-95; (рецензия на книгу Бартольд В. В.); История Туркестана. Ташкент, 1922 // Там же. Кн. 2. С. 162-164; По ленинскому пути: (К смерти Нариманова) // НВ. 1925. № 7. С. IV.; К вопросу о латинизации тюркских алфавитов // Там же. № 10/11. С. 218-222; Жаңа әліпби неге керек? 1924; К вопросу о латинизации тюркского алфавита. 1926; Список народностей СССР. 1936.

Әдеб.: Назир Тюркюлов – полпред СССР в Королевстве Саудовская Аравия: (Письма, дневники, отчеты. 1928-1935 гг.). – М., 2000; Тұрсұн Х., Батырбекқызы Г. Н.Төреқұлов: қоғамдық-саяси қызметі. Монография. – Шымкент: «АЗИАТ». 2017. – 200б.

Тұрсұн Х.

ТӨРТКҮЛТӨБЕ I – Есім хан ордасы, ежелгі қала-қорған. Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд-ндағы Кеңесарық а-ның іргесінде, Шымкент қ-нан шығысқа қарай 55 км жерде, Сайрамсу, Қасқасу, Қарасора өзендерінің тоғысқан тұсында орналасқан. Ақсу, Сайрамсу өз-нің жағасын жағалап жүрген ортағасырлық керуен жо-

лының бойында орналасқан бұл ескерткіш бүгінгі күнде үлкен төбе, қираған қамал болып жатыр. Төрткүлтөбенің аум. Отырартөбеден әлдеқайда үлкен. Бұл биіктен қарасаңыз, Шымкент қ-ның шет аймағына дейін алақандағыдай көрінеді. Бұл жерді жергілікті халық «Төрткүлтөбе», «Есімхан ордасы», «Дәуіттөбе» қамал-қалашық орны деп бүгінге дейін айтып келеді. Тарихи орын осы аймақты мекендеген халыққа ертеден-ақ белгілі. Халық арасында оған қатысты аңыз-әңгімелер сақталған. Төрткүлтөбе осы уақытқа дейін толыққанды зерттеліп, археол. қазба жұмыстары жүргізілген емес. 2007 ж. ескерткішті тарих ғыл. канд., археолог Д. Талеев және өзбекстандық атақты археолог, тарих ғыл. докт. Р.Сұлайманов аралап көріп, оның Батыс Түрік қағанатымен сабақтас ескерткіш болуы мүмкін екенін көрсетті. Бұл тарихи мекеннен жергілікті адамдар көптеген көне заттар: құмыра, ыдыс сынықтарын, садақ жебелерін, адамның ірі сүйек қаңқаларын, күйдіріл-



Төрткүлтөбе

ген кірпіштен жасалған су жүйелерін, т.б. бұрыннан тауып келеді. Бұл жерден табылған бірнеше құндылықтар Леңгір қ-ндағы мұражайға қойылған.

Әдеб.: Үмбетұлы М., Пошатайұлы Қ. Есім хан ордасы қазақтың қатпарлы тарихынан сыр шертеді//<https://www.egemen.kz/article/168277-esim-khan-ordasy-qazaqtynh-qatparly-tarikhynan-syr-shertedi>.

Ш.Құрманбаева

ТӨРТКҮЛТӨБЕ II – ортағасырлық қалалардың немесе мекендердің қираған орны. Қазақстанда бірнеше ондаған Төрткүлтөбе белгілі. Мыс., Қарасаман, Қарашық, Төм. Барсхан секілді көптеген қ-лардың орындары қазіргі кезде осылай аталады. Тарихи аттары белгісіз Төрткүлтөбелер де мол. Солардың бірі Түркістан обл. Түлкібас ауд. Шарапкент а-ның маңындағы 8-12 ғ-лардың қалашығы. Төрткүлтөбе туралы алғаш 1914 ж. В.Городецкий жазған. Қалашықтың жобасын 1940 ж. Жамбыл археол. пункті (жетекшісі Г.И.Пацевич) түсірген. 1982 ж. Шымкент пед. ин-тының археол. тобы, 1997, 2002 ж. Халықар. қазақ-түрік үнтінің Тұран археол. экспедициясы (жетекшісі М.Елеуов) зерттеген. Қалашықтың төртбұрышты аум. батыста 318 м, солт-те 291 м, шығыста 306 м, оңт-те 311 м алаң. Биікт. 7-8 м дуалмен айналдыра қоршалған. Қаланың солт.-батыс бұрышында орт. қорған бар. Оның биікт. 11 м, аум. 30-50 м. Орт. қорғанға кіретін екі қақпаның орны сақталған. Қақпаның кіре берісінде екі мұнараның, ішкі жағында бір мұнараның, шығыс жағында екі мұнараның, барлығы бес мұнараның орны сақталған. Қаланың 2-бөлігінде тұрғын үйлердің орны айқын көрінеді, ал шығысынан 150 м жерде бекіністі қорған болған. Ол айнала биікт. 0,5 м-ден 3,5 м-ге дейін, аум.

70x80 м топырақ дуалмен қоршалған. Қазбадан табылған ерекше заттардың қатарында әр түрлі үлгідегі боялған және боялмаған ыдыстар, тастан жасалған дән үгіткіштер, қол диірмендер, ою-өрнек пен эпигр. жазулары бар тас келілер, келсаптар, астаулар, салтанатты сарайлардың ұстындары мен олардың тұғырлары бар. Оңт. Қазақстанның басқа қалаларында кездесе бермейтін осындай үлгідегі заттар бұл қаланың бір кезде саяси-экон. және мәдени орт. болғанын дәлелдейді.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ТҮЙМЕБАЕВ ЖАНСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ (8 шілде, 1958, Оңтүстік Қазақстан обл. Алғабас ауд. Қайнар ауылы (қазіргі Түркістан обл., Бәйдібек ауд.) – Мемлекет қайреткері, 1-ші сыныпты Төтенше және Өкілетті елші, алтаист-түрколог ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Түркияның Гази және Нида университеттерінің Құрметті профессоры.



Т. 1980 ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ) филология

факультетін, 2000 ж. Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университетінің құқық факультетін бітірді. Т. еңбек жолын 1980-1993 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) ассисенттіктен бастады, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды.

Т. 1993-94 жж. ҚР Сыртқы істер министрлігінің Орта және Таяу Шығыс және Африка елдерін басқару бөлімінің меңгерушісі, бірінші хатшысы; 1994-97 жж. ҚР-ның Түркия Республикасындағы Елшілігінің екінші, бірінші хатшысы; 1997-99 жж. ҚР Президентінің Протокол қызметінің бас сарапшысы; 1999 ж. ҚР-ның Түркия Республикасындағы Бас Консулы (Ыстамбул қ-сы); 1999-2004 жж. ҚР Президенті Протоколының бастығы; 31.03.2004-01.02.2006 жж. ҚР Президентінің Кеңесшісі – ҚР Президенті Протоколының Бастығы; 01.02.2006-10.01.2007 жж. ҚР-ның Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі; 10.01.2007-09.2010 жж. ҚР-ның Білім және ғылым министрі; 10.2010 ж. ҚР-ның Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі және 03.2011 жылдан ҚР-ның Албания Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы; 07.10.2016 ж. Оңтүстік Қазақстан обл-ның әкімі; 20.06.2018-25.02.2019 жж. Түркістан обл-ның тұңғыш әкімі қызметтерін атқарды. 2019 ж. 28 ақпаннан Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы президенті әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі.

Т. 1987 ж. КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі Э.Р. Тенишевтің жетекшілігімен кандидаттық диссертация, 2008 ж. ҚР ҰҒА-ның академигі Ә.Т.Қайдардың жетекшілігімен докторлық диссертация

қорғады. Т. «Түркі-моңғол лексикалық параллельдерін тарихи-генетикалық тұрғыдан шектеудің теориялық ұстанымдары мен критерийлері» атты докторлық диссертациясында алтай макротілдік тобына енетін тілдер арасындағы тілдік және тарихи-мәдени қарым-қатынастар нәтижесіне негізделген ғылыми жаңа концепция ұсынып, түркі-моңғол этнотілдік қарым-қатынастардың тарихи-лингвистикалық хронологиясының және түркі тілдері дамуының жаңа хронотопологиялық шегін айқындады. Оның «Казахско-монгольские лексические параллели. Материалы к этимологическому словарю казахского языка» (2005), «Становление и развитие алтайской теории и алтаистики» (2006), «История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений» (2008). «Актуальные проблемы и исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз» (2009) тәрізді еңбектері дүниежүзілік ғылыми аренада 21 ғ. алтаистикасы және түркология салаларын сапалық жаңа деңгейге көтерген іргелі зерттеулер ретінде жоғары бағаланды. Т. – алтаистика және түркология салалары бойынша жарық көрген 13 монографияның, 4 сөздіктің, 15 оқулық және оқу-әдістемелік құралдардың, 200-ден астам ғылыми мақалалардың, 5В021200 – түркология (бакалавриат) мамандығына арналған 10 типтік оқу бағдарласының авторы.

Т-тың ғылыми және ғылыми-көпшіліктік бағыттардағы шығармашылығындағы басты тақырыптарының бірі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев лидерлік тұлғасы. Президент және президенттік институттың даму тарихы Т-тың көптеген кітаптары мен мақалаларының өзегін

құрайды. Президенттің бірегей тұлғасы, қызмет барысындағы іс-әрекеттерінің хроникасы, Елбасының Қазақстанды әлемге танытудағы рөлі, Қазақстан қоғамындағы бейбітшілік пен тұрақтылық, толерантылық, дінаралық және этносаралық келісім моделдері ғалым зерттеулерінде басты нысандар ретінде көрініс береді. Бүгінгі күні Т-тың «Один год Президента» (2001, 2002, 2003, 2004, 2005), «Государственный протокол Республики Казахстан» (2004), «Практическое руководство по государственному протоколу» (2004) сияқты еңбектері мемлекеттік қызметкерлер, ҚР ЖОО-ның халықаралық қарым-қатынас, аймақтану мамандықтарында оқитын студент, магистрант, докторанттар қолданатын практикалық мәні ерекше оқулықтарға айналып отыр.

2010 жылы 46 мемлекетті қамтитын жоғары білім берудің үш сатылы Болондық жүйесінің Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен бірінші болып Қазақстанның ғылыми білім кеңістігіне енуі Т-тың ҚР Білім және ғылым министрі болып тұрған кезінде жүзеге асырған реформасының нәтижесі. Қазақстанның Болон процесіне қосылуы отандық жоғары оқу орындарына білім бағдарламалары мен оқу жоспарларын еуропалық стандартқа сай жаңартуға, қазақстандық біліктілік және академиялық дәреженің шетелдерде мойындалуына, қосдипломдық білім бағдарламаларының жүзеге аса бастауына, университеттердің халықаралық аккредиттеуден өтуіне, Қазақстан ЖОО бітіруші түлектердің Еуропа мемлекеттерінде жұмысқа орналасуларына мол мүмкіндік берді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастама-сымен 2010 ж. 25 мамыр айында Астана қаласында (қазір Нұр-Сұлтан) Түркі академиясының ашылуы ҚР Тұңғыш Прези-

денті Н.Назарбаевтың түркі мемлекеттері арасындағы өзара ынтымақтастық пен ықпалдастықты дамыту, түркі әлемінің рухани-мәдени, ғылым және білім салаларындағы интеграциясын жеделдету бағытында ұстанған сарабал саясатында тарихи мәні бар маңызды оқиға болды. Халықаралық Түркі академиясын құру процесіне және оның даму Концепциясын жазуға, академияның алғашқы бастамаларына Т. тек министр ғана емес, түркітанудың өзекті проблемаларын жетік білетін танымал түрколог ғалым ретінде тікелей жетекшілік жасады.

2007-10 жж. Ж. Түймебаевтың басшылығымен 021200 «Түркология» мамандығы ҚР-нда оқытылатын мамандықтар тізбесіне енгізіліп, мамандықтың ҚР МЖМБ Стандарттары жасалды, типтік оқу бағдарламалары дайындалып, ҚР-ның оқу процесіне енгізілді (ҚР БжҒМ № 598 бұйрығы, 2009ж. 25.12.). Бұл мамандықтың концептуалдық-пәндік және ғылыми-әдістемелік тұғыры Т-тың авторлығымен «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасынан» жарық көрген 5В021200 – Түркология (Бакалавриат) бойынша 10 типтік оқу бағдарламалары (авторлық бірлестікте, 2013, 2015), «Түркологиялық оқулықтар сериясы» айдарымен жарық көрген 10 еңбектен тұратын лингвистикалық түркология топтамасы (авторлық бірлестікте: 2015, 2016, 2017, 2018) арқылы беки түсті. Т-тың түркітанушы ғалым ретінде түркі дипломатиясының көнеден келе жатқан дәстүрлерін, түркілердің тарихын, тілдік және мәдени ерекшеліктерінің қыр-сырын терең білуі оның ҚР-ның Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде атқарған қызметіне ерекше ренк берді. Т. Түркияның дипломатикалық корпусымен тығыз байланыс орнатып, қазақ дипломатия-

сының стандарттары мен дәстүрлерін жан-жақты танытты. 2011 ж. Түркия бизнесмендері мен өнеркәсіпкерлері Ассоциациясы және Түркия туризмін дамытудың Халықаралық платформасы (TÜTAP) Т-ты «Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін», «халықаралық қарым-қатынастағы айрықша табыстары үшін» марапаттады. 2015-2016 ж. Ресей мен Түркия арасында орын алған қақтығыста елші Т. тарихи оқиғаның бел ортасында болып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың екі ел арасындағы бітімгершілік тарихи миссиясының жүзеге асуына білікті дипломат ретінде үлес қосты. Т-тың Қазақстан мен Түркия арасындағы тарихи-мәдени, ғылым және білім, геосаяси-экономикалық ынтымақтастық пен серіктестік мәселелеріне арналған «Основные вехи» (2011), «Казахстан: Экономика. Деловой мир. Инвестиционные возможности» (2012), «Казахстан-Турция: Стратегическое сотрудничество высшего уровня» (2013), «Казахстан-Турция: 20 лет дружбы и сотрудничество» (2013) тәрізді еңбектері халықаралық қарым-қатынас және аймақтану ғылым салалары үшін маңызы зор еңбектер саналады.

Т. ОҚО-ның әкімі және Түркістан облысының тұңғыш әкімі болған кезеңде облыс ауыл шаруашылығы, диханшылық, өнеркәсіп, орта және кіші бизнес, ішкі және сыртқы туризм, тұрғындарды жұмыспен қамту және т.б. бойынша әлеуметтік-экономикалық жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Т-тың жетекшілігімен тарихи ескерткіштер мен киелі орындардың тізімі жасалып, олардың әрқайсысы туристік маңызды нысандарға айналды. Т. Түркістанға әлеуетті шетелдік инвесторларды тарту бағытында көптеген іс-шаралар атқарды. Ол шетелдік дипло-

матия өкілдерімен, ірі компания басшыларымен іскерлік кездесулер өткізіп, екіжақты меморандумдардың жасалуына, сондай-ақ Халықаралық бизнес-форумдар, фестивалдар, туристік көрмелер, конференциялар ұйымдастыру арқылы Түркістан қаласының Қазақ хандығының тарихи астанасы, түркі руханиятының бесігі, түркі әлемінің рухани астанасы ретіндегі ерекше мәртебесін, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан көне қалалардың түркі өркениетіндегі алатын орнын отандық және дүниежүзілік деңгейде насихаттауға ерекше мән берді.

Марапаттары: «Құрмет» ордені (2003); «Парасат» ордені (2011); «Астанаға 10 жыл» медалі (2008); «Қазақстан тәуілсіздігінің 20 жылдығына орай» медалі (2011); «Қазақстан мен Түркия арасындағы достықтың нығаюына ат салысқаны үшін» Түркия кәсіпкерлер мен іскерлер Ассоциациясының медалі (2011); «Халықаралық қатынастарда ерекше жетістіктері үшін» Түркия халықаралық туризмінің дамуының тұғырнамасы (TÜTAP) сыйлығы (2011); «Қазақстан Конституциясының 20 жылдығына орай» медалі (2015).

Г.Сагидолда

ТҰРБАТ – Түркістан обл. Қазығұрт ауданындағы байырғы елді мекен. Т. аумағында үш бірдей ортағасырлық қала орны мен сегіз архит. ескерткіші бар. Ұлы жібек жолының Ташкент пен Сайрам арасындағы маңызды бекеті. 12-17 ғ. жататын археологтар шартты түрде Т. деп атаған қалажұрт орны бар. Жергілікті халық оны Жаңақорған деп атапты. Қалашық Тас-сай өз-нің сол жақ жағасында тұр. Ескі елді мекен орны айнала қазылған ормен қоршалған және жоспарда төртбұрышты төбе болып табылады. Жер бедерінен



Тұрбат елді мекені

қалашық көшелері мен жал іздері байқалады. Биікт. 6-7 м болатын орт. төбешік ерекше көзге шалынады. Оның үстіндегі алаңқайында ауланың периметрі бойынша орналасқан кесенелер тобынан тұратын Исхақ ата сәулеттік кешені орын тепкен. Ауылдың оңт.-шығыс шетінде, екі бұлақтың аралығында 12-17 ғ-ға жататын Жаументөбе қалашығы орын тепкен. Қазіргі пошымы шаршы үлгідегі төбе – бұрын қорған болған. Оның жазыққа қараған үш жағы тік, барынша жазықтау келген қалашыққа кіретін оңт. жағы берік қабырғалармен қоршалған. Т. а-ның оңт.-шығыс шетінде, екі тау бұлағының ортасында 10-16 ғ-ға жататын Төрткүлтөбе қалашығы орналасқан. Ол ескерткіштің оңт.-шығыс бөлігінде жатқан орт. төбешіктен және оны айнала қоршаған ш. құрылыстар мен бекініс қалдықтарынан тұрады. Т. деген атау «кесене» дегенді білдіреді. Бұл кейін пайда болған атау. Бабыр жазбаларына қарағанда оның байырғы аты Яга. Бабырнама бойынша ол жерде бірнеше елді мекен болған, ол жерде Ысқақ ата кесенесі бар. Бұл жерде 16 ғ-да бірнеше елді мекендер қатар орналасқан Т-қа сай келеді. 985 ж. жазылған ал-Мақдиси шығармасында Испиджабқа

қарасты қалалар қатарында аталатын Якалыг шаһары Яга – Т. елді мекеніне сай келсе керек.

Әдеб.: Бабур-наме. – Таш., 1993. – С.118; Предание о Хазрети Исмаил ата (пер. А.Диваев) // Туркестанские ведомости. – 1901. №20, 24, 25; Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент, 2014; Харзиян шаһары һәм Ысмайыл ата. – Шымкент, 2018; Тұрбат-Ысмайыл-Ата: аңыз бен ақиқат. – Шымкент, 2017.

М.Қожа

ТҰРСҰН ХАЗРЕТӘЛІ МАХАНҰЛЫ (27 ақпан, 1960, Тәжікстан Республикасы Қорғантөбе обл., Пархар ауд.) тарих ғылымдарының докторы, профессор. 1967-1977 ж. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы «Красная звезда» ауылындағы №52 орта мектепте оқып, еңбек жолын жұмысшы болып бастаған. 1978-83 жж. Шымкент педагогика институтының тарих факультетінде оқып, тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі, тәрбие ісінің методисі мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

1983-91 жж. Жаңақорған ауданындағы орта мектептерде, аудандық комсомол комитетінде, «Білім» қоғамы аудандық бөлімшесінде, аудандық

партия комитетінде, «Қазақ тілі» қоғамы аудандық бөлімшесінде қызмет істеді. 1992-94 жж. №52 «Красная звезда» орта мектебінде директор, 1994-96 жж. Жаңақорған ауданы әкімшілігі Тіл басқармасының бастығы, 1996-2000 жж. №86 Шалқия орта мектебінің директоры қызметтерін атқарды. 1994-99 жж. Жаңақорған аудандық мәслихатының алғашқы шақырылымының депутаты. 2001 ж. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, 2002 ж. қыркүйегінен осы кезге дейін «Қазақстан тарихы» қазіргі «Тарих» кафедрасында қызмет істейді.



Т.Х.М. 2001ж. К.Нұрпейістің жетекшілігімен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жанындағы Диссертациялық кеңесте «Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы мен күйреуі (1917-18)» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2010 ж. 23 қыркүйегінде Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің жанындағы Диссертациялық кеңесте т.ғ.д., профессор Е.Б.Сыдықовтың ғылыми кеңесшілігімен «Түркістанның этносаяси үдерістеріндегі

ұлттық элита қызметінің тарихы (XX ғасырдың алғашқы ширегі)» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғады. Т.Х.М. 400-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және әдеби мақалалар авторы.

Т.Х.М. Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, Ташкент қалалары мұрағаттарынан Алаш және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының қайраткерлері және олардың тарихи қызметтеріне қатысты деректік құжаттарын ғылыми айналымға ұсынды. Алғашқылардың бірі болып отандық тарих ғылымының мәселелерін элиталық көзқарас тұрғысында қарастырудың әдіснамалық тәсілі мен Алаш қозғалысының Оңтүстік (Түркістан) қанаты жөнінде ғылыми тұжырымды негіздеді. Бұл жаңалықтар Алаш қозғалысының географиялық ауқымы мен хронологиясын нақтылауға елеулі үлес болып қосылды. Ғылыми-педагогикалық қызметі барысында дайындаған «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» (2004, 2010) оқу құралы республиканың жоғары оқу орындарында оқытылып келеді. Т.Х.М-ның мақалалары Ресей Федерациясы, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, АҚШ, Канада, Түркия, Индия, Пакистан, Португалия, Венесуэла, Польша, Румыния және Канада мемлекеттерінің ғылыми журналдарында жарық көрді. Тарих және қоғамтану ғылымдары академиясының академигі (2013), ҚР ҰҒА тағайындаған «Алаш қозғалысының 100 жылдығы» естелік медалімен марапатталған.

Шығ.: Құрбан ата тағлымы. – Алматы: «Ана тілі», 1993; Бегайдар Жантөреұлы Аралбаев. – Алматы, 1996; Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: «Дарын», 2004; Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2006; Билердің соңғы тұяғы. Шымкент, 2009; Түркістан қаласы-

ның тарихи топонимикасы. – Түркістан, 2012; Елдікті ұлықтаған әулет. – Алматы, 2011; Алаш нәм Түркістан. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2013; Сұлтанбек Қожанов: шығармалары мен материалдар жинағы. 1 том. – Алматы: «Жалын», 2013; Садықбек Сапарбеков: шығармалары мен құжаттары. – Алматы: «Әдебиет Айнасы», 2013; Жаңақорған тарихы. – Астана: «Фолиант», 2012; Көкен батыр. – Алматы: «Атамұра» 2014; «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» // Движение Алаш: сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. – Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. Т.3. – 440 с.; Нәзір Төреқұлов: қоғамдық-саяси қызметі. – Шымкент: «АЗИАТ», 2017; Нәзір Төреқұловтың архивтік құжаттары мен материалдары. – Шымкент: «АЗИАТ», 2017; Нәзіртану негіздері. – Шымкент: «АЗИАТ», 2017.

М. Тастанбеков

ТҰРСЫН МҰХАММЕТ ХАН (т.-ө.ж.б.)

– Тәуеккел Мұхаммед ханның ұлы. Тәуеккел Мұхаммед хан 1598 ж. Бұхараға жасаған жорық кезінде жараланып, Ташкентке келіп, қайтыс болған соң, оның тағына отырып, мемл. билікті қолына алады. Т. М. хан әкесі Тәуеккел Мұхаммед ханның діни-идеол. бағытын жалғастырды. Т. М. хан Ясауиша шайхтары мен «Әзірет Сұлтанның» уақфтық жерлерін мойындаған санаулы хандардың бірі. 19 ғ-дағы орыс зерттеушісі П.Лерх 1867 ж. Түркістанға келген сапарында шайх ал-ислам Насрулланың қолында хижраның 1035 ж. Т. М. ханның Қожа Ахмед Ясауи ұрпақтарына берген уақфтық құжаттары бар екендігін көріп, ол туралы өз жолжазбасында жазады. Оның үстіне Т. М. ханның нақшбандиша шайхтарының қазақ даласына өтуіне тыйым салуы, Т. М. ханның Ясауиша тариқатында болғанын, өзге діни ағымның ел ішіне келуге тыйым салу арқылы елдің рухани бірлігін сақтауға айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді. Т. М. ханның Ясауиша тариқатын,

Есім ханның нақшбандиша тариқатын қолдауы олардың арасындағы діни-идеол. саясаттағы кереағарлықтың тууына ықпал етті. Есім хан жоңғарларға қарсы жорыққа кеткенде Т. М. хан Есім ханның ордасын шауып, талан-таражға түсірудің соңы үлкен соғысқа ұласты. 1628 ж. Есім хан Т.М. ханды Ташкент қ-нда қоршауға алып, соңына ерген қатағандармен бірге өлтірді.

Әдеб.: Қожаев М. Йасы-Түркістан тарихы. – А., 2000; Стюарт Д. Сведение агиографической литературы по истории и религии казахов. (Ходжа Исхак Вали). Шельковский путь и Казахстан. – А., Матер. Межд конф., 1998; Султанов Т. Поднятие на белой кошме. – А., 2001; Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. – А., 1968.

З. Жандарбек

ТҰРСЫН ХАН (т.-ө.ж.б.) – Түркістан қ. төңірегіндегі жекелеген тайпаларға билік жүргізген билеуші. Жәдік әулетінен шыққан сұлтан Құдайменденің ұлы, Құшық (Қошық) сұлтанның немересі. Билік құрған кезеңі 1712-17 ж. Оның қарамағында Орта жүздің қоңырат, ішінара найман, сонымен бірге Ұлы жүз тайпалары (аттары белгісіз) енген. Олар осы жерлерді ежелден мекендеген сіргелі тайпасының рулары болуы мүмкін. Оның иелігін Иқан қ. мен төңірегіндегі Сырдария өз. бойындағы елді мекендер құраған, қол астындағы тайпалардың көші-қон аймағы Оңт. Қазақстан аум., Түркістан қ-ның төңірегі, Сырдың орта ағысы бойындағы елді мекендер. Резиденциясы – Иқан қ. Осы аум-нтағы тайпалардың көші-қон бағыттары Қаратау жоталары мен Сырдың орта ағысы арасын, оңте Арыс өз-не дейін, батыста Түркістан қ-на дейінгі аралықты қамтыған. Ендігі бір деректерде Т. хан Тәукенің билігі

кезінде хан сайланғаны, Жоңғар басқыншылығын тойтаруда қазақ қосындарын басқарып, шамамен Иқан қ-нда қайтыс болғаны айтылған. Жазба деректерде оның балаларынан Барақ және Құшық (Күшік) сұлтандардың есімдері аталады. Ендігі бір деректерде оның иелігі қалмақтардың иелігімен шектескен. Бұл жерде Жетісу аум-на орналасқан оңт. шығыстағы қазақ ұлыстары туралы сөз болып отыр деп болжауға болады. 1734 ж. Ұлы жүз қазақтары елшілігінің құжаттарында «Тұрсын Шымыр-Дулат тайпасының ханы еді» деп жазылған. Қайтыс болған соң оның ұлысын балалары Сұлтан Барақ пен Көшек хан басқарған. Т. хан Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген.

Әдеб.: Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г. Алматы). – А., 1997; Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. – А., 2001; Қазақ хандары. – А.: «Қазығұрт» баспасы, 2015.

Х.Тұрсұн

ТҰЯҚБАЕВА Баян Тұматайқызы (30.12.1945 ж.т.) – Қазақ КСР еңб. сің. арх., Шығыс елдері архитектурасы Халықар. Академиясының корр.-мүшесі, архитектура канд. В.И.Ленин атынд. Қазақ политех. ин-тын (1968) бітірген соң, «Қазақ қала құрылыс жобалау» шеберханасына «Жаңа Өзен» мұнайшылар қ-на жобалауға жіберілді. 1969 ж. Мәдениет Мин-нің ұсынысымен Қазақ КСР Мемл. құрылыс мекемесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесін («Әзірет Сұлтан») реставрациялауға Түркістан қ-на жіберілді. 1970-71 ж. ескерткіш және архитектура бойынша

архит.-библиогр. деректер жинауға, талымдамаға Ташкент қ-ндағы Өзбек КСР Мәдениет мин. Хамза атынд. Өнертану ғыл-зерттеу ин-ты ескерткіш қорғау және реставрациялау басқармасына іс-сапарға барды. Өнертану докт. Л.Ю.Маньковскаяның жетекшілігімен Т. 2003 ж. ЮНЕСКО – Әлемдік мұралар тізіміне енген ортағасырлық керемет сәулет өнері туындысын зерттеу және кешенді қайта қалпына келтіру жобалары жасалады. 1972 ж. қазан айында Қазақ КСР Мәдениет мин-нің кеңейтілген ғыл.-әдістемелік кеңесінде жоба қаралып, мақұлданды. 1972-80 ж. аралығында бұл жоба іске асырылып, ескерткіш мәдени қабаттардан арылтылып, едендер, суфалар, панельдер, михраб, баспалдақтар қайта қалпына келтірілді. Мешіт бөлмесіндегі қабырғадағы, қабірхана, жамағатхана бөлмелеріндегі ашылған өрнектер консервацияланып, қасбет тобындағы қираған күмбездер, құжыралар, дәліздер, екі қабатты балкондар, кешеннің алты негізгі бөлмелері қайта қалпына келтірілді. Ескерткіштерді қалпына келтіруде қабырғалары мен ғимараттың күмбез асты құрылысын көмкерген жоғалған эпиграф., қабірхана күмбезінің мозаикалық қайта әшекейлерін қалпына келтіру өте күрделі болды. Т. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің эпиграф. әрленуі, жазуларының сипаты, көркем әшекейлеуі қамтылған зерттеу еңбектерін жариялады. Жариялаған зерттеулері Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің кесене ретіндегі, дүниетанымдық сипатын, әшекейленуін, т.б. қамтыған мәселелерге арналды. 1980 ж. ескерткішті реставрациялау аяқталып, үкіметтің қаулысымен мұражай ашылды. 1980 ж. Т. жетекшілігімен республикадағы қалалар, өндірістік, а.ш. терр-ларындағы игеру жұмыстарында бұзылу қауіпі бар ескерткішті

сақтап қалу мақсатында «Қазжобалауре-ставрациялау» ин-ты құрылып, ескерткішті ашу, құжаттау және тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізу жұмыстары бойынша кең ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізілді. Т. бастамасы бойынша Республика Үкіметінің қаулылары және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қолдану туралы Заң қабылданады. Осы кезеңде мемлекет қорғауына 25 мыңдай тарихи археол., сәулет, қала құрылысы, монументтік өнер ескерткіштері алынып, ескерткіштер бар қала және тұрғын мекендердің тарихи қала құрылыстық 28 жоспары жасалып, Тарихи-мәдени ескерткіштердің Шымкент (бұр. Оңт, Қаз. обл, қ. Түркістан обл.), Жамбыл обл. бойынша жинағы әзірленді. Т. бастамасымен және тікелей қатысуымен Мәдени мұра нысаналарын зерттеу, қорғау және реставрациялау саласында 50 мекеме құрылды. 1993 ж. ҚР Мәдениет мин. Тарихи-мәдени мұра департаменті құрылып, Үкімет қаулысымен Т. директоры болып тағайындалды. 1981 ж. ИКОМОС-тың қазақ белсенді тобын басқарды, 1984-96 ж. ИКОМОС-тың Аймақтық кеңесінің Орта Азия республикалары, Қазақстан, Әзірбайжан бойынша Төрайымы болып сайланады. Т. жетекшілігімен қазақстандық көптеген мамандар шет елде тәжірибеден өтті. Түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау бойынша ТҮРКСОЙ бағдарламасын, т.б. көптеген ілгері іс-шаралардың белсенді жетекшісі болды. Алматыда көшпенділер өркениеті және әскери өнер мұражайының құрылуына ат салысты. Т. 3 монография, 200 мақала, бірқатар мәдени мұра бойынша ғыл.-көпшілік фильмдер шығарды.

Әдеб.: Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. – А.-А.:

«Өнер», 1989; Туякбаева Б., Проскурин А. Мирозренческие основы функционально-планировочной структуры ханаки Ахмеда Ясави // Памятники истории и культуры Казахстана. – А.-А.: «Казахстан», 1989; Проскурин А.Н., Туякбаева Б.Т. Историко-архитектурное наследие г.Туркестана // Отан тарихы Отечественная история. – №3. – 2000; Туякбаева Б.Т., Проскурин А.Н. О цитаделях города Туркестана // ИМОННАН РК: Сер. общественных наук. No1. – 2000; Туякбаева Баян Туматаевна// <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

Д.Мұстапаева

ТҮЛКІБАС ОБАЛАРЫ – Қазақстандағы әр түрлі кезеңнен қалған обалар тобы. Түркістан обл. Түлкібас ст-сының жанында. 1940 ж. Тараз қ-ндағы көне ескерткіштерді зерттеу бөлімінің меңгерушісі Г.И.Пацевич зерттеген. Он екі жерден жүзге жуық обалар картаға түсіріліп, тұрғындардың өмір сүрген мезгілі шамамен анықталған. Т. о-ның ауданы 15x20 м-ден 30x56 м-ге дейін жетеді, биікт. 0,5 м, 1,5-2 м, 5-16 м. Обалар әр жерде топ-топ болып тізбектеле орналасқан. Бұлардың биікт. мен аум-ның әр түрлі болуы әр мезгілде өмір сүргенін дәлелдейді. Мәселен, биікт. 1-16 м-ге дейінгі тізбек обалар б.з.б. 6-5 ғ-дағы сақ тайпаларының болса, биікт. 1-3 м-ге дейінгілері түркі дәуіріне жатады деп тұжырымдалады.

Әдеб.: Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

Ш.Құрманбаева



Түлкібас



Түлкібас жайлауы

ТҮРКІБАС – Тарихи деректерге қарағанда Арыс пен Құлан өзендерінің құйылысындағы қос өркешті тау. Т. тауының ежелгі аты Т-ы болған. Түркістанға ғыл. іссапармен келген академик В.В.Бартольд 1883 ж Т-қа арнайы ат басын бұрып, аймақты аралап көріп, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, бұл жердің ертеректе Т-ы аталғанын, ал Түлкібас атауының кейінірек жаңылыс айтылғанын алға тартты. Т-ы атауы Батыс Түрік қағанаты мен оның алғашқы билеушісі Естеми қағанға байланысты. Естеми қаған шашамен 556 ж. сол кезде Екі тауға шатырын тігіп, оның етегіне ордасын орналастырып қала салған. Естеми қағанның ордасына, Екі таудың басындағы алтын-жібек шатырына 558 ж. византиялық елші Земарх бастаған адамдар келген. Құдіретті Естеми қаған орда тіккен Екі тау – ақбас Алатау мен қарт Қаратаудың төс түйістерген тұсында, тарихи Жібек жолының бойына орналасқан Т-ы академик В.В.Бартольд айтатын Мыңбұлақ пен Жүзбастаудан алыс емес. Ал, Қытай деректерінде аты айырықша аталатын шөбі шүйгін, аң-құсы мол Мыңбұлақ жері көк түріктердің негізін қалайтын он ақтардың ордалы ордасы нәм қағанның жаз жайлауы болған. Қытай саяхатшы-

сы Сюань-Цзянь өз жазбаларында көк түріктердің қағанын Мыңбұлақтағы жайлауында көргенін айтады. Т. өлкесін тас дәуірі замандарында алғашқы адамдар мекендеген. Т. тауынан 40 шақырымдай батыс жағындағы Қараұңгірді, осыдан 7 мың жыл бұрын, неолит адамдары тұрақтанған. Арыс өз-нің басы мен орта ағысы аралығында 1964-70 ж. жүргізілген археол. жұмыстар 20-дан аса тас, қола, темір замандарында өмір сүрген адамдар тұрағын ашқан. Т-ыда ежелгі замандарда киелі танылып, адамдар Тәңірге табынған жерлер көп. Тарихи деректерді негізге алсақ Т-ы өлкесінің Жамбыл және Түркістан обл-тарының жерін қамтитынын көреміз. Аталған екі облысқа ортақ тарихи өлке шығысында Жуалы ауд-ның Теріс өз. алабындағы Күркісудан басталып, Кіші және Үлкен Қаратау жоталары мен Арыс, Масат, Сайрамсу өзендерінің алабындағы аймаққа орналасқан. «Манас» дастаны текті бабалар тарпаңды тағалап мінген түркілік дәуірді «Т-ы» атауымен байланыстырып, кеңінен толғайды. Дастанның С.Оразбақов нұсқасында Ташкентті билеп тұрған Қытай әскерінің қолбасшысы Панус ханның қалың қолымен түріктердің шайқасы баяндалады. Дастанға құлақ түрсек, шайқас қызған

тұста Манастың кеңесшісі Бақай қытай қолындағы тамырхас руларға ұран тастайды. Түрік пен моңғолдың туыс екенін еске салып, бауырларды бірлікке үндейді. Мұны естіген қарсы жақтағы түркі руларының көсемдері кеңес құрып, ақылдаса келе, төрт жүз мың әскерден құралған қалың қолды алып кетеді. Осылайша Ташкенттен жеткен жаужүрек жауынгерлер Манастың баһадүрлерімен бірігіп, жауды қоршайды. Үш күнге созылған қанды шайқаста жау жағы күйрей жеңіледі. Дастанда: «Қазақ – қырғыз бірікті, алты жүз мың қол болып, арада қытай қамалып, бұрынғы аты Жылан су, Түрік – оғлы түмен барғаны, бас қосты бәрі түрік деп, Жыланды аты жоғалып, Түркібас атқа қалғаны», - деп Т. атауының шығуына мән беріледі. Арыстың бойындағы Ұлы Жібек жолымен 846 жылға дейін өткен араб географы, саяхатшы ибн Хордадбек қазіргі Түркібас ауд. жерінде бұрындары Шарабкент, Бадухкент, Тамтадж (Түркібасы), одан шығысқа қарай 25 шақырым жердегі Мыңбұлақта Абарджадж қалалары болғанын жазып кеткен. 10 ғ-дың басында, Бағдад Халифінің сарай қызметкері Қудама ибн Жафар Тамтадж қ. қамыс өскен өзен (Арыс) бар ашық жерде деп жазбасында көрсеткен екен. Осы жерде 1947-51 ж. археол. жұмыстар жүргізілген. Азатлық колхозының шығысындағы көне Түркібасы қ-ның қалдықтары зерттелді. Қаланың ескі жұртын археологтар шартты түрде колхоз Азатлық атаған. Ауыл кеңес үкіметі кезінде колхоз болып құрылғанға дейін Т. атанған.

Әдеб.: Бартольд В.В. Отчет от Командировки в Среднюю Азию. – М., 1986; Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. – А., 1998; ONTUSTIK QAZAQSTAN №46 – 47. 20 наурыз, 2018.

М.Миразов

ТҮРКІСТАН I (Азрет, Торкустан, Түргістан, Түргүстан, Түркастант, Түркестант, Туркустан, Тюркюстан, Тюрюкстан, Йаси, Йассы, Ясси, Ясу, Ясун, Йасы, Эссия) – қазіргі Түркістан қ-ның оңт.-шығыс бөлігінде орналасқан Ескі-Түркістан қ. Ауданның геогр. координаттары: 42Т 440755, 4794153. Кейінгі ортағ-дың кезеңі мен жаңа уақыт аралығында қала бірнеше атымен белгілі болды. 18 ғ-дың ортасында П.И.Рычков жазғанындай, Т. «және тағы бір атауы – Ясси, ол Түркістан атауынан ескірек болуы керек». Йасы урбонимы, Асон ретінде 1255 ж. армян патшасы Хетумның I сапарының сипаттамасында алғаш рет айтылған. Монғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде мұндай атауы бар елді мекеннің болғанын Хорезм шахы Мухаммад ибн Текештің монеталарындағы Йасы ақша сарайының белгілері мен Қожа Ахмет Яссауидің нисбінің болуы дәлелдейді. 17 ғ. тарихшысы Махмуд Ибн Вали былай деп жазды: «Бүгінгі Түркістан – қарапайым халық Йасы деп атайтын Сакси қ.». Археол. зерттеулер ертедегі Йасы ежелгі Күлтөбе қалашығының орнында орналасқанын көрсетті. Йасы 14 ғ-да шағын қала болып қалды. 14 ғ-дың соңында - 15 ғ-дың басында мұнда Қожа Ахмет Яссауи кесенесі-ханакасы салынды, цитадель қабырғалары тұрғызылды, ақша соғу сарайы жұмыс істей бастады. «Фатх-наме» деректері бойынша, мұнда Молда Шади және «Шайбани-наме» бойынша Камал әд-Дин (Шир) Али Бинаи тұрған, сондай-ақ осында Тимурид өкілі Ахмед сұлтанның резиденциясы орналасқан. Кейінірек қала Т. аймағындағы Шайбанид өкілдерінің орт. болды. 15 ғ-да басталған Орт. Сырдария қалаларының құлдырауы айасында Йасының ірі аймақтың саяси, әкімш. және экон. орт. ретінде маңыз-

дылығы артты. 16 ғ-дың басында Рузбихан Исфхани оның жаңа рөлін атап өтті: «Йаса қ. – қасиетті Қожаның ғибадатханасы болып табылатын, тарихшы Махмұд әл-Кавви (1582 ж. қайтыс болған) ол туралы «Түркістан патшасының» тұрғылықты жері деп жазды. 16-17 ғ-дың соңындағы жазбаша дереккөздерде Йасы бірде «Йасы бекінісі», бірде «Түркістан бекінісі» деп аталды. Қаланың екінші атауының пайда болуы оның мәртебесінің өзгеруіне байланысты болды. Енді Йасы қ-на қатысты талап-арыздар Т-ның бүкіл аймағына қатысты болды. Т. деген атау аймақтың негізгі орт. болып табылатын астананың атымен байланысты болды, ол қаланың екі атауларының параллель аталуына, содан кейін Т-ның «Йасы» деген атауының ішінара ауыстырылуына әкелді. Дегенмен Йасы урбонимі 18 ғ-дың дереккөздерінде кездеседі. Жергілікті тұрғындар арасында тағы бір атауы – «Әзірет» кеңінен қолданылды. Бұл урбонимның шығу себебі Т-да Қожа Ахмет Яссауидің әйгілі қабірінің болуы және оның құрметті атауы Хазрет-Т., қысқа нұсқасында Азрет болды да қала аттарының біріне айналды. Ескі Т-ның солт. шығыс бөлігінде орналасқан Ахмет Яссауидің ханакасы 15 ғ-да дала әулеті өкілдерінің жерленетін пантеонға айналады. Ахмет Яссауидің қабірінің басына Темір салған ғимаратта көптеген өзбек хандарының және олардың әйелдерінің қабірлері орналасқан. Ханкадан алыс емес жерде Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбілқайырдың әйелі Рабия Сұлтан-Бегімнің кесенесі тұрғызылған. «Хазрет сұлтан Қожа Ахмет Яссауи мешітінің үлкен күмбезі астында мешіттің ұңғымасы алдындағы таста Аман Бикенің тас мүсіні болды», ол Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханның

қызы болған. Йасы-Т. 1579 ж. қазақ ханы Хақназарға (1551-80) тиесілі болды. Кейін бұл жерге біраз уақыт Бұхара билеушісі Абдулла хан (1583-98) орнықты. Ол Т. қалаларының басшылығына өз өкілдерін тағайындады. Ахмет Яссауи кесенесін жөндеуді соның атымен байланыстырады. Т. қ-на бас ордасын орналастырған қазақ билеушілерінің біріншісі – Есім хан (1598-1613/14, 1627-28). Хиуаның монархы және болашақ атақты тарихшы Абу-Ғази Бахадур хан (1583-1655) Есім ханның Т-дағы резиденциясына барған үш айлық сапары туралы жазған. 1613-14 жылдарда қазақтардың аға ханына айналған Тұрсын-Мұхаммед (1613 / 1614-27) Ахмет Яссауидың ұрпақтарына берілген артықшылықтарды сақтап қалды. Т. шейінде 19 ғ-дың соңында сақталған 15 құжаттың ішінде қазақ ханының кесененің қамқоршыларына 1035 хиджра ж. жазған хаты бар. 17 ғ-дың соңғы ширегінде - 18 ғ-дың басында Т. – қазақтың ханы Тәукенің мекендеген жері болды. Саяхатшы Н.Виценнің «тәжірибелі адамдар» сауалнамасына сәйкес жасалынған сол уақыттағы қаланың сипаттамасы назар аударарлық: «Ол сүмен қоршалған, топырақты дөңгелектер құммен, тегіс ротондалармен қапталған. Тевки-хан үйінің ротондасы күйген кірпіштен салынған. Қаланың қақпаларына дейін алты ротонда бар, олар шикі кірпіштен жасалған. Қаланың қабырғалары басқа қалалармен салыстырғанда өте мықты. Периметр бойынша қабырғасының ұз. бір шақырымнан асады, бұл неміс милясының шамамен бестен бір бөлігі». 1743 ж. м. Карл Миллер құрастырған Т-ның жоспарына сәйкес, қала мұнаралар түріндегі алты қақпасы бар қабырғамен қоршалған. Қаланың ішіндегі мұнарасы бар қабырғамен қоршалған үшбұрышты жер болды,


ол «ханово» сөзімен белгіленді. Т. бекінісінің қабырғалары Тәуке ханға 1681-84 ж. болған жоңғар әміршісі Ғалдан Башоқты ханның әскерлерінен қашуға мүмкіндік берді. Ол Оңт. Қазақстанға үш рет басып кірген болатын. 1715-18 ж. Т. – Тәукеннің мұрагері, жаңа қазақ ханы Қайыптың (1715-18) мекендеген жері болды. 1719 жылдан 1724 жылға дейінгі кезеңде ол аға хан Әбілқайырдың (1719-48) резиденциясы болды. 1723 ж. Т-ды жоңғарлар басып алды. Бір жылдан кейін Әбілқайыр оны Жоңғарлардан босатты және шамамен бір жыл қала мен оның айналасындағы ауылдарды өз бақылауында қалдырды, бірақ 1725 жылдың басында қарсыластардың әлдеқайда жоғары күштерінің қысымымен Оңт. Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болды. 18 ғ-дың 20-жылдарының аяғынан бастап ғ-дың соңына дейін Т. келесі қазақ хандарының бас ордасы болды: Тауке ханның ұлы Самеке (1729-37), оның ұлы Сейіт (1741-44), Болат Ханның ұлы (1712-23-ке дейін) Әбілмамбет 1744-57, 1762-70), ол билікті 1762-70 ж. Самекенің тағы бір ұлы – Есіммен бөліскен; Уәли-сұлтанның ұлы Абылай (1771-80 ж.), Әбілмәмбеттің ұлы Тәуке (1784-97 ж.). Осы қалада қазақ хандары қаладағы, оған іргелес жатқан аграр. елді мекендердегі және көшпелілердің көрші ауылдарындағы қоғамдық тәртіпті бұзушыларға тікелей сот жүргізіп, жазалады; көбінесе шетелдік елшіліктерді қабылдады, көшпелілер ақсүйектерінің ірі құрылтайларын өткізді, осы жерден көбінесе өздерінің елшілері мен пошта жасауылды көршілес елдерге жіберді. Мыс., 1763 ж. Т. қ-нда Қазақстан мен Орта Азияға қытай басқыншылығы қаупі төнгеніне байланысты құрылтай жиналды, онда кейбір дереккөздер бойынша, қазақ даласының алты мыңға

жуық ықпалды адамдары қатысты. Т. кейінгі ортағасырлық ортада қолөнер және сауда саласының басты орт. болды. 16 ғ. авторы Рузбихан Исфхани «тауарлар мен қымбат тауарлар Яши қаласына әкелінеді, сонда сауда-саттық орын алады және бұл қала (сатушылар) жүктерді босататын және елдерге саяхаттайтын жерлерге шығатын жер. 1743 ж. Т-ның жоспары бойынша қаланың арнайы салынған бөлімі керуен сарайы деп белгіленеді. Т. қ-н сипаттаған Н.Вицен: «Онда жәрмеңке бар. Тевки Ханның өзі сауданы ашу үшін атқа мініп, иығына жебелер мен садақтарды салып жүрді». 18 ғ-дың 30-40-жылдардың басында Т. қ-ндағы ханның басқарушысы қызметін орындаушы Нияз батыр Ресей өкілдерімен кездесу кезінде сауда мәселесін көтерді және «ең жақсы адамдар» атынан «олар Түркістанға ... және Ташкентке сауда-саттық кедергісіз жалғасуы керек» деген ынталарын білдірді. 18 ғ-дың 2-жартысында Кристофер Барданестің айтуы бойынша, Ұлы жүз қазақтарының кейбір бөлігі «Ташкенттегі, Түркістан, Тасанақ және Сусақ қалаларындағы үйлерде тұрды, бірақ олардың далада өздерінің шатырлары болды, олар жаз мезгілінде қаладан өз еркімен кетеді, қалалық өмірге үйренгендері кейбір қолөнер түрлерімен айналысады, сонымен қатар жерді жыртады және бидай, арпа, көктемгі бидай, тары, белоярлық бидай егеді...». Даладағы а.ш. өнімдерінің негізгі жеткізушісі – Т. аймағының қалалары болды, олар отырықшы егіншілер округтерінің орт-тары болып табылды және қазақ хандары билігінде болды. 17 ғ-дың аяғында Т-да болған Василий Кобяков: «Тевка ханның наны көп, бидай, арпа және тары, нан қыста және жазда егіледі». П.И.Рычков деректері бойынша Т-да «егістігінде би-

дай, арпа және мақта қағазы өседі». Қаланың айналасында мақта өсірілді. Н.Вицен осы қалада матаның өндірісі мен сауданың болғанын дәлелдейді: «Мұнда козак аудандарында бухарийлер шығаратын, қызыл және ақ түсті, төм. сападан жасалған мақта-маталарды саудалайды». 17 ғ-дың аяғында Түркістан қ-ндағы базарда олар «жақсы пансыри», «пищали», яғни тапаншалар сатты. «Олар жоғарыда айтылған елді мекендерде оқдәрі жасайды». 17-18 ғ-ларда Т. Орта Сырдария қалаларының арасында ең үлкені болды. Подпоручик А.Кушелевтің айтуы бойынша, 1739 ж. қалада мыңдаған үйлер болған. Кейінгі ортағасырлық қоныстың ауданы 88,5 га болды. 18 ғ-дың ортасында Т-нда үш мешіт болды, оның ішінде «біреуі ежелгі әрі жақсы жасалған және онда көп әртүрлі бөлмелері бар». Ескі-Т. қалашығының аум-нда Қожа Ахмет Яссауи кесене-ханакасы, соңғы ортағасырлық монша және мешіт бар. Археол. зерттеулер кесенелердің қалдықтарын, суфистік діни ғимараттарды қазып алды. Ежелгі Т-ның бойында алғашқы ғыл. сипаттамаларының бірін шығыстанушы Н.И.Веселовский қалдырды. Кейінгі ортағасырлық қаланың аум-нда алғашқы археол. қазба жұмыстарды 1928 ж. М.Е.Массон жүргізді. Елді мекенде 20 ғ-дың ортасынан бастап бүгінгі күнге дейін арасында шағын үзілістермен археол. зерттеулер өткізіліп келеді.

Әдеб.: Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – Алматы, 2007. – С. 64; С. 168; С. 263; С. 55; С. 54; Киракос Гандзакечи. История Армении. – М., 1976. – С. 224; Настич В.Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане XIII-XVIII вв. // Средневековая городская культура Казахстана

и Средней Азии. – А.-А., 1983. – С.143-152. С. 144–145; Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных. Введ., пер., примеч., указ. Б.А. Ахмедова. – Таш., 1977. – С. 244; Смагулов Е.А., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. – А., 1999. – С. 79-111; С. 114; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969. – С. 69, 101, 118; Извлечения из сочинений XII-XVI веков / История Казахстана в арабских источниках. Составление, перевод с арабского языка, комментарии А.К. Муминова. Т. 3. – А., 2006. – С. 158; Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии // Бартольд В.В. Сочинения. Т. 5. – М., 1968. – С. 183; Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясави // Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском ун-те. – Казань. Т. 13, вып. 1. 1896. – С.11-24. С. 18–19; Кожа М. Йасы-Түркістан тарихы. История Йасы-Туркестана. – А., 2000. – С. 29; Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан в XV-XVIII веках. – А.-А., 1969. – С. 5-49. С. 19; Маньковская Л.Ю. Некоторые архитектурно-археологические наблюдения по реставрации комплекса Ходжи Ахмеда Ясеви в г. Туркестане // Известия АН Каз. ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – 1960. Вып. 3. – С. 52-69. С. 69; Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т. 5. – А., 2006. – 195-б.; Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. – СПб., 1870. – С.21–22; Витсен Н.С. Северная и Восточная Тартария // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.6. – А., 2006. – С. 66-67; С. 68; Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – А., 2001. – С. 8; Моисев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. – А.-А.: «Гылым», 1991. – С. 52; Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.) / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв.Т.1. – А., 2005. – С. 297; Док. № 264-267; С. 430; С. 405; Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999. С. 123–125; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – А.-А., 1961. – С. 36; С. 163–164; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середина XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казах-



Түркістан қаласының макеті

стана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Ун-ту по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – А., 1997. – С. 113, 118–120, 129; Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.2. – А., 2007. – С. 297; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 33-34, 128; Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII. – А.-А., 1988. – С. 105; История Казахстана в персидских источниках. Т.5. – А., 2007. – С. 208; Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) – А., 2009. – С.76; Кожа М. Н.И. Веселовский о древностях Южного Казахстана. Veselovskiy on Antiquities of South Kazakhstan // Вестник Международного ин-та центральноазиатских исследований – ЮНЕСКО. – Самарканд, 2008. № 8. – С. 3-14. С. 3-14; Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда в городе Туркестане // Известия Среднеазиатского Общества. Т.19. – Таш., 1929. – С.39-45. С. 39-45.

М.Қожа

ТҮРКІСТАН II – қала, Түркістан обл-ның әкімш. орт. (19.06.2018). Аум. – 19,6 мың шаршы км. Қазақстандағы ірі мегаполистер қатарындағы Шымкент қ-нан 170 км.

қашықтықта орналасқан Т. қ-ның шығысы тарихи Отырармен, солт. Кентау қ-мен және Созақ ауд-мен, батысы Қызылорда обл-ның Жаңақорған ауд-мен шектеседі. Қала халқының саны – 164,5 мың адам. Ұлттық құрамы: қазақтар – 117,8 мың (72,1%), өзбектер – 41,8 мың (25,6%), орыстар – 1,5 мың (0,8%), және басқа халықтар – 2,6 мың (1,5%). Демографиялық жағдайы: 2018 ж. дерек бойынша халықтың табиғи өсімі 3,7 мың адам (дүниеге келгендер – 4,4 мың адам, қайтыс болғандар – 0,7 мың адам); миграц. өсім 995 адам (көшіп келгендер – 2340 адам, көшіп кеткендер – 1345 адам). Қазақ халқының тарихында айрықша орын алатын Т. қ. 16-18 ғ. Қазақ хандығының астанасы болды. Т. Орта Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Түркі халықтарының рухани-мәдени орт. болған қаланың ежелгі аты – Йасы. Т. қ-ның маңы 4-9 ғ. Шауғар/Шавғар аталғаны араб жазбаларынан белгілі. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танразидің: «Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XIғ. бастап қала орт. Йасыға көшті», - деген дерегі археолог-тарихшы



Түркістан қаласының макеті

ғалымдар тарапынан расталып отыр. Қаланың іргетасы б.з. 1-мыңжылдықтың бас кезінде қаланған. Т. қ-ның б.з.б. 2-3 ғ-ларда-ақ ірі мәдени және рухани орт. болғандығы туралы да болжамдар бар. Археол. зерттеулер Т. қ-ның тарихы тереңнен басталатынын дәлелдеп отыр. Т. қ-ның маңындағы тас дәуірінен жеткен Шоқтас, Қошқорған ескерткіштері бұл өңірде адамзат кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Б.з.б. I мыңжылдықта Т. қ. төңірегін Қазақстанның басқа да өңірлеріндегідей Андронов мәдениетін жасаушылар мекен еткен. 6-8 ғ. Т. өңірі Түрік қағанатына қарасты, 9-11 ғ. қарлұқтар мен оғыздарға қарасты болды. Т. Түркі халқының ұлы ойшылы Қожа Ахмет Ясауидың заманында қала ірі мәдени және білім-ғылым ошақтарының бірі болды. Йасы қ-нда өмір сүріп, шығармашылықпен, ислам дінін уағыздаумен, діни білім берумен айналысқан Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін оның қабірі басына кесене тұрғызылады. Т. бүкіл түрік тілдес халықтардың діни орт.на айналып, «Хазрети Түркістан» немесе «Кіші Мекке» атанады. 15-17 ғ.

дереккөздері бойынша оның ортаңғы ағысы бассейні Т. деп аталғаны белгілі. Өңірдің ірі сауда және қолөнер орт. деңгейіне көтерілген Т. қ. 16 ғ-дың соңына қарай Қазақ хандығының астанасына айналады. Қазақтың белгілі хандары мен билері, қолбасылары мен батырлары Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленді. 1819-64 ж. Қокан хандығының қол астына қараған Т. қ-ның аум. 10 гектар шамасында болды. 12 мұнара мен 4 қақпасы бар балшықтан соғылған қамалмен қоршалған қала аум-нда 20-ға жуық мешіт, 2 медресе, 2 базар, 22 су диірмені, 5 мыңдай тұрғыны болғаны жайлы деректер сақталған. 1864 ж. 11 маусымда Т. қ-н Ресей патшалығы жаулап алғаннан кейін, 1872 жылдан бастап уездік қала аталады. 20 ғ-дың басында Т-ның аум. 1400 гектардай жерді қамтыды. 1903 ж. Т-да темір жолы вокзалы салынды. 1908 ж. 3616 үй, 41 мешіт, 2 класты қалалық уч-ще, қыздар уч-щесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болған. Қала халқы 1910 ж. 15236 адам болды. Өнеркәсіп және сауда орындарынан 1912 ж. мақта тазалайтын, 10 май шайқайтын, 8

сабын қайнататын, кірпіш з-ттары, 15 су диірмені жұмыс істеді. 1918 ж. 6-9 қаңтар аралығында Т-да қ-нда өткен Сырдария обл. қазақтарының съезінде Сырдария обл-ның Алаш автономиясына қосылу мәселесі каралып, Сырдария қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда Т. қ. Алаш астанасы болады деген шешім қабылданады. Т. қ. 1928 жылдан Т. ауд-ның әкімшілік орт. болды. Қалада жөндеу-механик, мақта тазалау, жем, кірпіш з-ттары, темір-бетон бұйымдарын шығаратын, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар т.б. кәсіпорындар жұмыс істеді. Орта білім беретін мектептер, арнаулы білім беретін оқу орындары, кітапханалар мен мәдениет орындары, денсаулық сақтау орындары жұмыс істеді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін көне Түркістан өңірін дамыту мәселесі қолға алына бастады. 1991 ж. «Әзіреті Сұлтан қорық-мұражайы», Қожа Ахмет Ясауи атынд. Т. Мемл. ун-ті (қазіргі Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-ті) ашылды. ЮНЕСКО шешімімен Т. к-ның 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді. Т. қ. 2017 ж. ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен «Түркі әлемінің мәдени астанасы» атанды. Бұл Түркістан өңірінің түркі халықтары тарихындағы, түркі руханияты мен мәдениетіндегі айырықша маңыздылығын сипаттайды. Облыс орт. мәртебесіне ие болған Т. қ-н әлемдік деңгейдегі тарихи-мәдени орт. ретінде дамыту үшін «Көне Түркістан» тұжырымдамасы жасалды. Оның басты бағыттарының бірі – туристік индустрияны дамыту. Әкімш. аум. 9,4 мың шаршы шақырымды құраған Т. қ-ның шығыс бөлігінен жаңа қалашық салу үшін 670 гектар жер бөлінді. Т. қ-ның жаңа келбетіне ортағасырлық дәстүрге сай шығыс үлгісіндегі әсем ғима-

раттармен қатар заманауи архитектура үлгісіндегі көпқабатты ғимараттар салу жоспарлануда. Т. өңірінің әлеум. және экон. дамуын қарқынды жүргізудің барлық тетіктері жан-жақты қарастырылып, басым бағыттар бойынша ауқымды жұмыстар жасалуда. Тұрғын үй құрылысы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдени нысандар құрылысы жұмыстары жүргізілуде. Т-ға әлеуетті шетелдік инвесторларды тарту бағытындағы халықар. бизнес-форумдар, дипломатиялық өкілдермен, шетелдік ірі компания басшыларымен іскерлік кездесулер жүзеге асырылып, екі жақты меморандумдар түзілуде. Түркі өркениетінің жалпыадамзат өркениетіндегі маңызын көрсетуге, тегі бір түркі халықтарының ортақ тарихы мен мәдениетіне, қазіргі түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы мен өзара ықпалдастығын нығайтуға бағытталған саяси-дипломатиялық, мәдени және ғыл. шаралар ұйымдастырылуда. Бүгінгі Т. қ. түркі руханиятының тұтастығын айқындайтын тарихи, рухани-мәдени тұғыр қызметін атқаруда.

Қазіргі Т-ның экон. жағдайы: өнеркәсіптік өнімнің көл. 9,2 млрд. тенге, өсу көл-нің индексі – 106,4 % (2017 ж. деңгейімен салыстырғанда); ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көл. 4,5 млрд. тенге, өсу көл-нің индексі – 105,4 % (2017 ж. деңгейімен салыстырғанда). Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы: жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің саны – 9,8 мың бірлікті құрайды, 2017 жылмен салыстырғанда 96,6 %. Білім беру және мектепке дейінгі тәрбие: жалпыға бірдей білім беретін мектептердің саны – 35, олардың 2 жекеменшік мектеп, оқушылардың саны – 39052; қалада 100 мектепке дейінгі тәрбие мекемелері жұмыс

істейді; ЖОО-ның саны – 1, студенттердің саны – 7949; арнаулы кәсіби және кәсіби-техникалық білім беретін оқу орындарының саны – 11, білім алушылардың саны – 8753. Діни жағдай(дәстүрлі және дәстүрлі емес бірлестіктер): Т. қ-нда 3 діни бірлестік (немесе филиалдары) жұмыс істейді – 1. Қазақстан мұсылмандарының Дін басқармасы; 2. Қасиетті-Никольск шіркеуі; 3. Т-дағы жергілікті Евангелие баптистерінің діни бірлестігі «Махаббат қауымдастығы». Саяси партиялар: саяси партиялардың 4 филиалы жұмыс істейді – 1. «Нұр Отан» партиясының Т. қалалық филиалы; 2. «Ақжол» Қазақстанның демократиялық партиясының Т. қалалық филиалы; 3. «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының Т. қалалық филиалы; 4. Жалпыхалықтық социал-демократиялық партиясы. Этномәдени бірлестіктермен жұмыс: қалада 23 үкіметтік емес ұйым жұмыс істейді, олардың 3 этномәдени орт. – Т. қалалық «Өзбек мәдени орт.», Түрік мәдени орт. «Ахыска», Т. обл. «Славян мәдени орт.», 20 қоғамдық бірлестік. Бұқаралық ақпарат құралдары(газет, журнал, телеарна, радио, интернет-сайттар): қалада 9 БАҚ жұмыс істейді, олардың 7 газет – «Түркістан»/«Туркистон», «Ұстаз», «Түркістан ұланы», «Тұран-ақпарат», «Ясауи мұрасы», «Аймақ», «Ясауи үн-ті»; 2 телеарна – обл. «Оңтүстік» телеарнасы, жергілікті «Тұран – Түркістан» телеарнасы. Көне Т-ның қазыналы тарихы – қайта түлеу жолындағы бүгінгі Т. өңірінің мәдени және саяси-экон. дамуының рухани өзегіне алынуда. Т. қ-н түркі әлемінің мәдени-рухани орт. ретінде дамыту мәселесіне айрықша басымдық берілуде.

Әдеб.:Түркістан. Халықар. энциклопедия. – Алматы, Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2000. – 656 б.; Тамыры терең Түркістан.

ғыл.-танымдық альбом. –Астана: «Нұрнама», 2018. – 312 б.; Оңтүстік Қазақстан – 2017: Айшықты оқиғалар. –Алматы: Қазығұрт, 2018. –272 б.; Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи орындары мен киелі жерлері. Фотоальбом. – Шымкент, 2017. –266 б.; Түркістан облысының ресми сайты: <https://ontustik.gov.kz/kk>.

М.Ескеева

ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ (Түркістан мұхтарияты – Қоқан автономиясы) – Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі билеуін қамтамасыз ету мақсатында 1917 ж. 28 қарашада Қоқан қ-нда құрылған Ресей Федеративтік мемлекеті құрамындағы ұлттық-демокр. мемл. құрылым. Оның өмірге келуіне Ташкентте билік басына келген кеңес өкіметінің Түркістан халықтарының өзін-өзі билеу құқын мойындамауы түрткі болды. 1917 ж. Қазан төңкерісі жеңген соң, 22 қараша күні Ташкентте өз жұмысын аяқтаған Түркістан өлкелік 3-кеңестер съезі өлкеде Кеңес билігінің орнағанын, соған байланысты Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылғанын, өлкедегі биліктің ендігі уақытта соның қолына өтетіндігін мәлімдейді. 14 мүшесі бар бұл үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарының бірде-бір өкілі енгізілмеді. Патша өкіметінің отарлық саясатының жалғасы болған бұндай шовинистік әрекеттерге жауап ретінде «Шурои-Исломия» (Мұсылмандық кеңес –Мусулманский Совет) Түркістан ұлттық саяси қозғалысының көшбасшылары М.Шоқай, М.Бехбуди, С.Лапин, Мұнауар Қары, М.Тынышпаев, т.б. 1917 жылдың 26 қарашасында өлкедегі ірі қаржы орт-на айналған Қоқан қ-нда Түркістан мұсылмандарының 4-съезін шақырды. Съезге Ферғана обл-нан 150, Сырдариядан 22, Самарқаннан 21, Закаспий обл-нан 1, Бұхарадан 4 делегат қатысты. Съезд аяқталар кезде делегаттар-

дың саны 250-ге жетті. Съезге қалалық думалардың депутаттары, татарлардың өлкелік бюросы, өлкелік «Паолей Сион» еврейлер ұйымының өкілдері де қатысқандықтан оны тек жергілікті халық өкілдерінің съезі деп атауға болмайтын еді. Съезге «Түркістан өлкесіндегі әрбір ұлттық одақтар мен қоғамдардың өкілдері» қатысқандықтан ол «10-миллиондық Түркістан тұрғындарының мүддесіне жауап беретін шешімдер қабылдауға құқылы» болды. М.Шоқай: «осы съезд түркістандық ұлттық бірлікті толық танытты», - деп баға берген. Кеңестік тарихшылар баға бергендей съезд ұлтшылдар мен діни фанатиктердің ала-құла жиыны емес, керісінше өлкедегі саяси процестерді жергілікті ұлттардың мүддесіне сай демокр. бағытта дамытуды мақсат тұтқан жиын болды. Съезд төралқасына М.Шоқай, У.Ходжаев, Ю.Агеев, С.Акаев, С.А.Герцфельд, О. Махмудов, И.Шоахмедов, Кичкинбаев, Камал қазы, Абдул Бадин, А.Оразаев, және т.б. сайланды. 27 қараша күні қабылданған үндеуде «Ұлы Ресей революциясында қарастырылғанда Түркістан халқының өзін-өзі билеу еркін білдіре отырып, автономияның түрін таңдау құқын Түркістан Құрылтай жиналысына бере отырып, Түркістанды Ресей Федеративті Республикасының құрамындағы Түркістан аум-тық автономиясы деп жариялайтындығы» туралы мәлімдеме жасалды. Съезд күн тәртібіне Ресеймен байланысты ұзу туралы мәселе қойылған жоқ. Түркістандық демократтар Ресейдің демокр. күштерінің көмегімен өлкеде экономикасы дамыған демокр. қоғам құруды мақсат етіп қойды. Үш күнге созылған съезд 28 қараша күні Түркістан өлкесін Түркістан автономиясы деп жариялап, Түркістан Құрылтайы шақырылғанға дейін барлық саяси биліктің Түркістан

Уақытша Кеңесі мен Түркістан халықтық (Ұлттық мәжіліс) жиналысының билігіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылдады. Түркістан Уақытша Кеңесі құрамы Түркістан өлкесінен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар санымен (олар 32 болатын) анықталды. Бұлардың арасынан 12 мүшеден тұратын үкімет жасақталуы тиіс болды. Халық Кеңесінің құрамына 54 орын бөлінді, сондай-ақ мұсылмандар съезі сайлаған өкілдермен бірге, қаланың өзін-өзі басқару ұйымдарынан 4 өкіл, түрлі өлкелік «еуропалық» ұйымдардан 18 өкіл енгізу ұсынылды. Осылайша, өлкедегі тұрғындардың 7 пайызын ғана құраған еуропалықтарға автономияның өкілді органының 1/3 мандаты бөлінді. Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұрған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметінің құрамын бекітті. М.Тынышпаев премьер-министр, ішкі істер министрі; И.Шоахмедов премьер-министрдің орынбасары; М.Шоқай сыртқы істер министрі; У.Ходжав әскери министр; Ю.Агаев жер істері және су ресурстары министрі; О.Махмудов азық-түлік министрі; А.Оразаев ішкі істер министрінің орынбасары; С.А.Герцфельд қаржы министрі болып тағайындалды. Ал 12 орынның қалған бөлігі Түркістанның еуропалық тұрғындарының өкілдеріне ұсынылды. Жас ұлттық мемлекеттіліктің Түркістан халықтық (Ұлттық мәжіліс) жиналысының құрамына жергілікті ұлттық саяси элита өкілдерімен бірге М.Шоқай, Қ.Қожықов, А.Оразаев, М.Тынышпаевтар енді. Съезд Түркістан өлкесіндегі барлық халықтардың құқығын сыйлап, қорғайтындығын мәлімдеп, өлкенің барлық мұсылман, орыс, т.б. тұрғындарын Түркістан автономиясы төңірегіне топтасуға шақырды. Түркістан автономиясы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық не-


гізде құрылып, жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын баянды ету басты мақсаты екенін жариялады. Түркістан автономиясының құрылуын Түркістан өлкесінің жергілікті халықтары зор қуанышпен қарсы алып, оған қолдаушылық танытуға даяр екендерін білдірді. М.Тынышпаевты алмастырып, Түркістан автономиясы үкіметінің төрағалығына тағайындалған М.Шоқай өлке халықтарын топтастыруға, үкіметтің халықар., саяси және қарж.қ жағдайын жақсартуға қатысты батыл шешімдер қабылдады. Т. а. басшылары халықалық байланыстармен бірге Алашорда үкіметімен қарым-қатынасқа да баса назар аударды. Осы мәселе 1918 ж. қаңтарда Түркістан қ-нда өткен Сырдария қазақтарының съезінде талқыланды. Съезд Сырдария обл. Алаш автономиясы жарияланғанға дейін Түркістан автономиясы құрамында болатынын білдірді және оның билік құрылымдарына облыстан өз өкілдерін ұсынды. Өлкедегі кеңестік биліктің басшылары П.Г.Полторацкий, Ф.Колесов, И.Тоболиндер Түркістан автономиясына ашық қарсылық танытты. Олармен жүргізілген келіссөздер нәтижесіз аяқталды. 1918 ж. 8 (21) ақпанда Түркістан өлкесінің әскери комиссары Е.Л.Перфильевтің басшылығымен жүргізілген әскери операция барысында Т. а. қарулы күштері талқандалып, 9 (22) қараша күні Орыс-Азия банкісінің ғимаратында Қоқанның ескі қала бөлігінің делегаттары кеңес өкіметін мойындайтыны жөнінде құжатқа қол қойды. Осылайша кеңестік билік Т. а-н қарудың күшімен талқандап, бірнеше үкімет мүшелерін тұтқынға алды. Қуғындау мен тұтқынға алудан аман қалған автономияшылар тау арасына кетіп, кеңестік билікке қарсы кеңестік тарихнама «басмашылық» деп айдар таққан қарулы күрес бастады.

Т. а. – Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың ұлттық тәуелсіз мемлекет құруға деген ұмтылысының алғашқы да ірі саяси тәжірибесіне айналды.

Әдеб.: Нұрпейісов К. Алаш нәм Алашорда. – А.: «Ататек», 1995. –256 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А.: «Санат», 1995. –368 б.; Агзамходжаев С.С. Түркістан Мұхторияты. – Таш., 1996; Түрсүн Х. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты. – А.: «Нұрлы әлем». 2006. –128 б.; Түрсүн Х. Алаш нәм Түркістан. – А.: «Ел-шежіре» ҚҚ., 2013. – 400 б.

Х.Түрсүн

«ТҮРКІСТАН АЛЬБОМЫ» – көптомдық фото-альбом. Бұл альбом Түркістанның бірінші ген.-губернаторы Константин Петрович Вон Кауфманның бұйрығымен құрылды. Көптомдық басылымға арналған материалдарды жинау екі жылдан астам уақыт бойы Ташкенттің әскери топограф. бөлімінде жүргізілді, онда әр плитаның литограф. бөліктері басылып шығарылды. Альбом 1872 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді және төрт бөліктен тұрды: археол. (екі томдық), этнограф. (екі томдық), Орт. Азия халықтарының кәсібі (коммерц.) және тарихи, оның ішіне бір мың екі жүздей бірегей фотосуреттер кірді. Шын мәнінде бұл – Орт. Азия тарихындағы этнография, қоғамдық өмір, архитектура және сол кездегі саясат туралы нақты айтып беретін ең ерте көрініс панорамасы болды. «Т. а-ның» алты томының әрқайсысы 45x60 сантиметрді құрайтын жасыл былғарымен қапталған үлкен фолиантты білдіреді. Басылымның әрбір бетінде жұмыртқаның ақуызы негізінде альбуминдік басып шығару технологиясы бойынша жасалған 1-ден 8-ге дейін фотосурет орналастырылды. Жарияланғанына бір жарым ғасырға жуық уақыт өтсе де, «Т. а-ның» Орта Азияның



тарихи және архит. құрылымдарына, осы өңірдің халықтары, олардың өмірі мен тұрмысына қатысты материалдарды қамтығандықтан, керемет ғыл., тарихи және көркемдік маңызы бар және ол шын мәнінде ортаазиялық деректі фотосуреттерінің «алтын қоры» болып табылады. Бұл басылым «библиографиялық сиректік» қана емес. Оның 140 жыл

бұрын басылып шыққан таралымы белгісіз және осы кітаптың барлық томдары мен бөліктерінің толық жиынтығы бүгінгі күнде тек үш жинақта ғана сақталды: Ташкенттегі Өзбекстанның Ұлттық кітапханасында, Мәскеудегі В. Ленин атынд. Мемл. кітапханасында және Вашингтондағы АҚШ конгресінің кітапханасында. Өзбекстан Ұлттық кітапханасы 2001 ж. және Америка Құрама Штаттарының Ұлттық кітапханасы 2007 ж. «Т. а-ның» барлық беттерін толық цифрлауын аяқтады.

Х.Тұрсұн, Э.Әлжанова

ТҮРКІСТАН БОТАНИКАЛЫҚ БАҒЫ

– Түркістан қ-нда 1994 ж. аум. 88 га құрайтын Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің құрамында құрылған. Бақ ун-ттің оқу-тәжірибелік және ғыл.-зертт. базасы, Қазақстан Республикасының оңт-ндегі мәдени-ағарту орт., қоршаған ортаны қорғаудағы, қалалар мен елді мекендерді көгалдандырудағы әдістемелік орт., еліміздің оңт-ндегі жеміс-жидекті өсімдіктердің ежелгі сорттарын сақтау және коллекц. орт. Интродукцияда бастапқы материалды дұрыс таңдаудың маңызы зор. Бұл жұмысымыз ассортименттерді таңдаудың И.О.Байтулиннің жасаған экол.-экстраполяц. әдіспен жүргізіледі. Түркістан қ. жағдайында интродукция үшін өсімдіктерді таңдау олардың шекті температуралық факторлардың абсолютті минимум (-250С), абсолютті максимум (+450С) дейін өмір сүру уақытымен анықталған.

Түркістан қ-нда өсімдіктерді интродукциялау үшін интродукц. жұмыстардың нәтижесімен алдын-ала талдау жүргізіліп, барлық ботан. бақтарда, Қазақстан және Өзбекстан дендрарийлерімен, арборетумдарымен, Новосибирск ботан. бақтарында өсірілген өсімдіктердің

жоғары жаздық және қысқы төмен температураға төзімділігі анықталған. Абсолютті төмен және жоғары температура диапазоны төзімділігі бойынша Түркістан қ-нда интродукциялау үшін ағаштар мен бұталардың перспективті ассортименті жасалды.

Бақта ботан. экспозиция құрылған: дендрарий, сиренгарий, розарий, қайындар шоғыры, кониферетум, жеміс-жидектер алаңы, су жағалауы және гүлді декоративті өсімдіктер. Түркістан ауд-ндағы ғыл.-тәжірибелік бақ – қолдан жиналған бағалы генофонд, ол болашақтағы ботан. зерттеулерге қызмет етеді. Қазіргі таңда Бақта ағаштар мен бұталардың, гүлдердің 160 түрі өседі, бұрын бұл өңірде өспеген және интродукцияланбаған әртүрлі өңірлерден әкелінген, сондай-ақ жеміс ағаштарының 28 тұқымдас, 59 туысқа жататын 92 сорты бар.

Бақ ун-ттің бөлінбес құрылымдық бөлімі, оқу үрдісінде оқу және өндірістік тәжірибелерде, студенттер мен магистранттардың дипломдық, ғыл.-зертт. жұмыстарына ауқымды мөлшерде қатыстыру жоспарланған. Ботан. бақ базасында қажеттілігі жоғары және сирек мамандықтар – дендролог, ландшафтник, өсімдіктанушы-ботаник, жемістанушылармен кәсіби дайындық жүргізіледі. Көшеттер мен гүлдерді, тропикалық және субтропикалық өсімдіктерді өсіру үшін оранжерея және тәжірибелік – оқу ж. жайы салынған. Түркия мамандарымен бірге өрік, жүзім, қараөріктердің жемісін өңдеудің жаңа технологиясы енгізілді. Бақ қонақтар мен туристердің көп аялдайтын орны, онда сәндік ағаштар отырғызылған 700 м созылған аллея жасалған. Бақ негізінде қала мен елді мекендерді көгалдандыру бойынша арнайы мамандар арасында семинар жүр-

гізіліп отырады. Ботан. баққа жыл сайын туристермен бірге Түркістан қ. және өңірлеріндегі мектеп оқушылары келіп тұрады.

Х.Тұрсун, О.Алтынбекова

ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР-ЛЫҒЫ – аймақтық әкімш. құрылым. 1865 ж. император Александр II бұйрығымен, жергілікті тұрғындардың жағдайымен танысып, олардың өмірі туралы біліп келуге Дала комиссиясы жіберілді. Дала комиссиясының пайымдауы мен жинаған материалдары бойынша, Т. г.-г-н Түркістан аймағынан және Семей обл-ның оңт. бөлігінен қалыптастыруға шешім қабылданды. Оның басқару негізі әскери және әкімш. биліктің бөлінбеуі және жергілікті тұрғындарға ішкі бақылау жасауды, саяси мәселелер болмаған жағдайда, өз қолдарына беру, сайлауды оның әдет-ғұрыптарына сай халықтың өз ішінен жүргізу болды. «Жетісу және Сырдария аймақтарындағы басқару туралы ереженің жобасы» негізінде Т. г.-г. әскери ведомстволардың қарамағында қалды және әскери билікке жүктелді. Жергілікті билік халық арасынан сайланбайтын болды. Патша құрған әскери-бюрократ. жүйенің негізінде айқын иерархия және оның барлық бөлімдерінің бір-біріне бағынуы жатты. Бұл жүйенің жоғ.сы – патша тағайындаған және Ресейдің Әскери министрлігіне қызметке бағынысты ген.-губернатор болды. Оның қолында хандықтарға соғыс жариялау немесе бейбіт келіссөздер жүргізу, жеңіп алған аймақтарда салықты тағайындау және жинау, жеңген аймақтарда басқаруды жүргізу құқығы бар жоғ. әскери және әкімш. билік болды. Оның қарамағында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, қазынаның жалпы сомасынан несиесіз ақшаны бе-

руге талап етуге құқылы ірі «төтенше» қарыздар болды. Ген.-губернаторды ұстау әр жыл сайын император тарапынан тағайындалды. Облыстың жекелеген бөлімшелерін басқару бойынша ген.-губернаторға мемл. меншікке қатысты жоғары басқару: кеңесшілерді, облыстық кеңестің жалпы қатысушылары мен уез басшыларын тағайындау және жұмыстан босату құқығы берілді. Бұдан басқа, оған сот орындаушыларының шекараларын анықтау, мешіттерді орнатуға рұқсат беру және қалалық әкімш.-тердің «жалпыға ортақ» мекемелерді әкімшілендіру үшін белгіленген ережелерді енгізуіне рұқсат берілді. Патшалық биліктің пікіріне сәйкес, ген.-губернаторға осындай ауқымды өкілеттіктерді ұсынуы жергілікті тұрғындар өмірдің барлық мүдделеріне сай келетін мықты биліктің болғанына үйренгендіктен, бірнеше басқарудың және ол ведомстволар арасындағы келіспеушіліктің болуын олардың әлсіздіктерінің дәлелдері ретінде қабылдайды деп есептегендіктен болды.

Осы тұрғыдан алғанда, 1871 және 1873 жылдардағы Түркістан аймағын басқару туралы заң жобалары ген.-губернатордың билігін нығайту туралы идеяларға толы болды. Түркістанның бірінші ген.-губернаторы инж.-ген., ген.-адъютант К.П. фон Кауфман болды (1867-82). Т. г.-г. екі аймаққа бөлінді: орт. Ташкент болған Сырдария және орт. Верный қ. болған Жетісу аймақтары. Аймақтардағы жергілікті әкімш.-терді әскери губернаторлар басқарды, сонымен қатар олар сол кезде аймақта орналасқан әскерлер санына байланысты, корпус немесе бөлімшелердің командирлері ретінде әскери басқарушы да болған. Әскери губернаторларды қызметке Әскери Министрінің ұсынысы бойынша және Ішкі

істер мин. және Т. г.-г.-мен алдын-ала келісу арқылы патша тағайындады және қызметінен босатты. «1867 жылғы ережеге» сәйкес, олар жергілікті халықтың алдында өңірлік биліктің маңыздылығын нығайту түріндегі, әкімш., полиция, сот және әскери билікті өз қолдарына жинап, халықтың бейбітшілігін қамтамасыз етудің барлық құралдарын шоғырландырып, ішіндегі кез-келген тәртіпсіздікке жол бермеді». Аймақтар, өз кезегінде, уездерге бөлінді, бұл патшалықтың басып алған жерлерінің аум-нтық бөлінуінің нәтижесі болды. Уездік басқару Т. г.-г. әкімш. құрылымының негізі болды. Сырдария обл. Түркістан аймағының солт.-батыс бөлігін алды. Ол солт.-нде – Торғай, Ақмола обл.-тарымен, шығысында – Жетісу обл.-мен, оңт.-нде – Ферғана, Самарқанд обл.-тарымен, Бухарамен, оңт.-батысында – Хиуамен, батысында – Арал теңізімен шектесті. Сырдария обл.-ның құрамына қазақтар мекендейтін Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата; негізінен өзбектер және ішінара қазақтар тұратын Ташкент және бірыңғай өзбектер тұратын Ходжент пен Джизак уездері кірді. 1887 ж. «Түркістан аймағын басқару туралы ереже» енгізілгеннен кейін Ходжент ауд. жаңадан құрылған Самарқанд обл.-ның бөлігі болды. Әрбір уез бен оның құрамындағы қалалары бойынша басқару уез басшысының қолында болды, сонымен қатар оған Түркістан обл.-ның әскери окр.-ндегі әскери басқару бойынша ережеге және арнайы нұсқауларға сай уездегі әскер де бағынды. Уез басшыларын обл. әскери басшылардың ұсынысы бойынша ген.-губернатор тағайындап, ауыстырды. Уез басшысы бір мезгілде полиция қызметкері, бастығы, жер басшысы, жер бөлімшесінің салықтық қатысу төрағасы қызметтерін атқарды.

Сонымен қатар, уез басшылары «басқа ел» басшылықтарын және «сайланған» лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін орындауын, олардың іс-қимылын басқару округте жолдар мен көпірлер салу және жөндеу, салық төлеуші бөлімшелерді есептеуді бақылау; мемл. жерді және салықтық баптарды басқару; «халықтық» сотты қадағалау, «өзін-өзі басқаруы» жоқ қалаларды басқару және басқа да міндеттерді орындады. Әрбір уездің тұрғындары болыстарға, ал болыстар ауылдық қоғамдарға бөлінді. Болыстарды болыстық басшылар басқарды, ал ауылдық округтер мен ауылдарды халық арасында үш жылға «сайланған» ауыл старшиналары (ақсақалдары) басқарды.

Әдеб.: ЦГА РУ. Ф.И-1. Оп. 25. Д. 15, л. 24; ЦГА РУ. Ф.И-1. Оп. 1. Д. 1821, л. 85; ЦГА РУ. Ф.И-1. Оп. 25. Д. 138, л. 5; ЦГА РУ. Ф.И-1. Оп. 27. Д. 659, л. 18; Объединенный Ведомственный Архив Министерства образования и науки РК /бывший ЦА АН. КАЗ ССР/ Ф.11. Оп.4. Д. 399, л. 3; ЦГА РК. Ф.4. Оп 1. Д. 488-а, лл. 1-3; Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII-начале XX вв. – А., 1996. С. 117; Проект всеподданнейшего отчета К.П.Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства. 7 ноября 1867 г. – 25 марта 1881 г., СПб., 1885. С.43.

Х.Түрсүн, Э.Әлжанова

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ҮЛГІДЕГІ СӘУЛЕТ ҒИМАРАТТАРЫ (19 ғ-дың екінші жартысы – 20 ғ. басы). 19 ғ-дың екінші жартысы мен 20 ғ. басында Түркістан ескі қала аум-ның солт. және шығыс тұсында еуропалық үлгідегі ғимараттар «Жаңа қала» құрылысы ретінде жалғастырылып салынды. 1875-1910 ж. салынған бұл құрылыстардан казарма, тұрғын үйлер, әкімш. ғимараты, депо, су мұнарасы, т.б. құрылыстар сақталып отыр. 1903-05 ж.

сәулет өнерінде «кірпіштік үлгі» деп аталатын үлгімен бір қабатты, қасбеті көшеге қаратылған кірпіштен қаланған тұрғын үйлер, қызмет көрсету кешені, темір жол емханасы, дүкен, т.б. құрылыстар да салынды. Темір жол бойында салынған қызмет көрсету кешені көп адамды тамақтандыру мақсатында қолданылған. Кейінгі кезеңдерде мектеп ғимараты қызметін атқарды. 1901-06 ж. Орынбор-Ташкент темір жолын салу кезеңінде вокзал аум-нда теміржолшыларға арналып салынған тұрғын үйлер осы кезге дейін жақсы сақталып, баспана ретінде қолданылуда.

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А-А., 1994; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – Алматы, 2000; Здания обслуживания в Туркестане //http://www.silkadv.com/ru/node/5831

Д.Мұстапаева



Түркістан теміржол станциясы



19ғ.соңы-20ғ. басындағы казарма ғимараты

ТҮРКІСТАН ДЕПУТАЦИЯСЫ – Түркістан обл. игі-жақсыларының 1867 ж. наурыз-сәуір айларында Санкт-Петербургке император ІІ Александрдың ресми қабылдауында болуы. Депутацияға дайындық 1866 ж. 13 қыркүйегінде басталып, 1867 ж. 31 сәуірінде аяқталған. 1866 ж. қыркүйегінде Орынбор ген.-губернаторлығынан ген-ад. Крыжановский және Скрипнев, кеңсе меңгерушісі Ходоровский Әскери министрге Түркістан өлкесі игі жақсыларының император ағзамның қабылдауында болып, орыс бодандығын қабылдағанына және азиялық деспотизмнен құтылғанына ризашылығын білдіру үшін депутациямен баруға рұқсат сұрап, барлық шығындардың жергілікті бюджет есебінен өтелетінін айта отырып, келісім беруді сұрайды. Мұндай депутация осыған дейін қазақ жеріндегі басқа облыстарынан да барған. Депутацияларды жасақтауға отарлық билік жаулап алған жерлеріндегі саяси ахуалды реттеу мақсатында ерекше көңіл бөлген. Ол әрекеттің астарында ел ішіндегі беделді адамдарға Ресей империясының құдіретін танытып, орыс қаруының күш-қуаты мен импер. биліктің сән-салтанаты арқылы олардың мысын басуды көздеген саяси мүдде бұғып жатты. 1866 ж. 5 қарашасында Түркістанның әскери губернаторына депутация құрамын жасақтауға байланысты мынадай ұсыныс жасалады: Түркістан қ-нан екі депутат, оның бірі Шейхұл Ислам, екіншісі Шымкенттен, Ташкенттен төртеу, соның ішінде Сайд Азим, Ходженттен екеу, оның бірі Қазы Калян және басқа қалалардан өз таңдауы бойынша екі адам. Депутацияның басшысы етіп полк. Сыровты тағайындау және барлық шығынды өздерінің көтеруі туралы хат жазылған. 1866 жылдың қаңтарында Түркістан обл. әскери губернаторының кеңсесі Орын-

бор ген.-губернаторына жазған хатында «алдын ала белгілеген депутаттардан басқа Ұратөбе, Жызақ, сонымен бірге облыстың оңтүстік қанатынд. қырғыздардан өкілдер қосылғандығы» көрсетіледі, депутация және оның қызметкерлеріне жеті тройка (үш ат жегілген пәуеске) бөлінеді. Ташкенттен Орынборға дейін 2000 верст, әр верстке 1,5 тиын және Орынбордан Санкт-Петербургқа дейін 2081 верст, әр верст 2,5 тиыннан. Жалпы бару және қайту шығындары 3301 рубль. Депутация бастығы войсковой старшина Сыров, тілмаш, хорунжий Байдоков, Депутацияның құрамы 16 адам, оның 9-ы сарт, 7-уі қырғыз болып белгіленеді.

Депутация мүшелерінің толық тізімі келтірілген. Олар мыналар: 1 Ташкент және оның аудандарынан – Сейт Әзім Мұхамедбаев, Беренхан Муддарис, Би Молда Құрлық (Қошық) Байтоқов, Би Егемберді. 2. Ходженттен – Қазы Калян, молла Насыр (саудагер). 3. Ұратөбеден аға Муфти. 4. Жызақтан Қарауылберді. 5. Шымкенттен – молла Марқа Ахун, Би Мәуленбек Шаубеков (Шойбеков). 6. Түркістаннан – Шейхұл Ислам Исанходжин – әулие Әзірет сұлтанның тікелей ұрпағы, тұрғындар арасында үлкен құрмет пен ықпалға ие. Орыс билігіне берілгендігімен ерекшеленеді және Қоныс Тілесов – Қоңырат тайпасының биі. 7. Иқаннан – ақсақал Ивин-амин сопы Шаиров – ақсүйек ұрпағынан. Иқан түбіндегі шайқаста орыстарға қолдау жасағандығы үшін қоқандықтар оны Ташкентке алып кетіп, зынданға салған. Ташкент орыстар билігіне өткеннен кейін босатылған. 8. Солт. шептен – Құдайберген би Баетов (майор) – Дулат тайпасының биі, 1864-65 ж. шайқастарға милиция құрамында қатысқан, майор шенін алған және Байтық би Қанаев (прапорщик). 9. Оңт. шептен – Өткелбай

би Исин (хорунжий) Перовск фортынан. Оларға қосымша алты қызметші болған, бірақ олардың есімдері аталмайды. Депутацияның құрамында Орынбордағы Неплюев гимназиясының түлегі, колледж кеңесшісі Бекчуринмен бірге сарттар мен қырғыздардың салт-дәстүрін, тілін жақсы білетін ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік Южаков қосымша тілмаштыққа тағайындалған. 1867 ж. ақпан айының соңында Ташкенттен шыққан депутацияға Шымкент қ-нда Әулиеата мен Бішкектің өкілдері қосылып, Түркістан қ-на келіп тоқтайды. Түркістан қ-нан шыққан депутация Перовский форты, Қазалы арқылы жүріп Орынбордан 1867 ж. 22 ақпанда Санкт-Петербургке аттанады. Императордың депутацияны қабылдауы 1867 ж. 29 наурыз сәрсенбі күні күндізгі сағат екіге белгіленген еді. Депутацияның ұйымдастыру жұмыстарына басшылық жасап жүрген Николай Андреевич Крыжановский: «Ұлы княздар Константин Николаевич пен Николай Николаевичтердің Түркістан облысының депутациясын алғашқысы 29 наурыз сәрсенбінің түс мезгілінде, екіншісі 31 наурыз жұма күні осы уақытта қабылдауды белгілегендігі», - туралы хабар алады. Түркістан депутациясы 4 сәуір күнгі діни рәсімге қатыстырылып, оларға император сарайы бағының ішінде часовняның қарсы бетінен орын бөлінеді. Ал 5 сәуір күні олар Санкт-Петербургтен елге аттанады. Патша ағзамның кеңсесіне депутация атынан бірнеше құжат тапсырылған. Олардың қаншалықты деңгейде қарастырылғаны жөнінде деректер кездеспеді. Солардың бірі «Түркістан облысының 59 мәртебелі тұрғыны мөрін басқан» «Гусударью Императору Всероссийской империй и Туркестанской области» деп аталатын хатта императорды мақтауға көп орын

беріліп, «өз қарамағына алуы арқылы Бұхара мен Қоқанның езгісінен құтқарғандығына» алғыс білдірумен аяқталады. Осындай мадаққа толы хат императордың жұбайына да арнап табыс етілген. Депутация мүшелері Түркістан обл. жеке тұлғаларының атынан императорға екі хат алып барған. Оның бірі ташкенттік Латиф Ғабдул, екіншісі черняевтік Бабақожа Ғалымқожинге тиесілі. Өтініш хаттардың қаншалықты орындалғаны белгісіз. Депутация 2 сәуір күні Императорға 11 баптан тұратын 9 парақтық ұжымдық өтініш жолдаған. Құжаттың бірінші бабында облыста сот билігін қалыптастыруда орыс сот билігімен қатар қазылар мен билер сотын сақтау, олардың ара жігін ажырату туралы нақты талап қойылса, салық жүйесіне қатысты Түркістан мен Шымкентті астыққа салынатын хараждан 3 жылға босатуды және Түркістан обл-нда түтін салығы 3 рубль екендігі, оны Орынбор, Алатау ведомствосымен бірдей етіп 1,5 рубльге теңестіруді сұрайды. Т. д. жөнінде сол кездегі «Московские ведомости» (1867 г. №52), «Петербургская газета» (1867 г. №57, 58), «Голос» (1867 г. №76) газеттері хабарлар ұйымдастырған. Майлықожа Сұлтанқожаұлы депутация тарихына қатысты «Датқалардың Петірборға баруы» деген тарихи жыр жазды. Барлығы алпыс шумақ, 242 жолдан құралған жырда депутация құрамындағы тұлғалардың көңіл-күйі, арман-мұраттары көркемдік тәсілмен жырланған. Жырдың мазмұнында «12 айлық Петірборға» сапар шеккен датқаларға Түркістан қ-ның төңірегіндегі игі-жақсылар арнайы сәлем беріп, олар бір-бірімен қимай қоштасады. Түркістанда «Датқалар атын тастап, мінді күйме» деген ақын сөзі құжаттарда да дәйектеліп тұр. Олар құжат деректеріне қарағанда Ташкенттен бастап, күймеге мінген.

Түркістан өлкесінде отарлық билік орныққаннан соң императордың құзырына барған алғашық ресми депутацияның қызметі тарихи оқиғалардың барысына ықпал жасай алған жоқ. Дегенмен, олардың кейбір ұсыныстары 1867-68 жылдардағы реформалар барысында ескерілді.

Әдеб.: ГАОО. Описание 10, дело 8102. «Об отправлении к Государю Императору депутации от жителей городов Туркестана, Чимкента, Ташкена и других, для принесения благодарности на принятие их в русское подданства». Ф.-6 «Канцелярия Оренбургского генерал-губернаторства»; Майлықожа. Шығармалары. Жинап, зерттеп, жариялай жүріп құрастырған Ә.Оспанұлы. – А., 2005. –864 б.

Х.Тұрсұн

«**ТҮРКІСТАН ЖИНАҒЫ**» – Орта Азия, оның ішінде Қазақстанның патшалық Ресей жаулап алғанға дейінгі және одан кейінгі тарихы туралы жан-жақты орыс және шет ел баспасөз: кітап, журнал, газет беттерінде жарияланған материалдар жиынтығы. «Т. ж.» 594 томнан тұрады және шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады. Т. ж-ның алғашқы 416 томын, орыстың алғашқы библиографы В.И.Межов, 20 жыл (1867-87) бойы жинақтап дайындаған. Ал қалғандары – 1907 ж. 34 том, 1908 ж. – 45 том, 1909 ж. – 44 том және т.б. с.с. болып жалғаса берген. Соңында, маңызды болған барлық материалдар негізінде, жинақталып дайындалған (1888-1917 ж.) томдардың ұзын саны 591 томға жетіп, тоқтатылған. Ең соңында, шығыстанушы библиограф Е.К.Бетгер жинақты соңғы 3 томмен толықтырған. Жинақта Түркістан өлкесінің, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның жекелеген бөліктерінің тарихы, қазақ хандары мен сұлтандары туралы материалдар; Түркістан өлкесінің Ресейге қосылуына, Бұхара, Хиуа және Қоқан (мұн-

да Бұхара әмірлігіне, Хиуа хандығына және т.б. бағынышты осы Түркістан өлкесінің иеліктерінде өмір сүрген қазақтар туралы мәліметтер де аз емес) хандықтарына қарсы әскери әрекеттердің жеңісіне арналған кітаптар мен мақалалар бойынша біршама материалдар ұсынылған. Әр түрлі тарихи басқыштардағы қазақ даласының әкімш. құрылыстары, Жетісу қалалары тарихы, қазақ даласына енгізілген басқару туралы Ережелерге қарсы туындаған қазақтар арасындағы толқулар келтірілген. Сонымен қатар, қоныс аударушылар мәселесі бойынша көптеген материалдар бар: қоныс аударушылардың тарихы мен олардың көшіп-қону барысы, қоныс аударылған орыстардың экон. жағдайлары; орыс шаруаларын қоныстандыруға қажетті жердің мүмкіндігінше мол қорын табу және олардың егіншілік үшін жарамдылығын анықтау, қазақтардың жер пайдалану нормаларын белгілеу, осылардың нәтижесінде қазақтардың «артық жерінің» көл-н анықтап, онан қоныс аудару қорын құру туралы да деректер келтірілген. Сонымен қатар, көшпелі қазақтардың жекелеген рулары, олардың таралуы және рулық өзара қарым-қатынастардың шекаралары жайлы жазылған авторлардың жұмыстары да үлкен қызығушылық тудырады. «Жинаққа» көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың кеңінен белгілі жұмыстарын, ағымдағы оқиғалар туралы көптеген түсініктеме берушілердің әр түрлі жазбалары мен мақалаларын кіргізе отырып, В.И.Межов және оның ізбасарлары Түркістан өлкесіндегі халықтардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен өнегелі істері, түрлі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (үйлену, кісіні жерлеу) туралы мол мәліметтерді, жоқтау мәтіндерін, ұлттық ойындарының мазмұнын ашатын ойын аттарына барынша кең

кескіндеме жасап шығарған. «Жинақта» қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның сот құрылысы, қарапайым және жер-су құқықтары жайлы статистика, жекелеген облыстардың а.ш. туралы және демогр. мәліметтер мен статистикалар жөніндегі жұмыстар да ендірілген. Мұнда тарихшылар үшін республиканың халық ш. туралы да көптеген қызықты материалдар бар. Онда жергілікті халықтың және де басқа жақтан қоныс аударған тұрғындардың жер және мал ш-тарының жағдайын көрсететін материалдар кездеседі. Жергілікті билік тарапынан көрсетілген қысымдармен бірге, сондай-ақ, көршілес Ресеймен пошталық, телеграфтық байланыстар орнату, жол қатынастары мен өлкенің су ш-н реттеуге бағытталған кейбір іс-шаралар да келтірілген. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан өнеркәсібі тек қана жекелеген аз ғана иеленуші топтар арқылы көрініс табатыны белгілі. А. ш. өнімдерін қайта өңдейтін кішігірім з-ттар ғана болған. Табиғи ресурстарға өте бай өлкенің тау-кен өнеркәсібін пайдалануға, Түркістан-Сібір темір жолы құрылысын жобалауға қатысты деректер де келтірілген. Сонымен қатар, жинақта өлкенің мед. қызметі мен халыққа білім беру саласының жағдайын көрсететін материалдар да баршылық. Төңкеріске дейінгі зерттеушілердің көп томдығында біз үшін тарихи үлкен маңызы бар бірқатар геогр. карталардың орын алғандығы да қуантады. Бұл тарихи, геол., археол., этногр. карталар, қазақтардың кең-байтақ жерлерін пайдалану картасы, Түркістан өлкесіндегі елдердің және олардың жекелеген бөліктерінің, солардың ішінде Қазақстанның картасы. Библиограф мамандар түсіндірмелерімен берілген кескіндемелерде – өлкенің өмірінің түрлі жақтары сипатталған: Шымкент

қ-ның, Ембі бекінісінің, Түркістанның және т.б. сол сияқты нысандар пейзаж болмысыменен жазылған суреттемелер келтірілген. Жекелеген тұрмыстық құралдар – үй жиһаздары, ат әбзелдері, күймелі арба, киіз үй жабдықтары. Портреттік топтар – қазақтардың жерленген адамдар басына орнатқан сағаналары, кесенелері, балбал тастар мен жерлеу рәсімдеріне қатысты құрылыстар және т.б. құнды шығармалар бар. «Т. ж-на» енгізілген шет елдік ғалымдардың әдебиеттердегі зерттеулердің материалдарына жасалған шолулар көрсеткендей, Түркістанның далалы өлкесінде болған шетелдік саяхатшылардың жазбалары орын алған. Бәрінен бұрын, бұл жұмыстарда жолжазбалық сипатта болған этногр. және статист. мәліметтер мен бірқатарда геогр. суреттемелер арқылы жанамалай келтірілген тарихи деректер келтірілген. Кейбір кітаптар мен мақалалар жеке мәселелерге (климат пен ауа райына, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне және т.б.) арналып жазылған. Жинақта біздің отандастарымыздың шет тіліне аударылған еңбектері де кездеседі. Жинақ материалдарын зерттей отырып, біз өлкенің барлық өмірін – әлеум.-экон. даму жағдайынан бастап өндірістік күшіне, бай ресурстарына дейінгі хал-ахуалын, бұрын болып өткен тарихи зерттеулерін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, өнегелі істерін көз алдымызға елестетіп, қайта қалпына келтіруге болады. Сонымен қатар, Н.М.Пржевальский, И.В.Мушкетов, Н.А.Северцов, Н.А.Маев, В.Ф.Ошанин, А.П.Федченко және т.б.с.с. аса көрнекті географ, этнограф және тарихшылардың зерттеу еңбектерімен, ғыл. экспед. жазбаларымен танысуға болады.

Әдеб.: Межов В.И. «Туркестанский сборник». Систематический указатель сочинений статей на русском и иностранных языках. Т. 1-591. – СПб., 1878-1917 гг.; Le Recueil turkestanais de Mežov: l'utopie d'une somme exhaustive des connaissances sur l'Asie centrale, in Études Asiatiques (sous la dir. d'Anke von Kügelgen), 2011, LXV, n°3, 625-659p.; Private Collections of Russian Turkestan in the Second Half of the 19th and Early 20th Century, ANOR-15 (Institut für Orientalistik, Halle, Mittelasienswissenschaft Humboldt-Universität, Berlin and University of Lausanne), Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004, 205 p.

Э.Әлжанова, Х.Тұрсұн

ТҮРКІСТАНДА ЖЕРЛЕНГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР (12 ғ-дан 19 ғ-дың соңғы ширегі) – тарихи деректер негізінде Йасы-Түркістан қ-нда мәйіттері қойылған хандар, ханымдар, сұлтандар, батырлар, билер, т.б. да тарихи тұлғалар. Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі Ә.Диваевтың анықтамасы бойынша «Шығыстың ұлық тұлғалары жатқан қабірстан». 12 ғ. аяғында бой көтерген алғашқы кесенесінде Қожа Ахмет Ясауидің өзі және оның әйелі Айша Қуш Тадж биби мен баласы Ибраһим жерленген. Түркістан қ-ның іргесінде қызы Гаухар, күйеу баласы Әл-қожа ата жерленген. 12 ғ. аяғынан бастап Қожа Ахмет Ясауидің алғашқы кесенесі айналасына атақты адамдарды қоя бастады. 14 ғ-да Әмір Темір бұйрығымен көтеріле бастаған ханаканы салу барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасында орналасқан атақты тұлғалардың қабір орындарын сақтап қалу тапсырылды. Мыс., Илияс хан (Кукрас хан) ойығындағы бейіт, Баба Самит Жолбарыс хан қабірін айтуға болады. Соңғы тұлға аңыз бойынша Қожа Ахмет Ясауидің замандасы, Шам елінің билеушісі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде бізге жеткен жазуы бар ең ескі құлпытас 1431-32 жылдарға жатады. Мамандардың пікірінше, онда

«ажал дауылы жастықтың ағашын сындырды. Өкінішті!» деген жолдармен қатар иесінің «қожа» деген лауазымы ғана сақталып марқұмның есімі өшіп қалған. Хронол. жағынан екінші тұрған құлпытас 1438 ж. дүние салған әмірзаде Әлиге тиесілі. Оймышталған жазуға қарағанда ол Бұрындық атты мырзаның перзенті екен. Испан елшісі Руи Гонзалес де Клавихо 15 ғ. басында Самарқанға келіп Әмір Темірдің қабылдауында болғанда билеуші алдына кіргізген үш әскербасының бірі ретінде Бұрындықты айтады. Әмірзаде Әли атақты қолбасшының ұлы болса керек. 15 ғ-дың екінші жартысында кесенесінің бас порталынан 60 м жерде Дешті Қыпшақтың атақты ханы Әбілқайырдың (1429-68) 1485 ж. қайтыс болған әйелі Рабия Сұлтан Бегім үшін салынған аса көрікті кесене бой көтерді. 16 ғ-дың басында Рабия Сұлтан Бегім кесенесінің мүрдеханасында, әйгілі ханшаның қасына оның немерелері – Құл Мұхаммед сұлтан (1519 ж.қ.б.), Мұбарақ Шах сұлтан (1524 ж.қ.б.) және Мастура ханым (1519 ж.қ.б.) жерленгенін шебер жасалған құлпытастар айғақтап тұр. Марқұмдардың әкесі Келді Мұхаммед сұлтан (1532-33 ж.қ.б.) алдымен Шахрухияның, кейін Ташкенттің билеушісі болған. Шығыстанушылар Б.М. Бабаджанов, З.З. Жандарбеков, Ә.К. Муминовтардың белгілеуінше, 1504-14 ж. аралығында қайтыс болған Қожа Қожам хан ұлы Қожа Дәуіріш Мұхаммедтің құлпытасының көл. жағынан хандардың тасымен деңгейлес болуы және кейбір өлшемдер бойынша Әбілқайыр хан жұбайы – Рабиға Сұлтан Бегімнің тасынан ілгері болуы ойландырады. Қазақ хандары ішінде 16 ғ-дың басында өмір сүрген Керей ханның Қожа есімді ұлы болғаны белгілі. Орыс деректері оны «Хозя Махмет хан» деп көрсетеді. Бірақ оның ұлда-

рының аттары беймәлім. Құлпытас астында жатқан марқұмның дәл қай тарихи тұлғаға сай келетіні анықталған жоқ. Қалай болғанда оның қоғамдағы дәрежесі аса жоғары екендігі күмән туғызбайды. Ә.Диваев, П.Н.Ахмеровтердің көрсетуінше, бастапқыда қазандық бөлмесінде, құдықханаға баратын есік алдында тұрған көл. 161x37x59 см құлпытас қазақ ханы Жәнібектің қызы Аман бике ханымдыкі. Оның бетінде: «Бұл зираттың иесі, (күнәсі) кешірілген, «Алла тағаланың) рақымы түскен, өмірдегі тірлігі алға басқан Аман бике Барақ ұлы Жәнібек қызы. Ол шарапатты раджап айында 925 ж. дүниеден қайтты» делінген. Қазірше Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің өз есімі және әкесінің аты тасқа қашалып түскен бірден бір жәдігер – осы. Тастың қырларында құраннан үзінділер оймыштап жазылған. Хижра бойынша белгіленген 925 жылды шығыстанушылар Б.М.Бабаджанов, З.З.Жандарбеков, Ә.К.Муминов 1519-20 ж. сәйкес келетінін көрсетеді. Жоғарыда аталған шығыстананушылардың белгілеуінше, 1533-43 ж. аралығында қайтыс болған Жалал ад-дин ұлы Шуджа ад-дин мырза Мансұр және 1534-35 ж. қайтыс болған Жалал ад-дин ұлы Шуджа ад-дин Хилалдың құлпытастары сақталған. Олар туысқан кісілер болуы мүмкін. Екі құлпытаста да арғы атасы ретінде Хасан қоңырат көрсетіледі. Бинаинның «Шайбани-наме» атты тарихи шығармасында Хасан қоңырат есімді кісіні Шайбани ханның Самарқанға жорыққа аттанбақ болғанын Көшкенші мен Сүйініш хандарға хабар беруге жібергені туралы айтылады. Шығармада Хасан қоңырат Хайдарбектің немересі екені көрсетіледі. Осыған қарағанда Хасан қоңырат Шайбани ханның сенімді, атақты әмірлерінің бірі деуге не-

гіз бар. Шуджа ад-дин Хилалдың құлпытасында «әмірлердің ұлығы» деген жазу және екі ағайынды дүниеден өткен кісіге тастан ойдырып ескерткіш жасатқанына қарағанда бұлар жоғары элита өкілдері қатарынан болған. Қадырғали би Қасымұлының жазбаларына қарағанда, Түркістан қ. қазақтың ханы Шығайдың (1580-82) баласы, халық «ұзыноқты Ондан» деп атаған ержүрек сұлтан, қолбасшы жерленген: «Ондан сұлтан туралы хикаялары көп жерде кездеседі. Ол ержүрек батыр, садақ атудың да керемет мергені еді. Әрқашан сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсетті. Шығай хан тұсында әскерлердің бас қолбасшысы болды. Ол туралы тарихта көптен белгілі. Ақырында қалмақтармен шайқаста отыз жасқа келгенде жігіт шағында шейіт болды. Оның қабірі Қожа Ахмет Ясауидің панахінде (қасында) жерленді». Ясауи кесенесіндегі жазуларының басым бөлігі өшіп кеткен және тек «хижраның 990 ж. ... сұлтан...», яғни қазіргі жыл санауымызбен 1582 ж. дегені ғана сақталған құлпытас Ондан сұлтандыкі болуы ықтимал. Жазуларының басым бөлігі өшкен соң 16 ғ-дың басында жерленген Маулен Әзиздің қызы Хадиша сұлтанның, 1543-44 ж. қайтыс болған Тоқтамыстың, 16 ғ-дың екінші жартысына сәйкес келетін Мір Калан Бақи сұлтанның, Мырза ... Мұхаммед бин Әмірханның тарихтағы қызметтері беймәлім. 1597 ж. дүние салған Молла Мір Каланның қызы Дана бибіні М.Е. Массон Қожа Ахмет Ясауи кесені туралы зерттеуінде қазақ деп көрсетеді. 1813 ж. жазылған «Қисса дастан Шыңғыс хан» қолжазбасында қазақтың атақты ханы Жәңгір Есімұлының (1644-52) Түркістан қ. жерленгені көрсетіледі. Голланд саяхатшысы, Амстердам бургомистрі Николаас Витсеннің хабарлауынша Қожа Ахмет

Ясауи кесенесі іргесінде Кучук/Күшік сұлтанның жеке күмбезі болыпты және ол өте көрікті екен: кесене күйдірген кірпіштен салынып нақышталған екен. «Кесенеде бұрын башқұрттармен бірлесіп сібірліктермен соғысқан Көшек хан жатыр, оның қабірі үстінде яшмадан жасалған құлпытас қойылған» деп жазады 17 ғ-дың еуропалық білімпазы. Витсен Кучук деп жазған тарихи тұлға Сібір хандығының соңғы және атақты билеушісі Көшімнің немересі болып табылады. Көшімұлы Абылай сұлтанның перзенті – Күшік 1660 ж. башқұрттардың Ресейге қарсы көтерілісін басқарған. Башқұрт, татар және қалмақ нояндары оның айналасына топтасып хан көтерген. Орыс патшасы Алексей Михайловичке жазған хатында өзін «Кучук Баатыр царь» деп белгілеген. Башқұрттардың 1660 ж. көтерілісін Ресей өкіметі басып жаншыған соң Күшік 1671 ж. Сырдария бойындағы қарақалпақтарға көшіп келіп билік еткен. Тарихи деректерде Күшік қарақалпақтың ханы лауазымымен кездеседі. Атақты Әз-Тәуке немесе ресми аты Тәуекел Мұхаммед Баһадүр ханның Түркістанда жерленгені «Қисса дастан Шыңғыс хан» қолжазбасында айтылады. Алдыңғы кезеңдегідей 17 ғ. хандармен қатар әмірлер отбасы мүшелері, дін өкілдері дүние салғанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне не оның айналасына қою дәстүрі жалғасты. Бұған Ұлық Әмір Насруллахтың қызы Карона бибіге, Ысқақ қожа шайх исламға, Насыр-атаұлына арналған белгі-ескертіктер куә. 18 ғ-дың басында Ахмет Файдуллах Жақып ата жерленген. Қытай жазбалары бойынша, 1759 ж. Орта Жүз сұлтаны Абылай қытай елшілерімен болған әңгімеде Түркістан қ. «үлкендер жатқан орын» дейді және «бәйбішесі қайтыс болса сол жаққа апаратынын» ай-

тады. «Қисса дастан Шыңғыс хан» қолжазбасындағы ақпарат бойынша, 1741-45 ж. билік құрған Шах Мухаммад Баһадүр-хан немесе Сәмеке ханның қабірі Түркістан қ-нда жатқаны көрсетіледі. Әбілқайыр Қажыұлының жесірі Бопай ханымның бастапқыда күйеуінің сүйегін алып Түркістанға кетпек болғаны мұрағаттық құжатта сақталған. 1785-90 ж. қазақтар туралы алғашқы моногр. еңбектің авторы И.Г.Андреев дүние салған қазақтың атақты хандары мен сұлтандары Түркістан қ-на апарылатынын жазады. Зерттеуші 1912 ж. еңбегінде Добросмыслов Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының қасында салынған, бірақ кейінгі кезде бұзылған Есім хан кесенесін атап өтеді. Еңсегей бойлы Есім «Қисса дастан Шыңғыс хан» қолжазбасындағы ақпарат бойынша, Ташкент шаһарындағы Шайхантауыр мазаратында жерленген. Түркістандағы кесене 1798 ж. дүние салған Тәуке ханның немересі Есімдікі. Ол 18 ғ. ортасынан бастап Әбілмәмбет ханмен бірге Түркістан қ-на және оның айналасындағы елді мекендерге иелік етті. Ген.-м. С.Б.Броневскийдің 1830 ж. жариялаған қазақтар туралы жазбаларына қарағанда, 1750 ж. дүниеден өткен Барақ хан, оның ұлы Сығай хан Түркістанда жерленген. Халық жадында сақталып, Түркістанға келген зиялылардың жазбаларында ең көп жазылған орын – Абылай хан бейіті. 1866 ж. бір апта бойы Түркістанның көрікті орындарымен танысқан А.К.Гейнстің күнделігінде Абылай мен Жолбарыс бейіттері туралы мәліметтер бар. Осы сипаттамаға қарағанда Ұлы жүздің ханы болған Жолбарыстың моласы Абылай қабіріне жақын орналасқан. Қазақстанның шығыс бөлігінде билік еткен Әбілпейіздің Түркістанға жерленгені туралы И.Г.Андреев пен Құрбанғали Ха-

лиди жазады. Шақшақ Жәнібек батырдың 1743 ж. анасының мәйітін Түркістанға әкеліп қойғаны орыс елшісі м. Карл Миллердің жазбаларында хабарланады. Елдің тарихи жадына сүйенсек 18 ғ-дың атақты биі Қаз дауысты Қазыбек, әйгілі батырлар Қанжығалы Бөгенбай мен Керей Жәнібек Қожа Ахмет Ясауи ғимаратына қойылған. 1800 ж. шамасында дүниеден өткен қырғыздың атақты батыры әрі манабы Есенқұлды да Орта Азия мұсылмандары үшін киелі орынға алып келіп жерленген. С.Б.Броневский бойынша, Орта жүздің бір бөлігінде хан сайланып, 1816-19 ж. билік етіп дүние салған Бөкей (Әлихан Бөкейхановтың бабасы) Түркістанға апарылып қойылған. 1840 ж. дүние салған Кенесарының әкесі Қасым сұлтанды Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының ішіне Абылай хан бейіті қасына қояды. Н.Н.Балкашин 1887 ж. еңбегінде Кенесарының әпкесі Бопай ханым мәйітінің Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі әкесінің қасына жерленгенін жазады. Қожа Ахмет Ясауи ғимаратында сақталып қалған құлпытастар бойынша 19 ғ-да мұнда Жунайдуллах Қожа нақып, Бұғай Али Бабыр бақадүр, Али Ақбар Қожа нақып, Сұлтан Махмұд төре, Молла Қожа ибн Молла, Күлса Құлбайұлы, Шыныби Серкеұлы, Оқтан Байжанұлы, Жантас Қостан, Тұрдықұл би Қожамқұл баласы, Жаппар, Биғанмырза ибн Құрасбай, Бекболат Қушағалаұлы, Имам Жағыпар Қожа Қади, Тәліпбайұлы Қамбар бейіттері болған.

 Әдеб.: Ахмеров П.Н. Надписи мечети Ахмеда Ясави // Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском ун-те. Том XIII, вып. 6. –Казань, 1896. – С. 11-24; Записки генерал-майора С.Б. Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. Ч.40-42. – СПб., 1830; Собрание литературных трудов А.К. Гейнса. Т.2. – СПб,

1898; Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразаққызы А. Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу. – А.: Атамұра, 1999. Тұякбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. – А., 2000.

М.Қожа

ТҮРКІСТАН ОАЗИСİNДЕГІ КӘРІЗДІК ЖҮЙЕ. 6-18 ғ-ларға жататын керам. су құбырлары Түркістан оазисіндегі суландыру жүйесінің, қала мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Кәріз – жер асты суларын пайдалануға негізделген гидротехн. құрылыс. Кәріздік жүйе көптеген ғасырлар бойы Орта Азияда, Иранда кең дамыды, мұндай суландыру жүйесін жасаумен кәріз ұсталары немесе кәрізгендер айналысты. Кәріз негізінен екі бөліктен тұрады: құдықтар жүйесі және жер асты галлериясы. Сауран және Түркістан маңайында кәріздік жүйенің атарлықтай дамығанын Түркістан археол. экспедициясының кәріз құдықтарын тауып, зерттеулерінің нәтижесі айқындап беріп отыр. Түркістан оазисінде егістіктерді суаруда, қаланы сумен қамтамасыз етуде су құбырларын, шығырларды, кәріздік суландыру жүйесін жан-жақты қолданылу кең өріс алған.

Кәріздік суландыру жүйесі ең тиімді суландыру жүйесі ретінде Орта Азия, Шығыс Түркістан, Әзірбайжан, Қырым аумақтарында кең дамыған. Мұнда ортағасырлық Сауран қ. және Түркістан аум. көне кәріздік жүйенің дамуымен әйгілі. Түркістан оазисіндегі кәріздік жүйелерді зерттеуге 1867ж. П.И.Лерх, 1951 ж. А.Н.Бернштам басқарған Оңт. Қазақстан арх. экспедициясы, 1970 ж. К.Акишев басқарған экспедиция ат салысты. Васифи деректері бойынша Саураннан 6 км. солт. қарай орналасқан Міртөбе бекінісі екі кәрізді қалаға сыйға тартқан адамның есімімен Мір Араб деп те аталған.

Ауданның агро-ирригац. жоспарларын зерттеген ғалымдар Сауран және Міртөбе кәріздері өз ара байланысты емес, екі басқа жүйелерді құрайтынын айқындады. 1986-88 ж. Оңт. Қазақстан кешенді арх. экспедициясы құрамында зерттеу жұмыстарын жүргізген В.А.Грошев Сығанақ, Сауран, Түркістанның айналасында суландыру құрылыстарының болғанын айтады. Зерттеу барысында Сауран кәріздерінің үш торабы табылып, 4 м. тереңдікте кәріздердің бірінші торабына қазба жұмыстары жүргізілді. Ғалымдар тарапынан кәріздер жүйесін зерттеуде археол. әдістермен қатар «гео-археол.» тұрғыдан барлау, тіркеу және құжаттау амал-тәсілдері де қолданылады. Осы әдістер арқылы Е.А.Смағұлов ортағасырлық Сауранның 235 кәріздерінің іздері табылып, тіркеліп, құжатталғанын айтады. Жер асты су туннельдерінің ұз. 110 км. құрайды.

Әдеб.: Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Ин-та истории, археологии и этнографии Академии Наук Казахской ССР. Т. 5. - А.- А., 1958; Акишев К.А., Байпаков К.М. Кяризы Саурана // Вестник Академии Наук Казахской ССР. - А.-А., N4, 1973.; Байпаков К.М. Средневековый Сауран // Города Туркестана. - А.-А., 1999; Грошев В.А. Древняя ирригация Юга Казахстана. - А., 1996; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. - А., 1996; Смағұлов Е.А. Город Сауран: перспективы исследования, консервации и музеефикации // Отан тарихы, N1-2. - А., 2000; Смағұлов Е.А. Кяризы Туркестанского оазиса // Известия Министерства образования и науки, Национальной Академии Наук Республики Казахстан. Общественные науки, N1, 2003; Турсунов А.А. От Арала до Лобнора. Гидроэкология бессточных бассейнов Центральной Азии. - А., 2002.

Д. Мұстапаева

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ (1865-1867)
 әкімш. құрылым. 1865 ж. 2 наурызда Орынбор ген.-губернаторлығының құрамында «Түркістан аймағын қалыптастыру туралы» билік жүргізуші Сенаттың қаулысы шықты. «Орта Азия кеңістігінің барлық шекарасынан Арал теңізінен Ыстықкөлге дейін» деп көрсетілген аймақта шамамен 453 мың адам өмір сүрді.

Түркістан аймағының ішкі әкімш.-аумақтық бөліну жүйесі таза әскери міндеттерді шешуге бейімделгендіктен, әскери-аум-тық бірліктерге негізделді.

Облыс үш бөлікке бөлінген: оң жақ фланг, орт. және сол жақ фланг. Кейінірек Сырдария аймағына өзгертілген оң жақ фланг Арал, №1 форт (кейін Қазалы) және Перовск (Қызылорда) қ-лары қамтылды; орт-қа Түркістан және Шымкент ауд-дары кірді: сол жақ фланг Әулие-Ата, Мерке және Пишпек қ-ларын қамтыды. Облыстың әкімш. орт. Шымкент қ-нда болды. Ташкентті патша әскерлері басып алып, қала ресми түрде Ресей құрамына кіргенге дейін Ташкент қаласы Түркістанның астанасы болды. Империяға ресми кіргеннен кейін Ташкент және оның төңірегі Ташкент ауд. деп аталатын арнайы әкімш. бірлікті құрады. 1866 ж. Түркістан аймағында Иіржар және Заамин бөлімдері, Уратөбе және Джизак ауд-дары құрылды. Түркістан аймағы үздіксіз әскери операциялар барысында пайда болды, соның нәтижесінде оның шекараларын Бұхара, Хиуа және Қоқан хандығымен ресми демаркациялау жүзеге асырылмады. Сонымен қатар оның Батыс-Сібір ген.-губернаторлығымен шекара бөлісуі де кейінге қалдырылды. Аймақтың ішкі ұйымдастырылуы императорлық әкімш. рухында жүзеге асырылды және тек қана әскери қолбасшылық пен патшалық қазынасының мүдделеріне бағытталды. Ұлттық-отарлық

ел шетін басқару негіздері абсолютизм дәуірінде қалыптасты және Волгада, Сібірде, Қазақстанда, Кавказда және басқа да бірқатар елді мекендерінде самодержавие мүдделеріне қызмет етті. Олар әскери және азаматтық биліктің бірігуіне, сондай-ақ сол мекемелердегі әкімш., соттық, экон., т.б. қызметтердің шоғырлануына негізделді. Осындай қағидаттар жаңа тарихи жағдайларда Түркістанда да жүргізілді. Түркістандағы басып алу іс-қимылдары кең түрде басталған кезде, патшалықтың аум-тық иемдену ауқымы туралы толық жоспары, сондай-ақ басып алынған жерлерді басқаруды ұйымдастыруға қатысты жақсы ойластырылған жобалар да болған жоқ. Тіпті 19 ғ-дың 60-жылдарының басының өзінде Ташкентті орт. ете отырып, «Қырғыз даласының арнайы генерал-губернаторлығын» құруға арналған ұсыныстар үкіметтік топтарда қисынсыз деп есептелді. Мұндай жағдайда Түркістан аймағының әкім. құрылымын реттеуге бағытталған ережелерді әзірлеу бастамасы патшалық әскери қолбасшылығына тапсырылды. Алғаш рет мұндай құжат Новококанд желісінің командирі М.Г.Черняевтың штаб-пәтерінде әзірленіп, Петербургке «Орталық Азиядағы шекара аймағы туралы ереженің жобасы» түрінде ұсынылды. Әскери министрлікте бұл жоба қайта қаралды және 1865 жылғы 6 тамызда Александр II «Түркістан аймағының әкімшілігіне қатысты уақытша ережені» бекітті. Осы заңнамада билікті ұйымдастыру жүйесі Кавказдағыдай «әскери-ұлттық үкімет» деп аталды. Жергілікті әкімш-тің басшысы әскери және азаматтық билікті қолында ұстаған әскери губернатор болды. Бірінші әскери губернатор болып 1866 жылдың ақпанына дейін М.Г.Черняев тағайындалды, содан кейін ол Петербургке шақыртыл-

ды. Жергілікті деңгейде әкімш-ті бөлім командирлері басқарды, олар сонымен бірге әскери комендант та болды. Оларға орыс шенеуніктерінен тағайындалған жергілікті халықты басқарушылар бағынды. Олар жергілікті халыққа жалпы полициялық қадағалау жүргізді. Олардың міндеттері: керуен саудасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, байырғы халықтан салық жинауды бақылау, оларды жазалау, Ташкент және әкімш-тің нұсқауларын орындау болды. Жергілікті басқарушылардың қолында сот функциялары да шоғырландырылды. Жергілікті және еуропалық халықтың өкілдері қатысқан жағдайларда кісі өлтіруге, қарақшылыққа, тонауға қатысты қылмыстық істерді қарау олардың қолында болды. Дәстүрлі мұсылман сот мекемелерінің қызметі де олардың бақылауында болды. Жергілікті тұрғындар басшыларының ш. функциялары ормандардың қауіпсіздігін бақылау, суландыру желісінен су бөлу және оны ақаусыз жағдайда ұстаумен шектелді. «1865 жылғы уақытша ереженің» осындай міндеттері қалалық басшыларға да жүктелді. Ондай лауазымға ірі қалаларда ресейлік офицерлер тағайындалды. Бұл әкімш. аппаратта «өзге елдік» әкімш. көмекші рөл атқарды. Хандық кезеңдегідей қалалардың байырғы тұрғындарын ақсақалдар басқарды, оларға үй иелері сайлаған қала аудандарының ақсақалдары бағынды. Полиция қызметін раистер атқарды. Олар базар саудасы мен қоғамдық тәртіпті бақылады. Салықтарды жинауға зәкірші жауапты болды. Т. о-ның көшпелі тұрғындары руларға, бөлімдерге және бөлімшелерге бөлінді. Руларды рубасылары, сұлтандар мен аға билер; бөлімдерді билер, бөлімшелерді тоғашылар басқарды. Сұлтандар мен билердің атағы негізінен мұрагерлік жолмен берілді. Осыған қара-

мастан жаңа адамдарды сұлтандардың орнына тағайындау жергілікті халықтың басшылығымен келісілді. «1865 жылғы 6 тамыздағы ереже» отырықшы тұрғындар үшін қазы соттарын, көшпелілер үшін билер сотын сақтап қалды. Осы соттардың құрылымында өзгерістер қазының барлық құқықтарының теңелуіне; қазы калян лауазымының жойылуына; судьяларды үш жылға сайлауды енгізуге; арыз иесінің ісі бойынша өзі сенетін қазы билігіне жүгіну құқығының болуына әкелді. Қазы билігінің шектелуі жергілікті халықтың істері Ресей азаматының немесе патшалық үкіметтің мүдделеріне қатысты болса, патшалық соттарға беру кезінде; барлық қылмыстық және азаматтық істер бойынша жазасын өтеуіне, шарифат бойынша өлім жазасына немесе мертігуге әкелетін үкімді Т. о-ның әскери губернаторына бекітуге беру кезінде; кейбір саудаға қатысты даулы істерді ресейлік және жергілікті саудагерлерден тұратын коммерц. соттарға беру кезінде және осы соттар шешімдерін өңірдің әскери губернаторының бекітуіне беруі кезінде көрінді. Әскери губернаторына қазы сотының үкімдерін Ресейдің әскери қылмыстық заңдары бойынша тиісті жазалармен алмастыру құқығы да берілді. «Түркістан аймағын басқару туралы уақытша ереже» енгізудің практик. салдары – патшалық әскерлердің тылын қамтамасыз етіп, халықтан салық жинауға арналған кәдімгі басқыншылық жұмыс режимін құру болды. Түркістан халықтары о бастан-ақ екі жақты қанауға ұшырады. Олар ханның әкімш.-салық жүйесінен құтқарылған жоқ, керісінше, ол жүйе ресейлік полиция бюрократ. мемлекеттің күшімен нығайтылып, ұлттық-отаршылдық қанау әдістермен қосымша толықтырылды.

Әдеб.: Собрание узаконений и распоряжений, издаваемое при Правительствующем Сенате. – СПб., 1863-1917, Отделение I, док. N7, 1865; ЦГА РУ. Ф.И-450. Оп.1. Д.16, лл.30, 31; Д.11, лл.1, 8, 13, 20-25; ЦГА РУ. Ф.И-336. Оп.1. д.26, лл.1-6.

Х.Тұрсұн, Э.Әлжанова

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ХАН ОРДАСЫ – тарихи орын. Түркістан қ. 16 ғ-дың екінші жартысынан бастап 19 ғ-ға дейін қазақтардың ресми орт. болды. Түркістан туралы мәліметтер 17 ғ. соңындағы Тауыш мерген, Тобыл казактары Ф.Скибин мен М.Трошиннің жазбаларында кездеседі. Онда, Түркістан айналасында тұрғындар көп қоныстанған жер екені, сондай-ақ жергілікті адамдардың тіршілігі қала ш., а. ш., сауда және қолөнер өндірісіне негізделгені айтылады. Екі жарым ғасыр астана ретінде қызмет атқарған Түркістанның 18 ғ. басында жасалған жоспарында қаланың қорғандармен қоршалып, алты қақпалы болғаны көрсетіледі. Қазақ хандығы кезеңінде бекіністер, қалашықтар,



Хан ордасы


үйлер салуға бұйрық берілген. 18 ғ-дағы Д.Г.Мессершмидтің экспедициясы материалында алты қақпалы Түркістан бейнеленген. Осы жоспарда Түркістан қ-ндағы керуен-сарай, «Хан орны» – «Хан Ордасы» көрсетілді. Қала цитаделі, яғни «Хан Ордасы» қаланың солт.-батыс бөлігінде орналасқан. 18 ғ-да Түркістанда екі Хан Ордасы қатар өмір сүрген. 1763 ж. Сібір ген.-губернаторы Фон Фрауендорфтың сыртқы істер коллегиясына жолдаған рапортында 1762 ж. көктемде Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан және қырғыз қайсақтардың орта жүзінің басқа да старшындары Қаракесек ұлысындағы Қазыбек биге жиналып, олардың барлығы жабылып Әбілмәмбет хан мен Есім сұлтанды татуластыруға тырысқаны және бұл үшін Түркістан қ. мен уездік қалаларды екіге бөліп және қаланың бір жартысын ондағы қақпалары және сол беттегі қалаларымен бірінші ханға, ал екінші жартысын сол беттегі қақпалары және қалаларымен екінші ханға беріп, 1762 жылдың күзінде Әбілмәмбет хан Түркістанға қыстау үшін және өз бөлігіне билік жүргізу үшін кеткені айтылады. Мемл. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының археологтарының зерттеулері, осы деректерді нақтылай түсіп, 1762 ж. Түркістанда екі «Хан Ордасы» болғанын көрсетеді. Тұрғын үй орындарын зерттеген зерттеулер бөлмелерден тандыр, ташнау, жылу жүйелерінің орнын тапты. Бұл қаланың тұрғын үйлерінің су көздері, жылу, т.б. тұрғындарға өмір сүруіне қажетті қала мәдениетінің дамып, көркейгенін дәлелдейді. 18 ғ-дағы Мессершмидт экспедициясының жоспарынан қала қорғандарының сыртында орналасқан үйлер, жылжымалы баспаналар, әскери тұрақтардың болғанын байқауға болады. Хан Ордасының әр түрлі

қашықтықтағы биік құздардың басында, үйік төбелерде қажет болғанда сақтық белгі беретін күзет орындары болғаны белгілі. Жоспарда осы күзет орындары да көрсетілген. Сонымен бірге баспананың жылжымалы түрлері – киіз үйлер де кең қолданылған. Түркістан аум. жазда қоныстанған жайлауларының болуымен де ерекшеленеді. Археол. зерттеулер 17 ғ-дың соңы мен 18 ғ-дың бірінші жартысында, Тәуке хан кезінде қыстау мекені еткен, 18 ғ-дың бірінші жартысында Қайып хан, Болат хан, Сәмеке хан, Әбілмәмбет хан тұсындағы Хан Ордаларының орнын анықтады. Төрт жағынан көшемен қоршалған Хан Ордасының жалпы көл. – 928,972 шаршы метр болған. Түркістан қ-ның картасын ғалымдардың археол. зерттеулері негізінде Тәуке хан, Абылай хан замандарында Түркістанның сәулеттік, шаруашылық даму сипатын, қаланың дамуын, Хан Ордасы су көздерінің ежелден келе жатқан түрлерін қолданудың жалғасқанын көру мүмкіндігі туындады.

Әдеб.: Смағұлов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. – Туркестан, 1998; Тұяқбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII-XIX вв). – А., 2009; Ескі Түркістан шахристандағы Хан Ордасында 2009 ж. жүргізілген қазба жұмыстарының есебі. Мемл. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі. Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімі. Қолжазба. – Түркістан, 2009; Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Аблая). – А.-А., 1988. – 100-с.; Ескі Түркістан шахристандағы Хан Ордасында 2009 ж. жүргізілген қазба жұмыстарының есебі. Орындаушылар: М.Тұяқбаев, Т.Өсеров, Қ.Мұсабаев Мемл. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі. Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімі. Қолжазба. – Түркістан, 2009; Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – А., 1995.

Д.Мұстапаева

ТҮРКІСТАН ҚАҚПАЛАРЫ – қалаға кіретін есіктер. Түркістанның 18 ғ. басында жасалған жоспарында қаланың қорғандармен қоршалғаны, қорғанның алты қақпалы болғаны көрсетіледі. Қазақ хандығы кезеңінде бекіністер, қалашықтар, үйлер салуға бұйрық берілген. Түркістанның мұнаралы алты қақпасы, ирелеңдеген көшелері болды. Қаланың Дарбаза, Мұсалла, Жеті ата, Ишан деп аталған қақпалары әр кезеңдегі тарихи оқиғалар мен өмір сүру салтына сай аталып отырды. 19 ғ-дың 1858 ж.нда Түркістанда болған Н.Северцов өзінің жазбасында қорғанмен қоршалған қақпалы Түркістан туралы баяндайды. Сол кезеңде Түркістан қ. бес бөлікке бөлініп, төрт бөлігі Ишан қақпа, Баб-Араб қақпасы, Жеті ата қақпасы, Дарбаза қақпа деп қаланың қақпаларының атымен аталған. Баб Араб және Жеті ата қақпаларының аттары Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттерінің есімімен байланысты аталған. 18 ғ-да Д.Г.Мессершмидтің экспедициясы материалында алты қақпалы Түркістан бейнеленген. 18-19 ғ. цитадель қақпасы, 19 ғ. қалған Жеті ата, Тәкия-Ишан, Мүсәллә, Дарбаза, Иқан қақпаларына 2009 ж. ғалымдар археол. зерттеулер жүргізді. Тәкия-Ишан қақпасы Күлтөбе-Йасы қ-ның шығыс бұрышында орналасқан. Бұл қақпалармен 19 ғ-да қаладан үш бағытта жол жүрген. Қақпалардың орыны 1864 ж. орыс инженер-топографтары түсірген карталарда бар. Түркістан қ-ның 17 ғ-да алты, 19 ғ-да төрт қақпасы болған. 17-18 ғ-да қаланың солт. мен оңт-нде үш-үштен алты қақпа болса, төрт қақпа Қоқан кезіндегі болған қақпалар ретінде белгілі. Түркістан археол. отряды 2009 ж. жүргізген археол. қазба жұмыстарында Жеті ата қақпасының орнын зерттеді. Жеті ата қақпасының атауы ма-




Түркістан қақпалары

зардың атына байланысты аталған. Жеті ата қақпасына енген соң Жеті ата көшесі басталады. Қақпа мұнараларының биікт. 8-9 м. Мұндай қақпалар Орта Азия мен Қазақстанда көптеп кездескен және негізгі қабырғалары пахса мен кесектен қаланған. Түркістан археол. отрядының 2009 ж. қала қақпаларын зерттеген археол. қазба жұмыстарының бұл бағыттағы тапқан нәтижесінің маңызы зор болды. Тәкия, Жеті ата, Мүсәллә, Дарбаза қақпалары қала қақпалары ретінде бірнеше ғасыр бойы белгілі болған.

Әдеб.: Смағұлов Е.А., Тұяқбаев М.Қ., Өсеров Т., Күмісбаева Ұ., Мұсабаев Қ., Мұташев Е. Ескі Түркістан қ-ның Жеті ата қақпасының тарихи орнында 2009 ж. жүргізілген археол. зерттеу жұмысының есебі. – Түркістан. 2009; Северцов Н.А. Месяц плена у кокандцев. – СПб., 1858; Смағұлов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. –Түркестан: «Мирас», 1998; Тұяқбаев М. Төрт қақпалы Түркістан (Аңыздан ақиқатқа дейін) //Ясауи мұрасы. Респ. газет. N1.(13) қаңтар, Түркістан. 2018.

Д.Мұстапаева

ТҮРКІСТАН МОНШАСЫ – архит. ескерткіш, құнды тарихи мұра. Ахмет Ясауи кесенесі мұражай болып ашылғаннан кейін, кешен құрамындағы «Шығыс моншасы» қайта қалпына келтірілді. 1975 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеп келген монша тарихи-мәдени ескерткіш ретінде 1979 жылдан бастап мұражайға айналды. Қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Бес күмбезді бұл құрылыс жартылай



Түркістан моншасы

жер астында орналасқан, күйдірілген кірпіштен салынған, әр түрлі қызмет атқаратын 9 бөлмеден тұрады. Дәліз, негізгі жуыну бөлмесі, оның орта бөлігінде сегіз қырлы суфа орнатылған, суық су, ыстық су бөлмелері, су алатын ойық орны, ұқалау бөлмесі, негізгі бөлмеде оңашаланып жуынуға арналған тазалық ойықтары бар. Т. м. күндізгі жарықпен жұмыс істеген. Суфалар мен едендер мәрмәр тақталармен қапталған. Жылу жүйесі шығыс моншаларына сай, еден астынан жүргізілген ж.ту жүйелерімен қыздырылады. Мұндай, еденнен өтетін жылу жүйесі 10 ғ-да жұмыс істеген. Ортағасырларда әрбір кварталда, мешіт, медіреселерде моншалар болған. Ортағасырлық Қазақстан қалаларын қазу барысында археологтар бірқатар моншаларды зерттеді. 16 ғ-да Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында салынған Т. м. ортағасырлық қоғамдық ғимараттардың аса қажетті бір үлгісі ретінде сақталып, қазіргі кезде келушілердің сол кезеңнің мәдени құндылықтарымен танысуына мүмкіндік береді. Шығыстың мұсылман моншаларына жарық күмбездегі кішкентай саңлау терезелер арқылы түскен күндізгі жарық негізінде жұмыс істеген. Дәл осындай жүйе Т. м-нда да бар. Ортағасырлық шығыс моншаларында міндетті түрде люнге ханалар, яғни белдемше беретін бөлмелер болған. Моншаның тазалық ойықтарында оңашаланып, жеке жуына алды. 11 ғ-да жазылған Ибн Синаның «Дәрігерлік ғылым каноны» еңбегі адам баласының денсаулығын сақтау үшін күресудің негізін құрайды. Ортағасырларда мұсылман елдерінде моншамен емдеу кең қолданылған. Ибн Синаның еңбегіндегі «Моншада жуыну, яғни моншалар туралы» бөлімінде моншаның қыздырушы, суық, ылғал, құрғатқыш, пайдалы және зиян-

ды түрлері болатыны айтылады. Моншалардың адамның денсаулығын түзеудегі маңызы туралы, уқалау түрлері, суық су, ыстық су, олардың пайдасы туралы саралап көрсетіледі. Ибн Сина еңбегінде ортағасырлық мұсылман моншаларының маңызы, келушілердің әрбір бөлмеге сатылап кіруінің денсаулыққа әсерімен маңызын, ғыл. тұрғыда талдайды. Т. м. осы ұстанымдарға негізделіп салынған. Осыған орай шығыс моншаларының салынуының белгілі бір ортақ қалыптасқан жүйесі болғанын және олардың ерекше талаптарға негізделгенін байқауға болады. Түркістан қ. 15-16 ғ-ға мерзімделген монша миниатюралар мен жазба деректердегі барлық мәліметтерді нақты түрде дәлелдей түсетін сәулет ескерткіші деуге болады. 11 ғ-дағы Ибн Сина еңбегінде моншада асықпай, байқап және біртіндеп жуынуға кеңес береді. Яғни, суық су, ыстық су, жуыну бөлмелері, хауыз басқа да моншаның бөлмелері туралы айтылатын мәнді дерек көзі деуге болады. Осы аталған бөлмелер Т. м.-нда бар. Мұнда ыстық су, суық су бөлмелері, хауыз және басқа да шығыс моншаларына тән белгілер толық кездеседі. Күмбезі төмен, жартылай жерге ене орналасқан ортағасырлық құрылыс. Зерттеуші этнограф-ғалым Ө.Жәнібеков зерттеген қазақтардың киіз үйлерді жымдастырып жасаған моншасының әрбір бөлмесінің аталуы – «ки-мешен», «қауыз», «тас булау», «бүйрек» – ортағасырлық шығыс моншалары мен қазақтардың өмірінде қолданған моншаларындағы ортақ белгінің болуын, ерте кезеңнен елдің тұрмысында, мәдениетінде, тіршілігінде моншаның маңызы мен ерекше орнын көрсетеді. Моншаның маңызы мен елдің тұрмысындағы орнын, жалпы мәдениеттегі орны мен маңызын нақты көрсетер осы тақырыпты бейне-

леген шығыс миниатюралары, жазба деректер, шығармалар, қазіргі кезеңге дейін сақталып қалған сәулет ескерткіштері мен елдің этногр. деректерінің мәні үлкен. Т. м. 1979 ж. реставрацияланған.

Әдеб.: Тұяқбаев Қ. Реставрация-жаңғырту өнері. – А., 2007; Байпаков К.М. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). – А., 2007; Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана: (Отрарский оазис). – А.-А.: «Наука», 1990. – 208 с.; Кабус-наме. – М., 1953; Абу Али Ибн Сина. Канон врачебной науки. Книга 1. – Таш., Фан, 1981; Хилда Хукхем. Властитель семи созвездий. – Таш., 1995; Жәнібеков Ө. Жолайрық. – А., 1995.

Д.Мұстапаева

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК – мәдени ғимарат. Түркістан қ., Әмір-Темір көшесі №28 үйде орналасқан. Мұражай ғимараты 2011 ж. пайдалануға берілген. Орт., «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында салынған. Түркістан обл. әкімш.-нің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 307 қаулысымен «Т. о. т.-м. э. о.» атымен қайта құрылды. Орт.-тың ішіне тарихи Түркістанның төл тарихына арналған мұражайлық экспозиция жасақталған. Экспозициясын жасақтаған Алматы қ.-ндағы «Этнодизайн Қазақ 2030» ЖШС-нің басшысы Аманжол Найманбай. Ал оның тақырыптық-экспозиц. жоспары мен ғыл. тұжырымдамасын жасаған түркістандық ғылым докторлары мен мұражай мамандары, кеңесшілері елімізге белгілі ғалым академиктер М.Мырзахметов, К.Байпаков, З.Қинаятұлы болды. Орт. директоры Дюсенбаева Гүлжанат Ибраһимқызы. Қазіргі таңда орт-та 38 адам жұмыс жасайды. Сонымен қатар орт-қа қарасты Н.Д.Оңдасынов, Н.Төреқұлов атынд. мұражай филиалдары да жұмыс жасайды. Екі филиалда 15 адам бар. Объектінің



Түркістан облыстық тарихи-мәдени этнографиялық орталығы

жалпы алаңы 5666,1 ш/м құрайды. Оның ішінде мұражайлық экспозициясының жалпы ауданы 3800 ш/м. Ғимарат 3 қабаттан, 5 экспозиц. залдан, 1 көрме залынан, конференция залынан және жертөледе қызметкерлердің зерттеу жұмыстарына арналған бөлмелерден тұрады. Мұражай ашылған ж. орт-та 1600 жәдігер болса, қазіргі таңда орт. қорында 6720 жәдігер, оның 3702 негізгі, 3018 қосалқы қор жәдігерлері бар. Орт. экспозициясы негізгі ірі ірі сегіз бөлімнен тұрады. Олар: «Ерте дәуірдегі Түркістан тарихы»; «Орта ғасырлық Түркістан тарихы»; «Шыңғыс хан мен Әмір Темір дәуіріндегі Түркістан тарихы»; «Оңтүстік Қазақстан жеріне Ислам дінінің таралу тарихы»; «Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен мұрасы»; «Қазақ хандығы тарихы және Түркістан–қазақ хандығының Ақ Ордасы»; «XIX-XX ғасырлардағы Түркістан тарихы»; «Тәуелсіз Қазақстандағы жаңа Түркістан» деп аталады. Түркістанда ашылған, Тарихи-мәдени орт-тың мәні мен мағынасы өте маңызды. Біріншіден, ол қаланың тарихи-мәдени өміріндегі елеулі оқиға болатын болса; екіншіден, орт. болашақта Түркістан тарихын зерделейтін ғыл.-зертт. орт-на айналғалы отыр.

Тарихи-мәдени этнограф. орт-тың негізгі мақсаты – Түркістанның руханилығы мен тарихилығын, оның мәдени мұрамыздағы алатын орнын, маңызын орт. қорындағы тарихи жәдігерлер жинағы арқылы ашып көрсету. Орт-қа Елбасы Н.Ә.Назарбаев, К.Мәсімов, Г.Әбдіхалықова, А.Мұхамедиұлы, Н.Нығматуллин, Б. Байбек, М.Құлмұхамед, А.Мырзахметов, Б.Атамқұлов, Б.Тілеухан, Б.Жұмағұлов, Р.Халмұрадов, Н.Нестерова, т.б. көптеген лауазымды тұлғалар, елге белгілі ақын-жазушылар, актерлар, ғалымдар келген.

Әдеб.: Қазақстан музейлері. – Аст., 2018; 14-ші ТҮРКСОЙ фотосуретшілер кездесуі. – Анкара: «Аркадаш», 2017.

М.Тастанбеков

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕЛІК ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ СЪЕЗИ – 1917 ж. 2-5 тамыз аралығында Ташкент қ-да өткен Түркістан өлкесіндегі қазақ халқы өкілдерінің жиналысы. Съезге Сырдария, Жетісу, Самарқанд, Ферғана обл-тарынан 82 өкіл қатысты. Делегаттар қатарында Қ.Сармолдаев, Қ.Қожықов, Ә.Кенесарин, С.Аспандияров, М.Тынышбаев, Қ.Әлімбаев,

И.Қасымов секілді қайраткерлер болды. Съезд төралқасына құрметті төраға болып Аспандилов, төрағалыққа Тынышпаев, оның орынбасарлары болып А.Мангелдин мен Қасымов, мүшелері болып Қожықов, С.Ақбаев, Кенесарин және С.Өтегеновтер, хатшылыққа З.Сейдалиев, Ш.Капсалиев және Қожановтар сайланды. Съездің күн тәртібіне барлығы 18 мәселе ұсынылды. Түркістан аймағындағы қазақтарды Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге шақырған қаулы қабылданып, Ресейдің болашақтағы мемл. құрылысы, жер-су, халық ағарту ісі, сот, дін, баспасөз, Жетісудағы қазақ-қырғыз босқыншылығы, әйел жайы, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар белгілеу секілді мәселелер қарастырылды. Делегаттар Ресейдің федеративтік-демократ. республика болуын жақтайтындарын және қазақтарға терр. автономия берілуін қолдайтындарын танытты. Жер-су мәселесіне қатысты делегаттар: қазақ арасында қоныс аударушыларға деп жер кесу жұмысы қазірден тоқтатылсын; Түркістан аймағында орыс ақсүйектері меншіктеп алған жерлер, қоныс аударушыларға деп дайындалып қойған жер телімдері, қазыналық меншік болып кеткен жерлер жергілікті халыққа қазірден тоқтаусыз кері қайтарылсын; суару жүйелері земство қарауына өтсін; қоныс аударушылардың Шу және Сырдария өз-дерінде бөгеттеген суы босатылсын деген мазмұндағы қаулылар қабылдады. Оқу мәселесі жөнінде қабылданған қаулыда оқу жалпыға бірдей міндетті етілсін; бастауыш мектептерде балалар ана тілінде оқитын болсын, оқу кітаптары «Қазақ» газетінің тұтынған емлесімен жазылсын; орыс-түзем мектептері қазірден тоқтаусыз жабылып, олардың орнына ұлттық мектептер ашылсын

деп көрсетілді. Съезде баспасөз мәселесі арнайы қаралып, «Бірлік туы» газеті қазақ халқына ортақ болсын, уездік к-тер бұл газетке қамқорлық танытсын, газетті шығаратын жаңа баспахана ашу қолға алынсын деген қаулы қабылданды. Дін мәселесі жөнінде қабылданған қаулыда Түркістан аймағындағы барлық обл-тарда қазақтардың өз алдына мүфтилігі болуы керектігі көрініс тапты. Делегаттар Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі ұйымының құрылуын қуаттап, бұл ұйымда қазақ өкілдері болуы тиіс деген ұйғарым жасады. Сонымен қатар аталмыш ұйымға жіберілетін қазақ өкілдеріне әр уез 3600 сомнан қаражат бөлсін деген шешімге келді. 1916 ж. көтерілістен кейін Жетісу обл-нда туындаған қазақ босқыншылығы мәселесі съезде қызу талқыланып, бұл жөнінде делегаттар Жетісу босқындарына қоныс аударушылар тарапынан қысым жасауды тоқтату үшін бірқатар орт. билік орындарына шаруалардың және әскерден қайтқандардың қолынан қаруды жиып алуға шара қолдануды сұраған және казактар тарапынан ешқандай зорлық болмайтынына кепілдік беріп, жеделхат жолдады және Жетісу босқындарына көмек ретінде, Сырдария, Ферғана, Самарқан обл-тарынан жәрдем пұл жиналсын деген шешім қабылданды. Съезде әйелдер мәселесі қаралып, онда Орынборда 1917 ж. 21-26 шілдесінде өткен Бірінші жалпықазақ съезінің қаулысы басшылыққа алынып, «әйелдер мен ер азаматтар тең құқықты болсын; 16 жасқа толмаған қыз бен 18 жасқа толмаған жігітке молда неке қимасын» деген шешімдермен бірге Түркістан жағдайы ескеріліп, «жеті атаға толмаған ағайыннан қазақ-қырғызда қыз алу болмасын» деген тармақ қосылған. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа

кандидат ретінде съезд атынан 15 адам (М.Шоқай, Ә.Кенесарин, И.Қасымов, С.Өтегенов, Қ.Қожықов, С.Ақаев, Ә.Көтібаров, З.Сейдаллин, С.Аспандияров, С.Лапин, А.Мангелдин, Г.Аспандиярова, С.Қожанов, Х.Ибраһимов, С.Еренов) ұсынылды. Делегаттар Түркістан өлкесінде және оның облыстары мен уездерінде қазақ-қырғыз кеңесі ашылсын деген ұйғарым жасады. Осы съезд барысында Сырдария обл. қазақ кеңесінің құрамына С.Өтегенов, Ә.Көтібаров, И.Қасымов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов сайланды. Ферғана обл-на қарасты қазақ өкілдері обл-тық қазақ кеңесіне мүше ретінде К.Бөриевті белгілеп, кеңестің қалған мүшелерін белгілеу әр уездің өз үлесіне қалдырды. Күн тәртібіне ұсынылып, қаралған мәселелері және қабылдаған қаулыларынан Ө. Қ. С. алаштық саяси тұғырнамада өткен деп бағалауға болады. Съездің тарихи маңызы – Түркістан өлкесінде тәуелсіздік жолындағы саяси күрестің факторларын негіздеп бергендігінде.

 Әдеб.: Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917–1922 гг. – Таш.: «Издания Комиссии СНК», 1923, 213 с.; Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғ-дың екінші жартысы – XX ғ-дың бас кезі). А., 2008.

Х.Тұрсұн, А.Махаева

ТҮРКІСТАН СУ АЙДАУ МҰНАРАСЫ – 20 ғ-дың 1903 ж. «кірпіштік үлгімен» неоромантикалық бағытта салынған сәулеттік ескерткіші. 1901-05 ж. Түркістан темір жол бекетін салу кезінде салынған. Мұнараның негізгі төм. бөлігі күйдірілген кірпіштен, жоғ. бөлігі ағаш материалдардан құрастырылған. 19 ғ. соңында сыланбаған кірпішпен әрлеу уақыт өте кең қолданылған арх. үлгіге айналды. Ғимарат екі қабатты, сегіз қырлы, биік құрылыс.

Мұнараның кірпіштен жасалған қабаты жоғ. бөлігінен сатылы карнизбен бөлінген. Қас беті жарты арканың ойықтарымен жасалған. Ойылып әрленген ағаш қабаты Мұнараның жалпы құрылымын аяқтайды.

 Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. –А.-А., 1994; Кирпичный стиль// <https://ru.wikipedia.org/wiki/>;

Д.Мұстапаева

ТҮРКІСТАН ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛЫ – 1903 ж. Орынбор –Ташкент темір жолын жүргізу кезінде салынған құрылыстар кешеніне кіретін сәулет ескерткіші. Түркістан қ-ның батыс бөлігінде орналасқан. Күйдірілген кірпіштен салынған, күту залы, ветибюль, мейрамхана тәрізді үш негізгі бөлімдерден және кіші-гірім қызметтік бөлмелер тұрады. Вокзалдың қас беттері, ішкі бөлігі, аркалық ойықтар, терезелер иілген торлармен, көркем бөлшектермен әрленген. Есіктері аң үлгісіндегі көркем тұтқалармен көркемделген. Ғимараттың қас бетін көркемдеуде қабырғалардың «кірпіштік үлгісі» қолданылған. Шатырлар иілген металдан өрілген. Барлық бөлмелердің қабырғалары өте көркем безендірілген. Ғимаратқа 1950 ж., 1980 ж., 2000 ж. реставрац. жөндеу жұмыстары жүргізілген.



Түркістан қаласындағы темір жол вокзалы

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. –А.-А., 1994; Дикань А. Вокзал Туркестана: неожиданно, торжественно и изящно // <https://otyrar.kz/2017/10/vokzal-turkestana-neozhidanno-torzhestvenno-izyashhno-foto/15.10.2017>.

Д. Мұстапаева

ТҮРКІСТАН ТЕМІРЖОЛ ДЕПОСЫ – Түркістан қ. темір жол вокзалының оңт. тұсында орналасқан, паровоздар жөндеуге арналған ғимарат. Түркістан темір жол бекеті кешеніне енеді. Т. т. д. әкімш. бөлігінің терезесінің үстінде Т. т. д. салынған уақытты көрсететін «1904» деген жазу кірпіштік техникада түсірілген. Ғимаратты салуда және өңдеуде кірпіштік қалау бөлшектері қолданылған. Т. т. д. бірнеше рет қайта жаңғыртылды. Жөндеу барысында ғимараттың биіктіктері ұлғайтылып, шеберханалар бөлмелері қайта жобаланып салынған.



Түркістан теміржол депосы

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994; Дикань А. Вокзал Туркестана: неожиданно, торжественно и изящно // <https://otyrar.kz/2017/10/vokzal-turkestana-neozhidanno-torzhestvenno-izyashhno-foto/15.10.2017>.

Д. Мұстапаева

«ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» – Ташкент қ-нда «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан шыға бастаған, Орта Азия халықтарының тілінде жарық көрген тұңғыш баспасөз органы. Алғашқыда газет айына төрт рет, оның екі саны өзбек, екі саны қазақ тілінде жарық көрді. «Туркестанские ведомости» газетінен бөлініп қазақша, өзбекше шыққан «Т. у. г.» бетінде қазақ елінің тұрмысы, тарихы туралы мағұлматтар көп басылды, оның ішінде қазіргі Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Алматы обл-тарын қоныстанған қазақтардың сол кездегі тіршілігіне қатысты тақырып кең орын алды. Газеттің алғашқы редакторы Ш.М.Ибрагимов, одан кейін Х.Чанышев болды. Бұл екеуі де ген.-губернаторлық кеңсесінде тілмаш болып, кейін газеттің жергілікті әкімш. өкімдерін аударумен айналысқан. Ресми басылымның негізгі қызметі патша әкімш-нің әр түрлі өкімдері мен нұсқауларын жергілікті тілдерде тарату болды. Сонымен бірге, өлкенің әлеум.-экон. жағдайына сипаттама берілді. Саяхаттар, егіннің шығымы, а. ш-ның жай-күйі, мал аурулары, эрозия, су пайдалану туралы жекелеген мәліметтер айтылды. Газет беттерінде кеніштердің ашылуы, өңдеуші өнеркәсіптің жай-күйі, телеграф жүргізу, әйел мәселесі және этнография жөніндегі әр түрлі мәліметтер жарияланып отырды. Түркістан қ. және оның төңірегін мекендеген тұрғындар жайлы материалдар жарияланды. Газеттің бас редакторы болып 1883 ж. Н.П.Остроумов, одан кейін Н.Г.Малицкий тағайындалды. Н.П.Остроумов Түркістан ген.-губернаторы кеңсесіне берген «Туркестанские ведомости» газеті редакциясының есебінде мына жағдайлардың ескерілгенін және баспадан шығарылғанын айтып өтеді:

1. Ресей патшалары мен олардың өмір-баяндарының қысқаша тарихы; 2. Түркістан ген.-губернаторының жергілікті әкімш-ке байланысты шығарған өкімдері мен нұсқаулары; 3. Жергілікті халыққа қатысты Сырдария обл.-ның әскери губернаторының бұйрық, өкім мен нұсқауларын хабарлау; 4. Жоғ. әкімш-тің жаңа өкімдерінен түсініктеме; 5. Тарихи және этногр. мақалалармен бірге, жергілікті халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрі, ғылым, білім, өнер, сауда, т.б. 6. Өлкедегі кейбір маңызды оқиғалар; 7. Жергілікті почтаның хабарландырулары; 8. Газет редакциясының жарнамалары мен кейбір өлке мекемелерінің өкіметтік хабарландырулары туралы мәліметтер. 1883 ж. Түркістан ген.-губернаторының бұйырығымен газетті қазақ тілінде шығару тоқтатылып, аптасына бір рет шығатын өзбек газетіне айналдырды. 1885 жылдан газет өзбек және орыс тілдерінде шықты. Жалпы газет 47 жыл бойы, 1918 жылға дейін шығып тұрған. «Т. у. г.» қазақ тілінде жарық көрген алғашқы баспасөз органы ретінде ұлттық журналистика жанрларының қалыптасуына ықпал етті, сонымен бірге отарлық кезеңдегі қазақ тарихына қатысты құнды деректер кешенін жинақтаған тарихи-мәдени маңызға ие.

Әдеб.: Түркістан уалаятының газеті /Құраст. Ү.Х. Субханбердина., П.Т. Әуесбаева. – А.: «Ғылым», 2003. – 602 б.; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – А.: «Атамұра», 2002. – Т.3. – 766 б.; ЭРОММ. – 1 қ., 1-т., 1132- іс, 16-17 пп.

Х.Тұрсұн


«TÜRKISTAN» ХАЛЫҚАР. ГАЗЕТІ – 1994 жылдың 28 қаңтарынан бастап шығатын саяси апталық. Газеттің негізгі идеясы – түркі дүниесінің ортақ ақпараттық кеңісті-

гін қалыптастырып, түркі өркенітінің жалпы адамзат өркениетіндегі орнын көрсету; түркі халықтарының кешегісі мен бүгінгі жайлы шынайы ақпарат беру. Газеттің айлық таралымы – 42 мың дана. Қазіргі таңда республиканың барлық облыстарына және Ресей Федерациясына тарайды. «Т.» х. г. Алдаспан, Руханият, Қоғам, Саясат, Экономика, Спорт, Жаһан, Жаңалықтар, Медиа, Білгенге маржан, Оқшантай, Сұхбат, т.б. айдарлар бойынша ақпарат таратады. «Т.» х. г-нің тұрақты төрт қосымшасы бар: «Үгүс» қосымшасы; «Qonys» – алыс-жақын шет елдерден атажұртына қоныс аударған оралмандар жағдайын еліміздегі демография мәселесіне ұштастыра отырып талқылауды көздейтін, сондай-ақ ұлттық мәдениетімізді жандандыруға атсалысатын қосымша; «Tairazan» – ұлттық мәселелерді тереңнен қаузауға, ұлттық мүддені тіл, дін, діл, салт-дәстүр, саясат тұрғысынан талдауға арналған; «Jaһan» – халықар. саясатқа, қазақ халқының түркітілдес халықтармен ынтымақтастығына баса назар аударатын, сыртқы саясаттағы басым бағыттарды насихаттайтын қосымша. «Т.» х. г. 2009 жылдан «Роспечать» каталогына енгізілген. 2010 жылдың 22 наурызынан бастап газет А2 форматтағы 12 бет көл-нде және түрлі-түсті болып шыға бастады. Газет «Дәуір» ЖШС РПИК баспа үйінде басылады. «Т.» х. г-нің бас редакторлары: 1993-99 ж. – Қазақстанның Халық жазушысы Қ.Мұхамеджанов; 1999-2017 ж. – Ш.Паттеев; 2017-19 ж. – Ж. Шағатай; 2019 жылдан – Қ. Ауесбай.

*Әдеб.:*Түркістан газетінің ресми сайты: <https://turkistan/about>; [turkistan.kz/http://www.popkz.com](http://turkistan.kz).

М.Ескеева

ҰЗЫН АТА – 13 ғ-дың екінші жартысында өмір сүрген атақты Ясауи жолының өкілі Зеңгі Атаның төрт шәкіртінің бірі. 1320 ж. Жошы ұлысының ханы Өзбек ханды ислам дініне бет бұрғызған төрт Ясауи жолы өкілдерінің бірі. Аңыздық деректерге қарағанда, Жошы ұлысындағы діни-саяси реформадан кейін кіші жүзге пір болған тарихи тұлға. Кесенесі қазіргі Түркістан облысы Шардара ауданының аум-нда, Сырдария өзінің сол жағалауында орналасқан. Кесенесінің қашан салынғалы жайлы нақты мәлімет жоқ. Археолог ғалымдар кесене Әмір Темір дәуірінде емес, кейінгі ғасырларда салынған деген болжамдар айтады. Бұл 19-20 ғ. басындағы орыс зерттеушілерінің пікірімен сай келеді. Олар Сырдария бойындағы кейбір кесенелердің жергілікті халық тарапынан соңғы ғасырларда тұрғызылған деген пікір айтады.



Ұзын ата кесенесі

Әдебиеттер: Жақып М.Қ. Тегістік түстік жерден мұнарланып, күмбезі Ұзын Ата сағымданды... (Бұл мақала шымкенттік өлкетанушы Досбол Анефияевпен бірігіп жазылған) // Жақып М.Қ. Мырзашәлім – мырза елім. 1998; Жақып М.Қ. Түркістан өлкесі баспасөзінде патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатының жазылуы (1870-1917). «Туркестанские ведомости» газетінің материалдары негізінде: Монография. Шымкент, 2005; Жандарбек З. Ясауи жолы және қазақ қоғамы. Алматы, 2006.

З.Жандарбек

ҰЗЫН АТА ӘУЛИЕ – тарихи орын. Жалпы зерттеу мәліметтеріне қарағанда, Сыр бойында Ұ. а. атауымен байланысты үш түрлі ежелгі тарихи орын бар. Біріншісі – Ұ. а. (Ақтөбе) қ. 4-10 ғ-ларда өмір сүрген. Бұл қала бұрынғы «Комсомол» а-ның солт.-шығысынан 10 шақырымдай қашықтықта, Сырдарияның сол жағалауында, қазіргі Ұ. а. мазарының орнында орналасқан. Екіншісі – Ұ. а. қорған-мазары, ол біздің ғасырымыздың 1-мыңыншы жылдары пайда болған, ауылдың солт.-батысында 12 шақырымдай жерде. Үшіншісі – Ұ. а. мазарының үстіне тұрғызылған кесене. Ұ. а. басына тұрғызылған кесене Ұ. а. а. әкім. Орт-нан 8 шақырым солт.-те, Шардара-Арыс автомобиль жолының оң беткейіндегі қорым ішінде орналасқан. Жалпы Шардара қ-нан солт.-ке қарай 55 шақырым жерде, Қызылқұм каналының бойында. Кесене айналасы шеңгел, шеңгел арасы ескі қорым. Кесене қорымның оңт.-шығыс бөлігіне салынған. Жалпы кесене құрылысы екі

қабаттан тұрады: үстіңгі және астыңғы немесе төм. қабат. Көл. 12x10 м-лік. үстіңгі қабаттың қабырғасы күйген қыштан соғылған. Биікт. 7 метрдей, төбесі ақ түнікемен төрт жақтама жабылып, ортасына диаметрі 5 м-лік. күмбез қойылған. Күмбез биікт. 3,5 метр. Есігі оңт.-шығысқа қараған. Кіреберіс алдына 1,5 м-лік. портал қаланған. Кесене айналасына 1,5 м-лік. цемент құйылып, алдындағы 14x7 м-лік алаңға цемент плита төселген, зиярат етушілер үшін орындық қойылған. Табиғат құбылыстары салдарынан толқып, құлауға айналған кесенені сыртынан темір құрсаумен құрсаулаған. Кесененің ішкі құрылысы бір бөлмелі: ортадағы 5x2 м-лік, қабір үсті 1,0 метр биіктетілген, айналасына кілем мен көрпеше төселген. Күмбез астында Ұ. а. мүрдесі жерленген жердің үстіне ұз. 3 м, ені 0,75-0,80 м, биікт. 1 м-ге жуықтайтын тұтас қабір тас қойылған. Кесененің ішкі құрылысы мен күмбезі толық күйген қышпен қаланған. Төрт қабырғасынан көтерілген күмбездің төрт бұрышында 0,75x0,50 м-лік терезе бар. Қаланған қыштар екі түрлі: бірі – 0,26x0,10x0,5,5 м болса, екіншісі – 0,26x0,26x0,5 м-лік. Күмбез айналасы теп-тегіс, алаңқай іспетті. Оңт.-батысына шырша, өрік, қарағаш сияқты ағаштар отырғызылған. Кесенеге кіреберіс есіктің оң қапталында төмендегідей жазу бар: «Ұзын ата жазуы. Бұл кісі 778 жыл Хижра опат болған екен. Шырмұхаммет Халипа Дұрманұлы 21-ші шәуіл айы (май айы) күні қайтыс болған. Руы Қарахандық Әзіреті Әлінің тұқымы. 1024 әскермен күн жарымда салып бітілді. Ол уақытта 1384 жыл екен». Төм. қабат екі бөлмеден тұрады: қылуетхана және ішкі үй. Оларға түсетін екі жол бар: бірі – үстіңгі

қабат арқылы. Кесененің үстіңгі қабатының оң және сол қапталындағы екі есік бар. Сол қанаттағы есік арқылы төм. қабаттағы қылуетханаға түседі. Қылуетхана – құлшылық жасау үшін арнайы салынған орын. Оны кейде тілеуетхана деп те атайды. Ұз. 4 м, ені 1,5 м-лік тілеуетхана бөлмесінің қабырғасы қыштан өрілген. Қылуетхана ішкі үйге қабаттаса салынған. Оған түсетін есік бүгінде жабылып, беті қышпен өріліп қойылған. Оң қанаттағы есік арқылы айналма баспалдақпен көтеріліп жоғарыға, күмбезге шығуға болады. Күмбез айналасы теп-тегіс алаңқай іспетті. Кесенеге кірер есік алдында 0,80x0,65 м-лік тесік бар. Тесіктен төмен түсіп, 0,80x0,95 м-лік дәліз арқылы қиғаштай солт.-батысқа 2,5 м-дей жүріп, ішкі үйге барады. Дәлізге түсіп, 0,75 м-ей жүрген соң, қышпен жасалған сегіз қатар баспалдақ арқылы төмен түседі. Ішке кірген сайын дәліз биіктей түседі. Ішкі үй – Ұ. а-ның қабірі жатқан жер. 4,5x4,5 м-лік ішкі үйдің едені теп-тегіс, биікт. 1,50 м. Тоғыз қатар 0,26x0,26x0,6 м-лік қыш өрілген соң, төрт бұрыштан қиюластыра қарама-қарсы қаланған қыш өрнектері күмбезделіп келіп, ортада түйіседі. Қыштың қалануы тор жақтама бұрышты құрайды. Ішкі үйдің шығыс және батыс қабырғасы мен күмбезі басталар тұстан үшбұрышты тесік қалдырылған, күмбездің дәл төбесінде 0,15x0,15 м-лік тесік бар, ол тесікті төбедегі қабір белгісі жауып қалған. Астыңғы ішкі үй жан-жағындағы тесіктердің бітеліп, ауа айналымының дұрыс жүрмеуіне байланысты зәктеніп, қабырғалары көгере бастаған. Бөлме іші ылғал, әрі сыз. Ылғалдан қабырға қыштары бүлінген, солт. бөлігі күмбез қабырғасы үстіндегі салмақтан жарылып,

қабырғалары сызаттана бастаған. Ішкі үйдің екінші атауы – аманатхана. Ертеде жаз жайлап, қыс қыстауға көшкен ата-балаларымыз көшіп бара жатып, қайтып келгенше қайтыс болған адамдарын осы араға уақытша қойып, «аманат» деп кетеді екен. Ұ. а. кесенесінің архит. сипаты мен салу мәнері Орт. Қазақстандағы Алаша хан, Жошы хан мазарларына, Сайрамдағы Мірәлі баб, Самарқан, Бұхарадағы ортағасыр дәуірінде салынған көптеген ғимараттарға ұқсас болып келеді. Күмбез сыртынан қарағанда шығыс үлгісімен салынған архит. құрылыс тобына жатады, маңдайшасындағы саз балшықтан жасалынған тақтайшаға араб әрпімен түсірілген жазу мазмұнына қарағанда, құрылыстың өткен дәуір үлесіне тиесілі мұра екенін аңғарамыз. Шындығында, тақтайшадағы жазу кезекті жөндеу жұмыстары жүргізілгенде, 19 ғ-дың аяғында жазылған деген болжам бар. Жөндеу әр кезеңде бірнеше рет жүргізілген. Әрі құрылыстың алғашқы тұрғызылған келбет-тұрқына ешқандай түзету енгізілмегені байқалады. Сондай-ақ «Жетпісінші жылдары Ұзын ата төңірегінде ұз. 1,5-2 м, ені 25-30 см келетін қайрақ тастар кездесетін. Ол тастарда жазу болушы еді. Өкінішке орай, тастар қазіргі кезде жазуымен бірге өшіп те кеткен» деген деректер бар. Кереметі билік, ақындық пен әуен беруші рух иесі және шексіз қасиетке ие. Басына елге әділ билік құрсам дегендер барып, тәу етеді.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Саркенова

ҮКАША АТА – Түркістан облысындағы Түркістан қ. 60 км жерде, Серт а. солт. жағындағы Қаратау етегінде орналасқан зиярат орны. Аңыздарда аталады. Ш.Уәлиханов жазбаларында Оксе, Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында Хазірет Ғақаша, Ақкөсе сахаба, Ғақаша Сақапа, Г.Потанинде Акаш деп көрсетіледі. Аңыз бойынша Үкаша ата Мұхаммед пайғамбардың сахабасы екен. Оны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейді екен. Жаулары айла жасап оның әйелін алдап сахабаның осал жерін біліп алыпты. Үкаша ата тек таң намазын оқыған кезінде қорғансыз болады екен. Оны білген кәпірлер Үкаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер до-



Үкаша ата қасиетті құдығы

ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ БЕСІГІ



Ұқаша ата кесенесі


малатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып Ұқаша ата басы оған түсіп жер асты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 м белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Ұқаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собрание соч. Т.1. – Алма-Ата, 1984; Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 8 т. – Алматы, 2008; Қожа М. Святые места Южного Казахстана. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент, 2014.

М.Қожа

ҮЛКЕН ҚЫЛУЕТ – тарихи сәулет құрылысы. Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 150 м жерде, оңт.-батыс тұста орналасқан. Ғимараттың тарихы Қожа Ахмет Ясауи өмірімен,

ілімімен тығыз байланысты. Ежелден елде қылует ғимараттары көп болған. Ү. Қ. мешітінің құрылымын зерттеушілер бөлмелерін ғар, мешіт бөлмесі, жамағатхана, құжыралар, ыстық су дайындайтын бөлме, жуынатын бөлме, дәрет алатын бөлме деп бөлген. Ясауи жолын қуушылар қырық күн шілдеде жиылып діни жоралғылар өткізген. 20 ғ-дың 40-ж. Ү. Қ. құрылысының көп бөлігі бұзылып, күйдірілген, сапалы кірпіштері Түркістандағы май 3-тын салуға қолданылады. Ү. Қ. 1972-73 ж. Т.Н.Сенигованың жүргізген археол. зерттеуі, 1979 ж. Е.Ә.Смағұловтың зерттеулері бұл діни құрылыс туралы, тарихы, қалыптасуына байланысты жан-жақты жүйелі тұжырымдар берді. Т.Н.Сенигова «кішігірім діни қалашық» деген. Ү. Қ-тің орт. бөлмесі төрт бұрышты (5,90x5,50x5,20бм.), батыс қабырғасының ортасында михрабы бар және үлкен ғимаратқа шығыс жағынан кірген.



Қылует жоспары

Михрабтың ені – 96 см. Тереңд. – 50см, биікт. – 1,80 см. 20 ғ-дың бірінші ширегіне дейін Ү. Қ-ке мыңдаған (жиырма мыңға дейін) зияратшылар жиналған. Зияратшылар үшін онда бөлмелер, атқора, қонақ үйлер орнатылған. Ү.Қ. кешеніне бір бөлмеден баспалдақ арқылы жер асты бөлмесі «Ғарға» түседі. Төрт метр тереңдіктегі ені 1м, 34 см ұз. бар бөлме. Қабырғаларында шырақ қоятын кішігірім ойықтар бар. Қожа Ахмет Ясауи 63 жасқа келгенде жер астына түсіп, қалған ғұмырын өткізген жер, Ү. Қ-тің ең көне бөлігі «Ғар» 12 ғ-ға мерзімделген. Қабырғалары, күмбезі төрт бұрышты кірпіштермен қаланған. Күмбезі көне балх жүйесінде өрілген. Ү. Қ-те қырық күндік ораза ұстау рәсімі өткізілген. Ү. Қ-тің екі бөлмесі 14 ғ-ға мерзімделген. Ү. Қ. кешенінде ошақ, сандал, бөлмелердегі интерьерлер ол жер тұрғын жай ретінде қолданғанын көрсетеді. Сонымен бірге тахаратхана бөлмелері, жуынатын оңаша бөліктер болған. Қылуетхана кешенінде құдық, ошаққа қойылған қазан болған, су ж.татын ошақ келесі бөлмеден қыздырылған. Ү. Қ-те ағаштар сақталатын бөлмелер де болды. Үлкен залдың ені –10, ұз. 12 м болған. 20 ғ-дың басында 1920 жылдың ортасында Әзірет Сұлтан кесенесінің ба-



Жер асты мешіті

тыс тұсындағы жер асты мешітінде ораза айында ел қылуетке түскен. Қылует кезінде нәпсіге тиісті қалау, ниеттер жанып жоқ болған. Оңашаланған орын – Қылует – оңашалау Ясауи тарихатының ерекшелігі. 1940 ж. архитектор А.Л.Шмидт Ү. Қ-тің интерьерінің макетін жасады. Оның қағаз бен сазды пайдаланып жасаған макетінде бөлмелер көрсетілген. Бұл макет қазіргі кезде Мемл. Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық мұражайының экспозициясында тұр. Ү. Қ-тің жұмыс істеу кезеңдері 15-18 ғ.; 18-20 ғ-да Кешенінің құрамында төрт бөлмеде төрт құдық болған. Қазан қойылған ошақтар су ж.ту үшін қолданылған. Ү. Қ. кешенінде тұрғын бөлме де болған. Қолданылған су ташнау-



Қылует ғимараты

лар ерекше су сіңетін құдықтар арқылы шығарылған. Ғыл. зерттеулерде Әзірет Сұлтан кесенесінің жанындағы Ү. Қ. құрылымы тұрғын орын, су ж.татын бөлме, қазан-ошақ орналасқан, ағаш сақтайтын, дәрет алатын бөлмелерден тұратын құрылыс. Ошақ, сандалдар, бөлмелер мұнда адамдардың тұрғанын көрсетеді. Сандал бөлмені ж.ту үшін қолданылғаны белгілі. Ү.Қ. архит. зерттеліп, қайта қалпына келтіріліп жөнделген.

 Әдеб.: Гордлевский В.А. Избранные сочинения. Т3. История и культура. – М., 1962; Сенигова Т.Н. Культурные сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави//Археологические исследования в Отраре. – А.-А. «Наука», 1977; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Очерки по истории и археологии средневекового города Туркестана. – А., 1998; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – А., 2000.

Д.Мұстапаева

ҮНДЕМЕС АТА (18 ғ. 1880 ж.ш.) –Түркістанда өмір сүрген әулие кісінің мазары. Кесене жанында қабірі болған. Ү. а. аталу себебі ешкімге үн қатпаған. Елге бір қиындық келгенін алдын-ала білген дейді аңыздар. Ү. а-ның бір аты – «Жасырын әулие». Аңыз бойынша, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің босағасында оты-



Үндемес ата кесенесі

рып, түнде ескі мазарға түнеген екен. Бір күні өзі қазған көрде дүние салады, ел сол жатқан жеріне көміп, үстіне сағана тұрғызған. Елде Ү. а-ның кереметі туралы көптеген әңгімелер айтылады. Соған байланысты қабіріне шырақ жағып, зиярат жасау әдетке айналған. Зияратшылар мазарға келгенде көліктерінен түсіп, жаяу келген. Ү. а. мазары 20 ғ-дың 30-шы жылдарына дейін сақталған. Соңғы жылдары Ү. а. кесенесінің қабырғаларын қалау жұмыстары жүргізілді.

 Әдеб.: Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. – А., 2009; Тұяқбаев М. Төрт қақпалы Түркістан//Ясауи мұрасы. Респ. газет. N1(13). Қаңтар. – 2018.

Д.Мұстапаева

ҮШБАС – кейінгі палеолит бұйымдары жинастырылған үңгір. Түркістан обл. Созақ ауд. Әулиетоғай үңгірінен табылған. Теңіз деңгейінен 700 м биіктікте, Үшбас өз-нің оң жағалауындағы жарқабақта орналасқан. 1958 ж. Қаратау палеолит отряды (жетекшісі Х.Алпысбаев), 1968 ж. геолог Б.А.Волчков зерттеген. Үңгірдің шығыстан батысқа қарай ұз. 20 м, биікт. 1,5-2 м. Одан әрі үңгір едені бірден жоғары көтеріледі де, ені 0,8-1 м-дей, ұз. 11 м-ге жуық қуысқа айналады. Зерттеудің алғашқы ж.нда кірер ауызға тікқазба түсіріліп, шеті жонылған кескіш, шақпақ тас жаңқалары, сүйек бігіз, бұрғыланған сүйек бөліктері, сондай-ақ кейінгі палеолиттік фауна кешеніне жататын бірқатар тұз аңдарының (мүйізтұмсық, бизон, киік, түлкі, қарсақ, т.б.) сүйектері табылған. 1968 ж. жүргізілген зерттеуде көл. 1,3×1×0,85 м тікқазба (шұрф) түсіріліп, үңгірдің тарихи стратиграфиясы алынды. Қазба жұмыстары 4 мәдени қабатты анықтап берді. Одан бірнеше

ошақ орындары, хайуанаттар сүйектері, қатарынан түсірілген 10 тісі бар ұзын тас (материалы-алевролит) аршылып алынды. Трассолог С.А.Семеновтың айтуынша, соңғы құрал еңбек операцияларына пайдаланылмаған. Ф.П.Григорьев, Б.А.Волчков сынды зерттеушілер аталмыш бұйым есептеу үшін қолданылған деп пайымдайды. Ойық тіс түсірілген бұл есептеу құралы Қазақстанды мекендеген кейінгі палеолит адамдарының дүниетанымы туралы нақты мәліметтер береді. Еуразия аум-нда осындай бұйымдар табылған ескерткіштер өте аз ұшырасады. Сондықтан да Үшбас археол. нысанының әлемдік тарихтағы орны өте зор.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ш.Құрманбаева

ХАДИҚАТ ӘЛ-АРИФИН – көне жәдігер. «Х. ә.-А.» атты шығарманы жазған 14 ғ-да өмір сүрген Ясауи жолының ірі өкілі Исхақ (Ысқақ) қожа ибн Исмаил Ата Қазғұрди. «Х. ә.-А.» сопылықтың негізгі талаптарын түсіндіруге арналған. Шығарма негізінен 15 бабтан тұрады және әр бап сопылық жолдың әрбір тармағына арналған. Бірінші баб «Әруақ» деген тақырыпты талдауға арналған. Осы сияқты 15 бапта сопылық жолдың шайх, мурид, зікір, самаа, мағрифат, т.б. сопылыққа қатысты тақырыптары талданады. Қолжазбаның соңғы жағында Ясауи жолының «Дуана қожалар» деп аталатын тармағы-

ның шежіресі берілген. Бұл шығарманы зертеп, мазмұнын ашар болса, қазақтың дәстүрлі дінінің негізі болған Ясауи жолының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік бар. Қазіргі күні «Х. ә.-А.» шығармасының үш қолжазбасы белгілі. Оның екі қолжазбасы Өзбекстанның ҒА Беруни атынд. Шығыстану ин-тының қолжазба қорында сақтаулы. Бір қолжазба Лондон қ-ндағы қолжазба қорында сақтаулы.

Әдеб.: Исхақ қожа ибн Исмаил Ата Қазғұрди. «Хадиқат ал-Арифин» қолжазбасы. ӨзР ҒА Беруни атынд. Шығыстану ин-ты қолжазба қоры, №Р 11838.

З.Жандарбек

ХАҚНАЗАР ХАН /АҚНАЗАР (1509-1580) –Жәнібек ханның немересі, Қасым ханның ұлы, Ханық сұлтан ханымнан туған баласы. Тарихи деректерде хан есімі бірде «Хақназар», бірде «Ақназар» деп кездеседі. Х. хан тұсында қазақ хандығы қайта бірігіп дами түсті. Х. хан Қазақ хандығын көптеген жыл биледі. Қазақ хандығының тарихында Х. хандай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол ел басқару, қиын-қыстау, әскери-саяси істері жағында қажырлы да, қабілетті қайраткер болды. Ішкі және сыртқы саясатта әкесі Қасым ханның жолын жалғастырып, қазақ руларының ескі қонысын сақтап, көрші елдер арасында Қазақ хандығының ықпалын арттыруға күш салды. 16 ғ. ортасы Қазақ хандығы тарихындағы үздіксіз болған соғыстармен ерекшеленеді. Осындай қиын кезеңде күшті, жігер-

лі, хандықтың бытыраңқы, шашыраған бөлігін біріктіріп, нығайтатын көш басшы бола білген. 16 ғ-дың екінші жартысынан бастап, X. хан тұсында Қазақ хандығы қайтадан түлейді. X. хан ноғай, башқұрт елін, Қазан, Сібір, Астрахан патшалықтарын, Бұхара, Хиуа, Ташкенді басқа көптеген қалаларды өз билігіне қаратқаны туралы П.И.Рычков жазады. X. хан тұсында қазақ-қырғыз одағын күшейтті, Моғолстан хандарының Жетісу мен Ыстықкөл алқабын жаулау әрекетіне тойтарыс берді. Ресеймен дипломатиялық қатынастар орнатады. X-дың ықпалы Сібір ханы Көшім ханға жайсыз тиді. 16 ғ-дың 70-ж. соңында өзінен бұрынғы қазақ хандары үнемі жауласып келген Мауараннахрдағы Шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылды. Сөйтіп, шайбани әулетінен шыққан Бұхара ханы Абдолла 2-мен қазақ ханы Хақназар өзара көмектесу жөнінде шарт жасасты. X-дың бұл дипломат. шарасы жақсы жетістікке жетті. X. хан билігі кезінде Қазақ хандығы Еділден Жайыққа дейін кеңейді. Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қ-лары Қазақ хандығының құрамында болды. 16 ғ-дың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдарының басында соғыс қимылдары тоқтап, бейбітшілік орнады, қазақтардың Орта Азия халқымен сауда-саттық қарым-қатынасы, экон. байланысы одан әрі өрістеді. Мұның өзі қазақ хандығының ішкі жағдайын жақсартуға, халықтың әлеум. өмірі мен шаруашылық тұрмысын дамытуға тиімді болды. Сонымен қатар қазақ хандығын да нығайта түсті. Қазақ хандығы күшті, айбынды шекарасын кеңейте алған мемлекет болды.

Әдеб.: Абусейтова М. X. Казахское ханство во второй половине XVI века / Академия наук Казахской ССР. Ин-т Истории, Археологии и Эт-

нографии им. Ч. Ч. Валиханова. – А.-А.: «Наука», 1985; Қазақ хандары. – Түркістан, 2015; Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011; Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – А.: «Алматыкітап баспасы», 2009.

Д.Мұстапаева

ХАНТАҒЫ – Түркістан обл. Кентау әкімдігіне қарасты кенттік округ, елді мекен. Бұл атау бастапқыда тауға қатысты болған. X. деген шың бар. Тіл мамандарының пікірінше көне түркінің *даг/дағ/таг* сөзі қыпшақ тобына жататын тілдерде 13-14 ғ. кейін *тав/тау* деген үлгіге ауысқан. Яғни, X. атауы 13-14 ғ-дан бұрын қалыптасқан. 12 ғ. ортасында Абу Абдуллах Мухаммед ибн Мухаммед ал-Идриси жазған геогр. Еңбегінде Руза атты өзеннің жағасындағы таулардың бір шыңында «хандаг» атты оғыз тайпасының орт., бас қ. бар деп көрсетіледі. Ал-Идриси өз еңбегін жазғанда өзінен бұрынғы араб-тілді географ пен тарихшы шығармаларын пайдаланғанын ескерсек, бұл ақпар 9-10 ғ-ға жатады. Қазақ тілінде «пайтақ»



Хантағы шоқысы

сөзі «ежелгі шығыс халықтарының астанасы, орт.» дегенді білдірген. Х. туралы ел аузындағы аңыздарды және археол., топоним. мәліметтерді сәйкестендіру бұл аймақта хан ордасы орналасқан деген қорытындығы жетелейді. Х. сөзі хан жұрты, елі, ордасы, тұрағы дегенді білдіреді. 9–10 ғ. Х. айналасында орналасқан ескі қорған, бекініс қалдықтарының бірі билеушінің тұрағы болуы тиіс.

Әдеб.: Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад, 1969; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А., 1977; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А., 1974; Қожа М. Хантағы тарихын тану мәселелері // Хантағы. – Кентау, 2018. – 168-176 бб.

М.Қожа

ХАСАН ХАН (т.ж.б. – 640) – Отырардың ханы Абд ал-Халық ханның ұлы. Ол туралы «Насаб-нама» нұсқаларында былай деп жазылған: «Абд ал-Халық ханның төрт ұлы бар еді. Үлкен ұлының аты – Абд ар-Рахман, және бірінің аты Йағалақ Арыслан еді, және бірінің аты Хасан хан және бірінің аты Мұхаммад шайх. ... Хасан ханға патшалық тиді. ... Тарихқа 640 жыл болғанда 60 жасында дүниеден озды. Зиараты аталарының аяғында еді». Абд ал-Халық хан, Х. хан аттары Отырарда соғылған теңгелерде бар. Ол Б.Д.Кочневтің осы теңгелерге қатысты жүргізген зерттеу жұмыстарында бұл хандардың Отырар тарихында болғандығы толығымен дәлелденді. Ол теңгелердің Отырар қ-нда екі кезеңде 1199-1201 ж. және 609/1206-07 ж. соғылғанын, теңгенің бір бетінде шаршы сызықтың ішінде «Ла илаха илла Аллах Мұхаммад расул Аллах. Ан-Насир ад-Дин», екінші бетінде «Хақан ал-Хақан адил Шамс ад-Дуниа

уа-д Дин уа Қутлуғ Билга» деп, теңгені айналдыра сызылған екі сызықтың арасына «Хасан бин 'Абд ал-Халық ... амир ал-Муминин. Халада Аллаху мүлқуху ...» деп жазылған. Х. х-ның атынан шығарылған бұл теңгелер ғылымда толығымен дәлелденген.

Әдеб.: Қазыналы Оңтүстік. Насап-нама. 166 том. – А., 2014; Кочнев Б.Д. Караханидский чекан Параба // Средневековая культура Казахстана и Средней Азии. – А., 1983; Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002.

З.Жандарбек

ХАФИЗ БАҚИ ТҮРКІСТАНИ (т.-ө.ж.б.)

– оқымысты, хаттат. Толық аты – Хафиз Бақи ас-Саид Бақи Түркістани. Өмірі жайлы толыққанды мәліметтер жоқ. Өз аты – Хафиз Бақи. Түркістани оның Түркістандық екенін танытады. 17 ғ-да өмір сүрген. Алғашқы білімді өз шаһарында алып, кейін Ташкент, Бұхара, Самарқанд қ-ларына барып білімін толықтырған. Араб, парсы тілдерін әрі олардың мәдениеті мен тарихынан мол хабардар болған. Араб тарихшысы Әбу Жағфар Мухаммад бин Жарир ат-Табари жазған (9 ғ-дың екінші жартысы мен 10 ғ-дың басында өмір сүрген) «Тауарих ар-Расул уа-л-мүлүк» («Пайғамбарлар мен патшалар тарихы») еңбегін хатқа түсірген. Бұл еңбектің негізгі нұсқасы Ташкент Қолжазба ин-тының қорында сақтаулы. Х. Б. қолжазбаны хатқа түсіру барысында оның араб пен парсының сан-салалы білімінен хабардар болғанын аңғарамыз. Еңбекте пайғамбарлар хикайасы мен ислам дінінің пайда болуы, алғашқы халифалар, Мұхаммед пайғамбар мен сахабалары, ізбасарлары жайлы мәліметтермен қатар, исламға дейінгі мемлекеттер, оның



патшалары жайлы да мол мағлұматтар берілген. Міне соның барлығын көркем етіп түсірген. Бұл оның заманында да Түркістан білім берудің бірден-бір мәдени іргетасы қаланған орт. болғанын көрсетеді.

Әдеб.: Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары, – А., 1995.

Н.Мансұров

ШАҒА (Чачай, Чага) – көне мекен. Түркістан қ-нан солт.-шығысқа қарай 20 шақырым жерде сол аттас а-дың маңында, Шаға қалашығының орнында орналасқан. Геогр. координаттары: 42Т 459294, 4796439. Чачай – Чага ур-бонимінің бұрмаланған түрі. Шағыл-жан атынд. атымен ол 12 ғ-дағы араб географы Аль-Мақдиси берген Испид-жаб аймағындағы қалалардың тізімінде көрінеді. Чачай Н.Алимовтың Түркістан қалаларының тізімінде 1735 ж. алғаш рет кездесті. Цитадельге салынған стратиграф. шурф 17 ғ-ға жататын жоғ. қабатты анықтады; Шахристандағы жоғ. қабат 18 ғ-ға жатады.

Әдеб.: Добросмыслов А.И. Города Сырдарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912. – С. 110; Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ин-та истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – А.-А., 1960. – С. 80; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв.

Т.б. – А., 2007. – С. 28; Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) – А., 2009. – С. 126-127.

М.Қожа

ШАЙМЕРДЕН АТА ӘУЛИЕ – киелі мекен. Сарыағаш ауд. Дарбаза а-нан 7 км қашықтықта, шығыс бөлігінде орналасқан. Ш. а. ә., «Ердәуіт әулие» кесенелерінің басында «темір ұстахана» бар. Ердәуіт әулие – темір ұстасы болған. Ердәуіт әулиенің киелілігі дүкен ұстаған әрбір адамға қолдау беріп жеңілдік жасаған. Халық киелі санап, зиярат ететін орын. Мұнда түрлі дерттерге шипа емдік бұлақтар бар.

М.Амантуров, Н.Сұлтанбек

ШАЛСАЙ – төм. палеолиттің аяқ кезінде өмір сүрген аңшы тайпалардың қонысы. Түркістан обл. Созақ ауд. Баба ата кентінің оңт.-батысынан 8 км жерде, Ш. сайында. Зерттеу жұмысын 1959 ж. КСРО Геология мин-нің Қаратау геол. экспедициясы (жетекшісі Б.А.Волчков), КСРО ғылым академиясының Тарих, археол. және этнография ин-тының Қаратау палеолит отряды (жетекшісі Қ.Алпысбаев) жүргізген. Қазбадан табылған тас пышақ, өзек тас, жаңқа сынықтары, т. б. заттар Ш-дың мұстьер кезеңінің қонысы екенін дәлелдейді. Бұл жерде орта палеолитке (орта тас дәуіріне) жататын соңғы ашель-мұстьер (б.з.б. 140-40 мың жылдықтар) ескерткіштерінің көптеп тарағаны сол за-

манғы алғашқы қауым адамдары бұл өлкені біршама игергенін айғақтайды.

Әдеб.: «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998; Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. – А., 1988.

Ш.Құрманбаева

ШАМЕТ ИШАН МЕШІТ-МЕДРЕСЕСІ – 19 ғ. архит. ескерткіші. Түркістан қ-нан 25 км жерде, Қарнақ а-нда, ортағасырлық цитадельге жақын орналасқан. Ш. құрылысы үш кезеңнен өткен: мазар, мешіт, медресе. 18 ғ. соңында, 1789 ж. іргесі қаланды. Ғимаратты салу бірнеше кезеңдерге бөлінген. Алғашқы кезеңде мазар болды, кейін мешіт, медресе болып құрылды. Ғимарат намаз оқитын үлкен бөлме, кіші бөлме-қылует, жер асты-ғар бөлмесі, ш. бөлмелері, дәлізден құралған. 1876 ж. Үлкен ақсарай, 1789 ж. Кіші ақсарай салынады, оның астында жер асты-ғар бөлмесі бар. Үлкен ақсарай және Кіші ақсарайды дәліз бөліп тұр. Құрылыс әр түрлі кезеңде салынған. Ш. ауласының қасбеті биік айванмен әрленген. Ш. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі сталактиттер, белдеулерді көркемдеуге ұқсас, өсімдік тектес өрнектермен әрленген. Қасбеттегі екі бөлме күмбездермен жабылған. 1890 ж. бастырма мен қосымша сауат ашу бөлмелері салынады. Бұлар көптеген кішкене бөлмелер – құжыраларға бөлінген, аула тұсында жалпы бастырмалармен байланыстырылған. 1896 ж. ғимарат салынып бітеді. Бұл жерде ерте заманнан бастап Кенесары-Наурызбайға шейін қазақ төрелері, елшілік қызметіне дайындалатын адамдар, сарай қызметкерлерінің балалары, қазақ жастары оқыды. Жазушы М.Әуезовтың арғы атасы Бердіқожа, қазақтың соңғы



Шамет Ишан мешіт-медресесі

ханы Кеңесары, т.б. көптеген азаматтар білім алған. 19 ғ-да Ш. ишан және оның ұлы Ханафия ишан бұл медресені Орта Азияға танымал етеді. Оқу орнында білім беру 1917 ж. дейін жалғасады. Осы жылдан кейін балалар үйіне айналдырылып, 1928 жылға дейін пайдаланылған. 1928 ж. жабылып, 1982 ж. дейін бұл ғимарат қараусыз қалады. Ш. 2005 ж. мұражай ретінде жұмыс істеп, 2012 ж. қазан айында мұражай экспозициясы жаңа сипатта қайта құрылып, обл. мұражайлар қызметкерлерінің қатысуымен ғыл. конференция өткізілді. Экспозициясының жалпы алаңы 320 ш. м-ді құрайды. Мұражай 29 бөлмеден тұрады. Ш. қазіргі күні мұражай болып қызмет жасап тұр.

Әдеб.: Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А., А., 1994; Артықбаев Ж. Қарнақ құпиясы: тарих және сабақтастық// //egemen.kz/article/166506-qarnaq-qurpiyasiy-tarikh-zhane-sabaqtastyq.; Қарнақ-ортағасырдағы ағартушылық пен білім ордасы. -Кентау, 2018.

Д.Мұстапаева

ШАРАПХАНА / ШАРАФХАНА – ортағасырлық қала. Түркістан обл. Қазығұрт ауд. Қаратас а-ның ортасында, Келес өз-нің

оң жағалауында орналасқан. Алғаш қала орнын 1948 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясы (жетек. А.Н.Бернштам) ашқан. 1982 ж. қазіргі Қожа Ахмет Йассауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің археол. отряды (жетек. Н.П.Подушкин), 1992 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспед-ның Келес отряды (жетек. Д.А.Талеев) зерттеген. Қаланың орны бір-біріне жалғаса орналасқан тік қабырғалы екі алаңнан тұрады екен. Едәуір биік батыс бөлігінің өлшемі сол-тен оңт-ке қарай 80 м, батыстан шығысқа қарай 65 м, биікт. 1,5 м. Бұрыштары мен батыс қабырғаларының ортасында мұнарасы бар. Оның шығыс шетінен жалғасқан екінші алаңның қабырғасы тік, тек оңт-шығыс бұрышы шорт кесілген. Осы бөліктің өлшемі сол-тен оңт-ке қарай 100 м, батыстан шығысқа қарай 140 м, биікт. 0,5 м. Екі бөлік те айналдыра терең ормен және дуалмен қоршалған. Бұл зерттеу-есептерді археолог Д.Талеев жүргізген. Ш. туралы мәліметті Хафиз Таныш Бухаридің «Шарафнама и-шахи» атты ортағасырлық еңбегінен білеміз. Келес өз-нің бір кезде Шарап өз. аталуы туралы да дерек бар. Ш-ның 20 ғ-дың 30-шы жылдарына дейін Келес бекеті аталғаны да рас. Ш. туралы 18 ғ-дың жазбасында мынадай мәлімет бар: «... От Шарабхана дорога лежит к урочищу и кургану Темир в 14 верстах, а отсюда на Ақджар, отстоящий на верст 16. далее на р. Каляс (Келес. М.М.) к броду Джазкичу (Жаскешу) на 20 верст отсюда в 10 верстах протекает канал, провенный из р. Чирчик и называемый Узак-арык; в 15 верстах лежит предместье Ташкента Кара-камыш на р. Узаци; и наконец, в Ташкент, до входящих ворот которого считается верст 8». Ұлы Жібек жолының бойындағы Ш. ғасырлар бедерінде сансыз тарихи уәқиғалардың куәсі болған.

Әдеб.: История Казахстана в русских источниках XVI-XVII вв. Т. I. Посольские материалы русского государства XV-XVII вв. – А., 2005; ҚР ОММ.Қ. И-3. Тізбе I. Іс. 11 П. 13-37.

М. Миразов

ШАРДАРА – дала, Түркістан обл-ндағы Сырдария өз-нің сол жағалауында. Ш. – «төрт арна» каналы. Топоним екі сөзден құралады: парсының «чар» + дара. Халықтық геогр. терминдер сөздігінде дара, дере сөзінің «төбе», «шатқал», «жыра» (тәж., түркм.) деген мағыналары көрсетіледі. Қазақ тілінде дере «арна, алқапты» деген мағынаны білдіреді. Ш. топонимінің этимологиясына қатысты: «Шардара – шұңқыр, каньон қазындылары», «түркінің чар (жар) + ирандық дара (дария) – «жардария» (жарлы өзен) тұратын түркі-иран симбиозы» деген әртүрлі пікірлер орын алады. М.Е.Массонның пікірінше, ш. терминімен жергілікті халық Ферғанада және Сырдарияның төм. жағалауындағы ескі бекіністерді атайды. И.Батыршиннің күнделігіне қарағанда: «шардара термині жергілікті өзін-өзі басқару өкілдері отыратын, келушілерді қабылдайтын, сот құратын бекіністің салтанатты шатыры». Ш. атауы жердің рельефінің ерекшелігімен де түсіндіріледі. Белгілі зерттеуші А.П.Федченко 1871 ж. Ш-ға алғаш рет «Қызылқұм құмдарының шығыс шекарасы мен Сырдария өз-нің арнасы арасындағы дала» деп геогр. сипаттама берді және осы даладағы басты назар аударған нәрсе: «... құмнан шығысқа қарай жатқан дала бұрынғы кезде Сырдарияның суару арықтары арқылы кең ауқымды суарғанымен ерекшеленеді. Бұл арықтардың іздері өте көп және айқын түрде сақталған. Олардың кейбіреулерінің ені сажыннан артық және биікт. сажынға жақын.



Шардара су қоймасы

Аңыз бойынша, Шардара жанындағы Сасықкөл көлінен басталған арық Шардарадан төмен жатқан Сырдариядан шығатын басқа арықтардың суымен толығып отырады да Қарак тауларына жетеді. Күйдірілген кірпішті бөліктері бар Сырдария қалаларының қирандылары осы арықтардың болған кезіне жатады. Шардарадағы Джну-Сугума, Югаргы-сеид, Тюбенти-сеид, Каты-сеид, Сүткент, Байрақұм, Ичкель қирандылары сондай. Қоқанның Шардара бекінісі, сыртқы саз қабырғадан басқасы толығымен, жақын маңда шашырап жатқан Мыңтөбе деген атпен белгілі аласа төбелерден қазылып әкелініп, күйдірілген кірпіштен салынған. Сырдария маңындағы Шардара даласы рельефінің бұл айрықша жағы – ежелгі арналардың қираған орындары, ежелгі суару желісі және «каналдың төрт арнасы» – Ш. деген атаудың пайда болуына әкелді. Халық аңызына сәйкес, бұл жерде Сырдариядан 4 ірі арна шығарылған. Тарихи дереккөздер Оңт. Қазақстанды Қоқандықтар басып алғаннан кейін салынған Ш. бекінісін атап өтеді. Ол туралы алғаш рет жазылған орыс дереккөздері 1828 жылға жатады. Ш. бекінісі 1844 және 1862 жылдардағы оқиғаларға бай-

ланысты «Тарих-и Шахрукхи»-де кездеседі. Бартольдте бекініс атауы Чар-Дере түрінде берілген. Қоқан бекінісі Сырдария маңында, ежелгі арналардың орнында салынған және Чар-Дере немесе Чардара деп аталған.

Әдеб.: Абдрахманов А.А. Этимология некоторых древних топонимов Чимкентской области // Тезисы докладов научно-практической конференции, посвященной 70-летию организации Чимкентского областного историко-краеведческого музея. – А.-А., 1990; Бартольд В.В. Сочинения. т.II, часть 2. – М., 1964; Бейсембиев Т.К. «Тарих-и Шахрукхи» как исторический источник. Изд-во «Наука». Казахской ССР. – А.-А., 1987; Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007; История Казахстана в документах и материалах. Альманах Вып. 2. – Аст., 2012; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А., 1974; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-т. – А.: «Ғылым» баспасы, 1978; Массон М.Е. Ахангеран. Археолого-топографический очерк. – Таш., 1953; Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984; Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: «Аруна», 2010; Федченко А.П. Путешествие в Туркестан. М., 1950; Шілтерханов Ә. Шығармалары. II т. – Шымкент: Ордабасы, 2001.

М.Қожа

ШАХАНОВ Мұхтар (2.7.1942, Түркістан обл. Төле би ауд. Қасқасу а.) – ақын, драматург. Шымкент пед. ин-тын (1969) бітірген. «Оңтүстік Қазақстан» (1960–65), «Лениншіл жас» (1965–70) газеттерінде, респ. телевизия, радио редакцияларында (1971–75) істеді. 1976 жылдан Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемл. к-тінде бөлім бастығы болды.



«Жалын» альманахының (1984) бас редакторы, «Жалын» журналының бас редакторы (1986), 1993–2003 ж. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде болды. 2004–07 ж. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Жалын» журналының бас редакторы, әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XXI ғасыр және Руханият» атты халықар. элита клубының Президенті, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, респ. «Жалын» журналының бас редакторы қызметтерін атқарды. Қоғамдық қызметі: КСРО халық депутаты, КСРО Жоғ. Кеңесінің мүшесі (1989–91), КСРО Жазушылар Одағының мүшесі (1969), КСРО Жазушылар Одағының пленум мүшесі (1978), Қазақстан Жазушылар

Одағы Басқармасының хатшысы (1986), Республикадағы тұңғыш құрылған экол. қозғалыс – Арал және Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық к-ттің төрағасы (1988). 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі аясында қазақ халқына «ұлтшыл» деп кінә таққан КОКП Орт. к-ті Саяси Бюросының қаулысына қарсы және сол Желтоқсан кезіндегі шындықты қалыптастыру жөнінде тұңғыш рет Қазақстан Жазушылар Одағының Пленумында (1988), КСРО халық депутаттарының 1-съезінде (Кремль, 1989) батыл мінез көрсетті. КСРО билігі бұған құлақ аспаған соң белгілі ғалым, Нобель сыйл. лауреаты А.Сахаровтың, кейіннен Ресейдің тұңғыш Президенті болған Б.Ельциннің қолдауымен бұл проблеманы КСРО Жоғ. Кеңесінің 1-сессиясында екінші рет қайта көтеріп, КСРО Президенті М.Горбачевты Желтоқсан оқиғасын зерттеу және оған түбегейлі баға беру жөнінде жаңа комиссия құруға мәжбүрледі. Бұл комиссия КСРО билігі жүріп тұрған кездің өзінде-ақ КОКП Орт. к-тінің Саяси Бюросына Одақта бірінші боп саяси айып тақты. Ш. 1926 ж. ислам дінінің қалдығы деген желеумен Кеңестер Одағының тоталит. жүйесі тойлауға тыйым салған «Наурыз» мерекесінің 62 жылдан соң қайта салтанат құруына мұрындық болды (1988). 1989 ж. 22 қарашада Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі орыс және қазақ тілдеріне бірдей мемл. дәреже берген заңды қабылдап, тіпті оған дүркірете қол қойғанда, екінші рет қайта шығып сөйлеп, депутаттарды қазақ тілін жеке мемл. тіл жасауға үндеді және қабылданған заңның үлкен зардабы болатынын ескертті. Оның ұсынысы Президенттің қолдауымен дауысқа қайта салынып, қазақ тілі жекедара мемл. мәртебе иеленді. Ақын соңғы жылдары «үш тұғырлы тілге» де, қазақ халқын және ре-

спубликадағы аз ұлттарды тікелей жоюға алып баратын, бастауын «американдық ұлттан» алатын «қазақстандық ұлтқа» да батыл қарсылық танытып келеді. 1992 ж. ол Олжас Сүлейменовпен бірлесіп «Халық конгресі» партиясын құрды. Бірақ екі тілде тәрбиеленген екі тұлға арасында ұлттық мүдде мен космополиттік ағым жүйелі көзқарас таба алмағандықтан партия ұзақ ғұмыр кеше алмады. 2001 жылдан «XXI ғасыр және Руханият» атты халықар. элита клубының президенті. 2004 жылдан «Мемл. тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы. 2010 жылдан «Тәуелсіздікті қорғау» атты 50-ден астам қоғамдық ұйымдардың, партиялардың, баспасөз орындарының басын қосатын халықтық-демокр. қозғалыстың төрағасы және респ. «Жалын» журналының Бас редакторы. Алғашқы өлеңі («Сырдария») 1959 ж. жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы («Бақыт») 1966 ж. жарық көрді. «Балладалар» (1968), «Ай туып келеді» (1970), «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Сенім патшалығы» (1976) атты кітаптары шықты. Бірнеше өлең кітаптарының және халық арасына кең тараған бірқатар әндердің авторы. Балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. Өлеңдерінде филос. ой басым. Мәтінінде, музыкасын да өзі жазған «Жұбайлар жыры», «Туған күн кешінде», «Гүл дәурен», «Мен саған ғашық едім» атты әндері жұртшылыққа кеңінен таныс. «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. Ш.Айтмановпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» атты драмасы көптеген тілдерге аударылған. «Шыңғыс ханның пен-

делік құпиясы» драм. туындысы негізінде Украинаның Довженко атынд. киностудиясы екі сериялы телефильм шығарды. «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты романдары ЮНЕСКО шеңберінде қаралып, әлемдік деңгейде қызу пікірталас тудырды. Оның шығармалары дүниежүзінің 50-ден астам тілдеріне аударылды. Қырғыз Республикасының халық ақыны (1994), Қазақстан Республикасының Халық жазушысы (1996), Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлы. лауреаты, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықар. сыйл. лауреаты, Қырғыз Республикасының халықар. «Руханият» сыйл. лауреаты, түркі дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр» сыйл. лауреаты, ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйл. иегері. «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния ғылым индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атынд. алтын медалі (2002), Түркияның Гебзе қ-нда «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйл. берілген (2002). Түркия, Әзірбайжан, Солт. Кипр мемлекеттері тағайындаған «Түрік әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» атағының иегері (2006). Америка өмірбаян ин-ты белгілеген 2005 жылдың «Жыл адамы» атағы берілді. «Түркістан облысының құрметті азаматы». «Нобель» ақпарат орт., «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

 Әдеб.: Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – А.: «Алматыкітап баспасы», 2009.

Ш.Құрманбаева

ШАЯН – өзен, Түркістан обл-ның Байжансай а., Бәйдібек және Ордабасы ауд-дары арқылы ағады, Қаратау жотасынан бастау алады. Ш. өз-нің жалпы ұз. 220 км созылып жатыр, су жиналу алабы – 1500 км². Жоғ. жағында аңғары таулы, шатқалы тар, арнасы тік жарлы, төм. сағасында жазық болып келеді. Ш-ның бірнеше саласы бар: Майбұлақ, Ағыбет, Арыстанды, т.б. Жайылма ені – 300-500 м. Негізінен жаңбыр, қар суымен толығады. Көктем кезінде ағысы қатты болып тасиды. Көп жылдық орташа су ағымы Байжігіт а. тұсында 1,93 м³/сек. Суы а. ш-на пайдаланылады. Өзен суын тиімді жұмсау үшін Қапшағай бөгені, Бөген-Ш. каналы салынған (қ. Бөген-Шаян каналы). Ш. атауы «шаянды» немесе «қарақұйрықты» білдіреді. Махмуд Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-Түрікте» еңбегінде «қарақұйрық» түрінде кездеседі. Е.Койчубаевтың айтуынша, гидроним өзенде шаяндар болғанына қатысты қойылған. Ш. атауы алғаш рет 16 ғ-дың соңында жазылған Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи-шах» шығармасында алдымен Чайан өзен атауы, ал сонан соң Қарашық маңындағы «күрук Чайан» түрінде кездеседі. Мәтін мазмұнына қарағанда атау Қаратау жотасының оңт. бөктеріндегі екі түрлі нысанға қатысты айтылады. Ресейлік дереккөздерде алғаш рет 1718 ж. ресейлік елшілерінің Қайып пен Әбірқайыр хандарға жазған жауаптарында жоңғар мен қазақтар арасындағы шайқас орыны ретінде атап өтілген. Қазақстан аум-нда Шаяндыкөл («шаяндары бар көл») тақілеттес атаулар кездеседі.

Әдеб.: Русские летописи и официальные материалы XVI – первой трети XVIII в. о народах Казахстана/ История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т. II. – А.: «Дайк-Пресс», 2005; Қазақ совет энциклопедиясы. 12 т. – А.,

1978; Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – А., 1985; Махмуд ал-Кашгари. Диван Лұғат ат-Түрк. – А.: «Дайк-Пресс», 2005; Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969.

М.Қожа

ШӘДИ (т.-ө.ж.б.) – ақын. Шын аты Шәді немесе Молла Шәді болуы мүмкін. Өмірі мен қызметтері жайлы толыққанды мәліметтер жоқ. Тек қана «Фатх-наме» еңбегінде аты ғана аталады. Шығарма өлең түрінде парсы тілінде жазылған. Оның тілдік ерекшелігінде көптеген шығыстық сөздердің (араб, парсы сөздері) қолданылғанын байқауға болады. «Фатх-наме» жазылуына белгілі «Шах-наме» шығармасы себепші болған. Еңбектің Қазақстан тарихында алар орны ерекше. Берілген дереккөздері де өте маңызды. Мұхаммед Шайбани хан туралы, оның қазақ даласына жасаған әрекеттері, моғолдар мен қазақ хандары, сұлтандары жайлы берілген мәліметтері тарихи тұрғыда құнды деп саналады. Мұндай мәліметтер өзге де дереккөздермен салыстыра қарағанда сәйкес келіп қана қоймай, оны толықтырып, ортағасырларда қазақ жеріндегі тарихи эволюцияның сипатын нақтылайтын мәліметтер ретінде жоғары бағаланады. Еңбек туралы алғаш В.В.Бартольд өзінің «Түркістанға іссапары туралы баяндамасында» В.В.Вяткиннің жинақтаған қолжазбалары бойынша жария етті. Мазмұны жағынан еңбектің Фатх атауы Мұхаммед Шайбани ханға арналған. Оқиғалар желісінде 1501 жылға дейін Самарқандты екінші рет жаулап алу жайлы айтылады. Онда қаладағы ашаршылық, Бабырдың қашқаны сөз болады. Ал «Фатх-наме» «Тауарих-и гуздай-и нұсрат-наме» сияқты оқиғаларды рет-ретімен, бір тәртіппен түркі компози-

циясына тән ерекшеліктерді сақтап, Шайбани ханның айтуы бойынша келтіреді. Мүмкін бұл Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың мемуарындағы Гулам Шади ме, әлде оның ұлы Шаді ме белгісіз. Дегенмен бұл еңбектің ерекшелігі шайбанилер оқиғасы сөз етілген өзге шығармалардағы оқиғаларды қайталамайды. Демек, бұл нағыз жеңіс – Фатх аталуы осыны айғақтайды.

Әдеб.: Бартольд В.В. Сочинения. VIII т. – М., 1973; Захир ад-Дин Мұхаммед бабыр. Бабырнаме. – А., 1993.

Н.Мансұров

ШЕЖІРЕ ТҰТ (Мажратұт) – Қазақстандағы ең байырғы ағаштардың бірі, киелі орын, Түркістан обл. Түркістан қ. іргесіндегі Қарнақ а. шетіндегі ескі мазаратта орналасқан. Тұт ағашы Имам Бақли бейітіне барар жолдың басында орналасқан. Тұт ағаш діңгегінің диаметрі 5 м, ағаштың діңгегін сыртын айнала өлшегенде 9 м шамасында. Алғаш осы тұт туралы ақпарды 1866 ж. Қарнақ елді мекенінде болған орыс зерттеушісі А.К. Гейнс еңбегінде кездестіреміз. Онда Қарнақ тұрғындары осы жалғыз тұт туралы айтқан аңыз-әңгімелер келтіріледі. Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Бақли басшылық еткен мұсылман әскерлері Қарнақты басып



Шежіре тұт киелі ағашы

алған кезде осы тұт ағашы бар болғаны және Имам Бақли осы ағаштың қасындағы үйде тұрғаны, кейін бірнеше ғасыр өткен соң Имам Бақли бейітіне Қожа Ахмет Ясауи келіп зиярат жасағанда, атын осы ағашқа байлағаны айтылады. Мұсылман әскерлері Түркістан аймағына 8 ғ. келгенін, ал Қожа Ахмет Ясауи 12 ғ. өмір сүргенін ескерсек тұт ағашының жасы шамамен 1200 жыл болмақ.

Әдеб.: Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т.I. С.-Петербург, 1898; <https://otyar.kz/2018/06/drevnemu-tutovniku-v-sele-karnak-pochti-1300-let/>. <https://otyar.kz/2018/09/chudo-derevo-v-turkestanskoj-oblasti-stalomestom-palomnichestva/>

М.Қожа

ШОБАНАҚ (Чоманақ (Цоманак, Чуманак, Чюманак) – көне мекен. Түркістан қ-нан 8-10 км солт.-шығысқа қарай, қазіргі Ш. а-ның аум.-нда орналасқан. 20 ғ-дың 90-жылдарының соңында Еңбекші-диқан деп өзгертілді. Геогр. координаттары: 42Т 446057, 4798503. Алғаш рет 1735 ж. ташкенттік сарт Н.Алимовтың «Ертегісінде» аталған. 17 ғ-дың соңында 18 ғ-дың басында С.У.Ремезовтың картасында Цоманак деп белгіленген. Археол. әдебиетте осы аум.-нта қандай да бір археол. объектінің болғаны туралы ақпарат болмағанымен, мұнарасы бар ежелгі мешіттің қираған үйі және Имам-Маркози кесенесі (ол, аңыздар бойынша, Ахмет Яссауидің замандасы болған) Ш. а-ның ежелгі дәуірге жататынын дәлелдейді. Жергілікті тұрғындардың сауалнамасына сәйкес, ескі ауыл аталған кесененің жанында «Қырықатыз» төбесінде орналасқан. 20 ғ-дағы мелиорац. жұмыстар барысында ескі қоныстардың қалдықтары жойылды.

Әдеб.: Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. – А., 2007. – С. 29; Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011. – С. 338.

М.Қожа

ШОЙБЕКҰЛЫ МОМЫНБЕК (19 ғ.) – тарихи тұлға. Қоқан хандығының датқалық лауазымын иеленген. Момбек датқа атымен белгілі. Оның аты Қоқан хандығына қатысты құжаттар мен шығармаларда кездеседі. «Тарихи Түркістан», «Анжумат-таварих» еңбектерінде мынадай жолдар бар: «Ырысқұлбек пен Момынбек тағы да басқа әскер басшылар Омар ханға келіп, Қоқанды қолға алуға барлық мүмкіндіктерді қарастыруға арза етті» дейді. Ш-ның ғұмыры Ташкент өңірімен тікелей байланысты. Патша үкіметі бұл аймақты жаулап алғанға дейін Ш. датқа бабасы атақты Төле би іргесін қалаған Ниязбек қамалы арқылы басқарушылық қызметті жалғастырды. Ш. Қоқан хандығының сенімді өкілі болды. 1860 ж. орыс отарлаушыларына Қарсы Қанатша бастаған қоқан әскерлерін Байзақ, Батырбек, Қожабек, Ш. датқалар қолдады, әскерлерге Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандар басшылық жасады. Ш. датқа ел-жұртының бостандығы үшін күреске бүкіл өмірін арнады. Қазақ халқының тарихи тағдырында ерекше орны бар, әлеум., өмірлік мәні жоғары, ірі оқиғалардың қақ ортасында жүрді. Ш. Сыздық сұлтанмен мүдделес болды, ал Черняев әскерлерінің Шымкент пен Ташкент қала-аум-нтарын толық бағындырғанға дейін Ресей билеушілеріне мойын ұсына қоймады. Батырмен тұстас,

замандас ақын-жыраулардың ол туралы құрмет сезімімен толғана «Момынбек бағы озып үкімді алды» деп жырлауының басты себептерінің бірі осында. 1867 ж. Санкт-Петербургке император ІІ Александрдың қабылдауына барған Түркістан обл-ның игі жақсыларының қатарында Ш. датқа да болды. Қазақтың датқа-билері сапарға қасиетті Қожа Ахмет Йассауи кесенесі басына зиярат етіп Түркістаннан аттанған. Ш. дархан жүректі, кең пейілді ұлық кісі болған. Әулиеата, Ташкетке жұмысы түскендер Ш-тен ырзалық табушы еді деп Майлықожа ақын да оның бедел-биігін жырға қосқан. Ш. датқа болып билігі жүріп тұрған кезде Төле би кесенесіне жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ас берген. 1889 ж. Шымкент уезі, Қарабұлақ болысында мешіт салдырған. Ш. Ташкент қ-ндағы Шайхантаур дахасының Моғол көшесі (Муғұлкуча) махалласында жерленген.

Әдеб.: Мирзо Олим Махдум Хожиде. Тарихи Туркистон. – Таш., 2008; Бабабеков Х.Н. Краткая история Кокандского ханства. – Таш., 2010; Худярхан-заде. Анжумат-таварих – Таш., 2009; Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Терме-арнау. – А., 2010.

М.Миразов

ШОҚАЙ Мұстафа (1890, Сырдария обл. Ақмешіт қ. –1941, Берлин қ.) – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, көрнекті көсемсөзші, эмиграция жағдайында кеңестік билікке қарсы саяси күрес жүргізген тұлға. л 1902 ж. дейін ауыл молдасынан хат таныған, 1902 ж. Ташкент қ-нда ер балалар гимназиясына, 1912 ж. Санкт-Петербург ун-тіне қабылданған, мамандығы заңгер. 1916 ж. Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен Ресей мемл. думасы Мұсылмандар фракциясының хатшысы.



Ол Ташкенттегі қазақ зиялыларының «Кеңес» астыртын үйірмесі басшыларының бірі, «Бірлік туы» газетін ұйымдастырушы, әрі алғашқы редакторы болды. Түркістандағы Мұсылмандар Кеңесі (Шура-и-Исламия) саяси қозғалысын ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі, Уақытша Үкіметтің Түркістан К-тінің мүшесі. Түркістан Мұхтарияты (Қоқан автономиясы) үкіметінің төрағасы, Алаш қозғалысы басшыларының бірі. 1918 ж. ақпанда шет елге мұғажырлыққа кетті. Мұғажырлық жағдайда тәуелсіздік идеясын насихаттап, кеңестік билікке қарсы саяси күрес жүргізген. Түркілік бірлік идеясын негіздеушілердің бірі. 1914 ж. көктемінде Ш. Петербургте оқып жүрген түркі жастарымен бірге саяси қозғалысқа біржолата бет бұрады. Түркі халықтары тарапынан сөйлейтін бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінді, ол жөнінде өз пікірін ашық білдірді. Ақпан төңкерісіне дейін Алаш көшбасшысы Ә.Бөкейханмен бірге Ресей Мемл. Думасының мұсылман фракциясында хатшы қызметін атқарады. 1916 ж. дүрбелең кезінде Түр-

кістан және жалпы қазақ жеріндегі басыздықтарды әшкерелеп, Мемл. Думаға арнайы құжатты мәліметтер ұсынып, осыған байланысты комиссия құруға себепші болады. М.Шоқай осы фракция мүшелері К.-М.Тевкелев, Ш.Мухамедяровтармен және Дума депутаты А.Ф.Керенскиймен бірге Түркістанға келіп, орыс әскерлерінің озбырлығымен таныстырады. 1917 ж. төңкерістер тұсында мықты Түркістан мемлекетін құру идеясын ұстанады. Алаш қайраткерлерімен тығыз байланыс жасады. Алаш партиясы құрылатын 1-жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын 2-жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. Алғашқы съезде «Шора-и-ислам» жұмысына қатысатын 8 қазақ өкілінің бірі болып сайланды. 2-съезде Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесіне Сырдария атынан кіреді. 1917 ж. 26 қараша күні Қоқан қ-нда шақырылған Бүкілтүркістан мұсылмандарының 4-төтенше съезіне төрағалық етті. Осы жиын 27 қараша күні Түркістан автономиясын (Түркістан мұхтариятын) жариялады. Мұхтарияттың Халық кеңесіне, Уақытша үкіметтің құрамына сыртқы істер министрі болып енді. 1918 ж. қаңтарда Түркістан үкімет басшысы М.Тынышбаевты алмастырып, Уақытша Үкімет төрағасы болып сайланады. Түркістан Мұхтарияты қуып таратылғанан бастап 1921 ж. 25 ақпанға дейін Түркістанда, қазақ облыстарында, кейінгі кезде Азербайжан, Грузия жерлерінде белсенді саяси және шығарм. қызметпен айналысты. Баку мен Тифлисте «Яни дүния», «Шафак» атты газеттер шығарысып, «Вольный горец», «Борьба», «На рубеже» басылымдарының жарыққа шығуына ат салысады. Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» газет-журнал-

дары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ш. эмиграциялық қызметі әйелі М.Я.Горинамен бірге ресми түрде 1921 ж. 25 ақпанында Батумиден Түркияға Италияның кемесімен жолға шығуымен басталады. Түркия арқылы алғаш Германияға, сонан соң Францияға барып орнығады. 1923-41 ж. 3 рет қоныс аударып, Париж қ-ның төңірегінде тұрды. Ш. 12 томдық шығармаларының толық жинағы оның өмірі мен қызметінің тарихын ғыл. тұрғыда қалпына келтірді. Жинақта Ш-дың ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материал енгізілген, жалпы көл. 430 баспа табақты құрайды. Жинаққа отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған материалдар енген. Ш. көп тіл білген, полиглот, қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Мұстафатану ғыл. бағытын негіздеуші К.Есмағамбетов «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Оның советологиясының мәні кеңестік биліктің Орта Азиядағы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұлт саясатының көзбояушылығын әшкерелеуге негізделді. Бірнеше европалық тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдері мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің назарын аударды және Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Эмиграцияда Түркістан Ұлттық бірлігі ұйымын құрды және басшысы болды. Ш-дың эмиграциядағы кеңеске қарсы жүргізген күресінен үлкен идеол. қауіп ойлаған И.Сталин 1925

жылдың 29 мамырында «Ақ жол» газеті туралы хатында «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» дейді. Большевиктер көсемінің хаты Ш-ды қаралау науқанына жол ашты. Ш-ды «пантүркист», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан ле-гионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айдарлармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны тәуелсіздік алғанға дейін жалғасты. Соңғы зерттеулерде ол айыптардың негізсіздігі әшкереленді. 1941 ж. 27 желтоқсанда Берлинде жұмбақ жағдайда қайтыс болады. Түркі әлемінің бірлігі жолында шығарм. және саяси қызметімен әлемге танылған Ш-дың Түркістан идеясы болашаққа қызмет жасайды.

Әдеб.: Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). Зерттеулер. – А.: «Жалын», 2004. – 400 б.; Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қоғамдық болмысы). – А.: «Дайк-Пресс», 2008. – 504 б.; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-4 т. 2004-2007. – А., «Алаш», «Ел шежіре»; Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – А.: Дайк-Прес, 2012. – 544 б.; Тұрсүн Х. Алаш нәм Түркістан. – А.: «Ел-шежіре» ҚҚ., 2013. – 400б.

Х.Тұрсүн

ШОПАН АТА – Қазығұрт тауының оңт.-батыс беткейінде орналасқан киелі мекен. Халықтың айтуынша, Шопан атаның өзі бұрын көрмеген қойдың қозысын да ажыратып, теліп сала білген деседі.

Бұл жерді «Әулие атаның ізі қалған» жер деп атайды.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан (энциклопедия). – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2005, – 558 б.

Л.Еспекова

ШОРНАҚ (Бос қала) – көне мекен. Ол Түркістан қ-нан солт.-батысқа қарай 18 шақырым жерде, Ш. а-ның орт-ндағы Сауықым-Ата елді мекенінде орналасқан. Геогр. координаттары: 42Т 423356, 4804835. 1696 ж. Қазақ ордасы қалаларының суреттерінде Сауран мен Түркістан арасында қойылған қаланың бейнесі бар: «Савраннан, Түркістанға дейін, жарты жолда қала бос, Күчук сұлтан ханды бұзғаны туралы мілімет бар». 17-18 ғ-дың басындағы С.У.Ремезов картасында бос қала ретінде белгіленген. Сауран мен Түркістан арасында тек бір ортағасырлық орта – Сауқым-Ата-Шорнақ деген жер табылды, оның орналасқан жері 1696 ж. көзге түсірілген бос қалаға сәйкес келеді. Қалашық 15-18 ғ-лармен белгіленген.

Әдеб.: Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв) / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв.Т.1. – А., 2005. – С. 379; Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011. – С. 330-357. С. 338; Туякбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII-XIX вв.) – А., 2009. – С. 67.

М.Қожа

ШӨКЕЕВ ӨМІРЗАҚ ЕСТАЙҰЛЫ (12 желтоқсан, 1964, Түркістан қаласы) — Мемлекеттік қайраткер. Түркістан облысының әкімі (2019 ж. 26 ақпаннан). «Шымкент қаласының құрметті азаматы» (2007). Астана қаласының құрметті

азаматы (2010). Экономика ғылымдарының докторы (2002). Шөкеев Ө.Е. 1964 ж. 12 желтоқсанында Түркістан қаласында туған. 1986 ж. Мәскеу экономикалық-статистикалық институтын бітірген. 1988 ж. ҚазССР Мемжоспарының жанындағы Жоспарлау процестерін автоматтандыру және басқару құрылымдарын жетілдіру процестерін автоматтандыру ҒЗИ-да кіші ғылыми қызметкер. 1988-1991 жж МЭСИ аспиранты. 1991 ж. Экономика ғылымдарының кандидаты.



1991-1992 жж. Жоспарлау процестерін автоматтандыру және басқару құрылымдарын жетілдіру процестерін автоматтандыру ҒЗИ-да жетекші ғылыми қызметкер. 1991-1993 жж. – президент әкімшілігі мен министрлер кабинеті қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары. 1993-1995 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік меншік жөніндегі территориялдық комитетінің төрағасы. 11.1995-03.1997 ж. ҚР Экономика министрі; 03.1997-10.1997 ж. ҚР Экономика және сауда министрі, 07.1997-10.1997 ж. ҚР вице-премьері қызметтерін атқарған. 1997 ж. қарашасынан 10.1997-04.1998 «Тұран-Әлем» банкінің басқарма төрағасы. 04.1998-08.1998 ж. ҚР президенті

әкімшілігі басшысының орынбасары. 19.08.1998-19.03.2004 жж. Қостанай облысының әкімі. 2002 ж. «Экономиканың және оның аймақтық кешенінің нарықтық трансформациясының стратегиялық басымдықтары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Экономика ғылымдарының докторы. 20.03.2004-20.09.2006 жж. Астана қаласының әкімі. 20.09.2006-27.08.2007 жж. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі. 27.08.2007-03.2009 жж. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары. 03.2009-12.2011 жж. Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары. 12.2011-20.12.2017 жж. Самұрық-Қазына» ҰАҚ басқарма төрағасы. 15.12.2017-25.02.2019 жж. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР ауыл шаруашылығы Министрі. 2019 ж. 26 ақпанынан Түркістан облысының әкімі болып тағайындалды.

Марапаттары: «Парасат» ордені (2000); «Астанаға 10 жыл» медалі (2008); «Барыс» ордені (2012); «Халықтар Достығы» ордені (Белоруссия) (2015); «Евразиялық экономикалық одақ құрудағы үлесі үшін» 1 дәрежелі медалі (2015, «Евразиялық экономикалық одақтың Жоғарғы кеңесі), «Астанаға 20 жыл» медалі (2018).

М.Тастанбеков

ШӨЛТӨБЕ – көне елді мекен. Түркістан обл. Отырар ауд. Шәуілдір а-ның солт. шетінде орналасқан. 1969-70 ж. Отырар археол. экспедициясы тауып, зерттеген (К.А.Ақышев). «Алаңқайлы төбе» түріне жататын қала орны. Сопақша келген келген төбе оңт.-батыстан, солт.-шығысқа қарай созылып жатыр. Етегінен есептегендегі көл. 170x100 м, төбесіндегі алаң көл. 50x30 м, биікт. – 10 м.

Төбеге алаң жапсарласады. Оның басым бөлігі төбенің солт.-шығысында жатыр. Ш. керамикасының ішінде тікбұрышты, ойықтары бар ернеулі хумдар, екі тұтқалы көздер, тұтқасында науа тәрізді сызығы бар құмыралар кездеседі. Барлық керамика түрлері Қостөбе (оңт.) керамикасымен бірдей.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ШЫМКЕНТ – Түркістан обл. аум-ндағы респ. Мәртебеге ие ірі қ. Ол Бадам мен Сайрам өзендерінің ортасында, өмір сүруге өте қолайлы тау етегі белдеуінде орналасқан. Қаланың оңт.-шығыс бөлігінде елді мекен ішімен ағатын Қошқарата өзеншесінің бастауы – бұлақтар орналасқан. Соңғы жылдардағы археол. зерттеулер Ш-ті Қазақстанның көне қалаларының бірі деп есептеуге мүмкіндік беріп отыр. Ш. қ-ның төм. қабатынан шыққан табылымдарды талдау бұл жерде елді мекеннің пайда болуы б. з. д. 1 ғ-ларға жататынын көрсетті. Ш-тің тарихы көп жағдайда Ұлы Жібек жолында орналасқан ортағасырлық қалалардың тағдырын қайталайды. Ол Оңт. Қазақстан жерінің аум-нда алғаш құрылған мемлекеттердің бірі – Қаңлы мемлекетінің өсу, даму кезеңдерін, сондай-ақ көне түркі қағанаттарының, Қарахандықтар мемлекеті дәуірлерін бастан кешіре отырып, ара-кідік Испиджаб иелігінің орт. болып отырды. Әскери шабуылдар мен өзара қырқысулар қаланың құлдырауына алып келді. Ш-тің алғашқы аталуы 15 ғ-ға жатады. Ол Шараф әд дин Али Йездидің «Зафар-наме» («Жеңіс кітабы») атты шығармасында Сайрамның қасындағы елді мекен ретінде аталады. Ал 17

ғ-дың аяғына қарай ол қала ретінде аталады. 1691 ж. жоңғарлық билеушісі Галдан Бошохту ханның елшілері қазақтың ханы Тәукеге бағынышты болған тоғыз қаланы басып алғандарын айта отырып Ш-ті де атайды: «Йасыдан басқа, Сайрам бөлек қала, үшінші Манкент, төртінші Қараспан, бесінші Чимэгэт». Жоңғарлар жорық барысында негізгі соққыны аймақтың астанасы – Сайрамға бағыттап, оны қатардағы қалашық, ал кейіннен жай қыстақ деңгейіне жеткізді. Біртіндеп Ш. әкімш. және экон. орт-қа айнала бастады, керуендер де көп жағдайда Сайрамға соқпай Ш. арқылы жүріп өтетін болды. Орыс деректерінде 1735 ж. Ш. Чимин қ. түрінде аталып, Үлкен Қырғыз (Қазақ) ордасы хандарының иелігіндегі қала деп көрсетіледі. Ол кейіннен Абылай ханға бағынатын оңт.-қазақстандық қалалардың санатында болды. 1800 ж. Ш. қ-нда болған орыс офицерлері М.Поспелов пен Т.Бурнашевтің мәліметтеріне қарағанда «Қазір Ташкенттен кейін бірінші қала болып Чеменген танылады». 19 ғ-дың басында Қоқан хандығы оңт. қазақ даласын Ш., Түркістан және Әулиеата қ-ларымен бірге өзіне қаратып алды. 1810-64 ж. Ш. осы хандықтың билігінде болды және оның өкілінің резиденциясы қызметін атқарды. Орыс басып алуының қарсаңына қарай оның айналасы 6 шақырымдай болып онша биік емес саз балшықтан қаланған қабырғамен қоршалды. 1864 ж. полк. М.Г.Черняевтің басшылығымен орыс әскері қаланы шабуылдап басып алады. Сол кезде Ш. арқылы өткен А.К. Гейнс оның негізгі көрікті орындарын сипаттаған. Бекіністің ерекшеліктерін және «берік топырақ төбенің үстіндегі» қамалдың орны сәтті таңдап алынғанын айта келіп, автор оған: «Егер Шымкент қорғанын жеткілікті мөлшердегі азық-



Шымкент Ұлы Жібек жолы бойындағы ең көне қалалардың бірі

түлікпен және сумен қамтамасыз етілген еуропалық бір жарым батальон қорғаған болса, оның беріктігін ең батыл жаудың өзі бұзуы екі талай еді. Қамал ішінде Черняев қоқандықтардан соғыс бойы қолға түсірген алпыс тоғыз зеңбірек екі қатар етіп ұзынынан тізіліп орнатылған». Ш. базарының сипаттамасы қызықты: «Базар қала қамалы тұрғызылған жардың батыс іргесінде орналасқан. Ол барынша ауқымды әрі таза. Түркістандағыдай көшелер іспетті үстері шырпымен, киізбен, сабанмен, байланған құрақпен, т. б. жабылған бірнеше қатар дүкендерден тұрады. Дүкендер ашық бөлмелер кейпінде. Олардың бірінде үлкен қарбыздар тау болып үйіліп жатты... Үшінші дүкенде қап-қап күріш, жарма, бидай мен ұн, жүгері, тұз тұрды. Төртіншісінде жүгендер, өмілдірік, құйысқандар ілулі тұрды. Бесінші, алтыншы, т. с. с. дүкендерде тас және ағаш ыдыстар, бадам, жаңғақ, мейіз, өрік, етіктер, кебіс-мәсілер, сабын, шамдар, қызыл тауар және орыс бұйымдары сатылды. Оның қасында қымыз сататын дүкен орналасқан, күн ыстықта кез келген жолаушы осы сусыннан үлкен



бір тостағын ішіп шөлін баса алады, ол бар болғаны 5 тиын немесе ширек қоқан ақшасы ғана...». Қазір де Ш-те бірнеше қымызханалар жұмыс істейді, шағын дәмхана мен мейрамханалардың ас мәзірінде міндетті түрде қымыз бен шұбат бар. Ш-тің Орт. Азиядағы басқа қалалармен салыстырғанда басты ерекшелігі мұнда отырғызылған ағаш-талдың көптігінде және су көзінің қала іргесінде орналасуында. Қала көгін А.К.Гейнс те атап өтеді: «Қамалдан қарағанда оның іргесінде жатқан Шымкент алақандағыдай болып көрінеді. Ол шұңқыр іспетті ойпатта орналасқандықтан жақын келгенше көріне салмайды. Әрбір шарбақтан үй айнала отырғызылған ағаштар көрінеді. Кейбір көшелер биік теректер мен талдардан, жеміс ағаштардан әрдайым көлеңке саясында болады. Мен Шымкентті аралап шығып, ағашы жоқ бірде-бір аула көрмедім. Бақтар мен көшелерде таза су ағып жатқан арықтар көп. Барлық арықтар өз бастауын тау астынан шығып жатқан су көздерінен жиналатын Қошқарата бұлағынан алады. Соңғының қасында қасиетті Қошқаратаның бейіті тұр. Қошқарата Әулиеата қақпасына жақын жерде қаланың сыртқы қабырғасының астынан

ағып келеді де, осы жерде үлкен арыққа жиналады. Одан қала бақтарын суландыратын басқа арықтар бастау алады». Қаланың оңт-ндегі Бадам мен Қошқарата өзендерінің аралығындағы қырат үстінде жоғарыда аталған қоқан кезіндегі қамалдың астында, археологтардың анықтағанындай, Ш-тің көне және кейінгі ортағасырлық үйінділері жатыр. Онда жоспары төртбұрышты, бұрыштары төрт тарапқа бағытталған бекіністің топографиясы сақталған. Қалашықтың солт.-батыс бұрышына жақын жерде қамалдың қалдықтары байқалады. Сыртқы қорғаныс мұнаралы қабырғалары үйінді жал түрінде сақталған. Шымкент жер аум-нда көне қаланың қалдықтарынан басқа ортағасырлық «керуен сарай» мен біздің заманымыздың алғашқы ғасырларына жататын обалы мазарат орналасқан. Ш. 19 ғ-дың соңғы ширегінде Ресей империясының уездік қ-на айналды. 19 ғ-дың 60-70-ж. қала қабырғаларының сыртына Жаңа шаһар деп аталатын бөлігіне негіз болған құрылыстар жүре бастады. Мұнда тікбұрышты тұрғын үй орамдарынан тұратын көшелердің геометр. жүйесі қалыптаса бастады. 19 ғ-дың аяғында қала бағының (қазіргі Орт. мәдени және



Қазіргі Шымкент қаласының келбеті

демалыс саябағы), 1901-1902 ж. Шіркеулік саябақтың (Кеңес кезіндегі Балалар саябағы, қазіргі Кенбаба саябағы) негізі қаланды. Ескі қала өзінің радиалды жоспарын сақтап қалды. Базар алаңы периметр бойынша екі қабатты етіп салынған үйлерден тұрды, бірінші қабатта сауда дүкендері мен қолөнершілер шеберханалары орналасса, екінші қабатта тұрғын бөлмелері болды. Қала құрылыстары онша үлкен емес саман кірпіштен қаланған каркасты үйлер болды. Алаңнан батысқа қарай қаланың жұма мешіті орналасқан, 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында оның орнына жаңа мешіт тұрғызылды. Өкінішке орай, ескі Ш-тің көптеген сәулетті құрылыстары бұзылып кетті. Жоғарыда аталған, халық аңызы бойынша Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті деп есептелетін Қошқар ата кесенесінің бейнесі тек ескі фотосуретте ғана сақталған, ол күйген кірпіштен тұрғызылған төбесі күмбезбен көмкерілген құрылыс болған. Қожа Ахмет Ясауидің замандасы деп есептелетін Баба Дәруіш кесенесінен де тек қана бетінде арабша өрме жазу мен өрнектер бар құлпытас қана сақталып қалды. 1886 ж. тұрғызылған Сергей Радонежскийдің шіркеуі 1934 ж. театрға

ыңғайландырылып өңделген болатын. Кейін көп жылдар бойы облыстық филармония орналасқан осы ғимарат іргесіне дейін қиратылды. Қаланың ескі бөлігінде 19 ғ-дың аяғында тұрғызылған кең аула ортасында кірпішпен өрілген мұнарасы бар мешіт сақталған. Мешіттің негізгі фасады үш аркалы композиция үлгісінде жасқалған, оның ортасында сәл шығыңқы порталы және екі бұрышында төбелері күмбезді етіп жабылған мұнаралары бар. Қысқы залдың батыс жақ қабырғасының ортасындағы михраб қуысы көрікті етіп әшекейленген. Қабырғалар мен аркалардың софиттерінің беттері араб әріпті жазулар мен өсімдік текті өрнектермен безендірілген. Ресей империясының кезінде тұрғызылған сәулетті құрылыстардан тек қана Никольский шіркеуі (қазіргі Қуыршақ театры) аман қалған. Бұл орыс діни сәулет өнерінің Қазақстанның оңтүстігінде сақталып қалғандарының ең үздік үлгілерінің бірі. Шіркеу Кенбаба саябағының түкпірінде орналасқан.

Ол 1914 ж. сәулетші И.А.Марквичтің жобасы бойынша жоғары сапалы кірпіштен тұрғызылған. Оны 20 ғ-дың 30-жылдарының басында а.ш. техникумы етіп қайта жасақтады. Қазан төңкерісі-

не дейін құрылысы 1883 ж. басталған сантонин 3-тының (қазіргі «Шымкент-биофарм» АҚ) арқасында Ш. кез-келген дәріхана иесіне танымал болды. Бұл тек қана Оңтүстік Қазақстанда өсетін жусанның бір түрі – дермененің дәнінен жасалатын сантонинді (ішекқұртты айдағыш дәрі) өндіретін дүние жүзіндегі бірден-бір ірі кәсіпорын болды. Сирек өсімдіктің бейнесі 1909 ж. бекітілген қала гербінің суретінде орын алған болатын. Вокзал маңында 1915 жылғы құрылыстар сақталған. Бұлар 20 ғ-дың басындағы теміржол елді мекендеріне тән «кірпішті стиль» деп аталатын сәулет өнерінің үлгісіндегі бір қабатты үйлер. 1914 ж. Ш. Сенаттың жарлығымен Черняев қ. болып аталды, бірақ 1921 ж. оған өзінің бұрынғы аты қайтарылып берілді. Кеңес уақытында Ш. обл-тың әкімш. орт. болды. Ол өнеркәсібі дамыған сайын өсіп өркендей түсті. Абай атынд. және Жеңіс, Наурыз дейтін саябақтар, дендро мен хайуанаттар саябақтары пайда болды. Ең ірі спорттық ғимарат Қажымұқан атынд. стадион, «Спартак» спорт кешені, «Динамо» және «Металлург» стадиондары пайда болды. Ірі қоғамдық ғимараттар – драма театры, «Қазақстан» кинотеатры, облыстық Пионерлер сарайы салынды. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі кезеңде Шымкентте Бауыржан Момышұлына, Ахмет Байтұрсыновқа, Қабанбай батырға және басқа да ұлттық тарих пен мәдениет қайраткерлеріне ескерткіштер тұрғызылды, сондай-ақ сталиндік қуғын-сүргін құрбандарына мемориал орнатып, мұражай ашылды. Жаңа сауда орт-тары, мешіттер, шіркеулер пайда болды. «Нұрсат» ықшам ауданы, биік ғимараттардан тұратын Д.А.Қонаев даңғылы, қаланың шет жақтарында коттедж қалашықтары салынды.

Әдеб.: Чимкент // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994; Кожя М. Город Шымкент // От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы, истории и культуры Казахстана. В 3 т. – А., 2011. Т. 2; Қожя М. Көне кент. Оның қазақ хандығы дәуіріндегі атаулары // Егемен Қазақстан, 2015. 5 шілде. № 126.

М.Қожя

ШЫМЫРБАЙ АСАНҰЛЫ / ШЫМЫРБАЙ ДАТҚА (1796, Түркістан обл. Төле би ауд. – 1878, Жамбыл обл. Билікөл а.) – 19 ғ-да өмір сүрген белгілі тарихи тұлға. Ол қара қылды қақ жарған әділдігімен, көрші жатқан туыстас елдер арасында мәмілегерлігімен аты шыққан қайраткер. 19 ғ-дың 2-жартысына дейін Қазақстанның оңт. оңт.-шығыс аймағы Қоқан хандығының ықпалында болды. Қоқан хандары қазақтарға олардың арасынан шыққан беделді, ел арасында қадірі асқан, сөзі өтімді ықпалды тұлғалар арқылы басшылық жасады. Қазығұрт өңіріне таныла бастаған, ел билігіне араласып жалындай жанып келе жатқан Ш-ға Қоқан билеушілерінің қалауы түсіп, оны өздеріне қызметке шақырады. Ш. өмірінің қылшылдаған 25 ж.н Қоқан хандығының құзіретінде өткізді. Қоқан әскерлерінің пансатбегі, кейінірек хан сарайының лауазымды қызметі – Датқалықты иеленді. Көнекөздердің айтуынша, Ш. ұзын бойлы, жауырынды, ірі денелі болған екен. Жас кезінен аңшылықты, саятшылықты жаны сүйген ол асқан мергендікке баулынып өскен болатын. Ол сол замандағы оңт. өңірінің тарихи тұлғалары Момынбек, Шойбек, Сұраншы, Байзақ, Төртбай сынды датқа, белді батырлармен жақын қарым-қатынаста болды. Ел бірлігіне, халықтың болашағына байланысты мәселелерді солармен ынтымақта шешіп отырды. Ш. датқа қазақ халқы

бостандығынан айырылып, бодандыққа бой ұра бастаған тым ауыр кезеңде ғұмыр кешті. Қазақ батыры Ш-ды Қоқан хандығы ақылман, ықпалды жергілікті басшы ретінде таныған. Оның бетін өздеріне қарай бұрып, мүдделерін жүзеге асыруға пайдалану үшін бар әрекеттерін жасап бағады. Ш. датқа, ағайын-туысы Тоқабай батырмен бірге өз аталастары Түгелбай, Данай елін Қоқан езгісінен, ауыр алым-салықтардан қорғап жанкештілік жасайды. Ш. 1821 ж. болған Тентек төре бастаған көтеріліс жеңіліске ұшырап, жаншылған соң бір қауым Жаныс елінің ұрпақтарын Қаратау Билікөл аймағына әкеліп қоныстандырған. Тарихи мәліметтерге назар салсақ Ш. 1840 жылға дейін датқалық қызметте болады. Ел жағдайы, қоқандықтардың озбырлық ары оны барынша толғандырады. 1842 ж. Әулиеатада Байзақ датқа бастаған көтеріліс бұрқ ете түседі. Көтеріліс Меркі мен Қордайды, бүкіл Талас бойын шарпыды. Оған Сұраншы, Сыпатай батырлармен бірге Ш. да қатысады. Көтерілісшілер Ұзынағаш пен Қастекті де босатуды көздейді. Қоқан хандығының ұстап тұрған кенттері хандықтың шығыс шекарасындағы бекеттер болғандықтан мұндағы гарнизон зеңбірек, мылтықтармен жақсы жарақтанған болатын. Әскер саны да мол еді. Осы кезеңнен бастап Ш. қоқандықтардан қол үзе бастады. Ол арғын Ағыбай батырмен танысып, достығын арттырды, оның қарындасына құда түсті. Ш. Кенесары хан Шу бойына келгенде онымен дәмдес, тұздас болды. Бұған Ағыбай батыр дәнекер болған еді. Кенесарыға қолдау көрсетті. Қазақ, қырғыз арасындағы дау-дамайларды шешуге араласты. Қоқан хандығында қызметте жүріп Ш. қазақ халқының дербес дамуын армандады және осы жолға

өмірін арнады. Ол қазақтарды қоқан езгісінен қорғау үшін Кенесарымен жақындасуды жақтады. Қоқан хандығына ықпалы зор, қазақтар арасында зор беделге ие Ш-дың Кенесарыға бет бұруын қоқан билеушілері кешірмеді. Ш-дың мұрат-мүддесі Қазақ елінің тұтастығы, мемл. дербестігі, тәуелсіздігі туралы ұран көтерген Кенесары қозғалысымен үндес келеді. Ш. батыр нар тәуекел іске барып, сарбаздарын соңынан ертіп Сұраншы, Байзақ батырлардың қатарын толықтырып, Кенесары сарбаздарына ат-көлік ретінде бір үйір жылқысын айдап келеді. Кенесарыны Байзақ, Шоқай датқалар барынша қолдайды. Олардың қатарында жаныс Момбек, ысты Бұғыбай, ағайынды Тойшыбек пен Керім, Тойшыбектің батыр ұлы Байсейіт және Ш. бар еді. Ш. батыр Қоқанның бірқатар бекіністерін, Меркі қамалын алуда үлкен қайрат көрсетеді. Кенесары қырғыздар қолынан қаза тапқан соң, Ш-да Ағыбай, Арысланбек сұлтанмен бірге жау қоршауын бұзып шығады. Екі қабат қарындасын Ағыбай өз еліне алып кетеді. Ш-дың өмірінің көбі қоқандықтарға қарсы күреспен өтті. Ш. туралы Жамбыл Жабаев, Қазанғап Байболұлы шығармаларында айтылады.

Ш. еліне, жеріне өлшеусіз қызмет жасаған, артында ісі мен жақсы ізі қалған тарихи тұлға. Оның өмірі мен қызметі қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеліп, жарық көре бастады. Ш. батырдың датқалық мөрі ұрпақтар қолында сақтаулы. Ол Қаратауда Билікөлде жерленген. 82 жыл жасап, мына жалғанмен қоштасарда «Өзім көп жыл мекен еткен сайға қоймай, көл жағасындағы үлкен қорымға жайғастырыңдар, ертеңдер сайға іргелес жерден батысқа қарай үлкен күре жол өтетін болады. Соның абыр-дабыры

мазаламайтын болсын, осынымды ұмытпаңдар» деп өсиет еткен екен.

Әдеб.: Жамбыл Жабаев, 1-т. – А.-А., 1982; Қ. Байболұлы. Төле би. – А., 1991; Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – А., 1992; Шайымқұлов О. Әсет әлемі. – Тараз, 2013.

М.Миразов

ШЫТТЫ (4-6 ғ.) – көне мекенжұрт. Ш. қ. Көкмардан а-ның оңт.-батысында 9 км. жерде, Ақсу өз-нің сол жағалауында орналасқан. 1948 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспедициясының барлау отряды (Е.И.Агеева), 1969-70 ж. Отырар археол. экспедициясы (К.Ақышев) зерттеген. Қала жұрты үш бөліктен: цитадел, шахристан және рабадтан тұрады. Цитаделі шаршы тәрізді, биікт. 10 м. төбе болып қалған. Етегінің көл. 20x30 м., жоғ. жағында диаметрі 15 м. алаң бар. Цитаделдің оңт.-батысында көл. 50x60 м. келетін шахристан орналасқан. Оны айналдыра рабад қоршап тұр. Рабадтың көл. 90x180 м., биікт. 1-2 м., жайдақ алаң түрінде сақталған. Кіретін жері оңт.-батыс жағында. Қазіргі кезде ескерткіш аум-нда мұсылман мазараты қойылған.

Әдеб.: Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.

Қ.Сарекенова

ШІЛДЕХАНА (14 ғ.) – Ахмет Ясауи кесенесінің солт.-батыс тұсында, 21-22 м. жерде орналасқан жартылай жер асты, діни құрылыс. Ш. 1958 ж. археолог Н.Б. Немцева архит. қазба-зерттеу жұмысын жүргізді. Батыс, шығыс қабырғаларының биікт. – 2,37 м., оңт. – 1,96 м. болған. Барлық қабырғаларының төм. бөлігі жердің астында орналасқан. 1972-73 ж. бұл ғимаратта Н.Н.Сенигова археол.

қазба жүргізді. Ш. ауқымы 6,78x5,04 м. сақталып қалған. Қабырғаларының бұл кездегі биікт. 1 м. дейін барған. Ш. күйдірілген кірпіштен қаланған, 1-1,10 м. болатын оңт.-шығыс қабырғасын ашты. Ішкі қабырғалары қалың алебастрмен сыланған. Батыс қабырғасында орт-қа шығатын ойық болған. Оның ұз. – 3 м., ені – 1,05 м. дәліз секілді жасалған, 24 см биіктіктегі ені 28-32 см үш баспалдақтан тұрады. Дәліздің басында және жоғ. алаңда босағаның ізі қалған. Н.Б. Немцева бұл жерде екі ағаш есік болған деген болжам айтады. Табылған керамикаларға қарай отырып, ғимаратты 15-16 ғ-ғ. мұраларына жатқызады. Ш-ның Ахмет Ясауи кесенесіне жақын орналасуы бұл жерде діни (40 күн шілде) рәсімдері орындалғанын айғақтайды. Сақталып қалған бөлігі жер бетінен 2 м. тереңдікте орналасқан. 15 ғ-да діни ғимарат ретінде жұмыс атқарған. 1980 ж. ішінара реставрацияланды және консервацияланды.



Шілдехана 14 ғ.

Әдеб.: Сенигова Т.Н. Культурные сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави // Археологические исследования в Отраре. – А.-А., 1977; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Очерки по истории и археологии средневекового города Туркестана. – А., 1998; Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994; Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – А., 2000.

Д.Мұстапаева

ШІЛТЕРХАНОВ Әдінам (1925, Төрткүл а. – 2018, Шымкент қ.) – жазушы, қоғам қайраткері.



Еңбек жолы 1943 ж. Төрткүл орта мектебінде мұғалімдіктен басталған. 2-дүниежүз. соғыс ардагері (1943-44). 1945-65 ж. Бәйдібек ауд.-нда мұғалім, комсомол хатшысы, агроном, ауд. партия нұсқаушысы, ұжымшардың бас агрономы, ұжымшар партия ұйымының хатшысы, ұжымшар төрағасы қызметтерін атқарған. Алматы а. ш. ин-тын (1961) тәмамдаған. 1969-81 ж. Отырар ауд.

Арыс кеңшарының директоры, 1981-85 ж. Отырар ауд. «Тұрмыс комбинатының» директоры болды. Ш. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Оның «Үш бәйтерек» (1988), «Ақжалдың ақыры» (1993), «С.Ерубәев» (1995), «Аталы сөздер» (1995), т.б. кітаптары бар. 2001 ж. 2 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасымен, «1-дәрежелі Отан соғысы» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтама-лық. – А., 2010.

Н.Мансұров

ЫСҚАҚ БАП / Исхақ бап, Бабата (8 ғ-дың бірінші жартысы – 8 ғ-дың соңы) – 8 ғ. екінші жартысында Түркістан жеріне ислам дінін таратушылардың басшысы болған тарихи тұлға. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі күйеу баласы Али ибн Абу Талибтің ұлы Хусейннен тарайтын бесінші ұрпағы. «Насаб-нама» нұсқаларында Алидің екінші бір ұлы Мұхаммед ибн ал-Ханафийа әулетінен екендігі жазылғанымен, нақты тарихи деректер Ы. б-ның Хорасанда 743 ж. дарға тартылған Йахийя ибн Зайдттың ұлы екендігі, омейядтар жазалауынан қашып, Түркістан жеріне кеткендігі, сол себепті, оған Исхақ ат-Түрік деген ат бергендігі жазылады. «Насаб-нама» нұсқаларында И. б-ның Түркістан жеріне «илм ал-хикма» мен «суфра тұту» дәстүрін (рух

ТҮРКІСТАН - РУХАНИЯТ БЕСІГІ

әлемімен сабақтастықты) әкелгендігі жазылады. Ислам дінімен бірге Ы. б-ның «илм ал-хикманы» әкелуі Түркістан жерінде ғылым мен білімнің дамуына ықпалын тигізді. Абу Насыр әл-Фараби сияқты ғұламалардың Түркістан жерінде жетілуінің өзі, мұндағы ғылым, білімнің даму деңгейі Халифат орт-ндағы ғылымнан жоғары болмаса, төмен болмағанын көрсетеді. Түркістан жерінде әл-Фарабидің «хикма иләһианы» (Алланы танудың рационалдық жолы) қалыптастыруы, одан басқа ғұламалардың ғылымның түрлі салаларында жаңалықтар ашып, ислам ғылымын дамытуы Ы. б. әкелген «илм ал-хикманың» шешуші рөлі болды. И. б. – Түркістан жерінде Сариам қ-нда алғаш рет «Жұба» мешітін салдырған тұлға. Ы. б. салдырған мешіттің тас бағаны қазір Сайрам қ-ның мұражайында сақтаулы тұр. И. б. 8 ғ. соңында Қаратаудың солт. беткейінде көне Қарғалық қ-нда қайтыс болады. Бейіті сол жерде. Бұрынғы салынған кесене жоңғар шапқыншылығы кезінде қиратылған. Қазіргі кесенесі 19 ғ-да тұрғызылған. «Ы. б-ның туы» деген ту қазіргі күні Сайрам қ-ндағы қожалардың қолында сақтаулы.

Әдеб.: «Насаб-нама» қолжазбасы; Ал-Хасан ибн Мұса ан-Наубахти. Шиитские секты. – М., 1973; Ализаде А. Хроника мусульманских государств I – VII хиджры. – М., 2007; Ибн ан-Надим. Ал-Фихрист // Ясауи тағылымы. – Түркістан, 1996.

3. Жандарбек

ЫСҚАҚ АТА (т.ө.б.) – ғалым, діндар, әулие. Ол белгілі Исмаил атаның ұрпағы. Толық аты – Ысқақ қожа ибн Исмаил әл-Кадикурти ат-Түркістани. Өз аты – Ысқақ қожа. Әкесінің есімі – Исмаил. Ал әл-Кадикурти ат-Түркістани оның

Қазығұрттық, яғни Түркістан өлкесінен екендігін танытады. Өмірі жайлы нақты мәліметтер жоқ. Ы. а. өз заманында Ясауи тариқатын ұстанып, ислам діні мен мәдениетін қазақ топырағына, қала берді Орта Азияға кеңінен таратып, насихаттаған дін ғұламасы. Ол жайлы айтылатын аңыз-әңгімелер мен хикаяттар күні бүгінге дейін халық жадында. Еңбектері негізінен мазмұны жағынан ислам дінін насихаттаумен байланысты. Ал бізге жеткені – «Хадикат әл-арифин». Шағатай тіліндегі бұл туынды 19 ғ-да Кабулда жазылған. Қолжазбаны ҚР Білім және ғылым мин. тарапынан 2012 ж. елге қайтару жұмыстары жүргізіліп, сатып алулар ұйымдастырылып, қолжазбалар қорына алынды. Жазба деректерде ғалымның аты «әл-Кадикурти» деп келеді. Бұл Түр-



Ысқақа ата кешені қақпасы. Тұрбат



Ысқақ ата кесенесі. Тұрбат

бат елді мекені ертеде Қазығұрт аталғандығын аңғартады. Бүгінде Қазығұрт ауд. Тұрбат елді мекенінің орт-нда ғалымға арналған ескерткіш бар. Бүгінде Ы.а. «Хадикат әл-арифин» еңбегі ХҚТУ Түркология ғыл.-зертт. ин-ты мамандары тарапынан зертеуге алынып, шығарманы кирилл әрпімен транскрипциялау және тәржімалау көзделіп отыр.

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., 2005.

Н.Мансұров

ЫСҚАҚ АТА КЕШЕНІ – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіштер тобы. Түркістан. обл. Қазығұрт ауд. Тұрбат (Қызыл Диқан немесе Жаңақорған) а-нда орналасқан. Ы. а. 14 ғ-да өмір сүрген және Қожа Ахмет Ясауидің ілімін ұстанған үлкен сопылық қауымның тәлімгер-шайқы, «Хадикат әл-арфин» атты шығарманың авторы болды. Ы. А. к. 12-17 ғ-ға жататын Тұрбат қалашығының аум-нда орналасқан. Қалашық Тассай өз-нің сол жағасында тұр. Ескі елді мекен орны айнала қазылған ормен қоршалған және жоспарда төртбұрышты төбе болып табылады. Жер бедерінен қалашық көшелері мен жал іздері байқалады. Биікт. 6-7 м болатын орт. төбешік ерекше көзге шалынады. Оның үстіндегі алаңқайында ауланың периметрі бойынша орналасқан кесенелер тобынан тұратын Ы. а. к. орын тепкен. ғимараттардың басым бөлігі қираған, қазба жұмыстары барысында құрылыстардың қабырғаларының іргелері ғана аршылды. Кейбір ескерткіштер, жобамен мешіт, аты беймәлім кесене кешенің негізгі тобынан бөлек, оқшаулау орналасқан. Барлық құрылыстар шаршы үлгідегі кірпіштен қаланған, олар бір-біріне лаймен және ганч ерінтіндісімен жапсырылған. Салыстырмалы

түрде екі ескерткіштер – Ы. а. к. және негізгі ғимараттар тобынан шығысқа қарай, төбенің беткейінде орналасқан атауы беймәлім кесене бір шама жақсы сақталған. Ы. а. к. жоспарда шығысқы порталы бар крест үлгісіндегі төрт камералы ғимарат болып табылады. Орт. зал және одан кейінгі шағын бөлме күмбездермен көмкерілген, ал екі бүйірдегі шағын бөлмелер төбесі сүйір үлгіде өріліп жабылған. Барлық бөлмелерде бейіттер байқалады. Сәулеттік кешенде «кіші мазар» деп аталған ескерткіш ерекше назар аудартады. Ол Ы. а. к-нің қасында тұр және екі құрылыстың порталдары бір-біріне перпендикуляр болып орналасқан. Сонымен Ы. а. к-нің бөліктері екінші құрылысты бастыра, үстінен түскендігіне қарағанда «кіші мазар» ертерек салынған. Порталды-күмбезді бір бөлмелі «Кіші мазардың» айта кететін басты ерекшелігі – қабырға қасбетінің әшекейленуі қарахандық кезең (10-12 ғ.) ескерткіштеріне тән. Сол себепті «кіші мазарды» Тұрбаттағы сәулеттік ескерткіштердің ең байырғысы деп есептеуге болар еді. Қазір ол іргесіне дейін қиратылған. Ы. а. к. 2007 ж. қайта жөндеуден өткен. Оның порталы, күмбездері мен басқа төбе бөлшектері қайта қаланған, ал орт. бөлме күмбезінен жоғары, екі қатарлы барабан үстінен 16-қырлы шатыр тұрғызылған.

Әдеб.: Предание о Хазрети Исмаил ата (пер. А.Диваев) // Туркестанские ведомости. – 1901. №20, 24, 25; Тұяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н. Архитектурный комплекс Исхак-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 186-187; Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент, 2014; Харзиян шаһары һәм Ысмайыл ата. – Шымкент, 2018.


М.Қожа

ЫСМАЙЫЛ АТА / ИСХАҚ ҚОЖА ИБН ИСМАИЛ АТА ҚАЗҒҰРДИ (т.ө.ж.б.) – ортағасырлардағы Ясауи жолының ірі өкілдерінің бірі. Оның шығармалары негізінен сопылыққа қатысты болып келеді. И. Қ. өзінің шыққан тегі жағынан «Насаб-нама» нұсқаларындағы деректерге қарағанда, Ясауи жолының «Дуана қожалар» деп аталатын тармағының өкілі. Зерттеуші Ә.Диваев «Хазіреті Исмаил Ата туралы аңыз» атты мақ-нда И. а-ның әкесі Ибрахим шайхтың қаңлы тайпасының «Омыртқа, «Мандут» руларының пірі болғаны айтылады. Осы Ибрахим шайхтың жетінші ұрпағы Махди қожа қазақ арасына барып, дін таратқаны үшін «Дуана қожа» аталады. И. а. ұрпақтары 15-16 ғ. нақшбандийа тариқаты өкілдері тарапынан қысымға ұшырап, өлтірілді. Тірі қалғандары нақшбандийа тариқатын қабылдауға мәжбүр болды.

Әдеб.: Диваев А. Предание о Хазрати Исмаил Ата. Туркестанские ведомости. – Ташкент, 1901; З.Жандарбек. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002.

З.Жандарбек

ЫСМАЙЫЛ АТА КЕШЕНІ – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіштер тобы. Түркістан. обл. Қазығұрт ауд. Тұрбат а-нда орналасқан. Тұрбат а. қазіргі кезде аум-нда үш бірдей ортағасырлық қала орны мен сегіз архит. ескерткіші бар санаулы елді мекендердің бірі болып табылады. Тұрбат а. ескерткіштерінің басым бөлігі ортағасырлық кезеңге жатады. Ауылдың атауының өзі «кесене» дегенді білдіреді. Мұнда әулиелер қатарындағы ортағасырда кеңінен танымал болған шайқылар Ы. а. мен Ысқақ атаның кесенелері орналасқан діни кешендер тұр. Олар 14 ғ-да өмір сүрген және Қожа Ахмет Ясауидің ілімін ұстанған үлкен сопылық қауымның тәлімгер-шайқылары болған. Аңыз бойынша, бұл қауымның бірінші басшысы Ибраһим ата болған, оның Ы. а. және Жәбірейіл ата есімді екі баласы болған. Ы. а. 20 жасқа толғанда «қалмақтардың» шапқыншылығы болып, жау оның ата-анасы мен бауыры Жәбірейілді өлтіреді. Ысмайыл ата тұтқынға түсіп, құл ретінде басқа діндегілердің малын бағарды. Жас жігіттің көрсеткен ғажайыптары



Ысмайыл ата кешені

«қалмақтарды» ислам дінін қабылдауға мәжбүр етіп, оны құлдықтан ада етеді. Дегенмен ол бірден отанына қайтпай, Ясауилік шайқы Сайид атаға барып, одан бата алып, әкесінің сопылық қауымын басқаруға нұсқау алады. Ы. а. өз отанында көшпелі далалықтар мен егіншілер арасында дінді уағыздау қызметін жалғастырады. Ол өмірінің соңына қарай көптеген ізбасарлар дайындап, құрметпен даңққа бөленді. Аңыз бойынша оның бейітінің басындағы кесене Темірдің нұсқауымен тұрғызылған. Ы. ат. жатқан мазаратқа жерлеу марқұм болғандарға о дүниеде әулиенің шапағаты тиеді дегенді білдірді. Ы. а. к. ауылдың ортасында орналасқан және ол 15-19 ғ-да тұрғызылған құрылыстардан тұрады. Көшеден кешенге кіретін орын арнайы тұрғызылған қақпа – дарбазаханамен белгіленген. Ол жоспарда төртбұрышты порталды-күмбез құрылыс үлгісінде салынған. Ағаш қақпасы өсімдік өрнекпен әшекейленген және оған салыну уақыты – 1886/1887 ж. деген жазу ойып түсірілген. Қақпадан басталатын тас төселген түзу жол периметр бойынша орналасқан мешіт, құжыраhana – «шілдехана», кесенелер тобы тұрғызылған шағындау аулаға алып барады. Мешіттің алдында гүлдер, жеміс ағаштары, жүзімі бар бау орналасқан. Кешеннің аум. бір кездері қоршалыпты. Мешіт ғимараты жоспарда төртбұрышты, тоғыз күмбезді құрылыс болып табылады. Ол күйдірілген шаршы үлгідегі кірпіштен салынған. Батыс жақ қабырғаның ортасында михраб, яғни намаз оқу кезінде мұсылмандарды Меккеге бағыттайтын текше жасалған. ғимараттың ерекшелігі – ішкі күмбездің үстіне шатыр тұрғызуында болатын. Қазіргі кезде ол жойылған. Бұл ғимарат, аңыз-әңгімелерде көрсетілетін, ұжым болып апта сайын дауыстап зікір –

Алланың аттарын немесе кәлиманы ұзақ уақыт қайталап айтатын орын – ханака болуы мүмкін. ғимаратта әр түрлі қайта жөндеу іздері байқалады. Мәселен, 20 ғ. 50-ж. мұнда жөндеу жұмыстары жүргізілген – солт.-шығыс бұрышының қабырғалары қайта қаланды, ою-өрнектер салынды, оңт. жағынан үш аралық айван-бастырма, ағаш тіреулерге сүйенген бастырма жасалды. Батыс жақта, Ы. а. мен Қошқар ата кесенелерінің ортасында «шілдехана» орналасқан. «Шілдеhana» деп жаратушының мәнін ұғынуға қолайлы жағдай туғызатын, «қырық күндік» дүниенің әбігерінен оқшауланып тұруға арналған діни орындардағы құжыраhanаны немесе басқа бір бөлмені атаған. Қырық күн зікір салып, діни жоралғылар өткізу Ясауидің сопылық жолын ұстағандарға тән болған. Ы. а. к-ндегі «шілдехана» қос күмбезбен жабылған орт. залдың үш жақ қапталында текшелері бар порталды-күмбезді құрылыс. Сыртқы күмбез аласа бойлы алты қырлы барабанның үстіне орнатылған. Қабырғалар мен күмбез астындағы барабан беттерінде ою өрнек қалдықтары және «қырма» тәсілінде түрлі түсті гипстен жасалған эпиграф. нақыштар сақталған. Ы. а. к. кешеннің солт. аяғында орналасқан. Ол төбесі шатыр үлгісінде жабылған үш бөлмелі порталды-күмбезді ғимарат. Жоспарда – крест пішіндес болып келеді. Оның қабырғаларының және аркаларының гипстен сыланған беттерінде өсімдік текті, геометр. және эпиграф. ою-өрнектердің қалдықтары байқалады. Орт. залмен жанасатын екі бүйірдегі шағын бөлмелер ішіндегі сыпалар үстіне бейіт белгілер – сағаналар тұрғызылған. Кіреберістің сол жағына қарай Ы. а. бейіті бар. Ескерткіш көптеген жөндеу-өңдеуді басынан өткерген. Осындай жұмыстың

бірінің уақыты портал ойығының қабырғасына гипстен жасалған нақыш ішіне «1878/1879 ж.» деп жазылған. Кешеннің оң жақ бөлігінде, мешітке жақын жерде, екі аллея түйіскен жерде Жәбірейіл ата кесенесі орналасқан.

Әдеб.: Предание о Хазрети Исмаил ата (пер. А. Диваев) // Туркестанские ведомости. – 1901. №20, 24, 25; Тұяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н. Архитектурный комплекс Исхак-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994. – С. 186-187; Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент. 2014; Харзиян шаһары һәм Ысмайыл ата. – Шымкент, 2018.

М.Қожа

ЫСМАЙЫЛОВ Сыдық (15.10.1911 Түркістан обл. Ордабасы ауд. Қажымұқан а. (бұрынғы №8, Ленин туы а.) – 17.2.1974 ж. Түркістан обл. Сарыағаш қ.) – Кеңес Одағының Батыры (1943). 1924-28 ж. Ташкентте жалшылықта болған. 1928-30 ж. Арыстағы балалар үйінде тәрбиеленеді. 1930-33 ж. Орынборда жұмысшылар ф-тінде білім алады. Арыстағы балалар үйінде тәрбиеші, 1933-35 ж. Өзбек КСР Термез қ-нда Орта Азия әскери окр-нің 81-атты әскер полкінде бөлімше командирі, 1935 ж. Созақ ауд. денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, Жамбыл техникумының студенті, Келес ауд. нотариус меңгерушісі, обл. аға нотариус орынбасары, обл.әділет басқармасында нотариат секторының меңгерушісі болды. 1942 ж. қаңтарда Жамбылдағы 105-атты әскер дивизионында взвод командирінің көмекшісі, осы жылдың қыркүйегінен 1945 жылға дейін 492-танкіге қарсы артиллерия полкі сапында соғысты. «Оңтүстік», «4-Украина», «1-Беларусь» майдандарында, Сталинград маңындағы кескілескен ұрыстарға қатыс-

ты. Мелитополь қ-н азат етуде, Днестр өз-нен өту кезіндегі шайқастарда аға сержант Ы. асқан ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атанды, «Ленин» ордені, «Алтын жұлдыз» медалімен қоса марапатталды (1943). Польшаны азат етуге қатысып, Берлинге дейін барды. «Қызыл Ту», 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордендерін иеленді. 1945 ж. кіші лейтенант курсына тамамдады. 1946 ж. елге оралғаннан кейін Қазақстан Компартиясы Орт. К-ті жанындағы партия мектебінде оқып, 1948 ж. Арыс ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, 1950 ж. Шымкент атқару к-тінің төрағасы, 1953 ж. Сарыағаш ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, а. ш. өнімдерін сатып алу жөніндегі мемл. инспекцияның аға инспекторы, аум-нтық, кейін ауд. өндірістік басқарма кәсіподақ к-тінің төрағасы, 1965-74 ж. Сарыағаш ауд. а. ш. қызметкерлері кәсіподақ к-тінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ауд., обл. Кеңестерге депутат болып сайланды. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. Ы. туралы Ж.Аяшевтің «Сыдық Ысмайылов» атты кітабы жарық көрді (Алматы, 1972). Ордабасы ауд-нда батыр атында мектеп, Сарыағашта көше бар.

Әдеб.: Ордабасы: Энциклопедия / Бас ред. Н. Бегалыұлы. – Шымкент: «Ордабасы», 2008. – Б. 1071-1072; Аяшев Ж. Сыдық Ысмайылов. – А.: «Жазушы», 1972. – 24 б.

М.Ахметова

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Абдрахманов А.А. Этимология некоторых древних топонимов Чимкентской области // Тезисы докладов научно-практической конференции, посвященной 70-летию организации Чимкентского областного историко-краеведческого музея. – А.-А., 1990.
- Абусейтова М. Х. Казахское ханство во второй половине XVI века / Академия наук Казахской ССР. Ин-т Истории, Археологии и Этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. – А.-А.: Наука, 1985.
- Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад, 1969.
- Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. – А., 1988.
- Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
- Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-4 т. 2004-2007. – А., «Алаш», «Ел шежіре».
- Аяшев Ж. Сыдық Ысмайылов. – А.: Жазушы, 1972.
- Бабабеков Х.Н. Краткая история Кокандского ханства. – Таш., 2010.
- Бартольд В.В. Сочинения. т.II, часть 2. – М., 1964; Бейсембиев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. Изд-во «Наука». Казахской ССР. – А.-А., 1987.
- Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ин-та истории, археологии и этнографии. Т. VIII. – А.-А., 1960.
- Ерофеева И.В. Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана // История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Вып.1. – А., 2011.
- Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қоғамдық болмысы). – А.: Дайк-Пресс, 2008.
- Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
- Диваев А. Предание о Хазрати Исмаил Ата. Туркестанские ведомости. – Ташкент, 1901.
- Жамбыл Жабаев,1-т. – А.,1982.
- Добросмыслов А.И. Города Сырдарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912.
- З.Жандарбек. Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы. – А., 2002.
- История Казахстана в документах и материалах. Альманах Вып. 2. – Аст., 2012.
- История Казахстана в русских источниках XVI-XVII вв. Т. I. Посольские материалы русского государства XV-XVII вв. – А., 2005; ҚР ОММ.Қ. И-3. Тізбе I. Іс. 11 П.
- Исхақ қожа ибн Исмаил Ата Қазғұрди. «Хадикат ал-Арифин» қолжазбасы. ӨзР ҒА Беруни атынд. Шығыстану ин-ты қолжазба қоры, №Р 11838.
- Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – А., 1977; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А., 1974.
- Кочнев Б.Д. Караханидский чекан Параба // Средневековая культура Казахстана и Средней Азии. – А., 1983.
- Қ.Байболұлы. Төле би. – А.,1991; Ахмет сұлтан Кенесарыұлы. Кенесары және Сыздық сұлтандар. – А.,1992.
- Қазақ совет энциклопедиясы. 12 т. – А., 1978.
- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-т. – А.: «Ғылым» баспасы, 1978.
- Қазақ хандары. – Түркістан, 2015.
- Қазыналы Оңтүстік. Насап-нама. 166 том. – А., 2014.
- Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар. – А., 2009.
- Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент. 2014.
- Қожа М. Хантағы тарихын тану мәселелері // Хантағы. – Кентау, 2018.

- Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – А.: Жалын, 2004.
- Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А.-А., 1974.
- Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – А., 1985; Махмұд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Түрк. – А.: Дайк-Пресс, 2005.
- Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Терме-арнау. – А., 2010.
- Массон М.Е. Ахангеран. Археолого-топографический очерк. – Таш., 1953.
- Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А.-А., 1969.
- Мирзо Олим Махдум Хожи. Тарихи Түркистон. – Таш., 2008.
- Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984.
- Оңтүстік Қазақстан облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ф. Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005.
- Ордабасы: Энциклопедия / Бас ред. Н. Беғалыұлы. – Шымкент: «Ордабасы», 2008.
- Отырар. Энциклопедия. – А., 2005; Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – А., 2005.
- Посольские материалы Русского государства (XV–XVII вв.) / История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.1. – А., 2005.
- Предание о Хазрети Исмаил ата (пер. А.Диваев) // Туркестанские ведомости. – 1901. №20, 24, 25.
- Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII–XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.6. – А., 2007.
- Русские летописи и официальные материалы XVI – первой трети XVIII в. о народах Казахстана / История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т.11. – А.: Дайк-Пресс, 2005.
- Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южный Казахстан. – А.-А., 1994. Сенигова Т.Н. Культурные сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави // Археологические исследования в Отраре. – А.-А., 1977.
- Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Очерки по истории и археологии средневекового города Туркестана. – А., 1998.
- Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А.-А.: “Алматыкітап баспасы”, 2009.
- Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – А.: Аруна, 2010.
- Тұрсун Х. Алаш нәм Түркістан. – А.: «Елшежіре» ҚҚ., 2013.
- Тұяқбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса (XIII–XIX вв.) – А., 2009.
- Тұяқбаева Б.Т., Проскурин А.Н. Архитектурный комплекс Исхак-ата // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – А., 1994.
- Тұяқбаев М. Төрт қақпалы Түркістан // Ясауи мұрасы. Респ. газет. N1(13). Қаңтар. – 2018.
- Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – А., 2000.
- Харзиян шаһары нәм Ысмайл ата. – Шымкент, 2018.
- Худярхан-заде. Анжумат-таварих – Таш., 2009.
- Федченко А.П. Путешествие в Туркестан. М., 1950.
- Шайымқұлов О. Әсет әлемі. – Тараз, 2013.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – А.: Дайк-Прес, 2012. – 544 б.
- Шілтерханов Ә. Шығармалары. II т. – Шымкент: Ордабасы, 2001.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

- а. – ауыл(ы)
автон. – автономиялық
агр. – аграрлық
айн. – айналым
акад. – академик(гі)
алгебр. – алгебралық
араб. – арабша
арифмет. – арифметикалық
арт. – артисі
арх. – архитектор(ы)
архит. – архитектуралық
астрон. – астрономиялық
атынд. – атындағы
ауд. – аудан(ы), аудандық
аум. – аумағы
а. ш. – ауыл шаруашылық(ғы)
әкімш. – әкімшілік(гі)
әкімш.-аум. – әкімшілік-аумақтық
элеум. – элеуметтік
б. з. – біздің заманымыз(дың)
б. з. б. – біздің заманымыздан бұрын(ғы)
биікт. – биіктігі
булану t – булану температурасы
бурж. – буржуазиялық
гв. – гвардия(лық)
ген. – генерал
генетик. – генетикалық
геол.-минерал. – геология-минералогия
геом. – геометриялық
гидросф. – гидросфералық
граммат. – грамматикалық
губ. – губерния(сы, лық)
гуманит. – гуманитарлық
ғ. – ғасыр
ғ.с. – ғаләһис сәләм
ғ. ш. – ғасыр шамасы
ғыл. – ғылыми
...ғыл. докт. – ...ғылымының докторы
ғыл.-зерт. – ғылыми-зерттеу
...ғыл. канд. – ... ғылымының кандидаты
диалект. – диалектикалық
диам. – диаметр(і)
драм. – драмалық
дүниежүз. – дүниежүзілік
егін ш. – егін шаруашылығы
еңб. сің. – еңбек сіңірген
жетек. – жетекшісі
ж. – жылы
- жиын. – жиынтығы
жиіл. – жиілігі
жоғ. – жоғарғы
ж. ө. – жылы өлген
ж. т. – жылы туған
жуанд. – жуандығы
ж. ш. – жыл шамасы
ж.ш.ө. – жыл шамасында өлген
ж.ш.т. – жыл шамасында туған
жылд. – жылдамдығы
з-т – зауыт
индустр. – индустриялық (индустриалдық)
ин-т – институт
ирригац. – ирригациялық
капит. – капиталистік
кеңшар – кеңестік шаруашылық
к. – көл(і)
комб. – комбинат(ы)
комп. – композитор(ы)
кооп. – кооперация; кооперативтік
корр. мүшесі – корреспондент мүшесі
көл. – көлемі
көлд. – көлденеңі
к-т – комитет
қ. – қала(сы)
қ. – қара
қалыңд. – қалыңдығы
қатт. – қаттылығы
қуатт. – қуаттылығы
лаб. – лаборатория(сы, лық)
лингвист. – лингвистикалық
майл. – майлылығы
мал ш. – мал шаруашылығы
матем. – математикалық
мед. – медициналық
мемл. – мемлекеттік
Мемл. сыйл. лауреаты – Мемлекеттік сый-
лықтың лауреаты
менш. салм. – меншікті салмағы
мех. – механикалық
мин. – министрлік(гі)
минералд. – минералдылығы
Мин. Каб. – Министрлер Кабинеті
Мин. Кеңесі – Министрлер Кеңесі
млн – миллион
моңғ. – моңғолша
мөлш. – мөлшері
мүз. – музыка(сы, лық)

мыс. – мысалы
 обл. – облыс(ы), облыстық
 о. е. – оңтүстік ендік
 окр. – округ(і), округтік
 оңт. – оңтүстік(гі)
 оңт.-батыс – оңтүстік-батыс
 оңт.-шығыс – оңтүстік-шығыс
 орман ш. – орман шаруашылығы
 орт. – орталық, орталығы
 ө. – өлген
 ө.ж.б. – өлген жылы белгісіз
 өз. – өзген(і)
 өзд. – өздерінше
 өнімд. – өнімділігі
 парс. – парсыша
 пед. – педагогикалық
 проф. – профессор(ы)
 рев. – революциялық
 реж. – режиссер(і)
 респ. – республикалық
 с. – село(сы)
 салм. – салмағы
 с.ғ.с. – саллаллаһу ғаләйһи уа салләм
 с.-д. – социал-демократ, социал-демократиялық
 солт. – солтүстік(гі)
 с.е. – солтүстік ендік
 солт.-шығыс – солтүстік-шығыс
 т. б. – тағы басқа
 т. – теңіз(і)
 т. – туған
 т. ж. – темір жол(ы)
 т. ж. б. – туған жылы белгісіз
 т.-ө. ж. б. – туған-өлген жылы белгісіз
 төм. – төменгі
 т. с. с. – тағы сол сияқты
 үн-т – университет
 ұжымшар – ұжымдық шаруашылық
 ұз. – ұзындығы
 филос. – философиялық
 фонет. – фонетикалық
 ф-т – факультет
 халықар. – халықаралық
 х. ш. – халық шаруашылық(ғы)
 шығарм. – шығармашылық
 экспед. – экспедиция(сы)
 эстет. – эстетикалық
 эстрад. – эстрадалық
 этн. – этникалық

БИБЛИОГРАФИЯДАҒЫ
 ҚЫСҚАРТУЛАР
 авт. – автор(ы)
 АН – Академия наук
 ҒА – Ғылым академиясы
 ауд. – аударма, аударған, аударылған
 Әдеб. – әдебиет
 б. – бет
 бас. – басылым, басылуы, басылған
 баст. – бастырған
 баянд. – баяндама
 библи. – библиографиялық
 бюлл. – бюллетень
 в. – выпуск
 ГАИМК – Государственная академия Истории материальной культуры
 ғыл. жазб. – ғылыми жазбалар
 дәп. – дәптер
 еңб. – еңбектер
 жазб. – жазбалар
 жауап. ред. – жауапты редактор
 жин. – жинақ
 загл. – заглавие
 Зап. – Записки
 Избр. тр. – Избранные труды
 Изв. – Известия
 изд. – издание
 ИИАЭ – Институт истории, археологии и этнографии
 источ. – источники
 КСИИМК – Краткие сообщения Института истории материальной культуры
 құраст. – құрастырған(дар), құрастырушы(лар)
 қысқ. – қысқартылған
 мақ. – мақала(лар)
 огл. – оглавление
 отв. ред. – ответственный редактор
 отт. – оттиск
 п. – параграф
 полн. собр. соч. – полное собрание сочинений
 прил. – приложение
 публ. – публикация
 ред. – редактор, редакция
 ред. басқ. – редакциясын басқарған
 реф. – реферат
 рец. – рецензия
 с. – страница
 сб. – сборник
 сер. – серия

соавт. – соавтор

сокр. – сокращенный

сост. – составитель(и)

соч. – сочинения

ст. – статья

столб. – столбец

т. – том

Таңд. шығ. жин. – Таңдамалы шығармалар
жинағы

тар. – тарау

толықт. – толықтырылып, толықтырылған

Тр. – Труды

Уч. зап. – Ученые записки

ч. – часть

Шығ. – Шығармалар

БИБЛИОГРАФИЯДАҒЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАЛА АТАУЛАРЫ

А. – Алматы

А.-А. – Алма-Ата

Ақм. – Ақмола

Анк. – Анкара

Аст. – Астана

Астр. – Астрахан

Ашх. – Ашхабад

Бішк. – Бішкек

Душ. – Душанбе

Ер. – Ереван

К. – Киев

Қ. – Қазан

Қ.-о. – Қызылорда

Л. – Ленинград

М. – Москва

М.-Л. – Москва – Ленинград

Новосиб. – Новосибирск

Орынб. – Орынбор

П. – Париж

Сем. – Семей

СПб. – Санкт-Петербург

Ст. – Стамбұл

Таш. – Ташкент

Тб. – Тбилиси

У. – Уральск

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

АКСР – Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

АН – Академия наук

АҚ – акционерлік қоғам(ы)

АО – автономиялы облыс

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ҒА – Ғылым академиясы

ҒЗИ – Ғылыми-зерттеу институты

ЖОО – Жоғары оқу орындары

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік(гі)

ИНпрос – Халық ағарту институты

КИНО – Қазақтың халыққа білім беру институты

КОКП (СОКП) – Кеңес (Совет) Одағы Коммунистік партиясы

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

Қазақ АКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

ҚазМУ – Қазақ мемлекеттік университеті

ҚазПИ – Қазақ педагогикалық институты

Қазревком – Қазақ революциялық комитеті

ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БҒМ ҒК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті

Қазақстан КП ОК – Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитеті

ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы

МКҚК – Мемлекеттік Коммуналдық Қазыналық Кәсіпорын

ОАК – Орталық атқару комитеті

РК(б)П – Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы

РМҚК – Мемлекеттік Коммуналдық Қазыналық Кәсіпорын

Түркістан АКСР – Түркістан Автономиялық

ХХК – Халық комиссарлар кеңесі

ІІХК (НКВД) – Ішкі істер халық комиссариаты

НЫСАНДАР КӨРСЕТКІШІ

А

Абд әл-Халық хан – 16
 Абдул – Әзиз ибн Шараф-ад-дин Табризи – 16
 Абдулла хан (т.ж.б. - 1719 ж. ш.) – 18
 Абдулла хан (1533/34) – 18
 Абылай Уәлибақы (17 ғ.) – 19
 Абылай хан Уәлиұлы (1710/1711-1780) – 19
 Агеева Евгения Ивановна – 24
 Айдарлытөбе – 24
 Айдаров Тұрап – 25
 Аймауытов Жүсіпбек – 25
 Айтбаев Өмірзақ – 26
 Айтбай Елібайұлы – 27
 Ақайтөбе – 27
 Ақарық – 27
 Ақбура әулие – 28
 Аққожаев Сұлтанбек – 29
 Ақмешіт әулие үңгірі – 29
 Ақсейіттөбе – 31
 Ақсу-Жабағылы мемл. табиғи қорығы – 31
 Ақсүмбе – 33
 Ақсүмбе (Ақбикеш) мұнарасы – 34
 Ақтамберді Сарыұлы – 35
 Ақтас әулие – 36
 Ақтөбе – 37
 Ақынжанов Сержан Мұсатайұлы – 37
 Ақышев Кемел – 38
 Ала ад-Дин Жуайни – 40
 Алатау Бесайдарұлы – 40
 Алаш қозғалысының Түркістан қанаты – 42
 Алдабергенов Нұртаза Орынханұлы – 44
 Алдабергенов Серікұл – 45
 Алдабергенов Тілеулі – 46
 Алпысбаев Хасан – 47
 Алтаев Адасқан – 48
 Алтынтөбе – 48
 Аман бике Жәнібек хан қызы – 49
 Аппақ Ишан мешіт-медресесі – 50
 Аралбай / Арал би – 51
 Арғынбаев Халел – 51
 Аристов Николай Александрович – 53
 Арпаөзен петроглифтері – 54
 Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі – 54

Арыс – 55
 «Арыс қ-ның мұражайы» МКҚК – 56
 Арыстан баб – 57
 Арыстан баб кесенесі – 58
 Арыстанды – 60
 Арыстанды-Қарабас желі – 62
 Атаи Мәулана Шейх Хусейн – 62
 Ат-Табари – 63
 Ахмат әл-Исфиджаби – 63
 Ахмеров Павел Николаевич/Ахмеров Шаб-хаз-Гирей – 64
 Ахметов Шеген – 65

Ә

Әбдәлиев Қарақозы – 65
 Әбділ Әзізбаб кесенесі – 66
 Әбдіжаппаров Садық – 67
 Әбу Ибраһим Исхақ ибн Ибраһим әл-Фараби – 68
 Әбу-л-Қасым әл-Фараби – 68
 Әбу-л-Қасым Ұбайдаллаһ Ибн Хордадбех – 69
 Әбу-л-Хасан әл-Исфиджаби – 70
 Әбу Насыр әл-Фараби – 70
 Әбу Насыр әл-Фараби қабірі – 72
 Әбу Райхан әл-Бируни – 73
 Әбу Саид абд әл-Хайя Гардизи – 74
 Әбу Шама әл-Мақдиси – 74
 Әбілқайыр хан/Әбілқайыр Мұхаммедқазы Баһадүр хан – 75
 Әбілмәмбет хан – 76
 Әбілпейіз хан – 77
 Әжі Сапа Ата кесенесі – 78
 «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайы – 78
 Әйтеке би Байбекұлы – 80
 Әйтпенов Қайыпназар – 81
 Әлам ад-Дин әл-Жауһари – 81
 Әли әл-Исфиджаби – 82
 Әлиұлы Сүгір – 83
 Әлқожа ата кесенесі – 83
 Әліақбар хан – 85
 Әлімқұлов Қалдыбек – 87
 Әлімқұлов Тәкен – 87
 Әлімов Асантай – 88
 Әлімов Жантемір – 88

Әуезовтің оңтүстік өлкесіне сапары – 89
 Әулие Құмшық ата – 91
 Әулие Мәлік – 92

Б

Баба- Араб /Баба Мачин – 92
 Бабата – 92
 Бабата кесене-мешіті – 94
 Бабата кесене-мешіті туралы аңыз – 95
 Бабата медресесі – 96
 Баба Түкті Шашты Әзиз әулие – 97
 Баба Түкті Шашты Әзіз аңыз кейіпкері ретінде – 97
 Бадр Ад-Дин әл-Фараби – 98
 Баймырзаұлы Төлеш – 99
 Байпақов Карл Молдахметұлы – 99
 Байылдыр – 100
 Байымбетұлы Омар – 101
 Байырқұм – 101
 Бақбергенев Сәуірбек – 101
 Бақи Мұхаммед Түркістани – 102
 Бала Би мазары – 102
 Балақаев Мәулен Балақайұлы – 103
 Балғаева Фатима Жұмағұлқызы – 103
 Бапышев Оспан – 104
 Барақ хан – 105
 Барқы Аталық – 106
 Бартольд Василий Владимирович – 107
 Батырбек Рысбекұлы – 109
 Баулық /Бавлук, Бавлун, Байлақ, Бауырық, Багул – 110
 Бәйдібек ауд. Сәулет-Көркем мұражайы – 110
 Бәйдібек Қарашаұлы – 111
 Бейне-Молла кесенесі – 112
 Бекасыл Биболатұлы – 112
 Бекчурин Мирсалих Мирсалимович – 113
 Беларық – 115
 Бердияров Тоқаш – 115
 Берді әулие – 115
 Бердібек сарайы – 116
 Бердіқожа батыр – 117
 Бернштам Александр Натанович – 118
 Бестораңғылдың әулие ағаштары – 119
 Болат хан – 120
 Боралдай (Бурылтай) петроглифтері – 121
 Боралдай Қорықшасы – 121
 Бөген – 122

Бөкей хан – 123
 Бөріжар қорымы – 123
 Бөрібай батыр Сарыұлы – 124
 Будухкент – 126
 Булатов Мидхат Сагадатдинович – 127
 Бурнашева Райхан Закиевна – 128
 Бурһан ад-Дин Ахмет әл-Фараби – 128
 Бұлақкөгал – 129
 Бұрындық хан – 129
 Білге хан – 131
 «Бірлік туы» газеті – 131

В

Вайнберг Бэлла Ильинична – 133
 Веселовский Николай Иванович – 134
 Винник Дмитрий Федорович – 135
 Витсен Николаас Корнелий – 136

Г

Гауһара ана – 136
 Гордлевский Владимир Александрович – 137
 Грищенко Александр Николаевич – 138
 Гродеков Николай Иванович – 138
 Грошев Виктор Андреевич – 139

Д

Дастанов Орынбай – 140
 Дауд Түркістани – 141
 Диваев Әубәкір Ахметжанұлы – 142
 «Диуани Хикмет» – 143
 Добросмыслов Александр Иванович – 144
 Домалақ ана (Нұрилла) – 145
 Домалақ ана кесенесі – 146
 Досай Бәйгелұлы – 146
 Досбай Есалыұлы – 146
 Дулатов Міржақып – 147
 Ділдәбеков Мұхтархан Қабыланбекұлы – 148

Е

Елеуов Мадияр – 149
 Елшібек батыр – 150
 Елюй Чуцай – 151
 «Еңсегей бойлы Ер Есім» – 152
 Ердәуіт Қадам жайы – 152

Ерзакович Лев Борисович – 153
 Ерофеева Ирина Викторовна – 153
 Есенқарақызы Ханбибі – 155
 Есім хан (т.ж.б., – 1628) – 155
 Есім хан (18 ғ.) – 157
 Есіркеп Жаманқараұлы – 158

Ж

Жабай Қазыбекұлы – 158
 Жабай Тоқсаба әулие – 160
 Жақсығұл Шабайұлы – 161
 Жалпақтөбе – 162
 Жамал ад-Дин Саид Түркістани – 162
 Жамантоғай обалары – 163
 Жамантөбе – 163
 Жаныс баба кесенесі – 163
 Жаңақорған – 164
 Жаңашілік тұрақтары – 164
 Жауғаш Қырбасұлы – 165
 Жәбірейіл ата кесенесі – 166
 Жәнібек Өзбекәлі – 166
 Жәнібек хан Барақұлы (т.ө. ж.б.) – 169
 Жәнібек хан. 18 ғ – 170
 Жәңгір хан (Салқам Жәңгір хан) – 171
 Жәңгіров Шәді – 172
 Жәудір мешіті – 174
 Жәуһари Ғаббас ибн Саид – 175
 Жезбике ана – 176
 Желкілдек Бөлтекұлы – 176
 Жеті ата – 177
 Жетікент – 178
 Жетісай драма театры – 178
 Жолан Төлеулы – 179
 Жолбарыс хан – 181
 Жолдасбаев Сәйден – 182
 Жұма мешіт – 183
 Жұмабаев Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы – 184
 Жұмашев Абдулла – 186
 Жүйнек – 187
 Жүніс ата кесенесі – 188
 Жүсіп ата кесенесі – 188
 Жүсіпбек Шайқысламұлы, Жүсіпбек қожа – 189
 Жылаған ата – 190
 Жылан қарауыл – 190

З

Зарлық зираты – 191
 Захриддин Мұхаммед Бабыр – 192

И

Ибраһим ата кесенесі – 193
 Ибраһим Шейх әл-Қауғани кесенесі – 194
 Иванов Анатолий Алексеевич – 194
 Изз ад-Дин Әбу-л-Хасан Әли Ибн Мұхаммед Ибн әл-Асир – 195
 Икрам ата мешіті – 195
 Иқан – 196
 Иқан шайқасы – 196
 Имам Марғұзи – 197
 Иманбеков Тұтқабай – 198
 Иса ата (Ыстық ата әулие) – 199
 Исаханов Берген – 199
 Исмаил әл-Хусаини әл-Фараби – 200
 Исмаил Ибн Хамад әл-Жауһари әл-Фараби – 200
 Исмаилов Әнуар – 201
 Иүгінеки Ахмет – 201
 Ишанбазар мешіті – 202
 Иірсу-Дәубаба қорықшасы – 203

К

Казарма ғимараты – 203
 Келес – 204
 Келіншектау – 204
 Кемел Мырзакелді – 205
 Кенесары хан – 205
 Кенесарин Әзімхан Ахметұлы – 208
 Кенжебаев Бейсенбай – 209
 Кенжебай ата қорымы – 210
 Кенжеұлы Әшірәлі – 211
 Кентау қалалық мұражайы – 211
 Кентау қалалық мұражайының «Шаммат-Ишан» филиалы – 212
 Кеңесбаев Ісмет – 212
 Керей хан – 213
 Көкмардан – 215
 Көксүтөбе – 216
 Күлтөбе – 216
 Кіндіктөбе – 218
 Кіші қылуат – 218
 Кішітөбе – 219

Қ

Қадырбаев Мир Қасымұлы – 219
 Қадырғали Жалайыри – 220
 Қажымұқан атынд. облыстық спорт мұражайы
 МКҚК – 220
 Қазанғап Байболұлы – 221
 Қазан шұңқыр бастауы – 222
 Қазаншы ата кесенесі – 222
 Қазы Байза күмбезі – 224
 Қазыбек би Келдібекұлы – 224
 Қазығұрт – 225
 Қазығұрт аудандық мұражайы – 229
 Қайу тегін – 230
 Қайып хан Қосрауұлы – 230
 Қайырхан, Ғайыр хан Иналшық – 230
 Қаламбаев Жаппас Қасымбекұлы – 231
 Қаламтөбе – 232
 Қалдаяқов Шәмші – 232
 Қанай датқа мен қызының мазары – 233
 Қарабатыр – 233
 Қарабура – 234
 Қарабура әулие кесенесі – 235
 Қарабұлақ – 236
 Қарамұрт – 236
 Қараспан – 237
 Қаратау – 237
 Қаратау мемл. табиғи қорығы – 239
 Қаратау шимайлы тастары – 240
 Қарауылұлы Шілменбет/ Шілменбет би – 241
 Қарашаш ана кесенесі – 241
 Қарашық – 242
 Қасқасу – 243
 Қасқасу шатқалы – 244
 Қасқатөбе – 244
 Қасым хан – 245
 Қауам ад-Дин әл-Фараби – 246
 Қауған ата – 247
 Қисса-дастан Шыңғыс хан – 247
 Қожа Ахмет Ясауи – 247
 Қожа Ахмет Ясауи атынд. Халықар. Қазақ-Түрік
 ун-ті – 251
 Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – 252
 Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі асхана – 255
 Қожа (Қожаев) Мұхтар Бағадырұлы – 256
 Қожабекұлы Қасымбек – 257
 Қожамжарұлы Бапыш – 258

Қожанов Сұлтанбек – 258
 Қожықов Қоңырқожа – 260
 Қойгелді Сартұлы – 262
 Қонай би Балықұлы – 263
 Қосқорған – 264
 Қосқорған Шоктас палеолит тұрақтары – 264
 Қостөбе (Оңтүстік мекенжұрты 1-8 ғ.) – 265
 Қостөбе (Солт. мекенжұрты, б.д 1-жартысы) –
 265
 Қошқарата – 266
 Қошқар ата мен шілдеханана – 267
 Қошық Байтоқұлы – 267
 Құйған – 269
 Құйрықтөбе – 270
 Құлақ ата кесенесі – 270
 Құланарық – 271
 Құлтеке әулие – 271
 Құлыншақ Кемелұлы – 271
 Құлыншақұлы Ысқақ – 272
 Құмкент – 272
 Құрбан ата Жаманбайұлы – 273
 Құсайын сопы Нағанайұлы – 274
 Құсшы ата – 275
 Қыз әулие – 276
 Қызыл жырау, Мырзабек Байжанұлы – 276
 Қызылқорған – 276
 Қызылқұм – 277
 Қызылтөбе – 277
 Қызыр пайғамбар мешітінің мұнарасы – 278
 Қырыққыз – 278
 Қыстаубаев Төрегелді Асқарұлы – 279
 Қыстаубай Жиенәліұлы – 279

Л

Левина (Булатова) Вера Андреевна – 280
 Левина Лариса Михайловна – 280

М

Майлықожа Сұлтанқожаұлы – 281
 Майлықожа арығы – 282
 Майлықожа үйінің орны – 282
 Максимова Анна Георгиевна – 283
 Маллицкий Николай Гурьевич – 283
 Манат қыз, Манат Бекбергенқызы – 284
 Манкент – 285

Мансұр ата кесенесі – 285
 Маньковская Лия Юльевна – 286
 Марғұлан Әлкей Хақанұлы – 287
 Мардан – 289
 Марданкүйік – 289
 Марьяшев Алексей Николаевич – 290
 Массон Михаил Евгеньевич – 290
 Маулана Сафи ад-Дин Оруң Қойлақи – 291
 Машани Ақжан Жақсыбекұлы – 292
 Машаттөбе – 293
 Маятас – 293
 Мәделі Жүсіпқожаұлы – 293
 Мәделі қожа кесенесі – 294
 Мәдуан Сейтқали Мәдуанұлы – 295
 Мәлік Қараұлы – 296
 Мәмбеев Сабыр Әбдірәсілұлы – 296
 Мәртөбе /Мартөбе – 297
 Мәула Мұхаммед әл-Фараби – 298
 Мәуләна Шәмшідін Узканди – 298
 Меркішұлы Молла Мәди – 299
 Мерщиев Михаил Сергеевич – 299
 Миллер Карл – 300
 «Мир`ат ал-Қулуб» – 300
 Мола шаһ Хәкім Түркістани – 301
 Мотов Юрий Аркадьевич – 301
 «Мұңлық-Зарлық – 302
 Мұсабек Қалдарбекұлы – 303
 Мұсаев Кеңесбай – 305
 Мұса Шайх – 306
 Мұхаммед Бақи Қарнақи – 306
 Мұхаммед Данышманд Зарнуқи – 307
 Мұхаммед Хайдар Дулати – 307
 Мүлкіл ата әулие – 308
 Мүрдетөбе – 308
 Мүсірәлі Тікешұлы – 309
 Мыңбай Мыңбасы – 309
 Мыңғытөбе – 310
 Мыңшейіт әулие – 310
 Мырзахметұлы Мекемтас – 311
 Мірәлі баба күмбезі – 313

Н

Нағанай бек – 313
 Найман әулие кесенесі – 316
 Найманбаев Қалдарбек – 317
 Наймантөбе – 318

Нарымбетов Сатыбалды – 318
 «Насаб-Нама» – 319
 Наурызбаев Мырза – 320
 Нәзір Төреқұлов Мұражайы – 321
 Немцева Нина Борисовна – 322
 Нияз Батыр Барқыұлы – 323
 Ноғай Ишан мешіті – 324
 Нұрмұхаммедов Нағымбек – 325
 Нұрмұханбетов Бекмұханбет – 326
 Нұртас Оңдасынов атынд. мұражай – 326
 Нысанбайұлы Нұралы – 327
 Нысанұлы Айнабек – 328

О

Обанас (Уванас) – 329
 Облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұражайы – 329
 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы (қазір Шымкент қ. мұражайы) – 330
 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Сайрам тарихи-өлкетану мұражайы – 331
 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Сарыағаш тарихи-өлкетану мұражайы – 332
 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Саттар Ерубәев атынд. әдеби-мәдени мұражайы – 332
 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Тұрар Рысқұлов атынд. тарихи-өлкетану мұражайы – 333
 Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы филиалы Шардара аудандық тарихи-өлкетану мұражайы – 334
 Ойсыл – 335
 Омаров Көпбай – 337
 Оңтаев Бейсен – 337
 Оразов Мейірбек – 338
 Ораңғай – 338
 Ордабасы – 339
 Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану мұражайы – 340
 «Ордабасы Оттары» газеті – 341
 Оспанұлы Әсілхан – 342
 Отырар алқабы – 344
 Отырар-Қаратау мәдениеті – 345
 Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – мұражай – 346

Ө

- Өгізтау – 348
 Өліктөбе – 349
 Өмірбеков Есіркеп – 349
 Өскен Өңір» – 350
 Өтеген кесенесі – 350
 Өтегенов Садық Қалмұхамедұлы – 350
 Өтеп Батырбек Туғанбайұлы – 351

П

- Пацевич Героним Иосифович – 352
 Пашино Петр Иванович – 353
 Подушкин Николай Павлович – 354
 Пугаченкова Галина Анатольевна – 355
 Пышақшытөбе – 356

Р

- Рашид ад-Дин Фазлұллах Ибн Әбу-л-Хайр Әли Хамадани – 356
 Рәбия Сұлтан бегім – 357
 Решеткин Иван Семенович – 359
 Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби Мұражайы МКҚК – 359
 Рүстем хан – 360
 Рыбалко Иван Игнатьевич – 360
 Рысбеков Бердалы – 361
 Рысқұлов Тұрар – 361
 Рысымбетарық – 364
 Рычков Петр Иванович – 364

С

- Сағындық кесенесі – 365
 Сайрам – 365
 Сайрамдағы тас ұстын – 367
 Сайрам-Өгем Мемл. ұлттық табиғи саябағы – 368
 Самашев Зайнолла – 369
 Саңғыларық – 370
 Саңғыл би кесенесі – 370
 «Сарыағаш» – аудандық газеті – 371
 Саттарханов Бекзат Сейілханұлы – 371
 Сауран – 372
 Сауранның шайқалмалы мұнаралары – 374
 Сәмеке хан – 375
 Северцов Николай Алексеевич – 376

- Сейіт хан – 377
 Семенов Александр Александрович – 378
 Сенигова Таисия Николаевна – 379
 Смағұлов Оразақ – 379
 Созақ – 380
 Сопы дарбазасы – 382
 Сөк-Сөк әулие – 382
 Сұлтанбек Қожанов ат. мұражай – 382
 Сұлтанрабат – 383
 Сүйри – 383
 Сүйінбайарық – 384
 Сүлеймен Бақырғани – 384
 Сүлейменов Асқар – 385
 Сүлейменов Жолдас – 386
 Сүткент – 386
 Сығай хан Барақұлы – 387
 Сыпатаев Қарсыбай – 388
 Сырдария облысы қазақтарының съезі – 388

Т

- Тайқазан – 390
 Тайманов Орынбай – 393
 Тамшы әулие – 394
 Таңбалытас – 395
 Тариқат әдебі туралы рисала – 396
 Тарсатөбе – 396
 Тасқотан – 397
 Таутары шарбағы – 397
 Ташанақ – 398
 Ташмұхамедов Айбек Мұса – 398
 Тәуекел Мұхаммет Бахадүр хан – 399
 Телқожа батыр Атығайұлы – 399
 Тентек төре – 401
 Теріскей таланттары – 402
 Тоғай Қарабас Мұхаммедұлы – 403
 Тоғысбаев Тоқболат Төлепбайұлы – 404
 Тоқайтөбе – 404
 Төбеттөбе – 405
 Төле би Әлібекұлы – 405
 Төлеби аудандық мұражайы – 406
 Төлен кесенесі – 407
 Төлепбаев Бәйдібек Ахметұлы – 408
 Төреқұлов Нәзір – 409
 Төрткүлтөбе I – 411
 Төрткүлтөбе II – 412
 Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы – 412

Тұрбат – 415
 Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы – 416
 Тұрсын Мұхаммет хан – 418
 Тұрсын хан – 418
 Тұяқбаева Баян Тұматайқызы – 419
 Түлкібас обалары – 420
 Түркібас – 421
 Түркістан I – 422
 Түркістан II – 426
 Түркістан автономиясы – 429
 Түркістан альбомы – 431
 Түркістан ботаникалық бағы – 432
 Түркістан генерал-губернаторлығы – 433
 Түркістандағы еуропалық үлгідегі сәулет ғимараттары – 435
 Түркістан депутациясы – 436
 Түркістан жинағы – 438
 Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар – 440
 Түркістан оазисіндегі кәріздік жүйе – 443
 Түркістан облысы (1865-1867) – 444
 Түркістандағы хан ордасы – 446
 Түркістан қақпалары – 448
 Түркістан моншасы – 449
 Түркістан облыстық тарихи-мәдени этнографиялық орталығы мкқк – 450
 Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз съезі – 451
 Түркістан су айдау мұнарасы – 453
 Түркістан Темір жол вокзалы – 453
 Түркістан Теміржол депосы – 454
 Түркістан Уалаятының газеті – 454
 «Türkistan» Халықар. газеті – 455

Ұ

Ұзын ата – 456
 Ұзын ата әулие – 456

Ү

Үкаша ата – 458
 Үлкен қылуат – 459
 Үндемес ата – 461
 Үшбас – 461

Х

Хадикат әл-Арифин – 462
 Хақназар хан /Ақназар – 462
 Хантағы – 463
 Хасан хан – 464
 Хафиз Бақи Түркістани – 464

Ш

Шаға – 465
 Шаймерден ата әулие – 465
 Шалсай – 465
 Шамет Ишан мешіт-медресесі – 466
 Шарапхана / Шарафхана – 466
 Шардара – 467
 Шаханов Мұхтар – 469
 Шаян – 471
 Шәди – 471
 Шежіре тұт – 472
 Шобанақ – 472
 Шойбекұлы Момынбек – 473
 Шоқай Мұстафа – 473
 Шопан ата – 475
 Шорнақ – 476
 Шөкеев Өмірзақ Естайұлы – 476
 Шөлтөбе – 477
 Шымкент – 477
 Шымырбай асанұлы / Шымырбай датқа – 481
 Шытты – 483
 Шілдехана – 483
 Шілтерханов Әдіһам – 484

Ы

Ысқақ бап /Исхақ бап, Бабата – 484
 Ысқақ ата – 485
 Ысқақ ата кешені – 486
 Ысмайыл ата/ Исхақ Қожа Ибн Исмаил ата Қазғұрди – 487
 Ысмайыл ата кешені – 487
 Ысмайылов Сыдық – 489

«ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ АЯСЫҢДА
ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ БЕСІГІ. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші кітап

«TÜRKİSTAN – MANEVİYAT BEŞİĞİ» PROJESİ KAPSAMINDA
TÜRKİSTAN – MANEVİYAT BEŞİĞİ. Bölgesel dilbilim ansiklopedisi. İkinci kitap

В РАМКАХ ПРОЕКТА «ТУРКЕСТАН – КОЛЫБЕЛЬ ДУХОВНОСТИ»
ТУРКЕСТАН – КОЛЫБЕЛЬ ДУХОВНОСТИ. Лингвокраеведческая энциклопедия. Третья книга

ON THE PROJECT «TURKESTAN – THE CRADLE OF SPIRITUALITY»
TURKESTAN – THE CRADLE OF SPIRITUALITY. Linguistic local encyclopedia. Fourth book

Редактор: Н.Кажекенова
Дизайнер: А.Амиржанова

Editör: N.Kazhekenova
Tasarımcı: A.Amirzhanova

Редактор: Н.Кажекенова
Дизайнер: А.Амиржанова

Editor: N.Kazhekenova
Design: A.Amirzhanova

Фотосуреттер лингво-өлкетану энциклопедиясын құрастырушы ғалымдардың архивтік материалдарынан, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ясауи мұражайы, Түркістан облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасының фотоқорларынан, Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы қызметкерлерінің жеке фотоқорларынан, Интернет ресурстарынан алынды.

Fotoğraflar Bölgesel dilbilim ansiklopedisini oluşturan bilim insanlarının resim arşivlerinden, “Azret Sultan” Devlet Tarih ve Kültür Koruma Müzesinden, Otırar Devlet Arkeoloji Müzesi, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Yesevi Müzesi, Türkistan Bölgesi Turizm ve Dış İlişkiler Bölümü fotografik fonlarından, Karatau Devlet Doğa Koruma Alanı personelinin kişisel arşivlerinden ve İnternet kaynaklarından alınmıştır.

Фотографии были взяты из архивных фотоматериалов ученых-составителей лингвокраеведческой энциклопедии, из фото фондов Государственного историко-культурного заповедника-музея «Азрет Султан», Отырарского государственного археологического музея, «музея Ясауи» Международного Казахстанско-Турецкого университета имени Ходжи Ахмета Яссави, Управления туризма и внешних связей Туркестанской области, из личных архивов сотрудников Каратауского государственного природного заповедника, а также из Интернет ресурсов.

Photos are taken from archival photographic materials of the compliers-scientists of Local linguistic encyclopedia, from photographic funds of the State Historical and Cultural Reserve Museum “Azret Sultan”, Otyrar State Archaeological Museum, the museum of Khoja Akhmet Yassawi, International Kazakh-Turkish University, from the Department of Tourism and External Relations of the Turkestan region, personal archives of the employees Karatau State Nature Reserve and from Internet resources.

Пішімі 70-100/16. Офсеттік басылым. Баспа табағы 32
Таралымы 1000. Тапсырыс № 4477.

Formatı 70-100/16. Ofset baskı. Sayfa Baskısı 32
1000 adet. Sipariş № 4477.

Формат 70-100/16. Печать офсетная. Печатный лист 32
Тираж 1000. Заказ № 4477.

Format 70-100/16. Offset printing. Printed sheet 32
Circulation 1000. Order № 4477.

«Нұрнама. KZ» баспасының мекенжайы: Индекс: 010016, Астана, Түркістан көшесі, 18-үй. Тел.:
+7 701 728 94 76, e-mail: Nurnama.KZ@mail.ru

«Нұрнама. KZ» matbaasının adresi: Posta kodu: 010016, Türkistan caddesi, 18-үй.
Tel.: +7 701 728 94 76, e-mail: Nurnama.KZ@mail.ru

Адрес издательства «Нұрнама. KZ»: Почтовый индекс: 010016, ул. Түркістан, 18.
Тел.: +7 701 728 94 76, e-mail: Nurnama.KZ@mail.ru

Address of publishing house «Nurnama. KZ»: Postcode: 010016, Turkistan street, 18.
Tel.: +7 701 728 94 76, e-mail: Nurnama.KZ@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй

Müşteri dosyalarından
Kazakistan Cumhuriyeti «PolygraphCombinat» LLP tarafından yayınlanmıştır.
050002, Almatı şehri, M.Makataev caddesi, 41

Из файлов заказчика
Издательство ТОО «Полиграфкомбинат» Республики Казахстан.
050002, Алматы, ул. М.Мақатаева, 41

From customer's files
publishing house LLP «Polygraphcombinat» of the Republik of Kazakhstan.
050002, Almaty, M.Makataev street, 41

ҚазНУ им. Аль-Фараби

